СЫР ЕЛІ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

ӘОЖ 908 (574) (084)
КБЖ 26.89 (5Қаз) я6
Т44

Т44 СЫР ЕЛІ. Энциклопедия / Бас ред. Б.С. Каримова. 2-басылым. – Алматы: «Тау-Қайнар» ЖШС, 2024. – 700 бет.

ISBN 978-601-7059-54-5

Қызылорда облысының 85 жылдық мерейтойына орай шығарылған энциклопедияның мазмұны сан қырлы. Қызылорда облысы бүгінде мүмкіндіктер, өзгерістер мен өсудің аумағы болғандықтан, энциклопедияда Сыр елінің тіршілігі мен тынысы заман талабына сай баяндалып отыр. Сондай-ақ бұл басылым – 2005 жылы шыққан «Сыр елі» энциклопедиясының заңды жалғасы. Осы ретте кітапта Сыр өңірінің ежелгі заманнан бүгінге дейінгі бай тарихы баяндалып, әліпбилік жүйемен облыс аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер, өңірдің қазіргі шаруашылық-экономикалық әлеуеті, тарихи тұлғалар мен ағартушылар, мемлекет және қоғам, мәдениет пен ғылым қайраткерлері, еңбек және спорт майталмандары, т.б. есімі елге белгілі зиялы қауым өкілдерінің өмірбаяндары топтастырылған. Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

ISBN 978-601-7059-54-5

ӘОЖ 908 (574) (084)
КБЖ 26.89 (5Қаз) я6

© Қызылорда облысының әкімдігі, 2024
© Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, 2024

БАС РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ – Қызылорда облысының әкімі
Наурызбай БАЙҚАДАМОВ – ҚР Парламенті Сенатының депутаты
Бейбіткүл КАРИМОВА – редакция алқасының төрағасы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – ректоры

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Шахмардан БАЙМАНОВ
Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ
Қылышбай БИСЕНОВ
Тынышбек ДАЙРАБАЙ
Асқар ЖҰМАДІЛДАЕВ
Уәлихан ИБРАЕВ
Берекет КӘРІБАЕВ
Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ
Мира ҚАЗБЕКОВА
Серікбай ҚОШҚАРОВ
Қазбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ
Үрпаш ШАЛБОЛОВА



ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ӘЛЕУЕТІ КЕНЕН – СЫР ӨҢІРІ

Орталық Тәңір тауы (Тянь-Шань) жоталарынан басталып, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан аймақтарын басып өтіп, айбынды Арал теңізіне құятын, бірде Яксарт, бірде Сейхун аталған, сан тарихтың куәсі болған даңғайыр дария Сырдың бойы – барша түркі халқына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы Қорқыт Атаның жері.

Ұлы Жібек жолының тірек нүктесі, түркі жұрты мәдениетінің мұрагері, қаймағы бұзылмаған қалың қазақтың қарашаңырағы болған Сыр елі қазақ тарихында өзіндік үлкен рөл атқарады. Бұл жерде сақтардың рухани орталығы – Шірік-Рабат, оғыздардың бас қаласы – Жанкент, Қазақ хандығының астанасы – Сығанақ және қазіргі Қазақстанның алғашқы астанасы – Қызылорда орналасқан. Топырағын түртсең өткеніміз өріле жөнелетін Сыр жерінде ұлтымыздың тарихи «қазақ» атауы қайтарылды, ұлтым деп соққан ұлы жүректің, Алаш арыстарының ізі қалды.

Бүгінде әлем назарын аударып отырған ежелгі және ортағасырлық Шірік-Рабат, Алтын Асар, Жанкент, Жетіасар, Моншақты Асар, Жент, Сығанақ сияқты қырыққа жуық қалалардың орны – Сыр өңірінің ежелден мәдениет пен өнердің, ғылым мен білімнің ордасы, өркениет ортасы болғандығының көрінісі.

Тұтас түркінің өнері мен мәдениетінің, білім-ғылымының дамуына ұшан-теңіз еңбек сіңірген Иақуб әл-Женди, Шайқы баба Сығанақи, Мұхаммед әл-Женди, Хисамеддин әл-Сығанақи, Молла Ахмет әл-Женди сынды тұлғалар – ғылым мен руханияттың өшпес құндылықтары.

Сыр өңірі – «Сыр елі – жыр елі» атанған, жыр сүлейлері шыққан өнерлі өлке. Жыраулық дәстүрдің мектебін қалыптастырған Базар Оңдасұлы, Ешнияз Сал, Шораяқтың Омары, Бұдабай Қабылұлы, Кете Жүсіп, Дүр Оңғар, Қарасақал Ерімбет, Даңмұрын, Нартай, Нұртуған, Әзілкеш, Құлан Алдабергенұлы, Қаңлы Жүсіп, ғұлама Тұрмағамбеттер Сырдың даңқын асырды, мәртебесін арттырды.

Сыр елі – қазақтың кемеңгері, от тілді, орақ ауызды шешен Әйтеке бидің, туған жерін жаттан жан аямай қорғаған Жалаңтөс, Жанқожа, Көкен, Жанназар, Бұқарбай, Қожамберді сынды хас батырлардың, азаттықты аңсаған, ұлтын сүйген Алаш арыстары Мұстафа Шоқайдың, Темірбек Жүргеновтің Отаны.

Сыр топырағынан Әбділда Тәжібаев, Мұхамеджан Қаратаев, Асқар Тоқмағамбетов, Қалтай Мұхамеджанов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Дүкенбай Досжан, Тынымбай Нұрмағанбетов секілді қазақ әдебиетін өркендеткен кәсіби ақын-жазушылар шыққан. Содан да Қызылорда барша қазаққа ортақ қасиетті жер.

Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Қызылорда аумағы облыс ретінде 1938 жылдың 15 қаңтарында құрылды. Қызылорда облысы Арал теңізінің шығысында, Сырдария өзенінің төменгі ағысында және Тұран ойпатында орналасқан. Қазақстан Республикасының бірнеше облыстарымен, оның ішінде шығыс және оңтүстік-шығысында Түркістан облысымен, солтүстік-шығысында – Ұлытау облысымен, солтүстік-батыс және солтүстігінде Ақтөбе облысымен, батысында Қарақалпақстанмен, оңтүстігінде Өзбекстанның Науаи облысымен шектеседі. Жер көлемі жағынан республика бойынша үшінші орында.

Тамырын тереңнен тартқан Қызылорда облысы өткен уақыт белесінде әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани салаларда өсіп-өркендеді, дамып, жетілді. Соңғы жылдары облыс, аудан орталықтарында, елді мекендерде әсем де сәулетті заманауи ғимараттар, тұрғын үйлер, әлеуметтік-мәдени нысандар бой түзеуде.

Жерінің асты мен үсті қазына-байлыққа толы өлкеміз бүгінде индустриялық облыс болуға бетбұрыс жасауда. Сыр елін өнер ордасына айналдыру бағытында ауқымды шаралар қабылданып, жүзеге асырылуда.

Қызылорда облысы әлеуметтік-экономикалық өркендеуі жағынан еліміздегі алғашқы үштіктің қатарында болса, отандық және шетелдік инвесторларды тарту бойынша да алдыңғы лектен көрінуде. Бұл – кейінгі жылдардағы атқарылған еселі еңбектің нәтижесі. Қазіргі таңда облыс көлемінде бірнеше өндіріс орындары іске қосылды. Орта және шағын бизнесті дамытуға, олардың нәтижелі жұмыс істеуіне ерекше көңіл бөлінуде. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруден де нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізуде.

Облыстың бас шаһары, сүйікті Қызылордамызды заманауи мегаполиске, қала тұрғындары мен қонақтарына жайлы мекенге айналдыру үшін атқарылып жатқан жұмыстар қарқыны көпке белгілі. Тек соңғы екі жылдың өзінде көптеген маңызды әлеуметтік-мәдени нысандар бой көтерді. Облысымызды абаттандыру, көркейту бағытындағы қадамдарымыз осылайша жүйелі жалғаса бермек.

Өңірдің мәдени-рухани, тарихи айнасы іспетті энциклопедия 2005 жылы жарық көрген екен. Одан бері уақыт алға жылжыды, заман өзгерді, Сыр өңірі күннен-күнге түрленіп, өркендеп келеді. Тарих сахнасына жаңа тұлғалардың шығуы да заңдылық.

Шежірелі өңірдің, оның тыныс-тіршілігіндегі, экономикасындағы жетістіктері, даладай дарқан мінезді, ер көңілді еңбекқор адамдары, әр саланың даңқын асқақтатқан майталмандары, ұлт қайраткерлері мен зиялылары туралы сындарлы мәліметтерді жинақтайтын энциклопедияны қайта жаңғыртып шығару да – уақыт талабы.

Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл толуына орай өткеніміз бен бүгініміздің тарихынан сыр шертетін құнды еңбек – ғылыми-танымдық «Сыр өңірі» энциклопедиясы қалың оқырман қауымға жол тартпақ.

Энциклопедияның туған өлкеміз – Қызылорда облысының тарихын зерттеуші ғалымдарға, білім алушылар мен ізденушілерге, жас буын ұрпаққа берері мол деп санаймыз.

Ізгі ниетпен, Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ,
Қызылорда облысының әкімі



ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Сыр елі – Арал теңізі алабында орналасқан Қазақстан Республикасының ірі тарихи-мәдени өңірлерінің бірі. Ол еліміздің экономикасы мен шаруашылығында, мәдени-әлеуметтік, ғылым, оқу-білім саласында маңызды орын алады.

Арал теңізі, Әмудария мен Сырдария өзендері туралы алғашқы мәліметтер ежелгі грек, араб, парсы, қытай, т.б. елдердің жиһанкездері, миссионерлері, саудагерлерінің жазбалары арқылы біздің заманымызға жетті. Орта Азиядағы ірі өзендердің бірі – Сырдарияның төменгі ағысының Қызылорда облысы арқылы өтуі оның географиялық-экономикалық жағдайының маңыздылығын көрсетеді. Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы көне заман өркениеттері осы өзеннің бойында пайда болды. Ерте дәуірдің аңыз-жырларында, тарихи шежірелерінде бұл анық айтылады. Онда келтірілген қай-қайсы деректердің барлығы Сыр бойының түркі халқы, оның ішінде қазіргі қазақ халқының ежелгі заманнан ата жұрты, киелі мекені болғандығын дәлелдейді. Қоғамтанушы ғалымдар 3000–3500 жылдық тарихы бар әйгілі жазба ескерткіш – Авеста сарынының кейбір арналары көне түркі эпостары мен ежелгі қазақ әдебиетінде көрініс тапқанын көрсетті.

Бұл, әсіресе, Қорқыт ата, әл-Хорезми, Ахмед Иүгінеки, Асан Қайғы, Бұқар, Базар жыраулар шығармашылығынан анық байқалады. Арал теңізінің Тұран ойпатына өркениеттерді тоғыстырудағы алар орны ерекше. Сондықтан теңіз және оның маңының тарихы ежелден ғылыми ортаны қызықтырып келді. Арал теңізін ежелгі гректер мен римдіктер «Сақ шығанағы», антик заман ғалымдары Плиний мен Птолемей «Окс көлі» деп атаған. Араб ғалымдары Ибн Руста (10 ғ.), Масиди (10 ғ.), әл-Истахри (10 ғ.), әл-Идриси (12 ғ.), Жамал Қарши (13 ғ.), Әбу-л-Фида (14 ғ.) Арал теңізі мен оған құятын өзендер туралы жазбалар қалдырған, кейбірі оны өздерінің ландшафтық карталарына енгізген. Тарихи-ғылыми әдебиетте Арал теңізінің көлемі бірде үлкейіп, бірде кішірейіп отырғаны туралы деректер кездеседі. Жалпы Арал деген атаудың өзі теңіздің бастапқыда шағын көлдерден құралғанын, олардың арасында елді мекендердің көп болғандығын байқатады. КСРО ҒА-ның С.П. Толстовтың жетекшілігімен ұйымдастырылған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы Аралдың оңтүстік-батысында Алан қала, Шайтан қала секілді аралдардың болғандығын анықтаған еді. Бұл Барсакелместің маңындағы аралдар әрі ондағы Алан қаладан табылған жалпақ тастар оның ежелгі аландар мәдениетіне жататындығын көрсетті.

Сырдария өзеніне байланысты ежелгі және ортағасырлық саяхатшылардың жазбаларында да Яксарт, Сейхун, Хужент туралы мағлұматтар кездеседі. Римдіктер Окс десе, қытайлықтар Қазақстанның оңтүстігі арқылы Арал теңізіне құятын өзенді Е өзені, қыпшақтар Інжу-егіз деп атады деген деректер де бар. Сондай-ақ Шаш өзені туралы 5 атау кездеседі. Арал теңізі мен Орта Азия өзендері туралы тарихшы, ақын Рузбехан (1457–1521): «Сырдарияның Аралға дейін созылып жатқан түрлі түсті гүлдерге бөлінген сағаларын әр түрлі қанаттылар, жабайы есектер, киіктер және басқа да жануарлар мекендейді, онда жел де, орман перісі де өте алмайтын қалың тоғай бар.


Сырдария өзені Түркістан қаласы арқылы ағады, ал дарияның жағасында өскен зәулім ағаштар көкпен таласады», – деп жазды. Арал теңізі жайлы мәліметтердің жиналуы орыс ғылымының тарихымен тығыз байланысты. 1627 жылғы Мәскеу мемлекетінің картасында Арал «Көк теңіз» атауымен, ал 1697 жылғы С.Ремезовтың «Сібірдің сызба картасында» «Арал теңізі» атауымен көрсетілді. Арал теңізі мен оның маңы алғаш деректік маңызы зор «Үлкен сызба кітабында» толық сипатталып берілді. А.Бекович-Черкасский (1715), И.Муравин (1740), А.И. Бутаков (1848) және А.И. Макшеев (1855), т.б. орыс әскери зерттеушілері, барлаушыларының ұзақ жылғы ізденістері арқасында Арал теңізінің аумағы және Сырдария өзені төменгі ағысының толық картасы жасалды.



ТАБИҒАТЫ

Сырдарияның сол жақ жағалауында – Жаңадария мен Қуаңдария өзендерінің құрғақ арналары кесіп өтетін Қызылқұм топырағының төбелері мен кең жазықтығы, оң жақ жағалауында үстірттері (Егізқара, 288 м), құм учаскелері (Арысқұм және өзгелері), сорға толы таяз шұңқырлар кездеседі. Солтүстігінде – құм төбелер массивтері (Кішкентай Борсық және Қарақұм топырағы) бар. Оңтүстік-шығыс бөлігінде Қызылорда облысының аумағына Қаратау тауының жоталары кіреді (биіктігі 1419 м-ге жуық). Оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа дейін облыс орталығы арқылы ағып өтетін, көптеген арналар мен ағыстарға тараған үлкен иреңді арнасы бар Сырдария өзені – жалғыз ірі су көзі болып табылады. Өз бастауын Қырғызстан мен Шығыс Өзбекстандағы Тянь-Шань тауларындағы Нарын және Қарадария өзендерінің қосылуынан алады. Оның ұзындығы 2212 км (Нарын өзенінің бастауын қоскқанда 3019 км) әрі ол Арал теңізіне барып құяды. Сырдария өзенінің алабы 800 000 км^2 құрайды, бірақ су іс жүзінде соның тек 200 000-нан ғана жиналады. Оның бір жылдық теңізге құюы – 28 м^3 ғана. Өзен суы Орталық Азиядағы мақта және күріш өсіретін аймақтарды суғаруға әрі оның бойындағы қалаларды сумен қамтамасыз етуге қолданылады. Тасқындардан қорғану мақсатында өзен жағалауының бойымен қорғаныс бөгеттері салынған. Сырдария өзенінің құрғап қалған ескі арнасы – Жаңадария Сырдарияның Қызылорда қаласының тұсындағы сол жағалауынан басталып оңтүстік-батысқа қарай, Қарақалпақстан жеріне кетеді. Жаңадария арнасымен 1958 жылы жайылымдар мен егістікті суландыруға өзен суы жіберілді. Қызылорда облысының шегінде солтүстік-шығысында Сарысу өзенінің сағасы кіреді. Қуаңшылық жылдары Телікөл-Ащыкөл ойысына жетпей құмға сіңіп кетеді. Облыстың оңтүстік аудандарындағы шағын өзендер – Арыстанды, Ақүйық, Жиделінің суы ауыл шаруашылығына пайдаланылады. Жазды күндері кеуіп кететін көптеген тұзды көлдер (Жақсықылыш, Қамыстыбас, Арыс және т.б.), Көпек және Теріскен көлдерінде – емдік қасиетке ие батпақтары бар.

КЛИМАТЫ. Облыстың климаты тым континентті, қысы суық, қары аз, жазы аңызақты, ең жоғары температурасы 40°–42°С көрсетеді. 2016 жылдан бері шілдедегі ауа температурасының жоғары шегі кей уақыттарда 45–50°С-ты көрсетіп жүр. Климатының мұндай жағдайлары облыс жерін Қызылқұм,



Мойынқұм, Бетпақдала және Тұран ойпатының қоршай орналасуы әсерінен қалыптасқан. Ауаның орташа температурасы қаңтарда – 7°–13°С, шілдеде 26°–28°С. Кей жылдары қыста температура –40°С-қа дейін төмендейді. Жылдың 235–275 күнін 0°С-тан жоғары жылы күндер құрайды. Құрғақшылық соңғы 30 жылда жиі байқалып келеді, бұл облыс климатына тән. Республика бойынша атмосфера жауын-шашын ең аз түсетін өңір. Оның орташа жылдық мөлшері 100–175 мм-ден аспайды және бұл көрсеткіштің 60%-ға жуығы қыс-көктем айларына келеді. Қар жамылғысы тұрақсыз. Алғашқы қар қарашаның екінші жартысында түседі. Ал жылыну ақпан айының екінші, үшінші онкүндігінен басталады. Облыс аумағында ауаның салыстырмалы ылғалдылығы қысты күндері аз өзгереді, орташа ылғалдылық 70–85%. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығының төмендеуі күннің жылынуымен басталады (ақпан айынан) да, жаз айларында 11–16%-ға төмендейді. Қызылорда қаласы маңында солтүстік-шығыс пен солтүстік-батыс желдері басым болады. Желдің орташа жылдамдығы облыс аумағының басым бөлігінде 3–5 м/с-ты көрсетеді. Облыс аумағында жылы мезгілдің басталуымен бірге шаңды дауылдар байқалады. Аудандардың көбінде жылдың бір мезгілінде 2-ден 20 күнге дейін, Қызылорда қаласында 30 күнге дейін желді күндер болып тұрады.

ЖАЗЫҚТАР МЕН ОЙПАТТАР. Қызылорда облысы Тұран ойпатының жазықтау келген кең-байтақ алқабын алып жатыр. Жазықтың басым бөлігі Сырдария, Сарысу өзендері, ежелгі Қызылқұмды кесіп өткен Іңкәрдария, Қуаңдария, Жаңадария өзендерінің ертедегі атырау жазығы болып табылады.



Облыс аумағынан ағып өтетін Сырдария өзені бойында геологиялық деректер бойынша екі үлкен қазаншұңқыр болған. Оның бірі – Қызылорда қазаншұңқыры. Ол Сырдария, Сарысу өзендерінің таудан ағызып келген шөгінділерімен толған. Қызылорда қазаншұңқыры сумен келген шөгінді жыныстармен толып, қазіргі жер бедері пішіні қалыптасқан. Бұл аймақ оңтүстік-шығысында Қаратау, оңтүстік-батысында Қызылқұм төбелерінің аралығында, Сырдария өзенінің аралық бағытымен кең жайылып жатыр. Қазаншұңқыр ұсақ тас аралас құм мен саздан, құмдақ пен құм аралас шөгінділермен толған. Облыстың солтүстік батысындағы екінші қазаншұңқырда Арал теңізі орналасқан. Қазаншұңқырдың батысы және солтүстік жағалауы тік, ал шығысы мен оңтүстік жағалауы қайранды, құмды және тайыз. Бұл теңізге құятын өзен суының әрекеттерінен болған. Сонымен қатар желдің әрекетінен өзгеріп тұратын құмдар арасында эолдық шұңқырлар кездеседі, олар кейде жауын-шашын, еспе суларға толып, уақытша көлшіктер түзейді. Жер бедерінің кейінгі өзгерістеріне ауыл шаруашылығы үлкен әсер етті. Он мыңдаған гектар жерлер тегістеліп егістікке айналдырылды, ол жерлерге су жеткізу мақсатында жасанды каналдар қазылды. Оларға 1966–68 жылдары салынған Әйтек, Келінтөбе каналы, Қызылорда су торабының сол жағалық каналы, Шиелі-Телікөл каналдарын жатқызуға болады. Облыс аумағында салыстырмалы түрде бірнеше ірі жазықтар орналасқан. Бикесары жазығында шаруашылыққа маңызды, біршама жеткілікті өсімдік жамылғысы бар ежелгі төбешік құмдар кең таралған. Бикесарының қатарында Дариялық тақыр жазығы жатыр. Егер су көздері табылса, оны шаруашылыққа кеңінен пайдалануға әбден болады. Жаңадария жазығы 184 825 га жерді алып жатыр. Негізгі топырақ жамылғысы – шөлдің тақыр тәріздес топырағы. Сорлау, сортаңды, сор топырақтардан тұрады, оның бетін құм жапқан. Жел үрлеген жерлерде ойдым-ойдым тақырлар кездеседі. Жазықтың көп жері өте құрғақ болғандықтан жайылымы құнарсыз. Ал оңтүстік-шығыс бөлігінде соры шамалы топырақ жамылғысы бар, мұнда суармалы егіншілікті дамытуға болады. Қуаңдария жазығы 625 250 га жерді алып жатыр. Ол біршама тегіс жазық. Топырақ жамылғысы сорланған тақыр тәріздес. Оны қыс-көктем маусымында мал шаруашылығы үшін өте тиімді жайылым ретінде пайдаланады. Жазықтағы жер асты және артезиан суларын пайдалануға болады. Облыс аумағында бұлардан басқа Айкөлдің жазығы, Қоскөңнің жазығы, Кесікқырдың жазығы деген жерлер бар.



ТӨБЕЛЕР МЕН ҚЫРАТТАР. Облыстың жазық аумақтарында әр жерде жатаған жусан өскен шағын құм төбелер мен жал-жал бұйраттар ұшырасады. Мұндай бұйрат құмдар Қуаңдария мен Жаңадария өзендері аралығында үлкен аумақты алып жатыр. Кейбір жерлерде жазық бетіндегі жалғыз төбелер – Аққыр, Қарақ, Жосалы, Жетітөбе, Қостөбе, Көксеңгір, т.б. кездеседі. Бұл төбелердің биіктігі 60 м-ден 80 м-ге дейін жетеді. Желдің әсерінен пайда болған тік жарлы шоқылар да кездеседі. Сондай-ақ облыс аумағында Ордакент, Сыганақ, Жалпақасар,

Жетіасар, Құмқала, Шірік-Рабат, т.б. ежелден қалған тарихи орындар да көп.

ГЕОЛОГИЯСЫ МЕН КЕН БАЙЛЫҒЫ. Облыс аумағы Тұран тақтасы шегінде орналасқан ерекше жазық аймақ. Солтүстік Қызылқұм синеклизасы Қаратау-Есіл ойпатының девон-карбон әктастары бетінде орналасқан. Ойыстың ортаңғы бөлігі төменгі бордың континенттік кесекті жыныстарынан құралған. Арал Қарақұмының оңтүстік бөлігі бор шөгінділерінен тұрады. Сырдарияның сол жағалауындағы Қазалы массивінің тұсы палеогендік жыныстардан түзілген. Ал қалған аумақ түгелімен дерлік антропоген шөгінділерінен тұрады. Төменгі протерозойда Сырдарияның оң жағалауын саяз теңіз басып жатты, ал сол жағалауы құрғақ жазық болды. Венд шөгінділері каледондық антиклинорий осьтік бөліктерінде дамыған. Жыныстардың құрамы әр түрлі. Қаратауда конгломерат – құм – саз – құм қабаттары, орта және қышқыл құрамды вулканиттер, туффиттер, карбонатты-кремний жыныстары қалыптасқан. Палеозой тобының жыныстары бүкіл ел аумағында өте кең тараған. Тұран тақтасында палеозойлық іргетасын мезозой-кайнозойлық шөгінділер жауып жатыр. Төменгі кембрий жыныстарындағы фосфоритті және ванадийлі горизонттар Қаратау жотасында кездеседі. Девон кезеңінің басы теңіз аумағының кішіреюімен сипатталады. Неогенде облыс аумағы қазіргі келбетіне келген. Кен байлықтарынан – ас тұзы, сульфат, мирабилит, тенарит тұздарының өнеркәсіптік маңызы зор. Сыр өңірінде түсті металдың, қоңыр көмірдің (Құланды), тақтатастың (Майлыбас), басқа да құрылыс материалдары мен шикізаттың мол қоры бар. Табиғи қазба байлықтары ретінде уранды, мұнайды, ас тұзын, әк, қиыршық тас пен шынытастық құмдарды атауға болады. Еліміздегі сапалы ас тұзының 60%-ы, мырыш қорының 15,1%-ы, қорғасынның 9,6%-ы, мұнай, газ, конденсаттардың 4,7%-ы, уранның 13,7%-ы, жер асты суларының 3,4%-ы, ванадий қорының 2/3 бөлігі Қызылорда облысының еншісінде. Бірегей саналатын Баласауысқандық және Құрымсақ ванадий кен орындары, Қаратау жоталарындағы ванадий тақтатастары көп жылдарға жететін шикізат көзі саналады. Қазба байлықтары арасында алтын мен шунгит қорларын да ерекше атауға болады. Бұдан басқа облыс аумағында темір, фосфорит, жанғыш тақтатас, талий, мыс өндіретін кен орындары аз емес. Өңірде дәлелденген мұнай қоры жалпы республикалық қордың 5%-ын құрайды. Арал маңындағы Көкарал аумағы мұнай-газ бассейні геологиялық тұрғыда жеткілікті дәрежеде зерттелмеген.

ТОПЫРАҒЫ МЕН ӨСІМДІГІ. Облыс жерінің едәуір бөлігін құм басып жатыр. Топырағы қоңыр, құмдақ сұр, сортаң болып келеді. Облыстың флорасы 819 түрден тұрады. Өңірде жусан, бетеге, сексеуіл, жыңғыл, тал, торанғы, қамыс өседі. Пайдалануға қолайлы жер аумағының 12%-ы Сырдария өзені жайылмасында, 23%-ы шөлейтте, 65%-ы шөл аймағында орналасқан. Аумақтың қатайған жерлерінде жусанды бетегелер, тұзға бейімделген өсімдіктер, ал көктемде құмдақ және сортаң жерлерде тұрақсыз өсімдіктер сорты, құмдардың арасында таспашөптер, жүзгіндер, бидайықтар түрі өседі. Құм төбешіктері сексеуіл, жыңғылдар, теріскен, бұйырғандар, жусандармен бекіген. Сырдария жайылмасында – аллювиалды-шалғынды, жиі сортаңдау топырақтар, тоғайлы ормандар мен бұталар (талдар, торанғы, жиде) сирек кездесетін шалғынды өсімдіктермен жабылған.

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ. Қызылордаңың жануарлар әлемі де бай және алуан түрлі. Сырдария суының азаюы өңірдің қабатаралық су деңгейінің төмендеуіне және аймақтың шөлденуінен табиғи аридтік ландшафт ауданының қысқаруына әсер етіп, өсімдіктер мен көптеген жануарлардың өмір сүру аймағын тарылтып отыр. Облыс аумағында сүтқоректілерден – түркімен құланы, қарақұйрық, тоғай бұғысы, шағыл мысығы, сабаншы, қарақал, қабан, борсық, қасқыр, шибөрі, қарсақ, қаратау арқары; құстардан – алакөз сұңғуір, жыланжегіш қыран, дала қыраны, қарақұс, бүркіт, аққұйрықты су бүркіт, жорға дуадақ, қарабауыр бұлдырық, ақбауыр бұлдырық, қылқұйрық бұлдырық, қоңыр кептер, үкі, қызғылт бірқазан, бұйра бірқазан, сары құтан, аққұтан, кіші аққұтан, қалбағай, қарабай, сұңқылдақ аққу, ителгі, ақтырна, тоқылдақ, қарға, ұзақ, торғайдың түрлері; бауырымен жорғалаушылардан – келес; балықтардан – Сырдария тасбекіресі, пілмай, шемая және Арал бекіресі, Арал албырты, шортан тәрізді ақмарқа, Арал қаязы, Түркістан қаязы, сазан, жыланбалық, шортан, дөңмаңдай, алабұға, қызылқанат, торта, табан балық, қылышбалық, лақа (жайын). Көлдердің, өзендердің, жыралардың, басқа да суаттардың жағалауларында, ылғалды жерлерде маса, шіркей, бөгелек, сона, шыбын, кене көп болады. Сырдария өзенінің атырабына құндыз (ондатра) бейімделген. Жерсіндірілген балықтар да бар. 1929 жылы Сырдарияға севрюга, Аралға пузанка әкеліп жіберілген. Жерсіндіру үдерісі кезінде оларға қосылып кеткен жыланбалық пен ақ амур жылдам көбейген.

ОРМАН ҚОРЫ. Қызылорда облысының мемлекеттік орман қоры 7 173,04 мың га-ны құрайды. Оның орман өскен бөлігі – 3 817,5 мың га, оның ішінде 3 434,7 мың га (90%) сексеуіл, ал 382, 8 мың га (10%) басқа ағаш-бұталар өскен жерлерге жатады. Арал теңізінің құрғаған табанына 1990–95 жылдары «Арал консорциумы» халықаралық қоры арқылы 54,0 мың гадан астам алқапқа сексеуіл, сарысазан, жыңғыл; 2008–14 жылдары «Республика көлемінде ормандарды сақтау және өсімін молайту» жобасы аясында 47,4









мың га көшет және сексеуіл тұқымынан 10,1 мың га екпелер отырғызылды. Аралды құтқару қоры арқылы 2004 жылы 1,1 мың га, 2005–06 жылдары Германия техникалық серіктестігі арқылы 1,25 мың га жерге екпелер, Корея Республикасының Орман қызметінің қолдауы негізінде «Қазақстанның биоалуандылығын сақтау қоры» арқылы 13, 3 мың га жерге сексеуіл көшеттері егілді. Жергілікті бюджет есебінен 2002–20 жылдары 60, 6 мың га жерге сексеуіл екпелері жасалған.

ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР. Облыс бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жалпы көлемі 1 082 171 га-ны құрайды. Оның ішінде орманды жерлер – 897 452 га, ормансыз жерлер – 184 719 га. Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығының жалпы көлемі 163 126 га, 2 табиғи-зоологиялық қорғалымның жалпы көлемі 29 000 га (Тораңғылсай – 17 890 га; Қарғалы – 11 152 га) және Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорығы аймағының жалпы көлемі 890 мың га-ға тең. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда өсімдіктің 347 түрі (оның 6-уы ҚР-ның «Қызыл кітабына» енген), сүтқоректілердің 35 түрі (оның 3-еуі ҚР-ның «Қызыл кітабына» енген), құстардың 254 түрі (оның 33 түрі ҚР-ның «Қызыл кітабына» енген), қосмекенділердің 2 түрі, балықтардың 22 түрі (оның 4-еуі ҚР-ның «Қызыл кітабына» енген), бауырымен жорғалаушылардың 12 түрі, шыбын-шіркейдің (насекомдар) 2000 түрі (оның 4-еуі ҚР-ның «Қызыл кітабына» енген) өмір сүреді. Қызылорда облысының жалпы жер көлемі 24 130 000 га-ны құраса, оның ішінде жалпы жер көлемі 9 805 784 га-ны құрайтын 41 аңшылық алқап (Ақшатау, Бөген, Жөлек, Ботабай, Сұлутөбе, Сыралғы, Иіркөл, Нарсойған, Қақсал, т.б.) ұйымдастырылған. Қазіргі уақытта 3 325 000 га-ны құрайтын 17 аңшылық алқап – 14 аң аулау кәсібін пайдаланушыларға бекітіліп берілген, ал 6 480 700 га-ны құрайтын 24 аңшылық алқап резервтік қорға қойылған.



ТАРИХЫ



ТАС, ҚОЛА ЖӘНЕ ТЕМІР ДӘУІРЛЕРІ. Сарысу өзені аймағындағы Қосмола, Қызылжар мекендерінен табылған тас ғасырына (палеолит) тән заттар бұл өңірде адамдар ұрпағының сол кезеңдерде өмір сүргендігін айқын дәлелдейді. Қазақстан аумағында жаңа тас ғасыры (неолит) дәуірінің ескерткіштері де көп табылды. Олардың саны қазір 400-ден асады. Оның ішінде Оңтүстік Қазақстан өңірі Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі осы атас өзеннің жағалауынан және Қызылорда облысының Сексеуіл стансасы маңынан табылған қоныс орындары жаңа тас ғасырынан көп мағлұматтар береді. Жаңа тас ғасыры (неолит) б.з.б. 5 мыңжылдықтан басталады. Бұл тасты пайдаланудың неғұрлым жетілдірілген кезі болды. Тас балталар, жер жыртатын, дән үгітетін құралдар жасалды. Олармен аю, бұғы, қабан, арқар, қоян, борсық ауланды. Қаратау баурайынан табылған от жағатын ошақтар мен жануарлар сүйегінің қалдықтары осыны аңғартады. Жаңа тас ғасырының ескерткіштері Сырдария өзенінің ескі арналары бойынан көптеп кездеседі. Тарихи-мәдени жағынан қарағанда, бұл аймақтың ескерткіштерінің Келтеминар мәдениетіне де, Оңтүстік-шығыс Орал мен Аралдың шығыс өңірінің неолит мәдениетіне де үндестігі бар. Жалпақ қойнауынан ерте заманғы алты тұрақ табылды, олардан жапсырмалы қыш (керамика) сынықтары және кварциттен жасалған құралдар жиналды. Балшықтан жасалған ыдыстардың көбі – мойны бар ірі қыш құмыралар мен дөңгелек тостағандар. Ыдыстардың жоғарғы жағы тісті қалыппен басылған және сызып жасалған қарапайым

өрнекпен безендірілген. Кварцит бұйымдардың арасында үстіңгі жағы мұқалған, шеті қисайған сыналар, оймасы бар пышақ тәрізді пластинкалар, қырғыштар көп. Неолит дәуірінде орын ала бастаған шаруашылық өзгерістері нәтижесінде біздің заманымыздан бұрынғы 2 мыңжылдықта малшылық-егіншілік шаруашылығы мен едәуір дамыған металлургия кәсібі қалыптасты. Өндіруші тұрпаттағы кәсіпшілікке көшу Қазақстан жеріндегі бүкіл жағдайды түбірімен өзгертті. Қоныстарын жиі ауыстырып отыратын жігерлі, алғыр малшы тайпалар ұлан-байтақ аймақтарда қуатты бірлестіктер құрды. Бұлардың қалыптасуында соғыс қақтығыстары, қорғаныс қажеттігі елеулі рөл атқарды. Қару енді жабайы аңдарды аулау үшін ғана емес, сонымен қатар тайпалар арасындағы қақтығыстарда жиі пайдаланылатын болды. Соған орай қару жасау бірте-бірте металл өңдеудің дербес саласына айналды. Қола заманында қоғам дамуында елеулі өзгерістер болды. Шаруашылықтың байырғы түрлері, тұрмыс жайы жаңаланды, егін егу мен мал бағу кәсібі орнықты. Уақытша паналар орнына тұрақты өмір сүруге ыңғайлы қоныстар, тас қару орнына темірден, тағы басқа металдардан қорытпа құралдар пайда болды. Бүкіл Қазақстан аумағымен бірге төменгі Сыр бойында да қола заманында өркениетке қадам басқан мәдени бетбұрыс жасалды. Көшпелі-отырықшы қауымның әлеуметтік келбеті қалыптаса бастады. Аралдың оңтүстік төңірегімен б.з.б. 2 мыңжылдықтың 2-жартысында өзара жақындасу тек қана Іңкәрдария мен Ақшадария арналары өңірінде болды. Б.з.б. 1 мыңжылдықтың бас кезіндегі хорезмдік Әмірабад қыш бұйымдары (керамика) бүкіл Іңкәрдария бойында дерлік ұшырасады және Солтүстік Түгіскен кешендерінде көрнекті орын алады. Түгіскен кесенелерінің бірінен 60-тан астам ыдыстың мол жиынтығы табылды. Түгіскен керамикалық кешеніне тән ерекшелік – оның алуан түрлі болуы. Қолмен жабыстыра жасалған ыдыста Андронов кезеңінің жергілікті дәстүрі ерекше айқын аңғарылады. Ондағы негізгі ою-өрнек мәнері – тең бүйірлі үшбұрыштар, меандр, тұйықталмаған үш бұрыштар, ірі фестон, т.б. Табылған заттардың керамикалық түр сипаты мен басқа заттардың, мәселен, жебенің жалпақ қола ұштары Солтүстік Түгіскен кесенелерінің салынған уақытын б.з.б. 9–8 ғасырлар деп анықтауға мүмкіндік береді. Түгіскен қорымы екі дәуірдің ескерткіштерінен тұрады. Темір дәуіріне – сақтардың Түгіскен қорымы және екі дәуірдің ескерткіш обалы қорымы бар Оңтүстік Түгіскен жатады. Ондағы барлық сақ обалары б.з.б. 8–5 ғасырларда тұрғызылған. Ұйғарақтағы сақ заманының 80 обасы үш топқа – шығыс, орталық және батыс топтарға шоғырланған. Екі қорымда да жерлеу құрылыстары әртекті болғанымен, олардың жерлеу ғұрпы бірдей және оның өзіне тән ерекшелігі – адамдардың отқа табынғандығы. Ұйғарақ пен Оңтүстік Түгіскеннің құм үйінділері астынан б.з.б. 7–5 ғасырлардың жерлеу құрылыстарының екі үлгісі табылды. Ұйғарақтағы жерлеу үлгісі – адамдардың жердің бетіне, жеңіл қаңқалы ағаш құрылыстың немесе күркенің ішіне, қамыс төсеніш үстіне жерленгенін көрсетеді.

ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ СЫР ӨҢІРІ.

Б.з.б. 8–4 ғасырларда қазіргі Қазақстанның барлық аумағында, тарих атасы Геродот «скиф» деп, грек географы Страбон «сақ» деп атаған тайпалар өмір сүрді. Сақ тайпалары одақтарына яксарт, массагеттер, исседон, сакаравак, дайлар, астақ, қимақ, аримаспы, аси сияқты байырғы, көне жергілікті тайпалар біріккен Яксарт (Сырдария), Оксус (Әмудария) өзендері сақ жерінде болғаны айтылады. Сырдарияны сақтардың Бақтиярлар (бактрлар) деген тайпасы «Яксарт» деп, екінші бір Сілек деген тайпасы оны «Сіле» (Сілеті) деп атаған. Кейбір зерттеушілер көне сақ тілі Хотанда 10 ғасырға дейін сақталған дейді. Сыр бойын өте ерте кезден бастап сақ-массагеттер мекендегенін, оның төменгі ағысы бойындағы Ұйғарақ, Түгіскен обаларынан, т.б. жерлерден табылған ескерткіштер аңғартады. Ахемен әулеті тұсындағы парсы деректері бойынша, мыс. I Дарийдің Бехистун жазуында сақ тайпаларының үш тобы көрсетіледі: хаумаварга сақтары немесе антик заман тарихшыларының айтуы бойынша, амюргийлік сақтар, парадарайя немесе парадарайа сақтары, яғни «теңіздің арғы жағындағы сақтар» және тиграхауда сақтары, яғни «шошақ төбелі бас киім киюші» сақтар. Геродот массагеттер (сақтар) туралы былай деп жазды: «…батысында – Кавказға барып тірелетін Каспий теңізімен, шығысында – шексіз жазық даламен ұласып жатқан осы бір кең-байтақ өлкенің көп бөлігін массагеттер (сақтар) мекендейді екен. Сырт киімі мен тұрмыс-салтына қарағанда олар скифтерге ұқсас. Өздері ат үстінде де, жаяу да шайқаса біледі». Арал теңізі маңында оның оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөлігінде және Сырдарияның оң жағасында парадарайа сақтары өмір сүрген. Ежелгі грек жылнамашылары сақ тайпаларының осы бөлігін массагеттер немесе яксарттар деп атады. Парадарайа сақтары құрамына дайлар немесе дейхийлер кірді, олар Арал теңізі маңында және Сырдарияның жоғары ағысында қоныстанды. Сонымен бірге парадарайа сақтары құрамына абийлер немесе «су сақтары» кірді, олар өзеннің орта ағысында өмір сүрген. Сақ тайпаларының жоғары дамыған мәдениеті болды. Олар негізгі тұрғын жай үшін киіз үйді пайдаланған. Үйдің барлық негізгі құрал-сайманы, ыдыс-аяғы сынбайтын заттардан, яғни теріден, киізден, ағаштан жасалды. Ал балшықтан жасалған ыдыс-аяқтар өте ірі,









қабырғалары қалың, табаны ойық болған. Сырдария сақтарының мәдениеті б.з.б. 1 мыңжылдықтың 2-жартысында әбден кемелденді. Бұл кезең Хорезм мемлекетінің қалыптасқан және нығайған заманы болды. Ежелгі егіншілік аймағы мен оның шеткі аймағы арасындағы экономикалық және мәдени байланыстар бұл кезде ерекше дамыды. Сырдария сақтарының мекендеген аймағында бекіністі ірі қоныстар және қалалар пайда болды. Олардың қатарына Шірік-Рабат қаласы мен Жаңадариядағы және оның айналасындағы жергілікті қоныстар кешені, дамыған суландыру жүйелері бар, көлемі кішірек Бәбіш-Мола қорымы жатады. Осы тектес және бір ескерткіш – Іңкәрдариядағы кішігірім бекіністі Баланды қалашығы, онда түрлі қабірлері сақталған зәулім құрылыстар кездеседі. Аталған қалалардың жоспарлануында және әскери-инженерлік құрылыстарында, сәулеттік-құрылыс тәсілдерінде Хорезм алқабының неғұрлым кемелді мәдениетінің іздері айқын байқалады. Хорезмнің сақтар мәдениетіне ықпалы қыш бұйымдар (керамика) өндірісі саласында анық көрінеді. Өз кезегінде, сақтардың да ежелгі Хорезм мемлекетінің мәдени-экономикалық жағына ықпал-әсері аз болмаған. Арал маңы далаларының тұрғындары қола дәуірінің соңғы кезеңінен Орта Азияның егінші тұрғындарымен үнемі байланыста болған. Сырдария атырабының табиғат жағдайы, сол сияқты б.з.б. 7–6 ғасырларда суармалы егін шаруашылығы әлдеқашан дамыған Әмудариянның төменгі ағысына жақын қоныстанған егінші тұрғындармен мәдени байланыстар Арал маңындағы сақтардың шаруашылығында егіншілік рөлінің артуына, сөйтіп оларда жартылай көшпелі шаруашылықтың тарауына себепші болды. Жаңа дәуірдің алғашқы ғасырларында құрғай бастаған су жайылмалары қарапайым әдістермен пайдаланылған. Жетіасар қонысы қойнауында сақталған, өзен салаларынан егіс алқаптарына қарай тартылған қысқа ұзындықтағы (40–50 м) арықтар табылды. Жетіасар маңайындағы көптеген ежелгі шағын су қоймаларының, арықтардың, бөгеттердің сүрлеулері қазіргі кезде де табылып жатыр. Алтынасар қонысынан табылған көптеген зат бұйымдары ондағы шаруашылықтың түрлерін, үйдегі әр түрлі қолөнердің дамуын аңғаруға мүмкіндік береді. Алтынасар тұрғындарының шаруашылықтарында егіншілік пен мал шаруашылығы дамыған. Егіс танаптары қонысқа жақын аумақта болған және оларды Қуандарияның салаларынан тартылған қысқа арықтармен суарған. Қоныстағы диірмен тастары мен дән үккіш құралдардың мол табылуы – олардың ұн тартып, нан өнімдерін пісіргенін көрсетеді. Тұрғындар мал түліктерінен сиыр, жылқы, түйе ұстаған. Үй кәсіптерінің ішінде ұсталық кәсіп, қыш ыдыстар, зергерлік бұйымдарын жасау кеңінен таралған. Сақтардың әскери-қаһармандық тарихы өз алдына бір төбе. Сақтар б.з.б. 8–7 ғасырларда киммерліктер және скиф шапқыншыларымен ұзақ күрес жүргізді. Ол парсы билеушілері Кир мен Дарийдің Окс (Әмудария) пен Яксарт (Сырдария) жағасындағы – теңіздің арғы жағындағы сақтарға (Геродоттың айтуынша, скиф-сколоттар) қарсы соғыстарына жалғасты. Б.з.б. 558 жылы оңтүстік-батыстағы парсы тайпаларының билігін II Кир патша қолына алды. Ол б.з.б. 545–539 жылдары өзінің басты әскери күштерін шығысқа бұрды. Ертедегі тарихшылар «ол Яксарт өзеніне жақын маңайда қала (Кир қаласы) салдырды» деп жазды. Бұл қаланы Александр Македонскийдің қолбасшылары Кирополь деп атап, қалың дуалдарын тас атқыш құралдармен соққылап қиратып, басып алғаннан кейін оған «Эсхат Александрия» (қиыр шеттегі Александрия) деген атау берген. Б.з.б. 530 жылы Кир патша бұл өлкеге екінші рет шабуыл жасайды. Кирдің бұл шабуылы өзінің түбіне жетіп, ұрыста мерт болды. Осыған орай, массагеттердің әйел патшасы Томирис (Тұмар) Кирдің кесілген басын қан толтырылған торсыққа салдырғаны туралы аңыз бар. Сақтар Ахемен әулеті шапқыншыларына күйрете соққы берген. Б.з.б. 521 жылы Иранда билікке ие болған I Дарий Кирға бағынған бұрынғы өлкелерді қалпына келтіруге тырысты. Ол сақтарды жеңіп, оларға тәуелділік бұғауын кигізді. Дарий патшаның жазбаларында: «Билікке ие болғаннан кейін үш жылдан соң (б.з.б. 519 жыл) сақтар еліне аттандым. Шошақ бөрік киген сақтар ұрыс бастағанда өзеннің арғы жағына шықтым да, олардың бір бөлігін тұтқындадым. Сақ көсемі Скунханы ұстап әкелгенде, орнына басқа көсем тағайындадым. Сосын бұл ел менікі болды» деп көрсетілген. Бұл жазбаларға қарағанда Тиграхауда сақтары бұған дейін парсыларға бағынбаған. Осы жолы алғаш тәуелді болған. Жазбадағы аты белгісіз өзеннің қазіргі Сырдария екенін байқауға болады. Дарий мен оның ізбасары Ксеркс (б.з.б. 486–464 жылдар) өз жазбаларында (Бехистун тас жазулары) тағы бір ортаазиялық сақтар тайпасын Хаомаварга деп атаған. Ксеркс жазбаларында (Персополь жазулары) ең ірі елдер мен халықтар қатарында «Танаидтың арғы жағындағы» және Арал маңындағы дахтардың (дайлардың) аты аталады. Б.з.б. 4–3 ғасырлардың шегінде Қазақстан аумағында жаңа тайпалық одақтар пайда болды. Бірқатар ғалымдардың пікірінше, б.з.б. 2 ғасырдың ортасында сақ әскери бірлестігі тайпаларының біразы Арал маңынан кетіп, сонау шалғайдағы Бактрия мен Үндістанға қарсы жорықтарға қатысқан. «Б.з.б. 3 ғасырдың өзінде сақ тайпалары басқа тайпалардың құрамында болды» дейді қытай деректері. Бұндағы «басқа тайпалар» деп отырғаны б.з.б. 3 ғасырға қарай қалыптасқан үйсін (усунь), қаңлы (кангюй), алан (яньцай) деген бірлестіктер еді. Тайпалардың көпшілігіне тән шаруашылықтың басым саласы болған мал өсірудің көшпелі әдісіне ауысу бұл дәуірде толық аяқталды. Жетісуда, таулар мен тау етектерінде, сол сияқты Іле мен оның тармақтарында, Шу, Талас және басқа өзендердің бойларында қолайлы жаздық және қыстық жайылымдар қалыптасты. Бұл ауданның көшпелі шаруашылығы Сырдария, Талас өзендері мен басқа да су айдындарындағы егіншілікке байланысты болды. Сыр бойында қаңлы (кангюй) бірлестігі сақтардың орнын басты. Қаңлылардың негізгі бөлігі Қаратау таулы ауданын және Сырдарияның орта сағасын мекендеген. Қытай деректеріне қарағанда, қаңлылардың тайпалық бірлестігі бес «кіші иеліктен» – Юени, Сусе, Фуму, Юегань және Гиден құрылған. Қаңлылардың саны 120 000 түтін шамасы немесе 600 000-дай адам болған. Қаңлы тайпалық одағы отырықшы тұрғындарының орналасқан жері – Сырдарияның орта сағасы. Қаңлы көсемінің ордасы Битянь деп аталған, оның тұрған қонысы әзірге анықталған жоқ. Қаңлылардың тайпалық одағының құрамына кірген тайпалар, негізінен, егіншілікпен және мал өсірумен айналысқан. Жосалы стансасының маңында осы тайпалардан қалған «Жетіасар» деп аталатын отырықшы қоныстардың орындары бар. Бұл бір-біріне жақын орналасқан бірнеше қоныстар тобы. Араларындағы көлемі жағынан үлкені – орталық қоныста тайпа шонжарлары тұрған тәрізді. Осындай отырықшы қоныстардың қалдықтары Сырдарияның орта сағасынан да табылды. Қытай деректері бойынша, Соғды, Хорезм, Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы жерлер Кангюй мемлекетімен шектесті. Оның орталық астанасы, археолог С.П. Толстовтың мәлімдеуінше, солтүстік-батыста Ферғананың астанасы

Гуйшаннан (Касан) 1 мың км қашықтықта орналасқан. «Қаңлы» атауы ертедегі «қаңғар» атауынан туындаған, ал «қаңғар» атауы «Кангхи адамдары» түсінігін білдіреді. Кангюйлердің материалдық мәдениеті шартты түрде «Қауыншы, Жетіасар және Отырар-Қаратау мәдениеттері» деп аталады. Қазақстан аумағындағы Қауыншы – Сырдарияның орта ағысы мен Қаратау бауайында таралған, көбінесе отырықшы, егінші тайпалардың мәдениеті. Ірі-ірі кірпіш құрылыстар, сәулет құрылысы күрделі, сарай, үй қабырғаларындағы әдемі мәнерлі оюлар ежелгі Кангюй мәдениетінің даму деңгейінің биік болғандығын көрсетеді. Қаңлылармен жалғаса савромат-сарматтардың тұқымы – аландар (янцай) Арал теңізінің батысына қарай қазіргі Батыс Қазақстан аумағын мекендеген. Бұл туралы Қытай шежірешілері былай деп жазады: «Яньцай қаңлының солтүстік-батысында 2000 ли шақырымдағы жерде тұрады. Мұның өзі көшпелі қаңлыларға өте ұқсас. Жағалауында биік жары жоқ үлкен көлдің жанындағы ел». Мал шаруашылығын егіншілікпен етене ұштастыру, қолөнер мен отбасындағы кәсіпшіліктің дамуы, сауда байланыстарының күшеюі Қазақстан аумағындағы көшпелі және жартылай көшпелі тайпалардың өркендеуіне себепші болды. Ерте дүние мен біздің заманымыздың бас кезінде Алтайдың арғы жағынан бастап Еуропаның ортасына дейін аттарының тұяғы дүбірлеткен ғұн (гун) деген халық болғаны тарихтан белгілі. Олар б.з.б. 2 ғасырда Қиыр Шығысты бағындырса, ал б.з. 4 ғасырының 70 жылдарында Оңтүстік-Шығыс Еуропаны дүр сілкіндірді. Ғұндардың шығыстағы тағдыры туралы қытай жазбаларында деректер аз емес. Бірақ бұл жауынгер халықтың Шығыстан Орталық Азияға, Арал, Каспий өлкесіне келуі, орын тебуі жөнінде сыр шертетін мәліметтер өте тапшы. Бұдан олардың қазіргі Қазақстан жерінде пайда болып, өркендегенін ешкім бекерге шығара алмаса керек. Қытай тарихшысы Сыма Цяннның (б.з.б. 67–35 ж.) «Тарихи жазбаларында» көрсетілгендей, б.з.б. 7–6 ғасырларда Орталық Азияны жужан, дунху тайпалары мекендеген. Б.з.б. 403–221 жылдарда жужандардың орнын сюнну (ғұн) және юечжи тайпалары басқан. Сол 4 ғасырда да қытайлықтар ғұндарды өзінің басты жауы ретінде атайды. Мұнан кейін ғұндар мен қытайлықтар арасында ұзақ соғыстар болды. Ақырында, б.з.б. 56 жылы ғұндар солтүстік және оңтүстік болып екіге бөлінді. Солтүстік ғұндар көсемі Чжи-чжи шаньюйдің басқаруымен Сырдарияның орта ағысында орналасқан одақтас Кангюй мемлекетіне қарай ойысады. Бірақ қытайлықтар барар жеріне жеткізбей, жолда қуып жетіп, қырғынға ұшыратады. Б.з. 2 ғасырында Ғұн империясы қайтадан аз уақыт бой көтеріп, б.з. 48 жылы тағы солтүстік, оңтүстік бөліктерге бөлініп кетеді. Оңтүстік ғұндар Қытайға тәуелді болып, солтүстік ғұндар оңтүстік-батыс Манчжурияны мекендеген дунху, сяньби тайпаларымен ұзақ арпалыстан кейін жерлерінен айырылып, Батыс Моңғолия, Оңтүстік-батыс Сібір және Шығыс Түркістанға қоныс аударады. Сонда тұрып біздің заманымыздың 2 ғасырының ортасына дейін Қытайдың батысқа қарай жылжуына кесе-көлденең әрекет жасады. Бірақ Сяньби тайпасының шабуылдарына төтеп бере алмай, б.з. 2 ғасырының 1-жартысынан бастап Шығыс Қазақстан мен Жетісуға ойысты. Қытай деректері бойынша, олар Балқаштың солтүстігінде Юзбань мемлекетін құрды (5 ғасырға дейін өмір сүрді). Кейін Арал, Каспий, Еділ бойына дейін өрісін ұзартты. Ғұндардың тілі ертедегі түрік тайпаларының тілімен бірдей екені көңіл аудартады. Ғұндар Қазақстан тарихында өшпес із қалдырып, кейін үйсін, қаңлы, аландармен араласып, оғыз, қыпшақ, қарлұқ


тайпаларының құрамына енді. Ғұндарды шығыстанушы зерттеушілер «түркі халықтары қалыптасуының мәйегі» деп бекер айтпаған сыңайлы.

КӨНЕ ТҮРКІЛЕР, ОЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ТАЙПАЛЫҚ ОДАҚТАРЫ. Қытай тарихында «Бес тағы тайпаның дәуірі» (304–309) деп аталатын заманда, ғұндар мен сяньбилер жаулап алған жерлерінде бірқатар тұрақсыз мемлекеттердің негізін салған (Л.Гумилев). Жужандардың тұрмысы тым жабайы болған. Әскери және әкімшілік бөлімі мың адамнан тұрған. Ол хан



тағайындаған қолбасшыға бағынған. Мыңдықтағы әрбір жүздікте бір ту болған әрі оның иесі белгіленген. Жужандардың батырлары соғыстан түскен олжаның көбін алып, ал қорқақтарды дүрелеп отырған. Олар есеп-қисапты білмеген, оның орнына қойдың құмалағын қолданған немесе кертпеш таяқшаларды пайдаланған. Жужан тайпасының ішінде бес жүз шаңырақ Ашина руы болды. Олардың бодандарын қытайлар «Ту-кю» деп атаған, оны «түркілер» деп аударған. «Түркі» сөзінің өзі «күшті», «мықты», «төзімді» дегенді білдіреді. Ал «Ашина» дегеніміз – «Көк-бөрінің» ұрпағы, «тәңірінің құты» деген тектілік, үстемдікті көрсететін ұғым ретінде қалыптасқаны байқалады. Көршілес елдер үшін түркілер ең қауіпті жауға айналды. Олар көп кешікпей батысқа жорық жасап, жеделдетіп Арал теңізіне дейін, содан кейін Сырдарияның солтүстікке бұрылатын жерінде, оны кесіп өтіп, Әмудариояның төменгі ағысы мен Арал теңізінің оңтүстігі арқылы Соғды мен Бұхараға бұрылып, сөйтіп түркілер бүкіл Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Хорезмді бағындырды. Бұл аймақты мекен еткен тайпалардың қарсыласқанына қарамастан, оларды алдына салып Еділ өзенінен (қазіргі Волга) бір-ақ шығады. Олар Еділді кесіп өтпей, Жайық өңіріндегі кең байтақ даланы бағындырумен тоқтайды. Сонымен, түркілер аз уақыттың ішінде бүкілазиялық ұлы даланы қамтып жатқан күшті мемлекетке айналды. Оны көршілері Қытай, Византия, Иран мемлекеттері мойындап, өздерінің елшілерін жіберді. Түркілер тек саяси ғана емес, экономикалық үстемдікке де ие болды. Батыс пен Шығысты жалғастырып жатқан «Ұлы Жібек жолы» түркілердің қолына көшті. 2–4 ғасырларда Ұлы Қытай қорғанының үстімен Іле өзені арқылы Ыстықкөлдің оңтүстік жағалауы мен Орта Азиядан өтетін сауда жолдарын түркілер қадағалады. Сөйтіп, бұл жол бірнеше заманның басты керуен жолына айналды, онымен елшілер, сауда керуендері өтіп жатты. Негізі Жібек жолы торабының бір тармағы – Шығыс Түркістан, Жетісу өлкесі арқылы Арал және Сыр бойына да жеткен. Еуропаның барша мемлекеттерімен елшілік байланыс жасау кезінде тарту-таралғыға, сыйлыққа, қорғаушы жауынгерлер жалдауға қисапсыз жібек қажет болды. Кейбір Шығыс елдерінде жібек алтынмен, асыл тастармен бірдей бағаланды. Қытайға қайтарда бұл керуен жолы арқылы Сирияның табиғи да жасанды асыл тастары, Қызыл теңіздің інжу-маржандары, Сирия мен Мысырдың маталары, Кіші

Азияның есірткі заттары жеткізілетін. Сыр бойындағы бұқара халық керуендерді күту, күзету, лаушы қызметін атқаратын, ал сән-салтанат жиһаз-мүліктері тек бай-бағландарға ғана тиесілі болатын. «Жібек жолы» арқылы тек бұйымдар мен заттар ғана келіп қойған жоқ, сонымен бірге діни сенімдер, мәдени құндылықтар да тарала бастады. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда, «Жібек жолы» арқылы будда діні, ал Сирия, Иран мен Арабиядан ислам діні таралған. Түрік қағанаты кезінде Ұлы Жібек жолы барынша жандана түсті. Бұл жолдың тармақталған бір бұтағы – Шу, Талас және Сырдария алқаптарындағы, Арал маңындағы қалаларды басып өтті. Бұл аймақта көшпелі түркі тайпалары мен отырықшы халықтар этностық жағынан алғанда туыстас немесе біркелкі этностық саяси қауымға бірлескен тайпалар болатын. Орта Азия мен Сыр бойын мекендейтін халықтардың бір-біріне осылай жақындасуына, олардың салт-дәстүрінің үйлесімдігіне Ұлы Жібек жолы көп әсерін тигізді, өркениет пен жетістіктердің алғашқы қадамы жасалды. Бұл жолды Түрік қағандығы үнемі қадағалап отырды. Біздің дәуіріміздің 1 мыңжылдығында Еуразия даласында этностық орта бірте-бірте өзгеріп, түркі тілді халықтар басым бола түсті. Осы кезең – қазіргі түркі тілді халықтардың, оның ішінде қазақтардың да ата-бабаларының іргесі орнығып, бойын тіктеу заманы болды. Сол түркі тайпаларының бірі – оғыздар болды. Олардың арғы тегінің пайда болып топтасуы Жетісудан басталды. Оғыз тайпаларының басқару ордасы Ыстықкөл жағалауында тарихи із қалдырған «Тоғыз-оғыздар» еді. Оғыздар туралы деректер қазақ тарихшысы Әбілғазы Баһадұрханның «Түрік шежіресі» атты еңбегінде мол кездеседі. Оның жазуынша, Моңғол ханы көп жылдар патшалық құрған, оның Қара хан, Өз хан, Көз хан, Көр хан атты төрт ұлы болған. Қара хан кейін бүкіл елге патша болды. Оғыз хан ата тағына отырғаннан кейін елдің баршасының мұсылман болғанын талап еткен. Қара ханның қол астында болған елдер Оғызға келіп қосылып, мұсылман еместер өзге жұртқа қарай ауған. Оғыз хан моңғол жұртында отырған елдерге жорыққа аттанып, олардың барлығын да бағындырды. Қашып құтылғандары татар ханына барып паналады. Оғыз хан татарларға да шабуыл жасап, жеңіске жетті. Оғыз ханның заманынан бастап Дон, Еділ,



Жайық аталатын үш өзеннің ауқымында қыпшақтан өзге ел жоқ еді. Ол жерлерді қыпшақтар төрт мың жылдай мекендеді. Сондықтан ол өлке жақын көршісі парсылар қойған «Дәшті Қыпшақ» (Қыпшақ даласы) деп аталды. Оғыз хан бүкіл моңғол және татар елдерінің әскерлерін жиып, Талас пен Сайрамға келді. Түркістан жерін жаулап, Балқыға дейін келді. Оғыз хан одан соң Кабул мен Ғазнаны алып,

Кашмирге жетті. Иранға аттанып, Мысырға дейін барды. Ол бұл елдердің біреулерін соғыспен бағындырып, енді бірін өзара келісіп, өзіне тәуелді етті. Басып алған жерлерінде көп жылдар тұрып, басы Сайрам, аяғы Мысырға тірелетін уәлаяттардың баршасына әкімдер қойып, қайтып өз жұртына оралды. Оғыздардың жорықтары мен жүргізген соғыстары «Оғызнама» батырлық эпостық дастанында тамаша жырланған. Онда оғыздардың Ұрым қағандығын жеңіп, есепсіз олжамен еліне оралғаны баяндалады. Түрік тектес тайпалардың желбіреген туларында сол кезеңнен бері көк бөрінің бейнесі пайда болып, бүгінге дейін сақталды. Оғыздар шамамен 8 ғасырдың орта шенінде қырғыздардың қысымымен Қаратау бөктері мен Сырдарияның төменгі ағысы алқаптарына қарай ығыса бастаған. Ал 9–10 ғасырларда Оңтүстік және Батыс Қазақстан аумағында оғыз этносы бірте-бірте қалыптаса бастады. Олардың құрамына Сырдария алқабы мен Арал–Каспий далаларын мекендеген ежелгі этностық түркіленген топтар мен көшпелі және жартылай көшпелі ру-тайпалар кірді. Осы аймақтағы тайпалардың бірінде Қорқыт дүниеге келіп, ол туралы аңыздар біздің көне тарихымызда елеулі орын алды. Орта Азияға, Шығыс Еуропаға, Шығыс Қазақстан мен Қытай, Моңғолияға, Үндістанға баратын керуен жолдарының тоғысқан жеріне орналасқан Жанкент қаласы Оғыз мемлекетінің астанасы болды. Хорезм және құдіретті Хазариямен бақталасқан Оғыз мемлекетінің ыдырауы – қыпшақ тайпаларының Ертіс, Еділ (Волга) бойынан батысқа қарай қозғалуымен байланысты. Тарихи деректерге қарағанда, Қыпшақ руларының бір бөлігі түрік тектес халықтардың өз алдына ұлт болып қалыптасуына елеулі әсер еткен. Қимақ қағандығының ыдырау кезеңінде қимақ, қыпшақ және құман тайпалары жайлаған аймақтағы әскери-саяси билік қыпшақ хандарының



қолына көше бастады. Олар Оралға қарай бет алып, Оңтүстік Еуразия (ресейлік, кеңестік әдебиеттерде орыс даласы деп көрсетеді) даласын, Кавказ бен Қырым тауларын жайлап, Дон өзеніне дейін жетті. Бұл аймақ Дәшті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) деп аталды. Қыпшақтар көптеген түрік тайпаларын біріктіргенімен, бір орталыққа бағынған мемлекет құра алмай, әр түрлі хандықтарға бөлініп, әр өңірде өмір сүрді. Заманымыздың 11 ғасырының 2-ширегінде қыпшақтардың тайпалық ақсүйектері оғыз жабғуларын Сырдарияның төменгі және орта ағысынан, Арал маңы мен Каспий өңірінен ығыстырып шығара бастады. Оғыз мемлекетінің Сырдария бойында орналасқан қалалары Жент, Рабат, Баршынкент, Жанкент және басқа да елді мекендер қыпшақ көсемдерінің игілігіне өтті. 13 ғасырдың басында тарих сахнасына моңғол тайпалары шығып, бүкіл Орталық Азияны, Кіші Азия мен Сібірді, Таяу Шығыс пен Шығыс Еуропаны, Еуразия құрлығын дүр сілкіндірді. Моңғол тайпасының көсемі Шыңғысханның Орта Азиядағы басты қарсыласы Хорезмшах елі болды. 1219 жылы Отырар шаһарын қиратқан моңғолдар Сығанақ шаһарына келіп, оны жеті күн қоршауға алып, басып алды. Одан кейін Өзгент, Баршынкент пен Асанас қалалары моңғолдардың қолына өтті. 1220 жылы мамырда Жошы хан Сыр бойындағы ірі шаһар, үлкен бекініс Жентті, күзде Жанкент қаласын алды. Сөйтіп, Сырдарияның Төменгі ағысын толық бағындырған моңғолдар Мауеренәһр мемлекетін жаулап алуға кірісті. Жошы қайтыс болғаннан кейін, оның тағына екінші баласы Бату (Батый) отырды. Бату Алтын Орда хандығын құрды, ол кейін Ақ Орда, Көк Орда болып екіге бөлінді. Моғолстанның Барлас руынан шыққан Әмір Темір Тарағайұлы (1336–1405) 1370 жылы Самарқанның әмірі болғаннан кейін 18 жыл бойы бүкіл Орта Азия аумағын бағындырып тұрды. Ол Дәшті Қыпшақ, Алтын Орда, Жетісу, Арал және Сырдария бойындағы қалаларға дүркін-дүркін жорыққа шықты. 1465



жылы бұрынғы Алтын Орда хандығының бір мұрагері ретінде Қазақ хандығы құрылып, бірте-бірте, жылдан жылға тарихтан өз орнын ала бастады. Ол, әсіресе, шежірелерде «Қасым ханның қасқа жолы» деп бейнеленетін Қасым ханның (1511–23) тұсында Батыс Жетісуды, Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау аймағын, Сырдария мен Солтүстік Арал алқаптарын, Орталық және Батыс Қазақстанның едәуір бөлігін құрамына алды. Ноғайлы ордасының бір бөлігі қазақтарға қосылып, шекарасы Еділге (Волга) дейін жетті. Ноғай ордасының Шейх-Мамай жұрты 16 ғасырдың ортасында Каспий теңізінің Жайықтан (Орал) Сырдарияға дейінгі жағалауын жайлады. «Орақ–Мамай» дастанында ашаршылық пен жұт кезінде ноғайлар Арал теңізінің солтүстік-шығыс жағасы мен Сырдарияның төменгі ағысындағы Қарақұмды қоныс еткені жырланады. Ноғайлы элементі 16–17 ғасырлардағы бірнеше көші-қон толқыны кезінде қазақ халқының құрамынан орын алды. Қазақтың Кіші жүзінің ежелгі тайпалары толығымен бұрынғы Ноғай ордасы (Ноғайлы) құрамында болғандығын бүгінге дейін ел аузында сақталған жыр-аңыздар, ән-күйлер, шежіре деректері және тарихи-әдеби деректердің материалдары растайды. Қазақтың біртұтас ел болып қалыптасуына Жоңғар хандығының шапқыншылық саясаты қатты әсерін тигізді. Жәңгір хан билігі тұсында ойрат-жоңғарлар күшейіп, қазақтардың ішкі алауыздығын пайдаланып, оның шұрайлы жерлерін басып алу үшін Жетісу, Шу, Талас, Ташкент, Сырдария бойындағы қалалары мен сауда орталықтарына бірнеше жорық жасады. Солардың бірі – 1643 жылғы Орбұлақ өңіріндегі шешуші шайқас. Бұл соғыста Жәңгір хан азғантай күшпен жоңғарларға тойтарыс беріп жатқанда, оған Самарқанның әмірі Жалаңтөс Баһадұр көмекке келіп, бірлесіп, жоңғарларды ойсырата жеңді. 1723–25 жылдары аса ауыр сындарлы күндерді бастан кешкен қазақтардың көп бөлігі Сырдың жағасындағы сулы-нулы, жиделі-тоғайлы жерлерін қоныс етіп, аман қалды. Ұлт тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аталған қасіретті кезең Сырдария өзені алабын 16 ғасырдың 2-жартысынан мекендеп келе жатқан қарақалпақтарға да оңай тиген жоқ. Жоңғарлардың шапқыншылығы салдарынан қарақалпақтардың бір бөлігі – төменгі Сырдарияның сол жақ бетіне, Қуаңдария мен Жаңадариядағы, бұрын Кіші жүз қыстаған жазық жерлерге үдере көшті. Қарақалпақтардың сыртқы саясатта дербестікке ұмтылуы (Ресей бодандығын тікелей қабылдауы), келісілген салықтарды төлемеуіне байланысты қазақ хандары оларға қарсы оқтын-оқтын жорықтар ұйымдастырып, Хиуа ханы Мұхаммед-Рахым 1810 жылы Жаңадариядағы маңғыт, қытай руларын және Қуаңдариядағы қыпшақ, оймауыт, кенегес, бешсары руларын Әмудариядағы біржола көшіріп алды. Осымен қарақалпақтардың Сыр бойындағы екі жарым ғасырлық тарихына нүкте қойылды. Сөйтіп, қазақтың игі жақсылары, хан-сұлтандары, би-батырларының басын қосқан Қарақұм, Ордабасы жиындары нәтиже беріп, рухани бірлесу мен татуласудың арқасында ата-бабаларымыз арман еткен кең-байтақ даламыздың тұтастығы, халқымыздың ақ адал болмыс-бітімі сақталып қалды.

СЫР ӨҢІРІ РЕСЕЙДІҢ 19–20 ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ РЕФОРМАЛАРЫ ТҰСЫНДА. Сыр өңірі 19 ғасырда жаңжақтан қыспаққа түсті. Атап айтқанда, солтүстік пен шығыстан – Ресей империясы, оңтүстік пен батыстан – Қоқан мен Хиуа хандықтары сұғына түсті. Бұл өңірді Бұхара әмірлігі де бақылап отырды. Сырдария қазақтары Хиуа, Қоқан хандықтары мен Ресей империясының Арал өңіріне үстемдік жүргізуіне қарсылық білдірді. Сыр өңірінен шыққан Жанқожа, Бұқарбай, Көкен батырлар, Пірәлі, Әзберген, Жарылқап билер

ұлт-азаттық күрес туын жоғары көтерді. Ресей империясы 19 ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның үлкен бөлігін отарлап, өз құрамына қосып алды. 1824 жылы көктемде Орынбор қырғыздары (қазақтары) жөніндегі жарлық бекітіліп, Кіші жүздегі хан билігі жойылды. Қазақ даласындағы билік Ресей әскери-әкімшілік басқару жүйесіндегі ең жоғарғы саты мемлекеттік аппаратқа, нақты айтқанда, жергілікті жерлерде өкілдік еткен Орынбор генерал-губернаторлығы мен Орынбор шекара комиссиясына көшті. Кіші жүз аумағы Батыс, Орта және Шығыс округтерге бөлінді. Орта бөлікті Шығыс бөліктен бөлетін сызық – «Степной» бекінісінің оңтүстігіне қарай Жабық-Қарағай тауларының жотасы арқылы, Қарсақбай көлі және Сырдария өзені арқылы өтті. Ресейдің билік құрылымының орта деңгейіне басқарушы-сұлтандар лауазымы, ал төменгі сатыға дистанциялық бастықтар мен ауыл старшындары кірді. Басқарушы-сұлтандарды Орынбор әскери губернаторы, ал қалған шенділерді Шекара комиссиясы тағайындады. 1824



жылғы 13 тамызда Орта бөліктің басқарушы-сұлтандығына Темір Ералыұлы бекітілді. Сонан кейін де Орта бөліктің билеушілері Кіші жүз ханы Әбілқайырдың ұрпақтары (М.Тұрдағалиев, Ж.Нұралиев, А.Жантөрин, М.Баймұхамедов) болды. Басқарушы-сұлтандар казак станицаларында және шекара шебіндегі бекіністерде тұратын болып белгіленді. Басқарушы-сұлтандарға патша үкіметі жылына күмістен 1200 сом төледі. Оларға орыс-казактардың шағын жасақтары да бағындырылды. Ондай



жасақтардың әрқайсысында 200-ге дейін адам болды. 1831 жылы желілік, 1839 жылы далалық дистанциялар пайда болып, жаңа әкімшілік-аумақтық бірліктерге айналды. 1844 жылы «Орынбор қырғыздары (қазақтары) туралы ереже» шықты. Жаңа ереже бойынша билер сотына барынша шектеу қойылды, олар ұсақ-түйек мәселелерді ғана қарайтын болды. Орынбор шекаралық комиссиясына қарайтын дистанциялар саны барған сайын көбейе түсті (57-ге жетті). Орта бөлікте олардың саны 20-ны құрады. Орал (Ырғыз) бекінісі жанына 1845 жылы 54-дистанция ашылды. Сыр өңіріне ең жақын жатқан осы дистанцияның алғашқы бастығы ретінде У. Өтегенов тағайындалды. Оңтүстікке қарай жылжи бастаған орыстар 1847 жылы Сырдарияның төменгі ағысының оң жағында Райым (Арал), 1853 жылы Қазалы бекіністерін салды. Сөйтіп, Арал теңізі мен Сырдария өңіріне өз ықпалын жүргізе бастады. 1853 жылдың шілде-тамыз айларында қоқандықтардың Ақмешіт бекінісін басып алды. 1854 жылы Ресей патшасының жарлығы бойынша Перовск форты, 1-Қазалы форты, 2-Қармақшы форты (Қараөзек және Сырдария құйылысындағы бұрынғы Қосқорған бекінісі) және 3-Қуаңдария фортынан (Күмісқорған бекінісінің орны) құралған «Сырдария әскери шебі» құрылды. Бекіністер маңайындағы ауылдарға өз әкімшілік тәртібін енгізді. Ал Сырдария өзенінің сол жағасындағы жерлер мен Қызылқұм өңірі Хиуа ханы мен Бұхар әмірлігінің ықпалында болды.


ХИУА ХАНДЫҒЫ. 1811 жылы қазақтардың соққысынан қарақалпақтардан біржола тазарған Дәуқара, Жаңадария, Қуаңдария өзендерінің төменгі ағыстарына Хиуа хандығы қорғаныс бекіністерін салып, оны қазақ даласының ішкі жағына қарай кіре түсу үшін алдыңғы шеп ретінде пайдалануға тырысты. Мұхамед-Рахим хан Сырдариянның сол жағындағы қазақтардың бір бөлігін өзіне бағындырып, 1812–16 жылдары Қорғанша, Қылышқала, Жаңақала, Қожанияз, т.б. бекіністер салса, оның ұлы Аллақұл тұсында бұл қатарға Құртөбе бекінісі (1835) қосылды. Оларды хакімдер мен бектер басқарды. Хиуа бекіткен хандар (Шерғазы Қайыпов, Шерғазы Айшуақов, Жанғазы Шерғазиев, Елікей Қасымов, т.б.) мен бектер (Сауқым Бөкеев, Қайыпқали Есімов, Едіге Шерғазиев, т.б.) және жергілікті билер бекіністер маңайындағы қазақ ауылдарынан салықтар жинады. Хиуа әскері 1847–48 жылдары Ресейдің Райым бекінісіне шабуылдар жасады. Ресей әскері 1856 жылы наурызда Хиуаның Қожанияз бекінісін құлатты. Хиуа хандығы 1859 жылдан осы өңірдегі қазақ ауылдарына ықпалын жоғалтты.

ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ. Омар хан кезінде қоқандықтар Түркістанды жаулап алған соң 1815–1821 жылдары



Сыр бойында Жаңақорған, Жөлек, Ақмешіт, Шымқорған, Күмісқорған, Қосқорған, Дінқорған бекіністерін салды. Аталған бекіністерді бектер мен хакімдер басқарса, өзіне бағынышты Сыр бойы халқын, негізінен, датқалар арқылы басқарды. Қоқан хандығында датқа дәрежесін алғандар саяси ахуалдар ағысына қарай әкімшілік қызметке де, әскери қызметке де араласып отырған. Өңірде датқа шенімен белгілі болғандар қатарында Тұрғанбай датқа, Торғай датқа, Досбол датқа, Тұрсынбай датқа, т.б. болды. Датқалар Қоқан ханынан жылына 700 батман (орыстың 4 пұтына тең) астық, 1000 теңге ақшалай сыйақы алып тұрған. Ресей әскері 1853–61 жылдары қоқандықтардың Сыр бойындағы барлық бекінісін басып алды. Бұл орыс әскерлерінің Орталық Азияға қарай жылжуына жол ашып берді.

БҰХАРА ӘМІРЛІГІ. 19 ғасырдың бас кезінде бірқатар қазақ рулары Бұхара қаласы маңын қыстаған. 1833 жылы Қызылқұмға хиуалықтарға салық төлегісі келмеген бірқатар ауылдар көш түзеді. Олар Қызылқұмның батысындағы Боқантау, Арыстантау, Тамдытау, Ақтаудан бастап, оңтүстігіндегі Бұхараға дейінгі аумақты мекендеді. Бұхара әмірі Насрулла қазақтарға Дәуітбай







батырды бек лауазымына тағайындады. Одан кейін Бердалы бек Тамдыбұлақ деген жерде қорған тұрғызды. Тамдының халқын 1863–68 жылдары Ресей билігінен қашқандар толықтырып отырды. Аталған өңірде Садық Кеңесарыұлының ықпалы зор болған. Бұхара үкіметі бұларды еркіне қойып, аз көлемде зекет жинаумен ғана шектеліп отырған. Бұхара әмірлігі 1868 жылы 23 маусымда, Хиуа хандығы 1873 жылы 12 тамызда, Қоқан хандығы 1876 жылы 24 қаңтарда өздерінің Ресей империясына тәуелділігін мойындады. Ресей әскерлері Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймақтарын 1865 жылға дейін жаулап алды. Сондықтан енді осы аймақтарды әкімшілік жағынан басқару және шаруашылық жағынан нығайта түсу қажет болды. 1867 жылы 11 шілдеде II Александр «Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы уақытша ережеге», 1868 жылы 21 қазанда «Орынбор және Сібір қазақтарын басқару жөніндегі ережеге» қол қойды. Басқарудың жаңа ережесі 1869 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енді. Реформа ұлыстық жүйеге негізделген округтік және бөліктік басқару жүйесін толық жойып (басқарушы-сұлтандардың қызметі, дистанциялық жүйе қысқартылды), Ресейдің әкімшілік-территориялық жүйесіне әкелді. Ресейдің жаулап алған жерлері «мемлекет меншігі» деп жарияланды. Қазақстан жері Орынбор, Батыс Сібір, Түркістан генерал-губернаторлығына қарайтын болып, аумақтары облыстарға, облыстар уездерге, уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Перовск және Қазалы уездері Түркістан генерал-губернаторлығына (орталығы Ташкент қаласы) қараған Сырдария облысының құрамында болды. 1868 жылы Қазалы уезіне 7 болыс, кейін 11 болыс және 142 ауыл, Перовск уезіне 10 болыс 109 ауыл бекітілді. Уездерде болыс басқарушылары мен ауылнайлардың (старшиналар) сайлауы өткізілді. 1872 жылы Қазалы уезінде болыстар саны 14-ке, Перовск уезінде 12-ге (1890 ж. – 18) жеткен. 1886 жылы Түркістан уезінің жойылуына байланысты бірқатар ауылдар Перовск уезіне берілген. Өз кезегінде кейбір болыстар Қазалы уезіне өткізілген. 1898 жылы уездік болыстардың шекаралары қайта белгіленген.

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ. Петроградтағы 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Қазалы теміржолшылары митингілер, демонстрациялар өткізіп, Перовскіде билік Уақытша үкімет өкілдерінен 1917 жылғы 30 қазанда (12 қараша) қалалық жұмысшы және солдат депутаттары кеңесіне өтті. Ал Қазалыда кеңестік билік қарашаның екінші жартысында орнады. 1918 жылға дейін болыстық, уездік комиссарлар басшылық жасады. 1918 жылғы 1 мамырда Түркістан АКСР құрылды және сол жылы кеңестік болыстар өмірге келді. 1919 жылдың 25 маусымында Перовск уездік аумақ әкімшілік қайта құруға байланысты екі бөлікке бөлінді: бірінші бөлікке 23 болыс, 106 ауыл қараса, Жөлек бөліміне 11 болыс, 80 ауыл қарады. РКФСР Халық комиссарлар кеңесі мен Бүкілресейлік ОАК-нің 1920 жылы 26 тамызда әкімшілік орталығы Орынбор қаласы болып табылатын «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру» туралы декреті шықты. Орталығы Орынбор қаласы болды. 1920 жылы Сырдария облысының Қазалы, Перовск уездерінде уездік, болыстық ревком төрағалары сайланды. Сырдария облысы Түркістан республикасының құрамына енді. 1921 жылдың 1 қазанында Қазалы уезіне 22 болыс белгіленсе, Ақмешіт уезіндегі болыстар саны 27 болған. 1922 жылдың 11 сәуірінде Приречный, Сауран, Өзгент, Жаңақорған болыстары Түркістан уезінің қарамағына беріліп,

осы жылдың 25 сәуірінде Перовск уезі «Ақмешіт уезі» болып аталып, 1923 жылы Арал болысы құрылды. Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеу аясында 1924 жылы 12 маусымда Перовск, Қазалы уездері Қазақстанның Сырдария облысына қосылды. 1924 жылы 12 желтоқсанда Сырдария облысы губернияға айналды. 1924–25 жылдары әрбір ауыл болыстықтар бойынша нөмірленсе, болыстықтарда 1925 жылдан ауылдық кеңестер құрылымы жұмыс істей бастады. Қазақстанның астанасы Орынбордан 1925 жылдың сәуірінде Ақмешітке (19.4.1925 жылдан Қызылорда қаласы) көшірілгенде республика аумағы үштен бірге кеңейді. 1926 жылы Қазалы уезінде 26 болыс болды. Коммунистік партияның 1927 жылғы 2–19 желтоқсандағы 15-съезінің шешіміне сәйкес, 1928 жылы жаңаша әкімшілік-аумақтық басқару жүйесі енгізіліп, революцияға дейінгі губерния, уезд, болыс және ауылдар әкімшілік бөліністерінің орнына округтер мен аудандар құрылды. Қызылорда және Қазалы уездері негізінде 1928 жылғы 17 қаңтарда Қызылорда округі құрылып, оған 8 аудан (Арал, Қазалы, Қармақшы, Қараөзек, Қарсақпай, Шиелі, Қызылорда, Аламесек) кірді. 1928 жылдың 23 маусымында Қараөзек ауданы «Тереңөзек ауданы» болып қайта аталды. 1929 жылдың





мамыр айында республика астанасы Қызылордадан Алматыға көшірілді. Қазақстанда 1930 жылы маусымда кезекті әкімшілік-басқару реформасы қолға алынды. Осының аясында 23 шілдеден Қызылорда округі таратылып, Қазалы, Қармақшы, Аламесек, Тереңөзек, Шиелі, Қызылорда аудандары Сырдария округінің, ал Арал ауданы Ақтөбе округінің құрамына (1938 жылға дейін) берілді. 1930 жылдың 17 желтоқсанында Аламесек ауданы Қызылорда ауданына қосылып, Тереңөзек ауданы таратылды. 1932 жылғы 20 ақпанда Сырдария округі негізінде құрылған Оңтүстік Қазақстан облысына Сыр өңірінен Қазалы, Қармақшы, Қарсақпай, Қызылорда, Жаңақорған, Шиелі аудандары қарады. Қызылорда ауданын бөлу жолымен 1932 жылы 19 желтоқсанда қайта құрылған Тереңөзек ауданы 1934 жылы 19 тамызда таратылып, оның аумағы Қармақшы мен Қызылорда аудандарына берілді. 1936 жылдың 5 желтоқсанында КСРО-ның жаңа Конституциясы қабылданды. Соған сәйкес, Қазақстан одақтас республикаға (Қазақ КСР) айналды. Билікті әкімшілік, саяси, өкілетті және бақылау тармақтары жүзеге асырды. Облыстар мен аудандарды, қалаларды тиісті партия комитетінің 1-хатшылары басқарып, ал халық депутаттарының кеңестері өкіметтің жергілікті органдары болды. 1935–36 жылдары ауылдық кеңестерге атаулар берілді. 1936 жылдың 29 шілдесінде Қарсақпай ауданы Қарағанды облысына өтті. 1938 жылғы 15 қаңтарда жаңа Қызылорда облысы құрылып, оған Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Тереңөзек, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары және Қызылорда қаласы енді. 1963 жылы 1 қаңтарда Қызылорда облысы Оңтүстік Қазақстан өлкесінің құрамында болды. Осыған байланысты облысқа қарасты аудандар ірілендіріліп, Жаңақорған ауданы Шиелі ауданына, Арал ауданы Қазалы ауданына, Тереңөзек ауданы Сырдария ауданына, Жалағаш ауданы Қармақшы ауданына біріктірілді. 1964 жылдың соңында аталған өлке таратылғаннан кейін, Қызылорда облысында 1964 жылы 23 қазанда Арал, Жалағаш, 1965 жылы 18 желтоқсанда Жаңақорған, 1966 жылы 22 қарашада Тереңөзек аудандары қайта құрылды.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕ. 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияны қабылдады. Декларация негізінде 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы қабылданды. Қазақстан – тәуелсіз атқарушы, заң шығарушы және сот биліктері бар демократиялық, құқықтық, унитарлы мемлекет екендігі ел Конституциясында айқындалды. 1991 жылдан ауылдық кеңестердің орнына ауылдық округтер құру жұмыстары қолға алынды. 1997 жылы 10 қыркүйекте Тереңөзек ауданы «Сырдария ауданы» (орталығы – Тереңөзек қыстағы) болып аталды.

ЭКОНОМИКАСЫ

ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢІНДЕГІ АЙМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ. Қызылорда облысы – аграрлық-индустриялық аймақ. Халық саны бойынша облыс 17 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қала арасында 9-орынды алады. Облыс бірегей экономикалық әлеуетке және табиғи ресурстарға ие. Түсті металл кені бойынша Қазақстанда 3-орынды алады. Өңірдің өнеркәсібі тау-кен өнеркәсібі, металлургия, машина жасау, энергетика, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдары өндіру кәсіпорындарымен белгілі. Өңірдің құрылыс материалдар өндірісін дамытуда, қызмет көрсету саласын, туризмді және т.б. дамытуда әлеуеті жоғары. Қызылорда облысы ас тұзы, шынытас құмы, бақша, балық өнімдерінің ірі өндірушісі әрі жеткізушісі болып табылады, сондай-ақ сапалы күріш өсіретін жалғыз өңір болып саналады. Өңір еліміздегі 6 тауар түрін өндіру бойынша алғашқы үштікке кіреді, оның ішінде ас тұзын (ел өндірісінің (98 %-ы), күрішті (90 %), тұз және натрий хлоридін (73 %) өндіруде 1-орынды алады. Қызылорда облысы еліміздегі мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі бойынша бесінші орында. Ірі мұнай кен орындарына Ақшабұлақ, Құмкөл, Қоныс және Солтүстік-батыс Қызылқия жатады. Қазіргі уақытта облыста 49 мұнай-газ кен орнын игеретін 12 мұнай-газ өндіруші компания тіркелген (ҚР-дағы кен орындарының жалпы санының 6 %-ы). Сонымен қатар облыстың мұнай-газ кен орындары мөлшері бойынша орта және көптеген ұсақ кен орындарына жатады және ресурстардың сарқылуы байқалады. Мәселен, 2011 жылы 11 млн тонна мұнай өндірілді, 2023 жылы 3,7 млн тонна мұнай өндірілді. Мұнай өндірудің төмендеуімен қатар газ өндіру де қысқарып келеді (жылына орта есеппен 5 %). 2017 жылы облыста 1 152 млн м^3 өндірілсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 627,7 млн м^3 құрады (жалпы қазақстандық өндірістің 1,3 %-ы). 2004 жылдан бастап «Ақшабұлақ – Қызылорда» магистральдық газ құбырының құрылысын салу арқылы Қызылорда облысын газбен жабдықтау жүргізілді. 2014 жылы «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбыры пайдалануға берілді. Бүгінде газбен қамтылған елді мекендердің үлесі 75 %-ға жетті. Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі бойынша ірі компаниялар – «ҚазГерМұнай» БК ЖШС, «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз» АҚ, «Көлжан» ЖШС, «Торғай Петролеум» АҚ және «Саутс-Ойл» ЖШС, бес компания облыстағы жалпы мұнай мен газ конденсатының 80 %-дан астамын өндіреді. Өндірілген мұнайдың жалпы көлемінің 21,7 %-дан астамы экспортқа шығарылады. Негізгі көлемі, жалпы мұнай экспортының 83,5 %-ы, «Атасу – Алашанькоу» құбыры арқылы Қытай нарығына тасымалданады. Мұнай экспортының 10 %-ға жуығы темір жол арқылы және 6,5 %-ы Каспий Құбыр Консорциумы (ҚҚК) жүйесі бойынша жөнелтіледі. Өңір үшін мұнай компанияларының жұмысының экономикалық тиімділігі – өнеркәсіптік өнімнің жалпы көлеміндегі өндірудің үлесіне тиесілі 73 % және жергілікті бюджеттің 80 %-ның мұнай-газ компанияларының салықтары есебінен құралуында. Көмірсутек шикізатын өндіру көлемінің төмендеу үрдісіне қарамастан, облыста мұнайдың едәуір қоры бар, мысалы, Оңтүстік Торғай кенжарында дәлелденген мұнай қоры 148,7 млн тоннадан асады. Өңірде мұнай мен газ өндіруді ұлғайту үшін ауқымды геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу қажет, ал бұл қомақты инвестицияларды талап етеді. Өңдеу өнеркәсібі бойынша өңірдің негізгі экспорттық тауарларына уран, күріш, сұйытылған пропан және мұздатылған балық жатады.

Облыстың экспорт құрылымындағы минералды ресурстардың үлес салмағы 44 %, ал импортта ең үлкен үлес машина жабдықтары мен механизмдер, электр жабдықтары, мұнай-химия және химия өнеркәсібі өнімдеріне тиесілі (46 %). Қызылорда облысындағы 6 индустриялық аймаққа Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш және Шиелі аудандары жатады. Мұндағы әрекеттер индустрияландыру бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Бағдарламаның алғашқы бесжылдығында (2010–14) облыста құны 82 млрд теңгені құрайтын 17 жоба іске асырылды. Нәтижесінде 12 өнім түрі шығарылды (өңделген газ, ілеспе газ, электр энергиясы, химиялық реагенттер, күкірт қышқылы, асфальтбетон, кірпіш, сүт, томат, балық, ас және техникалық тұз өнімдері, мия сығындысы), 1 мыңға жуық жұмыс орны ашылды. Жалпы алғанда, мұнай-газ, электроэнергия өндіру, химия, ауыл шаруашылығы саласындағы облыстың ірі жобалары бірінші бесжылдық аясында іске асырылып, облыс экономикасына айтарлықтай үлес қосты. Бағдарламаның екінші бесжылдығы (2015–19) аясында құны 67 млрд теңгені құрайтын 9 жоба іске қосылып, өнеркәсіп бағытындағы өнімдер 4 жаңа өнімдермен – кірпіштің жаңа түрлері, темірбетон бұйымдары, әк және цемент өнімдерімен толықтырылды.







2018 жылдың желтоқсан айында облыста алғашқы цемент зауыты іске қосылды. Бұл жоба индустрияландыру бағдарламасы мен Қазақстан – Қытай ынтымақтастығы аясында жүзеге асырылды. Жобаның құны – 64 млрд теңге, 250 жаңа жұмыс орындары ашылды. Облыстағы құрылыс индустриясы саласындағы экспортқа бағытталған, бәсекеге қабілетті, цемент шығаратын алғашқы кәсіпорындардың бірі – «Компания Гежуба Шиелі цемент» ЖШС-ның тампонажды цемент зауытының қуаттылығы 1 млн тоннаны құрады. Зауыт іске қосылғаннан бері 4,3 млн тонна өнім өндірді, оның 847 мың тоннасын Өзбекстан Республикасына экспорттады. Бағдарламаның үшінші бесжылдығы аясында 9 жоба іске қосылып, тұрақты өнім шығаруда. Оның ішінде индустрияландыру бағдарламасының белсенді қатысушысы «Аралтұз» компаниясы ас және техникалық тұз өндіретін жаңа 3 испан цехтарын іске қосты. Бұл өз кезегінде еңбек өнімділігін екі есеге арттыруға, 200-ден астам адамды тұрақты жұмыс орнымен қамтуға мүмкіндік берді. Кәсіпорын тұз өндіру көлемінің екі есеге ұлғаюына байланысты өткізу нарығын 4-тен 10 шет елге дейін кеңейтіп, Ресей, Қырғызстан, Әзербайжан, Украина, Қытай, Грузия, Моңғолия, Латвия, Эстония, Германия елдеріне экспорттайды. Сонымен қатар «Аралтұз» АҚ тұз өндірісімен шектелмей, импортқа тәуелділікті азайту мақсатында компания жанынан жаңа өнім қуаттылығы жылына 30 млн дана полипропиленді қап және 1,2 млн дана биг-бэг өндіретін жобасын жүзеге асыруды жоспарлауда. Бұл компанияның қажеттілігін өтеп қана қоймай, аталған өнімдермен республика бойынша кәсіпорындарды қамтамасыз етпек. Құрылыс саласында кеңінен қолданылатын керамзит блоктары шығарылуда. Блоктар қарапайым кірпіштер мен көлемді, қымбат материалдарды ауыстырады, себебі бағасы қолжетімді, материалы берік, аязға төзімді және экологиялық таза болып келеді. Арал ауданында 2020 жылы іске қосылған кварц құмын байыту комбинаты бүгінге дейін 17,9 мың тонна байытылған кварц құмын шығарды. Республикалық ауқымды жобаның бірі – шыны зауыты 2022 жылы қыркүйек айында өз жұмысын бастады. Іске қосылғаннан бері 174,3 мың тонна республикадағы алғашқы инновациялық шыны өнімін шығарды. Өнімдер Шымкент, Алматы, Астана қалаларына сатылып, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанға экспортталды. Зауытта 270 жергілікті маман қызмет етіп, қосалқы өндірістерде 300-ге жуық тұрақты жұмыс орны құрылды. Бірыңғай индустрияландыру картасы аясында облыста құны 696,7 млрд теңгені құрайтын, іске қосылғанда 6,2 мың жаңа жұмыс орнын құруды көздейтін 36 жоба іске асырылуда. Оның толық қуаттылыққа шыққанда 125 жұмыс орны ашылатын 5 жобасы (құны 1 млрд теңге) 2022 жылы іске қосылып, тұрақты өнім шығаруда. Бұл жобалар қатарында заманауи балық ұны өндірісі, күріш ақтау, балық өңдеу, құрғақ құрылыс қоспалары цехтары және бетон зауыты бар. Жалпы, облыста индустрияландыру бағдарламасы жүзеге асырылған жылдары (2010–22) құны 198 млрд теңгені құраған 40 жоба іске қосылды. Олар бойынша 2023 жылы қаңтар-желтоқсан айларында 77,6 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 25,7%-ға (2022 жылы – 48,8 млрд теңге) артқан. Нәтижесінде (2010–2023 жылдың 9 айы) өңдеу өнеркәсібінің экономикадағы үлесі 4,2%-дан 27,3%-ға жетті. Жалпы 2023 жылы құны 14 млрд 800 млн теңгені құрайтын 15 жоба іске қосылды. Бұл қатарда Қармақшы ауданындағы қуаттылығы 1500 тоннаны құрайтын құс фабрикасы, Қызылорда қаласындағы бие сүтін өңдеу цехы,

т.б. жатады. Өңірде басқа да ірі инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жалғастырылуда. Соның бірі – Жаңақорған ауданындағы «Қызылорда – Агроплюс» сериктестігінің томат пастасын өндіру жобасы (құны 23,5 млрд теңге). Жобаның құрылтайшысы «Orbis-Agro» ЖШС болып табылады. 2023 жылы Украинадан агрономдар келіп, 5 гектар жерге американдық қызанақтың бірнеше сорттарын егіп, 500 тонна өнім алынды. Қазіргі таңда зауыттың және инженерлік-инфрақұрылым жеткізудің жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Тау-кен металлургиясы саласындағы жобалар бойынша «Шалқия» кен орнында жаңа фабрика іске қосылғанда жаңадан 1500-ге жуық жұмыс орны ашылмақ. 2026 жылы жылына 4 млн тонна кен өңдеуге қуаты жетеді. «Баласауысқандық» кен орнын игеру жобасы 100% шетелдік инвестордың қатысуымен іске асырылуда («Ферролоус ресорсиз» ЛТД). 2016 жылдан бастап тәжірибелік-өндірістік кешен жұмыс істейді. Кеніштен 2023 жылдың 12 айында 400,8 тонна аммоний метаванадаты және 58,4 тонна ферромолибден Ұлыбритания мен Ресейге экспортталды. Өңір үшін жаңа жылу электр орталығының құрылысын салу жобасы аса маңызды рөл атқарады. Түркиялық «Aksa Energy Uretim AS» АҚ филиалы болжамды құны 215 млрд теңге жылу электр орталығының құрылысын 2025 жылға қарай аяқтайды. Оның бу-газ қондырғысы 240 МВт электр қуатын және сағатына 277 жылу қуатын өндірмек. Бірегей орталық іске қосылғанда облыс электр энергиясымен толықтай қамтамасыз етіліп, өндірілген энергияның бір бөлігін аймақтан тыс жерге сатуға мүмкіндік алады. Жыл қорытындысымен шағын және орта бизнестің жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 2022 жылмен салыстырғанда 3%-ға артып, 21,5% жетті. 2023 жылы өнеркәсіп өндірісіндегі өсім 3,6%-ды құрады. Облыста 2023 жылы қаңтар-желтоқсан айларында өңдеу өнеркәсібі 33,5%-ға, ауыл шаруашылығы 3,7%-ға, құрылыс жұмыстарының көлемі 40,4%-ға, тұрғын үй көлемі 8,4%-ға, сауда көлемі 4,7%-ға, көлік және қоймалау көлемі 7,8%-ға, негізгі капиталға тартылған инвестиция 14,2%-ға артты. Оның ішінде жеке инвестициялар 11,4%-ға өсті. Қызылорда облысы республика өңірлері арасында алғашқы үштіктен көрінді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. Қызылорда облысы үшін аграрлық сала маңызды шаруашылық бағыт болып табылады. Облыс тұрғындарының 60%-дан астамы ауылдық елді мекендерде тұрады. Сондықтан ауыл тұрғындарының негізгі күнкөріс көзі – егіншілік, мал шаруашылығы. Облыс ауыл шаруашылығын, оның ішінде егін шаруашылығын одан әрі дамытуда 1966 жылы КСРО көлемінде жерді мелиорациялау туралы ауқымды жұмыстың қолға алынуы үлкен септігін тигізді. Мемлекет облыстың суландыру ісіне 1966–70 жылдары 379 млн сом бөлді. Соның нәтижесінде осы жылдарда 46,1 мың га жер инженерлік жүйеге келтіріліп, 2,2 мың га жер қайта өңделді. 1970 жылдары жерді мелиорациялау жұмысы одан әрі кеңейді. «Главриссовхозстрой» жүйесі бойынша 42,4 мың га жаңа суармалы жерлер пайдалануға берілді, қолда бар суармалы жерлердің 9,5 мың га-сын қайта жаңғыртты. Облыста бірыңғай күріш үстемдігіне көшу кезеңінде мал шаруашылығы, көкөніс, жеміс шет қалды. Күріштен басқа тағам түрлері түгелдей дерлік сырттан тасылды. 1985 жылы облыста 227,4 мың га егістіктің 131,9 мың га-сы жемшөп өсімдіктері болды. 2002 жылы облыс бойынша 139,89 мың га жерге, 2005 жылы жалпы 149,4 мың га жерге ауыл шаруашылық дақылдары егілді. Яғни үш жылда егіс аумағы 10 мың гектарға ұлғайды. Облыстың ауыл шаруашылығы құрылымында өсімдік шаруашылығы басым (57%) болды. 2018–22 жылда-

ры облыстың ЖӨӨ құрылымындағы ауыл шаруашылығының үлесі 3,9-дан 6,7%-ға өсті. Бұл ретте 2022 жылы ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемі 187 млрд теңгені құрады. Суармалы жерлер өңірдің негізгі байлығына жатады. 2023 жылы облыста барлығы 265,3 мың га суармалы жер болса, соның 193,4 мың га-сына егін егілді. Сыр өңірі, сонымен қатар ежелден ақ күрішімен де танымал. Қызылорда облысы республикада күріштің негізгі өндірушісіне жатады. Облыста 1970 жылы облыстағы күріш егістігінің жалпы аумағы 62,3 мың га-ға, 1975 жылы егіс аумағы 96,7 мың га-ға жетті. Күріш өндіру 1,5 есе, әр га түсімі 4,3 центнерге артып, мемлекетке бес жылда 1,5 млн тонна астық сатылып, жоспар 131,7%-ға орындалды. 1985 жылы күріш егісі 100,4 мың га-ға жеткізілді, әрбір га өнімділігі 47,2 центнер, жиналған астық 473,7 мың тоннаға жетті. 2005 жылы күріштің 1 га шығымдылығы 34,1 центнер болды. Бүгінде күріштің егіс алаңы 89,0 мың га құрайды. Жоғары өнімді сұрыптарды пайдалану есебінен соңғы бес жылда күріш жармасын өндіру 39%-ға, күріштің жалпы түсімі екі есеге артты. Облыстың ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері 2023 жылы 503 мың тоннадан астам өнімді қамбаға құйып, күріштің әр гектарынан 56,5 центнерден өнім алуды қамтамасыз етті. Сыр өңірі еңбеккерлері арасынан 1949–1984 жылдары 60 күрішші, 1957–1981 жылдары 7 жүргізуші, механизатор, техникалық жұмысшы Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Күріш өсіруде жоғары репродукциялы тұқымдарды 100 пайызға пайдалануға қол жеткізілді, бұл күріш өндірісінің артуына әсер етті. Жыл сайын өндірілген күріш республика халқының қажеттілігін 100%-ға қамтамасыз етеді. Өндірілген күріштің экспорттық әлеуеті артып, бүгінде дүние жүзінің 13 еліне экспортталуда. Сыр маржаны таяу шет елдерде ғана емес, АҚШ, Моңғолия, Түркия, Иракта да сұранысқа ие. Ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының жалпы көлемі де артып келеді. Бұл көрсеткіш соңғы 5 жылда 2,0 есеге өсті. Экспортталатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің тізбесі 23 елге дейін ұлғайса, экспортталатын өнім түрлерінің тізбесі 2004 жылғы 4-тен 19 түрге кеңейтілді. Сонымен қатар бақша өнімдері мен дәстүрлі ұлттық сусындар қымыз бен шұбат облыстың танымал брендіне айналды. 2022 жыл, 2023 жылдың 12 айында құны 92,6 млн АҚШ долларын құрайтын ауыл шаруашылығы өнімдері экспортталды. Экспортталған өнімнің 91,7%-ы өңделген өнім.







Егісті әртараптандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп, мал азықтық және майлы дақылдармен қатар картоп, көкөніс, бақша дақылдарының егіс көлемдерін ұлғайту шаралары жалғасын табуда. Атап айтқанда, Сырдария өзеніндегі орын алған су тапшылығына байланысты, соңғы 5 жылда облыста жалпы егіс көлемі 12,9 мың гектарға, оның ішінде әртараптандыру бағытындағы дақылдардан мал азықтық дақылдар 10,2 мың гектарға, картоп 191 гектарға, көкөніс 908 гектарға, бақша 1,3 мың гектарға артты. 2022 жылдан бастап жергілікті тұрғындарды өзін-өзі әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету жұмыстары қолға алынды. 2022 жылы Қызылорда қаласы мен барлық аудандарда 1 433 гектар қосымша жер дайындалып берілген болса, бұл жұмыстар 2023 жылы да жалғасын тауып, 5 542 отбасыға 3 282 гектар егістік жер берілді. Оның ішінде 1014,2 гектарға картоп, 883, 3 гектарға көкөніс, 1358 гектарға бақша дақылдары егілді. Егістік жерді ұлғайтуға су тапшылығы кедергі болуына байланысты жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы су үнемдеу тәсілдеріне көшу жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Тамшылатып суару арқылы 2021 жылы 251 гектарға, 2023 жылы 872,5 гектарға егіс егілген болса, 2030 жылға дейін оның көлемін 17,2 мың гектарға дейін ұлғайту межеленуде. Өңірдің агроөнеркәсіптік кешені (АӨК) экономиканың неғұрлым тартымды саласына айналуда. 2019–2023 жылдары ауыл шаруашылығының негізгі капиталына салынған инвестициялар 1,8 есеге өсті. Сондай-ақ тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға да салынған инвестиция 1,7 есеге артты. АӨК саласындағы 2023–2026 жылдары іске асырылатын инвестициялық жобалардың (құны 48,3 млрд теңгені құрайтын 26 жоба) жол картасы бекітілген. 2023 жылдың үлесіндегі 11 жобаның (5 күріш өңдеу зауыты, қарқынды алма бағын егу жобасы, балық ұнын өндіретін зауыт, асыл тұқымды мал шаруашылығын құру жобасы, 2 көкөніс сақтау қоймасының құрылысы, құс фабрикасының құрылысы) барлығы жүзеге асырылды. АӨК-ін цифрландыру мақсатында «Ақмая» ШҚ-нда «Акмая Smart Farm» цифрлық платформасы «нақты егіншілік» элементтерін енгізу және «Мағжан и К» ЖШС-нде Қазақстандағы алғашқы цифрлық күріш өңдеу зауыты жобалары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерінің электрондық саудасын жүйелендіру әрі экспорттық әлеуетін арттыру мақсатында «Агробиржа» жобасы жүзеге асырылды. ЖӨӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлес салмағы 2,6% құрайды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен және өңдеумен 243 ауыл шаруашылығы кәсіпорны және 33 азықтүлік және қайта өңдеу кәсіпорыны, 2 759 шаруа немесе фермер қожалығы, 75,7 мың үй шаруашылығы айналысады. Облыстағы тамақ өнеркәсібінің 50%-ы күріш өңдеуге байланысты. Бұл саладағы жылдық қуаттылығы 408,5 мың тоннаны құрайтын халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 29 зауыт бар. Облыста өсірілетін күріш шетелде үлкен сұранысқа ие. Аймақтағы «Абзал және Компания» ТС-нің «Элита» күріші Моңғолия, Ауғанстан, Украина және ТМД елдеріне экспортталады. Күріш өңдейтін ірі зауыттардың бірі – Қызылорда қаласында орналасқан «Абай Дәулет» ЖШС өнімінің 60%-ы экспортталады. Индустрияландыру картасын іске асыру барысында Шиелі және Жалағаш аудандарында мия тамырын қайта өңдеу зауыттары пайдалануға берілді. Жалағаш ауданындағы зауыттың жыл сайынғы өндірісі 1000 тонна мия тамыры сығындысы және 100 тонна глициризинатамоноаммоний, Шиелі ауданындағы зауыт өнімділігі жылына 250–300 тонна мия тамыры ұнтағын өндіреді.

ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ. Облыста 1990 жылы 778 мың бас, 2017 жылы 89,2 мың бас құс тіркелсе, 2023 жылы

бұл көрсеткіш 119,3 мың басты құрады. Жұмыртқа өндірісі 2017 жылғы 6714,3 мың данадан 2022 жылғы 7800,0 мың данаға жетті. Осы ретте сапалы құс шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етіп, құс өнімдерінің импортын азайту, ет өнімін өндіру мақсатында бірқатар жобалар іске асырылуда. Шиелі ауданында жылына 3,5 млн дана жұмыртқа өндіретін «Мөлдір и К» ЖШС-нде құс фермасы 2017 жылы іске қосылса, алдағы уақытта оны кеңейтіп, қуаттылығы жылына 7,0 млн дана жұмыртқа өндіретін құс фабрикасына айналдыру көзделуде.

Облыс көлемінде ет бағытындағы құс шаруашылығын дамытудағы ірі жобаны іске асыру мақсатында «Қармақшы



құс» ЖШС-нің қуаттылығы жылына 1500 тонна құс етін өндіретін құс фабрикасы 2023 жылы іске қосылып, 140 тонна өнім өндірген. Жаңақорған ауданындағы «Абдулла» ШҚ қуаттылығы жылына 3,0 мың тонна құс етін өндіретін ет бағытындағы құс фабрикасының жобасын іске асыруда. Құс фабрикасы 2025 жылы пайдалануға беріледі. Жалпы жоспарланған инвестициялық жобалар іске асқан жағдайда өңірдің құс етімен өзін-өзі қамтамасыз етуі 45%-ға, жұмыртқамен қамту 12%-ға дейін жеткізілмек.

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. Бұл сала қазақ халқының ежелден айналысып келе жатқан шаруашылығының бірі. Белгілі аграрлық сала тарихшысы П.Г. Галузо (1897–1980) «1915 жылы Перовск уезінде әр шаңыраққа есептегенде 2,6 бас мал келді, ал егіс 1,67 десятинадан болды. Қазалы уезінде 25,7 мал, 0,51 десятина егістік үлес тиді» деген дерек келтіреді. Жаппай ұжымдастыру басталғанға дейін мал шаруашылығы басым орын алып келді. 1928 жылы облыс аумағында 1,5 млнға жуық ұсақ мал, 180,8 мың ірі мүйізді қара, 115 мыңнан астам жылқы болды. Онан кейінгі ашаршылық зұлматында мал саны күрт төмендеп, 1935 жылы қой мен ешкі 90,0 мың, ірі мүйізді қара 18,2 мың, жылқы 7,4 мың ғана қалды. Өткен ғасырдың 50 жылдары мал шаруашылығы жанданып, жемшөп базасы ұлғайтылды. 1951 жылы мүйізді ірі қара 137,6 мыңға, қой мен ешкі 914,7 мыңға, жылқы 58,1 мың, түйе 17,3 мыңға жетті. 1960 жылдары екінші тың – Қызылқұмды игеру басталды, аудандарда жаңадан мал шаруашылықтары ұйымдастырылды. Беларус, Украинадан және еліміздің басқа облыстарынан 10 мыңнан астам асыл тұқымды ірі қара әкелінді. Қаракөл өндірісінде селекциялық (саралау) жұмыстарының ғылыми негізделген жобасы бекітіліп, елтіріні өңдеу жөніндегі арнаулы шаруашылықтар құру жүзеге асырылды. Облыста 8 сүт кешені, 3 механикаландырылған сиыр қорасы, 10 ірі қара, бірнеше қой бордақылау алаңдары жұмыс істеді. Ерен еңбектері үшін 1948–1971 жылдары облыстың 24 малшысына Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Облыста 1990 жылы 217,3 мың мүйізді ірі қара, 1635 мың қой мен ешкі, 71,7 мың жылқы, 26,5 мың түйе болды. Ауыл шаруашылығы саласын реформалау кезінде төлем қабілетінің жетіспеушілігі – ауылда заттай айырбастың жаппай таралуына әкеліп соқты. Соның нәтижесінде мал басы едәуір азайғанымен жаңа ғасыр басында қабылданған мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік бағдарламаларының жүзеге асуы өзінің оң нәтижелерін берді. 2003–2005 жылдары 12 шаруашылық асыл тұқымды шаруашылықтың қатарына өтіп, олардың жалпы саны 20 шаруашылыққа жеткізілді. Облыс бойынша 2017 жылы 288,6 мың бас мүйізді ірі қара, 589,4 мың бас қой мен ешкі, 111,6 мың бас жылқы және 38,8 мың бас түйе тіркелді. Мал шаруашылығында түйе, жылқы шаруашылығы дамыды. Арал ауданында өңірдегі түйенің жалпы санының 59,4%-ы және жылқы санының 25,9%-ы, Жаңақорған және Шиелі аудандарына облыстың барлық ірі қара басының шамамен 33,5%-ы, Жаңақорған ауданына облыстың қой басының шамамен 31,7%-ы тиесілі болды. Мал шаруашылығы жануарларының негізгі мал басы үй шаруашылықтарында, мысалы, қой басының 72,6%-ы, жылқының 64,5%-ы, ірі қараның 80,4%-ы шоғырланған. Сонымен қатар шошқа өсіру шаруашылығы да бар. Облыстың ауыл шаруашылығы құрылымында мал шаруашылығының қазіргі үлесі – 43%. Жыл сайын асыл тұқымды мал сатып алуға, асылдандыруға, ет-сүт өніміне мемлекет тарапынан 4–5 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінуде. Нәтижесінде мал саны санаттар бойынша 2022 жылы мүйізді ірі қара 382,1 мың бас, қой мен ешкі 731,6 мың бас, жылқы 216,6 мың бас және түйе 58,7 мың басқа (2023 жылдың он екі айының көрсеткіштері сәйкесінше – 409,7; 819,5; 213,4; 61,5) жетті. Облыста жүзеге асырылған «Сыбаға» бағдарламасы шаруаларға шетелден ірі қара мал мен қой малын сатып алуға өз септігін тигізді. Қазір облыста мүйізді ірі қара, жылқы және түйе малының саны 1990 жылғы деңгейден асып түсті, ал қойдың саны жақсы қарқынмен өсу үстінде. Ет өндірісінің көлемі (тірі салмақта) 2017 жылы барлық санат бойынша 89,8 тонна болса, 2022 жылы 100,1 тоннаға жеткізілді. «Жайылымдарды суландыру және инфрақұрылым құрылыстары» жобасы бойынша 2014–2015 жылдары 40 құдық қазылып, 64 ауыл шаруашылығы техникалары, тамшылатып суару технологиясының жабдықтары алынса, 2019–2023 жылдары 589,4 млн теңгеге 265 құдық субсидия алды. Отарлы мал шаруашылығын дамыту бағытында





жасалып жатқан ілкімді жұмыстар легі осындай. Мал шаруашылығы саласында «Дәмді» сауда маркасымен «РЗА» АҚ сүт-тауар фермасы, «Жан Арай–жем» ЖШС құрама жем зауыты, басқа да жаңа өндірістер жүйелі ашылуда. Еттің экспорттық әлеуетін дамыту үшін қуаттылығы 6 мың басқа арналған 2 бордақылау алаңы пайдалануға берілді. Жалпы облыс аумағында шұжық өнімдерін өндіруші 6 кәсіпорын, 5 сүт өңдеу кәсіпорны жұмыс істейді. Өңірдің етпен өзін-өзі қамтамасыз етуін 71%-ға, сүтпен 55%-ға дейін жеткізу жұмыстары қолға алынуда. Жаңақорған ауданында қуаттылығы жылына 7 мың тонна қозы етін өндіретін, 50 мың қой өсіретін комбинаттың құрылысы жүргізілуде. Сондай-ақ Қызылорда қаласында 1 200 басқа арналған сүт-тауарлы фермасын құру мәселесі нақтылануда. Бүгінгі таңда мал (түйе, жылқы, қой) шаруашылығын дамыту, ет өнімдерін өңдеу – Сыр экономикасының перспективті бағыты болып табылады.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. Облыс аумағында балық шаруашылығы жағынан маңызды көлдер мен учаскелерден 207 жергілікті су айдыны, Сырдария өзені бойындағы 8 учаске, Кіші Арал теңізіндегі 18 учаске, Қызылорда облысы шегіндегі Тұщыбас, Чернышов шығанақтары, Ақтөбе облысы шегіндегі Үлкен Арал теңізінің 4 учаскесі, барлығы 239 көл мен учаске орналасқан. Балық шаруашылығын дамыту бағдарламасы негізінде облыс бойынша 17 жоба жүзеге асырылды. Оның ішінде 2 тоған шаруашылығы жобасы іске қосылды және 15 жоба бағдарламадан тыс кәсіпшіліктен тауарлыға ауысты. Балық аулау 2022 жылы 8 890 тонна-ны құраса, 2023 жылдың нәтижесі – 8 300 тонна. Балық өсіру шаруашылығы шығынының бір бөлігін субсидиялауға облыстық бюджеттен 2022 жылы – 8 400,0, 2023 жылы – 9 114,0 мың теңге, ал республикалық бюджеттен 2022 жылы – 140 500,0, 2023 жылы – 17 568,0 мың теңге бөлінді.

Балық ресурстары мен басқа да су жануарларын құтқару және қырылу қаупінің алдын алу шаралары барысында Қызылорда облысы бойынша күріштік алқаптардан 8 млн 256 мың дана балық шабақтары құтқарылды. Қыс мезгілдерінде балық және балық ресурстарын сақтап қалу мақсатында су айдындарында 2059 ойық, 499 майын жасалды. Кіші Арал теңізінің кәсіптік ихтиофаунасының түрлік құрамы жағынан кәсіптік балықтардан – табан, сазан, ақмарқа, күміс мөңке, торта, қызыл қанат, айнакөз, ақ дөңмаңдай, ақ амур, шемей, қылыш, шортан, жайын, көксерке, жылан-балық; кәсіптік емес балықтардан – Арал қаязы, алабұға, түйетабан, шаншар балық, аққайран, бұзаубас, атерина бар. Сонымен қатар Сырдария өзенінің кәсіпшілік ихтиофаунасының түрлік құрамы төмендегідей болды: кәсіптік балықтардан – табан, ақмарқа, торта, кәдімгі шортан, көксерке, қылыш; саны аз кәсіптік балықтардан – ақмөңке, ақ дөңмаңдай, шемей, жайын, жылан-балық, өзен алабұғасы; саны аз кәсіптік емес балықтардан қызылқанат кездеседі.



Соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан балық өңдеу саласында «Қызылорда балық» ӘКК ЖШС балық өнімдерін шығару, «Қазақстан Аквакультура ЛТД», «Арал СДО» және басқа да өндіріс орындары ашылып, Арал балық өңдеу зауытын оңалту жүзеге асырылуда. Облыста құрылған «Балық консорциумы» белсенді жұмыс істейді. Балық өңдеумен айналысатын Арал ауданында – 6, Қазалы ауданында 2 кәсіпорын халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жабдықтармен жабдықталған. Бұл кәсіпорындардың жылдық қуаты 11,7 мың тоннаны құрайды. Балық өнімдері (3394 тонна) 13 мемлекетке экспортталады, 3 кәсіпорында Еурокод бар және ЕО өнімін Еуроодақ елдеріне экспортқа жеткізеді. Балық аулау және экспорттық әлеуеті жоғары балық өңдеу бағытының болашағы зор.

ӨҢІРДЕГІ КӨЛІК САЛАСЫ. Қызылорда облысының көлік-логистикалық әлеуеті жоғары деңгейде жолға қойылған. Облыстың барлық аумағы арқылы Шығыс пен Батыс арасындағы тауар айналымын қамтамасыз ететін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің үштен бір бөлігі (810,5 км) өтеді. Жобаны іске асыру барысында облыста 817 км жол қайта жаңғыртылып, қайта салынды. Осы дәліз арқылы аймақ Қазақстанның оңтүстігімен (Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстары), батыспен (Ақтөбе, БҚО) байланысқан. Жақын келешекте «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысының шекарасына дейінгі аралығы (566 км) 1-санаттағы 4 жолақты жолға ауысады. Сыр өңіріндегі маңызды жобалардың бірі – «Қызылорда – Жезқазған» автожолының облысқа тиесілі 216 километрінің 104 километрі аяқталған. Облыстық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 2 404,0 км. 2023 жылы республикалық және облыстық бюджеттен барлығы 38 млрд 500 млн теңге бөлініп, ұзын-







дығы 671 км жол жөндеуден өтті. Осының арқасында жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 87,5 %-ға жетті. Облыста 212 елді мекенді, қалаларды, ауылдарды облыстық немесе облыстық орталықтармен байланыстыратын 205 автобус бағыты айқындалған. Оның ішінде ауданаралық (қалааралық) 71 маршрут, аудандық (кентішілік) 101 маршрут, қалаішілік және қала маңының 33 маршруты жұмыс істейді. Ташкент қаласына 1 халықаралық және Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе, т.б. қалаларға облысаралық 13 автобус маршруты ұйымдастырылған. Осы маршруттарда барлығы 30-дан астам заңды және жеке тұлғалар әр түрлі сыйымдылықтағы 1169 дана автобуспен (5 халықаралық, 129 облысаралық, 296 ауданаралық, 339 ауданішілік, 400 қала және қала маңы) жолаушы тасымалдау қызметін көрсетеді. Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарындағы 1 автовокзал және 9 автостанса, 1 жолаушыларға қызмет көрсету пункті ауданаралық (қалааралық, облысішілік) маршруттар арқылы халыққа қызмет көрсетеді. 2017 жылдың наурыз айында заман талабына сай автобус паркі қолданысқа берілді. Соңғы үлгідегі қоғамдық көліктер санын арттыру үшін 2023 жылдың 1-жартыжылдығында 150 дана үлкен сыйымдылықтағы автобустар сатып алынды. Заманауи үлгідегі жаңа автовокзал құрылысы (құны 975 млн теңге) аяқталды. Өңірдегі темір жол магистралінің ұзындығы – 1055 км. 1905 жылы салынған темір жол вокзалы облыстың 85 жылдық мерейтойы қарсаңында күрделі жөндеуден өткізілді. Облыс тұрғындары үшін «Қорқыт Ата әуежайы» арқылы аптасына 24 рейс (жылына 1400 рейс, жолаушылар саны 260 мың, жүк тасымалы 150 тонна) жүзеге асырылады. Халықаралық стандартқа сай жаңа әуежай терминалының құрылысы 2024 жылы мамыр айында пайдалануға берілмек. Рейс саны 2025 жылға қарай 3000-ға, тасымалданған жолаушы саны 500 мыңға, жүк тасымалы 300 тоннаға дейін жетеді деп межеленуде.

БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ ЖҮЙЕСІ. Өңір тұрғындары байланысының басым бөлігі телекоммуникация және инфокоммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылады. Интернет желісіне қолжетімділік екі негізгі инфрақұрылымдық – талшықты-оптикалық байланыс желілерінің құрылысы және мобильді кең жолақты инфрақұрылым жобамен қамтамасыз етілуде. Кең жолақты интернетке қолжетімділік 95 %-ды құрайды. Ұялы байланыспен қамтылу дәрежесі де жоғары. Өңірде бірнеше ұялы байланыс операторлары – Kcell, Activ, Beeline, Tele2, «ALTEL» (Dalacom және Pathword) қызмет етеді. Жалпы ТМД елдерінің мобильді байланыс нарығында Қазақстан ұялы байланысының таралу деңгейі бойынша төртінші орында тұр. Бүгінгі таңда облыстағы 230 ауылдық елді мекеннің 200-і (87 %) кең жолақты интернетпен қамтылған. Қызылорда өңірін цифрландыру жұмыстары «Цифрландыру, ғылым және инновация арқылы технологиялық серпіліс» ұлттық жобасына негізделген. «Ақылды қалалардың эталондық стандарты» аясында 9 бағыт бойынша жобалар («Білім беру», «Денсаулық сақтау», «Қауіпсіздік», «Көлік және логистика», «Туризм, мәдениет және спорт», «Экология», «Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық», «Қалалық басқару», «Ауыл шаруашылығы») жүзеге асырылуда. Сонымен бірге жастардың озық идеясын қолдайтын «Smart City Kyzylorda Hackathon», «Pecha Kucha Night Kyzylorda» және INNOFEST жобалары жақсы нәтижелер беріп келеді. Аймақ тұрғындары «Smart Qyzylorda» мобильді қосымшасы арқылы 60-тан астам сервисті пайдаланады. 2023 жылғы сәуір айында Қызылорда облысы Қазақстан өңірлері арасында алғашқы әрі жалғыз өзі Microsoft компаниясымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Облыста заманауи инженерлік-компьютерлік технологияларды қолданатын жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және информатика бағыты бойынша жоғары білікті мамандарды даярлау қолға алынуда. Облыстың медиа кеңістігінде қазіргі таңда 104 бұқаралық ақпарат құралы тіркеліп, жұмыс істеп тұр. Оның ішінде электронды – 8, ақпараттық агенттік – 6, баспалық БАҚ – 9. «Қазпошта» АҚ бөлімшесінің филиалы мен 126 бөлімшелері тұрғындарға қызмет көрсетеді. FTTH технологиясы бойынша ID Net қызметі Қызылорда қаласының көппәтерлі үйлерінде және жеке үйлердің барлығында ұсынылады. ID Net абоненттерінің саны 2019 жылмен салыстырғанда 2 есе өсіп, 2022 жылы оның саны 14,3 мың нүктені құрады.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА. Қызылорда облысындағы халық саны 840,7 мың адам (1.11.2023), оның ішінде қалалықтар – 394,5 мың (46,9 %), ауылдықтар – 446,2 мың (53,1 %) адам. Тұрғындар этникалық біртектілікпен сипатталады, яғни облыстағы қазақтардың үлесі – 96 %, халықтың қалған бөлігінің үлесі (4,0 %) орыстарға, татарларға, өзбектерге, түріктерге, корейлерге және басқа этностарға тиесілі. Өңірдің урбанизация деңгейі орташа республикалық деңгейден төмен (республика бойынша орташа – 56,7 %). Облыс халқының шамамен 90 %-ы, елді мекендердің 85 %-ы Сырдария өзенінің бойында орналасқан. Халықтың орташа тығыздығы – 1 км^2-ге 3,3 адам. Аймақтың дамуына облыстың құрылу тарихымен тамырлас әлеуметтік сала бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар мен жобалардың да қосқан үлесі мол. 1946–1950 жылдары 4000-ға жуық соғыс мүгедегі тіркелді. 1950 жылдың басында соғыс мүгедектеріне, соғыста қаза болғандардың отбасына әлеуметтік көмек көрсетілді. Жасы ұлғайғандарға, асыраушысының қаза болуына байланысты және уақытша еңбекке жарамай қалғандарға зейнетақы тағайындалды. Көпбалалы және жалғызбасты аналар жәрдем ала бастады. 1956 жылы көпбалалы аналарды мемлекеттік орден-медальдармен марапаттау жұмыстары қолға алынды. Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылы психоневрологиялық-жүйке аурулары интернаты құрылса, 2001 жылы Қазалы психикалық-жүйке ауруларының интернаты алғашқы ем алушыларды қабылдады. 2003 жылы аймаққа қоныс аударған 200-ге жуық этникалық қазақтар – қандастарды белгіленген лимиттерге сәйкес тұрғын үймен қамту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді. Өңірге 2013 жылдан 2023 жылдың 1 желтоқсанына дейін 429 адам қоныс аударған. Оның ішінде: Өзбекстаннан 368 адам, Қытайдан 22, Ресейден 19, Тәжікстаннан 4, Моңғолиядан 3, Украинадан 3, Түркіменстаннан 2, Қырғызстаннан 2, Белоруссия, Ауғанстан, Грекия, т.б. елдерден 6 адам. Республикалық бюджет қаражаты есебінен 2012 жылы «Талсуат» ауылдық округінде орналасқан үш әлеуметтік нысан, соның ішінде республикада алғаш рет мүгедектерге арналған 150 орындық типтік оңалту орталығы ашылды. 2013 жылдан еліміздің жоғары оқу орындарында білім алатын, халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарынан шыққан студенттерге облыс әкімінің гранты тағайындалып келеді. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде әр аудандар мен Қызылорда қаласында 8 үкіметтік емес ұйымдармен психоневрологиялық ауытқулары бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілуде. Бұл мақсатқа 2023 жылға республикалық бюджеттен барлығы 198 балаға 180,7 млн теңге бөлінді. ҚР-ның 30.6.1992 жылғы «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» №1468-XII Заңы негізінде облыстың экологиялық қолайсыз аудандарында тұратын халықты әлеуметтік қорғау шаралары (зейнетақы, еңбекақы, стипендия төлеуде көтерме коэффициенттер, жыл сайын ақы төленетін қосымша демалыс күндері, бір айлық материалдық көмек, т.б.) қамтамасыз етілген. Облыста түрлі қызмет түрлерін көрсететін мүгедектердің сегіз ұйымы жұмыс істейді, сондай-ақ 5 мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде стационар және жартылай стационар жағдайында мүгедектігі бар балаларға, 1 және 2-топ мүгедектігі бар адамдарға, қарттарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандартының 8 бағыты бойынша арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі. Жұмыспен қамтылған халық саны – 331 327 адам, оның ішінде жалдамалы

қызметкерлер – 219 854, дара кәсіпкерлер – 97 359, жеке практикамен айналысатын адамдар – 769, шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары, акционерлері (қатысушылары), сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері болып табылатын жеке тұлғалар – 281, тәуелсіз жұмыскерлер – 13 064. Белсенді халықтың коэффициенті 68,3 %-ды құрады, аудандар бойынша бұл көрсеткіш 64,7 %-дан (Арал ауданы) 71,1 %-ға дейін (Шиелі ауданы) ауытқиды. ХЕҰ әдіснамасы бойынша анықталатын жұмыссыздар саны 16 600 адам, жұмыссыздық деңгейі – 4,8 % (31.12.2023). Тұрғындардың ақшалай кірістерінің құрылымы, мысалы, 59,5 % – жалдамалы жұмыстан, 18,8 % – халыққа әлеуметтік трансферттер түрінде, 15,7 %-ы – дербес қызметтен, 6,0 %-ы халықтың өзге де ақшалай табыстарынан құралады. Ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі 3,8 %-дан (2014) 2,8 %-ға дейін төмендеген. Ауылдық жерлерде кедейлік деңгейі (3,5 %) облыс бойынша орташа көрсеткішке қарағанда жоғары (3,2 %). 2023 жылдан облыста Еңбек мобильділігі орталығы, Қызылорда қаласы мен аудандарда «Мансап» атауымен филиалдары ашылып, жұмыс жүргізуде. 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін 33 559 жаңа жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ 10 992 адамға жұмысынан айырылуына байланысты жәрдемақы тағайындалса, 9 403 отбасы (49 305 отбасы мүшелеріне) 4 642,3 млн теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және осы отбасылардағы 1 жастан 6 жасты қоса алғанға дейінгі 14 975 балаға 581,5 млн теңге қосымша төлем төленді. Өңірде тұрғын үй құрылысын салу қарқынды жүруде. 2023 жылы облысымызға тұрғын үй салу үшін 25,2 млрд теңге қаржы бөлінді. Қазіргі күні барлығы 4170 пәтерді құрайтын 300 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатса, 2023 жылы соның 2500-дейі тұрғындарға табысталады. Қызылорда қаласында үйі апатты деп танылған 60 пәтерлі жаңа арендалық, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға 50 пәтерлі көпқабатты тұрғын үй тарту етілді. Сонымен қатар апатты тұрғын үйдің тұрғындарына облыстық бюджеттен 34 пәтерлі 1 тұрғын үй сатып алынып, пайдалануға берілді. Арнайы қабылданған «Сыр жастары» бағдарламасы бойынша алғаш рет 130-дан астам жас отбасыға жеңілдетілген ипотекалық несие беру үшін жергілікті бюджеттен 1,2 млрд теңге, «Отбасы» банкі арқылы 500 млн теңге, барлығы 1,7 млрд теңге қаражат бөлінді. 2023 жылдың қыркүйегінде Қызылорда қаласында «Отбасы» орталығы және «Анаға тағзым» орталығының тұсауы кесілді. 2024 жылы Қызылорда қаласында Сырдария өзенінің сол жағалауында 4-санатты жылына 5000–10000 донация қан орталығы, 100 келушіге арналған емханасы мен бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана іске қосылмақ. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 27 нысан құрылысы жүруде. Қазір облыс халқының 98,4 %-ы орталықтандырылған ауыз сумен, 75 %-ы газбен қамтылған.

ҚАРЖЫ САЛЫМЫ. Қай өңірдің де әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуі, үлкен жобаларды жүзеге асыруы, ең алдымен, қаржыға келіп тіреледі. Өңірдің қаржы саласының өзіндік тарихы бар. Еліміздің астанасы 1925 жылы Орынбор қаласынан Қызылордаға ауысқаны белгілі. Алғашқы кезеңде облыстың қаржы бөлімінің меңгерушілері болып М.Стебут, С.Ахмеджанов, Г.Колесников, К.Жаманқұлов, т.б. қызмет атқарды. 1970–1997 жылдары ҚР-ның еңбек сіңірген экономисі, саланың белгілі маманы К.Шөкенов жетекшілік етті. Қ.Әжібеков басқарған жылдары (1997–2007) облыстың қаржы саласы

сындарлы кезеңдерден сүрінбей өтіп, шыңдалды. Сол уақытта (1996) облыс әкімі Б.Сапарбаевтың бастамасымен Қызылорда арнайы экономикалық аймағы құрылды. Осының арқасында жиналған салықтың барлығы қалада қалып, оның дефицитті бюджеті профицитке айналды. 1999 жылы 11,9 млрд теңге, 2004 жылы 89,5 млрд теңге салық жиналды. Облыста 1999 жылы экономикаға тартылған инвестиция көлемі 10,1 млрд теңгені, 2004 жылы 37,8 млрд теңгені құрады. Шикі мұнай өндіру көлемі 2004 жылы 10,66 млн тоннаға жетсе, 1997 жылмен салыстырғанда 4,2 есеге, осы кезеңде ілеспе газ өндіру көлемі 12,7 есеге артты. Бюджет кірістерінің өсуі облыс экономикасының дамуына едәуір ықпал жасады. Қазіргі уақытта бюджеттің 4-деңгейі қалыптастырылған. Аудандық бюджет пен аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттері арасында бюджетаралық қатынастар құрылған. Халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын одан әрі арттыру бірінші кезектегі бағытқа айналды. Облысқа республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер мен кредиттерді қоса есептегенде, 2023 жылға арналған облыс бюджетінің көлемі 609 млрд теңгеге (2022 жылы – 387 млрд теңге) жетті. 2023 жылғы 1 желтоқсанға дейін бұл соманың игерілгені 516,0 млрд теңге. Бұл былтырғы бюджетпен салыстырғанда 57%-ға артық. Үкімет деңгейіндегі жан-жақты қолдаудың және облыс әкімінің табандылығы нәтижесінде Сыр елінде тың жобалар жүзеге асып, ауқымды инвестициялар тартылуда. Облыс бюджетінің өз кірістері 99,0 млрд, субвенция 400,5 млрд және республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер мен кредиттер 94,4 млрд теңгені құрады. Облыстың даму бюджеті 2021 жылы 47 млрд теңге, 2022 жылы 50 млрд теңге болса, 2023 жылы 127 млрд теңгені құрап отыр. Бөлінген қаржының көп бөлігі әдеттегідей әлеуметтік саланы қолдауға бағытталды. Әлеуметтік саланың үлесі 367,6 млрд теңгені, яғни жалпы бюджет көлемінің 60,4%-ын құрап отыр. Оның ішінде білім беру саласы 276,4 млрд, денсаулық сақтау – 21,1 млрд, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру – 40,4 млрд, мәдениет және спорт – 29,7 млрд теңге. Өңірде әлеуметтік салаға серпін беретін мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табуда. Мәселен, 2023 жылы 33 559 жаңа жұмыс орны ашылып, 3 422 адамға 4,1 млрд теңге көлемінде жаңа бизнес-идеяны іске асыруға арналған қайтарымсыз мемлекеттік грант тағайындалды. Осы кезеңге дейін 32 103 жаңа жұмыс орны құрылды, оның ішінде 14 852-і тұрақты. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 2021 жылы 309 млрд теңге, 2022 жылы 413 млрд теңгені құраса, 2023 жылдың нәтижесі – 486,5 млрд теңге. Өңірге инвестиция салуда тартымды болып саналатын бірнеше себептердің қатарында тиімді орналасу және дамыған инфрақұрылым, минералды-шикізат базасы, мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігі мен кең спектрі, АӨК дамуының жоғары әлеуеті, туризмді дамыту перспективалары, еңбек ресурстарының қолжетімділігі, т.б. ерекше атап өтуге болады.

СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР. Бүгінде облыс бойынша өңдеу өнеркәсібі саласында 40-қа жуық экспорттаушы кәсіпорындар жұмыс жасайды. Облыс экспортының тауарлық құрылымындағы негізгі үлесін уран тотығы, шала тотығы, күріш, ас тұзы, цемент, балық өнімдері және аммоний метаванадаты өнімдері құрайды. Облыстың экспорттық географиясы 20-дан астам елді қамтиды, олардың ішінде негізгі сауда-экономикалық серіктестер – Ресей, Қытай, Өзбекстан, Украина, Түрікменстан, Тәжікстан мемлекеттері. Облыстағы шикізаттық емес экспорт көлемі – 338,6 млн АҚШ долларын құрады (31.12.2023). Өңірде 2018 жылдан бастап қызмет жасап



тұрған «Гежуба Шиелі Цемент Компаниясы» ЖШС зауытының қуаттылығы жылына – 1 млн тонна цемент. Шикізаттың негізгі көзі – әктас, ол жергілікті кен орнында өндіріледі, бұл өндіріс үшін шикізатпен үздіксіз қамтамасыз етуге көмектеседі. Әктас барлық қауіпсіздік және экологиялық ережелерге сәйкес өндіріледі. Қазақстанның Моңғолиядағы елшілігінің қолдауымен Қызылорда облысының делегациясы Моңғолияға жұмыс сапарымен барып, жүн мен тері өндірісі саласында Моңғолияның жоғары тәжірибесімен алмасу, қолда бар шикізатты өңдеу мақсатында бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндігін пысықтап қайтты. Күріш өсіру және азық-түлік өндіру бойынша Оңтүстік Кореяның басты ауыл шаруашылық аймағы – Чоллабукдо провинциясында егін шаруашылығындағы озық тәжірибелерімен алмасу, «ақылды ферма», заманауи жылыжайлар және ауылшаруашылық өнімдерін терең өңдеу бағыттарында бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері де қарастырылып жатыр. Қытайлық «China Glass Holdings LTD» компаниясымен шыны зауыты айналасында шағын және орта кәсіпкерлік белдеуін құру мақсатында қытайлық тараппен бірлесіп, қуаттылығы жылына 5 млн $м^2$ энергия үнемдейтін шыны өндірісін жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен бірге өңірдегі шыны зауытының негізгі өндірістік компоненттерінің бірі – кальцийленген сода бойынша зауыт құру мәселесі қолға алынды. Шыны зауытының кальцийленген содаға сұранысы 36 мың тонна, демек аталған өндірісті Сыр өңірінде құрудың экономикалық тиімділігі жоғары. Пайдалы қазбалар – ванадий, темір, мыс, титанның барланған қорларының болуы және игерілуі, еңбек өнімділігін және өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында өндірісті жаңғырту және металлургиялық кластер құру, әлі де көптеген бай, игерілмеген металл кен орындарының болуы, ауыл шаруашылығы өнімдері көлемінің ұлғаюы – облыстың сыртқы экономикалық байланыстарын қарқынды дамытудың қолайлы мүмкіндіктері.



ТУРИЗМ. Сыр өңірі – көне дәуірлердің көзайымы, мәңгі өшпейтін әрі өлмейтін мұралардың асыл көмбесі. Қызылорда облысында 556 тарихи-мәдени мұра объектісі мемлекеттік қорғауға алынған. Оның 31-і республикалық және 256-сы жергілікті маңызы бар объектілер. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында облыс бойынша 12 ескерткіш жалпыұлттық және 60 ескерткіш өңірлік киелі нысандар тізіміне енгізілген. Осы өлкеде қазақ елінің 4 астанасы бой көтерді. Оғыздар тұсындағы Жанкент, Баршынкент, Сауран, Өзгент, Аққорған, Дәшті Қыпшақ мемлекетінің үлкен сауда-саттық және саяси орталығы – Сығанақ қаласы сияқты 40 шақты қаланың орны әлі күнге сақталған. Аралдың кепкен табанынан 2001–2005 жылдары табылған Арал Асар, Кердері және Кердері-2 мавзолейлері, екі көне қала да мамандар мен туристердің қызығушылығын



тудырары анық. Сыр аймағында ел жадынан өше қоймаған тарихи ескерткіш белгілер, әр алуан кесенелер, көне қалалардың орындары баршылық. Сол сияқты «Оқшы ата» (11 ғ.), «Асан ата» (11 ғ.), «Қабыл ата» (19 ғ.), «Ғайып ата» (15 ғ.), «Ес абыз» (16 ғ.) кесенелері, «Жүніс әулие» (14 ғ.), «Бақты ата», «Бөріойнақ», «Күйеу там», «Бес там, «Көккесене», «Қызыл там», «Көтібар батыр», «Бегім ана», «Қорқыт ата», т.б. ескерткіштер еліміздің тарихында белгілі орындар қатарына жатады. Қаратаудағы үңгірлердің де бүккен сырлары аз емес. Бүкіл түркі жұртының данагөйі Қорқыт бабамыздың тағдыры осы киелі топырақпен тамырлас. Сыр өңірі – Әйтеке би, Жалаңтөс Баһадүр, Келменбет, Текей, Есет, Жанқожа, Бұқарбай, Көкен сынды қамал бұзар батырлардың және түркі халықтарының ортақ перзенті Мұстафа Шоқайдың кіндік қаны тамған қасиетті жері. Жоғарыда айтылғанның барлығы Қызылорда облысы аумағында тарихи, мәдени-өнер бағытында, эко-этнотуризмді ұйымдастыруға мол мүмкіндіктер беруде. Бүгінде Қазақстанның туристендіру картасына облыстан 3 туристік нысан – «Қамыстыбас» демалыс аймағы, «Жаңақорған» шипажайы, «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағы енгізілген. Облыс бойынша 11 туристік агенттік тіркелсе, 4131 төсек-орны бар 140 жайластыру орны жұмыс істеуде. Олардың 107-сі қонақ үй, 32-сі хостел, мотель, жалға берілетін тұрғын үй мен пәтерлер болып табылады. Қонақ үйлердің ішінде «Sultan Plaza Hotel» (5 жұлдыз); «Hotel KREZ» (4 жұлдыз); «Қызылорда» қонақ үйі (3 жұлдыз); «Мираж» қонақ үйі (3 жұлдыз); «Каир» қонақ үйі (1 жұлдыз) дәрежелерін иеленген. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автокөлік дәлізінің Қызылорда облысы бөлігінде жол бойы қызметін көрсететін 53 кешеннің 47-сі немесе 88,7%-ы Ұлттық стандартқа сәйкес келеді.

ӘДЕБИЕТ, ӨНЕР ЖӘНЕ ТЕАТР. Сыр өңіріндегі әдеби-көркем ойдың даму тарихы ұлы бабамыз Қорқыт ғұмыр кешкен 8–10 ғасырларға барып тіреледі. Қорқыттан қалған ең құнды мұра «Қорқыт ата кітабы» – түркі халықтарына ортақ әдеби жәдігер, адамзаттың асыл мұрасы ретінде әлемдік деңгейде зерттелген туынды. «Қорқыт ата» кітабы бірнеше жырдан тұрады. Бұл жырлар бір кездері оғыз-қыпшақ жұрты қатар көшіп-қонып жүрген ата қоныс – Сыр бойында туып, ғасырлар бойы жырланып, кейін оғыздармен бірге көшіп, жаңа сюжеттер, жаңа оқиғалар қосылып, толығып, түрленіп отырған. Жырдың баяндалу сипаты – көне жыраулық дәстүрдің көрінісі. Сыр бойында ұлт руханиятының ең бай қазынасы фольклор мұралары да өмірге келген. Профессор Әуелбек Қоңыратбаев Сыр бойында туған фольклорлық үлгілерді ғылыми айналымға қосып, мәдени өміріміздің дамуынан қала және дала аңыздарының үлкен орын алғанын алға тартады. Сыр бойындағы көне қалалар Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Асанас, Жетіасар, Жанкент, т.б. қатысты туған аңыз-әңгімелер қымбат қазына ретінде бүгінге дейін жетіп отыр. Олар бірде өмір шындығына жақын болса, бірде аңыз-ертегі түрінде айтылады. Сыр өлкесіне қатысты Зарина, Аяз би, Гүлдірсін, Жиделі Байсын, Баршынкент, Сығанақ, Алтыасар, Жетіасар, Бабата аңыз-ертегілерінен сол кезеңдегі түрлі оқиғалар елес береді. Қорқыт, Асан Қайғы сюжеттері де дала аңыздары қатарында. Ә.Қоңыратбаевтың анықтауынша, Қорқыт – оғыз елінің ұраны, түркі халықтарының эпикалық дәстүрін дамытушы. Оның есіміне байланысты туған эпостық жырлар мен қобыз күйлері – дала мәдениеті үшін теңдесі жоқ жаңалық. Академик Ә.Марғұлан Қорқыт мұрасына иелік етіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші саңлақтарды төрт топқа бөліп көрсетеді: бірінші топ – Қойлы-

бай, Балақай, Қарамырза, Нышан абыз, т.б. бақсы-жыраулар, екінші топ – Кетбұға, Ер Шегедей, Досжан, Өтеболат, Қанқожа (Уәлиханов), Құрманғазы, Ықылас, т.б. күйшілер, үшінші топ – Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар жырау, Тәтіқара, Құланазар, Майлықожа секілді жыраулар, төртінші топ – Жанақ, Сабырбай, Найманбала, Жұмағұл, Абыл жырау, т.б. Сыр өлкесіндегі музыка өнерінің дамуы да Қорқыт мұрасымен тығыз байланысты. Сыр бойынан Қорқыттың қобызы мен музыкалық сарынын мұра еткен қобызшылар – Дәулет бақсы, Табынбай қобызшы, Соқыр абыз. Бүкіл түркі әлемінің ұлы кітабы – «Қорқыт ата кітабын» тұңғыш рет қазақ тіліне орыс тіліндегі нұсқасы арқылы тәржімалаған Ә.Қоңыратбаев және М.Байділдаев. В.Жирмунский, Х.Зарифов, Ә.Қоңыратбаев секілді ғалымдар «Қорқыт ата кітабындағы» «Бәмсі бейрек» жырын сюжет, оқиға, кейіпкер болмысы тұрғысынан «Алпамыс батыр» жырымен байланыстырады. Орта ғасырларда ұмыр кешкен ұлламалармен тұстас Алтын Орда дәуірінде әлемдік әдебиет жауһарлары Сыр өңірінде дүниеге келді. Сыр бойын мекен етіп, өздерінің өлмес шығармаларын тудырған Йакуб әл-Женди, Шайқы баба Сығанақи, Мұхамед әл-Женди, Хисамеддин әл-Сығанақи, Сирадж Баршынкенти, Гийас ад-Дин әл-Женди, Хусам ад-Дин әл-Баршынғали, Молла Ахмет әл-Женди және ақын Құтбтың «Хұсрау мен Шырын», Хафиз Хорезмидің «Махаббатнаме», Сайф Сараидің «Гүлстан бит турки», Насыраддин Рабғузидің «Қиссасу-л-Әнбия» шығармалары да өлкенің рухани мұра-мирасы. Осы кезеңде Сыр бойында Сауран, Өзгент, Сығанақ, Ордакент, Бестам, Баршынкент, Жент, Жанкент, т.б. қалалар бой көтеріп, үлкен мәдени ошақ болғаны тарихтан мәлім. Сол шаһарларда нәзира дәстүрімен шығыс әдебиеті жаңғырып отырған. 19 ғасыр – қазақ әдебиеті дамуындағы айрықша кезең. Бұл дәуірде эпос айтушылар – жырау, жыршы, термеші және айтыс ақындары мәдени сахнаға шықты. Суырыпсалма ақындық өнері қазақ поэзиясы мен музыкасына тән сипат ретінде қалыптасты. Сыр бойының жыраулық өнері өзге аймақтардан өзінің мақам сазымен ерекшеленіп тұрады. Олар өлең-сөзді өнердің пірі тұтып, басқа қонған бақ, абырой санап, жақсы жыр тудыруды басты мақсат тұтқан. Жыр додасында суырылып алға шыққандарды халық дүр ақын, Сыр сүлейлері деп атаған. Бұл өңірдегі жырау, жыршы, термешілердің қатары мұнымен шектелмейді. Сыр бойында эпикалық және күйшілік өнер қаймағы бұзылмаған күйі сақталып, кең өріс алған. Әсіресе, жыраулық дәстүр атадан балаға мирас болып келеді.

Сыр бойынан шыққан Қазақстан Жазушылар одағының 140-тан астам мүшесі, белгілі ақын-жазушылардың (Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов, Ә.Нұрпейісов, Қ.Мұхамеджанов, М.Қаратаев, Ә.Қоңыратбаев, З.Шүкіров, Д.Досжан, т.б.) есімдері еліміздің зиялы қауымына жақсы таныс. Олардың көпшілігінің еңбектері «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2009 жылы жарық көрген «Сырдария кітапханасы» сериясының 200 томдық көркем әдеби шығармалар антологиясына енген. Әдебиеттану ғылымының түрлі салалары бойынша М.Базарбаев, М.Дүйсенов, О.Нұрмағамбетова, А.Қыраубаева, Б.Кәрібозұлы, М.Жармұхамедов, Ө.Күмісбаев, Ш.Ибраев, Т.Қоңыратбай, Т.Тебегенов, Т.Еңсегенұлы, Ж.Сәдуақасұлы, Ж.Әбілов, Б.Омаров, А.Шәріп, М.Әйтімов, т.б. ғалымдар күрделі зерттеулер жазды. Алғашқы өнер үйірмелері Перовскіде 1911–1912 жылдары ұйымдаса бастады. Олардың күшімен түрлі бағдарламалық кештер өткізіліп тұрды. 1925 жылы республика астанасының Орынбордан Қызылордаға көшіп келуі облыстың мәдени өміріне үлкен өзгеріс ала келді. Тұңғыш кәсіпқой қазақ театры 1926 жылғы 13 қаңтарда шымылдығын ашып, 1929 жылы театр труппасы Алматы қаласына қоныс аударды. 1938 жылы Қызылорда облысының құрылуына байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы ұйымдастыру бюросы құрамында Қызылорда облысы бойынша Өнер істері жөнінде комитет құрылды. Осы жылы 3 мәдениет ошағы, 1 облыстық архив жұмыс істеді. 1938–1941, 1959–1968 жылдары Қызылордада Корей театры жұмыс істеді. Облыстағы кітапханалар тарихы 1955 жылдан басталады. Сол жылы 151 кітапхананың кітап қоры 17684 мың дана болған. Аймақта 1 облыстық, 1 қалалық және 8 аудандық мәдениет үйі, 30 ауылдық клуб, 1959 жылы облыс көлемінде 61 кинотеатр қызмет көрсеткен.

Сыр тарихының құнды деректері сақталған облыстық тарихи-өлкетану музейі 1939 жылы, Қазалы ауданында Ғ.Мұратбаев музейі 1968 жылы ашылды. Аймағымыздағы мәдениет пен өнердің іргелі орталығы – Н.Бекежанов атындағы Қазақ академиялық музыкалық драма театры 1955 жылы Алматы облысында негізі қаланып, 1960 жылы Қызылорда облысына көшірілген. Ұжым шымылдығын Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясымен ашты. Өнер шаңырағына 1970 жылы Сыр сүлейі Н.Бекежановтың есімі берілді. Театрдың іргесін қалаған актерлар Т.Айнақұлов, Ш.Бәкірова, Ж.Бағысова, О.Әбдімомынов, Ш.Әбдібаев, С.Шотықов, Қ.Көпбаева, А.Манасбаев, Ш.Мәрденов және тұңғыш режиссері Ж.Әбілтаев болды. Театр ұжымы алғашқы маусымында М.Әуезов пен Л.Соболевтің «Абай», М.Әуезовтің «Қаракөз», «Қарақыпшақ Қобыланды», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», Қ.Мұхамеджановтың «Бөлтірік бөрік астында», «Жат елде», Т.Ахтановтың «Махаббат мұңы», «Әке мен бала», С.Жүнісовтің «Тұтқындар», О.Бодықовтың «Нартай» пьесаларын, сондай-ақ У.Шекспир, Ф.Шиллер, К.Гольдони, Н.Гоголь сынды шетелдік авторлардың шығармаларын сахналады. 2019 жылы Қазақ музыкалық драма театрына академиялық мәртебе берілді. 2023 жылы театрда Ш.Айтматовтың повесі желісінде «Жәмила» драмасы, С.Раевтың «Ақ ләйлек» психологиялық драмасы, О.Нұрмахановтың «Көрұғлы» рухнамасы, Иран-Ғайыптың «Мәңгілік елдің Алтын адамы» тарихи драмасы, А.Елгезектің «Болмаған балалық шақ» драмасы және бірқатар балалар қойылымдарының премьералары өтті. Қазіргі таңда театр сахнасында қазақ және шетел авторларының 60-қа жуық спектакльдері көрерменге ұсынылуда.

1967 жылы Арал аудандық мәдениет үйі жанындағы ұлт аспаптары оркестріне «халықтық» атағы берілді. Сондай-ақ бұл атаққа 1968 жылы Қызылорда қалалық халық творчествосы үйі жанындағы «Сыр сұлуы» ән-би ансамблі ие болды. Ақын Н.Бекежановтың жетекшілігімен халыққа әйгіленген концерттік бюросы (1938) негізінде 1972 жылы құрылған облыстық филармония ұжымы да жақсы жетістіктерге жетіп келеді.

Өнер саласын дамыту, клуб кәсіпорындарының қызметіне халықтың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында облыс бойынша барлығы 171 клуб кәсіпорны мен облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы жұмыс істейді. Қазіргі уақытта облыс аудандары мен қала орталығында барлығы 63 халықтық ұжым, оның ішінде 14 халық театры, 5 ұлт-аспаптар оркестрі, 6 халықтық ән-би ансамблі, 5 халықтық фольклорлық ансамблі, 8 халықтық отбасылық ансамблі, 5 халықтық мәдени-үгіт бригадасы, 1 халықтық киностудия, 1 халықтық фотостудия, 1 халықтық вокалды-аспапты ансам-

блі, 5 халықтық би ансамблі, 1 халықтық балалар қуыршақ театры, 3 халықтық әжелер ансамблі, 1 халықтық ардагерлер ансамблі, 1 халықтық орыс ұлт-аспаптар ансамблі, 6 халықтық әзіл-сықақ театры тұрғындарға мәдени қызмет көрсетуде. Өңірімізде дәстүрлі түрде түркі тілдес елдердің «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» халықаралық фольклорлық өнер фестивалі, Халық Қаһарманы, КСРО Халық әртісі Роза Бағланова атындағы республикалық «Ақмаңдайлым» әншілер конкурсы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Дүйсекеев атындағы «Туған жер» республикалық әншілер конкурсы және әнші-композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Батырхан Шөкенов атындағы республикалық «Отан Ана» эстрадалық әншілер конкурсы – Сыр жұртшылығына үлкен мақтаныш.



Тәуелсіздік жылдары облыс бойынша типтік жобада 35 клуб, 6 музей, 1 кітапхана (Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы), 1 мемлекеттік архив құрылысы салынып, пайдалануға берілді. «Мәдени мұра» өңірлік бағдарламасы жүзеге асырылып, нәтижесінде 34 ескерткіш қайта жаңғыртудан өткізілді. 2013–2023 жылдары 16 тарих және мәдениет ескерткіші қайта жаңғыртудан өткізіліп, 74 монументтік өнердің жаңа құрылысы – 10 ескерткіш, 64 мүсін орнатылды. Жалпыұлттық «100 қасиетті орынның» тізімінде облыстағы 12 ескерткіш бар. 2018 жылы Қорқыт ата мұралары «Қорқыт ата мұрасы: дастан, аңыз және музыка» деген атаумен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілді. 2013–2023 жылдары дәстүрлі өнерді жалғастырушы Сыр бойының 22 жыршы-жырауының орындауында Тұрмағамбет Ізтілеуовтің аудармасындағы Фирдоусидің «Шаһнама» эпопеясының музыкалық антологиясы фольклортанушы ғалым Алмас Алматовтың жетекшілігімен «Шыңғыснама», «Жыр керуені» кітаптары, «Шыңғыснама» музыкалық дастаны және профессор Б.Кәрбозұлының жетекшілігімен «Сыр өңірі фольклорының антологиясы» жобасы жүзеге асырылып, нәтижесінде «Жанқожа батыр», «Қиссалар мен дастандар» кітаптары жарық көрді.

Қызылорда облысының 85 жылдық тарихында өңір мәдениеті де өрлеу кезеңін өткерді. Жыл сайын сала бойынша заманауи үлгіде бой көтерген еңселі ғимараттар қала келбетіне шырай беріп, өркениет өрнегін айшықтай түсуде. 2023 жылы облыс бойынша 5 мәдениет нысанының және көпфункционалды 1000 орындық Өнер орталығының құрылысы жүргізілді. Облыс орталығында сәулетті ғимараттар – «Отбасы орталығы» мен «Анаға тағзым» орталығы 2023 жылы пайдалануға берілді. Қазалы ауданы Каукей ауылындағы 100 орындық клуб, Жаңақорған ауданы Жайылма, Өзгент, Қызылорда қаласы Қарауылтөбе, Талсуат ауылдарында 150 орындық клуб бой көтерді.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың тікелей қолдауымен өңірімізде

классикалық өнерді дамыту мақсатында облыстық филармония жанынан симфония оркестрі құрылды.

2016 жылдан бастап А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі жанында үйірме ретінде жұмыс жасап келген «Жастар театры» 2023 жылы өз алдына кәсіби ұжым ретінде қайта құрылып, мүмкіндігі шектеулі өнерпаздардың шығармашылығын шыңдауға арналған Инклюзивті театр іске қосылды.

Н.Бекежанов атындағы Қазақ академиялық музыкалық драма театрының Алматы қаласына гастрольдік сапары, республика көлемінде алғаш рет Сыр жас ақындарының Алматыдағы Поэзия күндері және Астана қаласының 25 жылдығына орай Елордада Қызылорда облысының Өнер күндері ұйымдастырылды.

2023 жылы мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Сыр бойы мәдениетін дамытуға сүбелі үлес қосқан 20 өнер және әдебиет өкіліне облыс әкімінің арнайы «Тұран» сыйлығы табысталып, 500 мың теңгеден қаржылай сыйақы тағайындалды. Оған қоса, облыс мәдениет ұйымдарындағы 8 өнер ұжымына 40 домбыра берілді.

Бүгінде облыста 411 мәдениет, өнер және архив мекемесі, оның ішінде 209 кітапхана, 171 мәдениет үйі мен клуб, 14 музей, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы, 2 театр, облыстық филармония, «Анаға тағзым» орталығы, 11 архив мекемесі, қалалық мәдениет және демалыс саябағы халыққа қызмет көрсетеді.

АЙТЫС ӨНЕРІ. Сыр бойындағы айтыс өнері 19–20 ғасырдың басындағы әдеби-мәдени үдерісте жарқылдай көрінді. Жыр бәсекелерінің ішіндегі көрнектісі – Ұлбике Жангелдіқызы мен Күдеріқожа Көшекұлының айтысы. Мұнда айтыстың үш түрінің белгісі бар. Бір қарағанда мұны қыз бен жігіт айтысы деуге болады, дегенмен жұмбақ, сауалы аралас, оның үстіне шумақтары қайымдасып келеді. Бұл айтысты алғаш жариялаған В.В. Радлов болды. Осы кезеңде Әзілкеш Шымырұлы, Оңғар жырау, Бұдабай Ешнияз, Сал, Құлан ақын, Сәрсенбай, Меңдеш, Ырысты, Сейдәлі, Молда Бәйім, Ділдар, т.б. суырыпсалма ақындар ретінде танылды. 20 ғасырдың 1-жартысында Тұрмағамбет пен Нұрғали ақынның, Мұзарап пен Шәймерденнің, Қуаныш пен Гүлжанның, Нартай мен Орынбайдың айтыстары халық арасына кеңінен тарады. Әдебиет



зерттеушілері (Р.Бердібай, Ө.Күмісбаев, С.Дәрібайұлы, т.б.) жазбаша айтысу дәстүрін (жұмбақ айтыс, хат арқылы айтысулар) осы өңір ақындарын ерекшелендіретін даралық сипат ретінде көрсетеді. Шынында да Сыр сүлейлерінің жазбаша айтысқа қатыспағаны кем-де-кем, тіптен жоқ десе де болады. Қаңлы Жүсіп пен Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп пен Керейт Даңмұрын, Қаңлы Жүсіп пен Қаражанның Төлегені, Шәкей сал мен алты ақынның (біреуі Қаңлы Жүсіп), Қаңлы Жүсіп пен Қарасақал Ерімбеттің, Он алты ақынның, Шораяқтың Омары мен Қарасақал Ерімбеттің, Шораяқтың Омары мен Таубайдың Жүсібінің, Шораяқтың Омары мен Нұрмақанның, Тұрмағамбет пен Шәді төренің, Тұрмағамбет пен Сәнбаланың, т.б. айтыстары осының дәлелі. Сондай-ақ бұндай жазба айтыстарға қарсылас екі ақыннан басқа да ақындар қатысып, аралық сөз айтқан немесе бірін-бірі жақтап сөз сайысына араласып отырған. Мысалы, Қаңлы Жүсіп – Нақып Қожа – Кете Жүсіп арасындағы айтысқа бұлардан бөлек алты ақын қатысып, аралық сөз айтқан. Сыр бойы ақындары арасындағы жазбаша айтысу дәстүрі өзіндік ерекшеліктеріне қарай Сыр шайырларының танымдық айтысы, жұмбақ айтысы, мысал айтысы болып үш топқа бөлінеді. Сыр сүлейлері поэзиясына шығыс әдебиетінің әсер-ықпалы зор болды. Ш.Уәлиханов көшпелі қазақ пен арабтың көшпелі тұқымы – бәдәуилер арасындағы ұқсастықты айта келіп: «Поэзияға, әсіресе, суырыпсалмалық өнерге деген бейімділік барлық көшпелі халықтарға тән. Бәдәуилердің ұшқыр қиялды суырыпсалма ақындары еуропалықтарға қашаннан таныс. Арабтың шетсіз шөлдері мен ондағы жұрттың күйкі баспана шатырларын өз көзімен көрген саяхатшылардың бәрі жартылай жалаңаш араб балаларының өздеріне қойылған сұрақтарға төрт тармағы жатық өлеңдермен мүдірмей жауап беретінін тамсана жазып жүр. Бұл – моңғол-түрік ұрпақтарына да тән қасиет. Бұған олардың көшпелі бейқам өмірі себепкер ме, яки үнемі әсем табиғаттың құшағында жүріп, көгілдір ашық аспан мен шет қиыры жоқ құлпырған жасыл даланы сезінудің әсерінен бе, кім білсін, дала көшпелілері ақындық пен сезімталдыққа жан-тәнімен бейім тұрады», – деп жазды. Бұл тұрғыда Ө.Күмісбаевтың «жазбаша айтыс – ерте заманда шығыс поэзиясында, атап айтқанда, араб, парсы, түрік, монғол әдебиеттерінде болған үрдіс. Осы Шығыс елдерінде көне заманнан келе жатқан айтыс дәстүрі қазақ арасына кең тарады. Бұл құбылыс 20 ғасырдың бас кезінен бастап шықты, оның өзіндік өрнектері бар. Жазбаша айтыс ауызша айтыстың қорынан пайда болды, соның заңды жалғасы, бір тарауы сияқты. Жазбаша айтыс сауаттылыққа, отырықшылыққа орай өріс тапты. Сауатты ақындар жұрт алдына шықпай, хат арқылы сөз сайысына түсті» деген пікірі ғылыми жағынан өте құнды. Дәстүр атаулыға тән қасиет – оның заман, қоғам ағымына сай жаңарып отыратындығы. Осы жайды ескере келе, Сыр бойы ақындары арасында кең қанат жайған жазбаша айтысу дәстүрі туралы мынадай қорытынды жасауға болады. Айтыс – ауыз әдебиетінің ең көне (бәдік, жар-жар, өлі мен тірінің айтысы) және заманалар ағымына ілесіп бүгінге дейін жеткен үлгісі. Ал жазбаша айтысу дәстүрі жазу сауаттылығы, хат танумен байланысты айтыс жанрының жаңарған түрі. Яғни жанры бір, түрі – дәстүр жаңашылдығы, жазба әдебиетіміздің ауыз әдебиеті дәстүрін дамыта отырып жаңаруы, жалғастық табуы. Бұл дәстүр қазақ поэзиясында 19 ғасырдың 2-жартысынан бастап қалыптаса бастады, оның ішінде Сыр бойы ақындары арасында ерекше сипатқа ие болды. Сыр бойы ақындары арасында біреумен айтыстым деп айтыс жаза беру дәстүрі де болған. Мысалы, 1918 жылы Сыр елінің әйгілі ақыны Мансұр Бекежанов Гержодтан қашып, Нұратаға (Бұхара) барады.

Сол жылы Ақдәме қызбен айтыстым деп келеді. Айтысқа қыз образын, олардың мінез-құлқын қосуы – елеулі құбылыс. Қаңлы Жүсіп айтыстары арасында назар аударарлық келесі шығарма – «Бір сұлу келіншекке» деп атаған туындысы. Ақынның өзі осылай деп атағанымен, жанры жағынан бұл шығарма айтысқа келеді. Қысқа қайымдасу деп атауға тұрарлық. Соғыс жылдары басқа әдеби жанрлар сияқты айтыс өнері де «жауынгер жанрға» айналды. Елімізде бірнеше рет республикалық ақындар айтысы өтті. Осындай жыр бәсекелерінде Сыр өңірінің айтыскерлері суырылып шықты. Мәселен, Н.Бекежанов 1943 жылы Алматыда өткен ақындар айтысында 1-орынды жеңіп алды. Облыстық ақындар айтысы өте бастап, алғашқы айтыс 1943 жылы, келесісі 1945 жылдың наурыз айында өткізілді. Оған 60-қа тарта ақын қатысып, суырылып алға шыққандары Н.Бекежанов, Ә.Бәйкенов, Т.Үркімбаев, К.Шәукебаева, П.Әлжанова, т.б. болды. Мұнан кейін облыс ақындары жыр додасына 1963 жылдың желтоқсан айында түсті. Айтыстың жүйелі түрде өткізіле бастауы 1970 жылдары қолға алынды. 1979 жылы айтыс өнері қайта жаңғырып, тың игерудің 25 жылдығына арналған облыстық ақындар айтысында Мүтәліп Қыраубаев, Манап Көкенов сынды саңлақ айтыскерлер өнер көрсетіп, айтыстың ақтаңгері атанған Манап Көкеновке «Қазақстанның халық ақыны» құрметті атағы берілді. 1980 жылы Алаштың анасындай болған Сыр елінің тумалары белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Мырзабек Дүйсенов пен ақын Темірше Сарыбаевтар үлкен қайраткерлікпен ұлттың ұстыны болған айтысқа екінші өмір сыйлап, телевизиялық нұсқада алғашқы айтысты Қызылорда қаласында ұйымдастырды. Шайтұрсын Әбдібаевтың идеясымен осы айтысқа арнайы символикалық эмблема жасау ұсынысы бойынша өңіріміздің белгілі суретшісі Серік Пірманов «Қанатты домбыра» эскизін жасады. 1982 жылы Н.Бекежанов атындағы Қазақ драма театрында ұйымдастырылған айтысқа жерлестеріміз М.Көкенов, М.Қыраубаев, Ә.Маханов, Қ.Шыңғысов, Г.Бақтиярова, Б.Тәжімбетов, Д.Сапаров, С.Өтеуов, З.Ибадуллаев, М.Тұрсанов, Е.Қоңқабаев, А.Молжігітов, Н.Раманқұлов, С.Пірманов, Е.Кішкенеев, М.Ақжолов, С.Омаров сынды ақтаңгерлер айтыс өнерінің алғашқы түндігін түріп, айтыстың мәртебесін биіктетті. 1985 жылы Жеңістің 40 жылдығы құрметіне өткізілген төртінші айтыс пен Қазан төңкерісінің 70 жылдығына арналған бесінші айтыста С.Өтеуілов, О.Нұрмаханов, С.Ыдырысов, С.Пірманов, А.Өтебаев, Б.Жаппасбаева, Н.Тастаев, Ұ.Асанова, Ж.Таспанбетов, Б.Тәңірбергенов, т.б. жас буын өкілдері өз шеберліктерін шыңдап келе жатқандығын байқатты. 1990 жылы өткен 6-облыстық ақындар айтысы Қазақстанның 70 жылдығына арналды. Онда жүлделі орындарды М.Тұрсанов, З.Ибадуллаев, С.Ыдырысов иемденді. Жетінші айтыс 1993 жылдың мамыр айында өткізілді. Одан бергі кезеңде облыс көлемінде Бұқарбай батыр, Жанқожа батыр, Ы.Жақаев, Н.Бекежанов, М.Көкенов, Ә.Қоңыратбаев, А.Тоқмағамбетов, Т.Жүргенов мерейтойларында, сондай-ақ экология тақырыбына арналған айтыстар өткізілді. 1994 жылы облыстық телерадиокомпанияның ұйымдастыруымен Абайдың 150 жылдығына арналған айтыс өтті. Онда жас ақындар К.Жүсіпов, Ә.Сыздықов, З.Төлепова жүлделі орындарды жеңіп алды. Жыл сайын ұстаз ақындардың айтысын ұйымдастыру дәстүрге айналды. «Сыр елі – жыр елі» деп ерекшеленетін өңірде ақындар сабақтастығы үзілген емес. Солардың жалғасы Н.Романқұлов, Б.Тәңірбергенов, О.Нұрмаханов, С.Ыдырысов, Н.Тастаев, К.Жүсіпов, Е.Әбдіхалықова, З.Төлепова, Ә.Сыздықов, А.Әбуова, т.б. өңіріміздегі айтыс өнерінің дамуында өзіндік қолтаңбаларымен ерекшеленді.



Айтыстың ақтангері атанған М.Ниязов сөз шеберлерінің арасында өтетін ұлттық өнер сайысында 2012 жылы алғашқы, 2016 жылы екінші мәрте «Алтын домбыраны» алды. 2020 жылы «Тәуелсіздік айбарым» атты ұлттық өнер айтысында 3-мәрте жеңіске жеткен оған «Алтын домбыра» басыбайлы тапсырылды. Осы «Алтын домбыра» Сыр еліне салтанатты түрде әкелініп, облыстық тарихи-өлкетану музейіне құнды жәдігер ретінде қойылды. Қазіргі кезде Сыр өңірінің айтыс өнері жаңа белеске көтерілді. М.Ниязов, Н.Мансұров, М.Байдәулетов, Е.Тастыбай, А.Рахметов, И.Күзенбаев, Е.Әміров, С.Әділбеков, Б.Ержігіт, Б.Орынбасаров, М.Сұлтанхан сынды айтыскер ақындар еліміздегі айтыс өнерінің өркендеуіне қомақты олжа салуда.

2023 жылы ақын, жырау Жүсіп Қадірбергенұлының (Қаңлы Жүсіп) 150 жылдығына арналған «Қара өлеңнің шебері Қаңлы Жүсіп» республикалық ақындар айтысы және ақындыққа бейімі бар балаларды айтыс өнеріне баулу, шыңдау мақсатында өңірімізде тұңғыш рет «Айтыс олимпиадасы» атты облыстық балалар мен жасөспірімдер айтысы өткізілді.

КҮЙШІЛІК ӨНЕР. Сырдың күрең топырағындағы өміршең өнердің бірі – күй. Ғасырлардан дәстүрлі сабақтастығын тапқан күйшілік өнер Сыр бойында тамырын тереңге тартты. Өнерлі өлкеде ғұмыр кешкен Сырдың күйшілері Қорқыт баба, Сасықбай бақсы, Дайрабай қобызшы, Домақ Тәппет, Қоғырат Әлшекей, Шал Мырза, Қазанғап, Бекпенбет, Құрақтың Досжаны, Елеукенің Жалдыбайы, Нартай, т.б. болса, 1960 жылдарға дейін өмір сүрген Ж.Аралбаев, А.Керейұлы, Ә.Байкенов, Ж.Әбдіғали, М.Жаппасбаев, Ә.Дүйсебаев, М.Жүсіп сынды күйшілердің ізін жалғастырушы Н.Жәлімбетов, Т.Қаражанов, Қ.Жаймұратов, Д.Дастанов, Р.Ысқақов, Б.Жүсіпов, А.Тұяқбаев, З.Рахатов, И.Ысқақов, Ә.Әбдіхалықов, Р.Мәзқожаев, т.б. болды. Күйшілер легі Қ.Жармағамбетов, І.Ілиясов, Ж.Жақыпов, М.Сыдықов, О.Баубеков, М.Қалауов, Т.Ысқақов, О.Назаров, Б.Айсынов, Е.Мұстафаев, Т.Тоқжанов, Г.Ысқақова, Ә.Әбсадықов, А.Шағдатов сынды күй өкілдеріне ұласып, қазақ күй өнерінің қалыптасуы мен дамуына лайықты үлес қосты.

ЖЫРШЫЛЫҚ ӨНЕР. Жыр елі атанған қасиетті Сырдың елінде Қорқыт атадан бастау алатын рухани құндылықтар жетерлік. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихын жыр, термемен бейнелеу арқылы жыраулық дәстүрді өркендету, оның рухани-қоғамдық мәнін кейінгі жас ұрпаққа насихаттау және ұғындыру – бүгінгінің басты талабы. Осы киелі өнерді ұрпақтан-ұрпаққа саф алтындай таза күйінде жеткізіп келген бабаларымыз Балқы Базар, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет, Мұзарап, Нартай, Нұртуған, Сәрсенбай, Күндебай, Әбділдә – бұлардың әрқайсысы бір-бір мектеп, дара дәстүр. Ж.Аққұлов, Б.Рүстембекұлы, А.Алматов, Б.Жүсіп, А.Көшеней (марқұм), Е.Жаңабергенова, Ұ.Байбосынова, Қ.Кәрібаев, Б.Саймағанбетов, А.Ноғайбаева, Ш.Бимбетова, А.Рахметов, А.Тәңірбергенов, Ғ.Өмірзақов, С.Бисембаева, Р.Ахметов, М.Сарсенбаева, С.Жақсығұлов, Ә.Ешбаева, М.Дәрібаев,




Б.Төлеубай, З.Баймырза, Ә.Қуаңбаев, Н.Ахтаев, М.Бекпейістер – осындай жырдың көшін жалғаған атақты жыраулarымыз. Өңірімізде жыршылық-жыраулық өнерді насихаттау, дәріптеу мақсатында «Жыр мұра» жобасы жүзеге асырылып, аудандар мен Қызылорда қаласында экспедициялық жұмыстар жүргізіліп, жыр мектептерінде шеберлік дәрістер ұйымдастырылды. Қазіргі таңда Арал, Қармақшы аудандарында Жыраулар үйі, мәдениет үйлері мен клубтарда 14 қобыз, 28 жыр-терме үйірмелері жұмыс жасайды. 2023 жылы облыс орталығынан Жыраулар үйін ашу идеясы қолдау тапты.

СЫР СПОРТЫ

Сыр өңіріндегі дене тәрбиесі мен спорттың жоғары сатыға көтеріліп, ұйымдастырылған түрде етек жаюы 20 ғасырдың 20 жылдарында дүниеге келген жалпыға бірдей үйірмелер мен әскери спорттық клубтардан бастау алды. Сол кезеңде Қызылорда мен Қазалы теміржолшыларының, Арал мен Қармақшы зауыты жұмысшыларының арасында спорт жарыстары өткізіліп тұрған. 1922 жылы Ақмешіт қаласында алғаш рет елімізде ресми веложарыс өткен. Спорттың бұқаралық сипат алуына 1928 жылы республика астанасы Қызылордада Бүкілқазақстандық спартакиада және Қазақстанда алғаш рет қазақша күрес түрінен бірінші лік өткізілді.

Қызылорда локомотив депосының футболшылары Ташкент темір жолының чемпионы атағын жеңіп алды. «Динамо», «Спартак», «Локомотив»,



«Буревестник», «Медик», «Пионер», «Водник», т.б. салалық ерікті спорт қоғамдары құрыла бастады. 1946–1950 жылдары дене шынықтырумен айналысушы жастардың саны екі есе ұлғайды. Еркін күрестің алғашқы қадамы 1955 жылдан бастау алды. Бұл салада 1962 жылы алғашқы велоспорт мектебі, 1963 жылы облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі, алғашқы ауыр атлетика мектебі, 1966 жылы грек-рим күресінің секциясы ашылды. 1968 жылы Қармақшы және Шиелі аудандарынан балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі ашылды. Қызылорданың футбол командасы «Волна» алғаш рет 1968 жылы жасыл алаңға шықты. Облыс спортының дамуына 1969 жылы 10 мың орындық Ғ.Мұратбаев атындағы Орталық стадионның, Жабық жеңіл атлетика манежінің пайдалануға берілуі үлкен ықпал жасады. Қызылорда педагогикалық институтының студенттік «Буревестник» командасы 1974 жылы тұңғыш рет гандболдан Қазақ КСР чемпионатына қатысты. Облыста 1980 жылдары жабық суға жүзу бассейні, «Строитель» кешені, Локомотив стадионы, аудан орталықтарында типтік жобадағы 1,5–2 мың адамдық спорт кешендері мен елді мекендерде стадиондар пайда болды. Сыр спортының биік белестерді бағындыруына велоспортшылар үлкен үлес қосты. 80 жылдардың орта шенінде қызылордалық С.Капустин дүние жүзі жастары арасында топ жарса, М.Сатыбалдиев 1989 жылы велоспорттан Францияда өткен додада қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы атанды. Тәуелсіздік жылдары облыс орталығында дене шынықтыру мен спортты дамытуға баса көңіл бөлінді. 1993 жылы «Динамо» жабық спорт-сауықтыру кешені ашылды. 1995 жылы облыста жастардың спорт мектебі және 9 мыңнан астам оқушыны қамтыған 21 спорт мектептері жұмыс істеді. 1995–98 жылдары спорт саласында өтпелі кезең басталып, 13 спорт мектебінің 9-ы қалды. 1998 жылы Қызылорда қаласынан және Қазалы ауданынан №2 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі мен №17 Қазалы ауданының балалар мен жасөспірімдер мектебінің негізі қаланды. 2001 жылы спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат ашылып, Ғ.Мұратбаев атындағы Орталық стадион қайта жаңғыртудан өткізілді, «Дельфин» стадионы қайта жаңғыртылып, «Еуразия» спорттық-сауықтыру



кешені, жүзу бассейні, боулинг орталығы 40х60 метрлік спорттық залымен қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Оған қоса «Мелиоратор» спорт кешені, Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентіндегі қалалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері жаңаша кейіпке енді.

2004 жылы 30 спортшыға арналған олимпиадалық даярлау орталығы, Қызылорда қаласында арнайы жеңіл атлетика, Сырдария ауданында «Шаған», Жаңақорған ауданының «Түгіскен» шаруашылықтарында, ал 2005–2008 жылдары Шиелі ауданының Көкшоқы елді мекенінде және Қармақшы ауданының III Интернационал ауылында, Сексеуіл кентінен балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, Қызылорда қаласынан 2007 жылы балалар мен жасөспірімдерге арналған футбол мектебі, 2010 жылы жоғары спорт шеберлігі мектебі ашылды. Одан бергі жылдары Қызылорда қаласында қысқы спорт түрлеріне арналған «Мұз айдыны» спорт кешені (2013), боксты дамыту мақсатында «Тарлан» спорт кешені (2016) пайдалануға берілді. Сыр спортына серпін беріп, байрақты додаларда ел намысын қорғаған өрендер арасында жерлестеріміздің есімі жарқырай көрінді. 1991 жылы Сырдың самбошы қызы Ж.Бозова Азия чемпионатының жүлдегері, 1992 жылы әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Талай рет халықаралық жарыстарда жүлде алған Ж.Бозова қазір көптеген жас спортшыларды шығарған облыстағы белді бапкерлердің бірі. Сыр өңірінің мерейін жас самбошылар (Н.Бозова, Ж.Дүйсекенова, М.Кемпірбаева, Г.Махамбетжанова, Ж.Каренеева, Ә.Сұлтанмұратова, Д.Досжанова, Н.Жұмабаева, т.б.) әлемдік додаларда асқақтатты. Қысқа уақытта қанатын кеңге жайып, халықаралық додаларда сыналар спортшылар дайындалған тағы бір сала – дзюдо. Ең әуелі 2001–2002 жылдары Азия чемпионатында Н.Тағаева, С.Син,



А.Молдабекова жүлделі орындарға ие болды. Сыр дзюдошыларының табысын 2005 жылғы Азия чемпионаты мен 2006 жылғы Азия ойындарының 3-орын иеленген Е.Ихсанғалиев және 2006 жылғы жастар арасындағы Азия чемпионатында, 2009 жылғы Азия чемпионатында, 2010 жылғы Әлем кубогінде 3-орын алған Ұ.Рысқұл еселей түсті. 2006 жылғы жастар арасындағы Азия чемпионатының жеңімпазы, 2010 жылғы Әлем кубогінің қола жүлдегері атанған Ж.Жанзунова, Азия мен әлемде олжа салған Ә.Мәденова, Г.Мұстаяпова және Ғ.Өлментаева, т.б. Сыр дзюдосының мерейін өсірген спортшылар болды. Еркін күрестен халықаралық дәрежеде өнер көрсеткен өрендер Сыр өңірінен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шыға бастады. 1995 жылғы ТМД елдері спартакиадасында жерлесіміз М.Мәмбетов 3-орынды иеленді. Еркін күрес шебері Ж.Мұхтарбеков 2002 жылғы жастар арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері, бірнеше мәрте республика чемпионы болды. Одан кейінгі жылдары Д.Ниязбеков ересектер арасындағы әлем чемпионатында 2011 жылы қола, 2019 жылы күміс жүлдегер атанды. А.Шағапұлы, М.Болатбекова, Б.Асанханов, Р.Үсенбекұлы, Ш.Өксікбаев, С.Жүсіпбекова мен Н.Өмірбеков, т.б. 2009–2010



жылдары өткен Азия чемпионатының жүлдегерлері атанды. Қызылордалық грек-рим күресінің палуандары талай дүбірлі додаларда топ жарған. 1998 жылы Түркияда өткен халықаралық жарыста Е.Көкетов күміс медальды еншіледі. Ол 2002 жылы жастар арасында өткен Азия біріншілігінде күміс жүлде, 2005 жылғы әлем чемпионаты мен 2008 жылғы Азия чемпионатында қола жүлде иеленді. Жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында Р.Жүсіпов 2005 жылы күміс жүлде алса, 2007 жылы Ғ.Сералы жеңімпаз атанды. Азия деңгейіндегі додаларда С.Нысанбаев пен Е.Киікбаев сынды өрендеріміз олжа салды. Қытайдың Гуанчжоу қаласында өткен Азия ойындарында (2023) дзюдошылар М.Шамшадин, А.Жұбаназар, Н.Шархан қола медаль алса, нысана көздеуші қызымыз А.Досмағамбетова стенд атудан күміс алқа тақты. Осы Азиадада 2-орын алған каратэші қызымыз М.Жаңбырбай 2023 жылғы 28 қазанда Венгрия астанасы Будапештте өткен әлем чемионатында 50 кг салмақ дәрежесінде алтыннан алқа тақты. 26 жасар Мөлдір Жаңбырбай осы спорт түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ қызы.

Сыр палуандарының қазақша күрестен де бәсі биік. «Қазақстан барысы» турнирінде үш бірдей жерлесіміз (Ұ.Рысқұл – 2011 жыл, Е.Ерғалиев – 2017 жыл, М.Исағабылов – 2022 жыл) чемпион атанды. Сыр спортындағы іргелі сала – бокс тәуелсіздікпен қатар қарыштап дамыды. 1998 жылы облыста тұңғыш рет бокстан халықаралық турнир өткізілді. Алғаш рет қызылордалық Ө.Әбдірахмановтың 1994 жылғы Азия чемпионатының жүлдегері атануы білікті мамандар назарын Сыр боксына аударды. Ол полицейлер арасында өтетін әлем чемпионатының үш дүркін чемпионы (2001, 2007, 2009). Облыс боксының мәртебесін 2002 жылғы жастар арасында Азия чемпионатының қола жүлдегері С.Бисенов, 2004 жылғы жастар арасындағы әлем чемпионатының қола жүлдегері, жастар арасындағы Азия чемпионы Н.Мәсенов, 2006 жылғы жасөспірімдер арасында әлем чемпионатының күміс жүлдегері Б.Уайдаев, 2010 жылғы жастар арасындағы Азия чемпионы Е.Дүйсебаев сынды спортшылар биіктетті. Сырдың балға жұдырықты жігіттерінің қатарында Сыр даңқын асқақтатқан талантты спортшы, 2010 жылғы студенттер арасындағы әлем чемпионатының күміс жүлдегері, 2011 жылғы Азия чемпионатының күміс жүлдегері, халықаралық жарыстардың, республиканың бірнеше дүркін чемпионы Р.Сваевтың орны ерекше. Ресейдің Екатеринбург қаласында 2019 жылы бокстан өткен әлем чемпионатында Т.Құлахмет қола медаль жеңіп алды. Осы чемпионатта 2-орын алған Қазақстан құрамасының капитаны Қ.Қоңқабаев Токиода өткен (2020) жазғы олимпиадада қола, Гуанчжоуда өткен (2023) Азия ойындарында күміс жүлдегер атанды. Сыр спортындағы тағы бір үлкен белесті өңірдің ауыр атлетшілері бағындырды. В.Пактің басшылығымен жаттықтырушылар ұжымы қабілетті жасөспірімдерді іріктеу жұмысымен айналысты. Жұмыла жасаған жұмыс өз нәтижесін беріп, 1996–2008 жылдары ауыр атлетшілер елімізде алдыңғы қатардан көрінді. Сыр зілтеміршілерінен әлемдік додаға 1994 жылы қатысқан алғашқы спортшы А.Мендияров еді. С.Радионов 1995

жылы ТМД елдері спартакиадасының қола жүлдегері атанды. Оның жолын 1998 жылы Орта Азия ойындарының жеңімпазы болған О.Шин жалғастырды. Қызылордалық И.Ильин ең алғаш 2003–2004 жылдардағы Азия чемпионатында үздік шықты. Одан кейінгі жылдары оның талай әлемдік деңгейдегі жарыстардың жеңімпазы атанғаны белгілі. Жеңісті жолды Қ.Рахатов, Р.Русяновский, Ж.Алдабергенов, А.Өтешов, А.Зайчиков, Р.Сыбай, Д.Шәутеев, Ә.Балхаев сынды Сыр атлеттері жалғастырып, әлем және Азия чемпионаттарында топ жарды. Сыр өңірінде қайта түлеген велоспорт Н.Иванов, М.Гурев секілді шабандоздардың есімін елге әйгіледі. Велошабандоз Б.Көпешов 2004 жылы Азия чемпионатында 3-орынға, 2007 жылы жасөспірімдер арасында құрлықтық додада екі жүлдеге ие болды. Азия чемпионатында трек жарысында жеңімпаз атанды. А.Қилыбаев велоспорттан Азияның жастар арасындағы чемпионатының жеңімпазы, Р.Досмайылов күміс медальдың иегері болды. 1997–2003 жылдары ҚР Тұңғыш Президентінің жүлдесі үшін тоғызқұмалақтан жарыстар ұйымдастырылды. Осы додаларда ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Г.Ахметова, А.Жақапбаева, Ә.Дәлиева, ағайынды Елеусіновтер жеңіс биігінен көрінді. Ә.Дәлиева 2009 жылғы Азия чемпионы, 2010 жылы өткен тұңғыш әлем чемпионатының жүлдегері атанып, Сыр спортының жетістігін еселей түсті. Соңғы жылдары әйелдер арасындағы шахмат спорты дамып келеді. Шахматтан облыс тарихында алғашқы ФИДЕ шебері, ересектер арасында ҚР құрама командасына облыстан енген тұңғыш шахматшы Ә.Серікбай – оқушылар арасында (2017), 16 жасқа дейінгі қыздар арасында (2018) және 23 жасқа дейінгі қыздар арасында әлем чемпионы (2022), әйелдер арасында Азия чемпионы (2019), жастар арасында ҚР чемпионы (2020). Шахматтан халықаралық ФИДЕ шебері Н.Нұрғали – 18 жасқа дейінгі қыздар арасында (рапид, блиц) әлем чемпионы (2022), 20 жасқа дейінгі жастар арасында Азия чемпионы (2023), ересектер арасында ҚР чемпионы (2020). Мәнерлеп сырғанаудан ҚР-ның еңбек сіңірген спорт шебері Э.Тұрсынбаева еліміздің абыройын әлемдік аренада сан рет асқақтатты. Ол жасөспірімдердің қысқы олимпиада ойындары (Лиллехамер, 2016) мен қысқы Азия ойындарының (Саппоро, 2017) қола жүлдегері, төрт құрлық чемпионаты (Анахайм, 2019), бүкіләлемдік универсиада (Красноярск, 2019) мен әлем чемпионатының (Сайтама, 2019) күміс жүлдегері, көптеген беделді халықаралық жарыстардың жеңімпазы. Қызылордадағы тарихы бай, дәстүрі берік әйелдер гандболының беделі елімізде мойындалған. Жиырма жылдық үзілістен кейін 1994 жылы Қызылорда пединституты құрамына кіретін «Сейхун» қыздар кәсіптік гандбол командасы құрылды. «Сейхун – КАМ-ҚУ» командасы – ел біріншілігінің 12 дүркін чемпионы. Оның жетекші ойыншылары Қазақстан құрама командасының сапында 2002 жылы гандболдан Азия чемпионатын жеңіп алды, 2002 және 2006 жылдары Азия ойындарында екі рет күміс жүлдегер атанды, сонымен қатар әлем чемпионаттарында және олимпиада ойындарында өнер көрсетті. Алқалы додаларда ел намысын



лайықты қорғаған гандболшылар қатарында О.Егунова, Г.Меңдібаева, Е.Николаева, Ж.Айтенова, А.Батырбекова, Г.Ысқақова, Г.Қарамергенова, Е.Голованова, т.б. бар. 1960 жылдардың аяғында алғаш рет жасыл алаңға шыққан Қызылорданың футбол командасы 1990 жылдан Қайсар атауымен таныла бастады. Кейін «Қайсар-Мұнай» (1996–1997), «Қайсар» (1997–2000), «Қайсар–Hurricane» (2001–2002) деген атауларға ие болып, 2002 жылы қайтадан Қайсар атауына оралды. Команда 1992 жылдан Қазақстан чемпионатының жоғарғы дивизионында (1994, 1995, 2005, 2010 жылдан басқа) өнер көрсетеді. Ондағы ең нәтижелі көрсеткіші – 4-орын (1998, 2008). Футболдан Қазақстан Кубогының 1997–1998 жылғы финалисі және осы кубоктың 2 мәрте (1998–1999, 2019) жеңімпазы, Азия кубогы иегерлерінің жарыстарына 2 рет қатысып, бір мәрте 1/8 финалға жеткен (2000). 2017 жылы кәсіпқой «Қайсар» волейбол клубы құрылды. 2023 жылы облыс әкімінің тікелей қолдауымен аталған спорттан әйелдер командасы ашылып, ел біріншілігінде бақ сынауға мүмкіндік алды. Қызылорда қаласында Ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубы (2018), мүгедектерге арналған спорт клубы (2019), велосипед спорт түрлері бойынша кәсіпқой спорт клубы (2022) құрылды. Ал Жалаңтөс баһадүр атындағы облыстық спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі болып (2019) қайта құрылды. Сонымен қатар 2023 жылы теннис спорт түрлері бойынша балалар-жасөспірімдер спорт мектебі жұмысын бастады. Кейінгі жылдары облысымыз спорт саласы бойынша елімізде алдыңғы қатардан көрініп келеді. Бүгінде өңірде 95 спорт түрі бойынша 328 мыңнан астам адам тұрақты дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданады. Бұл – облыс тұрғындарының 39%-ы (2009



жылы 14,4%). Мемлекеттік спорттық тапсырыс аясында 219 үйірмеде 8355 бала спорттың 17 түрімен айналысады. Ал ұлттық құрама сапында 552 қызылордалық ел намысын абыроймен қорғап келеді. Қазірге дейін олар әлем, Азия чемпионаты мен кубоктарынан 245 медаль алды. Ал ел біріншілігі мен кубоктерінен қоржынға 1258 жүлде түсті. Аймақта халықтың салауатты өмір салтын ұстануына деген сұранысын қамтамасыз ету мақсатында 12 нысанның құрылысы жүргізілуде. Олардың арасынан қазірге дейін Арал ауданындағы «Аманөткел», «Қамыстыбас», Қазалы ауданындағы Пірімов, Түктібаев, Жосалы кентіндегі спорт кешені, Қызылорда қаласына қарасты Махамбетов ауылдық округіндегі, Тасбөгет кентінде, Жаңақорған ауданы М.Нәлібаев, Шиелі спорт кешендері елдің игілігіне айналып үлгерді. Ал Арал ауданы Жақсықылыш, Қармақшы ауданы «Ақай», Сырдария ауданы «Бесарық», Жалағаш аудандарында 5 нысанның құрылысы жалғасуда. Нәтижесінде алдағы уақытта тағы 6 нысан халыққа қызмет көрсетеді. Биыл сол жағалаудан заманауи талаптарға сай стадион құрылысы басталмақ. Сондай-ақ алдағы уақытта жабық бассейні бар көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің және үстел теннисі орталығының құрылысы басталады. Осының барлығы – спорт саласына жасалған қамқорлықтың оң нәтижесі. Алда атқарылатын жұмыстар, бағындырар белестер де аз емес.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ІСІ

Сыр медицинасының негізі ерте дәуірлерден басталады. 1853 жылы Перовск уезінің орталығында ашылған әскери лазаретте бір дәрігер және оның көмекшісі жұмыс істеді. 1858 жылы медициналық лазарет болып қайта құрылып, бүкіл Перовск тұрғындарына көмек көрсете бастаған. 1906 жылы лазарет кеңейтіліп, учаскелік шипахана ашылып, онда 1907 жылдан науқастар емделген. 1906 жылы Перовскіде қалалық қабылдау бөлімі ашылып, психикалық сырқаттарға арналған 49 төсектік земстволық аурухана бой көтеріп, 1910 жылы осы емдеу орны базасында қалалық аурухана ашылған. 1927 жылы Қазақстанда бірінші болып Қызылорда қаласында 220 төсек-орындық өлкелік ұлттық клиникалық аурухана салынып, пайдалануға берілді. Қызылорда темір жол ауруханасы 1904 жылы іске қосылып, Төретам мен Шиелі станцияларының аралығында қызмет көрсеткен осы 16 төсектік ауруханада терапиялық, гинекологиялық және жұқпалы аурулар емделген. 1904 жылы Қазалы уезінде халыққа медициналық қызмет көрсету мақсатында амбулатория ашылып, онда ең әуелі фельдшер және акушер жұмыс істеген. 1905 жылы Орынбор темір жол бөлімінің салынуына байланысты Қазалы уезінде темір жол ауруханасы ашылды. Осы жылы амбулатория 5 орындық болып қайта құрылды. 1917 жылы Қызылорда темір жол ауруханасы 40 төсек-орынға көбейтіліп, 2-дүниежүзілік соғыс кезінде госпитальға айналған. Ондағы төсек саны 1970 жылы 220-ға дейін көбейтілді. Қызылорда облысы құрылған 1938 жылы қалалық аурухана базасынан облыстық аурухана жасақталды. Осы жылы ауруханадағы туберкулез кабинеті диспансер болып қайта ұйымдастырылып, ал өлкелік сүйек туберкулезі ауруханасы 1940 жылы бөлімше ретінде облыстық аурухана құрамына енді. 1947 жылы аурухана жанынан 50



төсектік инфекциялық бөлімше ашылды. 1948 жылы облыстық туберкулез диспансері мен сүйек туберкулезі бөлімшесі біріктіріліп, 100 төсектік облыстық туберкулезге қарсы күресу диспансеріне айналды. 1949 жылы облыстық ауруханаемханасы жанынан онкологиялық кабинет, келесі жылы 25 төсектік облыстық онкология диспансері ашылды. Тұрғындар арасында тері аурулары белең алуына байланысты алғашқыда арнайы бөлімшелер жұмыс істесе, 1948 жылы облыстық тері-венерологиялық диспансері ашылды. 1989 жылы облыс орталығынан 150 төсектік жаңа типтік жобадағы облыстық инфекциялық ауруханақұрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Педиатрия саласында 1925 жылы қалада алғаш рет балалар консультациясы, ал келесі жылы өлкелік ауруханажанынан 10 төсектік балалар бөлімшесі, 1961 жылы облыстық ауруханаңың балалар бөлімшесі базасында 100 төсектік және бір мезгілде 400-ге жуық науқас қабылдайтын балалар консультациясы бар қалалық біріккен аурухана ашылды. Облыстық ауруханада қан құю тәсілі алғаш рет 1938 жылы енгізілді. 1952 жылы аурухана базасында штаттық қан құю бөлімшесі ашылып, 1968 жылы ауруханадан өз алдына қан құю станциясы бөлінді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Сыр медицинасы әлемнің озық технологияларымен жарақтанып, заманауи әдіс-тәсілдерді игеруге ұмтылды. Облыстық ауруханаға 2000 жылы облыстық медициналық орталыққа айналды. ТМД елдеріндегі теңдесі жоқ кешен 1998 жылы салтанатты түрде ашылды. Орталық уақыт талабына орай заманауи жоғары технологиялық Ресей, Швеция, Франция, Жапония, Америка, т.б. елдерінде жасалған құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. 2019 жылдың ақпан айынан бастап орталық атауы көпбейінді облыстық аурухана болып өзгертілді. Облыстық кеңес беру-





диагностикалық орталығы 1992 жылы облыстық ауруханаңың құрылымдық бөлімі ретінде ашылып, 1997 жылы дербес ұйым атанды. Тәуелсіздік жылдарында құны 50 млрд теңгенің 161 нысаны салынған. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдары салаға бөлінген қаржы 850 млн теңгені құраса, 2010 жылы 13 млрд теңгеге ұлғайған. 2009 жылы облыс республикада бірінші болып өз қаржысымен қамтылған санитарлық авиация қызметін пайдалана бастады. Кардиохирургиялық орталық ашылып, өңірде жүрекке ашық оталар жасалуда. Облыстық медицина орталығы базасында 2012 жылы ашылған нейроинсульттік орталықта инсульт алған науқастарға ота жасау мен қалпына келтіру қолға алынды. Ал 2014 жылы аймақ дәрігерлері елімізде төртінші болып бүйрек ауыстыру отасын жасады. 2023 ж. денсаулық сақтау саласына 138,6 млрд теңгеден астам қаржы бағытталды. Қызылордақаласында бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар, 300 орындық көпбейінді аурухана, «Қан орталығы» құрылыстары қарқынды жүргізілуде. «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 15 медициналық нысан пайдалануға берілсе, 12 нысан салынуда. Саланың материалдық-техникалық базасын жаңартуға 5,3 млрд теңге бөлінді. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 3 есеге көп. 2023 жылы жедел жәрдем қызметіне 25 санитарлық көлік алынды. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры 2022–23 жылдары өңірдің денсаулық сақтау саласына 2 млрд теңге қаржы бағыттады. Аталған қор құны 1,1 млрд теңге онкологиялық скрининг жүргізуге арналған жылжымалы медициналық кешенмен қамтамасыз етті. Өңірде тапшы медициналық мамандарды даярлауға 2023 жылы 24 грант бөлінсе, 575 дәрігер, 738 орта буын қызметкерінің білімін жетілдіруге 88 млн теңге қаралды.

Облыс аумағында 279 медициналық мекеме, оның ішінде 25 стационар, 26 емхана, 100 дәрігерлік амбулатория, 25 фельдшерлік-акушерлік бекет, 97 медициналық бекет, 6 жылжымалы медициналық кешен қызмет етеді. Сондай-ақ 3 оңалту орталығы, 1 бейімдеу орталығы және 1 отбасы үлгісіндегі балалар ауылы, 3 арнайы мектеп-интернат, 9 педагогикалық-психологиялық түзету кабинеті, 5 педагогикалық, медициналық, психологиялық кабинет жұмыс істеді. Денсаулық сақтау саласында 3000-ға жуық дәрігер, 10 мыңнан астам орта буынды медицина қызметкері халыққа қызмет көрсетеді.

БІЛІМ БЕРУ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ МЕКЕМЕЛЕР



Сыр өңіріндегі білім беру жүйесінің тамыры тереңде жатыр. Біздің заманымыздан бұрынғы бір мың жылдықтың басында өзара бірігіп күшті мемлекет болған, көне түркі жазуының негізін қалаған сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының рухани және мәдени мұралары қазақ халқына мәңгілікке мирас.

Халқымыздың құрамындағы барлық ру, тайпалардың таңбалары және көне түріктер алфавиті етене туыстас. Түркі тілінде сөйлеген ғұндар 4 ғасырда Арал, Каспий теңіздері мен Дон өзенінің бойын қоныстанды. Жалпы түркі тілдес тайпалар, рулар одағының жазба материалдары 5–6 ғасырлардан белгілі. Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк, т.б. жазба ескерткіштер еліміздің төл мұралары қатарында. Әлемнің көптеген елдерінің ғалымдары жүргізген зерттеулер түркі тілдерінің арасында сатылай байланыс, бір-біріне іліктестік сақталғанын көрсетіп отыр. 5–10 ғасырлар аралығы – Түркі қағанатындағы түркі жазуының дәуірі. Осы кезеңде түркілер өз тарихын өзі жаза бастаған. Қазақ жазба тілі тарихы үшін 11–15 ғасырлар аралығы үлкен маңызды кезең болды. Караханид мемлекеті аумағында қалыптасып, бүкіл Орта Азияға тараған жазба тілде көпжанрлы көркем әдебиет дамиды, күнделікті іс қағаздары жазылды. Руна алфавитіне негізделген көне түркі тілінің бірнеше ғасыр бойы жазу тілі, дипломатиялық қағаз тілі ретіндегі мәртебесі биік болды. Кейін бұл тілдің негізінде шағатай әдеби тілі, т.б. жазба тілдер қалыптасып, бүкіл түркі әлемін қамтыды. Түркі және шағатай тілдерінде жазып, 9–17 ғасырларда ғылым, білім мен тәрбие беру және ағарту ісін дамытқан Әбунасыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари, Қ.А. Ясауи, Әлішер Науаи, Бабыр, М.Х. Дулати, Қадырғали Жалайыри, Әбілғазы Баһадүрхан, т.б. оқымысты, ғұламалардың асыл мұралары бүгінде жалпыадамзаттық құндылық ретінде жоғары бағасын алған. Көне түркі мәдениеті, жазуының тоқтап қалуы арабтардың Орта Азияға ықпалымен тікелей байланысты. 15–16 ғасырларда араб алфавитіне негізделген біртұтас қазақ тіліндегі жазба әдебиет пайда бола бастады. Өңір халқын оқыту мектептер мен медреселерде жүзеге асырылды. Мешіттер халықтың рухани өмірінің орталығына айнала отырып, білімді тарату үлкен рөл ойнады. Аймақта экономикалық және мәдени өмірдің орталығы болып табылатын қалаларда исламның ықпалы күшті болды. Сонымен қатар Сыр елінде көшпенді мәдениет өрістеді. Қазақ хандары ислам дін басшыларымен тығыз қарым-қатынаста болып, мешіттер мен медреселер тұрғызып отырды. Бірақ мемлекет халыққа білім беру ісіне тікелей араласпады. Халықтың тұрмыс ерекшеліктеріне байланысты балаларға білім беру жылжымалы, уақытша және тұрақты мектептерде жүргізілді. Жылжымалы мектептер ауылдарда ұйымдастырылып, олармен бірге көшіп отырды. Бұл жерде балалар жылына 4–5 ай оқиды. Оқудың жалпы ұзақтығы 5–8 жылды құрады. Уақытша мектептерде сабақ жылына 3–4 ай жүрді. Халықтың басына түскен (жұт, шапқыншылық) қиындықтарға байланысты ашылып немесе жұмысын тоқтатты. Тұрақты мектептер мешіттерде орналасып, жыл бойы жұмыс жүргізді. Жылжымалы, уақытша мектептерге қарағанда оларда балалар (8–17 жас аралығындағы) ұзағырақ оқыды. Балаларға, әдетте, медресе бітірген ұстаздар (молда) дәріс берді. Оқушылар, негізінен, араб алфавиті, еркін оқу, арифметика, мұсылман діни пәндерін игерді. Білім беру жүйесінің келесі сатысы мешіттер жанындағы медреселер болды. Оқу мерзімі 20–30 жылға дейін барды. Медреселерде Шығыстың ірі қалаларында білім алған, жоғары білікті ишан, ахундар ұстаздық етті. Шәкірттер араб тілі, діntану, риторика, заңтану, шығыс әдебиеті, физика, астрономия, ботаника, геометрия, алгебра пәндерін оқыды. Ресей патшайымы II Екатеринаның қазақ даласында арнайы училищелер енгізу, оларға дәріс беруге Ресейде білім алған молдаларды тағайындау туралы 1786 жылғы жарлығы ресейлік білім жүйесін енгізудің бастауы болды. Қазақстан аумағын толық өзіне қаратқан Ресей 1867 жылғы 17 шілдеде Түркістан өлкесіне қарайтын Сырдария облысын құрды. Арал өңірінің Қазалы, Перовск уездері осы облыстың құрамына қосылды. Өлке әкімшілігі Ресейге негізделген білім беру жүйесін қалыптастыру, оны жетілдіру, кадрлық, материалдық және әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында көптеген ресми, ұйымдық-әдістемелік, нормативтік құжаттар (1871 ж., 1874–1875 ж., 1891–1895 ж., 1898–1899 ж., 1905–1907 ж.) қабылдады. Осы кезеңде Сыр бойында келесі типтегі дәстүрлі оқу орындарымен қоса ресейлік жүйеге негізделген мектептер ашылып, қызмет етті: 1) дәстүрлі мұсылман мектептері; 2) дәстүрлі мұсылман медреселері; 3) Ресей үкіметі қаражатына тұрғызылған мешіттер; 4) үш жылдық орыс бастауыш мектептер; 5) алты жылдық жоғары бастауыш мектептер; 6) төрт жылдық уездік халықтық мектеп; 7) ер және қыз балаларға арналған гимназиялар; 8) приходтық-шіркеу мектебі; 9) орыс мектептері; 10) төрт жылдық орыс-мұсылман мектептері; 11) төрт жылдық орыс қалалық училищелері; 12) төрт жылдық орыс-мұсылман училищелері; 13) үш жылдық мұғалімдер семинариясы. Ресейлік әкімшілік мектеп, медреселерді тіркеу мен ашуға рұқсат беру қызметін жүргізді. Мектептер мен медреселерде орыс цензурасы мақұлдаған әрі баспадан шыққан кітаптар оқытылды. Мұғалімдер қатарына Ресейде білім алғандар тартылды. Мұсылман қоғамдарының қаражаттарына ашылған мектеп және медреселердің жанынан орыс сыныптарын ашу жұмыстары қолға алынды. Бұл сыныптарға орыс ұлты мұғалімін алу міндеттелді. Мемлекет қаржысына тұрғызылған мешіттер қазақтарды патшаға бағыну тұрғысында тәрбиелеуге тиіс болды. Қазақтарға арналған бастауыш мектептер тек орыс және қазақ тілдерін оқуды, жазуды, арифметика амалдарын үйретті. Уездік мектептерде орыс алфавитін қолдану арқылы қазақ тілін оқыту қарастырылды. Орыстар үшін қазақ тілін оқу міндетті болмады.

Мектептерге мұғалім болып, негізінен, Орынбордағы қазақтарға арналған



мектепті тәмамдаған оқытушылар тағайындалды. Орыс–мұсылман (түзем) мектептерінде дін сабағын жүргізуге имамдарды тарту арқылы мұсылман оқу орындарының ықпалын әлсіретуді ойлады. Оқу күні екіге бөлінді. 1-жартысында орыс мұғалімі орыс тілінде жазуға, оқуға, арифметикаға үйретсе, 2-жартысында ұлты қазақ мұғалім діни пәндерден сабақ берді. Қалалық училищелерде мұсылмандық білім оқытылмады. Сабақ орыс тілінде жүрді. Мұғалімдер жергілікті тілді білмеді. Орыс–мұсылман приходтық училищелерінде қазақ балаларына орыс тілін үйрету арқылы кәсіптік және діни-тұрмыстық білім беру көзделді. Бұл мектептер мемлекет қаражатына ашылды. Оқыту пәндеріне орыс тілі (әңгімелесу, оқу, жазу), арифметика, орыс тарихы, география енді. Қазақ балаларына орыс тілін оқыту орыс транскрипциясын қолдану арқылы жүргізілді. Сыр өңіріндегі ең алғашқы орыс мектебінің негізі 1860 жылы Қазалы қаласында қаланды. Оны офицер А.Алексеев және діндар Н.Евграфов 2 сыныптық орыс мектебі ретінде ашқан. Мектепте 4 пән оқытылған. 1872 жылы бұл мектеп қалалық училищеге, 1878 жылы 2 кластық кәсіптік училищеге, 1912 жылы жаңа ғимаратқа көшіп, 4 кластық орыс–түзем мектебіне айналды. 1938 жылы оған атақты орыс жазушысы А.М. Горькийдің аты және №16 орта мектеп дәрежесі берілді. Перовск қаласында алғашқы орыс мектебі 1860 жылы 14 сәуірде священник Е.А. Маловтың үйінде ұйымдастырылды. Екі сыныптық орыс–мұсылман мектептері Перовскіде (1863 ж.), Қазалыда (1865 ж.), Қармақшыда (1895 ж.), Аламесекте (1898 ж.), Ханағашта (1903 ж.) ашылған. Перовск мен Қазалыда 1878 жылы төрт жылдық қалалық училищелер өз жұмысын бастады. Алғашқы орыс-мұсылман приходтық училищесі 1885 жылы Қазалы уезінің Қаракөл селосында (1886 жылы осы уездің Сарытоғай елді мекеніне, 1894 жылы Қазалы қаласына ауыстырылды), 1886 жылы Перовск уезінің Сарышаған селосында іске қосылды. Тұңғыш қазақ мектебінің тұсауы Перовск қаласында 1903 жылы 6 желтоқсанда кесілді. 1916 жылы қазіргі Қызылорда облысы көлемінде қазақтарға арналған 28 мектеп, олардың көпшілігі үш жылдық бастауыш мектеп, ал 8-і орыс–мұсылман мектебі болды. Қазан төңкерісіне дейін қазақ балаларының басым көпшілігі мұсылман оқу орындарында білім алды. 1889 жылы Перовск және Қазалы уездеріндегі 136 мұсылман мектебінде 2038 бала оқыды. 19 ғасырдың аяғында отарлық езгіге

күннен-күнге өршіген халықтың наразылығы және ұлт зиялыларының ағартушылық қызметі нәтижесінде мұсылман оқу орындарында оқитын балалар саны еселеп өсті. Бұған 1886 жылы Сырдария облысында (691 мұсылман оқу орнында) 9682 бала оқыса, 1895 жылы олардың саны (оқу орны 2490) 21 238-ге өскені дәлел. Патша үкіметі Сыр елінде орыс оқу орындарын көбейткенімен, оларда білім алатын қазақ балаларының саны мардымсыз болды. 1917 жылы небәрі 400 қазақ баласы орыс мектептерінде оқыды. 1917 жылы қарашада Кеңес үкіметі орнасымен, Сыр өңірінде ресейлік білім жүйесіне негізделген оқу-ағарту ісі қарқынды қолға алынды. Жергілікті биліктің бұйрықтары, қаулылары негізінде орыс–мұсылман оқу орындары ұлттық мектептер болып қайта құрылып, балаларды тегін оқыту ұйымдастырылды, жаңа мектептер іске қосылды. Байырғы мектептің бірі – қазіргі Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының іргетасы 1918 жылы 5 қазанда қаланды. Сол жылы өңір орталығында алты айлық мұғалімдер дайындау курсы ашылды. Сыр өңіріндегі мектептер саны: 1918 жылы – 58; 1927 жылы – 149; 1932 жылы – 317; 1937 жылы – 314; 1938 жылы – 289 болды. Бұлардың басым көпшілігі бастауыш мектептер еді. 1927 жылы 140 бастауыш мектеп болса, 1937 жылы – 268, 1938 жылы 230 болды. Орталау (жеті жылдық) мектептер саны: 1919 жылы – 3; 1927 жылы – 6; 1937 жылы – 38; 1938 жылы – 48. Орта мектептер саны 1929 жылы – 1; 1927 жылы – 3; 1937 жылы – 8; 1938 жылы 11-ді құрады. Жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық білім алуға көшу Қызылорда облысында, негізінен, үш жылдың ішінде аяқталды. Сыр бойында алғашқы мектептер ұйымдастыруға белсенді араласқан И.Тоқтыбаев, Е.Букин (сол кезде алғашқылардың бірі болып ғылыми-әдістемелік кітаптар жазған), Ә.Бердәулетов, М.Алшынбаев, М.Широков пен О.Абдулпаттаев, т.б. ағартушылардың есімдері елге белгілі. 20 ғасырдың 40 жылдарынан бастап орта мектепті нығайтуға үлкен көңіл бөлінді. Қызылорда облысындағы мектептердің жалпы саны 1956 жылы 124-тен 1991 жылы 281-ге (оның 52-сі негізгі орта, 30-ы бастауыш мектеп) жетті. Қызылорда облысы көлемінде жаңа жобамен салынған сәулетті, жарық мектеп үйлерінің саны жылдан-жылға артты. Облыста 1954 жылы 40, 1991 жылы 199 орта мектеп қызмет істеді. Аудан орталықтарында 5-тен 20-ға дейін орта мектептер шоғырланды. 1980–1890 жылдары облыста халыққа жаппай орта білім беру саласында біраз тыңғылықты жұмыстар жүргізілді. Соның бірі – 6 жастан бастап бала оқыту. Ауылдық жерлердегі шағын мектептер мәселесін шешу, бастауыш мектепке алдын ала даярлау, жаппай орта білім беруге көшу, мектепаралық оқу шеберханаларын ашу мәселелеріне де ерекше көңіл бөлінді. Тәуелсіз ел атанған соң білім беруді басқару мен қаржыландырудың құқықтық-заңнамалық негізі, әлемдік білім кеңістігіне интеграцияланған қазақстандық білім беру жүйесі қалыптасты. Облыста 2009 жылы 289 жалпы орта білім беретін мектеп (257 қазақ, 5 орыс, 27 аралас мектеп) қызмет істеді. Оның ішінде негізгі орта мектеп саны – 27, бастауыш мектеп 18 болды. Қызылорда қаласындағы №2 орта мектепте 2007–08 оқу жылында үш тілде оқыту жұмысы ұйымдастырылып, 7-сыныпта биология сабағын ағылшын тілінде, тарих пәнін орыс бөлімінде қазақ тілінде оқытуды бастап, қазіргі уақытта ағылшын тілінде екі пәнді оқыту оң нәтижесін беруде. Оқушы саны 25-тен 172-ге дейін өсті. 2009–2010 оқу жылында облыста инновациялық мектептің саны 19-ға жетті. Облыста 2003–2004 оқу жылында 6 жерде ұйымдастырылған 12 жылдық эксперимент алаңы (Қызылорда қаласының №6, 144, 198, Сырдария ауданының №35, 42 және Шиелі ауданы № 46



орта мектептері) 2009–2010 оқу жылында 4–7-сыныптарда жалғасты. Оған барлығы 423 білім алушы (4-сыныпта – 114, 5–7-сыныптарда – 309 білім алушы) қатысқан. Университеттік білім берудің іргетасы Қазақстанда 20 ғасырдың 20–30 жылдары қалана бастады. 1925–1929 жылдары Қызылорда қаласы Қазақстанның астанасы болған кезде Сыр өңірі саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік жағынан ерекше гүлденді. Қалада Орынбордан көшіріліп әкелінген Халық ағарту институты (алғашқы директоры С.Сейфуллин, кейін И.Тоқтыбаев) жұмыс істеді. Халық ағарту институтына (өндірістік-педагогикалық және агропедагогикалық факультеттеріне) физика-техникалық, химия-биологиялық, қоғамдық, тіл мен әдебиет мамандықтары бойынша талапкерлер қабылданып, оларды оқыту іске асырылды. Сондай-ақ институт жанынан дайындық курстары, кешкі факультеттер, оқытушылар біліктілігін арттыруға арналған сырттай және арнаулы курстар ұйымдастырылды. 1929 жылы бұл институт Ташкент қаласына көшірілді. Осы кезеңде еліміздегі ағарту, ғылыми әдебиеттердің басым көпшілігі Қызылорда баспасынан жарық көрді. Осы кезеңде Сыр өңірінде қызмет атқарған І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Мұқанов, С.Шәріпов, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағанбетов, Қ.Әбдікадыров, Ә.Қоңыратбаев, т.б. қазақ зиялылары өлкедегі оқу-ағарту ісінің дамуына елеулі үлес қосты. Елімізде алғашқы ашылған 12 жоғары оқу орнының бірі – корей халқын Қиыр Шығыстан жер аудару туралы КСРО Халық комиссарлары кеңесінің 1937 жылғы 21 тамыздағы қаулысы бойынша Қызылорда қаласына көшірілген Қиыр Шығыс Корей педагогикалық институтының негізінде құрылған Қызылорда педагогикалық институты болды. Көршілес Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе облыстарында жоғары білімді мұғалімдер даярлайтын оқу орындары болмағандықтан, Сыр өңірінде педагогикалық жоғары оқу орнының ашылуы тарихи маңызы зор оқиға еді. 1926–1928 жылдары Қызылордада медицина, кооперативтік, қаржы, транспорттық-механикалық, геоботаникалық және шикізат техникумдары ашылды. 1930 жылдары Сыр өңірінде арнаулы орта оқу орындарынан: Қызылорда және Қазалы педагогикалық

училищелері, сауда, темір жол, агроиндустриялық (кейін ауылшаруашылық), мал дәрігерлік техникумдары мен фельдшер мектебі жұмыс істеді. Жеті жылдық мектепке ұстаз кадрлар даярлау міндетін екі жылдық педагогикалық курстар атқарды. Мелиорация мамандарының тапшылығына байланысты 1947 жылы Қызылорда қаласында гидромелиоративтік техникум ашылды. Кейін ол политехникумға айналды. Қазіргі Қазанғап атындағы Қызылорда музыка колледжі бастауында 1977 жылы ашылған тұңғыш музыкалық училище тұрды. Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының желісі тұрақты өсуде. Аудан орталықтарындағы бұрынғы училищелер қазір жаңадан салынған көп қабатты сәулетті ғимараттарда орналасты. 2009–2010 оқу жылында облыстағы кәсіптік лицейлерде барлығы 6006 оқушы (оның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде – 98,2 %), кәсіптік лицейлерде 32 мамандық бойынша мамандар даярланды. Облыс көлемінде 2009–2010 оқу жылында 5 мемлекеттік және 16 мемлекеттік емес колледж 81 мамандық бойынша орта арнаулы кәсіп иелерін даярлады. Облыс орталығында 2015 жылдан 80 орындық отбасы үлгісіндегі «Атамекен» балалар ауылы жұмыс істеуде. Республикалық «Үздік педагог» конкурсының қорытындысы бойынша 2013 жылдан бастап 2023 жылға дейін облыстың 19 педагогіне «Үздік педагог» атағы берілді. Жергілікті бюджет есебінен 2015 жылдан «Үздік орта білім беретін ұйым» гранттық жобасы жүзеге асырылуда. 2017 жылдан колледждерде 7 арнайы пән мен «Информатика» пәнін ағылшын тілінде оқыту жобасы басталды. 2019–2020 оқу жылынан «Мың бала» ұлттық зияткерлік олимпиадасының жеңімпаздары «Назарбаев зияткерлік мектебі», «Республикалық физика-математика мектебі», «Білім-инновация лицейі», елорда лицейлерінің жетекші педагогтерінен қазақ, орыс және ағылшын тілдері, математика пәндері бойынша тереңдетіп оқыту жұмыстары жүргізілуде. Өңірде талантты және дарынды жастарды қолдау мақсатында 2018 жылы «Сыр дарыны білімділер академиясы» ашылды. Дарынды балалар академияда әр оқу тоқсаны арасындағы демалыс уақытында білімдерін одан әрі шыңдап, пәндер бойынша озат ұстаздардан 2 тілде дайындық жұмыстарына қатысады. 2023 жылы 102 мектеп оқушысы республикалық, халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалардың жеңімпазы атанды. Облыстың пәндік олимпиадалық командасы



жаратылыстану-математика бағытында республикада командалық есепте 2-орынды, қоғамдық-гуманитарлық бағытта 3-орынды иеленді. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен өткен дәстүрлі «Үздік педагог» республикалық конкурсында Сыр өңірінен 5 мұғалім республикада үздік атанды. Жеңімпаздар «Үздік педагог» төсбелгісі мен 3 450 000 теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

170 мектепте инклюзивтік қолдау кабинеттері, 8 мектепте инклюзивтік ресурстық орталықтар жұмыс жасайды. Онда 417 арнайы маман қызмет көрсетеді. 2023 жылы «Үш ауысымды болдырмау мақсатында облыс орталығындағы 4 мектепке (№№3 мектеп – 375 орын, 101 мектеп – 375 орын, 264–550 орын, Абай – 550 орын) 1 850 орынға арналған жаңа қосымша ғимараттар салынды. Сонымен қатар Қызылорда қаласы Бәйтерек мөлтек ауданынан 600 орындық және Шиелі ауданы Байсын ауылынан 250 орындық жаңа 2 мектеп ел игілігіне табысталды. Аймақта дарынды балаларды қолдау саясаты лайықты деңгейде жүзеге асырылуда. Осы бағытта Қызылорда қаласы мен Қармақшы ауданында мамандандырылған мектеп-лицей-интернаттар жұмысын бастаса, сол жағалаудан 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Балалардың қосымша біліммен қамту үлесін арттыру мақсатында Жалағаш ауданында 200 орындық оқушылар үйі мен 50 орындық өнер мектебі пайдалануға берілсе, биыл «ҚазГерМұнай» компаниясының қолдауымен құны 2,3 млрд теңгені құрайтын 350 орындық заманауи Оқушылар сарайының құрылысы басталды.

Үш жылда «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 12 300 орындық 21 мектеп іске қосылады. Облыста 2023–2024 оқу жылында 686 (160 мемлекеттік, 73 шағын орталық, 453 жеке меншік балабақша) мектепке дейінгі ұйымда 60345 бала тәрбиеленуде. 3–6 жасты қамту 100 %, 2–6 жасты 90,2 % құрайды. Жеке балабақшалар үлесі – 73 %. Педагог қызметкерлер саны – 6 094 адам. Сондай-ақ облыстағы 324 орта мектепте (295 мемлекеттік, 29 жеке меншік) 180520 оқушы білім алады. Оның ішінде 17543 бала 1-сыныпқа қабылданған. Педагогтер саны – 23 457 адам. Мамандар даярлау 28 (17 мемлекеттік, 11 жеке) колледжде 94 мамандық, 158 біліктілік бойынша іске асырылады. Оларда 20 213 студент білім алуда, педагогикалық қызметкерлер саны 2162-ге тең. 2023 жылы «Саутс – Ойл» компаниясының демеушілігімен Сырдария өзенінің сол жағалауынан құны 4,8 млрд теңгеге жаңа музыкалық колледждің құрылысы басталды. 2023 жылдан бастап Пилоттық жоба ретінде Қазалы және Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі базаларында жалпы орта мектептердің 10–11-сыныптарындағы оқушылар үшін жұмысшы біліктілігі бойынша эксперименттік білім беру бағдарламалары енгізіліп, енді мектеп бітіруші аттестатпен бірге диплом алып шығатын болады. Сонымен қатар облыстық оқу орталығы (әдістемелік кабинет), «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы, аймақтық дене тәрбиесі методикалық орталығы, аутизмі (аутистикалық спектрдегі бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталығы, олимпиадалық және қосымша білім беру орталықтары қызмет істеуде.

Қазіргі таңда Қызылорда облысында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлар даярлауды үш жоғары оқу орны: 86 жылдық тарихы бар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – 113 (даярлық деңгейлері: бакалавриат – магистратура – докторантура), 1995 жылы ашылған Қызылорда «Болашақ» университеті – 45 (даярлық деңгейлері: бакалавриат – магистратура) және 1998 жылы негізі қаланған Қызылорда ашық университеті – 23 (даярлық деңгейі: бакалавриат) білім беру бағдарламасы бойынша жүзеге асырады. Олардағы білім алушылар контингенті 16 200-ді құраса, профессор-оқытушылар саны 750-ден асады. Еліміздің білім беру ісінің жаңа деңгейге көтерілуі, білім саласындағы жеткен жетістіктеріміз – өркениет қоржынына салған лайықты олжа десек, оған Сыр өңірі білімінің де қосқан үлесі зор.

АЙМАҚТАҒЫ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ. Сыр өңірінде ғылыми ой-пікірдің тууы ежелгі замандардан бастау алады әрі ол сол кездегі Орта Азия, Шығыс мәдениеті және ғылымымен біте қайнасып, қалыптасты. Б.з.б. 8–1 ғасырларда Сыр бойы мен Арал өңірінде сақ тайпалары өмір сүрді. Археологиялық зерттеулер мен жазба деректер сақтардың қоныс аймағында ірі бекіністер мен қалалар, олардың айналасында әскери-инженерлік құрылыстар, сәулет-құрылыс кешендері, Сырдария өзені салаларынан егіс алқаптарына қарай тартылған жармалар мен арықтар, дамыған ирригация жүйесі және шағын су қоймалары мен гидротехника құрылыстарының болғанын дәлелдеп отыр. Олардың әлі күнге сақталған сілемдері Арал–Сырдария өңірінде кезінде архитектура мен агротехника ғылымдарының, инженерлік ой мен инновацияның озық үлгісі қалыптасқандығының жарқын белгісі. Б.з. 1–7 ғасырларын қамтыған кушандар (тохарлар) дәуірінде Орта Азия мен Сыр бойында жүздеген қала салынды. Тарихшылар бұл дәуірді Орта Азияның алтын заманы ретінде бағалауда. Шығыс түркілері – кушандардың өнері, ғылымы мен тілінің Хорезм, Арал жеріндегі тайпалар мәдениетіне төтелей әсер еткеніне ғылыми дәлелдемелер өте көп. Бұл мемлекет құлдырағаннан кейін Тараз, Отырар, Сығанақ, Жанкент, Жент аймақтарына ортағасырлық Хорезм (Тұран) мәдениетінің тигізген әсері ерекше болды. Орта Азия мен Сыр өңірінде 8–11 ғасырларда ислам діні таралып, араб мәдениеті мен тілін дамытуға жергілікті талантты ғалымдар барынша белсене қатысты. Сыр бойындағы Баршынкент, Сауран, Сығанақ, Жанкент, Түркістан, т.б. қалалар өздерінің базарлары, қолөнершілері, ақындары, ғалымдары, суретшілері, бай кітапханалары, оқу орындарымен дүние жүзіне мәлім болды. Орта ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан қалаларынан көптеген ғұламалар, ғалымдар шықты. Ғылым мен мәдениеттің 9–11 ғасырлардағы дамуы туралы айта келіп, орыс шығыстанушысы Н.И. Конрад ғылыми тәжірибеге «Шығыстың дәуірлеуі» деген терминді енгізді. 8 ғасырда басталған Шығыс Ренессансы 10–15 ғасырларда Орта Азияда өрістеді. Осы кезеңде Сыр бойы мен Жетісуда жазу-сызу, ғылым мен мәдениет дами бастады. Өлкеде ғылыми ой-пікір мен көркем-тарихи шығармашылықты Қорқыт, Әбд әл-Ғафур әл-Кердери, Ахмет әл-Испиджаби, Ахмет Иүгінеки, Мұхамед әл-Кердери, Мұхамед әл-Женди, Хұсам ад-дин әл-Баршынлығи, Жамал ад-дин Саид Түркістани, Рабғузи, Сирадж ад-дин Баршынкенти, Мұхамед әл-Хорезми, Хафиз ад-дин Мұхамед әл-Кердери, Молла Ахмет әл-Женди, т.б. көптеген ғұламалар өркендетті. Ресей ғалымдарының зерттеулері де Сыр өңірінің экономикасы мен шаруашылығын, ғылымы мен мәдениетін дамытуға қомақты үлес қосты. Академик В.В. Бартольд 1902 жылы «Ежелгі заманнан 17 ғасырға дейінгі Арал теңізі және Әмудариянның төменгі ағысы туралы мәліметтер» атты ғылыми еңбегін жарияласа, Л.И. Берг (1876–1950) Санкт-Петербургте Арал теңізінің физикалық географиясы жөніндегі жұмысын 1908 жылы қорғап, ғылым докторы атанды. Ресейдің және Батыс Еуропаның бірқатар елдерінің ғалымдары 17 ғасырдың соңы – 18 ғасырдың басынан бастап Қазақстан аумағы мен халқын, оның тарихын, мәдениетін, тұрмысы мен салтын мақсатты зерттей бастады. Осы өлкені алғашқы зерттеушілердің (1696 ж.) бірі орыс картографы Семен Ремезов болды, ол «Сібір халықтары және олардың шекаралары туралы сипаттама» деген еңбек жазып қалдыр-

ды. 18 ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанда И.Д. Бухгольцтың, С.Лихаревтың, И.Унковскийдің және басқа ғалымдардың экспедициялары зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ресей ҒА Қазақстан өлкесін географиялық, геологиялық және этнографиялық тұрғыда зерттеу үшін 1733 жылдан бастап арнайы экспедициялар ұйымдастырып отырды. Жұмысы қырық жылға созылған бұл экспедицияларды С.П. Крашенинников, И.Г. Гмелин, И.И. Лепехин, П.С. Паллас, И.П. Фальк, П.И. Рычков сынды ғалым, саяхатшылар басқарды. «Ерте заманнан бергі Ресей тарихы» және қазақ тарихына қатысты басқа да еңбектерінде Орынбор тұрақты экспедициясының жетекшісі В.Н. Татищев (1686–1750) қазақтардың этнографиясы, тегі, тұрмысы, мәдениеті мен әдет-ғұрпы жөніндегі мәліметтерді ресейдің ғылыми әдебиетінде тұңғыш жариялады. И.И. Георги, И.П. Фальк, И.Г. Андреев, Г.И. Спасский, Н.Я. Бичурин, С.Б. Броневский, В.И. Даль, Е.К. Мейендорф Сыр бойының географиясын, қазақтардың тарихын, материалдық және рухани өмірін өз ғылыми еңбектеріне арқау етті. 1832 жылы қазақтардың тарихы жөнінде «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» деген үш бөлімнен тұратын тұңғыш іргелі еңбек жазған А.И. Левшинді Ш.Ш. Уәлиханов «қазақ халқының Геродоты» деп атады, ал оның монографиясын ғылым үшін қымбат қазына деп бағалады. Белгілі орыс ғалымдары Г.Н. Потанин, П.И. Лерх, Э.А. Эверсман, И.В. Аничков, В.В. Радлов, Н.Н. Пантусов, А.Алекторов, К.А. Молчанов, А.И. Воейков, С.С. Неуструев 19 ғасырдың 2-жартысы мен 20 ғасырдың басында өлкенің тарихын, археологиясын, тіл мен әдебиетін, этнографиясын, географиясы мен табиғатын зерттеу бағытында үлкен жұмыстар атқарды. Сыр бойын зерттеуде өзіндік орны бар этнограф, фольклоршы, профессор Әбубәкір Диваев (1856–1933) Қазақстанды зерттеу материалдары бойынша 100-ден астам мақала жазды. Ол Сыр бойындағы Қорқыт Ата мазарын 1899 жылы суретке түсірді. Ұлтымыздың саңлақ перзенті, көрнекті этнограф, экономист Ә.Бөкейхан (1870–1937) – 1903 жылы жарық көрген «Қырғыз (қазақ) өлкесі» атты көлемді зерттеу еңбектің авторы. Бұл ғылыми еңбек 18 томдық «Ресей энциклопедиясында» жарияланды. Сыр өңірінде 19 ғасырдың ортасы – 20 ғасырдың басында С.Бекшорин, С Лапин, Ж.Таубайұлы, М.Шоқай бастаған ғалымдар шоғыры қалыптаса бастады. Қазан төңкерісі арқылы билікке келген Кеңес үкіметі 1919 жылы Қырғыз (Қазақ) ревкомы штабының жанынан тарихи-статистикалық бөлім құрды. Ол 1920 жылы Ғылыми комиссия (кейін Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының академиялық орталығы болып қайта құрылды) ретінде ревкомының ағарту бөлімінің құрамына енді. Қызылорда автономия астанасы болған жылдары (1925–29) орта оқу және арнаулы оқу орындары, өнеркәсіп және ауылшаруашылық мекемелерімен қоса, қазақтың эпидемиология және гигиена институтының негізінде егу лабораториясы дүниеге келді. Қазақтың жер қыртысын зерттеу, малдәрігерлік-бактериологиялық және басқа да ғылыми зерттеу институттары өз бастауын Қызылордадан алды. 1927 жылы КСРО Геология комитетінің Қазақ КСР үкіметіндегі өкілдігі өз қызметіне кірісті. Ұлттық клиникалық ауруханының Қызылордадағы өлкелік санитарлық-биологиялық институтының ашылуы, 1941–1945 жылдары облыс орталығына Қырым медициналық институтының уақытша қоныс аударуы аймақтағы ғылыми зерттеулерді дамыта түсті. Осы кезеңде Сыр өңірінің туын желбіретуге қоғамдық-саяси қызметіне қоса ғылыми-шығармашылық еңбек жүгін де арқалаған ұлтымыздың біртуар тұлғалары А.Байтұрсынұлы, С.Қожанов, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, Қ.Қожықов, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, М.Дулатұлы, Н.Төреқұлов, Қ.Қоңыратбаев, Ж.Күдеріұлы, С.Аспандияр-ұлы, Т.Шонанұлы, т.б. зиялылар белсене атсалысты. Астана Алматы қаласына көшірілген 1929 жылы Қызылордадағы ғылыми мекемелер де ел орталығына қоныс аударды. Осы кезеңде Аралда ғылыми балық шаруашылығы стансасы құрылып, ол гидрологиялық және ихтиологиялық зерттеулермен (В.Я. Никитинский, А.Л. Бенина, Г.В. Никольский, т.б.) айналыса бастады. 1960 жылдарға дейін Арал теңізі мен оның гидрохимиясына, бассейніне, жалпы геологиялық, геоморфологиялық, палеогеографиялық бедердің қалыптасу тарихына қатысты, Арал ойпаты мен оның айналасындағы құмдардың пайда болуы, бедердің жағалық формалары жөнінде терең мәнді ғылыми еңбектерді Д.П. Малинин, И.П. Герасимов, Б.А. Федорович, О.Юпославская, А.И. Симонов, А.С. Кесь, Л.К. Блинов, А.Л. Яншин, А.В. Шнитников, В.П. Львов қалдырды. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының ұйымдастырушысы С.П. Толстов (1907–1976) Сыр бойындағы ондаған көне қалалар мен елді мекендерге қазба жұмыстарын жүргізіп, олардың қалыптасу тарихы туралы құнды деректерді ғылыми айналымға ендірді. Академик Ә.Марғұланның Сыр бойында 40 көне қаланың орны бар, оның он шақтысы Арал теңізінің астында деген болжамы бүгінде шындыққа айналып отыр. 1930–1960 жылдары Қарақұмдағы Торғай иінінде мұнай-газ іздеу жұмыстары жүргізілді. Кең көлемдегі ғылыми ізденістер нәтижесінде 1984 жылы мұнда мұнай көздері ашылды. Бүгінде бұл кен орны «Құмкөл» атымен белгілі. Оның мұнайы мен газы Сыр өңірінің әлемдегі бай жерлердің қатарында екенінің жарқын дәлелі әрі Қызылорда облысы экономикасының өсіп-өркендеуінің, әлеуметтік саласының дамуының негізгі тіректерінің бірі. Бұрынғы солақай экономикалық саясат нәтижесінде Сыр елінде ірі өндіріс орындары ашылмады. Сол себепті ғылыми-зерттеу жүргізетін институттар да жоқтың қасы. Ғылыми қызметті өркендету жұмыстары, негізінен, жоғарғы оқу орындарының еншісіне тиді. Сыр өңіріне 1937 жылы Қиыр Шығыстан көшіріліп әкелінген Корей педагогикалық институтының құрамында көрнекті кеңестік ғалымдардың үлкен тобының қатарында профессорлар С.А. Семенов-Зусер, Р.Войцик, А.С. Музычка, А.И. Соколовский және доценттер С.И. Ривкин, Н.К.Букаткевич, А.К.Затопляев, О.Г. Водолажченко, В.А. Цатурян болды. 2-дүниежүзілік соғыс жылдары Қызылорда қаласына Мәскеу ауыл шаруашылығын механизациялау және электрлендіру институты, Симферополь медициналық институты, Киев, Харьков университеттері көшірілді. Соңғылары үкіметтің шешімімен Біріккен Украина мемлекеттік университеті (БУМУ) деп аталды. Жоғары оқу орындарының Қызылордадағы қызметі 1943 жылдың қазан айына дейін созылды. Бұл кезеңде Біріккен Украина мемлекеттік университетін қоса есептегенде, Қызылорда педагогикалық институтында 9 профессор, 10 доцент жұмыс істеді. Олардың қатарында УКСР ҒА-ның академигі, белгілі физик-ғалым К.Д. Синельников, академик, астроном Н.М. Баранский, ғылым докторлары М.В. Клоков, Е.С. Хотинский, И.Волганецкий және ғылым кандидаттары И.И. Путилин, В.И. Гриченко, А.Д. Давыдов, т.б. болды. Біріккен Украина мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесі физика-математика, биология ғылымдары бойынша докторлық, тарих және филология ғылымдары бойынша кандидаттық диссертацияларды қорғауға қабылдаған. Бұл өлкемізде ғылымның жалпы дамуына айрықша ықпал етті. Сыр өңірінің ғылыми әлеуеті 1950–1980 жылдары Кеңес одағының ірі қалаларындағы (Мәскеу, Ленинград, Новосибирск, Киев, Минск, Алматы, Ташкент, т.б.) жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарында докторлық, кандидаттық диссертацияларын қорғап

келген жергілікті ғалымдармен нығайтылды. Қызылорда облысында топырақ құнарын арттыру және жерді суландыру жағдайын жақсарту мақсатымен ауыл шаруашылығын химияландыру, жобалау-зерттеу станциясында ғылыми жұмыстар 1956–1995 жылдары жүргізілді. Арал аймағында өзендер мен көлдердегі балықты қорғауда және әр түрін көбейтуде көп жылдар бойы Р.В. Володкин басқарған Арал қаласындағы балық қорғау мен өсіру станциясының ғылыми ұжымы жемісті жұмыс атқарды. Арал ауданындағы Аманөткел, Қосжар, Тастақ балық өсіру мекемелері балық ұрығын қолдан өсіру барысындағы ғылыми жұмыстарын одан әрі жетілдіруде. Халықтың әл-ауқатын көтерудегі олардың қызметінің рөлі ерекше. Аймақтағы ғылыми зерттеу жұмысын дамытуға 1939 жылы Барсакелмес аралында ұйымдастырылған арнайы қорық өзіндік үлес қосып келеді. Бастапқы мақсаты аралдағы сирек кездесетін жануарлар әлемін сақтау және оның қорын молайту болған қорықта кейін табиғатты тұрақты бақылау және тұяқтылар-



дың санын есепке алатын ғылыми бөлім ашылды. 1980 жылдардың ортасына дейін бұл жерде И.Герцен атындағы Ленинград педагогикалық институтының ғалымдары кешенді зерттеу жүргізіп, білім алушылар ғылыми тәжірибеден өтті. Бүгінде «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығының ғылыми қызметі, негізінен, табиғи компоненттерді (өсімдік және жануарлар әлемі), процестерін (шөлейттену, мүжілу, желге ұшу), динамикасын зерттеуге бағытталып отыр.

Өңірдегі іргелі ғылыми мекеме Қызылорда күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты өз бастауын 1933 жылы ашылған ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасынан алады. Институтқа Қызылорда облысы агроөнеркәсіп кешенін, сонымен бірге республиканың күріш шаруашылықтарын ғылыми қамтамасыз ету міндеті жүктелген. Бүгінгі ғылыми-зерттеу бағыттары күріш дәні мен жармасының өнімділігі, тұрақтылығы және сапалы болуының сандық қасиеттері генетикасын зерттеу; кең тараған патогендерге, тұздылыққа және жоғары-төмен температураға күріштің өзіне тән немесе басқа да төзімділігінің физиологиялық және генетикалық қасиеттерін анықтау; минералды және органикалық тыңайтқыштарды, биологиялық активті заттар мен мелиоранттарды қолдана отырып, күріш және күріш ауыспалы егісі дақылдарын өсірудің интенсивті, энергия-ресурс үнемдегіш технологиясын әзірлеу; күріш, қауын, жоңышқа және түйе жоңышқа дақылдарының кең спектрлі сорттарын шығару үшін олардың бастапқы материалдарын сұрыптап (таңдап) алу; су қорларының тапшылығы жағдайында экологиялық және экономикалық қолайлы су режимдерін әзірлеу, т.б. тақырыптарды қамтиды.

Сыр еліндегі жоғары оқу орындары ғалымдарының 70%-ы шоғырланған, ғылыми-инновациялық әлеуеті арқылы аймақтың өзекті де өткір проблемаларын шешуді ғылыми қамтамасыз ете алатын бірден-бір жоғары оқу орны – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде (Басқарма төрағасы-ректоры – профессор Б.С. Каримова) экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық, педагогикалық ғылымдар, кәсіби білім беру, жаңғыртпалы энергия көздері, құрылыс, аграрлық сала, эколо-

гия, жаратылыстану бағыттарындағы және цифрландыру бағыты аясындағы (блокчейн технологиялары, білім берудегі смарт-технологиялар және ақпаратандыру) өзекті мәселелер зерттелуде. Сонымен қатар басқа табиғат, қоғам, адам дамуы мен олардың өзара байланысының негізгі заңдылықтары туралы жаңа ғылыми білім алуға бағытталған теориялық-тәжірибелік ізденістер қолға алынуда.

Сыр өңірінің тарихы мен руханиятын (әдебиет, мәдениет, өнер) зерттеуде де университеттің орны ерекше. «Болашақ» университетінде (ғылыми жетекшісі – ҚР ҰҒА академигі Б.С. Досманбетов) Арал өңірі жағдайында жайылымдық және шабындық жерлердің өнімділігін арттыру проблемалары, жоғары оқу орындарындағы білім беру және тәрбие жұмысының психологиялық мәселелері, әлеуметтік мәселелерді психологиялық-дефектологиялық тұрғыдан зерделеу, когнитивтік лингвистика тұрғысындағы зерттеулер, т.б. ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Қызылорда ашық университетінде (ректоры – ҚР ҰҒА академигі Қ.А. Бисенов) Қызылорда облысының аграрлық өнеркәсібін мемлекеттік қолдаудың механизмдері, мұнай-газ саласындағы логистикалық жүйелердің ерекшеліктері, ҚР-дағы өзін-өзі жұмыспен қамту нарығының қалыптасуы мәселелері, күріш қауызы негізінде арболитті бетонның технологиялық қасиеттері, құрылыс материалдарының қасиеттерін геометриялық модельдеу, т.б. өзекті тақырыптар зерттелуде.

Қазіргі күні облыс көлеміндегі 651 кәсіпорынның 86-сының (13,2%) инновациялары бар. Инновациялық өнім көлемі 42355,7 млн теңге болса, экспортқа шығарылатын өнім 1838,0 млн теңгені құрайды. Бұл тұрғыда өңдеу кәсіпорындары айқын басымдыққа ие. Инновацияларды қаржыландырудың негізгі көздері – шетелдік инвестициялар 61%, кәсіпорындардың өз қаражаты 23%, республикалық бюджет 4,2%.



Ғылыми зерттеулермен 3 жоғары оқу орны (Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, «Болашақ» университеті, Қызылорда ашық университеті) мен 1 ғылыми мекеме (Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ) айналысады. Онда 374 ғалымнан (36 ғылым докторы, 292 ғылым кандидаты, 46 Ph.D) тұратын үлкен ғылыми әлеует топтасқан. Олардың арасында Сыр өңірінде ғылымды дамыту ісіне елеулі үлесін қосып келе жатқан ғалымдар көптеп саналады. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Қ.А. Бисеновтің басшылығымен жергілікті кондициялық емес шикізат пен техногендік қалдықтар негізінде құрылыс материалдарының тиімді түрлерін әзірлеу саласындағы ғылыми мектеп елімізде жетекшілердің бірі. ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Б.С. Досманбетов статистика және демографиялық жағдай, еңбек ресурстары мен еңбек нарығы, экология және отбасы проблемаларын зерттеуге арналған ғылыми бағыттарды қалыптастырушы ретінде ғылыми қауымдастыққа белгілі. Ғылым докторлары Х.Жамантиков, Қ.Бәкіұлы, С.И. Қошқаров, А.Ә. Шомантаев, С.Ы. Өмірзақов, И.А. Таутенов, Л.А. Тохетова жетекшілік ететін өңіріміздің су, егіншілік, өсімдік шаруашылығы, органикалық тыңайтқыштарды және ағынды суларды пайдалану саласындағы ғылыми бағыттар жан-жақты дамытылуда. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Кәрібозұлы бастаған ғалымдардың Сыр өңірі сүлейлерінің әдеби мұрасын зерттеу бағытындағы жұмыстары келелі нәтижелерге толы. ҚР Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы Ш.М. Майгелдиеваның жетекшілігімен психологиялық-педагогикалық бағыттағы жоғары білікті кадрларды кәсіби даярлау саласындағы ғылыми мектеп қалыптасуда. Биология ғылымдарының докторы, профессор С.Ж. Ибадуллаева Арал өңірінің мұнаймен ластанған экожүйелерін қалпына келтіру, өсімдік ферменттерінің емдік қасиетін зерделеу бағытында нәтижелі еңбек етуде.

Сыр елі – ежелден ғылым мен ғылыми ой-сананың қалыптасып, дамыған қасиетті мекені, ғұламалар елі. Өлкеміздің шыққан еліміз бен шет елдерде еселі еңбек етіп жүрген перзенттеріміздің әлемнің және еліміздің ғылымының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлестері қомақты. Сыр топырағынан шыққан 350-ге жуық ғылым докторының 16%-ы филология, 15%-ы техника, 12%-ы медицина, 10%-ы экономика, 8%-ы ауыл шаруашылығы, 7%-ы педагогика, 6%-ы тарих, 6%-ы биология, 5%-ы физика-математика, 5%-ы философия ғылымдары бойынша, 10%-ы геология-минералогия, химия, саяси, заң, ветеринария, әлеуметтану және өнер ғылымдары бойынша ғылыми дәреже иеленгендер. Олардың қатарында ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академиктері Ш.Есенов, М.Қаратаев, М.Әлиев, С.Сартаев, Ә.Нысанбаев, К.Ормантаев, А.Илялетдинов, Д.Кішібеков, С.Сүлейменов, Ж.Сүлейменов, Ж.Аханов, С.Әбдірайымов, Ж.Әбдірахманов, Ж.Арзықұлов, И.Қыпшақбаев, М.Алшынбаев, З.Әбішева, Ф.Полымбетова, А.Жұмаділдаев, М.Молдабеков, Ә.Баешов, Р.Ойнаров, Б.Әлияров, Б.Досманбетов, Қ.Бисенов, Б.Омаров, Б.Баймаханов, А.Бисенбаев, Б.Кәрібаевтың есімдерін айрықша атауға болады. Бүкіл адамзат пен туған елі үшін қажырлы ой еңбегімен қызмет етіп жүрген ғалымдар қауымы – біздің мақтанышымыз. Өйткені кез-келген қоғамның, мемлекеттің дамуының, табыстылығының кілті – ғылымда екені тарих жолында әлдеқашан дәлелденген қағида.

Қ.Омаров, А.Әбдімомынова,
Ғ.Тұяқбаев, О.Айдаров

А

АБАЙ(Ибраһим)Құнанбайұлы (29.7(10.8).1845, қазіргі Абай обл. Абай ауд. Қасқабұлақ жайлауы – 23.6(6.7) 1904, сонда, Балашақпақ жайлауы, бейіті Жидебайда) – ұлы ақын, философ, ағартушы, композитор. А. бала кезінен елдегі шешен, ақын, ертегішілер әңгімесін тез ұғып алатын зеректігімен, ынталылығымен ерекшеленген.1875–78 ж. Қоңыркөкше еліне болыс болады. Ел ісіне араласқан жылдарында әділеттілігімен, білімділігімен көрініп, халық арасында беделі өседі. А. ұмырының соңына қарай пенделік шаруалардан бойын аулақ салып, уақытының көбісін шығармашылыққа арнаған. А. өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған…») бастаған. Одан басқа ертеректе жазылған өлеңдері – «Йузи-рәушән», екіншісі – «Физули, Шәмси». Өлеңдерін қағаз бетіне 80 жылдардың ортасында түсіре бастады. «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа» өлеңдері 1870–80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. А. лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда көп салалы, көп қырлы болып келеді. Ол қазақ поэзиясында тіл кестесіне, сөз қолдануына да жаңа сипат дарытқан ақын. А-дың сарқылмас шығарм. таланты, оның қолынан шыққан кемеліне келген, көркемдік бітімі жағынан мүлтіксіз өлең үлгілерінің көптігі және әрқайсысының бір-біріне ұқсамайтын,



Абай Құнанбайұлы

жаңаша сипатты дүние болып келетінінен көрінеді. А. қазақ поэзиясының мазмұндық ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер туғызды. Халықтың сөйлеу тілінің, қазақтың ауызекі ақындық және ән өнерінің байлығын кең пайдалана отырып, ол өлең сөздің шеберлік құралдарын жетілдірді, өлеңдік өлшемнің интонац.-ритм. байлығын терең ашып көрсетті, жаңа ырғақты, үйлесімді өлең үлгілерін енгізді, ақындық тілдің образдылық-бейнелеу, стилист. мүмкіндіктерін молықтырды. Қазақтың ақындық тілін, әдеби тілін ұстартып жетілдірді, әдеби тілді биік жаңа сапаға көтеріп, жаңа үлгіде қалыптастырды. А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, т.б. ақындардың шығармаларын шеберлікпен аударып, қазақ әдебиетін жаңа ой орамымен байытты, аудармалары қазақ поэзиясының өркендеп өсу жолындағы баға жетпес зор табыс болды. А. әлемге көзқарасы қалыптасқан, өзіндік филос. түйіндері бар ғұлама. Ақынның рухани, даналық мұрасы – терең мағыналы филос. идеяларға толы. Адамгершілік туралы ілімді дамыта отырып, адамды адамгершілік, кісілік тұрғысынанжетілдіру принциптерін, ұлттық эстетика мәселелерін алға тартты. Адамның шексіз танымдық мүмкіндіктері жөнінде, білім мен ғылымның әлеум. рөлі туралы, адамтану мәселелерін көтерді. А. қазақ елінің ұлттық рухы мен менталитетін, оның көкейтесті арманы мен даналық ойларын абыздық көрегенділікпен, өлеңмен өрнектеуді қазақ эпосынан үйренді. Ақынның шұрайлы филос. ойлары, негізінен, Шығыс ойшылдары мен ақындарының кемел пікірлерін ай-

рықша шеберлікпен игергендігін көрсетеді. Жалпы, А-дың философ., көркемдік, әлеум., гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. А-дың қара сөздері (Ғақылия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классик. стильде жазылған прозалық шығармасы. А-дың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеум. ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының филос. концепциясын құрайды. А-дың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. А-дың қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, А-дың қара сөздері орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. А. музыка саласында да мол мұра қалдырып, қазақтың муз. өнерін дамытты. Қазіргі уақытта ақынның 27 әнінің 36 нұсқасы нотаға түсірілген. А. қазақтың муз. мұрасын ерекше бағалаған. А. қазақтың халық ән-күйлерін жете білген. Біржан сал, Ақан Сері, Тәттімбет, Жаяу Мұса сынды халық композиторларының ән-күй дариясынан сусындап, әншілік-күйшілік өнерді жете меңгерген. А. тек тыңдаушы ғана болмай, өзі де ән шығарған. А-дың ән творчествосы қазақтың халық музыкасының тарихында ерекше орын алады. «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Ата-анаға көз қуаныш», «Сұрғылт тұман», «Желсіз түнде жарық ай», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Амал жоқ, қайттым білдірмей» («Татьяна хаты»), «Қараңғы түнде тау қалғып», «Ішім өлген, сыртым сау», т.б. әндері арқылы ол халықтың ән творчествосын сан жағынан байытып қана қойған жоқ, сондай-ақ қазақ поэзиясында жаңа өлшем, жаңа түр тапқаны сияқты, қазақ әніне де жаңа әуен-ырғақ, жаңа үн, өлшем мен түр ала келген жаңашыл композитор болды. А. өлеңдеріне М.Төлебаев, С.Мұхамеджанов, Н.Тілендиев, Н.Меңдіғалиев, Ә.Еспаев, М.Қойшыбаев, С.Тұрысбеков, т.б. композиторлар өздерінің ән-романстарын жазды. А. мұрасы қазақ мәдениеті мен әдеби тілінің дамуына үлкен ықпал жасады. А. шығармалары басқа тілдерге аударылу арқылы дүние жүзіне тарады. Қазақ әдебиеті тарихы салаларының бірі – абайтану ғылымы ақын мұрасын кең ауқымда зерттеу мәселесімен шұғылданды. А. атында облыс (орт. Семей қ.), қала, аудан (Абай обл.), шың, асу бар. Семей қ-нда, Қарқаралы қ-нда, Жидебайда әдеби-мемор. музей-мұражайлар ашылған. Алматы, т.б. қ-лардағы театрларға, республика аумағындағы көптеген көшелерге А-дың есімі берілген. Абай қоры жұмыс істейді. Фильмдер, көркем шығармалар, зерттеулер жазылған. Қазақтың классик жазушысы Әуезовтің бас кітабы – «Абай жолы» ұлы ақынға арналған. Ақын тұлғасы өзге де көркемөнер туындыларына өзек болды. «Абай жолы» эпопеясы дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған (1993). А. ЮНЕСКО мен ТҮРКСОЙ (Халықар. түркі мәдениеті ұйымы) аясында 175 жылдығы 2020 ж. тойланды. Шет елдерде А. ескерткіштері, саябақтары ашылды.

АБАЙ – Арал ауд-ндағы ауыл, ауылдық окр. орт. Ауданның қиыр солт.-шығысында, аудан орт. Арал қ-нан 110 км жерде, Баршақұм құмының орт. бөлігінде, шөл белдемінде орналасқан. Тұрғыны 2,21 мың адам (2005). Іргесі 1930 ж. қаланған. 1957 жылға дейін «Алға» ұжымшарының, 1997 жылға дейін қаракөл қойын өсіретін «Қаракұм» кеңшары мен ауылдық кеңестің орт. болып келді. Ерімбетжаға, Көкаша, Қаратерең а-дарында шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

АБАЙ – Қазалы ауд-дағы ауыл, Сарыкөл ауылдық окр-нің орт. Аудан орт-нан 18 км жерде, Сырдария өз. және Сол жағаның каналына жақын орналасқан. Тұрғыны 1,4 мың адам (2023). Абай а-ның негізі 1928 ж. Артель ретінде құрылып, 1936 ж. Қызылту, Бостандық артельдерінің бірігуімен «Бостандық» ұжымшары болды. Оны Өтеген Жәрімбетов басқарды. 1940 ж. «Бостандық», «Бектау», «Жақсылық» ұжымшарлары бірігіп, Абай атынд. ұжымшар атанған. Ұжымшар басқармасының төрағасы Бердалы Айтмамбетов болды. 1950 ж. «Мәдениет», «Жаңарық», «Табанкөл», «Авангард», «Сартоғай» және «Абай» ұжымшарлары бірігіп, Абай атынд. ұжымшар болып қайта құрылды. Ұжымшар 1993 ж. тараған. Сарыкөл ауылдық окр. құрылып, құрамына Абай және Жұбан елді мекендері кірді. Ауылдық округтің жер көл. 8,7 мың га, оның ішінде: жайылымдық 4,7 мың га, шабындық жер 273 га, егістік 369 га. Округ орт-нда №90 орта мектеп, балабақша, ауылдық клуб, амбулатор. емхана, 22671 дана кітап қоры бар кітапхана, ауд. пошта бөлімшесі, ветеринар. пункт, бірнеше дүкендер және мешіт бар. Ауыл көлемінде 31 шаруа қожалығы, 1 заңды тұлға, 54 жеке кәсіпкер жұмыс істейді.

АБАЙ – Қызылорда қ. әкімдігіне қарасты аумақтағы ауыл, Қосшыңырау ауылдық окр-нің орт. Қызылорда қ-нан солт-ке қарай 12 км жерде орналасқан. Тұрғыны 2,5 мың адам (2023). Ауыл 2000 жылға дейін Интернационал деп аталып келген. 1965–96 ж. күріш өсіретін өзімен аттас кеңшардың орт. болған. Кеңшар негізінде А-да және округке қарасты Досан, Қарауылтөбе ауылдарында ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды.

«АБАЙ ДӘУЛЕТ» ЖШС – 2016 ж. құрылған. Кәсіпорын директоры – М.А. Сәрсенбаев. Басты кәсібі – күріш өңдеу, мал ш. Жұмысшылар саны 100-ге жуық. «А. Д-те» жоғары автоматтандырылған күріш з-ты бар. Бесарық және Байтабын шаруашылықтары жаңа прогрессивті технологияларды және тех. жаңаруды қолдану арқылы күріш өнімділігін тұрақты түрде арттыра отырып, күрішпен қамтамасыз етуде. Күріштің бірнеше түрлерін өндіреді. Өнім Қазақстанның барлық облыстары мен ТМД елдеріне экспортталады. Кәсіпорында сағатына 3 т өнім өндіретін шағын зауыт бар. Сондай-ақ елді мекендерді абаттандыру, асфальттау, әлеум. нысандарға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу, демалыс орындарын қалыпқа келтіру, спорттық-мәдени шараларға демеушілік жасау, мектепке жаңа спорттық құрал-жабдықтар алу сияқты бірқатар жұмыстарды атқарып келеді. «Қазақстанның үздік тауары – 2019» респ. көрме байқауында «А.Д.» компаниясы үздік деп танылып, «Ұлы дала елі» ортақ брендінің жеңімпазы атанды.

С.Тайман

АББАС (Аппаз) Жарасбайұлы (шамамен 1925/30, бұрынғы (Перовск уезі, Қараөзек болысы – 1922, Арқа өңірі) – белгілі би. Әкесі Бекназар 1800 ж. Сыр өңіріне келіп, тұрақтап қалған. А. 1886–88 ж. құрылған Қараөзек болысын басқарды. 1888 жылдан би әрі қазы болып, ел билігіне араласқан. Би хақында «Дала уәлаяты» газетінде, «Айтыс» кітабының 2-томында (1965), Кіші жүз шежіресінде, «Тереңөзек тарихында», А.Тоқмағамбетовтың «Жыр күмбезі» (1975) романында кеңінен сипатталған. Орт. мемл. мұрағаттың қорында біршама деректер (4 қор, 1 тізбе, 4070 іс) бар.

Т.Дайрабай

АБД әл-ҒАФУР әл-КЕРДЕРИ, Абдәл-Ғафур бин Лұқман бин Мұхаммед Әбу-л-Мафахир әл-Кердери (1166 ж. ө.) – қазақ даласынан шыққан ғұлама. Әл-Кердери оның Кердері руынан шыққанын аңғартады. А. ә-Ғ. әл-К. Бағдат, Басра, Дамаскіде білім алған. Мұсылман заңының, оның ішінде ислам туы тігілген көптеген өлкелерге кеңінен тараған ән-Нұғман Әбу Ханифа негізін салған мектептің теор. тұжырым қағидаларын басшылыққа алып, зерттеулер мен түсіндірулер жасаумен айналысқан.

А. әл-Ғ. әл-К. «Ин-тисар ли Аби Ханифа фи ахбарихи уә ақуалиһи» («Әбу Ханифаның хабарлары мен айтқандарындағы жеңісі»), «Муфид уә мәзид фи шарх ат-Тад-жрид» («Таджрид-ке (абстактілендіруге) түсіндірме жасаудағы пайдалы толықтыру»), «Шарх «әл-Джамиғ ас-Сағир» («Кіші жинаққа түсіндірме») атты бірқатар кітаптар жазған.

З.Сақиұлы



Абдуллаев Марат

АБДУЛЛАЕВ Марат Шәдібайұлы (28.3.1957 ж. т., Қызылорда қ.) – мед. ғыл. докт. (1997), проф. (1998). Алматы мемл. мед. ин-тын (1980, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті), Мәскеу қ-ндағы Проктология ғыл.-зерт. ин-тын (1985–87) бітірген. Қызылорда обл. ауруханасында (1980–83), Алматы қ-ның 1-клиник. ауруханасының проктология бөлімінде дәрігер-хирург (1983–85), Қазақ онкология және радиология ғыл.-зерт. ин-тында аға лаборант (1987–89), Алматы қ-ның орт. клиник. ауруханасында проктология бөлімінің меңгерушісі (1989–2005), Қызылорда обл. денсаулық сақтау департаментінің директоры (2005–07), Алматы мемл. дәрігерлердің білімін жетілдіру ин-тының курс жетекшісі, кафедра меңгерушісі (2007–12), Алматы қ. клиник. ауруханасының (2012–17), №7 қалалық клиник. ауруханасының басшысы (2017–19) қызметтерін атқарған. 2020 жылдан Алматы қ. клиник. ауруханасының басшысы. Қазақстан проктолог-дәрігерлер қауымдастығының президенті (1998), Халықар. хирург-проктологтар ассоциациясының мүшесі. Алматы қ-ның үздік дәрігері (2000). 140-тан астам ғыл. еңбектің, 2 монографияның авторы. «Құрмет» орденімен (2004), ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі төсбелгісімен (2003) марапатталған.

С.Тайман

АБДУЛЛАЕВ Шәдібай Нұрғазыұлы (5.2.1928, Сырдария ауд. Қарауылтөбе а. – 21.4.2007,



Абдуллаев Шәдібай

Қызылорда қ.) – мед. ғыл. докт. (1971), проф. (1981), Қазақстанның еңбек сің. дәрігері (1966). Алматы мемл. мед. ин-тын (1956, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Қызылорда обл. ауруханасында дәрігер-хирург (1956–58), обл. ауруханаңың бас дәрігері (1958–76), Өлкелік патология ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары әрі респ. клиник. ауруханасында бас дәрігер (1976–77), Алматы мемл. мед. ин-тында кафедра меңгерушісі (1977–95), проф. (1995) болды. А-тың негізгі ғыл. зерттеулері жедел хирургия мәселелеріне, әсіресе, ерте кезеңдегі релапаротомияны хирург. жолмен қайта емдеуге, жүкті әйелдерге хирург. көмек көрсеткенде эхолокация, инфрақызыл термография, лапароскопия әдістерін қолдануға арналған. 250-ден астам ғыл. еңбектің, 4 монографияның, 47 оқу-әдістемелік талдаманың, 7 әдістемелік нұсқаулықтың, 5 авторлық куәліктің иегері. А. 3 ғылым докторын, 4 ғылым кандидатын даярлады. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (1996).

АБДРАМАНОВ Бахтиар (27.9.1961 ж. т., Шиелі ауд.) – инж.-механик, мұнай-газ саласының маманы. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1984, қазіргі Тараз ун-ті), Қазақ-Қытай



Абдраманов Бахтиар

ин-тын (2011) бітірген. Шиелі ауд. тұтынушы кооперациясында жұмысшы (1978), «Свердловск мелиорация» бірлестігінде бас инж. (1984–88, Свердловск обл. Режь қ.), Қызылорда такси қызметі паркінде автоколонна, эксплуатация бөлімінің басшысы (1991), «Оңтүстік мұнай-газ» бірлестігінде бас инж., басшының орынбасары, «Харрикейн Құмкөлмұнай» АҚ-да бөлім басшысы (1991–98), «Құмкөл Көлік Қызметі» АҚ құрылтайшысы, президенті, бас директоры (2000–15) қызметтерін атқарды. Қазіргі уақытта «Орта Азия Көлігі» ЖШС-ның құрылтайшысы. Сарыбұлақ, Қайнар кеніштерін ашып, жас мамандарды жұмыспен қамтуға, өңірдің экон. дамуына елеулі үлес қосты. Қызылорда обл. мәслихатының 3-ші, 4-ші шақырылған (2003, 2007) депутаты болып сайланған. «Ерен еңбегі үшін» (2012), т.б. медальдармен марапатталған. Шиелі ауд-ның құрметті азаматы (2020).

Н.Мыңжас

АБДРАХМАНОВ Халик Валиевич (1905–1952) – қоғам және мемлекет қайраткері. 1921–22 ж. ауыл мектептерінде мұғалім, ауд. комсомол к-ті экономика бөлімінің меңгерушісі (1923–25), Алматы қ. комсомол к-тінің жауапты хатшысы, Қызылорда обл. №98 Қазалы ауылдық сайлау окр-нен Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі 1-шақырылған (1938–47) депутаты, 1938–40 ж. Қазақстан Компартиясы Қызылорда обл. к-тінің 1-ші хатшысы қызметтерін атқарған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1938–47).

С.Тайман

АБДУЛПАТТАЕВ Оспан (1898, бұрынғы Перовск уезіне қарасты Қараөзек болысы, 7 а. – 1979, Сырдария ауд. Тереңөзек кенті) – ұстаз, Қазақ КСР-інің еңбек сің. мұғалімі (1957). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Діни мектептерде сауатын ашқан. 1917 ж. Қызылордадағы 6 айлық курсты бітіріп, 1922 ж. ауылда сауатсыздықты



Абдулпаттаев Оспан

жою мектебін ашты. 1926 жылға дейін Қызылорда қ-нда бастауыш мектеп ашып, оны өзі басқарды. 1926 ж. бастауыш мектеп жеті жылдыққа айналды. 1939 ж. пед. уч-щені бітірген. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Сырдария ауд. Тереңөзек кентіндегі бір көшеге А. есімі беріліп, өзі қызмет істеген №210 мектептің алдына 1999 ж. мүсіні орнатылды.

АБДУЛПАТТАЕВ Сапиулла Ибрагимұлы (15.4.1928, Сырдария ауд. – 15.7.2009, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1984). Қызылорда пед. ин-тын (1950, қазіргі Қызылорда ун-ті), ҚазМУ-дың (1961–64, қазіргі ҚазҰУ) аспирантурасын бітірген. 1950–61 ж. Ақтөбе обл. Байғанин орта мектебінде мұғалім, директордың орынбасары, М.Мәметова атынд. пед. уч-ще-де оқытушы қызметтерін атқарған. 1965 жылдан ҚазМУ-да ассистент, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент, проф., ҚазПИ-де (1996–2009, қазіргі ҚазҰПУ) проф. болып еңбек етті.

«АБЗАЛ ЖӘНЕ К», 1994 ж. құрылған. Сырдария ауд-ндағы Н.Ілиясов а-ндағы күріш өсіріп, өңдейтін ірі шаруашылық. Негізінен, а.ш., оның ішінде Қазақстанның күріш өнеркәсібі компанияларының бірі. Құрылтайшысы – Абзал Ералиев.

Компанияның Оңт. Корея және Германияда 2 з-ты бар. Әр зауыттың өнімділігі сағатына 5 т-ны құрайды. Кәсіпорын жылына 25 мың т таза ұнтақталған күріш өндіреді. Өнімнің 50 пайыздан астамы Ресей, Украина, Тәжікстан, Өзбекстан, Моңғолия және т.б. елдерге экспортталады. Компания тарапынан Ілиясов а-н абаттандыруға 1 млрд теңгеден астам қаржы бөлінген. 54 жаңа жұмыс орны ашылып, 400-ден астам адам жұмыспен қамтылды. Сондай-ақ компания қаржысымен Мүсірәлі мешіті, медресе, стадион, ауылдық окр. әкімдігінің ғимараты, Айтбай мешіті салынды. 2019 ж. «А және К» компаниясы «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясы бойынша «Парыз» сыйлының Алтын белгісімен марапатталған.

С.Тайман

АБЛАҚОВ Әбжаппар (20.11.1936, Сырдария ауд. Жамбыл а. – 5.7.1999, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1987), проф. (1991),



Аблақов Әбжаппар

Қазақ КСР (1986) және Қазақ КСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері (1986), КСРО Халық ағарту ісінің үздігі (1987). ҚазПИ-дің (1961, қазіргі ҚазҰПУ) қазақ тілі мен әдебиеті және тарих ф-тін әрі аспирантурасын (1964) бітірген. Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы, аға оқытушы, доцент, қазақ тілі және қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (1964–88) болды. Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тының (1988–99, қазіргі Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-ті) қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады. А. 150-ге жуық ғыл. еңбектің авторы. Ы.Алтынсарин атынд. медалінің иегері (1987).

АБУ Болатбек Ұласқанұлы (8.11.1982 ж. т., Байқоңыр қ.) – діни қайраткер. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Қызылорда обл. бойынша өкілі болған. А. «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті ун-тін (2008), магистратурасын (2010), докторантурасын (2015), «Аймақтық әлеуметтік-инновациялық» ун-тін (2013), Респ. имамдар білімін жетілдіру (2013), Экстремизмнің алдын алу саласындағы мамандарды қайта даярлау ин-ттарын (2017) бітірген. Бірнеше тілді меңгерген. А. Сауд Арабиясында қажылық парызын орындаған. Египетте, Катар, Малайзияда конференция, симпозиумдарға қатысып баяндама жасаған, білімін жетілдіру курстарынан өткен.

Еңбек жолын Байқоңыр қ. «Жәрімбет ишан»



Абу Болатбек

мешітінде азаншы, ұстаз, наиб имам (1999–2002) болып бастап, «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті ун-тінде оқытушы (2009–12), ректордың әкімш. және халықар. істері жөніндегі көмекшісі (2010–14), ун-ттің Аппарат жетекшісі, Бас хатшы (2014–18), Қызылорда обл-ның бас имамы (2018–23) қызметтерін атқарған. ҚР-ның «Халық алғысы» медалімен марапатталған. Қармақшы ауданының құрметті азаматы.

С.Тайман

АБЫЗТӨБЕ – көне қала орны. Сырдария өз. орт. ағысының сол жағында, Келінтөбе аталатын көне қала жұртынан солтке қарай 25 км қашықтықта орналасқан. 1969 ж. Отырар археол. экспед. (жетек. К.Байпақов) зерттеген. Қала жұртының қазіргі



Абызтөбе

көрінісі, солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай созылып жатыр, ұз. 105 м, көлд. 30 м, биікт. 5 м, ұзын төртбұрышты жота. Төбесі тегіс. Қалаға кіретін қақпаның орны оңт. жағында орналасқандығы байқалады. Жиналған құмыралардың сынықтары бойынша ғалымдар қаланың б.з. 1 ғ-дағы өркениет орт. болғанын дәлелдеді.

С.Жолдасбаев

АБЫЛА – Қармақшы ауд-ндағы ауыл, т. ж. айырмасы, ауылдық окр. орт. Аудан орт. – Жосалы кентінен оңт.-шығысқа қарай 20 км жерде, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан. Тұрғыны 1,5 мың адам (2023). Іргесі 1936 ж. қаланды. 1956–96 ж. қаракөл қойын өсіретін «Қармақшы» кеңшарының орт. болған. Кеңшар негізінде А-да және округке қарасты Анакөл, Қызылтам а-дарында шаруа қожалықтары құрылған. А-ның т. ж-ға таяу тұсында 1941 ж. 2-дүниежүз. соғысқа осы ауылдан аттанған ер-азаматтар салған жел диірмені ескерткіш ретінде сақталған. Ауылдық окр. бойынша мектеп, балабақша, фельдшерлік-акушерлік пункт, клуб, мешіт, пошта байланысы, спорт мектебі, ЖШС, 69 шаруа қожалығы жұмыс істейді.

С.Тайман

АБЫЛАЙҰЛЫ Жангентхан (24.4.1949 ж. т., Қазалы ауд. Жанкент а.) – мед. ғыл. докт. (1990), проф. (1998). ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (1997), Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері (2003). Қазақстанда кәсіби эндокринологияның негізін қалаушылардың бірі. ҚР ҰҒА-ның биол.-мед. бөлімінің мүшесі.



Абылайұлы Жангентхан

Семей мемл. мед. ин-тын (1972, Семей мемл. мед. академиясы) бітірген. 1973–76 ж. еңбек жолын Қызылорда обл. Байқоңыр қ-ндағы ауруханада интерн.-дәрігер болып бастады. 1976–90 ж. 1-ші Мәскеу мед. ин-тының аспирантурасында, КСРО Медицина ғылымдары академиясының докторантурасында оқып, ғыл. зерттеулермен айналысқан. ҚР Денсаулық сақтау мин-нің Гигиена және кәсіби аурулар ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары (1994–98), Эпидемиология және микробиология ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары (1998–2001), Кардиология мен ішкі ағзалар аурулары ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары, бөлім меңгерушісі (2001–12) қызметтерін атқарған. 2010–16 ж. ҚазҰМУ-да эндокринология кафедрасының меңгерушісі, 2017 жылдан проф. Негізгі ғыл. еңбектері эндокринология, тиреоидология, лимфология, профпатология, радиац. экология және медицина, экспериментология, психологияның әр түрлі мәселелеріне арналған. А. 300-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 8 монография, 30 патенттің авторы. 4 ғылым докторын, 36 ғылым кандидатын, 2 Ph.D дайындаған. Көптеген салалық марапаттардың иегері. Қазалы ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

«АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БАСҚАРМАСЫ» ЖШС – мекеме. Қазақстанның оңт. аймағында жол құрылысы, тау-кен өндірісі және құрылыс салаларында қызмет көрсететін ірі мекеме. Басшысы – қоғам қайраткері Мұрат Үдербаев. Құрамында 552 адам жұмыс істейді. Компанияның жол құрылысы немесе қайта жаңартуға, тұрғын үйлер, емханалар, мектептер құрылысын сапалы салуға мүмкіндік беретін материалдық-тех. базасы, толығымен жаңарған тех. паркі бар. Жол салу және мұнай жүйелерінде жаңа технологияларға ерекше мән берілген. Компанияда жас мамандарды оқыту және көтермелеу, сондай-ақ олардың біліктілігін арттыру жұмыстары жүргізілуде. Серіктестік облыстың көптеген мекемелеріне, спорттық, діни, мемл. және балалар ұйымдарына қаржылай және материалдық көмек көрсетіп келеді.

Қ.Омаров

АГАНИНА Құндыз Жәмиқызы (24.12.1957 ж. т., Сырдария ауд. Аққұм а.) – пед. ғыл. докт. (2004), проф. А. Халықар. пед. ғылымдар академиясының коор. мүшесі, ҚР Білім беру ісінің үздігі (1991). Қазақ мемл. қыздар пед ин-тының физ.-матем. ф-тін (1979, Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-ті) бітірген. Алматы қ. №112 орта мектебінде математика пәнінің мұғалімі, директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасарының басшысы (2008–09) қызметтерін атқарған. 2009 жылдан ҚазҰПУ-дың проф. 200-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монография, 4 оқулық, 5 оқу құралы, 15 әдістемелік құралдың, 1 авторлық куәліктің иегері. Педагогика саласы бойынша 3 ғылым кандидатын, 4 Ph.D дайындаған. «Алтынсарин» төсбелгісімен (2018) марапатталған. Пед. зерттеулер бойынша мемл. сыйл-ның иегері.



Аганина Құндыз

С.Тайман

АҒЫТАЕВ Ясби Қалдашұлы (28.3.1949 ж. т., Қармақшы ауд.) – суретші. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1978). Ленинград (Санкт-Петербург) қ-ндағы В.А. Серов атынд. көркемсурет уч-щесін (1970) бітірген. А-тың шығармалары дүниежүз. музейлер қорында және көптеген елдердің жеке қорларында сақтаулы. Ол Алматы, Ташкент, Душанбе, Бішкек, Мәскеу, т.б. қ-ларда өткен респ., шетелдік, халықар. көрмелерге қатысқан. 1980 ж. «Жігер» шығарм. фестивалінің дипломанты. 2004, 2006 ж. Алматыда өткен «Ұлар» галереясында жеке шығарм. көрмесі қойылды. 2023 ж. ҚР Ұлттық музейінде жеке көрмесі ұйымдастырылған.

АҒЫТАЙ Мұратұлы (т.-ө.ж.б.) – 19 ғ-да өмір сүрген белгілі би. А. 1878 ж. өткен Қазалы уезіндегі билер кеңесіне, 1885 ж. Қазалы мен Перовск уезі қазақтары арасындағы жер дауын қараған съезге қатысып, мәселенің дұрыс шешілуіне үлес қосқан. 1851 жылдары Хиуадан қашып келген Елікей сұлтанға көмектескен. Алтын мен Найман (Ақтазы) арасындағы құдыққа таласып, адам өлімі болған дауды жанжалсыз әділ шешіп берген. 1857 ж. Қазалы уезінде тұратын Әлімдер мен Шөмекейлер арасындағы жер дауын шешуге Әлімдер жағынан Жетес, Бекетай би, Құлбарақ батыр, Шөмекейден Пышан, Қалдан, Бақа, т.б. қатысып, А. билер кеңесін жасай отырып шешкен. 1891 жылдар шамасындағы Қазалы мен Ырғыз уезі қазақтарының арасындағы жер дауы да А-дың араласуымен оң шешімін тапқан. А-ға Балқы Базар, Дүр Оңғар, Т.Ізтілеуов сынды жыраулар өз жырларын арнаған. 64 жасқа қараған шағында қайтыс болып, Жіңішкеқұм маңында жерленген. «Ағытай жайлауы», «Ағытай қыстауы», «Ағытай құдығы» атты жер атаулары бар.

Т.Дайрабай

АДАМ АТА – арна. Қуаңдария өз-нің бір құрғақ тармағы. Шамамен ұз. 40 км, ал иіндері мен бұрылыстарын қоса есептегенде 100 км-ге тең. Қазалы ауд. Сарыбұлақ а-нан солт.-батысқа қарай 40 км жерде, Ақтау кесенесінің маңы Қуаңдария өз-нің оң жағалауынан бөлініп шығады. Солт.-батыс бағытында 25 км жерде бір арна болып ағып, Адам ата қорымы тұсында екіге бөлінеді. Сол жағынан оңт-ке қарай 14 км жерде Қуаңдарияға қайта қосылады. Ал оң жақ арна батысқа қарай 20 км жерде Асар төбе қалашығы тұсында қазіргі Бозкөл батпағына [Муравинше – Қарасар арнасы, Макшеевше – Бесарам (Биш-арам) арнасы] құяды.

АДАМ АТА БЕКІНІСІ – Әбілқайыр ханның ордасы. А.И. Макшеевтің айтуы бойынша, ол Қаратөбеден оңт-ке қарай 25 верст (26,6 км) қашықтықта ескі арна бойында орналасқан. Қаратөбе – Қазалы ауд. Абай а-ның іргесінде жатқан ортағасырлық қалашықтың орны. Барлау жұмыстары барысында бұл арақашықтық GPS құралымен өлшенді. Қаратөбе қалашығы мен А. а. б-нің арақашықтығы 27,6 км-ге тең, Макшеевтің өлшемінен айырмашылығы 1 км ғана. Қазіргі уақытта бұл жерде үлкен қорым қалыптасқан, жергілікті халық оны «Адам ата қорымы» деп атайды. Қорым орт-нда 100-ге жуық тораңғыл ағашы өскен. Зерттеу барысында табылған керамика, силикат және кашин өнімдері коллекциясы және күміс тиын бойынша қоныстың ерте кезеңін 13–15 ғ-лармен салыстыруға болады. Табылған деректер бойынша Адам ата кешені Алтын Орда кезеңінде пайда болып, кейінгі ортағасырларға дейін халықтың қоныстарын және бірнеше кезеңнен тұратын қорымның қалыптасқандығын білдіреді.

Ә.Тәжекеев

АДЫРАСПАН – түйетабан тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қызылорда, Түркістан облыстарының шөлді, шөлейтті, тұзды топырақтарында өсетін бірнеше түрі бар. Биікт. 20–60 см, тамыры білеу, сабағы тік, бұтақталған. Қандауыртаспа тәрізді жапырақтары кезектесіп орналасқан. Дара, ірі гүлді, күлтелері ақ, ұштары эллипс тәрізді жұмырланған. Жемісі қорапша, көптұқымды бұдырлы. Маусым-мамырда гүлдеп, шілде-тамыз айларында жеміс береді. Тұқымынан қызыл бояу алынады. Улы өсімдік болғандықтан дәрілік қасиеті бар. Қазақ халқы А-ды киелі өсімдік ретінде үй ішін аластауға қолданады.

А.Байкенжеева



Адырбеков Икрам

АДЫРБЕКОВ Икрам (8.7.1950 ж. т., Өзбекстан, Ташкент обл. Қызыл әскер а.) – мемлекет қайраткері, дипломат, экон. ғыл. докт. (1995), 1-ші дәрежелі Төтенше және өкілетті елші (2000). Алматы мал дәрігерлік ин-тын (1972, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Қазақ КСР ҒА Эксперименттік биология ин-тының аспирантурасын (1976), Менеджмент және маркетинг ин-тын (1995), Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Мемл. қызмет академиясын (1999) бітірген. Эксперименттік биология ин-тының өтілгер-зерттеушісі, аспиранты, кіші ғыл. қызметкер (1972–79), Шымкент «Қаракөл» ғыл.-өндірістік бірлестігінде аға ғыл. қызметкер, зертхана меңгерушісі, бөлім меңгерушісі (1979–83, 1985–88), Түркістан обл. Бөген ауд. парткомы ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, осы облыстың «Бөржар» кеңшарында

партком хатшысы (1983–85), «Қазқаракөл» респ. ғыл.-өндірістік бірлестігі төрағасының орынбасары (1988–89), «Қазақжабағықаракөл» респ. өндірістік-коммерц. концернінің президенті (1990–92), «Қазагросыртқысауда» экон. қауымдастығының бас директоры (1992–93), «Агросауда» мемл. сыртқы сауда акцион. компаниясының және «Агросауда» акцион. қоғамының президенті (1993–96), ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары – Бас қаржылық әкімш. басқармасының бастығы (1996–97), ҚР-ның Литва Республикасындағы (1997–2002), сонымен қатар ҚР-ның Эстон Республикасындағы (1998–2006), Малайзия еліндегі (2002–04), сонымен қатар Индонезия, Филиппин, Бруней мемлекеттеріндегі Төтенше және өкілетті елшісі (2003–04), Қызылорда обл-ның әкімі (2004–07), Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасы, сондай-ақ Вьетнам Социалистік Республикасы және Корей Халықтық-Демократиялық Республикасындағы Төтенше және өкілетті елшісі (2007–11) қызметтерін атқарған. 2011–17 ж. ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚР Парламенті Сенаты жанындағы Сенаторлар кеңесінің мүшесі. «Құрмет» (2006), «Парасат» (2011), 3-дәрежелі «Барыс» (2016) орденмен, Литва Республикасының 3-дәрежелі «Великий князь Гедеминас» (2012) орденімен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2010).

Қ.Омаров



Азаматов Жаңабай

АЗАМАТОВ Жаңабай (20.4.1913, Сырдария ауд. Шіркейлі а. – 29.7.1996, сонда) – еңбек және соғыс ардагері. Қызылорда пед. техникумын (1934), жоғары партия мектебін (1948–51) бітірген. 1934–39 ж. ауылдық мектепте бастауыш сынып мұғалімі, Сырдария ауд. комсомол к-тінің хатшысы, ауд. партия к-ті әскери бөлімінің меңгерушісі (1939–41) қызметтерін атқарды. 1941–44 ж. 2-дүниежүз. соғысқа қатысып, ротаның саяси жетекшісі болды. Сырдария ауд. партия к-тінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, обл. партия к-тінде нұсқаушы, Жаңақорған ауд. партия к-тінің 2-хатшысы (1944–48), Сырдария ауд. партия к-тінің 2-хатшысы, Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауд. тұтынушылар одағы басқармасының төрағасы, Аламесек машина-трактор станциясында партбюро хатшысы (1950–55) қызметтерін атқарған. 1955–83 ж. туған ауылында ұжымшар бастығы, кеңшар директоры болып қызмет етті. А. 1955 ж. Шіркейлі а-на келісімен ұз. 25 км Бесөзек арнасын қаздыртты. А. басқарған кеңшар бірнеше рет ауыспалы Қызыл Тумен марапатталып, есімі Алтын кітапқа жазылды. Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінің жеңімпазы атанды.

З.Атеева

АЙҒАЛИҰЛЫ Ертай (5.3.1953 ж. т., Өзбекстан, Қашқадария обл. Шырақшы с.) – жазушы-журналист. А. ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері (2000), Ақпарат саласының үздігі (2015), Қазақ журналистикасының қайраткері (2017). ҚазМУ-дың (1978, қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін бітірген. «Лениншіл жас» (1978–86, қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті» (1986–90), «Ана тілі» газеттерінде




Айғалиұлы Ертай

(1990–2005) қызметтер атқарған. 2005 жылдан «Қазақстан дәуірі» халықар. газетінің бас редакторы. А. «Қара жапырақтар» (1995), «Сарайшық ханшасы және Иван Грозный» (2013), «Мен саған ғашықпын!» (2015) атты романдардың, «Қарға тамған қан», «Халық жауының балалары», «Өлімнен де күшті!», т.б. әңгімелердің, «Жер бетінен жоғалған ауыл», «Мен сені сағындым, әпке», т.б. кітаптардың авторы. «Дарабоз» (2001), «Халық алғысы» (2020), т.б. медальдермен марапатталған.

Ғ.Егеубаева

АЙҒОЖА (Айқожа) ИШАН КҮМБЕЗІ (18–19 ғ-лар) – сәулет өнері ескерткіші. Жаңақорған ауд-ндағы Бесарық ст-ның оңт-нде орналасқан. Күмбезді ишан қабірінің басына үлкен ұлы Ибадулла бұхаралық Хамит деген шеберге орнаттырған, кірпішін жергілікті халық құйған. Айғожа халыққа білім беріп, имандылыққа тәрбиелеген. 1778–1858 ж. аралығында өмір сүрген. Күмбез шаршы пішіндес, ауд. 9х9 м, биікт. 8 м, күйдірілген кірпіштен қаланған. Қабырғалары геом. және шырмауықты ою-өрнекпен безендірілген, 8 қырлы барабанды күмбезінде жарық түсетін 4 терезесі бар. Маңдайшасын бөренеден қиған. Ішіне сағана түрінде құлпытас жасалып, үстіне арқардың мүйізі қойылған. Қабырғалары сыртынан тепкішекті қалаумен бекітілген, іргетасының биікт. 4 м. 1989 ж. жергілікті тұрғындардың күшімен қайта жөндеуден өткізілді. А. и. к-не қатысты құжаттар Алматыдағы «Қазақ жобалау-қалпына келтіру» ин-ты мұражайында сақтаулы. Күмбез респ. маңыздағы тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне алынған.

АЙДАРЛЫ – Сырдария ауд-ндағы ауыл, ауылдық окр. орт. Аудан орт. – Тереңөзек кентінен оңт.-шығысқа қарай 115 км жерде, Сырдарияның сол жағалық аңғарында орналасқан. Тұрғыны



Айғожа (Айқожа) ишан күмбезі

1,7 мың адам (2023). Іргесі 1932 ж. қаланды. Осы өңірдегі Әудек, Құмшығанақ, Сарықұм, 1934 ж. Ақарық, Мақпалкөл жерлерінің тұрғындары бірігіп алғашқы мойынсерік (ТОЗ) құрды. Ол 1935 ж. ірілендіріліп «Айдарлы» ұжымшары болды. 1958 ж. ұжымшар «Бірінші Мамыр» ұжымшарына, 1963 жылдан «Амангелді» кеңшарына біріктірілді. 1973–96 ж. ет өндіру бағытында өзімен аттас кеңшардың орт. болып келді. Кеңшар негізінде А-да шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Ауылдан Сыр өңіріне белгілі Асанас, Қожанқожа, Қарабура, Қотыр әулие, Айдарлы, Құлбай, Қошқар ата, т.б. әулие адамдар шыққан. А-да 1985 ж. құрылып, 1988 ж. халықтық театр атағын алған театр жұмыс істейді.

С.Тайман

АЙДАРЛЫ – мүйіс. Арал т-нің солт.-шығыс бөлігінде орналасқан. Бұл атау жердің, төбе мен шоқының биіктігін айдарға теңеу арқылы қойылған. Яғни, «биік жер, шоқы, төбе, биік жота» не «қамыстан айдары бар жер» мәніндегі атау.

АЙДАРОВ Дәуірхан Жәлиұлы (15.7.1930, Қазалы ауд. Бекарыстан би а. – 18.11.2010, Алматы қ.) – қайраткер, филос. ғыл. канд. (1963). Қызылорда пед. ин-тын (1950, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын мектепте мұғалім болып бастаған. Ауд., обл. комсомол к-тінде, обл. партия к-тінде,

Қазақстан Компартиясы ОК аппаратында жауапты қызметте (1950–87), Қазақ КСР Білім қоғамы төралқасы төрағасының 1-орынбасары (1987–90), ҚазҰУ-да аға оқытушы, доцент (1991–96), ҚазПИ-де (1998–2000, қазіргі ҚазҰПУ) доцент болды. А. «Жақсы әдет-ғұрып, мерекелердің қалыптасуы», «Асыл қазына», «Сағынышты жылдар», «Ақ ниет», т.б. кітаптар мен ғыл. еңбектер жазған. 2 мәрте «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

АЙДОСОВ Абылай Хангерейұлы (12.11.1936,



Айдосов Абылай

Ресей, Челябі обл. Полтава ауд. Георгиевка с. – 29.4.2009, Қызылорда қ.) – қайраткер, тарих ғыл. канд., проф. (1994). А. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері. Еңбек жолын бастауыш мектептің мұғалімі болып бастаған. Қызылорда пед. ин-тын (1959, Қызылорда ун-ті), Мәскеудегі Қоғамдық ғылымдар академиясын (1971–73) бітірген. Қызылорда пед. ин-тында комсомол к-тінің хатшысы, обл. комсомол к-тінде нұсқаушы, Тереңөзек (Сырдария) ауд. комсомол к-тінің 1-хатшысы, Оңт. Қазақстан (қазіргі Түркістан) өлкелік комсомол к-тінің хатшысы, Қызылорда обл. комсомол к-тінің 1-хатшысы (1960–71), Қызылорда қ. партия к-тінің 2-ші, 1-ші хатшысы, облыс әкімш-нің ішкі саясат бөлімінің басшысы (1973–96) қызметтерін атқарған. А. «Жақаевшылар» қозғалысының мәртебесін көтере білген мықты идеолог болды. Халықар. Қорқыт Ата мұрасын зерттеу орт-н басқарды. «XI ғасыр және Арал» қоғамдық бірлестігінің төрағасы болды. А-тың 100-ден астам ғыл. еңбегі жарық көрген. «Құрмет белгісі» (1965, 1971), «Парасат» (2006) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (2000).

С.Тайман

АЙЗҰНОВ Сегізбай (1870, Перовск уезі Царская болысы – 1932, Қызылорда қ.) – қайраткер. Ауыл молдасынан сауатын ашқан. 1890 ж. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітірген соң Ташкент қ-ндағы Қазақ-қырғыз Халық ағарту ин-тында директор болып тағайындалған. Ол басқарған кезеңде оқу орнын республикаға белгілі азаматтар, акад. С.Кеңесбаев, проф. Ә.Қоңыратбаев, Қазақстанның халық арт. Қ.Жандарбеков, т.б. бітіреді. 1928–32 ж. Қызылорда окр. оқу бөлімін басқарды. Округ көлемінде бастауыш, жеті жылдық мектептер ашылып, сауатсыздықты жою ұйымшылдықпен жүргізілді. Қызылорда окр. атқару к-тінің жиналысы құжаттарында А-тың баяндамалары, іс-сапарлары, қызметі жайында деректер сақталған.

Т.Дайрабай

АЙНАКӨЛ – ауыл. Сырдария ауд. мен Қызылорда қ-ның шекарасында орналасқан. Тұрғыны 0,5 мың адам (2023). Шеңгелді, жыңғылды айналасында құрғап қалған көлсайлардың орны бар. 1868 ж. осы жердегі ауылда болыстық құрылып, ол «Айнакөл болысы» деп аталған. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін (1920) құрылған болыстық та осылай аталған. 1930–50 ж. осы жерде «Айнакөл» ұжымшары, 1966 ж. Қызылорда бақша-тәжірибе ш. болып құрылған. 1980 ж. гараж, қауын тұқымын өңдейтін, сақтайтын қойма салынып, 1988 ж. қауын өңдейтін цех құрылысы жүргізілді. Елді мекенде №175 мектеп, мед. пункт, спорт және балалар ойын алаңы, 2 а. ш. өндірістік кооперативі мен 9 шаруа қожалығы, 18 шағын кәсіпкерлік нысандары бар. Сондай-ақ ауыл мал және егін ш-мен айналысады.

С.Тайман

АЙНАҚҰЛОВ Тұрысжан (15.9.1933,

Алматы обл. Жамбыл ауд. – 1997, Қызылорда қ.) – актер, Қазақстанның еңбек сің. артисі (1967). 1950–52 ж. Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд-ндағы ұжымшар театрында, 1955 ж. қазіргі Алматы обл. драма театрына актер болып қабылданды. 1960 ж. театр Қызылорда қ-на көшіріліп, Н.Бекежанов атынд. муз. драма театрында өмірінің соңына дейін қызмет атқарды. Ол 100-ден астам сахналық бейнелер қойған. Оның ішінде: Қозы, Қарабай Сердәлі, Хазірет (Ғ.Мүсірепов, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында», «Ақан сері – Ақтоқты»), Алексей (В. Вишневский, «Оптимистік трагедия»), Тузенбах (А.Чехов, «Апалы-сіңлілі үш қыз») т.б. рөлдерді сомдады.

АЙСИНА Дина Есжанқызы (11.7.1940 ж. т., Өзбекстан, Бостандық ауд.) – дәрігер, қоғам қайраткері. Қызылорда қ-ндағы №5 Панфилов атынд. орта мектебін, 1964 ж. Ақтөбе қ-ндағы мед. ин-тын бітірген соң Қараөзекте-



Айсина Дина

гі ауруханада дәрігер, бас дәрігер, қазіргі Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауд. ауруханасының бас дәрігері қызметтерін атқарды. 1969–76 ж. ауданда ауруханалар мен емханалардың көптеп салынуына, білікті дәрігерлермен қамтамасыз етілуіне елеулі үлес қосты. Қызылорда обл. партия және обл. атқару к-тінің шешімімен Тереңөзек ауд. атқару к-тінің төрағасы (1982–88), Қызылорда обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары, обл. әйелдер кеңесінің төрайымы (1988–93) болып сайланды. Сырдария ауд-ның (2006), Қызылорда обл-ның (2016) құрметті азаматы.

С.Тайман

АЙТБАЕВ Мәжит (1914, Қызылорда обл. – 1945, Германия, Дрезден қ.) – ақын, қобызшы. ҚазПИ-ді (қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. 1937–39 ж. Қызылорда пед. ин-тында оқытушы, студенттер даярлау курсының бастығы, Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда обл. бойынша өкілі қызметтерін атқарған. Өлең, әңгімелері мерзімдік баспасөздерде, жинақтарда жарияланған. Көркем аудармамен айналысқан. 1939 ж. А. әскерге алынып, батыс шекарада қызмет атқарды. 1941 ж. тұтқынға түсті. «Түркістан ұлттық бірлік комитетіне» мүше болып, «Жаңа Түркістан», «Милли Түркістан» газеттерін шығаруға атсалысқан, «Милли әдебиет» альманахының бас редакторы



Айтбаев Мәжит

болған. 1943 ж. Берлинде «Абылай хан» атты өлеңдер жинағы жарық көрген. Оған 2 дастан, 3 баллада, 4 ән, 41 өлеңі енген. Шығармаларын Қобызшы Қорқыт деген бүркеншік атпен жазған. Шерлі ақын шынында да Қорқыт болып күңіренеді. Алтайды, Арқаны, Сырды сағынады, Тұранды, Түркістанды іздейді, туған жерге тәуелсіздік туын тігуді армандайды. Сағынышын сарнаумен шығарып, осы жолда қан төгудің өзі қасиетті деп өзін алдарқатады. «Милли әдебиеттің» 1944 жылғы бір саны А-тың 30 жылдығына арналған. А. 1945 ж. Дрезденде бомба жарылысынан қаза тапты. «Абылай хан» жинағындағы өлеңдерінің бәрі, «Милли Түркістан», «Милли әдебиеттен» табылған 30 шақты жыры 1991–95 ж. Қазақстанда жарияланды.

У.Қыдырханұлы

АЙТБАЕВ Салихитдин Әбдісадықұлы (15.2.1938, Қызылорда қ. – 29.9.1994, Алматы қ.) – кескіндемеші, график-суретші,

Қазақстанның еңбек сің. өнер қайраткері (1988). Алматы көркемсурет уч-щесін (1961) бітірген. М.Кенбаевтан дәріс алған. 1969–71 ж. осы уч-щеде ұстаздық етті. А-тың алғашқы кескіндемелік шығармаларынан шығыс миниатюрасының әсері байқалады. Ұлттық салт-дәстүр рухымен іштей үйлесім тапқан «Шопандар демалысы» (1962), «Бақыт» (1966), «Жас қазақтар»




Айтбаев Салихитдин

(1968), «Қонақ келді» (1969) картиналары қазақтың бейнелеу өнеріне соны сипат әкелді. Ол «Ә.Әлімжанов» (1970), «Ана» (1973), «Әке», «Шопан» (екеуі де 1974), «Абай» (1994) портреттерін салды. 1966 ж. оған «Менің Отаным» атты суреттер топтамасы үшін Қазақ КСР-нің Ленин комсомолы сыйл. берілді. А-тың кескіндемелік және график. туындылары ҚР-ның Мемл. бейнелеу өнері мұражайында сақтаулы. Қызылорда қ-ндағы көркемсурет галереясына (2018) және бір көшеге А. есімі берілді.

Қ.Болатбаев

АЙТБАЕВ Түймебай (13.12.1923, Сырдария ауд. Н.Ильясов а. – 20.12.2001, сонда) – ардагер ұстаз. А. Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі (1967, 1978), КСРО Халық ағарту ісінің үздігі (1985), Қазақ КСР-нің еңбек сің. мұғалімі (1983). Қызылорда пед. уч-щесін (1950), Қызылорда пед. ин-тының (1956, қазіргі Қызылорда ун-ті) тарих ф-тін бітірген. 1950 ж. ұстаздық жолын Э.Тельман атынд. №132 мектепте мұғалім болып бастап, 42 жыл еңбек етті. 1961–87 ж. осы мектепте директор болды. Халыққа білім берудегі ерен еңбегі үшін құрметті «Ғасыр мұғалімі» атанды. 2003 ж. ҚР Үкіметінің Қаулысымен №132 орта мектепке А-тың есімі берілді.

АЙТБАЙ МЕШІТІ – респ. маңызы бар сәулет өнері ескерткіші. Қызылорда қ-нда орналасқан. 1878 ж. Айтбай қажының қаржысына Әулиеата шеберлері Ысқақ пен Қамал салған. Биікт. 14 м-ді құрайтын мешіттің көл. 22х16 м. Алдыңғы жағы үлкен портал болып келеді. Күйдірілген қышпен өрнектелген, ортасындағы ойық-есік, екі жағынан төрт жалған терезе іспеттес оймышпен әшекейленген. Төбесі қаңылтырмен жабылып, іші сыланып, әктелген. 1980 ж. «Қазақ жобалау-қалпына келтіру» институты мешіттің толық қалпына келтіру-жөндеу жобасын жасады. 1950 ж. кинотеатр ретінде пайдаланылса, кейін ол жерге мектеп-интернат, 1970–71 ж. тігін цехы мекемесі орналастырылды. Ал қазіргі таңда ғимаратқа мешіт міндеттері қайтарылды. Ғимарат тікбұрышты жоспарда күйдірілген кірпіштерден тұрғызылған. Іргетасы да дәл осындай кірпіштерден қаланған. Мешіт ішкі қабырға арқылы намаз оқу залына және вестибюльге бөлінген. Залдың ортасында темір жабынды-



Айтбай мешіті

сымен жабылған, шатырға қарай жоғарылайтын күмбез кеңістігі орналасқан. Орт. бөлігіне жақын тұрған бөліктер шеткілеріне қарағанда тар болып келген. Орт. бөлік көркем безендірілген. Оның төм. бөлігінде қабырғадан шығыңқы түрде орналасқан «көп қырлы» михраб, ал жоғ-сында картуштармен безендірілген аттик орналасқан. Қалған бөліктері бірдей безендірілген. Олар михраб деңгейінде шығыңқы кірпіштерден сәулелі арка түрінде аяқталған жапсырма «жиектемелермен» безендірілген. Жоғары жағында олар кіші қуыстармен «тігіс» түрінде безендіріліп, таспалы өрнектермен көмкерілген. Мешіттің ауласында, солт.-батыс және оңт.-шығыс жағында қызмет және тұрғын бөлмелері орналасқан. Мешіт ежелгі мұсылман культтік сәулет өнерінен өзгеше түрде салынған.

АЙТБЕМБЕТ Бегалы Нұрманұлы (15.10.1939, Қазалы ауд. Жаңажол а. – 7.12.2018, Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1984), проф. (1986), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2003). А. КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Профилакт. мед. академиясының акад. (1992). Семей мед. ин-тын (1964, қазіргі Семей мед. ун-ті) бітірген. Шымкент (қазіргі Түркістан) облының Түркістан қ. әкімдігінің мед. бірлестігінде бас дәрігердің орынбасары (1964–66), Бәйдібек ауд. ауруханасында бас дәрігер (1966–70), Семей мемл. мед. ин-тында аспирант (1970–73) Алматы мемл. мед. ин-тының (Қазақ ұлттық мед. ун-ті) госпиталдық емдеу кафедрасының ассистенті (1973–76), Респ. клиник. ауруханасында бас дәрігерінің емдеу жөніндегі орынбасары, бас дәрігер (1977–85), Алматы мемл. мед. ин-тында кафедра меңгерушісі (1985–89), Қазақстан Денсаулық сақтау мин-нде бас терапевт (1989–92), Қазақ Гигиена және кәсіби аурулар ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1994), 1998 ж. Гигиена және эпидемиология ғыл. орт-ның директоры қызметтерін атқарды. 2000 жылдан Респ. клиник. психиатрия ауруханасының бас дәрігері, 2001–03 ж. Респ. психиатрия, психотерапия және наркология ғыл. практик. орт-ның директоры болды. 200-ден астам ғыл. еңбектің, 2 монография, 7 оқу құралы, 12 әдістемелік ұсыныстың авторы. 5 ғылым докторын, 23 ғылым кандидатын дайындады. Бірнеше медальдармен марапатталған. Туған жері Қазалы кентінде ескерткіш бюсті қойылған. Қазалы ауд-ның құрметті азаматы.

К.Төлеутайұлы

АЙТЖАНОВ Айдарбек (25.12.1907, қазіргі Қарағанды обл. Нұра ауд. Жіңішке а. – ө.ж.б.) – партия қызметкері. Қызылорда қаржы-экон.техникумында оқыған (1930–31), Ақмола педтехникумын (1932), Алматыдағы Қазақ марксизм-ленинизм ин-тын (1938) бітірген. Ақмола обл. 18-, 15- ауыл-ндағы бастауыш мектептерінің мұғалімі, меңгерушісі (1928–30), Ақмола қ-ндағы 7 жылдық фабрика-зауыт мектеп-интернатының мұғалімі, қойма меңгерушісі, директоры (1932–37), Қазақстан КП (б) ОК Жоғары партия мектебінің оқытушысы (1938–39), ҚазПИ-дің (қазіргі ҚазҰПУ) аға оқытушысы (1939–41), Қазақстан КП (б) ОК аппаратында лектор (1941–46), Қызылорда обл. к-тінің хатшысы (1946–47), Мәскеу қоғамдық ғыл. академиясының тыңдаушысы (1947–48) болған. 1948 ж. наурызда Қызылорда пед. ин-тының (қазіргі Қызылорда ун-ті) директоры болып тағайындалған және осы қызметінен тамызда денсаулығына байланысты босатылған. Кейінгі тағдыры белгісіз. Қызыл жұлдыз орденімен (1945), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

АЙТМҰХАМБЕТОВ Абай Ахметғалиұлы (5.12.1943, Ақмола обл.



Айтмұхамбетов Абай

Бурабай ауд. Бурабай кенті – 28.3.2018, Қостанай қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1998), проф. (2001). ҚазМУ-ды (1969, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қостанай пед. ин-тында оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, ф-т деканы (1969–87), Қызылорда пед. ин-тының ректоры (1987–91), Көкшетау пед. ин-тының (1991–96), Көкшетау ун-тінің ректоры (1996–2007) қызметтерін атқарған. 2008 жылдан Қостанай өңірлік ун-тінде проф. Негізгі ғыл. еңбектері «Ғарыштық бөлшектер», «Оқытудың жаңа технологиясын енгізу» салаларына арналған. А. 150-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 3 монография, 2 оқу құралының авторы. «Құрмет» орденімен (2016), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Айтуғанов Шамша

АЙТУҒАНОВ Шамша (10.3.1947 ж. т., Қазалы ауд. Жанай а.) – журналист, КСРО Журналистер (1974), Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. ҚазМУ-дың мех.-матем. (1971, қазіргі ҚазҰУ), Алматы экономика және құқық ин-тын (2002, қазіргі Нархоз ун-ті) Каспий қоғамдық ун-тінің қаржы және несие ф-тін (2004) бітірген. Ауд. «Ленин туы» газеті редакциясында корректор, әдеби қызметкер, аға әдеби қызметкер, еңбекші хаттары бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы (1965–76), Қазалы ауд. партия к-тінің ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісінің орынбасары (1988–91), халықар. «Қазақ тілі» қоғамы Қазалы ауд. ұйымы басқармасының төрағасы, ауд. әкімш. Тіл басқармасының бастығы (1991–94), әкімнің орынбасары (1994–95), әлеум. қорғау бөлімінің меңгерушісі, жұмыспен қамту және әлеум. бағдарламалар бөлімінің бастығы (1995–2010), «Қазалы» газеті мемл. коммуналдық кәсіпорнының директоры, бас редакторы, «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты ауд. «Қазалы» газетінің бас редакторы (2011–16) қызметтерін атқарған. Ауд. партия к-тінің мүшесі, Кеңес депутаты болды. А-тың бірнеше кітаптары жарық көрген. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

С.Тайман

АҚАЙ – Қармақшы ауд-ндағы ауыл, ауылдық окр-нің орт. Төретам кентінтік әкімдігі аумағында. Сырдария өз-ндегі бірнеше шақырым жердегі аралдың атымен А. деп атап кеткен. Аудан орт. – Жосалы кентінен батысқа қарай 48 км, Төретам кентінен (т. ж. ст-нан) 3 км жерде, Сырдария өз-нің жағалауында орналасқан. Тұрғыны 5,6 мың адам (2023). Іргесі 1959 ж. қаланған. 1959–96 ж. КСРО Қорғаныс мин-нің көкөніс-сүт өндіретін №22 кеңшарының орт. болған. А-да кезінде ет комб., тауық, сиыр фермалары мен сыра з-ты жұмыс істеген. Ауылда бірнеше балабақша, орта мектеп, емхана, клуб, кітапхана, мешіт халыққа қызмет көрсетеді. Сондай-ақ бірнеше шаруа қожалығы, наубайхана, кондитер цехы, жанар-жағармай құю бекеті, дүкен, т.б. бар.

С.Тайман

АҚБАЙ – Арал ауд-ндағы ауыл, Қамыстыбас ауылдық окр-нің құрамында. Аудан орт. – Арал қ-нан оңт-ке қарай 85 км, округ орт. Қамыстыбас а-нан оңт.-шығысқа қарай 10 км жерде, Басықара каналының бойында орналасқан. Тұрғыны 0,9 мың адам (2023). 1935 ж. А., 1937 ж. серіктестік артель, 1938 ж. Қазақстанның 20 жылдығы атынд. ұжымшар, 1949 ж. «Қазақстанның 30 жылдығы», 1957 ж. «Қаракұм» кеңшарының №8 фермасы орт., 1996 жылға дейін қаракөл қойын өсіретін кеңшардың орт. болып, ауыл Ақирек деп аталған. Кеңшар негізінде А-да 6 шаруа қожалығы

бақша өнімдерін өндірумен, «Арал-құс» СПК құс өсірумен айналысады. №63 орта мектебі, балабақша, кітапхана, мешіт, емхана халыққа қызмет көрсетеді. Ауыл тұсынан Батыс Қытай – Батыс Еуропа автомоб. жолдары өтеді.

АҚБАСТЫ – Арал т-нің шығысында, жағалаудан 12 км жерде, солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай созылып жатқан бұрынғы арал. Жер аум. 8 км, ұз. 10 км-ге жуық, ені 1,3 км. А-ның жер бедері жазық, құмдақты шөгінділерден түзілген. Кезінде сан түрлі құстар мекендеген, суы балықтарға бай болған, жағалауында ну қамыс, қоға өскен. А. теңіз суының саязданuына байланысты көршілес жатқан Қосарал, Құсжетпес, (Көзжетпес) Қараарал және Орысқамыс аралдарымен бірігіп, теңіз жағалауына айналған. А. аралы туралы алғашқы мәліметтер Л.Берг экспед-нан кейін жинақтала бастаған.

АҚБИКЕШ (т.-ө. ж.б.) – 17 ғ-дың алғашқы жартысында өмір сүрген көріпкел. Есім хан жасақтарының Бұхараға, Қашқария уәлаяттарына, Құба қалмаққа жасаған жорықтарына қатысқан ержүрек қыз. Ол алыстағы жау әскерлерінің орнын дәл болжауы арқылы қазақ жасақтарына көп көмек көрсеткен. А. еліне оралған соң, Қаратау өңірінен биік мұнара тұрғызып, жауды осы қарауыл мұнарадан бақылап тұрған. Кейін бұл мұнара «Ақбикеш мұнарасы» аталып кеткен. Ел аузында сақталған аңызға қарағанда, А-ті жоңғарлар қапыда қолға түсіріп, көзін ойып алған.

АҚБИКЕШ МҰНАРАСЫ – Қаратаудың батыс сілемдеріндегі Ақсүмбе кентінен оңт-ке қарай орналасқан биік жота басындағы тарихи ескерткіш. Мұнара «Ақсүмбе» деген атпен тарихшы Шараф-әд-дин әл-Жүздінің «Зафарнамесінде» («Жеңіс кітабы»), Әмір Темірдің 1389–90 ж. Тоқтамысқа қарсы жорықтарын сипаттағанда Дешті Қыпшақ даласын бақылап отыру үшін Қаратау шыңына салынған қарауыл мұнарасы ретінде аталады. Жергілікті тұрғындар мұнараны Ақбикеш арудың есімімен байланыстырады. Мұнара жартас арасын ірі қиыршық тастармен толтырған іргеліктің үстіне шикі кірпіштен тұрғызылған. Пішімі жұмыр. Ішіне кіретін бір, айналаны бақылау үшін жасалған екі ойығы бар. Оның бірі



Ақбикеш мұнарасы

батысқа, екіншісі солт.-шығыс жаққа қараған.

Е.Бәйтенов

АҚБӨКЕН, киік (Saigatatarica) – жұп тұяқтылар отрядының бөкендер туысына жататын, тұлғасы ірі, қойға ұқсас, дөңес тұмсықты, күйіс қайыратын түз жануары. А-нің қазба қалдықтары плейстоцен қабатынан Батыс Англиядан Шығыс Аляскаға дейінгі аралықтан табылған. А-дер Моңғолияда, Қалмақ даласы мен Қазақстанда ғана сақталған. Республи-



Ақбөкен

камызда А-дердің бір-бірінен жеке дара бөлінген Бетпақдала-Арыс, Үстірт және Еділ-Жайық деген топтары мекендейді. Текелерінің дене тұрқы 126–150 см, салм. 37–49 кг, ал ешкілері кішірек, дене тұрқы 109–127 см, салм. 22–37 кг-дай болады. Үстіңгі ерні салбырап, етті тұмсыққа айналған. Текесінің мүйізі қайқылау келеді, ешкісінде мүйіз болмайды. Жаз айларында арқа түсі сарғыш тартады, қыста түсі ақшылданады. А-дер шөл, шөлейтті және далалық аймақтарда тіршілік етуге бейімделген.

Олардың қоныс өзгертуі ауа райына байланысты. А. жұп тұяқты жануарлардың ішіндегі ең өсімталы, жылына бір рет төлдейді. Жаппай төлдеуі мамырдың 1-жартысында өтеді. Бұл кезде күн салқындап, жауын-шашын көп болады да, оны қазақ халқы «Құралайдың салқыны» деп атайды. Көбіне егізден, кейде 3 лақ та туады. А-дер өсімдіктердің 80-нен астам түрімен қоректенеді. Олардың басты жауы – қасқыр, ал жас төлдеріне бүркіт, дала қыраны мен қарақұстар да шабуыл жасайды. А. аусыл, пастереллез ауруларымен ауырады. А. – дәмді еті, құнды мүйізі мен тұяғы, әдемі терісі үшін аулайтын кәсіптік маңызы бар жануар. Қазақстанда 1921 ж. А-ді аулауға тыйым салынған. 1957–58 ж. олардың жалпы саны 2 млн-нан асқаннан кейін, кәсіптік жолмен аулауға рұқсат берілді. Оның мүйізінен пантокрин дәрісі алынады, тұяғын күйдіріп, одан алынған күлді денедегі теміреткіге жағады, сусамыр ауруына шалдыққандарды емдеу үшін пайдаланады.

С.Махмұтов

АҚДАЛА – көл атауы. Қызылқұмның солт.-шығыс бөлігінде, Сырдария өзінің бойында. Ақ – тап-таза тақыр, кең, үлкен, ал дала – кең байтақ, шексіз жер, құла дүз мағыналарын береді. Яғни, орманы, тау-тасы, қыр-қыраты не бұталы өсімдігі жоқ ашық кең дала, құла дүз мәніндегі атау.

АҚДӘУЛЕТОВА Алма Танабайқызы (8.3.1933, Алматы қ. – 21.1.2024, Қызылорда қ.) – еңбек ардагері, биол. ғыл. канд.



Ақдәулетова Алма

(1972). Кеңестер одағы деңгейіндегі Әйелдер съезінің делегаты (1987). Қызылорда пед. ин-тын (1954, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Осы ин-тта оқытушы, аға оқытушы, Зоология кафедрасының меңгерушісі міндетін атқарушы болып студенттерге дәріс берген (1954–69). Қызылорда обл. атқару к-тінде ғылым және білім бөлімінің меңгерушісі (1969–73), обл. атқару к-тінің хатшысы (1973–78), обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1978–88) қызметтерін атқарған. Зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін обл. әйелдер қоғамының төрайымы болған. Обл. кеңестің бірнеше мәрте депутаты болды (1973–88). «Құрмет белгісі» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің, облыс әкімінің Құрмет грамоталарымен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2011).

О.Айдаров

АҚДӘУЛЕТОВА Қаракөз (3.3.1956, Сырдария ауд. Иіркөл а. – 3.7.2020, Қызылорда қ.) – әнші, ұстаз, Қазақстанның еңбек сің. арт. (1996). Қызылорда пед. ин-тын (1977, қазіргі Қызылорда ун-ті), Алматы мемл. консерваториясын (1985, проф. Б.Төлегеновaның класы бойынша) бітірген. 1985 жылдан Қызылорда музыка уч-щесінде «Ән салу» бөлімінің меңгерушісі болды. Ол басқаратын балалар студиясының шәкірттері дүниежүзінің



Ақдәулетова Қаракөз

Эстония (1996), Түркия (1997), Франция (1998), Армения (2000), Болгария (2000, 2005), Қырғызстан (2001), Ресей (2001), Америка (2003), т.б. елдерінде өткен өнер сайыстарында жүлделі орындарға ие болды. «Super star KZ» мегапроектісінің алғашқы жеңімпазы А.Кішкенбаев

та А-ның шәкірті. А. «Құрмет» орденімен (2019), ҚР БҒМ-ның Құрмет грамотасымен (1997) және Президенттің Алғыс хатымен (2001) марапатталған.

С.Тайман

АҚЕСПЕ – ұңғыма, ыстық сумен емдеу орны (1986). Арал ауд-на қарасты Ақеспе а. маңынан 1200 м тереңдіктен шыққан ыстық судың темп-расы 62°С. Тері, буын, жүйке ауруларына салқын тигенге пайдалы. Экотуризм және мед. маңызы зор.

Г.Сәтбаева

АҚЖАР – Қармақшы ауд-ндағы ауыл, Ақжар ауылдық окр. орт. Округ құрамында болған «Таң шапағы» а. 2018 ж. таратылған. Жосалы кентінен оңт.-батысқа қарай 55 км жерде, құмдық шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 1,8 мың адам (2023). Іргесі 1929–31 ж. №8 артель ретінде құрылды. 1935 ж. МТС, 1950 ж. Қазақстанның 30 жылдығы атынд., кейін «Сталин» ұжымшары болды. 1997 ж. кеңшар негізінде ауылда өндірістік серіктестік құрылды. №28 орта мектеп, клуб, балабақша, амбулатор. емхана, мешіт халыққа қызмет көрсетеді.

С.Тайман

АҚЖАРМА – ауыл, Қызылорда қ. әкімдігі аумағындағы округ орт. Қызылорда қ-нан батысқа қарай 25 км жерде, Сырдарияның сол жағалауында орналасқан. Тұрғыны 2,7 мың адам (2023). Сырдария ауд-ның құрамында болған Октябрь ауылдық кеңесі (1979 жылдан орт. – Машина сынау ст.) 1997 ж. Ақжарма ауылдық окр. болып өзгертіліп, Қызылорда қ-ның әкімдігіне қарағаң, 2017 ж. Баймұрат батыр а. болып қайта құрылды. Күріш, бау-бақша дақылдарын өсірумен, мал ш-мен айналысады. Ауылда 18 шаруа қожалығы бар. Елді мекеннің жер көл. 7,7 мың га-ны, оның ішінде егін және мал ш. 1,7 мың га жерді құрайды.

Қ.Омаров

АҚЖОЛОВ Мырзағали (1916, қазіргі Жалағаш ауд. Жаңаталап а. – 1989, сонда, Жалағаш кенті) – жырау. Жасынан өлеңге құмар болып, Сыр сүлейлерінің жыр-термелерін, қисса-дастандарын жаттап өскен. Кейіннен өзі де өлең шығарған. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Балқы Базардың ұмытылып бара жатқан жырларының қайта жаңғыруына көп үлес қосты. А. әрі жырау, әрі суырыпсалма айтыскер ақын. 1958, 1963, 1980 ж. обл., ауд. айтыстарға қатысып, жүлдегер атанған. Ол кезінде Ә.Жүргенбаев, З.Ибадуллаев, т.б. ақын-жыраулармен айтысқан. «Көроғлы», «Қақпандағы киік», т.б. дастандарды жырлаған.

Т.Дайрабай

АҚЖОНА – Қазалы ауд-ндағы ауылдық округ. Құрамына Майдакөл а., Жалпақты елді мекені кіреді. Тұрғыны 1,1 мың адам (2023). Орт. – Майдакөл а. Ауылдың батыс беткейінде биік жон (төбе) болған. Ол жерде отырықшы ел қоныстанған. Оның биік төбесі алыстан қарағанда ақ болып көрінеді екен. Сондықтан отырықшы ел ол жерді Ақжона деп атап кеткен. 1974–88 ж. Жаңаталап ауылдық кеңесі болып, 1988 жылдан Алға ауылдық кеңесіне біріктірілген. 2005 ж. Алға ауылдық окр-нен бөлініп, А. а.о. атауын алған. А. «Айзат», «Азамат-1», «Ботабай», «Дүзбаев Әсет» мал ш-мен, «Нұртаза-Бек», «Аман», «Оспанов» шаруа қожалығы егін ш-мен айналысады. Ауыл тұрғындары «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбыры арқылы ауыз су пайдаланады. Ауылда №98 орта мектеп, балабақша, мешіт, клуб, бірнеше азықтүлік дүкендері, т.б. бар.

АҚИРЕК – Арал ауд-ндағы ауылдық округ. 2005 ж. құрылған. Округ орт. – Ақбай а. Ауылдық округ облыс орт-нан 356 км, аудан орт-нан 90 км жерде орналасқан. Жер аум. 39,8 мың га. Тұрғыны 0,8 мың адам (2023). Ауылдық округ-нің шығысы Қазалы ауд-мен шектеседі. Оңт. мен оңт.-батысында Бекбауыл, батысында Қамбаш ауылдық округтері орналасқан. Ауылдық округтен 13 км жерде Ақирек тауының маңында Арыстанбаб кесенесі бар.

АҚКӨЛ – Арал т-нде, Қаратерең түбегі мен Тоқпан теліміндегі қолтық.

Арал ауд. аумағында. Аум. 22,0 мың га. Теңіз суы толған кезде А-дің балығы мол, жағалауының шөбі шүйгін әрі малға жайылым болды. Сырдария тасыған кезде А-дің суын жергілікті тұрғындар ш-қа пайдаланған. Қазірде суы тартылып қалған.

А.Нұрғызарынов

АҚҚОРҒАН – орта ғасырдағы қала орны. Жаңақорғаннан 70 км, Сайрамнан 110 км жерде орналасқан. Оны алғаш 1970 ж. Отырар археол. экспед. зерттеген. Жұрты осы күнге дейін А. болып айтылады. Деңгейі трапеция тәріздес төбе. Басқа бөлігінен биік цитаделінің ұз. 150 м, ені 110 м, биікт. 6 м. Оны қоршай жатқан аласа төбенің қабырғалары: шығысында 210 м, батысында 240 м, оңт. және солт. бөліктерінде 230 м. Қаланың қорғаныс қабырғасы мен оның сыртындағы ордың іздері анық сақталған. Жинастырылған деректерге қарағанда қала 15–18 ғ-ларда өмір сүрген.

К.Байпақов

АҚҚҰЛАҚ – Арал ауд. Аманөткел ауылдық окр. құрамындағы ауыл. Аудан орт. Арал қ-нан оңт-ке қарай 82 км жерде, Сырдария өз-нің бойында орналасқан. Тұрғыны 0,25 мың адам (2023). Атаудың бірінші сыңарындағы ақ – сын есім, топонимдер құрамында «кең-байтақ, үлкен, зор», «таза», «мөлдір», «тұнық» деген мағынаны білдіреді. Ал атаудың екінші сыңарындағы құлақ – геогр. термин әрі жалпы есім (аппелятив) ретінде түркі тілінде гидронимдік мәндегі атаулар құрамында жиі қолданылады. Яғни, құлақ – «арықтағы суды жырып әкететін кішкене тоспа». Осы жерде дене тұрқы 13–28 см, құйрығының ұз. 150–200 гр. сусар тұқымдас, көбіне құмдауыт, шөлейт не өзен, көл жағасындағы қамыстар мен жықпыл тастар арасында жүретін кішкентай жыртқыш аң болған



Аққорған қала орны

екен. Жер атауы сол аңның атына қойылған.

АҚҚҰЛОВ Жұмабек Жарылқасынұлы (1.5.1943 ж. т., Жалағаш ауд. Мәдениет а.) – жырау, Сыр сүлейлері шығармаларын насихаттаушы, зерттеуші.



Аққұлов Жұмабек

А. ҚР Мәдениет қайраткері (2004), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2008). Қызылорда пед. ин-тының (1971, қазіргі Қызылорда ун-ті) «Музыка және ән» мамандығын бітірген. Жалағаш ауд-нда балалар музыка мектебінде оқытушы, директор, аудандық мәдениет бөлімінде әдіскер (1971–94), Қызылорда мемл. ун-тінің (қазіргі Қызылорда ун-ті) аға оқытушысы, доценті, кафедра меңгерушісі (1994–2008) қызметтерін атқарған. Обл. мәдениет саласы ардагерлері кеңесінің төрағасы болған. А. өзіндік мақамы бар жыршы. Жыраулық дәстүр сынды ұлттың өлмес өнерін насихаттау бағытында 1955 жылдан бері еңбектеніп келеді. Әйгілі «Шаһнаманы» таспаға түсірген 23 жыраудың бірі.

А-тың Тұрмағамбет мұраларына арналған 400-ден астам туындысы 23 сағаттық таспаға жазылған. Оның шығармалары «Қайталанбас дауыстар», «Сыр әуендері», «Сыр саңлақтары», т.б. жинақтарға, «Сыр сүлейін сұрасаң…» атты музыкалық альманахқа (2008) енгізіліп, таспаға түсірілді. Сайыпназар ахунның 1840 жылдары жазылған «Мұхаммед-Ханафия» дастанын өз орындауында, ноталық жазбасын күйші Т. Тоғжанмен бірлесе отырып, баспадан шығарды. А. Жалағаш ауд. «Алтын Арай» халық ән-би ансамблі құрамында Мәскеу қаласында Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінің қола медалімен (1981), КСРО композиторлар Одағының құрмет грамотасымен (1983), обл. әкімінің алғыс хаттарымен марапатталған. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы (2014).

Қ.Омаров

АҚҚҰМ – Жалағаш ауд-ндағы ауыл, Аққұм ауылдық окр-нің орт. Облыс орт. Қызылорда қ-нан 80 км, аудан орт. Жалағаш кентінен 35 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,8 мың адам (2023). Ауылдың бастауында тұрған «Сталин» ұжымшары 1965 ж. Қазақстанның 40 жылдығы атынд. ұжымшар, 1967 ж. «Аққұм» кеңшары болып қайта құрылды. А. окр-нің жер аум. 15,4 мың га-ны құрайды, оның ішінде елді мекеннің жер аум. 21,0 мың га, а. ш. бойынша жер көл. 46,0 мың га, егістік 23,4 мың га болса, жайылымдық жер 52,3 мың га. Бүгінгі таңда ауылда учаскелік аурухана, емхана, мектеп, балалар бақшасы, мәдениет үйі, пошта байланыс бөлімшесі, бірнеше дүкен және 73 кәсіпкерлік нысандары бар. Ауыл тұрғындары мал, егін ш-мен айналысады. Жеке отбасылар бойынша 2399 бас мүйізді ірі қара, 1461 бас жылқы, 3828 бас қой-ешкі, 25 бас түйе, 554 тауық есепке алынса, шаруа қожалықтары бойынша 623 бас мүйізді ірі қара, 617 бас жылқы, 968 бас қой, 29 бас түйе есепке алынған. Ауылда 14 шаруа қожалығы бар. Олардың арасында ең ірісі 85 адамды жұмыспен қамтитын «Бақдәулет» шаруа қожалығы (құрылтайшысы Қ.Бисенов) 1252 га күріш егіп, әр гектарынан 47,9 ц-ден өнім жинады (2023). Жоңышқа егісінің көл. 300 га-дан асады. 2012 ж. ашылған асыл тұқымды мал өсіру мен мал бордақылау бағытындағы «Бақдәулет-57» фермерлік қожалығында 160-тай қазақтың асыл тұқымды ақ бас мүйізді ірі қарасы және 800-ден астам асыл тұқымды қылшықты жүнді қой өсірілуде. «Бақдәулет» шаруа қожалығы ауылдан күріш өңдейтін диірмен, мал соятын қасапхана, мейрамхана, монша, атжарыс алаңы, сауда орт., сондай-ақ шаруашылығында Магдон, Енисей, «Класс», «Джондир», «Торум» комбайндары, «Джондир», «ХТЗ-172», «ХТЗ-150», «МТЗ-80» тракторлары, шөп байлаушылар, жүк көліктері, т.б. техникалардан тұратын паркі бар.

Т.Адисұлы, Қ.Омаров

АҚҚЫР – Жалағаш ауд-ндағы ауыл, ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. Жалағаш кентінен 75 км жерде, оңт.-батысқа қарай орналасқан. Тұрғыны 1,1 адам (2023). Аққыр а-ның негізі 1964 ж. қаланған. Тың және тыңайған жерлерді игеру мақсатында 1963 ж. «Аққыр» кеңшары құрылды. Жер аум. 24,8 мың га, оның ішінде а. ш. жері 18,0 мың га, тыңайған жер 169 га, басқа жер 66,5 мың га. 1991 жылға дейін А-да 35–40 мыңдай қой, 3500 жылқы, 300 түйе болды. 1998 ж. шаруашылық жекешелендіріліп, 12 бөлікке бөлінді. Кейін қайта құрылымдық өзгерістер болып, ауыл халқы нарықтық қатынастарға бейімделе бастады. Бүгінгі таңда ауылда учаскелік аурухана, емхана, мектеп, клуб, пошта байланыс бөлімшесі, мектеп жанындағы балабақша, бірнеше дүкен жұмыс істейді. 36 кәсіпкерлік нысандары бар. А. тұрғындары мал ұстап, егін егумен айналысады. А. 5741 бас қой-ешкі, 665 бас жылқы, 98 түйе тіркелген. А. «Сайлау», «ЕрСулБиБек», «Нұрбек», «Алихан-Айдан» шаруа қожалықтары а. ш. өнімдерін өндіреді.

Т.Адисұлы



Ақлақ тоспасы

АҚЛАҚ ТОСПАСЫ – Сырдарияның Кіші Арал т-не құяр сағасындағы бөгет. А. т. Кіші Арал т-н сумен толықтыру мақсатында салынған. 2006 ж. іске қосылды. Тоспаға баратын жолдың ұз. 19,5 км, ені 12 м, биікт. 5,5 м, радиусы 9 м үш су өткізгіш (жібергіш) тесігі бар. Жобалық су өткізгіштігі: жазда 515 м^3, қыста 400 м^3, қалыпты жағдайдағы су деңгейі 53,5 м, табалдырығының биікт. 48,5 м, құдық түбінің тереңд. 37,2 м, су жүретін жарманың ұз. 100 м, су ағатын жарманың ұз. 450 м.

А.Нұрғызарынов

АҚМАРҚА (Aspius aspius) – тұқы тұқымдасына жататын жыртқыш балық. Дене тұрқы 70 см, салм. 7 кг-нан асады. Тұрқы ұзын, екі бүйірі сәл қысыңқы. Астыңғы жақтарының ұшындағы кішкентай бұдырмақ оның үстіңгі жақтарының қосылған жеріндегі ойыққа дәл келеді. Бауырының құрсақ қанаттарынан кейінгі жері қырлы, арқасы бозжасыл, екі бүйірі күміс түстес, бауыры ақ болады. Қазақстанда А-ның 2 түрі бар. Бір түрі – Каспий су алабында (Балқаш – Іле су алабында жерсіндірілген), екінші түрі – Арал т-нде, Сырдария мен Сарысу, Шу өзендерінде тіршілік етеді. Соңғысын Сыр, Шу ақбалығы деп те атайды. А. 3–5 жасында жыныстық жағынан жетіледі. Уылдырығын (300 мыңға дейін) сәуір – мамырда өзендердің ағысты, майда тасты жеріне шашады. Шабағы – майда омыртқасыздармен, ересектері шабақтармен, майда балықтармен қоректенеді. Кәсіптік маңызы бар.

Ә.Бәйімбетов

АҚМАЯ – Шиелі ауд-ндағы ауыл, округ орт. Аудан орт. – Шиелі кентінен оңт.-шығысқа қарай 16 км жерде, Телікөл каналының батыс жағасындағы шөл белдемде орналасқан. Тұрғыны 2,7 мың адам (2023). 1973 жылға дейін ұжымшар орт., 1997 жылға дейін «Авангард» күріш кеңшары мен Ақмая ауылдық кеңесінің орт. болып келді. Мұнда күріш және мал өсірумен айналысатын 27 шаруа қожалығы ұйымдастырылған. Жер көл. 10,2 мың га. Ауылда №49 мектеп, дәрігерлік емхана, пошта байланысы, ауылдық кітапхана, мәдениет үйі, телефон ст., тұтыну тауарларын сататын дүкендер халыққа қызмет көрсетуде.

Қ.Омаров

АҚМАҒАМБЕТОВА Дариха (16.2.1943 ж. т., Арал ауд.) – еңбек ардагері, қоғам қайраткері, ҚР Білім беру ісінің үздігі. Қызылорда пед. ин-тын (1964, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын 1966 ж. комсомол, партия к-ттерінде қызмет істеуден бастаған. 1983–97 ж. Жалағаш ауд. Қызылорда қ. партия к-тінің хатшысы, Қызылорда қ. әкімінің орынбасары, Қызылорда ун-ті жанындағы «Қабілет» мектебін басқарды. Қызылорда обл. мәслихатының 2-шақырылған депутаты, обл. әйелдер кеңесінің, «Қызылорда облысы азаматтық Альянсы» қауымдастығының төрайымы болды. «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2013), ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен



Ақмағамбетова Дариха

марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (2010).

С.Тайман

АҚМӘМБЕТ – ортағасырлық қоныс орны. Қармақшы ауд. Көмекбаев а-нан («Жаңақала» кеңшары) оңт.- батысқа қарай 165 км жерде, Жаңадария өз-нің ескі арнасында. 1956 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (С.П. Толстов) зерттеген. Сол кездері қоныстан қабырғаларының биікт. 0,5–0,8 м екі үйдің орындары анықталған. Далалық зерттеулер барысында қоныстан қыш ыдыстарының сынықтары, сүйек қалдықтары мен тастан жасалған еңбек құралдары алынған. Бұл материалдарға қарағанда А. қонысын адамдар 12–14 ғ-ларда мекендеген. Олар мал өсіріп, егіншілікпен айналысқан.

Д.Байғонақов

АҚМЕШІТ – көне бекініс орны. Қазіргі Қызылорда қ-ның орнында болған. Бекініс 1817 ж. іргесі қаланған. А.И. Добросмысловтың айтуынша, А. бекінісін Қоқан ханы Омархан салғызған. Бекініс жобасы шаршы, әр қабырғасы 110 м, саз балшықтан тұрғызылған. Іргелерінің қалыңд. 10,5 м, жоғ. жағы 4,36 м, биікт. 12 м болған. Қабырғаларының жоғ. жағында оқ атуға ыңғайлы ойықтар жасалған. Бекініс сыртынан ені 10 м ор қазылған. Ордың алдынан қорғаныс қабырғаларының 2-қатары тұрғызылған. Бекініс ішінде саз балшықтан салынған 50-ге жуық үй, екі мешіт, медресе, оқ-дәрі қоймалары, құдықтар болған. Бекініс орыс әскерлері келген кезден «Перовск форты» болып аталған. Қазан көтерілісінен кейін А. аты қайта берілді. Сырдария обл-ның уездік орт-на айналды. 1925 ж. оған Қызылорда аты беріліп, 1929 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды.

«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ» – 1994 ж. 15 сәуірден шыға бастаған Қызылорда қ. әкімдігінің газеті. Негізгі мақсаты тіл жанашыры болу, ұлт руханиятының жоқшысы қызметін атқару болды. Алғашында 2000 данамен шыққан газеттің таралымы 1998 ж. 11 150 данаға жетті. 2005 ж. 8 желтоқсанда газеттің 600 саны жарық көрді. 2016 ж. басылымның сайты ашылып, ақпараттар әлеум. желілерде тарала бастады. Сайттан 6 мыңнан астам адам ақпарат ала алады. Соңғы жылдары басылымда қоғамның тыныс-тіршілігін жан-жақты қамту мақсатында «Қала тынысы», «Оймақтай ой», «Патриот», «Жан азығы», «Отбасы», «Қолтаңба», «Қоғамдық қабылдау», т.б. айдарлар берілген. Қазіргі уақытта газет аптасына 2 рет шығады, таралымы 3101 дана (2023).

Қ.Омаров



Ақмешіт – көне бекініс орны

АҚМЕШІТТІҢ ОЙРАНДАЛУЫ – Ресей империясы Орынбор губының әскери губернаторы (1833–42 және 1851–57) В.А. Перовский бастаған отрядтың Ақмешіт бекінісін (қазіргі Қызылорда қ.) басып алуы. Ресейдің Орта Азиядағы саясатын дербес жүргізуге құқылы Перовский Қоқан хандығының бекінісі болып тұрған Ақмешітке 1853 ж. 2 шілдеде келіп жетті. Оның отрядында 2850 жауынгер, көптеген зеңбірек, т.б. қару-жарақтар болды. Генерал бекіністің Түркістан, Ташкент, Бұхара, Хиуамен, жергілікті мекендермен

қатынас жолдарына қатаң бақылау орнатып, барлаушы топтар жіберді. Ақмешітте 400-ден астам сарбаз, зеңбіректер, қару-жарақ қоймасы болды. Жасақтарын жүзбасылар Бекбай, Құлбай, Қаңлыбай деген қазақтар мен Лепес есімді қарақалпақ басқарды. Тыңғылықты әзірліктен кейін 28 шілдеде генерал шешуші шайқас бастады. Оған қазақ сұлтандары Елекей (Ермұхамбет) Қасымов пен Мұхамеджан Баймұхамедовтің қарулы күштері де қосылды. Қорғанды алу кезінде 230 ақмешіттік қаза тауып, 77-і (35-і жаралы күйінде) тұтқынға түсті. А. о. Ресей империясының Орта Азияны одан әрі отарлауына жол ашты. Ақмешіт генералдың құрметіне Перовск форты болып аталды (1853).

М.Кереев, Қ.Арыстангалиев

АҚНИЯЗОВ Ибадулла (1929, Сырдария ауд. Қызыл диқан а. – 26.10.1998, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (20.5.1949). Еңбек жолын Сырдария ауд. Ленин атынд. ұжымшарда бастаған. 1954 жылдан КОКП-ның 21 съезі атынд. кеңшарда күрішшілер звеносын басқарды. Ол басқарған ұжым 1949 ж. 18 га егістен 34 ц-ден астық алды. А. Ленин орденімен (1949), медальдармен, Қазақстан Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Қ.Омаров



Ақниязов Ибадулла

АҚПАНБЕТҰЛЫ Әлсейіт (22.7.1943, Сырдария ауд. – 2013, Алматы қ.) –



Ақпанбетұлы Әлсейіт

жазушы, ҚР Білім беру ісінің үздігі. Қызылорда пед. ин-тының (1966, қазіргі Қызылорда ун-ті) филол. ф-тін бітірген. Сырдария ауд-ндағы орта мектептерде мұғалім, ауд. оқу бөлімінде әдіскер (1966–73), «Мектеп» баспасында редактор (1973–77), Қазақ КСР Оқу мин-нде инспектор, Ы.Алтынсарин атынд. пед ғыл.-зерт. ин-тында (1977–81), Қазақ радиосында (1981–90), 1991 ж. «Балдырған», «Айгөлек» журналдарында қызметтер атқарған. Алғашқы өлеңдері 1964–65 ж. өлкелік «Оңтүстік Қазақстан», обл. «Ленин жолы» газеттерінде жарияланды. А-ның «Тұңғыш кітап» (1977), «Бал дәмі» (1980), «Нұр жауған күн» (1984), «Той үстінде» (1988), «Қатын қашқан» (1994) атты өлеңдері мен әңгімелері, хикаялары бар. Жазушының «Түнгі көбелек» трагикомедиясы 1998 жылдан Н.Бекежанов атынд. муз. драма театрында, «Дүние – думан» комедиясы 2001 жылдан М.Әуезов атынд. академ. драма театрында қойылды.

АҚСАЙ МҰНАЙ-ГАЗ КЕНІ, 1988 ж. ашылған. Жалағаш ауд-нда, Қызылорда қ-нан солт.-батысқа қарай 130 км жерде орналасқан. Кен құрылымы 11х7 км, амплитудасы 100 м. Ол бор кезеңінде түзілген Арысқұм қабатының терригенді шөгінділеріндегі үш кен шоғырынан тұрады. Олардың біреуі мұнайлы-газды болса, қалған екеуі – мұнайлы. Олар тектоник. жарылымдар және литол. өткізбейтін тау жыныстары арқылы оқшауланған. Өнімді қабаттардың жалпы қалың. 11–18 м, оның ішінде мұнайлы қабаттардың тиімді қалың. 4–11 м, газды қабаттардың тиімді қалың. 3–6 м. Мұнай мен газды сіңірген терригенді коллекторлардың ашық кеуектілігі 13,1–14,9%, өткізгіштігі 0,02–0,86 мкм^2. Олар қалың. 10–150 м саз қабатымен жабылған. Кен шоғырларындағы бастапқы қабаттық қысым 15,6–16,73 МПа, темп-ра 71°С. Мұнайының тығыз. 0,855 – 0,950 г/см^3; күкірті аз (0,11%), бірақ парафин (16–20%) мен шайыр (10,6%) мөлш. біршама жоғары келеді. Газдың тәуліктік шығымы 137,6 м^3. Оның құрамындағы метан 81,55%, этан 9,73%, пропан 3,3%.

АҚСАҚАЛ ТӘУІП – Қармақшы ауд-ндағы жер атауы. Қызылқұм құмды алқабының солт. иелігінде орналасқан. Жер бедері бұйрат құмдардан тұрады, олардың аралығында ойпауыт жерлер кездеседі. Ойпауытты жерлерінде бұйырғын, баялыш, тасбұйырғын, теріскен, т.б. шөлге тән өсімдіктер өседі. Бұл өңірге 19 ғ. Аққыр болысының Кете-Шөмекей қазақтары қоныстанған.

Т.Дайрабай

АҚСУ – Жалағаш ауд-ндағы ауыл, округ орт. Аудан орт. – Жалағаш кентінен 4 км жерде, Сырдария өз-нің оң жағалауында орналасқан. Тұрғыны 1,7 мың адам (2023). А. а. 1975 ж. бұрынғы «Коммунизм» кеңшарының №2 бөлімшесі негізінде құрылды. Алғашқы жылы А. 750 га. күріштің әр га-дан 52 ц өнім алды. Күріш егу көл. 2000 га-ға дейін ұлғайтылып, 1980–86 ж. әр га-дан 50–62 ц-ге дейін өнім алынды. Ауыл тұрғындары егіншілікпен, мал ш-мен және жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Қазіргі уақытта ауылда күндізгі стационарлық ауылдық дәрігерлік емхана, типтік жобадағы мектеп, ауылдық клуб, пошта байланыс бөлімшесі, балабақша, бірнеше дүкен бар. А. окр. бойынша 4 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 18 шаруа қожалығы жұмыс істейді.

Т.Адисұлы

АҚСУАТ – Жаңақорған ауд-ндағы Өзгент ауылдық окр-нің құрамындағы ауыл. Аудан орт. – Жаңақорған кентінен оңт-ке қарай 15 км-дей жерде. Тұрғыны 0,7 мың адам (2023). Жер аум. 1,18 мың га. Ертеректе Сырдария өз-нің сол жақ бетінде қазіргі Өзгент а-ның солт.-шығыс жағында дариядай үлкен мал су ішетін суат болған. Оны халық А. деп атаған. Суаттың батыс жақ бетіне қоныстанып отырған ел де А. аталып кеткен. Ауылда №245 жалпы орта мектеп, кітапхана, медпункт, мешіт, балабақша, сауда дүкендері бар. Қазіргі уақытта халық мал, егін ш-мен айналысады. Онда 11 шаруа қожалығы, 31 жеке кәсіпкер жұмыс істейді.

«АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ» ЖЫРЛАРЫ – 18 ғ-дағы жоңғар басқыншылығына орай туған тарихи жырлар. 1) «Ақтабан шұбырынды жайында ақын Топыштың сөзі». 1958 ж. жазушылар М.Мағауин мен Ә.Кекілбаев Шымкент обл. Түркістан жерінен жазып алған. Айтушысы – Ә.Байтұрсынұлы; 2) Н.Кенжеғұлұлының «Шұбырынды ақтабан» атты төлтума дастаны. 1940 ж. Арал экспедициясы кезінде С.Ахметов жазып алған. Көл. 1400 жолға жуық 7–8 буынды жыр өлшемімен өрнектелген бұл дастанын Кенжеғұлұлы 1923 ж. жазған. «Мәуірт күнім туғанда», «Алғашқы тіршілік», «Түрік туралы аңыз», «Қазақтың бөлінуі», «Шұбырып босқан қиындық туралы», «Қазақтың елдікке бірігуі», «Шаруалар мен байғұстардың көрінуі», «Орыстың Сырға келуі», «Байғұстардың оянуы мен патшаның тақтан құлауы» секілді тараулардан құралатын дастанның қамтыған оқиғаларының ауқымы кең; 3) Арал өңірін мекендеген Жәмет жырау нұсқасы. Жыр 1945 ж. алғаш хатқа түсірілген, айтушысы – белгісіз. Көлемі шағын. «Ақтабан шұбырынды жырлары» атауымен топталған бұл шығармалардың барлығы да ҚР ҰҒА Орт. ғыл. кітапханасының қолжазбалар қорында сақтаулы (№144, 505 папка). Жинаушылары мен зерттеушілері – Б.Омаров, Ә.Сұбханбердин, Ә.Оспанов, Ә.Қоңыратбаев, т.б.

Т.Қоңыратбай

АҚТАЙ КЕСЕНЕСІ – сәулет өнері ескерткіші. Сарысу өз-нің төм. жағында, Телікөлдің маңында, Жезқазған–Қызылорда автомоб. жолынан 40 км жерде орналасқан. 1928 ж. күйдірілген кірпіштен салынған. Кесененің композициясы 19 ғ-дағы Сарысу бойындағы сәулет ғимараттары сияқты бір-біріне

жалғастыра салынған күмбезді екі бөлме түрінде. Екі бөлік те шаршы жобада, үлкені көрхана, екі белдеу түрінде қаланған және әр белдеу кемерлене шығарылған. Ортасында маңдайшасын әшекейлеген кіретін ойығы бар кіші бөлік екі деңгейде салынған. Төм. деңгей көрханаға баратын жол есепті, жоғ. деңгей зияратхана. Күмбез параболик. пішінде, үлкен күмбез цилиндрлік барабанның үстіне орнатылған, оның жоғ. жағында кірпіш арасына бірге қаланған екі қатар ағаш ұштары көрінеді. Осы өңірге тән ескерткіштерде кездесетін бұл ағаштардың мәні әзір анық емес. Кесененің алдыңғы беті әр түрлі мәнерлі қалаумен және әр түрлі дәрежеде күйдірілген кірпішпен ромб түрінде әшекейленген. Шаршы тағаннан шеңбер пішіндегі күмбезге көшу кесене бұрыштарын кеміте қалау арқылы жүзеге асырылған және осы деңгейде көрхананың бұрыштары шығыңқы тікшаршы қалаумен байланған, ал әр бетінің орта тұсына арка тектес қуыс жасалған. Кіші бөліктің кіреберіс төм. деңгейі таға тектес етіліп, дөңестеліп жабылған. Кіреберістің сол жағында қабырға арасына кесене төбесіне, одан әрі кіші күмбез астындағы зияратханаға апаратын баспалдақ орнатылған.

Е.Бәйтенов

АҚТАЙЛАҚ – Қармақшы ауд-ндағы жайлау. Дауылкөл ауылдық окр., Тұрмағанбет а. маңында, №10 т. ж. ст. жанында орналасқан. Атауы осы өңірде өмір сүрген елдің қамқоршысы болған, өмірінің соңына дейін Ақ түйе мініп жүрген Жаппас руы адамының атымен қойылған. Дүниеден өтерде: «Мені осы Жалайыр мен Жаппастың ата жұрттық шекарасына қойыңдар. Бұлар мен кеткеннен кейін жер үшін жанжалдаспасын», – деген екен. Т. ж. ст. А. деп аталады және ст-дан 1 км жерде А-тың бейіті орналасқан.

Ө.Жақыпұлы

АҚТАН Ақайұлы (шамамен 1770, қазіргі Қазалы ауд. – 1854, Ақтөбе обл. Шалқар ауд.) – батыр. Қазақтардың Қоқан, Хиуа бекіністеріне жасаған жорықтарына қатысып, Жанқожа батырдың сенімді серіктерінің біріне айналған. А. 1842 ж. Бабажан сарттың бекінісі Бесқаланы аларда ерлік көрсетеді. Хиуа хандығы Бабажан сартты Сыр бойы қазақтарынан ұшыр, зекет жинау үшін тағайындаған еді. Қамалды қоршауға алған А-ның сарбаздары Бабажанды қолға түсіреді. А. батырдың бейіті қазіргі Ақтөбе обл., Шалқар ауд., Берсүгір бекетінен батысқа қарай 30–35 км жерде орналасқан. Сонымен қатар бұрынғы Арықбалық мекеніне А. батырдың есімі берілген.

Р.Жанұзақ

АҚТАН БАТЫР – Қазалы ауд-ндағы ауыл, Көларық ауылдық округінің орт. Аудан орт. – Әйтеке би кентінен батысқа қарай 25 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,5 мың адам (2023). 1937 ж. Томан, Жалайыр жерлері қосылып, Көларық а. болып аталған. Аудан әкімш-нен екі ауылды орталықтандыруда көкөніс және сүт өнімдерімен айналысатын шаруашылық болып 1957 ж. құрылып, орт. Амангелді болып аталды. 1961 ж. Көларық ауылдық окр. А. б. а-на көшірілді. Жер көл. 12,8 мың га, оның ішінде: жайылымдық 3,7 мың га, шабындық 449, егістік 79 га. Ауылда №190 орта мектеп, мектеп жанынан ашылған «Мерей» шағын орт., клуб, кітапхана орналасқан. Дәрігерлік амбулатория 10 адамға арналған күндізгі емдеу орнымен қамтылған. Сондай-ақ спорт стадионы, мешіт, пошта байланыс бөлімшесі, сауда дүкендері жұмыс жасайды. Ауылдық округтің негізгі экон. бағыты егін және мал ш. Қазіргі уақытта Көларық ауылдық окр-не қарасты А. б. а-нда «Сыр маржаны» ЖШС және 18 шаруа қожалығы, 4 заңды тұлға, 67 шағын жеке кәсіпкер жұмыс істейді.

АҚТАС ҚЫСТАҒЫ – 17–19 ғ-лардағы мекенжай. Жаңақорған ауд-ның оңт.-батысында 5–6 км жерде, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан. 1970 ж. археолог С.Жолдасбаев зерттеген. Қыстақ ортасында қызыл кірпіштен бір күмбезді мешіт салынған. Солт.-батысында қорым бар. Одан 100 м жерде кірпіш күйдірген ошақ орны байқалады. Қазба жұмысы кезінде саз балшықтан соғылған екі үйдің орны ашылды. Қора жайлары тұрғын үйлерге жалғас салынған. Әріректе 20-дан астам тұрақжайдың төбе болып жатқан орындары байқалады. Қыстақ тұрғындары мал және егін ш-мен айналысқан. Түрлі темір бұйымдар, табақшалар, кетпен сыныктары, т.б. табылды.

С.Жолдасбаев

АҚТАС МЕШІТІ – сәулет өнері ескерткіші. 1858–63 ж. салынған. Жаңақорған ауд. Бесарық ст-ның батысында 8 км жерде, Сырдария өз. жағалауында орналасқан. Мешіттің тұрған маңында қазақтардың тұрақты мекенжайлары болғанға ұқсайды (16–19 ғ-лар). Пішіні төрт бұрышты етіп салынған күмбезді мешіттің биікт. 10–12 м, қасбеті шығыс жағында. Күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Мешіт күмбезіне 4 қырлы, 2 қабатты мойындық арқылы көтерілуге болады. Қабырғалары сәндік өрнектермен әшекейленген. Кіреберіс жағында 3 биік, сәнді аркасы бар, ортаңғы аркадан мешітке кіретін есік жасалған. Солт. және оңт. жақтағы қабырғасына әшекейлі терезелер орнатылған; солт. терезенің астыңғы жағында және бір есік бар. Мешіттің михрабы батыс жақтағы қабырғаның орта тұсында орналасқан. А. мешіті мен қасында тұрған Айқожа ишан кесенесін Айқожаның үлкен ұлы Ибадулла салдырған. Ел аузында жүрген аңыз бойынша Әмір Темір Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне тайқазан жасатуға Иранннан Абдалазиз ұстаны шақыртып, жұмысын бітірген соң Әмір Темір тайқазанның құпиясы ашылмас үшін ұстаны өлтіріп, денесін Сырдария өз-не ағызып жіберуді бұйырады. Адамдар оны қазіргі А. мешіті орналасқан жерде өзеннен тауып алып, жерлейді. Басына ақтасты белгі ретінде қояды. 1880 ж. ортасында Ресей империясы мешітті жауып, оған Айқожа ишан мешіті деген атауды қоюға рұқсат бермеген соң, оның атауын А. мешітіне ауыстырып, қайтадан аштырады. 1935–37 ж. кеңес өкіметі мешітті жауып сол жерде ферма ашады, 1980 жылдың басында оны қайта қалпына келтіріп, 1982 жылдан респ. маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген. 1984 ж. мешітті қалпына келтіру жұмыстары аяқталды. 2000 ж. 27 желтоқсанда А. мешіті Қызылорда обл. Әділет департаментінен қайта тіркеуден өтіп, «Айғожа ишан Ақтас мешіті» деп аталды.



Ақтас мешіті

Б.Бұрханов

АҚТӨБЕ – Қармақшы ауд-ндағы ауыл, ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Жосалы кентінен оңт-ке қарай 42 км жерде, шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 2,0 мың адам (2023). Жер аум. 33,8 мың га. 1996 жылға дейін Чапаев а. аталды. 1997 ж. ұжымшар негізінде Ақтөбе өндірістік серіктестігі ұйымдастырылды. Ауылда №109 орта мектебі, дәрігерлік пункт, балабақша, тұрмыс қажетін өтеу мекемесі бар. А. а. басты табыс көзі күріш, мал және бақ-

ша ш. Онда «Қармақшы құс» ф-касы, «Ақтөбе и К» күріш өсіру кәсіпорны, «Тұрған тамы», «Оңталап», «Дөйт» шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Ауыл тұсынан Батыс Еуропа – Батыс Қытай автомоб. жолдары өтеді.

С.Тайман

АҚҮЙІК – Жаңақорған ауд-ндағы ауыл, ауылдық округ орт. Жаңақорған кентінен оңт.-шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Тұрғыны 2 мың адам (2023). Ақүйік ауылдық окр-нің жер көл. 51,8 мың га жерді алып жатыр. Ауылдық округ Бірлік елді мекенін қамтиды. Ауылдық округтің аты Қаратау қойнауынан бастау алатын Ақүйік өз-нің атымен аталған. Өзен Қаратау жотасының оңт.-батыс етегінен басталып, Сырдарияға жетпей тартылып қалады. Ұз. 70 км, су жиналатын алабы 670 км^2. Суы көктемгі қар, жауын-шашын суларымен толығады. Өзеннің жоғ. бөлігінде бөгет салынған. Кезінде бірнеше елді мекендер қараған «Бірлік» кеңшары құрылып, кеңшар орт. Бірлік а. болған. 1993 ж. облыс әкімдігі және обл. мәслихаттың шешімімен Ақүйік ауылдық окр. болып құрылды.

АҚШАТАУ – Арал ауд-ндағы Бекбауыл т. ж. ст-нан батысқа қарай 24 км жерде орналасқан көл. Аум. 25,5 км^2. Ұз. 7,7 км, ені 5–7 км. Ең терең жері 2,5 м-ге жуық. Суы кермек. А. Сырдариямен арна арқылы жалғасады. Батыс жағалауында қалың қамыс өседі. Көлден сазан, көкбас алабұға ауланады. Желтоқсанның соңында мұзы қатып, сәуір айының басында ериді.

Т. Омаров



Ақ шеңгел

АҚ ШЕҢГЕЛ (Halimodendron) – бұршақ тұқымдасына жататын бұта түріндегі өсімдік. Қазақстанда Алматы, Қызылорда облыстарында қалың шілік болып өседі. Дүние жүзінде Еуропа, Азия, Моңғолия, Иран және ТМД-ның кейбір елдерінің тоғайлы сортаң, құмды беткейлерінде таралған. Биікт. 2–3 м, тікенінің ұз. 2–5 см. Жапырақтарының ұз. 3–4 см жұп қауырсынды, гүлі қызғылт, күлгін түсті. Жемісі сарғылт қоңыр, ұз. 1–3 см, ені 0,7–1,2 см бұршақ, тұқымы қызыл қоңыр, жылтыр түсті. Тұқымынан, қалемшеден және тамыр арқылы көбейеді. А. ш-ді елді мекендерді, шөл және шөлейт жерлерді көгалдандыру үшін арық бойына егеді. Мал жемейді, тамырынан алынатын сары бояуды жүн бояуға пайдаланады. Гүлінен ара бал жинайды.

Т.Кемелқызы



Ақ шымшық

АҚ ШЫМШЫҚ (Parus cyanus) – торғайтәрізділер отрядына жататын отырықшы құс. А. ш. Ресей, Моңғолия, Орта Азияда және Қазақстанның Қызылорда обл. жерінде кездеседі. Басы ақ, арқасы сұр, қанаттарының ұштары ақшыл. Қанаттары қоңырқай сұр. Алқымы мен жемсауы және төсі ашық сұр, бауыры ақ. Аналығының бауыры сарғыш жасыл. Қанаттарының ұз. 62,8–72 мм (аталығы), 61– 68 мм (аналығы), салм. 12–14 г. А. ш. тоғай, қамысты жерлерді, бұта тектес өсімдіктерді, бау-бақшаларды мекендейді. Ұясын ағаш қуыстарына салады. Ауа райының қолайсыз кезінде орын ауыстырады. А. ш. орман, тоғай, бау-бақшаны бунақ денелілерден тазартады.

Н.Ерболатов

АЛАМЕСЕК – ауылдық округ, Жалағаш ауд-ндағы әкімш. бірлік. Құрамына Есет батыр а. кіреді. Орт. – Есет батыр а. (2017 жылға дейін – Ақарық). Аудан орт. – Жалағаш кентінен оңт-ке қарай 40 км жерде, Аламесек көлінің жағасында орналасқан. Тұрғыны

2,8 мың адам (2023). Іргесі 19 ғ-дың соңында қаланған. 1928–30 ж. аудан орт. болды. Жері құнарлы, шөбі шүйгін, балық, аң-құсы мол болғандықтан, бұл аймақтың халқы ашаршылыққа ұрынбаған. Шымбай, Төрткүл, Қазалы уездерінің саудагерлері А-те сауда жәрмеңкелерін өткізіп, Жаңа базар аталып кеткен. 1900 ж. 220 қазақ, 50–60 өзбек, 20–30 ноғай тұрған. 2 сыныптық орыс-қазақ түземдік мектебі (1898), кірпіш з-ты (1903), қасапхана жұмыс істеді. 1925 ж. Аламесек болысына 44 ауылдық кеңес қарады. Аудан орт. болып тұрған кезде мектеп, интернат, пошта, аурухана, кітапхана, клуб, астық қабылдау пункті жұмыс істеді. А. МТС-ы ұйымдастырылды. 1932–33 ж. Тереңөзек ауд-нда (қазіргі Сырдария) балалар үйі, 1941–44 ж. Украина мен Беларустан әкелінген балалардың мектеп-интернаты болды. Аламесек көліне құятын су бөгеліп көлтабаны құрғаған соң, А-тен ел еріксіз көшіп кеткен. А. ауылдық окр-не қарасты Жаңадария а-нда ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары ұйымдастырылған.

С.Тайман

АЛАТАҒЫ ӘУЛИЕ – Шиелі ауд. Сарысу өз-нің бойында орналасқан қырат. А. т. ә. туралы деректер Ақсақ Темірдің өмірін баяндайтын «Зафарнамеде» кездеседі. Ол Сарысудың оң қапталындағы бір шағын төбе. «Бахр әл-Асрар» еңбегінде Махмуд пен Эмир Вали (17 ғ-дың 1-жартысы) атақты Шайбан тұқымы Әбілқайыр ханның Моғолстанға жасаған сәтсіз жорығында Бетпаққа ілігетін тұста «Алатағы» аталатын жерге келіп кідірді делінген. Алатағы басына шыққан адам шығыстан биік қыратты көреді. Қыратта 15 ғ-дың алғашқы жартысында қазақ боламыз деген рулардың басы қосылған атақты Таңбалы тас бар.

АЛАУ БАТЫР (шамамен 15 ғ-да өмір сүрген) – ержүрек қолбасшы. А. б-дың тегі туралы шежірелерде әр түрлі айтылады. Оны Мөңке биден, Алшыннан тарататындар бар. Шежірелердің басым бөлігінде А. б. Алшынның әкесі деп көрсетілген. Қара Жүргенов пен Жолшора Талдыбаевтың 1925 ж. жазған шежіресінде А. б-ды Бекарыстан тарататы. Шежірелердегі аталар санын демогр. жүйемен есептегенде бүгінгі ұрпақ пен А. б. арасы 15 ғ-ға апарады. Оның есімі кездесетін «Қырымның қырық батыры» жырлары да осы Ноғайлы заманының эпосы. А. б. туралы қисса да бар.

Т.Дайрабай

«АЛАУ БАТЫР» – «Қырымның қырық батыры» эпостық жырының жеке батырлар топтамасына енетін туынды. Нұсқасы толық, тұтастай 7–8 буынды жыр үлгісімен шығарылған. 1942 ж. Мұрын жыраудан Мәриям Исаева стенограмма әдісімен жазып алған. Айса батырдың інісінің баласы Алау жастай жетім қалып, ержүрек болып өседі. Елінің кегін алу үшін Уағаш, Даяс деген жерлерді қоныстанып отырған қалмақтың Есен, Сүйін деген хандарына аттанып, жалғыз өзі көзсіз ерлік жасайды, жаудан түскен олжасын аш, арық ноғайлыларға бөліп береді. Жырда елді сыртқы жаудан қорғау, туған жері, Отаны үшін жанын аямау қиял-ғажайып ертегі сарындарымен ұштасып, Алау батыр халық қорғаны, қамқоршысы бейнесінде суреттеледі. «А. б.» жыры алғаш рет «Қазақ халық әдебиеті» көп томдығының 12-томында (1990) жарық көрді. Түпнұсқасы ҚР ҰҒА Орт. ғыл. кітапхана қорында сақтаулы.

С.Қорабай

АЛАУХАНОВ Есберген Оразұлы (19.5.1958 ж. т., Жаңақорған ауд.) – заң



Алауханов Есберген

ғыл. докт. (2004), проф. (2004), ҚР Мәдениет қайраткері. Ташкент мемл. ун-тін (1987), Саратов жоғары милиция мектебін (1991), Халықар. қазақ-түрік ун-тін (1998) бітірген. Жаңақорған ауд. Қызыл жұлдыз а-нда есепші (1976), Сарыағаш ауд. халық сотында сот мәжілісінің хатшысы (1981), Сарыағаш халық сотының төрағасы (1993), Оңт. Қазақстан обл. соты қылмыстық істер алқасының төрағасы (1996), Шығыс Қазақстан, Маңғыстау облыстары қаржы полициясының бастығы (2001–04), ІІМ академиясының канд. дисс. кеңесінің төрағасы (2006–08) қызметтерін атқарған. 2008–09 ж. ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі, 2011 жылдан декан. ҚР Жоғ. соты ғыл. кеңесінің мүшесі. А. 300-ден астам ғыл. еңбектің, 25-тен астам монографияның, бірнеше оқулықтың авторы. Қазақстан Журналистер одағы Б.Қаратаев атынд. сыйл-ның лауреаты. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

С.Тайман

АЛҒА – ауылдық округ. Қазалы ауд-ндағы әкімш. бірлік. Ауылдық окр-нің орт. – Ү.Түктібаев а. Тұрғыны 1,8 мың адам (2023). 1929–39 ж. ұсақ серіктестіктердің құрылуынан басталған. 1939–50 ж. «Бозкөл», «Жаңажол», «Алға», «Жаңабасшылық» ұжымшарлары бірігіп, 1950–63 ж. Карл Маркс атынд. кеңшар бөлімшесі болды. 1966–84 жылдан «Октябрь» күріш кеңшары, 1966 жылдан Алға атқару к-ті болып құрылған.

АЛҒАБАС – Шиелі ауд-ндағы ауыл, Жуантөбе ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Шиелі кентінен солт-ке қарай 8 км жерде, Телікөл каналының бойында орналасқан. Жер аум. 66,1 мың га. Тұрғыны 3,7 мың адам (2023). Іргесі 1928 ж. бірнеше шағын артельдер ретінде қаланған. 1936–96 ж. күріш өсіретін ұжымшардың орт. болған. Ұжымшар негізінде А-та «Жаңа Бестам» ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда №157 орта мектебі, клуб, дәрігерлік амбулатория, балабақша, спорттық кешен, пошта байланыс бөлімшесі, мешіт бар.

Қ.Омаров

АЛҒЫР-САЛҒЫР – бекініс, жер атауы. Молдақорған бекінісінің шығыс жақ бетінде 3–4 км жерде орналасқан. Қорған дуалының қалыңд. 3–4 салт атты қатар жүретіндей, биікт. 20 ғ-дың соңына дейін 4–5 м-дей болған. Қырөзгент пен А.-С. бекінісінің арасы 20 км-дей.

АЛДАБЕРГЕНОВ Серіқұл (1883, қазіргі Жаңақорған ауд. Байкенже а. – 1935) – Алаш қозғалысының өкілі, саяси қуғын-сүргін құрбаны. Әкесі Алдаберген қажылық сапарында дүние салған. 1891–93 ж. Жөлектегі орыс-түзем мектебінде білім алған. 1893–1901 ж. Ташкенттегі ер балаларға арналған сегіз жылдық гимназияда оқыды. 1904–12 ж. Перовск уезі кеңсесінде қызмет істеп, кейіннен уезд бастығының орынбасары қызметін атқарды. 1912–15 ж. Төмен арық болысының басқарушысы. 1917 ж. Ташкентте М. Шоқай арқылы «Кеңес» үйірмесінің жұмысына қатысып, саяси жұмыстарға араласты. Сол кезде С.Өтегенов, Қ.Қожықов, С.Ақаев, А.Оразаев, С.Қожанов және т.б. ұлт зиялыларымен араласты. 1917 ж. шілдесінде Орынборда өткен 1-жалпықазақ съезіне Шоқаймен бірге қатысып, съез аяқталған соң Түркістанға бірге қайтқан. 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынбор қ-нда өткен 2-жалпықазақ съезіне қатысты. Съездің делегаттары Алаш автономиясын жариялау туралы мәселеге дауыс беруде екі жікке бөлінді. А. Алаш автономиясы күні бүгін ресми жария етілсін деп дауыс бергендер арасында болды. 1918 ж. 5–9 қаңтарда Түркістан қ-нда Сырдария обл. қазақ съезіне қатысты. Қазақстанда М.Шоқаймен араласқан зиялылардың бәрі де қара тізімге алынып, құқық қорғау органдары тарапынан қуғынға түскен кезде А. 1934 ж. 28 маусымда Самарқанд қ. төңірегіндегі Қаражантақ деген жерде ұсталып, қамауға алынды. Оған көптеген ұйымның басшысы болды, жергілікті халықты ауа көшіруге әрекет жасады деген айып тағылды. 1935 ж. 25 наурызда Шымкент қ-нда НКВД Айрықша кеңесінің шешімімен Красноярск өлкесіне 5 жылға жер аударылды. 1959 ж. ақталған.

Х.Тұрсұн

АЛДАБЕРГЕНОВ Сыдық (10.11.1922, Сырдария ауд. Ортақшыл а. – 2005, Алматы қ.) – жазушы. Алғашқы «Дос қарызы» атты әңгімесі 1942 ж. жа-



Алдабергенов Сыдық

рық көрген. Ұзақ жыл Сырдария және Жаңақорған аудандарының газеттерінде редакторлық қызмет атқарған. Кейін обл. «Ленин жолы» газетінде жауапты хатшы, бөлім меңгерушісі, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде тілші болып қызметтер атқарған. «Өмірге жолдама» (1969), «Мезгілсіз күз» (1978), т.б. еңбегі жарық көрген.

АЛДАЖАРОВА Ажаркүл (25.1.1950 ж. т., Қазалы ауд. Майлыбас а.) – еңбек ардагері, күрішші. Еңбек



Алдажарова Ажаркүл

жолын 1967 ж. күрішші болып бастап, 1995 жылға дейін сол салада табысты жұмыс істеген. А. 1990–94 ж. Қазақстан Жоғ. Кеңесіне депутат болып сайланған. 3-дәрежелі Даңқ (1978) орденімен және халық ш. жетістіктері алтын медалімен марапатталған. Қазақстан Мемл. сыйл-н алған. Бүгінде А. әйелдер кеңесінің төрайымы, «Өнегелі әжелер» ансамблінің мүшесі.

АЛДАШБАЙ Ерназарұлы (1858 – 1936, Қармақшы ауд. Майлыөзек а.) – ахун, дін уағыздаушы. Бала кезінде әкесі Ерназар балуан мен Қалдан бидің көмегімен Ораз ахуннан мұсылманша білім алған. 1876–86 ж. Бұхара медресесінде оқыған. Медресені бітірген соң елінде Кете Шораяқтың көмегімен салынған мешітте 1928 жылға дейін бала оқытқан. Кеңес өкіметінің құдалауына ұшырап, бірнеше мәрте Қазалы, Қармақшы түрмелеріне қамалды. А. ахун туралы Балқы Базардың, Шораяқтың Омарының, Тұрмағамбеттің өлеңдерінде айтылған. 1997 ж. 20 қазанда Қармақшыда А. ахунға ескерткіш орнатылды, оның атында ауыл бар.

АЛДАШБАЙ АХУН – Қармақшы ауд-ндағы ауыл, Дауылкөл ауылдық окр. құрамында. Аудан орт. – Жосалы кентінен оңт-ке қарай 80 км жерде орналасқан. Тұрғыны 0,7 мың адам (2023). Іргесі 1929 ж. К.Маркс атынд. ұжымшар орт. ретінде қаланған. 1986 жылдан бастап «Майлыөзек» кеңшарының орт. 1996 ж. кеңшар жекешелендіріп, шаруа серіктестіктері құрылды. Ауылда орта мектеп, фельдшерлік-акушерлік пункт, т.б. мәдени-тұрмыстық қызмет көрсететін мекемелері бар.

Т.Дайрабай

АЛДОҢҒАРОВ Күндебай (1900, қазіргі Қармақшы ауд. – 1975, Сырдария ауд.) – айтыс ақыны, жырау. Н.Бекежанов, Ж.Омаровамен бірге Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақ жұртшылығына өнер көрсетіп, күлдіргі әңгімелерімен есте қалған. Ол А.Тоқмағамбетов, Н.Бекежанов, Т.Ізтілеуов, т.б. ақындардың күлдіргі сықақ, әзіл-оспақ фельетондарын жатқа айтып, өзі де сықақ өлеңдер шығарған. 1940–60 ж. Қызылордадағы Нартай бастаған концерттік топта жұмыс істеді. «Біз Жетісуданбыз» кинофильмінде Өтеннің рөлін ойнаған. А-тың «Жеңгесіне айтқаны», «Салмаханға айтқаны», «Есекпен үйге кіріп келу», «Жездесіне көңіл

айту», «Қырық өтіріктің жаңа түрі», т.б. өлеңдері мен аңыздары жазылып алынған. 1943, 1946 ж. респ. айтыстарға қатысқан.

АЛМАЛЫ – Шиелі ауд-ндағы ауыл, өзімен аттас ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Шиелі кентінен батысқа қарай 12 км жерде, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан. Тұрғыны 2,1 мың адам (2023). Жер аум. 29,6 мың га. Іргесі 1952 ж. алма, жүзім көшеттерін жергілікті жерде өндіретін питомник ретінде қаланған. 1959 ж. «Жеміс-жидек» кеңшары болып қайта құрылды. 1976 ж. А. а-ның құрамында 21-бекет, 20-бекет және Орман ш. елді мекендері қайтын ауылдық кеңесі құрылған. 1976–96 ж. «Шиелі» жеміс-жидек кеңшарының орт.болды. А. ауылдық окр-нде №181 орта мектебі, балабақша, дәрігерлік емхана, клуб, ветеринар. бекет, спорт кешені, байланыс бөлімшесі, мешіт, кітапхана, 21-бекет елді мекенінде №243 негізгі мектебі, балабақша, 21-бекет дәрігерлік емханасы, кітапхана, Тоғайлы елді мекенінде бастауыш мектеп, медпункт бар. Округ тұрғындары негізінен мал, егін ш-мен айналысады.

С.Тайман

АЛМАНИЯЗОВ Ағыбай Алмасұлы (24.9.1914, Қазалы ауд. – 14.6.1992, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1953), проф. (1953),Қазақстанның еңбек. сің. ғылым қайраткері (1966). Ташкент а. ш. ин-тын (1936) бітірген. Оңт. Қазақстан обл. жер басқармасында агроном, Бүкілодақтық мақта өсіру ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1938–41), Ташкент а. ш. ин-тында (1953–59), Қазақ а. ш. ин-тында (1959–84, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) кафедра меңгерушісі болды. А-тың ғыл.-зерт. жұмыстары өсімдік биологиясын, оның ішінде бидай, жүгері, қызылша, бақша дақылдарын, жоңышқа және мақта эмбриологиясын, цитологиясын және селекциясын зерттеуге арналған. Ол сондай-ақ жоңышқа өсімдігінің цитоплазмасындағы аталық ұрықсыздықты тапқан. Бұл зерттеудің Орта Азия мен Қазақстанда жоңышқаның гетерозистік будандарын алуда маңызы зор болды. Қауынның «Қазақстан-1», «Қазақстан-2» деп аталатын сорттарын шығарды. А-тың «Горщица в Казахстане» (1963), «Сорты дыни и арбуза в Казахстане» (1972), т.б. еңбектері жарық көрген. Қазалы қ-ның орт. көшелерінің біріне А-тың есімі берілген.

АЛМАТОВ Алмасбек Нұрмаханұлы (13.2.1956 ж. т., Қармақшы ауд. Қорқыт ст.) – жырау, педагог, фольклор-зерттеуші, өнертану проф. (2018), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2006). А. ҚР Мәдениет қайраткері (2003), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2003). Қызылорда пед ин-тын (1982, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Осы ин-тта оқытушы, обл. кәсіптік білім беру мәдениет басқармасы мен халық шығарм. орт-нда жетекші маман (1982–87), Қазақ ұлттық консерваториясында ғыл. ізденуші (1987–88), Қазақ ұлттық консерваториясында «халық әні» кафедрасын ұйымдастырушының бірі (1988–90), Қызылорда мемл. ун-тінің дәстүрлі муз. өнер кафедрасын ұйымдастырушы және алғашқы меңгерушісі (1990–2011), Қорқыт Ата атынд. халықар. ғыл. орттың жетекшісі қызметтерін атқарған. 2011 жылдан Қазақ ұлттық өнер ун-тінің проф., Өнер зерттеу орт-ның директоры, 2012 жылдан Қазақ ұлттық өнер ун-тінің проф. Қызылорда обл. мәслихатының депутаты (1994–98). А-тың жетекшілігімен 1998 ж. 0621 – «Дәстүрлі өнер – жыр» мамандығы негізгі жоғары білім беру стандарты, оқу жоспары, оқу-әдістемелік кешені дайындалып, еліміздің ЖОО мамандықтары классификаторына енгізілді. АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Ресей, Түркия, Италия, Бельгия, Нидерланды, Египет, Моңғолия елдерінде өнер көрсетіп, ғыл. баяндамалар жасап, шеберлік сабақтарын өткізді. «Шыңғыснама» дастанының (2016, 1-том), бірнеше жобалардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы. 100-ден астам ғыл. танымдық, көпшілік мақаласы жарық көрген. Ақын Т.Ізтілеуұлының, фольклортанушы М.Байділдаевтың мұраларын жыр тілінде жарыққа шығаруға атсалысты. «Шығыс халықтарының фольклорлық музыкасы» аудиожинағы (Париж, 1985), «Музыкалық аудиоэнциклопедия» (Токио, 1987, 7-т.), «Жыр керуені» (Мәскеу, 1991), KazakhMuzicalEpic (АҚШ, 1995), Аудиодиск (Амстердам, 2007), т.б. еңбектердің (аудиодискілер, күйтабақтар) авторы. Өнер жолында 100-ден астам шәкірт тәрбиелеп, халықар., респ. байқаулардың лауреаттарын дайындады. Респ. «Жігер» фестивалының (1984), Бүкіл дүниежүз. жастар мен студенттер фестивалінің лауреаты. Қазақстан ЛКЖО, «Наурыз–2021» тұңғыш ұлттық сыйл иегері. А. «Парасат» орденімен (2013), «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен (1992), КСРО Композиторлар одағының Құрмет грамотасымен (1985) марапатталған. Сырдария ауд. Ақжарма а-ның (1993), Қармақшы ауд-ның (2011), Қызылорда қ-ның (2019), Қызылорда обл-ның (2022) құрметті азаматы.



Алматов Алмасбек

Қ.Омаров

«АЛПАМЫС БАТЫР» – қазақ халқының қаһармандық эпосы. Терең мазмұны, көркемдігі мен тарихи шындықты қамтуы жағынан «Одиссея», «Манас», «Калевала», «Қобыланды батыр», т.б. жырлар секілді әлемге танымал эпостық жыр. «А. б-да» халықтың басынан өткен қаһармандық оқиғалар эпик. әсірелеу заңдылығымен берілген. Жырда талай заманның түсінігі, дүниетанымы, шындығы қат-қабат қорытылып, полистадиялы түрде жинақталған. Мұнда түрік қағандығы дәуіріндегі (5–7 ғ-лар) азаттық үшін күрестің сарындарынан бастап, 17–18 ғ-лардағы қалмақ шапқыншылығына қарсы қаһармандық ұрыстардың нақтылы елестері де сезіліп отырады. Жырда көрсетілген жер, мекен, адам аттары, елдің шаруашылық кәсіптері, салт-ғұрыптары эпостың қазақ халқының төл туындысы екендігін дәлелдейді. Қаһармандардың туып-өскен, өмір кешкен елі – Жиделібайсын, нақтылы тайпасының аты – қоңырат болып көрсетілгені көптеген ғалымдардың, соның ішінде Жирмунскийдің дастанды қоңыраттардың тайпалық эпосы деп айтуына мүмкіндік берген. Дегенмен, эпоста сипатталатын оқиғалар, адамдардың іс-әрекетінің молдығы, сан дәуірдің наным-сенім ерекшелігін танытатын тұстары эпостың шеңберін бүкілқазақтық көлемге көтереді. Алпамыс та, Гүлбаршын да идея, мұрат дәрежесіне көтерілген бейнелер. Батырға тән ерекше қасиеттер: жаудан сескеніп қорықпайтындық, қалың дұшпанға қарсы шабатын, намыс пен арды жоғары қоя білетіндік, еліне қамқорлық Алпамыстың басынан табылса, әйел атаулының ең ұнамды сипаттары болып табылатын ақылдылық, мінезділік, опалылық сынды белгілер Гүлбаршынға тән болып көрінеді. Бұндай бейнелер халықтың ең ізгі адамдар туралы ұғымына, арманына сәйкес келеді. «А. б.» жыры ел арасында замандар бойында айтылып келгенімен, баспа жүзін алғаш рет 1899 ж. («Қисса И-Алпамыш», Қазан) көрген. Қазан төңкерісіне дейін бұл жыр 7 рет қайталанып басылып шыққан. Жырдың ел арасындағы түрлі нұсқаларын іздеп тауып, хатқа түсіріп, орысша мазмұнда бастырған атақты фольклоршы Ә.Диваев. Ол бұл жырдың бір нұсқасын

қарақалпақ бахшысы Жиемұрат Бермухамедовтан, тағы бірер нұсқасын Шымкент оязының тұрғыны Е.Ақылбековтің қолжазбасынан алған. Орыс ғалымы Жирмунскийдің түрік батырлық эпосы туралы монографиясын айрықша атап өтуге болады. «А. б.» жырының дүние жүзіне мәлім болуына осы аталған еңбектің пайдасы зор болды. Жырдың аса тартымды, кең танымал болуының тағы бір сыры оның фабулалық желілерінің түрік тілдес халықтарда да ұшырауына байланысты. Қазақ халқының бірнеше ертегілерінде «А. б.» жырының оқиғалық сарыны кездеседі. Татар, башқұрт халықтарында бұл тақырып ертегі түрінде айтылады. «Қорқыт Ата» кітабы мен «А. б.» жырының тараулары арасындағы ұқсастық тарихтың тағы да бір терең қабаттарына бойлатады. Мұның өзі қыпшақ-оғыз халықтарының бір заманда Сырдария бойларында ұзақ уақыт аралас өмір кешкендігінің де куәлігіндей. Тәуелсіздік туын көтерген көптеген түрік халықтары егемендік алған заманда бұл елдердің ерте кездегі өнер байланысын, тағдырластығын, мүдделерінің ортақтығын, көркемдік ойлау мәдениетінің жақындығын көрсететін этник. туыстықты дәлелдейтін нағыз қымбат қуәліктің бірі «А. б.» жыры болуы оның халықар. деңгейдегі мәнін арттыра түседі. «А. б»-дың түп негіздерінің пайда болғанына 1200–1300 жыл толды деп тұжырымдауымызға да осы мысалдар айқын себеп. Жырдың үлкен, көркем поэзиялық нұсқалары туысқан қарақалпақ, өзбек халықтарында да кездеседі. Әсіресе, «А. б.» жырлардың ішіндегі ең толық әрі көркем түрі болып табылады. «А. б.» күйтабаққа жазылған.

Р.Бердібай

АЛПЫСБАЙ Бақытбек (20.9.1948 ж. т., Сырдария ауд.) – актер, Қазақстанның еңбек сің. арт. (1990). Қазақ академ. драма театрының студиясын (1970), Кино және театр ин-тын (1996, қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) бітірген. 1969 жылдан Қызылорда обл. қазақ муз. драма театрында қызмет істеген. 2004–06 ж. осы обл. қазақ муз. драма театрының директоры болды. А. театр сахнасында 250-ден астам рөлдерде ойнап, Лопахин (А.П. Чехов, «Шие бағы»), Қарабай (Ғ.Мүсірепов, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»), Шадыр



Алпысбай Бақытбек

(Т.Әліпбай, «Исатайдың барында»), т.б. рөлдерді сомдады. 1998 жылдың үздік актері, Респ. 8-театр фестивалінің «Үздік эпизодтық бейне» номинациясын (Павлодар, 2000), Р.Отарбаевтың драматургиясына арналған респ. фестивальде «Үздік эпизод» (2015), Қазақстан Театрлар ассоциациясы ұлттық театр сыйл-ның «Сахналық ғұмыр» (2017), «TEATRAL» халықар. театр фестивалінда «Театр өнеріне қосқан үлесі үшін» (2022) номинацияларының жеңімпазы. Облыс әкімінің стипендианты (2001). «Құрмет» орденімен (2005), бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ. және Сырдария ауд-ның құрметті азаматы (2017).

Қ.Омаров

АЛТАЙБАЕВА Ұлбала (3.1.1923, Шиелі ауд. қазіргі Еңбекші а. – 27.8.2007, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (1972). Күріш атасы Ы.Жақаев шәкірттерінің бірі. Еңбек жолын соғыстан бұрын бастаған ол 17 жасынан



Алтынасар – көне қала орны

еңбекке белсене араласқан. А. 1940–67 ж. Керделі ауылдық кеңесінде мұраб көмекшісі, мұраб, 1967–70 ж. Жаңақорған ауд. Сунақата а-нда, 1970 жылдан Шиелі ауд. Гигант а-нда күріш өсіруші, т.б. түрлі қызметтер атқарған. Ұстазының күріш өсірудегі озат үлгісі мен ғылымдағы озық жетістіктерін шебер қолдана отырып, диқаншы ретіндегі өзіндік тәжірибесін жетілдіре, шеберлігін шыңдай түскен ол 1971 ж. күріштің әр гектарынан 72,7 ц, 1972 ж. 109,3 ц, 1973 ж. 107 ц-ден өнім алды. А. 1974 ж. 9-сайланған КСРО Жоғ. Кеңесінің депутаты болды (1974–79). 1976 жылдан жүгері өсіріп, егістіктің әр гектарынан 190 ц-ге дейін өнім алды. Ленин (1972), 1-, 2-, 3-дәрежелі «Ана даңқы» және «Ардақты ана» (1964) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. А. жайында 1975 ж. деректі фильм түсірілген. Ә.Тәжібаев, С.Мәуленов, т.б. ақындар оған жыр арнаған, ол жайында деректі повесть жазылған.



Алтайбаева Ұлбала

АЛТЫНАСАР – көне қала орны. Қармақшы ауд. Қуаңдария өз-нің ескі арнасының бойында орналасқан. Ежелгі аты белгісіз. Алғаш 1948 ж. Хорезм археол. экспед. (жетек. С.П. Толстов) зерттеген. Қала жұртының аум. 17 га.Жота басында екі төбенің сұлбасы айқын байқалады. Біріншісі «Үлкен үй» аталады, аум. 150х150 м, биікт. 12–15 м. Мұнда негізінен тұрғын үйлер болған. Екінші төбе – «Кіші үй». Жүргізілген қазба жұмыстары қаланың төм. қабаты 1–8 ғ-ларда салынғанын анықтады. Жоғ. қабаты 6–8 ғ-ларға жатады. Жоғ. қабаттағы тұрғын үйлердің орындары қазылды. Бөлмелерде суфалар мен еден үстіне орнатылған ошақтар сақталған. Олардың бөренемен, қамыспен жабылған төбесі жайпақ болғандығы анықталды. Қ. халқы мал, егін ш-мен айналысқан. Сырдың төм. ағысындағы Жетіасар мәдениетінің басқа қоныстары секілді, А-дың да ежелгі тұрғындары қ-ны тастап кеткен.

С. Тайман

АЛТАЙ ҚҰМЫ – Қазалы ауд-ндағы құмды алқап. Қазалы т. ж. ст-нан шығысқа қарай 3 км жерде орналасқан. Ұз. 22 км, енді жері 15 км-ге жетеді. Құмды алқабы төбешікті келген. Мұнда №96 т. ж. ст., Көбек елді мекені орналасқан. Осы жердегі құм төбелердің бірінде Кенесары хан басқарған ұлт-азаттық көтерілісте (1837–47) қаза тапқан батырлардың бірі – Алтайдың бейіті бар.

К.Байпақов

АЛТЫНБАЕВ Болат Олжабайұлы (1969, Жалағаш ауд. Қаракеткен а. – 3.7.1998) – әскери қайраткер. Алматы қ-ндағы арнайы әскери мектепте оқып, Ленин комсомолы атынд. жоғары әскери теңіз



Алтынбаев Болат

уч-щесін (1989), Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қ-ндағы жоғары әскери-теңіз уч-щесін (1991), АҚШ-тың әскери-теңіз күштерінің академиясын бітірген. Ресейдің Камчаткадағы Петропавловск қ-нда электр навигац. топ командирі (1991–94), ҚР Қорғаныс мин-нде әскери-теңіз күштері бөлімінің аға офицері (1994–95), ҚР-ның тұңғыш «ПК-16-Сұңқар» әскери-теңіз катерінің алғашқы командирі (1995–97) болды. Тәуелсіз ҚР-ның әскери-теңіз флотының құрылуына өзіндік үлес қосты. Жалағаш ауд. Жалағаш кентіндегі бір көшеге А-тың есімі берілген.

АЛТЫНБЕКОВ Сейілбек (15.6.1944 ж. т., Сырдария ауд. Киров а.) – әскери қайраткер, ген.-м. (1992). Ташкент жалпы әскери басқару уч-щесін (1967) және Мәскеу әскери академиясын (1977) бітірген. А. Түркістан, Орта Азия әскери округтерінде взвод, рота, батальон командирі (1967–74), түрлі әскери округтерінде полк командирі, дивизия штабының бастығы, дивизия командирі (1974–89), ҚР Азаматтық қорғаныс бастығының 1-орынбасары (1989–91), Мемл. қорғаныс к-ті төрағасының 1-орынбасары – штаб бастығы, Қазақстан тарихында тұңғыш құрылған Респ. Ұланның қолбасшысы (1992–93), ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемл. к-т төрағасының орынбасары – Азаматтық қорғаныс штабының



Алтынбеков Сейілбек

бастығы (1994–2000), «ТЭСЭП» ЖАҚ-ның бас директоры (2000–05), «Қазақстан темір жолы» арнайы басқармасының басшысы (2005–09) болды. А. Қызыл жұлдыз орденімен, көптеген медальмен марапатталған. Генералдар кеңесі респ. қоғамдық бірлестігінің мүшесі.

С.Тайман

АЛТЫНҚОЖА Биқожаұлы (1886, қазіргі Сырдария ауд. Шіркейлі а. – 1943, Ресей, Ярослав обл. Рубенский ауд.) – діни қызметкер. 19 жасында Өзбекстанның Үргеніш қ-ндағы діни оқуға түскен. 14 жылдай оқып, ахун дәрежесін алған. Елге оралып Қармақшының Қызылтам елді мекенінде мешіт ашқан. Кіші жүздегі Алтын жаппас руында ислам дінін уағыздайды. 1902 ж. Уфа қ-нда өткен алашордашылардың II Думасына Қармақшы уезінен делегат болып қатысты. 1929 ж. Кеңес органдары дүние-мүлкін кәмпескелеп, Қармақшыдан туған а-на көшіп келеді. 1937 ж. саяси қуғын-сүргін құрбаны болып, 10 жылға сотталып, Ресейге жер аударылды.

А.Оразбақов

АЛТЫРУОВ Тұрмахан (1896, Қорқыт өңірі – 1938) – қоғам қайраткері. Қармақшыдағы бастауыш мектепті бітіріп, Қарасақал болысында хатшы болған. Қазалы уездік атқару к-тінің жауапты қызметкері (1920–23), Қызылорда окр. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1923–28), окр. «Қоссшы» одағының төрағасы (1928–31) болып қызмет істеген. 1930 ж. Қарақұм көтерілісіне қатысушылармен Ә.Жангелдин, С.Сейфуллинмен бірге келіссөз жүргізген. 1931–34 ж. окр. төтенше комиссияда жұмыс істеді. 1936 ж. қудаланып, 1938 ж. Магаданға айдалып, сол жақта қайтыс болды.

Т.Дайрабай

АЛШОРАЗОВ Кеңішбай (3.3.1939 ж. т., Жалағаш ауд. Мәдениет а.) – еңбек ардагері. Қазақ а. ш. ин-тының (1973, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) агрономдық ф-тін бітірген. 1959–96 ж. ұжымшарда күрішші болып жұмыс істеді. 1960, 1979 ж. облыс бойынша өнім алудан жоғары көрсеткішке қол жеткізді. 1961 ж. Кубаға күріш егу технологиясын үйретуге жіберілді. 1970 жылдан агроном, бригадир, бөлімше басқарушысы болып қызмет атқарды. Күріштен мол өнім алғаны үшін Қазақ КСР Мемл. сыйл-ның лауреаты (1979) атанды. 3-дәрежелі Еңбек даңқы орденімен (1977), «Еңбектегі ерлігі үшін» (1966) медалімен марапатталған.

Ә.Нәрікбаев

АЛШЫНБАЕВ Мұхтар Рахымұлы (26.1.1926, Сырдария ауд. – 20.3.2013, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1969), проф. (1973), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). А. Ресей а. ш. ҒА-ның корр. мүшесі (1978), Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері (1980). Қазақ а. ш. ин-тын бітірген (1951, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті). 1951–94 ж. Қазақ а. ш. ин-тында ассистент, кафедра меңгерушісі, проф., 1994 жылдан Қазақ а. ш-н механикаландыру және электрлендіру ғыл.-зерт. ин-тының бас ғыл. кеңесшісі болды. Негізгі ғыл. еңбектері а. ш. машиналарын пайдалануға, оларды жетілдіруге, сонымен қатар топырақ өңдеуде, дәнді дақылдар себуде және жинауда, астық тазалау мен сұрыптауда, арамшөптерге қарсы күресте, жемшөп өндіруде, малға азық беруде қолданылатын машиналарды зерттеуге арналған. Суғармалы егіншілікті, атап айтқанда, күріш дақылын егіп-өсіруді механикаландырудың нақты мәселелерін қарастырды; астық тазалағыш агрегаттарды, әр түрлі сепкіштерді дұрыс пайдалану, машина-трактор тіркемелерінің қолайлы құрамын таңдау жөнінде тәжірибелік ұсыныстар енгізді. А-ның «Ауыл шаруашылық машиналары» (1979), «Ауыл шаруашылығы машиналарының теориясы» (1997), т.б. еңбектері жарық көрген. Ғыл. кеңесші ретінде 30-дан астам кандидаттық және докторлық дисс-лардың жетекшісі болды. А. Сырдария ауд. Іңкәрдария а. маңындағы Молла-Қалан қорымына жерленген.

Қ.Омаров, С.Тайман

АЛШЫНБАЕВ Рақым (27.1.1893, Сырдария ауд. Қарақасқа а. – 1980, сонда, Тереңөзек кенті) – қайраткер, ұстаз. Аламесектегі екі жылдық орысша-қазақша мектепті (1911), Қостанайдағы Ы.Алтынсарин ашқан мектепті, Троицкідегі расуилия мектебін, «Бұхара» медресесін (1917), Уфадағы мұғалімдер семинариясын (1919), ҚазПИ-ді (1931, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. 1919–58 ж. ұстаздық қызмет атқарды. 1929 ж. ашылған Азат мектебінің тұңғыш ұйымдастырушысы болды. А. тіл ғылымына елеулі үлес қосты. 1936–37 ж. 4–7-сыныптарға арналған «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығын, «Педтехникумда қазақ грамматикасын оқыту методикасы» (1941) кітапшасын жазды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Сырдария ауд. Тереңөзек кентіндегі бір көшеге А. есімі берілді.

Т.Дайрабай

АЛШЫНБАЕВ Сейтқали Бегманұлы (28.8.1960 ж. т., Шиелі ауд. Талаптан а.) – кәсіпкер, меценат. Қызылорда политехникумын (1981, қазіргі Қызылорда агр.-тех. жоғ. колледжі), Тараз мемл. ун-тін (2003) бітірген. Қызылорда жолаушылар автотранспорты мекемесінде



Алшынбаев Сейтқали



Алшынбаев Мұхтар

слесарь-агрегатшы, шебер, техника қауіпсіздігін сақтау инж., аға инж., өндірістік-тех. бөлім бастығы (1981–95), «Нұржаз» ЖШС-ның директоры (1995–2000) қызметтерін атқарған. 2000 жылдан «Нұрай» ЖШС құрылыс компаниясының директоры. А-тың басқаруымен «Алтын Орда» қонақ үйі, соңғы типтік жобадағы қала орт-ндағы ірі сауда үйлері мен жаңа балабақша бой көтерді. «Зерде» мектебінің негізін қалаушы. «Парасат» (2021), «Құрмет» орденделімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

АМАНГЕЛДІ – Сырдария ауд-ндағы ауыл, ауылдық окр. орт. Аудан орт. – Тереңөзек кентінен оңт.-шығысқа қарай 77 км жерде, Сырдария өз-нің сол жағалауында орналасқан. Тұрғыны 2,7 мың адам (2023). Жер аум. 711,1 мың га, оның а. ш-на тиесілісі 511,9 мың га, егістік жері 22,0 мың га, шабындық жері 29,5 мың га, мал жайылымы 506,0 мың га. 1928 ж. 3-ауылдық кеңесінің қамтуына «Иіркөл», «Аққөл», «Бестөбе», «Асау», «Қазыбай», «Шолақ арық», «Сегіз серке», «Ақжар», «Қайырсуат» серіктестіктері ұйымдастырылған. 1937 ж. «Асау», «Бестөбе», «Аққөл» серіктестіктерімен қоса, «Калинин» артелі ұйымдастырылды. 1938 ж. «Шолақ арық», «Зіңкетер» (Иіркөл), «Қазыбай», «Бестөбе», «Ақжар», «Аққөл» артельдерінің іріленуіне байланысты «Ленин» ұжымшары құрылды. 1950 ж. «Ленин», «Калинин», «Қызыл ту» ұжымшарлары бірігіп, Ленин атынд. ұжымшар, орт. Ленин а. болды. 1963 ж. «Айдарлы», «Құмшығанақ», «Ақарық», «Қызыл ту», Ленин атынд. ұжымшарлар бірігіп, Амангелді атынд. кеңшар болып қайта құрылды. 1974 ж. «Айдарлы» бөлініп, «Амангелді» кеңшары қаракөл қойының тұқымын асылдандыру ғыл. тәжірибе жұмысымен айналысты. 1974 жылдан кеңшар тараған дейін шаруашылық қаракөл қойының тұқымын асылдандыру бағытында жұмыс істеді. Қазіргі А. ауылдық окр-нде 1999 жылдан «Жетікөл» елді пункті – Айдарлы а-нан бөлініп, А. а. әкімш-не қосылды. 2004 ж. А. ауылдық окр-нен Жетікөл елді мекені бөлініп, жеке ауылдық окр. болып қайта құрылды.

С.Тайман

АМАНОВ Сұлтан Шаханұлы (27.8.1933, Қазалы ауд. Жанқожа батыр а. – 29.10.1990, Алматы қ.) – экономист, ҚР-ның еңбек сің. экономисті. ҚазМУ-ды (1957, қазіргі ҚазҰУ), КОКП ОК қоғамдық ғылымдар академиясын (1980) бітірген. Қазалы а. ш. техникумында оқытушы, сырттан оқыту бөлімінің меңгерушісі (1957–59), обл. комсомол



Аманов Сұлтан

к-тінің 2-хатшысы, 1-хатшысы (1959–63), Шиелі ауд. партия к-тінің хатшысы, Жалағаш ауд. атқару к-тінің (1963–66), обл. халықтық бақылау к-тінің төрағасы (1966–72), Жалағаш ауд. партия к-тінің 1-хатшысы, обл. партия к-тінің хатшысы (1972–78) қызметтерін атқарған. 1980 жылдан Респ. кәсіптік-білім беру к-ті төрағасының орынбасары, Халықты еңбекпен қамтамасыз ету к-ті төрағасының 1-орынбасары болды. 1967–80 ж. обл. кеңестің депутаттығына сайланған. Ленин, 2 мәрте «Құрмет белгісі» орденделімен және көптеген медальмен марапатталған.

АМАНОВ Әбутәліп (1958 ж. т., Жаңақорған ауд. Ызғар а.) – еркін күрестен Қазақстанның еңбек сің. жаттықтырушысы. Қазақ мемл. дене тәрбиесі ин-тын (1984, қазіргі Қазақ спорт және туризм академиясы) бітірген. А. еркін күрестен әлем чемпионатының қола жүлдегері (2011), Азияның 3 дүркін чемпионы (2015, 2016,



Аманов Әбутәліп

2018). Азия чемпионатының қола жүлдегері (2014) Д.Ниязбековтің, әскерилер арасындағы әлем чемпионы (2019) Ғ.Өсербаевтың бапкері. Обл. балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры (1995–2001), дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында, олимпиадалық резерв мектебінде жаттықтырушы (2001–08) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта обл. жоғары спорт шеберлігі мектебінде аға бапкер. 3 халықар. дәрежедегі, 5 КСРО-ның, 12 ҚР-ның спорт шеберін дайындаған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы.

С.Тайман

АМАНӨТКЕЛ – Арал ауд-ндағы ауыл, ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Арал қ-нан оңт-ке қарай 96 км жерде, Сырдария өз-нің жағалауында орналасқан. Тұрғыны 2,4 мың адам (2023). 1962 жылдан балық аулау базасының орт. болды. А-де балық аулау бригадасы, Нұртуған атынд. АҚ, орта мектеп, кітапхана, клуб, тұрмыстық қызмет көрсету пункті жұмыс істейді.

«АНАҒА ТАҒЗЫМ» ОРТАЛЫҒЫ – 2023 ж. облыс орт-нда бой көтерген ұлттық және заманауи үлгідегі мәдени-әлеум. нысан. Ғимараттың құрылыс жобасын «Парасат» орденінің иегері, кәсіпкер-меценат Марат Дүйсенбаевтың қаржылай қолдауымен (жалпы сметалық құны 1,7 млрд теңгені құрайды) салынған. Орт-тың жұмысы Ұлы Даланың ұлы аналарының киелі жолын дәріптей отырып, жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беруге, отбасылық құндылықтарды нығайтуға, бүгінгі қазақ әйелінің рухани келбетін қалыптастыруға және креативті дамытуға бағытталған. Халқымыздың өткені мен бүгінін сабақтастыратын «Анаға тағзым» экспозиц. кешенде «Қазақ елінің ұлы аналары» атты бірегей картина және ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігінен сыр шертетін киіз үйдің инсталляциясы орналасқан. Орт-та «Мирас» әжелер клубы, «Бойтұмар» қыздар клубы, «Ана тілі» дебат клубы, «Сырғалым» сырласу клубы, «Жас отау» жас отбасылар клубы, «Береке» аспаздық студиясы, «Шамшырақ» фото-видео студиясы жұмыс істейді. Сонымен қатар «Ұлт жақұты» музейлік залы, конференц-зал, мәдени-концерттік зал және коворкинг орт.бар.



«Анаға тағзым» орталығы



Ан Дон Дю

АН Дон Дю (1897, Солт. Кореяның қазіргі Хамген-Пукто провинциясы – 29.11.1960, қазіргі Шиелі

ауд. Ақмая а.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). Ресейдің Хабаровск өлк. Вязем ауд. «Авангард» ұжымшарында жұмыс істеген (1930–37). Шиелі ауд. «Авангард» ұжымшарындағы күріш егістік бригадасында бригадир (1937–41), 2-дүниежүз. соғыс жылдары Қарағанды қ-нда шахтер болып жұмыс істеген. 1946 жылдан Шиелі ауд. «Большевик» ұжымшарында күріш өсіретін звеноның жетекшісі болған. 1949 ж. 6,2 га жердің әр гектарынан 81,5 ц-ден күріш жинаған. Ленин орденімен марапатталған (1950).

Қ.Омаров

АҢЛАМАС – Сырдария ауд-ндағы жер атауы. Жаңадария каналының жағасында, Іңкәрдария а. аумағында орналасқан. Жер атауы осы өңірде өмір сүрген, Аңламас әулиенің есімімен аталған. А. туралы халық ақыны Қ.Баймағанбетов тарихи дастан шығарған.

АҢСАТ Сәби (Сәпен) Әбдіқадырұлы (1940 ж. т., Қармақшы ауд. Жосалы кенті) – еңбек ардагері.



Аңсат Сәби

Еңбек жолын 1958 ж. Жосалы мех. з-тында токарь болып бастаған. Қызылорда совхоз техникумын (1975, қазіргі Қызылорда агр. тех. жоғары колледжі), Жамбыл гидро-мелиоративтік-құрылыс ин-тын (Қазіргі Тараз ун-ті) инж.-механик мамандығы бойынша (1984) бітірген. Жосалы мех. з-тында еңбек қауіпсіздігі инж., цех басшысы, энерго-мех. бөлімінің басшысы, бас инж-дің орынбасары (1968–75), кәсіподақ к-тінің төрағасы (1969), Қызылорда эксперименталды-мех. з-тында мех. цех басшысы (1976), Қызылорда ағаш өңдеу з-тының директоры (1977), Қызылорда құрылыс материалдары з-ты директорының орынбасары (1983), Қызылорда силикат қабырғалық материалдар з-тының директоры (1984), Қызылорда мұнай өнімдері базасының директоры, Қызылорда мұнай өнімдері АҚ-ның вице президенті (1987–2000) қызметтерін атқарған. Т.Жүргенов қоғамдық қорының төрағасы, «Болашақ» ун-тінің құрметті проф. Жосалы кенттік, Қармақшы ауд. кеңестерінің депутаты (1963–67) болды. А. ғұмырбаяндық «Мәуелі мезгіл», «Болмыс», «Айтарым бар», «Ұлтын сүйген асыл ер» кітаптарының, «Темірбек Жүргенов қоғамдық қоры» фотоальбомының авторы. «Темірбек Жүргенов» (2022, Түркия) атты кітабы түрік тілінде жарық көрді. А-тың ұйымдастыруымен Т.Жүргеновке арналған 4 деректі фильм түсіріліп, тарихи драма, кино-телесериалдың сценарийлері, «Комиссар Жүргенов» романы жазылды. Қызылорда қ-ның, Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы. «Құрмет» орденімен, бірнеше медальрмен марапатталған.



Аңсат Сәдуақас

АҢСАТ Сәдуақас Әбдіқадырұлы (12.1.1945 ж. т., Қармақшы ауд. Жосалы кенті) – журналист, еңбек ардагері. Шымкент қ-ндағы қазақ химиятех. ин-тын (1967 казіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) бітірген. 1967 ж. «Қызылорда құрылыс» тресіне қарасты «Құрылыс материалдары комбинатына» арматура цехының шебері болып орналасқан. 1972–2010 ж. мемл. қызметпен қоса түрлі қызметтер атқарды. 2010 ж. «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігі обл. бөлімшесінің төрағасы болып сайланған. 2013 жылдан обл. «Қазақ тілі» қоғамы жанынан респ. «Тіл сақшысы» газетін ашып, қазіргі уақытқа дейін осы басылымның бас редакторы. «Парасат» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның, Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы.

АППАЗОВ Нұрбол Орынбасарұлы (28.2.1982 ж. т., Қармақшы ауд. Жосалы кенті) – хим. ғыл. канд. (2009), проф. (2018), ҚР ҰИА-ның акад. (2021). Қызылорда мемл. ун-тін (2002, қазіргі Қызылорда ун-ті), ҚазҰУ-дың аспирантурасын (2006) бітірген. Болашақ мектеп-лицейінде мұғалім, «Достық Ойл ЛТД» ЖШС-нда хим.-лаборант, Қызылорда мемл. ун-тінде оқытушы (2002–04), Химия ғыл. ин-тында инж., ҚазҰУ-да кіші ғыл. қызметкер, Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-тінде оқытушы, «Coca-Cola Алматы Боттлерс» БК ЖШС-нда химик (2006–09), Қызылорда ун-тінде ғыл. қызметкер, лаб. жетекшісі, аға ғыл. қызметкер, аға оқытушы, қауымдастырылған проф., кафедра меңгерушісі, проф. ғыл.-зерт. ин-тының директоры, ғыл. жұмыстар және халықар. байланыстар жөніндегі проректор міндетін атқарушы (2009–20) «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС басқарма төрағасының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары, басқарма төрағасының міндетін атқарушы (2020–21) қызметтерін атқарған. 2021 жылдан Қызылорда ун-тінде зерттеуші-проф. Ғыл. бағыты – органик. синтез, мұнай қалдықтары мен газ-



Аппазов Нұрбол

дарын, а. ш. қалдықтарын пайдалы өнімдерге өңдеу, дәрілік өсімдіктерден биол. белсенді қосылыстар алу және оларды модификациялау. 300-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 37 инновац., өнертабыс пен патенттің, 5 оқу құралы, 5 монографияның авторы. 30-ға жуық мақаласы Web of Sciensпен Scopus базаларында жарияланған. Талантты жас ғалымдарға арналған мемл. ғыл. (2010) және Қызылорда обл. әкімі стипендиясының (2013) иегері. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2016), «Шапағат» респ. өнертапқыштар конкурсының жеңімпазы (2020). «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен (2017) марапатталған.

Қ.Омаров

АРАЛ (т.-ө.ж.б.) – батыр. Абылай ханның қолбасшылығымен жүргізілген ұрыстарда ерлік көрсеткен. А. жоңғарларға қарсы қазақ жасақтарын басқарып, ұйымдастырушылық қабілетін танытқан. Сонымен қатар А. қазақ елінің Ресейдің қол астына өтуіне қарсы болды. Ол 1738 ж. Әбілқайыр хан мен оның төңірегіндегі қолдаушылары екінші рет ант берген кезде құжатқа қол қоюдан бас тартқан. А. Жем өз-нің төм. ағысында орналасқан Бақашы әулиенің қорымында жерленген.

Р.Жанұзақ

АРАЛ – қала. Арал ауданның орт. Тұрғыны 36,9 мың адам (2023). 1817 ж. қазіргі Арал қ. маңында қазақтар қоныстанған Алтықұдық деген а. болған. Патшалық Ресей осы өңірді жаулап алғаннан кейін, мұнда тұрақ пунктін салды. Ол сол дәуірдің деректерінде А. кенті ретінде аталды. 1867 ж. мен 1917 ж. аралығында Қазалы уезінің құрамында болды. Бұл кенттің дамуына Орынбор – Ташкент т. ж-ның салынуы елеулі әсерін тигізді. 1905 ж. А. кентінде т. ж. вокзалы тұрғызылды. Сол жылы орыс көпестері Лапшин, Риткин, Красильников, Макеев Арал т-нен балық аулайтын акционерлік қоғам құрды. Орыс тұрғындары негізінен кенттің солт.- шығыс бөлігінде орналасты. Кенттің маңынан Арал т-не шығатын порт және кеме жөндейтін з-т салынды. Бірінші орыс революциясы тұсында А. кентінде теміржолшылардың ереуілі орын алды. Азамат соғысы жылдары А. қ. маңында ақ гвардияшылар мен қызылдардың арасында ірі шайқас болды. Бұл шайқасқа Арал т.

флотилиясының «Хан Хивинский» және «Туркестанец» деп аталатын кемелері де қатысты. Сондай-ақ 1921 ж. А. кентінің тұрғындары Ресейдің ішкі ауд-нда аштыққа ұшырағандарға көмек ретінде 14 вагонға тиелген балық жөнелтті. 1930 жылдан бастап А. Қызылорда обл. Арал ауд-ның орт. болды. 1938 ж. оған қала мәртебесі берілді. 20 ғ. 70-жылдардың соңына дейін А. қ. балық өнімдерін өндіретін орт. және Арал т-ндегі маңызды порт қызметін атқарды. 1979 ж. оның тұрғын саны 32,0 мың адамды құрады. Кеңестік кезеңде А. қ-нда жабық үш әскери қалашық болды. Арал т-нің тартылуына орай А. қ-на әлеум.-екон. қиыншылықтар туғызды. Теңіздің тартылуымен порт өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болды. Кеңес одағының ыдырауымен ондағы әскери бөлімдер Ресей аумағына көшірілді. Экол. жағдайдың нашарлауымен А. қ-ның тұрғындарының саны азая түсті. Қ-да жұмыссыздықтың орын алуына байланысты жастардың біраз бөлігі Байқоңыр, Қызылорда қ-ларына қоныс аударып, сонда жұмыс істеді. 2005 ж. Арал т-нде Көкарал бөгетін салу арқылы т-дің солт. бөлігінде су толыса бастады. Бұл өз кезегінде А. қ-нда балық өнімдерін қайта өңдейтін «Камбалабалық» комб-ның және «Аралбалық» акционерлік кәсіпорны жұмысы жандануына жол ашты. 2008 ж. А. қ-нда балық өнімдерін өңдейтін «Атамекен холдинг» комб. іске қосылды. «Арал балық өңдеу зауыты» және «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС балық өңдеу з-ттары бар. А. қ-нда «Миллион плаза», «Жақсат 2» сауда үйлері, «Самғау» бизнес орт., «Мега планета» және сауда нысаны, «Мопасо», «Шайхана №1», «Palato» қоғамдық тамақтану орындары, «Алақай», «Зере» балалар ойын орт., «Зерде» дәріханасы, «Бибка» және «G-arena» ойын алаңдары, және т.б нысандар жұмыс істейді.

Б.Жұбанышов

АРАЛ АЛБЫРТЫ (Salmo trutta aralensis) – албырт тұқымдасына жататын жыртқыш балық. Арал т-нде тіршілік еткен. Соңғы 30–40 жылда ол туралы ешқандай дерек кездеспейді. Дене тұрқы 100 см, салм. 13–14 кг. Денесі жұмыр, арқасы қара қоңыр, күмістей аппақ бүйірінде х-тәрізді қара дақтары бар,



Арал албырты

бауырында май қанаты орналасқан. Жақтары мен ауыз қуысында майда тістері болады. Осы белгілері А. а-н Арал суындағы басқа түрлерден ерекшелендіреді. Уылдырығын қараша-желтоқсан айларында Әмудария өз-не шашады. А. а. ұсақ балықтармен және ірі шаян тәрізділермен қоректенеді. Ол – өте дәмді балық, бірақ кәсіптік маңызы жоқ. Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (1996).

Ә.Бәйімбетов

АРАЛ АСАР ҚАЛАШЫҒЫ – Арал ауд. Қаратерең а-нан оңт.-батысқа қарай 65 км жерде орналасқан ортағасырлық мәдениет пен өркениеттің ошағы. 1867 ж. Ресей археол. комиссиясының тапсырмасы бойынша осы өңірге шығыстанушы П.И. Лерх зерттеу жұмыстарын жүргізген. А. а. қ. 2001–04 ж. анықталған. Табылған заттай деректер бұл қалашықта егін, мал ш-мен айналысқандығын, сондай-ақ осы аймақтағы жерлеу құрылысының ерекшеліктерін көрсетеді. Ескерткіштерден табылған керамик. бұйымдар Алтын Орда дәуірінің (13–14 ғ-лар) кезеңіне сәйкес келеді.



Арал асар қалашығы

АРАЛ АУДАНЫ – Қызылорда обл-ндағы әкімш. бөлініс. 1938 ж. ұйымдастырылған. Аудандағы 58 елді мекен, 1 қалалық, 2 кенттік, 21 ауылдық округке біріктірілген. Аудан орт. – Арал қ. Жер аум. 68,4 мың км^2. Тұрғыны 82,1 мың адам (2022), орташа тығыздық. 1 км^2-ге 1,2 адамнан келеді (2023). А. а. облыстың солт.-батыс бөлігінде, шөлейт белдемде орналасқан. Аудан жерінің ең биік жері – Шевченко шығанағынан солт.-батыста жатқан тау (324 м). Ірі елді мекендері: Арал қ. (36,9 мың), Абай (2,3), Сексеуіл (8,9), Жақсықылыш кенттері (5,0) және Шижаға (2,2), т.б. Жалпы білім беретін 45 мектеп болды. Арал ауд. бойынша 72 мәдениет мекемесі бар, олардың ішінде: 1 ауд. мәдениет үйі, 1 қалалық мәдениет үйі, 1 ауд. мәдениет орт., 4 кенттік және ауылдық мәдениет үйі, 23 ауылдық клуб, 39 кітапхана (оның ішінде 33 кітапхана ауылдық жерде), 1 ауд. тарихи-өлкетану музейі, 1 балықшылар музейі, 1 Арал қалалық тарихи музейі халыққа қызмет көрсетеді. Ауд. мәдениет үйінде Қазанғап атындағы халық аспаптар оркестрі, Сыдықовтар жанұясының ансамблі, «Көңілашар» үгіт-көркемдік бригадасы жұмыс істейді. Ауд. «Толқын» газеті шығып тұрады. Денсаулық сақтау саласында ауд. аурухана, перзентхана, психоневрол. диспансер, кеңес беру диагност. емхана, 2 аурухана, 31 фельдш.-акушерлік және фельдш. пункт, 12 отбасылық-дәрігерлік амбулатория, тіс емдейтін «Жансая» және «Аралстоммед» ЖШС-лары, 4 дәріхана, ауд. санэпидст., лепропункт, т.б. мед. мекемелер халыққа қызмет көрсетеді. Спорт саласында ауданда 239 спорт ғимараты тіркелген. Ауданда көптеген қоғамдық бірлестік жұмыс істейді. А. а. аумен Орынбор–Ташкент т. ж. (162 км) өтеді. Автомоб. жолының жалпы ұз. 502 км, оның ішінде респ. маңызы бар жолдың ұз. 211 км. Байланыс кәсіпорындары мен мекемелерінен 1 ауд. байланыс бөлімі, 18 пошта бөлімшесі, 1 телекоммуникация жүйесі елге қызмет көрсетеді. Ауданда ұз. 570,6 км су құбыры тартылған. Электр энергиясын «Дәулетэнерго» ЖШС береді. Аудан өңірінен



Арал ауданы

көптеген археол. және мәдени ескерткіштер табылған. Географиясы. оңт. бөлігін Арал т. алып жатыр. Аудан батысы мен солт-нде Ақтөбе обл-ның Шалқар және Ырғыз аудандарымен, солт.-шығысында Ұлытау обл-ның Ұлытау ауд-мен, оңт.-шығысында Қызылорда обл-ның Қазалы ауд-мен, оңт-нде Қарақалпақстанмен шектеседі. Қазіргі теңіз табанынан ашылған жерлерде биікт. 55–100 м болатын төбе-шыңдар көп. Жер бедері, негізінен, қоңыржай белдеудің Солт. Арал провинциясын алып жатқан жазық ландшафттан тұрады. Солт.-батысында біршама көтеріңкі, аласа келген қыраттар мен таулар орналасқан. Аудан жерінің ең биік жері – Шевченко шығанағынан солт.-батыста жатқан тау (324 м). Солт-нде Алтыншоқысу (абсолюттік биікт. 249 м), Тербенбес (208 м), Көлқарашоқы (240 м), бұрынғы Көкарал түбегінде Дәуіт (161 м), Көктырнақ түбегінде Үшшоқы (188 м) таулары орналасқан. Бірнеше ірі құмды алқаптар бар. Олар – солт.-батысындағы Кіші Борсық құмы, солт-нде Баршақұм, орт. бөлігінде Арал Қарақұмы, Жіңішкеқұм, Дарбас құмы. Арал т. жағалауында Көкарал, Көктырнақ, Барсакелмес, Шұбартарауыз, Құланды түбектері, Чернышев, Тұщыбас, Шевченко, Бутаков, Сарышығанақ шығанақтары және (Берг мойнағы) қазіргі Көкарал бөгеті орналасқан. Түбектерде Тораңғылы, Ұзынарал, Қаратөбе, Домалақ, Айдарлы, т.б. мүйістер бар. Ауданның сол. теңізінің құмды-төбелі өңірінде малға жайлы шұратты жерлер көп. Әсіресе, қыстаулар (Бөбешік, Мейірман, Манасбай, Көккабақ, Дөңгелексор, Науша, Шұрық, т.б.), жайлаулар (Қарабұлақ, Шағатай, т.б.) және құдықтар (Төртқұдық, Берді, Аймандай, Ұзақбай, Нұраөлген, Ақтан, Сабырбай, т.б.) орналасқан. Аудан аумағы геол. тұрғысынан Тұран плитасының мезозой-кайнозой шөгінділерінен түзілген. Оңт-нде Әмудария мегаантиклиналімен шектеседі. Шөгінділерінің қалыңд. 1000–1500 м-ден (шығысында) теңіз жағалауында 2000 м-ге жетеді. Ауданды екі бөліп Аралға құятын Сырдария өз. ағып жатыр. Оның атырауында аудандағы көлдердің басым бөлігі орналасқан. Ірілері: Қамыстыбас, Тұщыбас, Шөмішкөл, Ақшатау көлдері, т.б. Атырауынан біршама алыста жатқан көлдерге Жақсықылыш к. жатады. Жер асты суы солт-нде сәл кермек татиды (5–8 г/л), солт.-шығысында тұщы (1 г/л), орт. бөлігі мен Сырдың атырауында сәл кермек және кермекті (3–5 г/л). Грунт сулары ауданның солт-нде 3–10 м, орт. 2–3 м тереңдікте. Су қабаты негізінен құмдақты-сазды, кейде сазды-батпақты қабатта кездеседі. Аудан аумағында Арал–Сексеуіл артезиан алабы жайласқан. Артезиан суы альб-сеномен және палеоген-неоген (негізінен эоцен және палеоцен) қабатында. Солт.-шығысында артезиан суы 100–200 м, ортасында 200–300 м, теңіз жағалауында 20–150 м тереңдікте жатыр. Судың минералд. сәл кермектен (5-тен 50 г/л) тұщыға дейін (1–3 г/л) өзгереді. Аудан өте қуаң шөлді белдемде жатқандықтан, оның топырағының басым бөлігі сұр, сортаңды сұр, құмды және тақыр тәрізді топырақтан тұрады. Сыр бойы (аңғары мен жайылмасында) шалғынды сұр, бозғылт сұр және батпақты-сазды топырақ қалыптасқан.

С.Тайман

АРАЛБАЕВ Бегайдар Жантөреұлы (1896, Перовск уезі, Жаңақорған болысы Аралбай құмы (қазіргі Сүттіқұдық а.) – 29.11.1949, Краноярск, Енисей ауд. Хохлово поселкесі) – мемлекет қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны. Түркістан АКСР және Қазақ АКСР-інде қызмет істеген. Ол 1903–12 ж. Жаңақорған болыстығына қатарынан үш рет сайланған. 1905–09 ж. Жаңақорғандағы орыс-түзем мектебінде, 1910–14 ж. Ақмешіт қ-ндағы қалалық уч-щеде оқыды. 1917 ж. Ақпан төңкерісіне дейін болыстық, уездік мекемелерде түрлі кеңсе қызметтерінде, Уақытша Үкіметтің уездік кеңесінің съезіне қатысты. Шиелі болысындағы Уақытша Үкіметтің комиссары, 1917 жылдың қараша айынан Шиелі болысында милиция бастығы болды. Қаталдығымен бүкіл Түркістанға белгілі Перовск уездік атқару к-тінің төрағасы И.Гержодтың қысымымен қызметін тастаған А. 1918 ж. 20 тамызында Жаңақорғанда болыстық атқару к-ті төрағасының орынбасары және жер бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. 1919 ж. 7 желтоқсанында партия мүшелігіне өткен. Шиелі болысында аз уақыт халық соты болып, Перовск уезі кеңестерінің кезекті съезінде Сырдария обл. съезіне делегат болып сайланды. Осы съезде ол Сырдария обл. атқару к-тінің төралқа мүшесі болып сайланып, алғашқы кезде төралқа хатшысының міндетін атқарды, кейін осы атқару к-ті Басқару бөлімінің меңгерушісі болды. 1921 ж. 15 қарашада Кеңестердің Сырдария обл. съезінде обл. атқару к-тінің төрағасы болып сайланды. 1922 ж. Түркістан Орт. атқару к-ті төралқасының мүшелігіне сайланып, Түркістан Респ. Ішкі істер Халық комиссары болып тағайындалды. Кеңестердің Респ. 10, 11, 12-съездерінде Түркі атқару к-тінің мүшесі болып сайланған А. Түркістан Респ. Ішкі істер Халық комиссары ретінде ғана емес, бұл атқарушы органның өкілдігіне енбейтін мәселелер бойынша да көптеген жауапты жұмыстар атқарды. Осыған байланысты ол әр кезеңде тұрмыстық баспана мәселесі бойынша, кеңсе іс қағаздарын жергілікті тілде жүргізу комиссиясының төрағасы, Түркі атқару к-ті жанындағы қырғыз-қазақ бөлімінің басшысы болды. 1923 ж. ақпан-сәуір аралығында Түркі атқару к-ті төрағасының міндетін атқарды. 1924 ж. шілде-қыркүйекте ТАКСР Жоғ. сотының төрағасы, Қараша 1924 – сәуір 1925 ж. аралығында Сырдария губ. атқару к-тінің төрағасы болып қызмет істеді. 1925 ж. 15–19 сәуірде Ақмешітте Кеңестердің Бүкілқазақтық 5-съезі өтіп, онда Астананың Ақмешіт атауы Қызылорда болып өзгертілді. Сол сияқты Қырғыз обл. атқару к-ті Қазақ өлкелік атқару к-ті болып қайта құрылды. Оның төрағалығына Ж. Мыңбаев, хатшысы болып А. сайланды. Кәмпеске науқаны барысында патша заманында 12 жыл бұрын басқарушысы болған әкесі Жантөре Аралбаев 1-категориямен Орал окр-не жер аударылды. А. «шыққан тегін жасырды» деген желеумен мемл. қызметтен шеттетіліп, 1928–32 ж. Респ. селден қорғау мекемесінің басшысы, Қазақ АКСР Орт. банк басқарушысының орынбасары, 1932–33 ж. Ақтөбе обл. мемл. банк басқарушысы қызметінде болды. Осы жылы 3 қарашада Ақтөбе қ-нда қамауға алынып, Алматыда ОГПУ үштігінің үкімімен 1934 ж. 29 наурызында «революцияға қарсы ұлтшылдық орт-тың» басшысы ретінде РКФСР ҚК 58–7, 58–10, 58–11 баптары бойынша 10 жылға бас бостандығынан айырылып, ҚарЛагтың Бөзшакөл уч-щесінде, Мордваның Темников лагерінде айдауда болды. 1946 ж. қамаудан босатылып, Самарқанд қ-ндағы жібек маталар ф-касының директоры, кейін Ташкент обл. Шыназ ауд-нда ферма басқарушысы, мұрап болып қызмет істеді. 1948 ж. 27 қаңтарында қайтадан қамауға алынып, жер аударылды. 1949 ж. 29 қарашада Красноярск өлкесі Енисей ауд. Хохлово лагерінде қайтыс болды. Жаңақорған кентіндегі бір көшеге А-тың есімі берілді.

Х.Тұрсұн

АРАЛБАЛЫҚ – балық өнімдерін өңдейтін кәсіпорын. Арал т-нің балық байлығы 19 ғ-дың соңғы кезінен игеріле бастады. Әсіресе Ташкент т. ж. іске



Аралбалық кәсіпорны

қосылғаннан кейін (1905) теңіз жағасында орналасқан елді мекендерде шағын балық кәсіпшіліктері дами түсті. Алғашқы жылдары балық аулаумен Аван, Бөген, Қазалы, Қызылорда балық з-ттары айналысты. Мұнда Қамыстыбас, Ақшатау, Ақирек, Райым, Шөмішкөл сияқты су қоймалары мен тоғандарында балық өсіріле бастады. Арал кеме жөндеу з-тында қайықтар мен қуаты 20–40 ат күші бар ұсақ су кемелері шығарылды. Кейін осы шаруашылықтың негізінде Арал қ-нда Арал балық комб. құрылды. Оның құрамына Бөген және Қуаңдария мемл. балық аулау базалары, Ақтөбе, Қызылорда, Қазалы және Арқалық балық з-ттары енді. Өндіретін негізгі өнімдері: тоңазытылған, ысталған, кептірілген балықтар, жартылай фабрикаттар, тұздалған өнімдер мен аспаздық тағамдар, т.б. Балық өнеркәсібінің нарық экономикасына көшуіне байланысты комб. «Аралбалық» акцион. қоғамы болып қайта құрылды. Қазіргі уақытта Аралдың балық өнімдері экспортқа шығарылады. Арал айдынында балықтың 22 түрі ауланууда. Балық өңдеумен «Арал балық өңдеу зауыты» ЖШС, «Қуаныш» балық з-ты, «Арал Сервистік дайындау орталығы», «Камбала балық БӨО», «Ақбасты», «Жамбыл» өндірістік кооперативтері «Арал сервистік дайындау орталағы», «Бөген сервистік дайындау орталығы» ЖШС-лары айналысады. Өңделген балық Польша, Грузия, т.б. мемлекеттерге жіберілуде.

С.Қаженбаев

АРАЛ БЕКІРЕСІ, пілмай (Acipenser nudiventris) – бекіретәрізділер отрядының бекірелер тұқымдасына жататын балық. Каспий және Арал т-дерінде, сондай-ақ Сырдария өз-нің су алаптарында кездеседі; Балқашта жерсіндірілген. Дене тұрқы 210 см, салм. 60 кг-дай. Олардың аталығы 9–13, аналығы 13–16 жаста жы-



Арал бекіресі

ныстық жағынан жетіледі. Уылдырығын шашу үшін сәуір-қараша айларында өзендерге өрлейді. Ерте бастағандары 650–850, кейінгілері 150–300 км-ге көтеріледі. Олар өзендерде қыстап шығып, наурыз-мамыр айларында су темпрасы 10°С-тан асқанда уылдырығын (1 млн-ға дейін) ағысы қатты қайраңдарда, тасты, қиыршық топырақты жерлерге шашады. 4–6 күнде уылдырықтан майда шабақтары пайда болады. Олардың кейбіреуі сол жылы ағыспен теңізге жетеді де, ал қалғандары өзендерде бірнеше жыл тұрақтап қалады. Шабақтары шаянтәрізділермен, әртүрлі құрттармен, ересектері ұлулармен, бентостік организмдермен және майда балықтармен қоректенеді. Тіршілік ортасына сәйкес А. б-нің қорек құрамы өзгеріп отырады. А. б.-нің еті өте дәмді, уылдырығы бағалы. А. б. Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (1996).

АРАЛ ҚАЗБА ФАУНАСЫ – Арал т-нің солт. жағалауындағы Ақеспе кентінің маңынан, олигоцен дәуірінің аяқ кезіндегі құрлық шөгінділерінен табылған жануарлар қалдығы. Қазба жұмыстарын 1930 ж. КСРО ҒА-ның Палеонтология және Зоология ин-ттары (1952, 1966, 1981, 1990–91) жүргізді. Қазбадан: мүйізтұмсықтар (Paraceratherium, Aceratherium, Protaceratherium, Aprotodon, Gigantamynodon), бұғы тәрізділер (Lophiomeryx, Miomeryx, Prodrematherium, Amphitragulus), кемірушілер (Propaleocator, Aralomys, Argiromys, Agispelagus, Protalactaga, Eumysodon), бауырымен жорғалаушылар (Chelonia, Testudo), құстар (Anas) қалдықтары табылды. Олар шамамен 25–26 млн жыл бұрын ылғалды ормандар мен көлді, батпақты аймақтарда тіршілік еткен. А. қ. ф-ның жер қабатының геол. салыстырмалы жасын анықтауда маңызы зор.

Б.Байшашов


АРАЛ ҚАРАҚҰМЫ – Арал т-нің солт.-шығысында жатқан құмды алқап. Ол Арал т. мен Торғай үстіртінің аралығын, Ақтөбе, Қарағанды және Қызылорда облыстары аумағының бір бөлігін алып жатыр. Аум. 35,0 мың км^2. Құм алқабы бор және палеоген жыныстарының үгілуінің нәтижесінде түзілген. Қазіргі кезде оған жел айдап әкелген Арал т-нің құм шөгінділері қосылуда. Алқап беті солт-тен оңт-ке қарай бірте-бірте аласарып, Арал т. маңында жағалық құм белдеуіне ұласады. Біртұтас құм алқабы солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай ойысты жеке бөліктерге бөлшектенген. Одан жоғары Көлқұдыққұм, Жіңішкекұм, Алаайғырқұм, Үлкенқұм орналасқан. А. қ. жер асты суына бай. Тұщы суы жер бетінен 2–3 м тереңдікте, ал артезиан суы бор және палеоген жыныстары қабаттарында 100–200 м тереңдікте жатыр. Олардың минералдану дәрежесі әр түрлі (тұщы, кермек, ащы). А. қ-ның климаты тым континенттік, құрғақ. Қаңтардың орташа темп-расы – 12–14°С, шілдеде 25–26°С. Жылдық жауын-шашын мөлш. 100–150 мм. Булануы 1400–1600 мм. Қыста қар жұқа түседі (қалыңд. 5–6 см-ден аспайды). Сусыма құмды алқаптар мен ойпаңдардағы бозғылт сұр топырақ арасында сорлар ұшырасады. Белесті құмды жазықтарда еркекшөп, жусан, жүзгін, құм сұлысы, қияқ, ойпаңдарда ши, айрауық, қамыс, сор жерлерде сарсазан, көкпек,бұйырғын өседі. Ұсақ кемірушілерден саршұнақ, қосаяқ, бауырымен жорғалаушылардан кесіртке, жылан, тасбақа, жыртқыштардан қасқыр, қарсақ, сондай-ақ қыста ақбөкен үйірлері мекендейді. А. қ-нда жыл бойы мал жайылады.

Ә.Бірмағамбетов



Арал Қарақұмы

АРАЛ ҚАЯЗЫ (Barbus brachycephalus) – тұқы тұқымдасына жататын балық. Дене тұрқы 111 см., салм. 22–23 кг-дай болады. Пішіні жұмырлау, ұзынша. Түсі күмістей, аппақ, арқасы қара сұр, бүйірі мен қанаттары ақшыл. Екі жұп мұртшалары бар.



Арал қаязы

А. қ. Арал және Балқаш су алаптарында тіршілік етеді. Ол 1930–31 ж. Балқашта жерсіндірілген. Жыныстық жағынан 5–12 жасында жетіледі. Уылдырығын шашу үшін өзендерге сәуір-қараша айларында өрлейді. Судың темп-расы 17–18°С-қа жеткенде уылдырығын (540 мыңға дейін) лайсыз, қатты жерге шашады. А.қ. ұлулармен, сушаяндарымен, ұсақ жәндіктермен қоректенеді. А.қ-ның еті өте дәмді, кәсіптік маңызы зор. Қазіргі кезде Қамыстыбас балық питомнигінде қолдан өсіріп, шабақтарын өзендерге таратуда. Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (1996).

АРАЛҚҰМ – Арал ауд. жеріндегі жайлау. Арал қ-нан шығысқа қарай 40 км жерде орналасқан. Жер аум. 58,3 мың га, оның 49,2 га-сы қырдың жайылымы. Жерінің климаты өте қатаң. Ауаның темп-расы

+10°С-тан жоғары болатын кезең 175–195 күн. Шілде айының орта темп-расы +25–27°С, қаңтар – 9–13°С, жауын-шашынның жылдық орташа мөлш. 115–130 мм. Геоморфол. тұрғыдан Арал өңіріндегі Қарақұм алабына кіреді. Мұндағы өсімдік жамылғысы үш топқа бөлінеді: бұталы, бұта аралас және еркек-шөп, жусан, қамыссүйек, жүзгін. А. аймағында көне заманнан қалған бұйрат және жады бұйратты құмдарына тән өсімдіктер қара сексеуіл аралас жүзгін, баялыш, жусан мен эфермелер өседі. А. жерінен т. ж. өтеді. Мұнда өзімен аттас т. ж. ст. бар.

А.Нұрғызарынов

АРАЛҚҰМ – Арал ауд-ндағы ауыл, темір жол ст., Аралқұм ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Арал қ-нан оңт-ке қарай 45 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,3 мың адам (2021). А-да және округтегі Көктем, Мойнақ, Сопақ, Шөміш а-дарында және Алтықұдық, Тасбөгет т. ж. айырмаларында т. ж-ға қызмет көрсететін бірнеше шағын кәсіпорындар мен мекемелер бар.

АРАЛ ОЙЫСЫ – Арал т. ойпатын және оның солт-н, шығысы мен оңт.-шығысын алып жатқан мезозой-кайнозой шөгінділерінен түзілген тектоник. құрылым; геоморф. тұрғыдан алғанда солт. Қызылқұмға жалғасып жатқан ойпат. Тұран плитасының құрамына енеді. Ауд. 350 мың км^2 шамасында. А. о-ның солт.-шығысы, шығысы, оңт. жазық, ал Үстіртке жалғасатын батыс жағы тік жар болып келеді. А. о. солт-те Торғай ойысының оңт. шетімен, шығыста Аққырқақұм қыратымен, оңт-те төм. Әмудария мегаантиклиналімен шектеседі. Ойыстың оңт.-шығысындағы Бозкөл қырқасы оны шығыс Арал және Тәжіқазған қазаншұңқырларына бөледі. Табанының жоғ. бөлігі палеозой мен триас шөгінділерінен түзілген. Оның үстін мезозой мен кайнозойдың қалыңд. 1800–2000 м шөгінді жыныстары (саз, құмтас, әктас, мергель) жауып жатыр. Ойыстың юра мен бор шөгінділерінде мұнай мен газ, палеоген жыныстарында қоңыр көмір, темір кендері кездеседі, сондай-ақ жер асты суының мол қоры бар.

АРАЛ ӨҢІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ – Арал өңіріндегі ерте темір дәуірінен сақталған археол. ескерткіштердің жиынтық атауы. Арал өңіріне Әмудария мен Сырдарияның Арал т-не құятын төм. ағысының аралығы жатады. 1937 жылдан бастап Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетек. С.П. Толстов, М.А. Итина, О.Л. Вишневская, т.б.) зерттеулер жүргізді. Зерттеу жұмысы барысында Арал өңірінде сақ тайпаларының 4 түрі өмір сүргені белгілі болды: 1) Жаңадария бойында – апасиактар; 2) Қуандария бойында – тохарлар; 3) Сырдария мен Қуандария аралығында – аугасилер; 4) Іңкәрдария бойында – сакравактар. Страбон бұл аймақтың массагеттердің батпақты, суы мол, аралды жері екенін айта келіп, онда апасиактар өмір сүргенін жазған. Арал өңірінде ертеректе болған Шірік-Рабат, Бәбіш-Молла, Баланды, Жетіасар, Алтынасар көне қалалары орындарынан сақ тайпаларының ескерткіштері көптеп табылды. Бұл қалалардың архит. жобалары бір-біріне ұқсас. Халқы мал ш-мен, егін егумен, аң аулаумен айналысқан. Қазба жұмысы кезінде дәнді дақылдар – арпа, тары қалдықтары, үккіш, қол диірмен, т.б. құрал-саймандар табылды. Мал сүйектерінің 47%-ы ірі қара сүйектері, оның ішінде түйе, жылқы сүйектерінің мол кездесуі жартылай көшпелі өмірдің басым болғанын аңғартады. Қолөнері мен зергерлік жақсы дамыған. Шірік-Рабат қ. төңірегіндегі обаларды зерттеу барысында алынған бұйымдардың Арал өңірі тұрақжайларындағы бұйымдарға ұқсастығы дәлелденді. Жерлеу тәсілдерінде өзіндік ерекшелігі байқалады. Бейіттер күмбез тәріздес, аум. 38,5 м^2, биікт. 8 м, көл. 47х29х9,5 см, 53х31х11 см шикі кірпіштен өрілген. Антроп. зерттеулер сақ тайпаларының бет пішінінде б.з.б. 7–5 ғ-ларда еур., ал б.з.б. 4–2 ғ-лардан бастап моңғолдық белгілері күшейе бастағанын көрсетті. А. ө. е. жаңа тас дәуірі мен соңғы темір дәуірі аралығында бұл аймақта мал ш. мен суғармалы егіншілікпен айналысқан, әскери өнері жақсы дамыған тайпалардың өмір сүргенін көрсетті. Олар көрші елдердің және шығыстан келген тайпалардың әсерінен саяси-әлеум., экон., мәдени және антроп. жағынан өзгерістерге ұшырап отырған.

С.Жолдасбаев, А.Бейсенов

АРАЛ-САРЫБҰЛАҚ СУ ҚҰБЫРЫ – мемл. коммуналдық кәсіпорын. 1986 ж. құрылған. Су құбырының алғашқы кезегі – Бердікөл су тартқысы 1985 ж. пайдалануға берілді. Қосаман су тартқысы 1993 ж. іске қосылды. Арал және Қазалы аудандарының халқын ауыз сумен қамтамасыз етеді. Су құбырының ұз. 345 км. Екі су тартқыда 12 су көтергіш сорап ст., хлорлау қондырғылары, 38 ұңғыма жұмыс істейді. Сорап ст-ларының қуаты тәулігіне 275 мың м^3, Қосамансу тартқысындағы бөгеннің сыйымдылығы 2 мың м^3, Бердікөл су тартқысындағы бөгеннің сыйымдылығы 2600 мың м^3.

АРАЛ ТЕҢІЗІ – Өзбекстан мен Қазақстан (Қызылорда және Ақтөбе обл.) жерінде, Тұран ойпатының шөлді белдемінде, Үстірттің шығыс шетінде орналасқан тұйық көл.



Арал теңізі

Алабындағы қарқынды антропогендік әрекеттерге дейін (1960–80) дүниежүз. теңіз деңгейінен 53,0 м биіктікте жатқан. Осы деңгейдегі айдынының ауд. 66,1 мың км^2 (аралдарымен қоса), суының көл. 1064 км^2, орташа тереңд. 16,1 м (ең терең жері 67 м), ұз. 428 км, ені 235 км, су жиналатын алабының ауд. 69000 км^2 болған. Алабындағы шаруашылық мақсаттарға үздіксіз су алу барысында 1998 ж. теңіз деңгейі 18 м-ге төмендеді. Нәтижесінде теңіз 2 суқоймаға – Үлкен Арал және Кіші Аралға бөлініп қалды. А. т. көне замандардан белгілі. Ежелгі гректер мен римдіктер теңізді Каспийдің «сақ шығанағы» деп есептесе, А. Македонский кезінде Окс т. (Окс – Сырдарияның грекше аты) деп атаған. Кейін Птолемей оның геогр. орнын анықтаған. А. т-нің Хорезм т., Женд т., Кердері т. сияқты аттары да бар. Араб саяхатшылары Ибн Русте (10 ғ.), әл-Истархи (10 ғ.), әл-Идриси (12 ғ.), Әбу-л-Фида (14 ғ.), сондай-ақ Әбілғазы жазбаларында А. т. туралы деректер кездеседі. Теңіз табиғатын жан-жақты зерттеу Ресей империясының шығысты отарлау саясатын жүргізу кезінде іске асырыла бастады. 1848–49 ж. әскери теңізші әрі зерттеуші А.И. Бутаковтың экспед. А. т-нің су айдынын алғаш рет толық зерттеді, нәтижесінде 1850 ж. Аралдың алғашқы толық картасы жасалды. Теңіздің морфометр. сипаттамаларын тұңғыш рет (1874, 1889) И.А. Стрельбицкий анықтады. 1874 ж. геодезист А.А. Тилло теңіз деңгейін өлшеп, солт.-батыс жағасына қада орнатты. Теңіз суының хим. құрамы туралы зерттеулердің нәтижесі 1870–73 ж. жарық көрді. 1900–03 ж. теңіздегі және оның маңайындағы кешенді геогр. және гидрол. зерттеулер Л.С. Бергтің басшылығымен жүргізілді. Одан кейінгі жылдары теңізді зерттеумен көптеген ғыл.-зерт. және жобалау ин-ттары шұғылданды. Қазақстанның, сонымен бірге бірқатар шетелдік ғыл.-зерт. мекемелері А. т-н зерттеу мәселесімен айналысты. Бірнеше халықар. қоғамдар,

ұйымдар құрылған. Арал ойысы (жоғ. плиоценде) жер қыртысының төменге майысуы нәтижесінде қалыптасқан. Табанының бедері жота-жоталы жазық болып келеді. Деңгейі күрт төмендегенге дейінгі тереңд. 20–25 м, А. т-нде жалпы ауд. шамамен 2235 км^2 (айдынның 3,5%) болатын 1100 аралдар тобы болған, кейін олардың бірқатары түбектерге айналып, құрлыққа қосылған. Кезіндегі ең ірі аралдары: Көкарал, Барсакелмес, Возрождение (бұл аралда КСРО-ның бактериол. қаруын сынау алаңы болған). Солт-нде биік және жайпақ жағалаулар кезектесіп отырады. Олар терең шығанақтармен тілімделген; шығыс жағасы жазық және құмды, шағын шығанақтар мен жаға маңы аралдары көптеп кездеседі, оңт. жағасы Әмударияның атырауынан тұрады; батыс жағасының тілімденуі шамалы, бұл тұсы биікт. 250 м-ге жететін Үстірттің жарлауыт қабақтарынан тұрады. Кіші Арал т-не Орт. Азияның аса ірі өз. Сырдария құяды. Климаты континенттік, құрғақ, ауаның орташа температурасы жазда 24–26°С, қыста 7,0–13,5°С. Жылдық жауын-шашынның орташа мөлш. шамамен 100 мм. Табиғи жағдайдағы теңіздің су теңдестігінің құрамы: көл бетіне жауатын жауын-шашынның мөлш. 5,9 км^3, өзен ағындысы 54,8 км^3, көл бетінен буланған ылғалд. 60,7 км^3. 1970 жылдан бастап көлге құятын өзен ағындысы жоққа тән болғандықтан, булануға кеткен шығынды толтыруға шамасы жетпейді, сондықтан теңіз суы жылдан жылға тартылған. Су деңгейінің маусымдық тербелісінің орташа мәні 25 см, көпжылдық (ғасырлық) ауытқуы 3 м-ге дейін жеткен. Судың беткі қабатының темп-расы жазда 26–30°С, қыста 0°С-тан төмен. Қыс бойы теңіз айдынын толығымен мұз басады. Суының тұздылығы табиғи жағдайда 9–14‰ болатын, 1980-жылдары 25–30‰-ге дейін өсті. Теңіздегі ағыстар сағат тілінің бағытымен айналым жасайды.

О.Айдаров

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ СОЛТҮСТІК БӨЛІГІ, Кішіарал – Арал т-нің шағын солт. бөлігі. Арал т-нде деградация процесі Әмудария мен Сырдария өзендерінің шаруашылық мақсатқа ұтымсыз шығындалуына және бассейндегі табиғи ағынның төмендеуіне байланысты. Сол себепті бұрынғы Арал т-нің орнында қазіргі уақытта үш шағын су қоймасы пайда болды: 1) Кіші Арал, айдынының аум. 0,9 мың км^2, көл. 27 млрд м^3; 2) Тұщыбас көлі, кіші Аралмен гидрогеол. байланысы бар, сондықтан сақталған; 3) Арал т-нің тар және терең батыс бөлігі, ол қалдық тұзды суларды сақтау рөлін атқарады. 1998–2005 ж. Дүниежүз. банктің қаржыландыруымен жүзеге асырылған САРАТС–1 жобасы нәтижесінде Кіші арал қалпына келтірілді. Сырдария өз-нің төм. ағысында су тапшылығы жағдайында су ресурстарын тиімді реттеуге мүмкіндік беретін бірқатар су объектілері салынды және жаңғыртылды. Көкарал түбегінде Кіші аралды үлкен теңізден бөліп тұрған Көкарал бөгеті салынды, содан кейін Кіші аралдың деңгейі 42 м БЖ белгісіне дейін көтерілді. 2004–06 ж. Арал өңіріндегі экол. жағдайды одан әрі сауықтыру мақсатында САРАТС–2 жобасы



Арал теңізінің Солтүстік бөлігі

әзірленді. Қазіргі уақытта су айдындарының ауданы бұрынғы теңіздің 1/10 бөлігін құрайды, қалған бөлігі – құрғақ теңіз табаны, оның беті хлорид-сульфат тұздарының қалың қабатымен жабылған. Жиі қайталанатын құмды дауылдар теңіз түбінен ұсақ тұздар мен улы қосылыстарды атмосфераға көтеріп, айтарлықтай қашықтыққа таралады. Арал т-нің солт. бөлігі 500 м-ден 1 км-ге дейін тартылған. Кіші аралдың Шевченко, Сарышығанақ, Бутаков атты шығанақтары бар. Теңіздің солт.-батыс бөлігінде Шұбартарауыз, солт-нде Көктырнақ түбектері орналасқан. Көкарал жағалауы құмдақты, орт. бөлігіндегі абс. биікт. 161 м. 2017 ж. Кіші арал т-не Сырдария өз. арқылы 9,2 млрд м^3 су құйылған. 2022 ж. бұл 9 есеге дейін азайды. 2023 жылы не бары 2 млрд м^3 су құйылды. Осылайша, теңіздегі судың қоры 27 млрд м^3-ден 20,2 млрд м^3-ге дейін төмендеп отыр. Арал т-нің құрғаған табанына сексеуіл отырғызуға және теңіздің шығыс жағалауында елді мекендерді құмның басуынан қорғайтын жасыл белдеу құрылуда. Теңізде балықтан арал шоқыры, сазан, қаяз, торта, т.б. бар. 90-жылдары даниялықтардың жобасымен кезінде камбала жерсіндірілген. Қазір теңіз суының тұщылануына байланысты ол балық жоқ. Балық аулау ауданына теңізге құятын Сырдария өз-нің атыраулық көлдер аумағы да кіреді.

О.Қарлыханов, О.Айдаров

АРАЛ ТҰЗ КЕНДЕРІ – Арал т. алабындағы түбіне тұздар шөккен көлдер. Тұз кені, негізінен Болғасынтұз, Қорғантұз, Жақсықылыш, Кішкенетұз, Бұғажайлы (Арыс көлі), Қаратұз ойпаттарындағы көлдерде орналасқан. Олардан галит (NaCl), тенардит (Na2SO4), мирабилит (Na2SO4•10H2O), эпсомит (MgSO4•7H2O), астраханит (Na2SO4•MgSO4•4H2O) тұздары өндіріледі. Аталған тұздардың ішінде тенардит барлық көлдерден алынып біткен. Оның 20 ғ-дың соңғы жылдарындағы жаңадан шөгуі бірнеше мм-ден аспайды. Жақсықылыш көлдеріндегі аралас тұздар – мирабилит пен эпсолиттің қоры 10 млн т шамасында, галиттің қоры 29 млн т (1998). Көлдердегі тұз шөгінділері тақта немесе линза пішінде түзілген. Галит минералының кристалдары мен түйіршіктері көлдер түбіндегі қара түсті лаймен аралас қандықтан, қара сұр, кейде қара болып келеді. Тұз кендері құрамында бром көп мөлшерде, аздап бор мен магний кездеседі, ал иодтың мөлшері өте аз немесе мүлдем жоқ. Тұз өндіру жұмыстары механикаландырылған және жоғары өнімді агрегаттар – тұз сорғылары, фрезалы кескіш кешендер, экскаватор, т.б. арқылы жүргізіледі. А. т. к-н игеру көп қаржы, материал және еңбекті талап етпейді. Олардағы әр түрлі пішінді және өлшемді кен шоғырлары тұздардың бірнеше түрінен тұрады. Сондықтан мұндай көпқұрамды шикізатты кешенді игеру өте тиімді.

«АРАЛТҰЗ» КОМБИНАТЫ – тұз өндірумен айналысатын кәсіпорын. Алғаш 1925 ж. тұз қазатын «Соль» артелі ретінде құрылды, 1927 ж. «Сольтрест» мемл. кәсіпорнына айналды. 1958 ж. «Сульфатпен» (1932) қосылып, «Аралсульфат» болып аталды. Комбинатта тұз қазу, тұз өңдеу, тұз қаптау және қалталау, т. ж., мех., жылу, электр, құрылыс, автотрактор, қосалқы шаруа-




«Аралтұз» комбинаты

шылық цехтары жұмыс істейді. Жылына 600–650 мың т аралығында тұз қазу, тасу, түсіру жұмыстары жүргізіледі. Комб-та 1928 ж. ұз. 53 км. Арал-сульфат т. ж. құрылысы басталып, 1932 ж. аяқталды. 1991 ж. жылына 620 мың т тұз ұсақтайтын «тұз майдалау» цехы іске қосылды. 1993 ж. «Аралтұз» АҚ болып қайта құрылды. 2012 ж. кәсіпорын индустриалдық-инновац. даму мемл. бағдарламасының жоба қатарына кіріп, өндірістік қуаты 300 мың т-ға дейін арттыруға мүмкіндік алды. 2013, 2016 ж. екі жаңа зауыт салынды. Тұз өңдеу саласындағы жетекші испандық «SERRASaltMachinery» компаниясы жобаны және жабдықтарды жасап шығарды. Қазіргі таңда «Аралтұз» АҚ 500 мың т-дан астам өнім өндеп, оны ТМД және ЕО елдеріне жеткізеді.

С.Тайман

АРАЛ ФЛОТИЛИЯСЫ, 1847–88 ж. Арал т-нде қызмет атқарды. 19 ғ-дың ортасында Ресей патшалығы Орта Азия хандықтарының, Арал т. мен Әмударияның шекараларына жақындай түсуі бұл өңірде порттар салып, А. ф-ның құрылуына әкелді. Ең алғашқы әскери «Николай» шхунасы 1847 ж. Орынборда құрастырылып, Сырдарияның жоғары ағысы арқылы Райым бекінісіне жеткізілді. 1847 ж. 20 тамызда шхуна



Арал флотилиясы

Хиуа бекінісі Жаңақаланы алу шайқасына қатысты. 1848 ж. Арал т-н зерттеу лейт. А.Бутаков пен прап. Поспеловке жүктелді. Олар сапарға «Николай» және «Константин» (1848) шхуналарымен шығып, Хиуа хандығына қарайтын Аралдың оңт. жағалауы мен Әмудария жағалауларын зерттеді. 1850 ж. Швейцарияда Маталь з-тында теңізде де, өзенде де жүзетін «Перовский» кемесі мен Обручев баркасы жасалды. 1852 ж. олар Сырдария жағалауына жеткізіліп, 1853 ж. ақпанда суға түсірілді. 1853 ж. 5 маусымда «Перовск» кемесі Ақмешітті алуға қатысты. 1856 ж. 5 маусымда Бутаков баржамен Әмудария арқылы Қоңыратқа жетті. 1873 ж. Хиуа жорығына 2 кеме, 3 баркас қатысты. Жалпы А. ф-ның құрамында 4 кеме («Самарқанд», «Арал», «Ташкент», «Сырдария»), 11 баркас, 10 баржа және бес сал болды. 1877–78 ж. кемелер 4 телім (Қазалы-Перовск, Перовск-Чинар, Қазалы-Қосарал және Қосарал-Николай аралы) аралығында адам, жүк тасымалдады. 1888 ж. «Самарқан» кемесі Перовск қ. жанында суға батып кетті. 1882 ж. 26 қазанда ген.-адъютант Черняев А. ф-н тарату туралы комиссия құрды. 1883 ж. 7 сәуірде комиссия флотилияны жойды. А. ф. орнына 1888 ж. Әмудария флотилиясы құрылды.

Ө.Қожақов

АРАНДЫ – ауылдық округ. Қазалы ауд-ндағы әкімш. бірлік. Құрамына Қожабақы және Аранды а-дары кіреді. Орт. – Қожабақы а. Тұрғыны 2,0 мың адам (2023). 1950 жылға дейін №9-ауылдық кеңесі болып аталған. 1950 ж. М.Горький атауы берілді. 1958 ж. Жданов елді мекенімен біріктіріліп, «Жданов» ұжымшары болып құрылған. 1963 ж.

ірілендіру саясатына байланысты Өркенді елді мекені мен «Жданов» ұжымшары қосылып, «Энгельс» кеңшары құрылып, орт. Қожабақы а. болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін 1998 ж. тарихи атауларды қайта қалпына келтіру саясатына байланысты Қожабақы а. болып аталды. Қожабақы а-нда Қожа және Бақы деген әулие адамдардың зираттары болған деседі. Атауы соған байланысты Қожабақы қойылған. Бұл зираттар қазіргі таңда жойылып кеткен. Ал Аранды елді мекені Аранды қырының яғни, Орақ батыр кесенесінен бастап Найзағұл деген жерге дейін созылып жатыр. Осы қырдың үстінде ауыл орналасқандықтан А. а. деп аталып кеткен.

АРЗЫҚҰЛОВ Жеткерген Әнесұлы (2.7.1957 ж. т., Арал қ.) – мед. ғыл. докт. (1996), проф., ҚР ҰҒА-ның акад. (2012), Ресей мед. ғыл. академиясының шетелдік мүшесі (2014). Ақтөбе мед.ин-тын (1980, Батыс Қазақстан мед. академиясы) бітірген. Ақтөбе қ-ндағы т. ж. ауруханасында дәрігер-онколог (1982–84), Ақтөбе обл. онкол. диспансерінің торокалды бөлімінің басшысы (1984–93), Н.Н.Блохин атынд. Ресей онкол. ғыл. орт-нда докторант (1993–96), Батыс Қазақстан мемл. мед. академиясында онкология кафедрасының меңгерушісі (1996–2001), Қазақ онкология және радиология ғыл.-зерт. институтының директоры (2001–10), А.Н. Сызғанов атынд ұлттық ғыл. хирургия орт-ның бас директоры (2011–15) қызметтерін атқарған. 2016 жылдан Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне арналған респ. клиник. госпитальдың директоры. A. ASSO, ASKO, ISDS және Ресей онкологтар қоғамының мүшесі. 240-тан астам ғыл. еңбектің, 4 монография, 16 оқулық, 17 жаңалықтың авторы.



Арзықұлов Жеткерген

К.Төлеутайұлы

«АРМАН» – мүгедектігі бар адамдардан құралған инклюзивті театр. 2023 жылдың ақпан айында А.Тоқмағамбетов атынд. мәдениет үйі жанынан «А.» үйірмесі болып ашылып, алғаш «Қолымнан ұста» атты спектаклін сахналаған. Театр өнерін дамытуда 2023 жылғы 1 шілдеден бастап «С.Майқанова атынд. мәдениет үйі» КМҚК жанынан мәдени-көпшілік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімі ашылды, яғни мүгедектігі бар адамдардың театр өнеріне қызығушылығын арттырып, шығарм-на қолдау көрсету, олардың өнерін халыққа насихаттауға мүмкіндік беру. Қазіргі таңда инклюзивті театрда 8 мүгедектігі бар адам актерлік, 7 маман мәдени-көпшілік жұмыстар ұйымдастыру бөліміне спектакль сахналау жұмыстарын атқаруда. «А.» театрының алғашқы қойылымы А.Іздікұлованың «Көршілер» спектаклімен басталды.



«Арман» театры



Артемов Петр

АРТЕМОВ Петр Михайлович (29.9.1919, Ресей, Архангельск обл. Каргополь ауд. Игнатов с. – 31.10.1991, Қызылорда қ.) – Кеңес Одағының Батыры (24.3.1945). М.Ф. Фрунзе атынд. әскери академияны (1952) бітірген. 1941 ж. Одесса жаяу әскер уч-щесінде оқып жүрген кезінде армияға шақырылған. 1944 ж. атқыштар батальонының құрамында Ковель қ-ның батыс жағындағы бекіністі бұзып өтуге қатысты. Батальонға Батыс Буг өз-нен өтіп, белгіленген алқапты дивизияның негізгі күші келгенше ұстап тұруға тапсырма берілді. Батальон жедел алға ұмтылып, Батыс Буг өз. төңірегін басып алып, жаудың 85 солдаты мен офицерін тұтқынға алды, кейін Батыс Буг өзнен өтіп, Забережное қыстағын дивизияның негізгі күші келгенше ұстап тұрды. Соғыстағы батырлығы мен ерлігі үшін 1945 ж. КСРО Жоғ. Кеңесінің Жарлығымен батальон командирі капитан А-ке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Орал қ-ндағы обл. орыс драма театрында директордың орынбасары (1954–56), Ақтөбе обл-нда «Главторчерметте» диспетчер (1956–57) қызметтерін атқарған. 1957 ж. Қызылорда қ-на қоныс аударып, «Вторчермет» бөлімшесінде бөлім меңгерушісі, бөлім бастығы, 1972 жылдан №69 қалалық кәсіптік-тех. уч-щеде әскери нұсқаушы болып жұмыс істеген. Қызыл Ту (1944), Александр Невский (1944), Ленин (1945) орденделерімен, медальдармен марапатталған. Қызылорда қ-ның бір көшесіне А. есімі берілген.

С.Тайман

АРТЫҚ, Арқан, Аркук, Артық – көне қаланың орны. Жаңақорған ауд-на қарасты Көктөбе а-нан батысқа қарай 3 км жерде орналасқан. Шығыс жылнамаларында А. 1446 ж. Әбілхайыр ханның Түркістан қ-н жаулап алуына байланысты айтылады. А. Бұхара мен Түркістан қ-ларының аралығындағы мықты бекініс қызметін атқарған. Бұл бекініс жөнінде Бұрындық ханның тұсына қатысты жазбаларда да мәліметтер кездеседі. 2011 ж. А. қ-ның орнында археол. қазба жұмыстары жүргізіліп, 15 ғ-да салынған мешіттің қирандысы ашылды.

М.Қожа

АРТЫҚБАЕВА Нәдия (19.2.1944 ж. т., Қазалы ауд. Әйтеке би кенті) – әнші, термеші, Қазақстанның еңбек сің. арт. (1998). Жамбыл мәдени-ағарту уч-щесін (1963), Қазақ эстрада студиясын (1969), Алматы театр және кино ин-тын (1997, қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) бітірген. Ғ.Құрманғалиев пен Р.Қаныбаеваның шәкірті. 1970–2010 ж. «Қазақконцерт» бірлестігінде еңбек еткен. Оның орындауында: қазақтың 30-дан астам (Шораяқтың Омарының «Әділ іс», Тұрмағамбеттің «Күн туса, нұр қашады айдындағы», Нұртуғанның «Би болмас белін жалпақ буғанменен», т.б.) термелері мен 70-тен астам («Балапанқаз», «Абайкөк», «Қарғам-ау», «Ахау құмған-ай», «Замандас», «Ой Алтай», т.б.) әндері Қазақ радиосының «Алтын қорына» жазылып алынған.

Қ.Омаров

АРЫҚБАЛЫҚ – ауылдық округ. Қазалы ауд-ндағы әкімш. бірлік. А. ауылдық окр. аудан орт-нан 40 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,6 мың адам (2023). Құрамына Жанқожа батыр елді мекені кіреді. 1928 ж. бұрынғы Қазалы уезі, Арықбалық болысы негізінде Арықбалық ауылдық кеңесі болып құрылған. 1928 ж. бірнеше артельдер мен серіктестіктер бірігіп, «Жиделі» кеңшары ұйымдасқан кезде кеңшар орт. болған. 1950 ж. Жиделі, Чапаев, Демитров, Жаңалық, Интернационал бірігіп, «Ленин» кеңшары атанды. 1961 ж. «Көларық» кеңшары қосылып ұжымшар құрылады, 1963 ж. бөлініп Қазақстанның 40 жылдығы атынд. ұжымшар болып қайта құрылды. 1992 ж. бұрынғы Жанқожа батыр а. болып қайта құрылды. Ауылдық округтің жер көл. 18,3 мың га, оның ішінде жайылымдық 7,6 мың га, шабындық 263, егістік 193 га. Жанқожа батыр а-нда №94 орта мектеп, балабақша, мәдениет үйі, мәдениет үйі ғимаратында орналасқан кітапхана, дәрігерлік амбулатория, күндізгі емдеу орны, фельдшерлік-акушерлік пункт, спорт кешені, мешіт, пошта байланыс бөлімшесі, сауда дүкендері жұмыс істейді. Ауылдық округтің негізгі экон. бағыты – мал ш. Ауылда 34 шаруа қожалығы, 2 заңды тұлға, 66 шағын жеке кәсіпкер бар.

АРЫНҒАЗЫ Әбілғазыұлы (1783, Арал өңірі – 1833, Ресей, Калуга қ.) – Кіші жүздің бір бөлігінің ханы, Қайып ханның немересі. 1815 ж. әкесі Әбілғазы қайтыс болғаннан кейін Шекті, Жаппас, Арғын, Алтын, т.б. рулардың би, старшындары тарапынан құрылтайда хан сайланған. Хиуа ханы Мұхаммед Рахыммен тартысқа түсіп, бірнеше рет соғысқан. Арынғазы қозғалысы деген атпен белгілі саяси ағымның мақсаты – хандық билікті нығайту, Орта жүз бен Кіші жүзде ортақ мемлекет құру, оған ислам дінін, мұсылмандық құқықты, шариғатты тірек ету. Сөйтіп, ол билер мен старшындарды ел билеуден шеттетіп, әр руға жасауыл тағайындады. А. Ресей протекторатын бірікken қазақ хандығын құру мақсатына пайдалануға ұмтылды. 1819 ж. Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссен А-ны хан ретінде бекітуге патшаға ұсыныс жасаған. Кіші жүздің бір ғана бөлігін басқарса да, патша үкіметінің осы өңірді отарлауына мейлінше қарсылық көрсеткен, Санкт-Петербургке барған. Николай I патшаның оны тұтқындау жөнінде нұсқауына сай 1823 ж. А. ұсталып, Калугаға жер аударылды. 1826 ж. желтоқсан айының 21-інде бірнеше сұлтан және белді старшындар Эссеннен А-ны Калугадан өз а-на қайтаруға өтінген. Азиялық к-т бұл ұсыныстыqабылдамады. Осыған қарсылық ретінде А-ның «партиясы» халық арасында үгіт жүргізіп, Ресейге қарсылық жасауға тырысты. 1833 ж. А. Калугада дүние салды.

Қ.Омаров

АРЫС – Сырдария ауд. Бетпақдала шөлінің батысындағы тұзды көл. Теңіз деңгейінен 59 м биіктікте жатыр. Аум. 124,5 км^2. Ұз. 21,2 км, ені 9,5 км. Су жиналатын алабы 15900 км^2. Көл табанының қалыңд. 15 см-ден 50 см-ге дейін жететін тұз басып жатыр. Суының минералд. 325 г/л, хлорид класына, натрий тобына жатады. Су құрамында йод, фтор, бром, бор, мырыш, марганец және темір қосындылары кездеседі. Көл, негізінен, көктемгі жауын-шашынмен толысып, жаз айларында құрғап қалады.

Т. Омаров

АРЫСБАЕВА Әлия (1948 ж. т., Сырдария ауд. – 5.8.2012, Қызылорда қ.) – актриса, Қазақстанның еңбек сің. арт. (1990). Алматы консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. 1968 жылдан қазіргі Н.Бекежанов атынд. муз. драма театрында еңбек етеді. 1991–2003 ж. Талдықорған қ-ндағы Б.Римова атынд. драма театрының арт. болды. Ақтоқты (Ғ.Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоқты»), Майра (Ә.Тәжібаевтың «Майра»), Луиза (Ф.Шиллердің «Зұлымдық пен махаббат»), Ажар (С.Жүнісовтің «Ажар мен ажал»), Айтолқын (С.Адамбеков «Жесірлер»), Зияда (С.Балғабаевтың «Біз де ғашық болғанбыз»), т.б. рөлдерді сомдады.

АРЫСҚҰМ – Тұран ойпатының солт-ндегі құмды алқап. Сырдария ауд-ның солт-нде, Бетпақдала шөлінің оңт.-батысындағы Арыс қ. қазан-шұңқырында жайласқан. Теңіз деңгейінен ең биік жері 170 м, ұз. 95 км, ауд. 2,26 мың км^2. Жер бедерінде ұз. 5–6 км болатын қырқалы құм төбелер кездеседі. Оңт-нде сусымалы құмды төбелер қалыптасқан. Құм

төбелер мен қырқаларда сексеуіл, жусан, селеу, еркекшөп, көктем айларында эфемерлі өсімдіктер, ойпаңдау жерлерінде баялыш, бұйырғын, теріскен өседі. Құмды алқап қыста жергілікті мал жайылымына пайдаланылады.

АРЫСҚҰМ МҰНАЙ-ГАЗ КОНДЕНСАТ КЕНІ, Жосалы т. ж. ст-нан солт-ке қарай 120 км жерде. 1985 ж. ашылған. Ол Арысқұм грабен-антиклиналының орт. бөлігіндегі антиклиналдық иілімді алып жатыр. Кен шоғыры төм. бор жыныстарына байланысты түзілген. Өнімді қабат 928 м тереңдікте тектоник. тұрғыдан оқшау орналасқан. Оның жалпы қалың. 20 м шамасында, тиімді қалың. 12–15 м, мұнай сіңірілген қалың. 3,2–12,6 м. Коллектордың кеуектілігі 17,4%, өткізгіштігі 0,054 мкм^2. Мұнай сіңірімділік коэфф. 0,66; газ сіңірімділік коэфф. 0,697. Кен әлсіз цементтелген гравелиттен, құмнан, құмтастан, алевролиттен тұрады. Бастапқы қабат қысымы 10,49 МПА, температурасы 44°С болған. Газдық фактор 39,7 м^3/т. Ұңғыманың тәуліктік өнімділігі: мұнай бойынша – 60,9 м^3, газ – 69,62 мың м^3. Кеннің мұнайы жеңіл (0,854 г/см^3), құрамында күкірт (0,46%), парафин (9,7–27,2%), шайыр (16,65%) бар. Газ, негізінен, метаннан (93,86%) тұрады. Газдағы конденсат мөлш. 9,4–15,2 г/м^3, оның тығыз. 0,738–788 кг/м^3. Кен орны «Тұранпетролеум» біріккен кәсіпорнына игеруге берілген (1995).

АРЫСТАН БАБ ҚОРЫМЫ (9 – 11 ғ.) – жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш. Арал ауд. Ақбай елді мекенінен оңт.-батысқа қарай 5 км жердегі Ақирек биігінде орналасқан. Бұл баба жөнінде алғашқы деректерді Қазалыда қызмет істеген ғалым И.Аничков жинаған. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда Сырдария, Қамыстыбас, Райым көлдерінің ортасында арал болыпты. Басында бұлақ та болған көрінеді. Оны үдере көшкенде қарақалпақтар бұзып кеткен деседі. Бүгінде баба басына келіп ем алушыларға, зиярат етушілерге арналып үй салынған. 2005 ж. оңт-тегі бұрыш жағынан түсіндірме және алғыс жазуы бар мемориалды мәрмәр тақтасы орнатылды. Жазуы бар құлпытас болмағандықтан символик. зираттың нақты мерзімін анықтау қиындық туғызады.



Арыстанбаев Сабыр



Арыстан баб қорымы

АРЫСТАНБАЕВ Сабыр Шәймерденұлы (9.5.1932, Шиелі ауд. Шиелі кенті – 18.5.2015, Қызылорда қ.) – инж.-гидротехник, Қазақ КСР-інің еңбек сің. гидротехнигі (1976). Алматы қ-ндағы а. ш. ин-тын (1953, Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қызылорда су құрылысы мекемесінде бөлім бастығы (1962–65), КСРО Су ш. мин-нің жобалау-ізденіс экспед-нда бас инж. (1965–66), обл. су ш. мекемесінде бас инж., бастығы (1967–91) болды. А. обл. су ш-н автоматтандыру және механикаландыруды іске қосу, мелиорац. жүйені пайдалану тиімділігін арттыру, т.б. а. ш. жұмыстарына зор үлес қосты. Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда су торабына есімі берілген. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2013).

АРЫСТАНБАЙ Айбасұлы (1693, Ақтөбе обл. Ырғыз ауд. – ө. ж. б.) – батыр, би. А. Қармақшы ауд. және Ақтөбе обл-ның Ырғыз ауд-нда өмір сүрген. Бейіті белгісіз. Ол – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың жақын достарының бірі. А. ірі сүйекті, ұзын кісі болған. Әбілқайыр ханның қолбасшыларының бірі болды. А-дың сыртқы жаулармен 1722–29 ж. болған соғыстарда атағы шыққан. А. батырды Сыр сүлейлері өздерінің жыр толғауларына қосқан.

АРЫСТАНДЫ – өзен. Қаратау жотасы Қаратау тауының Күрден асуынан бастау алып, Төменарық а. тұсында құмайтты жерге сіңіп кетеді. Ұз. 45 км-дей. Ұз. 10–15 км болатын бірнеше шағын салалары мен тармақтары бар. Жоғары ағысы тау шатқалымен өтеді, төменде жағалау жазық келеді. Алабы – мал жайылымы. Өзен маңында арыстанның көп кездесуіне немесе ру атына байланысты қойылған атау болса керек.

АРЫСТАНОВ Жүсіпбек (1.7.1904, Қызылорда обл. Сырдария ауд. – 1992, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, жазушы, Қазақ КСР-інің еңбек сің. мәдениет қайраткері. 1918–20 ж. Ақмешіт қ., 1920–22 ж. Ташкенттегі балалар үйінде тәрбиеленіп, Сырдария



Арыстанов Жүсіпбек

обл. Кеңес партия мектебінде оқыған. 1919 ж. комсомол қатарына өткен. Мәскеудегі Шығыс еңбекшілерінің коммунистік ун-тінде оқыған және КСРО халықтары Орт. баспасындағы қазақ секциясының жұмысын басқарды (1922–25), «Ақ жол» газеті редакциясының орынбасары (1925–26), Жетісу губ. кеңес-партия мектебінің директоры (1926–27), Орта Азия мемл. ун-тінде оқытушы (1927–28), Алматы пед. техникумының директоры, ҚазМУ-да (кейін ҚазҰУ) ғыл., жауапты пед. қызметте (1928–29), Мәскеудегі Қызыл профессура ин-тында (1930–33), Әулиеата ауд. Майтөбе ет-сүт кеңшары саяси бөлімінің бастығы (1933–34) болған. Қазақтың марксизм-ленинизм ин-ты директорының орынбасары және Бас ред. қызметін атқара жүріп, марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне (1935–36) аударған. 1937 ж. БК(б)П Қазақстан өлкелік к-ті бөлім меңгерушісінің орынбасары, «Ауыл коммунисі» журналы редакторының орынбасары, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің жауапты хатшысы (1937–38), 1938 ж. Қазақ мемл. баспасының директоры болған. 1938 ж. тұтқындалып, 1940 ж. «Троцкийшілер және оңшылдармен байланысты Қазақстандағы ұлтшыл-фашистік ұйымының белсенді мүшесі болды. Советке қарсы белсенді жұмыс жүргізеді» – деген айыппен 8 жылға бас бостандығынан айырылған. 1946 ж. Новосібір обл. Михайловск ауд-на арнайы қоныска жер аударылған. 1954 ж. қарашада ақталып, 1958 ж. денсаулығына байланысты зейнеткерлікке шыққан. Осы кезден бастап жазушылықпен айналысып, көптеген туындыларды дүниеге әкелген. 8-сайланған БК(б)П Қазақстан өлкелік к-тінің мүшесі; 9-сайланған Қазақ ОАК мүшесі (1935), 1937 ж. ҚК(б)П ОК мүшелігіне және ОК бюросы мүшелігіне канд. болып сайланған. Ленин орденімен (1934), бірнеше



Асанас қалашығы

медальмен және Құрмет грамоталарымен марапатталған.

С.Шілдебай

АСАНАС ҚАЛАШЫҒЫ (12–15 ғ-лар) – орта ғасырлардан сақталған көне қаланың орны. Қызылорда қ-нан оңт.-шығысқа қарай 48 км, ал Сырдария ауд-на қарасты Айдарлы а-нан оңт.-батысқа қарай 8 км жерде. Сырдария өз-нің сол жағалауында орналасқан А. қ. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан қалашықтардың біріне жатады. Тарихшы Жувейнидің еңбегінде 1219 ж. моңғол әскерлерінің Сығанақтан Жентке қарай бара жатқан жолда жаулап алынған қаланың бірі ретінде сипатталады. Жауға табанды қарсылық көрсеткендіктен жермен-жексен қиратылып, халқының көпшілігі қырғынға ұшыраған. Сырдарияның бойындағы басқа да қалалар сияқты көп ұзамай қайта қалпына келтіріліп, 14–15 ғ-ларға дейін өмір сүрген. Алғаш 1899 ж. В.А. Каллаур, кейін 1960–61 ж. 1968 ж. Хорезм археол.-этнограф. экспед. (Н.Н. Вактурская) зерттеген. Қала орны Асанас өз-нің құрғақ арнасы бойында орналасқан. Асанас қ. 7–9 ғ-ларда пайда болып, 15 ғ-ға дейін өмір сүрген. Хорезм экспед-ның зерттеулеріне дейін тарихи әдебиеттерде қаланы «соғдылық саудагерлер тұрғызды» деген пікірлер басым болған. Кейін, қазба жұмыстары көрсеткендей, қала тұрғындары мен оны тұрғызған оғыздар болғаны дәлелденді.

АСАН АТА КЕСЕНЕСІ, Шиелі ауд. «Бәйгекүм» кеңшарынан 5 км жерде Жеті әулие қорымында орналасқан. Жергілікті халық оны Асан Қайғы есімімен байланыстырады. Жеті әулие қорымында Оқшы ата, Абыз ата, Қыш ата, Қайып ата кесенелерімен қатар орналасқан. А. а. к-н «Іңкәрдария» ұжымшары жанындағы Сырлытам ескерткішімен салыстыруға болады. Бұл порталды-күмбезді құрылыс, қызыл кірпіштен, шаршы үлгіде (9,5х10,5) салынған. А. а. к-нің де алдыңғы бетінде кіреберіс аркалы порталы болғаны аңғарылады. Қазір оның тек екі жақ іргелік қалдықтары ғана сақталған. Кесене күйдірілген тақта кірпіштен қаланған. Шаршы үлгіде, аум. 11,5х7,30, биікт. 7,60 м. Іргеліктен 3 м жоғары кірпіштерді тігінен өріп, белдеу жасаған. Асан Қайғының баласы Абатқа арналып салынған «Абат байтақ» (Ақтөбе обл. Қобда ауд.) пен Сыр бойындағы Алпамыс батырдың жары Гүлбаршынға арналған дейтін Көккесене ескерткішіне (аңыздың тағы бір нұсқасы бойынша Сырлытам да Гүлбаршынға арналған) өте ұқсас. Негізі бұлар екі түрлі сәулет үлгісімен бір заманда дүниеге келген болуы да мүмкін. А. а. к. 1982 ж. мемл. қорғауға алынған.



Асан ата кесенесі

Ә.Әбіласан



«Асандар көтерілісі» ескерткіші

АСАНДАР КӨТЕРІЛІСІ – Қазалы өңірі қазақтарының 1930 ж. тамыз-қыркүйек айларындағы Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына, алым-салық, азық-түлік, мал жинау науқандарына қарсы көтерілісі. А. к. 1930 ж. көктемде Ақмырза ишан және т.б. бастауымен 7–9-а-дар шаруаларының Қызылқұмдағы көтерілісінің заңды жалғасы. Бұл көтеріліске қатысушылардың басым бөлігі Кіші жүздің Әлім тайпасының кішкенесінен тарайтын Асан руынан шыққан. Сол себепті көтеріліс А. к. деп аталған. Тамыздың соңғы күндерінің бірінде ОГПУ қызметкерлері астық салығын төлеуден бас тартқан 22-а-дың бас көтерер азаматтары Д.Асанов, Ж.Тілеубаев, А.Қалдыбаев және Б.Тілеулиевты тұтқынға алған. Оларды ауыл адамдары ертеңінде күшпен босатқан. 22-а. көтерілісшілеріне 19, 20, 21, 23, 24, 25-а-дар тұрғындары және көршілес Арал ауд-ның а-дары қосылып, толқуға 1000-ға жуық адам қатысты. Көтерілісшілердің басшысы болып 22-а. тұрғыны Иман Мақсым Орымбетов (ОГПУ деректерінде – Сырымбетов) сайланған. 1930 ж. 4 қыркүйекте қазақтар жасағы көтерілісті басуға жіберілген 80 адамдық ОГПУ әскеріне тұтқиылдан шабуыл жасады. 6 қыркүйекте олар Алматыдан келген қазақ атты әскер дивизионымен шайқасып, 40 адамынан айырылды. Иман Мақсым осы ұрыста қаза тапты. Мұнан кейін жүргізілген жазалау шараларының барысында көтеріліске қатынасқан 98 адам тұтқындалып, 31 адамға іздеу салынды. 1931 жылдың басында ОГПУ үштігінің шешімімен 9 адам – Қ.Еділғараев, Ә.Иімбетов, Ә.Қарағұлов, Ж.Қонысов, П.Құрекеев, Н.Мәмбетеев, А.Нұрымбетов, М.Өмірбеков, А.Таңатаров ату жазасына кесіліп, 28 адам 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге концлагерге айдалып, 16 адам жер аударылды. А. к-не қатынасқандардың көпшілігі жазадан қашып Қарақалпақстанға, Өзбекстанға, т.б. жерлерге ауа көшіп кетті. 1989 ж. 27 қарашада А. к-не қатысып, жазықсыз жапа шеккендердің ісі қайта қаралып, Қызылорда обл. прокурорының шешімімен толық ақталды.

Қ.Алдажұманов

АСАН ҚАЙҒЫ Сәбитұлы (14 ғ-дың соңы – 15 ғ-дың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда обл. Шиелі ауд. Жеті әулие қорымындағы Асан ата кесенесі А. Қ. мазары делінеді. А. Қ. заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай Ордасы тарап, Қазақ хандығының



Асан Қайғы

тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қымқиғаш талас-тартысты, алапсыран кезеңмен тұспатұс келді. А. Қ. қазақ халқы ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтады. Шу мен Арал аралығында Қазақ ордасы құрылған кезде А. Қ. жаңа мемлекеттің ұраншысына айналды. Ішкі саясатта жер-су, жайылым, қоныс үшін қақтығыстар мен қайшылықтарды реттеу, ел-жұртының хал-ахуалын жақсарту мақсатында А. Қ. хан алдына өзінің «ымыраға келу теориясын» ұсынған. Хан мен қара бұқара арасындағы қарым-қатынасты ушықтырмай, әділет тұрғысынан шеше білген. Сыртқы саясатта халқының өсіп-өркендеуіне ұйтқы болып, қазақ қоғамының үлгісін жасаған. Ол іздеген «Жерұйық» шұрайлы қоныс қана емес, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқын тарих сахнасында сақтап қалу бағдарламасы. Елі мен жұртының болашағы туралы қатты қайғырып толғанған абызды халық А. Қ. деп атаған. Ол жаңа хандыққа үлкен үміт артып, қазақ халқының бақытты болашаққа жетуін көксеген. Осы мақсатты көздеп ол сол хандыққа қазақ руларының түгелдей енуіне күш-жігерін жұмсаған. А. Қ. елінің сулы-нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып, «адамы жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін» мамыражай, еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын жырау «Жерұйық» деп атады. Алты атанға жүк артып, алты жыл жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел шолып шығады, әр қоныс, мекенге байыпты сын, баға беріп отырады. Бұл бағалары әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айтылып келеді. Жыраудың бір алуан толғаулары Әз Жәнібек ханға арналған. Ертеңгі халық болашағын Жәнібек ханның ақыл-айла, көрегендігімен тығыз байланыста алып қарайды. Осы арнауында жырау күншығысқа көз алмай қарайтын көрші патшалықтан сақтанудың қажеттігін арнайы ескертеді («Қилы-қилы заман болмай ма, Суда жүрген ақ шортан, Қарағай басын шалмай ма?»). А. Қ. осы «ақ шортан» мен «қарағай» бейнесін келесі бір толғауында кеңірек ашып, орыс патшасы отарлауының мән-жайын алдын ала айтып, көрегенділік танытады. Халық басына төнген бұл қауіптің зардабын, оның немен тынатынын да дәл болжайды («Ол күнде қарындастан қайыр кетер, Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер, Ұл-қызың орысқа бодан болып, Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер?»). А. Қ-ның жыр, толғаулары негізінен үлгі-өсиет, мақал-мәтел іспеттес болып құрылады. Жырау ру-тайпалық одақтардың генеалогиясын, халықтық әдет-ғұрып, дәстүрлерді дәріптеп, өмір сүрудің мәні туралы, жақсылық пен жамандық, әділдік пен зұлымдық, үлкенді сыйлап-қастерлеу, олардың ақылын алу, бір-бірімен босқа қырқыспау, бейбіт өмір кешуге, ізгі ниетті, қарапайым, адал, шыншыл, иманды болуға шақырады («өлетұғын тай үшін, қонатұғын сай үшін, желке терің құрысып, бір-біріңмен ұрыспа»). Түсініктікпен үйлесімді өмір сүру үшін әр адам өзін-өзі жетілдіруі қажет, ізгілікті болу – бүкіл адамзат атаулының бәріне ортақ дейтін гуманистік тұжырым жырау шығармашылығының негізгі арқауы («Әділдіктің белгісі, біле тұра бұрмаса. Ақылдының белгісі, өткен істі қумаса. Жамандардың белгісі, жауға қарсы тұрмаса…»). Енді бір алуан жырлары тұрмыста түйген ой-тұжырым, болжау түрінде келеді («Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер, аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер?»). А. Қ. есімі тек қазақ халқына ғана емес, басқа да ағайын халықтарға (қырғыз, қарақалпақ, ноғай т.б.) кеңінен тараған. А. Қ-ның филос. дүниетанымы үш бағытқа бөлінеді: 1) этикалық дүниетаным – ұлы жыраудың филос. ойларының өзегін құрайды. Адам, адамшылықтың басты қасиеттері, олардың мәні мен сипаты жоғары имандылық деңгейінде қарастырылған. Поэтик. формамен берілген этик. ұғымдар, түсініктер, қағидалар Шығыс өркениетіне тән ерекшеліктермен сабақтастық тауып, адамгершіліктің алуан қырлы болмысын айқындайды. 2) Поэтикалық зерде және философияның қазақ дүниетанымында егіз ұғым екенін жырау өз толғаулары арқылы толық дәлелдеп берді. Адам өмірінің мәні, мақсаты, өлімнің растығы, қоршаған дүниені тану мәселелері А. Қ. философиясының басты бағыттары. 3) А. Қ. гуманизмі, адамға деген сүйіспеншілігі тарихи сана арқылы түркі халықтарының жадында сақталған. Ноғай, өзбек, түрікмен, қырғыз, қарақалпақ халықтары арасында А. Қ. есімі ілтипатпен аталып, құрмет тұтылады. Оның ақындық ойы мен жыраулық философиясы өзінің танымдық құдіреттілігімен ерекшеленеді. Қазақ халқы ғасырлар бойы тарихи сатыларында А. Қ. есімін үстемдікке, озбырлыққа, әділетсіздікке қарсы ұстанған ізгілік символына айналдырды.

Қ.Толысбайұлы,

АСАНОВ Жақып Қажманұлы (17.8.1963 ж. т., Қызылорда қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. А. ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары (2023 жылдан), 2-сыныпты мемл. әділет кеңесшісі (2016), заң ғыл. канд., ҚР Прокуратурасының құрметті қызметкері. ҚазМУ-ды (1985, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын Қызылорда обл. адвокаттар коллегиясына тағылымдамашы болудан




Асанов Жақып

бастаған. Обл. прокуратура органдарында қызмет атқарып, Қызылорда қ. прокурорының аға көмекшісі, облыс прокурорының көмекшісі, аға көмекшісі және обл. прокуратурасының бөлім бастығы (1986–93), ҚР Бас прокуратурасы Жалпы қадағалау басқармасының аға прокуроры, Жалпы қадағалау басқармасының бөлім бастығы, ҚР Президенті Әкімш-нде кеңесші, сектор меңгерушісі, Оңт. Қазақстан обл. Салық полициясы басқармасы бастығының 1-орынбасары (1993–97), ҚР Бас Прокурорының аға көмекшісі – басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы, департамент басшысы (1997–2001), Алматы қ. прокурорының 1-орынбасары (2001–2002), Павлодар обл. прокуроры (2002–2003), ҚР Әділет вице-министрі (2003–2005) қызметтерін атқарды. «Қазақстан Коммуналдық Жүйелері» АҚ Директорлар Кеңесінің төрағасы, Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің «Атамекен» жалпыұлттық одағының атқарушы директорының орынбасары, «Ордабасы» корпорациясы» АҚ-да директорлар кеңесінің мүшесі (2005–07), ҚР Парламенті Мәжілісінің 4-және 5-шақырылған депутаты (2007–12) болды. ҚР Бас Прокурорының орынбасары (2012–16), ҚР Бас прокуроры (2016–17), ҚР Жоғ. сотының төрағасы (2017–23) лауазымдарында еңбек етті. 2023 жылдан ҚР Парламенті Сенатының депутаты. «Құрмет» (2011), «Парасат» (2017) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

АСАНОВ Қайырбек (19.2.1945 ж. т., Сырдария ауд.) – ақын, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2014). ҚазМУ-дың журналистика ф-тін (1973,



Асанов Қайырбек

қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер, жауапты хатшының орынбасары, бөлім меңгерушісі (1973–80), «Қазақ әдебиеті» газетінде жауапты хатшының орынбасары, жауапты хатшы (1980–94), «Заман–

Қазақстан» газетінде бас редактордың 1-орынбасары (1994–95), Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдеби қордың директоры (1996–97), ҚР Сыртқы істер мин. жанындағы дипломат. академияның бөлім меңгерушісі (1997–2000), ҰҚК-нің салалық «Отан» атты саяси-қоғамдық журналының бас редакторы, Алматы технол. ун-тінде «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары, «Престиж», «Талапкер» атты көп таралымды газеттердің редакторы қызметтерін атқарған. А-тың «Тұңғыш» (1978), «Сүйемін сені» (1980), «Ғашық ғұмыр» (1982), «Сен жанымда жүрсең» (1989), «Ағайынға ақ тілек» (2004), «Күннің нұры қуатым» (2005), «Махаббат» (2006), «Адалдық асыл мұратым» (2009) еңбектері жарық көрген. Бірқатар поэзия фестивалінің жүлдегері. ҚР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Сырдария ауд-ның құрметті азаматы.

АСҚАРОВ Әбен (10.10.1917, Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Егіндібұлақ а. – 2010, сонда) – кеңестік, мемлекет қайраткері, соғыс ардагері. Қарағанды обл. а. ш. басқармасы бастығының орынбасары, Нұра ауд. атқару к-тінің төрағасы, Қарағанды обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары, Қарағанды обл. партия к-тінің хатшысы, 1967 ж. Қызылорда обл. атқару к-тінің төрағасы қызметтерін атқарған. Қызылорда обл-нан Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 6- және 7-шақырылған депутаты болып сайланды.

С.Тайман



Асқаров Бекзатхан

АСҚАРОВ Бекзатхан Әбдезұлы (17.6.1947, Шиелі ауд. Шиелі кенті – 30.4.2006, Алматы қ.) – заңгер, 3-сынып мемл. әділет кеңесшісі. ҚазМУ-дың (1969, қазіргі ҚазҰУ) заң ф-тін бітірген. Обл. прокуратурада өтілгер-тергеуші, бөлім меңгерушісі (1969–70), Сырдария ауд. прокуратурасында тергеуші, ауд. прокурор (1970–82), обл. прокурордың 1-орынбасары (1982–98), обл.соттың төрағасы (1998–2001), 2001 жылдан Алматы обл. прокурорының 1-орынбасары, Оңт.-шығыс аймақтық көлік прокурорының 1-орынбасары қызметтерін атқарды. А. КСРО Бас прокурорының бұйрығымен КСРО және Қазақ КСР-інің үздік тергеушісі атанды. Қызылорда қ-ндағы бір көшеге А-тың есімі берілген. Бірнеше КСРО және ҚР медалімен марапатталған.

АСЫЛБЕКҰЛЫ Серік (18.9.1951 ж. т., Қазалы ауд. Қарақ а.) – филол. ғыл. докт. (2009). Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. ҚазПИ-ді (1973, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Қазалы ауд. орта мектебінде мұғалім, мектеп директорының орынбасары (1973–80), «Жалын» баспасы және «Жалын» журналының бөлім редакторы (1980–92), ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат мин-нде жетекші маман (1992–93), «Жазушы» баспасында бөлім меңгерушісі (1993–98), «Парасат» журналы бас редакторының 1-орынбасары, «Білім» баспасының бас редакторы (1998–2001), Қазақ ұлттық өнер академиясында аға оқытушы, доцент, проф. (2001–08), Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы (2009–13) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта ҚазҰПУ-да кафедра проф. Негізгі ғыл. бағыты – қазақ повесінің генезисінен бастап бүгінгі күнге дейінгі даму процесін идеялық, поэт. тұрғыдан жан-жақты талдап, таразылауға арналған. А. бірқатар прозалық кітаптар («Оттан да ыстық өмір» (1984), «Мұғалімдер күні» (1986), «Зимние каникулы» (1989), «Прощальный бал» (1993), «Сағыныш» (1994), «Ата жұртта» (1996), «Түнгі қаланың әні» (2005) мен публицист. мақалалар жинағының – «Қазақ мәдениеті – қазақ мемлекеттігінің жүрегі» (2003) авторы. 70-тен астам ғыл.-зерт. мақаласы жарық көрген.

АУАНОВ Мырзахмет Қожахметұлы (29.10.1944, Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті – 6.9.2022, Астана қ.) – қаржыгер. Алматы халық ш. ин-тын (1966, қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. Қаржы мин-нде экономист, аға экономист, бөлім меңгерушісі, басқарма бастығы, Қаржы министрінің орынбасары, 1-орынбасары (1966–94), респ. қазынашылық басқармасының бастығы (1994–95), Қаржы бақылау к-тінің төрағасы (1995–99) қызметтерін атқарған. Аралды құтқару мемл. қоры тексеру комиссиясының мүшесі (1997–99), Еңбек және халықты әлеум. қорғау министрінің орынбасары, вице-министрі (1998–99), ҚР Президенті Іс басқарушысының орынбасары (1999–2008), кеңесші (2008–09), ҚР Президенті Іс басқарушысының «Мемлекеттік резиденциялар дирекциясы» директорының орынбасары, директордың міндетін атқарушы (2009–12), 2012 жылдан өмірінің соңына дейін «Қараөткел» РМК директорының орынбасары қызметтерін атқарған. «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.



Ауанов Мырзахмет

АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ҰЙЫМДАРЫ. «Жергілікті соғыс және Ауғанстан ардагерлері одағы» 2000 ж. құрылған. Төрағасы – Ауған соғысының ардагері Қ.Баймаханов. «Ауған соғысының ардагерлері мен мүгедектер кеңесі» қоғамдық бірлестігі 2002 ж. құрылған. Төрағалары– Ауған соғысының ардагерлері Ә.Жаров, Ғ.Камалов, Ж.Оспанов. Алғашқы құрылған кезден бастап Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектерге қолдау көрсету және көмек беру мақсатында жұмыстар жүргізіп келеді. А. с. а. ұ-ның қолдауымен 2006 ж. бейбіт уақытта әскери қақтығыстарда қаза тапқан және азаматтық борышын өтеген жауынгерлерге арналған «Тағзым» еске алу кітабы жарық көрді. Қаза тапқан сарбаздар оқыған мектептерге ескерткіш тақталар қойылды. Жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында оқу орындарында, жұмысшы ұжымдарында кездесулер, мәдени, спорттық шаралар өткізіп тұрады. Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне әлеум. қолдау көрсетеді. Ардагерлердің волейбол командасы респ. Ауған соғысы ардагерлерінің арасында өткізілетін волейбол турниріне қатысады. Олар әскери жас сарбаздардың ант қабылдау рәсімдеріне де қатысып, ерлік сабақтарын өткізеді.

С.Тайман

«АУЫЛДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДЫ ЖАҢҒЫРТУ» ұлттық жобасы аясында облыста салынған құрылыстар. Үкімет қаулысына обл. бойынша жалпы құны 10,2 млрд. тг. құрайтын 27 нысан (24 дәрігерлік амбулатория, 2 фельдшерлік-акушерлік бекет, 1 мед. бекет) құрылысының тізімі енгізілген. 2023 ж. 16 дәрігерлік амбулатория: Бөген, Қызылжар (Арал ауд.), Каукей, Абай, Бозкөл (Қазалы ауд.), Дүр Оңғар, Тұрмағанбет, Ақжар (Қармақшы ауд.), Есет батыр, Мырзабай (Жалағаш ауд.), Н. Ілиясов (Сырдария ауд.), Досбол би, Бала би, Бұланбай бауы (Шиелі ауд.), Қаратөбе (Жаңақорған ауд.) елді мекендерінде пайдалануға берілді. 2024 ж. деңгейінде Арал ауд. бойынша 1 дәрігерлік амбулатория, 1 мед. бекет (Тоқабай, Көктем а.); Қармақшы ауд. бойынша 2 фельдшерлік акушерлік бекет (Қармақшы, Қуандария а/о); Жалағаш ауд. бойынша 1 дәрігерлік амбулатория (Қаракеткен а/о); Шиелі ауд. бойынша 5 амбулатория (Ортақшыл, Алмалы, Бестам, Ә. Тәжібаев,

Тартоғай а/о); Жаңақорған ауд. бойынша 2 дәрігерлік амбулатория (Әбдіғаппар, Бесарық а.) құрылыстары жоспарланған. Жалпы құны 3,9 млрд тг.

АХАНОВ Жақан Уәлішерұлы (12.1.1936, Жаңақорған ауд. – 29.6.2004, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1981), проф. (1988), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1960, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақстан ҒА Топырақтану ин-тының кіші ғыл. қызметкері, ғыл. хатшысы, бөлім меңгерушісі, директордың орынбасары (1960–84), осы ин-ттың директоры (1984–95), ҚР ҒА Биол. ғылымдары



Аханов Жақан

бөлімінің акад.-хатшысы (1994–97), 1997 жылдан ҒМ – ҒА Топырақтану ин-тының директоры қызметтерін атқарған. А. Қазақстандағы топырақты суландырудың ғыл. негізін жасаушылардың бірі. Ғыл. еңбектері сортаң топырақты суландыру, топырақ генетикасы, топырақтың техногендік ластануы және экология салдарынан бұзылған топырақты қалпына келтіру мәселелерін зерттеуге арналған. Сондай-ақ ол топырақ құнарлылығын арттырудың жаңа тұжырымдамасын ұсынған. Қазақстан Мемл. сый-н алған (1984).

Ж.Елемесов



Ахмадеева Нағима

АХМАДЕЕВА Нағима Абдолқызы (5.3.1918, Солт. Қазақстан обл. Петропавл қ. – 22.7.2003, Қызылорда қ.) – Қазақстанның еңбек сің. мұғалімі (1957). Семей мұғалімдер ин-тын (1936) бітірген. Облыс мектептерінде мұғалім (1936–43), Петропавл қ-ның ауд. партия к-тінде (1943–45), Қызылорда қалалық атқару к-тінде бөлім меңгерушісі (1945–50), қалалық партия к-тінің хатшысы (1950–52), Қызылорда қ-ндағы №112 орта мектептің директоры (1952–78) қызметтерін атқарған. «Ленин» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

АХМЕТЖАНОВ Қалибек Ахметжанұлы (21.12.1930 ж. т., Алматы обл.) – қаржыгер, банк қызметкері. Алматы қаржы-несие техникумын бітірген (1950). Мемлекеттік банк кеңсесінің Қызылордағы қ-лық басқармасында несие инспекторы, Талдықорған қ-ндағы респ. банкте түрлі жауапты қызметтер атқарып, Ұзынағаш ауд-дағы банк бөлімшесінің басқарушысы болған (1950–63). Қызылорда обл. банк кеңсесінде басқарушы (1963–72), Респ. мемл. банк кеңсесі басқарушысының орынбасары, КСРО тұрғын үй және әлеум. банкінің респ. кеңсесінің (1972–91), Казкредсоцбанктің төрағасы (1991–95), осы банк төрағасының кеңесшісі (1995–96) қызметтерін атқарған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2011).

Қ.Омаров

АХМЕТ ИШАН Оразайұлы (1861, Сырдария ауд. Зіңкетер елді мекені – 1927, Телікөл өз-нің бойы) – ишан, тәуіп. Әкесі Оразай ишаннан (1807–1898) сауатын ашып, кейін Бұхарадағы діни медреседе оқыған. Сарысу, Телікөл бойын жайлаған Бағаналы елінде мешіт пен мектеп ұстады. 1881–83 ж. екі рет Меккеге қажылық сапармен барып келді. Білімдарлығы мен ақыл-парасаты, әділдігімен Ақмола, Торғай, Жезқазған дуандарына аты мәлім болған. А. и. ескіше оқудың кемшіліктерін ескере отырып, өз үйінің жанынан пәндік білім беретін мектеп ашып, оған

жаңаша оқыған И.Сайфуддиновты мұғалім еткен. А.Байтұрсынов, М.Дулатовпен хабарласып, «Қазақ» газетін шығаруға қаражат жағынан қолдау көрсеткен. Газет бетінде қазақ балаларының оқулығына бәйге жариялап, отырықшы өмірдің артықшылығы туралы мақалалар жазған («Қазақ» №«6, 1913). Саяси-қоғамдық, әлеум. істерге де белсене араласты. 1916 ж. патша өкіметінің 25 маусым жарлығына қарсы Бағаналы елі көтерілгенде, сол көтеріліс басшыларының біріне айналып, төбе би болып сайланды. Тоғыз болыс Бағаналы елінің отырықшылыққа көшуіне бас болып, Сарысу өзінен бес-алты шақырым жерден Сіңіртек бойына канал қаздырып («Ишан арығы») егін салдырды. А. и-ның тәуіп ретінде де аты шыққан. Сыр елінде шешек ауруына қарсы алғаш рет егу жұмысын жолға қойып, балалар өліміне ара тұрды. 1922–23 ж. Телікөл, Сарысу бойын жайлаған тырысқақ (оба) ауруына қарсы күресте қызы Бибісара екеуі мыңдаған адамның өмірін сақтап қалды.

АХМЕТ ИШАН КЕСЕНЕСІ – 20 ғ-дағы архит. ескерткіш. Сарысу өз-нің төм. жағында Сіңіртек деген жерде Жақсыбердіұлы Ақберген деген шебер 1926 ж. Ахмет ишан бейітінің басына тұрғызған. Кесене күйдірілген кірпіштен екі үлкен бөлме түрінде салынған. Үлкен бөлмесінде зират бар, кішісін кіреберіс дәліз және зияратхана ретінде салған. Кіші бөліктің үстіне екінші қабат салынған. Кесененің үлкен бөлігі 7х7 м күмбезбен жабылған. Кесене Шиелі ауд. Сұлутөбе а-нан солт.-шығысқа қарай 100 км жерде орналасқан.

АХМЕТОВ Амангелді (1942, Сырдария ауд. Жамбыл атынд. ұжымшар – 30.4.2021, Қызылорда қ. Баймұрат батыр а.) – Соц. Еңб. Ері (19.2.1981). Еңбек жолын туған ауылында механизатор болып бастаған (1959–65). Қызылорда аймақтық машина сынау ст-нда жүргізуші (1965–67), 1967 ж. жастардың механикаландырылған кешенді күріш бригадасын басқарған. А-тың бригадасы жер жыртудан егін жинауға дейінгі барлық жұмысты өз күшімен атқарған. Нәтижесінде 180 га алқаптың әр гектарынан орта есеппен 70–80 ц-ден күріш жинаған. Кейбір жылдары бұл көрсеткіш 90–120 ц-ге дейін жеткен. Ленин (1981), Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Ахметов Әбдікәрім

АХМЕТОВ Әбдікәрім (15.6.1924, Жаңақорған ауд. Көктөбе а. – 1983) – ақын. Харьков әскери-мед. уч-щесін (1946), Лепсі пед. техникумын (1948) бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жауапты хатшының орынбасары, Қазақ мемл. көркем әдебиет



Ахмет ишан кесенесі

баспасында редактор (1951–56), Қазақстан Жазушылар одағының Семей облысаралық бөлімшесінде хатшы (1959–63), Қазақстан телевизиясында, Қазақстан Жазушылар одағында (1963–66), ҚР Баспасөз жөніндегі мемл. к-тінде (1966–71), 1971–82 ж. «Жазушы» баспасында қызметтер атқарған. Алғашқы жинағы «Өлеңдер» деген атпен 1953 ж. жарық көрген. А-тың «Халықбек» (1954), «Екінші дәптер» (1955), «Нан туралы сөз» (1957), «Өшпеген жалын» (1959), т.б. туындылары жарық көрген. Бірқатар шығармалары орыс тіліне аударылған. А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, А.Т. Твардовский, С.Я. Маршак, В.Федоров, Л.Украинка, Бердақ, т.б. ақындардың шығармаларын қазақ тіліне аударған. Қызылорда қ-ндағы бір көшеге А-тың есімі берілген.



Ахметов Руслан

АХМЕТОВ Руслан (23.12.1977 ж. т., Қызылорда қ.) – жырау, ҚР Мәдениет қайраткері (2011). Қызылорда мемл. пед. ин-тын (1998, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. 1998 жылдан осы ун-тте оқытушылық қызметте. Университет жанынан құрылған «Дидар» халықтық фольклорлық-этнограф. ансамблінің әншісі. Түркия, Венгрия, Оңт. Корея, Ресей, Әзербайжан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан елдерінде өз өнерін көрсетті. 30-дан астам халықар., респ., обл. конкурстардың лауреаты. Халықар., респ. байқаулардың лауреаттары атанған шәкірттері көптеп саналады. «Ерен еңбегі үшін» және т.б. медальдармен марапатталған. Қызылордада обл. әкімінің 2 мәрте стипендиаты (2011, 2014).

Қ.Омаров

А Ш А Р Ш Ы Л Ы Қ ЖӘНЕ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНА АРНАЛҒАН МЕМОРИАЛДЫ ЕСКЕРТКІШ – 1998 ж. салынған. Ескерткіштің авторы – сәулетші М.Сапарғалиев. 1930–40 ж. саяси қуғын-сүргін құрбандары жерленген жерде орнатылған. Қаңылтыр табақтарынан жасалған қуыс металды элементтердің үстіңгі бөлігінде қосылған үш бөлікті құрылыс төмен қарай үш сәулемен тарқалады және бетоннан жасалған аласа стилобатқа негізделген. Стилобаттың диам. 10 м, биікт. 0,2 м.

АЩЫКӨЛ – ойыс. Қызылорда және Оңт. Қазақстан облыстары аумағында, Сарысу, Шу өзендерінің төм. ағысында орналасқан. Ол Бетпақдаланың жазықты оңт.-батыс бөлігінде ендік бағытта 80 км-ге созылып жатыр, енді жері 25 км-дей. Көл суының ащы, тұзы көп болуына байланысты ащы және көл сөздерінің бірігуінен қалыптасқан атау.



Ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткіш

Ә

ӘБДУАИТОВ Әлайдар (5.1.1942 ж. т., Жаңақорған ауд. Талап а.) – дәрігер, денсаулық саласының ардагері. Ә. Қазақстан денсаулық сақтау ісінің үздігі (1976), ҚР-ның құрметті теміржолшысы (1986). Ақтөбе мед. ин-тын (1965, қазіргі Батыс



Әбдуаитов Әлайдар

Қазақстан мед. ун-ті) бітірген. Жаңақорған ауд. өкпе аурулары (1965–67), Шиелі ст-ның т. ж. ауруханаларында дәрігер (1967–70), Қызылорда ст-ндағы т. ж. ауруханасында бас дәрігердің орынбасары (1970–73), бас дәрігер (1973–2010) қызметтерін атқарған. Ә. есімі «Жол бойындағы жұлдыздар», «Сыр медицинасы», «Қазақстанның атақты теміржолшылары», «Қазақстан элитасы» (Алтын кітап) атты құрметті азаматтардың анықтамалық кітабына енген. Бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның, Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы. «Алтын дәрігер» (2019) құрметті атағының иегері.

О.Айдаров

ӘБДІБАЕВ Шайтұрсын (10.10.1942, Сырдария ауд. Сұлутөбе а. – 29.5.2009, Қызылорда қ.) – арт., мәдениет қайраткері, Қазақстанның еңбек сің. арт. (1982). Қазақ



Әбдібаев Шайтұрсын

театр қоғамының мүшесі (1966). Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1992). Алматы консерваториясын (1964, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. Қазақ мемл. академ. балалар мен жасөспірімдер (1964–67), Қызылорда обл. театрларында арт., «Сыр сұлуы» ансамблінің көркемдік жетекшісі, Қызылорда пед. ин-тында (1967–77, қазіргі Қызылорда ун-ті) аға оқытушы, обл. муз. драма театрында арт., директор, обл. филармонияда, обл. халық шығарм-н дамыту орт-нда директор, қалалық мәдениет бөлімінің меңгерушісі (1977–92), обл. мәдениет қызметкерлері кәсіподақ к-тінің төрағасы (1992–2002), обл. тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемл. мекемесінде директор (2002–08) қызметтерін атқарды. Ә. театрлар сахнасында түрлі жанрдағы Сырым (М.Әуезов, «Қаракөз») Ақан (Ғ.Мүсірепов «Ақан сері – Ақтоқты») Нартай (Ә.Тәжібаев «Батыр мен ақын»), Абай (И.Оразбаев, «Мен ішпеген у бар ма?»), т.б. сияқты 60-қа жуық басты және қатардағы бейнелерді сомдады. 40 жылдан астам уақытта облыстың мәдениеті мен өнерін дамытуға атсалысты. Оның «Ән еркесі», «Қызылорда – театр өнерінің қарашаңырағы», «Сыр саңлақтары», «Портреттер», «Қазақтың музыкалық фольклоры», «Сыр әуендері», «Сыр елінің тарихи мұралары» атты әдеби-мәдени танымдық кітаптары жарық көрді. «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Нартай», «Жанқожа батыр», «Бұқарбай батыр» фильмдерінің сценарийін жазды. 1982 ж. Қызылорда қалалық кеңесі депутаты болып сайланды. Облыс әкімінің «Өнерге құрмет» белгісімен (2003) марапатталған.

Қ.Омаров

ӘБДІҒАППАР – Жаңақорған ауд-ндағы ауыл, Қыркеңес а. окр-нің

орт. Ауд. орт. Жаңақорған кентінен оңт.-батысқа қарай 18 км жерде, Сырдарияның сол жағалауында орналасқан. Тұрғыны 1,8 мың адам (2023). 1997 жылға дейін Қыркеңес деп аталған. 1966–96 ж. күріш өсіретін «Задария» кеңшарының орт. болған. Кеңшар негізінде Ә-да шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

ӘБДІЖӘЛИЛ БАБ – Шығыс елдерінде ислам дінін орнықтырушы, әулие. Әли Абу Тәліптің (Әзірет Әлінің) жетінші ұрпағы, Хазірет имам Хұсайын әулетінен. 8 ғ-дың 2-жартысында Йеменде патшалық құрған. Сол заманда бауыры Ысқақ бабпен бірге, 150 мың әскермен дін жолындағы жорыққа аттанады. Шам қ-сынан Бағдатқа, Исфаханға, одан Мазандеран, Серахс, Балх, Бұхара, Шахрисябз, Самарқан, Өзгент және Ош шаһарларына келеді. Екі ықылымды бағындырған арабтар Ферғанаға жеткен соң мұндағы жұртты түгел исламға мойынсұндырып, енді үш бағытқа бөлінеді: бірі – Қашқар мен Жәркентке, екіншісі – Сырдың сол жағасымен Жетікентке және Отырарға (8 ғ-да Отырар Сырдың сол жағында болғаны туралы бірден-бір мәлімет), ал үшіншісі – Сырдың оң жағасымен Шаш (Ташкент) және Исфиджап (Сайрам) шаһарларына қарай аттанған. Ә. б. Сырдың сол жағымен жүретін 2-бағытқа, Ысқақ баб 3-бағытқа басшылық еткен. Ә. б. Ходжентті (Сыр Өзгенті немесе Қырғыз Өзгент) қоршау кезінде қаза тапты. Мұны естіген бауыры Ысқақ баб әскерімен келіп Ходжентті алып, Өтеміс ханды өлтірген. Тұрғындарына мұсылмандықты қабылдатқан. Аңыз бойынша Ә. б-тың лақап аты Хорасан екен. Хорасан аталуына себеп болған жайт: шешек шыққан жанның үстінен аттаса – ауру көп ұзамай сауығып кететін көрінеді. Хорасан ата мен оның ұлы Хұсайын бабаның (Хұсайын Ғази) зираттары Сырдың ежелгі Баршындария алабы, Өгіз жылғасы деген ескі арна бойында (қазіргі Жаңақорған ауд. аумағы) жатыр. Ә. б. зиратының басына кезінде күмбез тұрғызылып, уақыт өте ол бұзылған соң, 11–12 ғ-лар шамасында шикі қыштан қайта көтерген. Бүгінгі күнге жеткен қос күмбезді мазар 14 ғ-дың соңында салынған. Төртбұрыш пішінді, екі бөлмелі ғимараттың бірінші үлкен бөлмесінің есігі шығысқа, кіші бөлмесінің есігі оңт-ке қараған. Үлкен бөлмеде Ә. б. (Хорасан ата), кішісінде – ұлы Хұсайын жерленген. Бөлмелердің төбесінен қос белдеулі алты қырлы барабандар өрілген, олардың үстінен күмбездер шығарылған. Кірпіш үлгілері осы маңдағы Өзгент, Сығанақ секілді көне шаһарлар жұртынан, Мейрамтөбе, Аққорған қамалдары орындарынан ұшырасады. Ә. б. пен оның ұлы Хұсайын баба жатқан жер «Хорасан әулие» аталып, бірнеше ғасырдан бері зиярат ететін киелі орын болып келеді. Олар жайлы ел аузында танғажайып аңыздар сақталған. Алматы обл. Жамбыл ауд. жерінде Хорасан ата намаз оқыған және сол кісінің қасиетімен ашылған бұлақ көзі бар.



Әбдіжәлил баб кесенесі

С.Тайман

ӘБДІКӘРІМОВ Исатай (15.5.1923, қазіргі Жаңақорған ауд. Өзгент а. – 7.4.2003, Қызылорда қ.) – мемлекет, қоғам қайраткері, соғыс ардагері, Соц. Еңб. Ері (8.4.1971). Қызылорда пед. ин-тын (1952, қазіргі Қызылорда ун-ті), КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1954) бітірген. 1940 ж. Жаңақорған ауд. «Екпінді» газетінде әдеби қызметкер болып еңбек етті. 1941–45 ж. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Жаңақорған ауд. комсомол к-тінің 2-хатшысы, Қармақшы ауд. комсомол к-тінің 1-хатшысы (1946–48), обл. партия к-тінің аппаратында нұсқаушы, меңгерушісі, обл. комсомол к-тінің 1-хатшысы (1949–53), обл. а. ш. басқармасы бастығының орынбасары, обл. кеңесі атқару к-тінің хатшысы (1953–55), Шиелі ауд. партия к-тінің МТС аймағы бойынша хатшысы, ауд. партия к-тінің, Қармақшы өндірістік басқармасы партия к-тінің 1-хатшысы, Жалағаш ауд. партия к-тінің хатшысы (1955–72), Қызылорда обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1972–78), Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасының төрағасы (1978–79) қызметтерін атқарған. 2-дәрежелі Отан соғысы, Ленин (екі мәрте), Қазан революциясы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. «Көп екен көргенімнен көрмегенім» атты ғұмырнамалық-естелік кітабы (1993) жарық көрген. Есімі Қызылорда қ-ндағы агр.-техн. колледжге, орта мектепке берілген.



Әбдікәрімов Исатай

Қ.Құдайбергенов

ӘБДІКӘРІМОВ Шаһизада (16.9.1956 ж. т., Қармақшы ауд. Дүр Оңғар а.) – ақын, журналист. Ә. ҚР Мәдениет қайраткері, Ақпарат саласының үздігі, Қазақстанның құрметті журналисі, ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қармақшы ауд. «Коммунизм шамшырағы» газетінде әдеби қызметкер (1981–84), «Байқоңыр» телекомпаниясының редакторы, аға редакторы, бөлім, редакция меңгерушісі, бас редакторы, орынбасары, телекомпания төрағасы (1984–95) болды. Байқоңыр қ-ның «Қазақ тілі» қоғамын басқарып, ғарыш айлағында тұңғыш қазақ тіліндегі «Ақжол» газетін шығарды. Респ. «Дала дидары» газетінің Қызылорда обл. және Қарақалпақстандағы меншікті тілшісі қызметін атқарды. «Қазақстан» теледидарының Қызылорда обл. және Байқоңыр ғарыш кешені бойынша меншікті тілшісі (1996–97), Қызылорда арнайы экон. аймағы «Қала ТВ» теледидарының төрағасы (1997–99), 1999 ж. «Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС-н құрды. 2004 жылдан «Қоғам газеті» ЖШС-ның директоры, «Қоғам ТВ» теледидарының құрылтайшысы. Қазақстан ұлттық теледидар және радио хабарларын таратушылар ассоциациясының президенті. Қызылорда обл. мәслихатының 3 рет шақырылған депутаты. Ә. ондаған жыр жинақтарының авторы. Оның таңдамалы өлеңдер топтамасы «2000 жылдық дала жыры», «Маржан сөз» (қазақ тілінде), «Қазақ поэзиясы» (қырғыз тілінде) атты антологияларға енген. Шығармалары «Күн астындағы қағанат», «Сырдария» (қырғыз тілінде), «Ақмешіт аспаны» (татар тілінде), «Сүлейдария» (монғол тілінде) деген атпен шет ел тілдерінде жарық көрді. Қазақстан Жазушылар одағының халықар. «Алаш» әдеби, Қазақстан



Әбдікәрімов Шаһизада

Журналистер Одағы және «Түркі дүниесі ақындары» фестивалінің Ахмет Нешати атынд. халықар. сыйлықтарының лауреаты. «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін», т.б. медальдармен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2023), Қызылорда қ-ның және Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Әбдіқадыров Кәкім

ӘБДІҚАДЫРОВ Кәкім (1920, Сырдария обл. Бірқазан ст. жанындағы №14 т. ж. бекеті – 1.11.1978, сонда) – теміржолшы, соғыс және еңбек ардагері, «Даңқ» орденінің толық иегері. КСРО-ның құрметті теміржолшысы (1975). Жас кезінде т. ж. бойындағы кеңестік бастауыш мектепте білім алған. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Онда Ленинград майданы құрамында Ленинград қ-н (қазіргі Санкт-Петербург) қорғау кезінде 2 рет ауыр жарақат алған. Отан алдындағы азаматтық парызын адал атқарып, жеңісті Прага қ-нда қарсы алды. Соғыстан кейін туған жеріне оралып, т. ж-да 30 жылдан астам уақыт еңбек етті. Даңқ орденінің 3-, 2- (1944) және 1-дәрежелерімен (1945), медальдармен марапатталған. Белкөл кентіндегі көшеге Ә. есімі берілген.

С.Тайман



Әбдіқадыров Қалмақан

ӘБДІҚАДЫРОВ Қалмақан (15.4. 1903, қазіргі Шиелі ауд. Ә.Тәжібаев а. – 30.4.1964, Шиелі кенті) – ақын, жазушы, аудармашы. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қызылордадағы оқу-ағарту ин-тының дайындық бөлімінде (1927–28), Алматы қ-ндағы Коммунистік жоғары мектебінде (1930–32) оқыды. «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде тілші, әдеби қызметкер, жұмышы-тілшілер бюросының меңгерушісі (1929–30), әдеби-сын бөлімінің (1932–35, ол кезде «Социалды Қазақстан» аталған) меңгерушісі, «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналы бас редакторының орынбасары (1935), ақын Жамбылдың әдеби хатшысы, кейін оның әдеби-мемориалдық мұражайының директоры, Қазақстан Жазушылар одағында халық ақындары секциясының жетекшісі, Қазақтың көркем әдебиет баспасында редактор болып қызмет істеді. Алғашқы «Сырдария» өлеңі 1925 ж. «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Жалшы» деген атпен 1928 ж. жарық көрді. «Екпін» (1932), «Шахтер» (1934), «Өлеңдер» (1935), «Алатаудың бауырында» (1935), «Тәтті қауын» (1936), «Қ.Сәтбаев» (1936), «Өміртайдың ауылы» (1936), «Есек пен өгіз» (1937), «Батыр» (1940), «Серт» (1945), «Тапқыш» (1947), «Қажымұқан» (1951), «Әңгімелер» (1952), «Ара туралы әңгіме» (1952), «Мақташы қыз» (1953) өлеңдері, әңгімелері, поэма повестері, т.б. кітаптары жарық көрді. Қазақстандағы балалар әдебиетін дамытуға үлкен үлес қосты. Күрестен әлемнің бірнеше мәрте чемпионы Қ.Мұңайтпасұлының (1872–1948) өнегелі өмір жолын суреттейтін «Қажымұқан» көркем повесі одаққа танымал (1951, 1954, 1956, 1959) шығарма болды, ол орыс тіліне аударылып (1970) басылды. Ә. Шығыс әдебиеті классиктері Әбул-Қасым Фирдоуси, Әлішер Науаидың өлеңдерін (1948) және шет ел жазушылары А.Тоқомбаев, В.М. Кожевников, Чжао Шу Лидің, т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударды. Ол әлемдік әйгілі «Мың бір түн» хикаятын тәржімалап, 4 том етіп (1949, 1955, 1962) бастырып шығарды. Бірқатар туындылары орыс, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ, қырғыз тілдерінде жарық көрді. Таңдамалы шығармалары «Өлеңдер» (1948), «Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар» (1958) деген атпен жинақталып, жарық көрді. Қызыл жұлдыз орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Шиелі кентіндегі ауд. кітапхана, орта мектеп және бір көше Ә-тың есімімен аталады.



Әбдіқалықова Гүлшара

ӘБДІҚАЛЫҚОВА Гүлшара Наушақызы (15.5.1965 ж. т., Сырдария ауд. Төбе а.) – мемлекет және қоғам қайраткері, экон. ғыл. канд. Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технол. ин-тын (1987, қазіргі Тараз ун-ті) бітірген. Қызылорда обл. әлеум. қамсыздандыру басқармасының бас инспекторы (1987–95), ҚР ЕХӘҚ мин-нің жауапты қызметкері (1995–2003), ҚР ЕХӘҚМ вице-министрі (2003–05, 2006–07), «Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Басқарманың төрағасы (2005–06), ЕХӘҚМ-нда жауапты хатшы (2007–08), ҚР Президентінің кеңесшісі (2008–09, 2012–13), ҚР ЕХӘҚ министрі (2009–12), ҚР Премьер-министрінің орынбасары (2013–14, 2019), ҚР Мемл. хатшысы (2014–19), Қызылорда облысының әкімі (2020–22) қызметтерін атқарған. 2022 жылдан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның адам ресурстарын басқару жөніндегі бизнес-серіктесі қызметін атқарады. ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демогр. саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы (2008–20), ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (2019–20) болды. 15-тен астам ғыл. мақала мен жарияланымның авторы. «Парасат» орденімен (2009), «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Қ.Омаров



Әбдінәбиева Ғазиза

ӘБДІНӘБИЕВА Ғазиза (3.1.1948, Сырдария ауд. Тартоғай а.– 18.4.2021, Алматы қ.) – актриса, Қазақ КСР-ның еңбек сің. арт. (1991). Алматы консерваториясын (1970, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы). Ғ. Мүсірепов атынд. Қазақ мемл. академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында (1969–93), М.Әуезов атынд. Қазақ мемл. академиялық драма театрында (1993–2021) актриса болған. 1994 жылдан Т. Жүргенов атынд. Қазақ ұлттық өнер академиясында «актерлік шеберлік» мамандығы студенттеріне дәріс оқыған. Ә. 20-ға жуық көркем фильм (Нан, Қауын, Қыз жылаған, Біржан сал, т.б.) мен телесериалға (Перекресток, Саранча, Домашние войны, т.б.) түскен. «Құрмет» (2006), «Парасат» (2018) орденмен, медальдармен марапатталған. ҚР-ның мәдениет саласындағы стипендиясының иегері.

М. Әмзе

ӘБДІРАЗАҚОВ Мақсұт (1937, Қызылорда қ. – 2000, сонда) – а. ш. қызметкері, ұйымдастырушы. Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1959, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Жалағаш ауд. «Коммунизм» ұжымшарында зоотехник (1959–61), ауд. комсомол к-тінің 1-хатшысы (1961–63), Қызылорда обл. партия к-тінде нұсқаушы, кейін Сырдария ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1963–67), төрағасы

(1970–73), Тереңөзек (қазіргі Сырдария), Жалағаш аудандары атқару к-тінің төрағасы (1973–88), обл. агроөнеркәсіп бірлестігі төрағасының орынбасары (1988–93) қызметтерін атқарған. 1993–2000 ж. Қазақ-түрік бірлескен «Қорда» кәсіпорнының бас директоры болған. Ә. Еңбек Қызыл Ту (үш мәрте), «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның бір көшесі Ә. есімімен аталады.

Т.Дайрабай



Әбдірайымов Сейфолла

ӘБДІРАЙЫМОВ Сейфолла (25.3. 1939, Жаңақорған ауд. Бірлік а. – 14.10. 2023, Алматы қ.) – агроном-ғалым. А. ш. ғыл. докт. (1990), проф. (1991), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақстанның еңбек сің. агрономы (1987). Қазақ КСР Мемл. сыйлының иегері (1991). Қазақ а. ш. ин-тын (1961, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Одесса а. ш. ин-тының аспирантурасын (1964) бітірген. Қазақстан а. ш. мин-нде жауапты қызметкер (1964–65), Шымкент қ-ндағы Қазақ қаракөл ш. ғыл.-зерт. ин-тында бөлім меңгерушісі (1965–78), ин-т директорының орынбасары (1978–2004) қызметтерін атқарды. 2004 жылдан А. ш. Оңт.-Батыс ғыл.-өндірістік орт-нда (қазіргі «Оңт.-Батыс мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы ғыл.-зерт. ин-ты» ЖШС) жұмыс істеген. Ә-тың ғыл.-зерт. бағыты – шөлейт аймақтарда өсетін мал азықтық өсімдіктер тұқымын шығаруға арналған. Ол Қазақстанның қуаңшылыққа жиі ұшырайтын аудандарында жайылымдарды суландырудың теор. негізін жасап, 200 мың га суландырылатын жайылым алқабын а. ш. өндірісіне енгізді. Ә. 300-ден астам ғыл. еңбектің, 5 монографияның, құрғақшылыққа төзімді, жоғары өнімді малға азықтық шөптердің 25 сортының, 2 патенттің, 2 деректі фильмнің авторы. 20-дан астам ғылым докторы мен ғылым кандидатын дайындаған. Ғалымның бірқатар зерттеу жұмыстары Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінің алтын, күміс медальдарын жеңіп алды. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров, С.Тайман

ӘБДІРАМАНОВА Күләнда (1920, қазіргі Сырдария ауд. Н. Ілиясов а. – 1995, Қызылорда қ.) – күрішші, еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (20.5.1949).



Әбдіраманова Күләнда

Орал қ-ндағы а. ш. мамандарын даярлайтын мектебін (1952) бітірген. Сырдария ауд-ндағы қазіргі Н.Ілиясов а-нда күріш звеносының жетекшісі (1938–48) болған. 1948 ж. 18 га егістіктің әр гектарынан 34 ц-ден күріш жинады. «Ворошилов» ұжымшарында агроном (1952–55) қызметін атқарды. 1955 жылдан Қызылорда аяқ киім ф-касында жұмыс істеп, зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін туған а-на оралып, жас жақаевшылардың майталман диқан болуына ықпал еткен. Ленин (1949), Еңбек Қызыл Ту (1972) орденмен марапатталған.

Қ.Омаров

ӘБДІРАХМАНОВ Жаңалық Ниязұлы (7.11.1935, Қармақшы ауд. Кеңтоғай а. – 22.3. 2004, Алматы қ.) – дәрігер, мед. ғыл. докт. (1990), проф. (1992), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2003). Алматы мед. ин-тын (1959, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті), Қазақстан өлкелік патология ин-тының (1964, қазіргі Гигиена және эпидемиология ғыл.-зерт. орт.) аспирантурасын бітірген. Қармақшы ауд. ауруханасының меңгерушісі (1959–61), Қазақ онкология және радиология ғыл.-зерт. ин-тының бөлім меңгерушісі, аға ғыл. қызметкер (1964–75), Алматы мед. ин-тында доцент, кафедра меңгерушісі (1975–90) болған. 1990 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ онкология және радиология ғыл.-зерт. ин-тының директоры қызметін атқарды. Ә-тың негізгі зерт. саласы – обыр (рак) ауруларын сәулемен емдеу тәсілдері үшін радиацияның зақымдаушы әсерінен қорғайтын дәрілерді пайдалану және организмнің радиацияға бейімделушілігін зерттеуге арналған. Ә. өңеш обырымен ауырған науқастарды радиац. сәулемен емдеу арқылы олардың өмірін ұзартуға болатынын ғыл. тұрғыдан дәлелдеді. Ғалымның «Детская онкологическая радиология» (1991, телавт.); «Лучевая терапия рака пищевода» (1993), «Современные аспекты



Әбдірахманов Жаңалық

терапии рака пищевода» (1997, телавт.) атты еңбектері жарық көрді.



Әбдірашев Жарасқан

ӘБДІРАШЕВ Жарасқан (7.3.1948, Арал ауд. Аманөткел а. – 10.2.2001, Алматы қ.) – ақын, әдебиетші-сыншы, аудармашы, сықақшы. Қазалы а. ш. техникумын (1965), ҚазМУ-ды (1969, қазіргі ҚазҰУ) және оның сырттай аспирантурасын бітірген. Арал, Қазалы аудандары, Қызылорда обл. газеттерінде тырнақалды өлеңдері, әңгіме, мақала, аудармасы жарияланды. «Лениншіл жас» (1969, қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті» (1969–70) газеттерінде, «Жалын» альманахында (1970–74), «Жұлдыз» журналында (1974–85) бөлім редакторы, сын, сын және поэзия, әдеби-сын және библиография бөлімдерінің меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы көркем аударма және әдеби байланыстар бас редакциясы төрағасының орынбасары, «Тамаша» ойын-сауық театрында бас редактор (1989–94) қызметтерін атқарған. 1997 жылдан шығарм. жұмыста болды. Алғашқы жинағы 1969 ж. «Тұңғыш кітап» деген атпен жарық көрген. «Ақ қайран» (1970), «Найзағайлы жаз» (1971), «Саяхат» (1972), «Дала, сенің ұлыңмын» (1975), «Соғыстан соң туғандар» (1977), «Перзент парызы» (1980), «Сана соқпағы» (1988), «Әзілің жарасса» (1989, әзіл-сықақтар), «Көңіл көкпары» (1998), «Шежірелі шаңырақ» (1998), т.б. өлеңдер мен поэмалар жинақтары жарық көрді. 20 ғ-дың басындағы Алаш азаматтары рухына ескерткіш, тағзым ретінде жоқтау, реквием өрнегінде жазылған «Құлпытас» («Құлпытас немесе екі дүние: фәниден бақиға дейін…») жыр жинағы (2001) қайтыс болған соң басылды. 1998 ж. «Сана соқпағы» атты таңд. шығының 3 томдық жинағы басылып шықты. «Әзілің жарасса» жинағы (1989) қазақ әдебиетінде эпиграмма жанрының дамуына үлес қосты. Дарынды ақын Бернияз Күлеевтің (1899–1923) шығ-н алғашқыларының бірі болып зерттеген көлемді ғыл. мақаласы «Лениншіл жас» газетінде (1969, қазіргі «Жас Алаш») жарияланды. «Парасат пен парыз» (1973) атты әдеби зерттеуінде қазақ балалар әдебиетінің өзекті мәселелерін көтерді. Ә. шетел әдебиетінің белгілі өкілдері А.С. Пушкин,

Г.Гейне, Р.Тагор, М.Бису, П.Элюар, Я.Купала, К.И. Чуковский, А.Л. Барто, А.А. Блок, Б.Окуджава, Е.Евтушенко, Р.Рождественскийдің туындыларын қазақ тіліне аударған. Ә-тің төл шығармалары неміс, венгер, орыс, украин, өзбек, тәжік, әзербайжан, түрікмен, қырғыз, саха тілдеріне тәржімаланған. Қазақстан Жазушылар одағы М.Жұмабаев атынд. сыйлының иегері (1989). Ә. есімі Алматы қ-ндағы көшеге (2001) беріліп, соңғы жылдары тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. Сондай-ақ Арал қ-ндағы орта мектеп пен бір көше оның есімімен аталады.

С.Қалуов, Қ.Орынғали



Әбдірашев Төлепберген

ӘБДІРАШЕВ Төлепберген (26.7.1948, Жаңақорған ауд. Бесарық а. – 26.10.2007, Алматы қ.) – дирижер, педагог, Қазақстанның еңбек сің. өнер қайраткері (1982), Қазақстанның халық арт. (1995). Қазақ ұлттық консерваториясының проф. Батыс Берлинде өткен дирижерлердің Герберт фон Кароян атынд. халықар. байқауының дипломанты (1977), Бүкілодақтық Ленин комсомолы, ҚР Мемл. сыйл-ның (1998) иегері. Алматы мемл. консерваториясын (1974, Т.С. Османовтың класы бойынша) және Мәскеу мемл. консерваториясын (1979, Г.Н. Рождественскийдің класы бойынша) бітірген. Вена муз. академиясында (Австрия) білімін (1982–83) жетілдірген. Шымкент муз. колледжінде оқытушы (1974–75), Қазақ акад. симфон. оркестрінің дирижері (1979–82), Қазақ опера және балет театрының бас дирижері (1985–87), 1987 жылдан осы оркестрдің көркемдік жетекшісі әрі бас дирижері қызметтерін атқарды. Әр жылдары АҚШ, Англия, Германия, Австрия, Куба, Ресей, Украина елдерінде гастрольдік сапарда акад. симфон. оркестр ұжымына дирижерлік жасады. «Құрмет» орденімен (2004) марапатталған. ҚР Мемл. сыйлықтар беру к-тінің мүшесі. 2018 ж. туған жері Бесарық а-ндағы мектепке Ә. есімі берілді.

А. Тоқтаған



Әбдірәсілов Болатбек

ӘБДІРӘСІЛОВ Болатбек Серікбайұлы (15.7.1958 ж. т., Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері, биол. ғыл. докт. (1997), ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (2020). Ә. Халықар. ақпарат акад-ның акад. (1998), ҚР-ның жоғары мектебі және Халықар. жоғары мектебі ҒА-ның акад. (2002), ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері. Қызылорда пед. ин-тын (1979, қазіргі Қызылорда ун-ті), КСРО ҒА Биофизика ин-тының аспирантурасын (1986), Мәскеу мемл. экономика және статистика ун-тін (2000, Қашықтан білім беру ин-ты) бітірген. КСРО ҒА Биофизика ин-тында стажер-зерттеуші (1980–86), пед. ин-тында оқытушы (1979–80), аға оқытушы, доцент, декан, проректор (1986–94), Ресей ҒА-ның Жасушалар биофизикасы ин-тында аға ғыл. қызметкер (1994–96), Қызылорда гуманит. ун-тінің ректоры (1996–98), Қызылорда мемл. ун-тінің 1-проректоры (1998–2000), ҚР Мемл. қызмет істері жөніндегі агенттігі ақпараттық және тестілеу орт-ның директоры (2000–01), ҚР БҒМ Мониторинг және бақылау департаменті директорының орынбасары, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры, Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау к-тінің төрағасы (2001–07), ҚР Президенті Әкімш-нің мемл. инспекторы – Астана қ-ның кураторы (2007–10), ҚР БҒМ-ның жауапты хатшысы (2010–12), ҚР Президенті жанындағы Басқару акад-ның ректоры (2012–16), ҚР Президенті Әкімшінің сектор меңгерушісі (2016–17), ҚР БҒМ Ғылым к-тінің төрағасы (2017–18), Халықар. қазақ-түрік ун-тінің президенті (2018–21) қызметтерін атқарды. 2021 жылдан Қарағанды индустриалды ун-тінің ректоры. ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың мемл. бағдарламаларын, «Білім туралы», «Ғылым туралы» заңдарын әзірлеуге қатысып, Халықар. қайта құру және даму банкінің «Өнімді инновацияларды ынталандыру» жобасын іске асыруға жетекшілік еткен. Ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты – тірі жүйелердегі ақпаратты беру үдерісінің молекулалық механизмдері мәселелеріне арналған. Ол биол. мембраналардың жұмыс істеу механизмдерін зерттеу үшін молекулалық құрал ретінде антибиотиктерді қолданудың негізін қалаушылардың бірі. Ә-тің ғыл. еңбектері, монографиялары жарық көрген, 60-тан астам зерт. жұмысы шет елдің жетекші журналдарында жарияланған. «Құрмет» орденімен (2005), бірнеше медальдармен марапатталған. Биофизика саласындағы елеулі ғыл. жетістігі үшін Ресей жаратылыстану ғылымдар академиясының П.Л. Капица атынд. ескерткіш медалі берілген.

Б.Махмұтов



Әбдіхалықов Мұхамеджан

ӘБДІХАЛЫҚОВ Мұхамеджан (1. 7.1907, қазіргі Ақмола обл. Ақмола ауд. Баян а. – 13.7.2006, Алматы қ.) – қоғам және мемлекет қайраткері. Қазақ КСР-інің оқу халық комиссары, Қазақ КСР ХКК төрағасының орынбасары, Қазақстан КП(б) ОК-нің насихат және үгіт жөніндегі хатшысы, ОК мүшесі (1938–49), ОК Бюросының мүшесі (1942–48) болды. Ол «Қазақ КСР-інің тарихы» (Көне заманнан бүгінгі күнге дейін) атты орыс тіліндегі алғашқы басылымның жауапты редакторы (1943, КСРО ҒА-ның акад. А.Панкратовамен бірге) болды. 1946 ж. Қазақ КСР ҒА-ны құру жөніндегі Үкімет комиссиясына басшылық жасады. Ә. Қызылорда обл-нан КСРО Жоғ. Кеңесіне 1-, 2-шақырылған депутаты (1941–50) болып сайланды. Ол Еңбек Қызыл Ту (екі мәрте), 1-, 2-дәрежелі Отан соғысы, «Отан» (2005) ордендерімен марапатталған. Алматы қ-ның құрметті азаматы.

С.Тайман



Әбдіхалықова Әлима

ӘБДІХАЛЫҚОВА Әлима Жақыпқызы (16.5.1952 ж. т., Қазалы ауд.) – мұғалім, педагог, қоғам қайраткері, пед. ғыл. канд., Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2008). ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері. Қазақстан Пед. ҒА-ның акад. (2015). Қызылорда пед. ин-тын (1973, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қызылорда гуманит. колледжінде мұғалім, директор (1980–2018), колледж жанындағы респ. оқу-әдістемелік бірлестігінің төрайымы (1991–2010) қызметтерін атқарған. Ә. 4 мамандық бойынша білім берудің мемл. стандарттары мен 123 типтік оқу бағдарламаларын құрастырған. Обл. «Рухани жаңғыру» орт. ғыл.-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі (2017–20) болды. Обл. әйелдер кеңесінің мүшесі (2021–23). 2021

жылдан «Болашақ» ун-тінде аға оқытушы. «Ерен еңбегі үшін», т.б. бірнеше медальдармен, төсбелгілермен марапатталған. Обл. мәслихаттың 2 рет шақырылған депутаты (1999–2003, 2007–13). Қызылорда обл-ның (2013), Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (2023).

С.Тайман



Әбдіхалықова Елена

ӘБДІХАЛЫҚОВА Елена Мәжитқызы (22.4.1970 ж. т., Жалағаш ауд. қазіргі Шәменов а.) – жазба әрі айтыскер ақын, сазгер әрі әнші, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2017). Ә. филол. ғыл. канд. (2004), Қазақстанның еңбек сің. қызметкері (1996). Қызылорда ун-тінің филол. ф-тін бітірген (1993). Шығарм. жолын мектеп қабырғасында жүргеннен бастады. Ауд. «Алтын арай» ән-би ансамбліне қатысып, көркемөнерпаздар ұжымында ауд., обл. байқауларда өнер көрсетті. Ұзақ жыл шығарм. жұмыстармен айналысып келеді. 2020 ж. ашылған Абай ТВ арнасында «Сарасөз» бағдарламасының жүргізушісі. Ә. 5 халықар., 60-қа жуық, респ., 20-дай обл. ақындар айтысының жеңімпазы. 70-ке жуық әндердің авторы әрі орындаушысы. Қырғыз-қазақ халықар. (1993), халықар. (1995, Ташкент), Наурыз халықар. айтыстарында (1996, Алматы) 1-орындарды, халықар. айтыста (2002, Шымкент), халықар. «Шығыс шынары» мүшәйрасында бас жүлделерді, «Мағжан көктемі» өнер фестивалі (2013, Петропавл) жазба ақындар мүшәйрасында 1-орынды иеленді. Оның әндері белгілі әншілердің ғана емес, жалпы халықтың, сондай-ақ көршілес қырғыз, өзбек қандастарымыздың сүйіп орындайтын әндеріне айналған. 2000 ж. «Есіңе мені алғайсың» атты аудио-ән жинағы жарық көрсе, 2004 ж. «Қош дерсің…», 2010 ж. «Көздеріңе ғашықпын» атты компакт-дискісі жарыққа шықты. Қазақстанның барлық аумақтарында, Түркия, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей қазақтарының арасында өнер көрсетті. Ә-ның бірнеше жыр топтамасы «Жас ақындар жырларының антологиясы» жинағында («Өлке» баспасы, 2000) жарияланып, «Сыр сүлейлерінің жазба айтысы» атты зерттеу еңбегі, «Қарашық» өлеңдер мен әндер (2000), «Бақыт құсы» (2004), «Шынар көлі» (2008), «Менің жалғыз жұлдызым» (2020) атты жыр жинақтары және «Сағыныш-ғұмыр» партитуралар жинағы жарыққа шықты. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы (2000).

М.Әмзе



Әбенов Қалқабай

ӘБЕНОВ Қалқабай (25.10.1922, Сырдария ауд. Айдарлы а. – 1994, Қызылорда қ.) – педагог, журналист. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Ташкент пед. уч-щесін (1940), Қызылорда пед. ин-тын (қазіргі Қызылорда ун-ті), КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін бітірген. Ташкент обл. Қарасу ауд-ндағы мектепте мұғалім (1940–41), соғыстан кейін Ташкент обл. Жаңажол, Сырдария аудандары Бірлестік мектебінде мұғалім, обл. оқу бөлімінде жауапты қызметкер (1945–49), обл. партия к-тінде нұсқаушы, үгіт-насихат секторының меңгерушісі (1949–56), Шиелі ауд. «Коммунизм жолы» (1959–62), обл. «Ленин жолы» газеттерінде редактор (1968–85) болды. 1972 ж. обл. газеттің 10 000-санының жарыққа шығуына орай Қазақ КСР

Жоғ. Кеңесінің Мақтау қағазымен марапатталды. 1979 ж. газет нұсқалары Мәскеудегі Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінде облыс халқының қажырлы еңбегі ретінде таныстырылды. 1970–85 ж. обл. Журналистер, Ардагерлер одағының төрағасы, 1985–93 ж. обл. тарихи-өлкетану музейінің директоры қызметтерін атқарды. Ол «Халықтар достығы», 1-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған. Тасбөгет кентінің бір көшесі Ә. есімімен аталады (2011). Обл. аумағында Ә. атынд. қоғамдық қор жұмыс істейді.

С.Тайман



Әбенов Мұрат

ӘБЕНОВ Мұрат Абдуламитұлы (20.8.1965 ж. т., Жаңақорған ауд. Төменарық а.) – мемлекет және қоғам қайраткері. ҚазПИді (1990, қазіргі ҚазҰПУ), Қазақ гуманит. заң ун-тін (2002) бітірген. №4 орта мектептің мұғалімі, қалалық білім беру бөлімінің инспекторы, №1 мектеп-лицейі директорының орынбасары, қала әкімш. қоғамдық пікірді болжау және баспа бөлімінің бас маманы (1990–93), Алматы қ. «Атамекен» ЖШС директорының орынбасары (1993–99), Қызылорда обл. әкімі ұйымдастыру-бақылау бөлімінде кеңесші (1999–2000), ҚР Мемл. қызмет істері агенттігінің облыс бойынша басқармасының басшысы (2000–02), обл. ішкі саясат департаментінің директоры (2002–05), облыс әкімінің орынбасары, облыс әкімі аппаратының басшысы (2005–07), ҚР Білім және ғылым вице-министрі (2012–13), «Өрлеу» ҰБАО» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы (2013–16), «Атамекен» ҚР ҰКП басқарма төрағасының орынбасары, палата төралқасы жанындағы к-т төрағасы (2016–18), «Сарпін» ұлттық білім және инновациялар палатасының президенті (2018–23) қызметтерін атқарған. ҚР Парламенті Мәжілісінің 4-, 5-шақырылған депутаты (2007–12), 2023 жылдан). «Ерен еңбегі үшін», т.б. медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ӘБЕНОВ Хамит Жақыпұлы (16.12. 1934, Сырдария ауд. Шіркейлі а. – 5.5.1999, Қызылорда қ.) – Ішкі істер қызметкері, милиция полк. (1970). КСРО Ішкі істер мин-нің Алматыдағы Арнайы милиция (1960), Мәскеу жоғары милиция



Әбенов Хамит

мектептерін (1967) бітірген. Ақтөбе қ. Ішкі істер бөлімінің (1961–69), Қызылорда қ. Ішкі істер бөлімі мен обл. (1969–80) Ішкі істер басқармасының соц. меншікті ұрлауға қарсы күрес бөлімінде қызмет істеген. Кәсіби қызметтері үшін бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ндағы бір көшеге Ә-тің есімі берілген (2020).

Қ.Құдайбергенов

ӘБЖӘЛИ (Әбдужалил) ишан Қалымбетұлы (шамамен, 1870/74, қазіргі Жалағаш ауд. Мырзабай ахун а-ның маңы – 1937) – діни қайраткер. 18–20 ғ-ларда Сыр бойынан шыққан діни қайраткерлердің соңғы легінің өкілі. Ол өз заманында мешіт ашып, бала оқытқан, діни ағартушы болған. Алғашқы сауатын Мырзабай ахуннан ашқан. Бұхара қ-ндағы «Көкілташ» медресесінде 14 жыл оқып, діни білімінің куәлігі ретінде шатырхат алған. Сегізбай бидің а-нда молда болып, бала оқытқан. Алғашында қамыстан тұрғызылып, іші-сырты

сыланған мешітте сабақ берді. Ә. ишанның өкіметке қарсы теріс әрекеті, қылмысы болмаса да 1934 ж. 2 рет тергеуге алынып, 1937 ж. қамауда қайтыс болды.

ӘБЖАЛИ ИШАН МЕШІТІ – сәулет өнері ескерткіші. Жалағаш ауд. Таң а-нда орналасқан. Ә. и. м. 1922 ж. жеке меншік құрылыс ретінде тұрғызылған. Ол кеңестік үкіметтің тәртібімен 1929 ж. мемлекет қазынасына алынды. 1931 ж. ғимараттың зәулім мұнарасы бұзылып, кірпіштері қосымша бөлмелер салуға пайдаланылды. Онда балаларға арналған мектеп-интернат жұмыс істеді. Мешіттің қабырғалары күйдірілген кірпіштен қаланған және ішінде ағаш бағаналардан тұрғызылған. Сұлбасы төртбұрышты, орт. үлкен күмбезді, қос мұнаралы ғимараттың жалпы көл. 11,90 х 8,30 м, биікт. 6,5 м. Мешіт кіреберіс бөлмеден, михрабы бар намаз оқу залынан және осы зал арқылы кіретін шағын бөлмеден тұрады. Кіреберіс бөлме төртбұрышты, бір терезесі бар. Мінәжат залының пішіні шаршы тәрізді болып келген, оңт.-батыс қабырғасында михраб қуысы бар. Залдың ортасында жабыны өрнектелген үш ағаш бағана тіреу қойылған. Бөлме жарық болу үшін қаптал қабырғаларда қос терезеден салынған. Мешіт ғимаратының қасбеті кірпіш стилінде салынған, ғимарат цоколь қабатынан, карнизден, бай өрнектелген фронтардан тұрады. Қасбетіндегі өрнектелген жауырыншаларға цоколь мен карниз бекітілген. Қаптал қасбетінде ағаш жақтаулары бар үш терезе орнатылған, олардың жоғ. жағы доғал түрінде жасалған.



Әбжали ишан мешіті

ӘБЖАЛОВ Шоманбай (1932, Түркістан обл. Созақ ауд. Бақырлы а. – 2013, Жаңақорған ауд. Сүттіқұдық а.) – шопан, еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (8.4.1971). Бақырлыдағы



Әбжалов Шоманбай

жеті жылдық мектепті бітірген соң еңбекке араласқан. Жаңақорған ауд. «Қызыл жұлдыз» кеңшарында 30 жылдан аса шопан болып жұмыс істеген (1954–86). 1986 ж. зейнеткерлік демалысқа шыққан. Ол 10-бесжылдықта (1976–80) мемлекетке отарындағы әр 100 қойдан 150–215-тен қозы алып, әр қойдан 3–4 кг-нан жүн тапсырды. Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінің алтын, күміс медальдарын жеңіп алған. Ленин орденімен (1971), Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасының Құрмет грамотасымен марапатталған. Оның есімі Қазақстан А. ш. мин-нің «Алтын кітабына» жазылған. «Жұлдыз» кеңшарының құрметті азаматы.

ӘБЖАНОВА Кәмила (25.7.1949 ж. т., Қазалы ауд. Майлыбас а.) – актриса, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2009), ҚР Мәдениет қайраткері (2005). М.Әуезов атынд. академиялық драма театры жанындағы студияны (1972), Мемл. театр



Әбжанова Кәмила

және кино ин-тын (1996, қазіргі Қазақ ұлттық өнер акад.) бітірген. 1972 жылдан Н.Бекежанов атынд. Қызылорда обл. қазақ академиялық драма театрында артист болып қызмет атқарып келеді. Ә. осы жылдар ішінде 100-ден аса рольдер ойнап, шығармашылық еңбегімен театрдың дамуына өз үлесін қосып жүрген өнер иесі. Ол сомдаған Л.Егембердиеваның «Көресіні көрмей» драмасында Ақдидар, И.Сапарбайдың «Сыған серенадасы» поэтикалық драмасында Баронесса, М.Ф. Ахундзаденің «Кетпейсің! Болды, кетпейсің!» комедиясында Ханпері, Ә.Тәжібаевтың «Екі дәурен, бір ғұмырында» Ділдә, Х.Жүсіпұлының «Ешкімге керегі жоқ ауыл» спектаклінде Тынымкүл және тағы басқа рольдері әртіске сахна өнерінің қыр-сырын қанықтырып, актерлік шеберлігін қалыптастырып шынайы өнерді танытқан бейнелері. Ә. бірнеше медальмен, төсбелгімен марапатталған. «Қызылорда облысының құрметті қайраткері» атағының иегері (2000). Қазалы ауд-ның құрметті азаматы (2019).

Қ.Омаров



Әбзалиев Амангелді

ӘБЗАЛИЕВ Амангелді (8.3.1939, Қармақшы ауд. Жосалы а. – 15.10.2021, Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері. Ташкент т. ж. көлігі электрмех. техникумын (1959), Мәскеу т. ж. көлігі инж-лерінің Бүкілодақтық сырттай ин-тын (1969), КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын (1984) бітірген. Жосалы ст-нда жолшы, Диірментөбе ст-ның бригадирі, «Қызылордасельстрой» трестінің №2 Қармақшы жылжымалы механикаландырылған колоннасында аға экономист, жоспарлау бөлімінің басшысы, бас инж. болып жұмыс істеді. Ә. обл. атқару к-ті төрағасының көмекшісі, обл. партия к-ті құрылыс бөлімінде нұсқаушы, Қазалы ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары, обл. жергілікті өнеркәсіп басқармасының басшысы, өнеркәсіп және көлік бөлімінің меңгерушісі (1969–85), қалалық атқару к-тінің төрағасы (1985–89), обл. сауда басқармасы бастығының 1-орынбасары (1989–91), «Қызылордамұнайөнім» обл. бірлестігінің бас директоры (1991–2002) қызметтерін атқарды. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған (2012). Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

С.Тайман



Әбибуллаев Ибрагим

ӘБИБУЛЛАЕВ Ибрагим (1.6.1947 ж. т., Сырдария ауд. Қоғалыкөл а.) – қоғам қайраткері. Қазақ а. ш. ин-тын (1970, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Қазақстан менеджмент, экономика және болжам ин-тын (1992) бітірген. Сырдария ауд-ндағы кеңшарда механик, МТС-тың меңгерушісі, инж. (1970–75), ауд. халықтық бақылау, ауд. партия к-ттерінде нұсқаушы, а. ш. бөлімінің меңгерушісі (1975–81), кеңшар директоры, ауд. агроөнеркәсіп бірлестігінің басшысы, ауд. к-тінің төрағасы (1981–91), Жаңақорған ауд. партия к-тінің 1-хатшысы,

ауд. кеңес төрағасы-әкімш. басшысы, аудан әкімі (1991–94), Шиелі ауд-ның әкімі (1994–96), обл. орман, аң-балық ш. аум. басқармасының басшысы (1996–2004), Сырдария ауд-ның әкімі (2004–08), обл. табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы (2008–11) қызметтерін атқарған. «Қызылорда» ӘКК төрағасының орынбасары, облыс әкімінің кеңесшісі болған. Ә. «Құрмет белгісі», «Құрмет» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның, Жаңақорған, Шиелі және Сырдария аудандарының, сондай-ақ АҚШ-тың Туссон қ-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ӘБИЕВ Арапбек (9.1.1941 ж. т., Жаңақорған ауд. Қожакент а.) – күрішші, еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (24.12.1976), Қазақ КСР А. ш-на еңбек сің. қызметкері. Дала акад. Ы.Жақаевтың мектебінен тәлім алған. 1968–77 ж. кеңшарда күріш звеносының жетекшісі, 1978–94 ж. күріш бригадасының бригадирі болып жұмыс істеді. 1994–97 ж. кеңшар директорының орынбасары қызметін атқарды. Алғашқы жылдан бастап күріштен мол өнім жинап, озат диқан-күрішші атанды. 2015 жылдан Респ. дәрежедегі зейнеткер. Ол Ленин (екі мәрте), Еңбек Қызыл Ту орденделімен, Бүкілодақтық а. ш. жетістіктері көрмесінің күміс және алтын медальдарымен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



Әбиев Арапбек

ӘБИЕВ Сардарбек (1.1.1946 ж. т., Жаңақорған ауд. Өзгент а.) – биол. ғыл. докт. (1994), проф. (2001), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2004). Қазақ а. ш. ин-тын (1969, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және аспирантурасын (1970–73) бітірген. Жаңақорған ауд. «Задарья» кеңшарында бас агроном (1969–70), Қазақстан ҒА-ның Ботаника ин-тында (қазіргі ҚР БҒМ Биол. зерттеулер орт.) лаборант., аға лаборант меңгерушісі (1973–2005), ин-т директоры (1995–2005) қызметтерін атқарды. 2005 жылдан Еураз. ұлттық ун-тінде биология және экология кафедрасының меңгерушісі. Ә. Қазақстанда эксперименттік микология мектебін құрушы ғалым. Негізгі ғыл. жұмыстары – мәдени және табиғи өсімдіктерде тіршілік ететін паразитті саңырауқұлақтардың түрлік құрамын, таралу заңдылықтарын, биол., экол. ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Ә-тің жетекшілік етуімен Қазақстанда кездесетін жеуге жарамды қалпақты саңырауқұлақтардың бағалы түрлерінің және штамдарының коллекциясы, олардың кейбір түрлерін өндірістік жолмен өсіру технологиясы жасалды. ҚР ЖАК сараптау комиссиясы төралқасының мүшесі (2007–12), Ұлттық аккредитивтік орт-ның комиссия төрағасы болған. Ә. 170-тен астам ғыл. еңбектің, 6 монография мен 3 сөздіктің авторы. Оның ғыл. жетекшілігімен 2 ғылым докторы, 5 ғылым кандидаты, 6 Ph.D диссертация қорғаған. Ол ҚР БҒМ-ның үздік ғалымдарға тағайындайтын грантының иегері (2005–06). Бірнеше медальдармен марапатталған.



Әбиев Сардарбек

С.Тайман

ӘБСАТТАРОВ Раушанбек Боранбайұлы (8.4.1940 ж. т., Ауғанстан, Анткой қ.) – филос. ғыл. докт. (1990), проф. (1991). ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (2013). ҚР Білім беру ісінің үздігі. Киев мемл. ун-тін (1967) бітірген. ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) аға оқытушы, доцент (1971–88), ҚР Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау ин-тында (КИМЭП) аға оқытушы (1991–94), ҚР Президенті аппаратының кеңесшісі (1995–97), ҚазҰПУ-дың саясаттану және әлеуметтану кафедрасының меңгерушісі, тарих ф-тінің деканы (1997–2009) болды. 2009 жылдан аталмыш ун-тте кафедраның құрметті проф., кеңесшісі. Ә. Қазақстан әлеуметіндегі ұлтаралық қатынастар мәдениеті, ұлттық сана-сезім мәселелерін зерттеумен шұғылданады. 600-ге жуық ғыл. еңбектің, 32 монографияның, оқу құралдарының, т.б. авторы. 4 ғылым докторын, 20 ғылым кандидатын, 6 Ph.D дайындаған. «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2003, 2009),



Әбсаттаров Раушанбек

«Ерен еңбегі үшін» (2012) медальдарымен марапатталған. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2006).

ӘБУОВ Әбілаш (Нысанбаев) (5.3. 1936, Шиелі ауд. Бестам а. – 1996, сонда) – әнші, термеші. Қызылорда пед. ин-тын (1972, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Белгілі халық әнші-жыршысы Н.Бекежановтың жиені. Сыр сұлейлерінің, Нартай, Тұрмағамбет, Шораяқтың Омарының термелерін насихаттаған. 1949 ж. «Ақайша», «Илигай», «Тыңда дала, Жамбылды», т.б. халық әндерін сахнада орындап «Бала Жамбыл» атанған. «Сыр сұлуы» халықтық ән-би ансамблінің мүшесі (1967) болған. Алматыда өткен респ. өнер байқауының (1957), бірнеше өнер фестивальдерінің



Әбуов Әбілаш

лауреаты. «Нартай әуендері» атты күйтабағы (1985) шыққан. Бестам а-ндағы бір көше Ә. есімімен аталады.

Ұ.Жанбершиева

ӘБУОВ Қозытай (23.9.1930, Жаңақорған ауд. Бесарық а. – 2.2.1996, Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері. Қазақ а. ш. ин-тын (1953, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1969) бітірген. Сырдария ауд-нда жауапты жұмыстар атқарды. «Тереңөзек» күріш кеңшарын ұйымдастырушылардың бірі (1953–61). Обл. а. ш. басқармасының басшысы (1965–67), Арал, Қазалы а-ндары атқару к-ттерінің төрағасы (1969–74), Қазалы ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1974–79), Жалағаш ауд-ның «Мәдениет», Жаңақорған ауд-ның «Келінтөбе» кеңшарларының директоры қызметтерін атқарды. Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), «Құрмет белгісі» орденделімен, бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1963) болды.



Әбуов Қозытай

С.Тайман

ӘБУТӘЛІПОВ Әнуар (7.12.1923, Жаңақорған ауд. Бесарық а. – 30.7.2002, сонда) – соғыс және еңбек ардагері, Кеңес Одағының Батыры (24.3.1945). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. 1942 ж. Иваново қ-ндағы десанттар дайындау



Әбутәліпов Әнуар

оқ-щесінде барлау және диверсия жасау мамандығын игерді. 1-гвардиялық және 13-гвардиялық әуе-десанттық атқыштар полкі пулеметшілер тобының командирі ретінде 1943 ж. Солт.-Батыс майданда соғысқа араласты. 1943–45 ж. Солт.-Батыс және Далалық, артынан 2-Украина және Забайкалье майдандарында Ленинград-Новгород, Полтава-Кременчуг, Корсунь-Шевченко, Уман-Боташан, Яссы-Кишинев, Дебрецен, Будапешт, Братислава-Брно, Прага әскери операцияларын жүзеге асыруға қатысты. Соғыстан кейін Өзгент және Мәдениет а-дары кеңестерінің төрағасы, «Түгіскен» ұжымшары егіс бригадасының жетекшісі (1967–70) қызметтерін атқарды. 1970–83 ж. Түгіскен жерін игеру жұмысына белсене атсалысып, білікті күрішші ретінде танылды. 1972 ж. Ә-тің бригадасы әр гектардан 80 ц-ден күріш жинап, респ. рекорд жасады. Ол Ленин (2 мәрте), 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Ә-тің есімі Жаңақорған ауд. Аққорған ауылдық округінің орта мектебіне (2003), Жаңақорған және Түгіскен а-дарындағы көшелерге (2015) берілді.

ӘБІШЕВ Әли Әжімұлы (11.9.1962 ж. т., Қызылорда қ.) – экон. ғыл. докт. (2000), проф. (2002). Ә. ҚР ҰИА-ның, Халықар. инж. академияның акад., ҚР Жоғары мектеп ҒА-ның корр. мүшесі, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2002). ҚазМУ-ды



Әбішев Әли

(1986, қазіргі ҚазҰУ), Ленинград (1993, қазіргі Санкт-Петербург) мемл. ун-тінің аспирантурасын бітірген. Гурьев пед. ин-тында (қазіргі Атырау ун-ті) оқытушы, аға оқытушы (1986–89), ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, ф-т деканының орынбасары, ф-т деканы, оқу ісі жөніндегі проректоры, 1-проректор (1993–2005), Қазақ экон. ун-тінің ректоры (2005–12), Халықар. бизнес ун-тінің ректоры (2012–13), «Тұран» ун-тінің халықар. көшбасшылық ин-тының директоры (2013–15) қызметтерін атқарған. 2015 жылдан Атырау мұнай және газ ун-тінің ректоры. Елімізде алғашқылардың қатарында осы унтті коммерц. емес АҚ-ға (КеАҚ) айналдырып, оның басқарма төрағасы-ректоры болған (2017–20). 2010 жылдан ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының 1-вице-президенті. Ә. экон. ғылымның теориясы, әдіснамасы және практикасы, экон. саясат, ұлттық экономиканы әртараптандыру және технол. жаңғырту, ҚР-ның мұнай-газ саласын дамыту, баламалы энергетика мәселелерін зерттеумен айналысады. Ә. 200-ден астам ғыл. еңбектің, 3 монография, 7 оқулық, 5 оқу құралы мен 2 сөздіктің авторы. «Құрмет» орденімен (2010), бірнеше медальмен, 6 мәрте ҚР Президентінің Алғыс хатымен, 4 мәрте ҚР ҒБМ-ның Құрмет грамотасымен марапатталған. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2006).

М.Ломоносов орденінің (2009, Ресей) иегері.

Қ.Омаров

ӘБІШЕВ Оразбай (10.6.1930, қазіргі Қызылорда қ., Қызылжарма а. – 27. 8.2021, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (2.4.1981). Қазақстанның



Әбішев Оразбай

құрметті теміржолшысы (1974). Қызылорда т. ж. техникумын (1951) бітірген. 1942–49 ж. туған а-нда түрлі жұмыстар атқарған. Қызылорда локомотив депосында слесарь, аға слесарь, бригадир ретінде қажырлы еңбек еткен (1951–91). Обл. және Қызылорда қ. кеңестердің депутаты болған. Ленин (2 мәрте), Қазан революциясы ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (1974).

Қ.Омаров

ӘБІШЕВ Сайлаубай Әбішұлы (1946 ж. т., Арал ауд.) – жазушы, қоғам қайраткері. Халықар. Жазушылар одағының мүшесі. Обл. партия, комсомол к-ттерінде жауапты қызметтер атқарды. Республиканың экономикасы мен мәдениетін дамытуға белсене араласты, қазіргі уақытта Қызылорда қ. Ардагерлер кеңесінің төрағасы. Ол Шиелі ауд. «Қызыл Ту» ұжымшарының Ыбырай түбегінде күріш өсіруден дүниежүз. рекорд жасалған жерге айрықша ескерткіш орнату идеясы-бастамасын көтеріп, сол шараны іске асырушы болды. Ә-тің «Асыл қазынам – өмір сабағы» атты ғұмырнамалық-естелік кітабы жарық көрген. ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен, медальдармен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

С.Тайман

ӘБІШЕВА Зейнеш Садырқызы (23. 1.1947, Сырдария ауд. Тереңөзек кенті – 3.5.2021, Алматы қ.) – қазақ қыздары арасынан шыққан металлургия мамандығы бойынша



Әбішева Зейнеш

тұңғыш тех. ғыл. докт. (1995), проф. (1997), ҚР ҰҒА-ның акад. (2017). Ә. ҚР Жаратылыстану ғыл. академиясының акад. (2008), КСРО Өнертапқышы (1987), ҚР Үздік өнертапқышы (2011), ҚР Атом өнеркәсібі саласының құрметті қызметкері (2019). Мәскеу Талшықты хим.-технол. ин-тын (1971) және аспирантурасын (1974) бітірген. Қазақстан ҒА Металлургия және кен байыту ин-тының кіші, аға ғыл. қызметкері (1974–87), лаб. меңгерушісі (1987–2010), директордың орынбасары (1998–99) болған. «Жер туралы ғылымдар, металлургия және кен байыту» (ЦНЗМО) АҚ-ның президенті (2011–16), ҚазҰТУ-да институт директоры (2016–19), проф.-зерттеуші (2019–21) қызметтерін атқарған. Ә. сирек кездесетін микроэлементтер металлургиясы саласында ғыл. мектебін қалыптастырған ғалым. Ғылым мен техниканың дамуына ерекше үлес қосқан ғалымдарға арналған мемл. ғыл. стипендияның иегері (2000–02). Қ.И. Сәтбаев атынд. сыйлықтың лауреаты (2011). Ол 640-тан астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монография, 86 КСРО, ҚР авторлық куәлік пен патенттерінің авторы. 10 ғылым кандидатын, 2 Ph.D дайындаған. «Құрмет» орденімен (2019), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ӘЖІБЕКОВ Қалқазбек (7.2.1948 ж. т., Жаңақорған ауд. Қыраш а.) – қаржыгер, еңбек ардагері, Қазақстан-



Әжібеков Қалқазбек

ның еңбек сің. қайраткері (2002). Ә. КСРО Қаржы жүйесінің үздігі (1978). Обл. Ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі. Қазақ а. ш. ин-тын (1970, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Жаңақорған ауд. қаржы бөлімінде аға инспектор, бөлім меңгерушінің орынбасары (1970–76), обл. халық ш-н қаржыландыру бөлімінің басшысы, бөлім меңгерушінің орынбасары, 1-орынбасары (1976–87), КСРО тұрғын үй, әлеум. саланы несиелендіру банкі (Тұрғынүйәлеумбанк) обл. басқармасының басшысы, «Кредсоцбанктің» директоры (1988–92), облыс әкімінің орынбасары, мемл. мүлікті басқару жөніндегі аум. к-т төрағасы, обл. қаржы басқармасының басшысы (1992–98), обл. қаржы департаментінің директоры (1998–2007), мемл. қызметкерлер мен бюджеттік сала мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орт-ның директоры (2007–16) қызметтерін атқарды. «Парасат» орденімен, бірнеше медальмен, обл. әкімінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Обл. мәслихаттың екі рет шақырылған (2007–16) депутаты. Қызылорда обл-ның (2023), Қызылорда қ-ның және Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы.

О.Айдаров

ӘЗІЛКЕШ (шын есімі Әзірбай) Шымырұлы (1830, қазіргі Жалағаш ауд. Жүргенов а. – 1895, сонда) – айтыс ақыны. Ә. жасынан ел аралап, толғаутермелер айтып, күй тартып, айтысқа қатысқан. Сан түрлі өнерімен «Дүр жырау» атанған. Арқадағы қыпшақ Қызболық ақынмен, айтысқан. Ә-тің өлең-жырлары көп болғанымен, бізге олардың санаулысы ғана жеткен. Оның Қызболықпен айтысын Ы.Алтынсарин «Қазан» баспасынан 1883 ж. жеке кітапша етіп шығарған. Ә-тің кейбір шығармалары ҚР-ның Орт. ғыл. кітапханасында сақталған.

ӘЗІЛХАН ИШАН МЕШІТІ – жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш. Қазалы ауд. Көларық а. окр-не қарасты Ақтан батыр а-нда орналасқан. Мешітті 1900–10 ж. Әзілхан ишанның тапсыруымен жергілікті шебер Әбілдай Нұрымбетұлы салған. Ә. ишан (1854–1917) бұрынғы Қазалы уезінің Домақ (қазіргі Ақтан батыр) а-нда өмір сүрген. Ол Бұхарадағы «Көкілташ» медресесін бітіріп, елге оралған соң халық арасында дін-исламның қағида-ережелері, «Құрани-Кәрім», хадис тағылымдары туралы уағыз айтып, бала оқытып, шәкірт тәрбиеледі. Ауырған адамдарды емдейтін қасиеті де болған. Ғимарат биік бір қабатты, күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Киреберіс есігі солт.-батысқа қараған. Мешіттің көл. 17,6 х 12,1 м, биікт. 5,05 м, қабырғасының қалыңд. 0,74 м. Мешіт ғимараты 1953–58 ж. жергілікті орта мектеп,



Әзілхан ишан мешіті

кейіннен шеберхана мен қойма болған.

М.Есламғалиұлы

ӘЙЕКЕ Бекежанұлы (шамамен 1840, Шиелі өңірі – 1882, сонда) – болыс. Ол жергілікті екі жылдық түземдік-приходтық мектепте оқып, орысша сауатын ашқан. Ә. жиырма жыл ел басқарып, әділдігімен танылған.




Әйтеке би

ӘЙТЕКЕ, Айтық Байбекұлы (1644, қазіргі Өзбекстанның Қазбибі тауы, Қызылша маңы – 1700, сонда, Нұрата ауд. Сейітқұл қорымы) – қоғам және мемлекет қайраткері, би, шешен. Қазақ хандығының Кіші жүзінің төбе биі. Қазақ халқының бірлігі мен күш-қуатын нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі. Әмір Темір Тарағайдың бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Парсы, өзбек, қырғыз, қазақ, құрама жұрттары «Синесоф буа» (жаны пәк жан) деп атаған Сейітқұл әулиенің үшінші ұрпағы. Қоқан хандығының ханы Ақшаның (1622–35) немересі, Самарқан әмірі (1622–56) Жалаңтөс баһадүрдің немере туысы. Ә. бес жасында ауыл молдасынан сауатын ашқан. Билік, шешендік қасиетінің ерте танылуына әкесі Байбек пен Қосуақ бидің айрықша ықпалы тиген. Ә-ні жеті жасында атасы Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр өздерінің тәрбиесіне алады. Ол әуелі Самарқандағы Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс баһадүр салдырған әйгілі «Тіллә-кари» (Алтынмен апталған), «Шердор» (Арыстанды) медресесінде оқиды. Дін, құқық, астрономия, география, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шығады. Ақша атасынан ел басқару, елшілік байланыстар жасау жолдарын үйренеді. Жалаңтөс баһадүрдің қасында жүріп, әскери-қолбасшылық дәстүрлер мен дағдыларға жаттығады. Ә. он екі жасқа келгенде Жалаңтөс баһадүр, он бес жасында Ақша хан қайтыс болады. Ә. медресені бітірісімен туған а-на оралып, әкесі Байбектің, ұстазы Қосуақтың қасында жүріп, ел басқару істеріне араласады. Жиырма бір жасында бүкіл Бұхара мен Самарқан шаһарлары төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ, құрама жұртының бас биі болады. Ал жиырма бес жасында бүкіл Кіші жүз ру-тайпаларының би-батырлары оны өздерінің бас биі етіп сайлайды. 1680 ж. Салқам Жәңгірдің жасы үлкен балалары: Уәлі мен Бақыны емес, кішісі Тәукені хан етіп сайлауға жұртымыздың бетке ұстарлары: Әнет баба, Соқыр Абыз, Едіге би, Майлы, Төле, Қазыбек, қарақалпақ Сасық, құрама Мұхаммед, қырғыз Қоқым билермен бірге Ә. би де айрықша атсалысты. Тәуке хан тағына отырған соң Қазақ хандығында алғаш рет ресми түрде айрықша құқықты «Хан кеңесі» билік құрылымы құрылды. Ә. Кіші жүз жұртының атынан осы кеңестің мүшесі болды. Осы кезде бұрынғы «Қасым салған қасқа жолдың», «Есім салған ескі жолдың» кейбір тұстары заманның, қоғамның өзгеруіне орай ескіруіне, маңызы жоғалуына байланысты жаңа халықтық билік, әдеп, заң үлгілерін жасау қажеттігі туды. Тәуке хан, Әнет баба, Соқыр Абыз, Едіге, Майлы, Төле, Қазыбек, Ә. және Сасық би, Мұхаммед би, Қоқым билердің қатысуымен 1684 ж. «Жеті жарғы» билік ережесі қабылданды. Бұл заң ережелері бытыраңқы елдің, қазақтың басын біріктіруге, жұртымыздың әлауқатының артуына, ата дәстүрлеріміздің сақталуына және дәстүршіл, отаншыл өскелең ұрпақ тәрбиелеуге қосқан үлесі зор болды. Ә. «Жеті жарғыға» «Сүйек құны», «Өнер құны» деген баптарды ұсынып, енгізген. Ә. жоңғарлармен болған ұрыстарда қол бастаған батыр ретінде танылды. 1685 ж. Нұрата маңына шабуыл жасаған қонтайшы

Қалдан-Бошақтының 10 мың жасағына қарсы Ә. Нұрата, Қыз Бибі, Ақтау, Тамды, Кенимех төңірегіндегі алшын тайпаларының, қарақалпақтардың және құрамалардың 5 мың қол әскерімен қарсы аттанып, жеңіске жеткен. Ә. қайтыс болғаннан кейін Нұрата тауы маңын мекендеген Төртқара руы а-дарының көпшілігі Сыр бойына қарай көшкен. Ә-нің тікелей өзінен тарайтын ұрпақтары мен аталастары бүгінде негізінен Қызылорда, Ақтөбе обл-тарында, бірқатары Өзбекстан Республикасының Науаи обл-ндағы Нұрата ауд-нда тұрады. Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтері арасындағы мемлекетаралық мәдени-әлеум. келісімдерге сәйкес, Тәуелсіздік жылдарында Нұрата кентіндегі Ә. зиратына жаңа кесене тұрғызылып, айналасы абаттандырылды. Ақтөбе обл-ның бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол аудандары біріктіріліп, қазір Ә. ауд. бұрынғы Жаңа Қазалы елді мекені Ә. кенті деп аталады. Атақты бидің өмірі мен қызметі туралы Алашорда көсемі, ғұлама ғалым Х.Досмұхамедұлы, экономист ғалым, проф. С.Толыбековтың, т.б. зерттеулері мен ататек шежірелері, бата сөздері, жазушы М.Есламғалиұлының тарихи романы, қарақалпақстандық қаламгер Ж.Мұратбаевтың жазбалары жарық көрді. Халықар. «Түркі әлемі» киностудиясы «Әйтеке бидің ақ жолы» атты деректі фильм (2013, реж. Доқтырхан Тұрлыбек) түсірді.

ӘЙТЕКЕ БИ – Қазалы ауд-ның орт., кент (1937), т. ж. ст. Обл. орт. Қызылорда қ-нан солт.-батысқа қарай 350 км жерде, Қандыөзек көлі мен Сырдария өз. аралығында орналасқан. 1958 жылдан Қазалы ауд-ның орт. болған Жаңа Қазалының атауы 1997 ж. мемлекет қайраткері Әйтеке бидің құрметіне Ә. б. кенті деп қайта аталды. Тұрғыны 46,7 мың адам (2023). Іргесі 1904 ж. Орынбор–Ташкент т. ж-ның салынуына байланысты қаланған. Кенттегі бұрынғы (1996 жылға дейін) ш. нысандар, мекемелер негізінде Ә. б-де әр түрлі бағыттағы 34 ш. нысандар (АҚ, ӨК, ЖШС, т.б.) құрылды. Ә. б. кентінде: локомотив жөндеу, вагон жөндеу, темірбетон бұйымдары з-ты, вагон пайдалану депосы, белгі беру және байланыс, электрмен жабдықтау, жол дистанциялары, «РЗА» АҚ, «Қазалы Жолшы», «Қазалы Жолаушы» ЖШС-лары, халыққа қызмет көрсету орт., «Сұлутам» тұрғын үй және ауылдық тұтыну кооперативі сияқты ірі кәсіпорындар жұмыс жасайды. Жалпы білім беретін 10 мектеп, 3 колледж, 6 мемл. балабақша, 11 жеке балабақша, 3 кітапхана, 2 мәдениет үйі, мұражай, стадион, 4 мешіт, 6 қонақ үйі, 2 аурухана, демалыс саябағы, 2 отбасылық-дәрігерлік амбулатория, т.б. әлеум.-тұрмыстық нысандар халыққа қызмет көрсетеді. Бұлардан басқа кентте ауд. деңгейдегі 150-ге тарта кәсіпорын мен мекемелер орналасқан. Кентте «Мусаевтың жеке базары», «Орын-Ай», «Ару-Илия», «Ырыс-Болашақ» базарлары, «Қанат», «Береке», «Марлен» сауда орт-тары, 8 мейрамхана, бірнеше жанар-жағармай және тех. қызмет көрсету бекеттері бар. Бұларда шағын кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалар жұмыс істейді. Жалпы Ә. б. кентінде 3983 кәсіпкерлік нысаны бар, кәсіпкерлік нысандар саны 1305. Тәуелсіздік жылдарында ондаған көше асфальталып, жаңартылды. Жанқожа батыр, Әйтеке би, Софы Әзіз Мүсірәлі, Жалаңтөс баһадүрдің құрметіне ескерткіштер тұрғызылды. Жанқожа батыр атынд. мешіт және 1200 орындық заманауи үлгідегі екі орта мектеп пайдалануға берілді. 2023 ж. Халық мешіті салынды. Бірнеше жасыл алаңдар мен гүлзарлар жасалды. Күрес залы – балғындар мен жастарды патриоттық рухта тәрбиелеудің мектебіне айналды. Ондаған көшелер елге еңбегі сіңген қайраткерлер мен тарихи тұлғалардың есімімен аталды. 2-дүниежүз. соғыстағы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында «Жеңіс» саябағы абаттандырылып, аудан орт-нда Құрмет алаңы ашылды. Р. Бағланова атынд. 300 орындық мәдениет үйі мен 280 орындық балалар бақшасы салынды. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мерекесіне орай құйылмалы ауыз су шығару цехы, «Нұршуақ» сауда логист. орт., балық өнімдерін өңдейтін «Бақыт» балық ш. цехы, бизнес орт., 400 орынға арналған «Алтын Ана» тойханасы, «Алтын Орда» қонақ үй-фитнес орт. ашылып, «Ару-Илья» сауда орт. қайта жаңғыртылды. 600 орындық №204 орта мектеп ашылды. Дене шынықтыру және сауықтыру кешені, 120 орындық спорттық кешен пайдалануға берілді. Қ.Пірімов көшесі кеңейтіліп, халық серуен жасайтын аяқжол салынып, субұрқақтар, демалатын орындар, балаларға арналған заманауи алаңдар ашылды. Аталмыш көше бойында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған монумент, Жалаңтөс баһадүрдің мавзолейі, Асандар көтерілісі құрбандарына, Бегім Ана құрметіне ескерткіштер қойылды.



Әйтеке би кенті



Әйтек су торабы

ӘЙТЕК СУ ТОРАБЫ – су торабы құрылысы. 2004 ж. Сырдария өз-ндегі «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы (САРАТС-1) бойынша салынды. Сырдария мен Жалағаш аудандарының аум-нда орналасқан. Жалпы алаңы 16 мың га. Ә. с. т. Әйтек, Соркөл және Елтай арналары арқылы өңірдің күріш егістіктерін сумен қамтамасыз етуге арналған. Құрылыс «Қазсушар» РМК Қызылорда бөлімшесіне қарайды. 2021 ж. қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

ӘЙТІМОВ Марат (22.4.1963 ж. т., Жалағаш ауд. Ақарық а.) – әнші-педагог, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2012). Қызылорда муз. уч-щесін (1984), Қазақ ұлттық консерваториясын (1992) бітірген. Ақтөбе қ-ндағы қазіргі өңірлік ун-тте басталған ұстаздық қызметін 30 жылдан бері сондағы муз.колледжде жалғастырып келеді. Д.Құдайберген, Е.Есмахан, т.б. өнер қайраткерлерін тәрбиеледі. «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2007), «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен (2020) марапатталған. Ақтөбе обл-ның құрметті азаматы (2020).

ӘЙІМБЕТОВ Әділбек (1946 ж. т., Арал ауд. Қарашалаң а.) – еңбек ардагері. Мәскеу халық ш. ин-тын бітірген (1969). Әр жылдары «Қызылордакұрылыс» трестінде бөлім бастығы, «Аралтұз» комбинатының директоры, Арал ауд. атқару к-тінің төрағасы, «Аралбалық» ӨБ-нің бас директоры, Қамыстыбас балық өсіру питомнигінің директоры қызметтерін

атқарған. 2010 жылдан «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС құрылтайшысы. 3-дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталған.



Әйімбетов Сейітсұлтан

ӘЙІМБЕТОВ Сейітсұлтан Сүлейменұлы (15.7.1947 ж. т., Сырдария ауд. Жетікөл а.) – қаржыгер, мемлекет және қоғам қайраткері, 3-дәрежелі мемл. қызметкер (1996). Алматы халық ш. ин-тын (1969, қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. ҚР Қаржы мин-нде бақылаушы-тексеруші, бөлім, басқарма басшысы (1969–92), ҚР Мемл. қаржылық бақылау к-тінің төрағасы (1992–95), ҚР ХӘҚ министрі (1995–96), ҚР ХӘҚ министрінің 1-орынбасары, «Қазақстанаудит» АҚ-ның кеңесшісі (1996–98), ҚР Президентінің кеңесшісі, ҚР Әділет министрінің орынбасары (1998–2002), ҚР Президенті әкімшілігінің мемл. инспекторы (2002–07) қызметтерін атқарды. 2016 жылдан «Қазақстандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және дамыту орталығы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы. Ә. «Құрмет» (2005), «Парасат» (2011), 3-дәрежелі «Барыс» (2022) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. ҚР Парламенті Мәжілісінің 4-, 5-шақырылған депутаты (2007–16). Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2020).

Қ.Омаров



Әкімов Олжас

ӘКІМОВ Олжас Азатұлы (8.3.1980 ж. т.) – спорт қызметкері, жаттықтырушы, Кикбоксингтен ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (2013). ҚР құрметті спорт қызметкері, халықар. дәрежедегі төреші. Байқоңыр қ-ндағы №56 орта мектептің мұғалімі (2000–03), ҚР ҚМ-нің Кедендік бақылау к-ті Байқоңыр кешенінде бас маман (2003–08), ҚР Президентінің Байқоңыр кешеніндегі арнаулы өкілі, штаттан тыс кеңесшісі (2010–12), Астана қ. әкімдігінің «Астана» регби клубының» директоры (2011–12), Астана қ. «Жігер» спорттық клубының директоры (2012–13), ҚР Мәдениет және спорт мин-нің Ұлттық штаттық командалар және спорт резерві дирекциясының бас бапкері, №17 мамандандырылған спорт мектебінің директоры (2014–17), 28-дүниежүз. қысқы универсиадаға дайындық департаменті директорының орынбасары (2017) қызметтерін атқарды. 2017 жылдан ҚР Мәдениет және спорт мин. дирекциясының әмбебап жекпе-жектен аға жаттықтырушысы.

ӘЛЖАНОВ Әмзе (8.3.1916, қазіргі Шиелі ауд. Жиделіарық а. – 23.12.2005, Қызылорда қ.) – соғыс және еңбек ардагері. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Респ. дәрежедегі дербес зейнеткер (1980). Қызылорда а. ш. техникумын (1938), Қазақстан КП ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1953) бітірген. Жаңақорған ауд-ндағы «Горняк» ұжымшарында жұмысшы (1932–37), Семей обл. (қазіргі Абай обл.) Шұбартау ауд-нда жер бөлімінің маманы (1939–41), Шиелі ауд. партия к-ті 1-хатшысының орынбасары (1941–42), Қазалы ауд. партия к-тінде насихат бөлімінің меңгерушісі (1946–47), обл. партия к-тінде а. ш. бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1948–51), Шиелі ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1953–54), ауд. атқару к-тінің төрағасы (1954–56), Тереңөзек ауд. атқару к-ті төрағасы (1956–58), Жаңақорған ауд.

партия к-тінің 1-хатшысы (1958), Қармақшы ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1961–63), ауд. атқару к-нің төрағасы (1963–69), обл. тұрмыстық қызмет көрсету басқармасының басшысы (1969–80) қызметтерін атқарды. Қазақстан КП ОК-нің мүшесі (1961). Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

ӘЛЖАНҰЛЫ Темір (1898, бұрынғы Қазалы уезі, Аққыр болысы – 1937, қазіргі Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а.) – ақын, әнші. Даңмұрын, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омарын ұстаз тұтып, өлеңдерін соларға еліктеп шығарған. Оның «Бүркіттің сыны», «Кедейшілік», «Қойшының мұңы», «Байдың қызымен айтысу», «Суретте», «Саулықта, тілім, сайрап қал», т.б. өлеңдері баспасөзде жарияланған.



Әлжіков Сақтапберген

ӘЛЖІКОВ Сақтапберген (1923, қазіргі Қызылорда қ. Қызылжарма а. – 1994, Алматы қ.) – журналист, жазушы, соғыс ардагері. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. ҚазМУ-ды (1951, қазіргі ҚазҰУ), Алматы жоғары партия мектебін (1964) бітірген. Обл. «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде қызметкер (1951–62), бөлім меңгерушісі (1964), респ. сатиралық «Ара» журналының жауапты хатшысы (1966–74), бас редакторы (1974–83) қызметтерін атқарған. Оның шығармалары әр түрлі жинақтарда жарияланды, бірнеше сын-сықақ, фельетон кітаптары жарық көрді. Қызылжарма а-ндағы орта мектепке Ә-тің есімі берілді (1998).

Т.Дайрабай



Әлиаров Бірлесбек

ӘЛИАРОВ Бірлесбек Қаниұлы (1.9.1939 ж. т., Жаңақорған кенті) – тех. ғыл. докт. (1984), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Ә. ҚР-ның еңбек сің. энергетигі, Халықар. энергетика академиясының акад. (1995). ҚазМУ-ды (1961, қазіргі ҚазҰУ) және Алматы энергет. ин-тын (1983, қазіргі Алматы энергетика және байланыс ун-ті) бітірген. Қазақ энергет. ғыл.-зерт. ин-тында аға лаборант, инж., кіші және аға ғыл. қызметкер, сектор меңгерушісі, лаб. меңгерушісі, директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1961–92), ин-т директоры (1992–2002), «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның ғыл. істер жөніндегі атқарушы директоры (2002–09), «Ырысты» Алматы электр вагондарын жөндеу з-ты директорлар кеңесінің төрағасы (2009–12) қызметтерін атқарған. 2005 жылдан «Энергетикалық зерттеулер институты» өндірістік ғылыми-зерттеу фирмасы» ЖШС-ның ғыл. жетекшісі. 2013 жылдан Алматы энергетика және байланыс ун-тінің проф. Ә. күлі көп Екібастұз көмірін отын есебінде пайдалану мүмкіндігін зерттеуге және оны жағатын қазан құрастыруға қатысты. Сондай-ақ отынның жануы кезінде бөлінетін түтін құрамындағы улы заттарды кеміту мәселесін де зерттей отырып, нақты нәтижелер (мыс., азот тотығының мөлшері екі есе кеміді) алды. Ә. 150-ден астам ғыл. еңбектің, 6 монографияның, 10 өнертабыстың авторы. 6 ғылым докторын, 10 ғылым кандидатын 5 Ph.D дайындаған. «Қазақстанның энергетикасы және отын қорлары» атты ғыл.-тех. журналдың бас редакторының 1-орынбасары, ҚР БҒМ-нің докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалатын екі мамандандырылған кеңесінің, ҚР Президентінің жанындағы Ғылым мен техника жөнін-

дегі кеңестің мүшесі. Қазақ КСР Мемл. сыйл-ның иегері (1987). «Құрмет» орденімен (2011) және бірнеше медальмен марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы (2005).

С.Тайман



Әлиев Мұхтар

ӘЛИЕВ Мұхтар (2.2.1933, Жаңақорған ауд. Төменарық ст. – 12.1.2015, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, мед. ғыл. докт. (1974), проф. (1976), Халық қаһарманы (1995). Ә. Қазақ КСР ҒА-ның акад. (1989), Нью-Йорк академиясының мүшесі (1996), ҚР Мед. ҒА-ның негізін қалаушы әрі 1-президенті (1995), Халықар. медицина ҒА-ның президенті (1998). Түркістан пед. уч-щесін (1950), Алматы мемл. мед. ин-тын (1957, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Түркістан обл. Отырар ауд. Тимур а-ндағы мектепте мұғалім, мед. мекемелерде дәрігер, хирург (1957–85), Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрі (1982–87), респ. хирург. орт-ның директоры, құрметті директоры (1987–2002). Ә. бірнеше отандық және шетелдік академиялар мен ғыл. ұйымдардың мүшесі. Қазақ КСР-інің 10–12-шақырылған Жоғ. Кеңесінің депутаты (1983, 1985). Ә. Қазақстан медицинасындағы торакальды, абдоминальды, эндоскоп. хирургия, микрохирургия және трансплантация салаларының дамуына үлкен үлес қосты. Оның жетекшілігімен хирург. емдеудің жаңа әдістері шығарылып, қолданысқа енгізілді. Қазақ КСР Мемл. (1988), ҚР Мемл. (1989), «Мамандық-Өмір» халықар. (2004), «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты (2005). «ҚР-ның ғылымын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған (2001). Ә. 970-тен астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 59 монографияның, 155 жаңалықтың авторы. 70 ғылым докторын, 83 ғылым кандидатын дайындаған. «Отан» орденімен (1995), көптеген медальмен марапатталған. Алматы қ-ның құрметті азаматы.

ӘЛИЕВ Орақ Жолмырзаұлы (1.1.1946 ж. т., Қазалы ауд. 3-а.) – экон. ғыл. докт. (2004). Қазалы а. ш. техникумын (1965, қазіргі Қызылорда агр.-тех. жоғары колледжі), ҚазМУ-ды (1974, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазақ КСР ҒА-ның экономика ин-тында экономист (1974–75), ҚазМУ-дың саяси экономия кафедрасында ассистент, аға оқытушы (1975–85), осы ун-т жанындағы Қоғамдық ғылымдар оқытушыларының біліктілігін арттыру ин-тында доцент, саяси экономия кафедрасының меңгерушісі (1985–96) қызметтерін атқарды. 1992 ж. «Тұран» жекеменшік




Әлиев Орақ

ун-тінің негізін қалауға атсалысып, осы ун-тте оқу ісі жөніндегі проректоры, Астана қ-ндағы «Тұран-Астана» ун-тінің ректоры (2005–07) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта «Тұран» білім беру корпорациясының вице-президенті, «Тұран-Астана» ун-тінің проф. Ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты – білімтану, ғылымтану, руханияттану, теор. экономия, жер меншігі мен рента мәселелері. Ә. 330-дан астам еңбектің, оның ішінде 2 монография, бірнеше оқу-әдістемелік құралдың авторы. 150-ден астам мақаласы шет елдің ғыл. басылымдарында жарық көрген. Қазалы ауд-ның құрметті азаматы (2021).


С.Тайман

ӘЛИЕВ Садық (29.1.1940 ж. т., Жалағаш ауд. М.Шәменов а.) – партия қызметкері, еңбек ардагері. Ташкент авиация техникумын (1961), Қазақ а. ш. ин-тын (1974, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қызылорда қ-ндағы «Автотрактородеталь» з-тында фрезерші (1961), Жалағаш ауылдық кәсіптік-тех. уч-щесінде оқу шебері, оқытушы, директордың орынбасары (1962–67), ауд. комсомол к-тінің 2-, 1-хатшысы (1967–73), «Аққыр» кеңшары партия к-тінің хатшысы (1973–74), «Казсельхозтехника» бірлестігінің басқарушысы (1974–76), «Таң» кеңшарының директоры (1976–85), ауд. а. ш. басқармасының басшысы, «Агроөнеркәсіп» бірлестігінің төрағасы, ауд. атқару к-ті төрағасының 1-орынбасары, ауд. партия к-тінің 2-хатшысы (1985–92), аудан әкімінің 1-орынбасары (1992–2002), «Қазақстан күріші» АҚ-ның 1-вице-президенті (2002–04) қызметтерін атқарған. 2004–22 ж. ауд. сайлау комиссиясының, 2009 жылдан ауд. Ардагерлер кеңесінің төрағасы. «Құрмет» (2023) орденімен, бірнеше медальдермен марапатталған. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы (2009).

Қ.Омаров



Әлиев Садық



Әлімаев Кәрібоз

ӘЛІМАЕВ Кәрібоз (1936 ж. т., Қазалы ауд. Бозкөл а.) – күрішші, механизатор, Соц. Еңб. Ері (19.4.1967). Еңбек жолын 1959 ж. туған а-нда механизатор болып бастаған. 1964–66 ж. әр жылдары жоспарды 141,1–158%-ға орындаған. 1966 жылға жоспарланған 528 га егістіктің орнына 1031 га жер жыртты және 33 га егістік алқаптың әр гектарынан орташа 125 ц-ден күріш бастырды. Кейін туған а-нда шопан болып жұмыс істеді (1970–95). Ленин орденімен (1967) марапатталған. Қазалы ауд-ның құрметті азаматы. Аудан орт-нда бюсті орнатылған.

Қ.Омаров

ӘЛІСОВ Долдаш (17.9.1902, Ақмола губ. Азат уезі 2 а. – 2.11.1961,



Әлісов Долдаш

Қызылорда қ.) – партия-кеңес қызметкері. 1920–29 ж. Ақмола уезінің Тыныбай а. ш. артелінде жұмыс істеген. Қаржы агенттігінің курсын (1929), КОКП ОК жоғары партия мектебін (1949) бітірген. Қарағанды обл-ның Қарқаралы, Ворошилов (қазіргі Бұқар жырау) аудандары атқару к-тінің төрағасы (1930–32), Ақмола обл. қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары, меңгерушісі (1939–42), Ақтөбе обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1943–50), 1950 жылдан өмірінің соңына дейін еңбекшілер депутаттары Қызылорда қ. атқару к-тінің төрағасы қызметін атқарды. Ә. Еңбек Қызыл Ту және «Құрмет белгісі» орденімен, «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 2 мәрте Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (1974). Қызылорда қ-ндағы бір көшеге Ә. есімі берілген.

С.Тайман



Әлмағанбетов Нұрылла

ӘЛМАҒАНБЕТОВ Нұрылла (1919, қазіргі Жалағаш ауд. Бұқарбай батыр а. – 1990, Алматы қ.) – ішкі істер қызметкері, ген.-м. (1964). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Ішкі істер қызметінің Ішкі істер ісіне еңбек сің. қызметкері. Қалалық дәрігерлер уч-щесін, Мәскеудегі КОКП ОК-нің жоғары партия мектебін (1955) бітірген. Обл. партия к-тінде нұсқаушы (1947–50), Қызылорда қ. партия к-тінің хатшысы (1950–53), Шығыс Қазақстан обл. мемл. қауіпсіздік басқармасы басшысының орынбасары (1956–62), Қазақ КСР Ішкі істер министрінің орынбасары (1962–70) қызметтерін атқарған. Еңбек Қызыл Ту, Қызыл жұлдыз орденерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

ӘЛМАШЕВ Жолтай; Жолтай Жұмат-Әлмашұлы (14.2.1957 ж. т., Жаңақорған ауд. Бірлік (Қыраш) а.) – жазушы, драматург, әдебиет зерттеушісі, филол. ғыл. канд., Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2009). ҚР Мәдениет қайраткері (2002). ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін (1974–79), Алматы жоғары партия мектебін (1991) бітірген. Қызылорда обл. газеттерінде, обл. комсомол к-тінде және Қазақстан Журналистер одағының обл. ұйымында басшылық қызметтер атқарған (1979–89). ҚК ОК аппаратында, ҚР Президенті мен Үкіметі аппаратында референт, консультант, сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары, ҚР Президентінің Баспасөз



Әлмашев Жолтай

қызметінде бас консультант (1991–94) болды. ҚР Президенті Іс басқармасының ред.-баспа бөлімінің меңгерушісі (1997–98), ҚР Үкіметі үкіметтік ресми басылымдарының бас редакторы (1994–97, 1998–2020) қызметтерін атқарды. 2021 жылдан «Қалдан-Жәлден» қоғамдық қорының президенті, «Роман-Драма» әдеби журналының бас редакторы, «Бек-Дидар» баспасының директоры. 20-дан астам кітаптың, 50-ге жуық драм. шығарманың (оның 20-ға жуығы театрларда қойылған) авторы. Әбу Насыр әл-Фараби туралы тарихи драмалық дилогиясы ағылшын тіліне аударылды. Екі романы «Ащы да тәтті өмір» деген жалпы атаумен («Олигарх және олимп», «Интерадам») Түркияда (2021) басылды. Қысқа романдар топтамасы «Жизнь горькая и сладкая» атпен орыс тіліне (2020, Мәскеу) аударылды. 2022 ж. «Махаббат және өшпенділік кітабы» атты әңгімелер мен пьесалар жинағы Түркияның «Бенгю» баспасынан жарық көрді және 2023 ж. Анкарадағы ТҮРКСОЙ халықар. ұйымының штаб-пәтерінде тұсаукесері өтті. 2020 ж. адамзат ғұламасы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай жазылған «Отырардың жасыны» және «Аққан жұлдыз құласа…» пьесалары Талдықорған, Қарағанды және Қызылорда облыстарының театрларында сахналанды. Әдеби конкурстарда проза және драматургия жанрлары бойынша бірнеше рет (2006, 2009, 2014, 2017) жеңімпаз атанды. Ә. Қазақстан Журналистер одағы (1995), Халықар. «Золотое перо Руси» әдеби (2019), Башқортстан Республикасы ЖО-ның шет ел қаламгерлеріне арналған әдеби сыйлықтарының лауреаты (2020). «Құрмет» орденімен (2014), ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен (2003) марапатталған. ТҮРКСОЙ халықар. ұйымы «Абай» медалінің иегері (2022).

Қ.Омаров

ӘЛМЕНТАЙ ШОҚЫСЫ – Жалағаш ауд-ндағы жер атауы. Қарақұм көтерілісінің (1930–31) бас мергені Әлментайдың атымен аталған. Ертеде жалағаштықтардың Қарақұмға көшетін жолындағы жайылымда орналасқан.




Әлназарова Ақмарал

ӘЛНАЗАРОВА Ақмарал Шәріпбайқызы (16.2.1971 ж. т., Қызылорда қ.) – дәрігер-педиатр, гигиенист, мемлекет және қоғам қайраткері, мед. ғыл. докт. (2010). ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (2008). Алматы мемл. мед. ин-тын (1994, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті), Қызылорда ун-тін (2006) бітірген. Қалалық балалар ауруханасында дәрігер (1994–96), Педиатрия және балалар хирургиясы ғыл. орт. бөлімшесінде кіші ғыл. қызметкер (1997–99), обл. денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы, басқарма басшысының орынбасары (1999–01), обл. балалар ауруханасында бас дәрігер (2001–03), обл. денсаулық сақтау басқармасының басшысы (2003–04), ҚР Денсаулық сақтау мин. мед. қызмет көрсету саласындағы бақылау к-ті обл. басқармасының басшысы (2005–07), мед. колледждің директоры (2007–13), облыс әкімінің орынбасары (2013–15), обл. денсаулық сақтау басқармасының басшысы (2015–19) қызметтерін атқарған. «Нұр Отан» (қазіргі «Аманат») партиясы обл. төрағасының 1-орынбасары (2019–20), ҚР Парламенті Сенатының депутаты (2020–23) болды. 6.2.2024 жылдан ҚР Денсаулық сақтау министрі. «Құрмет» (2016), «Парасат» (2023) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ӘЛШЕКЕЙ Бектібайұлы (1847, Қаратау, Жиделі өз. бойы, Төменарық бекеті (қазіргі Жаңақорған ауд.) – 1932, қазіргі Тәжікстан Республикасы Қорғантөбе обл. Явань қыстағы) – күйші. Қаратау күйшілік мектебінің көрнекті өкілі. Ақмешіт пен Түркістанның базарларында, Қаратаудың оңт. мен солт-ндегі жайлауларында, Сарыарқада дүбірлі жиындарға қатысып, өнерін көрсетті. Сыр бойындағы Мұсабай, Бөпе сынды домбырашылармен, Мұстафа сынды жыраулармен үзеңгілес дос болды. Түйеші қартқа арнап «Шерлі», Жалтақ би туралы «Терісқақпай», кедей жігіттің атына байланысты «Тайшұбар», Орынбор–Ташкент т. ж. арнап «Отарба» күйлерін шығарды. Ә-дің



Әлшекей Бектібайұлы

«Бөпемен бес тартыс», «Айшамен алты тартыс» атты тармақты күйлері күй сайысында дүниеге келген. Ол Арқа мен Атыраудың 18–19 ғ-лардағы күйшілік дәстүрін терең игерген. Ә. күйлерінің әуендік бояуы мейілінше қанық болып келеді. Ал бітім-құрылысы жөнінен дәстүрлі тік күйлердің де, қоңыр күйлердің де қасиеттері мінсіз кірігіп, тұтастық таныстып отырады. Күйлеріндегі ұлттық төлтума бояуының қанықтығы да, әуен-сазы мен бітім-құрылысындағы синкреттілікте айқын байқалады. Ә-дің шәкірттері А.Жанғабылов, С.Әлиев, Ж.Қаламбаев және Т.Момбеков сияқты дәулескер күйшілер. Оның күйлерінің бүгінге жетуіне шәкірттерінің еңбегі айрықша болды. Күйшінің «Айрауықтың ащысы-ай», «Тайшұбар», «Егес», «Бозінген», «Тепеңкөк», «Толқын», «Жаяу кербез», «Егес», «Шерлі», «Сылдырма», «Аққу кеткен», «Қара жорға», «Адасқан қаз», «Отарба», «Айшамен алты тартыс», «Бөпемен бес тар-

тыс», «Егілген», «Бәйге», «Тайқуу», «Шертпе», «Сауда бұзар», «Нар соққан», «Мұңлықтың күйі», «Сыбызғының күйі», «Бұқтым бұқтым» атты күйлері жеткен. Қазақстанның халық ақыны М.Көкенов Ә-дің 15 күйін таспаға түсіріп, 1972 ж. Қазақ КСР ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тына тапсырады. Күйшінің 10 күйі Бүкілодақтық «Грампластинка» фирмасынан күйтабаққа жазылды. Ә.Әбдіхалықов пен Т.Дүйсебековтың орындауындағы күйлері бейнетаспаға түсірілген. Ә. есімі Жаңақорған кентіндегі өнер мектебіне және Талап а-ның халық аспаптар оркестріне берілген. Жаңақорған кентіндегі бір көше Ә. есімімен аталады.

Х.Тұрсұн



Әлібаев Айтбай

ӘЛІБАЕВ Айтбай Сүйінбайұлы (25.10.1947, Сырдария ауд. Тереңөзек кенті – 17.9.2023, Астана қ.) – заңгер, прокуратура және әділет қызметкері, 3-сыныпты мемл. заң кеңесшісі (1994), әділет ген.-м-ы (1996). Қаз-МУ-ды (1971, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Обл. прокуратурада тергеуші, ауд., қ-лық прокуратурада прокурор (1971–91), Маңғыстау обл. прокурорының орынбасары, ҚР Бас прокуратурасының басқарма басшысы, Торғай (қазіргі Қостанай) обл-нда прокурор, ҚР Мемл. тергеу к-тінің Торғай обл. бойынша басқарма басшысы (1991–97), ҚР Мемл. тергеу к-тінің Қызылорда обл. департаментінің басшысы, облыс әкімінің кеңесшісі, мемл. құқық бөлімінің меңгерушісі, ҚР Әділет мин. сот қаулыларын атқару жөніндегі к-ті Қызылорда обл. департаментінің (1997–2001), обл. әділет басқармасының (2001–03), Қостанай обл. әділет департаментінің басшысы (2004–05), ҚР Әділет мин-нің халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру к-ті төрағасының орынбасары (2005–12) қызметтерін атқарған. ҚР Бас прокурорының Құрмет грамотасымен (2020) марапатталған.

С.Тайман

ӘЛІМБЕТОВ Төлеген (1926, Арал ауд. Бөген а. – 19.7.2002, Алматы обл.) – балықшы, Соц. Еңб. Ері (26.4.1971). Теңіз уч-щесін бітіргеннен кейін Арал т-ндегі түрлі кемелерде, 1959 жылдан Арал балық комб. «Ленинград» кемесінің капитаны болып жұмыс істеген. «Калининград» кемесінің капитаны болды. 8-бесжылдықта (1966–70) кеме ұжымы балық аулау жоспарын мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс 794 ц балық тапсырды. Ленин орденімен (2 мәрте) марапатталған.



Әлімбетов Төлеген

Қ.Омаров

ӘЛІМҚҰЛОВ Темірхан Мәлікұлы (17.9.1956 ж. т., Шиелі ауд. Тартоғай ст.) – құрылысшы, кәсіпкер, меценат. Алматы т. ж. көлігі инж-лері ин-тын (1975–80) бітірген. Шиелі ауд-ндағы №97 көлік мекемесінде жүргізуші (1974–75), Бәйгекөм а-ндағы ПМК-47 мекемесінде тас қалаушы, Шалқар ст-ндағы СМП-660 «Ақтөбетрансқұрылыс» мекемесінде учаске мастері (1976–82), прораб (1983), бас инж. (1984–86), Белкөл ст-ндағы СМП-510 мекемесінде өндірістік тех. бөлім басшысы, мекеме басшысының өндіріс жөніндегі орынбасары, бас инж. (1986–98) қызметтерін атқарды. 1998 жылдан «Теміржолқұрылыс» ААҚ-ның СМП-4 («СМП-Қызылорда» ЖШС) құрылыс компаниясының директоры. Обл. мәслихаттың депутаты. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Шиелі ауд-ның құрметті азаматы.



Әлішев Әлмәмбет

ӘЛІШЕВ Әлмәмбет (14.4.1939, Қазалы ауд. Сағындық а. – 24.7.2019, Қазалы к.) – жазушы, журналист. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1974). Қазақстан Журналистер одағының лауреаты. ҚазМУ-ды (1966, ҚазҰУ) бітірген. Газет редакцияларында, ауд. партия к-тінде қызметтер атқарған. 1992 жылдан ауд. газеттің бас редакторы болды. 1957 жылдан өлең, әңгіме, очерктері баспасөз беттеріне жарияланды. Оның «Үрмаш Түктібаев» (1969), «Батыр болып тумайды» (1970), «Ат тұяғын тай басар» (1975), «Ел мен жер» (1978), «Бәйтеректің бұтағы» (1981), «Замана екпіні» (1982), «Музыкальная душа» (1984), т.б. кітаптары жарық көрген. «Батыр болып тумайды» повесі латыш тіліне аударылған. «Құрмет белгісі» орденімен (1982), «Астана» медалімен (1998), ҚР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен (2008) марапатталған. Облыс әкімінің стипендиаты (1998; 2008), Қазалы ауд-ның құрметті азаматы (2019).

С.Тайман

ӘМЗЕ Мүсілім Балтабайұлы (23.1. 1977 ж. т., Түркістан обл. Келес ауд.) – дирижер, муз. зерттеушісі, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2017). Ә. қауымдастырылған проф. (2021), Ph.D (2022), ҚР Композиторлар одағының мүшесі (2017). Қызылорда муз. колледжін (1995), Қазақ ұлттық консерваториясын (2000), магистратурасын (2014) бітірген. А.Жұбанов атынд. РҚММИ симф. оркестрінің, Алматы муз. колледжі симф. оркестрінің көркемдік жетекшісі және дирижер, Қазақ мемл. акад. опера және балет театрында, Қызылорда обл. филармониясының халық аспаптары және камералық оркестрінде дирижер (2008–23), Қазақ ұлттық консерваториясында оқытушы, Қызылорда унтінің қауымдастырылған проф., проф. (2019–23) болған. 2023 жылдан обл. симф. оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері, Қызылорда муз. жоғары колледжінің директоры міндетін атқарушы. Қытай, Түркия, Израиль, Ресей, Украина, Корея, Үндістан, Румыния, Жапония, Италияда оркестрде дирижерлік өнер көрсеткен. Қазақтың дәстүрлі оркестрлік музыкасы және дирижерлік өнерінің тарихы туралы ғыл.-зерт. мақалалары мен «М.Жаппасбаевтың музыкалық мұрасы» атты оқу құралы (2022), «Ғасырлар пернесі» (2012), «Дирижер Мүсілім Әмзе» (2013), «Сырлы саз» (2014), «Көкбалақ» (2015) муз. жинақтары жарық көрді. «Мәңгілік сарын» домбыра күйлері (2007), «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі» (2009), «Шаһнама» (2013) муз. антологиялардың құрастырушысы және «Қазақстандағы этностардың музыкалық мұралары» антологиясының (2015) редакторы. «Құрмет» орденімен (2023) марапатталған.



Әмзе Мүсілім

ӘМИТОВ Нұридин Егенбердіұлы (1.1.1968 ж. т., Жаңақорған ауд.) – дәрігер, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (2006). Алматы мед. ин-тын (1993, қазір Қазақ ұлттық мед. ун-ті), Қызылорда ун-тін (2013), ҚазҰУ-дың магистратурасын (2021) бітірген. Обл. ауруханада (1994–2002, қазіргі обл. мед. орт.) дәрігер-хирург, жедел хирургия, жоспарлы хирургия бөлімшелерінің меңгерушісі (2002–09), обл. мед. орт. директорының



Әмитов Нұридин

орынбасары (2009–18), орт. директоры (2018–23) қызметтерін атқарды. 2023 жылдың қазан айынан көпбейінді қалалық ауруханасының бас дәрігері. Обл. мәслихаттың 6-шы (2016–21), 7-ші (2021–23), 8-ші (2023 жылдан) шақырылған депутаты. «Парасат» орденімен (2020), бірнеше медальмен марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы (2022).

Қ.Омаров



Әміреев Ғалым

ӘМІРЕЕВ Ғалым Махмұтбайұлы (18.2.1970 ж. т., Қызылорда қ. әкімдігі Тасбөгет кенті) – мемлекет және қоғам қайраткері. Ресейдің Тверь мемл. ун-тін (1993), Мәскеу мемл. экономика, статистика және информатика (2000), Қызылорда ун-ттерін (2003) бітірген. «Фарид» АҚ-да брокер, «Қызмет» АҚ-да менеджер, Қызылорда қ. шағын бизнесті қолдау орт-нда менеджер, «Пульс Қызылорда» жарнамалық агенттігінің директоры (1991–2001), ҚР Экономика және сауда мин-нде жетекшісі, бас маман (2001–02), ҚР Индустрия және жаңа технологиялар мин-нің бас маманы, бөлім бастығы, басқарма басшысы, департамент директоры (2002–11), «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның департамент директоры (2011–13), Қызылорда обл. әкімінің орынбасары (2013–16), Жаңақорған ауд-ның әкімі (2016–19), облыс әкімі аппаратының жетекшісі, «Байқоңыр» ӘКК-нің тәуелсіз директоры (2019–20) қызметтерін атқарған. ҚР Парламенті Мәжілісінің 7-шақырылған (2021–23) депутаты. Бірнеше медальмен марапатталған.

ӘМІРЕҰЛЫ Махмұтбай (20.2.1942 ж. т., Жалағаш ауд. Мақпалкөл а.) – ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1990). Қызылорда пед. ин-тын (1964, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Оқт. Қазақстан обл-нда мұғалім, обл. шығарм. үйінде әдіскер (1964–66), обл. «Ленин жолы» газетінде түзетуші болып, Сырдария ауд-нда жауапты қызметтер (1967–97) атқарды. 1998 жылдан обл. «Сыр мектебі», 2008 жылдан «Сыр ардагері» газеттерінің бас редакторы. Ә-ның «Жүзім бағы» (1976), «Сыр әндері» (1994), «Сыр жырлары» (2000), «Сырдария, Жырдария» (2008), «Жеті белес», «Сыр елі» (2012), «Құба би» (2013), «Асыл ана» (2018), «Келмембет батыр» (2019), «Махаббат жырлары» (2020), «Сегізінші белес» (2021) жыр жинақтары жарық көрген. Ол «Қызылорда вальсі», «Қимаймын», «Шалқиды ән», т.б. 100-ден астам әннің



Әміреұлы Махмұтбай

сөзін жазған. «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған. Қызылорда қ-ның, Сырдария ауд-ның құрметті азаматы.


ӘМІРОВ Құсайынбек Ахметұлы (18.1.1903, Алматы қ. – 1989, сонда) – жазушы, ақын, мемлекет және қоғам қайраткері. 1920 жылдан БК(б)П мүшесі. Алматы (Верный) шіркеулік-қауымдық мектебін бітірген. Кеңестік партия мектебінде және Түркістан майданы саяси

басқармасының лекторлар даярлайтын курсында (1919–20) оқыған. 1918 ж. Верный жаяу әскер полкінде қызылгвардияшы, большевиктердің «Заря свободы» газетін таратушы, Д.Фурманов штабында қызметкер болып, Верныйдағы большевиктерге қарсы бүлікті басуға қатысты. Азамат соғысы жылдарында 4-Түркімен атты әскер полкінің, 16-атты әскер полкінің комиссары және қазақ атты полкінің қызметкері әрі комиссары, Ферғана қ. революциялық к-тінің төрағасы және Өзген ауд. әскери гарнизонының комиссары, Алматы уезі батырақтар (кедейлер) бюросының төрағасы (1920–21) болған. 1922 ж. партия және комсомол жұмысына ауысып, Алматы обл. комсомол к-тінің бөлім меңгерушісі, хатшысы (1922), Түркістан комсомолы Орт. к-тінің бөлім меңгерушісі, хатшысы (1923), Қазақ өлкелік комсомол к-тінің 3-хатшысы (1924), Алматы мен Жаркент қ-ларында, Жетісу, Алматы және Қарағанды обл-тарында басшы партия-кеңес қызметтерін (1926–38) атқарған. Қазақстан К(б)П ОК-нің Қызылорда обл. бойынша ұйымдастыру бюросының төрағасы (1938 ж. наурыз – маусым). Ә-тің «В бурные годы» (1958, очерктер), «Хороша ты, жизнь» (1965, очерктер), «Өмір шақырады» (1967, очерктер), «Крылья крепнут в полете» (1969, повесть), «Утро Қарағанды» (1972, очерктер), «Қызыл гүлдер» (1978, өлеңдер), «Құтты қоныс» (1981, өлеңдер), «Көңіл нұры» (1983, өлеңдер), «Жақсылық кезек күтпейді» (1983) кітаптары жарық көрген. Ленин орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қарағанды қ-ның құрметті азаматы (1971).



Әміров Құсайынбек

ӘМІР-ТЕМІР Хүсейн (17.1.1940 ж. т., Сырдария ауд. А.Тоқмағанбетов а.) – реж., өнер қайраткері, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2000). Алматы өнер ин-тын (1965, қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) бітірген. Қарағанды обл. драма театрында актер әрі актер шеберлігі пәнінің оқытушысы (1965–67), обл. драма театрында актер, реж., бас реж. (1967–90), Талдықорған драма театрында бас реж. (1992–2003) қызметтерін атқарған. 2003 жылдан обл. драма театрдың көркемдік жетекшісі. «Еңлік – Кебек», «Король Лир», «Түнгі сарын», «Ақан сері – Ақтоқты», «Махаббат мұңы» сияқты спектакльдерде 20-дан астам бейнені сомдап, 200-ге жуық қойылымды сахнаға шығарды. 2005 ж. Қазан қ-ның 1000 жылдығы фестивалына Ж.Аймауытов пен Б.Майлиннің «Ала-сапыран», 2012 ж. Коníядағы «Мың тыныс, бір үн» фестивалына түрік драматургі Тургай Нардың «Төбекөз» спектакльдерімен қатысты. 2015 ж. «Қазақстанның Ұлыбританиядағы күндері» аясында Лондонда Д.Исабековтың «Ескі үйдегі екі кездесу» драмасын сахналады. Ғ.Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасы бойынша сахналаған «Ақбаян» спектаклі Эдинбург қ-нда өткен «Фриндж» халықар. өнер фестивалінде жоғары бағаланды. 6-, 10- және 11-Қазақстан театрлары фестивальдерінің лауреаты. «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен және дипломдармен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2019).



Әмір-Темір Хүсейн

С.Тайман



Әпірезов Несіпбай

ӘПІРЕЗОВ Несіпбай (1909, қазіргі Жалағаш ауд. Есет батыр а. – 1996, Жалағаш ауд.) – күрішші, еңбек және соғыс ардагері, Соц. Еңб. Ері (13.12.1972). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Жалағаш ауд. «Жаңадария» ұжымшарында жұмысшы (1932–42, 1946–49), қазіргі Сырдария (Тереңөзек) ауд-ның «Ақарық» ұжымшарында жұмысшы (1949–67) болып еңбек еткен. 1960-жылдары жақаевшылар қозғалысына қатысып, Сырдария ауд. «Ленин комсомолы» кеңшарында күрішшілер звеносын басқарды (1967–76). 1967–70 ж. күріштің әр гектарынан 75–105 ц-ден өнім жинап, кеңшар қазынасына 120 мың сом таза пайда келтірді. 1971 ж. 20 га күріш алқабының әр гектарынан 110,7 ц-ден өнім алды. Еңбектегі жоғары көрсеткіштері үшін Бүкілодақтық халық ш. жетістіктер көрмесінің 4 алтын, 1 күміс медалін иеленді. Ленин (2 мәрте), Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қазақ КСР Жоғ. кеңесінің 8-шақырылымының (1971–75), ауд., ауылдық кеңестердің депутаты. Жалағаш кентіндегі көшеге Ә-тің есімі берілді.

Қ.Омаров

ӘРЕКТІКЕН – айлау тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдіктер тобы. Облыста бір ғана түрі – бұдыр Ә. кездеседі. Биікт. 20–50 см, сортаң жерлер мен құрғақ жыраларда өседі. Жапырақтарының жиегі тілімделген, түрі ұзынша, сопақтау келеді. Гүлдері әр жапырағының түбіне жеке орналасады. Күлтесі көкшіл немесе ақшыл түсті болады. Маусым-шілде айларында гүлдеп, жеміс береді.

ӘСІМОВА Күләш (1950, Сырдария ауд. Шаған а. – 6.6.2006, сонда) – күрішші, еңбек ардагері. 1968 ж. бастап «Тереңөзек» күріш кеңшарында күрішші болып еңбек етті. Ы.Жақаевтың ізбасары атанып, жыл сайын күріштен мол өнім жинады. Еңбектегі жоғ. көрсеткіштері үшін Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. 1975 ж. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесіне депутат болып сайланды.

ӘУБӘКІРОВ Асқар Әкімбайұлы (29.5.1970 ж. т., Қызылорда қ.) – кәсіпкер, меценат. Мәскеу гидромелиоративтік ин-тын (1994, Ресей), Еур. нарық ин-тын (1999) бітірген. 1994 ж. «Қазкоммерцбанк»



Әубәкіров Асқар



Әректікен

МұнайГаз Барлау Өндіру» АҚ, «Kazenergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінде түрлі басшылық қызметтер атқарған (1997–2012). Қазіргі кезде «Кристалл менеджмент» ЖШС-ның Директорлар кеңесінің төрағасы, «Kazpetrodrilling» АҚ-ның құрылтайшысы. Ә. мұнай-газ саласындағы жобаларды игеру жұмысымен айналысады. Ол іскер басшы, отаншыл азамат ретінде өңірдегі, Қызылорда қ-ндағы көмекке мұқтаж, әлеум. жағынан шектелген азаматтарға (қариялар, мүгедектер, көп балалы отбасылар, ата-анасынан айырылған балалар, т.б.), сондай-ақ өңірдегі мәдени-әлеум. салалардың дамуына (заманауи білім алу, емделу, балалардың жазғы демалысы, мәдени орындар, спорт құрылыстары, т.б.) қаржылық және қаржылық емес қайырымдылық, демеушілік көмек көрсеткен. «Парасат» (2023), «Құрмет» ордендерімен марапатталған.

Қ.Омаров

ӘУБӘКІРОВ Тоқтар Оңғарбайұлы (27.7.1946 ж. т., Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. 1-Май а.) – қазақтың тұңғыш ғарышкері, тех. ғыл. докт. (1998), проф. (1997). Кеңес Одағының Батыры (30.10.1988), КСРО-ның еңб. сің. ұшқыш-сынақшысы (1990), КСРО-ның ұшқыш-ғарышкері (1991). Ә. авиац. ген.-м. (1992), ҚР-ның ұшқыш-ғарышкері (1994), Халық қаһарманы (12.1.1995). Ресейдің Армавир жоғары әскери ұшқыштар уч-щесін (1969), Мәскеу ұшқыштар-сынақшылар мектебін (1976), Мәскеу авиация ин-тын (1979) бітірген. Кеңес Одағы Әскери-әуе күштерінің Қиыр шығыс әскери округінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің орынбасары (1969–75), Мәскеудегі А.И. Микоян атынд. тәжірибелік конструкторлық бюроның ұшқыш-сынақшысы (1976–1992) міндеттерін атқарды. Ә. 1988 ж. Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы солт. полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады. 1989 ж. бірінші болып, авиатасушы крейсердің алаңқайшасына «МиГ-29к» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Сондай-ақ, ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 ж. ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 ж. 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал т. аймағы бойынша ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, сол зиянды аэрозолдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Сондай-ақ, Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспан астрофиз. бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. Ә. 1991 ж. 10 қазанда Жерге оралды. Ә. ғарыштан оралған соң Қазақстандағы ғарыштық даярлығын зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты. Ол ҚР Қорғаныс министрінің 1-орынбасары (1992–93), ҚР Ұлттық аэроғарыштық агенттігінің бас директоры – Ғылым және жаңа технология мин-нің орынбасары (1993–94), ҚР Жоғ. Кеңесінің 13-шақырылған депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік к-тінің төрағасы (1994–95) болды.



Әубәкіров Тоқтар

ҚР Президентінің кеңесшісі (1996–2000), ҚР Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының орынбасары (2000–01), «Испат-Кармет» ААҚ-ның корпоративтік істер жөніндегі директоры (2002–03) қызметтерін атқарды. 2012 жылдан «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ президентінің кеңесшісі. Ә. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 12 шақырылған (1990–93) депутаты. 2004 ж. 44-Қызылорда сайлау округі бойынша ҚР Парламенті Мәжілісіне депутат болып сайланды. «Құрмет белгісі» (1981), Ленин (1988), Қазан революциясы (1991), «Отан» (1995) ордендерімен, 1-дәрежелі «Австрия республикасының алдындағы еңбегі үшін» рыцарлық крестімен (1993), көптеген медальмен марапатталған. Қызылорда, Көкшетау, Атырау қалаларының, Қызылорда обл-ның (2021) құрметті азаматы.

Қ.Омаров, Ж. Сахиев

ӘУЕЗОВА Күлжан (29.5.1929, Сырдария ауд. Бесарық а. – 26.2.2006, сонда) – сауыншы, еңбек ардагері. Ә. Қазақ КСР А. ш-ның еңбек сің. қызметкері (1973), «Ардақты ана» құрметті атағының иегері. 1950 жылдан «Жеңіс» ұжымшары фермасында сауыншы болып еңбек етken. 1957 ж. алғаш соц. жарыста 20 бас сиырдың әрқайсысынан 3 мың л сүт сауып, үздік еңбегі үшін «Жамбыл» ұжымшарының сауыншысы Ә. есімі ауданның «Құрмет кітабы-



Әуезова Күлжан

на» жазылды. 1958 жылғы байқауда «Облыстың ең үздік сауыншысы» атағын жеңіп алды. Отағасы екеуі бірлесіп, жыл сайын әр сиырдан 3150 л сүт сауып, еңбек рекордын жасады. Еңбек жолында сауыншы жастардың бірнеше буынына тәлім-тәрбие беріп, өмір жолына өнеге көрсеткен. 1962 ж. Мәскеу қ-нда өткен КСРО Тұтынушылар кооперациясы өкілдерінің 6-сьезіне делегат болып қатысты. Ленин (1960), Еңбек Қызыл Ту (1963), «Құрмет белгісі» (1966) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1971–75) болды. 2019 ж. Сырдария ауд. Бесарық а-нда ескерткіш белгі орнатылған.

ӘУЕЛБЕКОВ Еркін Нұржанұлы (22.6.1930, Көкшетау обл. Рузаев ауд. қазіргі Жаңасу а. – 29.1.1999, Алматы қ., туған жері Жаңасу а-нда жерленді) – агроном-экономист, мемлекет және қоғам қайраткері, Соц. Еңб. Ері (10.12.1973). Респ. дәрежедегі дербес зейнеткер (1993). Мәскеу а. ш. академиясын бітірген (1953). Солт. Қазақстан обл. Октябрь ауд. Коновалов МТС-нда бас агроном, директор (1953–57), «Марьевка» кеңшарының директоры (1957–61), Солт. Қазақстан обл. А. ш. басқармасының басшысы, обл. атқару к-ті төрағасының 1-орынбасары (1961–63), Солт. Қазақстан обл. партия к-тінің 2-хатшысы (1963), атқару к-тінің төрағасы (1963–65), Қазақ КСР А. ш. министрінің 1-орынбасары, Қазақ КСР Астық өнімдері және құрама жем өнеркәсібінің министрі (1965–67), Көкшетау обл. (1968–78), Торғай (Қостанай) обл. партия к-ттерінің 1-хатшысы (1978–85), Қызылорда обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1985–89) қызметтерін атқарды. КСРО Жоғ. Кеңесінің Ұлттар кеңесі комиссиясы төрағасының ұлттық саясат және халықар. қатынастар жөніндегі орынбасары (1989–91), ҚР Президентінің кеңесшісі (1991–92), Рузаев ауд. Жаңасу шаруа қожалықтары ассоциациясының президенті (1991–99) болды. Ә. Қызылорда обл. басшысы ретінде өңірдегі ұзақ жыл бойы қордаланған ауылдардың тұрмысы, қала тұрғындарының жағдайы, автожол, т. ж. қатынасы, орта мектеп, жоғары оқу орындарындағы оқу-білім сапасы мен тәрбиесі, өңірдегі өндірістің жай-күйі, тұрғын үй кезегі, ауыз су, монша, қоғамдық көлік,

аз қамтылған азаматтардың жағдайы, сондай-ақ Арал т. мен Байқоңыр космодромының мәселелеріне, т.б. ерекше көңіл бөлді. Ә-тің қажыр-қайраты мен ақыл-парасатының, біліктілігінің нәтижесінде КСРО Мин. кеңесі Қазақ КСР Қызылорда обл-ның әлеум.-экон. дамуын жеделдету жөніндегі шаралар туралы, Арал т. аумағындағы экол. және санитарлық жағдайды түпкілікті жақсарту жөніндегі шаралар туралы қаулылар қабылдады. Оның тікелей бастамасымен Қызылорда обл. тұрғындарының еңбекақысына шөлейт аймақ тұрғындары коэфф. (үстемақы) енгізілді. Халық қалаулысы ретінде Кремль мінберінен де Қазақстанның мүддесі үшін өзекті мәселелерді көтерді. Ә. КОКП ОК-нің мүшелігіне кандидат (1971–76), КОКП ОК мүшесі (1976–90), КСРО Жоғ. Кеңесінің 8–11-шақырылған депутаты, КСРО Халық депутаты (1989–91), Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 7–8-шақырылған депутаты, ҚР Жоғ. Кеңесінің 12-шақырылған депутаттығына кандидат (1993) болды. Еңбек Қызыл Ту (1957, 1966, 1980), Ленин (1971, 1972, 1973), Қазан революциясы (1976) ордендерімен, медальдармен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Көкшетау қ-ның құрметті азаматы (1998). Қызылорда обл. дарынды балаларға арналған №4 мектеп-интернаты, Солт. Қазақстан обл. Жаңасу бастауыш мектебі, Қызылорда қ. және Көкшетау қ-нда көшелер Ә. есімімен аталады. Көкшетау қ-нда ескерткіш орнатылған.

С.Шілдебай

ӘУЛИЕ БЕЛЕҢ АНА ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕР – ескі қорым әрі қалашық орны. Шиелі ауд. аумағында, Сарысу өз-нің бойында орналасқан. Белең ана қазақтың ауызекі әңгімесінде әулие тұтып, қасиетті саналатын тарихи есім. Сарыарқаның Бетпақдаламен шектесетін тұсында Жұбан ана, Болған ана, Белең ана сияқты қасиетті, қастерлі жерлер кездеседі. Ел аузындағы аңыздардың бірінде Түркістанда Талмас ата деген әулиенің: Болған (бәйбішесі), Белең (екінші әйелі), Ақбикеш (үшінші әйелі) атты үш әйелі болған делінеді. Жиналған деректер бойынша Белең – Сарысу өз-нің орта ағысында орналасқан ортағасырлық қалашықтың атауында сақталған. Қалашықтың өзі Сарысудың сол жағасында, ал қорымы тура жарқабағында қалған. Қазіргі кезде қалашық орны қираған қалпында жатыр. Қалашыққа 18 ғ-дың ортасында орыс әскери қызметкері П.И. Рычков алғашқы зерттеу жұмысын жүргізген.



Әуелбеков Еркін

ӘУЛИЕ СЕКСЕУІЛ – Жалағаш ауд-ндағы Аққыр және Жаңаталап а-дарының ортасындағы төбешікте өсіп тұрған биік сексеуіл ағашы. Биікт. 5–6 м-ге дейін жетеді. Жергілікті халық Ә. с. атап, қасиет тұтады. Көлеңкесіне демалып, бұтақтарына ақ шүберек байлап құрметтейді.

Т.Дайрабай

ӘШІРБЕКОВ Әбіласан (1919, қазіргі Жаңақорған ауд. Қосүйеңкі а. – 2009, Жаңақорған кенті) – еңбек және соғыс ардагері. Ә. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қазақ КСР-іңің еңбек сің. мұғалімі (1971), КСРО оқу-ағарту ісінің үздігі (1975). Шымкент пед. ин-тын (1948, қазіргі Оңт. Қазақстан пед. ун-ті) бітірген. Мектептерде мұғалім, директор (1946–54, 1961–92), Жаңақорған ауд. оқу бөлімінің меңгерушісі, ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1954–61) қызметтерін атқарған. Бүкілодақтық мұғалімдердің (1978) және Қазақстан халық ағарту қызметкерлерінің съездеріне делегат ретінде қатысты. Қызыл жұлдыз (1943), 1-дәрежелі Отан соғысы (1985) ордендерімен марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы (1995).

С.Тайман

Б

БАБАҒҰЛОВ Қаһарман (15.7.1943, Жалағаш ауд. – 4.3.2014, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері. Алматы халық ш. ин-тын (1970, қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. Алматы ауыр машина жасау з-тында қалыптаушы (1961), Қазақ КСР Тұрмыс қажетін өтеу мин-нде бөлім бастығы, министрдің көмекшісі, жоспарлау-экон. басқармасының бастығы (1969–83), Алматы қ. тұрмыс қажетін өтеу басқармасының бастығы (1983–86), Алматы қ. атқару к-ті төрағасының орынбасары – қалалық жоспарлау басқармасының төрағасы, Алматы обл. партия к-тінің хатшысы, ҚР Жоспарлау к-ті төрағасының, ҚР Экономика министрінің 1-орынбасары (1986–94), «Қызметмаш» машина жасау з-тының (бұрынғы Крючков атынд. тәжірибе-мех. з-т) бас директоры, 1996–2014 ж. «Тайқазан-сервис» ЖШС президенті қызметтерін атқарған. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы (2007).

Т.Дайрабай

БАБАЙ ИШАН, Ибрагим Жүнісұлы (1857, Сырдария ауд. Ақжарма а. – 1937, Тәжікстан, Қорғантөбе маңы) – діни қызметкер, Бұхара медресесін (1892) бітірген. Сол жылы Б. и. бала оқыту үшін Азат а-нан (қазіргі Ақжарма) алдыртылып, оған Бидайкөл деген жерде мешіт салып берген. Онда ақын А.Тоқмағанбетов, сондай-ақ 20 ғ-дың 30-жылдарындағы қуғын-сүргінінің құрбаны Әбіш, т.б. зиялылар дәріс алған. Б. и. Сыр бойы ғана емес, сонымен қатар Қостанай, Торғай, Семей өңірлерінде де ағарту жұмыстарымен айналысқан. Кеңестік кезеңде зобалаңға ұшырап, Тәжікстанға қоныс аударып, тағдыр тәлкегін бастан кешкен. Зайыбы Зере ақын – Құнанбайдың туған жиені. Ишанның қызы Әсияның үйінен Абай пайдаланған шкаф табылып, ол қазір Сырдария ауд. өлкетану музейінде сақтаулы.

БАБА БИ Қожасұлы (1675–1771). Б. б-дің қыстағы қазіргі Арал ауд-ның батысындағы Борсық құмынан Шалқар ауд-на дейін созылып, Арал т-не қарай орналасқан. Оның есімі Бәби деп те айтылады. Б. б. – Ресей бодандығына қарсы шыққандардың бірі, есімі Елизавета патшайымға Нұралы сұлтанды хан көтеру туралы жазған хаттарда кездеседі.

С.Тайман

БАҒАЕВ Ұзақ (16.10.1930, Алматы обл. Райымбек ауд. – 28.7.1973, Алматы қ.) – журналист, Қазақстанның еңбек сің. мәдениет қайраткері. ҚазМУ-ды (1952, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі (1952–62), Қызылорда, Талдықорған обл. газеттерінің редакторы (1962–69), «Социалистік Қазақстан» газетінің бас редакторы (1969–73) қызметтерін атқарған. Қазақстан Журналистер одағының төрағасы міндетін атқара жүріп, республикада журналист кадрларын даярлау ісіне елеулі үлес қосты. «Халық бастамасы – қайнар бұлақ» (1961), «Дала жұлдыздары» (1970), «Жан сұлулығы» (1975), т.б. кітаптары жарық көрген. «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Алматы обл. Райымбек ауд-ндағы Алғабас а-нда Б. атынд. орта мектеп, көше, музей-үй орналасқан. Қазақстанның



Бағаев Ұзақ

үздік журналистеріне арналған Б. атынд. арнаулы жүлде тағайындалған.

М.Ізімұлы

БАҒЛАНОВА Роза (1.1.1922, Қызылорда обл. Қазалы ауд. – 8.2.2011, Алматы қ.) – КСРО Халық



Бағланова Роза

арт. (1967), Халық қаһарманы (1996). Қазалы қ-ндағы №67 (қазіргі №420) орта мектепті, Қызылорда пед. ин-тын (1941, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Б-ның шығарм. 2-дүниежүз. соғыс жылдары басталған. Б. соғыс қарсаңында Ташкент қ-ндағы филармонияның ән-би ансамбліне қабылданған. Сол ұжыммен майдан даласында өнер көрсетіп, 1945 ж. 9 мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатысқан. Қазақ опера және балет театрында (1947–49), Қазақ филармониясында (1949–60), Қазақконцертте әнші (1960 жылдан) болған. Б. қазақтың халық әндерін, замандас композиторлар әндерін, шет елдер халқының (венгр, өзбек, қырғыз, тәжік, украин, грузин, әзербайжан, корей, қытай, моңғол, орыс, үнді, чех, швед, т.б.) әндерін нақышына келтіре орындады. Әншінің орындауындағы Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», композитор М.Төлебаевтың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», С.Мұхамеджановтың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Қиыстырып мақтайсыз», т.б. әндері Қазақ радиосы фонотекасында сақтаулы, оның орындауындағы әндер бірнеше рет күйтабаққа жазылып, қазақ музыка мәдениетінің алтын қорына енген. Жазушы С.Мұқанов: «Киіктің үйірілген лағындай, Ойнақшып тәтті әндерге басуын-ай! Таулардан, өзендерден, мұхиттардан, Үнінің кідірместен асуын-ай!» деп, Б-ға жыр арнады. Әнші туралы «Первая Роза» (1989), «Ах, Самара, городок» (2006) деректі фильмдері түсірілді. Мәскеу қ-ндағы бүкілодақтық эстрада әншілері 2-конкурсының (1946), Бухарест қ-нда өткен дүние жүзі жастары мен студенттері 2-фестивалінің (1949) дипломанты. Тарлан сыйл-ның иегері. Алматы қ-нда және Қызылорда қ-нда ескерткіш орнатылған (2022). Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы», «Отан» (1996) ордендерімен, «Шапағат» медалімен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2007).

БАҒЛАНОВА РОЗА ЕСКЕРТКІШІ. 2022 ж. орнатылған. Халық қаһарманы, Тарлан сыйл-ның иегері Р.Бағланованың 100



Бағланова Роза ескерткіші

жылдық мерейтойына орналып, Қызылорда қ-ның орт. алаңында ашылған. Қоладан құйылып, гранит тұғырға орнатылған. Биікт. 3,4 м, тұғырдың биікт. 2,3 м, жалпы биікт. 5,7 м. Ескерткіштің авторлары – М.Сыдықов, Б.Кененбай.

С.Тайман

БАҒЫСОВА Жібек (8.10.1940 ж. т., Ақмола обл. Степняк қ.) – актриса, Қазақ КСР-інің халық арт. (1980). Қазақ академ. опера және балет театры жанындағы әншілік-хор студиясын бітірген. Қызылорда обл. Н.Бекежанов атынд. қазақ акад. муз. драма театрында (1960–95) жұмыс істеген. 1995 жылдан Ш.Құсайынов атынд. Көкшетау муз. драма театрының актрисасы. Б. сахнаға шығарған Қарагөз, Қарлыға, Жүзтай-



Бағысова Жібек

лақ (М.Әуезов, «Қарагөз», «Қара Қыпшақ Қобыланды», «Түнгі сарын»), Ақтоқты (Ғ.Мүсірепов, «Ақан сері – Ақтоқты»), Ева Броер (Қ.Мұхамеджанов, «Жат елде»), Ажар (С.Жүнісов, «Ажар мен ажал»), Қамажай (Д.Исабеков, «Әпке»), Әлиман мен Толғанай (Ш.Айтматов, «Ана – Жер-ана»), Шапақ (М.Кәрім, «Ай тұтылған түн»), Тата Нерадова (А.П. Штейн, «Толас»), Регара (У.Шекспир, «Король Лир»), т.б. рөлдер актриса талантын жан-жақты танытты. Б. жасаған сахналық бейнелердің ұлттық бояуы айқын, кейіпкерінің ішкі толғаныстарын, психол. көңіл-күйлерін терең ашуымен ерекшеленеді. «Парасат» орденімен марапатталған. Көкшетау қ-ның құрметті азаматы.

К.Саркенова

БАЕШОВ Әбдуәлі (26.4.1946 ж. т., Жаңақорған кенті) – хим. ғыл. докт. (1990), проф. (1994), ҚР ҰҒА-ның акад. (2017), ҚР-ның еңбек сің. өнертапқышы (2012). Қазақ хим.-технол. ин-тын (1969, қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) бітірген. Б. Петропавл қ-ндағы машина жасау з-тында инж.-технолог (1969–70), Қарағанды қ-ндағы хим.-металлургия ин-тында инж., аға инж., ғыл. қызметкер, лаборатория меңгерушісі (1970–91), Халықар. қазақ-түрік ун-ті хим. кафедрасында меңгеруші, экология ф-тінің деканы, Кентау бөлімшесінің вице-президенті, ректоры, директоры (1991–2005), Д.Сокольский атынд. орг. катализ және электрохимия ин-ты директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (2005–09),



Баешов Әбдуәлі

бас директоры (2010–13) қызметтерін атқарған. 2013 жылдан лаборатория меңгерушісі. Негізгі ғыл. бағыты – электрохимия, гидроэлектрометаллургия және экология. Б. 1000-нан астам ғыл. еңбек, оның ішінде 27 монография, оқулықтар мен оқу құралдарының, 150-ден астам КСРО, ҚР және шет елдер патентінің иегері. КСРО өнертабыс және жаңалықтар жөніндегі мемл. к-тінің шешімі бойынша екі патентке – фосфор шламындағы фосфорды анықтаудың Бөкетов-Баешов әдісі мен ультрадисперсті мыс ұнтағын алудың Баешов-Жұрынов әдісіне Б-тың есімі берілген. Ғылым мен техниканы дамытуға қосқан зор үлесі үшін ғалымдарға арналған мемл. стипендияның (2002, 2006, 2011) иегері болған. «Электрохимия селена, теллура и полония» (1998), «Электрохимия серы и ее соединений» (1997), «Электрохимические методы извлечения меди, халькогенов и синтеза их соединений» (1990), «Қоршаған орта химиясы» (1998), «Практикум по химии окружающей среды» (1999), «Экология негіздері» (2000), «Экология және таза су проблемалары» (2002), т.б. кітаптардың авторы. «Иасауи толғауы» күйлер жинағы Алматы қ-нда баспадан (1996) шықты. ҚР Мемл. (2003), акад. Е.Бөкетов сыйл-тарының иегері. «Құрмет» (2006) орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Кентау қ-ның, Қызылорда обл-ның (2018), Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

БАЗАРБАЕВ Мүсілім (15.5.1927, Қармақшы ауд. Кекірелі а. – 11.11.1995, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері, филол. ғыл. докт. (1974), проф. (1982). ҚазМУ-ды (1948, қазіргі ҚазҰУ), КОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар




Базарбаев Мүсілім

академиясын (1956) бітірген. Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер ин-тының директоры (1961–70, 1981–88), қазіргі қазақ әдебиеті бөлімінің меңгерушісі (1988–95), Қазақ КСР Мәдениет министрі (1970–76) және Сыртқы істер министрі (1976–81) қызметтерін атқарған. Ғыл.-зерт. еңбектері қазақ әдебиетінің көркемдік ерекшеліктері, әдебиеттану мәселелеріне арналған. 6 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1960–67), «20–30 жылдардағы қазақ әдебиеті» (1998) ұжымдық монографияларын құрастыруға жетекшілік еткен. «Живые традиции» (1962), «Қаһарлы жылдар жыры» (1968), «Эстетическое богатство нашей литературы» (1976), «Көрікті ойдан – көркем сөз» (1994), «Казахская поэзия: художественные искания (к традициям Абая)» (1995), «Замана тудырған әдебиет» (1997) кітаптары жарияланған. Әкімшіл-әміршіл жүйенің тыйым салуына қарамастан, докторлық диссертациясының (1971) бір тарауын Шәкәрім Құдайбердіұлына арнап, ақынның алғашқы зерттеушілерінің бірі болды. Оның аударуымен И.С. Тургеневтің «Ася», «Бекет үй», «Алғашқы махаббат», «Көктемгі тасқын» повестері қазақ тілінде жарық көрді. Екі мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

С.Қорабай

БАЗАР ЖЫРАУ Оңдасұлы, Балқы Базар (1841, Қармақшы ауд. – 1911, Өзбекстан, Тамды ауд.). – жырау, ақын. Болашақ жырау әкесінен ерте жетім қалып, есейгенше нағашысы Өтемістің, тоғыз жасынан Тәспен бидің тәрбиесінде болған. Тәспен бидің а-на сол кездегі Сыр бойы, Арқа өңіріне белгілі жыраулар жиі келіп, апталап-айлап жатады екен. Бұл Базардың жыраулық жолға түсуіне үлкен мектеп болды. Б. ж. 15–16 жасында бала жырау атанды. 1858 ж. Тәспен би Қызылқұмдағы игі жақсыларды шақырып, ұлан-ғайыр той жасап, Базардың астына жүйрік ат мінгізіп, үстіне шапан жауып, жыраулық жолына сәт сапар тіледі. Базар осы кезден бастап Ор төңірегін, Ырғыз, Сыр бойы, Қызылқұмды, Үргеніш, Хиуа жағын жырау ретінде аралады. Осы төңіректе кеңінен жайылған Ноғайлы дәуірінің қиссаларымен танысып, оларды жаттап, халық арасында жырлады. Хорезм жағында болған кездерінде Орта Азия жұртшылығы арасында кеңінен мәлім дастандарды («Көроғлы», «Жүсіп – Ахмет», т.б.) қазақ тілінде жырлап, Сыр бойына таратты. Сонымен қатар шығыс аңыздарының ізімен «Әмина қыз», «Айна-тарақ» дейтін шағын дастандар да шығарды. 1907 ж. Б. ж. Қазан қ-нан баспадан шыққан «Айман – Шолпан» жырын қайтадан жаңғырта жырлады. Кейін «Қыз Жібек» жырына да көп өзгеріс енгізіп, қайта жырлап, ел арасына таратты. Мұның өзі Б. ж-дың нәзирашылдық жолды ұстанғанын



Базар жырау

байқатады. Жыраудың сол кездегі шығыс және ислам философиясымен жақсы таныс болғандығы анық. «Әр кемелге – бір зауал», «Тіршіліктің түрлері», «Керқұлан», «Кермиық», т.б. іргелі толғауларында ол өмірдің мән-мағынасына көз жүгіртеді, тіршілікте кездесетін жақсылық пен жамандық, адамшылық пен зұлымдық хақында тереңнен ой толғады. Оның жырлары афоризмге толы, жырау ел аузында айтылып жүрген мақалдарды ой

елегінен өткізіп, қайтадан түрлендіріп, әрлеп, кейде тіптен басқаша мағына беріп, асқан шеберлікпен қолданды. Сонымен қатар Лұқпан хакім, Қорқыт бабалардың да өнегелі сөздерін ретті жерінде жырға қосып отырды. Жыраудың жастық шақ, табиғаттың әр түрлі маусымы, туып-өскен жер, т.б. жайлы шығарған толғау-термелері де көп. Сараң байларға, қиянатшыл әкімдерге арнаған сын-сықаққа толы, қазақтың ауызекі поэзиясындағы арнау-эпиграмма жанрында шығарылған бірқақпайлары да жетерлік. Б. ж. домбыраны өте жақсы тартқан, Сыр бойында таралып жүрген, көпке ортақ әуендерді өз дауысына лайықтап, өлеңінің ырғағына орай өңдеп, өзгертіп қолданған. Оның жырлау сазы өте әсем, қисса мен толғауларды орындағанда неше түрлі құбылып отырады. Бұдан жыраудың сазгерлік қабілеті де анық аңғарылады. Жырау көзі тірісінде, әсіресе, қартайған шағында құрдасы әрі туысы Нұрымбеттің Төремұрат деген оқыған баласына ауызша айта отырып, көп толғау-жырларын, дастандарын хатқа түсірткен. Жыраудың өз айтуымен хатқа түскен 15 мың жолға жуық өлең-жырлары, 5 дастаны сақталған. Б. ж-ды көзі тірісінде Сыр бойының жыраулары мен шайырлары өздеріне ұстаз тұтқан, оның өнегесін ұстанған. Оның өлеңдері Ташкент қ-нан шыққан «Терме» (1925), «Қазақтың әдебиет нұсқалары» (1931) кітаптарына енді. Б. ж-дың шығармаларына С.Сейфуллин, М.Жұмабаев жоғары баға беріп, Бұқар жырау мен Махамбеттен кейінгі толғау алыбы деп таныды. Жырау шығармаларын жинастыруда Ә.Диваев, С.Сейфуллин, Ә.Марғұлан, Ә.Қайнарбаев үлкен еңбек сіңірді.

Б.Алдамжаров

БАЗАР ҚОЖА КЕСЕНЕСІ – сәулет өнері ескерткіші. 19 ғ-дың соңында салынған. Қазалы ауд. Бекарыстан би а-нан солтке қарай 5 км жерде орналасқан. Базар қожа Қазалы өңіріне алғаш қоныстанған қожалардың бірі. Осы өңірде ислам дінін насихаттап, халық арасында емшілікпен айналысқан. Кесене аум-н алғаш 1981 ж. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының экспед. (жетек. Ә.Оспанов) зерттеген. Арх. Е.Бәйтенов өз еңбектерінде Б. қ. к-не сипаттама беріп өткен. Кесене шикі кірпіштен қаланып, үсті күмбезбен жабылған. Қасбеті ішке қарай үш аркамен сатылап түскен порталды құрайды. Порталдың екі жағы саздан жасалған мұнаралармен біріккен. Кесене сыртқы бейнесімен ерекшеленеді. Кесенеге жергілікті халық зиярат ету үшін келіп тұрады.

Ә.Отар

БАЙБЕК Ақшақұлы (1601, Өзбекстан, Науаи обл. Нұрата ауд. – 1676, сонда) – би, Әйтеке бидің әкесі. Аталары Ораз, Сейітқұл қажылар, әкесі Ақша, туысы Жалаңтөс есімдері Орта Азиядағы түркі тілдес халықтарға танымал, беделді адамдар болған. Б. Мир-Араб медресесін бітірген. Ходжент билеушісі Шығай ханның ордасында хатшылық қызмет атқарған. 1626 ж. Жалаңтөс баһадұр Самарқан әмірі болғаннан кейін, Б. оның иелігіндегі елге келіп, Қызбибі тауының өңіріндегі елдің басын қосып, диқаншылыққа жұмылдырды. Сонымен қатар мал ш-ғын өркендетуге де айрықша көңіл бөліп,



Базар қожа кесенесі

Жалаңтөстің сарбаздарын жүйрік ат, күшті түйе көлігімен, азық-түлікпен үздіксіз жабдықтап отырды. Кейбір деректер бойынша Б. жылқы мен түйенің тұқымын асылдандыру жұмысын ұйымдастырған. Ол өзінің қарамағындағы және көршілес аудандардағы отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі қазақ, өзбек, тәжік, қарақалпақтардың ынтымағын жарастыруға көп күш жұмсаған. Қазақтарды ұлттық сана-сезімді, ата дәстүрді берік ұстауға тәрбиелеген. Халық Б-тің әділ билігіне риза болып, оны төрелі би, төре би деп атаған.

Ж.Мұратбаев

БАЙҒАРА Қожасұлы (т. ж. б. – 3.11.1731, Арал маңы) – батыр. Ресей империясының отарлау саясатына қарсы күрескен. Ресейге бағынуға қарсы шығып, М.Тевкелев бастаған елшілікке қарсылық көрсеткендердің бірі. Баймұрат батыр бастаған қол 1731 ж. 22 қазанда елшілік пен хан ордасын қоршап, 15 жылқыны барымталаған. Сырлыбай Қожасұлы бастаған топтың хан ордасына қарсы күресі бір жылдан астам уақытқа созылғаны белгілі. Хан ордасы мен елшілік күзетінің осы топпен 1731 ж. 3 қарашада өткен қақтығысы кезінде Б. оққа ұшқан. Б. қазасының арты үлкен дауға айналып, қарсылық күшейген. Б-ның Атабай, Жангелді, Сарт есімді үш ұлы болған.



Байғыз

БАЙҒЫЗ (Athene noktua) – жапалақ тәрізділер отрядына жататын құс. Арал т. жағалауында кездеседі. Одан басқа Қазақстанның көптеген жерлерінде де бар. Дене тұрқы 23–28 см, қанатының ұз. 15–18 см, жайғандағы ұз. 57–64 см, салм. 160–180 г. Аналығы ірілеу, қанаты қысқа, есесіне құйрығы ұзындау. Арқасында, әсіресе желке, мойын, иық, қанат тұстарында ерекше үлкен ақ дақтары болады. Бауыры ақшыл тарғыл, тұмсығы сүйір, имекті келеді. Б. отырықшы құс, ескі құрылыстар мен молалардың қуыстарында, жарқабақтағы індер мен тас үңгірлерге ұя жасап, оған 4–5 кейде 8-ге дейін жұмыртқа салады. Жұмыртқаны аналықтары бір айға жуық басып, балапандарын 35–40 күнде ұядан ұшырады. Б-дың негізгі қорегі – кемірушілер, ұсақ жәндіктер, бауырмен жорғалаушылар және торғай тәрізділер. А. ш-на пайдалы құс.

А. Берденқұлова

БАЙДАУЛЕТОВ Мамыр (25.4.1970 ж. т., Сырдария ауд. Ақжарма а.) – ақын, айтыскер. Қызылорда ун-тін (2013) бітірген. Еңбек жолын туған ауылында жұмысшы болып бастап, әскери міндетін өтеп келген соң егіс бригадасында еңбек етіп (1987–93), кейін мектепте ән-күйден сабақ берген (1993–95), сондай-ақ жеке кәсіпкерлікпен (1996–2016) айналысқан. 2017 жылдан Қызылорда қ. мәдениет үйінде ақындар үйірмесін басқарады. Өлең жазуды мектеп қабырғасынан бастаған. Көптеген өлеңдері баспасөз бетінде жарияланды. Обл. «Ленин жолы» газетінде алғашқы өлеңдер топтамасы (1991) жарық көрген. Ақынның қазақтың айтыс өнеріне, әсіресе Сыр елінің мәдениеті мен өнеріне сіңірген еңбегі ерекше. Ақындық таланты кемелденген шағында бірнеше рет респ. айтыстарда Сыр елінің намысын қорғады. Түрлі халықар., респ., обл., ауд. жыр додалары, мүшәйралар мен айтыстарда жеңімпаз атанды, жүлделі орындарды иеленді. «Құрмет»



Байдаулетов Мамыр

(2022) орденімен марапатталған. Облыс әкімінің 2023 жылғы «Тұран» сыйлының иегері. Сырдария ауданының құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Байділдаев Мардан

БАЙДІЛДАЕВ Мардан (12.4.1926, Жалағаш ауд. Еңбек а. – 5.3.1993, Алматы қ.) – қазақ ауыз әдебиетін жинақтаушы, зерттеуші. ҚазМУ-ды (1955, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Ұзақ жылдар бойы Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер болды. Т.Жүргенов, С.Есқараев сияқты қайраткерлердің өмірбаянын анықтау жолында көп еңбек сіңірді. Айтыс өнерінің қайта жануына түрткі болды. Тұрмағамбет Ізтілеуұлы аударған «Шаһнаманың» 40 мың жолдық қолжазбасын тауып, оқырман назарына ұсынды. «Рүстем – Дастан» (1961), «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Бес ғасыр жырлайды» (1985) жинақтарын шығаруға қатысты, Ә.Қоңыратбаевпен бірге «Қорқыт ата кітабын» аударды. «Ақындар творчестволары», «Ақын-жыраулар» зерттеу кітаптары жарық көрді. Халық шығарм. бүкілодақтық фестивалінің (1971) лауреаты.

Т.Дайрабай



Байкенже ауылы

БАЙКЕНЖЕ – ауыл. Жаңақорған ауд-ндағы ауылдық окр-тің орт. Жаңақорған кентінен батысқа қарай 35 км жерде, Сырдария өз-нің сол жағалық аңғарында орналасқан. Тұрғыны 1,2 мың адам (2023). 20 ғ-дың басында Байкенже деген оқымысты молда осында мешіт-медресе салдырып, бала оқытқан, сол себепті ауыл Б. деп аталып кеткен. Б. а. 1962–96 ж. бау-бақша өсірумен айналысқан «Алмалы» кеңшарының орт. болған. 1992 ж. дербес Б. ауылдық кеңесі, кейін Б. ауылдық окр. болып құрылған. 2005 ж. Б. ауылдық окр-нің аум-нда мол уран өндіру жұмысы қолға алынды. Қазір онда «Хорасан –1» және «Хорасан – 2» ірі уран кеніштері орналасқан. Сонымен қатар осы салада көп жылдық тәжірибесі бар «Волковгеология» АҚ бұрғылаушы кәсіпорындары, сондай-ақ Қазақстанның және басқа да елдердің біріккен кәсіпорындары жұмыс істейді. Ауылда №193 орта мектеп, клуб, мед. пункт, кітапхана, мешіт тұрғындарға қызмет көрсетеді.

С.Тайман



Байкенжеев Бексұлтан

БАЙКЕНЖЕЕВ Бексұлтан (7.11.1949, Жаңақорған ауд. Қосүйеңкі а. – 10.5.1993, сонда) – сазгер әнші, Қазақстанның еңбек сің. мәдениет қайраткері. ҚР Білім беру ісінің үздігі. М.Көкеновтің шәкірті. Қызылордада

пед. ин-тын (1972, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. 1972 жылдан Әлшекей күйші атынд. өнер мектебінің директоры болып қызмет істеген. 150-ге жуық ән жазған. Б-тің тұңғыш әндерін («Ақбаян», «Жеңешем», «Күлімдеші», «Еркелеші, Ермегім») белгілі әншілер З.Қойшыбаева, М.Ерәлиева, В.Қармысова, Л.Төлешева, Б.Махамбетова, т.б. орындаған. Сонымен қатар «Сырдария», «Ақшолпанным», «Ақ гүлім», «Нағашым», «Гүлденген Жаңақорған», «Құда болып жүрейік», т.б. әндері халық арасында кеңінен танымал. Б-тің бір топ әндері ән жинақтарына енген және «Ақбаян» (1984), «Ақ гүлім» (1992), «Сағынып жүрші» (1994) жеке әндер жинағы баспада жарық көрген. Б. «Сыр сұлуы» және «Нұргүл» ансамбльдері құрамында көптеген елдерде өнер көрсетіп, халық шығарм. бүкілодақтық фестивальдерінің лауреаты атанды. Б. атымен көше аталып, ауд. мәдениет үйі жанынан өнер мектебі ашылды. Екі жылда бір рет сазгерлердің Б-ке бағытталған обл. фестивалі өткізіліп тұрады.

Д.Әлібеков

БАЙҚАДАМ Ақайдар ұлы (шамамен 1792, Жалағаш өңірі – 1855, Қоқыт қорымы) – батыр. Сәрке батырдың немересі. Қоқандықтарға қарсы күресіп, елін, жерін қорғаған. 1829 ж. «Күмісқорғандағы» шайқасқа қатысқан. 1836 ж. Хиуа мен Қоқан шекарасына көпір салдырған.

Т.Дайрабай

БАЙҚАДАМ – елді мекен атауы, бұрынғы Первомайское а. Қызылорда қ-ның орт-нан 6 км қашықтықта, Қызылорда каналының бірнеше арналарға бөлінетін тұсында орналасқан. Бұл атау 2-дүниежүз. соғыстан кейінгі жылдардан, яғни Б. деген адамның егін егуге каналдан су арығын қазуынан басталған. 1950–60 ж. Байқадам арығын бойлай, Абай, Досан а-дарында егін ш-н дамыту мақсатында канал қазылып, сол аймаққа Б. атауы берілген.



Байқадамов Наурызбай

БАЙҚАДАМОВ Наурызбай Сейтқалиұлы (10.7.1967 ж. т., қазіргі Қызылорда қ. Ж.Махамбетов а.) – қоғам қайраткері, тарих ғыл. канд. (2001). Қызылорда пед. ин-тын (1991, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Сырдария ауд. Амангелді атынд. №139 мектептің мұғалімі (1991–94), Қызылорда ун-тінде ізденуші-оқытушы, оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1994–2004), колледж директоры (2004–07), тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры (2008–13), «Nur Otan» ХДП Қызылорда обл. филиалы төрағасының орынбасары (2007), 1-орынбасары (2015–16), обл. мәслихаттың хатшысы (2016–19, 2021–23), төрағасы (2023–24), облыс әкімінің орынбасары (2019–21) қызметтерін атқарған. «Аманат» партиясы обл. филиалының төрағасы (2022–24) болды. 2024 ж. сәуір айынан ҚР Парламенті Сенатының депутаты. 100-ге жуық ғыл. еңбек, оның ішінде көптеген мақалалар мен оқу құралдарының авторы. «Құрмет» (2017), «Парасат» (2023) орденделерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

У.Ибраев

БАЙҚОҢЫР – қала. Қармақшы ауд. Сырдария өз-нің оң жағалауында орналасқан. Қаланың солтнен 2 км қашықтықта т. ж., 5 км қашықтықта Арал – Жосалы – Қызылорда автомоб. жолы өтеді. 1995 жылдың желтоқсанына дейін қала Ленинск деп аталып, жабық қала мәртебесінде болды. Тұрғыны 57,4 мың (2023) адам. Оның 40,6 мыңы Қазақстан, 15,5 мыңы Ресей азаматы. Қазақстан мен Ресей арасындағы 1995 жылғы 23 желтоқсандағы халықар. келісімге сәйкес Б. және оның іргесіндегі ғарыш айлағы 2050 жылға дейін Ресейге жалға берілді.



Байқоңыр қаласы

Б-дың іргесі 1955 ж. 2 маусымда КСРО Қорғаныс мин. Бас штабының директивасына сәйкес ғарыштық ракеталар сынағын өткізу мақсатында қаланды. 1955 жылдың соңына қарай онда 2500-ден астам адам еңбек етті. 1956 жылдан құрылыс жұмыстары қауырт жүргізіліп, 1960 ж. тұрғын саны 10 мың адамнан асты. Қала тех. тұғырлар, старттық кешендер, ұшу трассасы бойында өлшеу бекеттерін салу, т.б. жұмыстармен айналысты. Көмекші және қызмет көрсету нысандарына отын (жанармай) сақтайтын алаң, сұйық оттегі мен азот өндіретін заттар, энергия және сумен қамтамасыз ететін жүйелер, байланыс жүйесі, телевизия, т.б. жатты. Жалпы Б. – дүние жүзіндегі ең ірі ғыл. ғарыш полигоны. Оның басты және көмекші нысандарының жалпы аум. 6717 км^2. Б-дан 1961 ж. 12 сәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет Ю.А. Гагарин ғарышқа аттанды. Б-дан Күн, Ай, Шолпанның алғашқы жасанды серіктері, «Восток», «Восход», «Союз», «Прогресс» ғарыш кемелері, «Салют», «Мир» орбиталық ст-лары, «Протон», «Зонд», «Прогноз», байланыс және метеор. бақылаулар жүргізуге арналған «Молния», «Экран», «Горизонт», «Радуга», «Метеор», т.б. жасанды жер серіктері ұшырылды. Ай, Марс және Шолпанды зерттеуге арналған ғарыш аппараттары да Б-дан аттандырылды. Б. ғарыш алаңы 1991 ж. Қазақстанның иелігіне өтіп, 1993 ж. Ресейге 20 жылға жалға берілді. 1991 ж. 2 қазанда тұңғыш қазақ ғарышкері Т.Әубәкіров «Союз Т-13» ғарыш кемесімен Б-дан ғарышқа көтерілді. Ресеймен бірлескен бағдарлама бойынша Т.Мұсабаев ғарышта 3 рет (1994, 1998, 2001) болды. 2015 ж. 2 қыркүйекте қазақтың үшінші ғарышкері А.Айымбетов ғарышта он күн болып, маңызды зерттеу жұмыстарын жүргізді. Б. ғарыш кешенін пайдаланудың экол. зардаптары да зор болды. Б. кешенінен Қазақстан аум-на жылына 30–35 мың т улы заттар таралып, республика аум-ндағы 47 аймаққа зымыран қалдықтары түседі. 1996 ж. 14 мамырда «Союз», 1997 ж. 20 мамырда «Зенит», 1999 ж. 5 шілдеде «Протон», 1999 ж. «Протон» зымыран тасығыштары құлады. Көп сатылы «Протон» зымыран жеткізгішінің алғашқы блогы (алты бакты блок) жұмысын аяқтап, жерге құлағанда 1,5– 3,5 т-ға дейін гептил қалдығы жерге төгілді. Экол. қауіпсіздікті сақталды дегеннің өзінде, Қазақстанның ұлттық аэрокосмостық агенттігінің мәлімдеуінше, қазіргі кезде зымыран жеткізгішінің жерді зақымдайтын гептил мөлшері 150–200 л шамасын құрайтыны анықталды. Қазіргі күні қалада 12 мектеп бар. Оның ішінде 5 мектеп білім беруде қазақстандық стандартқа сүйенеді. Оқушылардың жалпы саны – 8933. ҚР-ның білім беру стандарттары бойынша 3 балабақша жұмыс істейді. Көпбейінді 105 орындық аурухана 2016 жылдан халыққа қызмет көрсетеді.

А.Сайлауов

БАЙМАНОВ Ғалым (16.3.1959 ж. т., Түркістан обл. Алғабас ауд. Шаян а.) – мұнайшы, тех. ғыл. канд. (1999). Б. ҚР Мұнай-газ саласының еңбек сің. қызметкері (2014), ҚР Жер қойнауының құрметті барлаушысы (2015), ҚР-ның үздік



Байманов Ғалым

инж. (2015), ҚР ҰИА-ның корр. мүшесі (2016). Қазақ политех. ин-тын (1982, қазіргі ҚазҰТУ) бітірген. Маңғыстау мұнай-газ барлау экспед-нда бұрғышының көмекшісі, комсомол к-тінің хатшысы, Ералы ауд. партия к-тінің нұсқаушысы (1982–88), «Құмкөл терең бұрғылау» экспед-нда инж., бұрғылау шебері, ауысым бастығы, орынбасары, «Сырдария мұнай-газ барлау» экспед-ның бас инж. (1988–95), «Оңтүстік мұнай-газ» бірлестігінің вице-президенті (1995–96), «Харрикейн Құмкөл мұнай» АҚ басқарма басшысы, орт. инж. тех. басқарма басшысы (1997–2000), «ӨзенМұнайГаз» АҚ бұрғылау басқармасының директоры (2000–02), «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ бас менеджері, тех. директоры, басқарма төрағасының орынбасары (2002–22), «Джепетто» (ҚХР) компаниясы бас директорының орынбасары (2022) қызметтерін атқарған. 2023 жылдан «КазДобМунай» ЖШС бас директоры. Б-ның басқаруымен «Құмкөл-Жосалы» жоғары қысымдағы құбырды пайдалану, Қызылқия, Арысқұм, Құмкөл, Майбұлақ кеніштеріндегі газды пайдалану жобалары жүзеге асырылды. «Құрмет» орденімен (2016), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Байманов Нұрділда

БАЙМАНОВ Нұрділда (1.1.1929, қазіргі Сырдария ауд. Ақжарма а. – 30.12.2001, сонда, Іңкәрдария а.) – еңбек ардагері. Еңбек жолын Ақжарма а-нда жұмысшы болып бастап, бригада есепшісі, қойма меңгерушісі (1947–64) болған. «Іңкәрдария» кеңшарында шопан, аға шопан болып (1964–89) еңбек еткен. «Құрмет белгісі» (1966, 1974), Қазан революциясы (1973) ордендерімен, бірнеше медальм ен марапатталған. Б. а. ш. саласы бойынша соц. жарыс жеңімпазы (1976, 1977, 1980) атанған. Қазақ КСР-ның Құрметті Алтын кітабына есімі жазылған (1988).

Қ.Омаров

БАЙМАНОВ Нұрділда (6.6.1909, қазіргі Сырдария ауд. Амангелді а. – 5.5.2008, Қызылорда қ.) – соғыс және еңбек ардагері. Ашар-



Байманов Нұрділдә

шылық жылдары Өзбекстан, Тәжікстанда тұрып, 1937 ж. елге оралған. 2-дүниежүз. соғыс кезінде Финляндиядағы (1939–40), Германиядағы (1942–45) шайқастарға қатысқан. Қазақстанда жасақталған №8 дивизияның №316 полкінің сапында атақты Б.Момышұлымен бірге болған. Кейін «НКВД» полкінде қызмет атқарған (1945–47, Польша, Украина). 1978 жылға дейін «Қызылордақұрылыс» трестінде еңбек еткен. 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен (1985), медальдармен марапатталған.

БАЙМАХАНОВ Болатбек Бимендіұлы (3.9.1962 ж. т., Қызылорда қ.) – дәрігер-хирург, мед. ғыл. докт. (2000), проф. (2006), ҚР ҰҒА-ның акад. (2020). Б. ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (2001), Ресей ҒА (2007). Алматы мед. ин-тын (1986, қазіргі



Баймаханов Болатбек

Қазақ ұлттық мед. ун-ті), Т.Рысқұлов атынд. Қазақ экономика ун-тін (2006, қазіргі «Нархоз ун-ті) бітірген. Қызылорда обл. ауруханасында дәрігер-хирург (1986–90), А.Сызғанов атынд. хирургия ғыл. орт-нда ғыл. қызметкер (1990–2000), бөлім меңгерушісі, директоры (2003–08), Оңт. Қазақстан обл. денсаулық сақтау басқармасының бастығы (2000–03, 2008–11), Астана қ. «Республикалық жедел медициналық жәрдем орталығы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы (2011–12), Алматы қ-ндағы №7 клиникалық ауруханаының бас дәрігері (2012–16) қызметтерін атқарған. 2016 жылдан Сызғанов атынд. ұлттық ғыл. хирургия орт-ның басқарма төрағасы. Негізгі ғыл. еңбектері кардия ахалазиясы мен өңештің күйіктен кейінгі тыртықты тарылуын емдеуге арналған. 300-ден астам ғыл. мақаланың, өнертабыс бойынша 42 патенттің, 4 монография, 10-нан астам әдістемелік нұсқаулықтың авторы, оның жетекшілігімен 8 канд. және 4 докт. дисс-лар қорғалды. «Құрмет» (2006), «Отан» (2021) орденделімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2022).

Қ.Омаров



Баймаханов Қожахмет

БАЙМАХАНОВ Қожахмет (21.9.1953 ж. т., Жалағаш ауд.) – кәсіпкер, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР-ның еңбек сің. құрылысшысы. Томск инж.-құрылыс интын (1978) бітірген. Еңбек жолын 1978 ж. Жалағаш кентіндегі №1605 жылжымалы мех. колоннада бастап, №27 ЖМК директоры (1982–89), Бұқарбай атынд. кеңшардың директоры (1989–94), «Арна» АҚ ЖМК бастығы (1995–96), Қызылорда обл. құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, сәулет және аумақтарды дамыту басқармасының бастығы (1996–97), Жалағаш ауд-ның әкімі (1997–99), Қызылорда қ-ның әкімі (1999–2004), «Асар-Холдинг» ЖШС бас директоры (2004–08) қызметтерін атқарған. ҚР Жоғ. Кеңесі (1994–95), ҚР Парламенті Сенатының (2008–14) депутаты. «Құрмет» (1999), «Парасат» (2023) орденделімен, бірнеше медальмен марапатталған. Жалағаш ауд-ның (1998), Қызылорда обл-ның (2023) құрметті азаматы.

Қ.Омаров

БАЙМАХАНОВ Сәдуақас (1903, Сырдария губ. Ақмешіт уезі, 5-а. – 1938) – мемлекет қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны. Ташкент қ-ндағы Орта Азия мақта ш. интын (1932) бітірген. Қызылорда уездік статист. бюрода көшірмеші, Ташкент қ-нда комсомол қызметкері (1919–21), ТКЖО ОК жанындағы Қазақ баспа бөлімінің меңгерушісі, «Жас Қайрат» газетінің (кейін журнал) редакторы, ТКЖО ОК саяси ағарту бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1921–24), Ташкент қ-ндағы Сырдария а. ш. техникумының директоры (1924–26), Қызылорда уездік-қалалық к-тінің үгіт-насихат және ұйымдастыру бөлімдерінің меңгерушісі, Сырдария губ. қазақ уездік к-тінің хатшысы, Адай окр. к-ті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Петропавл губ. к-тінің үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары және «Кеңес ауылы» газетінің редакторы (1926–29), Ташкент қ-ндағы Орта Азия мақта өсіру ғыл.-зерт. ин-тының сектор жетекшісі (1932–33), Қазақ АКСР халық ағарту комиссарының орынбасары (1933–37), Мирзоян ауд. партия к-тінің хатшысы (1937) қызметтерін атқарды. 1937 ж. тұтқындалып, ату жазасына кесілген. 1957 ж. ақталды.

С.Тайман

БАЙМҰРАТ Есенбайұлы (т.-ө.ж.б.) – батыр. 18 ғ-дың 1-жартысында өмір сүрген. Ел аузындағы «Електің басы – Есенбай» деген қанатты сөздегі Есенбай – Б-тың әкесі. Б. батыр Ресейге бодан болуға белсенді қарсылық көрсетіп, 1731 ж. қарашада жасағымен хан ордасын, М.Тевкелев басқарған Ресей елшілігі түскен үйді қоршауға алып, наразылық білдірген. Есімімен Сырдария ауданындағы бір ауыл аталады.



Байназарова Райкүл

БАЙНАЗАРОВА Райкүл Мансұрқызы (1957 ж. т., Жалағаш ауд) – қоғам қайраткері, еңбек ардагері. Қызылорда пед. ин-тын (1979, қазіргі Қызылорда ун-ті), Қазақ мемл. заң академиясын бітірген. Студент кезінде обл. комсомол к-тінің бюро шешімімен 3 жыл студенттер құрылыс отрядтарының обл. штабында комиссар болған. Қызылорда пед. ин-тында студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы (1979–83), Ағарту, жоғары білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы обл. к-тінің хатшысы (1983–87), Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының обл. к-тінің төрағасы, обл. кәсіподақтар кеңесінің төрағасы (1987–2020) қызметтерін атқарған. 2020 жылдан обл. әйелдер кеңесінің төрайымы. Обл. мәслихаттың 2-, 3-, 5-, 6-шақырылған (1999, 2003, 2012, 2016) депутаты. ҚР Президентінің Алғыс хатымен, бірнеше медальмен марапатталған.

С.Тайман



Байсейітова Самал

БАЙСЕЙІТОВА Самал Жанасылқызы (28.9.1978 ж. т., Жалағаш ауд. Мәдениет а.) – әнші. Қызылорда муз. уч-щесін (1999), Қазақ ұлттық консерваториясын (2004) бітірген. 2007 жылдан Тұрмағанбет атынд. халық аспаптар оркестрінің солисі, Қазанғап атынд. Қызылорда муз. жоғары колледжінің оқытушысы. Б. Шымкент қ-нда өткен «Қазақ романсиадасы» халықар. конкурсының лауреаты (2008), облыс әкімінің стипендиаты (2010), Н.Тілендиев атынд. «Кел, еркем, Алатауыңа!» 3-респ. әншілер конкурсының иегері (2011), 28-дүниежүз. қысқы универсиаданың алаугері (2017), обл. телеарнаның ұйымдастыруымен өткізілетін «Сыр жұлдыздары» обл. әншілер байқауының жетекшісі (2021–22). «Құрмет» (2017) орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Байсұлтанов Сұлтан

БАЙСҰЛТАНОВ Сұлтан (15.8.1947, Сырдария ауд. Тереңөзек ст. – 24.7.2012, Алматы қ.) – әнші, Қазақстанның халық арт. (1992). Ленинград консерваториясын (1978, қазіргі Санкт-Петербург) бітірген. Грозный қ-ндағы қуыршақ театрында (1969–71), Қазақ опера және балет театрында

(1979 жылдан өмірінің соңына дейін) жұмыс істеді. Театр қойылымдарында басты рөлдерді сомдады. Фауст (Ш.Гуно, «Фауст»), Альфред, Жермон (Дж. Верди, «Травиата», «Риголетто»), Альмавива (Дж. Россини, «Севиль шаштаразы»), Гофман (Ж.Оффенбах, «Гофман ертегілері»), Генрих (И.Штраус, «Жарқанат»), Равенсвуд (Г.Доницетти, «Лючия де Ляммермур»), Ленский, Водемон (П.Чайковский, «Евгений Онегин», «Иоланта»), Владимир (А.Бородин, «Князь Игорь»), т.б. партияларды орындады. Кең тынысты, жағымды да биік үнімен қазақ музыка өнерінің классик. туындысы – М.Төлебаевтың «Біржан – Сарасында» Біржанның, Ғ.Жұбановаының «Жиырма сегізінде» Қосаевтың шыншыл, драмалық бейнелерін шеберлікпен сомдады. Сеул (1991), Кипр (1994), Пхеньян (1998) фестивальде рінде жүлде алған.

Ә.Қарамендина

БАЙСЫН – ауыл, Шиелі ауд. Иіркөл ауылдық окр-не қарайды. Аудан орт. – Шиелі кентінен оңт-ке қарай 4 км жерде, Сырдария өз-нің Шилі тармағында орналасқан. Тұрғыны 1,08 мың (2023) адам. Жер аум. 19,5 мың га. Іргесі 1928 ж. «Жаңатұрмыс» ұжымшары негізінде қаланған. 1996 жылға дейін Жаңатұрмыс а. деп аталып, Ы.Жақаев атынд. ұжым бөлімшесінің орт. болған. №207 «Жаңатұрмыс» орта мектебі, мәдениет үйі, дәрігерлік бекет, кітапхана, балабақша, мешіт үйі және бірнеше шаруа қожалықтар халыққа қызмет көрсетеді.

Қ.Омаров

БАЙСЫН Көлдебайұлы (т.-ө.ж.б.) – есімі аңызға айналған адам. 19 ғ-да өмір сүрген. Қыпшақ ішіндегі Қара-сары руынан шыққан. Ген. Черняевтің жорығына қатысып, жол бастаушы болған. Орыс әскерлері Ташкентті алған соң Черняев оны қала бегі етіп тағайындаған. Кейін Сыр бойына, қазіргі Шиелі кенті орналасқан «Дүйсен тамы» деген жерге қоныс аударған. Б. жабайы шиелердің молдығына қарай сол жерді «Шиелі» деп атаған.

М.Қараманова

БАЙТАҢАТ Есдәулетұлы (шамамен, 1817/20 – 1880/82) – би. 1874 ж. Перовск уезі Жомарт болысының биі болған. Архив құжаттарында Б-ның 1862–68 ж. түтін пұл жинағаны жөнінде мөр басып растағаны туралы мәліметтер кездеседі. Ол 1863 ж. ашылған Перовск – Қазалы – Орскі ат поштасы бекеттеріне де көмектескен. 1870–71 ж. Жалағаш ауд. қазіргі Еңбек а-нда арық қаздырып, сол кезден бүгінге дейін ол «Байтаңат арығы» деп аталады. Сондай-ақ Б. Қарақұмға жайлауға шығып, күзде Сырға оралуда ауылдастарына көмек беруді қадағалайтындығы туралы ел аузында сақталған.

Т.Дайрабай



Байхонов Серік

БАЙХОНОВ Серік (12.5.1953, Шиелі ауд. Ақмая а. – 7.4.2024, Алматы қ.) – жазушы, Қазақстанның құрметті жазушысы (2022). ҚазМУ-дың (1976, қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін, Жоғары партия мектебін (1990) бітірген. Еңбек жолын құрылысшы болып бастаған. Шиелі ауд. «Өскен өңір» газетінде (1976–80), «Қазақфильм» киностудиясында, респ. «Жаңа фильм» журналында, «Жалын» баспасында (1980–83), Қазақ респ. теледидарында бөлім меңгерушісі, бас редакторы (1983–97), Өскемен қ-ндағы «Казцинк» ашық акц. қоғамында, обл. мәдениет пен өнерді қолдау қорында (1997–2005), «Тіл мен діл» газетінің бас редакторы (2005–11), «Ақ Ертіс – Иртыш» журналының шығарушысы, Қазақстан Жазушылар одағы Шығыс Қазақстан обл. бөлімшесінің директоры қызметтерін атқарған. «Жігіттің сұлтаны», «Тайбурыл», «Сиқырлы қазан», «Қазақтың Қажымұқаны» конкурстық телебағдарламалардың авторы. Көптеген шығармалары орыс тіліне аударылған. Тұңғыш хикаяты «Жалғасым менің – жалғасым менің» «Жалын» журналында (1973) жарық көрген. Кәсіби саяхатшы ретінде «Сал үстіндегі маусым», «Араға – араша», «Арналарға тіл бітсе», «Бетпақдала – шөл емес», «Мейірбан шөптер (өсімдіктер әлеміне саяхат)», «Тастағы әуендер», «Алтай – асу» экспед-ларын басқарып, осы аттас деректі фильмдер мен видеооқулықтарын шығарған. Б-тың «Ең ыстық маусым» (1979), «Қос шатырлы үй» (1983), «Сал үстіндегі маусым» (1988), «Табиғат терезесі» (1991), «Құйылыста» (2001), «Ғажапстанға саяхат» (2005), «Бетпақдала – шөл емес» (2006), «Хикаяттар» (2007), «Жұбату» (2008), Шығ. 4 томдығы (2008), Шығ. 2 томдығы (2009), «Алтай – асу» (2012), «Жадымның жаңғырығы» (2013), «Алып пен қалып» (2021), «Алтай рубикон» (2022) романдары, т.б. еңбектері жарияланған. Респ. «Жігер» фестивалінің (1974), Қазақстан Жазушылар одағы Ахмет Байтұрсынов атынд. ұлттық (1989), Халықар. «Алаш» әдеби сыйл-тарының (2021) иегері. Балаларға арналған халықар. «Дарабоз» жабық бәйгесінің бірнеше дүркін жеңімпазы. Шиелі ауданың құрметті азаматы.



Байшуақов Әбжәми

БАЙШУАҚОВ Әбжәми (1.7.1919, қазіргі Қармақшы ауд. Көмекбаев а. – 1997, Қызылорда қ.) – соғыс және еңбек ардагері, тарих ғыл. канд. (1971). Қызылорда пед. уч-щесін (1940, қазіргі пед. жоғары колледж), әскери уч-ще (1943) бітірген. 2-дүниежүз. соғыс жылдары Батыс майданында ұрыстарға қатысып, артиллерия полкінің взвод командирі болды. «Бестам» мектебінде мұғалім (1940–42), Қызылорда обл. партия к-тінің жауапты қызметкері (1946–51), обл. мәдени-ағарту (1951–53), обл. мәдениет бөлімдерінің меңгерушісі (1953–55), обл. атқару к-тінің жауапты хатшысы (1955–58), обл. партия к-ті партия бөлімінің меңгерушісі (1958–60), Арал, Қазалы ауд. партия к-ттерінің 1-хатшысы (1960–72), обл. халықтық бақылау к-тінің төрағасы (1972–82), партия мұрағатының қызметкері, ун-тте оқытушы (1982–89) қызметтерін атқарды. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 6-шақырылған депутаты. 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, 2-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

С.Тайман

БАҚА Айбекұлы (1837, Заңғар тауы маңы – 1906, Сарыбұлақ өңірі) – би. 1865 ж. аспан руының биі болып тағайындалған. Жетім-жесірлерге көмектесіп, әділ билігімен ел есінде қалған. 1891 жылдан Қазалы уезі бастығының кіші көмекшісі болып қызмет атқарды. Қазалы уезінде көп жыл қызмет істеген И.А. Аничков: «Қазақтардың астары» (1897) атты еңбегінде «Өңірді дүрліктірген айтулы тұлғалардың асында болдым. Оның бірі әлім тайпасының, екіншісі шөмекейдің асы. Осы асты басқарушылардың бірі шөмекейдің сардары, зауряд-хорунжий Бақа Айбеков – Қазалы оязының 2-көмекшісі, орыс тілін жетік біледі, кейін Николай II таққа отыру (1894) тойына қатысқан» деп жазды. Б. би 1875 ж. Түркістан ген.-губернаторының бұйрығымен алтын медальмен және Станислав лентасымен марапатталған. Ұрпақтары Б. би қабіріне сәулетті кесене тұрғызған.

Т.Дайрабай

БАҚСАЙЫС АТА КЕСЕНЕСІ – 16–17 ғ-лардың сәулет ескерткіші. Жаңақорған ауд. Байкенже а-нан оңт.-батысқа қарай 15 км жерде орналасқан. Б. а. к-н 1996 ж. Ж.Төреко-



Бақсайыс ата кесенесі

жаев, Е.Төреқожаев қайта салдырған яғни қазіргі уақытта тарихи кесене сақталмаған, орнына ақ силикат кірпіштен жаңа кесене тұрғызылған. Жаңа кесене төртбұрышты, көл. 8х9 м, биікт. 7 м-лік бір камералы, порталды-күмбезді құрылыс. Портал оңт-ке бағытталған, кейбір кірпіш қаландылары сәнді салынған. Кіреберісі арка түрінде жасалған. Үлкен барабанға орнатылған күмбезі конус тәріздес. Сыртқы қабырғасында төрт қатарлы карниз орналастырылған. Сыр бойы ақсақалдарының шежіресі бойынша Бақсайыс Әнет бабаның замандасы болған. Сүгірәлі атаның (1798–1887) шежіресі бойынша Бақсайыстың шын есімі – Хазірет Сейд Камалиддин.

БАҚТИЯРҰЛЫ Мұрат (17.6.1958 ж. т., Шиелі ауд. Балаби а.) – мемлекет және қоғам қайраткері, саяси ғыл. докт. (1999), проф. (2006), ҚР Білім беру ісінің үздігі (1997). ҚазМУ-ды (1986, қазіргі ҚазҰУ), Мәскеу халықар. бизнес және ақпараттық технологиялар ун-тін (1999), Қазақ мемл. заң академиясын (2001) бітірген. Еңбек жолын 1979 ж. комбайнер, құрылысшы ретінде бастаған. Қызылорда пед. ин-тының (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушысы, аға оқытушысы, кафедра меңгерушісі, ф-т деканы (1986–98), Қазақ мемл. заң академиясы Қызылорда филиалының директоры



Бақтияруұлы Мұрат

(1998–2001), Қазақ мемл. заң ун-тінің проректоры (2001–02), осы ун-ттің Қызылорда бөлімшесінің директоры, Қызылорда гуманит. заң колледжінің директоры (2002–08), Қызылорда обл. әкімінің орынбасары (2008–11) қызметтерін атқарған. Б-ның 300-ден астам ғыл., публицистикалық, танымдық мақаланың, 10-нан астам монография мен оқулықтың авторы. Саяси және құқықтық білімдер тарихына арналған алғашқы қазақша оқулық авторларының бірі. «Қазақстан Республикасы саясатындағы негізгі басымдылықтардың қалыптасуы» (1997), «Қазақстан әлемдік қауымдастықта» (2000), «Саяси-құқықтық ілімдер тарихы» (2002), «Тәуелсіздіктің он сегіз жылдық асуы» (2009) еңбектері жарияланған. ҚР Парламент Сенатының депутаты болған (2011–23). «Құрмет» (2012), «Парасат» (2019) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда облының құрметті азаматы (2021).

Қ.Омаров

БАҚТЫБАЙ БАТЫР (кейбір деректерде 1698–1780) – әскери қолбасшы. Қазақ-қалмақ соғысында Әбілқайыр ханның сенімді серігі болған. Шекті руынан шыққан. Әкесі – Төлес би. Б. б. 15 жасында Әбілқайыр жасағында шайқасқа қатысып, ерлігімен көзге түскен. Есет батырдың қолдауымен шекті



Бақтыбай батыр

жасақтарына қолбасшы болып тағайындалған. Есімі сарбаздардың жауынгерлік ұранына айналған. Б. б. бастаған жасақтар Бұланты және Аңырақай шайқастарында жауды жеңуге үлкен үлес қосқан. М.Тевкелевтің Ресей сыртқы істер минне жазған құпия хатында (1732 ж. 20 маусым) полк. Гарбердің басшылығымен Ресейден Бұхара мен Хиуаға бет алған 500 түйелі керуенді Б. б. басып алып, дүние-мүлкін жергілікті елге таратып бергені баяндалған. Б. б-ды жергілікті халық «Әлім Қарасақал әулие» деп те атаған. Б. б. майдан алаңында қаза тауып, Жем өз. бойында «Қарасақал әулие» зиратына (қазіргі Ақтөбе обл. Байғанин ауд. Ақжар а.) жерленген.

Р.Бердігалиева

БАҚЫР МАҒЗЫМ, Имам Бақыр Ыбырайым Шайхұлы (1895, Жаңақорған ауд. Қарасопы а. – 27.12.1977, Жаңақорған ауд. Қосүйеңкі а.) – діни қайраткер. Айқожа ишанның немересі. Қарасопы мешітінде бірнеше жыл діни білім алған, араб тілінде діни кітаптарды (Құран Кәрім, хадистер, тәпсірлер) қазақ тіліне аударған. Жасынан зеректігі және діни білгірлігімен ерекшеленген оны Қаратау бөктеріндегі Ынтымақ а-н мекендеген Қоңыраттың алты атасының бірі – Қырғызалы руы имам сайлаған. 1928 ж. атақты Созақ көтерілісіне араласып, большевиктер мен көтерілісшілер арасында жазықсыз жандардың жапа шекпеуіне ықпал еткен. Ел ішінде имандылықты уағыздаған ол халыққа әулиелігімен танылып, үлкен қадір-құрметке ие болған.

А.Мамашұлы

БАЛА БИ – Шиелі ауд-ндағы ауыл, Талаптан ауылдық окр-нің орт. Шиелі кентінен солт.-батысқа қарай 31 км жерде орналасқан. Тұрғыны 3,9 мың (2023) адам. 1973–95 ж. қаракөл қойын өсірумен айналысқан «Қазақстанның 30 жылдығы» кеңшарының орт. болған. 1995 жылдан Б. б. ауылы деп аталады. Жер аум. 232,1 мың га. Ауылдық округте 18 шаруа қожалығы, емхана, мәдениет үйі, кітапхана, музыка мектебі, балабақша халыққа қызмет көрсетеді.

Қ.Омаров

БАЛА БИ КЕСЕНЕСІ – сәулет ескерткіші. Оқшы ата қорымының жанында орналасқан. Кесене 6 қырлы түрінде күйген кірпіштен өрілген, биікт. 6 м. Бала би өте шешен, ойға жүйрік, тілге шебер, тапқыр, маңызды мәселелер шешуде адамгершілігімен ерекшеленген. Шешендік сөздерінің әсерлі де ұлағатты, ұтымдылығы мен тапқырлығы тыңдаушыларын сүйсіндірген. Осындай үлгілі істерімен би Сыр елінің құрмет-мақтанышына айналған. Бала би Түркістан мен Сыр бойындағы қазақ руларын билеп-төстеген Қоқан хандығына, одан



Бала би ауылының №50 Абай атындағы орта мектебі

кейін Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы Досбол бимен бір ниетте, бір тілекте болған.

БАЛАНДЫ – ерте темір дәуіріндегі ескерткіштер кешені. Б-1 шағын қамалы, оған жалғасып жатқан қоныс пен Б-2–3 екі қабір құрылысынан тұрады. Қармақшы ауд. Қуаңдария а-нан оңт.-батысқа қарай 15 км жердегі Баланды мекенінде орналасқан. 1959 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетек. С.П. Толстов) алғаш зерттеп, 1960–61 ж. ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізген. 2006 ж. Шірік-Рабат археол. экс-пед. (жетек. Ж.Құрманқұлов) барлау жүргізіп, 2007 ж. далалық зерттеу жұмыстарын жалғастырған. 2012 ж. Б. кесенесінде қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Б. нысанында алғаш қазба жұмыстарын жүргізген акад. Толстов қабырғаның жоғарғы жақтарында сақталып қалған кірпіштердің көлбеу қаланғанына орай ғимараттың күмбезі болғанын анықтаған. Ғимараттың құрылыс жоспары дөңгелек келген, диам. 16 м, сақталған қабырғаларының биікт. 4,5 м, іргесі пахсадан, жоғарғы жағы шикі кірпіштен қаланған. Кіреберісі портал тәріздес, оңт. жағында орналасқан. Сыртқы қабырғалары үшбұрышты күрекше іспеттес. Ғимараттың ішінде диам. 5,5 м цилиндрге ұқсас, төбесі күмбездене жабылған ортаңғы бөлме бар. Құрылыс ғибадат етуге арналған. Оның жан-жағындағы шеңбер бөліктері сияқты бөлмелерде қабірлер, ал кіреберістен өзге бөлмелердің қабырғаларында радиалды аркалы қуыстар орналасқан. Есікке қарсы беттегі радиалды қабырға бітеу, бөлмелері еңселі, төбесі жабық, трапеция түріндегі кірпіштер көлденең және қиғаш қаланған. Қазба жұмысының нәтижесінде ескерткіштің солт.-батыс бөлігінен бірнеше бөлмелер ашылып, бірқатар бағалы заттар табылды. Олардың арасында ою-өрнекті сүйек пластиналар антик. үлгіде жасалған әрі жапырақ тәріздес әсем қола бұйымдар, сондай-ақ Сирияда жасалған өрнекті шыны ыдыстар, түйенің тас мүсіні, т.б. кездесті. Бөлме қабырғаларындағы сылақта полихромдық оюлардың ізі сақталған. Б. кешені б.з.б. 4–2 ғ-лардағы сақ тайпаларының материалдық және рухани мәдениеті, сәулет өнері, мал, егін ш-нан мағлұматтар беретін бірегей ескерткіштер қатарына жатады.

Ж.Құрманқұлов

БАЛАПАНОВ Тұрсын (1914, Сырдария ауд. Далакөл а. – 13.1.1978, сонда, Ақжарма а.) – еңбек ардагері. Еңбек жолын Аламесек МТС-нда трактор-шының көмекшісі болып бастаған. Сұлутөбе а-нда механизаторлар курсын (1936) бітірген. Аламесек МТС-та бригадир, шеберхана меңгерушісі, бөлім-



Балапанов Тұрсын

ше механигі (1936–45), аға механик (1945–53), қазіргі Ақжарма а-нда күріш өсірушілер звеносының жетекшісі (1953–78) қызметтерін атқарған. Б. күріш өсіруде Ы.Жақаевтың іс-тәжірибесін насихаттап, егіннен мол өнім алуға көп еңбек сіңірген. Ленин, Қазан революциясы ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Б-тың өмір жолы А.Тоқмағанбетовтің «Мұзбалақ» поэмасына арқау болған. Ақжарма ауылында көше атауы берілген.

Ж.Әбішева

БАЛБЫРОВ Жамбыл (12.12.1936, Жалағаш ауд. Жаңаталап а. – 19.2.2013, сонда) – еңбек ардагері, өнертапқыш. Қазақ КСР-інің еңбек сің. а. ш. қызметкері (1978). 1957 жылдан Жаңаталап ұжымшарында трактор шы-комбайншы, трактор бригадасының бригадирі, бөлімше механигі болып жұмыс істеген. «Құрмет белгісі» (1964), Еңбек Қызыл Ту (1966) орденде рімен, Бүкілодақтық а. ш. көрмесінің қола, алтын (1963, 1966) медальдарымен марапатталған. Б-ның есімі Қазақстанның Алтын кітабына енген (1976).

Т.Дайрабай

БАЛҒАБАЕВ Сұлтанәлі (21.5.1946 ж. т., Шиелі ауд. Мұстафа Шоқай а.) – драматург, жазушы, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2013). ҚазМУ-дың (1971, қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін бітірген. «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде»), «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналында, «Жалын» баспасында, Қазақстан Жазушылар одағында жұмыс істеген. Кейін Мемл. академ. жастар және балалар театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары (1992–2018), «Алтын бесік» журналының бас редакторы (2002–18) қызметтерін атқарған. 2008 жылдан Т.Жүргенов атынд. Қазақ ұлттық өнер академиясында курс жетекшісі, проф. 2020 жылдан «Отандастар» АҚ операторы. Б-тың «Көктем тынысы», «Жұлдызың жансын!», «Тұңғыш», «Құм мен қызғалдақ», «Шөл», «Дала мен дария», «Қазақтың қызыл кітабы», «Красная гармонь», «Ең әдемі келіншек», «Сыр мен Сарысу», «Алтын сағым», «Ауыл мен Алматы» атты кітаптары, повестері, әңгімелер және өлеңдер жинақтары жарық көрген. Сонымен қатар «Қыз жиырмаға толғанда», «Біз де ғашық болғанбыз», «Қазақша күрес» (ҚР Мәдениет мин-нің жабық бәйгесінде жүлде алған), «Тойдан қайтқан қазақтар», «Ғашықсыз ғасыр», «Әйелдер әлемі немесе ең жақсы еркек», «Сағындым сені: Оразалы – Ажар», «Қызылорданың қыздары», «Мәңгілік өмір – махаббат», т.б. пьесалары сахналанған. Халықар. «Алаш» әдеби (2008), Қазақ ПЕН клубы (2013) сыйлықтарының иегері. «Құрмет» (2007), «Парасат» (2021) орденде рімен, бірнеше медальмен марапатталған. Шиелі ауд-ның құрметті азаматы (2009).



Балғабаев Сұлтанәлі

Қ.Омаров

БАЛҒАБАЕВА Айнаш (1953, Жалағаш ауд. Мәдениет а. – 11.7.2006, сонда) – еңбек ардагері. 1972 жылдан «Мәдениет» кеңшарында күрішші, өндіріс бригадасының бригадирі болып еңбек еткен. Б. 1976 ж. 25 га күріштің әр гектарынан 83,7 ц, 1978–88 ж. 100 ц-ден өнім алған. 1998 ж. «Айнаш» жеке шаруа қожалығын құрған. КСРО Жоғ. кеңесінің 11-шақырылған депутаты. Еңбек Қызыл Ту (1984), Қазан революциясы (1991) орденде рімен, бірнеше медальмен марапатталған. 2018 ж. туған ауылында Б-ға көше атауы берілді.

С.Тайман

БАЛДЫҚ МЕШІТІ – 20 ғ-дың басындағы сәулет өнері ескерткіші. Қызылорда қ-ның іргесіндегі Жамбыл а-нда орналасқан. 1906 ж. Балдық есімді адам Ақмешіттен (қазіргі Қызылорда қ.) ұста, құрылысшы, т.б. алғызып, мешіт салдырған. 1988 ж. Алматы мемл. арх. және құрылыс ин-тының (қазіргі Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы) экспед. (жетек. Е.Бәйтенов) зерттеген. Құрылыс төртбұрышты кірпішінің қалануы жағынан 19 ғ-дың орыс архит. мәнеріне ұқсайды. Мешіт итарқа пішінде жабылған, іргесі мен қабырғасының арасы көлденең кірпішпен қаланған. Оңт.-батысқа (Мекке бағытына) қараған қабырғаның ортасында жарты шеңбер сияқты шығыңқы қаланған михрабы бар. Оның төбесі түйетайланып барып қабырғамен бірігіп кеткен. Кірпішті ойып қалау арқылы қабырғаларының үстіңгі бөлігі өрнектелген. Оңт.-батыс қабырғасы мен оған қарама-қарсы кіреберісі орналасқан қабырғаның маңдайшалары шетіне қарай төртқұлақтанып өрілген. Маңдайшасының ортаңғы жағы өрнектеліп қаланып, үшкілденіп біткен. Мешіттің намаз оқи-

тын бөлмесі кең, төрдегі михраб қабырғасы боялған, төбеге тіреу ретінде орта тұсқа қойылған екі үстін әшекей оюлармен безендірілген. Кіреберісі бөлменің төбесі шамның қалқанына ұқсатылып, гипспен әшекейленген. Б. м. архит. ескерткіш ретінде де, ислам дінінің маңызын білдіретін жәдігер ретінде де құнды.



Балмағамбетов Мақаш

БАЛМАҒАМБЕТОВ Мақаш (1914, Қызылорда обл. Қазалы ауд. №17 а. – 29.9.1977, Қарақалпақстан, Нүкіс қ.) – Кеңес Одағының Батыры (22.2.1944). Ұжымшарда есепші, кіші техник (1932–38) болған. 1943 жылдың наурыз айында майданға аттанып, құрамында сержант Б. бар рота 1943 жылдың 25 қыркүйегінде Днепр өз. шайқасында 20 фашисті жойып, өз бекіністерінен табан аудармай шайқасқан. Ерлігі мен батылдығы үшін Б-ке КСРО Жоғ. Кеңесі Төралқасының жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Б. соғыстан кейін Қарақалпақстанға қоныс аударып, Нүкіс қ-нда тұрып, сонда еңбек еткен. Ленин орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

С.Тайман

БАЛТАБАЙҰЛЫ Сәдібек (10.1.1948, Жаңақорған ауд. Екпінді а. – 2016, Қызылорда қ.) – байланыс саласының қызметкері, ҚР Құрметті байланысшысы (1995). Ташкент электротех. байланыс ин-тын (1972), Алматы энергет. ин-тын (1996, қазіргі ҚазҰТУ) бітірген. Қазақ КСР Байланыс мин-нде қызметкер, бөлім меңгерушісі (1972–85), Алматы обл. байланыс кәсіпорнының бастығы (1985–93), ҚР Байланыс мин-нде электробайланыс басқармасы бастығының орынбасары (1993–95), Алматы обл. телекоммуникациялар дирекциясының қаржы жөніндегі директоры (1995–2002), «Нұрсат» ЖАҚ бас директоры (2002–04), Қызылорда обл. телекоммуникация дирекциясының бас директоры (2004–15) қызметтерін атқарған. «Құрмет» (2007) орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы (2015).

С.Тайман

БАПАЛАҚОВ Абдад Бермұхамедұлы (13.11.1946 ж. т., Қызылорда қ.) – еңбек және соғыс ардагері, полк. Қызылорда пед. ин-тын (1969, қазіргі Қызылорда ун-ті), Мәскеу қ-ндағы КСРО МҚК Жоғары мектебін (1979) бітірген. Қызылорда ет комбинатында компрессорлық цех машинисінің көмекшісі, жүргізуші, «Еңбек» Қызылорда обл. кеңесінде өндірістік гимнастика бойынша әдіскер (1963–65), Қызылорда қ. комсомол к-тінің бөлім меңгерушісі (1970–72), обл. комсомол к-тінің бөлім меңгерушісі, хатшысы, 1-хатшысы (1972–77), КСРО МҚК Целиноград обл. департаментінде қарсы барлау басқарма бастығының орынбасары, Қазақ КСР МҚК Орал обл. басқарма бастығының кадрлар жөніндегі орынбасары (1990–92), ҚР ҰҚК Қызылорда обл. және Ленинск қ. басқармасының бастығы (1992–95), «ОңтүстікМұнайГаз» АҚ бақылау-ревизия бөлімінің бастығы, «ОңтүстікМұнайГаз» АҚ – «Құмкөл Мұнай – Ураган» ААҚ заң қызметінің басшысы (1996–99), мемл. стандарттаудың Қызылорда обл. бойынша мемл. қадағалау басқармасының бастығы (2000–03), ҚР Индустрия және сауда мин. тех. реттеу және метрология к-тінің Қызылорда обл. басқармасының бастығы (2003–09) қызметтерін атқарған. «КСРО Қарулы Күштеріне 60 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне 70 жыл», КСРОның 1-, 2- және 3-дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін», «Ерен еңбегі үшін», т.б. көптеген медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

БАРСАКЕЛМЕС – Арал т-ңің солт. бөлігіндегі түбек. Арал ауд-нда орналасқан. Теңіз суы тартылғанға дейінгі ұз. 28 км, енді жері 8 км, ауд. 133 км^2 (1987) арал болған. Түбек ендік бағытта созылып жатыр. Жер қыртысы неоген шөгінділерінің сазды тақтатас және мергель тау жыныстарынан тұрады. Оның бетін төрттік кезеңнің шөгінділері жапқан. Жер бедері дөңесті-белесті болып келеді. Абс. биікт. 113 м (Шағалалы төбесі). Құмды жерлерінде шағылдар мен құм төбешіктер бар. Б-тің батыс бөлігінің жағалауы жартасты, жарқабақты, шығысы жазық, жайпақ келген. Климаты тым континенттік, шөлдік. Қысы суық, жазы ыстық. Қаңтардың орташа темп-расы –10°С, кейбір күндері –35°С-қа дейін төмендейді. Шілдедегі орташа темп-ра 26,5°С, кейде 40°С-қа дейін көтеріледі. Жауын-шашынның жылдық мөлш. 100–120 мм. Жер асты суы ащы. Топырағы сұр, сортаң және құмдақ. Өсімдіктен сексеуіл, бұйырғын, теріскен, жусанның бірнеше түрі, адыраспан және әр түрлі сораң шөптер кең тараған. Теңіз суының тартылып қалуына және топырағының кебірленіп тұзға айналуына байланысты түбектегі жануарлар (ақбөкен, құлан, қарақұйрық, ор қоян, т.б.) Қапшағай аңшылық-қорық ш-на және Үстірт қорығына көшірілген.



Барсакелмес қорығы

БАРСАКЕЛМЕС ҚОРЫҒЫ, Арал т-нің солт.-батыс бөлігінде орналасқан. 1939 ж. ұйымдастырылған. 2005 ж. аум. 10 есеге ұлғайып, 160 826 га құрады. ҚР Үкіметінің 2020 ж. 29 шілдедегі №484 қаулысына сәйкес Барсакелмес мемл. табиғи қорығының көлемі Сырдария өз-нің Кіші Арал теңізіне құяр сағасындағы «Дельта» учаскесін (2300 га) қосу арқылы ұлғайды. Қазіргі таңда табиғи қорықтың жалпы көлемі 163 126 га, күзет аймағы – 52 160,54 га. Барсакелмес қорығы 3 кластерлік учаскеден тұрады: 1) «Барсакелмес» учаскесі, қорықтың бұрынғы аум. (16 795 га) мен теңіздің кепкен табаны кіреді, жалпы ауд. – 50 884 га. 2) «Қасқақұлан» учаскесі, құландардың қазіргі кездегі мекен ету орны және теңіздің кепкен табанында өсіп шыққан табиғи сексеуіл тоғайларының үлкен массиві болып табылады, ауд. – 109 942 га. 3) «Дельта» учаскесі, Сырдария өз-нің Кіші Арал теңізіне құяр сағасында орналасқан, ауд. – 2 300 га. Аталған кластерлік учаскелер бір-бірінен алшақ орналасқан. «Барсакелмес» және «Қасқақұлан» учаскелерінде кең көлемдегі сексеуіл орман қорлары болса, «Дельта» учаскесінде Сырдария өз-нің сағасында сыр талы, жиде сияқты тоғайлар мен кең көлемдегі сулы батпақты өңірде қамыс өседі. Қорық аум-ндағы орманды өңірлердің ауд. 56 мың га, орман қамтыған аймақ 33 208 га. «Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы» РММ-і негізінде 2016 ж. 19 наурызда құрылған Барсакелмес биосфералық резерваты ЮНЕСКО биосфералық резерваттарының Әлемдік жүйесіне енді. Сырдария өз-нің құяр сағасы Қазақстанның сулы-батпақты өңірлерінің ішінде маңыздылығы бойынша 4-орынды алып отыр және де ол биоәркелкілігімен ерекшеленеді. 2012 ж. Кіші Арал теңізі мен Сырдария өзнің құяр сағасы Халықар. Рамсар конвенциясымен қорғалатын сулы-батпақты

өңірлер тізіміне енді. Барсакелмес қорығына «Тұран шөлдері» номинациясында ЮНЕСКО-ның Әлемдік және мәдени мұрасы мәртебесі берілді. Бұл мәртебенің басты ерекшелігі – қайталанбас табиғи кешендердің біртұтастығы мен қауіпсіздігін сақтауға қосымша кепіл болады. Қорықтың мақсаты – қорық аум-ндағы кепкен теңіз ұлтанында және оған жақын орналасқан жерлерде өсімдік жамылғысының жаңадан қалыптасуын және жаңа жағдайларға бейімделген жануарлар түрлерін ғылыми бақылау және қорғау. Сонымен қатар, қорықтың символына айналған – Қызыл кітапқа енгізілген құландарды қорғау және санын арттыру болып табылады. Қорық жерінің негізі – құммен қоршалған саз топырақты сортаң шөл. 1965 жылға дейін мұндағы тұзды көлдерде аққу, бірқазан, су құзғыны ұялаған. Теңіз суының тартылуына орай қазір қорықта көл де, бұл құстар да жоқ. Бұрын аралда жоғары сатыдағы өсімдіктердің 250-ден астам түрі өсті және бауырымен жорғалаушылардың 8 түрі (тасбақа, қалқантұмсықты жылан, қарашұбар жылан, жұмырбас кесіртке, жүрдек кесіртке, ысылдағыш жармасқы, т.б.), жыл құсының 211 түрі (дуадақ, қылқұйрық, шіл, жылқышы, шүрілдек торғай, көк торғай, т.б.) болды, 1970–90 ж. олардың саны күрт азайып, тіпті кейбір түрлері жойылып кетті. Тік жартастарда дала қыраны, бөктергі және ителгі ұялайды. Қорықта құланды жерсіндіру мақсатында 1953–65 ж. Түрікменстанның Бадхыз қорығынан 19 құлан әкелінді. 1976 ж. Б. қ-нда құланның саны 157 болды. Қазіргі таңда сүтқоректілер фаунасы 28 түрден тұрады (2023). Олардың үшеуі – құлан (саны 798), қарақұйрық (саны 258), шағыл мысығы (саны 5) – Қызыл кітапқа енгізілген, ақбөкен (саны 32), құм балпағы (саны 24 800). Қарсақ, құм қояны, қосаяқ, зорман, сұр атжалман, қалқанқұлақты кірпі көп кездеседі. Қасқыр мен түлкі де көп таралған. Сирек жануарлардың санының өсуіне және сақталуына қорық тәртібі қолайлы жағдай туғызады. Қорықта жылдың әртүрлі мезгілінде 250 түр құстар мекен етеді немесе ұшып өтеді. Оның 33 түрі Қызыл кітапқа енгізілген, 17 түр индикаторлық болып табылады. Қызыл кітапқа енгізілген түрлер: бұйра бірқазан, кіші аққұтан, сары құтан, сұр тырна, бидайық, қарабас өгіз шағала, сұңқылдақ аққу, жыланшы бүркіт, дала қыраны, қарақұс, джекдуадақ, жәй дуадақ, тарғақ ақбауыр және қарабауыр бұлдырықтар, үкі, қоқиқаз, қарабай, мәр-мәр шүрегей, аққөз сұңғуір, жалбағай безгелдек, ителгі, қылқұйрық бұлдырық кездеседі. Жануарлар дүниесі өте алуан түрлі. Омыртқасыздар әлемі өкілдері өте көп, тек насекомдардың (1 күндіктер, иненіктер, таракандар, таяқшалылар, айырқұйрықтылар, тікқанаттылар, теңқанаттылар, қаттықанаттылар, қабыршаққанаттылар, жарғаққанаттылар, қосқанаттылар) өзінің 12 отрядтан 2000-дай түрі кездеседі. Өкінішке орай жануарлардың бұл тобы толық зерттелмеген. Тек қоңыздардың 12 тұқымдасының 400 түрі анықталған. Қорықта насекомдардың қызыл кітаптық түрлерінен Арал жіңішке құйрық инелігі және әмірші инелік кездеседі, жарыққа қызыл нүктелі кіреуке ұшып келеді. Басқа түрлердің табылуы да мүмкін, олардың ішінде боливария қысқақанатты дәуіті, қоңырқанатты және дала шегірткелері, нүктелі хан қызы бар. Бауырымен жорғалаушылардың 12 түрі белгілі. Тек қана құмда тарақ саусақты жармасқы, құлақты бат-бат, бұлан-құйрық бат-бат, орташа және жолақ кесіртке мекендейді. Жалтырауық жармасқы мен құм айдаһаршасы басқа биотоптарда да кездеседі. Тақыр бат-баты, түрлі-түсті кесіртке, қалқан тұмсық жылан көбіне сазды шөлдерде мекендейді. Барлық немесе дерлік барлық шөл түрлеріне орта-азия тасбақасы, бұғақты ешкемер, шапшаң кесіртке, оқ жылан тән. Қорықта ең саны көп кесірткелер тақыр бат-баты, бұғақты ешкемер және түрлі түсті кесіртке болып табылады. Қосмекенділердің екі түрі – жасыл құрбақа мен көлбақа кең таралған. Балықтардың 22 түрі бар. Арал теңізі бассейнінде Қызыл кітапқа енгізілген 4 түр (тасбекіре, аралдық қаяз, түркістандық қаяз, шатқалдық подкаменщик) кездеседі. Индикаторлық түрге ең көп таралған жергілікті Abramis brama (Linneaus) ақтабан балығы жатады. Қорықтағы өзекті өсімдіктер флорасына 60 тұқымдас, 191 туыстың 325 түрі жатады. Барсакелместе 253 түр, ал Қасқақұланда 101 түр, Дельтада 112 түр тіркелген. Қазақстанның эндемик түрлері – 16. Қызыл кітапқа енгізілген түрлер – 5. Олар: Борщов қызғалдағы, Пратов көкпегі, Қосжарнақты қызғалдақ, Қылқанжапырақты батпақгүл, Қазақстандық қамыс.

Қ.Омаров

БАРШАҚҰМ – Арал Қарақұмының солт-ндегі құмды алқап. Арал ауд. және Ақтөбе обл. Ырғыз ауд-нда орналасқан. Абс. биікт. 112 м. Солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 110 км-ге созылып жатыр, енді жері 40 км, аум. 1,7 мың км^2. Жер бедері қырқалы-төбешікті, бірен-саран шағылдар (биікт. 7–12 м) кездеседі. Құм төбелері арасында Берді, Аймаңдай, т.б. құдықтар орналасқан. Құмның сұр, сортаңды топырағында жусан мен бұта аралас эфемерлі өсімдіктер, грунт суы жер бетіне жақын жатқан ойысты жерлерде жыңғыл, ши, құрақ өседі. Жыл бойы мал жайылымына пайдаланылады. Мұнда Бөбешек, Мейірман, Жыланды, Манасбай, Көккабақ қыстаулары орналасқан.



Баршынкент – ортағасырлық қала орны

БАРШЫНКЕНТ, Сырлытам, Қызқала, Қышқала – ортағасырлық қала орны. Сырдарияның төм. ағысы маңында, Қызылорда қ-ның оңт.-батысында 25 км-дей жерде орналасқан. Қала орнына өткен ғасырда П.И. Лерх, В.А. Каллаур, 1946 ж. С.П. Толстов бастаған Хорезм археол.-этногр. экс-пед. зерттеу жүргізген. Акад. Ә.Марғұлан оны Алпамыс батыр жырындағы Гүлбаршынның есімімен байланыстырады. Б. Шыңғыс хан шапқыншылығына дейін оғыздар мен қыпшақтардың арасындағы шекаралық аймақтағы үлкен маңызды стратег. бекініс және мәдени-сауда орт. болған. Хорезм, Қыпшақ, Қимақ хандықтары әскерлеріне табанды қарсылық көрсеткен. Кейін ұзақ уақыт қаланы ала алмаған Жошы әскері қамалды қоршаған орға өзен суын бұрып, қаланы суға батырып, берілуге мәжбүр еткен. Шапқыншылықтан қираған қала көп ұзамай қалпына келтіріліп, Жошы ұлысының Сыр бойындағы орт-на айналды. Б-те теңге соғатын сарай болғаны да белгілі. Осының барлығы оның Алтын Орда тұсында саяси, мәдени және білім ордасы болғандығын көрсете еді. 13 ғ-дың 2-жартысында Сыр бойында болған Жамал Қарши: «Баршынкентте оғыздар мен қыпшақтар аралас тұрады» деп жазды. Б. туралы мәліметтер орта ғасыр тарихшылары мен елшілердің қолжазбаларында көп кездеседі. Солардың бірі Плано Карпини: «Сыр бойының халқы мұсылман тілінде сөйлейді, салт-дәстүрі де мұсылманша. Осы маңда қираған қамалдар мен қалалардың орындары өте көп. Жақын жерден өтетін өзеннің бойында тұрғаны – Жанкент, Баршын және Арнас. Олардан басқа да қалалар бар, бірақ біз олардың аттарын біле алмадық», – деп жазды. Қаланың аты 15 ғ-дан

бастап жазба деректерде кездеспейді. Оның күйреуіне не себеп болғаны әлі зерттелмеген. Б. жайлы көптеген ғалымдардың (Д'.Оссон, В.Бартольд, Марғұлан) еңбектерінен оқуға болады.

БАСПАН Құлымбайұлы (1843, Қазалы уезі, Көшербай болысы – 1915, сонда) – ақын, жырау. Ел арасына тараған «Есенгүл қаратамыр Баспан жырау, Қиырын талай жердің басқан жырау» деген сөз оның көп жерлерде болғандығын аңғартады. Б-ның «Төребай биге», «Көңіл қосымен», «Самұратқа», «Бәшкеннің Оспанына», «Өзім туралы», т.б. өлеңдері сақталған. Ақын өлеңдерінде ел жақсыларын татулыққа, бірлікке шақырады.

Т.Дайрабай

«БАСТАУ – S» – жеке компания. 1996 ж. бұрынғы ет комб-ның негізінде құрылған «Бастау и К» ЖШС шұжық өнімдерін, ет қалбырларын, әртүрлі құрамдағы ботқалар шығарды. Кейін су ұңғымаларын бұрғылаумен, мұнай және оның өнімдерін тасымалдаумен айналысты. 2007 жылдан «Бастау – S» ЖШС ретінде қайта құрылып, мұнай-газ өнеркәсібі саласындағы сервистік қызмет нарығына шықты. Серіктестіктің 1 300 қызметкері, 390 бірлік арнайы техникасы бар. Өндірістік базасы: Қызылорда қ-нда, «Арысқұм», «Құмкөл», «Нұралы», «Айдан», «Қоныс» кен орындарында орналасқан. Компания арнайы, кәсіпшілік, жолқұрылыс, жүк және жолаушылар тасымалы техникаларын ұсыну, мұнай-газ ұңғымаларын цементтеу, бұрғылау мен жою және сұйытылған көмірсутек газын тасымалдау қызметтерін көрсетіп келеді.


А. Әбдімомынова

БАСЫҒАРАҰЛЫ Жүсіпбек (т.ж.б., қазіргі Шиелі ауд. Сұлутөбе а. – 1920, Ташкент қ.) – ақын, аудармашы. «Қыз балаларға» (1913), «Бозбалаларға» (1914), «Жас әйелдерге» (1914) атты дидактик. өлеңдері «Айқап» журналында, «Ақымақтарға» (1913), «Өлең-жыр» (1914), «Интеллигент» (1914), т.б. өлеңдері «Қазақ» газетінде, «Жазушыларға» (1917), «Отағасы» (1917), «Неғып жатыр?» (1917) өлеңдері «Алаш» газетінде жарияланған. Б-ның публицист. мақалалары өте көп. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісіне де елеулі үлес қосқан. Нысанбай жыраудан «Кенесары – Наурызбай» жырын жазып алған. 1926 ж. Мәскеуден Б-ның құрастыруымен «Тазша (өтірік сөздер, өлеңдер)» кітабы басылып шықты. Н.Төреқұлов, Х.Досмұхамедов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, С.Қожанов, Ғ.Мұратбаев, т.б. қоғам қайраткерлері Б-ның шығарм. еңбегін жоғары бағалап, оған қолдау көрсетіп отырған. Ақынның әдеби мұрасы арнайы зерттелмеген.

Т. Қоңыратбай

БАСЫҚАРА – жер атауы. Қазалы ауд-нда орналасқан. Әйтеке би кентінен 21 км солт-те, Сырдария өз-нің бойында орналасқан. Тұрғыны 1,1 мың адам (2023). Бұл жер Сырдария атырауының солт. жағындағы қыр-төбелермен шектеседі. Геоморфол. тұрғыдан Б. ойлы-қырлы келген жазық дала. Оның негізін денудация процесінен мүжіліп тегістелген палеогендік шөгінділердің қалдықтары құрайды. Климаты континентті. Жылдық орташа темп-ра 7,0-ден 8,8°С-қа дейін, жауынның жылдық мөлш. 104–132 мм. Өсімдік жабындысын бұйырғын, жусан, ылғалы мол жылдары әр түрлі эфермелер құрайды. Шөптесінді құмтөбелерде жусан, эфермелер, күйреуік, теріскен, етегінде жыңғыл, шеңгел, ақсексеуіл өседі. Мұнда Б-мен аттас, 1934 ж. №3 ауылдық кеңес болып құрылған ауыл, яғни Басықара ауылдық окр-нің орт. орналасқан. Ол Әйтеке би кентінен солт.-шығысқа қарай 23 км жерде, Сырдария өз. жағалауында, Қазалы су торабының жанында сортаң топырақ жерде орналасқан. Округ құрамына №98 разъезд кіреді.

БАСЫҚАРА БИ (1757–1838) – би және батыр. 10–12 жасында билік айтып, әділдігімен елге танылған. Ел әңгімелерінде Басықараны бірде батыр, бірде би деп атайды. Б-ның бабасы Тасым батыр төртқара ғана емес, сонымен қатар әлімұлы бірлестігінің даңқын арттырған батыр. Басықарадан Бекмырза, одан Бәймен туған. Бәймен би, Басықараның есімдері «Қазақ-орыс қатынастары» жинағында кездеседі. Мұрағатта олардың есімдері, істеген істері жайлы деректер кездеседі. Мыс., 1792 жылдың маусым айында басқа билермен бірге Ерәлі сұлтанның хан болуына қарсылық білдіргендердің ішінде Б. б-дің де есімі бар. Қазіргі уақытта Қазалы су торабы Басықара атымен аталады. Ел аузында «Басықара басып айтады, басқа билер қасып айтады» деген сөз қалған.



Басықара би белгісі

БАСЫҚАРА СУ ТОРАБЫ – 20 ғ-дың 2-жартысында Қазалы мен Арал аудандарындағы суармалы егістік пен шабындықты жеткілікті мөлшерде иге-



Басықара су торабы

ру, су тапшылығынан құтқару мақсатында салынған құрылыс. 1963 ж. «Қызылорда су құрылысы» тресіне қарасты №16 ЖМК құрылысты бастап, «Қазалы су торабы» бүкілодақтық екпінді құрылыс болып жарияланып, оған жан-жақтан мамандар мен жұмысшылар келген. Алғашында жаңа құрылыспен бірге екі пәтерлі 19 үй, 8 жылдық мектеп, клуб, емхана, балабақша, монша, орт. жылу жүйесі салынып, 1970 ж. «Қазалы су торабы» пайдалануға берілген. Қазіргі уақытта Б. с. т. арқылы Ақсай арнасына 25 $м^3/с$, «Оң жаға» каналына 6 $м^3/с$, «Сол жаға» каналына 13 $м^3/с$, «Өтебас» каналына 2 $м^3/с$, «Әбжел» жайылымдығына 5 $м^3/с$ су жіберіледі. Бастауын «Оң жағадан» алатын «5Х-1» каналы арқылы «Жалаңтөс батыр» ЖШС егістігі суарылады. «Абдулла аша» арқылы «Құмкөл», «Марқакөл», т.б. көлдер мен жайылымдықтарға су жіберіледі.

С.Тайман

БАТЫР Қайыпұлы (т.ж.б. – 1771) – сұлтан, Кіші жүздің бір бөлігінің ханы (1748–71). Жошыдан тараған Жәдік сұлтанның ұрпағы. Бұхара қ-нда білім алып, 1728 ж. аз уақыт Хиуа тағында отырған. 1723–29 ж. қазақ-жоңғар соғыстарында Шекті руының жасағын бастап, батырлығымен, қолбасшылық қабілетімен ерекшеленген. 18 ғ-дың 20-жылдарының аяқ кезінен Әбілқайыр ханның басты бақталастарының бірі болды. Б. өзінің геосаяси мақсаттарын жүзеге асыруда көпвекторлы бағыт ұстануға тырысты. Әбілқайыр ханның қазасынан кейін, оның ұлы Нұралы ханның билігін мойындаудан бас тартты. 1748 ж. қазан айында кішкене Шекті, Төртқара, Қарасақал рулары, шөмекейдің Бозғұл руының (қаратамыр, балқы, желдер немесе сөйін бөлімдері) басшылары Б-ды хан сайлайды. Бірақ Ресей оны хан ретінде мойындамады. Б. 1750–60 ж. Орта Азия

хандарымен бейбіт қарым-қатынас орнатып, 1763 ж. Пекинге елші жіберді. Сырдарияның төм. ағысында орналасқан өз ордасында қайтыс болған. Б-ның есімімен Қызылорда қ-нда бір көше аталған (2021).

Қ.Омаров

БАТЫРБАЕВ Рахмет (1921, Қызылорда қ. әкімдігіне қарасты Қызылжарма а. – 25.10.1992, Қызылорда қ.) – ақын. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Жасынан ән-жырға құмар болып, қисса-дастандарды жаттап өскен. Т.Ізтілеуовті пір тұтқан. Өлең жазумен 1950 жылдардан айналыса бастаған. Алғашқы өлеңдері «Сыр бойы» газетінде, «Шұғыла» (1977), «Жайқоңыр» (1984) жинақтарында жарық көрген. Оның «Ажал құрсауында», «От кешу», «Үзілмеген үміт», «Достық баспалдақтары» атты шағын жырлары бар. «Бұқарбай батыр» дастаны (1991) жарияланған. Қызылорда қ. әкімдігіне қарасты Қызылжар а. Б-тың есімімен аталады.

Т.Дайрабай

БАТЫС ЕУРОПА – БАТЫС ҚЫТАЙ КӨЛІК ЖОЛЫ – халықар. транзиттік автомоб. жолы, ежелгі Ұлы Жібек жолының қазіргі заманғы баламасы. Бұл транзит идеясы 2008 ж. 6 ақпандағы ҚР Президентінің Жолдауында алғаш көрініс тапты. 2008 ж. 22 қыркүйекте Ресеймен, 2009 ж. 16 сәуірде ҚХР-мен Б. Е. – Б. Қ. к. ж. туралы меморандумға қол



Батыс Еуропа – Батыс Қытай көлік жолы

қойылды. Санкт-Петербург және Чженчжоу қ-лары аралығындағы бұл жол 8445 км-ді қамтиды. Транссібір т. ж-мен екі қала арасын, яғни 11500 км-ді 14 тәулік ішінде жүріп өтуге болады, ал теңіз жолы бұдан да ұзаққа созылады. Қазақстандағы ұз. – 2787 км. Қазақстанның 5 облысы (оның ішінде Қызылорда обл.) арқылы өтеді. Ал 2233 км Ресейге, 3425 км ҚХР-ға тиесілі. Қазақстан аум-нан өтетін жобаның жалпы құны 825,1 млрд теңгені құрады, бастапқыда оның 2125 млн долларын «Еуропалық қайта құру және даму банкі», 340 млн долларын «Азия даму банкі», 170 млн долларын «Ислам даму банкі» несиемен қаржыландырды.

БАЯЗИТОВА Хадиша (1.1.1938, Түркістан обл. Шәуілдір ауд. – 24.6.2020, Жаңақорған ауд.) – ұстаз, публицист, ақын. Қазақ КСР оқу ісінің үздігі (1980), «Күміс алқа» иегері (2003). Шымкент пед. ин-тын (1957, қазіргі Оңт. Қазақстан пед. ун-ті) бітірген. Жаңақорған ауд-ндағы №51 орта мектептің мұғалімі (1962–69), №162, №125 орта мектептердің директоры (1969–82, 1982–92) қызметтерін атқарған. 1993 жылдан ауд. мұсылман әйелдері қоғамының



Баязитова Хадиша

жетекшісі. Б. ширек ғасыр ішінде жергілікті оқу-ағарту ісінің дамуына, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласына зор үлес

қосты. Б-ның «Бақытымды босағамнан күтемін» жинағына (2006) әр жылдары респ., обл., ауд. баспасөз беттерінде жарық көрген өлеңдері мен толғаныстары, естелік мақалалары топтастырылған. КСРО Оқу мин-нің Құрмет грамотасымен (1986), Қызылорда обл. кеңесінің Құрмет грамотасымен (1988), ҚР Президентінің Алғыс хатымен (2001) марапатталған.

А.Мамашұлы



Баязитова Шарбан

БАЯЗИТОВА Шарбан Дәкішқызы (20.3.1962, Сырдария ауд. Абай а. – 20.8.2014, Қызылорда қ.) – ғалым, экон.ғыл. докт.(2009), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері. Қызылорда пед.ин-тын (1983, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қармақшы ауд-ндағы №27, №113 орта мектептерде, №14 кәсіптік-техн. уч-ще-де математика пәнінің мұғалімі болған. 1993 ж. обл-тағы алғашқы жекеменшік ЖОО «Сейхун» ин-тын ашқан. Аталған ин-тта оқытушы, аға оқытушы (1993–97), ректор (1997–2007), Абылай-хан колледжінің директоры (2007–09), Қазақ-Қытай академиясының проф. (2009–14) қызметтерін атқарған. Ғылыми бағыты: Аграрлық саладағы кәсіпкерлік қызметті дамыту мәселелері. Б. 70-тен астам ғылыми еңбектің, бірнеше монография, оқулық пен оқу құралының авторы. Мерекелік медальдармен, «Ы.Алтынсарин», «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталған. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2009).

БӘБІШ МОЛА – археол. кешен (б.з.б. 4–2 ғ-лар). Респ. маңызы бар ескерткіш. Сырдариянның көне атырауын (Жаңадария саласы) жайлаған апасиак тайпаларының қонысы. Қызылорда қ-нан оңт.-батысқа қарай 230 км жерде орналасқан. Кешенді 1950 ж. Хорезм археол.-этногр. (жетек. С.П. Толстов), 2005 ж. Археол. ин-тының экспед-лары (жетек. Ж.Құрманқұлов) зерттеген. 1825 ж. Е.Қайдалов деген көпес алғаш Қожа там деген жерден «монастырға ұқсас үлкен қирандыны» байқаған. Кешен қала-бекіністен, жерлеу орнынан, бірнеше қоныстар мен суғару арнасынан тұрған. Б. м. кешенінің бір тұрағы дұрыс жоспарланбаған бекініс түрінде сақталған, сырты мықты (жуандығы 5,3 м) шикі кірпіштен тұрғызылған қабырғамен қоршалған. Қаланың солт. бөлігінде 100х100 м мұнаралар және жебе тәріздес атыс ойықты қабырғамен қоршалған қамал, сонымен қатар ішкі жағынан да ату ойықтары бар тағы бір құрылыс (44х44 м) тұрғызылған. Қалашықтан батысқа қарай архит. жағынан ерекше 30х30 м, биікт. 3,3 м платформаға тұрғызылған жерлеу ғимараты орналасқан. Сызба бойынша 21х21 м, ал сақталған биікт. 7 м-лік бұл құрылыс төрт жерлеу камерасынан тұрып, аралары өзара түйіскен екі дәлізбен бөлінген. Ғимараттың қабырғасы (40х40х10 см) шикі кірпіштен қаланған.



Бәбіш мола

Дәліздері мен бөлмелері трапеция түріндегі кірпіштер арқылы көлденеңінен жабылған. Құрылыстың периметрін бойлай айналма дәліз орналасқан, ішкі дәліздердің остеріндегі төрт қуыс (лоджия) соның қалдығы секілді. Мүрделер қабірхананың еденіне және арнайы оссуарийлерға (арнаулы қыш табыттар) жерленген. Кешеннің антик. шағын қоныстарының қалдығы, әдепкідей, суғару арнасының бойын жағалайды.

С.Әжіғалиев

БӘЙГЕҚҰМ – Шиелі ауд-ндағы ауыл, т. ж. ст. Шиелі кентінен солт.-батысқа қарай 25 км жерде, Сырдария өзінің оң жағалауында орналасқан. Тұрғыны 2,37 мың адам (2023). 1978–96 ж. көкөніс-бақша өсірумен айналысқан кеңшардың орт. болған. Жер аум. 3,1 мың га. Қазіргі уақытта Б-да 10 шаруа қожалығы және 10 жеке кәсіпкер бар. Ауылда орта мектеп (650 оқушы), 50 төсектік аурухана, балабақша, клуб, кітапхана халыққа қызмет көрсетеді. Б. арқылы Шымкент – Қызылорда т. ж. өтеді.

Қ.Омаров

БӘЙКЕНОВ Әлібек (1889, Қармақшы ауд. Күйеуасар а. – 1944, Қызылорда қ.) – халық ақыны. 2-дүниежүз. соғыс жылдарында Н.Бекежановтың концерттік бригадасының құрамында болған. 1943 ж. респ. айтыста Орынбай Таймановпен жыр сайысына түскен. Шығармалары «Пернедегі термелер» (1965), «Айтыс» (3-т., 1966) жинақтарында жарияланды. Ақынның жеке туындылары мен ел арасынан жинаған материалдары Қазақстан ҒА-ның Орт. ғыл. кітапханасының сирек қолжазбалар қорында, Әдебиет және өнер ин-тының қолжазбалар орт-нда сақтаулы.

Т. Әлібек

БӘЙМЕН АХУН Тілемісұлы (1846, қазіргі Сырдария ауд. С.Сейфуллин атынд. а. – 1916, Қараөзек бойы) – діни қайраткер. Троицк қ-ндағы «Расулия» медресесін бітірген, Уфа қ-нда ұзақ жылдар оқып, ахун дәрежесіне жеткен. Кейін өзі оқыған медреседе дәріс берді. Сыр бойының Табын руынан шыққан ауқатты діндар Кіребай қажы 1890 жылдары Сыр бойына мешіт салдырып, «Расулия» медресесінің хазіретіне жолығып, мешітке имам жіберуді өтінген екен. Оған Б. а. 44 жасында келіп, өмірінің соңына дейін Кіребай қажы мешітінде имам болып, шәкірт тәрбиелеп, зерек шәкірттерін өзі оқыған медресеге жіберіп отырған. Баласы Ғұбайдулланы Уфа қ-ндағы медреседе оқытқан. Б. а. Сыр өңірінде егіншіліктің де дамуына ықпал етіп, отырықшылық кәсіп үйренуге үлгі-өнеге көрсеткен.



Бәйменов Әділхан

БӘЙМЕНОВ Әділхан (16.6.1944, Жалағаш ауд. қазіргі М.Шәменов а. – 21.9.2004, Қызылорда қ.) – журналист. ҚазМУ-ды (1970, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Алғашқы еңбек жолын Қазақ радиосының «Шалқар» арнасында редакторлықтан бастаған. «Сыр бойы» газетінің бөлім меңгерушісі, обл. партия к-тінің баспасөз жөніндегі нұсқаушысы (1974), «Сыр бойы» газеті бас редакторының 1-орынбасары (1991), обл. тіл басқармасының бастығы, «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы (1992–94) қызметтерін атқарған. Б-тің «Желқұйын», «Белгі», «Жол үстінде», «Мұра», «Киелі киік», «Сөгіс пен алғыс», «Сыйлық», «Есеп машинасы», т.б. әңгімелері әр жылдары жарық көрген жинақтарда жарияланған.

Т.Дайрабай

БӘЙТІК Бәймәмбетұлы (шамамен, 1762 – 1841) – батыр. Хиуа, Қоқан хандықтарының жергілікті халыққа жасаған озбырлық әрекеттеріне қарсы тұрған. Қазақтардың Жаңадария өз-нің бойына қоныстануына басшылық жасаған.

Б-тің әскери жорықтары Балқы Базар, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Шораяқтың Омары шығармаларында айтылады. Батырдың қалмақтарға, Хиуа, Қоқан басқыншыларына қарсы жорықтарда көтерген ақ туы баласы Тоғанас батырға ауысқан.

А.Шарманов



Бәкі кесенесі

БӘКІ КЕСЕНЕСІ – 19 ғ-дың соңында тұрғызылған сәулет өнерінің ескерткіші. Телікөл көлінен солт.-батысқа қарай 20 км қашықтықтағы Құланбай қорымының солт.-шығыс бөлігінде орналасқан. Кесене үлкен төбенің басына, қорымның ортасына тұрғызылған. Б. к-н Қазақстан Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының экспед. (1981, жетек. Ә.Оспанов) зерттеген. Кесененің ауд. 7,55х8,15 м. Биікт. 6 м, қабырғасының қалыңдығы 1 м. Күмбездің жоғары бөлігі қираған. Кесене топыраққа майда тас араластырылып құйылған кесектерден өрілген.

Р.Жанұзақ

БӘКІР Әбдіжәлел Қошқаруұлы (23.1.1940 ж. т., Сырдария ауд. Айдарлы а.) – қоғам қайраткері, филос. ғыл. канд. (1983), саяси ғыл. докт. (2006), проф. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қызылорда пед. ин-тын (1963, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын Қызылорда қ-ндағы мектептерде мұғалім болып бастаған. Қалалық комсомол к-ті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1-хатшысы, обл. партия к-ті саяси ағарту үйінің кеңесшісі, меңгерушінің орынбасары, насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары, меңгерушісі (1965–91), телерадио хабарларын тарату компаниясының төрағасы (1991–95), Қазақ гуманит. заң ун-тінің проф. (2005–16) қызметтерін атқарған. 2016 жылдан Қызылорда ун-ті «Мұстафа Шоқай» ғыл. орт-ның жетекшісі. 4 монография, 2 оқулық, 100-ден астам мақаланың авторы. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (1995, 1999). ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының А.Байтұрсынов атынд. орденімен, ҚР БҒМ-ның Ы.Алтынсарин төсбелгісімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», т.б. медальдармен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.



Бәкір Әбдіжәлел

С.Тайман



Бәкірова Шолпан

БӘКІРОВА Шолпан (1924, Талдықорған қ. – 2003) – актриса, Қазақ КСР-інің халық арт. (1976). Талдықорған обл. «Қаратал» ұжымшары театрының және Талдықорған обл. театрының (1941–60), Н.Бекежанов атынд. Қызылорда обл. қазақ драма театрының арт. (1960–96) болып жұмыс істеген. Б. 1970–90 ж. Толғанай (Ш.Айтматов, «Ана – Жер-ана»), Теңге (М.Әуезов, «Айман – Шолпан»), Таңқабике (М.Кәрім, «Ай тұтылған түн»), Ана (С.Жүнісов, «Ажар мен ажал»), Баян (Ғ.Мүсірепов, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»), Ақтоқты («Ақан сері – Ақтоқты»), Қаракөз (М.Әуезов, «Қаракөз»), Көкілан («Қарақыпшақ Қобыланды»), Ана (С.Шаймерденов, «Өнім сен едің»), т.б. көптеген бейнелерді сомдаған.

Д.Әлібеков



Бәкірұлы Әмірхан

БӘКІРҰЛЫ Әмірхан (13.3.1950 ж. т., Сырдария ауд. Қызылдихан а.) – жазушы, публицист, шоқайтанушы, полк. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. ҚазМУ-дың (1972, қазіргі ҚазҰУ) заң ф-тін бітірген. Обл. прокуратура және ұлттық қауіпсіздік органдарында басшы (1972–2000), Қызылорда обл. әкімі аппаратының мемл. құқық жұмыстары жөніндегі бөлімнің меңгерушісі, обл. тәртіптік кеңестің төрағасы (2000–05), обл. мемл. сәулет-құрылыс бақылау басқарма бастығының орынбасары (2005–09), облыс бойынша халыққа қызмет көрсету орт. директорының 1-орынбасары (2009–10) қызметтерін атқарған. Б-ның Қазақстанда және шет елдерде 200-ге жуық тарихи-публицист. мақалалары, бірқатар зерттеу кітаптары жарық көрген. «Мұстафа Шоқай» деректі әңгімелер кітабы (1997), «Операция Франц» (2000, орыс тілінде), «Мұстафа Шоқай» (2006, түрік тілінде), «Приговорен к расстрелу…» (2009, орыс тілінде), «Франц операциясы» (2010), «Жаңа қызмет» (2013), «Өмір иірімдері» (2020), «Набат операциясы» (2023) кітаптары жарияланған. ҚР ҰҚК-нің құрметті ардагері (2015).

Қ.Омаров



Бәкірұлы Құрманбек

БӘКІРҰЛЫ Құрманбек (1944 ж. т., Шиелі ауд. Бала би а.) – а. ш. ғыл. докт. (2003), А. ш. академиясының корр. мүшесі (2019). А. ш. саласының үздігі (2019). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1967, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Ин-тты бітіргеннен кейін а. ш. саласында еңбек еткен. Арал өңірі агроэкология және а. ш. ғыл.-зерт. ин- ты (қазір Қазақ күріш ш. ғыл.-зерт. ин-ты) директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1995–2008), бөлім меңгерушісі (2009–21) қызметтерін атқарған. 2022 жылдан осы ин-ттың бас ғыл. қызметкері. Б. 7 аудандастырылған күріш сорттарының, оның ішінде «Маржан» және «Ару» сорттарының негізгі авторы. Б-ның 180-нен астам жуық ғыл. еңбегі, 2 монографиясы, 20-дан астам мақаласы жарық көрген. Мемл. ғыл. стипендия (1997) және облыс әкімі стипендиясының (2006) иегері. «Құрмет» орденімен (2004) және бірнеше медальмен марапатталған. Шиелі ауданның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

БӘКІРҰЛЫ Шәймерден (1930, Шиелі ауд. Тартоғай а. – 1998, Алматы қ.) – экон. ғыл. канд., ҚР-ның еңбек сің. гидротехнигі. Қызылорда гидромелиоративтік техникумын (1949), Ташкент а. ш. мелиоративтік құрылыс инж. ин-тын (1954) бітірген. Қазалы ауд. су ш. жүйесінде телімдік гидротехник, мекеме бастығы (1949–51), Шиелі ауд. суландыру жүйесінің бас инж., бастығы (1954–58), обл. партия к-ті бөлім меңгерушісінің орынбасары, бөлім бастығы (1962–66), Жаңақорған ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1966–70), обл. халық депутаттары кеңесі атқару к-тінің төрағасы (1970–79), респ. мелиорация және су ш. министрінің орынбасары, «Казгидроводхоз» жобалау-зерт. ин-тының бөлім меңгерушісі (1979–93) қызметтерін атқарды. Б-ның басшылығымен Түгіскен тың даласы игерілді, жаңа 7 кеңшар, бірнеше құрылыс, өндіріс орындары ашылды. 3 мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденмен, бірнеше медальмен марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы.

М.Қараманова



Бәтеш қыстауы

БӘТЕШ ҚЫСТАУЫ – архит. ескерткіш. Қызылорда қ-ның солт.-шығысында, Сарысу өз-нің оң жағалауында орналасқан. Көлденең қабырғалармен бөлініп, бір-бірімен байланыса орналасқан үш бөлмеден тұратын тікбұрышты құрылыстың кіреберісі орт. бөлмеден шығарылған, оң жағында пештің қираған орны бар. Құрылыс жазық шатырмен жабылған. Терезе ойығының үстіне аркалы қалқан салынған. Қабырға ернеуі өрнектелген. Жерасты қабаты бар. Құрылыс күйдірілген кірпіштен 1902–04 ж. тұрғызылған, қазір жартылай қираған. Оны атақты құрылыс шебері Бәтеш Бәйменов салған.

З.Атеева

БӘЙІМБЕТОВ Жұмағазы (1874, Қызылорда обл. Қармақшы ауд. – 1931, Алматы қ.) – Қармақшы көтерілісі жетекшілерінің бірі. Бұхарада діни медреседе білім алған. 1930 ж. Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясатының зорлық-зомбылығына қарсы Қармақшы ауд. шаруаларының тобының басшысы болған. Ол басшылық еткен топ Жосалы ст-ның солт.-шығысында Қарақұм деген жерге жиналған Қазалы, Арал, Тереңөзек, Ырғыз аудандары көтерілісшілеріне барып қосылған. Б. Орынбор, Қызылорда, Ташкент, Орск қ-ларынан жіберілген жазалаушы отрядтарға қарсы күресте шебер ұйымдастырушы ретінде көрінген. Ә.Жангелдин бастаған үкіметтің арнайы комиссиясымен келіссөздер жүргізуге қатысып, ел ішіндегі саяси қуғын-сүргінді доғаруды, діни сенімін қадірлеуді талап еткен. Көтерілісшілердің Д.Қараев бастаған тобы кеңестік билікті мойындағанына қарамастан, Б-тің шағын тобы қарулы қарсылықты жалғастыра берген. Б. 1930 ж. мамырдың аяғында қолға түсіп, ОГПУ «үштігінің» 21 қарашадағы үкімімен ату жазасына кесілген.

Қ.Алдажұманов

БӘЙІМБЕТОВ Орынбасар (15.7. 1930, қазіргі Жаңақорған ауд. Төменарық а. – 29. 2. 2012, Қызылорда қ.) – қоғам және мемлекет қайраткері, Соц. Еңб. Ері (22.3.1966). Қазақ КСР-нің еңбек сің. мал дәрігері (1964). Қызылорда обл-ның құрметті қайраткері. Қазалы мал-дәрігерлік техникумын (1949), Алматы мал-дәрігерлік ин-тын (1956, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Еңбек жолының бастауында Төменарық бекеті маңындағы «Горняк» кеңшарында бақташы, есепші, бригадир, ферма меңгерушісі жұмыстарын істеген. Кейін мал дәрігері болған (1949–51). Жаңақорған ауд. «Бірлік» кеңшарында бас мал дәрігері (1956–61), ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1961–62), Сырдария ауд-ндағы «Бірінші май» мал ш. кеңшарының директоры (1962–67), обл. а. ш. басқармасының бастығы (1967–70), Шиелі ауд. партия к-інің 1-хатшысы (1970–83), обл. а. ш. басқармасының бастығының 1-орынбасары (1983–85), обл. агроөнеркәсіп к-ті төрағасының орынбасары (1985–88),



Бәйімбетов Орынбасар

обл. асыл тұқымды мал ш. және қолдан ұрықтандыру өндірістік бірлестігінің бастығы (1988–91) қызметтерін атқарған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 7-, 8-шақырылған депутаты (1967–75). Ленин (1966), Еңбек Қызыл Ту (1971, 1973), «Халықтар достығы» (1980) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Есімі Қазақ КСР Құрметті Алтын кітабына енгізілген (1966). Шиелі ауд-ның, Қызылорда қ-ның құрметті азаматы. Б. «Шиелі шынарлары» (1980), «Парыз» кітаптарының авторы.

Қ.Омаров

БЕГДУАЛИЕВ Махан (1903, Түркістан уезі Сауран болысы, 3-а. – 22.6.1971) – еңбек ардагері. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан (1942–43). Жаңақорған МТС жанындағы үш жылдық агрономдар даярлайтын мектепті бітірген. Бесарық ауылдық кеңесінің төрағасы (1927–29), хатшысы (1930), орманшы (1931), Ворошилов атынд. ұжымшардың төрағасы (1932–36), Ақүйік ауылдық (1936–39), Жаңақорған поселкелік (1939, 1944), Төменарық ауылдық (1940–42), Бесарық ауылдық (1944–51), Сталин атынд. ұжымшар (1952–54), Жаңарық ауылдық (1954–57) кеңестерінің төрағасы қызметтерін атқарған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1947). «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

БЕГІМ АНА МҰНАРАСЫ – респ. маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш (9–11 ғ-лар). Өңірлік киелі нысандар тізіміне енгізілген. Арал ауд. Жаңақұрылыс а-нан оңт-ке қарай 35 км жерде орналасқан. 1979 ж. Қазақстан тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау қоғамының экспед. (жетек. Ә.Оспанов) зерттеген. Ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер бойынша Бегім әдемі, сұлу ару болған. Санжар есімді Жанкент қ-ның әмірі Бегім сұлуды ұнатып қалып, барлық дәстүрді орындай отырып, оған үйленген. Бірде әмір аңшылыққа шығып, сауыттарын үйге тастап кеткенін түсініп, әскеріндегі бір батырын үйіне жібереді. Сарайға келген батыр әмірдің әйелі Бегімнің сұлулығына қайран қалып, есінен танып қалған екен. Ұзақ уақытқа жоғалған батырдың артынан келген Санжар әмір оның ес-түссіз жатқанын көріп, әйелі опасыздық жасады деп ойлап, ашу үстінде Бегім ананың шашы мен қолын кесіп тастапты. Әмірге ренжіген Бегім осы мұнараға келіп тығылған дейді. Мұнара шикі кірпіштен тұрғызылып, сырты екі қатар күйдірілген кірпішпен (23х23х5/6 см) қапталған. Биікт. 10,5 м. Төменнен жоғарыға қарай қусырыла келген сегізқырлы призма пішінінде, төбесі сегізқырлы пирамидаға ұқсас. Орта деңгейге дейін (шамамен 5,5–6 м) мұнара бағанасы тұтас келіп, жоғарғы бөлігінде бір терезе ойығы бар бөлмеден тұрады. Бөлмеге шығыс бөлігінде орналасқан аркалы ойық арқылы кіруге болады. Мұнара жау келгенде белгі беретін қарауыл нысаны немесе кесене болуы да мүмкін. Осы үлгідегі ескерткіштер Иран, Әзербайжан, Түркия, т.б. кездеседі. Қазіргі уақытта мұнара бірнеше рет қайта жөнделген.



Бегім ана мұнарасы

БЕЙСЕМБАЕВ Ғани Бектайұлы (3.6.1969 ж. т., Шиелі ауд.) – ҚР Оқу-ағарту министрі (2023). Б. филос. докт., Халықар. пед. білім беру ҒА-ның корр. мүшесі (Ресей), Халықар. ақпараттандыру академиясының акад. (Қазақстан). ҚазҰПУ-ды бітірген. Шиелі ауд. мәдениет бөлімінің автоклуб меңгерушісі (1986–89), Алматы обл. Талғар ауд. №14



Бейсембаев Ғани

орта мектебінің қазақ тілі мұғалімі, оқу-тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары (1989–95), Алматы обл. Іле ауд. №12 орта мектебінің директоры (1995–97), Ы.Алтынсарин атынд. Қазақ білім академиясының Бас ғалым-хатшысы (1997–2000), Алматы обл. Қапшағай қ. білім бөлімінің (2000) бастығы, «Халықаралық қосымша білім беру орталығы» ЖШС директоры (2001–06), «Edtech-kz» халықар. білім беру орт-ның бас директоры (2006–20), «Оқулық» респ. ғыл.-практик. орт-ның директоры, Алтынсарин атынд. Ұлттық білім академиясының президенті (2020–22), ҚР БҒМ-ның вице-министрі, ҚР Оқу-ағарту вице-министрі (2022) қызметтерін атқарған. Б. «Шалқар» ұлттық радиосында «Жан азығы» радиотренингтерінің авторы және жүргізушісі болған. Сондай-ақ пед. басылымдарда 40-қа жуық ғыл. мақаласы жарық көрген. ҚР орта білім берудің мемл. стандартын (1998, қазақ тілінде) әзірлеуге қатысты. 9-сыныпқа арналған қазақ әдебиеті бойынша хрестоматия, мектеп оқушылары мен ересектерге арналған «Мамандық таңдау кілті», «КӘСІП» кәсіби бағдар берудің кешенді жүйесі оқу-әдістемелік, сондай-ақ «Импакт-фактор: дәйексөздерді талдау және оның ғылым әлеміндегі рөлі», «Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу моделі» әдістемелік құралдарының, «Всеобуч» білім алушылар қозғалысын бақылаудың автоматтандырылған жүйесінің, ҚР жоғары оқу орнына дейінгі дайындық технологиялары, «САК» ҚР-ның жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың оқу жетістіктері нәтижелерін талдау жүйесі, т.б. жобалардың авторы. ҚР Президентінің Алғыс хатымен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталған.

С.Тайман

БЕЙСЕМБИЕВ Қасым (5.9.1919, Жаңақорған ауд. Талап а. – 1980, Алматы қ.) – филос. ғыл. докт. (1958), проф. (1960). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Ташкент қ-ндағы мұғалімдер техникумын, Орта Азия мемл. ун- тінің философия ф-тін (1944), КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1948) бітірген. Ұстаздарымен бірге «Халық жауы» деп айыпталып, бір жыл қамауда отырған. Шымкент (қазіргі Түркістан) обл. Келес ауд. байланыс бөлімінің бастығы, Шымкент қ. комсомол к-тінің 1-хатшысы, қалалық партия к-тінің насихат және үгіт бөлімінің нұсқаушысы, философия пәнінің оқытушысы (1947 жылдан), Қазақ КСР ҒА Философия және құқық ин-тының ғыл. қызметкері, бөлім меңгерушісі (1952–61), Қазақ политех. ин-тының философия кафедрасының (1961–64, қазіргі ҚазҰТУ), ҚазМУ-дың (1964–75, қазіргі ҚазҰУ) оқытушысы, «Қазақ кеңес энциклопедиясының» редакторы қызметтерін атқарған. 1975 жылдан өмірінің соңына дейін Алматы халық ш. ин-тының (қазіргі «Нархоз» ун-ті) философия кафедрасының меңгерушісі болды. Б-тің 8 ғыл. еңбегі (мыс., «Мировоззрение Абая Кунанбаева» (1956), «Қазақ ағартушыларының әлеуметтік-саяси көзқарастары туралы» (1958), т.б. жарық көрген.

БЕКАРЫСТАН Амандықұлы (1765, қазіргі Қызылорда обл. – 1858, Қарақалпақстан, Мойнақ ауд.) – би. Әлім тайпасының Шекті руынан. Ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерге қарағанда, Жаңқожа батыр жорыққа аттанарда Б-ға барып, сәлем беріп, ақылдасады екен. Абылай ханның ұлы Жанғозы сұлтанды жалғыз ауыз сөзбен тоқтатқан шешендігі, түрікмен барымташыларын садақтың жалғыз оғымен

сескендірген айбары туралы ел арасында «бірауыз сөзбен ханды, жалғыз оқпен жауды қайырған жайсаңым-ай» деген қанатты сөз қалған. Б. қоқандықтар мен хиуалықтардың озбырлығына қарсы шығып, жетім-жесірді үнемі қамқорлығына алып, күрделі, қиын мәселелерді байыппен, әділдікпен шешіп отырған. Ел ішінде би атанып, халқына сыйлы болған. Мұрағат құжаттарында 1853 ж. Б-ның Шекті руының асан бөлімінің матығұл аталығынан тарайтындығы және жасы 68-де екені туралы мәлімет, тағы бір құжатта бидің 1856 ж. 2 қыркүйекте 20 сом күміс ақшаны сыйға алғаны жазылып қалған. Жайлауы Арал бекінісі мен Қызылқұмда, қыстауы Қосаралда болған. Б-ның есімі Қазалы ауд-ндағы бір ауылға беріліп, ескерткіш орнатылған. Б. би Қарақалпақстанның Аралмен шектескен «Мойнақ» ауд-дағы «Томпақ ата» қорымына жерленген.

Н.Икрам



БЕКАРЫСТАН БИ – ауыл. Қазалы ауд. Майдакөл ауылдық окр-нің орт. Әйтеке би кентінен 56 км жерде, Сырдария өз-нің сол жақ жағалау беткейінде орналасқан. Тұрғыны 2,9 мың адам (2023). Майдакөл ауылдық окр-нің тарихы 1924 жылдан бастау алады. 1924–31 ж. Сырдария өз-нің сол жағалауында (күнбатыс беті) орналасқан Ақжона маңынан 6 шаруашылық серіктестігі [Шәуілдір, Қараарық, Ақжона (қазіргі Б. б. а.), Палуан, Үлгі бол, Жаңа еңбек] құрылып, 1931–34 ж. олар үш шаруашылық – Октябрь, Қараарық, Жаңатұрмыс артеліне, 1935 жылдан екі ұжымшарға (Октябрь, Жаңатұрмыс) біріккен. 1941 ж. «Октябрь» ұжымшары 100–130 отбасыдан құрылған елді мекен болған. 1948–62 ж. «Октябрь» ұжымшары, 1962 ж. Карл Маркс атынд. күріш кеңшары болған ауыл 1994 ж. Б. б. а. болып қайта құрылған. Округ орт-нда №24 орта мектеп, балабақша, мәдениет үйі, кітапхана, күндізгі амбулатор. емхана, ауд. пошта бөлімшесі, ауд. ветеринарлық бөлімше, азық-түлік дүкені, тігін шеберханасы, монша, мешіт, т.б. бар. Елді мекенде қазіргі уақытта 10 заңды тұлға, 24 шаруа қожалығы және 161 кәсіпкерлік субъектілері тіркелген.

БЕКБАУЫЛ Өтегенұлы (1788, Арал ауд. – 1874, Хиуа маңы) – ел бірлігі мен татулығын сақтауға күш салған билердің бірі. Ұлы – Құлбарақ батырмен бірге Жанқожа бастаған Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне қарсы күрескен және Ресей отаршылдығына қарсы көтерілістерге қатысқан. Хиуа ханына елдің талап-тілегін жеткізген. Б-ды Хиуа ханы у беріп өлтірткен. Арал ауд-нда бір елді мекенге Б-дың есімі берілген.

БЕКБАУЫЛ, Бекбаулы – Арал ауд-ндағы ауыл, т. ж. ст. Қамыстыбас ауылдық окр-не қарайды. Арал қ-нан оңт.-шығысқа қарай 110 км жерде, Сырдария өз-нің оң жағасында, шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 1,0 мың адам (2023). Іргесі 1904 ж. Ташкент – Орынбор т. ж-н салуға байланысты қаланған. Ауылда т. ж-ға қызмет көрсететін бірнеше шағын мекемелер мен кәсіпорындар бар. Б. арқылы Қызылорда – Ақтөбе т. ж. мен автомоб. жолы өтеді.

БЕКЕЖАНОВ – ауыл. Шиелі ауд. Керделі ауылдық окр-нің орт. Белгілі ақын әрі әнші Нартай Бекежановтың құрметіне берілген. Шиелі кентінен солт.-шығысқа қарай 6 км жерде, Телікөл каналының жусан, баялыш, ши аралас өскен құрақты-қамысты аңғарында орналасқан. Жер аум. 7,1 мың га, тұрғыны 2,9 мың адам (2023). Іргесі 1928 ж. қазіргі Жиделіарық а-нда үлгілі ТОЗ негізінде қаланған. 1997 жылға дейін күріш өсіруге маманданған «Коммунизм» деп аталып келген бұл ауылда қазір 24 шаруа қожалығы бар. Ауыл тұрғындарына Бекежанов атынд. мемориалдық өнер музейі, №156 орта мектебі, дәрігерлік амбулатория, мәдениет үйі, кітапхана, «Қарлығаш» бөбекжайы, балабақша, пошта байланыс бөлімшесі, мешіт қызмет көрсетеді.

Қ.Омаров



Бекежанов Нартай

БЕКЕЖАНОВ Нартай (1890, Шиелі ауд. – 1954, Алматы қ.) – ақын, әнші, композитор, Қазақ КСР-інің еңбек сің. қайраткері (1939). Нартай он жасында ән салып, өлең айта бастаған. Ағасы Мансұр да ақын болған. 1935 ж. Шиелі қыстағындағы балалар үйінде ашылған көркем-өнерпаздар үйірмесіне жетек. болып тағайындалған. Кейін Қызылорда қ-нда ұйымдастырылған концерт-эстрада бюросына шақыртылып, өмірінің көп бөлігін сонда өткізген. 1939 ж. Бүкілодақтық а. ш. көрмесінің ашылу құрметіне ұйымдастырылған этногр. тақырыптағы концертке қатысып, Үлкен театрда ән салып, жыр толғаған. Б. респ. ақындар сайысына қатысып, Н.Баймұратов, Қ. Байболов, т.б. ақындармен өнер сайысына түскен. 1946 ж. Мәскеудегі Қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігіне қатысты. Б-тың «Сараң байға», «Мырзалық емес», «Жесір дауы» өлеңдері, «Қызыл Москва» толғауы, «Толқын», «Нартай сазы», «Өсиет терме» әндері, т.б. еңбектері мұраға қалды. Б-тың сырнаймен ән айту өнерін Түркістан, Қызылорда (әсіресе Шиелі, Жаңақорған, Сырдария аудандары) облыстарынан шыққан көптеген өнер иелері қолданды. Б. мектебінің түлектері қатарында М.Рүстемов (ақын, сазгер, әнші), К.Омаров (айтыс ақыны), Б.Жүсіпов, Т.Баяханова, Ф.Төлегенова, Ә.Әбуов, Ә.Ноғайбаев, Әлмырзақызы Ақмарал, Қ.Бекпейісов, т.б. бар. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

БЕКМЫРЗА Әлдиұлы (шамамен, 1816 – 1863) – қарадан шыққан хан. 19 ғ-дың орта тұсында Райым мен Қазалыда Ресей патшалығының әскери бекіністерінің орнауына байланысты Арал, Қазалы, Шалқар өңірін мекендеген жергілікті тұрғындар орыс отаршыларынан да, Хиуа хандығынан да зорлық-зомбылық көрді. Сондықтан осы өңірді мекендеген Шекті рулары Жанқожа батырдың ұсынысымен 1857 ж. Б-ны хан сайлайды. Ол 6 жыл хандық құрып, әділ билеуші болды, Жанқожа батырды қатты құрметтеді. Б. Орынбор ген.-губернаторлығына және Хиуа хандығына елшілікке барды. Б. Арыстанбаб қорымына жерленген. З.Шүкіровтың «Сыр бойы» романында, Т.Жұмашевтың «Қарадан шыққан хан» деген кітабында Б. туралы деректер берілген.

Ж.Төребаев

БЕКМЫРЗА Еркінбайұлы (шамамен, 1806 – 1880) – би, Абылай хан кеңесшілерінің бірі. Белгілі ақын Балқы Базар

«Кетенің Бекмырза еді төресіндей, Дарияның келбеті кең кемесіндей» деп жырға қосқан. 1865 ж. 27 қазанда подполк. Голосов Түркістан обл. Орт. бөлігінің бастығына жазған хатында «Кете биі Бекмырза Еркінбаев ауылымен түтін пұлды төлемей отыр» деп жазып, оған шара қолдануды сұраған. Б-ның баласы Тұңғышбай (1841–74), немересі Тайшық (1870–1933) болыс, би болып ел басқарған. Шораяқтың Омарының «Шайыр» (1984), Т.Ізтілеуовтің «Нағым» (1965), Ш.Шетебайұлының «Өмір ұзақ жол» (1997) кітаптарында Б. мен оның ұрпақтары туралы құнды деректер келтірілген.

Т.Дайрабай



Бектелеев Сафар

БЕКТЕЛЕЕВ Сафар Темірханұлы (5.10.1912, Астрахан губ. Архановка с. – 10.5.1967, Алматы қ.) – кеңестік мемлекет қайраткері. Жоғары партия мектебін бітірген. Ауылдық кеңестің, Марфино ауд. комсомол к-тінің хатшысы, Астрахан окр. комсомол к-тінің бөлім меңгерушісі, ҚП ОК нұсқаушысы, ұйымдастыру-нұсқаушылық бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Жамбыл, Павлодар обл. партия к-ттерінің 2-хатшысы (1929–45), Қызылорда обл. партия к-тінің 1-хатшысы, обл. атқару к-тінің төрағасы (1945–47, 1950–52), Алматы обл. мәдениет басқармасының бастығы, Алматы обл. Шелек ауд. партия к-тінің 1-хатшысы, Алматы обл. партия к-тінің бөлім бастығы, Алматы обл. бойынша респ. кәсіподақтар, Қазақ КСР халық ш. кеңестері жанындағы азық-түлікпен және шикізатпен қамтамасыз ету бас басқармасының бастығы, Қазақ КСР Ауыл ш. азық-түлікпен қамтамасыз ету Бас басқармасының бастығы, Қазақ КСР Тамақ өнеркәсібі мин. кадрлар және оқу орындары басқармасының бастығы (1953–67) қызметтерін атқарған. Қызылорда обл. бойынша Қазақ КСР Жоғ. кеңесінің 2-, 3-шақырылған депутаты.

Қ.Омаров

БЕКТҰРҒАНОВ Хасан Шаяхметұлы (3.2.1922, Солт. Қазақстан обл. – 21.1.1987, Тараз қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Фрунзе (қазіргі Бішкек қ.) жаяу әскер уч-щесін (1941), Алматы қ-ндағы жоғары партия мектебін (1958) бітірген. 1941 ж. Кеңес әскері қатарына шақырылып, 38-атқыштар дивизиясының құрамында взвод командирі болып,



Бектұрғанов Хасан

Калинин және Солт.-батыс майдандарындағы шайқастарға қатысқан. 1942 ж. сәуір айында 8-гв. И.В. Панфилов дивизиясында полк комсоргы, 1943 жылдың сәуір айынан 19-гв. атқыштар дивизиясында полк комсоргы болды. Соғыстан кейін Петропавл қ-на оралып, Солт. Қазақстан обл. партия к-тінің нұсқаушысы, Совет (қазіргі Аққайың ауд.) ауд. партия к-ті хатшысының орынбасары, Көкшетау, Ақтөбе обл. партия к-ттері хатшысының 2-орынбасары, атқару к-тінің төрағасы (1958–66), Қызылорда обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1966–72), Жамбыл обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1972–83) қызметтерін атқарған. Ленин, Қазан революциясы, 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, 2-, 1-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз орденімен марапатталған.

Қ.Омаров

БЕКХОЖАЕВ Жақсылық (1930, Сырдария ауд. 10-бекеті – 2006, Қызылорда қ.) – журналист, Қазақстанның еңбек сің. мәдениет



Бекхожаев Жақсылық

қызметкері. Қызылорда пед. ин-тын (1952, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Мектепте мұғалім, обл. радио тарату к-тінің редакторы (1952–59), кеңестік, партия саласының жауапты қызметкері (1960–90), обл. телерадио к-тінің төрағасы (1991) қызметтерін атқарған. Телеарнаның облыстағы тұңғыш басшысы. Б-тың «Қыз бен дала», «Сыр сұлуы», «Жадыра» деректі фильмдері түрлі байқаулар мен фестивальдерде жүлделі орындарға ие болды. КСРО теледидары мен радиосының үздігі, КСРО-ның Құрметті радисі. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен, «Халықтар достығы» орденімен және бірнеше медальмен марапатталған. Б-тың есімі Қызылорда қ-ндағы көшеге берілген.

Т.Дайрабай

БЕКІШ Құдайберген (26.4.1957 ж. т., Жалағаш ауд.) – солист, вокалист, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2021). Б. Қазақстан жастар одағы сыйл. лауреаты (1996), ҚР Мәдениет қайраткері (2004). Қа-



Бекіш Құдайберген

зақ өнер академиясын бітірген (1984). Қызылорда обл. қазақ муз. драма театрында актер, муз.уч-щеде оқытушы (1984–88), Мәскеу қ-нда бүкілодақтық эстрада студиясында (1988–90), Қызылорда обл.филармониясында (1990–92) солист-вокалист, «Қазақконцерт» бірлестігінде, «Гүлдер» ансамблінде әнші (1992–97), ІІМ-нің ән-би ансамблінде солист-вокалист (1997–2002), Қазақ өнер академиясында аға оқытушы (2007–22) болған. Қазір жеке шығармашылықпен айналысуда. 2013 жылдан Әндер мен жылдар фестивалінің продюсері. «Құрмет» орденімен (2013), медальдармен марапатталған.

БЕЛКӨЛ – Қызылорда қ. әкімдігіне қарасты кент (1987 жылдан), т. ж. ст. Қызылорда қ-ның шығысында 3 км жерде, Ташкент – Орынбор т. ж. бойында орналасқан. Тұрғыны 4,8 мың адам (2023). Б. кентінің жер аум. 5,4 мың га. Бірқазан, Көкжиде елді мекендерін қамтиды. Іргесі 1904–05 ж. Орынбор – Ташкент т. ж-ның салынуына байланысты қаланған. Б-де Қызылорда қ. кәсіпорындарының бөлімшелері және т. ж-ға қызмет көрсететін кәсіпорындар мен мекемелер орналасқан.

Қ.Омаров

БЕЛГІБАЕВ Есенбай Есенжолұлы (16.7.1942 ж. т, Атырау обл. Индер ауд. Манаш а.) – қоғам қайраткері. Қарағанды қ-ндағы политех. (қазіргі Қарағанды тех. ун-ті) ин-тын бітірген. Қызылорда обл. жол-құрылыс тресінің слесары, аға бригадирі, цех бастығы, жол және автобаза бөлімінің бастығы, сенімгерлік басқарушы, обл. жол құрылысы басқармасы, жол құрылыс бірлестігінің бастығы (1957–



Белкөл кенті

92), «Қазселденқорғау» өндірістік бірлестігінің басшысы (1992–95) қызметтерін атқарған. ҚР Жоғ. Кеңесінің 12-шақырылған (1990–93), ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (1995–99). «Құрмет» (1990) орденімен марапатталған.

С.Тайман



Бердәулетов Камал

БЕРДӘУЛЕТОВ Камал (12.12.1923, Жалағаш ауд. Елтай а. – 9.4.2012, Қызылорда қ.) – соғыс және еңбек ардагері. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қызылорда пед. ин-тының (қазіргі Қызылорда ун-ті) тарих ф-тін, Алматы мал дәрігерлік ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Ұжымшар басшысы (1945), Жалағаш ауд. а. ш. инспекциясының бастығы (1954–61), Жалағаш, Қармақшы ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары, Қармақшы өндірістік басқарма бастығының мал ш. жөніндегі орынбасары (1961–63), Жалағаш ауд. қой ш. «Аққыр» кеңшарының директоры (1963), обл. қой кеңшарлары басқармасының бастығы (1973 жылдан), обл. мал бордақылау және дайындау жөніндегі мамандандырылған бірлестіктің бас директоры (1976–86), обл. ардагерлер кеңесінің төрағасы (1993 жылдан) қызметтерін атқарған. «Іздегенге резерв көп немесе «Аққыр» ақиқаты» (1976), «Бұқарбай батыр» (1993), «Ата жұрт» (1998) кітаптары жарық көрген. Қызыл жұлдыз (1943), Еңбек Қызыл Ту (1986), «Құрмет» (2007) ордендерімен марапатталған. Жалағаш ауд-ның (2007), Қызылорда обл-ның (2008) құрметті азаматы.

С.Тайман

БЕРДІБАЕВ Оңғарбек (7.11.1911, Жаңақорған ауд. Төменарық а. – 7.1.1972, Алматы қ.) – дерматолог, мед. ғыл. докт. (1955), проф. (1956), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері (1961). Қазақ мед. ин-тын (1937, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун- ті) бітірген. Сонда тері-венерология кафедрасында ординатор, ассистент, доцент (1937–46), Қазақстан Өлкелік патология ин-тында директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары, директоры, микология секторының меңгерушісі (1946–52), Қазақ тері-венерология ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1952–56) қызметтерін атқарған. 1956 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ ұлттық мед. ин-тында кафедра меңгерушісі болды. Негізгі ғыл. еңбектері таз ауруларын емдеуге арналған. Тері-венерология (трикофития, микроспория) ауруларын емдеу әдістерін табуға елеулі еңбек сіңірген. «Грибковые заболевания в Казахстане» (Алматы, 1958) еңбегі жарияланған. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

А.Рақышев

БЕРДІҚҰЛОВ Нұрқасым (1905, Алматы обл. Талғар ауд. Тұздыбастау а. – 29.10.1970, сонда) – мемлекет және қоғам қайраткері, Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). Жетісу комсомол ұйымында қызметкер (1926–34), Павлодар қ. партия к-тінің 2-хатшысы (1934–36), Баянауыл, Үрлітөбе, Михайлов (1938–45), Ақтөбе обл-ның Ырғыз, Ойыл, Қарабұтақ аудандарында (1945–55), Қызылорда обл-ның Тереңөзек ауд-нда 1-хатшы (1956–63), зейнетке шыққаннан кейін Алматы обл. Талғар ауд. «Калинин» ұжымшарының төрағасы (1963–70) қызметтерін атқарды. Б. Тереңөзек ауд-ның әлеум.-экон. дамуына зор үлес қосты. Екі мәрте Ленин, «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл ту орденімен марапатталған. Есімі Тереңөзек кентіндегі бір көшеге берілген.

С.Тайман

БЕРЖАНОВ Махамбет (1925, қазіргі Жалағаш ауд. Еңбекші а. – 15.8.2020, Тереңөзек кенті) – еңбек және соғыс ардагері, милиция полк. 1943 ж. 2-дүниежүз. соғысқа қатысып, елге 1948 ж.оралған. Жалағаш және Қармақшы ауд. милиция бөлімдерінде кіші жедел уәкіл (1948–53), Арал ауд. милиция бөлімінің арнайы комендатура коменданты, жедел уәкілі (1954–63), Сырдария ауд.і.і. бөлімінің аға жедел уәкілі, бөлім бастығының орынбасары (1963–75), Қармақшы ауд. і.і. бөлімінің бастығы (1975–83) қызметтерін атқарған. 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

БЕРЖАНОВ Мұхамбет (1.11. 1948 ж.т., Қармақшы ауд.) – мұғалім, Қазақ КСР оқу ісінің үздігі. Қызылорда пед. ин-тын (қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қармақшы ауд-нда 185-орта мектептің (1978 – 80), Қызылорда қ-ндағы 43- орта мектептің (1988 – 91), 1 – дарынды балаларға арналған арнаулы мектеп-интернаттың директоры (1991 – 93), Қызылорда обл. кадрлар біліктілігін арттыру ин-тының әдіскері, кафедра меңгерушісі (1993 – 2003), 140-орта мектептің педагог-психологы қызметтерін атқарған. Б. Қазақ КСР Оқу министрлігінің, облыстық, қалалық білім бөлімінің құрмет грамоталарымен марапатталған.

БЕРКІМБАЙ ҚАЛПЕ Бекниязұлы (1909, Жалағаш ауд. Ақсу а. – 1977, Жалағаш кенті) – әулие, бақсы, халық емшісі. Б. қ. мазары Ақсу а-ның шығыс жақ шетінде орналасқан.

БЕСАРЫҚ – ауыл. Жаңақорған ауд-ндағы Б. ауылдық окр-нің орт. Жаңақорған кентінен оңт.-шығысқа қарай 70 км жерде, Бесарық өзнің төм. ағысында орналасқан. Тұрғыны 1,3 мың адам (2023). Ауыл 1999 жылға дейін Талап а. деп аталған. Ауыл 1962–96 ж. қаракөл қой ш-мен айналысқан «Талап» кеңшарының орт. болған. Кеңшар негізінде Б-та және окр-тегі Апанқақ, Кеңес, Манап, Талап т. ж. ст-лары, Сатымсай т. ж. айырмасында ЖШС және 9 шаруа қожалығы жұмыс істейді.

Қ.Ахметов

БЕСАРЫҚ – ауыл. Сырдария ауд-ндағы ауылдық окр-тің орт. Тереңөзек кентінен оңт.-шығысқа қарай 87 км қашықтықта орналасқан. Тұрғыны 2,4 мың адам (2023). Б. а-ның жер аум. 422,2 мың га. Іргесі 1950 ж. қазан айында қаланып, Жамбыл есімімен аталған. Қой және егін ш. қатар дамытылып, ол 1973 ж. КСРО-ның 50 жылдығы атынд. кеңестік шаруашылық, ал 1992 жылдан Бесарық а. атанған. Б. а-нда 2007 ж. салынған 360 орындық №147 орта мектеп, 120 орындық «Бөбек» балабақшасы, 200 орындық Бесарық ауылдық мәдениет үйі, әкімш. ғимараты, кітапхана, пошта, малдәрігерлік ст. халыққа қызмет көрсетеді. Б. а-нда 45 шаруа қожалығы, оның ішінде 7 шаруа қожалығы, 33 жеке кәсіпкер мал бордақылаумен айналысады.

С.Тайман

БЕСАРЫҚ – Жаңақорған ауд-ның Бесарық ауылдық окр. аум-ндағы өзен. Ұз. 85 км. Өзеннің жылдық ағысы 170 млн $м^3$. Қаратау жотасының оңт.-батыс баурайынан бастау алады. Тау шатқалдарынан бес арық (өзенше) ағып шығып, шатқалдан шыға берер тұстағы Байғабыл а. жанында бірігіп Б. деп аталады. Осы елді мекен тұсында 1974 ж. өзімен аттас бөген (сыйымд. 15



Сырдария ауданы, Бесарық ауылы

млн. м^3) салынған. Бөгеннен шыққан өзен Кеңес а. тұсында егістіктерге таралып кетеді. Кезінде Б. суы Сатымсай сайымен (№30 т. ж. ст.) Сырдарияға құйған. Б. өз-нің суын Талап және Кеңес шаруашылықтары пайдаланады.

О.Айдаров

БЕСАРЫҚ ЖЫРАСЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТЕР – жергілікті маңызы бар ескерткіш. Сырдария ауд. Бесарық а. маңында орналасқан. Петроглифтер бірнеше топтан тұрады. Бір тобы үңгірдің төм. жағында кездеседі. Онда арқарлардың суреті бейнеленген. Жыраның орта шеніндегі Күйкентай жартасындағы өзеннен 7–10 м биіктікте жылқы, өгіз, түйе, адам, арқарлардың бейнелері қашалған. Бейнелердің кейбірі өзінің орындалу айқындығымен ерекшеленеді. Стиліне және осыған ұқсас Майдамтал үңгіріндегі петроглифтерді зерттеу барысында бұл жазулардың ежелгі көшпелілер дәуіріне жататыны анықталды.

А.Шарманов

БЕСТАМ – Шиелі ауд-ндағы ауыл, Жуантөбе ауылдық окр-не қарайды. Шиелі кентінен солт-ке қарай 24 км жерде орналасқан. Жер аум. 4,9 мың га. Тұрғыны 2,1 мың адам (2023). 1997 жылға дейін Ленин а. деп аталған. Іргесі 20 ғ-дың 20-жылдары а. ш-н ұжымдастыру кезінде қаланған. 1928–96 ж. күріш өсірген Ленин атынд. ұжымшар бөлімшесінің орт. болған. Б. а-нда 10 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Ауылда емхана, 300 орындық орта мектеп, 100 орындық клуб үйі, 9,8 мың кітап қоры бар кітапхана, 242 нүктелік сандық телефон жүйесі, 2 күріш ақтау, 10 сауда орны, балабақша халыққа қызмет көрсетеді.

Қ.Омаров

БЕСТАМҚАЛА – ортағасырлық қала жұрты. Қызылорда қ-нан оңт.-батысқа қарай 240 км жерде орналасқан. 1946, 1957 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетек. С.П. Толстов) зерттеген. Сызба бойынша бұрыс тікбұрышты келген төбешік. Аум. 390х300 м. Екі қатар дуалмен, терең ормен қоршалған. Ішкі дуалдың бекінісі мықты, онда дәліз және биікт. 3 м-лік мұнаралар сақталған. Мұнаралар арасындағы пахса дуалдардың биікт. 1,5 м, ені 10 м. Сыртқы дуалдың ені 20 м, биікт. 3,5 м. Б. ішінде күйдірілген кірпіштен тұрғызылған тікбұрышты ғимарат орны сақталған. Қақпалары оңт. және солт. бөліктерде. Далалық зерттеулер барысында тікқазба түсіріліп, мәдени қабаттан екі құрылыс орны, ошақ қалдығы аршылып, мәдени қабаттан қыш ыдыс сынықтары, дөңгелек металл қалқан бөлігі, темірден жасалған найза (2 дана) және жебе (3 дана) ұштары, моншақтар, тас ыдыс сынықтары, шарық дайындамалары, қорытпалар, сфероконустар алынған. Табылған материалдар қалашықтың 12–13 ғ-ларда тіршілік еткендігін көрсетеді.

Д.Талеев

БИДАЙКӨЛ – Шиелі ауд-ндағы ауыл, Бәйтерек ауылдық окр-нің орт. Шиелі кентінен оңт.-шығысқа қарай 10 км жерде, Телікөл каналының батыс жағындағы шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 4,7 мыңға жуық (2023) адам. Жер аум. 1789,08 га. 2021 жылға дейін Гигант а. аталып келген. Іргесі 1928 ж. сол маңдағы ұсақ серіктестіктерді біріктіру арқылы қаланған. Ауылда 44 шаруа қожалығы бар, оның 28-і егін, қалғаны мал ш-мен айналысады. Ауыл тұрғындары көгілдір отынды пайдаланады. Ауылда №148 орта мектеп, кітапхана, мәдениет үйі, балабақша, стационарлы емхана, мешіт, дәріхана, сауда үйлері халыққа қызмет етеді.

С.Тайман



Бидашев Орынбай

БИДАШЕВ Орынбай (5.5.1923, Жаңақорған ауд. Төменарық а. – 23.2.2005, сонда) – шопан, Соц. Еңб. Ері (10.3.1976). Қазақ КСР-нің а. ш. еңбегі сің. қызметкер. 1940–83 ж. «Төменарық» кеңшарында шопан болған. Осы жылдары Б. кеңшарға 103,3 мың сом таза пайда келтірді. 1975 ж. қарауындағы отардың әр 100 аналығынан 220-ға дейін төл алып, 400 қозыны өсімге қалдырды. Ленин (1976), Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденді-рімен марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

БИЖАНОВ Әлім (16.1.1961 ж. т., Арал ауд. Абай а.) – а. ш. ғыл. докт. (1999), проф. (2005). Халықар. ақпараттандыру академиясының акад. Алматы малдәрігерлік ин-тын (1984, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және 2003 ж. Орта Азия ун-тін бітірген. 1984–86 ж. Ақтөбе обл. Мартук ауд-нда мал дәрігері, 1986 жылдан Қазақ малдәрігерлік ғыл.-зерт. ин-тында аспирант, кіші, аға ғыл. қызметкер, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Ғыл. еңбектері жылқы малының жұқпалы ауруларының таралуы және оған қарсы күрес шараларын зерттеуге арналған. 157-ден астам ғыл. еңбектің авторы, оның ішінде 17 патент пен 3 авторлық куәлік бар.

БИЖАНОВ Олег Әбутәліпұлы (5.4.1958 ж. т., Шиелі кенті) – ген.-л. (2015), ҚР ҰҚК-нің құрметті қызметкері. Қазақ а. ш. ин-тын (1980, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Шиелі «Трансагрохимия» көлік кәсіпорнының гараж меңгерушісі, Қазақстан комсомолы Шиелі ауд. к-тінің хатшысы (1980–85), 1985 жылдан МҚК-да (қазіргі ҰҚК) қызметкер, ҚР ҰҚК-нің Қызылорда обл. бойынша басқарма офицері, басшылық құрамының қызметкері, №14776 әскери бөлімінің командирі (1991–2009), ҚР ҚК Бас штабының Бас барлау басқармасының бастығы (2009–17), ҚР ҰҚК-нің Төрағасы аппаратының жетекшісі (2017 жылдан) қызметтерін атқарған. 2-дәрежелі «Даңқ» орденімен, ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен және 13 медальмен марапатталған.

БИЛІБАЙ – Жаңақорған ауд. Сүттіқұдық ауылдық окр-не қарасты ауыл. Тұрғыны 0,3 мың адам (2023). 1991 жылға дейін Красная звезда кеңшарының №2 мал фермасы болып келген. 1992 ж. Байкенже ауылдық окр-нің құрамына енген. Б. елді мекені «Игіліктегі Билібай» деген адамның есімімен аталған. Округ аум-нда ураның үлкен қоры табылып, бүгінгі күні «Хорасан–1», «Хорасан–2» кеніштері уран өндірумен айналысады.

БИМАҒАНБЕТОВ Көпей (1890, Шиелі ауд. Шалшұңқыр елді мекені – 1968, сонда) – мемлекет қайраткері. Перовск (қазіргі Қызылорда қ.) қ-ндағы қазақ-орыс мектебінде оқыған. 1918 ж. Шиелі ауд. «Бидайкөл» ұжымдық ш-нда орналасқан елді мекенде мұсылман жастарына арналған мектеп ашылып, соның директорлығына тағайындалған. Ақмешіт уезіне қарасты «Қосшы» одағы уездік-қалалық к-тінің мүшесі, жауапты хатшысы (1923–25), Шиелі болысы рев. атқару к-тінің төрағасы (1925–26), Қызылорда уезі 27-телімінің Халық соты, Қазалы, Қармақшы аудандарында Халық соты (1929–31), Оңт. Қазақстан (қазіргі Түркістан) обл-ның Сайрам, Ленгер, Шаян, Келес аудандарында Халық соты, ауд. ұжымшарлар одағы төрағасының орынбасары (1931–36) қызметтерін атқарды. 1936–38 ж. қуғын-сүргін кезеңінде туған ауылына оралып, сонда қызмет істеген.

Ж.Әбішева



Биманов Ермахан

БИМАНОВ Ермахан Әбдіұлы (18.9.1949, Шиелі ауд. – 25.4.1997) – мүсінші. Түрікмен мемл. көркем-сурет уч-щесінің мүсінші

бөлімін (1976) бітірген. 1976 жылдан өмірінің соңына дейін өз мамандығы бойынша еңбек еткен. 1986–89 ж. Рига қ-ның түбіндегі Юрмалада жұмыс істеген. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1985). 1987 ж. Бүкілодақтық мүсіншілердің Атырау қ-нда болған симпозиумына қатысқан. 1990 ж. Нартай мүсінін, 1989 ж. «Балаға араша» жұмысын жасаған.

БИМЕНБЕТ Есенәліұлы, Бала би (шамамен 1817, Шиелі ауд. – 1887) – би. Әкесі Есенәліден он үш жасында жетім қалып, әкесінің інісі Арғынбайдың тәрбиесінде болған. Жастайынан ел ісіне араласып, Бала би атанған. Б. замандасы Досбол датқамен біріге отырып, елдегі дау-дамайларға кесім айтып отырған. Б-тің айтқан нақыл сөздері мен өткір ойлары ел жадында сақталған. Оның өмірін Н.Бекежанов жырға қосқан.

БИМҰРЗАЕВ Сейіткерім (1942 ж. т., Жаңақорған ауд. Кеңес а.) – физ.-матем. ғыл. докт. Кеңес орта мектебін (1959), ҚазМУ-ды (1969, қазіргі ҚазҰУ), Ядр. физика ин-тының аспирантурасын бітірген. Ядр. физика ин-тында ғыл. қызметкер (1969–79), Алматы мед. ин-тында (1980–95, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті), ҚазҰУ-да (1995–2003) оқытушылық қызметтер атқарған. 2008 жылдан Алматы энергетика және байланыс ун-тінде қызмет істейді. Лаваль (Квебек қ., Канада) ун-тінде (1998) аспиранттар мен ғыл. қызметкерлерге «Электрондық айналар теориясы мен есебі» тақырыбында дәріс оқып, Жапонияның аспаптар жасайтын «Snimadsu Research Laboratory (Europe) Limited, Manchester, UK» компаниясында эмиссиялық электронды микроскопқа арналған аберрац. түзеткішті есептеп шығарған (2011). Б-тың ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты – ғыл. аспаптар жасау, оның ішінде масс-спектрометр және электронды микроскоп, т.б. Б. 100-ден астам ғыл. еңбек, оның ішінде Scopus және Web of Science мәліметтер қорына енген 30-дан астам мақаланың, 10-нан астам өнертабыс патентінің авторы. Ғалымның еңбектері «Nucl. Instr. Meth. Phys. Res. A (Elsevier)», «Int. journal of mass spectrometry» (Elsevier)», «Microscopy and Microanalysis (Cambridge University Press)», «Microscopy (Oxford University Press)», «Technical Physics Letters (Springer)», «Technical Physics (Springer)», т.б. көптеген дүние жүзінің беделді журналдарында жарияланған. Б. көптеген шетелдік ғылым ордалары, университет, академиялар белгілеген білім гранттары мен стипендияларының иегері. «ГОЭЛРО жоспарына 100 жыл» (2020) медалімен, «ҚР ғылымын дамытуға қосқан ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен (2021), т.б. көптеген медальмен марапатталған. Алматы энергетика және байланыс ун-тінің құрметті проф. (2023).

К.Саркенова

БИСАРИЕВ Жүсіп (5.5.1913, бұрынғы Сырдария ауд. Қостам елді мекеніне қарасты №17 а. – 18.3.1978, Қызылорда қ.) – мемлекет қызметкері. Қазақ КСР-нің еңбек сің. қайраткері. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан (1941–43). Тараз т. ж. уч-щесін (1933), Алматы қ-ндағы жоғары партия мектебін (1951) бітірген. Перовск т. ж-ндағы депода слесарь, паровоз машинисінің көмекшісі (1928–41), обл. партия к-ті әскери бөлімінің нұсқаушысы (1943–46), Қазалы, Арал ауд. партия к-ттерінің 2-хатшысы (1946–49), Арал ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1951–53), Сырдария ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары, «Коммунизм», «1 май» ұжымшарларының төрағасы, Жалағаш ауд. «Жаңадария» кеңшарының директоры (1953–69) қызметтерін атқарған. 1969 ж. респ. дәрежедегі зейнеткерлікке шығып, обл. саңыраулар қоғамының оқу-өндірістік кәсіпорнының директоры болып істеген. 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Есімі Қызылорда қ-ндағы бір көшеге берілген.

Т.Дайрабай


БИСЕНБАЕВ Амангелді Қуанбайұлы (5.11.1966 ж. т., Қазалы ауд. Әйтеке би кенті) – биол. ғыл. докт. (2010), проф. (2016),



Бисенбаев Амангелді

ҚР ҰҒА-ның акад. (2017). ҚазМУ-ды (1990, қазіргі ҚазҰУ), сонда аспирантура (1993) бітірген. 1994 жылдан ун-тте аға оқытушы, доцент, проф., 2000 жылдан «Биология және биотехнология мәселелері» ҒЗИ директоры. Б. гендердің белсенділігін реттеудің молекула-генетик. механизмдерін зерттеумен, жасушаішілік сигнал берумен және өсімдік жасушаларының бағдарламаланған өлуінің жасушаішілік механизмдерін ашумен байланысты респ. жаңа ғыл. бағыттың негізін салушы.150-ден астам ғыл. еңбектің авторы. «Құрмет» орденімен (2022), «Ы.Алтынсарин» (2008), «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2018) төсбелгілерімен марапатталған. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2007, 2021).

БИСЕНОВ Алдаберген (26.11.1926, Жалағаш ауд. Аққұм а. – 23.6.2002, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (8.4.1971). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қызылорда а. ш. техникумын (1955), Алматыдағы кеңшар директорларын даярлайтын бір жылдық курсты (1964), Қазақ а. ш. ин-тын (1970, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Тереңөзек ауд. байланыс жүйесінің қызметкері (1951–52), Жалағаш ауд. Мәдениет а-ндағы МТС-та бөлімше механигі, «Еңбек» ұжымшарының бас инж. (1955–60), Жаңаталап кеңшарының директоры (1962–72), Қазақстанның 50 жылдығы атынд. шаруашылық басшысы (1972–88)



Бисенов Алдаберген

қызметтерін атқарды. Б. ауыл еңбеккерлерінің тұрмысын биік деңгейге көтеріп, егіншілік ахуалды жақсарту жолында нәтижелі еңбек етті. КСРО жетістіктері көрмесінің алтын және күміс медальдарын алды. Б-тың есімі Қазақстанның «Алтын кітабына» енген. 1-, 2-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, Ленин (1971), Қазан революциясы (1978) ордендерімен марапатталған. Есімі Аққұм а-ндағы орта мектепке (2003), Жалағаш кентіндегі (2006), Н.Ілиясов а-ндағы (2006), Тереңөзек кентіндегі (2016) көшелерге берілген. Аққұм а-нда ескерткіші бар.

А.Жүнісов

БИСЕНОВ Қылышбай Алдабергенұлы (21.7.1957 ж. т., Жалағаш ауд. Мәдениет а.) – тех. ғыл. докт. (1995), проф. (1992), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2012), ҚР ҰҒА-ның акад. (2020). Қазақ политех. ин-тын (1979, қазіргі ҚазҰТУ), КСРО Мемл. құрылыс к-тінің «Бетон және темірбетон ҒЗИ» аспирантурасын (1985) бітірген. Қазақ политех. ин-тында ізденуші (1979–80, қазіргі ҚазҰТУ), Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-ты Қызылорда филиалында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан, директордың орынбасары (1980–90), Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инж. ин-тында проректор (1990–96), Қызылорда политех. ин-тының ректоры (1996–98), Қызылорда мемл. ун-тінің (1998–2007, 2011–19, қазіргі Қызылорда ун-ті) ректоры қызметтерін атқарған. 2023 жылдан Қызылорда Ашық ун-тінің ректоры. ҚР Парламенті Мәжілісінің 4-шақырылған депутаты (2007–11), обл. мәслихаттың хатшысы (2019–21), ҚР БҒМ ЖАК Төралқасы, ҚР Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестаттау к-ті төралқасының мүшесі (2005–11), халықар. білім беру корпорациясы жанын-

дағы архитектура, құрылыс бағыты бойынша Ph.D дисс. кеңестің мүшесі (2019) болды. Б. облыс орт-нда классик. үлгідегі көпсалалы аймақтық ун-т құрып, қалыптастыруға, оның әрі қарай дамып, көркеюіне қомақты үлес қосты. Жоғары оқу орындары матем.-тех.



Бисенов Қылышбай

базасының нығаюына, жоғары білікті мамандар даярлау салаларын кеңейтіп, сапасын арттыруға, ұжым мүшелері үшін өзекті әлеум. мәселелерді шешуге ерекше еңбек сіңірді. Оның бастамасымен ун-тте «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені салынып, әскери кафедра (2000), «Археология» көрме залы, этногр. музей, «Дидар» халықтық этногр. ән-би ансамблі, аймақтың және оқу үдерісінің өзекті әрі практик. маңызы зор ҒЗИ-лар құрылды, «ҚМУ хабаршысы» журналы жарық көріп, оның алғашқы бас редакторы (1999–2019) міндетін атқарды. ҚР Ұлттық инж. академияның Қызылорда қ-нда филиалы (2000), 9 мамандық бойынша докторантура (Ph.D) бағдарламасы ашылды (2012). Өңір тарихында тұңғыш рет 2 құрылыс мамандығы бойынша канд. диссертация қорғауға арналған дисс. кеңес ашылды (2000–04), кейін Ph.D дисс. кеңес ретінде қайта ашылып, соның жұмысын басқарды (2016–18). 2016 ж. тағы 6 бағыт бойынша жаңа мазмұндағы докт. дисс. кеңестер ашылды. Б. өркениетті елдердің 100-ден астам жетекші жоғары оқу орындарымен, ғыл. орттмен әріптестік байланыс орнатты. Оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуі нәтижесінде 30-дан астам докторлық, 220-ға жуық кандидаттық диссертация қорғалып, ғыл. дәрежелері бар оқытушылардың үлесі 2 есеге өсті. Оның жетекшілігімен «Құрылыс және мұнай салаларында қуат және ресурс үнемдеуші технологияларды әзірлеу және енгізу» бағытында кешенді ғыл.-зерт. жүргізіліп келеді. Б. 280-нен астам ғыл. еңбек, оның ішінде 10 монографияның, 39 инновац., өнертабыс және пайдалы модельдерге патент пен авторлық куәліктің, 3 оқулық пен 35 оқу құралының авторы. 3 ғылым докторын, 7 ғылым кандидатын, 4 Ph.D дайындады. Бірнеше халықар. академиялардың толық мүшесі, Оңт. Кореяның Кенгидо және Каннам ун-ттерінің құрметті докт., Австрияның Леобен тау-кен ун-тінің құрметті проф., Болгарияның өнер және ғылым академиясының акад. «Құрмет» (2004), «Парасат» (2023) орденделерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда ун-тінің құрметті ректоры (2019). Ұлттық Құрылтайдың мүшесі (2022). Жалағаш ауд-ның (2009), Қызылорда қ-ның (2019) құрметті азаматы.

А.Жүнісов



Бихожа Сәрсенкүл

БИХОЖА Сәрсенкүл Бәйдешқызы (28.8.1963 ж. т., Сырдария ауд. Шаған а.) – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. ҚазМУ-ды (1985, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Сыр бойы» газетінде корректор, тілші, сектор меңгерушісі (1985–97) қызметтерін атқарған. 1997 жылдан «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы. Б. 2-, 3-, 5-шақырылған қалалық мәслихаттың, сондай-ақ 7-шақырылған Қызылорда обл. мәслихатының депутаты. Қызылорда обл. қоғамдық кеңесінің мүшесі, Қызылорда обл. кәсіпкерлердің құқығын қорғау кеңесінің мүшесі. «Ерен

еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

С.Тайман



Бишімбаев Уәлихан

БИШІМБАЕВ Уәлихан Қозыкеұлы (27.10.1946 ж. т., Түркістан обл. Түлкібас ауд. Т.Рысқұлов а.) – мемлекет және қоғам қайраткері, тех. ғыл. докт. (1991), проф. (1992), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚР Ғылым мен техника саласындағы мемл. сыйл-ның иегері (2005). Қазақстанның еңбек сің. қызметкері (1996). Қазақстанның еңбек сің. ғыл. қайраткері (2003). Қазақстанның құрметті инж. (2005). Қазақ хим.-технол. ин-тын (1968, қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті), Мәскеу хим.-технол. ин-тының аспирантурасын (1972) бітірген. Қазақ хим.-технол. ин-тында ассистент (1968–69), оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1972–76), Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-ты Қызылорда бөлімшесінде директор (1976–90), Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инж. ин-тының ректоры (1990–93), Қызылорда политех. ин-тының ректоры (1993–96), Жамбыл пед. ин-тының ректоры (1996–98), Тараз мемл. ун-тінің (1998–2001), Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінің ректоры (2001–12), ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (2012–16) болған. 2017 жылдан «Тұз технологиялары ғылыми-зерттеу орталығы» ҚҚ президенті. Б-тың жетекшілігімен дүниежүз. тәжірибеде алғаш рет гидротех., гидрооқшаулағыш, керамик. құрылыс және жол материалдарының қасиеттерін реттейтін кешенді қоспа ретінде мұнайлы-битумды жыныстардың қолданылуы енгізілген. Негізгі ғыл.-зерт. бағыты мұнай-битумды тау жыныстары және тұтқырлығы жоғары мұнайларды өңдеу саласы, геоэкология және экол. биотехнология саласында топырақ, су ресурстары, ауа бассейні экологиясы, табиғи және техногендік шикізаттың қалдықсыз және азқалдықты экол. технологиялары, шикізаттың әр түрінен құрылыс материалдары мен құрылыс және арнайы мақсаттағы объектілерге арналған байланыстырғыш материалдардың жаңа технологияларын жасау, күн энергиясы, жартылай өткізгіштер технологиясы, микро- және нанотехнологиялар үшін таза бейорганик. материалдарды алу саласына арналған. Б. 16 ғылым докторын, 34 ғылым кандидатын дайындаған. 750-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 17 монографияның, 37 оқулық пен оқу құралының, ҚР-да 60-тан астам патенттің, 6 авторлық куәліктің авторы. «Құрмет белгісі» (1982), «Құрмет» (2003), «Парасат» (2009) орденделерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның (2009), Қызылорда обл-ның (2014) құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Биімбетова Шолпан

БИІМБЕТОВА Шолпан Тілеубайқызы (23.3.1973 ж. т., Арал ауд. Сексеуіл ст.) – жырау, ҚР Мәдениет саласының үздігі (2021), облыс әкімінің стипендианты (2008). Жезқазған мәдениет уч-щесін (1993), Қызылорда мемл. ун-тін (1998, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Жезқазған обл. Жезді ауд. мәдениет бөлімінің қызметкері (1989–90), Сексеуіл қазақ орта мектебінде мұғалім (1993–94), Қызылорда ун-тінде оқытушы (1998 жылдан) болған. Қазіргі уақытта аға оқытушы қызметін атқарады. Б. айтыс ақындары мен жыршы-тер-

мешілердің халықар. одағының мүшесі. АҚШ, Ұлыбритания, Түркия, Ресей, Италия, Швейцария, Франция, Германия мемлекеттерінің сахналарында өнер көрсеткен. М.Сеңгірбайұлы атынд. жыраулар байқауында (Ақтау қ., 2010) және «Алқалы жырау жырласын» респ. жыраулар байқауында 1-орын (Ақтөбе қ., 2017) алған. Ғ.Құрманғалиев атынд. респ. әншілер байқауының (Орал қ., 1997), «Жастар және фольклор» халықар. фестивалінің (Түркия, 2000), «Шалқар термесі» байқауының (Шымкент, 2002) лауреаты. «Құрмет» (2018) орденімен марапатталған.

Қ.Омаров



Бодықбаев Жақай

БОДЫҚБАЕВ Жақай (12.2.1939 ж. т., Сырдария ауд. Ақжарма а.) – еңбек ардагері және қоғам қайраткері. Қызылорда а. ш. техникумын (1960), Қазақ а. ш. ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Еңбек жолын «Абай» (қазіргі Ақжарма а.) ұжымшарында механизатор болып бастап, ауд. партия к-тінде теххатшы, Сырдария ауд. а. ш. өндіріс басқармасында аға агроном, ауд. партия к-ті, ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы, «Партияның 21-съезі» кеңшарында бас агроном болып еңбек етті. Б. Қызылорда обл. а. ш. басқарма бастығының орынбасары (1973–75), Тереңөзек ауд. «С.Сейфуллин» кеңшарының директоры (1975–81), обл. а. ш. басқарма бастығының орынбасары (1981–83), Шиелі ауд. а. ш. басқарма бастығы (1983–88), обл. халықтық бақылау к-ті төрағасының орынбасары (1988–90), обл. агроөнеркәсіп бірлестігі төрағасының орынбасары (1990–92), Қармақшы ауд-ның әкімі (1992–96), Тереңөзек ауд. «Ақжарма» ЖШС директоры (1996–99), дендропарк директорының орынбасары (2000–02), «К-Транс» ЖШС директоры (2002–08). «Алатау» ШНУ ҚФ директоры (2008–13) қызметтерін атқарды. 2013 жылдан Қызылорда қ. ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары. Сырдария, Шиелі ауд. кеңестерінің депутаты. «Ерен еңбегі үшін», т.б. медальдармен марапатталған. Қармақшы, Сырдария аудандарының құрметті азаматы.

С.Тайман

БОДЫҚОВ Оразбек (29.3.1927, Шиелі ауд. Н.Бекежанов атынд. а. – 1997, Алматы қ.) – жазушы, аудармашы. Еңбек жолын респ. жастар газетінен бастаған. «Лениншіл жас» (1952–54, қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті» (1954–57), «Казахстанская правда» (1957–60) газеттерінде әдеби қызметкер, Қызылорда обл. Халық шығарм. үйінің директоры (1960–69), респ. қуыршақ театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі (1973–79), Қазақ радиосында бас редактор, бас редактордың орынбасары (1970–73, 1983–87) болды. Алғашқы әңгімесі 1950 ж. «Жас аңшы» деген атпен «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») журналында жарық көрген. Оның «Қанат аспанда қатаяды», «Өмір жолдары», «Ақ құс», «Шәмші Қалдаяқов» атты роман-повестері, драматургия саласында «Қанжар мен домбыра», «Әл-Фараби», «Қорқыт», т.б. драмалық шығармалары жарық көрген. Пьесалары Қазақстан, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерлердегі театр сахналарында да қойылды. А.Тоқмағамбетовтің «Әке мен бала» романын орыс тіліне (1978), В.Смирнованың «Авиценна» романын қазақ тіліне (1986) аударды.



Бодықов Оразбек



Божанова Алмагүл

БОЖАНОВА Алмагүл (14.3.1946, Сырдария ауд. Қызылөзек а. – 4.6.2024, Қызылорда қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. М.Мәметова атынд. қыздар пед. уч-щесін (1964), Қызылорда пед. ин-тын (1970, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Тереңөзек ауд. Шаған а-нда балабақша меңгерушісі, Бесөзек а-нда мектепте мұғалім (1964–72), ауд. комсомол к-тінің 1-хатшысы (1972–77), А.Тоқмағанбетов а-нда мектеп директоры (1977–83), ауд. партия к-тінің хатшысы, халық депутаттары Тереңөзек аудандық атқару к-тінің орынбасары, төрағасы (1983–92), Тереңөзек ауд-ның. әкімі (1992–99), Қызылорда обл. мәслихатының хатшысы (1999–2007), «Нұр-Отан» партиясы Қызылорда обл. филиалы төрағасының орынбасары (2007–12), «Игілік» обл. корпоративтік қорының гуманит. мәселелер жөніндегі тәуелсіз директоры, «Ұрпақтан-ұрпаққа» обл. қоғамдық бірлестігінің төрағасы (2008 жылдан) қызметтерін атқарды. Обл. мәслихаттың депутаты, хатшысы (1999, 2003). ҚР Ұлттық кеңесінің мүшесі (2012). «Құрмет белгісі» (1974), «Құрмет» (2011), «Парасат» (2021) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2016).



Бозғұлов Ержігіт

БОЗҒҰЛОВ Ержігіт (2.2.1931, Қазалы ауд. Ғ.Мұратбаев а. – 9.2.2009, Қызылорда қ.) – Қазақ КСР-нің еңбек сің. гидротехник инж. (1976). Алматы а. ш. ин-тын (1954, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қазалы ауд. машина-экскаватор ст-нда бригадир, шебер, прораб, аға прораб, өндіріс бөлімінің бастығы (1954–59), Қызылорда обл. партия к-ті а. ш. бөлімінде нұсқаушы (1959–61), ирригац. құрылыс жөніндегі құрылыс-мелиорация басқармасының бас инж. (1961–63), Қызылорда плотина құрылысы (1963–66), «КүрішКеңшарҚұрылыс бас басқармасы» обл. жайылымдарды суландыру жөніндегі құрылыс-мелиорация басқармасының бастығы (1966–69), 2-құрылыс-монтаждау тресінің бастығы (1969–72), Қызылорда құрылыс-өндірістік мелиорац. бірлестігінің бастығы, орынбасары, бас инж., бірлестік бастығының 1-орынбасары (1972 жылдан) қызметтерін атқарды. Қызылқұм, Қаракұм мал жайылымдарын суландыру, Сыр жағалауындағы күріштік алқаптарды тегістеу, т.б. мәселелерді шешуге зор үлес қосты. Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2008).

БОЗКӨЛ – ауыл. Қазалы ауд-ндағы Б. ауылдық окр-нің орт. Әйтеке би кентінен оңт.-батысқа қарай 61 км жерде жерде орналасқан. Тұрғыны 0,9 мың адам (2023). 1934 ж. Ақтөбе ауылдық кеңесі болып құрылып, 1937 ж. 8 ауыл 2 ауылға біріктіріліп, Сталин ауылдық кеңесі, 1957 ж. Б. кеңшары Б. ауылдық кеңесі болып аталған. 2005 жылға дейін орт-тан 30 км жерде орналасқан 3 елді мекен (Тасарық, Лақалы, Отгон) біріктіріліп, 2005 ж. Тасарық ауылдық окр-не айналып, ал Б. ауылдық окр. бөлек болған. Округте типтік-жобада 11 жылдық мектеп, балабақша, аурухана, мәдениет үйі, кітапхана, пошта байланыс бөлімшесі, малдәрігерлік пункт және «Бозкөл» ЖШС, су тұшыту қоғамдық бірлестігі, «Бала

Ахун» мешіті, «Арал – Сарбұлақ» ауыз су тарату бөлімшесі, 3 азық-түлік дүкені халыққа қызмет көрсетеді.

Қ.Омаров



Бозова Жамал

БОЗОВА Жамал Қыпшақбайқызы (5.11.1970 ж. т., Қызылорда қ.) – балуан, Дзюдодан КСРО-ның спорт шебері (1989), Самбодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері (1994), Дзюдодан халықар. дәрежедегі төреші. Қызылорда пед. ин-тын (1993, Қызылорда ун-ті) бітірген. Б. Азия чемпионы (1992), әлем кубогының қола (1992) және әлем чемпионатының күміс (1993) жүлдегері. Обл. жасөспірімдер спорт мектебінде жұмыс істеген (1987–88). Қызылорда ун-тінде «Дене тәрбиесі» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы (1993–98), Обл. балалар мен жасөспірімдер олимпиадалық резервінің арнайы мектебінде дзюдодан жаттықтырушы (1998–2006), облыстың дзюдодан жастар арасындағы құрама командасының аға жаттықтырушысы (2007–11), №2 обл. мамандандырылған балалар-жасөспірімдер олимпиадалық резерв мектебі директорының орынбасары (2011–14) қызметтерін атқарған. 2014 жылдан Қ.Мұңайтпасұлы атынд. спорт клубының директоры. Бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

БОКИН Досмұхамед (шамамен 1864/1865 – 6.2.1920) – ағартушы, ұстаз. Перовск (қазіргі Қызылорда қ.) қ. уч-щесін (1878), Түркістан мұғалімдер семинариясын (1885) бітірген. Сырдария обл. халық уч-щелері инспекторының нұсқаумен Сарышаған, Қазалы уезіндегі Сарытоғай ауылдық мектебінде бес жыл мұғалім, мектеп меңгерушісі, кейін Аламесектегі екі кластық түземдік мектепте мұғалім әрі меңгеруші қызметін атқарды. Аламесек мектебінде оқытқан балаларының бірі – қазақ қайраткері Т.Жүргенов.

Т.Дайрабай

БОКИН Ешмұхамед (шамамен 1845/50 – 1904) – ұстаз, аудармашы. Перовск (қазіргі Қызылорда қ.) уч-щесін (1879), Түркістан мұғалімдер семинариясын (1883) бітірген. Б. 1883 жылдан өмірінің соңына дейін Перовск қ. уч-щесі мен түземдік мектептерде ұстаз болды. Оның «Русско-киргизский и киргизско-русский словарь» (1883) сөздігі баспада жарияланып, оған орыс зерттеушісі А.Н. Кононов «Бокин Ишмухамед – автор первого русско-киргизского (казах) – киргизско-русского словаря. Содержание около 6000 слов. С приложением с казахским и русским алфавитом» деп баға берді. Аталмыш кітаптың редакторы – Н.А. Воскресенский. Б. кітаптың алғы сөзіне «Перовск қалалық училищесі мен Түркістан мұғалімдер семинариясында оқып жүргенде жинақтаған бұл еңбегімді шығарудағы басты себеп – қазақ пен орыстың өзара қарым-қатынасын екі тіл арқылы жақындастыру» деп жазды. Б., сонымен қатар, ауызша аңыз әңгімелерді жинақтаушы болды. Ол 1895–96 ж. қазақ халқының ауыз-әдеби мұрасын зерттеген Ә.Диваевқа «бақсы», «жын», т.б. туралы айтып берген.

Т.Дайрабай



Боранбайұлы Сейіл

БОРАНБАЙҰЛЫ Сейіл (1930, Қазалы ауд. Сағындық а. – 20.7.2005) – жазушы. Қызылорда пед. ин-тының (1953, қазіргі Қызылорда ун-ті) тарих ф-тін бітірген. Қостанай обл. Жангелдин, Қызылорда обл. Қазалы аудандарында

мұғалім (1953–57), ауд. «Социалистік жол» газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактор (1957–62), ауд. «Ленин туы» газетінде редактор, обл. «Ленин жолы» газетінде бас редактордың 1-орынбасары, обл. баспасөз басқармасының бастығы, халықар. «Қазақ тілі» қоғамы Қызылорда обл. ұйымының төрағасы (1962–90) қызметтерін атқарды. Б-ның тұңғыш жинағы «Ұстаз» атауымен 1966 ж. жарыққа шықты. «Табиғатқа тіл бітсе», «Мырза маусым», «Қайырлы таң», «Төрт түліктің төлдері», «Халқым қалай күн көрер» атты жыр кітаптарын жазған. Бірқатар өлеңдері қарақалпақ тіліндегі «Дала туысқандығы», латыш тіліндегі «Дала қызғалдақтары» кітаптарында жарияланды.

А.Шаңдыбаева



Боробов Андрей

БОРОБОВ Андрей Афанасьевич (1897 – ө.ж.б.) – Қызылорда ун-тінің алғашқы басшысы. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург қ.) қ-ндағы Жоғары пед. қаржы-экон. ин-тын (1930), Жоспарлау-экон. ин-тының аспирантурасын (1933) бітірген. 1934 ж. РКФСР Челябинск обл. к-тінің шешімімен астық дайындау жоспарын орындамағаны үшін БК(б)П қатарынан шығарылып, Орал пед. ин-тының (қазіргі Батыс Қазақстан ун-ті) аға оқытушысы (1934–37) қызметін атқарған. Қызылорда пед. ин-ты (қазіргі Қызылорда ун-ті) 1937 ж. алғаш ашылғанда директоры болып тағайындалған. 1937–38 оқу жылдары сол ин-ттағы тарих, филология, жаратылыстану және физ.-матем. ф-ттерінде 27 оқытушы жұмыс істеп, 371 студент білім алған. Б. Қазақстан КП(б) ОК бюросының 1938 жылғы 29 шілдедегі шешімімен Орал пед. ин-тына саяси экономика пәнінің оқытушысы қызметіне жіберілген. Сонда 1938 жылдың 1 қыркүйегінде саяси экономия пәнінен доцент қызметіне қабылданып, әлеум.-экон. ғылымдар кафедрасын басқарған. Кейінгі тағдыры белгісіз.

Б.Бұрханов

БОРСЫҚ (Meles meles) – сусарлар тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Дене тұрқы 60–90 см, салм. 8–16 кг-ға жуық. Түсі ақшыл-сұрдан қара-қоңырға дейін өзгеріп отырады. Жүні қылшықты, салалы, сирек. Тұмсығынан желкесіне дейін созылған қара жолағы бар. Бауыры, төбесі, табандары қара, аяқтарында сәл иілген, мықты



Борсық

ұзын тырнақтары болады. Астыңғы жақ сүйектерінде 5 азу тістері бар. Інде тіршілік еткендіктен, маусымдық көшуі байқалмайды. Іңір түсісімен қорек іздеуге шығады. Б. қорек талғамайды. Ол ұсақ кеміргіштермен, құстармен, олардың жұмыртқаларымен, жыланмен, кесірткелермен, ұсақ жәндіктермен, жеміс және бақша дақылдарымен де қоректенеді. Күзге қарай бойына май жинайды да, қысқы ұйқыға кетеді. Жыныстық жағынан екінші жылы жетіледі. Олар наурыз-маусымда мауығып, 1 жылдан кейін 1–5 күшік табады. Терісі мен майы үшін ауланады. Б-тың майы витаминдерге бай, сондықтан халық медицинасында оны буын ауруларын, туберкулез және іріңді жараларды емдеуге қолданады. А. ш-на орман зиянкестерін жеп пайда келтіреді.

Г.Нәлібаева

БОСАҒА – артезиан құдығы. Жаңадария өз-нің аңғарында, Қызылқұмның солт. бөлігінде орналасқан. Топонимдік жағынан «биік тау не жоталардың қысаң жері, босағаға ұқсаған төменгі жері» деген мағына береді. Артезиан

құдығы сол жерде орналасқандықтан қойылған атау болуы мүмкін.

БОСТАН Ұзақұлы (т.–ө.ж.б.) – би, шешен. Елді бірлікке, татулыққа шақырып, шындық пен әділдікті жақтаған адам болған. Б-ның өмірі Сыр сүлейлері Т.Ізтілеуов және Шораяқтың Омарының жырларына арқау болған. Мазары Қармақшы ауд-нда орналасқан.

Т.Дайрабай



Ботабаев Кеулімжай

БОТАБАЕВ Кеулімжай Шалтақбайұлы (15.1.1958 ж. т., Қызылорда қ.) – дирижер, ҚР Мәдениет қайраткері (2010), ҚР Білім беру ісінің үздігі (1997). Алматы мемл. консерваториясын (1981, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. Еңбек жолын мемл. симфон. оркестрде бастаған. Қызылорда қ-ндағы муз. уч-де оқытушы (1983–99), колледж директоры (1999–2022) қызметтерін атқарған. Қазіргі таңда сол колледжде оқытушы болып жұмыс істейді. Б. 1992 жылдан колледж оқушылары халық аспаптары оркестріне жетекшілік етеді. Қызылорда обл. филармониясы жанынан алғаш халық аспаптар оркестрін құрды (2007). Обл. филармонияда Тұрмағамбет атынд. халық аспаптар оркестрін, камералық оркестрді басқарды. Б. студенттер арасынан халықар. конкурстардың 6 лауреатын, респ. конкурстардың 30 иегерін, 20-ға жуық дипломантын дайындады. Облыс әкімінің 2014 жылғы стипендиаты. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы. «Құрмет» орденімен (2016), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

БОТАБАЙ – ауыл. Шиелі ауд. Тартоғай ауылдық окр-не қарайды. Шиелі кентінен солт.-батысқа қарай 65 км, округ орт. – Тартоғай а-нан 3 км жерде орналасқан. Б. а. жерінде Қарабура әулие (Наһан шайых), Құрайыс әулие, Қаратай ахун, Есіркеп ахун, Әйімбет ахун, т.б. тұлғалар өмір сүрген. Тұрғыны 1,03 мың адам (2023). Жер көл. 4854,8 га. Іргесі 1928 ж. а. ш-н ұжымдастыру кезінде қаланған. 1928–96 ж. күріш ш-мен айналысқан «Гигант» ұжымшары бөлімшесінің орт. болған. Қазіргі кезде Б-да 32 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Елді мекенде 3 сауда дүкені, пошта, телекоммуникация торабының жүйесі, ауылдық клуб, кітапхана және дәрігерлік амбулатория, т.б. халыққа қызмет көрсетеді. 2012 ж. елді мекенге 200 орындық жаңа мектеп пайдалануға берілді.

БӨГЕН – ауылдық окр. орт. Арал қ-нан оңт.-батысқа қарай 85 км жерде, Арал т-нің аңғарында орналасқан. Оған Бөген, Қарашалаң ауылдары қарайды. Орт. – Б. а. Тұрғыны 1,08 мың адам (2023). Б. а-ның бастапқы атауы – «Қалия» (Ғалия болуы да мүмкін). Қалия 18 ғ-да өмір сүрген атақты Нұрбай байдың екінші әйелі. Бөген сөзі су қоймасы дегенді білдіреді. Кеңес өкіметі тұсында Бөген атауы «Көнебөген» болып өзгерген. Уақыт өте келе «Қалияға» ел қоныстанып, ол Б. а. деп аталып кеткен. Ауыл тұрғындарының негізгі тіршілігі – балық және мал ш. Ауылда «Бақыт» шаруа қожалығы, «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС, «Қарашалаң сервистік дайындау орталығы» ЖШС орналасқан. Ауылда орта мектеп, кітапхана, балабақша, мәдениет үйі, мешіт, дәріхана, мейрамхана, сауда үйлері халыққа қызмет көрсетеді.

С.Тайман



Бөдеев Қасым

БӨДЕЕВ Қасым (13.1.1900, Ақмола обл. Байқоңыр ауд. – 9.8.1977, қазіргі Сырдария ауд. Қалжан ахун а.) – Соц. Еңб. Ері (23.6.1966). 1930-жылдардағы ашаршылық жылдары отбасымен Тереңөзек ауд. «Еңбек» ұжымшарына қоныс аударған. 1932 жылдан осы ұжымшардың негізінде құрылған «Аманкелді» ұжымшарында (1964 жылдан «21-партсъезд» кеңшары) егіс бригадасында еңбек еткен. 1952 жылдан күріш звеносын басқарып, 1956 ж. оның звеносы 40 га күріштің әр гектарынан 51 ц, 1966 ж. 20 га күріштің әр гектарынан 107,6 ц-ден өнім алған. 1966 жылдан күріш егісі көлемін 80 га-ға ұлғайтқан. Ленин (1957, 1966), орденлерімен, медальдармен марапатталған. Тереңөзек кентінде Б-тің есімі көшеге беріліп, ескерткіш орнатылған. Тереңөзек кентінде Құрметті азаматтар аллеясында есімі жазылған (1977), оның атында көше, ескерткіш бар.

Қ.Омаров

БӨЛЕКЕЙ (т.ж.б. – 1808) – сұлтан, Кіші жүз ханы. Әбілқайыр ханның немересі, Ерәлінің баласы. Сырдарияның төм. ағысы мен Ырғыз өз. бойын мекендеген Шөмекей руының 4 мыңға жуық отбасы, сондай-ақ Жаңадария өз. жағалауындағы қарақалпақтар Б-дің қол астында болған. Ол 1770 ж. Қайып ханның ұлы Жаһангер (Жәңгір) Хиуа тағынан тайдырылған соң, жергілікті ықпалды топтың қолдауымен оның орнына отырды. Бірақ бір айдан кейін әмір Мұхаммед Әминнің тегеурінімен Хиуадан қуылып, әкесі Ерәліге жіберілді. 1780 ж. Бұхара әмірінің қолдауымен Шөмекей руының және қарақалпақтардың басым бөлігінің ханы болып сайланды. Ол өзінің билігі кезінде орыс шекаралық өкіметімен байланыс жасамауға тырысты. Б-дің 4 ұлы болған. Олардың ішінде Қасым мен Сауқым мұрагерлік жолмен хан сайланған. Б-дің қызы Хиуа ханы Елтүзер Мұхаммедке ұзатылған.

Ө.Ақыпбекұлы



Бөрқұлақов Талант

БӨРҚҰЛАҚОВ Талант Әмитжанұлы (5.5.1947, Қазалы ауд. – 7.4.1989) – әскери қызметкер, 1-рангалы капитан. Әкесі Әмитжан Сыр өңіріне белгілі жыршы, термеші болған. Б. адм. Нахимов атынд. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург қ.) әскери-теңіз уч-щесін, әскери-теңіз академиясын бітірген. Ресейдің солт. флотындағы атом сүңгуір кемелер құрамасында саяси істер басқармасының бастығы қызметін атқарған. Әскери тапсырманы орындау кезінде Норвегия жағалауындағы Медвежий аралында қаза тапқан. Қызыл жұлдыз орденімен марапатталған. Әйтеке би кентінде Б-тың есімі көшеге берілген. Қазалы қ-ндағы Ғ.Мұратбаев атынд. мемориалдық мұражайда оған арнап бұрыш ашылған.

БӨРІБАЙ БАТЫР (шамамен 1694 – 1756/60) – қолбасшы. 1723–40 ж. жоңғарларға қарсы соғысқан. Жалайыр, найман, қоңырат жасақтарының басын біріктіріп, Сарысу өз. бойына қоныстандырған. Жоңғар шапқыншылығының ең ауыр кезеңінде өз қарамағындағы рулардың жаудан қорғану ісін ұйымдастырды. Сарысу өз. бойындағы шайқаста қаза тапқан. Қожа Ахмет Ясауи кешенінде жерленген. Б. б-дың ерлігі жайлы кезінде Сегіз сері, Дәстем сал, Жанкісі жыраулар дастандар шығарған.


Ө.Ақыпбекұлы

БӨРІЛІ – қола дәуірінің қоныстары. Қызылорда обл. Шірік-Рабат ескерткішінен солт.-шығысқа қарай 38 км жерде. 1958 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетек. С.П. Толстов) зерттеген. Мұнда екі жерден қоныстардың орны анықталған: Б.–1 және Б.–2. Ар-хеол. барлау жұмыстары болмаса, қазба жұмыстары жүргізілмеген. Далалық зерттеулер барысында геом. ою-өрнектері бар қыш ыдыстардың бөліктері, кварциттен жасалған жалтырата тегістелген құрал, т.б. теріліп алынған. Қыш ыдыстарға өрнек тарақ пен ойып жасау әдістері бойынша түсірілген. Алынған

материалдар негізінде Б. ескерткішін мамандар б.з.б. 2-мыңжылдықтың 2-жартысына жатқызады.

Д.Байгунаков

БӨРІОЙНАҚ, Бөрімойнақ – қырат. Арал т-нің шығысында, Арал Қарақұмының оңт-нде, Жалағаш ауд-нда орналасқан. Абс. биікт. 217 м, солт-тен оңтке қарай 37 км-ге созылған, енді жері 15 км. Қыраттың үстіртті беті тегіс, шеткі беткейлері жарқабақты, сай-жыралармен тілімденген. Жоғарысы бор кезеңінің құмынан, алевролитінен, кварцит пен саздан түзілген. Топырағы сортаңдау, сұр. Жусанды-сортаңды шөптер өседі. Батысында 15 км жерде Егізқара тауы жатыр (288 м), солт.-шығысында Майбұлақ бұлағы ағып өтеді.



Брынкин Виталий

БРЫНКИН Виталий Алексеевич (2.1.1944 ж. т., Ростов обл. Зерноград қ.) – мемлекет қайраткері. Қазақ КСР А. ш. мин. тәжірибе-оқу шаруашылықтары бас өндірістік басқарма бастығының орынбасары (1978–79), Торғай обл. партия к-ті а. ш. және тамақ өнеркәсібі бөлімінің меңгерушісі (1979–84), Торғай обл. а. ш. басқармасының бастығы (1984–85), Торғай обл. Жаңадала ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1985–87), Қызылорда обл. партия к-тінің хатшысы (1987–89), Қызылорда обл. атқару к-тінің төрағасы (1989–92), Ленинск қ. (қазіргі Байқоңыр қ.) әкімш-нің басшысы (1992–94), ҚР Президентінің Семей обл-ндағы өкілі (1994–95), ҚР Президенті әкімш. ұйымдастыру-бақылау бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1995), Торғай обл-ның әкімі (1995–97), ҚР Тәртіптік кеңесінің мемл. инспекторы (1997–98), Павлодар обл. әкімінің орынбасары (1998–2000), РФ Президенті Бас аумақтық әкімш-нің кеңесшісі (2000–02), 2005 жылдан РФ Есеп палатасының Табиғи ресурстарға және агроөнеркәсіптік кешенге федералдық бюджет шығыстарын бақылау департаменті директорының орынбасары қызметтерін атқарған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 11-, 12-шақырылған депутаты. Аралды (Арал т.) құтқару мәселелері жөніндегі мемлекетаралық консорциумның, ғарыш кеңістігін пайдалану жөніндегі мемлекетаралық (ТМД шеңберіндегі) комиссияның мүшесі. 2-дәрежелі «Достық», «Халықтар достығы» орденделімен және бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2016).

С.Тайман

БУРАЕВ Оразғали Мұхамедұлы (25.12.1898, Сырдария обл. Қазалы уезі Заңғар болысы, 2-а. – 26.2.1938, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Малшы қазақ отбасында туған. Орыс-қазақ уч-щесін (1915), Ташкент қ-нда мұғалімдер, Орынбор қ-нда атты әскер командирлері курстарын (1920), Бүкілодақтық жоспарлау академиясы а. ш. ф-тін (1933, Мәскеу қ.) бітірген. Бұхара көпесі Әшірбай Нығметбаевтың үй ш. қызметкері (1914–18), мектеп мұғалімі, Қазалы қ. балалар коммунасының нұсқаушысы, Ырғыз қ. Алашорда үкіметі земство басқармасының көшірушісі (1918–19), Қостанайдағы 2-қазақ атты әскер полкінің (1919–20), 8-атты әскер бригадасы 16-дүнген полкінің әскери қызметкері (1921), РКЖО Түркістан обл. к-тінің нұсқаушысы (Ташкент), РКЖО ҚАО обл. к-ті ұйымдастыру бөлімінің (Төрткүл), уездік жер бөлімінің меңгерушісі, Қазалы уездік атқару к-ті төрағасының орынбасары (1922–24), Ташкент қ. мемл. мүлік және жерге орналастыру бөлімдерінің меңгерушісі (1924–26), Әулиеата уездік атқару к-тінің төрағасы (1926–27), Қызылорда қ. «ҚазЕтӨнімі» басқармасының төрағасы (1927), Көкшетау уездік атқару к-тінің төрағасы (1927–28), Петропавл окр. атқару к-ті төрағасының орынбасары – жоспарлау к-тінің төрағасы (1928–29), «Қарағандыкөмір» тресі бастығының орынбасары (1929–30), Ақтөбе обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары-жоспарлау к-тінің төрағасы (1933), ҚАКСР Жер-су халық комиссарының орынбасары (1933–34), жер басқармасының бастығы (1934), БК(б)П ШҚО к-ті кеңестік-сауда бөлімінің меңгерушісі (1935–36), ҚАКСР Әділет халық комиссары (1936–37) қызметтерін атқарған. 1937 ж. 4 қазанында тұтқындалып, 1938 ж. 26 ақпанда КСРО Жоғ. соты Әскери коллегиясы көшпелі сессиясының шешімімен ату жазасына кесілді. 1959 ж. 29 қаңтарда ақталған. 8-сайланған БК(б)П Қазақ өлкелік к-ті мүшелігіне кандидат, 6-, 7-, 9-сайланған Қазақ ОАК және 8-сайланған ХКК мүшесі.

С.Шілдебай



Бутаков Алексей

БУТАКОВ Алексей Иванович (19.2.1816, Ресей, Кронштадт қ. – 10.7.1869, Германия, Швальбах қ.) – Ресей теңізшісі, контр-адм. Арал т-н тұңғыш зерттеп, картаға түсірген саяхатшы-географ. 1840–42 ж. «Або» кемесімен дүние жүзін айналып шығу саяхатына қатысып, 1848–49 ж. Арал т-н зерттеу және картаға түсіру үшін ұйымдастырылған теңіз экспед-н басқарды. Теңіздің барлық жерінің тереңдіктері өлшенді, көптеген пункттердің координаттары анықталды, жаға сызығы толық картаға түсірілді. Арал т-нің орт. бөлігінен жергілікті тұрғындарға бұрын белгісіз болып келген аралдар ашылды. Б. зерттеулерінің нәтижесінде Ресей Теңіз мин-нің Гидрография департаменті 1850 ж. Арал т-нің тұңғыш картасын басып шығарды. Б. және А.И. Макшеев теңіздің толық гидрограф. сипаттамасын жариялады. 1853–55 және 1862–63 ж. Сырдарияның төм. және орта ағысын зерттеп, картаға түсірді. 1858–59 ж. Әмудария атырауын зерттеді. Арал т-нде және Сырдария мен Әмударияда жүргізген зерттеулері үшін Б. Орыс геогр. қоғамының мүшесі және Берлин геогр. қоғамының құрметті мүшесі болып сайланды. Б. орыс үкіметінің тапсыруымен Арал флотилиясын құрды. 1863 жылдан өмірінің соңына дейін Балтық (Балт) флотында әскери қызмет атқарды. Б. есімі Арал т-нің солт.-шығысындағы шығанаққа берілген.

Ә.Бірмагамбетов

БУТАКОВ ШЫҒАНАҒЫ. Арал т-нің қиыр солт-нде, Шұбартарауыз және Көктырнақ түбектері аралығында орналасқан. Арал т-н зерттеген ғалым А.И. Бутаковтың құрметіне қойылған. Теңіз суы тартылғанға дейін шығанақтың суы батыстан шығысқа қарай 40 км шамасында созылып, енінің жалпақ жері 20 км болған. 2004 жылғы деректер бойынша, Б. ш-ның ұз. 20 км, теңізге шығар жерінің ені 3 км. Солт. жағалауы жарқабақты және тереңдеу, оңт.-батысы мен оңт. жайпақ. Шығанаққа жақын жер бедері көтеріңкі, қырқалы, құмдауытты, сортаң және тақырлы алқап. Жер қыртысы бор, палеоген, неоген және төрттік кезеңдердің шөгінділерінен түзілген. Шығанақтың батпақты-құмдауытты топырағында қамыс пен құрақ, ши өседі. Батыс жағалауында 3 км жерде Ақеспе, оңт.-шығысында Тастүбек ауылдары орналасқан.



Бұдабай Қабылұлы

БҰДАБАЙ Қабылұлы (1842, Шиелі ауд. Жөлек а. – 1912, сонда) – айтыс ақыны. Өткір сөзді, терме, толғау, мақтау, сынау, сөзге шебер дарынды ақындардың бірі.

Оның алғаш ақын ретінде танылуы Қарлығаш деген қызбен айтыстан басталған. Жастайынан өлең-жырға әуес Б. шығармаларының бірқатары жазба түрде сақталған. Өлеңдерінің басым көпшілігі ел бірлігі мен татулықты жырлауға, араздасқандарды бітімге шақыруға арналған. Мыс., «Әлмәмбетке», «Әжібай мен Торғайға», «Аппазға», т.б. шығармаларында кейбір нысапсыз, парақор ел басшыларын сынай отырып, бұрынғы өткен әділ би, кемеңгер шешендердің үлгілі істерін алға тартады. Оның есімі жоқтаулармен де танымал, мыс., «Әйекені жоқтау», «Әшірдің баласы Сыздықты жоқтау», «Әлмәмбеттің жалғыз баласы өлгенде», т.б. ел арасына кең таралған әрі көркемдігі мен құрылысы жағынан ерекше туындылар. Ақынның «Өзім жайлы», «Көңіл туралы», «Өмір туралы», т.б. өлеңдері бар.

БҰЗЫҚҚАЛА – ортағасырлық қала жұрты (1–9 ғ-лар). Қазалы қ-нан оңт.-батысқа қарай 55 км жерде орналасқан. 1946 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетек. С.П. Толстов) зерттеген. Жоспары тік төртбұрышты, бұрыштары дөңгеленіп, еңістеу келген. Ауд. 145х290 м. Б-ның цитаделі солт. бөлікте орналасқан, аум. 50х50 м. Сырты қам кірпішпен тұрғызылған дуалмен және ені 10 м-лік ормен қоршалған. Далалық зерттеулер барысында шаруашылық бұйымдар (қыш құмыра сынықтары, өрнек салынған ыдыстар, т.б.) табылған.

Д.Сүлейменұлы



Бұқарбай Естекбайұлы

БҰҚАРБАЙ Естекбайұлы (1812, Жалағаш ауд. – шамамен 1898, Қараөзен өз. бойы) – батыр, шешен. Кіші жүздегі Табын руының Теке атасынан шыққан. Кеңесары Қасымұлына қосылғанға дейін Қоқан бектерінің ықпалында болған. Б. Кенесары көтерілісіне алғашқылардың бірі болып қатысып, 1847 жылға дейін көрнекті батырлардың қатарында аталады. Ол 1838 ж. тамызда Ақмола бекінісін алуға қатысты. 1850 ж. Б-дың жасағы Қазалы, Арал, Қосқорған бекіністеріне шабуыл жасап, қазақ-орыстар мен қоқандықтарды жеңді. Орыс тіліндегі деректерге қарағанда, Б. осы шайқастардың бірінде ауыр жараланып, еліне оралып, бейбіт еңбекпен айналысқан. Егін егіп, Сырдария сағасынан күні бүгінге дейін ұрпақтары пайдаланатын «Бұқарбай арығын» (ұз. 25–30 км) қаздырған. Б-дың ерлігі ақын-жыраулардың мұраларында, тарихшы Е.Бекмахановтың зерттеулерінде, жазушы І.Есенберлиннің «Қаһар» романында, зерттеуші Қ.Бердәулетовтың «Бұқарбай батыр» кітабында көрініс тапқан.

БҰҚАРБАЙ БАТЫР – ауыл. Жалағаш ауд-ндағы өзімен аттас ауылдық округтің орт. Қызылорда қ-нан 100 км, Жалағаш кентінен 18 км қашықтықта орналасқан. Б. б. а-ның тарихы өткен ғасырдың басынан басталады. 1910 ж. халық бұл өңірде Аққұм, Сасық, Қараой, Ақсай деген жерлерге шоғырланып, тіршілік еткен. 1931 ж. Қараой, Ақсай халқы «Коммуна», «Аққұм» ұжымшарларына, ал Сасықтағы халық «Қызыл кедей» ұжымшарына біріктірілген. Екі ұжымшар 1930 ж. ұйымдастырылған К.Маркс ауылдық кеңесіне қараған. Кейін «Коммуна» «К.Маркс» ұжымшары, «Қызыл кедей» «Қызыл Ту» ұжымшары болып өзгерген. 1958 жылдары «К.Маркс» пен «Қызыл Ту» ұжымшарлары қосылып, іріленіп, «К. Маркс», «Калинин» ұжымшарлары болып, ал 1969 ж. кеңшар болып өзгертілген. Халық саны 2,1 мың адам (2023). Б. б. а-нда 420 орындық №33 орта мектеп, №13 «Балдырған» бөбекжай-бақша, 200 орындық ауылдық мәдениет үйі, кітапхана, дәрігерлік емхана жұмыс істейді. Ауылдық окр-те 19 көше түгел жарықтандырылған. Жер көл. 30,5 мың га, оның ішінде а. ш. жер



Бұқарбай Естекбайұлы ескерткіші

көл. 15,6 мың га, жайылымдық жері 6,5 мың га, шабындық жері 974 га, егістік алқаптары 4,7 мың га. Ауыл окр-нде 1931 мүйізді ірі қара, 2270 қой мен ешкі, 768 жылқы, 154 түйе, 590 құс есепке алынған. Ұз. 21 км оқшау су құбыры желісі жүргізілген. Ауылға «Қойшығұл» каналы арқылы ауыз су келіп тұр. Ауылдық окр-те 121 кәсіпкерлік нысан бар. Ауыл мешіті «Мелиоратор» ЖШС директоры Мыхановтың демеушілігімен 2012 ж. қайта салынды. «Байтабын» ЖШС төрағасы Мыханов 1,4 мың га күріш, 655 га жоңышқа егіп, а. ш. өнімдерін экспортқа шығарып келеді.

Т.Адисұлы

БҰҚАРБАЙ БАТЫР КЕСЕНЕСІ – сәулет ескерткіші. Б. б. к. Жалағаш ауд. Қаракеткен а-нан солт.-шығысқа қарай 21 км қашықтықта орналасқан. Кесене қам кесектен тұрғызылып, нашар сақталғандықтан, 1993 ж. батырдың 180 жылдық мерейтойы қарсаңында кесененің аум. қапталып, қайта өңдеуден өткен.

БҰҚАРБАЙ ЕСТЕКБАЙҰЛЫ ЕСКЕРТКІШІ – жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш (2012). Қызылорда қ-нда Бұқарбай батырдың 200 жылдық мерейтойы құрметіне орнатылған. Ескерткіш авторы – ҚР Суретшілер одағының мүшесі, мүсінші Ж.Ысмағұлов. Салмағы 6 т, биікт. 6,1 м. Тұғырымен қосқандағы биікт. 12 м. Тұғыр бетонмен, мәрмәр тақтаймен жабылып, табаны гранит тақтайшалармен қапталған.

БҰЛАНБАЙ БАУЫ – ауыл. Шиелі ауд. Қарғалы ауылдық окр-нің орт. Шиелі кентінен оңт-ке қарай 45 км жерде Қызылқұм құмының қиыр солт-нде орналасқан. Тұрғыны 1,5 мың (2023) адам. Ауыл 1997 жылға дейін Қарғалы деп аталып келді. 1973–96 ж. қаракөл қой ш-мен айналысқан «Қарғалы» кеңшарының орт. болды. Кеңшар негізінде Б. б-нда 4 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Б. а-нда уран өндіру кеніші орналасқан. Ауылда К.Әбдіқадыров атынд. №241 мектеп, балабақша, «Алтай қожа» мешіті, амбулаториялық емхана, ауылдық клуб жұмыс істейді.

С.Тайман

БҰЛАНТЫ–БІЛЕУТІ ШАЙҚАСЫ. Қазақ жасақтары 1726 ж. Ұлытау өңірінде Бұланты және Білеуті өзендері аралығында жоңғар басқыншыларымен шайқасты. 1723–25 ж. қазақ жерінің шығысы мен Жетісуды, Сырдарияның орта ағысына дейінгі өңірін басып алған жоңғарлар Ұлытауға бет бұрған еді. Осы қауіпті кезеңде Ордабасы жиынында біріккен қазақ қолының бас қолбасшылығына Әбілқайыр хан сайланды. Ұлытауға ұмтылған жоңғарлар 1726 ж. Шұбартеңіз көлі маңындағы шайқаста қазақ жасақтарынан ойсырай



Бұқарбай батыр кесенесі

жеңіліп, артынша Бұланты мен Білеуті өзендері аралығындағы кең жазықта шешуші ұрыс өтті. Ол тарихқа Б. – Б. ш. деген атаумен енді. Онда қазақ жасақтары жеңіске жетіп, жоңғарларды Ұлытауға жеткізбей тоқтатты. Сол жеңістен кейін майдан кіндігі болған төбе Қалмаққырылған атанды. Осы шайқастан кейін жоңғарлар басып алған қазақ жерлерін азат ету кезеңі басталды.

БҰЛДЫРЫҚ (Pteroclidae) – кептер тәрізділер отрядының бір тұқымдасына жататын құс. Қанатының ұз. 19–27 мм, салм. 200 – 500 г. Б-тың басы кептерге ұқсас, тауық тұмсықты, сұңқар төсті, қанаты ұзын әрі сүйір, құйрығы үшкір, аяғы қысқа. Қауырсыны қалың, арқасы сарғыш, сұр, бауыры қара не ақшыл. Қоразы мекиеніне қарағанда реңді келеді. Б. – жыл құсы. Қызылорда обл-нда, Мойынқұмда, Қызылқұмда, Қаракұмда жусан, сораң өскен құмды, тасты, шөлді жерлерді мекендейді. Наурызда ұшып келіп, 2 – 3 жер түстес жұмыртқасын өздері тебіндеп жасаған шұңқырларға салады. Оны қоразы мен мекиені кезектесіп басады. Б. өте шапшаң ұшады. Ұшқанда дамылсыз дыбыс шығарады. Ағашқа, бұтаққа қонбай тіршілігін жерде өткізеді. Топтасып үйірімен Б-тар түрлі өсімдіктердің тұқымдарымен, ұсақ жәндіктермен қоректенеді. Ақбауыр бұлдырық, Қарабауыр бұлдырық және Қылқұйрық бұлдырық қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Р. Құрманбаев



Бұлдырық



Бұрханова Орынкүл

БҰРХАНОВА Орынкүл Балтабайқызы (6.10.1963 ж. т., Қызылорда қ.) – сценарист, реж., ҚР Мәдениет саласының үздігі (2013). Қызылорда пед. уч-щесін (1984, қазіргі Қызылорда пед. жоғ. колледжі), Шымкент мәдениет ин-тын (1993, Оңт. Қазақстан пед. ун-ті), Қарағанды экономикалық университетін (2008, қазіргі Қазтұтынуодағы Қарағанды ун-ті) бітірген. Б. Санкт-Петербург мәдениет ун-тінің проф., мәдени-көпшілік шаралардың реж., РФ-нының еңбегі сің. қайраткері А.И. Березиннің шеберлік класынан дәріс алса (2006), Мәскеудегі мәдениет және өнер қызметкерлерін қайта даярлау акад-сында (АПРИКТ) театртану, мәдени-көпшілік шаралардың режиссурасы бойынша (2012), Ресей кәсіби біліктілікті арттыру ин-тында театрландырылған қойылымдар мен мерекелердің реж. мамандығы бойынша (2019) біліктілігін көтерген. Еңбек жолын Қазақ күріш ғыл.-зерт. ин-ты Қарауылтөбе ш-ның клуб меңгерушісі болып бастап, Н.Бекежанов атынд. обл. қазақ драма театрында режиссердің көмекшісі, обл. телерадиокомпанияда дыбыс режиссері (1985–98) болған. 1998 жылдан обл. халық шығарм-ғын дамыту және мәдени-продюсерлік орт-нда бөлім меңгеруші, көркемдік жетекші, 2013 жылдан бас реж. қызметтерін атқарып келеді. Б. түрлі жанрдағы обл., респ., халықар. деңгейдегі мәдени-көпшілік шаралардың, конкурстар мен фестивальдердің сценарийін жазып, реж-лік жасауда. ТМД елдері арасынд. халықар. «Лучшие люди» энциклопедиясына есімі енгізіліп (2011), обл. әкімінің мәдениет және әдебиет өкілдеріне арналған «Тұран» сыйл. (2023) иеленді. «Мәдени шараның визуалды арқауы» атты кітабы жарыққа шыққан (2023). «Шапағат» медалімен (2015) марапатталған.

Ж. Нұржақыпова



Бұхар хандығы

БҰХАР ХАНДЫҒЫ – Орталық Азиядағы Шайбани хан негізін салған мемлекет (16 ғ-дың басы – 1920). 16 ғ-дың 2-жартысында хандықтың астанасы Самарқаннан Бұхара қ-на көшірілді. Б. х. деген ат осыған байланысты шыққан. Хандықта алғашында Шайбани әулеті (16 ғ-дың басынан 1598 ж. дейін), кейін Аштархан әулеті (1599–1740) және Маңғыт әулеті (1755–1920) билік жүргізді. Шайбани әулеті билік еткен тұста Орт. Азиядағы саяси жағдайға байланысты Б. х-ның жер көлемі жиі өзгеріп тұрды. 1506–10 ж. Қазақ хандығына қарсы ұйымдастырған 4 жорығының алғашқылары табысты болғанымен, соңғысында Шайбани әскері Қасым ханнан ойсырай жеңілді. 2-Абдолла ханның тұсында Б. х. саяси жағынан күшейіп, территориясы айтарлықтай кеңейді. Ресеймен сауда және дипломатиялық қатынастар орнатылды. Бұхар ханы Иранмен арадағы толассыз күрестерінде қазақтардың көмегіне сүйенді. Қазақ хандығы билеушілерінің мұндай жәрдемін тиісті дәрежеде бағалап, қазақ ханы Шығайға Ходжент қ-н, оның баласы Тәуекел сұлтанға Зеравшан мен Адеркент өлкесінің біраз бөлігін сыйға тартты. Б. х. мен Қазақ хандығы арасындағы мұндай қатынас ұзаққа созылмады. Тәуекел хан 1583 жылдан бастап Б. х-на қарсы күрес бастады. Соның нәтижесінде 1588 ж. Ташкент Қазақ хандығының қарамағына көшті. 1599 ж. Қазақ және Бұхар хандықтары арасында жасалған шартқа сәйкес, Ташкентпен қоса Түркістан аумағы да қазақтардың қарамағына көшті. Абдолла ханның мирасқоры Абд әл-Мұмин билікке таласқан топтың қолынан қаза тапқан соң, Б. х. саяси жағынан әлсірей түсті. Осы тұста Хорезм Б. х-нан бөлініп шықты. Шайбани әулеті тұсында хандық мәдени жағынан едәуір өркендей түсіп, қала құрылысы қарқынды жүргізіліп, бірқатар мешіттер, медреселер салынды. Абдолла хан тұсында хан сарайында 250-ге жуық адам ғылыммен, әдебиетпен шұғылданған. Аштархан әулетінің билігі кезінде Б. х-ндағы басқару жүйесі күрделене түсті. Мемл. басқару жүйесінің негізін аталық, диуан бегі, парванчи, датқа секілді лауазым иелері құрады. Сот, білім беру жүйесі дін иелерінің қолында болды. Аштархандықтар да Иранмен ұзақ уақыт соғысты. Қазақтардан жәрдем алған Имамқұл (Имамкули) хан (1611–42) ақыры ирандықтарға ойсырата соққы берді. Жеңіске қол жеткізгеннен кейін, Ташкентті қазақтардан тартып алды. Б. х. 1680–1702 ж. Хиуа хандығымен үнемі соғыс жағдайында болды. 1740 ж. парсы қолбасшысы Нәдір шах Бұхараны басып алды. Аштархан әулеті билігі кезінде Б. х-нда 150-ге жуық медреселер болды, емханалар салынды. 17 ғ-да Б. х-нда өмір сүрген Жүсіп Қарабағи, Молла Ширази сынды ғұламалар өздерінің филос. трактаттарын жазып қалдырды. Сайид Несефи (1637–1710) секілді сарай ақындарының, «Ұбайдолла наме» атты тарихи еңбектің авторы Мир Мұхаммед Амин Бұхаридың есімі Шығысқа танымал болды. 1755 ж. ақсүйектер мен дін иелерінің қолдауына сүйенген маңғыт тайпасының жетекшісі Мұхаммед Рахым Б. х-ның тағына отырғаннан кейін мемле-

кеттің саяси-экон. жағдайы едәуір жақсара түсті. Ал әмір Хайдардың тұсында (1800–26) Хиуа, Қоқанмен соғыстар қайта жанданып, Бұхар әмірі қазақтар тарапынан қолдау күтті. Ресей отаршыларының қазақ даласына тереңдей енуі Бұхар әмірінің алаңдаушылығын туғызғанымен, Қоқан хандығымен жүргізіп жатқан соғысын тоқтатпады. Бұл соғысты Ресей отаршылдары өз мүддесіне пайдаланып, 1865 ж. Ташкентті, 1866 ж. Жизақты, Ходжентті басып алды. 1868 ж. Самарқан іргесінде Ресей армиясы әмір әскерлеріне қирата соққы берді. 1868 және 1873 ж. жасалған шарттарда Б. х. мен Ресей империясының арасындағы қарым-қатынас ережелері белгіленді. Б. х. Ресей протекторатының қабылдауға мәжбүр етілді. Б. х. Ресей империясы қол астындағы мұсылмандардың 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басындағы рухани өмірінде елеулі рөл атқарды. Бұхара медреселерінде қазақ, татар, өзбек, башқұрт, қырғыз секілді түркі тілдес мұсылман халықтарының өкілдері діни білім алды. Б. х. Түркістан өлкесінде кеңестік биліктің орнығуына барынша наразылық танытып, оған қарсы шыққан мұсылман зиялыларына қолдау көрсетті. 1920 ж. 2 қыркүйекте Қызыл Армия Бұхараны басып алды. Б. х-ның соңғы әмірі Сейіт Әлім хан Ауғанстанға барып паналады.

А. Махаева

БҮРКІРЕК Марқадамұлы (1646, Арал ауд. Ақшатау а. – 1726, Бұланты) – батыр. Кіші жүздегі әлім тайпасының шекті руынан Шыққан. Жоңғарларға қарсы күресте қазақ жасағының бір бөлігін басқарған. Ел арасындағы аңыздарға қарағанда, Б. қалмақ ханы Аюкенің қазақтарға жасаған жорығын тоқтатқан. 1717 ж. Бекович-Черкасский экспед-н талқандауға қатысқан. Б. батыр Бұланты–Білеуті шайқасында қаза тапқан.

Ө.Жолымбетов



Бүрлібаев Қуандық

БҮРЛІБАЕВ Қуандық (1936, Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а. – 1994, сонда) – жырау. Б-тың жыраулық өнерінің қалыптасуына Сыр бойына белгілі жыраулар Рүстембек Жиенбайұлы, Мұзарап Жүсіпұлы, Сүйенбай Ақбайұлы, Зайыр Рахатұлы, Берман Бейсембайұлы, Жаппар Тұңғышбаев, т.б. зор ықпалын тигізді. 1979 ж. Қызылорда обл-нда өткен Қазақстанның 60 жылдығы мерекесінде Б. респ. байқауға қатысып, жүлде алған. 1980–87 ж. ақындар айтыстарына қатысып, өзінің айтыс өнерінің майталманы екенін танытты. 1986 ж. Алматы қ-нда теледидардан Тұрмағамбеттің «Сам палуан» дастанын және Сыр сүлейлерінің бірнеше толғау-термелерін орындады. 1988 ж. Тұрмағамбет атынд. орта мектепте жырау өнерінен сабақ берді. Жапонияда өткен дүниежүз. «Оцеик» фестивалінде (1990) Б-тың дауысы дүниежүз. өнердің алтын қорына жазылып алынды.

А.Бүрлібаев

БҮРШІКТІ ДӘНЕЛ (Aldrovanda vesiculosa) – шықшөп тұқымдасының дәнел туысына жататын көп жылдық өсімдік. Жайық, Сырдария, Іле өзендерінің төм. ағыстарындағы тұщы суларда немесе ағысы баяу сулардың бетінде қалқып өседі. Жіп тәріздес сабағының ұз. 5–15 см. Жапырақ сыртын өте сезгіш түктер жауып тұрады. Егер жапырақ үстіне ұсақ жәндіктер қонса, түктер оларды ұстап жабыла қалады. Ақ түсті гүлдері бір-бірден



Бүршікті дәнел

жапырақ қолтығына орналасады. Вегетативті (өсімді) жолмен көбейеді. Шілдеде гүлдейді, тамызда жемістенеді. Жемісі – ашылмалы қорапша. Б. д. – өте сирек кездесетін өсімдік, қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

С. Арыстанғалиев

БІРҚАЗАН – т. ж. ст. Белкөл кентіне қарасты елді мекен. Қызылорда қ-нан оңт.-шығысқа қарай 27 км жерде орналасқан. Жер аум. 0,9 мың га. 1942 ж. шағын ұжымшарлар іріленділіріліп, орт. «Бірқазан» ст. болған. Сол жылдары өзен айналасында бірқазан деп аталатын құс өте көп мекендегендіктен, ауыл құс атауымен Б. деп аталған.

БІРЛЕСТІК – ауыл. Шиелі ауд. Сұлутөбе ауылдық окр-не қарайды. 2018 жылдан Жаназар батыр а. деп аталады. Аудан орт. – Шиелі кентінен солт.-батысқа қарай 85 км, округ орт. – М. Шоқай а-нан солтке қарай 5 км жерде орналасқан. Тұрғыны 0,6 мың адам (2023). Іргесі 1928 ж. қаланған. 1928–96 ж. күріш өсірген «Гигант» ұжымшары бөлімшесінің орт. болған. Бөлімше негізінде Б-те 3 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Ауылда орта мектеп, балабақша, мәдениет үйі, кітапхана, сауда дүкендері халыққа қызмет етеді.

БІРЛІК – ауыл. Жаңақорған ауд. Ақұйық ауылдық окр-нің орт. Ауылдық округке Қызылмақташы, Қосүйеңкі, Аққұм ауылдары қарайды. Аудан орт. – Жаңақорған кентінің оңт.-шығысындағы 20 км жерде, сұр жусан, баялыш, күйреуік, т.б. өсімдіктер өсетін шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 2,7 мың адам (2023). Іргесі 1929 ж. қаланған. 1957 ж. ұжымшар «Бірлік» кеңшарына айналды. Бұрынғы «Бірлік» қой ш. кеңшары негізінде қазір мал ш-на маманданған 10 шаруа (фермер) қожалығы құрылған. Ауылда С.Қожанов атынд. №55 орта мектеп, кітапхана, 90 орындық «Қызғалдақ» балабақшасы, мәдениет үйі, мешіт, дәріхана, сауда үйлері халыққа қызмет етеді. Б. а. тұсынан Батыс Еуропа – Батыс Қытай автожолы өтеді.

С.Тайман

БІРЛІК – ауыл. Қазалы ауд. Бірлік ауылдық окрнің орт. Әйтеке би кентінен оңт.-батысқа қарай 35 км жерде орналасқан. Тұрғыны 0,8 мың (2023) адам. Сырдария өз-ндегі «Қарлан» қалқымалы көпірінің сол жағалауында орналасқан елді мекен. 1924 ж. «Бірлік» ұжымшары болып құрылған. Сырдария өз-нің сол жағалауындағы ұжымшарлардың егінін жинап, шөбін шауып-тасуға Б. а. орт-нан 1935 ж. машина-трактор ст. (МТС) ашылып, ол 1957 ж. тарап, орнына РТС келді. 1959 ж. Б. а-нда «Откорм» кеңшары пайда болып, ол 1972 ж. ыдырап, мал дайындайтын мекемеге айналды. 1977 ж. бұл мекеме Қазалы ауд. мал өсіру, бордақылау және дайындау бірлестігі болып қайта құрылды. 2005 ж. «Бірлік ауылдық округі әкімі аппараты» мемл. мекемесі болып аталды. Онда «Алшын» ЖШС мекемесі күріш ш-мен айналысады. Ауылда мед. бекет, ауылдық клуб, мектеп, кітапхана, су тарату бөлімшесі, пошта, мал-дәрігерлік пункт, «Рамберді ишан» мешіті орналасқан.



Бітімбайұлы Жаңаберген

БІТІМБАЙҰЛЫ Жаңаберген (1886, Арал ауд. Аманөткел а. – 1946, сонда) – жырау, суырыпсалма ақын. Жастайынан өлеңжыр, қисса-дастандарды жаттап, жыраулық өнерді игерген. Б. ел басқару ісіне де белсенді қатысып, «Большевик», «Жаңаталап» ұжымшарларының төрағасы қызметін атқарған. Сыр сүлейлері Жиенбайұлы Рүстембек, Жүсіпұлы Мұзарап, т.б. өнер дүлдүлдерімен шығарм. байланыста болған. Оның әндері ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер ин-тының мұрағаттану бөлімінде сақталған.

А.Келімбетұлы

В

ВОДОКАЧКА – ауыл. 1931 ж. құрылған. Қазалы ауд. Қарашеңгел ауылдық окр-не қарайды. Аудан орт-нан 18 км қашықтықта орналасқан. Тұрғыны 133 адам. Ауылда 11 оқушыдан тұратын бастауыш сынып бар, мал, егін ш-мен айналысады.

ВОЗРОЖДЕНИЕ – арал. Арал т-нің батыс бөлігінде орналасқан. Солт-тен оңт-ке қарай 150 км-ге созылған, ені 60 км-ге жуық, абс. биікт. 93 м. В. аралы КСРО кезінде хим.-бактереол. қарудың сынақ алаңы болған. Аралды алғаш рет А.Н. Бутаков 1848 ж. зерттеген.



Возрождение аралы

Г

ГАБСАТТАРОВ Ғабден Құдайбергенұлы (15.7.1921, қазіргі Батыс Қазақстан обл. Сырым ауд. Жымпиты а. – 2.6.2002, Қызылорда қ.) – соғыс және еңбек ардагері, ҚР Білім беру ісінің үздігі. Алматы заң мектебін, Қызылорда пед. ин-тын бітірген (1948). Мектепте математика пәнінің мұғалімі, Халық соты болып жұмыс істеген (1936–42). 2-дүниежүз. соғыс уақытында Сталинград (1942–43), 2-Украина, Байкал сырты (1945–46) майдандары әскерлерінің сапында шайқастарға қатысып, Батыс Қазақстан обл-ның Чапаев ауд. әскери комиссариатында бөлімше бастығы (1943–44) болған. Халықтық соттың судьясы (1948–56), Сырдария ауд-ндағы кешкі мектептің директоры, мұғалімі (1956–2000) қызметтерін атқарған. 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен (1985), медальдармен марапатталған.



Габсаттаров Ғабден

ГЕ Бон У (1.8.1880, Солт. Кореяның Хам хын провинциясы Енг-Хынг уезі – 1959, Қызылорда қ.) әдебиетші, Корея республикасының батыры. 1920 ж. РКСФР Чита республикасында корей халқы бөлімін басқарып, «Жаңа адам» корей журналының редакторы қызметін атқарды. Владивосток қ-нда мұғалім (1924–30), Хабаровск қ-ндағы коммунистік жоғары оқу орнында оқытушы, доцент (1930–37) болған. Қызылорда пед. ин-тында сабақ берген (1937–38). «Докниптян» («Тәуелсіздік») орденімен (1995) марапатталған. Есімі Қызылорда қ-ндағы бір көшеге берілген.

Қ.Омаров

ГЕОЛОГТАР – ауыл. Александровск және Геологтар ауылдары 1929 ж. іргетасы қаланған «Комсомол» ұжымшарына (қазіргі Қызылжарма ауылдық окр.) қараған. 1967 ж. Александровск а-нда геологтар мекемесі құрылып, тұрғын үйлер, балабақша, дүкен, асхана, клуб, монша, орт. жылу, ауыз су жүйелері салынған. 1992 ж. Қызылжарма ауылдық кеңесінің Комсомол, Геологтар, Александровск ауылдары әкімш.-аум. жағынан Қызылорда қ-на енген. 2005 ж. жаңа құрылған Талсуат ауылдық окр-нің қарамағына берілген.

Қ.Омаров

ГИЙАС әд-ДИН әл-ЖЕНДИ, Гийас әд-Дин Әбу-л-Маджд Мұхаммед ибн әл-Хасан ибн Ибраһим. Шын есімі Гийас ад-Дин Әбу-л-Маджд Мұхаммед, әкесінің аты әл-Хасан, бабасының аты Ибраһим. Ақын сауатын Жент қ-нда ашып, Хорезм өлкесінің бас шаһары Үргеніште (Джурджанда) білімін толықтырған. Әдебиет пен тарих, тіл мен фиқһ секілді ғылым салаларын тереңдетіп оқыған. Кейін туған қаласына оралып, ғұмырын сонда өткізген. Оған Ибн әл-Фуати «тамаша ақындардың бірі, өлеңдері ғажайып» деп баға берген. Ғұламаның шығарм. махаббат лирикасына құрылған.

Ғ

ҒАНИБАЙ МЕШІТІ (19 ғ-дың соңы – 20 ғ-дың басы). Қазалы қ-на сауда-саттықпен келген көпестердің бірі Ғанибай Хұсайынов 1894 ж. салдыртқан (қазір онда Қазалы қ-ның кітапханасы орналасқан). Мешіт кірпіштен салынған. Шатырында мұнара, намаз оқитын залы, айваны болған. Ғ. м-нің іргетасы, астыңғы қабаты кірпіштен өрілген. Шатырдың жабыны ағаштан жасалған. Қасбеті бедерлі белдеу, ернеу, т.б. элементтерден тұрған кірпіш өру арқылы безендірілген. Негізгі кіреберісі қарапайым пішінді қанатпен өрнектелген. Терезелері мен есіктері арка пішінді. Қабырғалары мен төбелері сыланып, еденіне ағаш пайдаланылған. Интерьер мен михраб қуысы гипс белдеулер, тіреулер, розетка, т.б. сәнді жасалған.

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ (3.6.1902, Қазалы ауд. – 15.4.1925, Мәскеу қ.) – Орт. Азия мен Қазақстан жастар қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі. Қазалы



Ғани Мұратбаев

қ-ндағы орыс-қазақ мектебін, жоғары бастауыш уч-щесін (1918), Ташкент қ-ндағы орта білім беретін қазақ-қырғыз пед. уч-щесі жанындағы ауылдық мектептер үшін нұсқаушы-лекторлар курсын (1920), Ташкенттегі мемл. үлгі-тәжірибелік мектебін және



Ғанибай мешіті

Орта Азия мемл. ун-тінің қоғамдық ғыл. ф-тін (1921) бітірген. 1919 ж. Коммунистік жастар ұйымына мүше болып қабылданып, бірер жыл қалалық, уездік к-тте жұмыс істеген. Жетісу обл-нда мұғалімдер даярлайтын курстар ұйымдастырып, Жетісу обл. және Ташкент, Самарқан, Верный қ-лары комсомол ұйымдарының негізін қалауға атсалысқан. Ташкенттегі жетім балаларды интернатқа, балалар үйіне орналастыруға белсенді кірісіп, олар үшін ұйымдастырылған интернаттың директоры болған. 1920 ж. Түркістан комсомолының 3-съезінде ОК мүшелігіне сайланып, қазақ-қырғыз жастары бюросын басқарған. 1921 ж. Самарқан өлкелік комсомол к-тінің, кейін Түркістан республикасы комсомол ұйымы Орт. к-тінің 1- хатшысы болып сайланған. Сол кезде Ташкентте «Жас Алаш» газетін ұйымдастырып, оның тұңғыш редакторы қызметінде болған. Қазақстан комсомолының құрылуын жариялаған 1-өлкелік съезді (1921 ж. 7–13 шілде) өткізуге тікелей басшылық жасаған. РКЖО ОК-нің мүшесі, бюро мүшесі, БЛКЖО ОК Орта Азия бюросының алғашқы төрағасы, Коммунистік жастар интернационалы атқару к-тінің Шығыс елдері жастары арасындағы жұмыс бөлімінің меңгерушісі (1922–25) қызметтерін атқарған. Коммунистік жастар интернационалы 3-, 4-конгрестерінің, Коминтерннің 4-конгресінің делегаты болып сайланған.

С.Тортаев



Ғани Мұратбаев ескерткіші

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ ЕСКЕРТКІШІ – жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш (1975). Орта Азия мен Қазақстан жастар қозғалысы ұйымдастырушыларының бірі Ғ.Мұратбаевқа арналып, Қызылорда қ-нда Орт. стадионның жанында орнатылған. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург қ.) қ-нда жасалған ескерткіш мүсіннен және тікбұрышты тұғырдан тұрады. Ғани тік тұрған қалыпта, бас киімсіз, шинельмен сомдалған. Тұғыры гранитпен қапталған бетоннан жасалған. Биікт. 2,5 м, тұғыры 1,85 м. Ескерткіш 2018 ж. Қызылорда обл. бойынша тарих және мәдениет ескерткіштерінің 3D форматтағы интерактивті картасына, 2020 жылдан жергілікті маңызы бар ескерткіштер қатарына енгізілген.

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ АТЫНДАҒЫ МЕМОРИАЛДЫҚ МУЗЕЙ. Қазалы қ. кітапханасында 1967 ж. көрме бұрышы түрінде ұйымдастырылып, 1968 ж. қоғамдық негізде ашылған. Музей ғимараты 19 ғ-дың соңында тұрғызылған орыс саудагерінің үйінде орналасқан (қазір Қазалы қ-ның ескі бөлігіндегі Қорқыт ата к., 24-үй). Онда кеңес өкіметінің алғашқы жылдары еңбекшілер депутаттары Қазалы қ. кеңесі жұмыс істеген. 2019 жылдан обл. музейдің бөлімшесі.



Ғани Мұратбаев атындағы мемориалдық музей

Д

ДАБЫЛ Достанұлы (1877, Қуаңдария өңірі – 6.2.1956, Өзбекстан, Тамды ауд.) – би.1-дүниежүз. соғыстың майдан тылына қара жұмысқа алу туралы Ресей патшасы жарлығына қарсы 1916 ж.тамыз айында көтерілген Сыр бойы қазақтарының қатарында болған. Кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсы Ақмырза ишан бастаған Қызылқұм қазақтарының 1930 ж. наурыз айындағы көтерілісіне қатысқан. Қазіргі Көмекбаев а. маңайында осы көтеріліс жеңіліс тапқан соң Тамды өңірін паналап, сол жақтағы халықтың сыйлы ақсақалы, аузы дуалы биі ретінде ғұмыр кешкен.

Қ.Омаров

ДАЙРАБАЙ Тынышбек Майлыбайұлы (13.2.1943 ж. т., Жалағаш ауд. Жаңаталап а.) – жазушы, этнограф, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2023). ҚР Мәдениет қайраткері (2005). ҚазМУ-ды (1969, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Тереңөзек ауд. «Еңбек туы» газетінде бөлім меңгерушісі (1969–74), «Қараөзек» кеңшары партия к-тінің хатшысы (1974–76), Тереңөзек ауд. партия к-тінің бөлім меңгерушісі (1979–85), ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары (1985–95) қызметтерін атқарған. 1995–2006 ж. халықар. «Түркістан» газетінде жұмыс істеді. 2007 жылдан жеке шығарм. жұмыстарымен айналысады. Д. Сыр өнірінен шыққан атақты би, батыр, шешен, жыраулардың шығармаларын жинақтаушы. «Тоғанас батыр» (1991), «Қаңлы Жүсіп», «Кете – Шөмекей шежіресі» (1994), «Тұғыры биік тұлға» (1998), «Қорқыт Ата» (1999), «Кете Жүсіп» (2003), «Дүр Оңғар» (2004), «Сырдың сырлы сыры», «Түркістан альбомы» (2005, 2020), «Сыр перзенттері (2010), «Билер сөзі киелі», «Сырым менің сырласым» (2016), «Елім деп өткен ерлер» (2021), «Сейіт Нәби Мұқашев» (2022), т.б. тарихи-танымдық кітаптардың авторы. «Құрмет» орденінің иегері (2012). Қармақшы (2006), Жалағаш (2009), Сырдария (2013) аудандарының, Қызылорда қ-ның (2018) құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Дайрабай Тынышбек

ДАЙРАБАЕВА Гүлмира (10.11.1972 ж. т., Сырдария ауд. Тереңөзек кенті) – тележүргізуші, тележурналист, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2012). ҚР Ақпарат саласының үздігі (2016). ҚазМУ-ды



Дайрабаева Гүлмира

(1995, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын Тереңөзек кентінде №211 орта мектепте аға пионер жетекшісі болып бастаған. «Қазақстан» телеарнасы «Таңшолпан» бағдарламасында тележүргізуші (1992–95) болған. Франциияның Софи Ансиполис ин-тында (1995–97) тәжірибеден өткен. «НТК» телеарнасының қазақ тілді бағдарламасында бас редактордың орынбасары, «Женский» тележурналында жүргізуші (1997–2000), «Хабар» телеарнасы «Время народного банка», «Орт-Казахстан» деректі фильмдер жобаларының жетекшісі, «Наследие» бағдарламасының жүргізушісі, редакторы (2000–05), сондай-ақ Қазақстан» ұлттық телеарнасы таңғы бағдарламалар бірлестігі «Таңшолпанның»

жетекшісі, «Сырға», «Құрбы-құрдас», «Сенбілік таң» арнайы хабарларының жүргізушісі (2005–17) қызметтерін атқарған. Халықар. «Болашақ» бағдарламасы бойынша АҚШ-та білім алған. 2021 жылдан ҚР Қаржы мин-нде департамент директоры, министрдің баспасөз хатшысы болып істейді. Д. 20-дан астам телехикаяға қатысып, бірқатар кинофильмдерде басты рөлдерді сомдаған. Жылдың үздік тележүргізушісі (2017).

Қ.Омаров



Дайыров Әлмағамбет

ДАЙЫРОВ Әлмағамбет Бекішұлы (10.5.1920, Сырдария ауд. Қараөзек а. – 2006, Алматы қ.) – оташы дәрігер, мед. ғыл. докт. (1970), проф. (1971), Қазақ КСР-інің еңбек сің. дәрігері (1957). Қазақ мед. ин-тын (1941, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. 1942–45 ж. 2-дүниежүз. соғыста 95-атқыштар дивизиясының құрамында аға әскери дәрігер қызметін атқарып, Берлин қ-на дейін жеткен. Қызылорда обл. денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары, басшысы (1946–52), Қазақ мед. ин-ты жалпы хирургия кафедрасының ассистенті (1952–57), Ақтөбе мед. ин-тының ректоры (1957–63), Қазақ КСР Денсаулық сақтау мин-нің 4-басқармасына қарасты Орт. ауруханаңың бас дәрігері (1963–71), Қазақ мемл. мед. ун-ті жалпы хирургия кафедрасының меңгерушісі (1971–98) қызметтерін атқарған. Д. ішек-қарын (ащы ішек) бөліктерін алып тастау салдарынан ас қорыту жүйесінде болатын өзгерістерді зерттеп, лазер сәулесін қолдану, эхинококкозды анықтау, емдеу мәселелері, т.б. айналысқан. Д. 80-нен астам ғыл. еңбек, оның ішінде 5 монографияның авторы. «Обширная резекция тонкого кишечника» (1974), «Обтурационная кишечная непроходимость» (1981), т.б. еңбектердің авторы. Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), 2-дәрежелі Отан соғысы орденмедальдерімен марапатталған.

Т.Дайрабай

ДАЛДАБАЕВ Сәмит (5.11.1938, Жалағаш ауд. Еңбек а. – 20.8.2020, Қызылорда қ.) – мемлекет қайраткері, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (1998), Қазақ КСР-інің еңбек сің. а. ш. қызметкері (1973). Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), КОКП жоғары партия мектебін (1961) бітірген. Тереңөзек ауд-нда бастық (1961–64), Тереңөзек ауд. кеңесі атқару к-ті төрағасының 1-орынбасары (1965–74), ауд. а. ш. басқармасының бастығы, Жалағаш ауд. партия к-тінің 2-хатшысы, Сырдария ауд. кеңесі атқару к-тінің төрағасы (1975–79), обл. партия к-тінің хатшысы (1979–89), Жаңақорған ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1989–91), обл. кеңес төрағасының кеңесшісі, обл. атқару к-тінің 1-орынбасары (1991–92), Жалағаш ауд-ның әкімі (1992–97), обл. тәртіп кеңесінің төрағасы (1998–2003) қызметтерін атқарған. Қызылорда ун-тінің студенттеріне дәріс берген. «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Құрмет» ордендерімен, көптеген медальмен марапатталған. Жаңақорған, Жалағаш, Сырдария аудандарының құрметті азаматы.



Далдабаев Сәмит

Қ.Омаров

ДАРИЯЛЫҚ ТАҚЫР – Сырдария өзінің оң жағалық анғарындағы (көне арнасында

жатқан) тегіс жазық. Жалағаш, Сырдария, Шиелі аудандары жерінде орналасқан. Солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 230 км-ге созылған, ендірек жері 50 км. Теңіз деңгейінен 110–145 м биіктікте жатыр. Жазық жерлерінде құдықтар (Доңыз, Табаққабыл, Қатын, т.б.) және қоныстар (Жайсан, Қаракемер, т.б.) көп. Жер қыртысы бор шөгінділерінен түзілген. Оның үстін ысырынды құмдауыт балшық жапқан. Тақырдың сор, сортаң топырағында бұйырғын, тасбұйырғын, күйреуік, жусан басым өскен. Оңт.-шығысындағы құмды алқабында және құрғақ арналарда жыңғыл, жүзгін, сексеуіл шоғырлары кездеседі. Қараөзек өз. сағасында тоғай, орт-ның жазық бөлігінде сексеуіл өседі.

ДӘЛЕНОВ Ерболат Дербісәліұлы (8.9.1946, Қазалы ауд. Қожабақы а. – 22.2.2023, Астана қ.) – мед. ғыл. докт. (1993), проф. (1994). Д. ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (2008). Қазақстан профилакт. мед., валеология және Нью-Йорк академияларының акад., ҚР Мед. академиясының корр. мүшесі. Целиноград мемл. мед. ин-тын (1969, қазіргі Ақмола мемл. мед. академиясы), Ростов мед. ин-тының аспирантурасын (1971) бітірген. 1971 жылдан Ақмола мемл. мед. академиясында жұмыс істеп, 1995 жылдан Астана мед. ун-тінің кафедра меңгерушісі қызметін атқарған. Қазақ тағамтану академиясы жанындағы Тағамтану проблемалары ин-тының директоры болды. Ғыл. еңбектері аурудың пайда болуы, аурудан сақтану мен сауықтыру мәселелеріне арналған. Д. 450-ден астам ғыл. еңбек, оның ішінде 42 кітап, 10 монография, 4 оқулық, 18 өнертабыс ұсынысының авторы. 5 ғылым докторын, 24 ғылым кандидатын, 4 Ph.D дайындаған. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» (2011). Бірнеше медальмен марапатталған.



Дәленов Ерболат

Қ.Омаров

«ДӘНЕКЕР ҚҰРЫЛЫС КОМПАНИЯСЫ» ЖШС – облыстағы өндірістік және азаматтық құрылыс жобаларын жүргізуге қажетті цехтармен, жабдықтармен және техникалық базамен толық жабдықталған жетекші кәсіпорындардың бірі. «Д. қ. к.» ААҚ 1997 ж. бұрынғы «СПМК-1 Агропромтехника» негізінде құрылып, сол жылдары Байқоңыр және Қызылорда қ-ларында, сондай-ақ аудандарда тұрғын үйлер мен мектептерді жылыту, сумен жабдықтау, кәріз жүйесін жөндеу, т.б. жұмыстармен айналысқан. 2003 ж. «Д. қ. к.» ЖШС болып қайта құрылған. Компанияның директоры Ә.Жансақалов. Серіктестікте 400 адам жұмыс істейді. Облыс көлемінде көптеген құрылыс-монтаждау жұмыстарын атқарады. Құрылыс материалдарының басым бөлігі, мыс.: кірпіш, бетон, терезе, т.б. өз цехтарында өндіріледі. Абаттандыру, көркейту, су құбырларын тарту секілді жұмыстарды да жүзеге асырады. Халыққа қызмет көрсету орт-н, «Тағзым» алаңын, Қорқыт ата атынд. әуежайын, орт. стадион, қалалық туберкулезге қарсы диспансер ғимаратын күрделі жөндеуге қатысқан. Сырдария өз-нің сол жақ жағалауында 38, 40, 50, 60 пәтерлік тұрғын үй салып, 60 пәтерлік бір, 40 пәтерлік екі, 50 пәтерлік №3, №4, №5 тұрғын үйлерін, обл. қан алу орт-н, т.б. 10 тұрғын үйдің құрылысын жүргізуде. Жергілікті жерде құрылысшы мамандар дайындап, сапалы құрылыс салуға қосқан зор үлесі үшін облыс әкімдігінің сертификаты мен «Сыр сәулеті» номинациясына ие болған (2006). Вена (Аустрия) қ-нда өткен 21 ғасыр көшбасшылары имидждік бағдарламасының иегері (2009).

Қ.Омаров



Дәрмағанбетов Шәкірат

ДӘРМАҒАНБЕТОВ Шәкірат (1928 ж. т., Арал ауд. Қаратерең а.) – журналист, қоғам қайраткері. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1960). Қызылорда пед. ин-тының (1950, қазіргі Қызылорда. ун-ті) тарих ф-тін бітірген. Қазақ КСР-інің еңбек сің. мәдениет қызметкері (1979). Шөмішкөл, Октябрь, Қаратерең орта мектептерінің директоры (1950–57), партия ұйымының хатшысы (1957–60), Арал ауд. партия к-тінің нұсқаушысы, Арал ауд. «Социалистік Арал» газетінің бөлім меңгерушісі (1960–65), редактордың орынбасары, Қазалы ауд. «Ленин туы» газеті редакторының орынбасары, обл. «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің меншікті тілшісі (1965–91) қызметтерін атқарған. Қазір ардагер журналист «Сыр бойы», «Егемен Қазақстан», «Халық», «Ардагер айнасы», «Толқын», «Ислам және өркениет», т.б. басылымдарға мақалаларын жариялап тұрады. «Еңбек ардагері» (1985), т.б. бірнеше медальмен марапатталған.



Дәрібаев Көшербай

ДӘРІБАЕВ Көшербай (1892, қазіргі Арал ауд. Дөңгелексор а. – 1964, Арал қ.) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (31.10.1949). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Еңбек жолын Орынбор–Ташкент т. ж. құрылысында бастаған. Арал ауд. Киров атынд.ұжымшарда егіс бригадирі, ферма меңгерушісі (1930–41), «Абай» ұжымшарында жылқы фермасының меңгерушісі (1943–57) қызметін атқарған. 1948 ж. фермадағы 62 биеден 62 құлын өсірген. Ленин орденімен (1949), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ДӘРІБАЕВ Қанапия (27.12.1931, Сырдария ауд. С.Сейфуллин а. – 2006) – ақын. Қызылорда пед. ин-тының (1956, қазіргі Қызылорда ун-ті) филол. ф-тін бітірген. Орта мектепте мұғалім (1956–58), респ. «Балдырған», «Мәдениет және тұрмыс» журналдарында әдеби қызметкер (1958–63), Шиелі ауд.



Дәрібаев Қанапия

«Өскен өңір» газетінде редактордың орынбасары (1963–81), «Ара» журналында бөлім меңгерушісі (1981–83) қызметтерін атқарған. «Светофор оттары» (1961), «Серт», «Шиелі өзен» (1976), «Сыр перзенті» (1981), «Көк күмбезі» (1986) жинақтарының авторы.

ДӘРІБАЕВ Шәймен (1857, Жаңақорған ауд. Төменарық а. – 1933, сонда) – халық ақыны. Жасынан өлең шығарып, айтысқа түскен сері. Д-ның Ақбілекпен айтысы, «Белсенділерге», «Жылпос жігітке», «Өмір – дәурен», т.б. өлең-жырлары сақталған. Сонымен қатар шығыс халықтарының аңыз-әңгімелері негізінде «Үш соқыр», «Сараң бай», сондай-ақ өз өмірі туралы жазған «Жетім бала» дастандары жарық көрген.

ДӘРІБАЕВА Жадыра (Қасымбекова Күлжадыра, 4.9.1948 ж. т., Сырдария ауд. Тереңөзек кенті) – ақын, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2017). ҚР-ның алғашқы мемл. әнұран мәтіні авторларының бірі

(1992). Қызылорда пед. уч-щесін (1968), Қызылорда пед. ин-тын (1970, қазіргі Қызылорда ун-ті), Мәскеу қ-ндағы М.Горький атынд. әдебиет ин-тының көркем аударма бөлімін (1978) бітірген. Мәскеу қ-ндағы А.В. Луначарский атынд. мемл.театр өнері ин-тында (ГИТИС) қазақ актерлер бөлімінде оқытушы (1978–91), Қазақстан Жазушылар одағында секретариат меңгерушісі (1982–90), «Қазақстан әйелдері» журналында бөлім меңгерушісі (1991–92), БҰҰ даму бағдарламасында баспасөз үйлестірушісі (2003) қызметтерін атқарған. Қазір қоғам қайраткері ретінде респ. әр түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысып, баспасөз беттерінде өзекті мәселелер бойынша мақалалар жариялайды. «Гүлжайна» (1979), «Мейір» (1988), «Біздің жақтың аспаны» (1998), «Қасиеттілік шырағы» (2207), сондай-ақ «Ақ бура сезімдер» (2009) әңгімелер жинағы, «Сырдария кітапханасы» сериясымен шыққан бір томдық



Дәрібаева Жадыра

жинақтың, «Найзағайлы, ай қабақты от жалын…», «Ана көңілі», «Жасыл бақ хикаясы», т.б. еңбектердің авторы. «Қос қанатты дүние» таңд. шығ. жарияланған (2018). «Құрмет» орденімен (1996) марапатталған. Халықар. «Алаш» әдеби сыйл-ның иегері. Сырдария ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ДӘУЛЕТБАЕВ Дамир Абайділдәұлы (1.10.1964 ж. т., Қызылорда қ.) – мед. ғыл. докт. (2002), ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (2010). Қызылорда обл. ауруханасында дәрігер-реаниматолог, дәрігер-хирург (1987–97), Сызғанов атынд. ғыл.-хирург. зерт. орт-ның докторанты, бас ғыл. қызметкері (1997–99, 2006–08), обл. денсаулық сақтау басқармасының бастығы (1999–2003), обл.



Дәулетбаев Дамир

мед. орт-тың директоры (2003–05), Қазақстан мед. ун-тінің ғыл. кеңесшісі (2005–06), Алматы мед. колледжінің директоры (2008–11), Алматы қ. клиникалық ауруханасының бас дәрігері (2011–16), онкология орт-ның директоры (2016–18) қызметтерін атқарған. 2018 жылдан респ. соғыс мүгедектеріне арналған клиникалық госпитальдың директоры. 100-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монография, 5 оқулық, 9 өнертабыстың авторы. 4 ғылым кандидатын дайындады. Бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ДӘУЛЕТҰЛЫ Абдолла (1.5.1931, Шиелі ауд. Бәйгекұм кенті – 27.7.2019, Қызылорда қ.) – ұстаз, қоғам қайраткері. Қызылорда пед. ин-тының (1952, қазіргі Қызылорда. ун-ті) тарих ф-тін бітірген. Ташкент қ-нда Абай атынд. №28 қазақ орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі (1952–55) Шиелі кентінде орта мектепте мұғалім (1955–56), Шиелі ауд. халық ағарту бөлімінде инспектор, Шиелі ауд. парт. к-тінде насихатшы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, меңгерушісі (1957–63), обл. партия к-тінің насихат және үгіт



Дәулетұлы Абдолла

бөлімінің нұсқаушысы (1963–65), обл. саяси-ағарту үйі меңгерушісінің орынбасары (1965–66), обл. партия к-тінің насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары, меңгерушісі (1967–78), партиялық ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі (1979–82), обл. халықтық бақылау к-тінің төрағасы (1982–91), обл. кеңесте жауапты қызметкер (1992–2001), т.б. қызметтер атқарды. 2001 жылдан облыс әкімдігі жанындағы партия ұйымын басқарды. «Өмір өрнектері» (2000), «Ыбырай тағылымдары» (2002), «Мәуелі әулет» (2003) естелік кітаптарының авторы. А.Тәжутовтың «Куманы, половцы, кипчаки, казахи», М.Аджидің «Кипчаки. История Великой степи и древних тюрков» тарихи кітаптарын қазақ тіліне аударған. «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2008).



Дәуітбаев Төлеген

ДӘУІТБАЕВ Төлеген (1893, Жалағаш ауд. Еңбек а. – 1978, Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері. Шымкентте мұғалімдер даярлайтын дайындық (1916), инспекторлар даярлайтын арнайы (1917) курстарды бітірген. Мектепте мұғалім, директор (1920–26), Қазалы ауд. атқару к-тінде жауапты хатшы, төрағаның орынбасары (1927–30), Оңт. Қазақстан обл. (қазіргі Түркістан) Мақтаарал ауд-нда ұжымшарлар одағының төрағасы (1930–33), Қызылорда обл. атқару к-тінің жер бөлімінде сектор меңгерушісі (1937–39), Сұлутөбе мех. уч-щесінің директоры, Сырдария ауд. жер бөлімінің меңгерушісі (1940–43), Қазалы ауд. атқару к-тінің төрағасы (1943–52), сондай-ақ обл. шаруашылық мекемесінде (1952–55), обл. қамсыздандыру бөлімінде (1955–59) басшы қызметтер атқарған. Кейін Сырдария ауд-ндағы «Киров» ұжымшарында а. ш-н басқарды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденмен, бірнеше медальмен марапатталған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің үш мәрте депутаты.



Дәуітбаева Сара

ДӘУІТБАЕВА Сара Төлегенқызы (15.9.1933, Қазалы ауд. – 2002, Қызылорда қ.) – дәрігер, Қазақстанның еңбек сің. дәрігері, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі. Алматы мед. ин-тын (1958, қазіргі Қаз ҰМУ) бітірген. Қызылорда қ. балалар емханасының дәрігері (1958–62), Қызылорда мед. уч-щесінің директоры (1962–91) қызметтерін атқарған. Д. 7 рет қалалық кеңеске депутат болып сайланған. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

К.Төлеутайұлы



Демесінов Есен

ДЕМЕСІНОВ Есен Демесінұлы (15.4.1938, Жамбыл обл. Жуалы ауд. Қайрат а. – 25.12.2005, Тараз қ.) – милиция ген.-м. (1991), ҚР-ның еңбек сің. қызметкері. КСРО ІІМ Алматы арнайы милиция орта мектебін бітірген (1961). Жамбыл обл. Қордай ауд. ішкі істер бөлімінің жедел уәкілі, тергеушісі, Жуалы ауд. ішкі істер бөлімінің аға жедел уәкілі (1961–68), Қаратау ауд. ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары, бастығы (1968–78), обл. ішкі істер басқармасының бөлім бастығы, обл. ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары (1978–84), Қызылорда обл. ішкі істер басқарма бастығының орынбасары (1984–85), басқарма бастығы (1985–97) қызметтерін атқарған. Сыр өңірінде жергілікті ішкі істер құрылымының қалыптасып, дамуына зор үлес қосты. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен, атаулы қарумен (Макаров тапаншасы) марапатталған. Қызылорда қ-нда көше атауы берілген.

Қ.Омаров

ДЕПОРТАЦИЯЛАНҒАН ЭТНОСТАР – Сыр өңіріне күштеп жер аударылғандар. 1928–30 ж. КСРО-ның әр түкпірінен Қазақстанға 65 мың отбасы қоныс аударған. 1932 жылдың қаңтарындағы мәлімет бойынша Солт. Қазақстанда 139 039 адам, Оңт. Қазақстанда 41 669 адам, барлығы 180 708 адам кулак есебінде тіркеуде тұрған. 1931 ж. Ф.И. Голощекин КСРО-ның орт. аппаратынан Оңт. Қазақстаннан (сол жылдары Қызылорда обл-ның басым бөлігі сол облысқа қараған) 1500 жанұяны Қазақстаннан тыс жерлерге депортациялауға рұқсат сұраған. Оған берілген жауапта «Қазақстан – кулактарды депортациялау орны, сондықтан Қазақстанның ішкі аймақтарына қоныс аудару мүмкіндігін қарастырыңыз» делінді. Соған сәйкес ондаған мың қазақстандық Қазақстанның әр аумағынан жер аударылып жатты. Қоныс аударылғандардан басқа 1930–31 ж. «Карлагта» 6700 қазақстандық болған, сондай-ақ 1931–33 ж. Қазақстан түрмелерінде 2500–3000 қазақ сот үкімін күтіп жатты. КСРО басшылығы депортацияны шекараларға жақын аудандардағы алдын алу жұмыстары деп түсіндірді. Депортациялаудың тағы бір себебі жаңа жерді тегін жұмыс күшімен игеру еді. Ресей тарихшысы Павел Поляктың дерегі бойынша КСРО-да депортациялауға корейлер, немістер, финн-ингерманландтар, қарашайлар, қалмақтар, чешендер, ингуштер, болгарлар, қырым татарлары, ахыскалар, т.б. жатқызылған. 1935 ж. КСРО Ішкі істер халық комиссары Г.Г. Ягоданың 25 наурыздағы құпия нұсқауына сәйкес, одақтың солт.-батыс аумағындағы шекараға жақын аймақтардан көптеген тұрғындар, негізінен, финн-ингерманландтар 1931–35 ж. басқа жерлерге қоныс аударылған. Вагон сыртында «Ерікті қоныс аударушылар» деген жазуы бар киндер тиелген эшелон 1935 жылдың 26 сәуірінде Оңт. Қазақстан обл-ның «Пахтаарал» ұжымшарына жеткізілген. Фин зерттеушілерінің мәліметінше, депортацияға 18 000 фин азаматы немесе 4320 отбасы ұшыраған. Оны финдерге қарсы жасалған геноцид деп бағалаған В.Н. Земсковтың пікірінше, 23 217 адам, яғни 5059 отбасы депортацияланған. Олардың 2122-сі Солт. Қазақстанға, 6301-і Оңт. Қазақстанға жер аударылған, ал ол кезеңде қазіргі Қызылорда обл-ның басым бөлігі 1938 жылға дейін Оңт. Қазақстан обл-на қараған. Гректерді депортациялау 1937 ж. 11 желтоқсанда КСРО Ішкі істер халық комиссары Н.И. Ежовтың №50215 бұйрығына сәй-



кес жүргізіліп, 10 күнде 8000 грек қамауға алынды. Кейін «шет ел барлаушыларын анықтау» ісі әрі қарай жалғасып, гректерді арнайы құрылған кеңестер соттаған. Әр он гректің тоғызы ату жазасына кесілген. 1938 ж. лагерлердегі гректердің 200-і Қазақстанда болған. Қазақстанға жер аударылған бірінші лектегі халық қатарында Батыс Украина шекарасына жақын аймақтардың тұрғындары поляктар, немістер болды. 1936 ж. олардың көпшілігі Қазақстанның солт. аймақтарына орналастырылды. Бірінші лектегі Винница және Киев облыстарынан 69283 адам, яғни 15000 отбасы қоныс аударылды. Олардың 64 319 адамы, яғни 14015 отбасы Солт. Қазақстан обл-на, 4964 адам, яғни 985 отбасы Оңт. Қазақстан обл-на қоныстандырылды. Олардың қатарында патша үкіметінің, кеңес билігінің қудалауына ұшыраған поляктар да болды. Олардың көпшілігі қазіргі Қызылорда обл-на орналастырылды. Мыс., 1941–42 жылдардағы деректерде Қызылорда обл-нда поляк тілінде балабақшалар мен мектеп сыныптарын ашу туралы мәліметтер кездеседі. Қазақстанға қоныс аударылған халықтардың екінші легін корейлер құрады. Қиыр Шығыстан корей халқын жер аудару туралы 1937 жылдың 21 тамызында КСРО ХКК және БК(б)П ОК бірлескен №1428–326сс қаулысы қабылданды. Қызылорда обл. Қазалы қ-на жеткізілген 6000 корейдің 250-ге жуығы түрмелерге, 750-і қоймаларға, Жаңа Қазалыға әкелінген 500 адамның 100 адамы мешітке, қалғандары пәтерлерге орналастырылды. Қызылорда қ-на бөлінген 2000 корей клубтарда, мешіттерде, ал 400 адам бұрынғы шошқа қораларда, 100-і бұрынғы патша әкімшілігінің атқорасында (кейін түрме болған) тұрды. Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Арал аудандарына қоныстандырылған корей отбасыларының да жағдайы төмен болды. 1939 жылғы Бүкілодақтық халық санақ мәліметтері бойынша Қызылорда обл-нда 35 000 корей тұрған және облысқа қоныстанған корейлердің 372-сі 7 айда қайтыс болған. 1937 ж. Орта Азия мен Кавказ сырты аймағында шет ел шекарасынан бөгде адамдарға рұқсат жоқ аймақтар құрылып, онда әкімш. жүйедегі ұлттар ғана қалдырылып, басқалары Грузия, Армения, Әзербайжан, Түркіменстан, Өзбекстан, Тәжікстанның шекаралық 40 ауд-нан шығарылып, басқа жерлерге қоныстандырылды. Мыс., Қырғызстан мен Қазақстанға 1325 күрд, оның ішінде Алматы және Оңт. Қазақстан облыстарына 1121 армян және күрд жер аударылды. 1941 жылдың 12 тамызында КСРО ХКК мен БК(б)П ОК «Еділ бойы немістерін қоныс аударту туралы» №2060–935сс қаулы қабылдады. Жоспар бойынша 1941 жылдың 25 қазанына дейін Қазақстанға 467 000 неміс, оның 15 мыңын Қызылорда обл-на орналастыру белгіленді. Архив деректері бойынша Қазақстанға 444 005 неміс қоныстандырылып, олардың 3145-і Қызылорда обл-на орналастырылды. Арал ауд-на 1291, Қазалы ауд-на 1854 адам, сонымен қатар облысқа 1938 ж. Австрияда туған 14 адам жеткізілді. 1942 ж. сәуір-қазан айларында 4 мыңға жуық грек Краснодар өлкесінен Қостанай, Павлодар, Солт. Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды облыстарына жер аударылды. Солт. Кавказ халқынан алдыңғылардың бірі болып депортацияға қарашай халқы ұшырады. Қарашай автон. обл-нан Жамбыл және Оңт. Қазақстан облыстарына 11 711 отбасы немесе 45 529 адам, сондай-ақ 23 300 адам Қырғызстанға, 353 адам Өзбекстанға қоныстандырылды. 1943 ж. 28 қазанда КСРО Жоғ. кеңесі мен ХКК-нің қаулысына сәйкес 99 252 қалмақ КСРО-ның шығыс, солт. аудандарына, оның ішінде 2268 адам Қызылорда обл-на қоныстандырылды. Архив мәліметтері бойынша 1160 отбасы (3861 адам) Арал ауд-на орналастырылған. 2-дүниежүз. соғыс жылдары шешендер мен ингуштар да күштеп қоныс аудару саясатының құрбаны болды. 1944 ж. Қазақ КСР ХКК төрағасы Н.Ондасыновтың БК(б)П хатшысы Г.М. Маленковқа жазған хатында Қазақстанда 420 000 шешен мен ингуш бар екені көрсетілген. 1944 жылдың ақпан-наурыз айларында 6191 шешен мен ингуш отбасы (26 924 адам) Қызылорда обл-на қоныстандырылған. 1944 ж. 8 сәуірде жарияланған КСРО Жоғ. Кеңесінің «Кабарда-Балқар АКСР-інен балкарларды қоныс аудару туралы» қаулысына сәйкес Қазақстанға 4660 отбасы, яғни 25 000 балкар жер аударылып, көбісі Оңт. аймақтарға қоныстандырылды. 1944 жылдың 1 қарашасына дейінгі аралықта Қызылорда обл-на күштеп қоныс аударылғандардан 3451 адам қайтыс болған әрі олардың басым бөлігін шешендер мен ингуштар құраған. Бастапқыда облысқа 26 924 шешен мен ингуш жеткізіліп, 1945 жылдың 10 қаңтарына дейін 22 214 адам ғана қалған. Яғни, 10%-дан астам адам бір жылда қайтыс болған. 1944 ж. Жалағаш ауд-нда 696, Қармақшыда 678, Тереңөзекте 639, Қазалыда 585, ал қалған аудандарда (Арал, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған) 856 адам қайтыс болған. Солт. Грузияның Месхетия ауднан бағзыдан сол аймақты мекендеген ахыскалар да депортацияға ұшырады. Мыс., Қазақстанға 6309 ахыска отбасы (27 833 адам), Өзбекстанға 10 756 отбасы (53 127), Қызылорда обл-ның 6 ауд-на 356 ахыска отбасы (1857) орналастырылған. Яғни, «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» деп ер азаматтар майданда қан төгіп жатқанда, депортацияланған халық өкілдері тылда ауыр жұмыстарға жегілген.

А.Оразбақов

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ – аурудың белгілерін әр түрлі әдістер көмегімен анықтап, зерттейтін мед. мекеме (1992). Обл. кеңес беру диагност. орт. ретінде 1992 ж. ашылған. Д. к. б. о-да 6 диагност. зертхана (клиник. иммунология, цитол., биохим., гемотол., жалпы клиник., радиоиммунол. тексеру), 2 клиник. кеңес беру бөлімі (ересек және балалар), диагност. процесті ұйымдастыру бөлімі, ЭКГ, УДЗ, эндоскопия, рентген сәулесімен анықтау және компьютерлік томография бөлімі, т.б. жұмыс істейді. Ересектер бөлімінде 27 маман, ал балалар бөлімінде 10 маман қабылдау жұмыстарын жүргізеді. Мұнда 8 бөлім, 370- тен астам зерттеулер жүргізіліп, соның 42-сі тікелей осы орт-та жүзеге асырылды. Халықтың қажеттілігіне байланысты 2014–16 ж. мұнда арнайы мамандандырылған бөлімшелер ашылды. Орт. ашылғанда 50 қызметкер жұмыс істесе, бүгінде 96 дәрігер, 128 орта буын медицина маманы облыс халқына қызмет көрсетеді. Орт-қа жылына 17 мыңнан астам науқас келіп, кеңес алады.

К.Төлеутайұлы

ДИВАЕВ Әбубәкір Ахметжанұлы (3.12.1856, Ресей, Орынбор қ. – 5.2. 1932, Өзбекстан, Ташкент қ.) – фольклоршы, этнограф. Орынбор кадет корпусының Азия бөлімін



Диагностикалық кеңес беру орталығы

(1876) бітірген. Алғашында Түркістан өлкесіне әскери қызметпен келіп, кейін Ташкент қ-нда әскери-халықтық басқармада қызмет еткен. Д. өзбек, тәжік, парсы тілдерін жетік меңгерген. Кадет корпусында қазақ тілін үйреніп, қазақ халқының тұрмыс-салты, әдет-ғұрпына қатысты құнды материалдар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен Д-тың қатысуымен 1895 ж. Қожа Ахмет Ясауи мешітінен табылған көне жазулар Түркістан өлкесі тарихын зерттеуге қосылған елеулі үлес болды. Ол тапқан көне мөрдің ортасындағы шеңберде Ясауи есімі жазылып, «хижараның 1212 жылы» деген белгі соғылған, ал шеңбердің шетінде мөрді жасаушы шебердің есімі (Қожа хан) көрсетілген. Мөрдің орта шеңбері (көлденең қимасы 9 см) 10 радиусқа бөлініп, оның әрқайсысының арасына Мұхаммед пайғамбардан бергі мүридтердің есімдері жазылған. Д. 1896 ж. 22 қаңтарда археология әуесқойларының Түркістан үйірмесіне мүше болып қабылданған. Д. «Шора батыр», «Бекет батыр», «Қобыланды», «Алпамыс батыр» (оның бірнеше нұсқасы), «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Айман-Шолпан» жырларын «Алаша хан мен Алдар көсе», «Ажы», т.б. ертегілерін, «Қазақ балаларының ерте замандағы ойындарын», «Шешендік сөздерін» жинап, қағаз бетіне түсірді, олардың кейбірін орыс тіліне аударды. Халық аузынан Асан Қайғы, Алаша хан, Әмір Темір, Қараш батыр, т.б. туралы деректер мен қазақ халқының бесік жырын, беташарын, құдалық салтын, мақал-мәтел, толғауларын, бақсы сарынын жазып алып, жариялады. Д. жинаған нұсқалардың тағы бірі – ежелгі күнтізбе, астрономия туралы халық ұғымдары. Д. Сырдария қазақтарының өміршең көлемді этнограф. материалдар жинады. Қорқыт Ата бейітінің су үңгіп, жоғалып кету алдында тұрғанын айтып, жергілікті әкімшілікті ескерткішті қорғауға алуды сұраған. Д. «Этнографические материалы. Сб. материалов для статистики Сырдарьинской области. Т. 1–15, 1891–1915», «Казахская народная поэзия, 1964», «Қазақтың халық творчествосы, 1989», т.б. еңбектердің авторы.



Диваев Әбубәкір

«ДИДАР» ФОЛЬКЛОРЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ АНСАМБЛІ – шығарм. ұжым. Халық ансамблі (2012). 2000 ж. құрылған. Ансамбльдің көркемдік жетекшісі әрі дирижері, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері, проф., Ph.D М.Әмзе. Алғашқы құрамы «Хореография және ырғақ» мамандығында оқитын студенттер мен оқытушылардан құралған бишілер тобы және музыка-педагогика ф-тінің ұлт аспаптар ансамблінің



«Дидар» фольклорлық-этнографиялық ансамблі


өнерпаздарынан тұрды. Ансамбльдің репертуары, негізінен, халық әндері мен күйлері, ұлттық, халықтық билерге құрылған. Халықар. «Шабыт» (2008), «Жұбанов көктемі–2013» (Ақтөбе қ., 2013) байқауларының Гран-при иегері. Киев (2004), Астана (2011), Қызылорда (2014), Алматы (2015), Тараз (2021) қ-ларында өткен халықар. байқаулар мен фестивальдердің жүлдегері.

Н.Мирманов

ДИІРМЕНТӨБЕ – т. ж. бекеті. Жосалы кенті әкімш-не қарайды, аудан орт-нан батысқа қарай 51 км, Төретам кентінен 35 км жерде орналасқан. Тұрғыны 65 адам (2023). Түрксіб т. ж. салынғанға дейін онда алыстан қарағанда диірменнің тасындай болып көрінетінін екі төбе болған, соған байланысты аталса керек.

ДОМАЛАҚ – Арал т. алабының солт-нде орналасқан тұйық көл. Кіші Борсық және Арал Қарақұмы аралығында теңіз деңгейінен 69 м жоғары орналасқан. Аум. 35,2 км, ұз. 10,3 км, енді жері 6,5 км. Қар және жер асты суымен толысады. Жазда мүлдем тартылып қалады. Суы тұзды, көктемде мал ішеді. Алабы шабындық ретінде пайдаланылады.

ДОМАЛАТПА (Halimocnemis) – ала-бұта тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанда Каспий, Арал т-дері маңында, Торғай үстіртінде, Маңғыстау түбегінде, Мойынқұмда, Балқаш-Алакөл ойысында, Шу-Іле тауларында, Қызылорда өңірінде өсетін 7 түрі белгілі. Соның ішінде ең жиі кездесетіні: жұмсақ түкті Д. (H. mollissima) және қатты жемісті Д. (H. sclerosperma). Бұлардың биікт. 3–30 см. Сабағы қалың түкті, сұрғылт түсті келеді. Жіңішке жапырақтары шырынды, тікенекті, кезектесіп орналасады. Дара гүлді, қос жынысты, гүл серігі таспа тәрізді, түкті, қауыз түрінде болады. Маусым-шілдеде гүлдеп, тамыз-қыркүйекте жеміс береді. Тұқымы шырынды келеді. Д. – қуаңшылыққа төзімді өсімдік және мал азықтық шөп.



Домалатпа

Г.Ілиясова

ДОМБЫРА – қазақ халқының кең тараған екі ішекті, көп пернелі муз. аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік муз. сипаты бар аспап. Алғаш эпик. дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған Д. кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде Д. жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классик. шығармаларды орындауға қолданылады. Қазақ даласының әр өңірінде кездесетін Д. жергілікті жер жағда-



Домбыра

йына, тұрмыс-салты мен дәстүріне, ән, жыр, күй мектебі мен әр өнерпаздың орындаушылық мәнеріне, аспапшы шеберлердің ісмерлігіне байланысты әр түрлі пішімде дамытылып, өзгеріп отырған. Ән, жыр айтуға арналған Д-ның пернелері 8–9, әрі кеткенде 14–15-ке жетсе, күй Д-сына 20-дан астам перне тағылады. Олардың құлақ бұрауы да қажетіне қарай (кварта, квинта) өзгертіледі. Д., негізінен, екі ішекті және кейде үш ішекті болып келеді. Д. тартуда қағыстардың түрлері өте көп. Мыс., «сермеп ойнау», «іліп қағу», «шертіп ойнау», т.б. Д. құрылысы бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектер. Сондай-ақ оның көптеген қосымша бөлшектері бар (тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік). Д. тиегі үш түрлі болады (шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек). Д. дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, қатты жынысты үйеңкі, емен секілді киелі ағаштардан, негізінен, екі түрлі әдіспен, құралып немесе ойылып (шауып) жасалады. Құрама Д-лардың шанағы жұқа тілшелерден құралып жасалса, бітеу Д. тұтас ағаштан ойылады. Д. аспабы халықтық кәсіби өнердің туып-қалыптасуына, өркендеуіне негіз болған. Байжігіт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, т.б. данқты күйшілердің төкпе, шертпе күй дәстүрлерінің тууы, дамуы осы Д. аспабымен тікелей байланысты. Олардың дәстүрін, мұрасын бүгінгі күнге жеткізген Д.Нұрпейісова, Ә.Хасенов, Науша, Махамбет Бөкейхановтар, Т.Момбеков, М.Хамзин, Қ.Жантілеуов, С.Балмағамбетов, Л.Мұхитов, т.б. болса, кейінгі майталман орындаушылар – Қ.Ахмедияров, У.Бекенов, Р.Ғабдиев, С.Шәкіратов, Б.Ысқақов, Б.Тілеуханов, А.Үлкенбаева, А.Райымбергенов, т.б. Д. – тек күй тартуға ғана емес, ән айтқанда сүйемел үшін де қолданылатын аспап. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Мәди, Кенен, Әміре Қашаубаев, М.Ержанов, Ж.Елебеков, Ғ.Құрманғалиев, Қ.Байбосынов, т.б. белгілі әншілер Д-ның әнге әр беріп, әншіге демеу болатының дәлелдеді. Д. аспабының дәстүрлі үлгілерін, халықтық дәстүрдегі перне байлау, Д. баптау, күй ойнау, Д. жасау жөнінде зерттеулерді Б.Сарыбаев, Б.Орымбеков, Т.Әсемқұлов, А.Сейдімбек, Д.Шоқпарұлы, т.б. еңбектерінен кездестіруге болады. Д. құрылымдық, сапалық дәрежесінің кемел деңгейге жетуі барысында бүгінге дейін бірнеше сатыдан өтті. 1932–34 ж. Д. аспабын жетілдіру бағытында белгілі аспапшы шеберлер Қ.Қасымов, А.Ермеков, ағайынды И. және Б.Романенколар, Қ.Оңалбаев, т.б. еңбек етсе, оны 1960–70 ж. Ә.Аухадиев, О.Бейсенбекұлы жалғастырды. 1934 ж. Халық аспаптар оркестрінің (Қазақ мемл. халық аспаптар оркестрі) құрылуымен байланысты Д-ның прима, альт, тенор, бас, контрабас сияқты түрлері дүниеге келді. 1990–2000 ж. аспап жасаушы-қолөнерші шеберлердің респ. «Үкілі домбыра» сайыстары өткізіліп, соның ықпалымен Д. аспабы жаңаша зерттеу, даму, жетілу бағытына бет түзеді. Шоқпарұлы, С.Ділманов, Ж.Тұрдығұлов, С.Кенжеғараев, т.б. Д. жасаушы шеберлер шоғыры пайда болды. Олар дамытып, жетілдіріп жасаған Д-лар сырт нұсқаларына, бөлшектері мен ішек сандарына, дыбыс ерекшеліктеріне, дыбыс ауқымына және басқа да қосымша ерекшеліктеріне қарай «үш ішекті», «кең шанақты», «қуыс мойын», «бүктемелі», «желбезекті», «тұмар», «қос шанақты» немесе «қос мойын», «үшем», т.б. деп аталып, халықтық-аспаптық музыка дәстүрін байыта түсуде. Д. тектес аспаптар Орта Азиядағы түркі халықтарының барлығында, мыс., башқұртта «думбыра», қырғызда «қол қомуз», түрікте «саз», «уд», т.б. бар.

Т.Қоңыратбай,
З.Сыпатайқызы,
Т.Жаубасова

ДОҢЫЗ жабайы шошқа (Sus serofa) – сүтқоректілер класының жұптұяқтылар отрядына жататын жануар. Қызылорда обл-ның қамыс-құрақты қопалар мен батпақты жерлерінде, өзен аңғарларында көп кездеседі. Денесі ірі, екі бүйірі қысыңқы, мойыны жуан, басы сүйір, тұмсығы конус тәрізді көлденеңнен кесілген болып келеді. Ұшында жұп тұяғы бар, аяғы мықты, екеуі жақсы жетілген төрт саусағы болады. Құлағы үлкен және жалпақ, көзі кішкентай, танауы таңқы. Денесін қалың қылшық басқан. Аталығының арқасында жалы болады. Жыныстық жағынан 18–20 айда жетіледі. Күйлеуге түсуі тамыздың ортасынан желтоқсанға дейін созылады. Аналығы (мегежіні) 4 – 10 торай туады. Тістері көп, бұдырлы. Қарыны жіктелмеген, күйіс қайтармайды. Қорек таңдамайтын жануар, топырақты қазып құрт-құмырсқа, өсімдік тамырлары, ұлулар және ұсақ тышқандармен қоректенеді. Д. – кәсіптік маңызы бар аң, еті, терісі, қылшығы пайдаланылады. Орта есеппен ер Д. 50 кг ет, 10 кг май, 250 дм^2 тері және 0,5 кг қылшық береді.



Доңыз

Г. Нәлібаева

ДОСАН – Қызылорда қ. Қосшыңырау ауылдық окр-нің құрамындағы ауыл. Ауыл қала орт-нан оңт-ке қарай 14 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,2 мың адам (2023). Жер аум. 365 мың га. Ауылда 1 жалпы орта мектеп, медпункт, мешіт, сауда дүкендері бар. Халқы негізінен мал, егін ш-мен айналысады. 2 шаруа қожалығы, 21 жеке кәсіпкер жұмыс істейді.

ДОСБОЛ Қорлыбайұлы (1800, Шиелі ауд. – 1890, сонда) – би, датқа. Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасынан шыққан. Д. би ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен, ел мен елді бітістіріп, әділдігімен, тапқырлығымен, шешендігімен халық арасында зор беделге ие болған. «Оқшы ата» қорымында жерленген.

ДОСБОЛ ДАТҚА – ауыл. Шиелі ауд. Ақтоған ауылдық окр-нің орт. (2005). Шиелі кентінен солт.-батысқа қарай 14 км жерде орналасқан. Ауыл 1975–96 ж. қаракөл қойын өсірген «Телікөл» кеңшары бөлімшесінің орт. болған. Жер аум. 7,2 мың га. Тұрғыны 1,2 мың адам (2023). Ауылда №155 жалпы орта мектеп, клуб, кітапхана, амбулатория, ветеринар пункті, мешіт, т.б. бар. 6 шаруа қожалығы, 32 жеке кәсіпкер жұмыс істейді.



Досжан Қымбат

ДОСЖАН Қымбат (17.10.1963 ж. т., Қызылорда қ.) – тележүргізуші. Алматы театр және көркемсурет ин-тын (1984, қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) бітірген. Қазақ КСР-нің телевизия және радиохабарлары жөнінд. к-ті Қазақ телевизиясында жоғары санатты диктор, жүргізуші (1984–97), «Хабар» Агенттігінде продюсер, шеф-редактор, диктор-жүргізуші (1997–2016), ҚР Президенті жанынд. «Қоғамдық келісім» мекемесінің бөлім басшысы, баспасөз хатшысы, «Qazaqstan» телеарнасының «Aqparat» бағдарламасының жүргізушісі (2016–19), Қазақ радиосының бас редакторы (2019–21), «Balapan» телеарнасының директоры (2021–23) болды.

ДОСМАНБЕТОВ Бақберген Сәрсенұлы (21.9.1945 ж. т., Қармақшы ауд. Диірментөбе ст.) – мемлекет және қоғам қайраткері, экон. ғыл. докт.



Досманбетов Бақберген

(1994), проф. (1991), ҚР ҰҒА-ның акад. (2020). Мәскеу инж.-экон. ин-тын (1971), Мәскеу басқару ин-тының аспирантурасын (1976) бітірген. «Риссовхозстрой» тресіне қарасты ЖМК-12-де аға инж. (1971), Қызылорда пед. ин-тының (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушысы, комсомол ұйымының хатшысы (1971–73), аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1976–87), оқу ісі жөніндегі проректоры (1987–91), ректоры (1991–96), Қызылорда қ-ның әкімі – арнайы экон. аймақ әкімш-нің төрағасы (1996–99), ҚР Парламенті Сенатының 2-, 3-, 4-шақырылған депутаты (1999–2011), «Қазақстан теміржолы» ҰК» АҚ президентінің кеңесшісі (2011–15) қызметтерін атқарған. 1995 жылдан «Болашақ» ун-тінің ғыл. жетекшісі. Д. пед. ин-ттың ректоры қызметінде оны жан-жақты дамытуға, жетік мамандар әкеліп, ғыл. әлеуетін арттыруға атсалысты. Оқу ғимараттарына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, олардың абаттандырылуына зор көңіл бөліп, материалдық-тех. базаны жаңартты. Үкіметтің шешімімен жоғары оқу орнын 1995 ж. гуманит. ун-т мәртебесіне көтеріп, Қорқыт Ата есімінің берілуіне үлкен еңбек сіңірді. Ғыл.-зерт. жұмыстарының негізгі бағыттары: статистика және демография, еңбек ресурстары мен еңбек нарығы, экол. және отбасы мәселелері. Д-ның жетекшілігімен 2 ғылым докторы, 6 ғылым кандидаты дайындалған. 100-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 9 монография мен оқу құралының авторы. «Бизнес пен маркетингтің негіздері» (1991), «Қазақстан тұрғындарының статистикасы» (1993), «Қазақстан халқының дамуы» (1993), «Трудовой потенциал и рынок труда в Казахстане» (1994), «Население Казахстана» (1994), «Аймақтың экономикасын басқару» (1999), т.б. кітаптардың авторы. «Құрмет» (2004), «Парасат» (2010), 2-дәрежелі «Барыс» (2020) орденімен, көптеген медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2009).

Қ.Омаров

ДОСМАХАНОВА Бибіраба (1921, Сырдария ауд. Айдарлы а. – 2005, Қызылорда қ) – еңбек ардагері. Қызылорда пед. ин-тын (қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын Жаңақорған ауд. байланыс бөлімінде бастап, ауд. атқару к-тінде еңбек еткен. 2-дүниежүз. соғыс жылдары Қызылорда обл. партия к-тінде нұсқаушы, Жалағаш ауд. партия к-тінің хатшысы, обл. тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары, обл. әлеум. қорғау мекемесінің меңгерушісі (1943–47), Алматы партия мектебінде тыңдаушы (1948–50), обл. атқару к-тінің төрағасы (1950–53), Қызылорда қ. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1953–63), обл. мәдениет басқармасының бастығы (1963–71), обл. коммуналды шаруашылық және өнеркәсіп қызметкерлері кәсіподағының төрағасы (1971–81) қызметтерін атқарған. «Сыр сұлуы» ансамблін құруға атсалысқан. Д. бірнеше мәрте қалалық, обл. кеңестің депутаты болып сайланған. Қызылордада қ-нда Д-ға көше атауы берілген (2011).

Қ.Омаров

ДӨҢЕС БИ (1844 – ө.ж.б.) – би. Қазалы өңірінде Д. б. аталас туысы Жетес биден тәлім-тәрбие алған. Сол өңірдегі Нұрғожа, Шөмек, Сармұрат, т.б. елдің игі жақсыларымен дау-дамайлы мәселелерге араласып, әділдігімен, парасаттылығымен ел құрметіне бөленген.

ДҰРЫСҰЛЫ Сейіл (1892, қазіргі Сырдария ауд. Ақболтай а. – 26.10.1939, Ташкент қ.) – ағартушы, ақын. Д. 6 жасында ауыл молдасынан

сауат ашып, Мырзабай ахунның медресесінде оқып, кейін Бұхара қ-нда оқуын жалғастырған. 12–13 жасынан елге танылып, «ақын бала» атанған. Бұхара обл. Тақтакөпір ауд-нда мұғалім (1910), Қазалы уезінде ұстаз (1916), Шымкент (қазіргі Түркістан) обл-ның бірқатар аудандарында мектеп директоры (1920–25), Хан мектебінде басшы (1932–37) қызметтерін атқарған. Өмірінің кейінгі жылдары Шымкент обл. Пахтаарал ауд-нда оқу бөлімін басқарған. Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесіне үш мәрте депутат болып сайланған.

ДҮЙСЕНҒАЗИЕВ Бақытжан (15.1.1977 ж. т., Сырдария ауд. Қызылжарма а.) – күйші, Қазақстанның еңбек сің.қайраткері (2023). Қызылорда муз. колледжін (1996), қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясын (2001) бітірген. ЕҰУ-нде оқытушы, аға оқытушы (2001–08), ҚР Мемл. күзет қызметінің Президенттік оркестрі халық муз. ансамблінде концертмейстер, 1-санатты маман (2006–23) болған. Қазір Қазақ ұлттық өнер ун-тінде оқытушы. «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен (2012) марапатталған.

ДҮЗЕЛХАНОВ Ағымсалы (19.8.1951 ж. т., Қазалы қ.) – суретші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1996). Алматы көркемсурет уч-щесін (1976), Мәскеу көркемсурет ин-тын (1982) бітірген. Қазақ ұлттық өнер академиясының проф. Д. қолданбалы графика, плакат, кітап безендіру, кескіндеме, портрет жанрларында еңбек етеді. Тарихи, фольклорлық тақырыптағы және балаларға арналған 300-ден астам кітапты, әлеум. және тарихи тақырыптағы 50-ден астам плакатты безендірген. 2000 ж. БҰҰ-ның ұйымдастыруымен Нью-



Дүзелханов Ағымсалы

Йорк қ-нда өткен халықар. «Глобал-Арт» байқау-көрмесінде жеңімпаз атанып, әлемнің 100 елінен қатысқан 33 үздік суретші қатарына енген. «Томирис», «Сақтар», «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек», т.б. литографиялардың, «Алтын сарбаз», «Түркістан», «Ордабасы», «Көроғлы», «Оғыз хан», т.б. кескіндеме жанрындағы туындылардың авторы. Сондай-ақ оның «Абылай хан», «Әбілқайыр хан», «Әйтеке би», «Қазыбек би», «Төле би», «Қорқыт» тәрізді портрет-тер сериясы бар. Қазақстанның ұлттық ақшасы – теңгені безендірушілердің бірі. «Жоғалған ұйқы» қуыршақты мультфильмінің қоюшы-суретшісі болған. Туындылары Қазақстанның және шет елдердің өнер мұражайларына қойылған. ҚР Мемл. (2002), Абай, Әлішер Науаи атынд. сыйл-тарының иегері. «Құрмет» орденімен марапатталған (2016).

ДҮЙСЕКЕЕВ Амангелді (15.10.1942, Қазалы ауд. Жаңа Қазалы кенті – 4.8.2015, Алматы қ.) – жоғары санатты дәрігер, мед. ғыл. докт. (1995), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2002). ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (1996). Алматы мемл. мед. ин-тын (1959, қазіргі ҚазҰМУ) бітірген. Алматы қ-ндағы №1, №2 ауруханаларында дәрігер (1961–84), бас дәрігер, Алматы қ-ның денсаулық сақтау басқармасының бастығы (1985–91), респ. балалар ауруханасының бас дәрігері (1991–92), ҚР Денсаулық сақтау министрінің 1-орынбасары



Дүйсекеев Амангелді

(1992–97), ҚР Денсаулық сақтау мин-нде департамент директоры, Алматы обл. денсаулық сақтау басқармасының бастығы (1997–2004), Алматы мемл. дәрігерлер білімін жетілдіру ин-тының ректоры (2007–09), Қазақ ұлттық мед. ун-тінің проректоры (2009–15) қызметтерін атқарған. ҚР Жоғ. Кеңесінің 12-шақырылған (1990–93), ҚР Парламенті Мәжілісінің 3-шақырылған (2004–07) депутаты. Д. 38 ғыл. еңбек, оның ішінде 1 монографияның авторы. Бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Дүйсекеев Кеңес

ДҮЙСЕКЕЕВ Кеңес Дүйсекеұлы (10.2.1946, Қазалы ауд. қазіргі Пірімов а. – 9.7.2020, Алматы қ.) – композитор, Қазақстанның еңбек сің. өнер қайраткері (1994). Алматы консерваториясын (1974, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. «Гүлдер» ансамблінің бас дирижері және муз. жетекшісі (1974–76), «Қазақконцерт» гастрольдік-концерттік бірлестігінің муз. жетекшісі (1976–79), Қазақ теледидары муз. редакциясының бас редакторы (1975–84), Қазақстан мемл. телерадио к-ті эстрадалық-симфон. оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері (1984–97) қызметтерін атқарған. 1997 жылдан «Қазақконцерт» гастрольдік-концерт бірлестігінің көркемдік жетекшісі, Қазақ ұлттық өнер академиясының проф. болған. Д. жетекшілігімен «Тамаша», «Халық – талант қайнары», «Шабыт», «Жастарға арналған музыкалық кештер», «Музыка әлемінде», т.б. теледидарлық бағдарламалар шығарылды. Д. «Толғау» симфониясының (1984), «Жалаңтөс батыр» симфон. поэма-картинасының (1996), «О, дүние!» кантатасының (1997), «Жыл мезгілдері» романстар топтамасының (1991), «Мәди», «Аққу Жібек» мюзиклінің, «Алдар көсе» опереттасының, симфония-концерттер, аспаптарға арналған концерттер, камералық оркестрлік шығармалар, соната, рапсодия, вариациялар және 200-ден астам әннің авторы. Д-тің әндері Р.Рымбаева, Н.Есқалиева, М.Жүнісова, А.Мейірбеков, Н.Өнербаев, М.Дәулетбақова, т.б. әншілердің репертуарынан орын алған. «Құрмет» (2005), «Парасат» (2014), ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қазалы ауд-ның құрметті азаматы (2013).

ДҮЙСЕНБАЕВ Марат Базарбайұлы (25.12.1962 ж. т., Қызылорда қ.) – кәсіпкер, меценат. Д. орта мектепті бітірген соң (1980) жеке кәсіпкерлікпен айналысып, 1997 ж. «НайМир» ЖШС-ның негізін қалады. Қазіргі уақытта аталмыш компанияның директоры. Ұзақ жыл Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының шаруа қожалықтарына инвестиция құйып, күріш егу және өңдеу саласын дамытуға атсалысуда. «Парасат» орденімен марапатталған (2022).

Қ.Омаров



Дүйсенбаев Серік

ДҮЙСЕНБАЕВ Серік Әбішұлы (8.11.1951 ж. т., Шиелі ауд. Ақмая а.) – Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технол. ин-тын (қазіргі Тараз ун-ті) «инженер-механик» мамандығы бойынша және Қызылорда гуманит. ун-тін «қаржы» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын «Казсельхозтехника» Шиелі ауд. бірлестігінің слесары болып бастап, «Нан өнімдері» бірлестігінің инж.-механигі, директордың орынбасары, директоры (1977–96), «Ел ырысы» мемл. коммуналдық кәсіпорнының директоры (1996–2002), «Қызылорда ауданаралық жылу орталығы» АҚ президенті (2002–05), «Арзан базар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (2005–07), қалалық тұрғын үй коммуналдық ш., жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бастығы (2007–08), Қосшыңырау ауылдық окр-нің әкімі (2008–13), Қызылорда қ. жұмыспен қамту және әлеум. бағдарламалар бөлімінің басшысы (2013–16) қызметтерін атқарған. 2017 жылдан Қызылорда қ. қоғамдық, Қызылорда обл. ардагерлер кеңестерінің төрағасы.

Ғ.Тұяқбаев



Дүйсенов Мырзабек

ДҮЙСЕНОВ Мырзабек (20.12.1928, Сырдария ауд. – 2.8.1988, Алматы қ.) – жазушы, филол. ғыл. докт. (1968). ҚазМУ-дың (1949, қазіргі ҚазҰУ) тарих-филол. ф-тін бітірген. Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1952) қызметтерін атқарған. Д-ның «Әдебиеттегі мазмұн мен түрдің бірлігі» (1962), «Ілияс Жансүгіров» (1965), «Ақын мұраты» (1967) еңбектерінде әдебиеттің теор. мәселелері мен көрнекті ақындардың (І.Жансүгіров, Ә.Тәжібаев) шығарм. зерттелген. Республикадағы орыс мектептері үшін «Қазақ әдебиеті хрестоматиясын» (М.Қаратаевпен бірге) құрастырды. Бірнеше әңгімелер жинағы, 10-нан астам повесі жарық көрген. «Қалыңдық» (1962), «Ана махаббаты» (1965), «Меймандар» (1917), «Үміт» (1979), «Біз күн перзентіміз» (1983) еңбектерінің авторы. «Гүлжан», «Ана махаббаты» повестері орыс тіліне, «Емтихан» повесі өзбек тіліне аударылған. Қызылорда қ-ндағы мектепке және бір көшеге Д-тің есімі берілген.

ДҮКЕНБАЙ Досжан (9.9.1942, Жаңақорған ауд. Құланшы а. – 16.9.2013, Алматы қ.) – жазушы. ҚазМУ-ды (1964, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Жетісу» газетінде әдеби қызметкер (1963–66), «Жазушы» баспасында аға редактор (1966–75), Қазақстан Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемл. к-тте бөлім меңгерушісі (1976–84) қызметтерін атқарған. Кейін Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, «Жалын» журналында бөлім меңгерушісі болған. Тұңғыш өлеңдер жинағы 1964 ж. жарық көрді. Д. проза саласында өнімді еңбек етіп, 8 роман, 18 повесть, 100-ден астам әңгіме жазды. «Отырар» (1965), «Фараби» (1965), «Жібек жолы» (1973) хикаяттары мен романдарына тарихи оқиғалар арқау болып, ал «Зауал» (1970), «Кісі ақысы» (1978), «Дария» (1975), «Табалдырығыңа табын» (1980), «Жолбарыстың сүрлеуі» (1984) шығармалары бүгінгі заман тақырыбына арналған. Ұлы адамдар өмірін көркем тілмен сөйлеткен «Мұхтар



Дүкенбай Досжан

жолы» (1998), «Абай айнасы» (1994), «Алыптың азабы» (1997) романдары бөлек топтаманы құрайды. Д. шығармалары даралық стилімен, бейнелі тілімен ерекшеленеді. Жазушы кейіпкердің жан толғанысын сезім шырғалаңы, ой ағыны арқылы суреттеуге машық. Оның «Екі дүние есігі» (1998) атты зерттеуі – Түркістан қ-ның тарихын,

сондағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің салыну жай-жапсарын мейлінше мол қамтыған дерекнама. Жазушының шығармалары әлемнің 19 тіліне аударылған. Екі томдық таңд. шығ. жарық көрген (1990). «Абақты» (1992), «Таразы» (1992), «Алаң» (1993), «Құм кітабы» (1995) еңбектерінің авторы. Қазақстан Мемл. сыйл-ның иегері (1996). «Құрмет» (2001), «Парасат» (2008) ордендерімен марапатталған. М.Әуезов атынд. ұлттық сыйл-тың лауреаты (1987). Қызылорда обл. Жаңақорған ауданының және Түркістан обл. Түркістан қ-ның, Созақ, Отырар аудандарының құрметті азаматы.

Т.Шанбай

ДҮРБАЕВ Құтбай (25.5.1906, қазіргі Жаңақорған ауд. Өзгент а. – 14.1.1971, Өзбекстан, Шыршық ауд.) – ақын, әнші. Н.Бекежановтың әндерін орындап қана қоймай, өзі де өлең, жыр-толғаулар шығарған. Оның орындауында Нартайдан басқа Сыр бойы ақындарынан Бұдабай Қабылұлы, Базар жырау, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет Ізтілеуов, т.б. термелері мен жыр-толғаулары, 250-ге жуық ән мен күй, өлең-жыр болған. Өзбекстанға қоныс аударып (1930), Шыршық ауд-нда Қазақ халық театрының музыка бөлімін басқарып, Ташкент пед. уч-щесінде ұстаздық (1947–50) еткен. Д-тың «Гүлденген Отаным», «Өзім туралы», «Нартайдан бата алғанда», т.б. жыр-толғаулары бар. Бірнеше әндері дыбыс таспасы мен күйтабаққа жазылып алынған.

А.Құдабаев

ДҮР ОҢҒАР Дырқайұлы (1859, қазіргі Қазалы ауд. Жамансыр а. – 1902, қазіргі Қармақшы ауд. Жаңажол а.) – ақын, Сыр өңіріндегі ақындардың ұстазы. Шораяқтың Омары «Ұстазым» деген арнауында «Балқы Базар, Дүр Оңғар, Алқа деп атты қойғанда, Қаншама пырақ болса да, Қарасын көрмей қаңғалар» деп, Оңғар ақынды Балқы Базармен бірдей бағалаған. Ақынды кейде «Қаратамыр Дүр Оңғар» деп те атайды. Оның туындыларын нақыл, өсиет түріндегі жырлар, дәуір, салт-дәстүр тыныcын білдіретін толғаулар, арнау өлеңдер деп бірнеше топқа бөлуге болады. Мыс., «Алқалап келген әлеумет» өлеңі филос. ойға құрылған. Ол айтыс өнеріне де ден қойған. Өз дәуіріндегі белгілі ақындармен айтысқа түскен. Соның бірі – Ырысты қызбен айтысы (1885). Ақынның «Кеңеске кемеңгерлер салсаң құлақ», «Жақсы жырау емеспін», «Ерлерім сөйле дегесін», «Әркімдерге сөз айттым», «Қиқулап ұшып қонатын», «Жабыдан туған құлын тұлпар болмас» толғаулары, «Барлыбайға», «Балғабай», «Ақбөпе бау сұрапты құрдасынан», «Құлағы, мүйізі жоқ неткен өгіз», «Мақтайды халқы жақсысын», «Жүйесін тауып жөн сөйле», «Асыл зат, дәрежеңді жаңа көрдім», «Қалданға», «Арыстандай айбатым», т.б. өлеңдері оның ақындық шеберлігін байқатады. М.Әуезов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, М.Байділдаев, Ә.Қайнарбаев ақын мұрасына ғыл. баға берген. Ақын шығармалары «Айтыс» жинағының 2-томына енген.

Т.Дайрабай

ДҮР ОҢҒАР – ауыл. Қармақшы ауд-ндағы ауыл, окр. орт. Жосалы кентінен оңт.-шығысқа қарай 30 км жерде, Сырдария өз-нің сол жағалауындағы жиде, жыңғыл, шеңгел аралас өскен сортаң құм топырақты шөлдік белдемде орналасқан. Тұрғыны 2,2 мың адам (2023). Іргетасы 1928 ж. ұсақ артельдерді біріктіріп, «Энгельс» күріш өсіру ұжымшарын құру негізінде қаланған. 1990 ж. «Жаңажол» ұжымшары, 2004 ж. «Жаңажол» ЖШС болып қайта құрылған. 2010 жылдан Дүр Оңғар а. деп аталады. Онда 1 орта мектеп, 1 балабақша, 1 спорт мектебінің бөлімшесі, 300 орындық мәдениет үйі, кітапхана, емхана 2 дүкен, 250 орындық тойхана, монша, шаштараз, т.б. халыққа қызмет көрсетеді.

ДІЛДЕБАЕВ Шымболат (22.4.1937, Шиелі ауд. қазіргі М.Шоқай а. – 1998, қазіргі Ұлытау обл. Сәтбаев қ.) – әнші, термеші, Қазақ КСР-інің еңбек сің. мәдениет қызметкері (1991).

Еңбек жолын Жезқазған кен металлургия комб-ның 46-шахтасында жұмысшы болып бастаған. «Байқоңыр» кинотеатрының директоры (1974), «Арман» халықтық ән-би ансамблін ұйымдастырушылардың бірі (1975). Ол ақындық өнерімен танылып, көбінесе халық жырларын орындаған. «Шындық», «Оңашада», «Тынымсыз шақ»,



Ділдебаев Шымболат

«Тәуелсіз ел Қазақстан», т.б. туындыларының авторы. Сәтбаев қ-ндағы Кеншілер сарайына есімі берілген (1999).

Т.Дайрабай

ДІЛМАНОВ Дархан Айтқалиұлы (9.1.1969 ж. т., Қызылорда қ.) – ген.-л. (2020). Мәскеу жоғары шекаралық қолбасшылық уч-щесін (1990, қазіргі Ресейдің Федералдық шекара қызметінің Мәскеу әскери ин-ты), Қызылорда ун-тін (2005), Ресейдің Федералдық қауіпсіздік қызметінің Шекара акад-сын (2009) бітірген. Әр жылдары шекара заставасы бастығының орынбасары, учаске коменданты, бөлім комендантының орынбасары, шекара отрядының бастығы болып қызмет еткен. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінде Шекара қызметінің «Шығыс» өңірлік басқармасы бастығының орынбасары (2006–08), Жағалау күзеті өңірлік басқармасының бастығы (2008–10), «Солтүстік» өңірлік басқармасы басшысының орынбасары (2012–13), Тәрбие, әлеуметтік-құқықтық және кадр жұмысы бас басқармасы бастығының орынбасары (2013–14) болған. ҚР ҰҚК төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы-Шекара қызметінің директоры (2014–15), ҚР ҰҚК төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры (2015–22) лауазымдарын атқарған.

ДІЛМАНОВ Сатыбалды (1.5.1947 ж. т., Жаңақорған ауд. Қызылмақташы а.) – тарих ғыл. докт. (1997), проф. (1997), полк., Ресей әскери ғыл. академиясының мүшесі (2005). ҚР Әскери ғыл. академиясы құрылтайшыларының бірі (2013). Курган (Ресей) қ-ндағы жоғары әскери-саяси авиац. уч-щені (1969), ҚазМУ (1984, қазіргі ҚазҰУ), Алматы жоғары партия мектебін (1986) бітірген. Әскери бөлімше және бөлім бастығының орынбасары (1973–86), Қырғызстанда әскери оқу орнында оқытушы, курсанттар бастығының саяси жұмыстар жөніндегі орынбасары (1986–92), Қазақ ұлттық агр. ун-тінің әскери кафедрасында оқытушы, аға оқытушы (1992–2000), Қазақстан гуманит. ун-тінде әскери кафедра бастығының орынбасары (2000–03), ҚР Ұлттық қорғаныс ун-ті бастығының тәрбие және әлеум.-құқық. жұмыстар жөніндегі орынбасары (2003) қызметтерін атқарды. Қазір Көкшетау ун-тінде жұмыс істейді. 120-дан астам ғыл. еңбек, оның ішінде 15 монография мен бірнеше оқу құралының авторы.



Дініcламов Әбуша

ДІНІСЛАМОВ Әбуша (1934, Қазалы ауд. Арықбалық а. – 13.7.1997, Қазалы ауд. Ақтан батыр а.) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (22.2.1982). Еңбек жолын Қазалы локомотив депосында жөндеуші, байланыс бөлімшесінде шебер болып бастаған. 1960 жылдары Қазалы ауд. «22-партсъезд» кеңшарында күріш өсірумен айналысқан. Ленин орденімен (1982) марапатталған. Туған а-нда көше атауы берілген.

Қ.Омаров



ЕГОРОВА Мария Григорьевна (1903, Ресей, Санкт-Петербург қ. – 1999) – акушер-гинеколог, Қазақстанның еңбек сің. дәрігері. Қызылорда обл-ндағы акушерлік-гинекол. саласының негізін салушы. 1937–67 ж. обл. ауруханаының акушерлік-гинекол. бөлімін басқарған. Е-ның жетекшілігімен 1950 ж. облыстағы перзентхананың саны 34-ке жеткен. Ленин орденімен марапатталған. КСРО Жоғ. Кеңесінің депутаты болған.

К.Төлеутайұлы

ЕГІЗБАЕВ Әбзәли (1907, Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а. – 29.8.1945, Маньчжурия) – ақын. Қызылордада пед. уч-щесін (1934) бітірген. Жалағаш ауд-нда,



Егізбаев Әбзәли

кейін Қызылтам мектебінде мұғалім, мектеп директоры (1933–34), Жалағаш ауд. Жаңаталап мектебінің директоры (1941–42) қызметтерін атқарған. 1938 ж. қуғын-сүргінге ұшырап, Магадан обл. Колыма өз. бойында орналасқан «Одинокий», «Партизанский» алтын кен орындарында жазасын өтеп, 1941 ж. елге оралған. 1942 ж. Кеңес әскері қатарына шақырылып, алғаш Батыс майданда, кейін Шығыс майданда соғысқан. Елге қайтар жолда пойыз апатынан қаза тауып, Маньчжурияда жерленген. Алғашқы өлеңдері майдандық газеттерде («Суворовшы», «Жауға қарсы аттан», т.б.) жарияланған. 1943–45 ж. «Жорық жолында», «Дат», «Мақсұт», «Төрт дәруіш», т.б. поэмаларын жазған. «Жауынгер жүрегі» (1969), «Жыр-аманат» (1978), «Елімнің сырын еттім жыр» (1996) кітаптары жарық көрген.

Н.Егізбай

ЕГІЗҚАРА – Арал Қарақұмының оңт.-шығысындағы қыратты тау жұрнағы. Жалағаш ауд. жерінде орналасқан. Абс. биікт. 288 м. Батыстан шығысқа қарай 40 км-ге, ені 10–13 км- ге созылып, батысында Бәйбіше, шығысында Бөріойнақ қыратты жоталары бар. Жондалып тегістеу келген денудац. қырқаның беткейлері сай-жыралармен тілімденген. Бор дәуірінің құмдақ, алевролит, кварцит, саз араласқан шөгінділерінен түзілген. Климаты тым континенттік. Қаңтар айының жылдық орташа темп-расы –14°С, шілдеде 25°С. Жауын-шашынның орташа мөлш. 104–132 мм. Сұр, сортаң топырағында жусанды-сораң шөптесіндер өскен. Солт-нде өзімен аттас құдық, батысында Бетібай құдығы орналасқан. Мал жайылымына қолайлы.

Т.Дайрабай

ЕДІЛБАЕВ Ізмұхамед (14.12.1906, Батыс Қазақстан обл. – 8.7.1976) – мемлекет қайраткері. Мәскеу қ-ндағы а. ш. академиясын (1938) бітірген. Жамбыл обл. Шу ауд. партия к-тінің 1-хатшысы, Ақтөбе обл. оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1933–34), Қызылорда обл. жер басқармасының бастығы (1938–40), Сырдария ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1940–41), Қызылорда обл. атқару к-тінің төрағасы (1941–43, 1954–59), Қостанай обл. партия к-тінің 2-хатшысы (1943–45), Жамбыл обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1945–52), Қарағанды обл. атқару к-тінің төрағасы (1952–53), Қазақ КСР Мәдениет министрінің орынбасары (1953–54), Қазақ КСР Мин. кеңесі жанындағы машина жасау және сауда бас басқармасының бастығы (1959–61), Қазақ КСР Автомоб. көлігі министрінің орынбасары (1961–69) қызметтерін атқарған. Е. облыс а. ш-н механикаландыруда, технологияны пайдалануда, мал ш-н өркендетуге көп

еңбек сіңірді. Ленин, Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), Құрмет белгісі ордендерімен, көптеген медальмен марапатталған.

М.Жұмаділдаев

ЕКПІНДІ – ауыл. Жаңақорған ауд. Екпінді ауылдық окр-не қарайды. 2005 ж. құрылған. Тұрғыны 1,0 мың адам (2023). 1926 ж. «Байзаққөл» кооперативтік бірлестігі, 1930 ж. Төменарық ауылдық кеңесіне қарасты «Екпінді» ұжымшары болып құрылған. 1962 жылғы ірілендіру саясатымен «Красная звезда» ауылдық кеңесінің құрамына енген. 1963 ж. Төменарық ауылдық кеңесіне қайта қараған. 1965–2005 ж. Сунақата ауылдық окр-нің бөлімшесі болған. Қазір ауылда 1 орта мектеп, 1 балабақша, 1 шағын орт., АТС, Жиделі топтық су құбыры, 2 дүкен, 1 шаштараз орналасқан. Тұрғындар мал ш. және егіншілікпен айналысады.

ЕЛАМАНОВ Әли (1902, Жаңақорған ауд. Төменарық а. – 20.3.1975, сонда) – Соц. Еңб. Ері



Еламанов Әли

(20.5.1949). Жаңақорған ауд. Елтай атынд. ұжымшарда күрішші, күріш звеносының жетекшісі (1930–58) болған. 1941 ж. 6 га күріштің әр гектарынан 48,8 ц-ден өнім жинаған. 1942 ж. еңбек армиясына шақырылып, Гурьев (қазіргі Атырау) обл-нда, Сталинград қ. (қазіргі Волгоград) маңында жұмыс істеген. 1946 ж. Жаңақорған ауд-ндағы Сунақата каналын салуға қатысып, кейін туған ауылына оралып, күрішшілер звеносын басқарған. 1948 ж. 5 га күріштің әр гектарынан 81,4 ц-ден өнім алған. Бұдан кейін Е. «Төменарық» кеңшарында түйе өсіріп, қой баққан (1958–60). Ленин (1949) орденімен марапатталған.

Қ.Омаров



Еламанов Бекмырза

ЕЛАМАНОВ Бекмырза Қайыпұлы (1.1.1950 ж. т., Қармақшы ауд. Қорқыт ст.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Алматы малдәрігерлік ин-тын (1974, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Еңбек жолын Жосалы кентіндегі №149 – а.ш. кәсіптік-техн. уч-щенің слесары (1966–69) ретінде бастап, «Қармақшы» ұжым шарының зоотехнигі, бас зоотехнигі, Қармақшы ауд. а. ш. бірлестігінің бригадирі, бас зоотехнигі, «3-Интернационал» ұжымшарының бригадирі, партия к-тінің хатшысы, ауд. партия к-тінің нұсқаушысы (1969–87), «Қуандария» кеңшарының директоры (1987–90), ауд. халық депутаттары кеңесі төрағасының орынбасары, төрағасы (1990–93), «3-Интернационал» ұжымшарының төрағасы (1994–95), Қармақшы ауд-ның әкімі (1995–2001), «Шапағат Лимитед» ЖШС директоры (2001–04), Қызылорда обл. әкімінің орынбасары (2004–08), обл. а. ш. басқармасының бастығы (2008), Жаңақорған ауд-ның әкімі (2008–14) қызметтерін атқарған. ҚР Парламенті Сенатының депутаты (2014–20). «Құрмет» (2007), «Парасат» (2017) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ЕЛЕУЛІҰЛЫ Жолдыбай (1894, Қазалы уезі – 1945) – күйші. 1934 ж. Алматы қ-нда өткен Қазақстан халық өнерпаздарының байқауында жүлделі орын алған. Қызылорда қ-нда алғашқы концерттік-эстрада бюросын ұйымдастыруға белсенді қатысқан. «Ескі балбырауын», «Жеңге», «Қара жорға», т.б. күйлердің авторы.

ЕЛЕУОВ Мадияр (3.5.1946 ж. т., Шиелі ауд. Еңбекші а.) – тарих. ғыл. докт. (1999), проф. (2006), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2010). ҚазМУ-ды (1975, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қызылорда обл. тарихи-өлкетану музейінде аға ғыл. қызметкер (1975–76), ҚазМУ-да



Елеуов Мадияр

лаборант, ассистент, аға оқытушы, доцент, ф-т деканының орынбасары, докторант (1976–99), Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі (1999–2001), Халықар. қазақ-түрік ун-тінде ин-т директорының орынбасары (1996–97), кафедра меңгерушісі (2001–02), археол. ғыл.-зерт. орт-ның директоры (2002–08) қызметтерін атқарған. 2008 жылдан ҚазҰУ-да проф. 600-ден астам ғыл. жарияланымның, бірнеше монографияның, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Е. 2000-нан астам әр түрлі тарихи кезеңдерден сақталған ескерткіштерді ашты.

Қ.Омаров

ЕЛЕУОВ Тәжен (1909, Сырдария ауд. 21-а. – 21.11.1967, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1962). Қызылорда қ-ндағы жетім балалар (1920) үйінде тәрбиеленген. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. ҚазПИ-ді (1947, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Мәскеу қ-ндағы шай ф-касында жұмысшы (1925), Мәскеу кеңес-партия мектебінде (1928–30) оқушы, Қазақ марксизм-ленинизм ин-тының тыңдаушысы (1935–37), Қазақстан КП ОК-нің оқу және мектеп бөлімінің (1937–38), «Қазақөнеркәсіп» кеңесі кадрлар бөлімінің меңгерушісі (1938), «Хроника» журналының редакторы (1940), Қазақ КСР ҒА Қоғамдық ғыл. бөлімінің ғалым-хатшысы (1948) қызметтерінде болған. 1946



Елеуов Тәжен

жылдан өмірінің соңына дейін ҚР ҰҒА Тарих, археология және этнография ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, ғалым-хатшы, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1950 жылдан Қазақстан тарихы бөлімінің меңгерушісі болды. Ғыл. жұмысының негізгі бағыты – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан, Қазан революциялары, азамат соғысы мәселелері. Бірнеше құжат жинақтары мен ұжымдық жарияланымдардың жауапты редакторы және құрастырушысы. «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», т.б. медальдармен марапатталған.

Т.Елеуов



Елеусінов Тұршабек

ЕЛЕУСІНОВ Тұршабек Жүсіпұлы (1935, Жалағаш ауд. Ақсу а. – 21.8.1983, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (19.4.1967). Жастайынан еңбекке араласып, 1965 ж. күріш бригадасының бригадирі болып тағайындалып, гектарынан 75–80 ц-ден өнім алған. Ленин (1967), Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

А.Шарманов

ЕЛУБАЕВ Сахабиден (10.4. 1924, қазіргі Павлодар обл. Ақтоғай ауд. Қожамжар а. – 3.1.1993, Қызылорда қ.) – ғалым, физ.-матем. ғыл. докт. (1982), проф. (1985). Е. Қазақ КСР-інің білім беру ісінің үздігі, КСРО білім беру ісінің үздігі. ҚазМУ-ды (1951, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан (1942–43). Қызылорда пед.



Елубаев Сахабиден

ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы, аға оқытушы, мұғалімдер ин-ты директорының орынбасары (1951–54), кафедра меңгерушісі (1954–71, 1973–1993), проректоры (1964–65) қызметтерін атқарған. Ғыл. еңбектерінің негізгі бағыты гиперболалық және параболалық теңдеулер үшін кері есептер тақырыбына арналған. 50-ден астам ғыл. еңбектің авторы. 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен (1985), бірнеше медальмен марапатталған. Есімі Қожамжар а-ндағы бір көшеге берілген.

Б.Қалиев

ЕҢБЕК – ауыл. Жалағаш ауд. Еңбек ауылдық окр-нің орт. Бұрынғы Ленин комсомолы атынд. кеңшар. Аудан орт. – Жалағаш кентінен оңт-ке қарай 30 км жерде, Сырдария өзінің сол жағалауында орналасқан. Тұрғыны 2,0 мың адам (2023). Ауыл тұрғындары мал ұстап, егін егумен айналысады. Бүгінгі таңда ауылда 1 ЖШС, 5 шаруа қожалығы бар. Жеке тұрғындар 1581 бас сиыр, 3347 бас қой мен ешкі, 350 бас жылқы ұстайды. Жеке мал ұстаған ауыл тұрғындары сүт, айран, шұбат, қымыз, құрт, ірімшік, т.б. малдан алынатын өнімдерді пайдаланады. Ауыл тұрғыны, белгілі кәсіпкер, серіктестік төрағасы Искаков Шакизатхан жеке ш-нда 1401 га жерге күріш егіп, 105 адамды жұмыспен қамтып отыр. «Еңбек Жер» ЖШС демеушілігімен Т.Дәуітбаев көшесіне 350 м асфальт төселіп, осы көше бойына 20 дана көше жарығы бағандары темір бағанға ауыстырылды, 240 м жерге қоршау, 840 м жерге көше бойынан жаяу жүргінші жолы төселді. Ауыл орт-на гүлзарлар жасалып, раушан гүлдері егіліп, кіші футбол алаңына және Қ.Адаев көшесіне ұз. 800 м жерге жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Ауылда 5 төсектік күндізгі стационар, дәрігерлік емхана, 400 орындық М.Байділдаев атынд. №232 орта мектеп, мәдениет үйі, пошта байланыс бөлімшесі, Мүсірәлі баба мешіті, «Ақжүніс» балалар бақшасы, 1 шағын маркет, 6 дүкен жұмыс істейді. Ауыл қамтуында «Асылзат» мейрамханасы, мал бордақылау алаңы, күріш ақтайтын қырман, «Еңбек» май құю бекеті кәсіпкерлік нысандары бар.

Т.Адисұлы

ЕҢБЕКШІ – ауыл. 1975 ж. «Коммунизм» ұжымшарынан Е. бөлімшесі өз алдына отау тігіп, мал ш-мен айналысатын кеңшар болып құрылған. Жер аум. 15,1 мың га. Тұрғыны 1,85 мың (2023) адам. Шаруа қожалық саны – 49. Қазіргі таңда ауылда 2 мектеп, балабақша, спорт сауықтыру кешені, пошта, клуб, кітапхана, амбулатор. емхана халыққа қызмет көрсетеді.

Қ.Омаров

ЕҢСЕБАЙ ӘУЛИЕ МАЗАРЫ – тарихи ескерткіш. Шиелі ауд. Телікөлде көне қорымда орналасқан. Діни қайраткер Еңсебай әулиеге (1854–1907) арналып салынған.



Еңсегенұлы Тоқболат

ЕҢСЕГЕНҰЛЫ Тоқболат (10.12. 1939, Қазалы ауд. Өркендеу а. – 10.8.2021, Қызылорда қ.) – әдебиеттанушы, түркітанушы, филол. ғыл. докт. (2008), проф. (2009), ҚР-ның Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2010). Қазақстан

Жазушылар одағының мүшесі. ҚазМУ-ды (1968, қазіргі ҚазҰУ), Алматы жоғары партия мектебін (1973) бітірген. Еңбек жолын 1957 ж. Қазалы құрылыс учаскесінде эскаватор машинисінің көмекшісі болып бастаған. Обл. «Ленин жолы» газетінде әдеби қызметкер (1968–71), бөлім меңгерушісі, редакция алқасының мүшесі (1973–91), Қызылорда мемл. ун-тінде (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы, аға оқытушы, доцент (1991–2005), Қызылорда гуманит. ун-тінің проф. (2005–09), «Болашақ» ун-тінің кафедра меңгерушісі (2009–12), проф. (2020–21), Халықар. қазақ-түрік ун-тінің проф. (2012–20) қызметтерін атқарған. Е-ның 30-дан астам еңбегі, оның ішінде 8 көркем шығарма, 16 монография, оқулық, 11 оқу-әдістемелік құрал, сондай-ақ 260-тан астам ғыл., 70-тен астам көркем сын мақала, 40-тан астам әңгімесі жарияланған. Эссе, өлеңдер топтамалары мен бірнеше әндері жарық көрген.

Қ.Омаров

ЕРӘЛИЕВ Абзал Жұмашұлы (28.3. 1960 ж. т., Сырдария ауд. Н.Ілиясов а.) – кәсіпкер, меценат, Қазақстанның Еңбек Ері (14.12.2013). Е. ҚР А. ш. саласының үздігі (2013), Құрметті құрылысшы (2015). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының Қызылорда бөлімшесін (1982, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қызылорда үй құрылыс комб-нда құрылыс шебері, прораб, құрастыру учаскесінің бастығы (1984–94), «Абзал және



Ерәлиев Абзал

Компания» (1994–2016) компаниясының директоры қызметтерін атқарған. 2008 жылдан Қызылорда обл. күріш өндірушілер және өңдеушілер қауымдастығының президенті. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (2016–21). «Құрмет» (2010), «Отан» (2013) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2014).

Қ.Омаров

ЕРӘЛИЕВА Мәдина Есмалайқызы (2.8.1954, Қазалы ауд. – 27.11.2000, Алматы қ.) – әнші, Қазақстанның еңбек сің. арт. (1990). Қызылорда пед. уч-щесінің (1974, қазіргі Қызылорда пед. жоғары колледжі) муз. бөлімін, Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тының (1978, қазіргі Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-ті) музыка ф-тін бітірген. Әдебиет және өнер ин-тында (1978–84) қызмет істеген. 1985 жылдан өмірінің соңына дейін Алматы обл. филармониясының жетекші әншісі болды. Нәзік те сыршыл үн, өзіндік мәнерімен халықтың сүйікті әншісіне айналды. Оның орындауындағы «Айқаракөз», «Ақбаян», «Жылқы ішінде ала жүр», т.б. көптеген халық әндері мен «Кіресің жиі түсіме» (Қ.Құрманәлиев), «Сағым жылдар» (Б.Байкенжеев, М.Дәукенова), т.б. қазақ композиторларының әндері Е-ның өзіне ғана тән әншілік мәнерімен, өзіндік



Ерәлиева Мәдина

орындау ерекшелігімен, нақыш-бояуымен халық жадында қалды. Қызылорда қ-ндағы Мәдениет үйіне есімі берілген.

Б.Қабиболла

ЕРӘЛІ Ермұхамедәлі (т.ж.б. – 1794) – Кіші жүз ханы (1791–94), Әбілқайыр ханның баласы. Жастайынан әкесімен бірге хан кеңестеріне қатысып, әкімш. істерге ерте араласқан. 1733 ж. қаңтар айында Әбілқайыр ханның Ресей империясына жіберген елшілігін басқарған.

Бұл елшіліктің құрамында ағасы Нияз сұлтан да болды. 10 ақпанда Уфа арқылы Ресей астанасына жеткен елшілікті Ресей патшайымы Анна Иоанновна салтанатты түрде қабылдады. Ерәлі әкесі Әбілқайыр ханның ерік-қалауын білдіре отырып, Ресей патшасынан Кіші жүз қазақтарына «биік мәртебелі патша ағзамның қолдау көрсетуін» өтінді. Ол Әбілқайырдың аманаты ретінде Нияз сұлтанмен бірге Санкт-Петербургте қалып, біртіндеп Ресей империясының отарлау саясатының шын сырын таныды. Елге қайтуға асығып, әкесінен аманаттыққа басқа бір баласын жіберуді өтінді. Әбілқайыр 1738 ж. Санкт-Петербургке үшінші ұлы Қожахметті жіберді. Ерәлі Нияз сұлтанмен бірге Орынборға жетіп, сол жерде біраз кідіріп, әкесіне хабарламай, жасырын жағдайда өзі басқаратын Керей, Уақ, Тарақты руларынан қарулы күш жасақтап, Сырдың арғы бетіне, Қызылқұм жағына билік жүргізіп жатқан хиуалықтарға шабуыл жасады. Оларды қарақалпақтар қонысына дейін ығыстырды. Бұдан сон Ерәліні 1740 ж. Орта жүздің түстігін алып жатқан Сырдың екі жақ өңіріне хан көтерді. Ол 1787 ж. ағасы Нұралы ханның Уфаға жер аударылуына және туысы Айшуақ сұлтанды патша әкімш-нің Орал қ-нда ұстап, Кіші жүзге қайтармауына байланысты Ресей империясының саясатына қарсы наразы топтардың қозғалысына басшылық етті. Алайда ол елдің жағдайына қатысты мәселелерді дипломат. жолмен шешуге тырысты. Ол бастаған халық қозғалысын оңай баса алмайтындығын түсінген Орынбор ген.-губернаторы А.А. Неутлинг 1790 ж. қайтыс болған Нұралының орнына Кіші жүз ханы етіп Ерәліні сайлауды ұйғарды. 1791 ж. 4 қыркүйекте Орск қ. түбінде зеңбіректерден салют беріліп, Ерәлі Кіші жүз ханы болып сайланды. Хан болып сайланғаннан кейін де ол өз ордасын Сыр бойындағы бұрынғы орнынан көшірген жоқ.

И.Шамшатұлы

ЕРГЕШБАЕВ Мұрат Нәлқожаұлы (12.4.1966 ж. т., Қызылорда қ.) – мемлекет қайраткері. Алматы халық ш. ин-тын (1989, қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. Сырдария ауд-ндағы кеңшарда экономист, Сырдария агроөнеркәсіптік бірлестігінің бөлім бастығы (1989–93), обл. «Alem Bank Kazakhstan» акцион. банкінің кредит



Ергешбаев Мұрат

бөлімінің бастығы, басқарма бастығының орынбасары (1993–96), обл. әкімі орынбасарының кеңесшісі, «Қазақстан Халық банк» обл. бөлімшесінің директоры (1996–2001), обл. еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеум. қорғау басқармасы бастығының орынбасары, Қызылорда қ. әкімдігі қаржы бөлімінің бастығы, «Өрт сөндіруші» АҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті (2002–08), Қызылорда қ-ның әкімі (2008–10), обл. қаржы басқармасының бастығы, Қармақшы, Шиелі аудандарының әкімі (2010–14), Алматы қ. бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары, «ҚазАгроӨнім» АҚ Басқарушы директоры (2014–17), обл. жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеум. бағдарламалар басқармасының басшысы, Қазалы, Сырдария аудандарының әкімі (2017–23) қызметтерін атқарды. 2023 жылдан ҚР Парламенті Мәжілісінің 8-шақырылған депутаты. «Құрмет» орденімен марапатталған (2011). Қармақшы, Шиелі аудандарының, Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ЕРГЕШБАЕВ Нәлқожа Ақбалаұлы (1.3.1931, Жаңақорған ауд. Бірлік а. – 9.12.1997, Қызылорда қ.) – партия қызметкері. Қазақ а. ш. ин-тын (1954, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті.), КОКП ОК



Ергешбаев Нәлқожа мүсіні

жанындағы Жоғары партия мектебін бітірген. Арал, Тереңөзек аудандарында инж.-механик (1954–61), Шаған МТС-інде инж.-механик, бас инж., директор, Тереңөзек ауд. «Қазақ ауыл шаруашылығы техникасы бірлестігінің» бастығы (1961–73), Тереңөзек ауд. атқару к-тінің төрағасы (1974), Тереңөзек, Сырдария ауд. партия к-ттерінің 1-хатшысы (1975–92) қызметтерін атқарған. «Күріш өндіруді мамандандыру және шоғырландыру» кітабының авторы. Ленин (2 мәрте), Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденмен, бірнеше медальмен марапатталған. Есімі Қызылорда қ-ндағы бір көшеге берілген.

ЕРЖАН ЖЫРАУ, Ержан Ешімов (1909–1964) – жырау. 60-тан астам қиссаны, мыс., «Едіге», «Қарасай-Қази», «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Көрұғлы», т.б. жатқа білген. 1958 ж. Әдебиет және өнер ин-тының мамандары бірнеше киссаларды таспаға жазып алған.

ЕРЖАНОВ Ахмет (1922, Жаңақорған ауд. – 1997, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1974), проф. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан (1943–46). Қызылорда пед. уч-щесін (1948), ҚазМУ-ды (1953, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Жаңақорған ауд-ндағы мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі (1946–48), Алматы малдәрігерлік ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) ассистент, аға оқытушы (1954–68) қызметтерін атқарған. 1968 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ политех. ин-тында (қазіргі ҚазҰТУ), Қазақ құқықтану және халықар. қатынастар ин-тында кафедра меңгерушісі болды. 84 ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монография, 13 кітап, т.б. авторы. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

М.Жұмаділдаев



Ержанов Нақып

ЕРЖАНОВ Нақып (1887, Жаңақорған ауд. Талап а. – 1962) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). Еңбек жолын 1930 ж. ұйымдастырылған «Талап» ұжымшарында жылқышы болып бастаған. 1937 ж. жылқы фермасына меңгеруші болып тағайындалды. 2-дүниежүз. соғыс жылдары Е. бастаған жылқы фермасының ұжымы атты әскерлерге бірнеше жүз сәйгүліктер жіберген. 1946 ж. 50 биеден 50 құлын, 1947 ж. 60 биеден 60 құлын, ал 1948 ж. 80 биеден 80 құлын алған. Ленин орденімен (1948), медальдармен марапатталған.

М. Жұмаділдаев



Ержанова Зәһира

ЕРЖАНОВА Зәһира (1926, Шиелі кенті – 2006, сонда) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (23.6.1966), Қазақ КСР-інің еңбек сің. а. ш. қызметкері (1974). 1942 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін туған ауылында күріш звеносының жетекшісі болып еңбек етті. КСРО, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 6-шақырылған депутаты (1962–66). Ленин (1966), Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ЕРЛЕПЕСОВ Мұхамеджан Ноғайұлы (30.12.1910, Қазалы ауд. – 10.9.1987, Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1966), проф. (1968), Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері (1960). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қазақ а. ш. ин-тын (1935, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қазақ аймақтық қызылша тәжірибе ст-нда ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, директоры (1935–42), ҚКП ОК а. ш. бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Шымкент (қазіргі Түркістан) обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1942–52), Алматы тәжірибе-селекция ст-ның (1952–59), Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тының директоры әрі бөлім меңгерушісі (1959–75) қызметтерін атқарған. 1975 жылдан өмірінің соңына дейін осы инт-та кеңесші болған. Ғыл. жұмысының негізгі бағыты – суғармалы егішілік пен өсімдік өсіру мәселелері. Ол жүгері, қант қызылшасы және асбұршақ тұқымдас дақылдардың селекциясы мен олардың тұқымын өсіріп, агротехникасын жетілдіру жұмыстарымен шұғылданды және егіншілік саласындағы озат тәжірибені қорытып, насихаттау жұмыстарын жүргізген. Е.130 ғыл. еңбектің авторы. 2-дәрежелі Отан соғысы, Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту орденмен, бірнеше медальмен марапатталған.



Ерлепесов Мұхамеджан

М.Жұмаділдаев

ЕРМАҒАНБЕТОВ Балакеш (1891, Арал ауд. Жігер а. – 1989, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). Арал ауд. «Сазды» ұжымшарында жылқышы, аға жылқышы, кейін өмірінің соңғы жылдары шопан болып еңбек еткен. 2-дүниежүз. соғыс жылдары жылқы өсірудегі еңбегі ерен болған. Ленин (1947, 1948), Еңбек Қызыл Ту (1944) орденмен марапатталған.

Қ.Омаров

ЕРМАҒАМБЕТОВА Шекер (1903, Жалағаш ауд. – 22.1.1986, Алматы қ.) – қоғам қайраткері. Кеңес партия мектебін (1932), Жоғары коммунистік а. ш. мектебін бітірген. Еңбек жолын 1928 ж. Қызылорда қ-нда инспектор болып бастаған. Шымкент (қазіргі Түркістан) обл. партия к-тінде әйелдер бөлімінің меңгерушісі (1938 жылға дейін), Қазалы ауд. атқару к-тінің төрағасы, Жаңақорған ауд. партия к-тінің 1-хатшысы, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқа төрағасының орынбасары (1938–55), Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасы марапаттау бөлімінің меңгерушісі (1955–59) қызметтерін атқарды. Қазақ КСР Жоғ. кеңесінің депутаты (1938, 1955). Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденмен, бірнеше медальмен марапатталған. Есімі Қызылорда қ-ндағы бір көшеге берілген.

С.Серікбаев



Ерманов Нұрмұрат

ЕРМАНОВ Нұрмұрат (27.8.1950 ж. т., Қармақшы ауд. Жаңажол а.) – қоғам қайраткері, ҚР Әлеум. еңбек саласының үздігі (2014). «Бабас», «ҚармақшыАгроПромтехника» ЖШС және «Жылыжай» шаруа қожалығының құрылтайшысы (1993). Қазақ а. ш. ин-тын (1972, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), ҚР Академиялық құқықтық ун-тін (1999) бітірген. Қармақшы ауд. а. ш. басқармасында бас инспектор, «Жаңақала» кеңшарында бас инж. (1972–77), «Главриссовхозстрой» тресіне қарасты құрылыс материалдары мен конструкциялары комб-ның ағаш өңдеу з-нда бас инж.-механик (1977–83), директор (1983–93), обл. адвокаттар алқасының мүшесі, адвокат

(1999–2009) қызметтерін атқарған. Адвокаттық, нотариалдық, сот істері саласында кәсіпкер (1999 жылдан), «Хақ-Нұр» адвокаттық кеңсесінің директоры (2001 жылдан), облыс әкімінің әлеум. мәселелер жөніндегі кеңесшісі (2014 жылдан), ҚХА обл. ақсақалдар кеңесінің төрағасы (2023 жылдан). Обл. мәслихаттың 4 рет шақырылған депутаты (1999–2016). Облыс бойынша «Жылдың үздік кәсіпкері» (2006). «Құрмет» (2005), «Парасат» (2011) орденмедальдармен марапатталған. Қызылорда обл. (2017), Қызылорда қ., Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Ермеков Әділ

ЕРМЕКОВ Әділ (5.5.1908, Батыс Қазақстан обл. Жымпиты ауд. Сарыой а. – 23.12. 1976, Шымкент қ.) – тіл білімі маманы, филол. ғыл. канд., доцент (1950). Алматы, Әулиеата қ-ларындағы малдәрігерлік техникумын (1932), ҚазПИ-ді (1936, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Орал қ. БК(б)П уездік к-тінде хат тасушы, губ. халыққа білім беру бөлімі жанындағы курстарда тыңдаушы, уездік атқару к-тінде іс жүргізуші (1926–28), Оңт. Қазақстан (қазіргі Түркістан) обл. Түлкібас ауд. Высокое а-нда бастауыш мектепте мұғалім, ауд. халыққа білім беру бөлімінің инспекторы (1932–33), Мары қ-ндағы (Түркіменстан) педтехникумда оқытушы, оқу ісінің меңгерушісі (1936–38), Шымкент мұғалімдер ин-тында (қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) декан, директордың орынбасары (1938–42), директоры (1942–52), Қазақ КСР Оқу мин. жанындағы пед. ғыл. ғыл.-зерт. ин-тының директоры (1952–54), Қызылорда пед. ин-тының (қазіргі Қызылорда ун-ті) директоры (1954–63) қызметтерін атқарған. 1963 жылдан өмірінің соңына дейін Шымкент пед. ин-тының (қазіргі Оңт. Қазақстан. пед. ун-ті) қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі болды. Е. 30-дан астам ғыл. еңбек, оның ішінде бірнеше кітаптың авторы. КСРО-ның медальдарымен марапатталған.

Қ.Омаров

ЕРНИЯЗОВ Әлімжан Қанағатұлы (9.4.1955 ж. т., Қазалы қ.) – әскери қайраткер, ген.-м. (2011). Алматы жалпы әскери командалық уч-щесін (1977), Ресейдің М.В. Фрунзе атынд. әскери академиясын (1987), Ресей Қарулы күштері Бас штабы академиясының жоғары әскери курсын (2002) бітірген. Взвод және рота командирі, батальон штабының бастығы, Ауғанстандағы кеңес әскерлерінің взвод және рота командирі (1980–81), полк командирі, дивизия командирінің орынбасары, қару-жарақ пен техника базасының бастығы (1987), ҚР Қарулы Күштері құрамында оқ-дәрі



Ерниязов Әлімжан

базасы мен арсеналдары бас басқармасының бастығы, құрлық әскерлері оқу орнының бастығы (2006 жылға дейін), «Батыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлері қолбасшысының орынбасары, 1-орынбасары – штаб бастығы, қолбасшысы (2006–09), ҚР ҚК Бас инспекциясының бас инспекторы, Бас штабтың әскери дайындық департаментінің басшысы (2009–14), Қызылорда обл. қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы (2014–16) қызметтерін атқарған. Қызыл жұлдыз, 3-дәрежелі «Отанға қызмет еткені үшін» орденмедальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ЕРІМБЕТ (ЕРМҰХАММЕД) Көлдейбекұлы (1844, Қазалы ауд. «Ақ ишан» маңы Қуаңдария жағасы – 1916, сонда) – Сыр сүлейлері арасындағы ірі тұлғалардың бірі, айтыскер ақын. Халық оны ақындығымен таныла бастағаннан «Қарасақал Ерімбет шайыр» деп атап кеткен. Табиғат берген дарынын балаң жігіт шағынан бастап танытқан ол сауаттанғаннан кейін жазба ақындық жолына түскен. Оның қаламынан 50-ден астам әр түрлі көлемдегі нақыл-өсиет өлеңдер, Құттыбай, Жалғасбай, Қыпшақбай сияқты қазақтың сол кезде өмір сүрген белгілі азаматтары, би-болыстары атынан жазған көптеген хат-өлеңдері мен арнаулар туған. Ақын поэзиясын зерттеген М.Жармұхамедов, Х.Сыдықов, М.Байділдаев, т.б. оның Шораяқтың Омарын жұмбақ айтысқа шақырып, екі жылдан астам айтысып, жазба және ұзақ айтыстың негізін салған майталман шайыр болғанын жазған. 2004 жылдан Қазалы ауд-нда айтыскер ақынды мәңгілік есте қалдыру мақсатында обл., аймақтық ақындар айтысы өткізіліп келеді.

ЕСАБЫЗ ӘУЛИЕ ЗИРАТЫ – кесене. Шиелі ауд. Бәйгекұм а-нан шығысқа қарай 5 км жерде орналасқан. Жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер қатарына енгізілген. Есабыз әулие Сыр бойында 17 ғасырдың басында өмір сүрген. Ел ауызындағы әңгімелер бойынша әулие ел қамын ойлаған, қарапайым халықтың қамқоршысы, көріпкел, құдірет иесі болған. Е. ә. з-на 1963, 1995, 2018 ж. қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген.



Есабыз әулие зираты

ЕСБОЛОВ Дүзбай (1893, Арал ауд. Көкарал а. – 28.3.1968, сонда) – Соц. Еңбек Ері (23.7.1948). Еңбек жолын 1910 ж. балықшы болып бастаған. Арал ауд. Ленин атынд. ұжымшарда балықшы



Есболов Дүзбай

(1928–38), Сталин атынд. ұжымшарда (кейін Құланды жылқы з-ты) жылқышы болған (1938–64). Ленин орденімен (1948), медальдармен марапатталған.

ЕСЕК – жылқы туысына жататын сүтқоректі, тақтұяқты жануар. Жабайы африк. Е-тен (Eguus asinus) шыққан. Қолға бұдан 5–6 мың жыл бұрын үйретілген. Дене бітімі шымыр, шоқтығына дейінгі биікт. 1–1,2 м, түсі қоңыр, күңгірт, азық талғамайды, құрғақшылыққа төзімді. Е-тің айғырын әңгі, биесін мәші, құлынын қодық деп атайды. Жабайы Е. үйірлері Африкада (Сомали, Эфиопия) тіршілік етеді. Оның әр үйірінде 1 әңгі, 1–2 жасар қодығын ертіп жүретін 5–6 мәші болады. Жабайы Е-ті Сомали Е-і



Есек

(E. a. somalicus) және Нуби Е-і (E. a. somalicus) деп аталатын екі түр тармаққа бөледі. Әр түрлі жабайы Е-терді қолға үйреткеннен кейін ұзақ уақыт сұрыптау және оларды бір-бірімен будандастыру арқылы күш көлігі ретінде тиімді тұқымдарды (Иранда хомад, Испанияда каталон, Орта Азияда бұқар) шығарылады. Е. 3 жасында жетіледі. Көктем, жаз айларында үйірге түсіп, 12,5 ай көтеріп, 1 қодық туады. Қодығын 6 ай сүтімен қоректендіреді. Е. 18 – 20 жыл тіршілік етеді. Жылдан-жылға санының күрт азаюына байланысты

Халықар. табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген.

Б.Күзембаев



Есенов Шахмардан

ЕСЕНОВ Шахмардан (5.8.1927, Шиелі ауд. Тартоғай а. – 24.8.1994, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1968), проф. (1969), Қазақстан ҒА-ның акад. (1967). Қазақ тау-кен және металлургия (1949, қазіргі ҚазҰТУ) ин-тын бітірген. Жезқазған геол.-барлау экспед-нда геолог, аға геолог, бас геолог, бас инженер, Қазақстан геология министрінің орынбасары (1949–60), геология министрі (1961–65, 1974–78), Қазақ КСР Мин. Кеңесі төрағасының орынбасары (1965–67), Қазақстан ҒА-ның президенті әрі Геол. ғылымдар ин-тының директоры (1967–74) қызметтерін атқарған. 1978 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ политех. ин-тында (қазіргі ҚазҰТУ) кафедра меңгерушісі болды. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанның геологиясына, металлоген., кен байлықтарын іздеу мен барлау әдістерін жетілдіруге арналған. Е. 1952–67 ж. Үлкен Жезқазған кен өнеркәсібінің шикізат базасын нығайту мақсатында жүргізілген ауқымды металлоген. болжау және геол. барлау жұмыстарына тікелей ғыл. жетекшілік жүргізіп, бұл аудандағы мыстың барланған қорын бірнеше есе көбейтті. Полиметалл, марганец, темір, барит, т.б. стратег. маңызы бар шикізаттардың, құрылыс материалдары кен орындарының жаңа көздерін іздеу және барлау ісінің тиімді әдістерін ұсынып, өндіріске енгізді. Е-тің тікелей басшылығымен Оңт. Манғыстау өңіріндегі аса ірі Жетібай, Өзен мұнай кендері қысқа мерзімде барланып, іске қосылды. Е. «Геология и металлогения Большого Джезказгана» (1962), «Горизонты науки Казахстана» (1967), «Геолого-структурные особенности и методика разведки Джезказганского рудного поля» (1968), «Недра Казахстана» (1968), «Наука и природные ресурсы Казахстана» (1972), т.б. еңбектердің авторы. Лениндік (1966), Қазақстан Мемл. (1972) және Қазақстан ҒА-ның Ш.Уәлиханов атынд. (1971) сыйл-тарының лауреаты. Ленин орденімен (2 мәрте), бірнеше медальмен марапатталған. 1995 ж. Ақтау политех. инна (қазіргі Каспий технол. және инжиниринг ун-ті) Е. есімі берілді, сондай-ақ оның атында Алматы, Қызылорда қалаларында және Шиелі а-нда көше бар.

О.Бейсеев



Есентүгелов Арыстан

ЕСЕНТҮГЕЛОВ Арыстан (12.1.1934, Арал ауд. – 11.3.2024,Астана қ.) – экон. ғыл. докт. (1996), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2001). ҚазМУ-ды (1961, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. ҚазМУ-да ассистент (1961–62), Қазақ КСР Автомоб. мин-нің орт. нормативтік-зерттеу ст-нда бөлім бастығы (1962–65), КСРО Сауда мин-нің жобалау-технол. ин-тының директоры (1973–84), Қазақстан мемл. жоспарлау к-ті жанындағы Жоспарлау және нормативті экон. ғыл.-зерт. ин-тында аға инж., лаборатория меңгерушісі, бөлім меңгерушісі (1984–89), директоры (1989–95), ҚР Парламенті Мәжілісінде сектор меңгерушісі, ҚР Парламенті төрағасының кеңесшісі (1996–99), ҚР Экономика мин-нің экон.-зерт. ин-тының директоры (1999–2002), ҚР Экономика министрінің кеңесшісі (2002–05) қызметтерін атқарған. 2005–07 ж. жеке кәсіпкер. 2009 жылдан Қазақ экономика, қаржы және халықар. сауда ун-тінде жұмыс істейді. «ҚР Үкіметі жанындағы ұлттық сараптамалық орталығы» АҚ тәуелсіз директоры, директорлар кеңесінің мүшесі (2008 жылдан). «ҚР Экономика және сауда министрлігінің экономикалық зерттеулер институты» АҚ-ның құрметті президенті (2008). Е. 250 ғыл. еңбектің, оның ішінде 10 монографияның авторы. «Құрмет» орденімен марапатталған.



ЕСЕТ БАТЫР – ауыл. Жалағаш ауд-ндағы бұрынғы Ақарық а. (Аламесек). Аламесек Жалағаш ауд-ндағы көне мекен орны, ауылдық окр-тің атауы. Тұрғыны 1,9 мың адам (2023). Орт. – Ақарық а. Ауылға Есет батырдың есімі (2017) берілген. Аудан орт-нан 45 км жерде орналасқан. Аламесек ауылдық кеңесі 1986 ж. Аламесек және Ақарық ауылдық кеңесі болып екіге бөлінді. 1992 ж. басқару құрылымындағы өзгерістерге байланысты Аламесек ауылдық кеңесі Аламесек ауыл әкімш. болып қайта құрылды. Ауыл окр-нің жер аумағы, инж. жүйеге келтірілген егістіктер мен жайылымдар, шабындықтар, т.б. көлемі 16 950 га. 1997–2001 ж. шаруашылық серіктестік, шаруа қожалығы болып өзгерді. Негізінен күріш өсірумен айналысады. Ауылда 17 шаруа қожалығы бар. Ауыл тұрғындары мал ұстап, егін егеді. Жеке тұрғындар 1751 бас мүйізді ірі қара, 2081 бас қой-ешкі, 575 бас жылқы ұстайды. Жеке мал ұстаған ауыл тұрғындары айран, шұбат, қымыз, құрт, ірімшік секілді малдан алынатын өнімдерді пайдаланып отыр. Ауылда емхана, 362 орындық мектеп, мәдениет үйі, пошта, балалар бақшасы және 71 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді.

Т.Адисұлы



Есетов Тәкей

ЕСЕТОВ Тәкей (15.11.1923, Қазалы ауд. – 30.10.2003, Қызылорда қ.) – мемлекет қайраткері. Алматы қ-ндағы алты айлық авиац. курсты (1941), Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қ-ндағы қаржы-экономика ин-тын (1955) бітірген. Еңбек жолын сауатсыздықты жою мектебінде мұғалім болып бастаған. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан (1941–42). Оған дейін халық сотының хатшысы болып істеген. Соғыстан кейін ауд. сотта хатшы, Мемл. қауіпсіздік к-ті мен ауд. қаржы бөлімінде бастық (1955–57), сондай-ақ Арал ауд. партия к-тінің 2-хатшысы, Қызылорда обл. партия к-тінің бөлім меңгерушісі, Арал ауд. партия к-тінің 1-хатшысы, обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1957–85) қызметтерін атқарған. КСРО, Қазақ КСР Жоғ. Кеңестерінің депутаты. Еңбек Қызыл Ту (3 мәрте), Қазан революциясы ордендерімен марапатталған.

А.Шарманов

ЕСКІДАРИЯЛЫҚ – Сырдарияның ежелгі арнасы. Жусанды жазығы Жосалы даласы мен Жуанқұм құмын көлденең кесіп өтіп, Қуандариямен қосылады. Ұз. 130 км, енді жері 100–120 м-ге жетеді, тереңд. 1,5–2 м. Тұрақты су ағыны жоқ, тек көктемгі қардың еруімен ғана толығады. Жағалауларында жусанды-сораңды өсімдіктер, шөлдің сортаңдау және тақыр топырағында қара сексеуіл шоғырлары кездеседі.

ЕСҚАРАЕВ Сүлеймен (17.8.1897, Қазалы уезі – 25.2.1938, Алматы обл. Талғар ауд. Жаңалық а.) – көрнекті мемлекет және

қоғам қайраткері. Ташкент қ-ндағы кеңестік-партия мектебін (1920), Молотов атынд. Бүкілодақтық жоспарлау академиясын (1933) бітірген. Перовск т. ж. кірпіш з-тында қалып құюшы (1910–12), Ташкент



Есқараев Сүлеймен

қ-ндағы т. ж-да жұмысшы (1912–16), РК(б)П Сырдария обл. партия және атқару к-ттерінде нұсқаушы (1920), Ақмешіт уездік к-тінде бөлім бастығы (1921), Сырдария обл. Төтенше комиссия төрағасының орынбасары (1921–22), Ақмешіт уездік атқару к-тінің төрағасы (1922–23), Түркістан Орт. бақылау комиссиясы партия коллегиясы төрағасының орынбасары (1923), Сырдария обл. атқару к-тінің төрағасы, РК(б)П Орта Азия бюросы ұлттық межелеу бойынша Орт. аум., оның ішінде Қазақ комиссиясының мүшесі (1924), Сырдария губ. к-ті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі (1924–25), Қазақ АКСР Ішкі істер халық комиссары (1925–28), өлкелік жұмысшы-шаруа милиция мектебінің бастығы (1929), Қарағанды обл. атқару к-тінің төрағасы (1933–36), Қазақ АКСР-інің прокуроры (1936–37), Қазақ КСР үкіметі төрағасының орынбасары (1937) қызметтерін атқарған. Е. аз уақытта заң саласындағы маңызды мәселелерді көтеріп, олардың оң шешімін табуына қол жеткізді. 1937 ж. ел бюджетіне Әділет халық комиссариаты ғимаратының құрылысын бастауды енгізді. Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды облыстарында ұлттық құқықтық мектептер ашу туралы қаулы қабылданды. Қазан қ-ндағы Заң ин-тына қазақ арасынан шыққан заңгерлерді даярлау үшін 50 орын бөлгізді. 1937 ж. 8 тамызда Алматы қ-нда тұтқындалып, 1938 ж. 25 ақпанда КСРО жоғ. соты Әскери коллегиясының көшпелі сессиясының қаулысымен ату жазасына кесілді. 1958 ж. 5 қарашада ақталды. Е. есімі Қызылорда қ. көшелерінің біріне берілген. 1997 ж. 3 қарашада ҚР Үкіметінің қаулысымен ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Прокуратура органдары кадрларының біліктілігін арттыру, заңдылық және құқық тәртібін зерттеу ин-тына Е-тың есімі берілді. 2013 ж. қайраткердің 115 жылдық мерейтойына орай Қызылорда қ-нда ескерткіш орнатылды.

А.Жүнісбаев

ЕСОВА Сара (1903, Сырдария ауд. – 15.4.1984, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, Қазақстанның еңб. сің. мәдениет қызметкері (1967). Орынбор қ-ндағы пед. уч-щені (1919), Алматы қ-ндағы жоғары партия мектебін (1937) бітірген. Қызылорда, Ташкент қ-ларында мұғалім, жауапты партия, комсомол қызметкері (1919–22), Жетісу губ. партия к-тінің органы «Тілші» газетінде редактор (1922–25), Қазақстан өлкелік партия к-тінің әйелдер бөлімінде нұсқаушы, «Әйел теңдігі» журналында редактор, Халық ағарту комиссариаты жанындағы саяси ағарту басқармасы бастығының орынбасары, халық ағарту қызметкерлерінің респ. кәсіподақ к-тінің төрайымы (1925–32), ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) жалпы тарих кафедрасында меңгеруші (1937–38), респ. орт. мұражайында қызметкер, директор (1939–73) қызметтерін атқарған. Е. құрметті демалысқа шыққаннан кейін Ұлттық кітапхананың сирек басылымдар бөлімінде жұмыс істеп, кеңес дәуіріне



Есова Сара

дейін жарыққа шыққан қазақ кітаптары туралы шежіре құрастыруға қатысты.

М.Қайырғалиев



Еспанов Ұзақ

ЕСПАНОВ Ұзақ (15.12.1928, Жалағаш ауд. Мақпалкөл а. – 4.11.2014, Қызылорда қ.) – еңбек ардагері, қоғам қайраткері, Соц. Еңб. Ері (10.12.1973). Қызылорда пед. ин-тын (1951, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын 1944 ж. бастаған. Қызыл октябрь, Бірінші май, Мақпалкөл мектептерінде мұғалім, директордың орынбасары, директор, Жалағаш ауд. халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, Жалағаш және Қармақшы аудандарында партия қызметкері (1951–63), «Қазақстанның 20 жылдығы», «Жамбыл» ұжымшарларында төраға, «Мәдениет», «Қазақстанның Ленин комсомолы» кеңшарларында директор (1963–91), Жалағаш ауд. ардагерлер кеңесінде төраға (1992–2009) қызметтерін атқарған. Е. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 11-шақырылған депутаты (1985–89). «Сыр күріші – ел ырысы», «Өрелі өзгерістер» кітаптарының авторы. Ленин, Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте) ордендерімен, көптеген медальмен марапатталған. Жалағаш ауд-ның (1998), Қызылорда обл-ның (2011) құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ЕСПЕНБЕТОВ Манарбек (5.5.1958 ж. т., Қызылорда қ.) – еңбек ардагері, меценат, ҚР-ның құрметті құрылысшысы (2010). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының Қызылорда бөлімшесін (1985) және Қызылорда мемл. ун-тін (2007, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын №18 жылжымалы мех. колонна мекемесінде жұмысшы (1975) болып бастап, әскерден кейін тас қалаушы (1978) ретінде жалғастырған.



Еспенбетов Манарбек

№13 селолық кәсіптік-тех. уч-щеде оқытушы (1985), «Промстрой» құрылыс басқармасында бас механик, жабдықтаушы-инж., жабдықтау бөлімінің бастығы, бас инж. (1985–99), «Промстрой» ААҚ вице-президенті (1999–2000), «Промстройсервис-Е» ЖШС директоры (2000–10), «Промстройсервис-Е» ЖШС бас директоры (2010), Қызылорда обл. Құрылысшылар ассоциациясының президенті (2010–18), «Орталық Азия және ҚР Құрылысшылар Одағы» біріккен ұйымының Қызылорда обл. бойынша вице-президенті (2014), Қызылорда обл. Құрылысшылар ассоциациясының төрағасы (2020) қызметтерін атқарған. Е. басқарып отырған мекеме Сыр құрылысының қарқынды дамуына өзіндік үлес қосып келеді. Бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ЕСІРКЕПОВ Баймағамбет (1949, Қармақшы ауд. Жаңажол а. – 26.10.1995, Қызылорда қ.) – суретші, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі. Алматы көркемсурет уч-щесін (1970) бітірген. Қызылорда мемл. ун-тінде (қазіргі Қызылорда ун-ті) бейнелеу өнері кафедрасында (1992–95) дәріс оқыған. Оның қаламынан шыққан суреттер өзгеше филос. көзқарасымен ерекшеленеді. Қазақстан мен шет елдерде бірнеше көрмелері өткізіліп, жоғары баға алған. Автордың жұмыстарының басым бөлігінде қарбалас тіршілік үстіндегі қазақ әйелінің образы суреттелген.

Әсіресе, «Арал аналары», «Ана» картиналары ерекше. Мәселен, ошақ түбінде жүн түтіп отырған қазақ әйелінің бейнесі. Ананың бүгінгі баянды бейнеті, тұңғиық ойға батқаны, ертеңгі күнге деген зор үміті, шексіз махаббаты мен жан сұлулығы сезіледі. «Арал аналары» картинасында теңіз суы тартылып бара жатса да, жағалауда әжесінің немересін бесікке қалай салуды келініне көрсетіп жатқан сәті көрініс тапқан. Ақын Б.Тәңірбергеновтің «Аралдың табанынан су кеткенмен, халқының жүрегінен жыр кеткен жоқ» деген өлең жолдарындағы тіршіліктің қайта жалғасуы әсем суреттелген. 2023 ж. 7 ақпанда Қызылорда обл. тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен Қызылорда қ-ндағы С.Айтбаев атынд. көркемсурет галереясында Е-тің құрметіне арналған «Ұмытылмас тұлғалар» көрмесі өтті. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Т.Дайрабай

ЕШМАХАНОВА Айзада (19.10.1949 ж. т., Қазалы қ.) – педагог, Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі (1980), КСРО Халық ағарту ісінің үздігі (1984). Қызылорда пед. ин-тын (1973, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Әйтеке би кентінде Ж.Жабаев атынд. №234 орта мектепте (1973–97), Б.Мергенбаев атынд. №226 гимназияда (1997–2003) мұғалім болған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1980–85).



Ешниязов Махамбетәлі

ЕШНИЯЗОВ Махамбетәлі (1897, Арал ауд. – 1958, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). Арал ауд. «Жаңа құрылыс» ұжымшарында аға шопан (1932–57), тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары құрылған «Приаральск» кеңшарында қой фермасының меңгерушісі (1957) болған. Арал қ-нда көше атауы берілген. Ленин орденімен (1948), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ЕШНИЯЗ САЛ (1834 – 1902) – айтыс ақыны, әнші. Сыр өңіріндегі салдық, күйшілік өнердің көрнекті өкілдерінің бірі. Е. с. елге басшы болып, билік айтқан, алғаш егін егуге ұйытқы болған адам. Ол атқарған осындай игілікті істерден қалған бір белгі – Ешнияз бұлағы. Ол Ырысты қызбен, Кенекеспен, Серәлі қожамен айтысқан. «Әуия», «Ой-ой», «Айтжан-ай», «Гөй-гөй», «Жүрек сазы», «Дүрдараз», «Желдірмая», т.б. әндері бар. А.Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» жинағына (Орынбор, 1925) Ешнияздың алты әні енген.



Ешпанов Далабай

ЕШПАНОВ Далабай Оспанұлы (15.10.1926, Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а. – 16.9.2004, Алматы қ.) – металлург, техн. ғыл. канд. (1965), КСРО-ның еңб. сің. кеншісі (1969). Қазақ кен-металлург. ин-тын (1949, қазіргі ҚазҰТУ) бітірген. Жезқазған шахталарында маркшейдер, бас инж., шахта бастығы, бас инж., директоры (1949–71), Ақшатау кен байыту комб-ның директоры (1971–74), Жезқазған кен-металлург. комб-ның бас инж. (1974–80), Балқаш кен-металлург. комб-ның бас директоры (1980–87), «Қазақмыс» корпорациясында бас сарапшы (1987–2004) қызметтерін атқарған. КСРО Мемл. сыйл-ның иегері (1970). Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Қазан революциясы ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.



«Жайлы мектеп» құрылысы

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ұлттық жобасы – Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың бастамасымен елімізде 800 мың баланың заманауи мектепте білім алуына жағдай жасау мақсатында 2023–25 ж. жүзеге асырылуда. Осы жоба аясында 2025 ж. дейін Қызылорда обл-нда 12 300 орындық 21 мектеп: Қызылорда қ-нда – 8, аудандар бойынша – 13 мектеп салынатын болады. Жайлы мектеп құрылысының жалпы құны – 100 млрд теңгеге жуық.

ЖАЙСАҢБАЕВ Қанатбек (8.2.1980 ж. т., Қызылорда қ.) – мемлекеттік қызметкер. Қазақ мемл. заң академиясын (2000, қазіргі Қазақ гуманит. заң ун-ті), Қазақ экон. ун-тін (2012, қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. Қазақ мемл. заң академиясының оқытушысы, ҚР Жоғарғы соты жанынд. Сот әкімгерлігі жөніндегі комитеттің Қызылорда обл. бойынша соттар әкімшісінің бас маманы (2000–01), обл. әкімінің аппаратының бас маманы, бас инспекторы, бөлім меңгерушісі (2001–05), ҚР Төтенше жағдайлар мин. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы (2005–07), Астана қ-ндағы «Kazakh Integrated Services» ЖШС және «CNRG Capital» ЖШС Өкілдігінің заңгері (2007–08), Қызылорда обл. әкімінің аппараты жетекшісінің орынбасары (2008–10), жетекшісі (2010–16) болған. ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемл. бақылау және ұйымдастыру-аум. жұмыс бөлімінің Мемл. инспекторы, Ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары (2016-–21), Мемл. бақылау және ұйымдастыру-аум. жұмыс бөлімінің меңгерушісі (2021–22), ҚР Президентінің көмекшісі – ҚР Президенті Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі (2022–23) лауазымдарын атқарды. 2023 ж. 1 қыркүйектен ҚР Президенті Әкімшілігінің Өтініштерді қарауды бақылау бөлімінің меңгерушісі.

ЖАЙЫМБЕТОВ Мархабат (17.5. 1965 ж. т., Қазалы ауд. Аранды а.) – мемлекет қайраткері, Ph.D (2009). Волгоград (Ресей) қ-ндағы а. ш. ин-тын (1989), Қызылорда мемл.ун-тін (2001, Қызылорда ун-ті), ҚР Президенті жанындағы Басқару академиясын (2009) бітірген. Қызылорда қ-ндағы «Басагрореммаш» з-тының энергетигі, «Южнефтегаз» АҚ Құмкөл экспед-ның



Жайымбетов Мархабат

энергетигі, цех бастығы, бас энергетигі (1989 –98), «Харрикеин Құмкөл Мұнай» ААҚ бас энергетигі, бастықтың орынбасары, бөлім бастығы, «ПҚҚР» ААҚ бөлім бастығы (1998–

2005), Қызылорда обл. Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы (2005–08), облыс әкімінің орынбасары, Қызылорда қ-ның, Арал ауд-ның әкімі (2008–14), ҚР Президенті Әкімш-нің мемл. инспекторы (2014–15), ҚР Ұлттық экономика мин. Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері к-тінің төрағасы, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму мин. к-т төрағасы – ҚР Бас мемл. құрылыс инспекторы, министрдің кеңесшісі, мин. хатшылығының кеңесшісі (2015–22), облыс әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі (2022–23) қызметтерін атқарған. 2023 жылдан ҚР Парламенті Мәжілісінің 8-шақырылған депутаты. «Құрмет» (2007), «Парасат» (2018) орденделімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ЖАҚАЕВ – ауыл. Иіркөл ауылдық окр-нің орт. Іргесі 1928 ж. қаланған «Қызылту» ұжымшарынан бастау алады. Тұрғыны 3,7 мың адам (2023). Жер аум. 20,2 мың га. Ауылдық окрке Жақаев, Жансейіт а-дары қарайды. Негізгі шаруашылық түрі – күріш егіп, өнім алу. 1981 ж. Ы.Жақаевтың 90 жылдығына орай ауылға оның есімі берілген. Ауылда 1 кооператив, 35 егін ш., 95 мал ш. қожалықтары бар.

Қ.Омаров



Жақаев Ыбырай

ЖАҚАЕВ Ыбырай (16.5.1891, Шиелі ауд. Қарғалы а. – 19.9.1981, сонда) – әйгілі күріш өсіруші, а. ш-ның жаңашылы, екі мәрте Соц. Еңбек Ері (20.5.1949, 13.5.1971). Шиелі ауд-нда «Қызыл Ту» (қазіргі Ы.Жақаев) кеңшарында бөлімше меңгерушісі болған. Ж. респ-да алғашқы болып күріш тұқымын жоңышқа атызына егіп, тұқымды себу алдында күнге қыздырып, көң мен суперфосфат ерітіндісіне бөктіріп, бүршіктендіріп себу, күріш егістігіне қажетті тыңайтқыш мөлшері мен мерзімін дұрыс анықтау, т.б. агротех. шараларды енгізген. Бұл технол. әдістер «Жақаев агротехникасы» деп аталады. Ж-тың бөлімшесі бекітілген күріш егісінің (20 га) әр гектарынан орта есеппен 80–90 ц өнім (1942–66), ал тәжірибе телімінің (5 га) әр гектарынан 171 ц-ге дейін (1947) өнім алды. 1966 ж. зейнет демалысына шығып, жастарға өз тәжірибесін үйретті. Осы жылдары респ-да жақаевшылар қозғалысы кеңінен өрістеді. КСРО Мемл. сыйл. (1946) иегері. Ж. Ленин (1945, 1949, 1957, 1966), Еңбек Қызыл Ту (1947), «Халықтар достығы» (1981) орденделімен, Бүкілодақтық а. ш. және Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмелерінің алтын медальдарымен марапатталған. Шиелі ауд-ндағы бұрынғы «Қызыл Ту» ұжымшары, орта мектеп, Қызылорда қ-ндағы көше, күріш ғыл.-зерт. ин-ты Ж. есімімен аталады. Шиелі ауд-ндағы Жақаев а-нда күріш өсіру тарихы мұражайы (1982) ашылған. Қызылорда қ-нда ескерткіш орнатылған.

К.Жайлыбай

ЖАҚАЕВШЫЛАР – Ы.Жақаевтың жолын қуып, күріш егіншілігінің тиімділігін, еңбек өнімділігін арттыру жолында елеулі табыстарға жеткен диқандар қозғалысы. 1964 ж. 5 наурызда Ы. Жақаев баспасөз бетінде «Жас ұрпаққа сәлем хат» жолдағаннан кейін, Ж. қозғалысы Сыр бойында кең етек алды. Алғашында 200-ден астам Ж. болса, 20 ғ-дың 80 жылдары олардың саны мыңнан асты. Олардың қатарында Соц. Еңб. Ерлері А.Ахметов, А.Әбиев, С.Жұмабекова, Б.Мұстапаева, т.б. болды. Ж. үнемі бас қосып, күріш егісінің өнімділігін арттыру, жер және су ресурстарын тиімді пайдалану жолындағы қол жеткен табыстарын ортаға салып, тәжірибе алмасты.

Ы.Жақаевтың ізбасарлары ең жоғары нәтижелерге жете отырып, Сыр өңірінің жергілікті жағдайына бейімделген күріштің жаңа сорттарын өсірді, озық технологиялар қолданды. Жас күрішшілердің жыл сайын өтетін дәстүрлі слетінде «Ыбырай Жақаевтың еңбек аттестаты» тапсырылды. Шиелі ауд-нда респ. Ж. мектебі жұмыс істеді. Онда Ж-ға теор. және прак. сабақтар беріледі. Ж. туралы «Жақаевшылар маршы», «Жақаевшы жастар жыры», т.б. әндер шығарылды.

ЖАҚСЫҚЫЛЫШ – кент. Арал қ-нан шығысқа қарай 25 км жерде, Жақсықылыш көлінің оңт. жағалауындағы қаражусан аралас көкпек, дегелең өскен құмайтты сор топырақты шөлдік белдемде орналасқан. Тұрғыны 5,1 мың адам (2023). 1998 ж. «Аралсульфат» кентінің атауы Ж. болып өзгерген. 1200-ге жуық кент тұрғыны тұз өндіру және қайта өңдеу саласындағы ірі кәсіпорын – «Арал-тұз» АҚ-да жұмыс істейді. Кәсіпорын жылына 450 мың т-ға жуық тұз өндіріп, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Украинаға экспорттайды.

Қ.Омаров

ЖАҚСЫҚЫЛЫШ – Солт. Арал маңында, Жақсықылыш көлінің батыс, солт.-батысындағы жота (қыратты тау жұрнағы). Арал ауд-нда орналасқан. Абс. биікт. 110 м, ұз. 28 км, ені 5–10 км. Оңт.-шығыс беткейі тік жартасты, сай-жыралармен тілімденген, етегінде үйінділер кездеседі. Эоценнің гипс негізді саз балшығы мен құмынан түзілген. Қоңыр сортаңды топырағында жусанды-сортаңды шөптесіндер өседі.

ЖАҚСЫҚЫЛЫШ – Сырдария өз-нің сағалық алабындағы көл. Арал ауд. жерінде. Арал т-нің солт.-шығыс жағында, Арал Қарақұмы мен Жақсықылыш тауының оңт-нде, теңіз деңгейінен 48,4 м биіктікте орналасқан. Аум. 59,7 км^2, ұз. 14 км, ені 8,5 км, жағалық сызығының ұз. 70,6 км. Қазаншұңқыры құмдақты саз және саз балшықты шөгінді шөккен. Түбі сәл төбешікті келген. Жағалауы жайпақ және ашық. Батыс жағалауы биік, жыралармен тілімденген. Көл, негізінен, қар, жауын-шашын және грунт суымен толысады. Айналасында құмжусан, бидайық, сұржусан, теріскен, бұйырғын, еркекшөп өседі. Көл алабының теңізге қарай еңкіш, жазық келген жер бедері мал жайылымына пайдаланылады. Арал т. тартылғанға дейін Ж. көлінің аум. 74,6 км^2 болған. Көлге Арал қ-нан т. ж. айырмасы тартылған. Оның ұз. 35 км. Бұл жерде Қазақстандағы сульфат және ас тұзын өндіретін ірі кен орны орналасқан.

ЖАҚЫПОВ Бекзат (1974 ж. т., Қызылорда қ.) – қолөнер шебері. Ж. Қазақстан Суретшілер



Жақыпов Бекзат

одағының мүшесі (2003), ҚР Мәдениет саласының үздігі (2022). Алматы көркемсурет уч-щесін (1993), Қызылорда мемл. ун-тін (1998, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Ж. темір, тері, ағаш, керамика, асыл тастар, т.б. көркем өңдеуді шебер меңгерген. Зергерлік туындылары обл. қолөнер шеберлері (1993), Алматы қ-ндағы Қазақстан халқының дәстүрлі өнері мен кәсібі (1997), «Жігер» (1998–99), Астана қ-ндағы «Шабыт» халықар. фестивалі (1999, 2000, 2004), т.б. көрмелерге қатысқан. Қазақ хандығының 550 жылдығы мен ҚХА-ның 20 жылдығы аясында өткен «Қолөнер – сырлы өнер» байқауында 1-орын (2015), қолөнер шеберлерінің «Қобыз үні» көрмесінде 1-орын (2018) алып, Отырар қ-нда өткен «Ұлы Жібек жолындағы тоқыма және зергерлік өнер» халықар. қолөнер шеберлерінің жәрмеңкесінде «Тұран» номинациясымен (2023) марапатталған. Ж-ның туындылары Қазақстан мұражайларында,



Жалағаш кенті


Корея Респ., Моңғолия, Германия, АҚШ, Канада елдеріндегі жеке коллекцияларда сақтаулы.

Қ.Омаров

ЖАЛАҒАШ – кент. Жалағаш ауд-ның орт. (1939). Облыс орт. Қызылорда қ-нан батысқа қарай 75 км жерде орналасқан. Іргетасы 1906 ж. Ташкент–Орынбор т. ж-н салуға байланысты қаланған. Тұрғыны 14,7 мың адам (2023). Кентте 390 шаруашылық құрылым, 113 мемл. мекеме, 20 мемл. қазыналық кәсіпорын жұмыс істейді. Ж. кенті бойынша 1790 кәсіпкерлік нысан тіркелген. Оның 157-і заңды тұлғаға, 527-сі шаруашылыққа, 1106 дара кәсіпкерлерге тиесілі. Кентте жалпы білім беретін 5 мектеп, мектепке дейінгі 5 мемл. балабақша, 6 жеке балабақша, 1 оқушылар үйі, 1 өнер мектебі, музей, кітапхана, мәдениет үйі, стадион, қонақ үй, 6 спорт залы, 1 жабық жүзу бассейні, 5 ашық алаң, сондай-ақ 1 аурухана, емхана, фельдшерлік-акушерлік бекет, полиция бөлімі, өрт сөндіру бөлімшесі, т.б. халыққа қызмет көрсетеді. Кенттің шаруашылық кітабына жеке меншіктегі 6615 ірі қара, 4333 ұсақ мал, 4099 жылқы, 32 түйе, 295 шошқа, 2262 құс тіркелген. Ж. кенті маңында Бостай, Елтай, Дәуімбай, Жалаңаштөбе, Шымқорған тарихи орындары бар.

Т.Адисұлы

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ – облыстың орт. бөлігіндегі әкімш. бөлініс. 1939 ж. құрылған. Жер аум. 22,9 мың км^2. Аудан аум-ндағы 17 елді мекен 1 кенттік және 14 ауылдық әкімш. округке біріктірілген. Тұрғыны 36,1 мың адам (2023), орташа тығыз. 1 км^2-ге 1,8 адамнан келеді. Аудан халқының басым бөлігі – қазақтар (99,4%). Аудан орт. – Жалағаш кенті. Жері жазық, солт. тақыр (Дариялық тақыр жазығы), сор, сортаң, Сыр бойындағы жері шалғынды-батпақты, оңт-ке қарай (Қызылқұм) құмды келеді. Ен биік жері – ауданның солт-ндегі Егізқара тауы (288 м). Климаты тым континенттік, қысы суық, жазы ыстық, аңызақ. Қыс айларында жылымық күндер жиі болып тұрады. Қаңтар айының орташа темп-расы 9–12°С, шілдеде 25–26°С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 100–150 мм. Аудан жерімен Сырдария және оның тармақтары Жаңадария, Қараөзек ағып өтеді. Бақаш, Шеңгелдікөл, Сарыкөл, Қаракөл, т.б. көлдер бар. Шөлдік белдемде орналасқандықтан, Ж. а-ның топырағы Сырдария өз. жайылмасында шалғынды сұр, сортаң, солт-нде тақырлы сортаңды сұр топырақ, ал оңт-нде ақшыл-сұр, сұр, қызыл құмды топырақ болып келеді. Жазық жерлерде және төбе аралықтарында баялыш, жүзгін, шеңгел, сексеуіл, еркекшөп, күйреуік, су айдындары бойында қамыс-құрақ, ақбас, кекіре, т.б. өседі. Жануарлардан жабайы шошқа, борсық, түлкі, қарсақ, қасқыр, шибөрі, ақбөкен,



Жалағаш ауданы

қоян, кекілік, қырғауыл, т.б. мекендейді. Ірі елді мекендеріне Жалағаш кенті (14,6 мың адам), Аққұм (2,1 мың), Аламесек (1,9 мың), Бұқарбай батыр (2,0 мың), Еңбек (2,0 мың), Қаракеткен (1,5 мың), Мақпалкөл (1,81 мың), Мәдениет (2,2 мың) ауылдары жатады. Аудан а. ш., оның ішінде егін ш-мен шұғылданады. 1995 жылға дейін ауданда күріш, қаракөл қойы және ірі қара мал өсірген 14 кеңшар, ауылдық округ болған. Ж. а-да заңды тұлғалар бойынша 32 мемл. мекеме, 16 мемл.-қазыналық кәсіпорын, 157 ЖШС, 34 толық серіктестік (2021) тіркелген. 168 шаруашылық жеке меншікте. Басты дәнді дақылы – күріш, сондай-ақ бидай, арпа, жүгері, жоңышқа егеді. А. ш-на жарамды жері 323,8 мың га, оның 36,7 мың гектары ғана пайдаланылады. Жыртылатын жерінің аум. 27,1 мың га. Ж. а-да 34,4 мың мүйізді ірі қара, 15,1 мың жылқы, 0,6 мың түйе, 42,7 мың қой мен ешкі бар (2020). Ауданда 19 орта және 1 негізгі мектеп, 28 балабақша, Жалағаш индустр.-агр. колледжі, 7 мәдениет үйі, 9 клуб, 18 кітапхана, 1 спорт кешені, стадион, 29 спорт залы, 1 жабық жүзу бассейні, 2 музей, 14 мешіт, 1 ауд. аурухана, 1 ауд. емхана, 2 фельдшерлік-акушерлік, 3 мед. бекет, 12 дәрігерлік емхана, 2 ауылдық аурухана халыққа қызмет көрсетеді. Елді мекендерге 252,0 км су құбыры жүргізілген. Аудан жерімен Ташкент–Орынбор т.ж. (ұз. 40 км) және мемл. маңызы бар автокөлік (235,7 км) жолдары өтеді. Ж. а-да тарихи және мәдени ескерткіш орындары жиі кездеседі.

Т.Адисұлы

«ЖАЛАҒАШ ЖАРШЫСЫ» – ауд. газет. «Колхозшы» (1934), «Күрішшілер» (1941), т.б. атаулармен шыққан. 1963 жылдың 1 мамырынан Қармақшы ауд. басқарма жанынан «Коммунизм шамшырағы» атауымен қайта шыққан. 1965 ж. Қармақшы, Сырдария аудандарынан бөлініп шыққан Жалағаш ауд. газеті «Жаңадария» деп аталып, оның 1-саны 3050 таралыммен жарық көрген. Кейінгі жылдары таралымы 4500 данаға көбейіп, 1980 ж. 18 қаңтарда газеттің 5 мыңыншы саны жарияланған. 1993 ж. 1 сәуірде «Ж. ж.» газеті 4498 таралыммен оқырманға жеткен. Қазір газет аптасына 2 рет шығады, таралымы 2840 дана (2023). Онда аудандағы мәдени мұра, тарихи тұлға, ақын-жазушы, т.б. туралы көп мәлімет беріледі. 2020 жылдан газетте «Дидар», «Ауыл тынысы», «Дала даналығы», «Ойтүрткі», «Дәстүр», «Не түйдіңіз», «Толғандырған тақырып», «Заң және қоғам», «Кәсіпкер келбеті» айдарлары орын алған. Жастар тақырыбын арқау еткен «Жас толқын», білім саласына арналған «Білім нұры», қоғамдық мәселелерді қамтитын «Қоғам», сыни мақалалар мен әлеум.мәселелерге арналған «Әлеумет» беттері тұрақты жа-



Жалағаш жаршысы

рияланады. Газеттің сайты тәулік бойы ақпарат таратады және оның электронды нұсқасының тұрақты оқырманы қалыптасқан. Сайтта бұл басылымның 2017 жылдан бергі мұрағаты сақталған.

Қ.Омаров

ЖАЛАҢАШ – төбе атауы, қаңлы дәуірінен қалған қала орны. Жалағаш кентінің шығысында 8,5 км жерде орналасқан. Онда ешқандай өсімдік өспейтіндіктен, «Ж.» төбе аталып кеткен. Оны Сырдария өз-нің арнасы – Қуаңдария бойындағы Жетіасар қ-ның шығыстағы сілемі десе де болады.

ЖАЛАҢАШКӨЛ – Сырдария алабындағы көл. Арал ауд-нда, Сырдарияның сағалық арнасының оң жағалауында, теңіз деңгейінен 58,3 м биіктікте орналасқан. Аум. 13 км^2, ұз. 5,3 км, ені 4,3 км. Кезінде Сырдарияның жайылмасымен толысатын, көршілес ірі Қамыстыбас

көлімен ұласып жатқан. Батыс және оңт. жағалауы жайпақ, батпақты, шығысы көтеріңкі. Арал т-нің азайып кетуінен Ж-дің шарасы жазда мүлдем кеуіп, көктемгі қар ерігенде аздап су жиналған. Алабы көктемгі шабындық ретінде пайдаланылды.

ЖАЛАҢТӨС БАТЫР – ауыл. Қазалы ауд. Қарашеңгел ауылдық округінің орт. (2000). Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 12 км жерде, Сырдария жайылмасының қамыс, құрақ басым өскен шалғын топырақты шөлді белдемінде орналасқан. Тұрғыны 1,2 мың адам (2023). Күріш өсірумен айналысқан «Қызылту» кеңшарының орт. (1973–93) негізінде 1993 ж. құрылған. Қазір ауылда жаңа типті 250 орындық Қ.Пірімов атынд. №103 орта мектеп (2010), 90 орындық №14 «Сәуле» бөбекжай-балабақша (2016), дәрігерлік амбулатория (2014), кітапхана, 150 орындық ауылдық клуб (2017), Арал–Сарыбұлақ топтық су құбырының №10 су көтеру ст., ветеринарлық пункт, «Жалаңтөс батыр» мешіті, «Жалаңтөс батыр» ЖШС, 5 азық-түлік дүкені, пошта байланыс бөлімшесі, автоматтандырылған телефон ст. халыққа қызмет көрсетеді. 105 үй интернет желісіне қосылған. Ауыл сапалы ауыз су, сонымен қатар 2022 жылдан көгілдір отын құбырына қосылған. Ауыл мен округке қарасты Үйрек елді мекені табиғи газбен қамтамасыз етілген. Ауыл көлемінде 13 шаруа қожалығы, 2 заңды тұлға, 1 кооператив, 43 шағын жеке кәсіпкер жұмыс істейді.



Қ.Омаров

«ЖАЛАҢТӨС БАТЫР» – хикая. Онда Жалаңтөс Баһадүрдің ерлік істері баяндалады. Хикая нұсқасы толық емес, қарасөз үлгісімен жазылған. Ел аузынан жазып алған Шайхы Ғалихайдарұлы. Хикаяның қолжазбасы Орт. ғыл. кітапхана қорында сақтаулы.

С.Сыбанбайұлы

ЖАЛАҢТӨС БАҺАДҮР, Жалаңтөс Сейітқұлұлы (1576, Қазалы өңірі – 1656, Самарқан қ.) – мемлекет қайраткері, батыр, қолбасшы, би. Әйтеке бидің үлкен атасы. 1581 жылғы аштықтан аман қалу қамымен Шығай хан және Ж.б.-ның әкесі Сейітқұл туыстарымен бірге Бұхараға жақын Нұрата тауына қоныс аударған. Ж.б. 12 жасынан Тамды және Қызылқұм қазақтарының ханы Дінмұхамедке қызмет еткен. Жас кезінен зерделілігі және төзімділігімен көзге түсіп, халық арасында кеңінен танылған. Оған сол дәуірдің жоғары дәрежесі «Аталық» атағы берілген. 1640 ж. Ж. б. қазақ және өзбек жерлеріне шабуыл жасаған қалмақ ханы Батурға қарсы қол бастап, жеңіске жеткен. 1643 ж. Жетісу жеріне баса-көктеп кірген



Жалаңтөс Баһадүр

жоңғар қалмақтарымен соғысып жатқан Жәңгір ханға 20 мың әскерді көмек ретінде жіберіп, басқыншыларды талқандауға зор үлес қосқан. 1649 ж. Ж. б. қазақ қолын басқарып, Бұхар ханы Абдул Азизбен Иран патшалығының Хорасан, Балх үшін жүргізген соғысында жеңіске жетті. Бұл соғыста Бұхар және Қазақ хандықтарымен ортақ жауға қарсы күрес жүргізу үшін одақтық келісімге келген еді. Хотажқұли бек Балхидың «Тарихи қыпшақтар» анықтамалығы мәліметтерінде қазақ ханы Жәңгір бұл соғысқа 100 мың адамдық әскермен қатысқаны айтылады. Ж. б. Ташкент пен Түркістанға үш жорық жасап, Кабул мен Мешхедті бағындырды. Әскери өнерді жетік білген, керемет батырлығымен даңқы жайылған дарабоз қолбасшыға қырғыз, қалмақ, қазақ хандарынан, Үндістаннан, Хорезмнен және Тибеттен қымбат сыйлықтар толассыз келіп жатты. Тарихшы М.Е. Массонның айтуы бойынша, бұл сыйлықтар өзінің саны мен құны жағынан мемл. қазынасына түсіп жатқан барлық байлықтан асып түскен. Оны Ж. б. әскерді қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен қатар үлкен құрылыстар, зәулім сарайлар мен медреселер салуға жұмсаған. Самарқанның орт. Регистанда 1619–36 ж. «Ширдор» медресесі мен 1647–60 ж. «Тилла-Кори» медресесін салдырды. Бұл архит. ғимараттар Шығыстың сәулет өнерінде ерекше орын алады.

ЖАЛАҢТӨС БАҺАДҮР – ескерткіш (2010). Қызылорда қ-нда Сұлтан Бейбарыс және Н.Назарбаев көшелерінің қиылысында орналасқан. Жалаңтөс Баһадүрдің 425 жылдық мерейтойы қарсаңында орнатылған. Салмағы 6 т, қоладан құйылған. Жалпы биікт. 11 м. Мүсін төрт бұрыш пішінді гранитті тұғырға қондырылған, биікт. 7 м. Тұғыр бетоннан құйылып, табаны мәрмәр, гранит тақтайлармен қапталған. Авторлары – ҚР Суретшілер одағының мүшелері, мүсіншілер Н.Далбай және Қ.Жарылқапов. 2018 ж. Қызылорда обл. бойынша тарихи және мәдени



Жалаңтөс баһадүр ескерткіші

ескерткіштердің 3D форматтағы интерактивті картасына, жергілікті маңызы бар ескерткіштер (2020) қатарына енгізілген. QR-код тақтайшасы орнатылған.

ЖАЛБЫР Бөрібайұлы (шамамен 1830 – 1912) – батыр. Сыр елі мен жері үшін күрескен. Ж. жөнінде Қостанай, Торғай, Ақмешіт (Қызылорда) өңірінде әңгіме-жырлар, ел аузында сақталған аңыз, т.б. көп тараған. Ж-ды Ораз, Кеншімбай ақындар жырға қосқан.

Т.Дайрабай

ЖАЛПАҚ – ескі қоныстар тобы. Қазалы ауд. Сырдария өз-нің сол жақ жағасында орналасқан. 1958 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетек. С.П. Толстов) зерттеген. Қазба барысында неолит дәуірінің мәдениетін, сол кезде өмір сүрген халықтардың тұрмысын сипаттайтын құмыра ыдыстар, тастан жасалған пышақтар, мыс сынықтары, садақ жебелері, т.б. табылды. Табылған бұйымдарға қарағанда, Қызылқұм, Жаңадария арнасын б.з.б. 4–3 мыңжылдықтарда балық аулап, жеміс өсірген тайпалар қоныстанған.

ЖАЛПАҚАСАР – ежелгі замандардағы қала орны, қаңлы мәдениетінен мәлімет беретін көне ескерткіштердің бірі. Қармақшы ауд. Жосалы т. ж. ст-нан оңт.-батысқа қарай 45 км жерде орналасқан. Алғаш 1946–48 ж. Хорезм археол. экспед. (жетек. С.П. Толстов) зерттеп, 1949–66 ж. Л.М. Левина кең көлемді және жоспарлы түрде ғыл.- зерт. жұмыстарын жүргізген. Археол. ізденістер барысында қала үйлері, баспаналар, шаруашылық құрылыстары мен қорғандары сабан араластырып құйған күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылғандығы анықталды. Қазба жұмыстары кезінде әр түрлі пішіндегі көзелер, еңбек құралдары, әшекей бұйымдар,



мал сүйектері табылды. Археол. зерттеулер көрсеткендей, Ж. халқы мал, егін ш-мен айналысқан. Ж. қ-ның хронол. мерзімі – б.з.б. 3 ғ. – б.з. 3 ғ. аралығы.

ЖАЛПАҚСОР – Кіші Борсық құмының солт-ндегі ойыс. Арал ауд. және Ақтөбе обл-ның Шалқар ауд. жерінде орналасқан. Ұз. 35 км, ені 20 км-ге жуық, теңіз деңгейінен 67–70 м биіктікте жатыр. Сор және сортаң қоңыр топырағында бұйырғын, тасбұйырғын, бұзаубас, сораң, сарсазан, сарықаңбақ, ақтікен, кермек, қаражусан сияқты сораң шөптер өседі.

ЖАЛТЫРКӨЛ – Сырдария алабындағы көл. Қазалы ауд. жерінде, Әйтеке би кентінен солт.-батысқа қарай 15 км жерде, теңіз деңгейінен 54,4 м биіктікте жатыр. Аум. 13,3 км^2. Жағасы жайпақ, аласа жыралармен тілімделген. Көл Сырдарияның суымен (көктемде) және қар суымен толығады. Жаздың ыстық айларында суы кермектеніп, минералдылығы артады. Қарашаның 2-жартысында қатып, наурыздың аяғында мұзы ериді. Жайылмасында құрақ, қамыс өседі. Шығысынан 3 км жерден Басықара каналы ағып өтеді.

ЖАМАНБАЕВ Қадыр (18.8.1914, Жаңақорған ауд. Аққүйік а. – 15.9.1986, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1973), проф. (1979). Ж. Қазақ КСР Жоғары мектебіне еңб. сің. қызметкер, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. ҚазПИ-ді (1938, қазіргі ҚазҰПУ), Мәскеудегі БК(б)П Жоғары партия мектебін (1946) бітірген. Жаңақорған ауд. халық ағарту бөлімінде хатшы, бастауыш мектепте мұғалім (1932–34), Алматы қ-ндағы Қазақ пед. уч-щесінде (қазіргі Алматы гуманит.-пед. колледж) оқытушы (1938–41), Жаңақорған ауд. еңбекшілер депутаттары кеңесі төрағасының орынбасары, Қызылорда обл. партия



Жаманбаев Қадыр

к-тінің нұсқаушысы (1943–44), Жамбыл обл. халық ағарту бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі, Жамбыл ауд. оқу бөлімінің меңгерушісі (1945–46), Алматы консерваториясында (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) кафедра меңгерушісі (1946–52), Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) директор (1952–54), Ақтөбе пед. ин-ты (қазіргі Ақтөбе өңірлік ун-ті) және мед. ин-тта (қазіргі Ақтөбе мед. ун-ті) кафедра меңгерушісі (1954–58), Гурьев пед. ин-тының (қазіргі Атырау ун-ті) директоры (1958–62), Целиноград пед. ин-тының (қазіргі Еуразия ұлттық ун-ті) ректоры (1962–74), Қарағанды мемл. ун-ті (1974–76, қазіргі Қарағанды ун-ті) мен Алматы т.ж. транспорты инженерлері ин-тында (1976–79, қазіргі Қазақ көлік және коммуникация академиясы) кафедра меңгерушісі, ҚазМУ (қазіргі ҚазҰУ) және ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) проф. (1979–81) қызметтерін атқарған. 1981 жылдан өмірінің соңына дейін ҚазМУ-де (қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі болған. Ж. 200-ден астам ғыл. еңбектің авторы.

Қ.Омаров

ЖАМАНТІКОВ Хасый (1941 ж. т., Жамбыл обл. Меркі ауд.) – а. ш. ғыл. докт., Қазақстанда органик. егіншіліктің негізін қалаушылардың бірі. Алматы а. ш. ин-тын (1969, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. 1969 жылдан Қызылорда обл. күріш тәжірибе ст-нда (Қазақ күріш ш. ғыл.-зерт. ин-ты) аға ғыл. қызметкер, зертхана меңгерушісі, агр. химия бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған. Ж-тың ғыл. еңбектері Қаратау фосфоритінен алынған жаңа тыңайтқыштарды (полифосфаттар) күріш дақылына қолданып, ерекшеліктерін анықтап, тиімділігін дәлелдеуге, сондай-ақ Израиль, Германия ғалымдарымен бірге Арал т-нің құрғаған тұзды табаның өсімдік жамылғысымен

жабу технологиясына арналған. Бұл зерттеу тәжірибелері негізінде Париж, Берлин қ-ларында 3 томдық



Жамантіков Хасый

кітабы жарық көрген. Арал т-нің табанына сексеуіл егу тәсілін тапқан. 150-ге жуық ғыл. еңбектің, оның ішінде 3 монография, 9 патент, 13 өндіріс ұсынысының авторы. Бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ЖАМАНШЫҒАНАҚ – Арал ауд-ндағы жер. Арал т-нің Тұщыбас қолтығының батыс жағында орналасқан. Арал қ-нан 180 км батыста. Климаты континентті. Қаңтар айының орташа темп-расы – 9–13°С, шілдеде 25–27°С, жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері 115–130 мм. Өсімдік жамылғысы бұталар аралас еркекшөп, жусан, қоянсүйек, жүзгін, эфемерлерден тұрады. Мұнда кезінде Шығанақ атты қой фермасы орналасқан. Қазір елсіз дала.

А.Нұрғызарынов

ЖАНАЕВ Ахат (1934, Сырдария ауд. – 8.7.2020, Қызылорда қ.) – жазушы. Қызылорда пед. ин-тын (1957, қазіргі Қызылорда ун-ті), Алматы жоғары партия мектебін (1964) бітірген. Қазақ радиосының Қызылорда обл-ндағы меншікті тілшісі болып 30 жылға жуық еңбек етті. Ж. Қорқыт күйлерін қайта жаңғырту арқылы халыққа танымал болды. 1975 ж. қарт қобызшы Смайыл Шәменұлынан (соқыр Нышан) жазып алған Қорқыт атаның 12 күйі Әдебиет және өнер ин-тында сақтаулы. 1987 ж. қалалық кеңестің депутаты болып сайланды. Оның «Арысы едің Алаштың», «Өтелген парыз», «Беркінбай әулие: аңыз бен ақиқат», «Жеті атасын білген ер,



Жанаев Ахат

жеті жұрттың қамын жер», т.б. кітаптары жарық көрген. Бірнеше медальмен марапатталған. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы (2014).

ЖАНӘЛИЕВ Сейітмағамбет (1896, Арал ауд. Көлқара а. – 1985) – Соц. Еңб. Ері (31.10.1949). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Арал ауд. «Құмсай» артелінде жылқышы (1929–39), Чкалов атынд. ұжымшарда аға жылқышы (1940–50), «Арал» кеңшарында жылқышы (1957–59) болған. Ленин орденімен (1949), медальдармен марапатталған.



Жанәлиев Сейітмағамбет

Қ.Омаров

ЖАНӘДІЛОВ Орынбай (1933, Арал ауд. – 1977, Қызылорда қ.) – теміржолшы, КСРО-ның құрметті теміржолшысы. Ташкент т.ж. ин-тын (1956) бітірген. Жамбыл депосында, Жамбыл т. ж. бөлімшесінде (1956–61), Қазалы вагон депосы, Шымкент қ. кәсіподақ саласында жауапты қызметте, Қызылорда т. ж. бөлімшесінде басшы (1961–77) болған. Бірнеше рет Қызылорда қ. кеңесінің депутаты болып сайланған. Медальдармен марапатталған.

ЖАНБАЕВ Сағалбай (1904, Ресей, Омбы обл. Алабота болысы Қараталл а. – 18.5.1972, Алматы қ.) – қоғам қайраткері. Петропавл пед. техникумын (1948), БК(б)П ОК жанындағы жоғары партия мектебін бітірген. Солт.



Жанбаев Сағалбай

Қазақстан, Павлодар, Көкшетау, Ақмола облыстарында комсомол, партия органдарында басшы (1928–38), Ақмола обл. партия к-тінің 3-, 2-хатшысы (1939–45), Ақмола обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1948–53), Қызылорда обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1954), Семей қ. атқару к-тінің төрағасы (1954–58), обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары, (1958–63) қызметтерін атқарған. Қазақстан КП ОК партиялық комиссияның мүшесі, респ. еңбек резервтері к-тінде жауапты қызметтерде болды. КСРО, Қазақ КСР Жоғ. кеңестеріне бірнеше рет депутат болып сайланған. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. «Өмір өткелі», «Кенді алқап» атты кітаптары жарық көрген.

Қ.Омаров

ЖАНКЕНТ – орта ғасырлардан сақталған көне қала орны. Қазалы ауд-ндағы «Өркендеу» ауылдық окр-нің орт-на іргелес жатқан биік төбе. Сырдарияның Арал т-не құяр тұсында, Қазалыдан 15 км жерде орналасқан. Жувейни, Несеви, Омари, т.б. еңбектерінде «Шакаркент» деп те аталған. В.В. Бартольдтің пайымдауынша, Ж. 10–11 ғасырларда Оғыз мемлекеті билеушілерінің қысқы ордасы болған. Ж-те 1867 ж. П.И. Лерх және М.К. Прироовтар кішігірім қазба жұмыстарын жүргізіп, қала сызбасын жасаған. 1968 ж. В.Верещагин қазба жұмыстарын жалғастырып, 1946 ж. Хорезм археол.- этногр. экспед. (жетек. П.Толстов) кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қаланың нақты жобасын сызып, әуеден суретке түсірген. 2004 жылдан Қорқыт ата атынд. Қызылорда ун-ті, Ә.Х. Марғұлан атынд. археол. ин-ты, Ресей ҒА-ның Н.Н. Миклухо-Маклай атынд. этнология және антропология ин-тының «Жанкент археологиялық экспедициясы» (жетек. И.А. Аржанцева, Ә.Тәжекеев) ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізеді. Қала жоба бойынша тікбұрышты, шамамен 225х375 м, орташа биікт. 7–8 м. Сыртқы жағында орналасқан цитадель ауд. 100 м шамасында, қорғаныс қабырғасының сақталған бөлігінің биікт. 8 м, оның бұрыштарында орналасқан күзет мұнараларының оқ ататын қуыстарына дейін бұзылмаған. Шахристан бөлігі жақсы сақталған, оның ұз. 400 м, ені 300 м. Кейбір төбешіктердің биікт. 10 м-ге дейін жетеді. Гардизидің жазбалары бойынша Ертіс өз. бойын жайлаған қимақтарға апаратын сауда жолы Ж. арқылы өткен. Сондай-ақ Сыр бойымен Мауераннахрдан Ж-ке астық тасылған. Қаланың өрлеу кезеңі – 10–12 ғ. Оның парсыша аты Дех-и-Нау., арабша әл-Карьят әл-Хадиса, түрікше Янгикент, қазақша «Жанкент», яғни «Жаңа қала» деген мағынаны берген. Қазба жұмыстары барысында қаланың архит. үлгісі анықталып, одан қабырға суреттері, күйдірілген кірпіштер, көк, қызғылт шынылы көзелер, өрнекті



Жанкент қаласының орны

бұйымдар, араб жазуымен әшекейленген сауыттар мен қарулар, т.б. табылған. Олардың бірқатары 13–14 ғасырлардағы Алтын Орда мәдениетінен хабар береді. Ж-тен табылған мыс, күміс теңгелер қаланың Ұлы Жібек жолында сауда-саттықтың үлкен орт. болғандығын айғақтайды.

С.Біләлов, Г.Сабденова

ЖАНКЕНТ – ауыл. Өркендеу ауылдық окр-нің орт. Қазалы ауд-ның орт. Әйтеке би кентінен 40 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,3 мың адам (2023). Ұлы Жібек жолы басып өтетін, түркі елдеріне ортақ тұлға Қорқыт баба мен әлемге «екінші ұстаз» атанған Әбу Насыр әл-Фараби мекендеген Жанкент шаһары маңында орналасқан. Жер аум. 25,4 мың га. Оның ішінде жайылымдық жер 9,3 мың га, шабындық 2,6 мың га, егістік 2,1 мың га. Округ орт. 2018 жылдан Жанкент а. аталады. Ауылда №104 орта мектеп, №5 «Аққоян» бөбекжай балабақшасы, клуб, кітапхана, күндізгі амбулатор. емхана, ауд. пошта бөлімшесі, ауд. ветеринар. бөлімшесі, наубайхана, тігін шеберханасы, бірнеше дүкен және мешіт бар. Сонымен қатар 13 шаруа қожалығы, 1 ауылдық тұтыну кооперативі және 61 әр түрлі кәсіп иелері халыққа қызмет көрсетеді. Ауылдық округ бойынша 75 кәсіпкерлік субъектілері тіркелген.



Жанкент ауылы

ЖАНҚОЖА Нұрмұхамедұлы, Жанқожа батыр (1774, Қазалы ауд. – 1860, Қызылқұм өңірі) – батыр, Арал маңы қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы. Қоқан, Хиуа, Ресей басқыншыларымен сұрапыл шайқастарды бастан өткізген Ж. қолбасшы әрі ұйымдастырушы ретінде теңдессіз ерлік пен көзсіз батырлықтың үлгісін көрсеткен. 19 ғасырдың 20-жылдары Сыр бойы мен Арал т-нің шығыс жағалауын қоныстанған қазақтарға Хиуа, Қоқан хандықтарының үстемдігі күшейген. Ж. 1841 ж. сарбаздарымен Кенесары ханға қосылып, Созақ қамалын қоқандықтардан азат етті. 1842 ж. Хиуа ханы Аллақұлдың орнына таққа отырған баласы Рахымқұлға қарсы көтеріліс жасады. Оған Ж-ның туысқан ағасы Ақмырзаның өлтірілуі себеп болады. Ж. бастаған 2 мыңға жуық сарбаз Бесқала бекінісінде Хиуа бегі Бабажанды өлтіріп, оның баласы Майқара бекті, шектілердің ханы Жанғазыны және Омар сұлтанды тұтқынға алды. Ж-ға



Жанқожа Нұрмұхамедұлы

Қаракесек руының қолбасшысы Ақтан батыр бастаған 500 сарбаз қосылды. Дегенмен, Әзберген бидің араласуымен Ж. Бабажанның баласы Майқараны Хиуаға жөнелтіп, Жанғазыны қазақтарға қайта хан көтеруге мәжбүр болды. Одан кейін де көтеріліс тоқтамай, Ж. 1843 ж. Қуаңдариядағы Хиуа бекінісін қиратып, Сыр бойы қазақтарын хиуалықтардың езгісінен құтқару үшін олардың бекіністеріне жиі-жиі шабуыл жасап отырды. 1847 ж. тамыз айында Хиуа бегі Қожанияз бастаған хиуалықтар қазақ ауылдарына жорыққа шығып, оларға Ж. 700 сарбазымен қарсы тұрды. 2 мың адамы бар хиуалықтар Жаңақала бекінісінің төңірегіне шоғырланды. Ж-ға Ресейдің Райым бекінісінің бастығы Ерофеев бастаған отряд келіп, хиуалықтарды талқандауға көмектесті. Бірнеше жыл патша шенеуніктері

мен орыс әскерінің елдің тыныштығын бұзып, қазақтардан салық жинауы Ж-ны тағы көтеріліске шығуға итермеледі. 1856 ж. желтоқсанда басталған көтерілістің орыстарға қауіпті болғаны соншалықты патша әкімш. Қоқан хандығымен арадағы байланысты жақсартуға көп күш жұмсады. Негізінде көтеріліс №1 форт маңынан қоныс аударушыларға егін өсіруге жер бөлген бекініс басшысының әрекетіне наразылық ретінде басталды. Ашынған халықтың көтерілісі бүкіл Қазалы аймағын қамтып, оған 3 мыңнан астам адам қатысты. Орт. Жаңақала бекінісі болды. Орал бекінісінің бастығы Михайлов Сырдария шебінің бастығы Фитингофқа жіберген құпия хабарламасында «қарақшылар арасында қарасақалдар, аздап шектілер және төртқараларды бір бөлігі бар» деп хабарлады. Көтерілісшілер шот, сойыл, кетпен, т.б. қаруланды. Тек азын-аулақ адамда ғана мылтық болды. 1856 ж. желтоқсанның ортасында Ж. жасағы, алдымен, казактар мекендеген «Солдатская слобода» кентін жойып, үш казакты тұтқындады. 24 желтоқсанда Ж. Қазалы фортына шабуыл жасады. Бекіністі казак жүздігі, 50 жаяу әскер, 1 зеңбірекпен қаруланған Михайлов басқарған әскер қорғады. Олар шабуылшыларға оқ жаудырып қарсы алып, қатары сиреген көтерілісшілер кейін шегініп, Сырдың төм. бойында жиналған шөпті өртеп жіберді. Осы кезде көтерілісшілер майор Булатов бастаған орыс әскерінің келесі бір тобымен шайқасқа түсті. Соғыс қимылдары желтоқсанның аяғына дейін созылып, алма-кезек жағдайда өтіп отырды. Орынбор ген.-губернаторы Перовский Сырдария шебінің бастығы Фитингофқа кенеттен басталған көтерілісті басуға бұйрық берді. Ж. бастаған көтерілісшілер Қазалы фортына қайта шабуылға дайындалып жатты. 1857 ж. қаңтар айында көтерілісшілер саны 5 мыңға жуықтады. Перовскийдің бұйрығымен Фитингоф 9 қаңтарда 1 зеңбірек және 2 ракеталық станокпен қаруланған 300 казак пен 320 жаяу әскерді бастап жолға шықты. Көтерілісшілермен қақтығыс сол күні Қазалыға жақын жердегі Арықбалық алқабында өтті. Шайқастың шешуші кезінде зеңбірек пен мылтықтардан атылған оқтың астында қалған көтерілісшілер ауыр шығынға ұшырап, кейін шегінуге мәжбүр болды. Ауыр жараланған Ж-ны көтерілісшілер оқ астынан әрең алып шықты. Жеңіліс тапқан көтерілісшілерді патша билігі аяусыз жазалап, ауылдарды тонап, 212 үйді өртеп жіберді. 20 мыңнан астам ірі қараны олжалады. Ж. бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі жеңіліспен аяқталды. Сырдария қазақтары көтерілісінің қайталануынан қорыққан патша үкіметі 1858 ж. бүлікке қатысқан қазақтарға кешірім жасап, бұл көтерілістің бәсеңдеуіне септігін тигізді.

Б.Жүрсінбаев

ЖАНҚОЖА БАТЫР – ауыл. Қазалы ауд-ндағы Арықбалық ауылдық округінің орт. Әйтеке би кентінен батысқа қарай 40 км жерде, Сырдарияның оң аңғарының жайылымында, «Ащыкөл» көлінің жағалауында орналасқан. Тұрғыны 1,6 мың адам (2023). Жер аум. 18334 га, елді мекеннің жер аум. 7557 га. 1962–93



Жанқожа батыр ауылы

ж. қаракөл қой ш-мен айналысқан Қазақстанның 40 жылдығы атынд. кеңшардың орт. болды. 1992 ж. кеңшарға Жанқожа батырдың есімі берілді. Онда 34 шаруа қожалығы, 64 жеке кәсіпкер жұмыс істейді.

ЖАНҚОЖА НҰРМҰХАМЕДҰЛЫ ЕСКЕРТКІШІ. Жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш (2014). Қызылорда қ-нда Жанқожа батырдың 240 жылдық мерейтойы қарсаңында т. ж. вокзалы маңына орнатылған. Ескерткіш қоладан құйылған, салмағы 5,3 т. Ескерткіштің жалпы биікт. 11,4 м. (тұғырының биікт. 6,0 м). Авторлары – А.Кененбаев, Қ.Дулатов, Т.Серікбаев.



Жанқожа Нұрмұхамедұлы ескерткіші

ЖАНСАҚАЛОВ Әбдімәжит (30.7. 1956 ж. т., Ташкент обл. Бостандық ауд.) – кәсіпкер, меценат,



Жансақалов Әбдімәжит

ҚР-ның құрметті құрылысшысы (2008). Қызылорда қ-нда политехникум (1978), Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының Қызылорда бөлімшесін (1987, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Құрылыс мекемелерінде шебер, аға инж. (1978–85), Сырдария ауд. а. ш. мекемесінде құрылыс саласын қадағалау тобының басшысы (1985–89), СПМК-1 мекемесінің өндіріс-тех. бөлімінің басшысы, бас инж., мекеме басшысы (1989–95), сол мекеме негізінде қайта құрылған «Дәнекер» АҚ басшысы (1995–2003) қызметтерін атқарған. 2003 жылдан «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС бас директоры. Обл. мәслихатттың 6-шақырылған депутаты (2016). «Құрмет» орденімен (2020), бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (2016).

Қ.Омаров

ЖАНТАҚ (Alhagi) – бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік. Бұтақталып өседі. Қазақстанның шөл далалық аудандарында сұр, құмайт және сортаң топырақты жерлерде, өзен аңғарларында, тау бөктерлерінде өседі. Арамшөп ретінде суармалы егістікте де кездеседі. 4 түрі бар, соның үшеуі Қызылордa обл-нда кездеседі. Ең жиі кездесетіні – кәдімгі Ж. (A.preuda Alhagi) және қырғыз Ж-ы (A. kirgisorum). Олардың биікт. 30–100 см. Тамыры ұзын (10 м-ге жетеді), тамыр сабақтары 20–30 см тереңдікте болады, көбіне осы тамырлары арқылы көбейеді. Сабағы бұтақтанып біткен, тікенді, сырты жылтыр, бүртікті. Жапырағы жұмыртқа



Жантақ

пішінді, домалақ, бүтін жиекті. Гүлі – қызыл. Мамыр–маусым айларында гүлдеп, тамызда жеміс береді. Жемісі – бұршақ. Дәні бүйрек пішіндес не төртбұрышты. Ж. – дәрілік өсімдік, оның қабығында қант, илік заттар, эфир майы, ал тамырында алкалоидтар, глюкозидтер,

шайыр, бояғыш заттар болады. Ж-тан алынған дәрінің емдік қасиеті ерекше, мыс., қуыққа тас байланғанда, өт, несеп жолдары қабынғанда ішеді. Гүлінен ара бал жинайды. Ж-ты түйе сүйсініп жейді. Жүгері, қамыспен бірге жақсы сүрленеді.

А.Байкенжеева



Жаңабергенов Құдайберген

ЖАҢАБЕРГЕНОВ Құдайберген (9.1.1937, Жаңақорған ауд. Екпінді а. – 1.8.2015, Астана қ.) – физ.-матем. ғыл. канд. (1971), пед. ғыл. докт. (2000), проф. (2001). Ж. Халықар. пед. білім беру академиясының акад. (2003), ҚР Білім беру ісінің үздігі. Қызылорда пед. ин-тын (1959, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қазақстан ҒА-ның ядр. физика ин-тында аспирант (1966–69), Қызылорда мемл. ун-тінде (қазіргі Қызылорда ун-ті) кафедра меңгерушісі (1970–81, 1995–97), ф-т деканы, партиялық бюро хатшысы (1981–93) қызметтерін атқарған. «Қатты денелер физикасы», «Жоғары және орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі» кітаптарының авторы. 100-ден астам ғыл. еңбек, оның ішінде 3 монография, 4 оқу-әдістемелік құралы жарық көрген. Ы.Алтынсарин атынд. сыйл-тың иегері.

Б.Қалиев

ЖАҢАБЕРГЕНОВА Эльмира (6.12.1970 ж.т., Арал ауд. Аманөткел а.) – жыршы, өнертану канд. (2010), қауымдастырылған проф. (2022), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2010). ҚР Мәдениет қайраткері (2004). Алматы консерваториясын (1994, қазіргі Алматы ұлттық консерваториясы), аспирантурасын (2004) бітірген. ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) оқытушы (1994–98), Қазақ ұлттық өнер ун-тінде аға оқытушы, проф. (1999 жылдан), ҚР Респ. «Ұлан» гвардиясы (2013 жылдан Мемл. күзет қызметі) президенттік оркестрінің жеке әншісі (1998–2014) қызметтерін атқарған. 2018 ж. «Елмұра» мектеп-студиясын ашқан. Ж. халықар. «Шабыт» фестивалінің жеңімпазы (2001), Астана қ-нда өткен «Таза мінсіз асыл сөз» жыраулар сайысының бас жүлдегері (2007). 1998 ж. Москвада өткен Түркі халықтарының 1-фестиваліне қатысып, жыраулар сайысында жеңімпаз атанды. АҚШ-та өткен (1992) «Сенім» фестивалі аясында Вашингтон, Нью-Йорк, Миссисипи, Пенсильвания, т.б. қ-ларда терме-толғаулар айтып, дауысы сол елдің Алтын қорына жазылып қалдырылды. Барселона қ-нда өткен (2006) Азия фестиваль-концертінде бір сағат дастан жырлап, дауысы Алтын қорда сақталды. Ж. Арал өңірі жыраулық дәстүрін жүйелеп, ғыл. негіздеуде көп еңбек сіңірді. Арал, Қазалы өңірі жырауларының дәстүрі туралы 1 монография жазып, сондай-ақ бірнеше терме-толғау, шағын өлеңдер жинақтары жарық көрген. Сыр елінің 60-қа жуық мақамын нотаға түсірген. Ж-ның күш-жігерімен Қазақ ұлттық консерваториясы жанынан Нұртуған Кенжеғұлұлы атынд. мектеп ашылды.

Қ.Омаров

ЖАҢАДАРИЯ – ауыл. Жалағаш ауд. Жаңадария ауылдық окр-нің орт. 1964 ж. негізі қаланған. Жер аум. 11 229 га. Тұрғыны 0,5 мың адам (2023). Қазақ КСР Мин. кеңесінің 1963 жылдың 15 қарашасындағы №90 қаулысы, сондай-ақ обл. атқару к-тінің 1963 жылғы 11 желтоқсандағы №2–460 шешімімен Жаңадария және Іңкәрдария кеңшарлары Тереңөзек ауданының негізінде құрылған. 1963–64 ж. Жаңадария кеңшарының кеңсесі, шаруашылық алаңы Тереңөзек кентінде орналасты. 1965 ж. ауыл Жалағаш ауд-на еніп, 1991 ж. бірнеше қожалықтарға бөлінген. Онда фельдшерлік акушерлік пункт, ауылдық клуб, пошта, орта мектеп, мектеп жанынан ашылған шағын балалар бақшасы, ветеринарлық пункт, 3 дүкен жұмыс істейді. Ауылдық окр-ке 45 шағын кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Тұрғындар мал ұстап, егін егумен айналысады. Қазір ауылда 3347 ұсақ мал, 390 жылқы, 560 құс бар.

Т.Адисұлы

ЖАҢАДАРИЯ – өзен. Сырдария өз-нің құрғап қалған ескі арнасы. Сырдарияның Қызылорда қ. тұсында сол жағалаудан басталып, оңт.-батысқа, Қарақалпақстан жеріне қарай кетеді. Ұз. 680 км, жоғары және төм. арналарының ені 50 м, орта тұсы 200–400 м. Тереңд. 2–2,5 м, 4–5 м-ге жететін шүнейттері бар. Бұл тұста құм қайырлар мен аралдар кездеседі және олар өте иректеліп келген. Жер бедерін аллювий шөгінділері жапқан. Жаңадария өңірінен бұрынғы егіншілік пен қыстау орындары табылған. Табиғи ағыны көктемнің су тасқыны кезінде болады. Грунт суы жақын жатқан ойысты жерлерінің сор, сортаң және сазды топырағында қамыс, құрақ шоғырлары кездеседі. Қазақстандағы ең ірі сексеуіл «орманы» да осы Ж. өз. бойында.

Т.Адисұлы

ЖАҢАҚОНЫС – Арал ауд-ндағы ауыл. Қаратерең ауылдық окр-нің орт. Арал қ-нан оңт-ке қарай 225 км жерде, Сырдария атырауындағы шағын келген Қартма көлінің жағасында орналасқан. Тұрғыны 1,5 мың адам (2023). 1996 жылдан ауылда балық аулайтын бірнеше шаруа қожалығы жұмыс істейді.

ЖАҢАҚОРҒАН – кент, тарихы тереңде жатқан елді мекендердің бірі. Алғашқыда Шепқорған, 19 ғ-да Яны-Курган, 1992 жылдан Ж. аталған. Патшалық Ресей тұсында Сырдария губ-ның Түркістан уезіне қараған Ж. кенті 1928 ж. 17 қаңтарда Жаңақорған ауд-мен қатар құрылған. Тұрғыны 31,9 мың адам (2023). Онда 31 462 қазақ, 32 корей, 20 татар, 133 түрік, 24 тәжік, 19 шешен, 4 өзбек тұрады. Білім саласында агр.-тех. колледж, кешкі мектеп, тәрбие орт., психол. бейімдеу орт., ұлттық тестілеу орт., 6 орта мектеп, мектеп-интернат, өнер мектебі, 3 шағын орт., 48 балабақша жұмыс істейді. Денсаулық саласы бойынша 2 емхана, ауд. орт. аурухана, мемл. санитарлық-эпидемиол. басқарма, 12 дәріхана, 5 санатория халыққа қызмет көрсетеді. Мәдениет саласы бойынша ауд. және кенттік мәдениет үйі, 4 кітапхана, кинотеатр, мұрағат, мұражай, халыққа қызмет көрсету орт., 2 банк, орт. саябақ, Жеңіс саябағы орналасқан. Спорт және туризм саласынан балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, стадион, 8 шағын ыңғайластырылған спорт залы, 11 баскетбол, 11 волейбол, 5 футбол, 5 кіші спорт, гандбол, ядро алаңдары бар. 5 қонақ үй, сондай-ақ «Жаңақорған шипажайы», «Жаңақорған



Жаңақорған кенті



Жаңадария өзені

санаториясы», «Орда Сығанақ» санаториясы, демалыс орындары жұмыс істейді. Ж. кентінде 20-дан астам шағын цех орналасқан. Кентте 315 кәсіпкер тіркелген. 312 жеке шаруа қожалығы мал ш-мен айналысады.

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ – облыс орт-нан оңт.-шығысқа қарай орналасқан әкімш. бөлініс. Солт.-шығыс бөлігін Қаратау жотасының солт.-батыс сілемдері алып жатыр. Ең



Жаңақорған ауданы

биік жері – 1419 м (Бесарық өз-нің бастауы). 1928 ж. құрылған. Тұрғыны 85 мың (2021) адам. Аум. 15,4 мың км^2 немесе облыс аум-ның 6,8%-ын қамтиды. Аудан 38 елді мекен, 2 кенттік, 24 ауылдық окр-ке біріктірілген. Солт-нде Шиелі ауд., оңт-нде Түркістан обл-ның Созақ, Түркістан, Отырар аудандарымен, ал оңт.-батысында Өзбекстанның Науаи обл-мен шектеседі. Аудан жерімен Батыс Еуропа – Батыс Қытай автокөлік және Орынбор – Ташкент т. ж. өтеді. Тәуелсіздік жылдары 30 білім беру, 37 денсаулық сақтау, 10 спорт, 3 мәдениет нысаны салынған. Жалпы 80 әлеум. нысан жаңадан бой көтерген. Білім беру саласында 30 жылда 30 мектеп салынған. Мектепке дейінгі ұйымдар саны (2010 жылдан бастап шағын орт-тарды қосқанда) 29-дан 123-ке жеткен. 10 спорт, 37 денсаулық, 3 мәдениет нысаны пайдалануға берілді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Шалқия кентінен 150 орындық клуб ашылған. А. ш. өнімдерінің жалпы шығарылымы 55 есеге немесе 21,5 млрд теңгеге артқан. Ж. а-нда «Қызылқұм» ЖШС, «Байкен-U» ЖШС (уран), «СКЗ-U» ЖШС (күкірт қышқылы), «Шалқия Цинк ЛТД» ЖШС (мырыш, қорғасын), «Сарман – Тастақ» ЖШС (қиыршық тас), «Автокөлік жол басқармасы» ЖШС, «КДСМ Қыран» ЖШС, т.б. өндіріс орындары орналасқан. 35 ауылдық мекенге «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында су құбыры тартылған. Жаңақорған кенті газбен қамтамасыз етіліп, сонымен қатар елді мекендерді газдандыру жұмыстары жүргізілуде. Ж. а-нда Қарасопы, Хорасан ата, Қылышты ата, Төлек ата, Қасым ата, Қылауыз ата, Бақсайыс ата, Құрбаната, Сунақата кесенелері, Ақтас мешіті сияқты тарихи-мәдени ескерткіштер бар. Сығанақ қ-ның орны сақталған. Құм астында қалған Сауран, Өзгент, Аққорған, Ордакент, т.б. ежелгі қалалардың орны кездеседі.

«ЖАҢАҚОРҒАН ТЫНЫСЫ» – газет. 1933 ж. 1 қыркүйекте алғаш «Қызыл мақташы» атауымен шыққан. Заман өзгерістеріне сай «Екпінді» (1935–62), Жаңақорған мен Шиелі аудандарының біріктірілуіне байланысты «Өскен өңір» (1963–65) деп аталды. 1966 ж. Жаңақорған ауд-ның бөлініп шығуына орай, 1 шілдеден «Коммунизм жолы», ал 1991 жылдан «Ж. т.» атауымен шығып келеді. 2016 ж. газеттің сайты және ютуб каналы ашылды. Қазір «Шамшырақ», «Балапан», «Дауа», «Сергек», «Көзқарас», «Оқшау ой» айдарлары тұрақты беріледі. Еңбек адамдарын дәріптейтін «Дала дидары», тарихи тұлғалар туралы «Тұлғатану», құқық қорғау саласына арналған «Қоғам және құқық», шағын және орта бизнестің өзекті мәселелері көтерілетін «Кәсіпкерлік көкжиегі», дін тақырыбын арқау еткен «Ақиқат айнасы», қыз-келіншектерге арналған «Сырласу», «Қазақ қызы», ақын-жазушылардың шығарм-н қамтитын «Әдебиет», белсенді жастарды насихаттайтын «Алдаспан» беттеріне сұраныс жоғары. Газеттің таралымы 1941 ж. – 1980, 1972 ж. – 3715, 1998 ж. – 6000, 2010 ж. – 5000, 2023 ж. – 6073 дана болды.



Жаңақорған тынысы

Қ.Омаров

ЖАҢАҚОРҒАН ШИПАЖАЙЫ – Қазақстандағы бальнеол. шипажайлардың бірі. 1918 ж. ашылған. Қазақстан т. ж. бойында, Теріскен көлінің жағасында, Қызылорда қ-нан 170 км қашықтықта, Жаңақорған кентінің жанында орналасқан. 2-дүниежүз. соғыс жылдары шипажай ғимараттарында госпиталь орналасты. Бұл шипажайда, негізінен, қол-аяқ, омыртқа буындарының сырқаттары және гинекол. аурулар емделеді. Оған Теріскен көлінің шипалы балшығын, тұзды суын пайдаланады. Қазіргі уақытта шипажай жылына 12–13 мың адам қабылдай алады. Шипажай жыл бойы жұмыс істеп, онда 393 орынға арналған 7 корпус, 260 адамдық асхана орналасқан. Шипажайда қосымша физиотерап. емдеулер – ультрадыбыс, электрофорез, УВЧ, амилипульс, солюкс, УФО, лазер терапиясы, үгудің алуан түрі қолданылады. Емдік медицинаның соңғы үлгідегі диагност. аппараттары мен УЗИ, ФГДС, ЭКГ зерттеу жолға қойылған.



Жаңақорған шипажайы

ЖАҢАҚҰРЫЛЫС – ауыл. Арал ауд-ндағы өзімен аттас ауылдық окр. орт. Арал қ-нан оңт-ке қарай 135 км жерде, Сырдария атырауында орналасқан. Тұрғыны 0,8 мың адам (2023). 1973–96 ж. Қазалы ауд-ндағы етті мал өсіретін кеңшардың орт. болған. Кеңшар негізінде Ж-та бірнеше шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

ЖАҢАРЫҚ – ауыл. Жаңақорған кентінен оңт.-батысқа қарай 10 км жерде орналасқан. 2005 жылдың ақпан айынан бастап «Қыркеңсе» ауылдық окр-нен бөлініп, «Жаңарық» ауылдық окр. болып құрылды. Тұрғыны 1,8 мың адам (2023). Негізгі кәсібі – егін және мал ш. Ауылда 325 үй, 46 шаруа қожалығы, 4 күріш диірмені, 6 дүкен халыққа қызмет көрсетеді. №167 орта мектебі, клуб, емхана, мемл. «Бәйтерек», жеке «Балшуақ» балабақшасы, ветеринарлық пункт, пошта, АТС байланысы, сондай-ақ 10 808 кітап қоры бар кітапхана жұмыс істейді.

ЖАҢАТАЛАП – ауыл. Жалағаш ауд-ндағы Жаңаталап ауылдық окр-нің орт. Облыс орт-нан 125 км, аудан орт. Жалағаш кентінен 57 км қашықтықта орналасқан. Тұрғыны 0,9 мың адам (2023). Ж. а-ның тарихы 1929 жылдан басталады. 1931 ж. өңірдегі ауылдар ұжымшарға біріктіріліп, 1963 ж. құрылымдық өзгерістерге байланысты бөлімшеге айналып, 1994 жылдан дербес ауылдық окр. болды. Қазір ауылдық окр-тің жер аум. 7705 га, оның ішінде ауыл ш. мақсатындағы аум. 3045 га, егістік жер көлемі 630 га, жайылымы 1585 га. Ауылда фельдшерлік-акушерлік пункт, 160 орындық мектеп, 40 орындық балалар бақшасы, 100 орындық клуб, пошта, 2 дүкен, жеке балабақша, «Оспан Ата» мешіті жұмыс істейді. Сондай-ақ 39 кәсіпкерлік нысан бар. Ауыл тұрғындары мал ұстап, егін егумен айналысады. Жеке отбасылар бойынша 1074 мүйізді ірі қара, 209 жылқы, 673 қой-ешкі, 295 тауық есепке алынса, шаруа

қожалықтары бойынша 311 мүйізді ірі қара, 69 жылқы, 60 тауық тіркелген. Соңғы он жылдықта Ж-та «Құрманбай ата», «Манақ баба», «Мақсат», «Кадиров», «Конысбаев», «Калманов», «Каримов», «Маханбетияров» шаруа қожалықтары құрылып, уақыт талабына сай жұмыс жүргізуде.

Т.Адисұлы

ЖАПАЛАҚ, құлақты жапалақ (Asio otus) – түнде тіршілік етуге бейім жапалақ тәрізділер отрядына жататын отырықшы құс. Қызылорда облысының тоғайлы, ну шеңгелді, жиделі, сексеуілді аудандарында кездеседі. Қанатының ұз. 276 – 309 мм (аталығында) және 282 – 320 мм (аналығында) болып келеді. Түсі сарғыш қоңыр, арқасында ақ жолақтармен алмасып отыратын сұр көлденең белдеулері бар. Қауырсыны үлпілдек, жұмсақ. Аяқ немесе балақ қауырсындары ұзын, құйрығының түсі қоңыр-қошқыл. Ж-тың ерекше көзге түсетін белгісі ұз. 3 – 7 см болатын құлақ сияқты қауырсындары. Көзінің қарашығы сары немесе қызғылт сары, ал тұмсығы мен тырнақтары істік, өткір, иілген түстері қара болып келеді. Ұяларын қалың, биік сексеуіл мен жиде арасында салады. Онда 2 – 3 балапанын 4 аптада басып шығарады. Ж-ты үлпілдек қауырсындары үшін аулайды. Ол кемірушілер санын азайтып, табиғатқа пайда келтіреді.

Н.Ерболатов

ЖАППАСБАЕВ Мәлік (1914, қазіргі Сырдария ауд. – 1943) – күйші, композитор, дирижер. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Мектеп қабырғасында көркемөнер үйірмесін құрып, жетекшілік еткен. Отан, туған жер тақырыбында көптеген ән-күйлерін («Сәлем», «Жастық жыры», «Қарағанды», «Сұлу қыз», т.б.) шығарған. 1934 ж. 1-Қазақстан көркемөнерінің слетіне күйші және әнші ретінде қатысып, жүлдегер атанған. Қазақ КСР ОК атқару к-тінің оркестрінде жұмыс істеген. 1938 ж. қазақ оркестрінің тұңғыш грампластикасын («Қыз Ақжелең», «Бозшолақ», «Топан») жаздырған. Оркестр артисі, концертмейстер, бас дирижер, сонымен қатар А.Жұбановтың көмекші-дирижері қызметтерін атқарған. 1942 ж. Алматы қ-нан ағасы Ыбырайыммен бірге майданға аттанып, сонда қаза тапқан.



Жаппасбаев Мәлік

М.Әмзе

ЖАРАСБАЕВТАР (Мінайдар, Мырқы, Аппаз) – ағайынды қазақ байлары. Жазда Қостанай, Торғай өңірін жайлап, Сырдария өз. бойын қыстаған. Мінайдар (1850–1919), Мырқы (1854–1916) Ж-тар жомарттығымен танымал болған. Мырқы Құнанбаймен бірге Меккеде қазақ тәкиясын салдырғандардың бірі (1874–76). Ағайынды Ж-дың Сырдария өз-нің үстінен өз қаражаттарына салғызған аспалы көпірі, Қызылорда қ-ндағы үйлері 20 ғ-дың 2-жартысына дейін сақталды. Аппаз (1858–1922) болыс, сот (1888) қызметтерін атқарған, Бештау, Санкт-Петербург, Тобыл, Үргеніш, Бұхара мен Ташкент қ-лары аралығында сауда керуенімен сауда-саттық жүргізген. Ол Сыр өлкесіндегі атақты екі Жүсіптің айтысына төрелік айтқандардың бірі. 1902 ж. Қараөзек тұсындағы т. ж-дың өту бағытын жасауға қатысқан. Қараөзек өз. бойында Аппаз көңі деген жер бар. Ж-дың игі істерін жалғастырушы ұрпақтары Хакімжан Мінайдарұлы Торғай өңірінде мектеп ашуға атсалысса, ал Сейіт Мінайдаров Қостанай өңірінде болыс болған.

Т.Дайрабай

ЖАРҚЫНБАЕВ Ғайнулла Зейноллаұлы (24.8.1954 ж. т., Шымкент қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Алматы энергет. ин-тын (1978, қазіргі Алматы энергет. және байланыс ун-ті), Қызылорда мемл. ун-тін (1999, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қызылорда электр желілері мекемесінің инж. (1978–79), аға инж. (1981–84), кәсіподақ төрағасы (1984–89), Қызылорда қ. партия к-тінің нұсқаушысы (1989–90), сектор меңгерушісі, Қызылорда обл. халық кеңестері атқару к-тінің бас маманы (1990–91), Қызылорда обл. әкімдігінің бас маманы (1991–93), «Қазақстан – Түркия» біріккен «Корда» мекемесі бас директорының орынбасары (1993–95), Қызылорда обл. әкімінің көмекшісі (1995–99), Қызылорда обл. пошта байланысы мекемесінің бастығы (1999), Қызылорда обл. әкімі аппаратының басшысы (1999–2005),



Жарқынбаев Ғайнулла

Қызылорда обл. ішкі саясат департаментінің директоры (2005–08), Қызылорда қаласы әкімі аппаратының жетекшісі (2008–09), Қызылорда обл. мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы (2009–15), Қызылорда обл. ішкі саясат басқармасының басшысы, Қызылорда обл. әкімінің кеңесшісі (2015) қызметтерін атқарған. 2015 жылдан «Байкен-U» ЖШС бас директорының кеңесшісі.

У.Ибраев

ЖАРҚЫНБАЕВ Зейнолла (1914, Жалағаш ауд. Мырзабай ахун а. – 4.7.1996, Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері, журналист. Қазақстан коммунистік журналистік ин-ты мен Мәскеу қ-ндағы жоғары партия мектебін бітірген. Обл. «Ленин жолы» газетінде жауапты хатшы, Қазалы, Сырдария аудандары партия к-ттерінде хатшы (1940–44), «Социалистік Қазақстан» газетінде бөлім меңгерушісі (1945–48), «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының бір. орынбасары, Шымкент (қазіргі Түркістан) обл. партия к-тінде хатшы, «Ленин жолы» газетінде бас редактор (1948–56), Қызылорда обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары, обл. тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының төрағасы (1962–90) қызметтерін атқарған. Еңбек Қызыл Ту, Қазан революциясы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Есімі Қызылордада қ-ндағы көшеге, Жалағаш ауд-ндағы мектепке берілген.



Жарқынбаев Зейнолла

Т.Дайрабай

ЖАРЫЛҚАП Қосқұлақұлы (1860, Қармақшы ауд. – 1925, сонда) – би, ақын. Жас кезінен қисса-дастандарды, батырлық және ғашықтық жырларды жаттап өскен. Ақынның сол кездегі Ақмешіт уезінің бастығы Маясар мен Сұлтан биге өзінің кедейлігін шағынып айтқан «Ақмешіт жақсыларына» деген ұзақ өлеңі сақталған. Ақын арнау, т.б. өлеңдермен қатар, дастан да жазған. Ж-тың діни аңыз негізінде жазған «Қақпанға түскен киіктің хикаясы» атты дастаны сақталған. Ж. 1915–16 ж. Орынборлық Молдабай деген ақынмен жазба айтысқа қатысқан. Ж. шығарм. Орт. ғыл. кітапхана қорында сақтаулы.

ЖАСТАР ТЕАТРЫ. А.Тоқмағамбетов атынд. мәдениет үйі жанынан 2016 ж. ашылып, 2023 жылдан дербес театр ретінде жұмыс істейді. 16–21 жас аралығындағы шығармашыл



Жастар театры

жастарға қолдау көрсету мақсатында Қызылорда қаласы әкімінің тікелей қолдауымен жүзеге асырылған. ҚР Мәдениет қайраткері О.Нұрмахановтың жетекш-мен жұмыс жасайтын шығарм. ұжымның репертуарында Қ.Жүнісовтің «Алғашқы махаббат» комедиясы, Б.Айдарбековтің «Неге?» және С.Балғабаевтың «Қызылорданың қыздары», «Екі бала, екі шал», әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Отырардың жасыны», ақын Ж.Ерманның 70 жылдығына арналған «Ұлардың дауысы», Флюр Галимовтың «Олимптің күйреуі», т.б. спектакльдер бар. Ж. т. 2017 ж. 6–9 желтоқсанда Атымтаеваның «Қыз қасқыр» (реж. Нұрмаханов) трагедиясымен Шымкент қ-нда «Ашық алаң» тәуелсіз театрлар халықар. фестиваліне қатысып, Е.Оразымбетов атынд. номинацияны иеленді. 2018 ж. Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш аудандарында өнер көрсетіп, 2020 ж. Абайдың 175 жылдығына орай Нұрмахановтың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым…» туындыларын көрсетті. 2023 ж. Қарағанды обл-нда өткен халықар. театр фестиваліне онлайн форматта қатысып, 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. Ж. т. ұжымы шығарм-н шындау мақсатында түрлі деңгейдегі байқауларға қатысып, жүлделі орындарды тұрақты иеленіп келеді.

Қ.Омаров

ЖӘЛЕНОВА Қатира (22.4.1951 ж. т., Шиелі ауд. Ақмия а.) – ақын. ҚазМУ-дың (1973, қазіргі ҚазҰУ) филол. ф-тін бітірген. 1973–93 ж. Қазақ радиосында редакторлық қызметте болды. Алғашқы жинағы «Кел, махаббат» (1978), сондай-ақ «Аңсаған менің әнімсің» (1980), «Ақ гүлдер» (1989) өлеңдер жинағы жарыққа шыққан. Ақынның бір топ өлеңдері «Разбег» (1986) ұжымдық жинағында орыс тілінде жарияланды. Тәжік ақыны Г.Сүлейменованың «Қырық бұрым» (1983) өлеңдер жинағын қазақ тіліне аударды. Респ. «Жігер» фестивалінің иегері, Абайдың 150



Жәленова Қатира

жылдығына арналған ақындар мүшәйрасының жүлдегері. Халықар. «Алаш» әдеби сыйл-ның иегері, облыс әкімінің 2 мәрте стипендианты. «Құрмет» орденімен (2022) марапатталған. Шиелі ауд-ның құрметті азаматы.

ЖӘЛІМБЕТОВ Нәби (1907, Қазалы қ. – 1988, Қызылорда қ.) – күйші. Сыр бойының сүлейлері Арғынғазы, Төремұрат, Тәпеш, Мырза, Қазанғап, Жолдыбай күйлерін бүгінгі



Жәлімбетов Нәби

күнге жеткізді. Қызылордада обл. филормониясында күйші-солист болып жұмыс істеген. М.Байділдаев және З.Жанұзақов Ж-тің орындауында бірнеше күйлерді үнтаспаға жазып алған. Олардың қатарында Шалмырзаның «Мамық», «Асан қайғы», «Қара жорға», «Бұғының күні», «Баулы ешкі», «Шақыру» күйі, «Машауық», Төремұраттың «Сыбызғы» күйі, Әкімгерейдің «Жыр-күйі», Жаңабергеннің «Кекілік тауынан асу» әні, халық күйі «Ақсақ құлан» бар.

ЖӘМІШЕВ Әбіраш (5.12.1928, Сырдария ауд. Шіркейлі а. – 26.8.1995, Алматы қ.) – ақын. ҚазМУ-дың (1956, қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін бітірген. Алғашқы еңбек жолын «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінен бастаған. «Қазақ әдебиеті» (1961–65), «Жұлдыз» (1966–69), «Егемен Қазақстан», «Заман – Қазақстан», «Түр-

кістан» респ. газет-журналдарында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары (1983–95) қызметтерін атқарған. 1965 жылдан көптеген жыр кітаптары жарияланған. Сонымен қатар Ж. әдеби сын, көркем аудармамен де айналысқан. «Арай» (1965), «Күміс кірпіктер», «Дала шұғыласы» (1967), «Жыр жанры» (1970),



Жәмішев Әбіраш

«Сағым толқын» (1972), «Армысың, алтын күнім» (1976), «Кезең кестелері» (1984) еңбектерінің авторы. А.С. Пушкин, М.Исаковский, А.Вознесенский, Г.Эмин, М.Қанот шығармаларын, сондай-ақ Қ.А. Ясауи хикметтерін қазақ тіліне аударған. Бірнеше медальмен марапатталған. Сырдария ауд. Шіркейлі а-ндағы мектепке Ж-тің есімі берілген.

Қ.Құдайбергенов

ЖӘРІМБЕТ БИ Солтанұлы (1735–1809). Қармақшы ауд-нда өмір сүрген. Ел бірлігін, тыныштығын сақтауға зор еңбек сіңірген Ж. биді Сыр бойының ақындары өз өлеңдеріне арқау еткен. Есімі бүтін бір рулы



Жәрімбет би мешіті

елге айналған Ж. биден 14 ұрпақ тараған. Белгілі қоғам қайраткері Т.Жүргенов – Ж. бидің 5-ұрпағы. 1995 ж. Көмекбаев а-на жақын жердегі Қарақ тауындағы Ж. бидің зираты қайта тұрғызылып, басына ескерткіш күмбез орнатылған.

Т.Дайрабай

ЖӘУКЕБАЕВА Бибіжан (24.9.1946 ж. т., Шиелі ауд. Бәйгекұм а.) – еңбек ардагері. Қызылорда пед. ин-тын (1968, қазіргі Қызылорда ун-ті), Алматы партия мектебін (1989) бітірген. Еңбек жолын «Гигант» ұжымшарында құс өсіруші болып бастаған (1963–64). Кейін мектепте мұғалім (1968–69), Шиелі ауд. комсомол к-тінде хатшы, бөлім меңгерушісі, 2-хатшы (1969–72) болды. Ауд. партия к-тінде нұсқаушы, ауд. атқару к-тінде хатшы, төраға орынбасары, 2-хатшы (1972–92), обл. әкімінің орынбасары, обл. әкімі аппаратында бөлім меңгерушісі (1992–98), обл. көші-қон және демография басқармасының бастығы (1998–2005) қызметтерін атқарды. Ж. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2016).



Желдербаева Сәнімкүл

ЖЕЛДЕРБАЕВА Сәнімкүл (1932 ж. т., Қармақшы ауд. Ақжар а.) – ақын, ұстаз, еңбек ардагері. Қызылорда пед. ин-тын (1952, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қарағанды обл-ның Қарсақпай ауд-ндағы №6 орта мектепте (1952–53), Қармақшы ауд-ндағы №26 орта мектепте (1953–54), Қызылорда қ-ндағы «1 май» мектебінде мұғалім

(1954–59), Қызылорда қ-ндағы М.Мәметова атынд. қыздар пед. уч-щесінде ұстаз (1959–92), Қызылорда ун-тінің бастауыш мектепте оқыту кафедрасында аға оқытушы (1992–99), обл. «Қазақ тілі» қоғамында (1989), сондай-ақ респ. «Бөбек» қорының облыстағы «Ақ ниет» бөлімінде басшы (1995–99) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта жеке шығарм. жұмыстармен айналысады. Өлеңдері 1960 жылдан баспасөз беттерінде жарияланған. Ж-ның «Сырдария» (1971), «Ақ босаға» (2005, Қазақ телевидениесі мен радиосының Алтын қорына тапсырылған) жинақтары жарық көрген. Мектеп оқушылары мен оқытушыларына арналған әдістемелік оқу құралдарын жазған. Бірнеше медальдармен марапатталған. Облыс әкімінің стипендиаты (2008). Ж-ның «Сырдария» өлеңдер кітабы (1971), сондай-ақ Сырдария кітапханасы сериясымен «Шығармалары» (Р.Наурызбаевамен телавтор, Астана, 2009) баспада жарияланған.

К.Саркенова

ЖЕНТ – ортағасырлық қала жұрты. Жалағаш ауд. Аққыр а-нан оңт-ке қарай 30 км, Жаңадарияның негізгі арнасының он жағалауынан 4 км жерде, оның бүйірлік көне тармағында орналасқан. Сырдарияның төм. ағысы бойындағы ортағасырлық қала ретінде жазба деректерде жиі кездеседі. Араб-парсы деректеріне қарағанда, Ж-те мұсылман дінін ұстанған түркі тайпалары тіршілік еткен және 10–12 ғ-ларда Сырдарияның төм. ағысы бойындағы негізгі үлкен қалалардың бірі болған. Әр-Руми Ж-ті Түркістан маңындағы ірі қала деп жазды. Осы маңда орналасқан Жанкент, Баршынкент, Ашнас (Асанас), Хувар (Жувар) қ-лары бірігіп, Жент өлкесінің қ-лар тобын құрады. Қ. көркейіп, үлкен беделге ие болғаны сондай, кейбір деректерде Арал т-ін Жент көлі деп те жазды. Мыс., Жаһаннамеде мынадай жолдар бар: «Женттің маңында Жент көлі деп аталатын көл бар, оны кейде хорезмдік деп те атайды. Көлдің аумағы 100 фарсах, ені 32 фарсах, суы



Жент ортағасырлық қала жұрты

ащы». М.Қашқари Сырдария бойындағы балшықтан тұрғызылған ең ескі қ. ж. екендігін айтады. 13 ғ-дың 2-жартысында ортаазиялық оқымысты Жемал Қарши Ж-те болып, бұрын өте бай болған қаланың «бейшараға» айналғандығын, яғни қаланың құлдырағандығын жазды. Алайда мұнда «жанданған базар болды, көпестер пайда табу үшін оған баруларын тоқтатпады» деген жазба қалдырды. Ислам дінінің ірі рухани орт. болған Ж. қ-нан ұлы тұлғалар шыққан. Олардың арасында Түрк-и Женди (Қожа Женди), Гийас Ад-Дин Әбу-л Маджид әл-Женди, әл-Халафи әл-Джанди, Махмұд ибн Сағид әл-Женди, Мұхаммед ибн Аййуб ибн Хасан ибн Насыр әл-Женди, Ала ад-дин ибн Хасан әл-Женди, Ахмет әл-Женди сынды көптеген ақын шайырлар мен ғұлама ғалымдар бар. Сырдарияның төм. ағысындағы басқа қалалар секілді Ж-тің де 14 ғ-дан кейінгі тағдыры күңгірттеу. Акад. В.В. Бартольд бұл өңірдегі қалалардың 15 ғ-дан бастап қаңырап бос қалуы Сырдарияның өз. арнасын басқа жаққа өзгертуімен байланысты болар деп пайымдайды. 1867 ж. Сырдария бойындағы қалалардың қираған орнын зерттеген П.И. Лерх Ж-тің орнын Қорқыт ата мазарының маңынан іздеу керек деген еді. Бұдан кейін Бартольд Ж. орны Қызылордадан 25 км жердегі Қышқала деп болжам

жасаған. 1946 ж. Сырдария мен Әмударияның аралығында орналасқан ескерткіштерді толық аралап шыққан С.П. Толстов Ж-тің негізгі орнын тапты. Ол Қызылордадан 115 км жерде орналасқан Жанқала жұртын осы Ж. қ-мен байланыстырды. Жанқалада 1946–48 ж., 1957–58 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетек. С.П. Толстов) зерттеу жүргізіп, жиналған қыш ыдыстардың негізінде қалада 10–13 ғ-лар аралығында тіршілік қайнап жатқан деп топшылады. Ортағасырлық суландыру жүйелерінің ізі, үй-жайлар, бекіністер бұл жерден шығысқа қарай, оң жағалауын бойлай Сырдарияға жанаса орналасқан. Зерттеулер қорытындысына қарағанда, қала тұрғындары егін ш-мен айналысқан. Далалық зерттеу жұмыстары барысында қыш ыдыстарының қалдықтары, шаруашылық бұйымдары, т.б. заттар көптеп жинастырылған. Қазіргі таңда кейбір мамандар Ж. қ-ның хронол. мерзімін 9–17 ғ-лар шебімен белгілейді.

Қ.Байпақов

ЖЕТІАСАР – б.з.б. 3–1 ғ-лардағы қаңлы тайпалары қоныстарының орны. Жосалы т. ж. ст-ның маңындағы бір-біріне жақын бірнеше қоныстардан тұрады. Осы қоныстың бірі – көлемі жағынан үлкен, орт. қоныс болып, онда тайпа ақсүйектері тұрғанға ұқсайды. Соңғы жылдары оның орнын қазғанда, сол кезде



салынған үйлердің қабырғаларынан әдемі ою-өрнекті әшекейлер табылды. Осы аймақты мекендеген қаңлылар Қаратау мен Сырдарияның орта саласында да тұрған. Ежелгі қытай деректеріне қарағанда, олардың тайпалық бірлестігі бес «кіші иеліктен» құрылған. Қоныстарда 120 мыңдай түтін болған.

ЖЕТІАСАР МӘДЕНИЕТІ – Сырдария өз-нің төм. ағысындағы, оның ескі арнасы Қуаңдарияның бойында орналасқан көне ескерткіштер тобының жиынтық атауы (б.з.б. 1-мыңжылдықтың ортасы – б.з. 9 ғ-дың басы). Бұл ескерткіштердің өзіндік ортақ ұқсастықтарына қарай зерттеушілер бір мәдениетке топтастырып, олардың негізгі бөлігі шоғырланған Жетіасар шатқалының атымен Ж. м. деп атаған. Ескерткіштерді 1946 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетекш. С.П. Толстов) тауып, ондағы зерттеу жұмыстары 1948–49, 1951–58, 1966 ж. жүргізілген (М.А. Итика, Л.М. Левина). Ж. м-нің құрамына кіретін ескерткіштер Жетіасар–1, Жетіасар–2, Жетіасар–3 (Алтынасар) деп, 14 санмен белгіленді. Бидайықасар, Сырлыасар, Дөңгелекасар, Үшірліасар, Томпақасар, Қарасар, Жалпақасар, Ағашасар сияқты барлығы 50-ге жуық қала мен жүздеген оба бар ірі зираттар, суландыру жүйелерінің орындары белгілі болды. Бұл қалалар халқы Сырдариянның орта ағысы бойымен Ташкент төңірегіне таралған көршілес Отырар–Қаратау мәдениеті және Қауыншы мәдениеттерін жасаған тайпаларымен бірге тарихи Кангюй (Қаңлы) мемлекетінің құрамына кірген. Ғалымдар бұл мәдениетті өзара сабақтастықты көрсететін негізгі белгілерімен қатар, түрлі тарихи жағдайларға байланысты туындаған ерекшеліктері бар үш кезеңге бөліп қарастырады. Б.з.б. 1-мыңжылдықтың ортасы мен б.з. 4 ғ-н қамтитын Жетіасар – 1 кезеңінде негізгі қалалар қалыптасып, мәдениет гүлденген. Көршілес Жаңадария алқаптарын мекендеген сақтармен, яғни

Шірік-Рабат қ. халқымен тығыз байланыстары қалыптасқан. Экон., мәдени қарым-қатынастардың негізгі желісі, этн. тұрғыдан едәуір жақындығы бар Отырар-Қаратау мәдениетінің тайпаларымен екі арада өрбіген. Әр топтың аум-нда дербес суландыру жүйелері болған. Қалалар орны ауд. 0,5–10 га, биікт. 8–20 м дөңгелек немесе сопақша пішіндес екі қабатты төбелер түрінде сақталған. Үстіңгі қабаттағы құрылыстар қаланың орт. қызметін атқарған, мұның үш (кейде төрт) жағын айнала төм. қабаттың үйлері орналасқан. Барлық қалаларда берік қорғаныс дуалдары болған. Сонымен қатар кейбір қалаларда биік мұнаралар, қабырға үстімен айнала өтетін дәліздер де бар. Құрылысқа пахса кесінділері мен шикі кірпіш қолданылған. Жерлеу ескерткіштері екі түрлі. Бірінші түріне диам. 8–20 м, сыртынан ормен қоршалған топырақ обалар астындағы шұңқыр қабірлер жатады. Мүрделерді қамыс шиге ораған қалпында басын солт-ке қаратып шалқасынан жатқызған. Жер астына және жер бетіне салынған, ұзақ уақыт пайдалануға арналған кірпіш қабірханалар жерлеу ескерткіштерінің екінші түрін құрайды. Төртбұрыш, кейде шаршы пішіндес (5х5 м, 6х9 м) құрылыстардың төбесі аласалау күмбезделген, биікт. 1,8–2 м. Есігі оңт. бүйірден ұз. 1–1,5 м. дәліз түрінде шығарылған. Мүрделер ірге бойларындағы топырақ суфаларға киіз, қамыс шилерге орап жатқызылған. Ж. м. заттай деректерінің ең үлкен тобын құрайтын қыш ыдыстар түгелдей қолдан жасалған. Дайындалу ерекшеліктері мен пішіні жағынан Орт. Қазақстанның Тасмола мәдениетінің, сондай-ақ батыс өлкелердегі савромат, сармат тайпаларының қыш ыдыстарына ұқсас. Қола, темір, сүйек жебелер, ат әбзелдері де табылған. Көптеп табылған бұйымдар металл, тас, сүйек өңдеудің жоғары деңгейде дамығандығын көрсетеді. Жетіасар – 2 (б.з. 4–6 ғ-лары) кезеңіне қарай жергілікті тайпаларға ғұн мәдениетінің әсері ықпал еткен. Жаңа бұйымдар, қыш ыдыстың жаңа түрлері пайда болып, әсіресе, ғұндардың металл қазанына еліктеп жасалған қыш ыдыстар көбейеді. Осы кезеңдегі Ж. м. тайпалары тарихтағы «ақ ғұндар» (эфталиттер) бірлестігінің құрылуына ұйытқы болған. Жетіасар–3 кезеңіндегі (б.з. 7–9 ғ-ларының басы) тайпалар өмірінде ірі қоныс аударулар орын алған. Ж. м-нің әсері Сырдарияның орта ағысы бойы мен Ташкент алқабы бағытында үдей түседі. Тайпалардың енді бір тобы Сырдарияның Аралға құйылысына, одан әрі Әмудария сағасына өтіп, осы өлкелерде Кедер мәдениетін қалыптастыруға қатысқан. Жетіасар тайпалары шаруашылықтың барлық түрлерімен (егіншілік, мал өсіру, балық және аң аулау) дерлік айналысқан. Табылған дән үгіткіш тастар, қыш ыдыстарының түбінде сақталған бидайдың, күріш және арпаның қалдықтары, қоныстардың айналасындағы көне су жүйелерінің ізі егіншіліктің басты орын алғанын байқатады.

А.Бейсенов, Д.Тәлеев

ЖЕТІКӨЛ – ауыл. Сырдария ауд. Жетікөл ауылдық окр. Тереңөзек кентінен оңт.-шығысқа қарай 78 км жерде орналасқан. 2005 ж. құрылған. Тұрғыны 0,7 мың адам (2023). Іргесі 1957 ж. қаракөл қой ш-мен айналысқан Аманкелді атынд. кеңшар бөлімшесінің орт. ретінде қаланған. 1968 ж. бөлімше негізінде ауд. ірі қара бордақылау бірлестігі құрылып, 1988 ж. Ж. «Айдарлы» кеңшарымен біріктірілген. 2022 жылдан «Жетікөл жері» ЖШС жұмыс істеп, тұқым ш-н дамытумен айналысады.



Жетіруов Жаңабек

ЖЕТІРУОВ Жаңабек (15.10.1958 ж. т., Қазалы ауд. Байқожа ст.) – кинорежиссер. ҚазМУ-дың (1986, қазіргі ҚазҰУ) филол. ф-тін, Мәскеу қ.-да сценаристер мен режиссерлердің жоғары курсын (1993) бітірген. Теміржолшы, орта мектепте мұғалім, «Хабар» агенттігінде, ҚР Президенті телерадио кешенінде реж. (1975–2001) қызметтерін атқарды. 2002 жылдан Ш.Айманов атынд. «Қазақфильм» ұлттық компаниясының шығарм.-өндірістік бөлімінің жетекшісі. 30-дан астам деректі фильмнің, мыс., «Телқара» (1995), «Жәңгір хан» (1998), «Мен қаланың болашағына сенемін» (2000), «Тағзым» (2002), «Атамекен», «Махамбет» (2003), «Мамания» (2005), т.б., сондай-ақ «Дүниежарық» (2006) толықметражды көркем фильмнің авторы. «Жол бригадирінің жазбалары» деректі фильмі «Тәуелсіз видео» байқауы бойынша Сорос – Қазақстан қорының (1996), «Кенесары» деректі фильмі «Астана – Бәйтерек» респ. байқауының (2004) бас жүлделерін иеленген. Ж-тың шығарм., негізінен, портреттік жанрға құрылған. Ұлы Абай («Телқара», ЮНЕСКО штаб-пәтерінде көрсетілген, Париж, 1995), Жәңгір хан, Махамбет, Кенесары, Маман секілді тарихи тұлғалардың бұрын ашылмаған қырларын зерделеу мен тану тұрғысынан жасалған Ж-тің еңбектері тәуелсіздіктен кейінгі ұлттық танымның қайта жаңғыруына қосылған зор үлес болды.

А.Мамашұлы

ЖИДЕ (Elaeagnus) – жиде тұқымдасына жататын жапырақ тастайтын (кейбіреулері мәңгі жасыл) ағаш. Қызылорда обл-ның өзен аңғарлары мен көл жағалауларында өсіп, тоғайлы орман құрауға қатысады. Төмпешік құмдар етектері мен сирек сортаң топырақты жерлерде де кездеседі. Биікт. 3,7–10 м-ге дейін жетеді. Бұта түрлері де бар. Бұталары тікенді, күміс түсті ұзынша кезек орналасқан жапырақтары болады. Гүлі қос жынысты. Жазғытұрым гүлдейді. Ж. – шірнелі өсімдік. Тұқымынан, тамыр өскінінен не тамыр түбінен көбейеді. Жемісі – жалған сүйек, сырты ұнтақты жұмсақ қабықпен жабылған, түсі қызғылттау, бірақ қоңыр қабыршақпен жабылғаннан кейін күлгін көрінеді. Оны жеуге болады. Ж-нің барлық түрі – әсемдік өсімдіктер. Оларды шөлді жерлерді көгалдандыруға, құм тоқтатуға, өзен мен арналардың жағасын бекітуге, т.б. пайдаланылады. Ағашын, сүрегін құрылысқа және отын ретінде, жемісін медицинада қолданады, құстарға жақсы азық болады. Жапырағы мен қабығында бояулық және илік заттар бар. Сабағынан алынатын сағызды заттан (камедь) лак және бояу өндіріледі.



Жиде

Қ. Балтаев

ЖИДЕЛІАРЫҚ – ауыл, Шиелі ауд. Керделі ауылдық окр-не қарайды. Шиелі кентінен солт-ке қарай 12 км, окр. орт. – Нартай Бекежанов а-нан 8 км жердегі Шиелі–Телікөл каналы бойында орналасқан. Тұрғыны 1,0 мың адам (2023). Іргесі 1928 ж. қаланған. 1928–96 ж. күріш өсірген «Коммунизм» ұжымшары бөлімшесінің орт. болған. 1997 ж. Бекежанов а-нан бөлініп шыққан. Жер аум. 727 га. Ж. а-нда 12 шаруа қожалығы, №206 орта мектеп, балабақша, 2 дүкен, мешіт, фельдшерлік-акушерлік, ветеринарлық пункттер, клуб, кітапхана, Жиделі топтық су құбырының су қоймасы халыққа қызмет көрсетеді.

Қ.Омаров

ЖИДЕЛІ – өзен. Жаңақорған ауд. жерімен ағады. Бастауын Қаратаудың солт.-батысындағы асудан алып, тар шатқалдармен ағып, Жайылма а. тұсында жерге сіңіп кетеді. Өзенде су жылдың көктем айларында (сәуір, мамыр) жауын-шашын, қар сularымен толысады. Осы кезде өзен әжептәуір арна жасап, жыраларды қазып ағады. Жиделі өз-нің төм. ағысында Жайылма а. ш. жерлері суғарылады.



Жиделі су қоймасы

ЖИДЕЛІ СУ ҚОЙМАСЫ. Жайылма ауылдық окр-нен 22 км қашықтықта, Қаратау беткейінде орналасқан. 1982 ж. пайдалануға берілген. Сыйымд. 9 млн м^3. Жиделі өз. суымен толығатындықтан Ж. с. қ. деп аталған. Су қоймасы, біріншіден, ауыл тұрғындарын таза сумен қамтамасыз етіп, екіншіден, шаруашылықтар бойынша жыл сайын егілетін 600 га көкөніс-бақша дақылдарының сапалы өнім беруіне себепкер болып отыр.



Жиенбай Қуаныш

ЖИЕНБАЙ Қуаныш (3.5.1952 ж. т., Арал ауд. Бөген а.) – жазушы, ҚР-ның еңбек сің. қайраткері (2023), ҚР Мәдениет қайраткері. ҚазМУ-ды (1976, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Респ. «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», «Таң-Шолпан», «Ана тілі», «Нұр-Астана», «Жетісу», «Мәдени мұра – Культурное наследие» басылымдарында әр түрлі қызметтер атқарған. Оның «Жалғыз желкен», «Теңіздегі бір тамшы», «Құлан жанарындағы ғұмыр», «Жизнь в глазах кулана», «Жер сілкінісінен бір жұма бұрын», «Данқ түрмесінің тұтқыны», «Қателесесің, қымбаттым!», «Елде жоқ ережелер», «Жиделітоғайдағы жеті күн», сондай-ақ «Сырдария» кітапханасы» сериясымен 2 томдық шығ. жин., таңд. екі томдық шығ. жин., «Ән салуға әлі ерте», «Күн түспейтін терезе», «Жер үстінде де жұмақ бар», «Күздің жылы жаңбыры» кітаптары жарық көрген. «Таңғажайып планета» драмалық шығармасы театрда сахналанған. Ж. «Жалын» баспасы жарияланған жабық бәйгенің бірнеше мәрте жүлдегері. Респ. «Астана–Бәйтерек» әдеби шығармалар бәйгесінің бас жүлдегері (2007). Халықар. «Алаш» әдеби (1998), «Қазақ ПЕН-клуб» (2018), «Алтын қалам» сыйл-тарының иегері (2019). «Парасат», «Құрмет» ордендерімен марапатталған.

Қ.Омаров

ЖОЛАЙ Жасауыл (шамамен 1701, қазіргі Ақтөбе обл. Ырғыз а. – 1770, қазіргі Арал ауд. Қарақұм маңы) – 18 ғ-да ел қорғаған батыр, патшалық Ресейге бодан болуға батыл қарсы болған би. Ж. өмірі және қайраткерлік жолының бастауында Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың қасындағы кезең тұр. Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде асқан ерлігімен көзге түскен Ж. ханның ерекше тапсырмаларын орындайтын сенімді өкілі – жасауылы болған. Ресей боданы қалмақтарға қарсы шайқастарға қатысқан. Ж. бодандыққа қарсы Шөмекей-бозғұл руының көшбасшыларымен бірге 1730 ж. атамекенінен орысқа бағынбау саясатын ұстанған Қайыпұлы Батыр сұлтанға қараған жерге (Сырдария өз. төм. ағысы) қоныс аударған. Ж. Шөмекей-бозғұл, Шекті-кішкене, Төртқара, Қарасақал рулары басшыларының қатарында 1748 ж. қазан айында Батыр сұлтанды хан көтеру рәсімін ұйымдастырушылардың бірі болды. Дербес саясат жүргізген Батыр ханның жат жұрттықтармен болған ұрыс-қақтығыстарына қатысқаны туралы мәлімет айтылған тарихта сақталған. Ж-дың Кетебай (1735), Еншібай (1763), Мырзабай (1765) сынды балалары би-батырлығымен

ерекше көзге түскен. Ол Ырғыз жаққа сапарлап бара жатқанда астан уланып, 69 жасында қайтыс болған. Зираты Арал маңындағы Қарақұмның Ырғыз жақ бетінде орналасқан.

Қ.Омаров

ЖОЛБАРЫС (Panthera tigris) – сүтқоректілер класының мысықтар тұқымдасына жататын ірі жыртқыш аң. Қазіргі кезде Ресейдің Қиыр шығысында, Үндістан түбегінде, Қытайда, Ява, Суматра аралдарында ғана кездеседі. 20 ғ-дың 50-жылдарына дейін Тұран Ж-ы (P.t. visgata) Қазақстанда Сырдарияның төм. ағысында, Арал аймағындағы қалың қамысты, тоғайларды мекендеген (осы өңірде соңғы Ж. 1933 ж., ал Балқаш жағалауында 1948 ж. атылған). Тұрқы 160–290 см (ең ірілері 3 м-ден асады), құйрығының ұз. 110–120 см-дей, салм. 200–220 кг. (кейде 300 кг-нан артық). Еркегі ұрғашысынан ірі болады. Басы жұмыр, жүнінің түсі қызыл жирен, арқасы мен екі бүйірінде көлденең қара түсті жолақтары айқын байқалады. Құлағы қысқа, төрт қатар мұртшалары ірі қылшықты (ұз. 14–18 см). Көзінің қарашығы ашық сары түсті. Сойдақ тістері өте ірі әрі өткір, иілген тырнақтары мықты, алдыңғы аяғы артқы аяғынан жақсы жетілген. Көбінесе, қоныс ауыстырып, жеке жүреді. Жабайы шошқа, бұғы, марал, елік, т. б. тұяқты жануарларды ұстап жейді, кейде малға, қасқырға, итке де шабуыл жасайды. 2–3 жылда бір ұйығып, 98–112 күнде 2–3 күшік туады, оларды 5–6 ай емізеді. Табиғи жағдайда 40–50 жылдай тіршілік етеді. Дүниежүзінде Ж-тың саны жылдан жылға азайып келеді (2000 ж. – 7 мың болды). Сондықтан Ж-тың барлық түрі қорғауға алынып, Халықар. табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген. Ж-ты қазақ халқы ежелден күштіліктің символы санаған. 12–13 ғ-ларда Тоқтамыс хан соқтырған тиында Ж. бейнесі салынған. Қазақстанда Ж-тың мекендегенін дәлелдейтін (1997 ж.) «Тұран жолбарысының ізімен» бейнефильмі түсірілді.



Жолбарыс

Ө. Тапалов



Жолдасбаев Нұрлыбек

ЖОЛДАСБАЕВ Нұрлыбек (5.3.1955, Жалағаш ауд. Мәдениет а. – 6.2.2024, Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері, ҚР-ның әлеум.-еңбек саласының үздігі (2012). Қызылорда совхоз-техникумын (1978), Мәскеу а. ш. академиясын (1983) бітірген. Жалағаш ауд. «Мәдениет» кеңшарында жұмысшы (1972–75), сиыршы (1978), Сырдария ауд. «Киров» кеңшарында бас зоотехник (1983–84), «Мәдениет» кеңшарында бас зоотехник (1984–87), директор, серіктестік төрағасы (1984–90, 1994–98), Жалағаш ауд. кәсіподақ төрағасы (1990–92), «Асар» қауымдастығының бас директоры (1992–94), аудан әкімінің орынбасары (1998), аудан әкімі (2000–03), обл. а.ш. басқармасының бастығы (1998–99, 2003–04),

Жаңақорған ауд-ның әкімі (2004–06), обл. жер қатынастары басқармасының бастығы (2007–08), ҚР Еңбек және халықты әлеум. қорғау мин-нің Қызылорда обл. Бақылау және әлеум. қорғау департаментінің директоры (2008–13), обл. еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы – бас мемл. еңбек инспекторы (2013–17), обл. табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы (2017–19) қызметтерін атқарған. Бірнеше медальмен марапатталған. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы (2011).

Қ.Омаров



Жолмырзаев Ысқақ

ЖОЛМЫРЗАЕВ Ысқақ (1898, Жалағаш ауд. Мәдениет а. – 1982, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (29.3.1958). Алматы а. ш. техникумын (1941) бітірген. Алматы қ-нда құрылысшы (1932–37), обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1938–40), Талдықорған обл. «Бөкен – Ақсу» кеңшарында бөлімше меңгерушісі (1941–44), Талдықорған (қазіргі Алматы) обл. «Сарыбұлақ» қой ш. кеңшарында ферма меңгерушісі (1944–70) қызметтерін атқарған. Қазақ КСР Жоғ. кеңесінің 1-шақырылған депутаты (1938–46). Ленин (1958), Еңбек Қызыл Ту (1966) ордендерімен марапатталған.

Т.Адисұлы

ЖОЛЫМБЕТОВ Өмірзақ (25.11.1939, Арал ауд. Сексеуіл т. ж. ст. – 23.7.2013, Алматы қ.) – жазушы, журналист, проф. (2003). ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (1999), ҚР-ның еңбек сің. қайраткері (2004). Қазақ дене тәрбиесі ин-тын (1962, қазіргі Қазақ спорт және туризм академиясы), ҚазМУ-дың (1974, қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін бітірген. Қызылорда обл. спорт к-тінің төрағасы, ауыр атлетикадан Қазақстан құрама командасының мүшесі (1961–64), «Лениншіл жас» (1967–71, қазіргі «Жас Алаш») газетінде, Қазақ КСР мемл.



Жолымбетов Өмірзақ

телерадио к-тінде, ҚР Қаржы мин-нде бөлім бастығы (1971–96) қызметтерін атқарған. Ж-тың «Қазақша күрес», «Чемпион», «Медеудің мөлдір мұзы», «Жемісті жылдар», «Тархан Жәнібек», «Намыс» кітаптары жарияланған. Респ. телерадио журналистерінің «Алтын жұлдыз» (1995), ЮНЕСКО сыйлықтарының (1996) иегері.

ЖОСАЛЫ – кент (1939 жылдан). Қармақшы ауд-ның орт. Іргесі т. ж. ст. ретінде 1906 ж. қаланған. Қызылорда қ-нан солт.-батысқа қарай 147 км жерде,



Жосалы стансасы



Жөлек ауылы

Қараөзек өз-нің Сырдарияға құяр тұсында орналасқан. Жер аум. 17,4 мың м². Тұрғыны 20 мың адам (2023). Кентте 51 мемл., 2 қазыналық мекеме, 5 акцион. қоғам, 22 жауапкершілігі шектелген және 4 толық серіктестік жұмыс істеп, құрылыс, көлік, сауда, тұрмыс қажетін өтеу, т.б. жұмыстармен айналысады. Сондай-ақ 2 ұн ақтайтын, 4 күріш өндіретін цех пен кәсіпорын бар. Аудан орт-нда мектепке дейінгі 8 мекеме, 7 жалпы білім беретін мектеп, 3 спорт мектебі, агр.-тех. колледж, оқушылар үйі, музыка мектебі, 2 мешіт, мәдениет үйі, жыраулар үйі, 4 кітапхана, аурухана, 2 емхана халыққа қызмет көрсетеді.

Қ.Омаров

ЖӨЛЕК – ауыл. Шиелі ауд-ндағы ауылдық окр. орт. Шиелі кентінен солт.-батысқа қарай 30 км жерде, Сырдария өз. аңғарындағы қамыс, әр түрлі сораң шөптер өскен шалғынды, саздақ топырақты шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 1,7 мың адам (2023). Іргесі 1943 ж. қаракөл қой ш. «Сырдария» орт. ретінде қаланған. Соның негізінде 1997 ж. Ж. а. құрылған. Ондағы 26 шаруа қожалығы мал ш-мен айналысады. Ауылдық окр-тің жер аум. 70,8 мың га, оның ішінде жайылымдық жері 3,5 мың га. Ауылда балабақша, №152 орта мектеп, клуб, кітапхана, 2019 ж. салынған дәрігерлік амбулатория, окр-ке қарайтын Жуантөбе елді мекенінде мед. бекет халыққа қызмет көрсетеді.

Қ.Омаров

ЖУАНТӨБЕ – тау. Байқоңыр қ-нан солт-ке қарай 135 км қашықтықта, Арал Қарақұмында орналасқан. Абс. биікт. 136 м. «Бас жағы үшкір емес, доғал бітken, жалпақ үлкен төбе, тау, адырлар» мағынасында аталып кеткен.

ЖУАНҚҰМ – Сырдария өз-нің сол аңғарындағы құмды алқап. Қазалы ауд. жерінде орналасқан. Абс. биікт. 80–87 м. Оңт.-батыстан солт.-шығысқа қарай 80 км-ге созылған, енді жері 20 км. Аум. 1,22 мың км². Қырқалы-төбешікті, төбешікті, ұсақ төбешікті келген жер бедері ежелгі Сырдария өзінің көне атыраулық аллювийлі шөгінділерінен түзілген. Сырдарияның ежелгі арнасы аум-нда жатқандықтан, Ж-да грунт сулары жер бетіне жақын орналасқан (5–20 м). Өсімдік жамылғысынан еркекшөп-жусанды және әртүрлі астық тұқымдасты өсімдіктер мен эфермерлерден тұрады. Құм қырқаларда ақ сексеуіл шоғырлары кездеседі. Алқап жайылымға қолайлы.

ЖУСАН (Artemisia) – күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер не шала бұта. Қазақстанның барлық жерінде – шөл, шөлейтті далада, таулы жерлерде өсетін 81 түрі бар, оның 17 түрі Қызылорда обл-нда өседі. Ж-ның биікт. 10–60 см, кейде 1,5–2 м-дей болады. Сабағы тік немесе жерге жайылып өседі. Жапырағы кезектесіп орналасқан, қауырсын тәрізді, шеті тілімденген, кейде бүтін жиекті. Ұсақ гүлі қос жынысты, сары түсті, се-



Жусан

беттері көп, әбден піскен кезде шашыраңқы иіліп келген сыпыртқы гүлшоғырын құрайды. Шілдеден қыркүйекке дейін гүлдейді. Жемісі – тұқымша. Ж-ның 17 түрі – сирек кездесетін эндемик түрге жатады, ал Қазақстанда ғана өсетін бір түрі дермененің мәні бар. Шырғалжың Ж-ның жапырағы мен сабағын жеуге болады, құм Ж-ы құм тоқтату үшін пайдаланылады. Арасында улы түрі де кездеседі, оны мал жемейді. Ж. – құнарлы мал азығы, дәрілік бояуыш, тағамдық, витаминді, эфир майлы өсімдік. Соңғы кезде Ж-ды қолдан да өсіреді (мыс, тамыржусан).

А.Байкенжеев

ЖУСАНДАЛА – көне қамал орны. Қармақшы ауд-ның орт-нан оңт.-батысқа қарай 12 км жерде орналасқан. 1946 ж. зерттеуші Н.И. Суворов қамал орнынан археол. заттар жинақтап, ошақ орындары мен көмбелерден алынған бұйымдардан арпа, тары секілді дәнді дақылдарды анықтады.

ЖУСАНДЫ – Қызылқұм және Сырдарияның қазіргі атырауы аралығында жатқан батпақты жазық. Қармақшы ауд. жерінде, Сырдарияның төм. ағысының сол жағалауында, оңт.-батыстан солт.-шығысқа қарай 60 км-ге созылып жатыр. Абс. биікт. 102 м. Жазық беті сәл ғана тілімденген, Сырдарияның ежелгі Қуандария және Ескідария арналарын бойлай түзілген. Бетін жоғары антропогеннің құмды-батпақты аллювийлі шөгінділері жапқан. Жазықтың шөлдің сұр, сортаңды қоңыр және тақыр келген сортаңды топырағында бұйырғын, тасбұйырғын, теріскен, күйреуік, т.б. сораң шөптер өседі. Қара сексеуіл шоғырлары кездеседі. Жер бедерінің ойпаңдау жерлерінде және Сырдария өз. бойында құрақ пен айрауық шалғындары бар. Бұл жерлер шабындық саналады. Ж-ның біраз бөлігінде күріш өсіріледі.



Журба Иван

ЖУРБА Иван Макарович (13.9.1915, Қостанай обл. Меңдіқара ауд. Белояровка а. – 12.7.1962, Қызылорда қ.) – л-т, рота командирі, Кеңес Одағының Батыры (12.7.1944). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Пед. ин-тты (1941, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Сол жылы күзде Қызылорда ауд. әскери комиссариатынан Кеңес әскері қатарына шақырылған. 1943 ж. офицерлер құрамы жетілдіру курсын бітіріп, 23-гв. мотоатқыштар бригадасында (1–Украина майданы, 3-гв. танк армиясы, 7-гв. танк корпусы) атқыштар ротасының командирі, гв. кіші л-ты болды. Ж-ның ротасы 1943 ж. қарашаның басында Днепр өз-нен алғашқылардың бірі болып өтті. 1943 ж. 4–5 қарашада жау қорғанысын бұзып, Святошино с-н (Киев қ-ның маңы) азат етіп, жау тылындағы Киев–Житомир тас жолын басып алуға қатысты. Соғыстан кейін Қызылорда қ-нда жұмыс істеді. Ленин, Қызыл Ту орденделімен марапатталған. Есімі Қызылорда қ-ндағы бір көшеге берілген.

С.Аргынгазин

ЖҮРСІМБАЕВ Сағындық (8.12.1940 ж. т., Арал қ.) – заң ғыл. докт. (2007), проф. (2010), 3-сыныпты мемл. әділет кеңесшісі – әділет ген.-м. (1992), Ж. КСРО Прокуратурасының Құрметті қызметкері (1988), Қазақстанның Құрметті заңгері (2020), ҚР-ның еңбек сің. қызметкері. Ақтөбе обл. прокуратура тергеушісі, Қазақ КСР Прокуратурасының тергеушісі, басқарма прокуроры (1970–79), Алматы обл. сотының судьясы (1979–81), Жетісу көлік прокуроры, Алматы қ. прокурорының 1-орынбасары (1981–84), Оңт.-Шығыс аймақтық көлік прокуроры (1984–88), Ішкі істер министрінің орынбасары (1988–91), ҚР Бас прокурорының орынбасары (1992–94), ҚР Баға және антимонопол. саясат жөніндегі мемл. к-т төрағасының орынбасары (1995–96), ҚР Бас прокуратурасы аппаратының жетекшісі, департамент басшысы, ҚР Президенті жанындағы адам құқықтары жөніндегі к-т мүшесі (1997–2000),



Жүрсімбаев Сағындық

ҚР Бас прокуратура ин-тының директоры (2000–04), Каспий қоғамдық (2005–19,) «Нархоз» ун-ттерінің (2020–22) проф. қызметтерін атқарған. 2022 жылдан Алматы құқық қорғау органдары академиясының проф. Ж. 200-ден астам ғыл., оқу-практик., т.б. еңбектің авторы. ҚР Жоғ. Кеңесінің 13-шақырылған депутаты (1994–95). Бірнеше медальмен марапатталған. Арал ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ЖҮСІПОВ Жәміл (22.11.1981 ж. т., Қызылорда қ.) – ҚР-ның спорт шебері (2003), ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (2019). Қызылорда ун-тін (2002) бітірген. №1 Қызылорда обл. мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер олимпиадалық резерв мектебінде бокс бөлімшесінің жаттықтырушысы болған (2003–10). 2011 жылдан обл. жоғары спорт шеберлігі мектебі бокс бөлімшесінің жаттықтырушысы. Ж. бокстан 1-халықар. дәрежедегі спорт шеберін, 7 спорт шеберін дайындаған.

Қ.Омаров

ЖҰБАТҰЛЫ Нұрсұлтан (1900, Қазалы ауд. Қожабақы а. – 1963, сонда) – ақын. Ауыл молдасынан оқып, хат таныған. Қазалы қ-дағы мұғалімдер даярлайтын курсты (1919) бітірген. 15–16 жасынан той-жиындарда өлең шығарып, ақын жігіт атанған. Қазалы ауд-нда, Қарақалпақстанда мұғалім (1923–48), партия ұйымында хатшы (1948–50) болған. Араб, парсы тілдерін жақсы меңгерген. Оның «Майданнан хат», «Майданға хат» өлеңдері обл. газеттерде жарияланған. «Жанқожа батыр» дастанын (аяқталмаған) жазған. Ақынның өлеңдері 1975 ж. респ., обл. газеттерде және «Жұлдыз» журналында жарияланды. Ж. жергілікті ақындармен (Сермамбет, Кенесары, Әбдіразақ, Шапайқыз) айтысқан. 7000 жолға жуық өлең-жырлары сақталған.

Ұ.Жанбершиева

Ж Ұ Б А Т Ы Р Ұ Л Ы Сайлаубай (11.1.1948 ж. т., Арал ауд. Бөген а.) – жазушы, қоғам қайраткері. ҚазМУ-дың (1972, қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін бітірген. «Қазақстан пионері» (кейін «Ұлан») газетінде, Қазақфильм киностудиясында, Қазақ КСР Мәдениет мин-нде, Қазақ теледидарында, М.Әуезов атынд. Қазақ мемл. академ. драма театрында (1972–90) қызметтер атқарды. 1990 жылдан Қызылорда қ-ндағы бірқатар мекемелерде еңбек етті. Алғашқы әңгімесі 1967 ж. «Білім және еңбек» журналында жарық көрген. 1980 жылдан шығарм. әлеуеті Арал, Сыр, Байқоңыр,




Жұбатырұлы Сайлаубай

Қазақстан табиғаты мәселелеріне бағытталған. Онда «Кіші Арал» идеясы, Сырдарияны қорғау, «Байқоңыр» әсерін шектеу, Қазақстан өзендерінің бір бөлігін Арал өңіріне жеткізу, т.б. ұсыныстары орын алған. Ж. 9 кітап, 1 пьеса, 3 кинофильмнің авторы, 50-ге жуық фильмді аударуға қатысқан. «Арал», «Кіші Арал», «Қазақстан арнасы», «Сырдария. Балқаш. Байқоңыр» деп аталатын 4 томдық қолжазба дайындаған. Ж-ның өмір жолы Қызылорда обл. теледидарында «Жоғалған әлемге жол» (2012, екі бөлімді) және «Оралған әлем» деректі фильмдеріне (2023) арқау болған.

«Тұлпар» (1972), «Жасыл сағым» (1987), «Алыстағы аралдар» (1980), «Зеленый мираж» (1984, орыс тілінде) жинақтары, «Сырдария» сериясымен 3 томдық жин. (2008–09), «Абыржы–1» (2000), «Абыржы–2» (2003), «Абыржы–3» (2017) романдары, «Топансу жүзін жуған Ұлы Дала» эссе-мақалалар топтама-кітабы (2023) жарияланған. Әдебиет саласынан облыс әкімінің (2000, 2008), сондай-ақ ҚР Мемл. стипендияларының (2009), халықар. «Алаш» сыйл-ның иегері (2019). «Парасат» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2020), Арал ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Жұмабаев Асылбек

ЖҰМАБАЕВ Асылбек (7.5.1949 ж. т., Қазалы ауд.) – қоғам қайраткері. ҚазМУ-ды (1972, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын 1966 ж. кітапханашы болып бастап, кейін бейнемеханик, Қазалы ст-нда №419 орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі болған. Қазалы ауд. комсомол к-тінің хатшысы, бөлім меңгерушісі, Қазақстан ЛКСМ Қызылорда обл. к-тінің комсомолдық ұйымдар бөлімінің меңгерушісі (1969 жылдан), Қызылорда пед. ин-тының (қазіргі Қызылода ун-ті) философия және ғыл. коммунизм кафедрасының оқытушысы (1977–81), партиялық қызметте дәріс беруші, дәріс беру тобының жетекшісі, Қызылорда обл. партия к-тінің идеология бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1981–91), Қызылорда обл. әкім аппаратында қызметкер, жетекші референт, облыс әкімі 1-орынбасарының көмекшісі, ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, обл. ҚХА хатшылығының меңгерушісі (1991–98), обл. ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының басшысы (1998–2004), обл. ҚХА хатшылығының меңгерушісі (2004–14), облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім орталығы» КММ бөлім басшысы, директорының орынбасары (2014–20) қызметтерін атқарған.

Ғ.Тұяқбаев

ЖҰМАБАЕВ Ишанбек (6.1.1961 ж. т., Қызылорда қ.) – ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (1996), ҚР-ның Құрметті спорт қызметкері (2014). Қазақ дене тәрбиесі ин-тын (1991, қазіргі Қазақ мемл. спорт және туризм академиясы) бітірген. Қызылорда обл. мамандандырылған балалар мен жасөспірімдердің олимпиадалық резерв мектебінде дзюдо күрес бөлімінің жаттықтырушысы (1988–2011), №1 обл. балалар мен жасөспірімдердің олимпиадалық резерв мектебінің директоры (2011–22) қызметтерін атқарды. Бірнеше обл. салалық бағдарламалардың дайындалуына атсалысты. Ж. жаттықтыратын дзюдо күресінен облыс құрама командасы дүниежүз., Азия және Қазақстан чемпионаттарында, басқа да жоғары деңгейлі жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп келеді.

Қ.Омаров



Жұмабекова Сәлима

ЖҰМАБЕКОВА Сәлима (25.8.1935, Қармақшы ауд. Ақжар а. – 27.3.2020, Қызылорда қ.) – еңбек ардагері, Батыр Ана (1972), Соц. Еңб. Ері (3.3.1980). 1953–59 ж. еңбек жолын сауыншы болып бастап, «Ақжар» кеңшарында әртүрлі жұмыстар істеген. Қармақшы ауд. Ленин атынд. кеңшарда байланысшы, құрылысшы (1959–63), күрішші (1963–67), Дауылкөл ауылдық кеңесінің төрайымы (1967–73), күріш өсіру звеносының (1973–78), комсомол-жастар бригадасының жетекшісі (1978 жылдан) қызметтерін атқарған. Ж. өзіне бекітілген күріш егісінің әр гектарынан жыл сайын 84–118 ц-ден өнім жинап, облыста алғашқылардың бірі болып отбасылық звено құрды. Ж. 20 га-дан 106 ц-ден, екі баласы 60 га күріштің әр гектарынан 84 ц-ден өнім алған. 1986 ж. зейнеткерлікке шығып, бұл жұмысын тәуелсіздік жылдары да жалғастырған. 2015 ж. «Қазақ күріш шаруашылығы» ғыл.-зерт. ин-тының ғалымдары күріштің жаңа сортына «Сәлима» есімін берген. КСРО Жоғ. Кеңесінің 10-шақырылған депутаты (1979–84), Қазақстан КП 13–14-съездерінің және КОКП 26-съезінің делегаты, КСРО Азия және Африка елдерімен ынтымақтастық к-тінің мүшесі (1983). «Сәлиманың көктемі» (1984), «Сыр сұлуы, Батыр Ана – Сәлима» (2005) кітаптары, сондай-ақ «Хабар» телеарнасынан «Ел ағалары» айдарынан «Сәлима Жұмабекова» деректі фильмі жарыққа шыққан. Алматы қ-ндағы «Анаға Құрмет» музейіне Ж-ның жеке жәдігерлері (2015) қойылған. Қызылорда ун-тінде «Өмірі өнеге – ғасырдың Батыр Анасы» ғыл.-танымдық конференция (2021) өтті. «Құрмет белгісі» (1966), Ленин (1973, 1980) орденмедальдармен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2011), Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы. 2019 жылдан Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а-нда «Сәлима ана» балабақшасы жұмыс істейді. «Сәлима Ана» қоғамдық музейіне мемориалдық тақта орнатылған.

Қ.Омаров



Жұмаділдаев Асқар

ЖҰМАДІЛДАЕВ Асқар (25.2.1956 ж. т., Шиелі ауд. Шиелі кенті) – физ.-матем. ғыл. докт. (1988), проф. (1990), ҚР ҰҒА-ның акад. (2004), 2023 жылдан вице-президенті. Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2019). Алматы қ-ндағы респ. физ.-матем. мектебін (1972), Мәскеу мемл. ун-тін бітірген. ҚР ҰҒА Математика ин-тында (қазіргі Математика және матем. модельдеу ин-ты) кіші, аға, жетекші ғыл. қызметкер, лаборатория меңгерушісі (1980–2019) қызметтерін атқарды. 1994 жылдан Қазақ – Британия тех. және Сүлейман Демирел ун-ттерінің проф., 2019 жылдан Математика және матем. модельдеу ин-тында бас ғыл. қызметкер. Ж. Гамбург (1988), Мюнхен (1995–96), Билефельд (1997, 1998, 1999) ун-ттерінде, Ньютон (Ұлыбритания, Кембридж, 1997), Миттаг-Леффлер (Швеция, 1998–99), Филдс (ТорОнто, 2001) ин-ттарында, халықар. теор. физ. орт-нда (Триест, 1998, 2001, 2002, 2003), сондай-ақ Киот (Жапония, 1999), Стокгольм (2000–01, 2002, 2003), Оксфорд (2000) ун-ттерінде проф. болды. Ж. Америка матем. қоғамы (1993–95), халықар. ғыл. Сорос қоры (1993–95), бұрынғы КСРО ғалымдарымен ынтымақтастықты дамытудың халықар. қауымдастығы (INTAS, 1993–95, 2000–03), Швеция корольдік ҒА-ның (1999–2004), Жапонияның ғылымды дамыту қоғамының (JSPS, 2004), Қазақстанның жоғары оқу орнының үздік профессоры (2007, 2016) гранттарын, сондай-ақ Гумбольдт (1995–96), Қазақстанның көрнекті ғалымдарына арналған мемл. стипендияларын (2000–04, 2011–12) алған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 12-шақырылған (1990–93), ҚР Жоғ. Кеңесінің 13-шақырылған (1994–95) депутаты. Қазақстан Ленин комсомолы (1987), ҚР Мемл. (2011), ҚР-ның ғылым және техника саласы бойынша мемл. (2011), Иран Ислам Республикасының халықар. Хорезми сыйл-тарының (2012) иегері. Қызылорда обл-ның (2017), Алматы қ-ның (2023) құрметті азаматы.

Ш.Ибраев

ЖҰМАДІЛДАЕВА Наталья Васильевна (29.3.1965 ж. т., Қарағанды обл. Теміртау қ.) – қоғам қайраткері. Ресейде Мордва

мемл. ун-тін (1987) бітірген. Еңбек жолын 1987 ж. Қызылорда, Алматы қ-ларында бастауыш сынып мұғалімі болып бастаған. Қызылорда қ-ндағы №112 және №23 орта мектептердің директоры (2004–13), қалалық білім бөлімінің әдіскері, бөлім бастығының орынбасары, оқушылар мен жасөспірімдер үйінің директоры (2013–16), «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ басқарма төрағасының кеңесшісі (2021–22) қызметтерін атқарған. 2023 жылдан ҚР Оқу-ағарту мин-нің мектепке дейінгі білім беру департаментінің директоры, 1-вице-министрі (14.9.2023). ҚР Парламенті Мәжілісінің 6-шақырылған депутаты



Жұмаділдаева Наталья

(2016–21), Бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ЖҰМАХАНОВ Тілеухан (15.5.1956, Арал ауд. Ұялы а. – 6.4.2006, Алматы қ.) – қаламгер. ҚазМУ-ды (1978, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қазалы ауд-нда орта мектепте мұғалім (1978–79), Қазақ теледидарында редактор (1979–81), «Қазақстан әйелдері» журналында бөлім меңгерушісі (1981–88), «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында аға редактор (1988–93), «Жалын» журналында бас редактордың орынбасары (1993–97), «Қазақ энциклопедиясы» бас редакторының 1-вице-президенті (1997–2002), «Адамар» баспасының директоры (2004–06) қызметтерін атқарған. Алғашқы әңгімесі «Қыстың соңғы түні» «Жалын» журналында (1985) жарияланған. Үндістан жазушысы Ананта Муртидің «Самскара», Жапония жазушысы Коба Абенің «Құм арасындағы әйел» еңбектерін қазақ тіліне аударған. «Қасым хан» (2004) кітабының авторы.



Жұмаханов Тілеухан

ЖҰНІСБАЕВ Еламан (10.9.1922, Шиелі ауд. Сұлутөбе бекеті – 2006, Қызылорда қ.) – соғыс және еңбек ардагері. 1939–41 ж. Қызылорда пед. ин-тында оқып, 2-дүниежүз. соғыс жылдары Кеңес әскері (1941–46) қатарында болған. Қызылорда обл. комсомол к-тінің нұсқаушысы, қалалық комсомол к-тінің хатшысы (1946), Сырдария ауд., Қызылорда



Жүнісбаев Еламан

қ. партия к-тінің ұйымдастыру бөлімінің басшысы, қалалық к-ттің хатшысы, обл. к-ттің нұсқаушысы, сектор меңгерушісі (1950–63), Оңт. Қазақстан өлкелік партия к-тінің инспекторы, Шиелі ауд. партия к-тінің төрағасы (1963–67), Сырдария ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1967–85) қызметтерін атқарған. Еңбек Қызыл Ту, Қазан революциясы, Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 10-шақырылған депутаты. Есімі Тасбөгет кентіндегі бір көшеге берілген.

ЖҮРГЕНБАЕВ Әбділда (1914, Жалағаш ауд. – 6.4.1984, сонда) – ақын, жыршы. Нартай Бекежановтың концерттік бригадасында (1938–48) өнер көрсеткен. Әр жылдары (1943, 1946) респ. ақындар айтыстарына қатысып, Үмбетәлі Кәрібаев, Есдәулет Қандеков, Кенен Әзірбаев, Рахмет Мәзқожаев, Құлжабай Төлеуов, т.б. ақындармен айтысқан. Ж-тан «Көроғлы» дастанының көне нұсқасы, «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» эпостарының кейбір нұсқалары жазылып алынған. Халық мұрасын жинақтауға қатысып, Әдебиет және өнер ин-тына «Байбатша», «Атымтай жомарт»,



Жүргенбаев Әбділда

«Шәкір-Шәкірат», т.б. дастандарды тапсырған. Шығармалары әр жылдары «Пернедегі термелер» (1965), «Айтыс» (1966) жинақтарында жарық көрген. Сыр өңірінің 20-дан астам ән-термесі Ж-тың орындауында күйтабаққа жазылып, нотаға түсірілген.

Т.Дайрабай

ЖҮРГЕНОВ Темірбек (1898, Жалағаш ауд. Жаңаталап а. – 25.2.1938, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері. Тұрмағамбет Ізтілеуов ұстаздық еткен ауыл мектебінде сауат ашып, кейін Аламесектегі (қазіргі Есет батыр а.) орыс-қазақ мектебінде, Перовск қ-нда (қазіргі Қызылорда) Суханский атынд. уч-щенің бастауыш мектебінде, Уфа жер ш. уч-щесінде (1917), Орынбор қ-нда жұмысшы ф-тінде (1921–23), Ташкенттегі Орта Азия мемл. ун-тінің құқық ф-тінде (1923) білім алды. 1917 жылдан қоғамдық өмірге белсенді араласып, студент жастардың әлеум. қозғалыстарына қатысты. 1918 ж. «Қазақ мұңы» газетінің редакц. алқасына, Торғайда кеңестер съезін шақыру бюросына мүше болды. 1919 ж. Ырғыз уезі Кенжеғара болысы рев. к-тінің төрағасы қызметіне тағайындалды. 1920 ж. БК(б)П қатарына өтіп, Ырғыз уездік рев. к-тінің уездік жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары атқару к-тінің төрағасы болып сайланды. 1920 ж. Ташкентте оқып жүріп, Қазақ АКСР-інің Түркістан республикасындағы толық өкілетті өкілі, Қазақ АКСР мен Түркістан республикасы ОАК-терінің мүшесі болып, өлкелік және респ. партия ұйымдары конференциялары мен пленумдарына қатысты. Орт. Азияда ұлттық-аумақтық межелеу жұмыстарына атсалысып, бұл мәселе төңірегінде «Еңбекші қазақ», «Советская степь» газеттеріне мақалалар жариялады. 1926 ж. Ташкентте Қазақ пед. ин-тының директоры болып тағайындалып, ин-тқа акад. В.В. Бартольд, проф. С.Е. Малов, т.б. ғалымдарды шақыртып, ин-т жұмысын жандандыруға күш салды. Жоғары оқу орындарына арналған саяси экономия және құқықтану пәндері бойынша оқу құралдарын қазақ тіліне аударды. Қазақ терминдерінің жинағын құрастыруға қатысты. Тәжікстан үкіметінің қаржы комиссары (1929), Өзбекстан үкіметінің халық ағарту комиссары (1930–33), Қазақстан үкіметінің халық ағарту комиссары (1933–37) қызметтерін атқарды. Ж. Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты жұмысына С.Аспандияров,



Жүргенов Темірбек

Қ.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов сияқты қайраткерлерді тартты. Ж-тің тікелей араласуымен «Қазақстанда мектеп жүйесін реттеу және қазақ орта мектептерін көбейту туралы» қаулы қабылданып, қазақ орта мектептерінің саны артуына негіз қаланды. Ж. Халық ағарту комиссариатын ұлттық мәдениетті өркендету штабына айналдырды. Ол 1934 ж. Алматы қ-нда өткен халық өнерпаздарының 1-слетін, 1936 ж. Мәскеудегі Қазақстан өнері мен әдебиетінің декадасын негізгі ұйымдастырушылар-

дың бірі болды. Ж. ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарын даярлауға көп көңіл бөліп, қазақ жастарының КСРО-ның орт. қалаларындағы оқу орындарында білім алуына көмек көрсетіп отырды. М.Әуезов, Ж.Шанин, Ә.Қастеев, т.б. қайраткерлердің шығарм. жұмыспен айналысуына жағдай жасады. Ж. Қазақстанда алғашқы музыка театрын (қазіргі Қазақ опера және балет театры) ұйымдастыруға үлкен үлес қосты. Қазақ әндері туралы А.В. Затаевичке көптеген мәліметтер берді. «СССР мен Қазақстанды әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы» (1927), «Политэкономия» (1928), «Мектептің түп кемшілігін кетіру үшін күрес» (1933), «Қазақстанда мәдениет революциясы» (1935), «Қазақтың халық ақындары» (1936), «Қазақстанда сауатсыздықты жою жұмысы туралы» (1936), т.б. еңбектердің авторы. Еңбек Қызыл Ту орденімен (1936) марапатталған. 1937 ж. КСРО Жоғ. Кеңесіне депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Осы жылы 3 тамызда «халық жауы» деген айыппен ұсталып, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабының 10-, 11-тармақтары бойынша ату жазасына кесілді. КСРО Жоғ. соты әскери коллегиясының 1957 ж. 18 сәуірдегі шешімімен ақталды. Қазақ ұлттық өнер академиясына Ж. есімі (1993) беріліп, ғимарат алдына ескерткіш орнатылды. Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Ақтөбе, Атырау, Қызылорда қ-ларында, Түркістан обл-ның Шардара қ-нда, Ақтөбе обл. Ырғыз, Әйтеке би аудандары мен Қызылорда обл. Жалағаш, Қармақшы аудандарында мектептер мен көшелерге Ж-тің есімі берілді. Ж-тің 100 жылдығы 1998 ж. республика көлемінде, 125 жылдығы 2023 ж. түркі әлемінде кеңінен аталып өтті. Ж-ке Жалағаш кентінде ескерткіш (1998), саябақ (2023), сондай-ақ Жүргенов а-нда ескерткіш-бюст (2023) орнатылды. 2013 ж. «Темірбек Жүргенов» фильмі шықты (реж. Қалила Омаров).

ЖҮСІП Нұртөре (29.4.1961 ж. т., Шиелі ауд. Керделі кенті) – мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР-ның еңбек сің. қайраткері (2016). Ж. ҚР Журналистер, Гуманит. ғыл. академияларының акад., Қазақстанның құрметті журналисі. ҚазМУ-дің (1984, қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін бітірген. Павлодар обл. «Сарыарқа самалы» газетінде журналист, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары (1984–90), «Егемен Қазақстан» респ. газетінің аға тілшісі, бас редактордың экон. мәселелер жөніндегі орынбасары (1990–96), «Жас Алаш», «Ақ жол Қазақстан» газеттерінің бас редакторы (1996–05), «Егемен Қазақстан республикалық газеті» АҚ бас директоры (2005–07), «Астана Хабары» газетінің бас редакторы (2007–08), «AIQYN» газетінің бас редакторы (2008–19) қызметтерін атқарды. 2017 жылдан ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық



Жүсіп Нұртөре

сананы жаңғырту» бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі. 2019 жылдан ҚР Парламенті Сенатының депутаты. «Біз кімнен кембіз?» (2001), «Қазақ қызы» (2004), «Елес пен белес» (2006), т.б. кітаптардың авторы. ҚР Журналистер одағының Б.Бұлқышев, С.Сәдуақасов атынд., сондай-ақ Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы президенттік, «Алтын адам», Қазақстан Журналистер одағының «Алтын жұлдыз» (2000), т.б. сыйл-тарының иегері. «Құрмет» (2009), «Парасат» (2021) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2018), Шиелі ауд-ның (2018) құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ЖҮСІП Сағат (10.6.1944 ж. т., Сырдария ауд. Бірқазан а.) – журналист, аудармашы, өлкетанушы. Дойбыдан ҚР-ның спорт шебері (2011). Қызылорда мед. уч-щесін (1964), Қазақ а. ш. ин-тын (1975, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Еңбек жолын Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауд. «Інкәрдария» кеңшарында мед. пункт меңгерушісі болып бастаған. Қызылорда обл. атқару к-тінде нұсқаушы, бөлім бастығы, бас жоспарлау-экон. басқарма бастығының орынбасары (1985–91), обл. «Азат» қозғалысы ұйымының төрағасы (1990–95) қызметтерін атқарған. 22 кітап, оның ішінде дойбы спорты туралы қазақ тілінде шыққан 4 кітаптың (2006, 2011, 2017, 2020) авторы. «Қанішер Герджодтың



Жүсіп Сағат

қолжазбасы (2008, 2012), «Ашаршылық ақиқаты» (2015, 2019), «Сыр бойындағы жолбарыстар» (2017), «Ақмешіт – Қызылорданың тарихы» (2020), т.б. еңбектері жарияланған. Дойбыдан Қазақстанның 2 дүркін (1973, 1978), сондай-ақ соқырлар арасындағы чемпионы (2023). Азаттық сыйл-ның иегері (2008).

Қ.Омаров



Жүсіпов Бегайдар

ЖҮСІПОВ Бегайдар (25.11.1920, Тереңөзек ауд. – 3.8.2006, Алматы қ.) – заңгер, Қазақ КСР-інің еңбек сің. заңгері (1971), соғыс ардагері. Қызылорда т. ж. қатынасы техникумын (1939), Бүкілодақтық заң (1946) ин-тын бітірген. Қызылорда қ. партия к-тінің іс басқарушысы (1939–40), Кеңес әскері қатарында ротада саяси жетекші (1940–42), Қызылорда қ. прокурорының (1942), Алматы обл. прокурорының орынбасары (1947–50), Қазақ КСР Прокуратурасының маңызды істер жөніндегі тергеушісі (1942–44), Алматы обл-ның прокуроры (1950–52), Қазақ КСР Прокурорының 1-орынбасары (1952–62), Қазақ КСР Жоғ. Сотының төрағасы (1962–70), Қазақ КСР Әділет министрі (1970–84) қызметтерін атқарды. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

ЖҮСІПОВ Берік Мырзалыұлы (7.3.1970 ж. т., Арал ауд. Ақбасты а.) – фольклортанушы, этнограф, этномузыкатанушы, филол. ғыл. канд. (1999), доцент (2001). Қазақ ұлттық консерваториясының Құрметті проф. (2021). Алматы мемл. консерваториясын (1995, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы), Қызылорда ун-тін (2010), «Нұр-Мүбәрак» Египет – Ислам мәдениеті ун-тінің докторантурасын бітірген. Ж.Елебеков атынд. эстрада-цирк



Жүсіпов Берік

колледжінде мұғалім (1995–96), Қазақ ұлттық консерваториясында оқытушы (1996–98), аға оқытушы (1998–2000), халық әні кафедрасының меңгерушісі (2000–03), «Жетісу» акцион. қоғамының (2003–05), Алматы қ-ндағы «ТайқазанТехносервис» мекемесінің менеджері (2005–08), «Кентавр» газетінің жауапты хатшысы (2008), Қызылорда обл. мәдениет басқармасының бастығы (2008–13), «Қа-

зақстан халқының рухани даму қоры» АҚ вице-президенті (2013), ҚР Мемл. қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттінің Алматы қ. бойынша департаментінде кеңесші (2015–16), «Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры (2017–19), Алматы қ. бойынша «Рухани жаңғыру жобалық офисі» ЖШС бас менеджері, директордың орынбасары (2019–21) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемл. тарихи-мәдени музей-қорығының директоры. Ж. 300-ге жуық ғыл.-көпшілік, танымдық еңбектің, оның ішінде «Жыр күмбезі» күйтабағының (1990) авторы. «Мырзастағы жыр мектебі» (1991), «Жиделі-Байсын күйлері» (2000) «Күретамыр», «Жырдария», «Ойтұмар» (2009), Сүлейлер» (2010), «Адырна» (2011), «Эпикалық жыршылық дәстүр: репродуктивті-туындатпа, креативтік-шығармашылық егіз қосарлану мәселесі» (2019), т.б. монографиялары, оқу құралдары мен жинақтары жарық көрген. «Мирас», «Кәнекей, тілім сөйлеші!», т.б. авторлық бағдарламалары Қазақ радиосының Алтын қорына (2006–08) енген. «Маңғыстаудың музыкалық мұралары» (2007), «Сыр сүлейін сұрасаң» (2008), «Қайталанбас дауыстар» (2011, қазақ, орыс тілдерінде), «Қазақстандағы этностардың музыкалық мұралары» (2015, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде,) муз. антологиялардың авторы, ғыл., танымдық, көркем қойылымды «Жырау» (2011), «Қаһарман» (2014), «Ақшатауды асқақтатқан асыл рух» (2013) фильм-портрет жобаларының жетекшісі. Респ. «Жігер» (1987), «Түрік дүниясы ұзандары» (Анкара, 2000), «Шарк Тораналари» (Самарқанд, 2001) фестивальдерінің, сондай-ақ Пазырықта (Алтай, 2004), Иранда (Тегеран, 2005, 2010) өткен қайчылар халықар. конкурстарының жеңімпазы. Халықар. «Түрксой мұрагер» (1999), респ. «Дарын» мемл. жастар (2000) сыйл-тарының иегері. «Құрмет» (2019) орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Арал, Жалағаш аудандарының құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ЖҮСІПОВ Мұзарап (14.10.1905, Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а. – 21.3.1972, сонда) – ақын, күйші, әнші. Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шәкірті. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Мектепте мұғалім (1926–36), ұжымшарда есепші (1937–43) болған. Ж-тің ақындық, әншілік, күйшілік жыраулық өнерге бейімделуіне ақын-жыраулар Жиенбай, Тасберген, Омар, Тұрмағамбет, Кете Жүсіп Ешниязұлы, т.б. ықпал еткен. Ж-тің «Тамшы» (1925), «Үш насихат» (1926), «Үш жұмыртқа» (1927), «Самұрық» (1948), т.б. дастандары сақталған. Есмахан мен Оразгүл атынан алғашқы мысал айтысынан бастап, көптеген ақындармен, мыс., Ж.Құлмырзаев, Ә.Тұрмағамбетов, Ә.Оңалбаев, Ш.Шегебайұлы, т.б. айтысқа түскен. «Тасқын» (1922), «Балымша-ай», «Шынар-ай» (1930), «Жастармыз» (1937), «Көркем қыз», «Шаттық», т.б. көптеген әндер мен күйлердің сазгері. 1962 ж. Ж-тің орындауында 34 ән таспаға түсірілген. Халық шығарм-нан 1000-ға жуық өлең-жыр жинап, қолжазба қорына тапсырған. Шығармалары «Пернедегі термелер» (1965), «Айтыс» (1966), «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» (1973) жинақтарында жарияланған.

Б.Нұржанов

ЖҮСІПОВ Сабит (1922, Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а. – 1991, Жосалы қыстағы) – жыршы. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Жасынан ата дәстүрін жалғастырып, жыршылық-жыраулық өнерді игерген. Жыраулық өнерімен Сыр бойына, Қарақалпақстан, Бұхара, Науаи облыстарына танылған. «Көроғлы», «Һақ Сүлеймен», «Би мұрық», «Шаһизада», т.б. дастандарды, сондай-ақ Сыр сүлейлерінің толғау-термелерін шебер орындаған.

ЖҮСІПОВ Сейіт-Асқар (13.12.1928, Сырдария ауд. А.Тоқмағамбетов а. – 1974, Көкшетау қ.) – заңгер, 3-сынып мемл. әділет кеңесшісі. Алматы мемл. заң ин-тын (1949), КСРО ҒА Философия және құқық ин-тының аспирантурасын (1954) бітірген. Сол ин-тта сырттай бөлімде меңгеруші, Қазақ КСР Әділет мин-нің аға ревизоры (1954–58), Алматы обл. сотының мүшесі, төрағасының орынбасары (1958–62), Алматы обл. прокурорының орынбасары, 1-орынбасары (1962–70), Көкшетау обл-ның прокуроры (1970–74) қызметтерін атқарған.

Қ.Омаров

ЖҮСІПОВА Қазына (1938, Жалағаш ауд. Мәдениет а. – 29.1.2009, Қызылорда қ.) – Соц. Еңб. Ері (13.12.1972). Еңбек жолын



Жүсіпова Қазына

1955 ж. Жалағаш ауд. Аққұм а-нда күріш өсіруден бастап, жастардың күріш звеносына жетекші болған. 1964–68 ж. күріш звеносының жетекшісі ретінде жыл сайын күріштің әр гектарынан 90–100 ц-ден жоғары сапалы өнім алған. КСРО Жоғ. Кеңесінің 8-шақырылған депутаты (1970–74). Еңбек Қызыл Ту (1971), Ленин (1972) орденімен, медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ЖЫЛАН (Serpentes, ophidia) – бауырымен жорғалаушылар класы қабыршақтылар отрядының бір тармағы. Ертедегі Ж-дардың қазба қалдықтары (ұз. 11 м-дей) бор кезеңінен сақталған. Денесі жұмыр, ұзын (ұз. 8 см-ден 12 м-ге дейін жетеді). Денесін мүйізді қалқаншалар мен қабыршақтар жапқан. Арқа мен бүйірлерін ұзына бойы қатарласа орналасқан, ромбы тәрізді қабыршақтар жапқан. Бауыры көлденең жатқан ірі қалқаншалармен жабылған. Көздерінде қозғалмалы қабақтары болмайды, олар мөлдір қабықпен жабылған (кейбір түрлерінің, мыс., соқыр жыланның көздері тері астында орналасқан). Күндіз белсенді тіршілік ететін Ж-дардың көз қарашығы дөңгелек болса, ымыртта, түнде белсенді тіршілік ететіндерінде – тік бағытта орналасқан саңылау тәрізді. Сыртқы құлақ (есту) тесігі және дабыл жарғағы болмайды. Сондықтан Ж-дар ауадағы дыбысты естімейді. Тілі ұзын, ұшы – айыр. Сезу қызметін тілі мен бір жұп Якобсон мүшесі атқарады. Тістері жіңішке, өткір, артқа қарай иілген, усыз Ж-дарда тістері жемтігін ұстау қызметін атқарады. Улы Ж-дардың жоғ. жақтарында у ағатын өзекшесі бар улы тістері орналасқан, олар қозғалмалы (алға-артқа қарай). Аяқтары жоқ, тек айдаһар, ұршық тәрізді жыландар, соқыр жыландар, бүрме ауызды Ж-дардың кейбір түрлерінде ғана жамбас белдеуінің қалдығы мен артқы аяқтарының тырнақ тәрізді жұрнағы сақталған. Қысқа әрі жуан Ж-дарда омыртқасының саны – 141, ал ұзын әрі жіңішкелерінде – 435-ке жетеді. Омыртқамен жалғасатын қабырға өте қозғалмалы, төс сүйегі жоқ, сондықтан қабырғалары екі жаққа созылып, ірі жемтігінің ешбір кедергісіз өтуіне мүмкіндік береді. Ішкі мүшелері асимметриялы орналасқан. Көпшілігінде өкпесі біреу (сол жақ өкпе жойылған). Қуық болмайды; бүйректері мен тұқым бездері ұзына бойы созылып жатады. Аталықтарының шағылысу мүшесі (әдетте, тікенді қос қапшық тәрізді) аналь тесігінің артына қарай құйрығының астында орналасқан. Ж-дар жылына 2–4 мәрте түлейді. Сыдырық (Ж-ның түлеген эпидермис қабығы) тұтастай түседі. Ж-дар Жер шарына кең тараған (тек Антарктидада ғана кездеспейді), 3000-ға жуық түрі белгілі. Олар 12 тұқымдасқа бірігеді. Ең көбі – сарыбас Ж-дар (Colubridae), олардың 1500-дей түрі бар. Сондай-ақ, үлкен тұқымдастар: аспидтердің (Eiapidae) – 180, соқыр жыландардың (Typhlopidae) – 170, боз жыландардың (Crotalidae) – 122 түрі, ал қалған тұқымдастардың әрқайсысында 100-ге жуық түрлері белгілі. Қазақстанда 5 тұқымдасқа жататын:

соқыр жыландар (1 түрі), айдаһарлар (2), сарыбас жыландар (12), сұржыландар (2), бозша жыландардың (1) 18 түрі белгілі. Ж-дардың көпшілігі құрлықта, әдетте, қалың шөп өскен жерлерде, ағаш басында, шөлді аймақтарда, кейбір түрлері тұщы сулар мен теңіз-мұхиттарда тіршілік етеді. Жыртқыш түрлері тышқантәрізділер, бақалармен, омыртқасыздармен қоректенеді. Жылына бір рет көбейеді. Көпшілік Ж-дар жұмыртқа салады (қарашұбар жыландар, гюрзалар, т.б), ал кейбіреулері (сұржыландар, бозша жыландар, т.б.) тірі туып көбейеді. Жеке-дара немесе топтанып (мыс, сұржыландар) қыстайды. Топтанып қыстайтын түрлерін халық «ордалы жыландар» деп атайды. Ж. зиянды кеміргіштер, моллюскілер және жәндіктермен қоректеніп, пайда да келтіреді. Кейбір түрлерінің терісі әсемдік бұйымдар, еті тамақ жасау үшін, ал уы медицинада қолданылады. Ж-дардың уы (әсіресе, тропикалық елдерде) тек жануарларға ғана емес, адам өмірі үшін де аса қауіпті. Орта Азия елдерінде улы Ж-дардан, кобра, гюрза, эфа, Қызылорда обл-нда дала (тамғалы) сұржыланы (Vipera renardi), кәдімгі сұржылан (V. berus), бозша жылан немесе қалқантұмсық жылан (Agristrodon halys), оқ жылан кездеседі. Ж-дардың терісі, еті, уы үшін көп аулау, сондай-ақ, бей-берекетсіз өлтіру, олардың көптеген түрлерінің азаюына, таралған аймағының тарылуына соқтыруда. Осыған орай олардың 26 түрі мен түр тармағы Халықар. табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына», ал Қазақстандағы 4 түрі ұлттық «Қызыл кітапқа» енгізілген (1996).

Б.Есжанов



Жылгелдиев Сағат

ЖЫЛГЕЛДИЕВ Сағат (12.12.1954, Жалағаш ауд. Аққыр а. – 15.5.2022, Алматы қ.) – актер, ҚР-ның еңбек сің. арт. (1995). Қазақ драма театры жанындағы театр студиясын (1972), Қазақ ұлттық консерваториясының актерлік бөлімін (1977) бітірген. Талдықорған қазақ драма театрында (1977–97), Қазақ мемл. академ. балалар мен жасөспірімдер театрында (1997 жылдан өмірінің соңына дейін) актер болған. Ол ойнаған ақын (И.Сапарбаев, «Ауылдан келген ару»), Байжан (И.Ғайып, «Алтын ажалында»), Абдолла (С.Балғабаев, «Ең әдемі келіншек»), Қожа Ахмет Ясауи (О.Дастанов, «Әзірет Сұлтан»), Шеге, Байдалы би, Сердәлі (Ғ.Мүсірепов, «Қыз Жібек», «Ұлпан», «Ақан сері – Ақтоқты»), т.б. рөлдерімен танылды. «Құрмет» (2021) орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

ЖЫЛҚАЙДАР (т.–ө.ж.б.) – 18 ғ-да өмір сүрген батыр. «Қалмаққырылған» шайқасында Әбілқайыр қосынында әлім қолын басқарған мыңбасы – Сартай батырдың қол астында 13 жасында ұрысқа түскен. Оның ерлігіне сүйсінген Нұрбай би баласы Амалдыққа Ж-дың қызын алып берген. Одан Бекарыстан би туған. Ж. қарақалпақ батыры Тықының қолынан мерт болып, ал Тықыны жекпе-жекте 17 жасар Жанқожа батыр өлтірген.

ЖЫЛҚЫАМАН Отыншыұлы (1712, Арал ауд. Бөген елді мекені Ақшатау өңірі) – 1796, Өзбекстан, Нұрата маңы) – батыр. Ұлт-азаттық қозғалыстың көрнекті қайраткерлерінің бірі. Нұрмағанбет Қосжанұлының «Сартай батыр» жырында 13 жасар жас бала Ж-ның ерлігі тамаша суреттелген. Ж. қалмақтармен болған ұрыстарда, Қоқан, Хиуа хандықтарының Сыр бойына жасаған шапқыншылықтарында ерен ерлік үлгісін көрсеткен. Өз заманында қаруластары арасында алғаш отты қару (мылтық) ұстап, сұрмерген атанған. 2000 ж. Ақбасты елді мекенінде Ж. батырға зәулім



Жыңғыл

кесене тұрғызылып, ас берілді.

ЖЫҢҒЫЛ (Tamarix) – жыңғыл тұқымдасына жататын бұта. Қазақстанның далалы, шөлді аймақтарында таралған 11 түрі, 2 буданы бар. Қызылорда обл-нда кең тараған түрі – ұзын Ж. Ол өзен бойларында, тоғайлардың арасында, құм, саз, сортаң топырақты далада кездеседі. Биікт. 1–3 м, қабығы қою қызыл не сарғыш-қызғылт түсті. Жапырағы ұсақ, жұмыртқа тәрізді, сабақ бойына кезектесіп орналасады. Гүлі қос жынысты, қызғылт, ақшыл көк түсті. Мамыр айынан қыркүйекке дейін гүлдейді. Гүл шоғыры – масақ не сыпыртқы. Жемісі – үш қырлы қауашақ. Құрғақшылыққа, сортаң жерге, суыққа төзімді. Жапырақ, сабақ және тамырларында тері илегіш заттар болады. Оның дәрілік-декоративтік маңызы бар. Шөлейтті аудандарды көгалдандыруға қолданылады.

С.Арыстангалиев

ЖЫҢҒЫЛТҮБЕК – Арал т-нің қазақстандық бөлігіндегі түбек. Қасқақұлан аралынан шығысқа қарай 21 км жерде орналасқан. Аум. 17,9 мың га. Түбек тұсында теңіздің жағасы ені 3–4 км абразиялық жиынды жазық сәл ылдилап теңізге түседі. Теңіз толық кезінде мұнда өсімдік жабындысы өте қалың өседі. Бұталардан жыңғыл, шеңгел, қарабарқын, ақтікен, төм. белдікте ақбасшөп, жантақ, шағыр (ақжусан), әр түрлі сораңдар ұйлығып тұрады. Ондай шөптесінді жолақтардың ені бірнеше 100 м-ге жетеді. Қазір олардың түрлік құрамы сақталғанымен биомассасы азайып, қатты сиреп кетті.

А.Нұрғызарынов

ЖІБІЛГЕН (Clematis) – сарғалдақтар тұқымдасына жататын көп жылдық бұта. Облыстың барлық өңірінде кездеседі. Орманды, бұталы жерлерде, тау беткейлері мен шатқалдарда, өзен, жылға жағалауындағы ылғалды жерлерде өсетін 6 түрі бар. Олардың биікт. 30–120 см, ішінара 5 м-ге жетеді. Өрмелеп өсетін сабағы бірте-бірте жуандап, шырмауық тәрізді иілген бағанға айналады. Ақ, сары, көк, көгілдір түсті дара гүлдері 4–8 тостағанша жапырақшадан тұрады. Аталығы кеңейіп, дөңес гүл тұғырында жетіледі. Аналығы көп, бір ұялы, бір тұқым бүршігінен құралады. Жемісі – тұқымша. Ж-дердің гүлі әдемі болғандықтан, әсемдік үшін өсіріледі. Арасында мал жемейтін улы түрі (мыс., Жоңғар Ж-і) де бар.

Ж.Қожантаева

ЖІҢІШКЕҚҰМ – Арал ауд-ндағы ауыл, Жіңішкеқұм ауылдық окр-не қарайды. Арал қ-нан шығысқа қарай 130 км, округ орт. – Тоқабай а-нан 110 км жерде, Жіңішкеқұм құмды алқабының шығысында орналасқан. Ауыл 1976–96 ж. қаракөл қойын өсірген өзімен аттас кеңшар бөлімшесінің орт. болды. Бөлімше негізінде Ж-да шаруа қожалығы құрылды.



Жібілген

З

ЗАҢҒАР – ежелгі қала орны. Қазалы ауд. Байқожа т. ж. бекетінен 12 км жердегі Кеңтүп елді мекені маңында орналасқан. 1868 ж. құрылған З. болысы 1920 жылға дейін осы атаумен аталған. З. кейбір деректерде Зіңгіт деп те аталады. Тағы бір деректерде З-дың ертеректе қамал болғаны, қабырғаларының өте қалың болып, қорғанының биікт. 5 сажынға жеткені айтылады. Арнайы археол.-зерт. жұмыстары жүргізілмеген. Көпшілік зерттеушілер қалада адамдар 15–17 ғ-ларда тіршілік еткен деген пікірде. З. Қазақ хандығы тұсындағы шағын қалалардың бірі болуы ықтимал.

Д.Байгунаков

ЗАҢҒАР – ежелгі қалашық орны, Інкәрдария а-нан Оңт-ке қарай 30 км жерде орналасқан. Іңкәрдария өз-нің ескі арнасы маңындағы қалашық 9–11 ғ-лардан сақталған тарихи ескерткіш. З. ортағасырлық қалашық орнында көптеген тұрғын үйлер мен түрлі құрылыс орындары, орт. бөлігіндегі цитадель, қаланы айнала қоршап жатқан бекініс қамалы сақталған. Қала аум. 250х180 м. Қорған ішінен тұрғызылған цитадель тікбұрышты бекініс қабырғамен қоршалған, онда 7 қарауыл мұнарасы мен оңт.-батыс жағында қақпа сақталған. Цитадель қам кесектен тұрғызылған. Қаланың сыртқы қамалында да қарауыл мұнаралары сақталған және қамал сыртынан айнала ор қазылған. Қалашықтың құрылыс материалдарына саз пайдаланылған.



Заңғар – ежелгі қалашық орны


ЗАРҚҰМ Қуанышұлы (1865, Жалағаш ауд. Аққыр а. – 1918, Қарауылтөбе а.) – би, жастайынан ел-жұртын еркіндікке жеткізуді мақсат тұтып, қарапайым халық мүддесін қорғаған билердің бірі. Патшалық Ресейдің билік жүйесін мойындамаған З-ды Ресей әкімш. екі рет (1900, 1903) Иркутскіге жер аударған. З. Жаңадария өз-нің бір саласы – Майлыөзектің бойынан арық қаздыру арқылы елді егіншілік кәсіпке баулып, маңындағы ауыл халқын 1916 ж. ашаршылықтан аман алып қалған. 1917 жылғы Ақпан революциясын қолдап, мыс., Х.Ибрагимовтың Перовск уездік кеңес басшысы ретінде тағайындалуына үлкен үлес қосқан. 1917 ж. 27 наурызда 7 болыстан



Зарқұм белгісі

2 мыңнан астам адам қатысқан Сырдария өз. бойындағы көне көпір маңында өткен [Перовск қ-ның (қазіргі Қызылорда қ.) батыс жағы] митингте қазақ және орыс тілдерінде сөз сөйлеп, шешендік өнерімен танылған. Қазақ депутаттарының уездік кеңесіне мүшелікке сайланған З. 1917 ж. 2–5 тамызда Ташкент қ-нда өткен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының съезіне делегат болған. Съезге қатысқан Перовск уезінің делегаттары қатарында З. съездің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жергілікті ұлт мүддесіне сай шешімдердің қабылдануына атсалысқан. З. еркіндік, теңдік, әділеттілік сынды ұрандарымен халықтын бірқатар бөлігіне бас болып, қызылдар мен олардың жетекшісі, Перовск жұмысшылар мен солдаттар кеңесінің төрағасы И.Гержодтың саясатына наразылықтарын білдірген. Өзін тәртіпке шақырмақ болған уездік милиция жасағын (бастығы Ж.Есенов) Перовскіге дейін қуып тастаған. Осыны сылтауратқан совдеп төрағасы Гержод 1918 ж. 21 маусымда З-ды үш баласымен (Сейдахмет, Бижүсіп, Жүсіпахмет) және 4 туысқан інісімен тұтқынға алған. 14 жасқа толмаған кенже баласы Жүсіпбекті ауыл тұрғындары шиге орап жасырып, аман алып қалған. Сол жылы желтоқсанда уездік төтенше комиссияның қаулысы және Перовск совдепіне қарасты әскери рев. трибуналдың үкімімен З. ұлдарымен атылған (барлығы 54 адам). Гержодтың Сыр бойы халқына зұлымдығы шектен шығып, ол Т.Рысқұловтың ықпалымен Ташкент совдепі тарапынан 1919 ж. қарашада тұтқынға алынып, 10 жылға сотталған. Бірақ Гержод Мәскеудегі жанашырлары арқылы жазадан құтылып кеткен. Жалағаш ауд. партия к-тінің 1-хатшысы Қ.Қазантаевтың қолдауымен 1978 ж. батырдың туған жерінде (Аққыр а. маңындағы қыстау) биікт. 7 м белгі қойылды. З-ның есімі 2011 ж. Қызылорда қ. көшелерінің біріне берілді.

Қ.Омаров



Зәкіров Қайырбай

ЗӘКІРОВ Қайырбай (25.2.1945 ж. т., Арал қ.) – суретші, Қазақстанның еңбек сіңі. өнер қайраткері (1988). ҚР-ның көркемөнер академиясының акад. Алматы қ-ндағы О.Таңсықбаев атынд. көркемсурет уч-щесін (1965), ҚазПИді (1968, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Қазақстан Суретшілер одағының Қызылорда бөлімшесінің өкілі (1978–87), Қызылорда мемл. ун-тінде (1992–95, қазіргі Қызылорда ун-ті) кафедра меңгерушісі болды. 1968 жылдан респ., одақтық, халықар. көрмелерге (АҚШ, Франция, Португалия, Қытай, Румыния, Йемен, Марокко, т.б.) қатысты. 1986 ж. Йемен мемлекетінің Сана, Аден қ-ларында «Қазақ графикасы» көрмесін ұйымдастырды. 2014 ж. халықар. «ТҮРКСОЙ» түркі мәдениетін дамыту ұйымының ұйымдастыруымен Қазан қ-нда өткен халықар. симпозиумда «Қорқыт», «Бегім ана», «Балқы базар» картиналары жоғары бағаланып, бас бәйгені жеңіп алды. З-тің қатысуымен Әйтеке би кентінде Жанқожа батыр кесенесі, Қызылорда қ-нда Келмембет батыр ескерткіші, Н.Бекежанов, М.Көкенов, И.Әбдікәрімов мүсіндері қойылған. «Шалқасынан туған Ай» өлең кітабы (2005), «Құс жолы» альбомы жарық көрген (2011). Әзербайжан, Орта Азия және КСРО Суретшілер одағының дипломанты, ҚР Президенті және Қызылорда обл. әкімінің стипендиаты. «Алтын адам» номинациясы бойынша «Самғау» медалімен марапатталған.

Қ.Омаров

Й

ЙАҒҚУБ әл-Женди – Жент қ-нан шыққан ғұлама, белгілі ақын, мәшһүр әдебиетші. Хорезмдік үлкен ғұлама аз-Замахшаридің (1075–1144) замандасы. Й. терең білімді, заманының үлкен данышпаны, парасат иесі болған. Йақұт ар-Руми деректеріне қарағанда, Жентті моңғолдар қиратқанға дейін өмір сүрген, бірақ Йақұт жазбаларында оның туған және қайтыс болған жылдары көрсетілмеген. Йақұт ар-Руми Сыр бойындағы Жент шаһарына арнайы тоқталып, бірқатар қызықты мағлұмат береді. Солардың бірінде «бұл қаладан қазы, белгілі әдебиетші (әл-әдиб әл-алим), көркем ойлы ақын (аш-шаир әл-мунши), тілші (ан-нахуи) Йағқуб бин Ширин әл-Женди шыққан» делінген. Й. әдебиет, тіл білімі ғылымына байланысты көптеген кітаптардың авторы.

Ә.Дербісәлі



ИБАДУЛЛАЕВА Салтанат (25.6.1965 ж. т., Қызылорда қ.) – биол. ғыл. докт. (2007), проф. (2010), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2015). Қызылорда пед. ин-тын (1987, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қызылорда ун-тінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1987–2010) қызметтерін атқарған. 2011 жылдан сол ун-ттің проф. Халықар. «Болашақ» стипендиясы аясында ғыл. тағылымдамадан өткен (Швейцария, 2013). Ғыл. жұмыстарының



Ибадуллаева Салтанат

басты бағыты: мұнаймен ластанған экожүйелер мониторингі, т.б. И. 230-дан астам ғыл. еңбектің, оның ішінде Scopus базасына енген 15 мақаланың, сондай-ақ 3 монография, 14 оқулық пен оқу-әдістемелік құралдың, 2 патенттің авторы. 4 ғылым кандидатын, 3 Ph.D даярлаған. Мемл. ғыл. стипендияның (2010) иегері. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2007, 2014).

Қ.Омаров



Ибрагимов Баймахан

ИБРАГИМОВ Баймахан (1909, Қармақшы ауд. – 1962) – қоғам қайраткері. Қазалы қ-ндағы 7 жылдық мектепті (1927), Ташкент қ-ндағы Қазақ орман ш. техникумын (1930) бітірген. Қазақстан ЛКЖО Қармақшы, Түркістан, Қызылорда, Жамбыл қалаларындағы хатшысы (1930–37), Алматы қ-ндағы марксизм-ленинизм ин-тының тыңдаушысы (1937–38), Қазақстан БК(б)П Жаркент ауд. партия к-тінің 1-хатшысы, Алматы обл. партия к-тінің 2-хатшысы (1938–42), 2-дүниежүз. соғыс жылдары Кеңес әскері құрамындағы 4-Украина, 3-Украина майдандары саяси бөлімдерінің басшысы (1942–45), Алматы қ. Дала әскери окр-нің жалпы әскери құрамалары партия ұйымдарының хатшысы, Қазақстан БК(б) П ОК әскери бөлімінің меңгерушісі (1946–47), Қызылорда обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1947–50), Қазақ КСР орман ш. министрінің орынбасары (1950–53), Қазақ КСР әлеум. қамсыздандыру мин-нде бөлім меңгерушісі (1953–55) қызметтерін атқарған. 1955 жылдан өмірінің соңына дейін Талдықорған (қазіргі Жетісу) обл. Панфилов қ-нда жұмыс істеген. «Қызыл жұлдыз» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Ильин Илья

ИЛЬИН Илья Александрович (24.5.1988 ж. т., Қызылорда қ.) – ауыр атлетикадан ҚР-ның еңбек сің. спорт шебері (2005). 4 дүркін әлем чемпионы (2005, 2006, 2011, 2014). Жасөспірімдер арасында ауыр атлетикадан Қазақстан чемпионатының жеңімпазы (1997), Ph.D (2016). Қызылорда мемл. ун-тін (2009, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. 2020–22 ж. Қызылорда қ. «Мұз айдыны» спорт кешенінің директоры қызметін атқарған. 2022 жылдан ауыр атлетика бойынша онлайн академиясын (Астана қ.) басқарады. «Отан», 1-дәрежелі «Барыс», «Құрмет» ордендерімен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2008).

Қ.Омаров



Илялетдинов Альфарид

ИЛЯЛЕТДИНОВ Альфарид (16.1. 1929, Сырдария ауд. Бесарық ст. – 2010, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1967), проф. (1968), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері (1971). Мәскеу мемл. ун-тін (1951) және оның аспирантурасын (1954) бітірген. Қазақстан ҒА Топырақтану ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер (1954–57), Микробиология және вирусология ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер, лаборатория меңгерушісі (1957–66), директоры (1966–94) және Қазақстан ҒА Биология ғылымдары бөлімшесінің акад.-хатшысы (1985–90), Микробиология және вирусология ин-тының құрметті директоры және лаборатория меңгерушісі (1994), Қазақ ұлттық агр. ун-тінің проф. (1999–2000) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері табиғаттағы органик. және минералдық заттардың айналымындағы микроорганизмдердің рөлін зерттеуге және оларды мал азығын өндіруде қолдануға арналған. И. 217 ғыл. еңбектің, оның ішінде 4 монография, 24 авторлық куәліктің иегері. Өнеркәсіптің ластанған суларын ауыр металдар ионынан, цианидтерден және органик. ластанулардан тазарту үшін микроорганизмдерді пайдалану жөнінде іргелі ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізіп, ғылымда анықталмаған факультативті анаэробты бактерияларды тапты. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Имандосов Самұрат

ИМАНДОСОВ Самұрат (20.6.1948 ж. т., Қазалы ауд. Майлыбас а.) – қоғам қайраткері, кәсіпкер, меценат, ҚР-ның Құрметті құрылысшысы (2009). Қазалы суландыру жүйелері басқармасының инж.-экономисі, гидротехнигі, бөлім бастығы (1969–72), Қазақ КСР №64 минералды су ш-ның аға прорабы, бас инж., ЖМК-ның бастығы (1972–80), №86 ЖМК бастығы (1980–92), «Қазалы су құрылысы» тресінің басқарушысы, «Жер-Су» АҚ президенті (1992–94), Қазалы ауд-ның әкімі (1994–95), «Жер-Су» АҚ вице-президенті, президенті (1996–2000), «РЗА» АҚ президенті (2000 жылдан) қызметтерін атқарған. Өңірдің а. ш. саласына елеулі үлес қосып келеді. И. ҚР Жоғ. Кеңесінің 12-шақырылған депутаты (1990–93), Қызылорда обл. мәслихатының 2-, 3-, 4-шақырылған депутаты (1999–2011). 3-дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет», «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2011), Қызылорда қ-ның, Қазалы ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

«ИНТЕГРОСТРОЙ», ЖШС – құрылыс нысандарын салу, күрделі жөндеуден өткізу бағытындағы кәсіпорын. 1998 ж. обл. «Агропромстрой» тресіне қарасты №1 ЖМК базасы негізінде құрылған. Онда 150-ге жуық адам тұрақты еңбек етеді. Мекеме құрылысқа қажетті құрал-жабдық, көлік, т.б. толық жабдықталған. Серіктестік облыста және аудандарда, Қызылорда қ-нда көптеген құрылыс нысандарын салып, күрделі жөндеуден өткізіп, халық игілігіне пайдалануға бе-

руде. Компанияның директоры – ҚР-ның Құрметті құрылысшысы Б.Ысқақов. Серіктестік Ә.Тәжібаев атынд. 400 мыңнан астам кітапқа арналған обл. әмбебап ғыл. кітапхана, аудандардағы әкімш. ғимараттар, дене шынықтыру және сауықтыру кешендері, клуб, балабақша, т.б. көптеген құрылыс нысандарын салған. Сырдария өз-нің сол жағалауында және СПМК-70/4 тұрғын кварталында 40, 50, 60, 70 пәтерлік тұрғын үй құрылыстары халық игілігіне берілген. Тасбөгет кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салып, 1905 жылғы ескі т. ж. вокзалы ғимаратының сыртын қайта жаңғыртуға қатысты. «И.» Қазақстанда құрылыс және экономиканы дамытуға қосқан зор үлесі үшін «Сала көшбасшысы» құрметті атағын (2021) иеленген.

Қ.Омаров

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ – ғимарат, Қызылорда қ-нда 2024 жылдан салынуда. Жоба құны – 10,9 млрд тг. Орт. іске қосылған кезде: балаларды тегін қосымша біліммен қамту үлесі артады; оқушылар спорт.-шығарм. бағыттар бойынша білімін жетілдіріп, халықар., респ. олимпиадаларға дайындалады, т.б.

ИСАЕВ Әли (8.5.1898, қазіргі Жаңақорған ауд. Екпінді а. – 26.10.1976, сонда) – күрішші, соғыс және еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (20.5.1949). Үш жылдық агрономиялық курсты бітірген (1953). «Байзақ көл» кооперативтік бірлестігінде бидай егісінің сушысы (1926–28) болған. «Екпінді» ұжымшарында мақташылар звеносына (1928–37), күріш звеносына (1937–42) жетекшілік етті. 2-дүниежүз. соғыстан кейін бұрынғы кәсібіне қайта кірісіп, күріш звеносын басқарды (1945–61). 1948 ж. И. 5 га күріш егістігінің әр гектарынан 80,5 ц-ден астық жинады. Ол 1953 жылдан бастап 7 жыл бойы күріштен мол өнім алған. Ленин орденімен (1949, 1953) марапатталған. Есімі Қызылорда қ-ндағы, Төменарық а-ндағы көшелерге берілген.

Қ.Омаров



Инновациялық шығармашылық орталығы

ИҮГІНЕКИ Ахмед, Югнаки Адиб Ахмед ибн Махмуд (12 ғ-дың соңы, Түркістан өңірі – 13 ғ-дың басы, сонда) – ортағасырлық ақын, хакім, ойшыл. И. жастайынан араб, парсы тілдерін еркін меңгерген білімді адам болған. И-дің шығыс халықтарына кең тараған «Хибатул-хақайық» Ақиқат сыйы дастаны Қарақанид түріктерінің тілінде Сыр бойында жазылған, шығарманың атауы ғана арабша қойылған. Бірнеше қолжазбасы бар – Самарқанд нұсқасы қазір Түркияда Ыстанбұл кітапханасында сақтаулы. Араб әрпімен көшірілген бір нұсқасы Берлин кітапханасында. Ақын туралы мәліметтер аз, дегенмен, оның Сыр бойында өмір сүріп, әйгілі шығармасын Сырда жазғаны белгілі. Қазақ ғалымдары, мыс., «Ақиқат сыйының» Сыр бойында жазылғандығын дәлелдеді. «Ақиқат сыйы» – тақырыбы мен идеясы мораль нормалары және оқу-білім мәселесіне арналған дидактик. шығарма.

Б.Кәрібозұлы

ИІРКӨЛ – ауыл. Қызылорда қ-нан оңт.-шығысқа қарай 28 км жерде, Иіркөл көлінің оңт.-батысында орналасқан. 1950 ж. құрылған. Тұрғыны 0,1 мың (2009) адам. 1997 жылдан Қызылорда қ. әкімдігіне қарасты Тасбөгет кентіне қарайды. Ауыл тұрғындары 1965 жылдан Иіркөл көлінде тоғанда балық өсірумен айналысқан. Халықтың негізгі кәсібі – мал ш. Ауылда орта мектеп, емхана, кітапхана, клуб, сауда орт., т.б. мекемелер халыққа қызмет көрсетеді.

ИІРКӨЛ – ауылдық округ. Шиелі ауд-ндағы әкімш. бірлік. Орт. – Ы.Жақаев а. Тұрғыны 4,2 мың адам (2023). Ауылдық округтің орт. «Қызылту» ұжымшарының (қазіргі «Ы.Жақаев» ұжымшары) елді мекені болып табылады. Негізі 1928 ж. Қарғалы егінші шаруалар серіктестігі болып құрылған. 1930 ж «Қызылту» ұжымшарының іргесі қаланды. 1981 ж. «Қызылту» ұжымшарына Ы.Жақаевтың есімі берілді. И. ауылдық окр. 2 елді мекеннен тұрады – Ы.Жақаев және Жансейіт а-дары. Ауыл халқы егін және мал ш-мен айналысады. Ауылдық округте 130 шаруа қожалығы және 1 кооператив бар. Егін ш-мен 35, мал ш-мен 95 шаруа қожалығы айналысады. Ауылдық округ бойынша 1,6 мың га күріш, 70 га күздік бидай, 10 га жүгері, т.б. дәнді-дақылдар егіледі. Сондай-ақ 5690 бас мүйізді ірі қара, 5768 бас ұсақ мал, 1383 бас жылқы бар. Округте 13 сауда дүкені, диірмен, техника жөндеу орт. тұрғындарға қызмет көрсетеді. Сонымен қатар ауылда мектеп, балабақша (1 мемл., 4 жеке), мәдениет үйі, мұражай, дәрігерлік амбулатория, ветеринар. пункт, мешіт, 130 шаруа қожалығы, 125 тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істейді.

О.Айдаров



КАМАРДИНОВ Оралхан (20.3.1929, Шымкент қ. – 17.7.2006, сонда) – физ.-матем. ғыл. канд. (1967). Шымкент мұғалімдер ин-тын (1945, қазіргі Оңт. Қазақстан пед. ун-тін), Қызылорда пед. ин-тын (1950, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Орта мектептерде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директор (1950–53), Қазақ хим.-технол. ин-тында (қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) аға оқытушы, доцент,



Камардинов Оралхан

кафедра меңгерушісі, декан (1953–70), Қызылорда пед. ин-тының ректоры (1970–87), доценті (1987–94), Халықар. Қазақ-түрік ун-тінің Шымкент ин-тында (1994 жылдан) қызмет атқарған. К. 60-тан астам ғыл. еңбек, оның ішінде информатика пәні бойынша 10-нан астам оқулық пен оқу құралдарының авторы. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Кан Владимир

КАН Владимир Андреевич (19.2. 1904, Ресейдің Примор обл. Южно-Уссурийск уезі «Красное» с. – 9.10.1975, қазіргі Шиелі ауд. Бидайкөл а.) – Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). Ресейдің Қиыр Шығыс өлкесі, Хабаровск о. Калинин ауд. «Гоголевка», «Красная нива» ұжымшарында жұмысшы, бригадир (1921–33), осы обл. Постышев ауд. «Свободный труд» ұжымш-нда бригадир (1933–37) болған. Қызылорда обл. Шиелі ауд-ндағы «Гигант» ұжымш-нда жұмысшы, күріш егісі бригадирі (1937–68). 1949 ж. бекітілген 20,5 га алқаптың әр гектарынан орта есеппен 84,5 ц-ден күріш жинаған. Өмірінің соңғы жылдары Шиелі ауд. «Бірінші май» кеңшарында тұрған. Ленин

орденімен (1950), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Каримова Бейбіткүл

КАРИМОВА Бейбіткүл (2.8.1972 ж. т., Алматы обл. Кеген ауд. Шырғанақ а.) – филол. ғыл. канд. Қазақ қыздар пед. ин-тын (1994, қазіргі Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-ті) бітірген. Сонда оқытушы, аға оқытушы, деканның орынбасары (1995–2003), Алматы біліктілікті арттыру ун-тінің проректоры, Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-тінің доценті (2003–2008), ҚазҰУ колледжінің директоры (2008–2011), ҚР БҒМ «Оқулық» респ. ғыл.-практик. орт-ның директоры (2011–19) қызметтерін атқарды. 2020 жылдан Қызылорда ун-тінің Басқарма төрағасы-ректоры. К-ның ун-тті инновац.-кәсіпкерлік жоғары оқу орны ретінде қайта құру ісінде, инфрақұрылымды жаңарту, бизнес-процестерді цифрландыру, басқару жүйесі мен HR-процестердің тиімділігін арттыру, халықар. байланыстарды нығайту, ғыл. әлеуетті арттыру және кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырудағы көптеген бастамалары табысты нәтижелер көрсетуде. Ун-т QS Word University Ranking – 2024 рейтинг бойынша дүниежүзі үздік ун-ттерінің қатарына енді. К. 100-ден астам ғыл. еңбектің авторы. «Ы.Алтынсарин», «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, бірнеше медальмен марапатталған.



Кәрібаев Берекет

КӘРІБАЕВ Берекет (9.1.1964 ж. т., Арал ауд. Ақеспе а.) – көрнекті ғалым, тарих ғыл. докт. (2010), проф. (2011), ҚР ҰҒА-ның акад. (2020), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2021). ҚР Білім беру ісінің үздігі (1995). ҚазМУ-ды (1990, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Сонда ассистент, аға оқытушы, доцент, проф. (1990–2016) қызметтерін атқарған. 2016 жылдан Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі. Негізгі ғыл.-зерт. бағыты – Алтын Орда, Қазақ хандығы тарихы мәселелері. К. 700-ден астам ғыл. еңбек, оның ішінде 20 монография, 4 тарихи анимац. фильм сценарийінің авторы. «Ұлы Дала таңы» көркем фильмінің бас кеңесшісі, Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесін дайындау және өткізу жөнінде құрылған үкіметаралық комиссияның мүшесі (2015), ҚР ұлттық ғыл. кеңес мүшесі (2018–20), ҚазҰУ жанындағы «тарих», «археология және этнология», «түркология» мамандықтары бойынша Ph.D дәрежесін беретін диссертац. кеңестің төрағасы (2017–19). 2020 жылдан сол кеңестің мүшесі. «Қазақ хандығының құрылу тарихы» (2014), «Қазақ хандары. Казахские ханы. Kazakh khans» (2015), «Қазақ хандығының басқару институттары» (2020), «Алтын Орда және Қазақ хандығы» (2022) кітаптары жарияланған. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2015). «Құрмет» орденімен (2016), бірнеше медальмен марапатталған. Арал ауд-ның құрметті азаматы (2021).

Қ.Омаров

КӘРІБАЙ КЕСЕНЕСІ – тарихи ескерткіш. 19 ғ-дың соңы – 20 ғ-дың басында тұрғызылған. Қазалы ауд. Сарыбұлақ а-нан солт.-батысқа қарай 27 км жерде орналасқан. Кесене күйдірілген кірпіштерден (6х13,5х26 см, 5х25х25 см) салынған. Беті босағадан, кіреберісі нығайтылған бөліктен тұрады, күмбезді. Шаршы пішінді болып келген жерлеу камерасының негізгі аум. күмбезбен жа-



Кәрібай кесенесі

былған. Қабірхана қабырғалары ішке қарай еңкіш, ал барабаны, керісінше, сыртқа шалқая кеткен. Күмбезі жайдақ парабола кескінді, биік «түтік тәрізді» ұштықпен аяқталған. Қабірхана қабырғалары айшықты үш дөңгелек «медальонмен» өрнектелген. Тікбұрышты кіреберісі негізгі аумаққа оңт.-батыстан жалғанып, төбесі екі көлденең шатырмен жабылған. Оның оңт.-батыс қабырғасы әдемі безендірілген қасбет (бірақ кіреберіс ойығы жоқ) болып саналады. Кіреберіс ойық камераның оңт.-шығыс (бүйірлік) қабырғасында орналасқан. Ол кескінді аркамен жабылған. Камераның шаршы пішінді күмбез шеңберіне қарай өтуі бұрыштық парустар арқылы іске асырылған. Кіреберіс бөліктің шатыры кесек төселген ағаш арқалықтан тұрады. Оның солт.-батыс және оңт.-батыс қабырғаларында аркалы қуыстар бар. Камера ішінде бесеуден екі қатарға топтастырылған он қабір орналасқан. К. к. Сыр бойында кеңінен таралған сәулет өнерінің көркем үлгісіне жатады.

Ә.Тәжекеев

КӘРІБОЗҰЛЫ Бағдат (18.5.1956 ж. т., Қазалы ауд. Құмжиек а.) – жазушы, әдебиеттанушы, филол. ғыл. докт. (1998), проф. (2002), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2015). ҚР Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. ҚР Білім беру ісінің үздігі (1995). ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2006). Қызылорда пед. ин-тын (1979, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Осы ин-ттың қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында оқытушы (1979–85), Қазақ филологиясы және тарих (1988–94), филология, өнер ф-ттерінің деканы (1998–2000), тарих, филология және өнер ин-тының директоры (2000–02), Қызылорда ун-тінің тәрбие жұмыстары, ғыл. жұмыстар жөніндегі проректоры (2002–08), «Қорқыттану және өлке тарихы» ғыл-зерт. ин-тының директоры (2009–20) қызметтерін атқарған. 2020 жылдан «Қорқыттану» ғыл. орт-ның жетекшісі. Негізгі ғыл. еңбектері әдебиеттану, қазақ поэзиясының жанрлық, ұлттық сипаты, өлке тарихы, ел өміріндегі тұлғалар, Сыр сүлейлері шығармашылығына арналған. К. 200-ден астам ғыл. еңбек, оның ішінде 10 монография, 18 ғыл.-танымдық кітаптың авторы. 2 ғылым кандидатын, 2 Ph.D дайындаған. 200 томдық «Сырдария кітапханасының» жауапты редакторы ретінде көптомдықты баспаға әзірлеуді ұйымдастырып, «Менің Отаным – Қазақстан» сериясы бойынша облыс орт. мен аудандары туралы тарихи, ғыл.-танымдық 6



Кәрібозұлы Бағдат

кітапты жарыққа шығарды. Мемл. гранттық қаржыландыру бойынша 4 ғыл.-зерт. жобасына жетекші болды. «Ынсап» (2006), «Дидар) (2007), «Ыждағат» (2009), «Ырыс» (2009), «Сыр елінідегі діни-ағартушылық ой-сана» (2012), «Қазақ жәдитшілдігі» (2018), «Сыр сүлейлері шығармаларының ұлттық, тәлім-тәрбиелік тағылымы» (2019), «Сыр сүлейлерінің әдеби

мұрасы» (2020), «Базар жыраудың әдеби мұрасы» (2021), т.б. кітаптары жарық көрген. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы. Облыс әкімінің стипендиаты (2008). «Құрмет» (2009), «Парасат» (2022) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның, Қазалы ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

КӘУКЕЙ – ауыл. Қазалы ауд-ндағы Қызылқұм ауылдық әкімш. окр-нің орт. Әйтеке би кентінен оңт.-батысқа қарай 88 км жерде, Сырдарияның ежелгі арнасы – Қуандарияның төм. ағысында, сортаң топырақ жерде орналасқан. Тұрғыны



Кәукей ауылы

1,1 мың адам (2023). 1963–97 ж. қаракөл қой ш-мен айналысқан «Қызылқұм» кеңшарының орт. болған. 1997 жылдан шаруа қожалығы. Тұрғындарының негізгі кәсібі – мал ш. Ауылдық округтің жер көл. 34,8 мың га, оның ішінде: жайылымдық 24,7 мың га, басқа жерлер 10,0 мың га. Ауылда а. ш. кооперативі, 2 ЖШС, 3 шаруа қожалығы және 63 әр түрлі кәсіп иелері, барлығы 69 кәсіпкерлік субъект жұмыс істейді. Округ орт-нда №225 орта мектеп, балабақша, кітапхана, дәрігерлік амбулатория, пошта бөлімшесі, ветеринарлық пункт, ауа райын зерттеу ст., ауыз су тарату бекеті, азық-түлік дүкені және мешіт халыққа қызмет көрсетеді. Округ аум-нда «Кәрібайбұлақ» және «Жанқожа батыр» шекара заставалары орналасқан. Окр. орт-нан оңт-ке қарай 75 км жерде орналасқан Ажар елді мекенінде 84 адам тұрады (2023), №146 мектеп бар.

КЕКІРЕЛІ ҚОНЫСЫ (12–14 ғ.) – тарихи ескерткіш. Қармақшы ауд. Т.Көмекбаев а-нан оңт.-батысқа қарай 110 км жерде орналасқан. К. қ-н 2005 ж. Ә.Х. Марғұлан атынд. Археология ин-тының Шірік-Рабат археол. экспед-ның (жетек. Ж.Құрманқұлов) барлау отряды (жетек. Ә.Тәжекеев) алғаш зерттеп, геогр. координаттарын анықтап, суретке түсірген. Онда үйлер канал бойына қатарласып орналасып, бірнеше шақырымға созылған. Оның көп бөлігі тегістеліп кеткен, ал үйлері шайылған төбешіктер түрінде сақталған. Бірнеше бөлмеден тұратын 4–5 үйдің ізі жақсы сақталған.

Ә.Тәжекеев

КЕЙДЕН – ауыл. Аудан орт-нан 3 км жерде орналасқан. Тұрғыны 0,9 мың адам (2023). Ауыл 1997 жылға дейін «Бірлестік» деп аталған. К. ауылдық окр. болып 2004 ж. құрылып, оған К., Аққұм, Қауық елді мекендері енген. К-де бірнеше шаруа қожалығы жұмыс істейді. Жаңақорған ауд-ның «Кәусар» жүгері сусыны осы ауылда жасалады.

КЕЛМЕНБЕТ Келдібайұлы (1648–1673) – батыр. Жайық өз. бойында қалмақтармен болған ұрыста жау қамалына К. алғашқылардың бірі болып енген. Оның ерлігіне сүйсінген Батыр хан (1652–80 ж. тақта отырған) жас батырға тұтқынға түскен үш қалмақ қызын сыйға берген. Сол кезден К. «Сарғасқа атты сарбаз» атанып кетті. Сыр сүлейі М.Дабылұлы



Келменбет батыр ескерткіші

(1893–1946) батырға арнап «Сарғасқа атты Келменбет» дастанын жазды. Жазушы Қ.Көпішевтің 1958 ж. «Сарқасқа атты сарбаз батыр» жыр жинағы жарық көрді. Батырдың ұрпағы Т.Деменұлы 1996 ж. «Келте тонды Келменбет» атты деректі әңгімелер жинағын шығарды. «Жұлдыз» журналында, «Түркістан» газетінде К. батыр туралы ел аузындағы аңыз-әңгімелер жарияланды. Қызылорда

қ-нда К. батырға ескерткіш орнатылған (1999).

Қ.Омаров

КЕЛІМБЕТ КЕСЕНЕСІ – сәулет өнерінің ескерткіші. 1898 ж. салынған. Қазалы ауд. Қожабақы а-нан 6,5 км жерде орналасқан. К. к-н әйгілі халық сәулетшісі Қ.Жүсіпов тұрғызған. Кесене тікбұрышты күйдірілген кірпіштен қаланған (5,5х15,5х25 см, 10 қатар + 10 жіктік = 0,70 м), сызба бойынша ауқымды өлшемдері 8,85х11,46 м, биікт. 6,80 м. Кесененің киреберіс және жерлеу камералары бар, олардың бойлық белағаштары бір-бірімен салыстырғанда Т-бейнелі болып орналасқан, екі камера да тікбұрышты тұлғаға үйлестірілген, оның бұрыштары сәнді қалақтармен ерекшеленген. Киреберісіндегі кіші камера күмбезбен жабылған. Үлкен жерлеу камерасы күмбезбен жиектелген. Күмбездің дөңгелегінен камера табанының төрткүліне өту камера



Келімбет кесенесі

бұрыштарының құлауымен шығып тұрған, желкеннің есебінен орын алады. Камера еденнен бастап күмбездің басталған жеріне дейін салынған. Күмбез, киреберіс қақпалар және киреберіс камераның күмбездері қалау құламасымен шығарылған. Күмбез ғимараты әсем: оның төменгі үштен бір бөлігі шамалы тіктеу, жоғарысы еңістеу парабола болып келген. Күмбездің безендірілген күйіктас ұшы бар, жоғарысы шығыңқы қабырғалармен бөлшектелген. Күмбездің төменіне бойлық және көлденең белағаштарымен төрт саңылау орнатылған.

Ә.Тәжекеев

КЕЛІНТӨБЕ – ауыл. Жаңақорған ауд-дағы Сырдария өз-нің сол жағалауындағы Келінтөбе қыстағынан 6–7 км жерде орналасқан. Тұрғыны 3,8 мың адам (2023). 1964 ж. «Талап» кеңшарынан К. күріш кеңшары болып бөлініп шыққан. Ауылда орта мектеп, 98 шаруа қожалығы, 69 кәсіпкерлік нысан бар. Ауылдың дамуына «Ислам», «Агротехнология», «Хамит», «Тату», т.б. қожалықтар зор үлес қосуда. Негізгі дақыл – күріш 1470 гектарға егіліп, орташа 58 ц-ден өнім алынады.

КЕЛІНТӨБЕ – ортағасырлық қалашық. Жаңақорған ауд. Келінтөбе а-ның оңт.-шығысында орналасқан. 1966 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. алғаш зерттеген. 1969–70 ж. проф. К.Ақышев бастаған археол. экспед. ескерткіштің



Келінтөбе қалашығы

топогр. жоспарын суретке түсірген. 2004 ж. проф. М.Елеуовтың жетекшілігімен Халықар. Қазақ-түрік ун-тінің археол. экспед. К. қалашығының геогр. координаттарын анықтап, суретке түсірген. Жоспарда бұрыштары төрт тарапқа бағытталған, үсті тегіс тікбұрышты төбе түрінде болып келген. Өлшемдері: солт-тен оңт-ке қарай 100 м, биікт. 10 м. Қалашыққа киреберіс қақпа шығыс қабырғада орналасқан. Қазба жұмыстары жүргізілмеген.

Ә.Тәжекеев

КЕНЕСАРЫ Қасымұлы (1802, Көкшетау өңірі – 1847, Қырғызстан, Жетіжал



Кенесары Қасымұлы

жотасының оңт. алабындағы Кекілік-Сеңгір аңғары) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837–47 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. 1841 ж. 7 қыркүйекте Қарақұмдағы үш жүздің өкілдері жиынында К-ны қазақ халқы хан көтерді. Осы жылы Кенесарының әскері Қоқан хандығы иелігіндегі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. 1843 ж. Ресей үкіметі К-ға қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырды. К-ның әскері Ресей әскері мен Ресей жағында күресуші қазақ сұлтандарын бірнеше рет ойсырата жеңді. Алайда әскери қуаты әлдеқайда басым жау 1846 ж. К. сарбаздарын Жетісуға шегінуге мәжбүр етті. Шекаралық аймақтағы бірқатар қақтығыстардан кейін және бейбіт келісімдерден соң қазақ ханы 1847 ж. сәуірде 10 мың жауынгерімен қырғыздардың жеріне жылжыды. Азаттық үшін шайқаста К. қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Алайда патша әкімдерімен құпия байланыста болған манаптар оған мойынсұнбады. К. бағынудан бас тартқан қырғыздарға шабуыл жасады. Жете таныс емес таулы аймақта соғысқан қазақтар қоршауда қалды. Опасыздық салдарынан хан және оның інісі Наурызбай батыр дұшпандарының қолына түсіп, айуандықпен өлтірілді. Жаулары оның басын кесіп алып, орыс әкімш-не жіберді. Князь Горчаков К-ның басын Батыс Сібір бас басқармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске қосып сақтауға бұйрық берді.



Кененбаев Аманкелді

КЕНЕНБАЕВ Аманкелді (2.3.1955 ж. т., Шиелі ауд. Сұлутөбе ст.) – суретші, кескіндемеші, мүсінші, ҚР Мәдениет қайраткері (2010). Ә.Қастеев атынд. көркемсурет уч-щесін (1982) бітірген. 1983 жылдан оқытушылық, шығарм. жұмыспен айналысып, көрмелерге қатысып келеді. Франциядағы Ножан Сюр-Марнда орнатылған «Мұстафа Шоқай» бюстінің (2010), Қызылордағы қ-ндағы Жалаңтөс Баһадұр, Жанқожа батыр, т.б.ескерткіштердің, Ә. Тәжібаев, С. Шаухаманов, Қ. Пірімов, Н. Ергешбаев, Е. Омаров, М. Көкенов, М. Саламатов бюсттерінің авторы. New York Realism Fine Art «Жер, уақыт, адамдар» көрме-конкурсының (2012,АҚШ) «Алтын қыран» медалінің, Визуальді өнер фестивалінің (2016, АҚШ, Манхэттен) Expressionism категориясы бойынша алтын медалінің иегері. «Құрмет» орденімен марапатталған (2021).



Кенжалиев Бақдәулет

КЕНЖАЛИЕВ Бақдәулет (15.8.1948 ж. т., Арал ауд. Ақшатау а.) – ғалым- металлург, тех. ғыл. докт. (1998), проф., Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2016). ҚазМУ-ды (1975, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын Шымкент қорғасын з-тының эксперименталды цехында жұмыс істеуден бастаған (1975). Қазақ КСР ҒА-ның металлургия және кен байыту ин-тында инж., аға инж., кіші және аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі, бөлім бастығы, директордың орынбасары (1975–99), Қазақ-Британ тех. ун-тінде лаб. меңгерушісі, басқарушы директоры, проректоры (2009–17), ҚазҰТУ-да металлургия және кен байыту ин-тының бас директоры (1999–2004, 2005–06), лаб. меңгерушісі, аға ғыл. қызметкер (2007–08) қызметтерін атқарған. 2016 жылдан «Металлургия және кен байыту инты» АК-ның бас директоры, ун-ттің ғыл. істер жөніндегі проректоры (2018–20) қызметін қоса атқарған. К. түсті және бағалы металдар гидрометаллургиясы саласындағы ұлттық ғыл. мектептің негізін салушылардың бірі. Металлургия және кен байыту, Қазақстанның күрделі, полиметалл шикізатын өңдеу және жаңа материалдар өндіру саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізді. ҚР Мемл. сыйлықтарын беру жөніндегі мемл. комиссияның және басқа да Үкімет комиссияларының мүшесі. ҚР БҒМ ЖАК үйлестіру кеңесінің төрағасы, диссертац. кеңестің төрағасы болды. 2016 жылдан ҚазҰТУ жанындағы салалық диссертац. кеңестің төрағасы. 500-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 7 монография, 88 патент пен өнертабыс куәлігінің авторы. 1 ғылым докторын, 14 ғылым кандидатын дайындаған. 4 ғыл.-тех. бағдарлама мен 20 жобаға ғыл. жетекшілік еткен. ҚР Мемл. сыйл-ның лауреаты (2019). «Парасат» орденімен (2023), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

КЕНЖЕБАЕВ Жүсіп (1893, Арал ауд. Ақбасты а. – 1975) – жылқышы, Соц. Еңб. Ері (23.7.1948).



Кенжебаев Жүсіп

Арал ауд. Сталин атынд. ұжымшардың жылқышысы болған. Ленин орденімен (1949) марапатталған.

КЕҢБАЙ Жантоқайұлы – батыр, атақты мерген. Шиелі өңірінде 19 ғ-да өмір сүрген. Ол Сыр елінің азаттығы үшін Қоқан хандығының озбырлығына қарсы күрескен. К. туралы Сыр сүлейі М.Бекежановтың (1875–1933) Иманжүсіпке 1912 ж. жазған хатында «Бар еді Өтеп, Жақап – жақыныңнан, Ермек, Түйме, Кенбай бар ата ұлынан. Жаназар – Шағыр Қыпшақ бір жүзбасы, Қазақтың найза ұстаған батырынан» деген жыр жолдары кездеседі.

Б.Ахметбек

КЕРЕЙТБАЕВ Дүйсенбай (1885, қазіргі Сырдария ауд. Қызыл диқан а. – 1965, сонда) – Соц. Еңб. Ері (20.5. 1949). Еңбек жолының бастауында мал және егін ш-мен айналысқан. Кейін Сырдария ауд. (бұрынғы Тереңөзек ауд.) «Қызыл диқан» ұжымшарында күрішші, сушы (1929–41), күріш звеносының жетекшісі (1941–52) болған. 1942 ж. К-тың звеносы 10 га егістіктің әр гектарынан 56 ц-ден өнім алса, 1943–45 ж. звеноға бекітілген 6 га егістіктің әр гектарынан, сәйкесінше, 61, 54, 72 ц-ден жинаған. 2-дүниежүз. соғыс жылдарында Отан қорғау қорына 150 пұт астық және Қазақстан танк колоннасын жасақтауға 145 мың сом қаржы қосқан. 1948 ж. 8 га күріш алқабының әр гектарынан 91,6 ц-ден өнім алған. Еңбек Қызыл Ту



Керейтбаев Дүйсенбай

(1945), Ленин (1949) орденмен марапатталған.

Қ.Омаров

КЕРДЕРІ КЕСЕНЕСІ – археол. ескерткіш. Арал ауд. Каратерең а-нан оңт.-батысқа қарай 75 км жерде орналасқан. Кесененің сақталған биікт. 1,6 м. Кесене орнында қалыптасқан төбешіктің батыс жағы жайпақ, ал шығыс жағы тіктеу келген. Төбенің жоғары жағында көлемі 25х25х5 см-лік ортағасырлық дәстүрлі күйдірілген



Кердері кесенесінің орны

кірпіштер мен олардың сынықтары кездеседі. Археол. зерттеу барысында кесене қабырғалары әлемнің төрт бұрышына бағытталған, тікбұрыш болғаны анықталды. Жоғары қабатынан көп мөлшерде табылған кесене қабырғаларындағы кірпіштер (25х25х5 см) жалпағынан қаланған. Едәуір жақсы сақталған оңт.-батыс қабырғасының биікт. 7 қатар қаланған кірпіш деңгейінде. Кесене көлемі 5,5х5,5 м болатын шаршы түріндегі көрханадан тұрады. Кесененің есігі батыс қабырғасының бойында болған және ол бір кездері өсімдік, геометр. және эпиграф. нақышта безендірілген, көк және көгілдір түсті сырмен қапталған кірпіштен қаланған портал түрінде салынған. Кесененің төбесі күмбезделіп жабылғаны анық. Күмбезі көрхана бөлмесінің төбесін жауып тұрған. Осы жерден табылған дөңгелек келген декоративтік кірпіштердің сынықтары (арка жақтауы) арка нишасының архивольті нишаның бұрышына тұрғызылған ширек бағанға тіреліп қаланғанын білдіреді. Кесене мен оның жанында орналасқан қорымды 14 ғ-ға жатқызуға болады. Құрылысқа жақын маңнан қыш күйдірген үш пештің орны табылды.

Ә.Тәжекеев

КЕРІМ Шәмшәдин (4.4.1962 ж. т., Арал ауд. Құланды а.) – фольклортанушы, филол. ғыл. докт. (2001), проф. (2009). Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер ин-тында кіші ғыл. қызметкер, Өзбекстандағы Сырдария мемл. ун-тінде доцент, кафедра меңгерушісі (1987–92), Халықар. Қазақ-түрік ун-тінде доцент, кафедра меңгерушісі (1994–2001), ҚМДБ жанындағы Ислам ун-тінде ректор (2001), Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті ун-тінің проректоры (2001–18) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті ун-ті Әбу Ханифа ғыл.-зерт. орт-ның директоры. К-нің әдебиеттану, шығыстану, исламтану салалары бойынша 160-қа жуық ғыл. еңбегі жарық көрген. «Қазақ жұмбағы» (2007), «Араб елдері» (2008), «Араб баспасөзінің тілі» (2008), «Сығанақ саңлағы» (2012), «Діни білім – дін діңгегі» (2012), «Қауам аддин әл-Итқани әл-Фараби – ғұлама ғалым, ақын» (2017), «Сал-серілер поэзиясы (19 ғасырдың 2-жартысы – 20 ғасырдың басы)» (2017), т.б. еңбектердің авторы. «Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.



Керім Шамшәдин

Қ.Омаров

КЕСЕБАЕВА Балайым Туғанбайқызы (23.4.1966 ж. т., Шымкент (қазіргі Түркістан) обл. Киров ауд. Жамбыл а.) – мемлекет қайраткері. ҚазМУ-ды (1993, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Шымкент обл. атқару к-тінің әділет бөлімі кеңсесінің меңгерушісі, Алматы қ. «Шахар» сәулет-жобалау кооперативінің іс жүргізушісі (1985–94), ҚР Әділет министің кеңесшісі, бас кеңесшісі, бас маманы, бөлім бастығы (1994–98), Қызылорда обл. әділет басқармасы бастығының орынбасары (1999–2002), Маңғыстау обл. әділет департаментінің бастығы (2002–04), ҚР Әділет мин-нің Ішкі әкімш. департаментінің директоры (2004–09), Қызылорда обл. әділет департаментінің



Кесебаева Балайым

бастығы (2009–16) қызметтерін атқарған. 2023 жылдан Алматы қ. Әділет департаментінің бастығы. ҚР Парламенті Мәжілісінің 6-, 7-шақырылған депутаты (2016–23). «Парасат» (2022), «Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

КЕСКЕНКҮЙІК – ортағасырлық қалашық орны. Қазалы ауд. Аранды а-нан оңт.-батысқа қарай 17 км жерде орналасқан. 1946 ж. С.П. Толстовтың жетекшілігімен Хорезм археол. экспед. алғаш зерттеу жұмыстарын жүргізген. Әуеден фотоға түсіріліп, сызбасы жасалған. 1958 ж. В.М. Смирин және 1963 ж. Б.И. Вайнбергтің басқаруымен К. қалашығында деректер толықтырылып, археол. барлау жұмыстары қайта басталған. 2006 ж. Ж.Құрманқұловтың басшылығымен Шірік-Рабат археол. экспед-ның барлау отряды (жетек. Ә.Тәжекеев) және 2010 ж. Қызылорда ун-ті Жанкент археол. экспед. (жетек. Тәжекеев) археол. жұмыстар жүргізді. Қалашықтың геогр. координаттары анықталып, қаланың үстіңгі қабатынан археол. заттар жинақталды. Қала шеңбер (500х700) пішіндес, шығыстан батысқа қарай саз кесекті дуалмен қоршалған. Онда солт. бөлігіне қарай, қала деңгейінен 3 м биікте, саз кесектен салынған цитадель (көл. 250х250 м) орналасқан. Дуал көл. 28х28 және 40х40 см, шаршы пішінді саз кесектермен қаланған. Саз кесектердің басым бөлігі Хорезмнің афригид кезеңіне тән, 33х33 және 35х35 см көлемді. К. қалашығы керамик. кешенін зерттеуші Л.М. Левина жетіасарлық, жетісулық, хорезмдік деп үш топтамада көрсетеді.



Кескенкүйік қалашығы

Сонымен қатар тастан және шыныдан жасалған моншақтардың бай коллекциясы, қола сырғалар, сақиналар, белбеу доғалары, т.б. заттар жинақталған. Бұл деректер К. қалашығының 7–9 ғ-ларда өмір сүргенін көрсетеді.

Ә. Тәжекеев

КЕТЕБАЕВ Камалбай (1929, Жалағаш ауд. Таң а. – 22.2.1999, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері, Қазақ КСР-ның еңбек сің. экономисі. Мәскеу мемл. экономика ин-тын (1953, қазіргі Мәскеу экономика, статистика және ақпарат ун-ті) бітірген. Қазақ КСР-інің қаржы мекемелері қызметкері (1953–63), Қарағанды халық ш. кеңесі төрағасының орынбасары (1963–65), Қазақ КСР-інің жергілікті өнеркәсіп және халыққа тұрмыстық қызмет көрсету министрі (1965–67), Қазақ КСР Мемл. жоспарлау к-тінің төрағасы, Қазақ КСР Мин. кеңесі төрағасының орынбасары (1967–74), Қазақ КСР Жергілікті өнеркәсіп министрі (1974–77) қызметтерін атқарды. 1977–91 ж. респ. қаржы мин-нде басшылық қызметтерде болды. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 7-,8-, 9-шақырылған депутаты (1967–79). Бірнеше орден, медальмен марапатталған. Есімі Қызылорда қ-ндағы бір көшеге берілген.

Т.Дайрабай

КЕТЕБАЙ Жолайұлы (шамамен, 1730/35, қазіргі Ақтөбе обл. Ырғыз а. – шамамен, 1813, қазіргі Қазалы

ауд. Шәкен а.) – би, батыр. Қазақ жерін азат етуде аянбай күрескен қайраткер. Ресейдің Ор бекінісі – Бұхара аймағы арасындағы 4 маршруттың біреуін К. басқарған Шөмекей-сөйін руы қадағалаған. Оның 1794 жылғы жасатқан жеке мөрі сауда және дипломат. қарым-қатынастың қауіпсіздігіне сенімді кепіл болған. Қазақстан тарихына қатысты жарық көрген еңбектерде «…Шөмекей руының 4 бөлігінде 6 мың шаңырақ бар, Бұхараны базарлап, сауда-саттық етеді. Басшылары – Кетебай би, Қорен батыр, Айтілес би, Жәрімбет би…» деген деректер кездеседі. Орынбор ген.-губернаторы Г.С. Волконскийге 1803 ж. түскен баянхатта «Қазалы, Ырғыз өңірі ақсақалдарының айтуынша, шөмекей-келдібай руының белді би-батыры Кетебайдың ұрпағы отызға жетеді» делінген. К., Темір сұлтан, Бүркітбай би бастаған қазақ жасақтары 1810 жылдың қазан айында Қуаңдарияның сол жақ беті мен Жаңадариядағы қарақалпақтарға соққы берген, нәтижесінде олар Хиуа хандығы аум. қоныс аударған. Есімі Қызылорда қ-ндағы көшелердің біріне берілген (2009).

Қ.Омаров

КИМ Вячеслав Чан-Себович (1951 ж. т., Сырдария ауд. Тереңөзек кенті) – спорт қайраткері, ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (2007). Қызылорда пед. ин-тын (1983, қазіргі Қызылорда ун-ті), Қазақ дене тәрбиесі ин-тын (1991, қазіргі Қазақ спорт және туризм академиясы) бітірген. Еңбек жолын 1974 ж. Қызылорда пед. ин-тының дене шынықтыру кафедрасында лаборант болып бастаған. Сол жылы жаттықтырушылық қызметімен қатар «Буревестник» спорт қоғамының төрағасы болып сайланған. 1994 жылдан гандбол спортынан обл-тың аға жаттықтырушысы. 1994 ж. «Сейхун-КАМ-ҚМУ» гандбол клубын құрып, қазіргі уақытта сонда жаттықтырушы болып істейді. Шәкірттері Қазақстан чемпионатының 12 мәрте жеңімпазы, 13 мәрте жүлдегері және бірнеше респ. спартакиадалардың жеңімпазы. Ұлттық құрама сапында Пекин олимпиадасында 10-орын алған. Екі дүркін Азия чемпионы, бірнеше рет дүние жүзі чемпионаттарының қатысушысы. Қазіргі уақытта ұлттық құрама команданың



Ким Вячеслав

аға жаттықтырушысы. Ол жаттықтырған спортшылар Қазақстан құрамасының жасөспірімдер, жастар және негізгі құрамдарынан орын алған.

Қ.Омаров

КИМ Ик Се (1893, Солт. Кореяның қазіргі Хамген-Пукто провинциясы –




Ким Ик Се

27.12. 1976, Шиелі ауд. Шиелі кенті) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (20.5. 1949). Ресейдің Қиыр Шығыс өлкесінің «Свободное» селосында жалшы (1915–29), «Вяземский» ауд. «Авангард» ұжымшарында жұмысшы (1929–37) болған. Шиелі ауд. «Авангард» ұжымшарында звено жетекшісі болып істеген (1937–54). 1948 ж. звеноға бекітілген 10 га күріш егістігінің әр гектарынан 82 ц-ден өнім алып, жоғарғы көрсеткішке жеткен. 1961 ж. Шиелі кентіне қоныс аударған. Ленин орденімен (1949), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

КИМ Ман Сам (1883, Солт. Кореяның Хамген провинциясы Гоганфен а.– 1964, Ресейдің Примор өлк. Уссурийск қ.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (20.5. 1949). Еңбек жолын Ресейдің Примор обл. жалшы болып бастаған (1895–1910). Маньчжурияда (1910–19), Ресейдің Владивосток округінің «Чансини» деревнясында (1919–28), «Чагоу» деревнясында (1928–29), Хабаровск округінің «Новая жизнь» ұжымшарында (1929–33), Хабаровск обл. «Авангард» ұжымшарында (1933–37) жұмыс істеген. Шиелі ауд. «Авангард» (қазіргі Ақмая а.) ұжымшарында күріш звеносының жетекшісі болған (1937–54). 1942 ж. 5 гектар егістіктің әр гектарынан 150 ц-ден күріш жинаған. Осы рекордтық көрсеткіші үшін кейін Сталиндік сыйл. берілген (1946). 1958



Ким Ман Сам

жылдан Ресейдің Примор өлкесінде тұрған. Құрмет белгісі (1940), Еңбек Қызыл Ту (1945, 1947), Ленин (1949) ордендерімен, медальдармен марапатталған. Есімі Қызылорда қ-ндағы, Ақмая а-ндағы көшелерге берілген.

Қ.Омаров

КИМ Хак Гю (1889, Ресейдің қазіргі Примор өлк. Уссурийск қ. – 1966) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). Ресейдің Хабаровск обл. Красноармейск ауд. «Свободный труд» ұжымшарында жұмыс істеген. 1937 жылдан Қызылорда обл. Шиелі ауд. «Гигант» ұжымшарында күрішші болған. 1949 ж. 6 га күріш алқабының әр гектарынан 91,1 ц-ден өнім жинаған. Ленин орденімен (1950), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

КИМ Хан Гу (9.7.1882, Солт. Кореяның Хамгён провинц. Гиам а. – 20.8.1967, Ресейдің Нальчик қ.) – Соц. Еңб. Ері (20.5. 1949). Ресейдің Владивосток қ. қоныс аударып, сондағы порттың жүк тиеушісі (1900–34), Уссурийск теміржолының Надеждинское ст-нда жол бақылаушысы (1934–37) болған. Қызылорда обл. «Интернационал» ұжымшарында жұмысшы (1937–40), Шиелі ауд-ндағы «Авангард» ұжымшарында күріш звеносының жетекшісі (1941–53) болып жұмыс істеген. 1949 ж. ол басқаратын звено 5 га алқаптың әр гектарынан орта есеппен 81,1 ц-ден күріш жинаған. Шешен-Ингуш АКСР-ның



Ким Хан Гу

Сунжа ауд. «19-партсъезд» ұжымшарында жұмыс істеген (1953–58). 1958 жылдан Кабардин-Балқар АКСР-нің Майский а-нда тұрған. Ленин орденімен (1949) марапатталған.

Қ.Омаров

КИМ Хи Хак (14.11.1908, Солт. Корея – 18.4.1978, Қармақшы ауд.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (21.6. 1950). Жалағаш ауд-ндағы «Путь Октября» ұжымшарында



Ким Хи Хак

сушы (1941–44), Шиелі ауд. «Большевик» ұжымшарында күріш өсіретін звеноның жетекшісі (1945–58), Қармақшы ауд. «III Интернационал» ұжымшарында звено жетекшісі (1959–68) болған. 1949 ж. 5,1 га күріш егістігінің әр гектарынан 80,1 ц-ден өнім алған. Ленин (1950), Құрмет белгісі (1966) ордендерімен, медальдармен марапатталған. Бүкілодақтық х. ш. жетістіктері көрмесінің күміс (1964), қола (1966) медальдарының иегері. Есімі Қазақ КСР-нің Құрметті Алтын кітабына енгізілген (1964).

Қ.Омаров



Ким Хон Бин

КИМ Хон Бин (15.12.1902, Ресей, Примор обл. Тизинхе а. – 9.8.1985, Қабарда-Балқар АКСР, Нальчик қ.) – Соц. Еңб. Ері (20.5. 1949). Ресейдің Владивосток қ-ндағы Корей пед.ин-тында, Қызылорда пед.ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті), Алматы а. ш. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) оқып, Алматы а. ш. техникумын бітірген (1936–40). Туған а-нда жұмысшы, бастауыш мектептің мұғалімі, тұтынушылар кооперациясының төрағасы (1917–28), Хабаровск өлкелік к-тінің өкілі, «Новая жизнь» ұжымшарының бригадирі (1928–30), Хабаровск обл. Вяземск ауд. «Авангард» ұжымшарында бастауыш мектеп мұғалімі, орта мектептің директоры, ұжымшар төрағасы (1930–36). 1935 ж. К. басқарған ұжымшар әр га-дан 150 ц-ден дәнді дақыл жинаған. Қызылорда обл. Шиелі ауд. «Авангард» ұжымшарының төрағасы болған (1941–53). 1948 ж. ұжымшар 40 га алқаптың әр га-сынан 80 ц-ден күріш жинаған. Шиелі мемл. тұқым питомнигінің директоры (1953–55), Ресейдің Примор өлкесінде Ханкай ауд. Рокоссовский атынд. ұжымшар төрағасының орынбасары, Гродеков ауд. «Дружба» ұжымшарының директоры, Сахалин обл. Анивск ауд. «Брянск» а-дық кеңесінің төрағасы, «Воскресенское» бөлімшесінің меңгерушісі, «Анивск» кеңшарының ш. меңгерушісі (1955–60) қызметтерін атқарған. Зейнет демалысына шыққан соң Уссуриийск қ-нда (1960–69), Қабарда-Балқар АКСР-нің астанасы Нальчик қ-нда (1969–85) тұрған. К. Ленин (1935, 1949), 2-дәрежелі Отан соғысы (1945) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Ким Чан Ден

КИМ Чан Ден (1897, Солт. Кореяның,- Хамген-Пукто провин. Секхондон а. – 1962) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (20.5. 1949). 1919 ж. Ресейге қоныс аударған. Никольск-Уссуриийск уезінде егінші, Владивосток қ. балықшы, Владивосток уезінде егінші, Приомор губерниясы Ольгин уезінде жеке шаруа, Уссурийск қ-нда жұмысшы, Хабаровск обл. «Красный перевал» с-нда, «Авангард» ұжымшарында, «Седьминская» және «Отрадное» с-нда жұмысшы (1919–37), Шиелі ауд-ндағы «Авангард» ұжымшарында қоймашы (1937), күріш өсіру звеносының жетекшісі (1938–59) болған. 1948 ж. ол басқаратын звено 6 га алқаптың әр гектарынан орта есеппен 91 ц-ден күріш жинаған. 1959 ж. зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін сүт және мал фермасының, егіс және құрылыс бригадасының бригадирі, шошқа фермасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. Ленин орденімен (1949) марапатталған.

Қ.Омаров

КИМ Чун Ман (10.5. 1898, Солт. Корея, қазіргі Хамген-Пукто провинц. Хагунак а. – 1972, қазіргі Шиелі ауд. Бидайкөл а.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (21.6. 1950). Приморье өлкесі Ольгин ауд-ндағы «Керимдон» дер-нда, кейін «Искра» ұжымшарында егінші (1921–33), «Красный Авангард» ұжымшарында омарташы болған (1933–37). К. Шиелі ауд-ндағы «Гигант» ұжымшарында омарташы (1937–45), күріш звеносының жетекшісі (1945–50), таразышы (1950–55), қоймашы (1955–60) болып жұмыс істеген. 1949 ж. ол 6,5 га күріш егістігінің әр гектарынан 83 ц-ден өнім алды. Ленин орденімен (1950), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

Ким Чун Ман

Ковтунов Георгий

КОВТУНОВ Георгий Никитович (26. 5.1918, Ресейдің қазіргі Самара обл. Алексеев ауд. – 7.5.1987, Мәскеу қ.) – ген.-л., Кеңес Одағының Батыры (22.7.1944). Шиелі кентіндегі негізгі мектепті бітіріп, ұжымшарда жұмыс істеген. 1936 ж. Ташкенттегі әскери уч-щеге оқуға түсіп, 1938 ж. Тбилиси қ-на ауыстырылған. К. Батыс Двина өз-нен өтуде көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алған. Соғыстан кейін Мәскеу қ-нда қызмет істеген. Қызыл Ту (2 мәрте), 1-дәрежелі Александр Невский, 1-дәрежелі Отан соғысы (2 мәрте), Еңбек Қызыл Ту, Қазан революциясы, т.б. ордендермен, «Сталинградты қорғағаны үшін» т.б. медальдармен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (1978).

Коргулин Әбдірахман

КОРГУЛИН Әбдірахман Мұхаметжанұлы (20.3.1911, Ақтөбе обл. Қарабұтақ ауд. Қызылжар а. – 1984, Алматы қ.) – еңбек және соғыс ардагері. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Жамбыл қ-ндағы №5 мектеп-интернаттың директоры (1947–49), Қазақ пед. ин-тының (қазіргі ҚазҰПУ) аға оқытушысы (1949–51), Қызылорда пед. ин-тының (қазіргі Қызылорда ун-ті) ректоры (1951–52), проректоры (1952–56) қызметтерін атқарған. Өмірінің соңына дейін ҚазҰПУ-да аға оқытушы болған. Жалпы биология оқулығының авторы. Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Көкарал бөгеті

КӨКАРАЛ – Үлкен Көкарал және Кіші Көкаралды бөліп тұрған бөгет. Кіші Арал т-нің суын (су деңгейін) сақтап қалу мақсатында бұрынғы Көкарал түбегі мен Берг бұғазы аралығына салынып, құрылысы 2005 ж. аяқталған. К-дың ортасынан Кіші Арал т-нен артық су ағатын бетоннан 9 торапты қақпа салынып, ол секундына 295 м^3 суды Үлкен Аралға еркін жібере алады. К. бөгеті арқылы Арал т-нің шығыс және батыс жағалауларында төте жол өтеді.

КӨКДОМБАҚ ҚОРЫМЫ – 18 ғ-дың ескерткіші. Арал ауд. Ерімбетжаға а-нан солт.-батысқа қарай 10 км жерде орналасқан. 2014 ж. Қызылорда ун-ті жанындағы «Археология және этнография» ғыл.-зерт. орт-ның барлау экспед. (жетек. Ә.Тәжекеев) зерттеген. Қорым солт-тен оңт-ке қарай (100–120 м) биік төбенің басына орналасқан. Онда, шамамен, 50–60-қа жуық жерлеу орны бар. Жерлеу құрылыстарының бірнеше түрі кездеседі: 1) тастан үйілген жерлеу құрылыстары әрі

ол басым бөлігін құрайды; 2) тас қоршаулар; 3) топырақ үйіндісі (оба) түрінде; 4) ұсақ тастар үйіндісі. Онда арабша жазылған құлпытастар, таңбалы белгі тастар қойылған, сондай-ақ құлпытасы мен таңбасы жоқ қарапайым бейіттер қатары да бар. Үш құлпытас, 30-ға жуық таңбалы тас бар. Қорымның оңт. бөлігіне 20 ғ-дың жерлеу құрылыстары салынып кеткен.

Ә.Тәжекеев

КӨКЕЕВ Нартай (1901, қазіргі Сырдария ауд. – 18.11.1972, қазіргі Шиелі ауд. Қожамберді батыр а.) – шопан, Соц. Еңб. Ері (22.3.1966). ҚазКСР-нің еңбек сің. мал өсірушісі (1957). Соц. жарыстың озаты (1958). Еңбек жолын Перовск уезі «Үлгілі»



Көкеев Нартай

а-нда (қазіргі Н. Бекежанов атынд. а.) шопан болып бастаған. 2 – дүниежүз. соғысқа қатысқан. Кейін Шиелі ауд. «Коммунизм» ұжымшарында аға шопан болған. Бүкілодақтық а.ш. көрмесінің күміс (1957), Бүкілодақтық х. ш. жетістіктері көрмесінің алтын (1966) медальдарының иегері. 1965 ж. отарындағы 100 саулықтан 205 қозы өргізген. Зейнет демалысына шыққан соң шопандардың ауд. озық тәжірибе мектебіне жетекшілік еткен. Еңбек Қызыл Ту (1958), Ленин (1966) ордендерімен, медальдармен марапатталған. Есімімен Н.Бекежанов атынд. а-да көше аталған.

Қ.Омаров

КӨКЕН Назарбатырұлы (1775, Сыр бойы – 1863, қазіргі Жаңақорған ауд. Түгіскен а.) – Сыр бойының атақты батыры. Жаңақорған өнірінде 19 ғ-да өмір сүрген. Бейіті Түгіскен а-нан 1,5 км қашықтықта орналасқан. К. батыр Қоқан хандығына қарсы ұрыстарда сан мәрте ерлігімен көзге түскен. Бірде күзге таяу батырға Сыр бойының Қызылқұм бетіндегі ауылдарды жау шапқаны жөнінде хабар жетеді. Қаратаудың Шөгірлі жайлауында отырған К. өз жасағымен қоқандықтарды іздеп тауып, олардың қолбасшысын жекпе-жекте өлтіреді. Осы шайқастағы жеңістің құрметіне Қызылқұм арасындағы шекараға жақын биік құм – қазір «Көкен асуы» деп аталады. Дүл-дүл ақын М.Байзақов: «Халқына ұран болды Көкен бабаң, Сөзімде менің айтқан бар ма жалған?» деп оны жырға қосқан. Жаңақорған ауд-ндағы Қыраш а-на К. есімі берілген.

КӨКЕН БАТЫР ЕСКЕРТКІШІ, Жаңақорған кентінде 2014 ж. орнатылған. Ескерткіш қоладан



Көкен батыр ескерткіші

құйылып, төрт бұрышты гранит тұғырға қондырылған. Жалпы биікт. 9,3 м, тұғырының биікт. 5,8 м. Атты мүсіннің биікт. 3,5 м, Тұғыры бетоннан құйылып, мәрмәр тақтаймен қапталған.

КӨКЖИДЕ – канал. Қызылқұмның солт. бөлігінде, Сырдария алабында орналасқан.

КӨККЕСЕНЕ – архит. ескерткіш (14–15 ғ-лар). Жаңақорған ауд. Кожамберді а-ның батысында орналасқан. 1914 ж. ғимарат



Көккесене ескерткіші

қираған. 1901 ж. зерттеуші В.Каллаур түсірген сурет сақталған. 1927 ж. шығыстанушы А.Ю. Якубовский кесененің оңт. арка қасбетінің тіреуі мен қирандысын ғана тапқан. Якубовский «…көгілдір, көк, ақ түсті қыш тақташалар көп кездесті. Олар өте жақсы реңмен безендірілген. Самарқандтық және бұхаралық үлгілерден кем түспейді. Қыш тақтайшалардан құрастырылған мозаиканың үлкен бөлігі табылды. Онда көгілдір, ақ, көк, сары және қызыл түстер үйлесім тапқан. Сонымен қатар әйнектелмеген оймышты терракотты кірпіш табылды. Көзбен шолып шыққанның өзі Көккесенені қыш тақталы жиһаздармен безендірілген теңдесі жоқ құрылыс деп атауға жеткілікті» деп жазды. Кас беті шаршыдан сегіз қырға, одан алты қырға өткен тартымды көгілдір күмбезбен көмкерілген. Кесенеде сағана, үстінде табыт, ал күмбезде араб жазулары болған. Зерттеушілердің пікірінше, кесене Әбілқайыр хан зиратының үстіңгі қабатына тұрғызылған.

Ә.Тәжекеев

КӨКСАРАЙ СУ ҚОЙМАСЫ–Қазақстандағы ірі су қоймалардың бірі, 2008–11 ж. салынған. Түркістан обл. Сырдария өз-нің оң жағалауында, Шардара су қоймасынан 160 км төмен, Көксарай а-ның оңт-нде орналасқан. Су қоймасының аум. 467,5 км^2, көл. 3 км^3. Алғашқы толтырылуы –



Көксарай су қоймасы

2010 ж. Сырдария өз. маңында орналасқан ауылдарды қыста су тасқынынан қорғау және Арал т-нің солт. бөлігін жаз айларында сумен толтыру, сондай-ақ Қызылорда обл-н сумен қамтамасыз ету мақсатында салынған. Көктемде бөгеннен жіберілген су Қызылорда обл-ның жүздеген мың га егістігі мен шабындықтарын суландырады. Сонымен бірге қыс айларында Шардара СЭС-інің энергия қуатын 20–25%-ға көбейтуге ықпал етеді.

О.Айдаров

КӨКСЕҢГІР – төбе. Қызылқұмның солт. бөлігінде, Жаңадария өз-нің аңғарында орналасқан. Абс. биікт. 171 м. Көк және сеңгір сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Парсы тілінде сангяр – биік тау мағынасын беріп, яғни көк, көкшіл биік тау дегенді білдіреді.



Көксеңгір төбе

КӨКТОНДЫ ТӨБЕСІ – оба. Жетіасар мәдениетінің Шығыс – асар ескерткіштер тобына жатады. Жалағаш кентінен батысқа қарай 11 км жерде орналасқан. Шамамен, б.з. 1-мыңжылдығына жатады. Шеңбер болып келген төбенің биікт. 4–5 м-ге жуық. Солт. және оңт. диам. 35 м, батыс және шығыс диам. 42 м. Төбенің айналасында ор сақталған. Орыс армиясының офицері, зерттеуші А.И. Макшеев К. туралы «Описание низовья Сырдарьи» (1910) деген кітабында: «Көктонды обасы Жамандарияның оң жағалауына жақын, №3 форттан №2 фортқа барар жолда орналасқан. Қазақтардың айтуынша, бұл жерде қарақалпақтар дәуірінде бекініс болған. Сазды, тегіс келген жазықты құмтөбе» деп жазды. К. туралы нақты дерек жоқ.



Көктонды төбесі

Ә.Тәжекеев

КӨКТӨБЕ – ауыл. Жаңақорған кентінен оңт.-шығысқа қарай 110 км жерде, Сырдария өзінің сол жақ жағалауында орналасқан. Тұрғыны 0,6 мың адам (2023). 1962–96 ж. К. қаракөл қойын


өсірген «Түркістан» кеңшары бөлімшесінің орт. болған. 2005 ж. Қандөз ауылдық окр-нен бөлініп шыққан. А. ш-мен айналысатын 3 шаруа қожалығы, 14 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді.

КӨКІ БАТЫР (т.-ө.ж.б.) – батыр. 19 ғ-дың 1-жартысында Қызылорда өңірінде өмір сүрген. Сыр өңірінің азаттығы үшін күрескен К. б. Кенесары ханның қозғалысына қатысып, әйгілі Созақ, Сауран шайқастарында орасан зор ерлік көрсеткен. Жанқожа батыр осы шайқасқа Сыр бойынан 600-ге жуық сарбазды бастап келген. Сыр бойынан келген сарбаздар, алдымен, Сауранға бет алған. Жанқожа батыр әскері 4 топқа бөлініп, К. б. және Жолдасбай батыр 90 адаммен оңт. қақпаны барлаған. Сауран қ-н алған соң, Сыр бойы сарбаздары Созаққа келе жатқан Қоқан хандығының әскерін де талқандаған. Кейінгі тағдыры белгісіз.

Б.Ахметбек

КӨЛТОҒАН – су қоймасы. Қаратау жотасының батысында, Сырдария алабында орналасқан. Көктем айларында Ақүйік өз. Сырдарияға құйып, көктемгі жиналған тасқын су жазда егіншілікке пайдаланылған. 20 ғ-дың басында ұз. 1 км-лік бөгет салынып, үлкен су қоймасы пайда болған. Оны қазір Бірлік а-ның халқы пайдаланады.

КӨМЕКБАЕВ – ауыл. Қармақшы ауд-ндағы ауыл, ауылдық окр-тің орт. Жосалы кентінен оңт.-батысқа қарай 145 км қашықтықта, шөлде орналасқан. Тұрғыны 1,4 мың адам (2023). 1964 ж. құрылған Жаңақала қаракөл қой ш. кеңшары 1983 жылдан Кеңес Одағының Батыры Т.Көмекбаевтың есімімен аталады. Ауылда «Жаңақала» АҚ және бірнеше шаруа қожалықтары жұмыс істейді.



Көмекбаев Тәйімбет

КӨМЕКБАЕВ Тәйімбет (1903, Қармақшы ауд. №10 а. – 13.2.1987, Жосалы кенті) – 2-дүниежүз. соғысқа қатысушы, бөлімше командирі, барлаушы. Кеңес Одағының Батыры (10.4.1945). Кеңес әскері қатарына 1942 ж. алынып, 1-Украина майданы 21-армия 128-атқыштар дивизиясы 533-атқыштар полкі құрамында соғысқа қатысқан. Познань (Польша) қ-ның түбінде К-тың барлаушылары ұрыссыз 37 жау әскері мен 2 офицерін тұтқынға алған. 1945 ж. Глейвиц және Кохловица қ-ларына алғашқылардың бірі болып кірген. 1945 ж. 6 қаңтарда К. алғашқылардың қатарында Одер (Одра) өзінен өтіп, оның батыс жағалауындағы плацдармды ұстап тұрған жауынгерлер қатарында жаудың 5 дүркін шабуылын тойтарған. Бриг қ-на шабуыл барысында жаудың станокты пулеметін, 60 әскерін жойып, 12 фашисті тұтқынға алған. К. 1–Украина майданының өкілдері құрамында Мәскеудегі Қызыл алаңда болған Жеңіс шеруіне қатысты. Соғыстан кейін а. ш. саласында еңбек етті. Ленин орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

К.Балтабаева

КӨНЕ БӨГЕН – елді мекен атауы. Патшалық Ресей тұсында саудагер орыс-татар байлары қазіргі К. б. беттен (бөгеннен 4–5 км) жаз айларында ауланған бекіре балығын күзгі қара суыққа дейін тірі сақтайтын су қоймасын салдырған. Оны жергілікті тұрғындар «Қамау», «Бекіребасат» немесе Бөген су қоймасы деп атап кеткен. Кеңес өкіметі кезінде ол «Кеңес мектебі» аталып, бұрынғы «Бөген» атауы қазір К. б. болып өзгерген.

КӨПБЕЙІНДІ ОБЛЫСТЫҚ АУРУХАНА – халыққа мамандандырылған және жоғары технол. мед. көмек көрсететін мекеме. Қызылорда қ-нда 13,5 га аумақта орналасқан. София (Болгария) жобалау ин-ты архитекторларының жобасы негізінде «Қазақстан – Болгария» құрылыс мекемесі 1992 ж. аурухана құрылысын бастап, 2001 ж. пайдалануға берген. Қазақстандағы 1,5 ғасырлық тарихы бар обл. аурухана 2002 жылдан «Облыстық медицина орталығы» деп аталып, 2018 жылдан К. о. а. болып өзгерген. Онда хирург. бейінді бөлімшелер – жоспарлы хирургия, жедел хирургия, нейрохирургия, кардиохирургия, травматология, гинекология, урология, күндізгі стационар, ақылы бөлім, офтальмохирур. орт., анестезиология және жансақтау, нейроинсульттік жансақтау, сондай-ақ терапиялық бейінді бөлімшелер – №1, №2 терапия, №1, №2 кардиология, кардиореабилитация, кардиореанимация, №1, №2 қалпына келтіру, реабилитац. күндізгі стационар, күндізгі стационар, нейроинсульт, нефрология, паллиативтік көмек көрсету және қосалқы бөлімшелер мен қабылдау бөлімі, ота жасау бөлімі, рентген-эндоваскулярлы хирургия, кеңес беру диагностика, физиотерапия, рентген диагностика, клиникалық-диагностик. зертхана, бактериол. зертхана, компьютерлік және магнитті-резонансты томография, дәріхана, зарарсыздандыру, нашақорлық және психотроптық дәрі-дәрмектерді беру кабинеті, кір жуу бөлімдері қызмет көрсетеді. Сонымен қатар ауруханада кардиол., нейроинсульттік, офтальмохирург., реабилитац. орт-тар бар. Казіргі уақытта К. о. а-да 525 тәулік-тік төсек орын, 115 күндізгі стационар, 30 төсек орынды ақылы бөлімше халыққа қызмет көрсетеді. Жылына қабылдау бөліміне 45 мыңнан астам науқас тіркеліп, 20 мыңға жуығы тәуліктік стационарда ем алады, оның ішінде жоғары технол. мед. көмек 95 науқасқа көрсетіледі. К. о. а-да 1354 қызметкер, оның ішінде 195 дәрігер, 608 орта буын, 323 кіші буын, 22 басқа да мед. қызметкер жұмыс істейді. Олардың арасында денсаулық сақтау ісінің 75 үздігі, 2 мед. ғылым кандидаты бар.



Көпбейінді облыстық аурухана

Н.Әмитов

КӨП БЕЙІНДІ АУРУХАНА (онкологиялық бөлімшемен) – бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсек орнына арналған аурухана 2024 жылдан салынуда. Жалпы ауданы 57,3 мың м^2 дәліздер мен галереялармен байланысқан 10 блоктан тұрады. Жоба құны – 36,5 млрд тг. Іске толық қосылған кезде өңірде көрсетілетін жоғары технологиялық мед. қызметтердің түрлерін мақсатты түрде кеңейтуге, сондай-ақ пациенттерді тексеру мен емдеуде заманауи технол. енгізу шығындарын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

КӨСЕ МҰНАРАСЫ – 18 ғ-дың сәулет ескерткіші. Қазалы ауд. Моншақ елді мекенінен солт.-шығысқа қарай 3 км жерде, Қуаңдарияның сол жағалауында орналасқан. Ескерткіш қам кесектерден (8х16х26 см)



Көпбейінді аурухана (онкологиялық бөлімшемен)

тұрғызылған. Аум. өлшемдері: іргетасының диам. 3 м, жоғары бөлігінің диам. 2 м, биікт. 10,5 м. Мұнара дөңгелек, іші қуыс, жоғарысы күмбезбен көмкерілген. Қабырғалары еңкіш өрілген. Кіреберіс ойығы оңт.-шығысқа бағытталған, бірақ қаланып тасталған. Құрылыс көл. 74,2 м^3.

Ә.Тәжекеев

КӨТІБАР МҰНАРАСЫ – респ. маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш. 19 ғ-ға жататын бұл ескерткіш Баймұрат батыр а-нан солт.-батысқа қарай 7 км қашықтықта орналасқан. К. м. қам кесектен тұрғызылған. Диам. 4,1 м, биікт. 9,5 м. Мұнара бітімі сызба бойынша дөңгелек, төм. бөлігі цилиндрлі. Ортасынан сәл төмені күрт тарыла келіп, жоғары бөлігі кесілген. Ішкі қимасында



Көтібар мұнарасы

төрт қоңырау тәрізді деңгей орналастырылған. Тас төбе ойықтармен біріккен олардың әрқайсысы мұнараның ең биік төм. парапеті (40 см) қуықтай тар (10–15 см) галереяға шығуға мүмкіндік береді. Алғашында биіктеу жерге салынған (шамамен 1,5 м) және төбесі тік үшбұрышты болып келетін аркамен көмкерілген. Тар кіреберіс ойығы оңт-ке бағытталған.

КӨТІБАРОВ Әлмұхамет (1878, Перовск уезі, 7-а. – 1938, Ташкент қ.) – Алаш қайраткері, Мұстафа Шоқайдың серіктерінің бірі. 1896 ж. Санкт-Петербург әскери мед. академиясын бітірген. Түркістан ген.-губернаторы кеңсесінде қызмет істеген. Ташкентте астыртын құрылған «Кеңес» үйірмесіне мүше болған. 1-жалпықазақ съезінің шешіміне орай Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылған. 1917 ж. 2–5 тамызда Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысына қатысқан. Кеңестік билік кезінде Ташкент, Алматы қ-ларында жұмыс істеді.

Б.Енсеп, Х.Тұрсұн

КӨШЕРБАЕВ Айтбай Көшербайұлы (21.8.1953 ж.т., Қазалы қ.) – қоғам қайраткері, инж. – гидротехник, тех. ғыл. канд. (2005). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1975, қазіргі Тараз ун-ті) бітірген. «Қызылордаводстрой» тресі №33, №30 ЖМК-да шебер, прораб,



Көшербаев Айтбай

бөлім басшысы, бас инж., трест басқарушысының орынбасары, өндірістік кәсіпорындар директоры (1975–89), Қызылорда обл. партия к-тінің нұсқаушысы, Тереңөзек ауд. партия к-тінің 2-хатшысы, ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1989–92), «С.Сейфулин» кеңшарының директоры (1992–96), Қызылорда обл. әкімінің кеңесшісі, Арал ауд-ның әкімі (1996–2002), ҚР Су ресурстары к-ті «Сырдария арнасын реттеу, Солтүстік Арал теңізін сақтау» (САРАТС) жобасының бас инж. (2002–05), Қызылорда қ-ның әкімі (2005–07), обл. әкімінің орынбасары, Қазалы ауданының әкімі (2007–11), обл. табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы (2011–12), «ҚазГерМұнай» бірлескен кәсіпорны ЖШС бас директорының орынбасары (2012–19) қызметтерін атқарған. «Көкарал» бөгеті, «Ақлақ», «Әйтек», сондай-ақ Қазалыдағы «Басықара» гидроторапторы құрылыстарына басшылық жасаған. 2019 жылдан

кәсіпкерлікпен айналысып, «Атабас» ШҚ, «Сенім-Табиғат», «Оязбағы», «Ата жолы» мекемелерінде жеке кәсібін жүргізеді. «Құрмет» орденімен марапатталған. Қызылорда қ-ның, Қазалы, Арал аудандарының құрметті азаматы.



Көшербаев Елеу

КӨШЕРБАЕВ Елеу Көшербайұлы (18.3.1929, Арал ауд. – 14.5.1993, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Қызылорда пед. ин-тын (1950, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын Ақшелек бастауыш мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі болып бастаған. Қазалы ауд-ндағы «Октябрь» орта мектебінің директоры, аудандық партия к-тінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі, кейіннен «Социалистік жол» ауд. газетінің редакторы (1950–60), Қазалы және Сырдария ауд. партия к-ттерінің 2-хатшысы, Тереңөзек, Сырдария ауд-дарының атқару к-ттерінің төрағасы, Қызылорда обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1960–75), Қармақшы және Қазалы аудандық партия к-ттерінің 1-хатшысы қызметін атқарған (1975–91). 1992 жылдан обл. Ардагерлер кеңесінің төрағасы болған. К-тың тікелей басшылығымен 1980 ж. Қармақшы жерінде ұлтымыздың данагөйі, абызы Қорқыт Атаға арналған ескерткіш тұрғызылып, бүкіл түркі тілдес халықтарға ортақ, зиярат ететін қасиетті орынға айналды. К. «Өндіріс ұйытқысы» және «Серпін» атты кітаптардың авторы. Ленин, Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту (3 мәрте) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Есімі Қармақшы ауд. Ақай ауылындағы No279 мектепке, Қызылорда қ-ндағы көшеге берілген.

О. Айдаров



Көшербаев Қырымбек

КӨШЕРБАЕВ Қырымбек Елеуұлы (20.5.1955 ж.т., Қазалы қ.) – мемлекет қайраткері, полк., саяси ғыл. докт. (1997). Қазақ политех. ин-тын (1978, қазіргі ҚазҰТУ), Мәскеу қ-ндағы КОКП жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасын (1991) бітірген. «Главриссовхозстрой» Қызылорда құрылыс-өндірістік бірлестігінің инж. (1978), сол бірлестіктің 112-жылжымалы механикаландырылған колоннасы өндірістік-дайындау тобының бастығы, Қызылорда обл. күріш инж. жүйелері штабының бастығы (1979–81), Қазақстан ЛКЖО екпінді құрылыстар комсомол ұйымдары секторының меңгерушісі (1981–82), Қазақстан ЛКЖО жауапты ұйымдастырушысы (1982–83), Қазақстан ЛКЖО Қызылорда қ-лық к-тінің 1-хатшысы (1983–86), Қазақстан ЛКЖО комсомол ұйымдары бөлім меңгерушісінің орынбасары, мәдениет бөлімінің меңгерушісі (1986–88), ҚР Президенті аппараты Мәдениет және ұлтаралық қатынастар референтурасының референті (1991), ҚР Премьер-министрі орынбасарының көмекшісі, (1991–94), Алматы қ. Калинин ауд. әкімш-нің басшысы (1994–95), ҚР Мин. кабинеті аппараты жетекшісінің орынбасары – ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі, ҚР Үкіметі аппараты жетекшісінің орынбасары – аумақтық даму бөлімінің меңгерушісі (1995–96), ҚР Президенті Баспасөз қызметінің хатшысы, жетекшісі (1996–97), ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрі (1997– 99), ҚР Денсаулық сақтау, білім және спорт министрі (1999), ҚР Білім және ғылым министрі (1999–2000), Батыс

Қазақстан обл-ның әкімі (2000–2003), ҚР-ның Ресейдегі (Финляндия, Арменияда қоса атқарушы) Төтенше және өкілетті елшісі (2003–06), Маңғыстау обл-ның әкімі (2006–11), ҚР Президентінің кеңесшісі, ҚР Премьер-министрінің орынбасары (2012–13), Қызылорда обл-ның әкімі (2013–19), ҚР Президенті әкімш-нің басшысы (2019), ҚР Мемл. хатшысы (2019–22) қызметтерін атқарды. 2022 жылдан «Ембімұнайгаз» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор. К. саясаттану тақырыбында бірнеше ғыл. еңбектің авторы. «Парасат» (2003), 2-дәрежелі «Барыс» (2009), «ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» (2015), 1-дәрежелі «Барыс» (2021), «Достық» (РФ, 2006) орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Байқоңыр қ-ның (2015), Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2019).

Қ.Омаров

КҮЗЕМБАЕВ Шәпек (1906, Қазалы ауд. – 1985, Өзбекстанның Бұхара обл. «Кенимех» а.) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (6.8. 1958). Бұхара обл. Қаракөл ауд. «Мүборак» кеңшарының жұмысшысы, ферма меңгерушісі, Қашқадария обл. Қасансай ауд. «Мүборак» кеңшары директорының орынбасары, Бұхара обл. Кенимех ауд. «Кенимех» кеңшарының ферма меңгерушісі, директордың орынбасары, директоры болған (1926–72). Ленин орденімен марапатталған (1958).

Қ.Омаров

КҮЙІК ҚАЛА – Қазалы ауд. Кәукей а-нан батысқа қарай 13 км жерде орналасқан ортағасырлық қалашық орны. К. қ-да археол. қазба жұмыстары жүргізілмеген, 1946 жылдан С.П. Толстовтың жетек-мен Хорезм археол. экспед. К. қ-ның топогр. сызбасын жасап, беткі қабаттан алынған деректер бойынша ескерткіштердің мерзімін анықтаған. Ескерткіште 2006 ж. Ж.Құрманқұловтың басшылығымен Шірік-Рабат археол. экспед-ның барлау отряды және 2010 ж. Қызылорда ун-ті Жанкент археол. экспед. (жетек. Ә.Тәжекеев) археол. барлау жұмыстарын жүргізді. Ескерткіштің геогр. координаттары анықталып, қаланың үстіңгі қабатынан археол. заттар жинап алынды. Қала пішіні төртбұрыш тәріздес, көл., шамамен, 300х150 м. Қаланың солт. бөлігінде солт. және шығыс қабырғалары 40 м, оңт. және батыс қабырғалары 70 м-лік тең цитадель орналасқан. Қала ені 10–20 м ормен қоршалған. Қ-ның беткі қабаты қара топырақпен көмкерілген, бұл қ-ның толықтай өртке ұшырағандығының нәтижесі деуге болады. Жалпы бұл қалалардың «Кескен күйік қала», «Күйік қала» аталу себебі осында жатыр. Қаланың үстіңгі қабатынан құрылыс іздері байқалады, сонымен қатар керамика сынықтары (қара, сұр, қызыл, қоңыр және ангобталған), қоладан жасалған заттардың сынықтары және монша қтар кездеседі. Демек, К. қ-ның өмір сүру уақыты – б.з. 1 мыңжылдығы.

Ә.Тәжекеев



Күлетов Қазмұхамед

КҮЛЕТОВ Қазмұхамед Кәрібайұлы (1897, Сырдария обл. Қазалы уезі – 26.2.1938) – мемлекет қайраткері. Қазақ мектебін (1910), орыс-түзем уч-щесін (1915), жоғары бастауыш уч-щесін (1918), РКФСР Әділет халық комиссариаты жанындағы екі жылдық жоғары құқықтану курсын (1928) бітірген. 1918 ж. 2,5 айға жуық Эсерлер партиясына, 1918 ж. РК(б)П-ға мүше болған. Арал т. поселкелік кеңесінің есепшісі (1918–19), РК(б)П Қазалы уездік к-тінің хатшысы (1919–20), Сырдария обл. рев. к-тінің төрағасы, обл. атқару к-тінің және РК(б)П обл. к-тінің мүшесі (1920–21), уездік атқару к-тінің төрағасы (1921–22), РК(б) П Ташкент уездік к-ті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, РК(б)П Сырдария губ. к-тінің нұсқаушысы, үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі (1923–25), РК(б) П Қазақ өлкелік к-тінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі және бюро мүшесі (1925), Сырдария губ. к-тінде жауапты партиялық қызметкер (1925), Сырдария губ. к-тінің бөлім меңгерушісі (1925), Орал губ-ның прокуроры (1926–27), Петропавл окр-нің прокуроры, Петропавл окр. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1927–30), БК(б)П Қазақ өлкелік к-ті шекара комиссиясының төрағасы (1930), «Казхлебживсоюз» басқарма төрағасының орынбасары, «Каззаготскот» кеңсесінің басқарушысы (1931), РКФСР Жоғ. Соты Қазақ бөлімінің төрағасы (1932–34), «Казкрайсоюз» басқармасы төрағасының орынбасары, Оңт. Қазақстан обл. тұтынушылар одағының төрағасы (1934–35), Оңт. Қазақстан обл. к-тінің бөлім меңгерушісі (1935–36), Оңт. Қазақстан обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1936–37) қызметтерін атқарған. 1937 ж. 2 шілдеде тұтқындалып, 3 шілдеде партия қатарынан, 14 шілдеде жұмыстан шығарылған. 5 қазанда Алматы қ-на әкелініп, 1938 ж. 26 ақпанда атылған. 1957 ж. ақталды. Қазалы ауд. Қ.Пірімов а-ндағы. №92 қазақ орта мектебіне К-тің есімі берілген (1999).

С.Шілдебай

КҮМІСҚОРҒАН – бекініс орны. Оның қалдығы Сырдария ауд. Шіркейлі каналының жағалауында сақталған. К-ды 1818 ж. жергілікті қазақтарға саяси-әкімш. билікті нығайту мақсатында Қоқан хандығы тұрғызған. Тарихи мәліметтерге қарағанда, К. төрт бұрышты болған, биік қабырғалар тұрғызылған, әкімш. сарай мен тұрғын-жайлар, шаруашылық нысандары болған. Мұнда Қоқан хандығының зеңбіректермен қаруланған әскер бөлімі тұрды. Қорғанда орналасқан хан өкілдері елден құшыр, зекет жинап және әрбір отбасыдан 1,5 теңге күміс ақша салық алып отырды. К. бегі Ниязбек тұсында жергілікті халықты қанау біршама күшейді. 1852 ж. 8 тамызда полк. И.Ф. Бларамберг бастаған орыс әскері К-ды басып алып, оған жергілікті қазақтар көмектескен. Бұл жөнінде Бларамбергтің «Естеліктер» кітабында жан-жақты айтылған.

Д.Байгунаков



Күмісқорған бекінісінің орны



Күнқожаев Нәжман

КҮНҚОЖАЕВ Нәжман (25.12.1929, Арал ауд. Бөген а. – 8.2.2021, Алматы қ.) – ғалым, тарих ғыл. докт. (1973), проф. (1974). Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі. Қазақ мемл. ун-тін (1953, қазіргі ҚазҰУ), Алматы жоғ. партия мектебін (1965) бітірген. Қазалы т. ж-ның Сексеуіл ст-нда мұғалім, Бөген а-нда мектеп директоры (1953–58), обл. халыққа білім беру бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1958–61), обл. партия к-тінде нұсқаушы (1961–63), обл. к-тте лекторлар тобының жетекшісі (1965) болған. Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқу ісі жөніндегі проректоры, кафедра меңгерушісі (1965–83), Гурьев пед. ин-тының (қазіргі Атырау ун-ті) ректоры (1983–86), Қызылорда пед. ин-тында сырттай оқу бөлімінің

проректоры, кафедра меңгерушісі (1986–92) қызметтерін атқарған. 1992 жылдан Қазақ ұлттық пед. ун-тінің (қазіргі ҚазҰПУ) саясаттану және әлеуметтану кафедрасының профессоры, Алматы қ-лық мұғалімдер білімін жетілдіру ин-тының қоғамдық ғылымдар кафедрасының меңгерушісі. К. 200-ден астам ғылыми еңбектің, 4 монография, 3 оқулықтың авторы. 17 ғылым кандидатын дайындаған. «Адам және қоғам» оқулығының орыс және қазақ тілдеріндегі авторы, жоғары оқу орындарына арналған «Әлеуметтану» (1997), «Социология» (2001) оқулықтары авторларының бірі. Гимназия, колледж, лицейлерге арнап «Экономикалық және әлеуметтік география» оқулығын жазған. «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің құрмет грамотасымен (2 мәрте) марапатталған.

Қ.Құдайбергенов

КІШІБЕКОВ Досмұхамбет (15.12.1925, Шиелі ауд. – 26.6.2024, Алматы қ.) – көрнекті ғалым, филос. ғыл.докт. (1965), проф. (1967), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ КСР Жоғары мектебінің еңбек сің. қызметкері (1974). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қызылорда пед. ин-тын (1948, қазіргі Қызылорда ун-ті), КСРО ҒА Философия ин-тының аспирантурасын (1953) бітірген. Қызылорда пед. ин-тының оқытушысы (1948–49), Қазақ КСР ҒА Философия және құқық бөлімінің аға ғыл. қызметкері, философия және құқық инст-ның аға ғыл. қызметкері (1953–64), Қазақ политех. ин-тының (қазіргі ҚазҰТУ) философия кафедрасының меңгерушісі (1964–96) қызметтерін атқарған. 1996 жылдан ҚазҰТУ-дың



Кішібеков Досмұхамбет

проф. Негізгі ғыл. еңбектері қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, дәстүрлі дүниетанымына арналған. Халықтың өткені мен бүгінін ғыл. тұрғыдан саралап, оның діліне, болмысы мен әдет-ғұрпына филос. талдау жасап, философия тарихы мәселелерін зерттеген. К. 900-ге жуық ғыл. еңбек, оның ішінде 50-ден астам монография, оқулық, оқу құралдары, қазақ тілінде жазылған тұңғыш «Философия» оқулығының авторы. «Переходные общественные отношения» (1973), «Кочевое общество: генезис, развитие, упадок» (1984), «Философия» (1994, 1999, 2000), «Казахстан. Переходный период. Проблемы и трудности» (1998), «Культурология» (1998), «Философия истории и современность» (2002), «Ментальная природа казаха» (2005), «Национальная идея» (2007), «Идеология в контексте времени» (2018), т.б. еңбектері жарияланған. 3-дәрежелі «Барыс» (2022), «Құрмет», «Халықтар достығы» орденделерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

КІШІ ҚОСАСАР ҚАЛАШЫҒЫ – археол. ескерткіш. Қармақшы ауд. Алдашбай ахун а-нан солт.-батысқа қарай 23 км жерде орналасқан. Ескерткішті 1948 ж. Хорезм археол. экспед. (жетек. С.П. Толстов) ашып, 1973, 1976, 1978 ж. Л.М. Левина жетекшілік еткен экспед. зерттеген. 2005 ж. Археология ин-тының Шірік-Рабат археол. экспед-ның (жетек. Ж.Құрманқұлов) барлау отряды (жетек. Ә.Тәжекеев) қайта зерттеп, геогр. координаттарын анықтап, суретке түсірген. Қалашықтың жалпы аум., шамамен, 200х100 м. Көл. 75х50 м тікбұрышты бөлігін үлкен қам кесектермен қалаған, биікт. 10 м-ден асатын қабырғалармен қоршалған. Күмбезді үйіндінің жал түріндегі (биікт. 1,5 м, ені 2 м) қалдықтары жалғаса орналасқан. Ескерткішті қайта зерттеп, хронол. шегін анықтау арқылы қалашық б.з.б. 1-мыңжылдықтың соңғы ғасырлары – б.з. 1 ғ-нда өмір сүрген деуге болады.

ҚАБЫЛ АТА КЕСЕНЕСІ (19 ғ.) – сәулет өнері ескерткіші. Шиелі ауд. Қызылқайың а-нан оңт-ке қарай 13 км жерде Қабыл ата үлкен қорымында орналасқан. Алғашқы деректер бойынша Қ. а. к. камералы, беткі қабаты күмбезді болып келген. №1 кесене – екі



Қабыл ата кесенесі

камералы, шаршы жоспарлы, күмбезбен көмкерілген. Беткі қабаты түрінде салынған кіреберіс камерасы оңт-ке қарай бағытталған. Беткі қабатының ортаңғы жағы арка түрінде жасалған. Кесененің көл. 6,5х5,15 м, биікт. 4,5 м, қабырғасының қалың. 80 см. №1 кесенеге жақын жерде Қабыл ата төрткұлағы орналасқан. Қам кесек кірпіштен тұрғызылған төртқұлақ сызба бойынша төртбұрышты, көл. 5,5х4,75 м, биікт. 2 м, қабырғасының қалың. 50 см. Қабырғасының жоғ. бөлігі күйдірілген кірпішпен (28х15х6 см) арка секілді жабылған.

Ә.Тәжекеев

ҚАБЫЛДЫҢ ҚОРҒАНЫ – археол. ескерткіш (б.з.б. 4–2 ғ.). Қармақшы ауд. Көмекбаев а-нан батысқа қарай 47 км жерде орналасқан. 1957 ж. Хорезм экспед-ның (жетекш. С.П. Толстов) Жаңадария



Қабылдың қорғаны

маршрутын анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізген. 2005 ж. Шірік-Рабат археол. экспед. (Ж.Құрманқұлов, Ә.Тәжекеев) зерттеу жұмыстарын қайта бастаған. Ескерткіш сызба бойынша төртбұрышты, биік бекініс қабырғалармен қоршалған. Қамалдың кіреберіс қақпасы оңт.-шығыс қабырғаның ортасында әрі ол 6–7 м-ге дейін шығыңқы орналасқан. Бекініс қабырғаларында мұнаралар жоқ, бірақ екі деңгейдегі көптеген атыс ойықтары кездеседі. Қабырғаларының төм. бөліктері биікт. 1 м, ені 0,6 м-лік пахса блоктарынан тұрғызылып, ал атыс ойығы төртбұрышты үлкен қам кесектерден қаланған. Биікт. 1 м-лік атыс ойықтарының арақашықтығы – 2 м. Қорғаныс дәлізі екі қабатты қамал қабырғаларының ортасын алып жатыр. Солт.-шығыс және солт.-батыс қабырғаларының ұз. 55 м, оңт.-шығысы 55 м, оңт.-батысы 52 м, биікт. 3,5 м, қалың. 2 м.

Ә.Тәжекеев

ҚАБЫЛОВ Ілияс (18.10.1904, қазіргі Жалағаш ауд. Мәдениет а. – 26.2.1938, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. 1918–22 ж. Ташкент қ-дағы еңбек коммунасында оқыған. Мәскеу қ-ндағы Шығыс еңбекшілері коммунистік ун-тін (1925), Қызыл профессура ин-тын (1933) бітірген. Ташкент қ-ндағы Орта Азия коммунистік ун-тінде оқытушы (1925–28), Қазақстан өлкелік партия к-тінің баспа жөніндегі сектор меңгерушісі, мәдениет және насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1928–30), Шығыс еңбекшілері коммунистік ун-тінде философия кафедрасының меңгерушісі (1931–33), Қазақстан өлкелік партия к-ті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ)



Қабылов Ілияс

философия кафедрасының меңгерушісі (1934–37) қызметтерін атқарған. Қазақ АКСР кеңестерінің 9-съезіне (1935) қатысып, атқару к-тінің мүшелігіне сайланған. Көрнекті публицист, сыншы, философ ретінде «Еңбекші қазақ», «Советская степь», «Казахстанская правда» газеттерінде мақалаларын жариялап тұрған. 1937 ж. қуғын-сүргінге ұшырап, ату жазасына кесіліп, 1998 ж. 15 мамырда толық ақталған. Қызылорда қ-ндағы №12 мектепке Қ-тың есімі берілген.

Т.Дайрабай

ҚАЗА – су тасығанда пайдаланылатын балық аулау құралы. Қамыстан, тал шыбықтарынан арнайы тоқылып, су тасығанда көлден дарияға қайта құйылатын сағалықтарға, дария жыраларына орнатылған. Қазіргі балықшылар қолданатын «вентерь» Қ-ның жаңаша сым тордан жасалған түрі.

ҚАЗАҚ–БҰҚАР СОҒЫСЫ – 1598 жыл мен 1624 жылға дейін созылған Қазақ хандығы мен Бұқар хандығының арасындағы қарулы қақтығыстардың сериясы. Соғыстың алғышарттары. 16 ғ-дың аяғында Қазақ хандығы мен Бұхар хандығының арасында, Сырдарияның бойындағы және Ферғана даласындағы шұрайлы жерлер мен сол арқылы өтіп жатқан сауда жолдарына талас басталады. 1588 ж. қазақтар мекендеген және қазақ қонысы болған Ташкент, Шахруийа және Худжанд өңіріндегі жұрт бұқар ханы 2-Абдулланың жасауыл әскерлерін талқандап, әкімдерін қуады, Жан-Әлі деген қазақ сұлтанын өздеріне басшы етіп тағайындайды. Бірақ көп ұзамай Абдулла хан қайта әскер жинап, қазақ рулары бастаған көтеріліс ұрыс майданына айналады. Бұл жағдай қазақ ханына үлкен демеу береді. 1596–98 ж. Балх ханы Абдулмумин өз әкесі Абдоллахпен билікке таласып, қарсы шығып, соғысады. Осы оңтайлы кезеңді пайдаланып, 1598 ж. Тәуекел ханның өзі бастаған қазақ аламандары Ташкентке жорық жасап бұқар әскерлерін талқандап, қаланы алды. Сол жылы қазақ әскерлері Ферғана даласындағы Ақсы және Әндіжан қалаларын өзіне қаратады. Тәуекел хан Самарқанға жасаған жорығында сол қ-ның түбінде Бұқар ханы Абдулла әскерін оны қолдаған пуштун жасақтары және көрші Хорасан, Седжестан, Мәуеренахрдан келген ең мықты, жалдамшы сарбаздарды жалпы саны 100 мыңға жуық әскерді жеңіп, артынша Самарқанды алып, Мианқалаға дейінгі жерді иеленеді. Сол заманның шежірешілері: «Сайыпқыран Абдулла хан күйіктен (жүрек талмасы) өлді», – деп жазады. Тәуекел өзінің туысы Есім сұлтанды 20 мың әскермен Самарқан қ-сын бақылауға қалдырып, өзі 70 мың әскермен Бұқар қ-на жорыққа аттанады. 20 күн қаланы қоршап, соғысып, қатты жараланып, кейін өзі Ташкент қ-сына шегініп ауыр жарақаттан қаза болады. Оның орнын басқан Есім хан 1598 ж. күзде Бұқар мемл. бітім шартын жасасады. Бұл шарт бойынша Самарқан қ. бұқаралықтарға өтеді, ал Түркістан, Отырар, Сауран бастаған отызға жуық шаһармен қоса, Ташкент қ. бүкіл уәлаятымен Қазақ Ордасының құрамына енеді. Сонымен қатар, қазақтар Әндіжан қ-сымен бірге Ферғана жазирасының солт. бөлігін алады, қазақ жері Қызылқұмнан аса түсіп, Әмудария мен Сырдария өз-дерінің орта аралығына дейін ұлғаяды. Екінші қазақ-бұқар соғысы. Қазақ хандығының ішкі жағдайын аңдып отырған Бұхар ханы бұрынғы бітім-шартты бұзып, Қазақ хандығының жеріне жаңа жорық ұйымдастырады. Бұхар ханы кешегі Тәуекел ханмен сәтсіз соғыста қолдан шыққан Ташкент, Сайрам, Әндіжан жерлерін қайтарып алуды көздеді. Сонымен қатар қазақтарды Сырдарияның арғы бетіне асырып тастауды мақсат етті. 1603 ж. Айғыржар деген жерде үлкен шайқас болды. Бұл шайқаста Бұхар хандығының әскері ойсырай жеңіліс тауып, тым-тырақай қашты. Бұхар әскерлері Самарқан бекінісіне тығылады. Қазақ хандығының әскерлері жауды талқандап мол олжамен

Ташкентке қайтып оралды. 1611 ж. бұқар әскерін Имамкули хан өзі басқарып келеді. Ташкент түбінде өткен бұл ұрыста қазақтың қалың қолын Есім хан басқарды. Бұл шайқаста Бұхар ханы жеңіліс тауып, кері шегінеді. Кейін қайта қол жинап Қаратау, Аспара өңіріне шабуылдап, бейғам а-дар мен қ-ларды үлкен шығынға ұшыратты. Бұған жауап ретінде 1613 ж. Есім хан қалың қолмен Самарқанға басып кірді. Бұхар хандығының әскерін қырата жеңді. 1620–21 жылдары болған төртінші, бесінші, алтыншы қазақ – бұқар соғысында Қазақ хандығының әскерін Тұрсын хан бастап шығып, қазақтар толық жеңіске жетті. 1627 ж. ең соңғы, жетінші қанды шайқасқа Есім хан Қазақ хандығының әскерін өзі бастап келіп, кескілескен шайқаста жеңіске жетті. Сөйтіп оңт. шекарасын берік бекітеді.

ҚАЗАҚ КҮРІШ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ – ғыл.-тәжірибелік мекеме. 1932 ж. КСРО Халық комиссариаты Бүкілодақтық күріш тәжірибе ст. (Краснодар қ.) жүйесінің Қызылорда күріш тәжірибе танабы болып құрылған. 1950 ж. КСРО А. ш. ғылымдары академиясының (кейін Шығыс бөлімшесі) филиалына қарасты Қазақ егіншілік ин-тының құрамына енген. 1956 ж. 21 тамызда Қызылорда мемл. а. ш. тәжірибе ст. болып өзгерген. 1964 ж. 25 тамызда КСРО Мелиорация және су ш. мин-нің «Главриссовхозстрой» трестінің қарамағына берілген. 1972 ж. 25 ақпанда Қазақ КСР А. ш. мин-нің, кейін «ВАСХНИЛ» Шығыс бөлімшесінің Қазақ КСР Күріш ғыл.-зерт. ин-ты, 1991 ж. Қазақстан а. ш. ғылымдары академиясының Қызылорда а. ш. ғыл.-зерт. ин-ты, 1994 ж. Арал өңірі агроэкология және а. ш. ғыл-зерт. ин-ты болып қайта құрылып, 1999 жылдан ҚР БҒМ-не қараған. 2003–07 ж. ҚР А. ш. мин. Оңт.-Батыс а. ш. ғыл.-өндірістік орт-ның, 2007 ж. «ҚазАгроинновация» АҚ-ның еншілес мемл. кәсіпорыны болды. 2008 ж. ҚР А. ш. мин. «ҚазАгроинновация» АҚ «Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС болып қайта құрылды. 2011 ж. ин-тқа Ы.Жақаев есімі берілді. 2017 жылдан «Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығы» КеАҚ құрамындағы «Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС деп аталады. Ин-тта селекция, тұқым ш., агротех., ғыл.-аналит., ғыл. жетістіктерді өндіріске енгізу және коммерц. бөлімдері бар; тәжірибе ш-нда (Қарауылтөбе ғыл.-өндірістік тірек пункті) күріш, бидай және көпжылдық шөптердің аудандастырылған сорттарының элиталық және өнімділігі жоғары тұқымы өндіріледі. Ин-тта кейінгі жылдары 50-ге жуық елдің 1400 күріш сортынан тұратын Қазақстанның күріш текқоры жинақталған. Көп жылғы селекция жұмысы барысында 7 күріш сорты шығарылып, «КзРОС358»; «Маржан», «АШ-16», «Арал-202», «Ару», «Түгіскен-1» сорттары аудандастырылған. Қазіргі





Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты



шетелдік жоғары өнімді, сабағы нығыз (дәндерінің орналасуы) сорттарына балама түрде қылтықсыз «Каз-НИИР-5», «КазЕр-6», «Арал-7» жаңа перспективті сорттар шығарылуда. 2008 жылдан Ресей күріш селекциясының аудандастырылған «Янтарь», «Новатор», «Лидер» сорттарының бастапқы тұқым ш-н ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде. Кейінгі жылдары пайдалануға жіберілген сорттардың мемл. тізіміне түйе жоңышқасының жаңа «Аркас» сорты енгізілген (2006). Жоңышқаның «Түркістан-15» сорты, жүгерінің «Жадыра-21» будасы, сары түйе жоңышқасының «Арал-19», картоптың «Бірлік» сорты, қауынның «Дәмелі», «Сырдария» атты жаңа сорттары тіркелген. Ин-тта 8 докт., 38 канд. диссертациялар қорғалды, а. ш. дақылдарының 8 сортына авторлық куәлік және 25 жаңалық құжаты алынды. Ин-т тарапынан «Қызылорда облысының ауылшаруашылық жүйесін жүргізу жайлы» 3 ұсым, 97 өндіріске арналған ұсынымдар мен әдістемелер, 12 монография, 1150 ғыл. еңбек жарық көрді.

Қ.Омаров,С.Өмірзақов

ҚАЗАЛЫ – ауд. маңызы бар қала. Тұрғыны 7,8 мың адам (2023). Қызылорда – Ақтөбе т. ж. бойы Әйтеке би кентінен оңт-ке қарай 12 км қашықтықта, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан. Кейбір деректердің көрсетуінше, елді мекен атауы «қаза» деп аталатын балық аулау құралынан шыққан. Сондай-ақ әділ қазылығымен халыққа жаққан адам есімімен «Қазы елі» атанып, кейін Қазалы болып өзгерген деген де пікір бар. Сонымен қатар халық жадында сақталған бірқатар аңыздар бойынша ертеде осы өлкеде шалқыған көл болып, көлдің беті аққу мен қаздың көптігінен көрінбей «Қаз елі» атанған екен. 1853 ж. күзде сол аумаққа Ресей империясының әскери бекінісі салынып, оның Орынбор–Ташкент т. ж. бойында орналасуы оның қалаға айналуына қолайлы жағдай туғызған. 1867 ж. қала мәртебесін алғанша бұл елді мекен №1 Форт деп аталып, Арал флотының негізгі айлағы Қазалыда орналасты. Қалада базар, аурухана, мектеп, т.б. ашылып, Қ. қ. уезд орт., ал КСРО тұсында 1958 жылға дейін аудан орт. болды. Қазіргі таңда қалада 840 кәсіпкерлік субъект бар. Қ. қ-нда жалпы білім беретін 2 орта мектеп, 1 мектеп-лицей, 2 бөбекжай-балабақша, агр.-тех. колледж, 2 кітапхана, қалалық мәдениет үйі, Ғ.Мұратбаев атынд. мемориалдық музей, №18 қалалық спорт мектебі, 3 шағын ойын алаңы, «Шипагер» дәрігерлік амбулаториялық емханасы, 2 мешіт, орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемл. мекеме, арнаулы әлеум. қызметтерді көрсету орт., «Қазсушар» еншілес кәсіпорны, «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орт., орман тұқым бақ кешені ғыл.-зерт., ауа райын зерттеу ст-лары, «Қазпошта» АҚ, т.б. мекемелер орналасқан.

О.Айдаров

«ҚАЗАЛЫ» – газеті. 2009 ж. 1 қаңтарда «Қ.» атауымен (таралымы – 1500 дана) шығарылып, 2011 ж. таралымы 5500 данаға жеткен. 2016 жылдан апта-



«Қазалы» газеті


сына 2 рет электронды нұсқасы пайда болып, таралымы 5038 дана (2023) болған. Басылымның ауыл өмірін насихаттайтын «Ауылым – алтын бесігім», жастарды имандылыққа үндейтін «Иман», аналар мен қыз-келіншектерге арналған «Аруана», руханият, мәдениет, спорт мәселелерін қамтитын «Ақберен», «Шабыт», «Мұзбалақ» парақтары, сондай-ақ «Кәсіп пен нәсіп», «Адам және заң», «Ел есіндегі есімдер», т.б. айдарлары оқырманға кеңінен танымал.

Қ.Омаров

ҚАЗАЛЫ АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ – а. ш. саласы мамандарын даярлайтын оқу орны. 1954 ж. сәуірде ашылған. 1961–73 ж. №34 а. ш-н механизациялау, 1973–81 ж. №34 а. ш. кәсіптік-тех., 1981–90 ж. №8 селолық орта кәсіптік-тех., 1990–2002 ж. кәсіптік-тех. уч-щелері, 2002–08 ж. №8 кәсіптік мектеп, 2009–12 ж. №8 кәсіптік лицей болып аталып, 2013 ж. Қ. а.-т. к. түрінде қайта құрылған. Осы уақыт ішінде бұл іргелі оқу орнын а. ш-на қажетті трактороршы, комбайншы, К–700 трактарының жүргізушісі, механизатор, құрылысшы, дәнекерлеуші, т.б. 25 мыңға жуық адам бітірді. Қазіргі уақытта колледжде 20 мамандық, 40 біліктілікті арттыру бойынша мамандар дайындалады. 2023–24 оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрінің бұйрығына сәйкес, пилоттық жоба ретінде колледж базасында жалпы білім беретін мектептердің 10–11 сынып оқушылары үшін эксперименттік білім беру бағдарламасы енгізіліп, түлектер мектеп аттестатымен бірге диплом алатын болды.

О.Айдаров

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ – әкімш. бөлініс. 1928 ж. құрылған. Жерінің аум. 37,4 мың км². Тұрғыны 78,5 мың адам (2023). Аудандағы 42 елді мекен 1 қалалық, 1 кенттік және 19 ауылдық окр-ке біріктірілген. Ауд. орт. – Әйтеке би кенті. Қ. а-ның жері Тұран ойпатында орналасқан. Солт-нде Арал Қарақұмы, оңт-нде Қызылқұм жатыр. Ауданның ең биік жері Арал Қарақұмында (Жуантөбе тауы, 136 м). Климаты тым континенттік, қысы суық, жазы ыстық, аңызақ. Ауаның орташа темп-расы қаңтарда – 9–13°С, шілдеде 26–28°С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлш. 100–150 мм. Сырдария өз. аудан жерінің орта тұсынан өтеді. Қазалы қ. маңынан Қазалы каналдары (оң жақ, сол жақ каналдары) және Жаңаарық каналы бастау алады. Сырдария өз-нің Қуаңдария, Ескідариялық және Жаңадария атты ескі арналары бар. Топырағы, негізінен, құмды сортаңды болып келеді. Кейбір жерлері (ауданның шығысы) тақыр. Аудан жерінде шөлге төзімді бозжусан,



Қазалы ауданы



Қазалы аграрлық-техникалық колледжі

жүзгін, жиде, сексеуіл, қарасексеуіл, теріскен, Арал Қарақұмы маңында астық тұқымдас шөптесін аралас бозжусан, өзен, көл маңында қамыс, құрақ өседі. Қ. ауд-нда пайдалы жабайы өсімдіктерден қызыл мия, тәттітамыр, жұмыршақ, тұмаршөп, итсигек, ақши, Рихтер сораңы, кәдімгі адыраспан, т.б. дәрілік шөптер өседі. Аудан жерінде шөлді ландшафтың жануарлары – кіші сарышұнақ, атжалман, шағыл мысығы, құмқояны, құлақты кірпі, құмтышқан, қарсақ, сасықкүзен, қасқыр, түлкі, күзен, ақбөкен, жабайы шошқа, ондатр, қырғауыл, т.б. мекендейді. Халық аудан аум-нда біркелкі қоныстанбаған. Тұрғындарының 90%-дан астамы Сырдария өз. аңғарында және оның тармақтары бойында қоныс тепкен. Орташа тығыздық 1 км^2-ге 2 адамнан келеді. Ірі елді мекендері – Әйтеке би кенті (46,7 мың адам), Қазалы қ. (7,8 мың), Бекарыстан би (2,8 мың), Жанқожа батыр (1,8 мың), Ақтан батыр (1,6 мың), Өркендеу (1,5 мың), т.б. А. ш. мақсатындағы жер көл. – 288,3 мың га, оның 11 мың гектары жыртылған, 6,9 мың гектарға дәнді дақылдар, 8,0 мың гектар жерге мал азығы дақылдары өсіріледі. Шабындығы – 7,2 мың га, жайылымы – 226,6 мың га. Тыңайған жері – 86,4 мың га, егістік жері – 14,8 мың га. Аудандағы ірі қара мал саны 49,2 мың бас, қой мен ешкі 113,2 мың, жылқы 48,4 мың, түйе 13,0 мың бас болды (01.09.2023). А. ш. саласында 360 агроқұрылым жұмыс істейді, оның 12-сі жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 4-еуі шаруа қожалығы. 6529 шағын және орта кәсіпкерлік нысаны тіркелген, оның 303-і заңды тұлға, 4717-сі жеке кәсіпкер, 1509-ы шаруа қожалығы. Өнеркәсіп саласынан 24 кәсіпорын, оның ішінде өңдеу саласынан 14 мекеме орналасқан. Жалпы су құбырының ұз. 1307 км. Қ. а-нда 38 жалпы білім беру (34 орта, 3 негізгі және 1 кешкі мектеп), 2 қосымша білім беру ұйымдары (өнер мектебі мен оқушылар үйі) және 50 мектепке дейінгі (19 мемл., 12 жеке меншік, 19 шағын орт.) ұйымдар, сондай-ақ «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орт. жұмыс істейді. Сондай-ақ ауданда 2 музей, 26 кітапхана, 1 ауд. мәдениет орт., 1 қалалық, 1 кенттік мәдениет үйі, 5 ауылдық мәдениет үйі, 15 ауылдық клуб, 2 стадион, 51 спорт залы бар. Денсаулық сақтау саласында 10 аурухана, 1 емхана, 13 медпункт, 17 ауылдық дәрігерлік амбулатория халыққа қызмет көрсетеді. Қ. а. арқылы Ташкент – Орынбор т. ж. өтеді. Автомоб. жолдарының жалпы ұз. 406,2 км, 129 км аудан аум-нан өтетін респ. маңызы бар жолға жатады. Аудан аум-нда 10–11 ғ-лардағы Оғыз қағандығының орт. Жанкент қ-ның орны бар. Мұнда Орақ батыр, Жанқожа батыр кесенелері, т.б. тарихи тұлғаларға арналған ескерткіштер орнатылған. Қ. а. жерінде Жалаңтөс пен Әйтеке, Жанқожа мен Ақтан, Ашабай мен Сырлыбай, Жылқыайдар мен Жетес, Үмбет пен Ерімбет сынды әйгілі батырлар мен би-шешендер өмір сүрген.

О.Айдаров

ҚАЗАЛЫ КАНАЛДАРЫ – облыстағы ірі суландыру жүйесі. Сырдарияның оң жағалауы «оң жаға» канал, сол жағалауы «сол жаға» каналы деп аталады. «Оң жаға» каналы Қазалы ауд. аум-нда орналасқан. Сырдарияның төм. ағысы бойында өзен суы саяз болып, егістер сусыз қалған жайттар жиі болған. Сондықтан 1941–42 ж. халықтық әдіспен (асар) «оң жаға» каналын қазу қолға алынып, ол Басықара арнасынан бастау алған. Оған 3 мың адам қатысып, канал 1943 ж. іске қосылып, 1946 ж. ені кеңейтілген. Жалпы ұз. 120 км, табан ені 10–26 м, тереңд. 2,5–6 м, сек. 23–30 м^3 су өткізе алады. Қуаты толық пайдаланылса, 30–35 мың га егістікті, 250 мың га жерді суландыра алады. «Сол жаға» каналы Қазалы, Арал аудандары аум-нда, Қазалы бөгеті тұсынан басталады. 1941–43ж. қазылып, 1957 ж. техника күшімен кеңейтілген. Ұз. 80 км, ені 20–25 м. Су ағымы жоғ. бөлігінде 34 м^3/с. Канал Арал, Қазалы аудандары шаруашылықтарының 20–25 мың га егісін және 200 мың га шабындық жерін суландыра алады. Қ. к. өз бастауын Қазалы су торабынан алып, өзен мен



Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжі

көлдердің су деңгейін реттеу арқылы құнарлы жерлерді су шаюдан сақтайды.

ҚАЗАЛЫ КӨЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ – оқу орны. 1929 ж. 1 қазанда Қазалы паровоз депосы жанынан ФЗУ түрінде ашылып, 1939 ж. арнайы 210 орындық оқу орны салынған. 1940 ж. 2 қазанда ФЗУ мектебі «Еңбек резерві» болып қайта құрылып, Қазалы депосы жанындағы ФЗУ №3 т. ж. уч-щесі деп аталған және онда Орынбор – Ташкент т. ж-на қажетті мамандықтар дайындалған. 1956 ж паровоздарды тепловоздармен алмастыру туралы қаулы қабылданғаннан кейін деполар локомотив деполары болып қайта жабдықталған. Училище соған сәйкес тепловоз машинистері мен көмекшілерін, жөндеуші, т.б. мамандықтарды дайындаған. 1964 ж. қалалық кәсіптік-тех. уч-ще (ГПТУ–70) болып қайта құрылып, оған Ресей, Украина, Беларус, Башқұртстаннан жастар келіп, білім алған. Оқу орны 1988–96 ж. Батыс Қазақстан т. ж. қарамағына өткен. Әр жылдары оның атауы ГПТУ–70 (қалалық кәсіптік, 1964–77), СПТУ–5 (орта кәсіптік-тех., 1977–88), СПТУ–2 (орта кәсіптік-тех. мектеп, 1988–96), №5 КТМ (кәсіптік-тех. мектеп, 1996–2002), №5 кәсіптік мектеп (2002–08), №5 кәсіптік лицей (2008), Қ. к.-т. к. (2013), жоғары колледжі (2017) болып өзгеріп отырған. Колледжде 11 мамандық, 50 біліктілікті арттыруға арналған, жаңа оқу-тех. құралдармен жабдықталған 36 оқу кабинеті, оның ішінде 20 арнаулы, 16 жалпы білім беретін пән кабинеттері, 6 шеберхана, 4 зертхана және үш полигон, 100 орындық жатақхана, 150 орындық мәдениет үйі, 100 орындық асхана, 20 мыңға жуық кітап қоры бар электронды кітапхана және оқу-жаттығу залы (фитнес клуб) бар. Ұжымда 100-ге жуық инж.-педагог және мемл. тапсырыс негізінде 500 оқушы білім алады. Колледжде дуалды оқыту жүйесі негізінде базалық мекемелермен екі және үш жақты келісім-шарттар жасалған. Аудан көлемінде 46 өндірістік мекememен әлеум. серіктестік байланыс орнатылған.



Қазалы мешіті

Б.Ахметов

ҚАЗАЛЫ МЕШІТІ – сәулет өнері ескерткіші. 1888 ж. құрылысшы Муравьиннің жобасы бойынша Қазалы көпесі Хұсайыновтың қаражатына салынған. Қазалы қ-ның орт-нда орналасқан. Пішіні төртбұрышты, күйдірілген кірпіштен өрілген, ауд. 28х15 м, биікт. 26 м, бірнеше бөл-

месі, баспалдақты мұнарасы бар, шатыры қаңылтырмен жабылған. Кіреберіс жағы өрнекті кірпіштермен қаланған. Іші сырланып, ақталған. Қабырғалары, төбесі гипспен өрнектелген. 1982 ж. респ. маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған.

Т.Дайрабай

ҚАЗАЛЫ КЛУБЫ – архит. ескерткіш. 1904 ж. Орынбор–Ташкент т. ж. құрылысына байланысты салынған. Қазалы т. ж. стның вокзал маңында орналасқан. Ауд. 64х48 м, күйдірілген кірпіштен қаланып, шатыры қаңылтырмен жабылған. Онда Мәдениет үйі және кітапхана бар. 1982 ж. респ. маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілді.

Т.Дайрабай

ҚАЗАНБАЕВА Шырынкүл (12.9.1920, қазіргі Шиелі ауд. Н.Бекежанов а. – 11.6.2018, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (13.12.1972). 1940 ж. Шиелі МТС-ндағы 3 айлық трактортшылар курсын бітіріп,



Қазанбаева Шырынкүл

ауданда бірінші болып трактортға отырған әйел. 1946 жылдан зейнеткерлікке шыққанша Н.Бекежанов а-нда күріштің әр гектарынан 55–70 ц-ден өнім алған. 1966 ж. Қ-ның есімі Қазақстанның құрметті Алтын кітабына енген. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты болып сайланған. Ленин (1964,1972), «Құрмет белгісі» (1966), Еңбек Қызыл Ту (1971) ордендерімен, көптеген медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2007), Шиелі ауд-ның (2010) құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ҚАЗАН БОГОРОДНЫЙ ШІРКЕУІ – 19 ғ-ға жататын респ. маңызы бар ескерткіш (Қызылорда



Қазан богородный шіркеуі

қ., И.Тоқтыбаев к., 5-үй). Ақмешітке патшалық Ресей әскерінің келуімен оның атауы Перовск бекінісі болып өзгеріп, онда христиан дінін уағыздаушылар қатары көбейген. Сондықтан 1855 ж. жылжымалы шіркеу пайда болып, оның негізін поп Л.Гороховский қалаған. Жалпы қала христиандары үшін алғашқы тұрақты шіркеу 1863 ж. ашылған. Дегенмен, 1868 ж. қатты жауыннан құлап қалған шіркеудің орнына сол жылы күйдірілген кірпіштен жаңа шіркеу салынған. 1890 ж. басталған шіркеудің жаңа ғимараты 1896 ж. пайдалануға берілген. Шіркеу құрылысы жағынан кең таралған жобаның баламасы болып табылады. Оған ұқсас шіркеулер Астрахан және Ташкент қ-ларында кездеседі. Шіркеу ғимараты екі бөліктен – мінәжат ету залынан және киреберістен тұрады. Көл. 17х28 м, биікт. 18 м. 250–300 адамға арналған бұл шіркеуде христиандар бас қосып, мінәжат етеді.

О.Айдаров

ҚАЗАНҒАП Тілепбергенұлы (1854, Арал аймағындағы Құланды түбегі (қазіргі Ақтөбе обл. Шалқар ауд.), Ақбауыр (Айшуақ) а. – 1921, сонда) – күйші-композитор. Туындылары Батыс Қазақстан аймағындағы төкпе күй дәстүрінде шығарылған. Бірақ композитордың өзіне ғана тән көркемдік-образдық, муз. суреткерлік өрнектері де айқын. Қ. жас кезінен күйге құмартып, өсе келе Төреш, Орынбай, Құрманияз, Үсен күйшілерден дәріс алған. Сексеннен астам күй шығарған. Олардың алды Ноғайлы дәуірінің оқиғаларын («Зар күйі», «Бекеттің жыр-күйі», «Ноғайлының жыр-күйі», т.б.) толғаса, енді бір тобы «Ақжелең» (I–II түрлері), «Күй шақырған Ақжелең», «Орынбай-Ақжелең», «Домалатпай Ақжелең», «Бұраң бел Ақжелең» (I–II түрлері), «Кербез Ақжелең», «Серпер Ақжелең», «Бұлбұл Ақжелең» болып келеді. Бұл Ақжеленддер – Батыс Қазақстан аймағындағы күйшілік өнерге тән образдық әлем. Композитор солардың санын 62-ге



Қазанғап Тілепбергенұлы

жеткізіп, ел арасына насихаттаған. Күйшінің дыбыс еліктеушілік рухындағы суреттемелік күйлері де аз емес. «Көкіл», «Ысқырма», «Қиту-қиту», «Қайт-қайт», «Торы жорғаның бөгелек қақпайы», «Шымырауыл құс», «Торы аттың кекіл қақпайы» (I–II түрлері) атты шығармаларының образдық әлемі ерекше. Қ. күйлерінің орындалу ерекшеліктері оның көркемдік тәсілдерінен туындайды. Оның шығармалары оң және теріс бұрауда қатар орындалады. Ілме қағыс, сүйретпе қағыс – Қ. күйлеріне тән белгілер. Күй шығармаларындағы мазмұн мен түр бірлігі Құрманғазы дәстүрінің ізінде көрінеді. Композитордың күй әуенін құйқылжыта білуі де көңіл аударады. Алғашқы муз. әуенді бірте-бірте құбылтып, түрлендіріп дамыту, сан алуан орындау ерекшеліктерінен туындайтын өрнектермен көркемдеу Қ. шығармаларына тән қазақ күй өнеріндегі елеулі құбылыс болып саналады. Композитордың ізін қуған шәкірттері де аз емес. Айса Шәріп, Әміржан Қайырлы, Әбдіғали Жаңбыршыұлы, Балмағамбет, Зәбира Әубәкірқызы, Емберген Жұмалыұлы, Жәдекеш Айпақов, Жұмалы, Машалақ, Мырзалы Төлеуұлы, т.б. көптеген өнерпаздар Қ. күйлері мен дәстүрін одан әрі жалғастырды. Оның күйлерін С.Балмағамбетов, А.Райымбергенов, т.б. жинап, зерттеген. 1978 ж. тұңғыш рет Қ. күйлерінің күйтабағы жарық көрді.

Т.Қоңыратбай

ҚАЗАНҒАП – сәулет өнері ескерткіші. 18 ғ-дың мұнарасы. Қазалы ауд. Сарыбұлақ а-нан оңт.-шығысқа қарай 27 км жерде, Қуаңдария арнасының оң жағалауында орналасқан. Мұнара тікбұрышты қам кесек кірпіштерден (7х20х30 см) қаланған, сызбасындағы аумақтық өлшемдері бойынша диам. 3,9 м, биікт. 7,50 м. Құрылыс сызбада шеңберлі, ортасы қуыс, жоғарыға қарай жіңішкеріп, доғалданып аяқталған. Мұнараның жоғарыға қарай жіңішкеруі біркелкі емес, биіктігінің үштен екіге жуық бөлігінде (5,15 м) әрең байқалатын ойық бар. Оңт.-батыс жағында, 1,80 м биіктікте ойық қалдырылған. Мұнара саз балшықты лаймен сыланған. Ескерткіш ішінде қуыс кеңістігі болған, дегенмен, ол киреберісінің жоқ болуымен ерекшеленеді.

Ә.Тәжекеев

ҚАЗАНҒАП АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МУЗЫКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ – кәсіби муз. білім беру ұйымы. Колледж өз бастауын 1977 ж. ашылған муз. уч-щеден алады. Ол 1995 ж. Қызылорда муз. колледжі деп аталған және 1997–99 жылдары өз қызметін Қызылорда гуманит. колледждің құрамында жалғастырған. 1999 ж. қайта құрылған колледжге күйші-композитор Қазанғап Тілепбергенұлының есімі беріліп, 2019 жылдан жоғары муз. колледж деп аталады. Онда фортепиано, халық аспаптары,



Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжі

хореография, жеке ән салу және хор-дирижер мамандықтары бойынша білім беріледі. Қазіргі таңда облыс әкімі Н.Нәлібаевтың қолдауымен «Саутс-Ойл» компаниясының демеушілігімен Қызылорда қ-ның сол жағалауынан 650 орындық музыка колледжінің жаңа ғимаратын салуды бастады. Жоба құны – 4,8 млрд тг. Ғимарат 2024 ж. пайдалануға берілмек. Колледж түлектері қатарында «Құрмет» орденінің иегері Е.Нұрымбетов, Қазақстанның еңбек сің. қайраткерлері Е.Мұстафаев, М.Әйтімов, Б.Жанұзақ, М.Сәдуақасова, Б.Дүйсенғазиев, қауымдастырылған проф. Т.Тоқжанов, танымал әншілер А.Кішкенбаев, Т.Рахметов, т.б. бар. Колледжде Қазақстанның еңбек сің. қайраткері, қауымдастырылған проф., Ph.D, дирижер М.Әмзе, сондай-ақ «Құрмет» орденінің иегерлері К.Ботабаев, С.Байсейітова, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Ә.Әбсадықов, халықар. байқаулардың лауреаттары, т.б. еңбек етеді.

ҚАЗАНҒАПОВ Өтеген (1883, Арал ауд. Арал кеңшары – 1959) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). Арал ауд. «Октябрь» ұжымшарында аға жылқышы болған. Ленин орденімен (1948), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ҚАЗАНСЫҒАН – құдық. Қызылқұмның солт. бөлігінде, Жаңадария өзінің аңғарында, Сырдария ауд-да орналасқан. Құдық басында болған белгілі бір оқиғаға байланысты қойылған атау болуы мүмкін.

О.Айдаров

ҚАЗАНТАЕВ Қонысбек Төрешұлы (1923, қазіргі Қызылорда қ. окр. Қызылжарма а. – 17.8.2000, Қармақшы ауд.) – қоғам қайраткері. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қазалы орыс-қазақ пед. уч-щесін (1942), Алматы жоғары партия мектебін (1950)



Қазантаев Қонысбек

бітірген. Қармақшы ауд. атқару к-тінде жауапты хатшы, төрағаның орынбасары, төраға (1945–63), Тереңөзек (1963–75) және Жалағаш ауд. партия к-ттерінің 1-хатшысы (1975–85) қызметтерін атқарған. «Құрмет белгісі» (1958), Еңбек Қызыл Ту (1971), Ленин (1966, 1973, 1976), Қазан революциясы (1981), 2-дәрежелі Отан соғысы (1988) орденмедальдармен, бірнеше медальмен марапатталған. КСРО, Қазақ КСР Жоғ. кеңестерінің депутаты болған. Қызылорда қ-ндағы бір көшеге Қ-тың есімі берілген.

С.Далдабаев

«ҚАЗГЕРМҰНАЙ» – Қазақстанның минералдық-шикізат кешеніндегі серіктес кәсіпорындардың бірі, мұнай-газ бірлескен кәсіпорны. 1993 ж. 9 қарашада ЖШС нысанында құрылған, шетел капиталының қатысу үлесі 50%, яғни акциялар пакетінің 25%-ы РВЕ-ДЕА-ның (Германия мұнай компаниясы), 17,5%-ы ЭЭГ-нің (Германия мұнай компаниясы), 7,5%-ы халықар. қаржы корпорациясының (Дүниежүз. банктің бөлімшесі), 50%-ы Қазақстанның «ХаррикейнҚұмкөлМұнай» заңды тұлғасына (бұрынғы «ОңтүстікМұнайГаз»АҚ) тиесілі. Бірлескен кәсіпорын Ақшабұлақ, Нұралы, Ақсай (Оңт. Торғай ойпаңы) кеніштерін барлау, олардан көмірсутекті өнім өндіру, тасымалдау және одан әрі Германияға экспортқа шығару жұмыстарын орындайды. Бірлескен кәсіпорындарды құрылтайшылар жиналысы, қадағалау кеңесі басқарады, бақылау кеңесінің атқарушы к-ті үш жерде жұмыс істейді. Басқармасы – Қызылорда қ-нда, Ақшабұлақ кәсіпшілігі, өкілдік – Алматы қ-нда (маркетинг, компанияның орт. қалалардағы өкілдігі). Алғашқы кезеңде 8 игеру оқпаны іске қосылды. Мұнай дайындайтын ұшқыштық және орт. ст-лары, Ақшабұлақ кенішінен ұз. 60 км екі желілі мұнай құбыры, Құмкөл – Қарақойын – ШМОС (Шымкент мұнай-органик. синтез) құбыр желісі, қызметкерлерге арналған вахталық қыстақ салынып, пайдалануға берілді. Құрылысқа халықар. компаниялармен қатар қазақстандық фирмалар да қатысты. Ақшабұлақ кенішінде мұнай коммерц. жолмен 1998 ж. қазанда өндіріліп, Қарақойын – Құмкөл магистраліне беріле бастады. Бірлескен кәсіпорын мұнайды фонтандық әдіспен, қабаттық қысым есебінен өндіреді. Сол кезде оның өндірістік қуаты жылына жарты млн т-ға жуық болды. 2000 жылдан тәжірибелік-өнеркәсіптік игерудің екінші кезеңі басталды. Бүкіл өндірілген мұнайдың шамамен 70%-ы экспортқа шығарылды, 30%-ы ішкі нарықта қалды. Алынған пайданың жартысына жуығы салықтар мен роялти төлемдері түрінде Қазақстан жағына түсті. Бірлескен кәсіпорынның бүкіл мұнай өндіруші нарықтағы үлесі 1,51%-ды құрады. Кенішті игеру жобасы бойынша жылына 1–1,3 млн т мұнай өндіріле бастады. 2005 ж. газды кәдеге жарату бағдарламасының жүзеге асырылуы мен газ өңдеу қондырғысының іске қосылуының арқасында Қызылорда қ-на алғашқы көгілдір отын жеткізіле бастады. 2008 ж. «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС компанияның құрылғанына 15 жыл толуын атап өтті және бұл мереке символдық түрде 15 млн т мұнай өндірумен тұспа-тұс келді. 2010 ж. Қызылорда қ-на тауарлық газдың көбірек көлемін жеткізу үшін компанияның тағы бір газ өңдеу қондырғысы – УПГ-2 құрылысын салып, сол арқылы газ өндіру көлемін және көгілдір отынды тұтынушылардың санын арттырды. 2013 ж. қаңтарда 30 млн т мұнай өндірілді. 2014 ж. Ақсай кен орны пайдалануға берілді. Ақсай кен орнының мұнай қоры Ақшабұлақ пен Нұралы кен орындарына қарағанда айтарлықтай аз. Дегенмен, Ақсай газға бай кен орны, оны игеру жобасын жүзеге асыру кәсіпорынға жылына 550 млн м^3 газ өндіруді белгілеп, Қызылорда халқын көгілдір отынмен тұрақты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Ақсай кен орнын пайдалануға беру арқылы «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС штатын 720-дан 742 адамға дейін ұлғайтты. Компанияның жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартының қолданылу мерзімі 2024 жылдың 1 наурызына дейін болғанымен 2023 ж. 19 мамырда ҚР Энергетика мин., «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ және «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС арасында №7 Қосымша шарт жасалып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың мерзімі ұзартылды. Мыс., Ақсай кен орны үшін 2032 жылдың 1 наурызы, Нұралы, Шығыс, Ақшабұлақ Оңтүстік, Орталық Ақшабұлақ, Оңтүстік Ақсай кен орындары бойынша 2034 жылдың 1 наурызына дейін ұзарту белгіленген. «ҚазГерМұнай» компаниясы демеушілікпен де айналысады. Компания ҚР Еңбек және халықты әлеум. қорғау мин-нің Бақылау және әлеум. қорғау к-тінің шешімімен «Жылдың үздік қауіпсіз кәсіпорны» (2011) деп танылды. Респ. «Парыз» байқауының «Қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесі үшін» номинациясы бойынша жеңімпаз (2012) атанды. Ұлттық «Сала көшбасшысы» (шикі мұнай және ілеспе газ өн-



діру) марапаттау жөніндегі респ. рейтингтік бағдарлама қорытындысы бойынша «Алтын» (2015) жүлдені иеленді. «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясы бойынша «Парыз» сыйл. Гранпри, «Цифрлық өріс» жобасы бойынша «Perfomed by Schlumberger 2019» байқауының қола жүлдесін жеңіп алды.

О.Айдаров

ҚАЗЫМБЕТКӨЛ – көл. Қызылорда қ-нан солт.-шығысқа қарай Дариялық тақыр жазығының оңт.-батысындағы Қараөзек тарамының бойында, Сырдария ауд-нда орналасқан.

ҚАЙҚЫ Ұзақұлы (1845, қазіргі Жалағаш ауд. – 1918, қазіргі Сырдария ауд. «Қайқы ағаш» деген жер) – батыр,



Қайқы Ұзақұлы

әділдігімен, шешендігімен, жүректілігімен Сыр бойының Жетіру, Кете-Шөмекей жұртына танымал болған тұлға. Ол жайлы деректер сирек те болса респ. басылымдарда кездеседі. 1965 ж. жарыққа шыққан «Айтыс» кітабының 2-томында Қ. туралы айтылған.

М.Кереев

ҚАЙНАРБАЕВ Әлқуат (1898, қазіргі Қазалы ауд. Кеңтүп а. – 7.8.1979, Қармақшы ауд. Жосалы кенті) – фольклортанушы.



Қайнарбаев Әлқуат

1918–21 ж. бастауыш оқытушылар даярлайтын өлкелік мектепте оқыған. 15–16 жасында «Мәрді диқан» (Т.Ізтілеуов), «Ақтам Сақаба» (Қарасақал Ерімбет), т.б. жырларды жатқа білген. 1920 жылдан Қ. әдеби мұраны жинақтаумен айналысып, қазіргі уақытта ол жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінің 100 мың жолға жуығы (жырдастан, терме, өлең, айтыс, мақал-мәтел) ҚР ҰҒА Қолжазбалар қорында сақтаулы. Онда Базар жырау, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Дүр Оңғар, Шернияз, Нұртуған, Қарасақал Ерімбет, Ізтілеуов, т.б. көптеген ақынның туындылары, сондай-ақ айтыс үлгілері қатарында «Ермұрат пен Тұрмағамбет», «Қарасақал Ерімбет және Көзденбайқызы Жекей», «Кете Жүсіп пен Жұбанияз Құлназар», т.б. бар. Олар «Үш ғасыр жырлайды», «Пернедегі термелер», «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1–2-кітап), «Бес ғасыр жырлайды», «Айтыс» жинақтарына енген. Қ-тың Қорқыт туралы жинақтаған аңыз-әңгімелері де ғыл. жағынан құнды материал болып саналады.

Т.Дайрабай, Т.Қоңыратбай

ҚАЙРУЛЛАЕВ Әділбек (25.2.1938, Қармақшы ауд. Жаңақала а. – 11.8.2000, Қызылорда қ. Белкөл кенті) – шопан, еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (22.3.1966). Бірнеше жыл қатарынан әр 100 саулықтан 150–160-тан қозы алған. Қазақстан ЛКЖО 15-съезінің (1966) делегаты. Ленин ордені (1966), медальдармен, Қа-



Қайруллаев Әділбек

зақстан КСР Жоғ. кеңесінің Құрмет грамотасымен (1963) марапатталған.

Қ.Омаров

ҚАЙРУЛЛАЕВ Қорғанбек (25.10.1943 ж. т., Сырдария ауд. қазіргі М.Шоқай а.) – еңбек ардагері, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2011). ҚазМУ-ды (1972, қазіргі ҚазҰУ), Мәскеудегі қоғамдық ғылымдар академиясын

бітірген. Ұжымдарда механизатор (1961), Қызылорда локомотив депосында дәнекерлеуші, тепловоз машинисінің көмекшісі, Целиноград (қазіргі Ақмола) обл. Қорғалжын ауд. партия к-тінде нұсқаушы, Қы-



Қайруллаев Қорғанбек

зылорда обл. атқару к-тінде заң кеңесшісі (1972–75), Қызылорда обл. партия к-тінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі (1975–87), халықты әлеум. қорғау басқармасының бастығы (1987–90), обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары, төрағасы, облыс әкімінің орынбасары (1990–96), обл. төтенше жағдайлар департаментінің бастығы (1996–2005) қызметтерін атқарған. Обл. кеңестің 4 мәрте депутаты болып сайланған. «Құрмет» орденімен (2023), бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2019).

А.Жүнісов

ҚАЙСАҚАНОВ Арынғазы (1912, Семей губ. Көкен а. – 7.3.1976) – экономист, кеңестік партия қайраткері. Мәскеу қ-ндағы БК(б)П ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1949) бітірген. Семей обл. қаржы бөлімі мал ш. басқармасының бастығы (1935), Алматы қ-ндағы мемл. жоспарлау (1935–37), санақ к-ттерінде экономист (1937–39), Жамбыл обл. статистик. бюро санақ бөлімінің бастығы (1939–41), Жамбыл обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1941–44), Жамбыл обл. партия к-ті хатшысының орынбасары (1944–46), Жамбыл (1946), Қарағанды обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1949–50), Қызылорда обл. атқару к-тінің төрағасы (1950–52), Қызылорда обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1952–54), Қазақстан КП ОК-нің жауапты ұйымдастырушысы, Қаскелең ауд.



Қайсақанов Арынғазы

партия к-тінің 1-хатшысы (1954–57), Гурьев (қазіргі Атырау) обл. атқару к-тінің төрағасы, Семей обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1957–73) қызметтерін атқарған. Бүкілодақтық, респ. партия съездеріне бірнеше мәрте делегат болып қатысқан. КСРО, Қазақ КСР Жоғ. Кеңестерінің депутаты. Ленин (3 мәрте), «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ҚАЙСАР ФУТБОЛ КЛУБЫ – спорт клубы. Базасы Қызылорда қ. Ғ.Мұратбаев атынд. стадионда орналасқан. 1968 ж. Қызылорда



қ-ның командасы ретінде КСРО чемпионатына алғаш рет қатысқан. Алғашында «Қызыл-Орда» деп аталған команда өз атауын «Волна» (1968), «Автомобилист» (1968–73), «Орбита» (1974–78), «Мелиоратор» (1979–89), «Қайсар» (1990–95), «Қайсар-Мұнай» (1996–97), «Қайсар-Hurricane» (1997–2000), «Қайсар» (2001 жылдан) деп бірнеше рет өзгерткен. Қ. ф. к. 1991 ж. КСРО біріншілігінде өзінің ең жоғарғы жетістігіне (жаттықтырушысы В.Г. Веретнов) қол жеткізіп, үздік төрттіктен көрінген. Қ. ф. к. кеңестік чемпионаттарда барлығы 858 ойын өткізіп, оның 304-ін жеңіспен аяқтап,

184-інде тең түсіп, 370 кездесуде жеңілген. Доп айырмашылығы – 1013:1126. Сыр өңірінің бұл командасы Қазақстан чемпионатында барлығы 22 маусым өткізіп, оның 17 маусымында ел біріншілігінің жоғары дивизионында (Жоғары лига, Суперлига, Премьер-лига) өнер көрсеткен. 1998–99 жылғы футбол маусымында ел кубогын жеңіп алып, 2008 ж. Қазақстан Премьер-лигасында 4-орынды иемденген. Қазақстан кубогында 55 ойынның 16-сын жеңіспен аяқтаған. Азия елдері кубогындағы ең үлкен жетістігі – 1999–2000 ж. 1/8 финалға өтуі. 2019 ж. Қазақстан кубогын иеленіп, алғаш рет УЕФА Еуропа лигасына жолдама алған.

О.Айдаров



Қалауов Мұлкаман

ҚАЛАУОВ Мұлкаман Сүлейменұлы (1938, Қазалы ауд. «Қазақстанның 30 жылдығы» атынд. а. – 4.3.2004, Алматы қ.) – ақын, күйші, проф., Қазақстанның еңбек сің. мәдениет қызметкері. Алматы мемл. консерваториясын (1964, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. Қызылорда пед. ин-тында (1964–67, қазіргі Қызылорда ун-ті) кафедра меңгерушісі, Қазақ ұлттық консерваториясында оқытушы қызметтерін атқарған. 1967 ж. «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблін ұйымдастырып, жетекшілік еткен. Ансамбль сол жылы Мәскеу қ-нда өткен Қазақстан өнері мен мәдениетінің он күндігіне қатысып, алтын медаль иеленген. Қ-тың «Төгілген күй, шалқыған ән» ән-күй жинағы жарық көрген. Есімі Қызылорда қ-ндағы өнер мектебіне берілген (2021).

Б.Нұржанов



Қалауов Тәңірберген

ҚАЛАУОВ Тәңірберген Құдайбергенұлы (2.2.1936, Жаңақорған ауд. Талап а. – 17.3.2004, Қызылорда қ.) – сазгер, Қазақстанның білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның еңбек сің. мәдениет қайраткері (2000). Алматы мемл. консерваториясын (1957, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. Қызылорда обл. мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі (1957–58), Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы, кафедра меңгерушісі (1958–64), «Сыр гүлі» ән-би ансамблінің ұйымдастырушысы (1964–72), Қызылорда қ-ндағы өнер мектебінің (1977–82, 1987) басшысы, Қызылорда обл. филармониясының директоры (1972–77), Қызылорда муз. уч-щесінің (1982–87) басшысы қызметтерін атқарған. «Қызылорда вальсі», «Күлімдеші, гүлім сен», «Қалқажан», «Шалқиды ән», «Той жыры», «Биші қыз», т.б көптеген әндердің авторы.

Б.Нұржанов

ҚАЛҒАНСЫР – ауыл. Жаңақорған кентінен оңт.-шығысқа қарай 78 км жерде орналасқан. Тұрғыны 73 (2023) адам. Сырдария өз-нің бойындағы бұл ескі қыстақ қазіргі кезде қожалықтар үшін жайылым ретінде пайдаланылады.

О.Айдаров

ҚАЛДАН Талқанбайұлы (1819, қазіргі Жалағаш ауд. Көкшоқы мекені – 1912) – би. Кіші жүздің Шөмекей руынан шыққан. Ел арасындағы дауларға әділ шешімін айтып, тура жолдан таймаған қайсарлығы үшін ел арасында «Қалдан батыр» атанған. Халықтың сауатын ашуға көңіл бөліп, Қалжан ахун, Садық ахун сияқты дін өкілдеріне қамқорлық жасаған. 1897 ж. Қаракөл деген жерде (Аққыр а-ның маңы) мешіт салдырып, бала оқытқан. Т.Ізтілеуов, А.Тоқмағамбетов, т.б. ақын-жазушылар



Қ-ның қоғамдық қызметін өз шығармаларына арқау еткен.

Т.Дайрабай



Қалдаруұлы Махмұтқали

ҚАЛДАРҰЛЫ Махмұтқали (3.11.1933, Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті – 18.11.2008, Тараз қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1995), проф. (1995). Ташкент қ-ндағы Орта Азия мемл. ун-тін (1955) бітірген. Солт. Қарақұм аймағындағы Заунгуз (Түрікменстан) гидрогеол. партиясында (1955–58), Түрікменстан ҒА Шөл және геология ин-тында ғыл. қызметкер (1961–64), Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тында (қазіргі Тараз ун-ті) кафедра меңгерушісі (1965–72), ф-т деканы (1972 жылдан) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері Солт. Қарақұмда тұщы су көздерін ашу, Зеравшан дариясының шөгінділерін табу (оған «Қалдар топырақтары» деген атау берілген), Арал алабының экол. жағдайын, Қызылқұм аймағының жер асты суларын зерттеу, Сырдария өңірін гидрогеол. аудандарға бөлу, Тараз қ. жер асты суларының хим. өнеркәсіптер салдарынан ластану мәселелерін анықтауға арналған. Қ. 120-дан астам ғыл. мақала және 3 оқулықтың авторы.

ҚАЛДЫБАЕВ Маман (1879, қазіргі Шиелі ауд. Н. Бекежанов а. – 1959, сонда) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (20.5.1949). Шиелі ауд. «Үлгілі» а. ш. артелінің тұңғыш төрағасы (1929), ұжымшарда мақташылар звеносының (1934–35) жетекшісі, 2-дүниежүз. соғыс жылдары Қызылорда обл-нда егін өсіру жөніндегі қарттар қозғалысының бастамашысы, «Коммунизм» (қазіргі Н.Бекежанов а.) ұжымшарында күріш өсірушілер звеносының (1941 жылдан кейін) жетекшісі болған. Қ. звеноға бекітілген 6 га егістіктің әр гектарынан 92 ц-ден, ал қалған 14 гадан 42 ц-ден дән бастырып, күріш өнімін арттыруда рекорд жасаған. Ленин ор-




Қалдыбаев Маман

денімен (1949), медальдармен марапатталған.

О.Айдаров

ҚАЛЕНҚАЗҒАН – Арал ауданындағы құдық. Кіші Арал т-нің солт.-шығысындағы Баршақұмның батыс бөлігінде орналасқан.

ҚАЛЖАН АХУН Бөлекбайұлы (1862, Сыр бойы – 1916, қазіргі Тереңөзек кентінің маңы) – діни қайраткер. Арғы тегі Ақтөбе обл. Жаманқарғалы деген жердегі табын руынан шыққан. «Көкілташ» медресесін (1879) бітірген. Араб, парсы тілдерін жетік меңгерген. Әкесі Бөлекбай жігіт



Қалжан Ахун Бөлекбайұлы

кезінде Қарақалпақстандағы туыстарына келіп, сол жерде үйленіп, қалып қойған. Кейін Қарақалпақстандағы қазақ жұртына басшылық жасап, Хиуа хандығының бегі болған. Сонда Сырдарияның Қорқыт Ата аймағынан келген Ораз ахун Бекетайұлымен дос болған. Қ. а. Ораз ахунның қызы Зәйтекке үйленіп, 1890 ж. Жалағаш қыстағына қоныстанып, ширек ғасыр сонда өзінің атындағы мешітте имам болған. Патша билігінің құдалауына ұшырап, түрмеге де қамалған. Қ. а-ды Балқы Базар, Тұрмағамбет, Шоңбай ақындар жырға қосқан.

ҚАЛЖАН АХУН – ауылдық окр. орт. Сырдария ауд-ның орт. – Тереңөзек кентінен оңт.-батысқа қарай 7 км жерде, сарсазан, қарабарақ, бұйырғын, баялыш, т.б. сораң шөптесін өскен қуаң шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 1,1 мың адам (2023). Қазіргі Қ. а. а. аум-нда «Бостандық жолы» (1928), «Сталин» (1938), «Чапаев» (1938) және «Аманкелді» (1939) ұжымшарлары біріктіріліп, «Аманкелді» (1950) ұжымшары болып құрылған. 1958 ж. Аманкелді және Каганович ауылдары негізінде «Ленин» ұжымшары құрылып, орт. қазіргі С.Сейфуллин а. болған. 1963 ж. «Ленин» және «21-партсъезд» ұжымшарлары негізінде «21-партсъезд» кеңшары пайда болған. 1975 ж. одан Сейфуллин атынд. кеңшар бөлініп шыққан. 1984 ж. кеңшар орт. Қызылдихан а-нан Аманкелді учаскесіне (қазіргі Қ. а.



а.) ауыстырылған. 1992 ж. «21-партсъезд» кеңшарына О.Мәлібаевтың есімі берілген. 1997 ж. Мәлібаев атынд. кеңшар екі ауылға – Қ. а. а. және Мәлібаев а. болып бөлінген.

О.Айдаров

ҚАЛЖАН АХУН МЕШІТІ – жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш. Сырдария ауд. Қалжан ахун а-нан батысқа қарай 12 км қашықтықта орналасқан. Діни қайраткер Қалжан ахун Бөлекбайұлы салдырған. Іргетасы 1902 ж. қаланған. Мешіттің ұз. 44 м, ені 44 м, биікт. 5 м. Алғашқы құрылысына кесектер, кейін кесекті күйдіру арқылы жасалған кірпіштер пайдаланылған. Балаларды оқытатын діни оқу орны болған бұл мешітте алғашқыда 21 бөлме болған. Онда 1922–30 ж. «Ақжол» мектеп-интернаты, кейін жеті жылдық мектеп орналасып, бірақ 1937 ж. кеңес белсенділері бұздырып тастаған. 1989 ж. Қ. а. м. обл. тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының есебіне алынған.



Қалжан ахун мешіті

ҚАЛИЕВ Ыдырыс (15.5.1925, Қазалы ауд. Жалаңтөс баһадүр а. – 26.9.2017) – еңбек және соғыс ардагері. КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1960) бітірген. Қазалы локомотив депосында, т. ж. мекемесінің саяси бөлімінде, Қызылорда обл. партия к-тінде жауапты қызметкер (1950–54), обл. Комсомол к-тінің 1-хатшысы (1954), Қызылорда қ. партия к-тінің 2-хатшысы, Арал ауд., Қызылорда қ. атқару к-ттерінің төрағасы (1960–69), обл. партия к-тінің өндіріс және көлік бөлімінің меңгерушісі (1969–73), Қызылорда қ. атқару к-тінің төрағасы (1973–78), Қызылорда қ. партия к-тінің 1-хатшысы (1978–82), обл. атқару к-тінің төрағасы (1982–87) қызметтерін атқарған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 10-,11-шақырылыған депутаты болған (1980–89). 1-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), «Құрмет белгісі» орденмен, бірнеше медальмен марапатталған. Қ-тың есімімен көше аталып, мүсін орнатылған. Қызылорда қ-ның (1995), Жалағаш ауд-ның (2007), Қызылорда обл-ның (2010) құрметті азаматы.



Қалиев Ыдырыс

Қ.Омаров, О.Айдаров

ҚАЛИҰЛЫ Қален (12.10.1985 ж. т., Тереңөзек ауд. Іңкәрдария а.) – дзюдодан ҚР-ның спорт шебері (2004), ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (2015). Қызылорда қ-ндағы №4 қазақ орта мектебінде 7 сыныпты бітіріп, білім жолын Алматы қ-ндағы К.Ахметов атынд. респ. мектеп-интернат колледжінде жалғастырған. Қазақ спорт және туризм академиясын (2006) бітірген. Қызылорда қ. Жалаңтөс баһадүр атынд. №4 спорттағы дарынды балаларға арналған мектептің жаттықтырушысы, аға жаттықтырушысы (2006–17), Қазақстанның дзюдодан ұлттық құрамасының аға



Қалиұлы Қален

жаттықтырушысы болған. 2022 жылдан дзюдодан обл. құрамасының аға жаттықтырушысы. Дзюдодан әр салмақ категориясы бойынша балалар мен жеткіншектер арасынан Қызылорда обл-ның чемпионы, сондай-ақ жастар арасындағы респ. деңгейдегі жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері. Екі шәкірті жастар арасындағы әлем чемпионы атанды. ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

О.Айдаров

ҚАЛКӨЗ Сіргебайұлы (1852, Төменарық өңірі – 1909, Ақшығанақ елді мекені) – би. Әкесі Сіргебай, арғы бабалары Бәйтілес, Барлыбайлар шешен болған. Қ. жастайынан дау-жанжалдарды шешуге қатысып, әділ төрелігімен көзге түскен. Ел арасында «теңдік, шындық іздесең Қалкөзге жүгін, Таңдайында әділдіктің ұясы бар» деген сөз қалған. 1880–89 ж. Жаңақорған және Төменарық болыстарын басқарып, кейін Түркістан мен Жөлек болыстарының үстінен қараған бас болыс болған. Көккесене, Иіртоғай, Құйысқанды қоныстанған елдер Қ. а. аталған. Оны ақындар Шәймен Дәрібайұлы, Бұдабай, т.б. жырға қосқан. Ұрпақтары Түркістан, Жаңақорған, Төменарық, Қызылорда елді мекендерінде тұрады.

ҚАЛҚАЙ ИШАН, Қалмұхамед Маралұлы (1815, Сыр өңірі – 1870, қазіргі Қармақшы ауд.) – діни қайраткер. Марал ишанның үлкен ұлы. Әкесінен діни тағылым алып, кейін Бұхара мен Бағдад қ-ларындағы діни медреселерде оқыған. Қ. и. мешіт, медресе салдыртып, жастарға білім берумен қатар елді егіншілікке үйреткен.



Қалқай ишан кесенесі

Шығыс қиссаларын жатқа білген. Шығыс дастандарының кейбір үлгілерінің Қ. и. жинаған жазбалары сақталған. С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз», «Мөлдір махаббат» кітаптарында Қ. и. туралы деректер бар. Ел арасында Қ. и. туралы аңыз-әңгімелер мен жырлар көп кездеседі.

Т.Дайрабай



Қалменов Құлахмет

ҚАЛМЕНОВ Құлахмет Дүйсенұлы (15.10.1926, Шиелі ауд. Коммунизм а. – 17.3.2014, Алматы қ.) – милиция ген.-м. (1970), заң ғыл. канд. (1972), КСРО ІІМ-нің еңбек сің. қызметкері. Қазақ КСР ІІМ-нің бір жылдық курсын (1945), Мәскеу жоғары офицерлік мектебін (1950) бітірген. Шымкент обл. (қазіргі Түркістан обл) ішкі істер басқармасының тергеушісі (1945–48), Қазақ КСР ІІМ аппаратының жауапты қызметкері (1950–53), Шымкент обл. ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, басқарма бастығы, Жамбыл обл. ішкі істер басқармасының бастығы (1953–68), Оңт. Қазақстан (қазіргі Түркістан) обл. ішкі істер басқармасының бастығы (1968–80), Қазақ КСР ІІМ Шымкент арнаулы мектебінің бастығы (1980–87) қызметтерін атқарған. Қызыл жұлдыз орденімен марапатталған.

М.Қошманов



Қалтаев Айдархан

ҚАЛТАЕВ Айдархан (18.12.1950ж.т., Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті) – физ.-матем. ғыл. докт (1999), проф. (2000), ҚР-ның үздік ғылыми қызметкері (2021). Халықар. инж. академиясының корр. мүшесі. ҚазМУ-ды (1973, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Кеңес әскері қатарында жауынгер (1973–75), ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) аспирант, инж., ғыл. қызметкер, аға оқытушы, аға ғыл. қызметкер, доцент, кафедра меңгерушісі (1976–2008, 2010–15), мех.-матем. ф-тінің деканы (2008–10), проф. (2015–17) қызметтерін атқарған. 2017 жылдан ҚазҰТУ-да өнеркәсіптік инженерия ин-тының директоры, кафедра меңгерушісі. Негізгі ғыл. еңбектері – сұйықтар мен газдар механикасы, дыбыстан төмен және дыбыстан жоғары жылдамдықтағы реакцияланатын газдардың қозғалу және даму заңдылықтары, реакцияланатын сұйықтардың фильтрациясы мәселелері. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. 14 Ph.D дайындаған. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2005, 2010). «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен (2009), медальдармен марапатталған.

О.Айдаров

ҚАЛТӨБЕ – артезиан құдығы. «Беткейінде ойдым-ойдым таңдақ жері бар төбе» мәнін білдіретін атау. Жуанқұм өңірінде, Сырдария өз. аңғарында, Қазалы ауд-нда орналасқан.

ҚАЛЫБАЕВ Әбдіржан (1935, Арал ауд. Ұялы а. – 29.6.1995, Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері. ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ), Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Сырдария ауд. санақ мекемесінде инспектор, аға экономист, обл. а. ш. басқармасында аға экономист, обл. өндірістік және а. ш. өнімдерін дайындау басқармасында аға экономист, «Ауылқұрылыс» СМУ-да аға инж., жоспарлау бөлімінің бастығы (1957–65), обл. партия к-тінде нұсқаушы, қалалық партия к-тінде хатшы (1966–78), Қызылорда қ. атқару к-ті төрағасының 1-орынбасары, обл. жоспарлау комиссиясының төрағасы, бас жоспарлау экон. басқармасының бастығы, Қызылорда қ. атқару к-тінің төрағасы (1978–92), Қызылорда қ. әкімдігінің басқарушысы, қала әкімі (1992–94), облыс әкімінің көмекшісі (1995) қызметтерін атқарған. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (1994–95). «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.



Қалықов Ахмет

ҚАЛЫҚОВ Ахмет (1926, қазіргі Сырдария ауд. Жеріктал қонысы – 8.7.2006, Қызылорда қ.) – Соц. Еңб. Ері (22.3.1966). Еңбекке 15 жасынан араласқан Қ. 1941–59 ж. Оңт. Қазақстан (қазіргі Түркістан) обл. «Көксу» кеңшарында шопан болып жұмыс істеген. 1959 ж. Сырдария ауд. «Комсомол» кеңшарына қоныс аударған. 1962 жылдан «Қараөзек» кеңшарында қой ш. бригадасының бригадирі болған. 1965 ж. әр 100 саулықтан 185-тен қозы, әр қойдан 3,1 кг жүн, елтірінің 82%-ын 1-сортпен өткізген. Ленин (1966), Еңбек Қызыл Ту (1971), «Құрмет белгісі» (1964) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ҚАЛЫМБЕТОВ Бердіқұл (15.3.1920, қазіргі Сырдария ауд. – 16.2.1978, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1963), проф. (1967).



Қалымбетов Бердіқұл

Саңырауқұлақтарды зерттеген тұңғыш қазақ ғалымы. Ташкент қ-ндағы Орта Азия мемл. ун-тін (1949) бітірген. Қазақстанда микроскоп. паразитті саңырауқұлақтардың биологиясын зерттеу мектебін қалыптастырған. Қазақстан ҒА Ботаника ин-тында споралы өсімдіктер биологиясы зертханасының аға ғыл. қызметкері (1953–78), меңгерушісі (1968–78), Алматы ботаника бағының (1955–57, қазіргі Бас ботаника бағы) директоры, Қазақ а. ш. ин-тының (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) фитопатология кафедрасының меңгерушісі (1970–78) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері микология мәселелеріне (Қазақстан, Түрікменстан микофлорасы) арналған. Қ. саңырауқұлақтың ғылымға беймәлім 50-ден астам түрін ашқан. 2-дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл жұлдыз» (2 мәрте) орденмен марапатталған.



Қалымбетова Күлән

ҚАЛЫМБЕТОВА Күлән Жантемірқызы (11.09.1957 ж. т., Қазалы ауд. Бекарыстан би а.) – әнші, Қазақстанның еңбек сің. артисі (1998). Қызылорда қыздар пед. уч-щесін (1976, қазіргі пед. жоғары колледжі), Қызылорда мемл. ун-тін (2002, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын 1975 ж. «Мелиоратор» сарайының көркемдік жетекшісі қызметінен бастаған. 1978 жылдан обл. филармонияның әншісі. Шымкент қ-нда өткен Ш.Қалдаяқов атынд. байқаудың лауреаты (1992), обл. «Халықтың сүйікті әншісі» номинациясының иегері (2022). Қ-ның репертуарында «Сәулем-ай», «Керім-ау, айдай», «Әттең тонның келтесі-ай», «Күміс құмған», «Қайдасың», «Ана туралы жыр», «Ақ бантик», т.б. Сыр бойында кең таралған әндер мен өңірге танымал сазгерлер – Н.Алғашбаев, Л.Әбдіхалықова, Г.Даукенова, М. Сыздықов, т.б. лирикалық

шығармалары орын алған. Бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

М.Әмзе

ҚАМБАР ҚОРҒАНЫ Жаңадария өз. бойында орналасқан. Бұл атауды 1856 ж. өңірді зерттеген орыс әскери маманы Л.Мейер жазып қалдырған. Облыстағы Қарақұм мен Қызылқұм жерінде Қ. қ. тарихи орындары сақталған. Бұл атақты Қамбар батырдың осы өңірде өмір сүргенінен хабар бергендей.

Т.Дайрабай

ҚАМЫС (Phragmites) – астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қ-тың жер шарында кең таралған (тек Арктика мен Антарктидада кездеспейді) 7 түрі, Қазақстанда грунт сулары жер бетіне жақын жатқан шалғынды, құмды, сортаң жерлерде өсетін 2 түрі бар. Ең жиі кездесетіні кәдімгі Қ. немесе құрақ (Ph. communis). Оның биікт. 0,8 – 6 м. Тамыры жуан, жақсы жетілген, сабағы тік. Көп гүлді масақтары сыпыртқы гүлшоғырына топталған. Негізінен, вегетативті жолмен көбейеді. Шілдеден қыркүйекке дейін



Қамыс

гүлдеп, жемістенеді. Қ. – су өсімдігі, сондықтан өзендердің сағасы мен көлдер, арықтардың жағасында қалың тоғай құрып өседі. Қ. сиыр, жылқы, кеміргіштер (ондатр, саз құндызы) үшін бағалы азық. Қ-тан себет тоқылады, құрылыста қолданылады, хим. өңдеу жолымен шайыр, метил спирті, сірке қышқылы, қағаз алынады. Сонымен қатар Қ. қалың тоғай болып өсіп кетсе, суармалы егістік дақылдарына зиян да келтіреді. Онымен күресу үшін жерді тереңд. 30 см-дей қазып, тамыр сабақтарынан тазартып отыру қажет.

С. Турдиев

ҚАМЫСБҰЛАҚ – бұлақ. Арысқұмның оңт.-шығыс бөлігінде, Сырдария ауд-нда орналасқан. Бұлақ маңында қамыс көп өскендіктен қалыптасқан атау болуы мүмкін.

О.Айдаров

ҚАМЫСҚАЛА – бекініс орны. 200 жылдық тарихы бар бүгінгі Қызылорда қ-ның іргесі 1817 ж. қаланған. Алдымен Қамысқала деп аталған бұл жерде Ақмешіт бекінісі бой көтерген. Екі ғасырға жуық уақытта бұрынғы Ақмешіт, қазіргі Қызылорда өңірі өркендеген, экономикасы дамыған, сәулеті мен архитектурасы ерекше, зәулім ғимараттары көз тартар жаңа ғасыр қаласына айналды. Қамысқала/Ақмешіт (1818) Ресей патшасының билігі тұсында Перовск (1853) бекінісі, 1922–25 ж. қайтадан Ақмешіт, ал 1925 жылдан Қызылорда қ. деп аталды.

О.Айдаров

ҚАМЫС МЫСЫҒЫ (Felis chaus), алаяқ мәлін – сүтқоректілер класы мысық тұқымдасына жататын аң. Дене тұрқы 56–94 см, салм. 2,6–12 кг, құйрығының ұз. 21–30 см-дей. Тік тұратын құлағының ұшында кішкентай тұлымы немесе ша-



Қамыс мысығы

шағы бар. Аяқтары мен құйрығында аздаған теңбілдері болады. Қ. м. Африканың солт.-шығысынан, Қытайдың оңт.-шығысына дейінгі аймақта кездеседі. Қазақстанда Қ. м. Атырау обл. аумағы мен Арал т-нің жағалауында тіршілік еткен, қазір ол жерлерде кездеспейді. Өзен-көл бойындағы қопалар мен тоғайларды мекендейді; құмқояны, кеміргіштер, су құстарымен қоректенеді. Жемін көбіне түнде аулайды. Жылына бір рет, қаңтар – сәуір айларында мауығып, 2 айдан соң, 3 – 5 мысық табады. 1,5 жасында жыныстық жағынан жетіледі. Қ. м-ның терісі аса бағалы емес, сондықтан оның шаруашылық маңызы шамалы. Аң ш-тарына зиян келтіреді.

А. Бекенов

ҚАМЫСТЫ – артезиан құдығы. Қызылқұмның солт.-батысында, Қармақшы ауд-нда орналасқан. «Қамыс көп өсетін жер» мағынасында қолданылады.

ҚАМЫСТЫБАС, Қамбаш – Сырдарияның төм. атырауы, Арал ауд-ндағы ірі көл. Сырдарияның оң жағалауында, Қамыстыбас т. ж. ст-нан 2 км батысқа қарай орналасқан. Көл ендік бағытта 30 км-ге созылған, ені 5–8 км. Ең терең жері 10 м. Көл аум. 178,0 км^2, жағалауының ұз. 115,6 км, теңіз деңгейінен 58,1 м биіктікте жатыр. Шарасына 980 млн м^3 су жиналады. Көл Тәуіп – Жарма каналы арқылы толығады. Оның айналасында Лайкөл, Қаязды, Жалаңаш, Райым сияқты бірнеше көл тізбегі бар. Шығыс жағалауы аласа, құмды. Оңт. биік, жарлы (23 м-ге дейін), солт. жағалауының биікт. 5 м-ге жетеді. Жазық келген оңт.-батыс жағалауы Сырдариямен жалғасып жатыр. Балықтың сазан, алабұға, торта, тыран, т.б. 15 түрі бар. Қ-та балықтың майда шабағын өсіретін «Қосжар»



Қамыстыбас көлі



Қамыстыбас ауылы

тәлімбағы жұмыс істейді. Оның жылдық өндірістік қуаты 15,0 млн шабақ (2022). Көлде қаз, үйрек, т.б. құстар, сондай-ақ қамыс, құрақ арасында ондатр кездеседі. Қазір Қ. көлі обл. маңызы бар туристік жағажайға айналған.

О.Айдаров

ҚАМЫСТЫБАС – Арал ауд-ндағы ауыл, т. ж. бекеті, Қамыстыбас ауылдық округінің орт. 1918 ж. құрылған. Аудан орт. – Арал қ-нан оңт-ке қарай 90 км, Қамыстыбас көлінен шығысқа қарай 2 км жерде орналасқан. Тұрғыны 2,0 мың адам (2023). Қ. а. Қызылорда қ-нан 371 км, Қазалы ауд-нан 61 км, Байқоңыр ракета ұшу айлағынан 178 км қашықтықта жатыр. 1904 жылға дейінгі атауы – Темірші. 19 ғ-дың басында Хиуа хандығының шапқыншылығына қарсы көтерілген Жанқожа батыр сарбаздарының қару-жарақ дайындау орны болған. Теміршіде дайындалған қару-жарақ Хиуа хандығына, сонымен қатар орыс отаршылдарына да қарсы пайдаланылған. Ресей билігі 1904–05 ж. Орынбор – Ташкент т. ж-ның ашылуымен Қамыстыбас көлі жағалауында жатқан бұл қоныстыҚ. деп атаған. 1921 ж. Қазан төңкерісінің көсемі В.И. Ленин Еділ маңы мен Ресейдің орт. аудандарындағы құрғақшылыққа байланысты аштықтан зардап шеккен халыққа көмек көрсету жөнінде Арал балықшыларына үндеу-хат жолдап, көмек сұраған. Аралдықтар бұл үндеуге жауап ретінде Ресейге 14 вагон балық жіберген. Қ. а-нда сол кезде балық тиелген орын тарихи ескерткіш ретінде сақталған. Ауылда «Қамыстыбас» ӨК, «Қамбаш» ЖШС, «Нұрила» ЖШС, т.б. шаруа қожалықтары бар.

О.Айдаров

ҚАНАЗ Молдахмет (23.02.1942 ж. т., Арал ауд. Бекбауыл ст.) – Қазақстанның құрметті жазушысы (2022), ҚР Денсаулық сақтау

ісінің үздігі (1998). Шымкент пед. ин-тын (1963, қазіргі Оңт. Қазақстан унті) бітірген. Қазалы ауд. орта мектебінде мұғалім (1963–67), «Ленин туы» газетінде бөлім меңгерушісі (1967–69), ауд. партия к-тінде нұсқаушы, ауд. кәсіподақ



Қаназ Молдахмет

к-тінің төрағасы (1969–74), «Жалын» баспасында редактор, бөлім меңгерушісі (1978–85) қызметтерін атқарған. Шығарм-пен айналысқан (1985–92), «Денсаулық» журналында бөлім меңгерушісі (1992–93) қызметтерін атқарған. 1993 жылдан бас редакторы. Қ-дың «Сонар» (1973), «Арна» (1978), «Ақ тайлағым-ай» (1980), «Свет далекого солнца» (1982), «Құм қойнау» (1984), «Старая зимовка» (1985), «Арман-дай алыс жағалау» (1988), «Экспресс полынной степи» (1989), «Жаңбырлы жаз» (1993), «Қиындағы күн нұры» (1993), «Чика – Дабылдың баласы» (2003), «Кек» (2013) атты кітаптары, «Сырдария кітапханасы» сериясымен 2 томдық шығ. жин. (2009) жарық көрген. Орыс жазушыларының (В.Карпов, Е.Пелин, В.Распутин) шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған. Жекеленген туындылары орыс, грузин, өзбек тілдеріне аударылған. Халық батыры Ж. Нұрмұхамедұлының өшпес ерлігіне арналған «Кек» атты киноповесі, «Жанқожа» атты үш актілі тарихи драмасы, сондай-ақ «Ел қорғаны – Ер Жәкем» атты іргелі еңбегі (2007, 2008, 2012 ж. С.Қалуовпен бірге), «Жанқожа Нұрмұхаммедұлы» (2014) атты жинағы жарияланған. «Чика – сын Дабыла» (1991), «Жер кіндігі» (1975) повестері үшін жасөспірімдер мен балаларға арналған үздік шығармалардың респ. жарық бәйгесінде жүлдеге ие болған. Халықар. «Алаш» әдеби (2016) және Ғ.Сланов атынд. (2019) сыйлықтарының лауреаты. «Құрмет» орденімен (2017), бірнеше медальмен марапатталған. Арал (2007) және Қазалы (2012) аудандарының құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ҚАНАЛЫ Қалыбайұлы (1854–1918/19) – би, болыс. Қызылорда, Қостанай өңірлерінде мешіттер салуға көп көмектескен. 1907 ж. Қостанайда ашылған орыс-қазақ әйелдер гимназиясына ақшалай көмек берген. Қ-ның өмірі мен қызметі белгілі ақын-жыраулардың жырларына арқау болған. Оның қазасына ақын Сейітжан Бекшентайұлы жоқтау өлең шығарған. Сонымен қатар ел аузында «Ақша керек болса, Қаналыға бар, ақыл сұрасаң, Жаналыға бар» деген сөздер сақталған. Қ. би Қостанай обл. Орқаш елді мекеніндегі Бесмола қорымына жерленген.

Т.Дайрабай

ҚАНАЛЫ – мешіт (19–20 ғ-лар). Қызылорда қ. Абай а-нан солт-ке қарай 35 км жерде орналасқан. 2007 ж. Шірік-Рабат археол. экспед-ның (Ж.Құрманқұлов) арнайы барлау



Қаналы мешіті

отряды (Ә.Тәжекеев) зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қ. мешіті кешеніне қам кесектен салынған мұнарасы бар мешіт, медресе, тұрғын үй және қорым кіреді. Мешіт, мұнара және медресе дуалмен қоршалған. Кешендегі негізгі нысан – мұнарасы бар мешіт, ол солт. бөлігінде солт.-шығыс – оңт.-батыс осі бағытында орналасқан. Мешіт сызба бойынша тіктөртбұрышты, бөлмелері дәстүрлі-қалыпты жоспарланған. Ішкі жағы үш бөлмеге – вестибюль және намаз оқитын екі залға бөлінген. Арқалы етіп жасалған мешіт есігі солт.-шығыс бетінде орналасқан. Осы есікке қарама-қарсы жағында намаз оқитын залда михраб қуысы бар. Мұнара мешіттің шығысына жақын тұр. Оның көлемі мен жоспары композициясы дәстүрлі сипатта – шеңберлі келіп, жоғарылаған сайын мұнара тарылып, төбесінде азан шақыратын алаңқайы бар. Мұнара күмбезбен немесе шатырмен жабылғанға ұқсайды. Мұнараның жоғ. бөлігінде төрт жаққа қаратылған терезе қуыстары бар. Мешіт пен мұнара бір-бірінен 2 м арақашықтықта орналасқан. Мешіт пен мұнараның үстін ағашпен жапқан. Мұнара биікт. 3 м. Сыртқы қабырға қалыңд. 60 см. Мешіттің жоспардағы өлшемі 15,9х8,5 м. Қабырға биікт. 4 м. Құрылыс аум. 544 м^3. Мұнара көл. 87,6 м^3. Қ. мешіті жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген.

Ә.Тәжекеев

ҚАНДӨЗ – ауыл. Жаңақорған ауд. Қандөз ауылдық окр-нің орт. Тұрғыны 1,3 мың адам (2023). 1997 жылға дейін Түркістан деп аталған. Аудан орт. – Жаңақорған кентінен оңт.-шығысқа қарай 88 км жерде, бұйырғын, тасбұйырғын, күйреуік, т.б. сораң шөптер өскен Сыр бойының қуаң жазығында орналасқан. 1964–97 ж. қаракөл қойын өсірген «Түркістан» кеңшарының орт. болған. Соның негізінде Қ-де және округке қарасты Көктөбе, Қалғансыр, Қашқанкөл ауылдарында шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Ауыл тұрғындары, негізінен, мал, егін ш-мен айналысады.

ҚАҢЛЫ ЖҮСІП Қадірбергенұлы (1873, қазіргі Сырдария ауд. Майлыбай а. – 14.3.1923, сонда) – ақын, Сыр бойы шайырлық мектебі көрнекті өкілдерінің бірі. Ел аузында «Қаңлы Жүсіп», «Молла Жүсіп» деген есімдермен қалған. Алғашқыда ауыл молдасы Темір қожа деген кісіден хат танып, әрі қарай өз бетінше мұсылманша және орысша сауатын жетілдірген. Оның «Замана түріне», «1916 жыл» толғауларында орыс отаршылдығын әшкерелеу мен ұлт бірлігі насихатталса, ал «Әлди-ай» әуенімен айтылатын «Оспанбайдың қызы едім, мен Зылиха» өлеңінде және «Жүкті қыз», «Ана мен бала» хикаяттарында әйел теңдігі мәселесі қозғалған. Ақынның «Мағрупа қыз», «Мәрді Салық», «Ағайынды үш жігіт», «Әбірһаттың бастан кешкендері», «Түлкі, қасқыр һәм қой» атты қисса, дастан, мысалдары шығыстық үлгіде жазылған. Ақын сондай-ақ, жұмбақ айтыстың да шебері. Қарасақал Ерімбет, Керейт Даңмұрын, Нақып қожа, Шәкей сал, Бермағанбет, т.б. айтыстары жазба түрде сақталған. Ақынның өмірі мен шығарм-н Е.Ысмайылов, М.Байділдаев, т.б. зерттеген.

Ғ.Тұяқбаев

ҚАН ОРТАЛЫҒЫ – облыс әкімі Н.Нәлібаевтың бастамасымен салынды. Донорлық қан мен оның компоненттерін дайындау,



Қан орталығы

өңдеу, сақтау, тасымалдауды жүзеге асырады және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Өндірістік қуаты жылына 8000 литрге дейін. Жоба құны – 2,7 млрд. тг. Жалпы ауданы 7,1 мың м^2.

ҚАРА Жүргенұлы (шамамен 1858, «Қарақ» бойы, Қаракөл-Қуандария өңірі – 17.9.1937, Қармақшы ауд. Қарауылтөбе маңы) – қоғам қайраткері. 1898–1901 ж. Қаракөл-Қуандария болысын басқарған. Ресей патшасы әскеріне 350 түйе бермей, 1904 ж. Ырғыз түрмесіне қамалған. 1928 ж. қыркүйекте ірі байлар қатарына жатқызылып, 1929 ж. 15 қазанда мал-мүлкі тәркіленіп, Қарқаралыға жер аударылған. Қармақшы түрмесіне қамалып, саясі қуғын-сүргін құрбаны болған. Қ-ның балалары діни және орысша білім алған. Балалары Қосжан, Досжан діни білім алса, ал Темірбегі (Жүргенов) орысша оқып, кейін Қазақ мемлекетінің көрнекті қоғам қайраткері атанды. Досжан Қараұлы Қарақұм көтерілісі басшыларының бірі болды. Қ. 1990 ж. ақталған.

Т.Дайрабай

ҚАРА АБДАЛ – Сырдария маңындағы (Сығанақ қ-ның батыс жағы) жердің орта ғасырлардағы атауы. Орта Азия тарихшысы Фазлаллах бен Рузбехан әл-Исфаһани деректері бойынша, ол 16 ғ-дың басында «қазақтардың қысқы қоныстарының орталығы» болған. Оңт. Қазақстан аймағы, оның ішінде Қ. а. орта ғасырлардағы Қазақстанның экон. өмірінде зор рөл атқарған. Мұнда қазақтардың отырықшы-егіншілік және қала мәдениеті дамыған, бекіністер салынған. Қазақтар Сырдария маңын Орт. Қазақстан далаларынан, өзге де аймақтардан келіп қыстаған. Жорық кезінде Мұхаммед Шайбани хан Қ. а. аймағына дейін жеткен.

Ә.Күзембаев

ҚАРА АЛЫП – төбе. Кіші Арал т-нің солт.-шығысында Арал ауд-нда орналасқан. Абс. биікт. 180 м. «Топырақ, тасы қара түсті үлкен төбе» мәніндегі атау.

ҚАРА АРЫҚ – канал. Кіші Арал т-нің шығысында, Сырдария алабында, Арал ауд-нда орналасқан. «Үлкен, ескі арық» мәніндегі атау. Ертеректегі шаруашылыққа пайдалану мақсатында қазылған арық.

ҚАРА-АСАР – қалашық орны (б.з. 6–7 ғ-лары). Қармақшы ауд. Істілеуов а-нан батысқа қарай 8 км жерде орналасқан. 20 ғ-дың 70–80-жылдары Хорезм экспед. (Л.М.Левина) зерттеу жұмыстарын жүргізген. 2005 ж. Шірік-Рабат археол. экспед. (Ж.Құрманқұлов, Ә.Тәжекеев) қайта зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қ.-а. – қалашығы шатқалдағы ең ірі ескерткіштердің бірі. Екі қабаттан тұратын аум. 15 га, жеке бөліктерінің биікт. 28 м-ге дейін барады. Екінші алаң 10–12 м биіктікте сақталған. Басқа да жетіасарлық қалашықтар секілді ескерткіштің беткі қабатында қыш ыдыстың сынықтары мен қызыл ангобты қыш құмыралардың сынықтары кездеседі. Жиналған материалдар Жетіасардың барлық үш кезеңіне де тән, яғни қалашықтың ұзақ уақыт өмір сүргенін дәлелдейді.

Ә.Тәжекеев

ҚАРА БАЙБҰЛАҚ – артезиан құдығы. Тұран ойпатының оңт-нде, Қызылқұмның солт. бөлігінде, Қазалы ауд. аум-нда



Қара алып төбесі

орналасқан. «Қарабайдың бұлағы» мәніндегі атау.



Қарабала Жағыппар

ҚАРАБАЛА Жағыппар Аманжолұлы (5. 3.1960 ж. т., Түркістан обл. Мақтарал ауд) – журналист, ҚР-ның ақпарат саласының үздігі (2017). Халықар. теле-радио академиясының акад. (2011). «Qyzylorda» телеарнасын аймақтың басты ақпарат айнасына айналдыруда үлкен нәтижеге қол жеткізіп, отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқан. ҚазМУ-ды (1982, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Жезқазған (қазіргі Ұлытау) обл-нда Шет ауд. «Ильич туы» газетінің бөлім меңгерушісі, жауапты хатшысы, редактордың орынбасары (1982–87), обл. «Жезқазған туы» газетінің бөлім меңгерушісі (1987), обл. партия к-тінің идеол. бөлімінің нұсқаушысы (1988), обл. «Сарыарқа» газетінің бөлім меңгерушісі (1991–92) болған. Қызылорда обл. телерадиокомпания төрағасының орынбасары (1992–98), обл. телеарнаның бас продюсері, бас редакторы, «Қазақстан» РТРК» АҚ Қызылорда обл. филиалы төрағасының орынбасары (1998–2005), директоры (2005–23) қызметтерін атқарған. «Сыр елінің жаңа жұлдыздары» (2005), «Ботақан» (2007), «Жыр керуен» (2009) жобаларының авторы. «Құрмет» орденімен (2008), ҚР Президентінің Алғыс хатымен, обл. әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

О.Айдаров

ҚАРАБАС – б.з.б. 4–2 ғ-лардағы қалашық. Қармақшы ауд. Т.Көмекбаев а-нан оңт.-батысқа қарай 90 км жерде орналасқан. 2006 ж. Ә.Х.Марғұлан атынд. Археология ин-тының Шірік-Рабат археол. экспед-ның (Ж.Құрманқұлов) барлау отряды (Ә.Тәжекеев) ашып, зерттеген және геогр. координаттарын анықтап, суретке түсірген. 2014 ж. осы экспед. ғалымдары (Тәжекеев, Ж.Утеубаев) археол. қазба жұмыстарын жүргізді. Бекініс трапеция пішініне жақын. Қабырғаларының ұз., шығысында 130 м, батысында 105 м, солт-нде 15 м, оңт-нде 40 м. Қабырғасының ені 2–2,5 м, биікт. 1,2–2 м. Жеті мұнара орны сақталған. Оңт.-батыс бұрышта орналасқан ірі мұнаралардың бірінің (төртбұрышты) аум. 10х10м. Қамал ішінің оңт.-шығыс бұрышында ауд. 20х10 м болатын құрылыстың қалдығы сақталған. Бекініске кіреберіс қақпа батыс бекініс қабырғасының оңт. бұрышына таяу жерде орналасқан.

Ә.Тәжекеев

ҚАРАБУРА (шамамен 11–12 ғ-лар, Қаратаудың



етегі, Созақ елді мекені) – оғыз-қыпшақ заманының діни қайраткері, әулие. Шу, Талас, Сырдария, Еділ, Жайық өз-дерінің бойында өмір сүрген. Кіші жүз Тама руынан шыққан. Қ. сахара тұрғындарының арасында қалыптасқан өмір салттың шырқын бұзбай ислам дінін, оның наным-сенімдерін орнықтыруға атсалысқан. Ол сопылық ілімнің көрнекті өкілі Қожа Ахмет Ясауимен мүдделес болған. Қ. әруағын иісі түркі жұрты құрмет тұтады. Оның Созақтағы кесенесі Орта Азия халқы үшін киелі орынға айналған.

І.Жақанов

ҚАРАБҰЛАҚ – құдық. Арысқұмның оңт.-шығыс бөлігінде, Сырдария ауд-нда орналасқан. Бұлақ қыста қатпайды, алыстан

қарағанда жағалауындағы аппақ қардан ерекше болып қарайып ағып жататындықтан осылай аталса керек.



Қаражанов Құрбан

ҚАРАЖАНОВ Құрбан Сәкенұлы (7. 7.1957, Шиелі кенті – 31. 7.2021, Астана қ.) – ген.-л. (2013). Алматы жалпы әскери командалық жоғары үш-шесін (1979) бітірген. Мотоатқыштар взводының командирі, штаб бастығының жұмылдыру жұмысы жөніндегі көмекшісі, аға көмекшісі, штаб бастығы – батальон командирінің орынбасары (1979–89), Беларус әскери окр. командирінің қарамағында қызметкер (1990), штаб бастығы – мотоатқыштар батальоны командирінің орынбасары, гвардиялық оқу орт-ның мотоатқыштар оқу батальонының командирі, Отар полкінің (1990–93) штаб бастығы – полк командирінің орынбасары, полк командирі (1995), дивизия командирі (2002–03), штаб бастығы – «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскери қолбасшысының 1-орынбасары (2003–04), штаб бастығы – «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскери қолбасшысының 1-орынбасары (2004–07), ҚР ҚК Құрлық әскері Бас қолбасшы басқармасы бас қолбасшысының орынбасары – жауынгерлік даярлық бас басқармасының бастығы (2009–11), ҚР ҚМ Штаб бастықтары к-ті Бас инспекциясының бастығы (2011–17) қызметтерін атқарған. 2018 жылдан ҚР ҚК Құрлық әскери ин-тының директоры. 2-дәрежелі «Даңқ» орденімен, көптеген медальмен марапатталған.

О.Айдаров



Қаракемер даласы

ҚАРАКЕМЕР – Тақыр жазығының солт-ндегі қыратты дала. Қызылорда қ-нан 65 км жерде, Сырдария ауд-нда орналасқан. Даланың солт-н плейстоцен-бор кезеңдерінен түзілген Саралаң (Сарыалаң) қыратты өңірі және Телікөл көлі аралығында жазық далаға ұласады. «Қара» сөзі «үлкен», «зор», ал «кемер» бір жағы биік су арнасы деген мағынаны береді. Яғни «кең арна, қарайып жатқан тік қабақ» дегенді білдіреді. Қ-ді малшылар жайылым ретінде пайдаланған.


О.Айдаров

ҚАРАКЕТКЕН – Жалағаш ауд-ндағы ауыл, т. ж. ст., ауылдық окр. орт. Аудан орт. – Жалағаш кентінен солт.-батысқа қарай 21 км жерде, Сырдария өз-нің оң аңғарында, қамыс, құрақ, шиі басым, сораң шөптесінді өзен аңғарының сұр топырақты жерінде орналасқан. Жері жазық төбелі, шөлді аймақ. Тұрғыны 1,4 мың адам (2023). Іргесі 1905 ж. Орынбор – Ташкент т. ж-н салу кезінде қаланған. 1943–96 ж. қаракөл қойын өсірген «Жалағаш» кеңшарының орт. болған. Қазіргі уақытта ауылдық окр-тің жер көл. 8405 га, оның ішінде шабындығы 8 га, жайылымы 8148 га, егістік жері 18 га. Ауылда 2112 бас мүйізді ірі қара, 3750 бас қой мен ешкі, 893 бас жылқы, 8 бас түйе тіркелген. Ауылда орта мектеп, балабақша, 10 төсектік аурухана, фельдшерлік пункт, 2 клуб үйі, кітапхана, пошта байланыс бөлімшесі, сондай-ақ 3 кәсіпкерлік нысан, түшпара, тігін цехтары, «Фариза», «Жанжаз» жекеменшік дүкендері халыққа қызмет көрсетеді.

Т.Адисұлы



Қаракеткен ауылы



Қаракөз балығы

ҚАРАКӨЗ, Арал қаракөзі (Abramis safa aralensis) – тұқы тұқымдасына жататын балық. Қара, Каспий, Арал т-дерінің су алаптарында таралған. Қ. Арал т-нің су алабы – Сырдария мен оның көлдерінде тіршілік етеді. Ұз. 28 см, салмағы 420 г. Пішіні тыранға ұқсас, одан айырмашылығы–қабыршағы үлкен, құйрықасты қанаты ұзындау келеді. 7–8 жыл өмір сүреді. Жыныстық жағынан 3 жасында жетіледі. Уылдырығын (көлеміне қарай 2,2–33,5 мыңға жуық) су темп-расы 12–16°С-қа жеткенде өзен арнасының құмды-тасты, құмды-сазды, сазды жерлеріне шашады. Бүйірімен жүзушілер, бақалшақты шаяндар, қосжақтаулы моллюскалар, мизидтер, әртүрлі дернәсілдер, детриттер, т.б. қоректенеді. Қ-дің Арал т-нің экол. жағдайына байланысты саны кеміп, қазіргі уақытта кәсіптік маңызын жоғалтқан.

Ә.Бәйімбетов

ҚАРАКӨЗ – көл. Сырдария алабында, Әйтеке би кентінен солт.-батысқа қарай 16 км жерде, Қазалы ауд-нда орналасқан. Әйел адамның есіміне қатысты қойылған атау.

ҚАРАКӨЛ – Арал ауд-ндағы көл. Ұз. 4,5 км, ені 1,8 км, ең терең жері 10 м. Көл аум. 10,7 км^2. Көлге 32 млн м^3 су жиналады. Биікт. 1,5–2,0 м жағалауын қамыс басып кеткен. Жоғары жерінде түйе тікенегі және қуаң жерлерде өсетін өсімдіктер, көл ішінде шалаң шөптер көп кездеседі. Түбінде қоңыр түсті, сазбалшық құм және ұлутас қабыршақтары кездеседі. Суы тұщы, минералд. 3,0 г/л.

ҚАРАКӨЛ – Сырдарияның оң жайылмасындағы көл. Қармақшы, Жалағаш аудандарында орналасқан. Ауд. 11,8 км^2, ұз. 10 км, енді жері 2 км, теңіз деңгейінен 98 м биіктікте жатыр. Жағалауы созылыңқы. Көлдің батыс бөлігінде арал бар. Суы ащылау. Қ. қар суымен толығады. Атырабы мал жайылымына пайдаланылады.

ҚАРАҚ, Қарақжалы, Қарақтауы – жер атауы, тарихи мекен, Қармақшы ауд-нан 150–160 км жердегі (қазіргі Т.Көмекбаев а-нан 10–15 км, Қуаңдария өз-нің арғы беті) биік төбеде орналасқан. Басында және төм. жағында Қара ата әулиенің бейіті және қойтастан қаланған бейіттер кездеседі. Ол Үлкен Қ., Кіші Қ. деп аталған және 1824–50 ж. онда бұлақ болған. Көне Үргеніш пен Бұхара қ-ларына барар жол Қ. арқылы өткен. 1834 жылғы орыс саяхатшыларының жазбаларында Қ. атауы сақталған. Қ-та 18–19 ғ-ларда бірнеше шайқас орын алған. Бұл жерде 1930 ж. 14 наурызда кеңес өкіметіне қарсы Ақмырза ишан бастаған үлкен шайқас болған.

Т.Дайрабай

ҚАРАҚАЗҒАН – құдық. Қаратау жотасының солт.-батысында, Шиелі ауд-нда орналасқан. «Қара халық қазған құдық» мағынасында аталған болуы керек.

ҚАРАҚАЛПАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ – Өзбекстан құрамындағы автономиялы респ. Халық саны шамамен 1 990 000 адам (2022). Қарақалпақстанда негізінен өзбектер (40,4%), қарақалпақтар (36,9%), қазақтар (15,4%) тұрады (2021). Астанасы – Нүкіс қаласы. Басқа ірі қалалары – Қожалы, Қоңырат, Шымбай және Тақиятас. Қ. 16 аудан, 12 қала және 25 қалалық елді мекен бар. Респ. шығ-нда – Өзбекстанмен, солт. және солт.-шығ. – Қазақстанмен, оңт. және оңт.-бат-нда – Түрікменстанмен шектеседі. Жалпы жер көлемі –165 600 км^2. 1924 ж. орт. Төрткүл қ-нда Түркістан АКСР-нің Әмудария обл. мен Хорезм АКСР-нің Қожаелі және Қоңырат обл-тарын алып жатқан Қарақалпақ автономиялық обл. құрылды. 1925 ж. 16 ақпанда Қырғыз (1925



жылдан Қазақ) АКСР құрамында Қарақалпақ автономиялық обл. ресми түрде құрылды. 1930 ж. 20 шілдеде Қарақалпақ автономиялық обл. Қазақ АКСР-нің құрамынан шығарылып, РКФСР-ге тікелей бағынды. 1932 ж. 20 наурызда автономиялық обл. РКФСР құрамындағы Қарақалпақ автономиялық кеңестік социалистік респ. (АКСР) болып қайта құрылып, астанасы Нүкіс қаласы болды. 1936 ж. 5 желтоқсанда Қарақалпақ АКСР Өзбек КСР-інің құрамына енді. Қ. алтын, табиғи газ, гранит, мұнай, бетонит, каолин, мәрмәр және тағы басқа қазба байлық көздері кездеседі. Арал теңізі атырабында газ бен мұнай шығады, бірақ бұл қорлар әлі игерілмеген. Мақта мен күріш ең көп егілетін дақылдар. Мүйізді ірі қара, түйе, ұсақ мал, оның ішінде қаракөл қойын өсіру кең тараған. Тахияташ электр ст. және Түйемойын электр ст. жұмыс істейді. Қарақалпақстанда 3 ЖОО және 3 ЖОО филиалы бар.

ҚАРАҚИСЫҚ Қосұлы (шамамен 1798 – 1860) – батыр. 1818–50 ж. Жаңадария мен Қуандария өзендерінің бойына бекініс салып, алым-салық жинауға шыққан Қоқан және Хиуа бектері жасақтарымен соғысқан. Ел аузындағы аңыз әңгімелер негізінде Ә.Жұматаев (1910–78) «Қарақисық батыр» дастанын жазған. Қызылорда обл-ның Ақтайлақ өңірінде Қ. деген жер атауы бар.

ҚАРАҚОЖАҰЛЫ Шәзінда (1934, Жаңақорған ауд. – 12.10.2006, сонда) – еңбек ардагері, Қазақстанның еңбек сің. мал дәрігері. Алматы малдәрігерлік ин-тын (1957, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Жаңақорған ауд-ның Бесарық, Төменарық мал шаруашылықтарында мал дәрігері, нұсқаушы, партия к-тінің хатшысы (1957–64), «Бірлік» (1964–65), «Красная звезда» кеңшарларының директоры (1965–78), ауд. партия к-тінің 2-хатшысы (1978–80), «Бірлік» кеңшарының директоры (1981–90), ауд. атқару к-ті төрағасының 1-орынбасары (1990–92), аудан әкімінің 1-орынбасары (1992–94), «Жайылма» жеке ұжымдық кәсіпорнының басшысы (1994–97) қызметтерін атқарған. Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы.

М.Жұмаділдаев

ҚАРАҚҰЙРЫҚ (Gazella subgutturosa) – сүтқоректілер класының қуысмүйізділер тұқымдасына жататын аң. Қазақстанда Үстірт пен Маңғыстау, Арал өңірі, Қызылқұм, Мойынқұм, Бетпақдаланың оңт-нде, Оңт. Балқаш өңірінде (Тауқұм, Сарыесік Атырау) кездеседі. Кейінгі жылдары Қара Ертіс өз-нің жағалауындағы құмдарда көрініп жүр. Тұлғасы сымбатты, дене тұрқы 101–126 см, шоқтығының биікт. 67–79 см. Текесінің салмағы 22–41 кг, ешкісінікі 20–34 кг. Текелерінің мүйізі түп жағы бедерлі, ұшы бір-біріне қарай аздап иілген, қара-қоңыр түсті. Ұз. 33–43 см болады, ешкілері – тоқал. Құйрығы кішкентай, қара-қоңыр түсті. Тұяқтары кішкентай, қара түсті, сопақша әрі үшкір келеді. Тері жамылғысы құм тектес, сарғыш-сұр. Көз алды, шат, тұяқ аралық иіс бездері, көру және есту мүшелері жақсы жетілген, сол арқылы бір-бірімен тез табысады. Тастақты, құмды,



Қарақұйрық

сазды топырақты шөлді аймақтарда мекендеуге бейімделген. Қоныстарын жыл маусымдарына қарай, қыста сексеуіл, жыңғыл өскен бұйрат құмдарға, жазда шөлді жерлерге қарай қоныс ауыстырып отырады. Тау етектерінде, теңіз деңгейінен 2500–3000 м биіктікте де кездеседі (мыс., «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында). Күйіс қайырып, демалу және ауа райының қолайсыз жағдайларынан қорғану үшін тұяқпен тарпып қазуға оңай жұмсақ топырақты жерлерден шағын (60х30 см) жатақтар жасайды. Қорегі – 70-тен аса шөптесін өсімдік пен

бұталар. Ылғалы мол жас шөптермен қоректеніп, қар мен жаңбырдан жиналған қақтардан су ішіп, шөлін қандырса, қыста қар жалайды. Қазанның аяғынан желтоқсанның ортасына дейін күйлейді. 5–5,5 ай буаз болып, сәуірдің аяғынан маусымның аяғына дейін (жаппай төлдеу мамырдың екінші жартысында) лақтайды. Көбіне 1–2 лақ (егіз басым), кейде 3–4 лақ (өте сирек) табады. Жаңа туған лақтың салмағы 2–3 кг, дене тұрқы 48–58 см. 5–10 күнде шөп шалып, 3 айдан аса енесін емеді. Жас төлдер тез өседі: алғашқы 10 күнде 4,5 кг, бір айда 9,0 кг, 6 айда 15,0, бір жаста салмағы 20 кг-нан асады. Шыбыштары 7–8 айда, серкештері 1,5 жаста жыныстық жағынан жетіледі. Қ-тың жаулары – қасқыр, түлкі, қарақал және бұралқы иттер, құстардан: бүркіт, қарақұс. Аусыл және туляремия ауруларымен ауырады. Дәмді еті мен терісі үшін көп ауланған. Терісінен сырт киім, жазғы аяқ киім, мәсі тігіледі, саба және қауға жасаған. Қазір саны аз, Қазақстанда баржоғы 13–15 мыңға жуық. Оның 5–7 мыңы «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында, қалғаны Үстірт қорығы мен Ақтау-Бозащы қорықшасында қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» (1996) енгізілген.

Н.Ерболатов

ҚАРАҚҰЛОВ АҒАТАЙ КӨТЕРІЛІСІ – халық көтерілісі. А.Қарақұлов басшылық еткен Қызылқұмдағы көтеріліс 1930 ж. наурызда басталған. Қызылорда ауд. БК(б)П ұйымының тапсырмасымен мықты қаруланған және төтенше шара қолдануға құқылы 10 уәкіл №29, 30 ауылдарға келіп, «белсенділермен» бірігіп, «байлар мен жартылай феодалдардың» тізімін құрастырып, тізімге енген шаруалардың малын күштеп тартып ала бастаған. Уәкілдердің мақсаты жоғарыдан белгіленген «бақылау цифрын» қалайда орындау болған. Өйткені оларды аудандық БК(б)П к-ті қыспаққа алып, ет даярлау жұмысын күнделікті қадағалап отырған. Әдепкі жіберген уәкілдердің әрекетіне қанағаттанбай, кейін қосымша тағы 21 уәкіл жіберілген. Осыдан кейін шаруалардың малын күштеп тартып алу жұмыстары кеңінен жүргізілген. Оған қарсы халық арасында наразылық күшейген. Деректерге қарағанда, бас көтерген халыққа Қызылқұмдағы Бесқұдық ауылы тұрғыны Қарақұлов басшылық етken. Бірінші кезекте ол ауданнан келген уәкілдерді



ұстап алып «сендер халықты тонауға келіп, шаруалардың соңғы малына дейін тартып алдыңдар, ал біз оларды салықтардан босатуға келдік» деп, уәкілдерге Қызылорда қ-на дейін міндеп баруға екі түйе беріп, жолға шығарып салған. 1 сәуірге қараған түнде Қарақұлов ауылдың ер адамдарын жинап алып, қызыл отрядпен ұрыс болатынын ескерткен және таң ата көтерілісшілер ұрысқа түскен. Көтерілісшілер үш тәулік қызыл отрядпен атыса отырып, құмға қарай шегінген. Соңғы ұрыста Қарақұлов және оның серіктес алты адамы қаза тауып, қалғандары жанжаққа қашып кеткен. Көтерілісшілерді талқандаған ОГПУ әскері Қызылқұмда арнайы шаралар өткізіп, ұрыста қолға түспей қашып кеткен 33 адамды ұстап, РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабымен жауапқа тартқан. 14 адам ату жазасына кесіліп, қалғандары әр түрлі мерзімге бас бостандығынан айырылған.

Ә.Бәкірұлы

ҚАРАҚҰМ КӨТЕРІЛІСІ – кеңестік әміршілдік жүйеге қарсы бағытталған қарулы қақтығыс. Оған Қазалы, Қармақшы, Тереңөзек, Аламесек, т.б. аудандардың шаруалары қатысқан. Көршілес Ырғыз, Арал, Қарсақпай аудандарының бірқатар ауылдары да осы бас көтеруге қосылған. Жаңа өкіметтің қысымына шыдамай, Қарақұмды паналаған ауыл-



дар қолдарына қару алып, қорғануға мәжбүр болған. Көтерілісшілердің үлкен бір тобын дінбасы Ж.Бәйімбетов басқарған. Қуғыншы қызыл әскердің Қармақшыдан және Ырғыздан шыққан отрядтары 7 сәуірде көтерілісшілер жасырынған жерге таяу келіп, қанды шайқас орын алған. Ұрыс кезінде көтерілісшілерден 35 адам қаза тауып, 23-і жарақаттанған. Ал қызыл әскерден 40 адам өліп, олар кейін шегінуге мәжбүр болған. 1930 ж. 13 сәуірде Аралға келген әскери округтік комиссия Қарақұмға үкімет комиссиясын жіберуді ұсынды. Нәтижесінде құрамында Қазақ ОАК төрағасының орынбасары Әлібі Жангелдин, жазушылар Сәкен Сейфуллин, Ғабит Мүсірепов, т.б. бар мемл. комиссия Қарақұмға келген. Бірнеше күнге созылған келіссөздерден кейін, олар көтерілісшілерді қарулары тапсыруға көндірген. Көтерілісшілер жағынан келіссөзге Қармақшыдан Бәйімбетов, т.б. қатысқан. Олар үкімет алдына 7 шарт қойған. Мемл. комиссияның шешіміне қарамастан, Қазақстан КП Өлкелік к-тінің 1-хатшысы Ф.И.Голощекиннің тапсырмасымен, келіссөзге қатынасқан Бәйімбетов, Ы.Әлмағамбетов, Б.Байбахтин, М.Қыпшақбаев, С.Қуандықбаев, Ө.Өмірбаев, Б.Талқанбаев, Т.Ахметов Алматы қ-на әкелініп, абақтыға жабылды. 1930 ж. 15 шілдеде Қазақстандағы Біріккен Саяси Бас басқармасының үштігімен олар түгелдей ату жазасына кесілді. Осыдан кейін Қарақұмдағы шаруалар қайтадан бас көтеріп, өздеріне Қ.Жұбановты хан етіп сайлады. Сонымен тамыз-желтоқсанда болған қарулы қақтығыстан кейін көтеріліске қатысты деген айыппен қолға түскен 586 адамның 210-ы кедейлер мен орташалар ретінде босатылып, 6 адамның ісі ОГПУ-дің Қарсақпай ауд. бөліміне тексеруге жіберілді. ОГПУ-дің Ерекше үштігінің шешімімен 175 адам ату жазасына кесілді. 172 адам 2 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзету лагеріне жіберілді. 6 адам Қазақстанның өзге аймақтарына жер аударылды. Шығыс Сібірге 5 жылға 1 адам, еңбекпен түзету лагеріне 3 жылға 9 адам айдалды. Көтеріліске қатысушылардан 37 адам қаза тауып, 6 қызыл әскер, 3 саяси қызметкер, 3 коммунар қайтыс болды.

Т. Омарбеков

ҚАРАҚҰМ ҚҰРЫЛТАЙЫ ӨТКЕН ОРЫН. Жергілікті өлкетанушылардың жинақтаған аңыз-деректеріне қарағанда, «Қарақұм құрылтайы» осы өңірдегі «Құлжұмыр-Қасқатөбе» деген жерде өткен. Қазіргі Арал ауд. Қарақұм а-ның маңында орналасқан. Кіші жүз рубасыларының бастамасымен, 1710 ж. қыста Арал аум-нда қоныстанған ру-тайпалардың ықпалды өкілдерінің құрылтайы шақырылған. Бұл тарихи мәлімет 1803–04 ж. Бұхара хандығына сапар шеккен орыс сауда-саясаттық миссиясының басшысы, поручик Я.П. Гавердовскийдің



Қарақұм құрылтайы өткен орын

(1770/73–1812) жазбаларында кездеседі.

ҚАРАМАНОВ Ұзақбай (20. 8.1937, Арал ауд. Ұялы а. – 25.9.2017, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, тех. ғыл. канд. (1994). Қ. Қазақстан құрылысшылар одағының негізін салушы (1998), президенті. Куйбышев инж. құрылыс ин-тын (1959,



Караманов Ұзақбай.

Ресей) бітірген. Шұбарқұдық автобазасында (Ақтөбе обл.) прораб, «Қызылорда құрылыс» тресінде инж., басқарма бастығы (1959–64), «Алматы өнеркәсіп құрылысы» тресінде аға прораб, комб. директоры, ҚКП ОК іс басқармасының қызметкері, Жеңіл және тамақ кәсіпорындары құрылысы басқармасының бастығы, Қазақ КСР ауыр өнеркәсіп мин-нің Алматы құрылыс және құрылыс индустриясы бас басқармаларының бастығы (1964–80), Қазақ КСР жеңіл өнеркәсіп мин-нің орынбасары, «Қазақстан су тасқындарынан қорғау құрылысы» бас басқармасының бастығы (1980–84), Қазақ КСР ауыр индустрия кәсіпорындары құрылысы мин-нің 1-орынбасары, Қазақ КСР құрылыс министрінің 1-орынбасары, Қазақ КСР мемл. жабдықтау к-тінің төрағасы (1984–89), Қазақ КСР Мин. Кеңесінің төрағасы (1989–90), Қазақ КСР Мин. кабинетінің премьер-министрі (1990–91), ҚР-ның мемл. кеңесшісі (1991–93), Аралды құтқару халықар. қорының атқарушы директоры (1993–94), «Қазконтракт» корпорациясының вице президенті, «Қомақ-Инвест» қаржы-кәсіпшілік тобының президенті (1995–99) қызметтерін атқарған. Қазақ КСР (1985–90), КСРО (1989–91), ҚР Жоғ. Кеңестері (1990–95), сондай-ақ ҚР Парламенті Мәжілісі 2–3-шақырылымдарының депутаты (1999–2007). КОКП ОК (1990–91), Қазақстан КП Саяси бюроларының (1990–91), Қазақ КСР Президенттік кеңесінің (1990) мүшесі. Еңбек Қызыл Ту (1991), 2-дәрежелі «Барыс» (2000) орденмен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2007).

Қ.Омаров

ҚАРАМАНОВ Серік Сәдуақасұлы (25.10.1957 ж. т., Қызылорда қ.) – құқық қорғау саласының ардагері, 3-сыныпты мемл. әділет кеңесшісі (2014). Қ. ҚР прокуратурасының құрметті қызметкері (1995). Қазақ мемл. ун-тін (1979, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Алматы қ-ның Ленин, Калинин, Октябрь және Алатау аудандарында тергеуші, аға тергеуші, прокурордың орынбасары, прокурор (1979–89), Мәскеу қ-нда КСРО Бас прокуратурасында басқарма бастығы (1989–90), Алматы қ. прокурорының (1989–95), Шығ. Қазақстан обл. прокурорының (2001–04) орынбасары, Астан қ-ның прокурорының орынбасары, 1-орынбасары (2009–10) болды. ҚР Бас прокуратурасының басқарма, департамент бастығы (1998–2001, 2004–05, 2007–09), департамент бастығының орынбасары (2010–12), Жамбыл (1995–98), Қарағанды (2005–07), Бат. Қазақстан (2012–16) және Павлодар (2016–18) облыстарының прокуроры лауазымдарын атқарды. «Құрмет» (2009), 2-дәрежелі «Даңқ» (2015) ордендерімен, бірнеше медаль, белгілерімен марапатталған.

Қ.Омаров

ҚАРАМҰРЫН – жота. Сырдария Қаратауы солт. -батысының Жаңақорған, Шиелі аудандарының шеткі жотасында орналасқан. Жотаның биікт. 498 м. Жотаның сырт көрінісіне қарай қойылған атау.

ҚАРАМЫРЗА КЕСЕНЕСІ – сәулет өнері ескерткіші (19 ғ.). Қармақшы ауд. Қуандария а-нан оңт.-батысқа қарай 7 км жерде, Қуандария өз-нің сол жағалауында орналасқан. Жергілікті жерде және ғыл. еңбектерде Таңатар кесенесі

деп аталады. Кесене басына қойылған тас тақтайшаға «Жайықұлы Таңатар. 1768 жылы дүниеге келген. 1793–1830 жылдары Қуаңдария бойындағы қазақтар мен қарақалпақ елінде Хиуаның елшісі болған» деп жазылған. Кесене жоспары бойынша төртбұрышты саз кесектен (9х21х31 м) тұрғызылған. Бір камералы, беткі қабаты күмбезді, қалың қабырғалары (қалыңд. 1,5 м) үлкен күмбездің жүктемесін азайту мақсатында салынған (негізгі өлш. 8,0х8,0 м).

Ә.Тәжекеев

ҚАРАӨЗЕК – Сырдария алабындағы өзен. Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандары жерімен ағатын Сырдарияның бір тармағы. Ұз. 188 км. Сырдариядан Қараөзек а. тұсында бөлініп, Жосалы кенті тұсында қайта қосылады. Аңғары қатты шайылған. Алабында бірнеше ұсақ көл (Бірқазан, Лайкөл, Бегінкөл, Серкеш, т.б.), сонымен бірге қамысты батпақтар бар. Бастауындағы орташа жылдық су ағымы 323 м^3/с, Сырдарияға қосылар тұсында 245 м^3/с. Суы егін, бау-бақша шаруашылықтарына пайдаланылады.

ҚАРАӨЗЕК – Қызылорда қ. әкімдігіне қарасты ауыл, Қызылөзек ауылдық округінің орт. Қызылорда қ-нан солт-батысқа қарай 26 км жерде орналасқан. Тұрғын саны 2,4 мың адам (2023).

О Айдаров

ҚАРАӨЗЕК ТЕМІР ЖОЛ СТАНСАСЫ – Қызылорда қ. әкімдігіне қарасты т. ж. ст., ауылдық окр-тің орт. Қызылорда қ-нан солт.-батысқа қарай 18 км жерде, Сырдария өзінің оң жағалық аңғарында, Талдыкөл к-нің оңт. жағындағы қамыс, құрақ, т.б. шөптесіндер өскен шалғынды сұр, шалғынды-саз топырақты өзен жайылмасында орналасқан. Тұрғыны 652 адам (2023). 1905 жылдан т. ж. бекеті болып құрылған. Онда қазіргі уақытта тарихи-мәдени ескерткіштер есебіне алынған «Темір жол вокзалы» ғимараты, «Су қыспақты мұнара», «Сауранбай темір жол көпірі», «Қараөзек темір жол көпірі» ғимараттары бар. Қараөзек бекеті тұрғындарының басым көпшілігі т. ж. саласында жұмыс істейді. Қ. т. ж. с-на 2003 ж. №128 орта мектептің жаңа ғимараты, 2009 ж. мед. пункт пайдалануға берілді. 2012 ж. спорт және балалар ойын алаңы салынды. 2020 ж. жаңа бас су тоған ғимараты мен ауыз су жүйесі жүргізілді. Кейінгі жылдары бекеттегі 4 көшенің 2 көшесіне асфальт төсеу, 1 көшесіне малта тас төсеу жұмыстары жүргізіліп, 2 көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылды. Бүгінгі күні ст-да а. ш. өндірістік кооперативі, 17 шағын кәсіпкерлік нысаны жұмыс істейді.

О.Айдаров

ҚАРАСАҚАЛ ЕРІМБЕТ, Көлдейбекұлы Ерімбет (1844, Қазалы уезі Көкаша мекені 8-а. – 1916, сонда) – ақын. Хиуадағы «Шеккі Хазірет» медресесінде оқып, білім алған. Оның ақындық өнер жолының қалыптасуына Шернияз Жарылғасұлы (1807–67), Қашқынбай Қожамбетұлы, т.б. ақындар ықпал еткен. 1877–79 ж. Қалыңбас аум-нда болыс болған. Қ. шығыстық дидактик.-филос. мазмұндағы әдеби дәстүрді одан әрі дамытып, ислам дінінің гуманистік-ағартушылық идеяларын қазақ поэзиясының поэтик. өзегімен тұтастыра жырлады. Оның насихаттық өлеңдерінде («Жақсылар бұл қиссадан ғибрат ал», «Әй, балам, саған



Қараөзек өзені



Қарасақал Ерімбет

насихат», «Жалғанның түбін ойлап, күтініңдер!», «Сыйлап қал, бір-біріңді соқпай саның», «Жадыңа, ислам халқым, неге алмайсың?», «Халықтың қалсын сөзі құлағында») Алланың құдіреті, Құранның шындығы, пайғамбардың өсиеті, білім-ғылымға ұмтылу жырланса, ал дастандарына («Атымтай Жомарт», «Хазіреті Ғали мен Дариға қыз», «Әбу Шашма», «Сәдуақас Сақи», «Ақтам сақаба», «Бап Раушан») Құран кітабындағы хикаялар, Мұхаммед Пайғамбар, оның сахабаларына байланысты аңыз-әңгімелер өзек болған. Сондай-ақ ол қазақтың дәстүрлі айтыс өнеріне де өзіндік ерекшелігімен үлес қосты. Қ-дың негізгі жазба айтыстары («Қарасақал Ерімбет пен Шораяқтың Омары», «Ерімбет пен Аппақ», «Ерімбет пен Қаңлы Жүсіп», «Ерімбет пен Ыбырайым») жұмбақ айтыс тұрғысындағы идеялық, композиц. құрылымымен ерекшеленеді. Қыз бен жігіттің сөз сайысы («Қарасақал Ерімбет пен Жекей қыз») түріндегі айтыстары да ақынның әдеби шығармаларының дәстүрлі табиғатын танытады. Қ-дың жазба айтыстарында дидакт. бағдардағы сюжеттер, нақылдар, мақал-мәтелдер, бейнелеу өрнектері мол қолданылған. Ақын шығармалары «Айтыс» (1965, 2-т.), «Қазақ поэзиясының антологиясы» (1992) жинақтарында жарияланды. «Ұлағат сөзім ұрпаққа» (1995) атты жеке жыр кітабы жарық көрді.

Т. Тебегенов

ҚАРАСОПЫ КЕСЕНЕСІ – респ. маңызы бар архит. ескерткіш (18–19 ғ-лар). Жаңақорған ауд. орт-нан оңт.- шығысқа қарай 5 км жерде, Сырдарияның жағасында орналасқан. Биікт. 9 м, үстінде 8 айшығы бар, шағын екі бөлмеден тұрады. Қабір жатқан бөлменің аум. 12,34х8,70 м, қосалқы бөлмесінің аум. 6,50х50 м. Есігі құбылаға қараған, алдында Қарасопы бейіті бар. Қ. к. ислам сәулет өнері үлгісінде салынған. Осы аймақтағы Қорасан Ата, Қылышты Ата, Айқожа, т.б. тарихи жәдігерлер олардың көшпелі өзбектер дәуіріне қатысын байқатады. Қ. к. арнайы зерттелмеген. Ел аузындағы мәліметтерге қарағанда Қарасопы 5 жасар Айқожаны асырап алып, Бұхара, Мекке жағына апарған. Кейін Айқожаның баласы – Атақожа Қарасопы мазарын салдырған (18 ғ-дың аяғы). Ескерткіш 1982 ж. мемл. қорғауға алынған.

Т.Қоңыратбай

ҚАРАТАЕВ Мұхамеджан Қожасбайұлы (27.12.1910, Шиелі ауд. Телікөл а. – 9.6.1995, Алматы қ.) – жазушы, әдебиет сыншысы. Қ. филол. ғыл. докт. (1963), проф. (1965), Қазақстан ҒА-ның акад. (1975), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері (1974), Қазақстан Мемл. сыйл-ның иегері (1974). Қазақ пед. ин-тын (1933, қазіргі ҚазҰПУ), Ленинградтың (қазіргі Санкт-Петербург) Тарих, философия және



Қарасопы кесенесі

әдебиет ин-тының аспирантурасын (1936) бітірген. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының жауапты хатшысы (1936–37), төрағасы (1937–38), ҚазПИ-да (1938, қазіргі ҚазҰПУ) кафедра меңгерушісі, Жамбыл пед. уч-щесінде оқытушы (1947–51), «Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасының» редакторы, бас редактордың орынба-



Қаратаев Мұхамеджан

сары, директоры (1955–60), Қазақстан ҒА Әдебиет және тіл ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1960–88), «Қазақ совет энциклопедиясының» бас редакторы (1967–79) қызметтерін атқарған. 1988 жылдан өмірінің соңына дейін Әдебиет және өнер ин-тында директордың бас кеңесшісі болды. Жалған айып тағылып, 1938–51 ж. саяси қуғынға ұшыраған. Қ. – көптеген оқулықтың авторы, хрестоматиялардың құрастырушысы. 6 томдық Қазақ әдебиеті тарихының үш томының, орыс тілінде шыққан қазақ әдебиеті тарихының кеңестік дәуіріне арналған томының бас редакторы және негізгі авторларының бірі болды. Сыншы ретінде бірқатар еңбегі орыс тілінде жарық көрген. «Туған әдебиет туралы ойлар» (1958), «І.Жансүгіров» (1959), «Казахская литература» (1960), «Любить и утверждать прекрасное» (1960), «Шеберлік шыңына» (1963), «С.Сейфуллин» (1964), «Мировоззрение и мастерство» (1965), «М.Әуезов» (1967), «От домбры до книги» (1969), «Эпостан эпопеяға» (1969), «Әдебиет және эстетика» (1970), «Көргенім мен көңілдегім» (1982), «Ізденіс іздері» (1984), т.б. еңбектердің авторы. Қазақстан ҒА Ш.Уәлиханов атынд. сыйл-ның иегері (1985). Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен және бірнеше медальмен марапатталған.

Д.Ысқақұлы

ҚАРАТАУ – Тянь-Шаньның солт.- батысындағы таулы жота. Талас Алатауынан басталып, солт.-батыс бағытқа қарай 420 км-ге созылып, бірте-бірте аласарып, Сарысу мен Шу сағасындағы жазыққа ұласады. Биік жері Бессаз тауы (2175 м). Қызылорда обл-ндағы (Жаңақорған, Шиелі аудандары) ең биік жері Бесарық өз-нің бастау алатын жері (1419 м). Жота қатарласып жатқан Кіші Қ. және оңт.-батыс Қ. жоталарынан тұрады. Оларды бір-бірінен тауаралық ойыстар бөліп жатыр. Шығыс Қ. немесе Кіші Қ. протерезойдың тақтатас пен құмтастарынан, оңт.-батыс Қ. карбонның әктас, құмтас конгломераттарынан және девонның жанартау текті жыныстарынан түзілген. Тау үсті тегістеу, жазық, беткейлері үлкенді-кішілі шатқалды, тік жартасты болып келеді. Облыс аумағына қарасты солт.-батыс Қ-да Күрден (810 м), Рең (1045 м), т.б. асулар орналасқан. Қ-дың оңт.-батысын Сырдария, солт.-шығысын Талас өз-дері алаптары алып жатыр. Жота өз төңірегіндегі аймақтың ауа райына, жауын-шашын мөлшеріне үлкен әсер етеді. Қаңтардың орташа темпрасы – 10°С, бірақ оңт.-батыс беткейінен соғатын жылы ауаның әсерінен солт.-шығыс пен оңт.-батыс беткейі темп-расының айырмашылығы 4–6°С, жылдық жауын-шашын мөлшері оңт.-батыс беткейінде солт.-шығыс беткейінен 150–300 мм артық. Жауын-шашын мөлшері бөктерінде 200–400 мм, тауда 400–600 мм. Қ. етегінен облыс аумағында Шолақ, Арыстанды, Жиделі, Шалқия, Ақұйық (Ақойық), Бесарық, т.б. өзендер бастау алады. Беткейлерінің топырағы қызғылт, қара қоңыр болып келеді. Тау қойнауларында, беткейлерінде селеу, көде, боз, жазық сайлы-жыралы етегінде баялыш, жусан, өзен бойында тоғай өседі. Қазақстанның басқа өңірінен әлі табылмаған, тамырында 35–40% каучук болатын тау сағызы Қ-да ғана кездеседі. Қаратау өңірі эндемик өсімдіктердің мекені. Аң-құстардан Қаратау арқары, таутеке, борсық, түлкі, қарсақ, түрлі тышқан, сарышұнақ, т.б. мекендейді. Қ. аймағында жер асты суларының қоры мол, сондай-ақ Қазақстанның полиметалл кеніне бай өңірлердің бірі. Әсіресе, сирек кездесетін кендерге, мыс., ванадий, фосфор, алтын, қорғасын-мырыш, т.б. өте бай.

А.Әбілдаева, О.Айдаров

ҚАРАТЕРЕҢ – Арал т-нің шығыс жағасындағы түбек. Арал ауд. аум-нда жатыр. Солт-нде Көкарал түбегінің оңт.-шығыс жарқабақты мүйісіне 1–2 км-дей жақын тұстан басталып, оңт.-батысқа қарай 30 км-ге созылып жатыр. Қ-нің шығыс жағындағы жарқабақты биік бөлігін «Тастақ» деп атайды. Ертеректе Сырдария өз. осы Тастақ шыңына тірелгенде арнасын оңға жылжытып, Қ. қыратын солт. жағынан кесіп өтіп, батыс бағытпен Арал т-не құйған. Сол тұста Сырдария өз-нің бір тармағы оңтке бұрылып, Аққөл және Кәртіма қолтықтарын суға толтырып, Қ. қыратының оңт.-батыс мүйісін айналып, солт-ке қарай «Құйылыс» өзегі болып аққан. Сөйтіп, қырат Сырдария өз-нің атырау ішіндегі аралы болған. Бертін келе Арал т-нің деңгейі төмендеген соң түбекке айналған.

О.Айдаров

А.Нұрғызарынов

ҚАРАТЕРЕҢ – ауыл. Қаратерең ауылдық окр-не қарасты Арал ауд-ндағы әкімш. бірлік. Құрамына Қаратерең, Жаңақоныс, Тастақ ауылдары кіреді. Орт. – Қаратерең а. Округ құрамында болған Көлжаға а. 2018 ж. таратылған. Тұрғыны 1,8 мың адам (2020).



ҚАРАТОРҒАЙ, Шолпан Жанболатқызы (1880, қазіргі Шиелі ауд. Телікөл а. – 1923, Шымкент қ.) – ақын, әнші. Жасынан ақындық, әншілігімен аты шыққан. Қ. өнерінің ұшталуына Тайжан, Үкілі Ыбырай секілді атақты әншілер ықпал еткен. 1911 ж. Ташкент қ-нда өткен Түркістан өлкесінің ақын-әншілерінің жиынында Қ. өнерпаздығымен танылған. Сол жолы өз орындауында «Қараторғай», «Айгөк», «Ахау Семей», т.б. әндерін қазақ ән-күйінің тарихында тұңғыш рет граммофон күйтабағына жаздырған. Қ. туралы жазушы Айтбай Хангелдин «Қараторғай» атты повесть (1970) жазды.

С.Біржан

ҚАРАТӨБЕ – ауыл. Жаңақорған ауд-ндағы өзімен аттас ауылдық окр-тің орт. Аудан орт. Жаңақорған кентінен оңт.-шығысқа қарай 85 км жерде, Келінтөбе каналының жағалауында орналасқан. Тұрғыны 1,7 мың адам (2023). Қ. – тарихи орын, үлкен төбенің сұлбасы әлі сақталған. Бұл елді мекен 1971 ж. Шымкент (қазіргі Түркістан) обл. Қызылқұм ауд. Түркістан қаракөл қой кеңшарының бөлімшесі түрінде ашылған. 1974 ж. КОКП 24-съезі атынд. егін, мал шаруашылықтарымен айналысқан кеңшар болып қайта құрылып, онда 1994–97 ж. «Баспаққөл» өндірістік кооперативі, шаруа қожалықтары болған. Қандөз ауылдық кеңесінен 1976 ж. маусымда Қ. еңбекшілер депутаттары ауылдық кеңесінің атқару к-ті, ал 1997 ж. облыс әкімінің



Қаратау жотасы

№144 қаулысымен Қ. ауылдық окр. болып өзгерген. Орт. – Баспаққөл елді мекені. Баспаққөл –баспақтың тұяғына ұқсас көлге қатысты пайда болған атау. Кезінде көлдің орнына бақша салынып, бұрын-соңды болмаған өнім жиналған.

О.Айдаров

ҚАРАТӨБЕ – ортағасырлық қалашық. Жаңақорған ауд. Қаратөбе а-нан 4,7 км жерде орналасқан. 1900 ж. В.А.Каллаур ашқан, 1969–70 ж. Отырар археол. экспед. (жетекш. К.Ақышев) ескерткіштің өлшемдерін алған. 2004 ж. Халықар. қазақ-түрік унтінің археол. экспед. (жетекш. М.Елеуов) қайта барлау жұмыстарын жүргізген. Бұрыштары төрт тарапқа бағытталған, трапеция пішінді, екі ярустан тұратын төбенің өлшемдері: солт.-шығысы 60 м, солт.-батысы 90 м, оңт.-шығысы 95 м, оңт.-батысы 75 м. Сәйкесінше төбенің 2-ярусының өлш. – 45, 80,75 және 45 м. Жалпы биікт. 8 м.

Ә.Тәжекеев

ҚАРАТҰМА – Арал т-нің шығысындағы шығанақ. 1980 жылға дейін шығанақ құрлыққа 23–25 км сұғына еніп жатқан. Сол кездегі суының тереңд. 1–3 м. «Жер астынан шығып жатқан су» мәніндегі атау. Қазігі уақытта теңіз тартылып кеткенімен ол жерде бұлақ көзі әлі сақталған. 2005–14 ж. ғыл. экспед. оның суының салқындығын, тұздылығының өте жоғары екендігін анықтаған.

О.Айдаров

ҚАРАТҮП – Арал т-нің шығыс жағында орналасқан түбек. Арал қ. мен Бөген елді мекенінің аралығында орналасқан. Аум. 15,1 мың га. Түбектің табиғаты өте қатаң, шөлді жер. Бұрын Арал т. толық кезінде онда «Қаратүп» балық ұжымшары болған. Қазір онда халық тұрмайды.

А.Нұрғызарынов

ҚАРАУЫЛТӨБЕ – Қызылорда қ. әкімдігіне қарасты ауыл. Қызылорда қ-нан солт.-батысқа қарай 9,5 км жерде орналасқан. Тұрғыны 2,7 мың адам (2023). Округ іргесі 1929 ж. кішігірім 6 ауыл біріктірілуі негізінде қаланған.



1933 жылдан КСРО Халық комиссариаты Бүкілодақтық күріш-тәжірибе ст. (Краснодар қ.) жүйесінің Қызылорда күріш-тәжірибе танабы атауымен белгілі болған. 1950 ж. «Қарауылтөбе тәжірибе станциясы» ғыл. және өндірістік база болып қайта құрылған. 1975–85 ж. Сұлутөбе а-нда 1959 ж. құрылған №12 кәсіптік-тех. уч-щесі орналасты. 1992 жылдан Қ. а. Қосшыңырау ауылдық кеңесінің құрамына өтіп, 2005 ж. дербес округ болып қайта құрылды. Қазіргі уақытта округ аум-нда А.Хангелдин атынд. №179 орта мектеп, Ы.Жақаев атынд. Қазақ күріш ш. ғыл.-зерт. ин-тының өндірістік ш., фельдшерлік акушерлік пункт, балабақша, шағын орт., ауылдық клуб, кітапхана халыққа қызмет көрсетеді. 121 шаруашылық жүргізуші субъект тіркеліп, мал ш., т.б. кәсіптермен айналысады. 28 көше жолдарының жалпы ұз. 22,5 км. Округ тұрғындары ауыз су, электр, табиғи газ желісімен қамтамасыз етілген. Округте шаруа қожалықтары, түрлі ЖШС-лар жұмыс істейді.

О.Айдаров

ҚАРАШАЛАҢ – ауыл. Арал ауд. Бөген ауылдық окр-не қарайды. Аудан орт. – Арал қ-нан оңт.-батысқа қарай 110 км жерде, Арал т-нің оңт.-шығысында, Сырдария өз-нің атырауында орналасқан. Тұрғыны 0,7 мың адам (2023). Қ. – көне атау, ондағы «шалаң» жергілікті тұрғындар арасында «теңіз түбінің ұзын құрақ шөбі, балдыры» деген мағынада қолданылады. Осы шалаңның қара және сары түсті болып келетіні бар. Сондай түр-түсіне байланысты жер Қ. аталып, кейін елді мекен атауына айналған. Тағы бір нұсқасы бойынша Арал суының толық кезінде Қ. тұрған жер теңіздің Шаланды шығанағы болған. Ол теңізді картаға түсірген зерттеуші Бутаковтың

картасында да кездеседі. Ауылда 1996 жылдан балық ш-мен айналысатын шаруа қожалықтары жұмыс істейді.

Қ.Ахметов, О.Айдаров

ҚАРАШАЛАҢ – Сырдария сағасында орналасқан тұщы көл. Қарашалаң а-ның батысында, теңіз деңгейінен 49 м биіктікте жатыр. Аум. 5,7 км^2, ұз. 14 км, енді жері 5 км, жағалау бойының ұз. 105 км. Күрделі пішінді көлдің батыс бөлігінде батпақ басқан арал бар. Оңтнен басқа жағалауларын және батпақты батыс бөлігін қамыс, құрақ басқан. Суы Сырдария өз. суымен реттеледі, сондықтан көл аум. тұрақсыз. Солт. жағалауы жарқабақты, қалғандары жазық келген.

ҚАРҒАЛЫ – ауыл. Шиелі ауд. Қарғалы ауылдық окр. Сырдария өз-нің сол жақ жағалауында, Қызылқұмның қойнауында орналасқан. Тұрғыны 1,3 мың адам (2023). Орт. – Бұланбай бауы елді мекені. Ол ауылдық округ болып 2005 ж. құрылған. Шиелі ауд. орт-нан 35 км қашықтықта орналасқан. Жер көл. 536,1 мың га. Отбасы саны – 230. Шаруа қожалықтар саны – 12. Ауылда әкімдік, мектеп, медпункт, клуб үйі, кітапхана, балабақша, ветеринарлық пункт, мешіт тұрғындарға қызмет көрсетеді. Шығысында Жаңақорған ауд. Байкенже ауылдық окрмен, батысында Ортақшыл ауылдық окр-нің «Қызылқайың» елді мекенімен, солт-нде Сырдария өз-нен басталып, оңт-нде Бұланбай бауы а-мен, 180 км жердегі Өзбекстанның Тамды ауд-мен шектеседі. Қ. атауының шығу тарихын көнекөз шежіре қариялар екі түрде айтады. Біріншісі, Сырдария өз. жағасындағы тоғайда қарғалар көп ұя салып, қаптап жатқандықтан Қ. тоғайы атанған. Екіншісі, қары қалың болғандықтан Қ. аталған. Табиғаты өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесіне өте бай. Онда респ. маңызы зор «Қарғалы» қорықшасы, сондай-ақ «Бақсайыс ата», «Жаппасбай», «Қабыл ата», «Түкті ата», т.б. әулиелер мазарлары мен пантеондары орналасқан. Қ-ның өркендеуі ақын, жазушы Қ.Әбдікадыровтың есімімен тығыз байланысты. 1958 ж. Әбдікадыров шығыс шамшырағы – «Мың бір түн» шығармасын қазақ тіліне аударған еңбегіне алған қаламақысына «Жүзбай» деген жерден малшылардың балаларына арнап мектеп салдырған. 1961 ж. «Жарты ауыл» жерінен жаңа мектеп пен малшы балаларына интернат, шаруашылық үйлерін салдырған. Қазір Бұланбай бауы елді мекеніндегі орта мектепке Әбдікадыров есімі берілген және мектепте өлкетану мұражайы жұмыс істейді.

О.Айдаров

ҚАРҒАЛЫ – көл. Дариялық Тақыр жазығының шығысында, Ащыкөл ойпаңының батыс бөлігінде, Шиелі ауд-нда орналасқан. Атауды кейбір ғалымдар қарғамен байланыстырып, көл жағалауындағы қарғаның көп болуына орай қойылған десе, түркі тілдерінде, мыс., Э.Мурзаевтың пікірінше, «харге» – тастақ, тасты өзен деген мағынаны береді.



Қарлыханов Оразхан

ҚАРЛЫХАНОВ Оразхан (28.3.1958 ж. т., Жалағаш ауд. Мырзабай ахун а.) – тех. ғыл. докт. (2010), а. ш. ғылымдары академиясының акад. (2015). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1980, қазіргі Тараз ун-ті) бітіріп, сонда (1980–2005) қызмет істеген. 2006 жылдан Қазақ су ш. ғыл.-зерт. ин-тында. Негізгі ғыл. бағыты – су ресурсын үнемді және тиімді пайдалану, бөлу мен реттестірудің гидротех. негіздері. 250-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 8 монография, 20 патент, 5 оқу құралының авторы.

Қ.Омаров

ҚАРЛЫХАНОВ Төрехан (22.1.1950, Жалағаш ауд. Қазақстанның 20 жылдығы атынд. а. – 24.8.2015, Қызылорда қ.) – тех. ғыл. докт. (1993), проф. (1995),



Қарлыханов Төрехан

халықар. экология және табиғатты пайдалану академиясының акад. (1995). Экология проблемалары жөніндегі тәуелсіз халықар. сарапшылар құрамының мүшесі. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1971, қазіргі Тараз ун-ті) бітірген. Сонда «Гидравлика» кафедрасында оқытушы, кафедра доценті (1971–91), Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері ин-тында кафедра меңгерушісі (1991–93), Қызылорда политех.ин-тының оқу және ғыл. жұмыстар жөніндегі проректоры (1993–96), Қызылорда мемл. ун-тінің деканы (1996–2000) қызметтерін атқарған. Арал өңірі агроэкология а. ш. ғыл.-зерт. ин-тының директоры (2000–09), Халықар. Аралды құтқару қоры атқару к-тінде ақпараттық-сараптама орт-тың директоры (2009–11), Қызылорда мем. ун-де (қазіргі Қызылорда ун-ті) ғыл. орт. директоры (2011–12), проф. (2012–15) қызметтерін атқарған. Ғыл.- зерт.негізгі бағыты: экология және табиғатты қорғау, а. ш. проблемаларына арналған 100-ден астам ғыл. мақаласы мен 4 монографиясы жарық көрген.

Қ.Омаров

ҚАРМАҚШЫ – ауыл. Қармақшы ауд. Қармақшы ауылдық окр-не қарайды. Аудан орт-нан оңт-ке қарай 25 км жерде орналасқан. Аум. 37,6 мың га. Тұрғыны 0,75 мың адам (2023). Бұрынғы атауы – Иіркөл. Ауылдың басты кәсібі – мал, егін шаруашылықтары. Ауылда №113 мектеп, №13 балабақша, кітапхана, фельдшерлік пункт, мешіт, т. ж. мекемесі, сауда дүкендері халыққа қызмет көрсетеді. Ауылда 27 шаруа қожалығы, 69 жеке кәсіпкер бар.

ҚАРМАҚШЫ АТА МАЗАРЫ – сәулет өнері ескерткіші. 14–15 ғ-ларда күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Қармақшы ауд-ның орт-нан 1–2 км қашықтықта орналасқан. Жалпы жобасы шаршыланып келген (7,3х6,0х7,3 м), төбесі күмбезді. Қабырға қалауы мен күмбезінде өрнек жоқ. Мазарға алғаш назар аударған И.Кастанье оның күйдірілген қыштан тұрғызылғанын, Қармақшы атаны әулие тұтқан жергілікті халық күмбезді ақ матамен жабулап қоятынын, осы матаға әулиенің өмірбаяны жазылғанын айтқан. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерде Қармақшы ата шаһардың қорғаушысы болған, балық аулауды кәсіп еткен. Мазар арнайы зерттелмеген. Кастанье, т.б. ғалымдардың азды-көпті қалдырған сипаттамалары ғана сақталған. Ортағасырлық мазар салу дәстүрінің бір белгісі– ескерткіш сыртының лайына аттың қылы қосылған.

Т.Дайрабай

ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ – Қызылорда обл-ның орт. бөлігінде орналасқан әкімш.-аумақтық бөлініс. 1928 ж. құрылған. Жер аум. 31,0 мың км^2. Қ. ауд-мен Ташкент – Орынбор т. ж-ның 110 км телімі өтеді. 5 т. ж. ст. (оның ішінде Байқоңыр ғарыш алаңына апаратын Төретам) орналасқан. Автомоб. жолдарының жалпы ұз. 323,0 км, оның ішінде 139 км респ.



Қармақшы ата мазары

маңызы бар жолдарға жатады. Тұрғыны 52,2 мың адам (2023), Байқоңыр қ. бойынша 40,6 мың адам (2023). Аудан орт. – Жосалы кенті. Аудан батысында Қазалы, шығысында Сырдария аудандарымен, солт-нде Ұлытау обл. Ұлытау ауд-мен, оңт-нде Өзбекстанмен шектеседі. Аудан жерін толығымен Тұран ойпаты алып жатыр. Қиыр солт. Арал Қаракұмының төбелі келген Жіңішкекұм және Көлқұдықкұм құмды алабы, орт. тұсында Алақайдың ақтақыры және Жосалы даласы, оңт-нде Қызылқұмның төбелі құмдары орналасқан. Ауданның ең биік жері солт-нде (Тарғыл тауы, 160 м) кездеседі. Жер қойнауынан құрылыс материалдары барланған. Аудан жерінің орта тұсынан Сырдария өз. ағады. Одан Қармақшы, Шиелі каналдары тартылған. Оңт. Сырдарияның ежелгі арналары – Жаңадария, Іңкәрдария, т.б. өтеді. «Қармақшы» атауы 15 ғ-дан бастау алады. Қараөзек арнасының Сырдария өз-мен қиылысқан жерін ежелгі тұрғындар «Қармақшы өткелі» деп атаған. Ресеймен байланыс орныға бастаған жылдардан (шамамен 1850) бастап осы өткел «Қармақшы форт-2» деп аталған. 1904 ж. Орынбор – Ташкент т. ж-ның іске қосылған кезінен жергілікті жерден жоса бояуы алынатын тастардың көп шығуына байланысты «Жосалы» деп аталған. Аудан аум-нда Қорқыт ата мазары, Жетіасар, Алтынасар, Шірік-Рабат, Сырлытам, Қосқала, т.б. көне заманның тарихи-архит. ескерткіштері бар. Аудан көлемінде аты аңызға айналған ортағасырлық ойшыл, күй атасы Қорқыт бабаға, «Рүстем-Дастан» эпосының қазақша нұсқасының авторы ақын Т.Ізтілеуовке, 2-дүниежүз. соғыс майданында қаза болғандарға арналған ескерткіштер қойылған. 1932 жылдан «Қармақшы таңы» газеті шығады. Аудан жерінде Байқоңыр ғарыш алаңы орналасқан. Климаты тым континенттік, қысы біршама суық, жазы ыстық әрі қуаң, аңызақты келеді. Қаңтардағы ауаның жылдық орташа темп-сы – 9–13°С, шілдеде – 27–29°С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлш. – 100–150 мм. Топырағы солт-нде сұр, құмайтты сұр, тақыр және тақыр тәрізді, орт. бөлігінде құмайтты сұр, бозғылт сұр, Сырдария аңғары мен жайылмасында шалғынды және шалғынды-батпақты. Онда боз жусан, еркекшөп, баялыш, бұйырғын, тасбұйырғын, көкпек, ши, қара сексеуіл, сарсазан, қамыс, құрақ, қаратал, жиде, жыңғыл, шеңгел, т.б. өседі. Аң түрінен қасқыр, түлкі, борсық, құм қояны, құстардан қаз, үйрек, қырғауыл, көккұтан, т.б. мекендейді. Сырдария өз. балыққа өте бай. Қ. ауд. агр. аудан болғандықтан, а. ш. маңызды салаға жатады. Ауданда жалпы құны 20 млрд 872 млн теңге болатын 18 жоба әзірленіп, онда ауыз су, білім беру және денсаулық сақтау, спорт, жол жөндеу мен тұрғын үй құрылысы, т.б. салалар қамтылған. Сонымен қатар демеушілер есебінен құны 7,5 млрд теңгеден асатын 29 жоба жүзеге асырылған. Аудан кәсіпкерлерінің несиелендіру және гранттық бағдарламалар аясында сауда, халыққа қызмет көрсету, а. ш. және өнеркәсіп салаларындағы 252 жобасы 1,9 млрд теңгеге қаржыландырылып, аудан азаматтары бизнес бастауға немесе дамытуға мүмкіндік алған. Оның ішінде «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында 653,8 млн теңгені құраған 49, «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы жалпы құны 74,8 млн теңге тұрған 11, «Атамекен – Қызылорда» микроқаржы ұйымынан «Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша жалпы құны 47,6 млн теңгелік 11, «Аграрлық несие корпорациясы» «Іскер» бағдарламасының қайта қаржыландыруымен мал ш. саласындамытубағытындағы 29,4 млн теңгені құраған 6 және «Агробизнес» бағдарламасымен 918,2 млн теңгелік 4, т.б.

жобаларға несие берілген. «Ұлттық жоба» шеңберінде әлеум. жағынан аз қамтылған азаматтарға кәсіп бастау үшін 170 жобаға 204 млн теңгенің гранты бөлінген. Жалпы аудан бойынша егін көл. 24,3 мың га (2022), оның ішінде күріш саласы 12,8 мың га. Орташа гектарына 54–55 ц-ден өнім алынады. Индустрияландыру бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан ірі жобаның бірі – Ақтөбе а-ндағы «Қармақшы-құс» фабрикасы. Құрылыс саласынан Жосалы кенті мен Ақай а-ндағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында «Балық цехын сыртқы электр желісімен жабдықтау» жобасы, Қуаңдария а-ндағы 100 орындық клуб, «Нұрлы жер» мемл. бағдарлама бойынша Байқоңыр қ-ндағы 50 пәтерлік 5 тұрғын үй іске қосылды. Ауданда музей, стадион, 18 кітапхана, 2 мәдениет үйі, 14 клуб, 17 спортзал, 6 аурухана, емхана, 6 фельдшерлік-акушерлік пункт, 5 отбасылық-дәрігерлік амбулатория халыққа қызмет көрсетеді. Аудан бойынша 32 білім беру ұйымы – 29 орта мектеп, кешкі мектеп, 2 мектептен тыс және 40 мектепке дейінгі білім беру мекемесі, 12 мешіт, ұлттық мәдени орт. (корей) жұмыс істейді. Білім беру мекемелерінде «Мектеп парламенті», «Балалар кітапханасы», «Театр», «Дебат» жобалары жүзеге асырылған. Сондай-ақ аудан бойынша бюджеттен тыс 6 балалар ойын алаңқайының құрылысы жүруде. Аудан аум-нда 187,6 км су құбыры тартылған.

О.Айдаров

ҚАРМАҚШЫ МЕКТЕБІ – облыстағы алғашқы оқу орындарының бірі. 1895 ж. 15 мамырда ашылған. Мектеп Қармақшы орыс-қазақ түземдік уч-щесі аталып, оның меңгерушісі әрі мұғалімі Сырдария халық уч-щесінің қызметкері М.Т. Широков болды. Қ. м. алғашында өзбек саудагері М.Меркажановтың 7 бөлмелі үйінде орналасты. 1909 ж. жеке үйдің іргесі қаланып, онда 20 балаға арналған интернат ашылды. 1929 ж. онда 570 бала білім алды. 1962 ж. мектепке Ш.Уәлихановтың есімі берілді.

«ҚАРМАҚШЫ ТАҢЫ» – аудандық газет. 1932 ж. 12 сәуірде «Екпінді» деген атаумен (таралымы 400 дана) бастап шыққан. Газет әр жылдары «Қызыл ту» (1938–62), «Коммунизм шамшырағы» (1963–90) деп аталып, 1991 жылдан «Қармақшы таңы» деп өзгерген. 1937 ж. 2 400 данамен шыққан газеттің бүгінгі



таралымы 4563 дана (2023), аптасына 2 рет шығарылады. Қазіргі таңда газет бетінде ауыл-аймақ тынысы қарастырылатын «Тыныс», қоғамдық, рухани, діни мәселелерді қамтитын «Айна», «Руханият», «Діңгек», отбасы өмірін арналған «Шаңырақ», адами капиталды дамыту мәселелері топастырылған «Білте», «Шілтер», «Басты байлық», «Спорт» беттері ұйымдастырылған. «Намыс найзағайы», «Даму», «Жәдігер», «Жүрекжарды», «Зерде», «Тіршілік таразы», т.б. айдарлары бар.

Қ.Омаров

ҚАРСАҚ (Vulpes corsac) – ит тұқымдасы, түлкі туысына жататын жыртқыш аң. Облыстың барлық аймақтарында, әсіресе, шөл, шөлейт жерлерде кең тараған. Өсімдікке бай ойпаң,



Қарсақ

аңғарлы сайларда, тау етегінде қоныстанады. Дене тұрқы 46 – 56 см, құйрығының ұз. 25 – 35 см, терісі бағалы аң. Қысқы жүні қалың, жұмсақ әрі жібектей болып келеді. Жазғы жүні қысқа, ірі және түбітсіз келеді. Қ-тың түлкіден айырмашылығы: құлағы ақ, үлкен тұмсығы сүйір болады. Қ. жылына екі рет түлейді (көктемде және күзде). Тереңд. 1–2 м, ұз. 4–6 м ін қазып алып, сонда тіршілік етеді. Кейде түлкі, борсық және суырлардың ескі індерін де пайдаланады. Қ. қорек іздеуге таңертеңгі және кешкі мезгілде шығады. Негізгі қорегі – тышқан, тоқалтіс, құмтышқан, сарышұнақ, суыр, қоян, т.б. Сондай-ақ, Қ-тар тасбақаны, құсты, жыланды, кесірткені де жейді. Қ. жыныстық жағынан 9–10 айда жетіледі. Жылына 1 рет күшіктейді. Қазақстанның далалы аймағында ақпанда, ал шөл-шөлейтті аймақтарында қаңтардың аяғында шағылысады. 52 күннен кейін 2–16, көбіне 3–6 күшік туады. Қ. – өте бағалы терісі үшін ауланып келе жатқан кәсіптік маңызы бар аң. Қ. – құтыру мен оба ауруларын таратушылар.

Н. Ерболатов

ҚАРСАҚБАЙ – кесене (19 ғ.). Қазалы ауд. Мұратбаев а-нан солт.-батысқа қарай 4 км жерде орналасқан. Жоспары бойынша дөңгелек, қам кесектен тұрғызылған. Төм. күмбезі қабырғаға жалғасқан. Кесененің солт.-батысында цилиндрлі күмбезді кіреберіс орналасқан. Беткі қабаты бітеу, кіреберісі жіңішке дәлізбен жалғасқан. Күмбездің оңт.-батыс бөлігінде жарық түсердей тесігі бар. Күмбездің жоғ. бөлігі бұзылған. Кесененің ішкі беті сабан сылақпен сыланған. Өлшемдері: сыртқы диам. 8 м, ішкісі 5,1 м. Күмбездің сақталған биікт. 5,8 м. Кіреберісі 4,5х2,3 м. Құрылыстың жалпы көл. 253 м^3.

Ә.Тәжекеев

ҚАСҚА, Баймағанбет (1810–1860) – би. Сыр өңірі қазақтарын Қоқан хандығы билеген тұста ел бірлігін сақтауда әділдігімен, батылдығымен аты шыққан. Қ-ның бес ұлынан (Молжігіт, Жанжігіт, Мәнгүл, Биназар, Әлімбай) өсіп-өнген ұрпағы, негізінен, Шиелі ауд-ның Төнкеріс а-нда тұрады.

С.Жүсіпов

ҚАСҚАҚҰЛАН – арал. Арал т-нің Қазақстан аум-нда орналасқан. Теңіздің шығыс жағасындағы Жыңғылтүбек телімінен батысқа қарай 21 км жерде. Аум. 0,93 мың га. Арал «Үлкен тау» және «Кіші тау» деп аталатын екі қыр төбеден тұрады. Мұндағы байырғы шөгінділер олигоцендік құмдақ, мергель, аздаған әктастан түзілген. Аралдың солт. жағындағы жарқабақ мүжіліп, аласарған. Өсімдігінің басым бөлігі жусан. Теңіз суы бар кезінде тау етегі мен теңіздің жағасында жыңғыл, ақтікен қалың өскен. Сиректеу сексеуіл болды. Қазір Қ-да халық тұрмайды. Жағалауымен ұласып кеткен Қ-да суы жылы, кермек татитын екі ұңғыма қалған.

А.Нұрғызарынов

ҚАСҚЫР (Canis lupus) – қасқыр тұқымдасына жататын жыртқыш. Дене тұрқы асыранды иттей. Асыранды иттің арғы жабайы тегі – Қ. деп есептелінеді. Қ. Еуропада, Азияның көп аймақтарында кеңінен таралған, 18 – 19 ғ-да көп ауланудың нәтижесінде Еуропаның біраз елінде, Жапонияда, Канаданың оңт. аймақтарында, АҚШ пен Мексикада, т.б. олардың саны мүлдем азайған. Бірақ 1990 жылдардан олардың саны қайтадан көбейіп келеді, Қазақстанда 15 мың басы бар (2021). Әрбір Қ. күніне орт. есеппен 4 кг-дай ет жейді.



Қасқыр

Сондықтан Қазақстанда Қ. санын реттеу мақсатында 1995 ж. 5 қыркүйекте «Кейбір аң түрлерінің санын реттеу» туралы арнайы қаулы қабылданған. Дене мөлш. 105 – 160 см, үлпілдек жүнді құйрығының ұз. 29–50 см. Аяқтары ұзын. Жылына 2 рет түлейді. Буаздық мерзімі 62–75 күн, қаншығы 3–13, көбінесе 4–6 күшік табады. Қ. қорегін көбіне түнде аулайды. Қорегін іздеп 70 – 85 км-ге дейін барады. Қ-дың терісінен ішек тігеді, оның өтін емге пайдаланады. Тырнағын бесікке іліп

қояды, жын-шайтан жоламайды деп ырым етеді. Қ. топтанып, тіршілік етеді. Шағын ұялас тобын – әуегі, ал сол әуек басшысын – абаданы деп атайды. Сондай-ақ, тіліміздегі «шона» деген сөз де көне моңғол тіліндегі Қ. деген ұғымды білдіреді. Қ. мүсіні Батыс Қазақстан аймағындағы сармат тайпаларының ескерткіштерінде, Алматы обл. маңынан табылған қала шырағданында бейнеленген.

Р.Сәтімбекұлы

ҚАСЫМ Бөлекейұлы (т.ж.б. – 1827) – сұлтан, хан. Сырдарияның төм. ағысы бойындағы қазақтарды билеген (1809–27). Ерәлі ханның немересі. Қ-ға Кіші жүз Шөмекей руының 7 мың отбасы қараған. Қ. Бұхара және Хиуа хандықтарының билеушілеріне белгілі дәрежеде бағынышты болған және оның хан болып сайлануына Бұхара әмірі Хайдар мен Хиуа ханы Мұхаммед Рахым қолдау көрсеткен. Сұлтан Қоқан хандығына қарсы күресте қаза тапқан.

М.Өтешова

ҚАСЫМ АТА – кесене (19 ғ.). Жаңақорған ауд. Жаңарық а-нан оңт.-батысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Кесене Өгіз жылғасы бойында құмтөбе мен сексеуілді жерде. Кезінде В.Каллаур зерттеп, оның құлау алдында тұрғанын жазған. Қазіргі күні Қ. а. кесенесі толық бүлінген. Қыш-кірпіштен өрілген. Кесене, негізінен, күйдірілген кірпіштерден (27х27х6 см) тұрғызылған, киранды үйіндінің жоспарындағы аум. 12,50х10,90 м, сақталған биікт. 4,35 м. Қалдықтарына қарағанда кесене бір камералы, беткі жақ босағасы күмбезді, кіреберіс ойығы оңт. бөлікке бағытталған. Камераның шаршы пішіндегі күмбез шеңберіне өтуі бұрыштық тромптар арқылы қосарланған аркалар арқылы пайдаланылған. Камера қабырғаларының ортасына кеңістікті толтыратын тағы төрт арка қаланған. Бір тегістікте орналасқан және терең емес текшелерді құрайтын аркалары да бар. Осы аркалардың салдарынан пайда болған сегіз қырының үстінде күмбез орналасқан. Сыртқы қабырғасындағы аркалы қуыстың оңт.-батысқа бағытталуы оның михраб болғандығын көрсетеді. Кейін кесененің осы жеріне мешіт жалғастырылып салынса керек. Себебі кесененің солт.-шығыс жағында қам кесектерден тұрғызылған үлкен құрылыстың қалдықтары сақталған. Онда қорғау тақтасы орнатылған.



Қасым ата кесенесі

Ә.Тәжекеев

ҚАСЫМОВ Ералы Елекейұлы (1869, Қармақшы ауд. Төртқөл а. – 1932, Қызылорда) – қоғам қайраткері. Діни білім алған. 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейін тілмаштық қызмет атқарған. 1917–18 ж. Ақмешіт уездік ұлттық қазақ к-тінің төрағасы болды. Ақмешіттіктер Қ-ты хан сайлаған. Хан сайлау сол кезде тек Орал және Сыр бойы руларында ғана сақталды. 1917–18 ж. Ақмешітте 3 ұйым әрекет етті. Олар – Ұлттық қазақ к-ті, Қырғыз (қазақ) депутаттары Кеңесі (төрағасы – Х.Ибрагимов) және Халық өкілдері Кеңесі (төрағасы – С.Лапин). Барлығының алға қойған мақсаты ортақ болғанымен, таңдаған күрес жолдары әртүрлі еді. Осылардың ішінде ақмешіттіктердің көңілінен шыққаны Қ. басшылық жасаған Ұлттық қазақ к-ті болды.

К. Ілиясова

ҚАСЫМОВ Ермұхамбет, Елекей (1812, Қармақшы өңірі, Төретам а. – 1890, сонда, Иіркөл маңы) – сұлтан, Әбілқайыр хан әулетінен. Кіші жүздің Шөмекей, Кете және Керейіт руларының билеушісі. Оны Жаңадария, Қарақұм жағында көшіп-қонып жүрген қазақтардың ханы ретінде Бұхар әмірі (1844), кейін Хиуа ханы (1847) таныған. Отбасымен Хиуа ханының тұтқынында болған (1850–52). 1952 ж. орыс мемл. қызметіне кіреді. Ген. В.Перовскийдің

басшылығымен Ақмешітке жасаған шабуылға қатысып, ерікті қазақ жасақтарын басқарған. Қ-тың Жанқожа батырдың өлімін ұйымдастырушылардың бірі болғаны туралы деректер кездеседі. Ресей үкіметі адал қызметі үшін Анна лентасы және алтын медалімен (1853), Станислав медалімен (1862) марапаттап, подполковник (1860) және полковник (1862) шендерін берген.

Т.Дайрабай



Қасымов Ибраһим

ҚАСЫМОВ Ибраһим Елкейұлы (1880, қазіргі Қармақшы ауд. – 1937) – Қазақстандағы алғашқы педагогтардың бірі. 1900 ж. Ташкент қ-нда оқытушылар семинариясын бітіргеннен кейін, әуелі екі сыныптық Қарабұрын орыс-бұратана халық уч-інде мұғалім, 1909 ж. интернаты бар екі сыныптық Қармақшы орыс-бұратана халық уч-щесінде меңгеруші, 1920 ж. Шымкент қ-нда ашылған тұңғыш өлкелік мұғалімдер мектебінің директоры болды. Қ. 1922 ж. Қармақшы ауд. атқару к-тінің төрағасы, Түркістан атқару к-тінің аштыққа ұшыраған халыққа көмек көрсету жөніндегі арнаулы өкілі болды. 1923 жылдан өмірінің соңғы күндеріне дейін халыққа білім беру қызметінен қол үзген жоқ.



Қасымов Төлепберген

ҚАСЫМОВ Төлепберген Смағамбетұлы (27.4.1932 ж. т., Қызылорда қ.) – ұстаз, КСРО-ның халық мұғалімі (1980). ҚазКСР-нің кәсіптік-техникалық біліміне еңбек сіңірген қызметкер (1970). Қызылорда қ-ндағы 11-т. ж. уч-щесін (1952), Қарағанды индустр.-пед. техникумын (1956), Қызылорда пед. ин-тын (қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қызылорда қ-нда 26-құрылыс мектебінде, 113-кәсіптік уч-щесінде, (1954–56), 6-кәсіптік-техн. уч-щесінде (1954–96) оқытушы болды. Қ. Обл., қалалық кеңестер құрамына бірнеше мәрте сайланған. Бірнеше мәрте КСРО Жоғ. Кеңесінің, КСРО-ның ҒА-ның құрметтеріне ие болған. Қ-тың есімі КСРО-ның үлкен энциклопедиялық сөздігіне, мемл. Құрмет кітабына енген. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2022).

Г. Сәтбаева



Қасым хан

ҚАСЫМ ХАН (1445–1521) – қазақтың ұлы ханы, Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – Әз-Жәнібек ханның ортаншы баласы. Тарихта Қ. х. есімі Қазақ хандығының күшеюі және нығаюымен тікелей байланысты. Жазба деректерде Бұрындық хан кезінде Қ. х. Сыр бойындағы қалалар мен өңірлер үшін 15 ғ-дың 70–90-жылдары жүргізілген күрестерге белсене қатысқан. Сыр бойы үшін күресте Қ. және Әз-Жәнібек ханның басқа да ұлдары Сығанақ, Сауран, Отырар, Сайрам түбінде бірнеше рет Мәуреннахр билеушісі Шайбани ханның әскерін тас-талқан етіп жеңеді. 15-ғасырдың 90-жылдары жасалған бейбіт келісім бойынша Қазақ хандығына Сығанақ пен Сауран өтеді. 1510 ж. Қ. х. өзінің бөлесі Шайбани ханның әскерін ойсырата жеңіп, Сыр бойынан қуып шығады. Осы жылдан Қ. х-ның ресми

хандық дәуірі басталды. Сондай-ақ Қ. х. Сырдария алқаптарын қосып алуы елді тұтас біріктіру жолында табысқа жетуінің кілтіне айналды. Бұл қазақ тайпаларының басын біріктіруге, қазақтың этн. аумағын анықтауға, қазақтардың халық болып қалыптасу барысын біржолата аяқтатуға мүмкіндік берді. Мұхаммед Хайдар Дулати ол туралы: «қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдіретті ешкім болған емес» деп жазды. Оған Батыс Жетісу, Оңт. Қазақстандағы жоғарыда көрсетілген қалалармен бірге Қаратау аймағы, Сырдария мен Сол. Арал алқаптары, Орт. Қазақстанның едәуір бөлігі енді. Ноғайлардың бір бөлігі қазақтарға қосылып, шекара Еділге дейін жетті. Қ. х. халық арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде «Қасқа жол» деп аталатын заңдар жинағын енгізді. Бұл заңдар арқылы елде тәртіп орнады. Орыс деректері бойынша Қ. х. 1521 ж. қыста қайтыс болған. Сарайшықта жерленген. Қ. х. тұсында қазақ атты әскерінің саны 300 мың, халқының саны 1 млн-ға жетті.

С.Тайман

ҚАТЫН ҚАЛА – 18–19 ғ-лардағы қалашық. Жалағаш ауд. Аққыр а-нан солт-ке қарай, 8 км жерде, Жаңадария арнасының оң жағалауында орналасқан. 1956 ж. археол. экспед. Жаңадария арнасында орналасқан Барақтам, Аралбай, Шірік-Рабат қалашықтарын, Сырлытам маңын зерттеді. Бәбіш мола маңы мен Қуаңдария арнасының орта жағын, Майлыөзек арнасының жағалауларындағы бекіністерді бұл экспед. түгел қамтып шықты. Майлыөзек арнасының жағасында жартылай көшпелі халық мекен еткен қорғандар, сондай-ақ 1960–61 ж. әуеден жүргізілген барлау жұмыстары арқылы Қ. кешені анықталды. Бұл кешенде үш бекініс орналасқан. Олар шартты түрде Қ. – I, Қ. – II, Қ. – III деген атаулармен белгіленді. С.П. Толстовтың пікірінше, бұл бекіністер ортағасырлық бекіністерге келеді. Бұл аймақтарда 2013 ж. Шірік-Рабат археол. экспед-ның (жетекш. Ж.Құрманқұлов) барлау отряды (Ә.Тәжекеев) қайта зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу барысында бекіністердің геогр. координаталары нақтыланып, фото-, фиксация жұмыстары жүргізілді.

Ә.Тәжекеев

ҚАТЫН ҚАМАЛ – тарихи үңгір. Жаңақорған ауд. Бірлік а-ның орт-нан 20 км жерде орналасқан.



Қатын қамал үңгірі

Қ. қ-да нақты ғыл. зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Аңыз-әңгімелер бойынша оған жоңғар шапқыншылығы кезінде әйелдер мен жас балалар жасырынған. 18 ғ-дың басында қонтайшы Қалдан Церен бастаған жоңғарлардың тосын шабуылы басталып, олардың жантүршігерлік бұл соғысы Қаратаудың етегін жайлаған қазақтар үшін «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» (1723) болды. Міне, осындай ауыр зұлматта тау өңірін мекендеген ауылдың үлкендері мен әйелдеріне, балаларға Қаратаудың басындағы Қ. пана болған еді.

О.Айдаров

ҚАТЫН ТАМ – кесене (19 ғ.). Жалағаш ауд. Аққыр а-нан солт.-шығысқа қарай 12 км жерде орналасқан. Кесене жоспары төртбұрышты, көл. 6,6х8 м, қам кесектен (8х24х44 см) салынған. Жоспар бойынша ескерткіштің негізгі өлшемі кесенелер үшін үйреншікті төртбұрышты емес, тікбұрышты-бойлық осін бойлай созылып, біртіндеп күмбез астындағы барабанға өтетін параболалық бейнедегі күмбезбен бітеді. Бет жағы тікбұрышты, негізгі өлшемге қатысты тарылтылып, оңт.-батысқа бағытталған. Оның орт. бөлігінде аркалы бет жағында ойық орналасып, оның айшықты қабырғасына аркалы бөлмеге кіру тесігі салынған. Кесененің бұрыштары қазіргі кезде бұзылып кеткен дөңгелек мұнаралармен сәндел-

ген. Кесененің күмбез асты конструкциясы – бөлме бұрыштарынан құрылыстың салпыншағымен шығарылған желкендер. Күмбезде зенитті тесік бар, аркалы терезе де күмбездің жоғ. бөлігіне орналасқан, олар бүйір қасбетке шығады. Кесене сыртынан және ішкі жағынан сабан сылақтың қабаттарымен сыланған. Кесене басқа бір бөлікті құрылыстардан күмбезді кесенелер үшін сирек кездесетін жайт болып табылатын сопақша пішінімен ерекшеленеді.

Ә.Тәжекеев

ҚАУЫҚ – Жаңақорған ауд-на қарасты Аққұм т. ж. ст маңындағы жер атауы. Жергілікті халықтың мал жайылымдық жері, бұрынғы дарияның суы тасығандағы жайылмасы болған. Ну қамысты тоғайлы жер.

О.Айдаров

ҚАШҚАНСУ, Қашқынсу – Арал т-нің шығыс бөлігіндегі шығанақ. Сырдария атырауының оңт. жағында, Арал ауд. жерінде. 1980 жылға дейін құрлыққа 20 км сұғына кіріп жатқан. Теңізге шыға берісіндегі ені 7 км, ауд. 160 км^2, солт.-батыс жағасы жарлауытты (5 м). Жағалауында балықшылардың Жуанбалық а. болған. Шығысын Сырдарияның ескі атырауы тілімдеген. Аласа құмды, құмайтты жағалауында қамыс және шөлге төзімді аласа бұталар өскен. Кейін Арал т. суының тартылуына байланысты Қ. өңірі шөл далаға айналған. «Суы тартылған жыра» мәніндегі атау.

О.Айдаров

ҚАШҚАНСУ КАНАЛЫ. Қармақшы ауд. Сырдария өз-нің сол жағалауында, Жосалы кентінен оңт.-батысқа қарайғы Жусандыдала жазығында орналасқан. Көне заманда Сырдарияның орт. атырауынан басталған Қашқансу өз. Жусандыдалаға жеткен. Сол өзектің құрғақ арнасын Қармақшы ауд-ның шаруашылықтары күрішті алқаптардан шығатын тастанды (ақаба) суын ағызу үшін қашыртқыға айналдырған. Қ. к. 3-Интернационал а-ның ауыспалы егіс алқабы тұсынан басталып, 15,7 км-ге созылып жатыр. Су өткізгіштігі 4,0 м^3/с. Қашыртқы 1988 ж. іске қосылған.

ҚАШҚЫНБАЙ Кемелұлы (шамамен 1789–1869) – батыр. Сыр өңірінде өмір сүрген. Бұқарбай, Тоғанас батырлармен Кенесары Қасымұлы жасағында болған. Кенесары ханның баласы Тайшықты қырғыздардан босатып алу қимылдарына қатысқан. 1860 ж. күзде Тайшық пен Ахметтің Қызылқұмға орныгуына көмектескен. Қ. туралы Т.Ізтілеуовтің «Ел қамын жеген ерлер» атты толғауында, т.б. Сыр бойы ақындарының жырларында айтылады. Жіңішкеқұмдағы батырдың зираты тұрған жер Қ. есімімен аталады.

Т.Дайрабай

ҚАШҚЫНБАЙ – кесене. Қорымның мерзімі шамамен 19 ғ-дың аяғы – 20 ғ-дың басы. Жалағаш ауд. Қаракеткен а-нан солт.-шығысқа қарай 18,2 км жерде орналасқан. 2006 ж. Шірік-Рабат археол. экспед-ның (жетекш. Ж.Құрманқұлов) барлау отряды (Ә.Тәжекеев) зерттеу жұмыстарын жүргізген. Күмбезді мазар саз кесектен солт.-батыс қабырғасы мен күмбезінің сол беті құлаған. Маңдайшасы бар, ішіндегі қираған кесектің үйіндісінен ешқандай қабір орнын көру мүмкін емес. Мазардың көл. 5,4х5,2 м, қабырғасының биікт. 3 м, қалың. 5,5 см. Кесек көлемі 36х20х9 см. Оңт.-шығыс қабырғасынан 4 м жерде төртқұлақты, көл. 3,9х4,5 м, биікт. 2,5 м бейіт бар. Сонымен қатар тегістеліп кеткен 20-дан астам бейіт мазарды айнала орналасқан.

Ә.Тәжекеев



Қашқынбайұлы Қабылан

ҚАШҚЫНБАЙҰЛЫ Қабылан – батыр, би. Кіші жүз Алшын – Қаракесек – Шөмен – Шөмекей – Бозғұл – Қожакелді аталығынан. Қабылан батыр Қармақшы өңірінде 19 ғ-дың 2-жар-

тысы – 20 ғ-дың 20-жылдарында өмір сүрген. Қабылан батырдың ұлы Жұмаш Қабыланұлы кеңес үкіметіне қарсы шығып, Қарақұм көтерілісі жетекшілерінің бірі болған.

О.Айдаров



Қаюпов Биғали

ҚАЮПОВ Биғали Әбдікерұлы (16.7.1951 ж. т., Арал қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, экон. ғыл. канд. (1992). ҚР-ның еңбек сің. экологы. Қызылорда пед. ин-тын (1973, қазіргі Қызылорда ун-ті), Алматы халық ш. ин-тын (қазіргі «Нархоз» ун-ті), Мәскеу қоғамдық ғылымдар академиясын бітірген. Арал қ-ндағы №14 орта мектепті бітірген соң еңбек жолын 1968 ж. Ұялы а-ндағы мектепте мұғалім болып бастаған. Қызылорда обл. комсомол к-тінің лекторы, хатшысы, Қазақстан ЛКЖО ОК-нің аппарат қызметкері, бөлім меңгерушісі (1973–81), Қазақстан КП ОК нұсқаушысы, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі төрағасының көмекшісі (1981–85), Сырдария ауд. атқару к-тінің төрағасы (1985–87), Жалағаш ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1987–92), Арал ауд-ның әкімі (1992–95), ҚР Президенті әкімш. ұйымдастыру-бақылау бөлімінің мемл. инспекторы (1999–2001), «ПетроҚазақстан Оверсиз-Инк» АҚ президентінің бас кеңесшісі (2001–07), Қармақшы (2007–11), Жалағаш (2011) аудандарының әкімі қызметтерін атқарған. 2016 жылдан Арал ұн з-тының директоры. ҚР Жоғ. Кеңесі (1990–93), ҚР Парламенті Сенатының (1995–99) депутаты. «Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Арал, Жалағаш (2009) және Қармақшы аудандарының, Қызылорда обл-ның (2023) құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ҚАЯЗДЫ – көл. Арал Қарақұмының оңт.-батыс бөлігінде, Сырдария өзнің төм. алабындағы жайылымдық көлдердің бірі. Арал ауд-нда орналасқан. Қаяз балығы көп болғандықтан балық атымен қойылған атау.

О.Айдаров

ҚАЯЗДЫ – көл. Сырдарияның оң жағалық жайылмасында орналасқан. Жалағаш кентінен солт-ке қарай 22 км жерде, Сырдарияның тармағы – Қараөзектің анғарында теңіз деңгейінен 50,3 м жоғарыда жатыр. Аум. 2,3 км^2, ұз. 2,9 км, ені 1,3 км, ең терең жері 5,0 м, суының көл. 12,4 млн м^3. Көлде қамыс, қоға көп өскен, әсіресе оңт. жағы ну тоғай. Жаз айларында су деңгейі түскен кезде көлдің шығысы мен батысы екіге бөлініп қалады.

Қ.Ахметов



Қизатов Жәлел

ҚИЗАТОВ Жәлел Қизатұлы (9.10.1920, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Есіл ауд. Қарағай а. – 25.4.1999, Қызылорда қ.) – еңбек және соғыс ардагері, қоғам қайраткері, Кеңес Одағының Батыры (15.1.1944). А. ш. техникумын (1940), Кеңес әскері қатарында кіші лейтенанттар курсын (1942), жоғары артиллерия мектебін, соғыстан кейін Қазақстан КП ОК жанындағы жоғары партия мектебін бітірген. 2-дүниежүз. соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, 154-гв. артилл. полкте взвод командирі болған. Одесса, Қырым, Сталинград, Беларус майдандарында фашистермен күресіп, Одесса, Керчь, Сталинград қ-ларын қорғауға, Украина, Беларус, Польша елдерін фашистерден азат етуге қатысып, Германия жерінде соғысты. 1944 ж. Днепр өз. үшін болған шайқаста көрсеткен ерлігі үшін аға л. Қ. Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Соғысты майор шенінде аяқтап, Солт. Қазақстан обл. Ленин ауд. атқару к-тінің төрағасы (1947–50), Булаев ауд. атқару к-тінің төрағасы (1952–57), Тамань дивизиясы атынд. кеңшардың директоры (1957–63), Қарақоға элеваторының директоры (1963–68), Қызылорда обл. астық өнімдері басқармасының бастығы (1968–87), обл. табиғатты қорғау қоғамы төралқа төрағасының орынбасары, төрағасы (1988–97) қызметтерін атқарды. Қ. бірқатар өлең, повесть, поэмалар мен әңгімелердің авторы. Солт. Қазақстан, Қызылорда обл. халық депутаттары кеңесінің депутаты. Ленин (2 мәрте), Еңбек Қызыл Ту (3 мәрте), Қазан революциясы, 1-, 2-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальмен марапатталған.

К. Саркенова

ҚИРАБАЕВ Таубай (1896, қазіргі Шиелі ауд. Ақмая а. – 1967, сонда) – ақын. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Сыр бойы ақындарының (Бұдабай, Базар жырау, Кете Жүсіп, т.б.) өлең-жырларын жаттап, таратушы. Н.Бекежановты ұстаз тұтқан. Оның өлеңдері, жыр-толғаулары ұжымшар құрылысы, майдан өмірі, соғыстан кейінгі бейбітшілік, еңбек тақырыбына арналған. Сонымен қатар ол айтыс ақыны да. А.Әлжановпен (Ақмола обл.), Д.Шалқарбаевпен (Жамбыл обл.) айтысқа түскен. 1961 ж. халық ақындарының респ. мәслихатына қатысқан. Өлеңдері ауд., обл. газеттерде, «Ақындар шықты айтысқа» (1960), «Ақындар жыры» (1963) атты жинақтарда жарияланды.



Қобландин Сұлтанбек

ҚОБЛАНДИН Сұлтанбек Ибрагимұлы (9.5.1959,Тереңөзек ауд. Шіркейлі а. – 15.12.2022, Қызылорда қ.) – ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (2002). ҚР-ның құрметті спорт қызметкері (2012). Халықар. дәрежедегі спорт шебері. Алматы дене шынықтыру және спорт институтын (1982, қазіргі Қазақ спорт және туризм академиясы) бітірген. Көгалдағы хоккейден «Динамо» командасына шақыртылып (1982), КСРО чемпионы, КСРО-ның кубок иегері (1982) атанды. Қызылорда обл. көгалдағы хоккейден ерлер-әйелдер құрама командасының аға бапкері (1986), «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының «Сырдария» кәсіпқой көгалдағы хоккей спорттық клубының» директоры (2013–17), «Қайсар» ойын түрлері бойынша спорт клубында аға жаттықтырушы (2017–22) қызметтерін атқарған. Қ. 125 спорт шеберін және 5 халықар. дәрежедегі спорт шеберін дайындады. Облыстың ерлер-әйелдер командалары ҚР чемпионы атағын бірнеше рет иеленді. 7-Қысқы Азия ойындары Алау эстафетасында алаугер болды (2011). «Ерен еңбегі үшін» (2014), т.б. медальдармен марапатталған. Сырдария ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ҚОҒАЛЫКӨЛ – ауыл. Сырдария ауда-ндағы ауылдық окр-тің орт. Аудан орт. – Тереңөзек кентінен оңт.-шығысқа қарай 50 км жерде, сарсазан, қамыс, құрақ, т.б. шөптесін өскен Сырдария аңғарының бозғылт сұр, шалғынды сұр топырақты шөлдік белдемінде орналасқан. Тұрғыны 2,5 мың адам (2023). 1952 ж. мұндағы шағын 4 ұжымшар біріктіріліп, «Сталин» атынд. ұжымшар деп аталды. Қ. осы ұжымшардың, 1957–72 ж. «Октябрь» ұжымшарының, 1972–95 ж. күріш өсірген Жамбыл атынд. кеңшардың орт. болды. 1991 жылға дейін «Октябрь» деп аталды. Кеңшар негізінде 1994 ж. 9 шаруа қожалығы құрылды. 2000 жылдары олар «Қоғалыкөл» ЖШС және 3 шаруа қожалығына бірікті. Қазіргі уақытта әлеум.-экон. салалардан ауылдық окр-те 47 қожалық, 1 мектеп (624 орындық, 86 мұғалім),

«Шаттық» бөбекжай балабақшасы (140 орындық, 6 топта 125 бала), ауылдық клуб (150 орындық), «Тағзым алаңы», дәрігерлік амбулатория, т.б. халыққа қызмет көрсетеді. 124 шағын кәсіпкерлік субъект тіркелген. Дәрігерлік амбулатория ғимараты 2016 ж. типтік жобада салынған. Жалпы ауд. 400 м^2. Ауыл маңында «Алтайбек жері», «Қожық қыстауы», «Майхан түбегі», «Қыштөбе», «Жент», «Жетімасар», «Асанас», т.б. тарихи орындар, сонымен қатар 18 ғ-да салынған «Құлболды ишан» мазары, «Бәлтік» мешіті сақталған.

Т.Дайрабай



Қодаманов Шеген

ҚОДАМАНОВ Шеген Ермұхамедұлы (3.3.1901, Перовск уезі Шиелі болысы Ақмая а. – 23.3.1974, Шиелі ауд. Төңкеріс а.) – қоғам қайраткері. Ташкент т. ж. техникумын (1925), Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қ-ндағы Күншығыс еңбекшілері ун-тін (1929) бітірген. Гурьев (қазіргі Атырау) обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1929–30), Теңіз ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1930–31), Ақтөбе обл. партия к-тінің 1-хатшысы, Қазақстан қант тресінің басқарушысы (1931–32) қызметтерін атқарған. 1938 ж. халық жауы деп ұсталып, 17 жыл түрмеде отырған. 1938 ж. абақтыдан босап, Оңт. Қазақстан обл. (қазіргі Түркістан) Созақ ауд. Тасты кеңшарын, 1959 жылдан Шиелі ауд. «Төңкеріс» ұжымшарын басқарған. Бұрынғы «Төңкеріс» кеңшарын Қ-тың есімі берілген.

ҚОДАМАНОВ – ауыл. Шиелі ауд. Тұран ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Шиелі кентінен шығысқа қарай 14 км жерде, боз жусан, баялыш, көкпек, т.б. шөптесіндер өскен боз-ғылт сұр, шалғынды сұр топырақты шөлдік белдемде орналасқан. Тұрғыны 3,4 мың адам (2023). Ауыл 1997 ж. дейін «Төңкеріс» деп аталған және 1928–96 ж. күріш өсірген Төңкеріс ұжымшарының орт. болған. Соның негізінде 1997 ж. «Қодаманов» ЖШС және шаруа қожалықтары құрылды. Орта мектеп, клуб, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт бар.

О.Айдаров

ҚОДАР Әуезхан Әбдіраманұлы (12.6.1958, Қармақшы ауд. Абыла а. – 9.7.2016, Алматы қ.) – мәдениеттанушы, филос. ғыл. канд. (1999). КСРО Жазушылар одағының мүшесі (1988). ҚазМУ-дың (1982, қазіргі ҚазҰУ) заң ф-тін бітірген. Қармақшы ауд. атқару к-тінің жасөспірімдер жөніндегі комиссиясының хатшысы (1982–85), Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы көркем аударма және әдеби байланыстар



Қодар Әуезхан

жөніндегі ред. бас алқасында орыс бөлімінің меңгерушісі (1989–94), Қазақстан халқы мәдениетін қорғау жөніндегі «Алтын ғасыр» қоғамдық бірлестігінің президенті (1994), неміс театр академиясында философия тарихынан лектор (1997–98), «Тамыр» журналының бас редакторы (1999 жылдан), ҚР БҒМ Шығыстану ин-тының аға ғыл. қызметкері (2001–05), Ресей-Қазақстан қоры «Еуразиялық зерттеулер институты» бас директорының кеңесшісі (2006–07), ҚР Мәдениет және ақпарат мин-нің Мәдени саясат және өнертану ин-тының директоры (2007–08), «Қазқайтажаңғырту» РМК-нің ғыл.қызметкері (2008–10), «Қазрадио» АҚ-нда «Шығыс пен Батыс» радиохабарын жүргізуші (2010–11) қызметтерін атқарған. Қ. «Туған күн», «Ақеділдің анты» пьесаларының (1986), «Қанатты өрнек» (1990), «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» жинағының (1996), «Еске алмау шеңбері» (1998), «Қазақ әдебиетінің тарихына шолу» (1999), «Оралу» (2006) кітабының, «Қанағат қағанаты» жинағының (1994) авторы. Қазақ тіліне Е.Замятиннің «Аттила» драмасын, М.Хайдеттер, Х. Гасеттің филос. еңбектерін, К.Швиттерстің өлеңдерін, сонымен бірге орыс тіліне Абай, Мағжан, Ж.Жақыпбаев, т.б. шығармаларын аударған. Жалпы 2 монографиясы, 10-нан астам кітабы мен жинақтары жарық көрген. Респ. шығарм. «Жігер» фестивалінің лауреаты (1986). Түркі әлемінің халықар. «Алаш» сыйл. иегері (2012). «Парасат» орденімен (2006), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Қодаров Тәждин

ҚОДАРОВ Тәждин Садықұлы (1917, қазіргі Сырдария ауд. Ақжарма а. – 6.2.2006, сонда) – дәрігер. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қызылорда мед. уч-щесін (1945) бітірген. Әкесі Садық Қодарұлы (1860–1937) елге танымал емші болған. Қармақшы ауд-нда жүргізуші (1937–41), дәрігер (1945–85), Тереңөзек ауд. Ақжарма а-ның имамы (1990 жылдан) болған. Түрлі шөптерден дәрі жасап, ауруларды емдеген. 1- дәрежелі, 2- дәрежелі «Данқ», Қызыл жұлдыз ордендерімен, көптеген медальмен, КСРО және Қазақ КСР Денсаулық сақтау мин-нің «Денсаулық саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

Т.Дайрабай

ҚОЖАБАҚЫ – ауыл. Қазалы ауд. Аранды ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Әйтеке би кентінен оңт.-батысқа қарай 45 км жерде орналасқан. Тұрғыны 2,0 мың адам (2023). Ауыл 1921 ж. Қ. артелі болып құрылған. Артельдің негізінде 1947 ж. М.Горький атынд. ұжымшар пайда болып, 1949 ж. Фрунзе және Горький атынд. ұжымшарлар біріктіріліп, орт. Горький болып бекітілген. Сол жылы «Социализм» және «Жантақты» ұжымшарлары негізінде А.Жданов атынд. ұжымшар құрылып, ал 1958 ж. ұжымшарларды ірілендіру саясатына байланысты Горький және Жданов ұжымшарлары біріктіріліп, орт. Жданов а. болып бекітілді. Ол 1977–97 ж. мал бордақылау бірлестігі бөлімшесінің де орт. болды. 1998 ж. тарихи атаулар қайта қалпына келтіріліп, окр. орт. Қ. а. деп аталды. Аранды ауылдық окр-нде 101 кәсіпкерлік субъект тіркелген. 12 шаруа қожалығы, 1 заңды тұлға (ЖШС), 1 өндірістік кооператив, монша, 22 мал ш-на байланысты, 64 әр түрлі бағыттағы мекемелер халыққа қызмет көрсетеді. Аранды а-нда №97 орта мектеп бар.

О.Айдаров

ҚОЖАКЕНТ – ауыл. Жаңақорған ауд-ндағы округ орт. Аудан орт. – Жаңақорған кентінен оңтке қарай 38 км жерде, Сырдарияның сол жағалық аңғарында орналасқан. Тұрғыны 1,5 мың адам (2023). Ауыл 1991 жылға дейін Октябрь, кейін Миялы деп аталған. 1967–96 ж. күріш өсірген 23-партсъезд атынд. кеңшардың орт. болған. Бұрынғы кеңшар негізінде Қ-те 2 АҚ, 4 ЖШС, Қожакент ӨК және 20 шаруа қожалығы құрылды. Жер көл. 13,4 мың га, оның ішінде елді мекенге 3,9 мың га, а. ш. мақсатына 9,4 мың га (жайылымға 5,6 мың га, егістікке 5,4 мың га, шабындыққа 1,3 мың га, көпжылдық ағаштар үшін 11 га, бақшаға 60 га) бөлінген. Қ-те 2 орта мектеп, 90 орындық мемл. «Аялы алақан», 50 орындық «Рахман-Е» жеке меншік балабақша, 10 төсектік аурухана, 220 орындық мәдениет үйі, 16000-нан астам кітап қоры бар кітапхана, 150 орындық мешіт, оптик. талшықты байланыс желісімен қамтылған сандық жүйедегі АТС жұмыс істейді. Ауылда «Тәуелсіздік»,

«Бәйтерек», «Рәміз» «Биг-Бен», «Эйфель», т.б. ауыл ажарын айшықтайтын мұнаралар бой көтерген. Қазір «Даму-К», «Сәдір Ата БС», «Бірлік Дос» және «Миялы» кооперативтеріне 40 шаруа қожалығы біріктірілген. Елді мекен аумағында «Имаш» көлі, «Молдақорған» қорғаны, «Алғыр-салғыр» бекінісі, «Тарауыз» тоғаны, «Беларық», «Шолақарық» секілді тарихи орындар бар.

О.Айдаров

ҚОЖАҚАЗҒАН – бекініс. Сырдария ауд. Жаңадария арнасының жоғ. ағысының оң жақ жағалауында орналасқан. Бекіністің шаршы жоспарлы цитаделі бар, ол айнала төртбұрышты дуалмен қоршалған. Цитаделдің көл. 120х120 м. Құлаған қабырғасының сақталған биікт. 4 м. Әбден езілген қабырғадан 8 мұнараның ізі байқалады. Қабырға айналасынан ені 8–9 м, тереңд. тақыр деңгейінен 1 м ор қазылған. Цитаделдің шығыс қабырғасына жақын бөлігінде төбе түрінде сақталған басты ғимарат орны байқалады. Бекіністен оңт-ке қарай, Жаңадарияның арнасына дейін ұз. 100 м болатын елді мекен жатыр. Бұл жерде үйлердің орны, керамика сынықтары, қыш шлактар кездеседі. Арна жағалауында күйдірілген кірпіштен салынған мазар іргетасы сақталған. Қ-1 қалашығының архит. құрылысы, сондай-ақ қала үстінен табылған материалдар олардың төм. ағысында орналасқан Сырлытам мен Заңғар қ-ларына ұқсастықты байқатады. Сонымен қатар 1961 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. Қ–1 елді мекен маңынан Қ–2 және Қ–3 анықтап, барлау жұмыстарын жүргізді. Олар Солт. Іңкәрдарияның шығыс бөлігіндегі ирригац. жүйенің ірі магистралды каналдары бойында орналасқан. Бұл каналдардың бірінен үлкен жер суландыру бассейн жүйесі мен шығыр шұңқыры анықталды. Қ–2 елді мекені нашар, Қ–3 жақсы сақталған. Каналдың шығыс жағалауынан 40 м қашықтықта төртбұрышты, солт-тен оңт-ке қарай созылған, көл. 60х60 м-лік жартылай шеңберлі сыртқы дуал қоршап жатыр. Яғни бекіністі жүйесі бар елді мекен, шамамен 200 м-ге барады. Цитадель қабырғасы үйіндісінің биікт. 1,5 м, қалыңд. 8–9 м. Цитадельдің орт. алаңы қалың сексеуіл басқандықтан жоспары дұрыс байқалмайды. Ал сыртқы дуал үйіндісінің биікт. 0,75–1 м, ені 5 м. Қалашықта, әсіресе, цитадель маңы мен оңт. бөлігінде керамика көп кездеседі. Демек, онда үлкен қоныс болған.

Ә.Тәжекеев

ҚОЖАМБЕРДІ – батыр, 16 ғ-да Қазақ хандығының дамуына үлес қосқан тұлғалардың бірі. Қ. – өмілдірік-құйысқансыз ат мінуі себепті «құйысқансыз» атанған батыр. 16 ғ-дың аяғында құтты



Қожамберді батыр ескерткіші

қонысы Көккесенеде қайтыс болған. Сүйегі Сырдарияның арғы бетінде Қызылқұмның етегінде қасиетті мекен Қорасан атаға қойылған. Бұрынғы Коммунизм а. (Жаңақорған ауд.) қазір Қ. батыр есімімен аталады.

О.Айдаров

ҚОЖАМБЕРДІ – ауыл. Жаңақорған ауд-ндағы Қожамберді ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Жаңақорған кентінен солт.-батысқа қарай 25 км жерде орналасқан. Тұрғыны 0,8 мың адам (2023). Ең жақын т. ж. ст. – Төменарық а. Іргесі 1928 ж. «Қандыарал» ұжымшары болып құрылып, 1949 ж. Елтай мен Қандыарал ұжымшарлары қосылып, «Коммунизм» деп аталған. 1993 жылдан ауыл сол өңірден шыққан Қожамберді батырдың есімімен аталады. 2004 ж. 13 желтоқсанда Төменарық ауылдық окр-нен бөлініп, Қожамберді ауылдық окр. болып құрылған. Ауылдық окр.

төңірегінде Баршынкент, Көккесене тарихи орындары бар. Бұрынғы кеңшар негізінде Қ-де шаруа қожалықтары пайда болды. 2019 ж. 200 орындық жаңа типтегі орта мектеп, 2020 ж. фельдшерлік амбулатория ғимараты салынды.

О.Айдаров



Қожамберлиев Баймырза

ҚОЖАМБЕРЛИЕВ Баймырза (20.3.1955 ж. т., Қазалы ауд. Майдакөл а.) – филос. ғыл. докт. (2005), проф. (2006). ҚазМУ-дың (1980, қазіргі ҚазҰУ) филос.-экон. ф-тін бітірген. Қарағанды мемл. ун-тінің (қазіргі Қарағанды ун-ті) оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, кәсіподақ к-тінің төрағасы (1980–97), Қызылорда мемл. ун-тінің (қазіргі Қызылорда ун-ті) доценті, кафедра меңгерушісі, кәсіподақ к-тінің төрағасы (1998–2011), Қызылорда обл. пед. қызметкерлерінің білімін жетілдіру ин-тының кафедра меңгерушісі (2011–20) қызметтерін атқарған. 2020 жылдан Қызылорда ун-тінде проф. негізгі ғыл. еңбектері әлеум. философия, мәдениеттану және саясатану ғылымы мәселелеріне арналған. «Человеческое. Общественное. Духовные» (Караганда, 1991), «Саяси сана» (Қарағанды, 1993), «Мәдениет әлемі» (Алматы, 2003), «Саяси сана философиясы» (Қызылорда, 2007), «Болмыс философиясы» (Қызылорда, 2010), «Үлкен саясат: тұлғалар мен тағдырлар» (Қызылорда, 2018), т.б. еңбектері жарық көрген. Қызылорда обл. әкімі стипендиясының иегері (2006). Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2009). «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған (2008).

Қ.Омаров

ҚОЖАНАЗАР ИШАН (1854, Қазалы уезі Арықбалық елді мекені – ө.ж.б.) – діни қайраткер. Ауыл молдасынан діни сауатын ашқан. Оқуға зеректігін, діни имандылыққа ықыласын аңғарған әкесі 16 жастағы бозбаланы Көкілташ медресесінде оқытқан. Онда шариғат талаптарына сай білім мен тәрбие алып, ишан дәрежесімен туған еліне оралған. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Қ. и. қажылық сапармен Меккеге үш мәрте барған.

О.Айдаров

ҚОЖАНАЗАР ИШАН МЕШІТІ – сәулет өнері ескерткіші (19 ғ.). Қазалы ауд. Әйтеке би кентінде орналасқан. Өзіндік ерекшеліктері басым сәулет үлгісімен салынған мешіттің құрылысы 1898 ж. басталып, 1902 ж. пайдалануға берілген. Өлш. 22х13 м, шатырының биікт. 9 м, мұнарасының биікт. 19 м. Ғимарат жоспарында тікбұрышты, бір қабатты, көлденең осі оңт.-батыстан солт.-шығысқа қарай созылған, шатыры астында бөлмелері бар. Ғимарат екі көлденең қабырғамен үш бөлікке – кіреберіс және екі намаз оқитын залға бөлінген. Мешіттің қасбеті кірпіштің айшықты қа-



Қожаназар ишан мешіті

ландыларымен әсемделген, шығыңқы іргесі және күрделі-профилді ернеуімен ерекшеленеді. Бұрыштары мен бүйірлік қабырғаларына рустовты жауырыншалар қолданылған. Кіреберіс бөлігі жарты шеңберлі пилястрлермен көмкеріліп, ал терезе ойықтарының жоғ. бөліктері сандриктермен айшықталған. Шатырының үшкір маңдайшалары әсем безендірілген. Мешіт сыртқы әсемдігімен көз тартады әрі Қызылорда обл. тарихының отаршылдық кезеңіне тән сәулет өнерінің жарқын бейнесі іспеттес.

Ә.Тәжекеев

ҚОЖАНИЯЗ, Қатынқала – бекініс орны (19 ғ.). Қызылорда қ-нан 115 км жерде-

гі ортағасырлық Жент қ-ның солт.-батысында, Майлыөзек өз. жағасында орналасқан. Оны 1961 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетекш. С.П. Толстов) зерттеген. Қазіргі орны 6 га жерді алып жатыр. Орт. бөлігіндегі биікт. 4 м төбешік іргелі құрылыс орны болды. Қ-дын сыртқы қабырғалары дөңгеленте салынып, шеті Майлыөзек арнасына тіреледі. Көне дуалының қалың. 2 м, биікт. 8 м шамасында болған. Бекініс айналасында терең ор қазылған. Бекініс кейбір деректер бойынша, 1830 ж. Аққыр тауы маңындағы және Жаңадария мен Қуандария өз. бойындағы елді басқару үшін салынған. Оны Хиуа бегі Қожанияз басқарып тұрғандықтан, бекініс те соның атымен аталса керек. 1840 ж. бекініс қоқандықтардың қол астына уақытша қараған. 1847 ж. Жанқожа Нұрмұхамедұлы өз жасағымен Қ. бекінісін талқандаған.

Т.Дайрабай

ҚОЖАН ҚОЖА Мәдіқожаұлы (шамамен 1595–1676) – діни қайраткер, емші. Аңыз-әңгімелер бойынша Бағдат, Бұхара шаһарларында діни білім алған. Діни білімімен қатар оның көріпкелдігі мен әулиелігі Сыр елі мен Өзбекстан жеріне кең таралған. Қ. қ. Сыр елі халқына мұсылмандық жолды насихаттаған. Оған Арқа өңірі мен Шымкент, Түркістан, Бұхара, Тамды, Сыр бойынан келіп, көптеген адам емделген. Ол мешіт, медресе салып қана қоймай, ауылдарға өзінің шәкірттерін жіберіп, жас балалардың діни білім-тәрбие алуына жағдай жасаған. Қ. қ. ұрпағы (Алтайбек ахун, Құлболды ишан, т.б.), оның шәкірттерінің есімдері, олар жасаған кереметтер ел аузындағы әңгімелерде, Сыр сүлейлерінің жырларында кеңінен айтылады. Ұрпағы 17 ғ-дың аяғында қабірінің басына кесене тұрғызған. Қ. қ. кесенесі Сырдария ауд. Айдарлы а-нан 10 км жерде орналасқан.

Т.Дайрабай

ҚОЖАН ҚОЖА КЕСЕНЕСІ – сәулет өнері ескерткіші. Сырдария ауд. Айдарлы а-нан солт-ке қарай 15 км жерде орналасқан. Қожан қожа (руы қожа қорасан) – әйгілі Қорасан атаның ұрпағы. Аңыз-әңгімелер бойынша, кесенені қарақалпақтар, әулиенің шешесі жағынан туыстары салған. Кесене шаршы пішінді кірпіштерден (24х25х5 м) тұрғызылған, жоспарындағы өлш. 6,20х7,75 м, биікт. – 5,40 м. Кесене – айван-күмбез. Кіреберіс екі қабырға түріндегі айван іспетті, үсті сырықты-кірпішті жабындымен жабылған. Айван жоспарында шаршы пішінді болып келген негізгі аумақтың қабырғасына оңт.-батыстан жалғасқан. Кесененің негізгі аумағы күмбез асты барабанында тұрған күмбезбен көмкерілген. Барабан жоспарында бұрыштары дөңгеленіп шаршы тәрізді болып келген. Оның жоғ. қиығы күмбезді кеңдеу болып келіп, салдарынан кертпешті сұлба құралған. Күмбезі пирамида іспетті, төм. бөлігі бір-бірінен алшақ, шығыңқы кірпіштері қатарынан тұр. Ескерткіштің жалпы жай-күйі қанағаттанарлық. Қожан қожа ұрпағы қорымды сым қорамен қоршатып, кесенеге апарар жалғыз аяқ жол төсеткен. Кесененің алдына ағаш бөренелер ұстап тұрған темір қаңылтырлы шатыр тұрғызған. Кесене сәулеті жағынан 19 ғ-да Сырдарияның төм. ағысында кеңінен таралған көркемдік нұсқаны байқатады.



Қожан қожа кесенесі

Ә.Тәжекеев

ҚОЖАНОВ Сұлтанбек Қожанұлы (10.9.1894, Оңт. Қазақстан обл. (қазіргі Түркістан) Созақ ауд. Ақсүмбе а. – 10.2.1938, Мәскеу қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист. Түркістандағы 4 сыныптық орыс-түземдік бастауыш мектебін (1910), 3 сыныптық қала мектебін (1913), Ташкент қ-ндағы мұғалімдер семинариясын, Мәскеудегі БК(б)П ОК марксизм-ленинизм курсын (1927) бітірген. Саяси қызметін Ташкент қ-нда семинария оқушыларынан құралған «Кеңес» астыртын жастар ұйымын құрудан бастаған. 1917 ж. көктемде Ташкентте Мұстафа Шоқай, Қ.Қожықов, Қ.Болғанбаев, С.Ақаевпен бірге «Бірлік туы» газетін шығарды. Өлкеде кеңестік билік тұсында орын алған ашаршылыққа қарсы күресте белсенділік танытты. Аштықпен күрескен орт. комиссияның мүшесі ретінде 1918 ж. қарашадан бастап Түркістан, Созақ, Жаңақорған, Қызылқұм, Шиелі өңірлерінде ашыққан адамдарды тамақтандыратын арнайы орындар



Қожанов Сұлтанбек

ашуды ұйымдастырды. Сырдария уездік рев. к-т төрағасының орынбасары, Түркістан уездік-қалалық атқару к-тінің, Сырдария обл. рев. к-ттің төрағасы (1919–20), Түркістан респ. Ішкі істер халық комиссары (1920), Халық ағарту халық комиссары (1921) қызметтерін атқарды. Оқу-ағарту саласында білім беруді жергілікті халық тілінде жүргізу мәселесін көтеріп, оны жүзеге асыруды талап етті. Мәскеу, Петроград қ-ларындағы жоғары оқу орындарында білім алып жүрген түркістандық жастарға материалдық көмек көрсетуде бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. Түркістанда баспасөздің және ұлттық театрдың өркендеуіне елеулі үлес қосты. «Ақ жол» газетін шығаруды ұйымдастырып, оның алғашқы редакторы болды. 1922 ж. Түркістан респ. Жер шаруашылығы халық комиссары болып тағайындалысымен, а. ш-ның ахуалына ерекше көңіл бөліп, өлкедегі жер-су реформасына ұлттық сипат беру бағытын ұстанды. 1922–24 ж. Түркістан КП орт. к-тінің хатшысы, атқару к-ті төрағасының орынбасары, РК(б)П ОК Орта Азия бюросының мүшесі болды. Қ. Орта Азиядағы ұлттық-аумақтық межелеу кезінде (1924) мемл. қайраткер ретінде айрықша танылды. 1924 ж. қарашада РК(б)П Қазақ обл. к-тінің (1925 жылдың ақпанынан Қазақ өлкелік к-ті) 2-хатшысы қызметіне жіберілді. Қ-тың тікелей ұсынысымен кеңестердің 1-съезі қазақ халқының тарихи атауын (патшалық Ресей тұсынан бұрмаланып қалыптасқан «киргиз» атауы – «қазақ» төл атауына түзетілді) қайтарып, астаналық қала атауы Қызылорда болып өзгерді. 1925 ж. қарашада БК(б)П орт. к-тіне шақыртылып, ұлт республикалары бойынша жауапты нұсқаушы лауазымымен Кавказға, 1928 ж. Ташкентке Орта Азия бюросына қызметке жіберілді. Мұнда ол үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, хатшы болды. Бүкілодақтық А. ш. ҒА-ның (ВАСХНИЛ) Ташкент бөлімшесін ұйымдастырды. 1929 ж. Орта Азия мақта-ирригац. политех. ин-тын (САХИПИ) құрып, алғашқы директоры болды, сонымен қатар 1929–31 ж. Орта Азия мақта к-тінің директоры қызметін атқарды. 1931–32 ж. БК(б)П ОК аппаратында істеді. Қ. негізгі міндеттерін қоғамдық, ғыл.-шығарм. жұмыстармен ұштастырып отырды. Мектепке арналған «Есептану құралы» оқулығы (1924), «Түркістан кеңестік он жылдығына» атты орыс тіліндегі зерттеуі (1928) жеке кітап болып шыққан. РК(б)П ОК ұлт қызметкерлерімен өткізілген 4-кеңесте (1923), сонымен қатар РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т.Рысқұловтың басқаруымен өткен жеке кеңесте (1926), И.В. Сталинге 1927 ж. жазылған екі хатында Қ-тың саяси көзқарасы мейлінше айқын байқалды. Ол 1937 ж. 16 шілдеде Ташкентте тұтқындалып, саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. 1957 ж. ақталды. Алматы, Шымкент, Қызылорда қ-ларындағы көшелерге Қ-тың есімі беріліп, Түркістан қ-нда ескерткіш орнатылған.

Б.Орынбекұлы

ҚОЖАНТАЕВА Жеңіс Жүнісбекқызы (27.4.1943, Шиелі кенті – 11.2.2022, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1994), проф. (1996). Қызылорда қ-ндағы қыздар

пед. уч-щесін (1960, қазіргі пед. жоғары колледжі), Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тын (1965, қазіргі Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-ті) бітірген. Сонда оқытушы



Қожантаева Жеңіс

(1965–72), аға оқытушы, доцент (1972–84, 1989–96), ботаника кафедрасының меңгерушісі (1984–89), жаратылыстану ф-тінің деканы (1996–2000), биология кафедрасының проф. (2000–21) қызметтерін атқарған. Ғыл. еңбектері паразитті саңырауқұлақтардың биолог. ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Қ. 7–9 сыныптарға арналған «Биология» оқулығы авторларының бірі (2003–05). 150-ден астам ғыл. еңбегі, оның ішінде 2 монография, 2 оқулық, 2 оқу құралы жарық көрген.

А.Дүйсенбаева

ҚОЖБАН БАТЫР Жұбанұлы (1873–1931) – батыр, Қарақұм көтерілісі басшыларының бірі. Атақты Шұңғыр батырдың ұрпағы. Қармақшы ауд-нда өмір сүрген. Кеңестік жүйеге қарсы күрескен. 1930 ж. шілдеде жиналған халықтың келісімімен Қ. б. хан сайланып, оған ауыл ақсақалдары бірқатар міндеттер жүктеген. Біріншіден, Ә.Жанкелдин басқарған мемл. комиссияға тапсырылған 11 пункттен тұрған молда, батыр Жұмағазы хан Бәйімбетұлының талаптарын жүзеге асыру. Екіншіден, Қарақұм жеріне келген қызыл әскерге қарсы тұрып, жеңіске жеткенше күресу. Қ. б. елден аң аулайтын мылтық жинап, мергендерін солармен қаруландырып, сарбаздарының санын 2 мыңға жеткізген. Кеңес әскерімен Қарақұмда бірнеше ұрыс болып, Қ. б-дың сарбаздарымен болған шешуші шайқас 1930 ж. 8 желтоқсанда Көжебай сайында орын алған. Көтерілісшілер бұл шайқаста жеңіліс тапқан.

Б.Ахметбек

ҚОЖЕКЕ Мырзабайұлы (1811, қазіргі Қазалы ауд. – 1895, сонда) – ұлт- азаттық жолында күрескен батыр. 19 ғ-дың ортасында Қ. бастаған ауылдар Жаңадария мен Қуаңдарияның орта және төм. ағысындағы Ақарал мен Сарыөзек мекендеріне қоныстанған. Сол аумаққа сұғынған хиуалықтар және қоқандықтармен сан мәрте шайқасып, Кенесары, Жанқожа мен Садық Кенесарыұлының Ресей отарлаушыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілістеріне де белсене қатысқан. 1832 ж. Қызылқұм етегіндегі Бестөбе деген жерде хиуалықтардың жасағына тап болған Қ. осы ұрыста қылышымен оннан астам жау сарбазын жер жастандырып, көзсіз ерліктің тамаша үлгісін көрсеткен. Халықтың ар-намысына тиіп, шексіз озбырлық жасаған Бесқаладағы Хиуа найыбы Бабажанды 1842 ж. күзде қазыққа отырғызғандардың бірі. Сондай-ақ хиуалық Қожанияз құшбегінің Қызылқұм ішіндегі елден салық жинауға шыққан озбыр жасауылдарын тұтқындап, халықтың алдында қатаң жазалаған. 1847 ж. тамызда Хиуа ханы Аллақұлдың 6 мыңнан астам әскерін қазақ қосындары тас-талқан етіп, 21 тамызда олардың бекінісі Жаңақаланы басып алған. Шайқастар барысында Қ. ерекше көзге түскен. 1852 ж. желтоқсанда Хиуа бегі Қожанияз Кіші жүздің Шөмекей руының ықпалды қазақтарына (Қ.Шахмырза, Нам, Желекей батырлар, т.б.) «Хиуа иелігіне көшіңдер» деген сипатта хат жазған. 1853 ж. наурызда Қоқанға қараған Түркістан қ-ның әкімі Ташмұхамед датқа Кіші жүздің Кете, Шөмекей руларының Қ., Күрек, Жаман, Пшан, Ораз, Бостан, Шахмырза, Мекей, Аққөбе, Жанай батыр, т.б. құрметті кісілері мен игі жақсыларына Нақып ишан мен Қозыбағар биді келіссөзге жіберген. 1858–59 ж. Қызылқұм мен Қарақұм аралығын қоныстанған шөмекейлерге қарсы қоқандықтардың шабуылы үдеп кеткен. Осы кезеңде Қ. қоқандықтардың шабуылына тойтарыс ұйымдастырушылар қатарында болған. Қ-ның ерлігі, қарапайым халықтың

қорғаны болғаны жөнінде деректер айтылған тарихта қалғаны, сондай-ақ Тұрмағамбет, Ш.Бектасұлы, т.б. Сыр сүлейлерінің шығармаларында суреттелген. Қ. бейітінің Қазалы ауд. қазіргі Ақсуат а-ның маңайында орналасқаны 1911 жылғы Қазалы уезінің картасында нақты көрсетілген.

Қ.Омаров



Қожықов Қожахмет

ҚОЖЫҚОВ Қожахмет Қоңырқожаұлы (1910, қазіргі Қызылорда қ. – 10.9.1953, Алматы қ.) – қазақ ұлттық бейнелеу өнерінің негізін салған тұңғыш кәсіби суретшілердің бірі, кескіндемеші, карикатурашы, график. 1926–28 ж. Мәскеудегі мемл. жоғары көркем-өнер тех. шеберханасында оқыған. Оның 20 ғ-дың 30-жылдары салынған «Егін орағы», «Газет оқу» атты ұжымшар тыныс-тіршілігін көрсететін туындылары, «Алқызыл моншақты келіншек», «Ақын толғанысы» (Жамбыл бейнесі) атты картиналары ұлттық бейнелеу өнерінің алғашқы қарлығаштары саналады. Қ. Қазақ мемл. драма және опера театрлары спектакльдерінің алғашқы суретші-безендірушісі болды. 1938 ж. құғынға ұшырап, ұзақ жылдар лагерь азабын тартты. Айдаудан оралған соң шығарм. және ұстаздық жұмыстармен айналысты. 1944–53 ж. «Қазақфильм» киностудиясының декораторы болды. Заманауи өзекті тақырыптарды қамтыған жүзден астам сатиралық линогравюра жазды. Нәзік сыршылдыққа тұнған «Жайлауда» (1948), «Кешқұрым» (1949), «Қызыл көш» (1950), «Шабындық» (1950), «Асы жайлауына барарда» (1952), «Құлынды бие» (1952) атты акварельмен орындалған туындыларды өмірге әкелді. «Мың бір түн», т.б. кітаптарды көркемдеді. Қ. туындылары Ә.Қастеев атынд. өнер мұражайында, ҚР Орт. мұражайында, Қарақалпақстанның бейнелеу өнері мұражайында (Нүкіс), сондай-ақ С.Қожықовтың жеке қорында сақтаулы.

Б.Орынбекұлы

ҚОЖЫҚОВ Қоңырқожа (1880, Перовск уезі – 1938, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, ағартушы. Қазақ-орыс мектебін, Ташкент мұғалімдер семинариясын (1900) бітірген. Сырдария губ-нда мектеп инспекторы, қазақ-орыс уч- щесінің меңгерушісі, Түркістан, Перовск, Әндіжан қ-ларындағы мектептерде оқытушы болған. 1912 ж. Орынборда Қ. жазған «Әліппе» оқулығы және Шәді Жәңгіруұлы мен Қалиасқар Қасымовпен бірігіп шығарылған «Русие патшалығында Романов нәсілінен хукимранлик қылған патшалардың тарихлары» («Историческая



Қожықов Қоңырқожа

поэма цар- ствования Дома Романовых на киргизском языке») атты дастаны жарық көрді. 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін Ферғана өңіріндегі қазақтардың мүддесін қорғаған «Көшпенді» атты ұйым құрып, соған жетекшілік етті. 1917 ж. тамызда өткен Түркістан өлкесі қазақтарының съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Осы автономияның Уақытша кеңесінің мүшесі болып сайланды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін М.Шоқай секілді қайраткерлермен астыртын байланыста болды. 1922 ж. Әулиеатада (қазіргі Тараз қ.) уездік жер басқармасында істеді. Жетісу өңіріне жиі экспед-ға шығып, көне қорғандар мен ескерткіштерді зерттеді. Орхон жазуы, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Келіншектас, Ақтас мазарлары туралы ғыл. еңбектер жариялады.

Араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген ол осы тілдердегі тарихи және әдеби шығармаларды қазақшаға аударды. 1936 ж. Қазақ КСР-інің мемл. көпшілік кітапханасына (қазіргі ҚР Ұлттық кітапханасы) Сүлеймен Бақырғанидің «Хикмет Хазірет Сұлтан әл-ғарифин» атты қолжазба кітабын тапсырды. 1935–36 ж. жарық көрген екі томдық «Қазақтың өткендегі тарихы туралы деректер мен материалдар» атты жинақты құрастырушылардың бірі болды. 1938 ж. халық жауы ретінде тұтқындалып, ату жазасына кесілді. 1957 ж. 23 желтоқсанда ақталды.

А.Әбілдаева



Қожықова Ләтипа

ҚОЖЫҚОВА Ләтипа Мұңайтпасқызы (1892, қазіргі Қармақшы ауд. – 1.4.1960, Алматы қ.) – сән және қолданбалы өнер шебері, КСРО, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1957). Ауыл мектебінде оқыған. Қоңыркөжа Қожықовқа тұрмысқа шыққан. Түркістан Республикасы ОАК Ташкентте ашқан Қазақ пед.уч-щесіндегі көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысқан. Үйірме мүшелерінің күшімен «Шығыс кештері» ойынсауық бағдарламасы бойынша әзірленген «Біржан – Сара» спектаклінде (реж. Д.Әділов) Саранның анасының рөлін ойнаған (1921). Қазақ драма театрында (1925–36), Абай атынд. Опера және балет театрында (1936–58) қызмет етті. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігіне қатысқан (1936). 1937–38 ж. ері Қоңыркөжа, үлкен ұлы Қожахмет және жақын туыстары саяси қуғынға ұшырағанда мойымай, шығарм. Өнерін дамыта түсті. 2-дүниежүз. соғыс жылдары Ф.Рузвельтке сыйға тартылған мемл. тапсырыспен Қ. тіккен қазақтың ұлттық киімдері қазір АҚШ-тағы Рузвельт музейінде, сондай-ақ ежелгі қазақ қолөнері дәстүрінде тоқылған сәндік бұйымдары мен ұлттық киім үлгілері Алматыдағы Ә.Қастеев атынд. өнер музейі мен обл. музей қорларында сақтаулы.

Б.Орынбекұлы

ҚОЙЛАҚЫ АТА ЕСКЕРТКІШІ (13 ғ.). Қойлақы ата 12–13 ғ-ларда өмір сүрген. Ескерткіш Қожакент елді мекенінен 11 км жерде орналасқан. Қызыл граниттен жасалып, жоғары жағы өрнектеліп, арабша жазулар жазылған. Алты қырлы, қалың. 55 см, биікт. 2 м.

ҚОҚЫБАЙ СЕЙІС, Байтаңатұлы Қоқыбай (т.-ө.ж.б., Жалағаш ауд., «Таң» кеңшары) – атбегі, сейіскерлік өнерді жалғастырып, дамытушы. 25 жылдай болыс болған. Қалдан батырдың 1914 ж. Қарақұмға кіреберістегі жазық нұралықта болған асында Ақмешіт, Қазалы уездеріндегі елдерден келіп, аламан бәйгеге қосылған 100 аттан Қ. жаратқан Бедердің Қарагері мен өзінің Көкала аты озып келіп, бас бәйгені жеңіп алған. Бүкіл Сыр бойына ерен жүйріктігімен даңқы шыққан Қоқыбайдың 1913 ж. Ташкент маңында өткен Романовтар әулетінің 300 жылдығына арналған тойда Жетімқасқасы бас бәйгені жеңіп алған.



Қойлақы ата ескерткіші

ҚОҢҚАБАЕВ Қамшыбек (18.11.1991 ж. т., Қызылорда қ.) – кәсіпқой боксшы, Қазақстанның еңбек сің. спорт шебері. Бокстан Қазақстан ұлттық құрама командасының капитаны, әлем чемпионатының күміс жүлдегері. 2020 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, әлем чемпионатының екі дүркін (2017, 2019), Азия чемпионатының үш дүркін (2017, 2019, 2021), Дүниежүз. әскери ойындарының күміс жүлдегері (2015). Әскери қызметшілер арасындағы әлем чемпионы (2014), Болгарияда өткен халықар. турнирдің жеңімпазы (2015), ҚР Спартакиадасының чемпионы (2015), әуесқойларда ұлттық біріншіліктің чемпионы және жүлдегері. Кәсіби бокстан WBO Asia Pacific (2021 жылдан) бойынша 1-ауыр салмақта Азия-Тынық мұхиты аймағының қазіргі чемпионы. Азия ойындарының күміс жүлдегері (2023). 1-ауыр салмақ дәрежесінде өнер көрсетеді. «Құрмет» орденімен (2021), медальдармен марапатталған



Қоңқабаев Қамшыбек

О.Айдаров

ҚОҢЫРАТБАЕВ Әлібек Қоңыратбайұлы (7.10.1907, Ақмешіт уезі Шиелі болысы 7-а. – 2.12.1937, Алматы қ.) – жазушы, аудармашы, сыншы. Ташкенттегі Халық ағарту ин-тының екі курсын (1922), ҚазПИ-ды (1932, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Мектеп мұғалімі, халық ағарту комиссариатының қызметкері (1923–28), Қазақстан Жазушылар одағының жауапты хатшысы, төралқа мүшесі (1931–33), «Әдебиет майданы», «Қазақ әдебиеті» газет-журналдарында әдеби қызметкер, «Қазақстан» мемл. баспасында бөлім меңгерушісі (1934–37) қызметтерін атқарған. М.Жолдыбаев, М.Әуезовпен бірге «19 ғасыр мен 20 ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің оқу кітабы» (1933), «19 ғасыр мен 20 ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің хрестоматиясы» (1934); М.Жолдыбаев, М.Қаратаевпен бірге «Әдебиет хрестоматиясы» (1934), А.Әлібаевпен бірге «Хрестоматия» (3-сынып) атты оқулықтар мен оқу құралдарын жазған. Мольердің «Сараң» комедиясын, Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романын, Чеховтың «Ванька», «Хамелеон», т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударған. Саяси қуғын-сүргін құрбаны, 1937 ж. 17 наурызда тұтқындалып, сол жылдың 2 желтоқсанында НКВД-ның тергеу камерасында атылған. 1956 ж. толық ақталған.



Қоңыратбаев Әлібек

Т.Қоңыратбай

ҚОҢЫРАТБАЕВ Әуелбек Қоңыратбайұлы (10.9.1905, Ақмешіт уезі Шиелі болысы Керделі а. – 27.1.1986, Қызылорда қ.) – түркітанушы, филол. ғыл. докт. (1972), проф. (1974). Ташкент халық ағарту институтын (1925), Бүкілодақтық журналистика ин-тын (1935), ҚазПИ-ды (1943, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Мектеп, техникум оқытушысы (1925–28), ауд., обл., респ. газет-журнал редакцияларында, Қазақ өлкелік партия к-тінде қызметкер (1928–32), Қазақстан ҒА Тіл және әдебиет ин-тында ғыл.қызметкер (1945–49), ұзақ жылдар ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ), ҚазПИ-да (қазіргі ҚазҰПУ), Қызылорда пед.ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. «Қазақ совет әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» (1950), «Шолпанның ақындығы» (1956), «Қазақтың «Қозы Көрпеш» жыры туралы» (1959), «Жеті алып»



Қоңыратбаев Әуелбек

(1959), «Сұр көжек» (1963), «Әдебиетті оқыту методикасы» (1966), «Эпос және оның айтушылары» (1975), «Шеберлік сырлары» (1979), «Қазақ эпосы және түркология» (1987), «Керуен» (1989), «Қазақ фольклорының тарихы» (1991), «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1994), «Абайдың романтизмі» (1994) атты қазақ фольклоры мен көне түркі поэзиясы туралы моногр. зерттеу еңбектері, қазақ әдебиетін оқыту мәселелеріне арналған бірқатар әдістемелік оқулықтары, «Қорқыт ата кітабы» (1986), «Тотынама» (1991) аударма кітаптары жарық көрді. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Т.Қоңыратбай



Қоңыратбаев Қалжан

ҚОҢЫРАТБАЕВ Қалжан Қоңыратбайұлы (1877, Ақмешіт уезі Шиелі болысы Керделі а. – 23.7.1940, Ресей, Хабаровск өлкесі Советская Гавань, 22-Амурлаг) – қоғам қайраткері, ағартушы, фольклортанушы, публицист, заңгер, 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ әдебиеті мен мәдениетін зерттеушілердің бірі. Жасында ескіше хат танып, Түркістан маңындағы Қарнақ медресесін, түземдік орыс мектебін бітірген. 1914–15 ж. Керделі жерінен мектеп ашып, оқулық бастырып, ауыл балаларын оқытқан. 1920 жылдары Ә.Диваевпен бірге Сырдария, Жетісу өлкелеріне фольклорлық экспедициялар ұйымдастырған. Шиелі болыстық кеңесінің екі дүркін депутаты, халық ағарту комиссариаты мектеп бөлімінің меңгерушісі. болған. 1923–24 ж. Ақмешіт уездік 11 – 12-сьездерінің делегаты, ағарту к-тінің төралқа мүшесі, 1924 ж. Түркістан ОАК-нің 12-сьезіне Сырдария губ-нан делегат, 1925 ж. кеңестердің 5-сьезінде Қазақ ОАК мүшесі болып сайланған. 1924–26 ж. Ақмешіт уезі 3-бөлімшесінің халық соты болған. Қазан төңкерісіне дейін «Қазақ», «Айқап» басылымдарының Сырдария губ-ндағы арнаулы тілшісі ретінде Шиелі өңірінің тарихы, Тұрғанбай датқа ұрпағы, т.б. туралы оқу-ағарту рухындағы мақалаларын жариялаған. Мәскеуде шығатын «Иль», «Уақыт», «Тәржіман» газеттерін Сыр еліне алдырып тұрған. Т.Абаев, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатов, С.Қожанов, Ш.Құдайбердиев, М.Шоқай, т.б. қазақ зиялыларымен тығыз байланыста болып, 1917 ж. Түркістанда өткен Алашорда сьезінде қазақ жерін Ресейден бөлу қажеттігін жақтап сөз сөйлеген. «Пайғамбар заманы» оқулығын өз қаржысына бастырған, «Ғалия», «Хұсние» медреселерінің түлектерін Шиеліге шақырып, қазақ балаларын оқытқан. 1930 жылдары «Қой туралы», «Түйе тұқымын асылдандыру» атты кітапшалары жарық көрген. Респ., уездік басылым беттерінде әліпби, күріш егісіне байланысты мақалалары жарияланған. 1937 ж. 30 желтоқсанда «алашордашыл» ретінде ұсталған. 1993 ж. толық ақталған.

Т.Қоңыратбай




Қоңыратбай Тынысбек

ҚОҢЫРАТБАЙ Тынысбек Әуелбекұлы (18.9.1955 ж. т., Қызылорда қ.) – фольклортанушы, өнертанушы, этнограф, филол. ғыл. докт. (2002), проф. (2004). Қ. ҚР-ның білім беру ісінің үздігі (2000), халықар. Ш.Айтматов академиясының акад. (2010). Қызылорда пед. ин-тын (1977, қазіргі Қызылорда ун-ті), Қазақ мемл. консерваториясын (1986, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы

(1977–82), «Өнер» баспасының, «Кітап жаршысы» газетінің редакторы (1984–89) қызметтерін атқарған. 1989 жылдан Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-ті) аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1993–97) болып, қазіргі күні проф. қызметін атқарады. Сонымен қатар С.Демирел ун-ті мен Қазақ ұлттық консерваториясының проф. (2004–10), Әдебиет және өнер ин-тының бас ғыл. қызметкері, «Қазақ және әлем әдебиеті», «Музыка әлемінде» журналдарының бас редакторы. Қ. қазақ фольклорын, соның ішінде эпостық жырларын зерттеген. «Қорқыт ата кітабы», «Алпамыс», «Қобыланды» жырларының этн. сипатын стадиялық тұрғыдан саралап, олардың генезисін жаңаша пайымдаған. Сонымен бірге қазақ халқының муз. мәдениетіне де терең бойлап, оның тегі мен табиғаты туралы толғамды пікірлер сабақтаған. Композитор ретінде «Қорқыт ата» симф. поэмасын (1986, 2015), гобой мен фортепианоға арналған «Соната» (1984, 2015), фортепианоға арналған «Дала суреттері» (1986) атты триптих, т.б. пьесалар мен әндер жазды. Қазақ ауыз әдебиеті, әдебиет тарихының мәселелері мен күйшілік, әншілік дәстүрге арналған бірнеше ғыл.-зерт. еңбегі, 500-ден астам ғыл.-теор. және публицист. мақалалары жарияланған. Қ. «Әлемдік өнертану» (2009, 3-т.), «Әлем музыкасының тарихы» (2010), «Қазақ музыкасының тарихы» (2011) атты оқулықтардың, «Ертедегі ескерткіштер» (1996), «Эпос және этнос» (2000), «Қазақ халқының музыкалық мәдениеті мен фольклоры» (2003), «Ел мұрасы» (2004), «Қазақ эпосының этникалық сипаты» (2016), т.б. еңбектердің авторы.

Қ.Омаров

ҚОРАСАН АТА КЕСЕНЕСІ – сәулет өнері ескерткіші (19 ғ-дың соңы). Жаңақорған ауд. Жаңарық а-нан оңт.-батысқа қарай 20 км жерде орналасқан. И.А. Кастаньенің деректері бойынша Қ. а. к. ескі орынға салынған (бұл жерде осы кесененің жанына



Қорасан ата кесенесі

жерленген шебер Әбдуәли Бабажанұлының 1890 ж. басталып, 1898 ж. аяқталған кесенесі туралы айтылып отыр). Құрылысты салу үшін Хорезмнен арнайы шеберлер шақыртылған. 19 ғ-дың аяғында салынған Қ. а. к. тікбұрышты күйдірілген кірпіштерден (7х14х28 см) тұрғызылған. Жоспарындағы аум. 7,88х16,07 м. Тұрқы призмалы болып келген кесененің іші жеке-жеке есіктері бар кіші және үлкен камераларға бөлінген. Камералар күмбез асты барабандарында тұрған жарты шар тәрізді кіші және үлкен күмбездермен жабылған. Кіші камерадағы күмбез асты барабан жоспарында дөңгелек болып келген, ал үлкен камерада сегіз қырлы. Бұл барабандар жоғары қарай тарылған, соған қарамастан олардың диаметрлері күмбездердің негізінен үлкен. Камералардың кірер есіктері бөлек. Кіші камераның кірер есігі оңт.-шығысқа бағытталған және ерекше шығыңқы бетше босағамен белгіленсе, ал оңт.-батысқа бағытталған үлкен камераның кірер есігі кішігірім бөлме түрінде шешімін тапқан. Кіші камераның бетше босағасы өзінше жалғыз: ол қалыптан тыс ұлғайтылып берілген, соған қарамастан ол кесененің шатырына дейін көтерілмейді және күмбезді кең дәлізді еске түсіреді. Бұл кесенені «дахистандық» деп аталатын топпен біріктіреді, олардың терең және төмен бетше босағаларын зерттеушілер көшпелі халықтардың мұсылмандыққа дейінгі дәстүрлерімен байланыстырады. Үлкен камераның (тілеухана) кіреберісіндегі бөлме

ұрыптық іс-әрекеттерге арналған, оның да биіктігі кесененің шатырымен бірдей, бірақ жабындысы жоқ. Кесененің шатыры кірпіш тіреуішті ернеумен көмкерілген, бірақ ол тек кіші камераның үстінде ғана. Кіші камераның әрбір төрт қабырғасында және күмбез шеңберінде үлкен аркалы ойықтар бар. Күмбез шеңберіне өту бұрыштық аркалы тромптардың үстіндегі жасанды қаландымен жайлап іске асырылған. Қаландының бұл бөлігі сырт жағынан күмбез асты барабанымен жасырынған, онда төрт аркалы қуыс бар. Камерада қам кесектерден қаланған сегіз қабір үсті ескерткіштері орналасқан, соның ішінде Қорасан атаның ұлы Хусаин газидікі де бар. Ол ең үлкені және батыс бұрышта орналасқан. Үлкен камерадағы күмбез шеңберіне өту құрылымы өзгеше. Ол камера бұрыштарынан қабырғаларға 45°С бұрыш құрап қаланған кірпіштерден пайда болған парустар. Күмбез шеңберге жайлап өту, осы сегізбұрыштан біршама биіктеу жерден өтеді. Сегізбұрыш сыртынан төрт жағында аркалы тесіктері бар сегіз қырлы барабанмен жасырынған. Камераның іші сыланған. Бұл камера да төрт-төрттен екі қатар болып орналасқан сегіз қабір үсті ескерткіші бар. Құлпытас орналасқан. Солардың ішінде Қорасан атанікі де (кіреберістен оң жақ қатардағы үшінші) бар, тілеухананың осы камераға жалғасып жатуы тегін емес. Жаңа кесене қиратылған кесененің құрылымын (14 ғ.) толық қайталайды. Қорасан ата кесенесінің қасында Меккедегі Қағбаның көшірмесі бар.

Ә.Тәжекеев

ҚОРҒАНШЫ – ортағасырлық қала орны. Қармақшы ауд. Т.Ізтілеуов атынд. а-дан оңт.-батысқа қарай 45 км жерде орналасқан. 19 ғ-дың ортасында А.И. Макшеев, 1905 ж. археолог И.А. Кастанье зерттеген. Қазіргі кезде ескерткіш – ауд. 80х80 м шаршылы төбешік. Сырт жағынан тереңд. 3 м-ге жететін ор қазылған. Жер бетінен жинастырылған қыш ыдыстар (көзе, тостаған, саптыаяқ т.б.) сынықтарына қарап, Қ-ны 10–12 ғ-лардағы бекіністер қатарына жатқызуға болады.

О.Айдаров

ҚОРҚЫТ АТА – түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы. Қ. А. өмірде ізі, артында әдеби-муз. мұрасы қалған тарихи тұлға ретінде белгілі. Алтайдан тараған түгел түркінің киесі, қобыздың иесі, ортақ миф пен фольклордың атасы саналатын Қорқыт ата мұрасы адамзат тарихында айрықша із қалдырған құбылыс ретінде ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енді (2018). Қ. а-ның өмір сүрген кезеңі туралы ғылымда әртүрлі болжамдар қалыптасқан. Алайда зерттеулердің көпшілігі Қ. а. Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде 10 ғ-дың басында дүниеге келген деген тұжырымға саяды. Рашид әд-Дин «Жамиғ ат-Тауарих» атты тарихи шежіресінде Қ. а-ны қайы тайпасынан шыққан десе, Әбілғазының «Түрік шежіресінде» оның тегі баят екендігі, оғыздардың елбегі болып, 95 жасқа келіп қайтыс болғандығы айтылады. Сыр жағасына жақын жерде Қ. а-ның зираты болғанын Ә.Диваев, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде атап өтеді. Ә.Қоңыратбаевтың зерттеулерінде Қ. а. 11 ғ-дың басында дүниеден өткен делінсе, Ә. Марғұланның еңбектерінде ол 7–8 ғ. аралығында өмір сүрді деген пікір айтылады. Қазақ философиясы тарихында Қ. а. – ел бірлігін нығайтқан кемеңгер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін жасаған ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны бар философ-гуманист ретінде көрінеді. Қ. а. жайындағы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Біріншіден – ол оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, абыз. Екіншіден – күйші, қобыз сарынын алғаш туындатушы өнерпаз. Үшіншіден – әйгілі жырау, оның жырлары оғыз-қыпшақ өмірін бейнелеген әдеби-тарихи мұра. Түркі халықтарының фольклорындағы Қ. а. туралы аңыз-әңгімелердің



Қорқыт ата

бірі оның туылуына байланысты. Аңыз бойынша, анасы Қорқытты құрсағында үш жыл бойы көтеріп жүріпті. Қорқыт дүниеге келер алдында әлемді үш күн, үш түн бойы көзге түртсе көргісіз қараңғылық басады. Сұрапыл қара дауыл соғып, ел-жұртты қорқыныш сезімі билеген. Осыған орай баланың атын «Қорқыт» деп қойған дейді. «Қорқыт» сөзінің этимологиясын Ә.Қоңыратбаев «құтты адам, құт әкелетін адам» деп көрсетсе, С.Қасқабасов «өмір сарқылды, адам өлді» деген мағынаны білдіреді деп санайды. Е.Тұрсынов түркі халықтарының фольклорына сүйене отырып, «дада, деде» деген сөздерді «насихат айтушы жырау» деп түсіндіреді. В.Жирмунский Қ. а-ны магиялық аспап – қобыздың иесі, шаман, абыз ретінде қарастырады. Қ. а-ның тарихи тұлға екенін растайтын жазба ескерткіш – «Қорқыт Ата кітабы» («Китаби дәдәм Коркуд»). Онда Қ. а. жырау, ақылгөй, данышпан, көсем, бақсы, күйші ретінде көрінеді. Кітаптың басында Қ. а-ның нақыл сөздері келтіріледі. Ол «өмір барда өлім бар, өзгеру бар, өлмес өмір жоқ, сынбас темір жоқ, бәрі де өледі, өзгереді, ұмыт болады, тек мәңгі-бақи өлмейтін, ұмытылмайтын нәрсе – адамның өмірінде істеген игілікті ісінің нәтижесі» дейді. Қ. а. жөніндегі аңыздарда түркі халықтарының өмір мен өлім мәселесі туралы көзқарастары көрініс тапқан. Аңызда Қ. а. өзінің жүйрік желмаясына мініп, халқы бақытты өмір сүретін жерұйықты іздеуші, ұмыр бойы өлімге қарсы күресуші жан ретінде суреттеледі. Ел-жұртты өзінің жырымен де, күйімен де аузына қаратқан, ұмырының соңында бірлігі ыдырай бастаған жұртының алауыздығына күйінген Қ. а. мәңгілік өмір сырын іздеп дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Бірақ қайда барса да, алдынан көр қазып жатқан адамдарды жолықтырады. «Кімнің көрі?» деген сауалына «Қорқыттың көрі» деген жауап естиді. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген сөз осыдан қалған. Ақыр аяғында жер кіндігін тапсаң, тірі қаласың деген аян естіп, туған жері – Сыр өңіріне оралады. Содан мәңгі өмір тек өнерде деген ойға келіп, қобыз аспабын ойлап шығарады. Тағы бір аңыз бойынша, өзен ортасына кілем жайып, үстінде отырып қобыз тартқанда, күй күшімен суға батпайды екен. Қ. а. қобыз тартқан жылдары өлім болмаған, тек бақытты тіршілік болған дейді. Бірақ Қ. а. шаршап, ұйықтап кеткен сәтінде судан кішкентай қайрақ жылан шығып, оны шағып өлтіріпті дейді. Аңызда ажал ашық келмей, жылан кейпінде келеді. Бұдан халықтың өлімге деген көзқарасын, «ажал айтып келмейді» деген филос. тұжырымның негізін көреміз. Қ. а. туралы аңыздарда кездесетін үлкен филос. мәселе – уақыт пен кеңістік мәселесі. Бұл аңыздарда Қ. а. өлімнен қашып, бүкіл ғарышты аралайды. Жер ортасы Сырдың жағасы, қазіргі Қорқыт моласы тұрған тұс екен. Қазақ аңызындағы Қ. а. бейнесі енді өлімнен қашқан шаман емес, керісінше, өмір үшін күрескен, өлімнен құтылуды қандай бір құдіретті күштен емес, өнерден іздеген, ажалмен айқасқан

алып рухани тұлға болып көрінеді. Тарихи деректер мен ғыл. пайымдауларды түйіндей келе, Қ. а-ны исламды әлі толық қабылдамаған түркі тайпаларының мәдени рәмізі деп қарастыруға болады. Аңыз-әңгімелерде Қ. а. – өзінің желмаясына мініп, халыққа мәңгілік бақыт әкелетін жерұйықты іздеген данагөй ойшыл. Зерттеуші Е.Тұрсыновтың түсіндіруі бойынша, бұл жердегі желмая қобыздың рәміздік бейнесі болып табылады. Өйткені ол мәңгілік өмірді қобыздың сарынынан табады. Ең ақырында қобыз күйімен көз жұмып, артындағы ұрпақтарына өлмес күйлерін қалдырады. Қ. а. жырларының филос. мән-мағынасының алтын діңгегі – әлемді, табиғат заңдарын көркемдік таным тұрғысынан игеру. Оның өмір сүйгіштік дүниетанымы күнделікті күйкі тірліктің шеңберінен шыға білу және адамзат үшін әрбір тіршілік сәтінің құнды екенін ескерту, қайталанбас уақытты қадірлеуге шақыру, сол арқылы өмірді мәңгілік ету идеясы Қорқыт философиясының іргетасын құрайды.

Т.Ғабитов, А.Әбішев

«ҚОРҚЫТ АТА» ӘУЕЖАЙЫНЫҢ ЖАҢА ЖОЛАУШЫЛАР ТЕРМИНАЛЫ – құрылыс нысаны. Б.Өтемұратовтың демеушілігімен салынған әуежай терминалы (аум. 7 500 м^2) Қызылорда обл-ның экон. және инвестиц. жағдайын көтеруге оң әсерін тигізеді.



Қорқыт ата әуежайының жаңа жолаушылар терминалы

Әуежай жолаушыларға жоғары сапалы қызмет көрсету үшін соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен жабдықталды. Жалпы жаңа әуежай терминалы сағатына 250 жолаушыны қабылдауға қауқарлы. Халықар. және жергілікті рейстер жүзеге асырылады. Жобаның құны 15,7 млрд теңге. Терминал 2022 ж. басталды, 2024 ж. тамызда іске қосылады.

ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ («Китаб-и дәдем Коркут ғали лисан таифа оғузан») – қаһармандық эпос үлгісі, оғыз-қыпшақ дәуірінің жазба мұрасы. Ғылымда оның он екі нұсқасы мәлім: Дрезденде (12 нұсқа) және Ватиканда (6 нұсқа) сақталған. 19 ғ-да бұл жазба ескерткішті зерттеп, аудару ісімен акад. В.В. Бартольд айналысып, жеке тармақтарын жариялады. Кейін бұл аударма «Деде Горгуд» (Баку, 1950), «Книга моего деда Коркута» (М.–Л., 1962) деген атпен жарық көрді. Ә.Қоңыратбаевтың аударуымен қазақ тілінде 1986 ж. тұңғыш рет басылды. Әдеби әрі тарихи этн. мұра ретіндегі Қ.



Қорқыт ата кітабы

А. к-нда қазақ эпосына тән көркемдік кестелермен қатар қазақ тарихы мен мәдениетіне қосатын деректер де мол. Сондай-ақ жазбада оғыз тайпаларының этн. тегі, этнографиясы, мекені, әлеум. жағдайы, т.б. мәліметтер көп сақталған. Осы деректерден оғыздардың бірде Сыр бойындағы қыпшақтармен, бірде Кавказ шегіндегі гәуірлермен жауласқаны көрінеді. Жырдағы ерлік сарындары аса елеулі. Қара Бодақ бірде қыпшақ ханына қан құстырған қара күш иесі (3-жыр), енді бірде Хамид, Мардин қамалдарын қиратқан батыр. Қазан – оғыз елінің көсемі. Қ. А. к-нда оғыз тайпаларының қонысына қатысты Тана (Танаис), Бану Шешек (Баршын-Салор-Гүлбаршын, Баршындария, Баршынкент), Камбура (Байбөрі) секілді атаулар да сақталған. Олар қазақ эпосынан да елеулі орын алған. Жырдың бас кейіпкері – Қорқыт. Ол оғыз елінің ақылшысы, данасы, үлкен жырауы. Оның есімі көптеген түркі тайпаларына ортақ, тарихи-этн. атау. Бір кездері Қорқыт жинақталған фольклорлық бейне деп ұғынылса, бертін келе оны тарихи тұлға ретінде тани бастады. Қ. а. к. Қазақстанда М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов, М.Жолдасбеков, Ш.Ибраев, Т.Қоңыратбай, т. б. еңбектерінде зерттелді. Кітаптың 1300 жылдығы 1999 ж. ЮНЕСКО тарапынан халықар. деңгейде атап өтілді, «Қорқыт ата» энциклопед. жинағы (1999), Қорқыт Ата атынд. Қызылорда университетінің проф. Б.Кәрібозұлының жетекш-мен «Қорқыт ата туралы аңыздар мен әңгімелер» атты кітап (2018) жарық көрді.


Т.Қоңыратбай

ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНЫҢ 1300 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. 2000 ж. қарашада ашылған. Қызылорда қ., Сырдария өз-нің жағасында орналасқан монументальды композиция қобыз бейнесіндегі үш стелладан тұрады. Стеллалар арасындағы ашық аралықта қолында қобызы, желмаяға мінген Қорқыт ата бейнеленген. Авторлары – мүсінші Ж.Ысмағұлұлы, сәулетші Е.Ибраимов.

ҚОРҚЫТ АТА ҚОРЫМЫ – 9–10 ғ-лардағы ескерткіш. Қармақшы ауд.



Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш



Қорқыт ата мазары

Жосалы кентінен солт.-батысқа қарай 18 км жерде орналасқан. 1925 жылдан опырыла бастап, 1952 ж. Сырдария өз. шайып кеткен. Қазіргі орны белгісіз. Мазар жайлы мәліметтер 19 ғ-дың соңында Ә.Диваев, И.А. Кастанье, П.И. Лерх зерттеулерінде кездеседі. Бізге «Түркістан альбомы» жинағында жарияланған фотосуреттер арқылы жеткен. Диваев пен Кастаньенің жазуы бойынша, құрылымы шикі кірпіштен қаланған дөңгелек пішінді 6–8 қырлы күмбезді құрылыс. Ішкі көрінісі биік, қабырғалары кереге өрнегімен нақышталған. Исламға дейінгі түрік сәулет құрылысы үлгісімен салынған. Қорым үш бөліктен (типтен) құралған кезеңдері әр түрлі жерлеу құрылыстарынан тұрады. Қорымдағы бейіттерді құжаттау, мерзімдеу жұмыстары барысында шамамен 70-тен астам бейіт есепке алынды. Олардың сыртқы бейнесі, жоспарлану жағынан бірнеше типтерге бөлуге болады. 1-үлгідегі (типтегі) тас бейіттер 40-тан асады. Үстіндегі саған орнына үйілген тастар

бор жасайтын қара-қоңыр тас немесе домалақ майда тастар. Ерекшелігі – кейбір сыртқы бейнесін сақтағандарында діңгек тас құлпытаста ру белгісі қашалған. Онда жаппас, алтын, телеу, тама, жағалбайлы, т. б. рулардың таңбалары көрсетілген. Сонымен бірге қорымда араб тілінде жазылған шағын құлпытастар да кездеседі. Олардың көбі орнынан қозғалып кеткен. Ш.Тобжановтың оқуынша, олардың бірінде «Абул-хасан шах 9 ғасырда осы жерде жерленген» делінген.

Ә.Тәжекеев

ҚОРҚЫТ АТА МЕМОРИАЛДЫҚ КЕШЕНІ – сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Қармақшы ауд. Жосалы кентінен 18 км жерде Қорқыт ст-на жақын табиғи төбе үстінде орналасқан. Кешеннің құрылысы 1980 ж. басталған. Авторлары – Б.Ыбыраев, С.Исатаев. Бастапқы Қорқыт ата стелласы бетоннан жасалған, биікт. 8 м-лік 4 тік стелладан тұрады. 2014 ж. Қызылорда обл. әкімдігінің Қорқыт ата кешенін реконструкциялау жобасы бойынша онда көптеген өзгерістер орын алды. Жоба негізінде стелланың көлемін ұлғайту және бетонның орнына тастан салуға шешім қабылданды. Қордай гранитінен тұрғызылған стелланың биікт. 12,1 м, ені 5,3 м. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стеллалар қобыз бейнесін меңзейді. Түйісер түбіндегі орт. тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылғандай, Қорқыт Ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған. Қорқыт Ата ескерткішінің ішкі жағы мәңгілік өмір сырын іздеген Қорқыт атаның киелі желмаясының шартарапқа жол тартқан ізін ишаралайтын «Түйе табан» өрнегімен безендірілген. Әрбір стелланың үшкілдене біткен төбесі күмбезге ұқсатылып, ерекше сәулеткерлік композиция шешім тапқан. Сонымен қатар Қорқыт ата кешенінде конференция, концерт, т. б. іс-шаралар өткізілетін амфитеатр, зиярат етушілерге арналған ғұрыптық құрылыс – қылует орналасқан. Барлық кешен аймағы гранитпен жапсырылған биік бетон қабырғамен қоршалған. Кешеннің осы бөлігінің қоршау көл. 74,22х67,18 м. Биікт. 3,9 м. 2000 ж. кешен жанынан музей және әкімш. кеңсесі ашылды. Музей құрылымы бір қабатты, жоспары Г әрпі тәрізді. 2014 ж. қайта толық жөндеуден өтіп, сырты гранитпен қапталды. Ортаңғы бөлменің төбесі шыны шатырмен жабылған. Шығыс қабырғасының ұз. 15,9 м, ал солт. жағы 14 м. Ішкі 3 бөлмеге бөлінген. Оның қорында 700-ге жуық экспонат сақталған. Музей экспозициясында Қорқыт ата өмір сүрген дәуірдің тарихы мен мәдениеті жайлы мәліметтер беретін материалдар жинақталған. Музей және әкімш. ғимараты ортасында арка арқылы ішке кіріп, жоғары баспалдақ арқылы негізгі кешенге көтеріледі. Орта тұсында диам. 36,4 м қошқар мүсіні қойылған шеңберлі композиция бар. Мүсіннің ұз. 165,5 см, ені 85 см, биікт. 120 см. Қордай гранитінен қашалған мүсін биікт. 220 см бес деңгейлі тұғырға қойылған. Тұғырдың мүсін қойылған алаңқайының көл. 200х90 см. Қошқар – ежелгі арий мен қазақ мифологиясында көк тәңірінің олжасы, теріс күштерден қорғаушы. Яғни қошқар бейнесі мен сақ грифі – гриф басы, арқасындағы қанаты, аяғы сфинкске ұқсас бұндай жиынтық өзінің күрделілігімен ерекшеленеді.



Қорқыт ата мемориалдық кешені

Ә.Тәжекеев

ҚОСАМАН – Қызылорда мен Ақтөбе облыстарының әкімш. шекарасына жақын орналасқан жер атауы. Бұл жер өте құрғақ әрі ыстық агроклиматтық ауданға жатады. Шілде айында айлық орташа темп-ра 25–27°С, қаңтар айында – 9–3°С, жылдық жауын-шашынның мөлш. 115–130 мм. Кіші Борсық құмының өсімдік жабындысын шөл далаға тән өсімдіктер – еркекшөп, жусан, әр түрлі эфемерлер, бұйрат құмдарда өсетін жүзгін, баялыш, сиректеу сексеуіл құрайды. Мұнда осы аттас ауыл орналасқан.

А.Нұрғызарынов

ҚОСАМАН КЕСЕНЕСІ – Сыр өңірінде өзіндік архит. сәулетімен ерекше көзге түсетін ескерткіш. Аралдан солт.-батысты бетке алып қара жолмен жүргенде, 120 км шамасында Қосаман елді мекені кезігеді. Бұл – бұрынғы «Құланды» кеңшарының ферма орт. Осы елді мекеннің дәл іргесінде еңселі Қ. к. тұр. Елді мекен осы Қосаман атымен аталған. Кесене мемл. қорғауға алынған. Кесене аудандағы архит. сәулет ескерткіштерінің бірі және бірегейі, өзінің ерекшелігін сақтаған құнды жәдігер. Кесене биік күмбезді үй там түрінде салынған. Тұрғызылған уақыты белгісіз. Көне көздердің айтуынша, кесененің уақыты 7–9 ғ-лар аралығы. Оның кірпішіне жылқының сүті мен қылын қосып, аттың тұяғымен илеген. Жаңбыр мен желдің әсерінен бүгінде кесененің көпшілік жері бүлінген, алдыңғы порталдың үстіндегі кіші күмбездер құлаған, бірақ соған қарамастан кесене өз келбетін әлі сақтап тұр. Жалпы Қазақстан аум-ндағы, оның ішінде Сыр, Арал өңіріндегі осындай кесенелердің басым көпшілігі шикі қам кірпіштен тұрғызылған. Бүгінде олардың көпшілігі жермен-жексен болып, үйіндіге айналған немесе сұлбасы ғана қалған. Қ. к. де солардың қатарында, дегенмен бұл кесененің артықшылығы – біздің заманға бастапқы қалпын сақтап, аман жетуі. Тағы бір ерекшелігі, үлкен күмбездің алдыңғы қақпасының (порталының) үстіңгі екі жағында кішкене екі күмбездің болуы. Әрине архит. сәулет ескерткіштерінің барлығында алдыңғы қақпа (портал) бар, бірақ кішкене күмбез бола бермейді. Ал Қ. к-н тұрғызған ұсталар сол заманда мұндай үлгіні қайдан алғаны белгісіз.



Қосаман кесенесі

ҚОСАРАЛ – Арал т-нің Қазақстан аум-ндағы аралдар тобы. Олар біріменбірі тіркес солт-тен оңт.-шығысқа қарай созылып жатқан құмқайрақтардан тұрады. Солт-ндегі ұз. 13,0 км, екіншісінің ұз. 4,0 км. Теңіз суы тартылып Қ. аралдары жағалаулық құмды өңірге айналған.

ҚОСАРЫҚ-БАЯН – Жаңадария өз-нің оң жағалық аңғарындағы арық. 19 ғ-дың басында салынған. Баян атты қыз сол жердегі бір жігітке ғашық болыпты. Қыздың әкесі талас тудырған жерден арық қазып берсең, қызымды беремін деп шарт қояды. Жігіт арықты ұрымтал жерден қазып (сағасын алып) бір сағадан екі жарманы бөлектеп, бірін ғашығы Баян ауылына, екіншісін өз ауылына бұрыпты. Арықтың қазылуына себепкер болған Баянның және жігіттің арықтары бірігіп, ел оны Қ.-Б. деп атап кеткен. Каналдың ізі қазіргі уақытқа дейін байқалады.

ҚОСАСАР – Қармақшы ауд-ндағы жер. Тұрмағамбет а-нан 4 км жерде, Қурайлы және Мәдениет каналдары аралығында орналасқан. Екі белестен (асардан) тұрады. Белестердің орта тұсында өзімен аттас артезиан құдығы орналасқан. Батысында Жосалы даласы жатыр. Б.з.б. 4 – б.з. 1 ғ-ларында болған Қоскорған ұғымындағы ежелгі шағын қаланың орны сақталған.

ҚОСЖАР – ауыл. Арал ауд. Қосжар ауылдық окрнің орт. Аудан орт. – Арал қ-нан оңт-ке қарай 100 км жерде, Қамыстыбас көлінің оңт-нде орналасқан. Қосжар ауылдық окр. – Арал ауднадағы әкімш. бірлік. Құрамына Қ. а. да кіреді. Тұрғыны 0,6 мың адам (2023). Орт. – Қ. а. 1890 ж. адамдар алғаш көл жағасына орналасып, үй сала бастаған.



Қосжар ауылы

1904 ж. Мәскеуден адамдар келіп, балық аулаған. Кейін адам саны көбейіп, ауылға айналған. Қ-да балық тәлімбағы, 11 жылдық мектеп, кітапхана, емхана, клуб, т. б. халыққа қызмет көрсетеді.

О.Айдаров

ҚОСҚОРҒАН, Қышқорған – бекініс. 19 ғ-дың 1-жартысында қоқандықтар салған. Қармақшы ауд. Қараөзек арнасының Сырдарияға құяр тұсында орналасқан. Ресей офицері Романовтың Орынбор бас-шылығына жазған сипаттамасында «Қосқорғанның саз балшықтан соғылған ұзын екі қабырғасы биік, бекіністің аумағы үлкен, төрт бұрышында қарауыл мұнаралары мен күзет төбелеріне зеңбірек қойылған, қорған сырты терең каналарықтармен қоршалып, су жіберілген» делінген. Қ-да тұрған Қоқан әскері жергілікті қазақтарға билік жүргізіп, зорлық-зомбылық жасап, олардың малын тонаушылыққа ұшыратқан. 1852 ж. И.Ф. Бларамберг-тің әскері шабуылдап, бекіністі талқандаған.


Т.Дайрабай

ҚОСҚҰЛАҚҰЛЫ Жарылқап (1860, қазіргі Қармақшы ауд. – 1925, сонда) – би, ақын. Жас кезінен қисса-дастандарды, батырлық және ғашықтық жырларды жаттап өскен. Ақынның сол кездегі Ақмешіт уезінің бастығы Маясар мен Сұлтан биге өзінің кедейлігін шағынып айтқан «Ақмешіт жақсыларына» деген өлеңі сақталған. Ақын арнау, т. б. өлеңдермен қатар дастан да жазған. Мыс., Қ-ның діни аңыз негізінде жазылған «Қақпанға түскен киіктің хикаясы» атты дастаны сақталған. 1915–16 ж. орынборлық Молдабай деген ақынмен жазба айтысқа қатысқан. Қ. шығармаларын жинауға Ә.Қоңыратбаев, Ғ.Себепов, Ү.Толыбеков, М. Сәлменбаев, т. б. ат салысты. Қ. шығармалары Орт. ғыл. кітапхана қорында сақтаулы.

Т.Дайрабай

ҚОСПАМБЕТҰЛЫ Нұртаза (1830, қазіргі Шиелі ауд. – ө. ж. б. сонда) – белгілі мұраб. Жетікөл, Көксу, Ботабай, т. б. каналдарды қазуды ұйымдастырып, басқарғандардың бірі. Ы.Жақаевтың ұстазы. Қ. Шиелі көлі, Ақтоғай маңында елді отырықшылыққа шақырып, Ақарық каналын қаздырған. Нұртаза мұраб жайында Ы. Жақаевтың «Өмір жолдары» кітабында айтылған.

«ҚОССАЗ» ДОМБЫРА МУЗЫКАЛЫҚ АСПАБЫ – тарихи жәдігер. 1973 ж. Бидайық-асар қалашығының 4-бекіністі дәлізбен оның баспалдағынан, 2-құрылыс кезеңінің 9-мәдени қабатынан, сыртында ойылып салынған суреттері бар белгісіз ағаш бұйымдары табылған. Бұл бұйымдардың үлкен фрагментінде бірнеше жануарлардың суреті анықталған. 2018 ж. желтоқсан айында Ресей Шығыс музейінің қорында



Қоссаз домбыра

сақтаулы Жетіасар ескерткіштерінен табылған 700-ге жуық ағаш бұйымдарының фрагменттері қайта қаралып, зерттелді. Нәтижесінде 1973 ж. Бидайық-асар қалашығынан табылған ағаш бұйым «қос мойынды» немесе «қоссаз» домбыраның ата-тегі екені анықталды. Бұған қоса екінші саз аспабының шанағы табылып отыр. «Қоссаз» домбыраның бір мойны, құлағы, екінші мойнының басы, шанағының жартысы және ішегі байланатын түймесі сақталған. Жалпы ұз. 65,5 см-ге тең. Шанағы тегіс табанды, ұз. 25,5 см, биікт. 3 см, қалың. 0,5–0,6 см. Шанақ қақпағы сақталмаған. Шанағының сыртында тазының, ақбөкеннің, қарақұйрықтың суреттері ойылып салынған. Ішегі байланатын түймесінде тесігі сақталған, түйменің көл. 1,5х1,3 см. Мойнының ұз. (басымен қоса есептегенде) 40 см, шанағына қосылар тұсының ені 4 см, бас жағы 3 см-ге тең. Биікт. 3 см. Мойнының да беткі қақпағы сақталмаған, іші қуыс болып келген. Басы жартылай дөңес, ұз. 6 см, ені 3 см. Ішегі мен құлағы байланып бекітілетін екі тесігі сақталған. Екінші мойны сақталмаған, өлшемдері бірдей екінші басы бар. Құлағы екі мойнын қосып, ішектерді тартып тұратындықтан құрылымы күрделі болып келеді. Ұз. 13 см, екі басының біреуі ғана сақталған. Басында бір тесігі және құлақтың дәл ортасында бір тесігі бар. Құлағының домбыра басына бекітілетін жері 1 см-ге дейін ойылып жонылған, ал ортасының ұз. 7 см, ені 1,8 см. Орта тұсының бір жағы бір қырлы, екінші жағы екі қырлы. Шертер мен домбыраның шанақтарын бір-біріне жанастыра біріктіріп жасайтын «Қоссаз» деп аталатын жетілдірілген күрделі аспап екі мойынды болады, ішектері жеке-жеке тағылған. Кешенді зерттеулердің нәтижесінде Бидайық-асар қалашығының б.з. 4 ғ-да өмір сүруін тоқтатқаны белгілі. Аталмыш мерзім «Қоссаз» саз аспабын домбыраның арғы-тегі және ең ежелгі түрі деп тұжырымдауға негіз бар. Ал екінші асты мен үсті ашық болған домбыра шанағына жақын шанақтың бір бөлігі, Жетіасар ескерткіштерінде саз аспаптарының бірнеше түрі болғанын дәлелдейді.

Ә.Тәжекеев

ҚОСҮЙЕҢКІ – ауыл. Жаңақорған ауд. Ақүйік ауылдық окр-не қарайды. Аудан орт. – Жаңақорған кентінің шығысында 48 км, округ орт. – Бірлік а-нан 32 км жерде, Қаратау жотасының оңт. беткейінде орналасқан. Тұрғыны 0,8 мың адам (2023). Негізгі тіршілігі – мал ш. Ауыл 1957–94 ж. қаракөл қой ш-мен айналысқан «Бірлік» кеңшарының бөлімшесі болған. Ауылда 100 орындық клуб, кітапхана, 20 орындық балабақша, орта мектеп, 17 шаруа қожалығы мен 35 кәсіпкер, 2 дүкен халыққа қызмет көрсетеді. Мал өрісі – тау бөктері. Кейін оның негізінде Қ-де бірнеше шаруа қожалығы құрылған.

О.Айдаров

ҚОСЫМ ҚОЖА Мүсірәліұлы (1710 – 1780) – діни қайраткер. Сыр өңірінде туып өскен. Әкесі үш жүзге пір сайланған Мүсірәлі – Тәуке ханның «Жеті жарғысын» жасауға қатысқан. Қ. қ. қазақ-орыс қатынастарына белсене араласқан. Сыр бойы мен қарақалпақ еліне ислам дінін уағыздаушылардың бірі болған.



Қосым қожа кесенесі

Т.Дайрабай

ҚОТАНКӨЛ – көл. Сырдарияның сол жағалық жайылмасы, Арал ауд. Шөмішкөл а-нан оңт.-батысқа қарай 11 км жерде, Қазалының сол жағалық каналы мен Ақшатау көлдері аралығында орналасқан. Аум. 12,0 км^2, ұз. 6 км, енді жері 2,5 км, ең терең жері 6 м. Жағалауы жазық, шалшықты, тек батыс бөлігі ғана көтеріңкі. Су бетінде өсімдік аз кездеседі, көл түбін балдыр басқан.

Қ.Ахметов

ҚОТАНБҰЛАҚ – Жаңақорған ауд. Талап елді мекеніне қарасты Қаратаудың батысындағы бұлақ атауы. Қаратаудың солт.-батысындағы табиғаты әсем, мөлдір бұлақ суы мен тау балығын тамашалайтын, керемет демалыс орны. Жақын маңда «Тау самалы» атты оқушылардың демалыс лагері орналасқан. Туристерді қызықтыратын табиғаты ерекше орын.

О.Айдаров

ҚОШҚАРОВ Амангелді (31.08.1939, Жаңақорған кенті – 2007, Астана қ.) – филол. ғыл. докт. (1997). ҚазПИ-ды (қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Балқаш ауд-нда 2 жыл мектепте мұғалім, кейін ауд. оқу бөлімінде инспектор болған. Қазақ КСР ҒА Тіл білімі ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1972), Жамбыл пед. ин-тында (қазіргі Тараз ун-ті) аға оқытушы, доцент (1978–86), Қазақ қыздар пед. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-ті) доцент (1973–78), орыс филологиясы кафедрасының (1986 жылдан), Еуразия ұлттық ун-ті орыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі (1997 жылдан) қызметтерін атқарған. Қ-тың ана тілі мәселелеріне арналған 50-ден астам ғыл.-зерт. еңбегі, сонымен қатар орыс мектептерінің 8-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығы жарық көрген.



Қошқаров Серікбай

ҚОШҚАРОВ Серікбай Иманбайұлы (15.06.1945 ж. т., Сырдария ауд. Сұлутөбе а.) – тех. ғыл. докт. (1997), проф. (2000). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1968, қазіргі Тараз ун-ті), Мәскеу гидромелиоративтік ин-тының аспирантурасын, докторантурасын бітірген. Қазақ күріш ғыл.-зерт. ин-тында зертхана меңгерушісі (1970–78) болған. Қызылорда ун-тінде (1978–90, ЖГМҚИ Қызылорда филиалы; 1990–93, ҚАӨИИ; 1993–96, ҚПТИ) доцент, кафедра меңгерушісі, ф-т деканы, оқу ісі жөніндегі проректор (1978–2013) қызметтерін атқарған. 2013 жылдан аталмыш ун-ттің су ш. және жерге орналастыру кафедрасының проф. Қ. 100-ден астам ғыл. еңбектің, 2 монография, 3 очерк пен әңгімелер жинағының авторы. «Құрмет» орденімен (2005), медальдармен, төсбелгілермен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ҚОШҚАРОВА Риза Төлтайқызы (21.10.1980 ж. т., Қызылорда қ.) – шахматшы. ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (2023). Қызылорда мемл. ун-тін (2001, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. 2006 жылдан №2 обл. мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер олимпиадалық резерв мектебі шахмат бөлімінің жаттықтырушысы. Қ. дайындаған спортшылар респ. және халықар. жарыстарда жоғары жетістіктерге қол жеткізген. Мыс., Серікбай Әсел (2010, Грекия) шахматтан 8 жасқа дейінгі қыздар арасындағы әлем чемпионатында қола жүлде алып, 9 жасқа дейінгі оқушылар арасында әлем чемпионы атанған (2011, Польша). Жасөспірім қыздар арасындағы Қазақстан біріншіліктерінде Абдуали Самал, Қадырова Назира жүлделі орындарды иеленген.

О.Айдаров



Қошым-Ноғай Байбота

ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота Серікбайұлы (8.5.1954 ж. т., Жаңақорған ауд. Бесарық а.) – жазушы. ҚазМУ-дың (1977, қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін бітірген. ҚР-ның ақпарат саласының үздігі. 1978–88 ж. «Жалын» баспасында редактор, кейін «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналында, «Ана тілі», «Қазақ елі» газеттерінде бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. 2000 жылдан «Жазушы» баспасында жетекші редактор. Алғашқы өлеңдер жинағы «Тұңғыш кітап» («Таң шапағы» сериясымен) деген атпен 1977 ж. жарық көрген. Қ.-Н-дың «Гүлдерайым» (1979), «Жұлдызым жоғары» (1981), «Қуыршағым бар менің» (1984), «Таңертеңгі түс» (1989), «Жариям айдай» (1992), «Жүректің көзі ашылса» (1993), «Сам жамыраған шақ» (2001), «Тіл ұшындағы тарих» (2003), «Таңғажайып түс» (2003), «Мүшел» (2004), «Он екі қонақ» (2004), «Тәңірі таразысы» (2005), «Мамандықтың бәрі жақсы», «Таниды екен, кәне, кім өз мінезін, әдетін», «Жол әліппесі», т. б. кітаптары, екі томдық шығ. жин. (2008) баспадан шыққан. Шет елдер қаламгерлерінің шығармаларын қазақ тіліне аударған. 2012–13 ж. Ресейдің Ростов-на-Дону қ-ндағы «Проф-Пресс» баспалар үйі мен Алматыдағы «Асыл кітап» баспасының қатысуымен көптеген орыс ертегілерін қазақ тіліне аударып, бүлдіршіндерге арналған онға тарта суретті кітапша шығарған. «Тіршілік ұясы» (1987) кітабы үшін Қазақстан Жастар одағы сыйл-н алған (1988). І.Жансүгіровтің 125 жылдық мерейтойына арналған респ. жазба ақындар мүшәйрасының бас жүлдегері (2019). Халықар. «Алаш» (2019), әл-Фараби атынд. әдеби (2019), дүниежүзі халқы жазушылар одағының «Ғаламшар мақтанышы – Pride of the Globe» сыйл-тарының иегері (2019). «Құрмет» орденімен (2020) марапатталған.

Қ.Омаров



Қуандықов Болатбек

ҚУАНДЫҚОВ Болатбек Баянұлы (14.2.1969 ж. т., Қармақшы ауд. «3-Интернационал» ұжымшары) – экон. ғыл. канд. Қазақ мемл. басқару академиясының экон. жоспарлау ф-тін (1994, қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. Ағаш шебері (1986–87), «Адам-Ата» АҚ, «Лидер» кооперативтік бірлестігінің бухгалтер-ревизоры (1992), ҚР Ұлттық банкінің экономисі, аға экономисі, бөлім бастығы, басқарма бастығы (1993–96), Қызылорда обл. басқармасының бастығы (1996–99), Қызылорда обл. әкімінің орынбасары, 1-орынбасары (1999–2004), ҚР Бюджеттік жоспарлау және экономика мин-нің департамент директоры (2004), ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі вице-министрі, ҚР Президенті әкімш. мемл. инспекторы (2004–08), Қызылорда обл-ның әкімі (2008–13), ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің төрағасы (2013–14), ҚР Тұтынушылар құқығын қорғау агенттігінің төрағасы (14) қызметтерін атқарған. 2014 жылдан ҚР Ұлттық банкі төрағасының кеңесшісі, «Астана» халықар. қаржы орт. әкімш. басқарма төрағасының кеңесшісі, басқарма басшысы. «Агроөнеркәсіп өндірісін дамытуды басқару» монографиясы баспада жарық көрген. «Құрмет» орденімен (2011), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Қуандықова Гүлсара

ҚУАНДЫҚОВА Гүлсара (27.4.1947 ж. т., Жалағаш ауд. Еңбек а.) – еңбек ардагері. Еңбек жолын 1962 ж. туған а-нда трактористі болып бастаған. 1982 жылға дейін еңбек майданында әрдайым жоғары көрсеткіштерге жетіп отырған. Респ., одақтық механизаторлар жарысының жеңімпазы болған (1967). Оған арнап А.Тоқмағамбетов, М.Әміреұлы өлең жазған. Еңбек Қызыл Ту орденімен (1966) марапатталған. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы.

Т.Адисұлы

ҚУАНДАРИЯ – ауыл. Қармақшы ауд. Қуандария ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Жосалы кентінен оңт.-батысқа қарай 125 км жерде, Қуандария өзінің бойында орналасқан. Тұрғыны 0,7 мың адам (2023). 1963 ж. қаракөл қой ш-мен айналысқан кеңшар орт. болды. 1997 жылдан «Шалғасқат» АҚ, 2000 жылдан «Таңатар» ЖШС болып аталады. Негізгі кәсібі мал өсіру, бақша егу, ұн тартатын, жүн бұйымдарын өңдейтін цехтар жұмыс істейді.

О.Айдаров

ҚУАНДАРИЯ – Сырдария атырауының солт.-батыс бөлігінде орналасқан құрғақ арна. Қармақшы, Қазалы аудандары жерімен өтеді. Сырдария өз-мен тікелей байланысы жоқ. 1880–1907 жылдардағы картада бастауын Сырдария өз-нің сол жағындағы батпақты көлдерден алғаны көрсетілген. Ол көлдердің меридиандық орналасуы Жалағаш–Қаракеткен т. ж. ст-ларының аралығына тұстас келеді. Өзеннің ұз. 353 км. Арнасының бірінші бөлігі сағасынан бастап 59,5 км-ге дейін Тамырбөгет деп аталады. Оның 9,5 км-ге дейінгі ені 60–100 м, тереңд. 9 м; 9,5 км-ден 59,5 км-ге дейінгі тереңд. 1–2 м, ені 30–70 м; 59,5 км-ден 100 км-ге дейінгі ені 40–125 м, тереңд. 2,5 м. Арал т-не жалғасатын бөлігі Бозкөл (Ақсай) ойпатына барып құяды. 20 ғ-дың 50-жылдары мұнда бірімен-бірі өзектер арқылы жалғасып жатқан тұщы көлдер жүйесі болған. Ол Ақсай – Қуандария көлдерінің жүйесі деп аталған. Қ-ның бойында көне заманнан қалған ирригац. жүйенің құрылыстары жиі кездеседі.

М.Кереев



Қуаңдария өзені

«ҚУАТАМЛОНМҰНАЙ» – мұнай-газ өнеркәсібі бірлескен кәсіпорны. «Қуат» ЖШС холдингтік және Англияның «Амлон Трейдинг ЛТД» компанияларының бірлесуі негізінде Қызылордада қ-нда 1994 ж. құрылған. Мұнай мен газды өндіру, барлау, тасымалдау, сыртқа шығару және өткізу, т. б. айналысады. Оңт. Торғай



Қуатамлонмұнай кеніші

ойпаты Қоныс, Бектас кен орындары көмірсутектерін барлау, игеру, өндіру, тасымалдау, экспортқа шығару, сату мақсатында «Қ.» бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісім жасалған. Қазіргі уақытта «Қ.» компаниясы Қызылорда обл. аум-ндағы ірі мұнай компаниясы болып саналады.

ҚУАТБЕКОВ Қайрат Ниеталыұлы (24.5.1967 ж. т., Жаңақорған ауд. Талап а.) – мед. ғыл. канд. (1998), ҚР-ның денсаулық сақтау ісінің үздігі (2005). Алматы мемл. мед. ин-тын (1992, қазіргі ҚазҰМУ), докторантурасын (2010) бітірген. Алматы мемл. мед. ин-тының хирургия кафедрасында интернатурадан өткен (1992–93). А.Сызғанов атынд. Қазақ эксперименталды және клиник. хирургия ғыл.-зерт. ин-тында хирург (1993), ұлттық ғыл.-хирургия орт-нда дәрігер-кардиохирург, ғыл. қызметкер, аға ғыл. қызметкер (1993–2011), Алматы қ-ндағы «Перинаталогия және балалар кардиохирургиясы» орт-нда кардиохирургия бөлімінің меңгерушісі,

Алматы қ. денсаулық сақтау басқармасы балалар кардиохирургиясының жетекші маманы (2011–19) қызметтерін атқарған. 2014 жылдан Қазақ ұлттық мед. ун-тінің доценті, сонымен қатар 2020 жылдан «Мединтера» заманауи мед. орт-ның кардиология және кардиохирургия профилінің басшысы. Еуропа (Ұлыбритания, Италия, Польша, Литва), Азия (Корея респ-сы), АҚШ (Хьюстон) және Ресей (Новосибирск, Томск) елдерінің жетекші мед. орт-тарында тәжірибеден өткен. Жыл сайын туа біткен, жүре келе пайда болған күрделі жүрек ақаулары, жүректің талма аурулары, қолқа тамыр ақауларына 150-ден астам хирург. ем жасайды, түрлі халықар. конгрестерге қатысады. Қ-тің 180-нен астам ғыл. еңбегі жарияланып, бірқатары шетелдік басылымдарда шыққан. 3 әдістемелік нұсқау, 8 авторлық куәліктің иегері. Қ-тің есімі халықар. «Лучшие люди» энциклопедиясына енген. 2017 жылғы «100 жаңа



Қуатбеков Қайрат

есім» ұлттық жобасының алғашқы жеңімпаздарының бірі. «Алтын дәрігер» төсбелгісімен марапатталған (2016). Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы (2022).

О.Айдаров

ҚУЫҚКЕСКЕН – ортағасырлық қала. Жаңадария өз-нің кеуіп кеткен сағасының оң жағында, Қызылорда қ-нан батысқа қарай 115 км жерде орналасқан. Қала туралы алғашқы деректер 6–8 ғ-лардағы Қытай, Византия саяхатшыларының жазбаларында кездеседі. Қаланы 1946 ж. КСРО ҒА Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетекш. С.П. Толстов) зерттеген. Ауд. 19,5х17 м, тік төртбұрышты алаң, «Т» пішіндес үй ауласы, т. б. құрылыс іздері сақталған. Мұндағы құрылыс орындары байырғы адамдардың отырықшылық мәдениетінен мағлұмат береді. Археол. қазба жұмыстарының нәтижесінде тұрмысқа қажетті бұйымдар (құмыра, саптыаяқ, тостаған, табақша, т. б.), ою-өрнек салынған ағаш, сүйек және металл заттар табылған.

Е.Даубасов

ҚҰБА Өтебайұлы (1700–1796) – би. Сыр, Торғай, Ырғыз өз-дері аралығын мекендеген қазақтар арасында әділ билігімен аты қалған. Қ. би айтты деген аңыз-әңгімелер ел ішінде көп айтылады. Қ. би мен оның ағайын, замандастары Бәйтік, Тоғанас, Зарқұм батырлар жөніндегі деректер



Құба Өтебайұлы

Қазан төңкерісіне дейінгі жазбаларда жиі кездеседі.

Т.Дайрабай

ҚҰБАШЕВ Сағидолла (10.2.1927, қазіргі Атырау обл. Индер ауд.– 19.4.2016, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері. Алматы зоотехн-малдәрігерлік ин-тін (1949, қазіргі Қазақ ұлттық аграр.ун-ті) бітірген. Гурьев (қазіргі Атырау) обл. а.ш. басқармасының бас зоотехнигі, басқарма бастығының орынбасары, Индер ауд. «Передовик» ұжымшарының төрағасы болған (1949–60). Гурьев (1965–66), Ақтөбе (1966–75) және



Құбашев Сағидолла

Қызылорда (1979–82) обл. атқару к-тінің төрағасы, Қазақ КСР Мин. Кеңесі

төрағасының орынбасары (1975–79), Гурьев (1963–64) және Семей обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1982–87), Қазақстан КП Орт.к-тінің 2-хатшысы (1987–88) қызметтерін атқарған. 2004 жылдан «Мұнайшы» қоғамдық қоры Қамқорлық кеңесінің мүшесі. КСРО Жоғ. Кеңесінің 11-шақырылған, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 5–10 шақырылған депутаты. Ленин (1958), Еңбек Қызыл Ту (4 мәрте), Қазан революциясы ордендерімен, медальдармен марапатталған. Бүкілодақтық х. ш. жетістіктері көрмесінің алтын медалінің (5 мәрте) иегері. Ақтөбе, Атырау және Қызылорда (2009) облыстарының құрметті азаматы. Есімі Индербор кентіндегі бір көшеге берілген.

Қ.Омаров



Құдабаев Әбу

ҚҰДАБАЕВ Әбу Ержанұлы [1889, Перовск уезі 4-а. (қазіргі Сырдария ауд. Махамбет а.)] – 1938) – мемлекет және қоғам қайраткері. Орыс-түземдік мектепті, Ташкент семинариясын, Мәскеудегі М.Я. Свердлов атынд. Шығыс коммунистік ун-тін (1929) бітірген. Жастайынан Т.Рысқұлов, С.Есқараев, Т.Жүргенов, И.Тоқтыбаев, Ғ.Мұратбаев сынды қазақ зиялыларымен танысып, саяси күрес жолына түскен. Болыстық атқару к-тінің хатшысы (1918), Перовск уездік партия к-тінің 1-хатшысы (1919), Қызылорда уездік рев. к-ті айрықша бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1920), уездік партия к-тінің хатшысы (1921), Сырдария обл. партия к-тінің хатшысы, Түркістан орт. комсомол к-тінің хатшысы, Ақмешіт уездік атқару к-тінің төрағасы (1923), Қарақалпақ обл. партия к-тінің (1924) басшысы, Қарақалпақстан автон. болысының құрылуына байланысты уақытша рев., обл. атқару к-ттерінің төрағасы, обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1925), Өзбекстанның жауапты қызметкері (1929 жылдан), Қарақалпақстанның жер ш. халық комиссары (1936–37) қызметтерін атқарған. Қ. – «Советы Каракалпакстана» газетінің тұңғыш редакторы, кеңестердің бүкілодақтық 3-съезінің делегаты. 1938 ж. саяси қуғын-сүргінге ұшырап, 1957 ж. ақталған.

ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Қазыбай (15.3.1942, Сырдария ауд. Шіркейлі а. – 4.5.2024, Қызылорда қ.) – экон. ғыл. канд. (1981). ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2005), Халықар. пед. білім беру ҒА-ның корр. мүшесі. ҚазМУ-дың (1969, қазіргі ҚазҰУ) тарих ф-тін бітірген. Жалағаш ауд. «Аққұм» кеңшарындағы орта мектепте мұғалім, обл. «Білім» қоғамында референт (1969–71), Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-тінде) оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра



Құдайбергенов Қазыбай

меңгерушісі, ф-т деканы, ғыл. жұмыстар жөніндегі проректор (1971–2003), Тарих, филология және өнер ғыл.-зерт. ин-тының директоры (2004–09), ректордың кеңесшісі (2009–12) қызметтерін атқарды. 2009 жылдан Қызылорда ун-тінде Ардагерлер кеңесінің төрағасы, 2012 жылдан проф. Ғыл. бағыты – экономика тарихы, өндіргіш күштерді орналастыру мәселелері, қазақ ағартушыларының экон. көзқарасы. 3 монография, 1 оқу құралы, 100-ден астам ғыл. мақаланың авторы. «Парасат» орденімен (2023), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ҚҰЛАН Алдабергенұлы (1861, Жаңақорған ауд. Қосүйеңкі а. – 1931, сонда) – ақын. Бала кезінен батырлық қисса-дастандарды жатқа айтып, ақындығымен ерте танылған. Өлең шығарып, ауыл адамдарының оғаш мінез-құлықтарын мінеп, сүйіспеншілік, достық, ынтымақ тақырыптарына қалам тартып, өз замандастарымен айтысып, бақ сынаған. Қ-ның Шегір, Перне қыздармен айтыстары сақталған. Ақын бертін келе ел ішіндегі әлеум. теңсіздік тақырыбына шығарған өткір өлеңдерімен танылған. Оның «Достық», «Әйелдер бар әр түрлі», «Бұл дүниеде не ғаріп?», «Аузымда өлең деген алмасым бар», «Адам боп дүниеге жаралған соң», т. б. толғау жырларынан өмір мен адамгершіліктің мәні туралы филос. ой-түйіндері айқын аңғарылады. Ақынның үш мың жолдан астам жыр шумағы ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер ин-ты қолжазба қорында сақтаулы.

ҚҰЛАН (Equus hemionus) – тақтұяқтылар отрядына жататын жабайы жылқы. Сыртынан қарағанда Қ-ның есекке де (басы үлкен, құлағы ұзын, құйрығы қысқа, кекілі жоқ, жалы тік), жылқыға да (жүріс-тұрысы ширақ, дене бітімі сымбатты, сирақтары ұзын) ұқсайтын ерекшелігі бар. Дене тұрқы 210–240 см, шоқтығының биікт. 112–126 см, салм. 190–260 кг. Түсі сарғыштау, жотасында қара қошқыл жолағы болады, құйрығының ұшы қара, бауыры мен сирақтары ақшыл келеді. Жыныстық жағынан 2–3 жасында жетіледі. Маусым-шілде айларында күйлеп, 11,0–11,5 айдай буаз болып, мамыр-маусым айларында құлындайды. 20 ғ-дың алғашқы жартысына дейін Қ. Қазақстанның жазық даласында үйір-үйірімен топтанып жүрген. Қыс айларында Каспий т-нен шығысқа Іле ойпатына дейін кең таралған. Жазда Қарағанды, Ақтөбе, Қостанай облыстарының жерін жайлаған. Қ-ды есепсіз аулау оның қазақ жерінде құрып кетуіне әкеліп соқты. Қ-ды жерсіндіру жұмысы 1953 ж. басталды. 1953–64 ж. Арал т-нің Барсакелмес қорығына Түрікменстаннан 19 Қ. әкелінді. 1982 жылдан Қ-ды «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағына, Аңдысай қорықшасына және Маңғыстау обл. аум-на жерсіндіре бастады. Қазір Қазақстанда 2,0 мыңға жуық Қ. бар (2004). Қ. саны жағынан дүние жүзінде азайып, қазіргі уақытта қорғауға алынған. Халықар. табиғатты қорғау одағы және Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген.



Құлан



Құланды түбегі

ҚҰЛАНДЫ – Арал т-нің солт-ндегі түбек. Кезінде (1980 дейін) теңізге 60 км-ге жуық сұғына кіріп жатқан. Абс. биікт. 129 м. Жағасы онша тілімделмеген, оңт. жарлауытты (15–20 м). Батысында Чернышев, солт.-шығысында Тұщыбас шығанақтары орналасқан. Түбек палеогеннің әктас, мергель жыныстарынан түзілген. Жусан, баялыш, сексеуіл, жүзгін, т. б. шөлейттік өсімдіктер өседі. Шығысында қайнар бұлақтар, тұзды көлдер бар. Қоңыр көмір шығындылары кездеседі. Арал т-нің тартылуына байланысты Қ. аралы жағалаумен бірігіп, пішіні өзгерген.

ҚҰЛАНДЫ – ауыл. Арал ауд. Беларан ауылдық округінің орт. Аудан орт. – Арал

қ-нан оңт.-батысқа қарай 250 км жерде, Құланды түбегінде орналасқан. Тұрғыны 0,4 мың адам (2023).

О.Айдаров

ҚҰЛБАРАҚ Бекбауылұлы (шамамен 1820/25, қазіргі Арал өңіріндегі Бекбаулы ст. – 1898/1900, сонда) – белгілі би. Қ. ескіше ауыл молдасынан білім алды. Ол Ресей әскерлерінің Сыр бойына ішкерілеп өтуіне, Ақмешіт, т. б. қорғандардың алынуына көмектескені үшін 1858 ж. патша генералдарынан сыйлық, 1863 ж. зауряд-хорунжий атағын алған. 1866–70 ж. құрманай-құттық руының биі, 1870–83 ж. Қаракөл болысының басқарушысы болды. 1880 ж. Қазалыдағы уч-щеге қамқорлық көрсетіп, сол жылы ген.-губернатордың күміс медалімен марапатталған.

Т.Дайрабай



Құлбаев Алдаберген

ҚҰЛБАЕВ Алдаберген (05.10.1949 ж. т., Қармақшы ауд.) – еңбек ардагері. Қазақ а. ш. ин-тын (1972, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Сырдария ауд. «Тереңөзек» күріш кеңшарында звено жетекшісі, бөлімше агрономы (1972–77), «18-партсъезд» кеңшарында бас агроном (1977–85), 21-партсъезд кеңшарының директоры (1985–90), ауд. а. ш. басқармасының бастығы (1990–92), «Шіркейлі» кеңшарының директоры (1992–94), обл. орман ш-ның бас директоры (1994–97), «Қалжан-ахун» ш-ның төрағасы (1997–2002), «Шапағат-Лимитед» ЖШС директорының орынбасары (2002–04), директоры (2004–08) қызметтерін атқарған. 2008 жылдан «Қызылдихан» шаруа қожалығының төрағасы. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», «Құрмет», «Парасат» (2023) орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Құлболды ишан кесенесі

ҚҰЛБАЕВ Бақытбек (1980 ж. т., Қазалы ауд.) – боксшы, ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (2010). Қазалы қ-ндағы спорт мектебінде, әйелдер боксы бойынша облыста аға жаттықтырушы. №16 В.Счастнов атынд. орта мектептің 9 сыныбын (1995), Алматы қ-ндағы Қ.Мұңайтпасов атынд. олимпиадалық үміткерлер дайындайтын мектеп интернатын (1997), Қызылорда ун-тін (2002) бітірген. 2012 ж. Қ-тың шәкірті Марина Вольнова Лондон олимпиадасында қола жүлдегер атанды.

О.Айдаров

ҚҰЛБОЛДЫ ИШАН Сұлтанұлы (1785, қазіргі Сырдария ауд. Жетікөл мен Айдарлы кеңшарының арасы – шамамен 1850/60) – әулие, дін уағыздаушы, 12 тілді меңгерген ғұлама. Тұран өңірінде Қожа Ахмет Ясауидің сопылық-дәруіштік жолын жалғастырған Мәдіқожаның бесінші ұрпағы. Қ. и. Ханқожа медресесінде Исмаил әз Дүрден арабша сауат ашқан. Бұхарада, кейін Ауғанстанда оқып, ишандық дәреже алған.

ҚҰЛЖАНОВ Ғани Әбдуәлиұлы (20.9.1965 ж. т., Жалағаш кенті) – танымал кино және театр актері, режиссер, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2015). Қазақстан Жастар одағы сыйл-ның иегері (1998). Қызылорда муз. уч-щесін (1984), Алматы театр және көркемсурет ин-тын (1991, қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) бітірген. Қазақ академ. драма театрында актер (1990–2006), Қ.Қуанышбаев атынд. Қазақ муз. драма театрында актер (2007), Астана қ-нда жаңадан құрылған Жастар театрының директоры (2007–13) қызметтерін атқарды. 2013 жылдан Жастар театрының актеры. Қ. «Қазақфильм»,



Құлжанов Ғани

«Қырғызфильм», «Өзбекфильм» киностудияларында киноға түсіп, көптеген бейнелерді сомдады. «Тоғысқан тағдырлар», «Қара шегіртке» телехикаяларындағы – Джохангир, Диас рөлдері көпшілік қауымның көңілінен шықты. Гастрольдік сапармен Иран, Өзбекстан, Ресей елдерінде және Қазақстанның барлық облыстарында болып, өнер көрсетті. «Азия дауысы», «Жас қанат», «Жұлдыздар құттықтайды» т. б. байқаулар мен мерекелік іс-шаралардың тұрақты жүргізушісі ретінде де көпшілік көрерменге кеңінен танымал. «Құрмет» орденімен (2022), бірнеше медальмен марапатталған. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы (2010).

Қ.Омаров



Құлманов Бөрібай

ҚҰЛМАНОВ Бөрібай (06.6.1920, Сырдария ауд. 3-а. – 14.7.2020, Қызылорда қ.) – еңбек және соғыс ардагері. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қызылорда а. ш. техникумын (1940), Қазақстан КП ОК жоғары партия мектебін (1949), Алматы а. ш. ин-тын (1965, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Еңбек жолын 1940 ж. Сырдария ауд. жер бөлімінде бастаған. Қызылорда обл. партия к-тінің нұсқаушысы (1946–47, 1949–51), обл. а. ш. басқармасы насихат бөлімінің басшысы (1951–53), орынбасары (1960–61), Қармақшы ауд. партия к-тінің хатшысы (1953–56), Қармақшы МТС директоры (1956–58), Қазалы ауд. партия к-тінің 2-хатшысы, 1-хатшысы (1958–60), Қазақ КСР мемл. бақылау к-тінің облыс бойынша аға бақылаушысы (1961–63), обл. партия к-ті жанындағы партиялық-мемл. бақылау инспекторы (1963–70), обл. партия к-ті партиялық комиссиясының мүшесі (1970–73), төрағасы (1973–86) қызметтерін атқарған. Респ. дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шығып, Қызылорда эксперименталды-мех. жөндеу з-нда жұмыс істеген. Қ. ұзақ жыл басшылық қызметтерде жүріп, облыстың әлеум.-экон. дамуына үлес қосқан. Еңбек Қызыл Ту, Қызыл жұлдыз, 1-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі», «Құрмет» (2010) ордендерімен, көптеген медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2011).

Қ.Омаров

ҚҰЛМАНОВА Шолпан Бөрібайқызы (16.1.1951 ж. т. Қызылорда қ.) – пед. ғыл. докт. (2000), проф. Қызылорда пед. ин-тының (1972, қазіргі Қызылорда ун-ті) музыка ф-тін, Мәскеу пед. ғыл. академиясының



Құлманова Шолпан

аспирантурасын (1981), ҚазПИ-дың (қазіргі ҚазҰПУ) докторантурасын (1998) бітірген. Қызылорда балалар музыка студиясында (1972), Қызылорда қыздар пед. уч-щесінде (1974–76, қазіргі пед. жоғары колледжі) оқытушы, Қызылорда пед. ин-тының оқытушысы, аға оқытушысы (1977–78, 1982–87), музыка-педагогика ф-тінің деканы (1987–91), музыка теориясы және музыка білімі кафедрасының меңгерушісі (1993–95), Алматы қ-ндағы мұғалімдер білімін жетілдіру ин-ты директорының орынбасары (1999–2001), Қазақ ұлттық өнер академиясында (2001–08), Қазақ мемл. қыздар пед ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-ті) кафедра меңгерушісі (2008–11), ҚР БҒМ жанындағы респ. оқу-әдістемелік кеңесінің «Музыкалық білім» бөлімшесінің төрағасы (2009–15) қызметтерін атқарған. 2012 жылдан Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-тінің проф., сондай-ақ 1997 жылдан «Атамұра» корпорациясы респ. жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарына арналған «Музыка» оқулығын әзірлеу бойынша авторлар тобының жетекшісі. Қ. 200-ден астам ғыл., ғыл.-әдістемелік еңбектің авторы. «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталған.

Қ.Омаров

ҚҰЛ-МҰХАММЕД Мұхтар Абраруұлы (12.12.1960 ж. т., ҚХР, Шәуешек қ.) – мемлекет қайраткері, тарих ғыл. канд. (1995), заң ғыл. докт. (1999), проф. (2000). Қ. Нью-Йорк ғыл. академиясының толық мүшесі (1997), ҚР Әлеум. ғылымдар академиясының акад. (2001). ҚазМУ-ды (1982, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясында ғыл., аға ғыл. редактор, философия, құқық және социология редакциясының меңгерушісі, жауапты хатшы (1982–92), «Атамұра» корпорациясының президенті (1992–99), ҚР Парламенті Сенатының депутаты (1999–2001), ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі (2001–03), ҚР Президентінің кеңесшісі және баспасөз хатшысы (2003–07), Қызылорда обл-ның әкімі (2007–08), ҚР Мәдениет және ақпарат министрі (2008–10), ҚР Мәдениет министрі (2010–12), ҚР-ның Мемл. хатшысы (2012–13), ҚР Мәдениет және ақпарат министрі (2013–14), ҚР Президентінің кеңесшісі (2014–16), «Нұр Отан» партиясы төрағасының 1-орынбасары (2016–18) қызметтерін атқарған. ҚР Парламенті Сенатының депутаты (2018–23). Ғыл.-зерт. еңбектерінің негізгі бағыты – қазақ мемлекеті мен құқығының тарихы, түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті, руханият пен өркениет мәселелеріне арналған. Қ.-М-тің «Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі» (1994), «Жақып Ақбаев және Алаш қайраткерлері саяси құқықтық көзқарастарының эволюциясы (19 ғ-дың соңы, 20 ғ-дың басы)», «Алашорда көсемдерінің мемлекеттік-құқықтық идеяларының қалыптасуы және дамуы» (1999), «Қазақстандағы отаршылдық режим (1868–1917)» (2000), т. б. еңбектері бар. 200-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 6 монографияның авторы. «Құрмет» (2004), «Парасат» (2010), 3-дәрежелі (2016) және 2-дәрежелі (2020) «Барыс», ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. ҚР Мемл. сыйлығының лауреаты (1996). Астана қ-ның, Абай обл. Абай, Аягөз аудандарының және Қызылорда обл-ның (2023) құрметті азаматы.



Құл-Мұхаммед Мұхтар

Қ.Омаров

ҚҰЛЫМҒАЛИЕВ Жалайыр (23.2.1931,Қазалы ауд. қазіргі Ақтан батыр а. – 17.5.2017, Қызылорда қ.) – еңбек және тыл ардагері. Қазіргі Қазақ ұлттық агр.ун-тін бітірген (1952). Еңбек жолын орта мектепте мұғалімдіктен бастаған. Қазалыдағы зоотехникумының (1954–59) және а.ш. техникумының (1959–71) директоры, Алматыдағы Респ. бонитерлер дайындайтын жоғары мектептің директоры (1972–82) қызметтерін атқарған. 1982–92 ж. бірқатар облыстық а.ш. мекемелерді басқарған. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

ҚҰМБАЗАР – Арал ауд. Бекбауыл ауылдық окр. құрамындағы ауыл. Аудан орт. – Арал қ-нан оңт-ке қарай 100 км жерде, Сырдарияның атырауында орналасқан. Тұрғыны 0,5 мың адам (2023). Ауыл 1932–96 ж. балық ш-мен айналысатын «Райым» ұжымшары бөлімшесінің орт. болған. Бөлімше негізінде Қ. ЖШС жұмыс істейді.

Қ.Ахметов

ҚҰМИЯН – ортағасырлық қала орны. 7 ғ-да дамыған. Сырдарияның сол жақ бетінде Келінтөбе елді мекенінен батысқа қарай 10 км жерде орналасқан. Қала үйіндіге айналып, сыртындағы кесек қорғаны құлаған, кейбір бұрыштары жартылай қалған. Кесек қорған үсті төрт аттылы кісі сыятындай қалыңдықта жасалған.



Құмиян қаласы

ҚҰМКӨЛ КЕН ОРНЫ – Ұлытау обл. Ұлытау ауд-нда, Қызылорда қ-нан солт.-шығысқа қарай 150 км және Павлодар – Шымкент мұнай құбырынан 230 км батыста орналасқан. Кен орны тектоник. жағынан Сорбұлақ көтерілімінің Арысқұм ойпатынан жапсарлас аймағындағы төм. неоком мен юра түзілімдеріндегі қабаттардан тұрады. 1983 ж. іздеу-барлау нәтижесінде анықталып, 1984 ж. алғашқы ұңғыманы бұрғылау барысында төм. неоком түзілімдерінен мұнай алынған. Өнімді қабаттың тереңд. 1063–1270 м. Коллекторлардың ашық кеуектілігі 19,3–23,7%, өткізгіштігі 0,17–1,13 мкм^2, мұнайға қанығу коэфф. 0,58–0,71, газға қанығу коэфф. 0,57–0,72. Бастапқы қабат қысымы 11,5–13,76 МПа, қабат темп-расы 49–56°С. 7 мм штуцерде мұнайдың тәуліктік өнімд. 125,8 м^3, газ 93,8 мың м^3. Құмкөл мұнай кен орнында газды мұнайлы қабаты бор және юра шөгінділерінен құралған. Кен орнын қазу скважиналары 300х600 сеткасы бойынша нұсқа ішінен су айдау қамтылған. Кен орнын игеру мерзімі 50 жыл. Жалпы кен орны бойынша 25 млн т мұнай өндірілуі тиіс. Құмкөл мұнай кен орнының игерілуі 1990 ж. мамырдан басталды. 1991 жылдан бастап мұнаймен бірге су және газ қосылып шыға бастады. 1991 ж. 1192,43 мың т сұйық өндірілсе, оның 1169,25 мың тоннасы мұнай, сулану 1,94%, газ өндіру 92,99 млн м^3 болады. 1992 ж. 1993,04 мың т сұйықтың 1318,5 мың тоннасы мұнай сулануы 3,26%, газ өндіру 87,59 млн м^3 болады. 1993 ж. «Южказнефтегаз» өндірістік бірлестігі бойынша белгіленген шаралар арқасында мұнай өндіру 1677,5 мың т, газ өндіру 111,73 млн м^3 болады. Мұнай фонтандық және штангілі терең сорапты тәсілдермен өндіріледі. Осы кезеңде 3 қондырғы тобы іске қосылды (ГУ-8, ГУ-14, ГУ-16) және 2 өлшеу қондырғысы. 2000 ж. 23 жаңа ұңғылар енгізілді. Механикаландырылған тәсілге 11 ұңғы аударылды. 2002 ж. кен орны бойынша 1805,623 мың т мұнай, 125,7 млн м^3 газ және 1925,6 мың т сұйық өндірді. Кен орны бойынша өнімнің орташа сулануы 70%-ды құрады. 2002 жылдың ішінде 5 топтық қондырғы орташа тәуліктік шығымы 2-нысан бойынша 37,5 т және 3-нысан скважиналары енгізілді. 120 ұңғының тәуліктік



Құмкөл кен орны

өнімі 5679 т мұнайды құрады. Бір ұңғының орташа тәуліктік шығымы 35 т-ға есептелген. Жобаға сәйкес мұнай өндірудің жылдық көл. 1800 мың т. 187 өндіру ұңғыларды тұрғызу қарастырылған. Қ. к. о-ның мұнайы қою, сондықтан Сібір жеңіл мұнайымен араластыру жолға қойылды. 2000 ж. «Құмкөл-Жосалы» жоғары арынды магистральды мұнай құбыры және «Қызылқия» кенішін сынамалы пайдалануға берілді. 2006–08 ж. «Құмкөл», «Арысқұм», «Қызылқия» және «Майбұлақ» кеніштерінің газ жобалары іске қосылды. 2009–13 ж. «Солтүстік-Батыс Қызылқия», «Шығыс Құмкөл», «Солтүстік Нұралы» және «Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ» кеніштерін өнеркәсіптік пайдалануға беру процесі аяқталды. 2017 жылдан бүгінге дейін Сырдария ауд. аумағындағы «Батыс Тұзкөл», «Тұзкөл», «Кетеқазған» кеніштерінде терең қабаттардан мұнай және газ іздестіру-барлау жұмыстары ойдағыдай жүзеге асырып келеді.

ҚҰМҚАЛА (1, 2) – орта ғасырлардағы қоныс орны. Қызылордa қ-нан батысқа қарай 110 км жерде орналасқан. 1946–48 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетекш. С.П. Толстов) зерттеп, Қ.-1 аумағынан бірнеше бекініс мұнараларының орнын тапқан. Қазба жұмыстарының нәтижесінде көптеген жәдігер, көне арықтардың орындары табылған. Қ-2 Аққолқа а-ның оңт.-батысында 20–25 км жерде, Жаңадария өз-нің сол жағалауында орналасқан. Қаланы 1980–90 ж. жергілікті археологтар (Л.Толстова, Т.Мамиев)



Құмқала қонысы

зерттеген. Қазірде аум. 500–600 м төбешік. Төрт қақпасы болған. Мұнараларының, бекініс қабырғаларының орны сақталған. Мұнаралар мен қоршаудың сыртында тереңд. 2–2,5 м, ені 15–20 м ор болған. Мұндай күрделі құрылыстар Қ-ның үлкен қала-қамал болғанын нақтылай түседі. Табылған материалдар (құмыра, тостаған, көзе, саптыаяқ секілді әр түрлі заттар) қаланы адамдар 11–14 ғ-ларда мекен еткенін дәлелдейді.

Т.Дайрабай

ҚҰМҚОЯН (Lepus tolai) – қоян туысының бір түрі. Қ. – қояндардың ішіндегі ең кішісі. Дене тұрқы



Құмқоян

38–53 см, салм. 1,5–2,5 кг. Арқасы мен бүйірі қоңыр, сұр, ал бауыры ақ түсті. Қазақстанда Арал Қарақұмы, Қызылқұм, Мойынқұмда және Қызылорда, Жамбыл, Оңт. Қазақстан, Маңғыстау облыстарындағы құмды жерлерде мекендейді. Қ. өсімдіктің 118 түрімен қоректенеді. Оның 66 түрі шөптесін өсімдіктер, 38 түрі бұталар, 14-і ағаш тектес өсімдіктер. Қ. қорегін іздеуге ымырт түскен кезде, түнде шығады. Үйығу қаңтар мен ақпанның аяғында басталады. Қ. – өте өсімтал, жылына 3 рет көбейеді, әр туғанда 1–9 көжектен табады. Көжегінің дене тұрқы 11 см, салм. 85–95 г болады. Қ. қ-ын жыртқыш сүтқоректілер (түлкі, шиебөрі, қасқыр, дала мысығы, т. б.) мен құстар (бүркіт, жамансары, қарақұс, кезқұйрық, үкі, шөл құзғыны, т. б.) аулап, қорек етеді. Көбейіп кетсе, бау-бақшаға едәуір зиян келтіреді. Сондай-ақ кейбір жұқпалы ауруларды таратады. Терісі жеңіл өнеркәсіпте пайдаланылады.

С.Махмұтов

ҚҰНДАҚБАЙҰЛЫ Бағыбек (10. 10.1926, Шиелі ауд. Сұлутөбе а. – 21.1.2010, Алматы қ.) – театртанушы, педагог, өнертану докт. (1996), проф. (1989), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (1995). Ресей Табиғаттану академиясы Еуразия өнертану бөлімшесінің акад. (1996). Ташкент мемл. театр-көркемсурет институтын (1955), Мәскеу қ-ндағы



Құндақбайұлы Бағыбек

Мемл. театр өнері ин-тының аспирантурасын (1963) бітірген. Қазақтың балалар мен жасөспірімдер театрында (1955–56, қазіргі Қазақ мемл. академ. жастар мен балалар театры), Жамбыл мәдени-ағарту уч-щесінде (1956–58), Әдебиет және өнер ин-тында (1958–67), Қазақ мемл. консерваториясында (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы), Алматы көркемсурет уч-щесінде (1967–88), қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясында оқытушы (1988–93), кафедра меңгерушісі (1993–99) қызметтерін атқарған. Қ. негізінен, қазақтың театр өнері тарихын, оның қалыптасуы мен өсу мәселелерін, актерлер мен режиссерлер шығарм-н, сондай-ақ обл. театрлардың көркемдік ізденістерін зерттеумен айналысады. Қ-ның «Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына 40 жыл» (1966, К.Нұрпейісовпен бірге), «Режиссер және спектакль» (1971), «Путь театра» (1975), «Уақыт және театр» (1981), «Мұхтар Әуезов және театр» (1997), «Заман және театр өнері» (2001) кітаптары бар. М.Кәрімнің «Айгүл елінде», Л.Устиновтың «Таза жүрек», И.Эркенің «Сау басыма – сақина», Б.Жәкиевтің «Ертең жаңа жыл», «Бәрі де ойымнан шықты», т. б. пьесаларын қазақ тіліне аударған.

А.Еркебай

ҚҰРАЙЛЫ-АСАР – көне қала орны (б.з. 6–7 ғ-лар). Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а-нан батысқа қарай 14 км жерде орналасқан. 1947 ж. Хорезм экспед. (С.П. Толстов) анықтап, 1970–80 ж. (Л.М. Левина) зерттеу жұмыстарын жасаған. 2005 ж. Шірік-Рабат археол. экспед. (Ж.Құрманқұлов, Ә.Тәжекеев) қайта зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қалашықтың жоспары көпбұрыш, күрделі пішінді болып келген. Қалашықтың ортасында бұрыштары дөңгеленіп келген шаршы пішінді құрылыс орналасқан. Екі қабатты болып келген оның биікт. 11 м-ден астам. Төм. террасаның өлшемдері 80х80 м, үстіңгісі 40х40 м. Төм. террасаның оңт. бөлігінің ортасында төбешік бар, ол кешенге кіретін қақпа болуы мүмкін. Оның қабырғалары тікбұрышты қам кесектерден (40х30х9–10 см) қаланған. Осы төбенің оңт-де, сопақша мұнаралары бар бекініс қабырғаларының ішінде орналасқан кейінгі кезеңдік тұрғын жайлардың қалдықтары сақталған.

Ә.Тәжекеев

ҚҰРАҚҰЛЫ Досжан (2.4.1878, қазіргі Сырдария ауд. Нағи Ілиясов а. – 21.1.1944, сонда) – домбырашы, күйші. 15 жасынан Әлшекей, Шалмырза күйлерін шебер орындап, аты Қостанай, Торғай, Ақтөбе өңірлеріне жайылған. 1938 жылдан Н.Бекежановтың концерттік бригадасы құрамында болып, сол жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық а. ш. көрмесіне қатысып, өнер көрсетті. Қ. «Көкек тоғайы», «Бәтиқыз», «Бұқтым-бұқтым», «Жетім қыз», «Терісқақпай», «Абылай хан», «Кербезтөре», «Қаражорға», т. б. күйлер шығарған. 1964 ж. фольклортанушы М.Бәйділдаев оның 32 күйін үнтаспаға жазып алған. 1978 ж. Досжан күйлері С.Ысқақовтың орындауында жеке күйтабақ болып шықты.

Т.Дайрабай

ҚҰРМАН АТА (шамамен 1604–1712, Сауран қ.) – діни қайраткер. Қоңырат тайпасының Көтенші тармағынан шыққан. Ел ішінде сақталған деректерде Қ. а-ның тоғыз жасында әкесі қайтыс болған. Ол хантағылық Ақтамбердіден діни оқу үйреніп, соңынан Түркістан медресесінен екі жыл дәріс алады. Отыз жастан асқанда туған жері Сыр бойына оралады. Мекке ге қажылыққа барады. Діни білімі, ақыл-парасаты, турашылдығымен аты шыққан ол ел ішінде әділ би, Құрман әулие атанған. Тәуке хан тұсында қабылданған қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының

жиынтығы «Жеті жарғыны» жасауға қатысқан. Қ. а-ның ұрпақтары Қызылорда және Түркістан облыстарына тараған. Түркістан обл. Отырар ауд-ндағы Арыстан Баб кесенесі жанында Қ. а-ға күмбезді сағана орнатылған. Е.Әкімқұлұлы Қ. а-ның өмірін негізге ала отырып, «Құрман ата» романын жазды (2004).

Е.Әкімқұлұлы



Құрымбеков Сердалы

ҚҰРЫМБЕКОВ Сердалы (1890, Жаңақорған ауд. Талдысу а. – 11.11.1948, сонда) – Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). Қ. жасынан еңбекке араласып, «Талдысу» (1936) а. ш. артелінде аға жылқышы болып істеді және өзінің өмірін колхоздың мал ш-н өркендету ісіне арнады. Ұлы Отан соғысы кезінде майданға сәйгүлік жөнелтіп отырды. Тәжірибелі жылқышы 1945 ж. 50 биеден 50 құлын алды. 1947 ж. 80 биеден 80 құлын алды. Ленин орденімен (1948) марапатталған.

О.Айдаров

ҚҰРЫШЖАНҰЛЫ Әбжан (5.9.1930, Жаңақорған ауд. Ақүйек а. –



Құрышжанұлы Әбжан

2007, Алматы қ.) – түркітанушы ғалым, филол. ғыл. докт. (1973), проф. (1986). ҚазМУ-ды (1953, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Ғыл.-зерт. еңбектері негізінен тіл тарихы, көне түркі тілдері мен ежелгі қыпшақ жазба ескерткіштері мәселелеріне арналған. Ол 13 ғ-да жазылған «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішін, қыпшақ тілдерінің қазіргі түркі тілдерімен, сондай-ақ қазіргі қазақ тілімен арадағы байланысын зерттеп, 8–11 ғ-лардағы көне түркі тілі мен тарихы жөнінде, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері туралы еңбектер жариялады, оқу құралдарын жазды. Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи, А.Йүгінеки шығармаларын көне түркі тілінен қазақ тіліне аудару ісіне үлес қосты. «Парасат» орденімен марапатталған.

ҚҰТБ ақын (1297–1342) – «Хұсрау-Шырын» дастанының авторы. Еділ бойында дүниеге келгенімен, Сырдария бойындағы мәдени орт-тардың бірі Сығанақ қ-нда тұрған, кейін Сарай қ-на қоныс аударған. Низамидің «Хұсрау-Шырын» шығармасын Құтб түпнұсқадан, яғни парсы тілінен қыпшақ-оғыз тіліне еркін аударма жасаған. Адамгершілік пен адалдық, махаббат пен еңбек тақырыбы жырланатын бұл шығарманың тәрбиелік мәні зор. Шығарманың жалғыз қолжазбасы қазір Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы. Түркітанушы ғалымдар: Е.Э. Бертельс, Ә.Н. Нажип, А.Щербак, А.Н. Самоилович, т. б. зерттеушілер аталмыш шығарма туралы өз пікірлерін білдірген.

Б.Кәрібозұлы



Құтжанов Әбдіманап

ҚҰТЖАНОВ Әбдіманап (29.11.1944, Жаңақорған ауд. Төменарық кенті – 15.4.2018, Қызылорда қ.) – су ш-ның маманы, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (1999). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1967, қазіргі Тараз ун-ті) бітірген. 1992–2002 ж. обл. су ш. мекемесін (Қызылордаводхоз) басқарды. Оның тікелей қатысуымен жасалған жобалық-сметалық құжаттар негізінде Қызылорда сол және оң жағалық, Түгіскен мен Қазалы суғармалы жерлерінің инж. жүйеге келтірілген құрылыс жұмыстары іске асырылды. Сыр бойында жер асты суларын игеріп, тиімді пайдалануға атсалысты.



Құттыбаев Сансызбай

ҚҰТТЫБАЕВ Сансызбай (25.5.1947, Арал ауд. Құланды а. – 17.7.2020, Алматы қ.) – ақын, қоғам қайраткері, тех. ғыл. канд. (2008). Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Санкт-Петербургтегі Халықар. көлік академиясының акад. Қазақ а. ш. интын (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Өскемен жолқұрылыс ин-тын (қазіргі Шығ. Қазақстан техн. ун-ті) бітірген. Еңбек жолын 1970 ж. Қызылорданың жөндеу-мех. з-тында технолог, конструктор қызметінен бастаған. Жылжымалы механикаландырылған колонна (1980), автокомбинат кәсіпорнына (1981–85) басшылық жасады. 1985 жылдан Қызылорда обл. Автокөлік бірлестігінің бас инж., кейін ұжым басшысы болды. 1990 ж. қызметі Алматы қ-на ауыстырылып, ҚР Көлік мин. бас басқармасының бастығы болып, коллегия мүшелігіне сайланды. 1993 ж. ҚР Көлік мин. Мемл. холдингтің вице-президенті қызметіне тағайындалды. Аталмыш холдингте Үрімжі қ-нда ұйымдастырылған Қазақстан – Қытай бірлескен кәсіпорнының басқарма мүшелігіне сайланды. «Жібек жолы» АҚ-ның президенті (1997), кейін Қазақстан Үкіметі республикадағы өзіне қарасты барлық облыс, қ-лардағы 69 автокөлік кәсіпорнын біріктіріп, Мемл. автокөлік кәсіпорнының (1998, РГАП «Казавтотранс») бас директоры болды. Ақтөбе қ. әкімінің орынбасары (2004), Ақтөбе обл. Ырғыз ауд-ның әкімі (2005), Мәртөк ауд-ның әкімі (2006), Ақтөбе обл. басқармасының басшысы (2007) қызметтерін атқарды. Сондай-ақ Қ. «Алты ата Әлім» (1992) кітабы авторларының бірі. Қ-тың «Бұйрат», «Ақ шағыл», «Ұшан теңіз, ұлы құм», «Қырық жол» өлеңдер, «Ой өрімдері» нақыл сөздер жинағы, «Бабаларға бас ием», «Әулет әлемі», «Шаңырақ – Сексен», «Құландым – құт мекенім», «Шағала ғұмыр» атты тарихи танымдық туындылары және «Тораңғы тамыр дүние» атты сұхбаттолғаныстары, әдеби, ғыл. мақалалары, т. б. жарық көрді. 2008 ж. Қызылорда обл. әкімдігінің ұйымдастыруымен «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында 200 томдық «Сырдария кітапханасы» айдарымен Қ-тың шығармалары 1 томдық болып жарыққа шықты. Қ. 3 монография, 16 ғыл.-зерт. мақала, 1 өнертабыс куәлігінің авторы. «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлының лауреаты. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Арал ауд-ның құрметті азаматы (2018).

О.Айдаров

ҚҰТТЫБАЙ, Қу дауысты Құттыбай (шамамен 1700–1770) – би. Найман тайпасының Қаракерей руынан шыққан. Арғы аталары Жанбөбек, Нарынбайлар өз заманында әйгілі билер болған. Қ. 1760 ж. Абылай және Әбілмәмбет хандардың тапсырмасымен Бейжіңге Цинь императоры Цяньлунге қазақ елшілігін басқарып барды. Елшіліктің сапары нәтижелі болып, Қытаймен шекарадағы аймақтарға қазақтардың қоныстануына жол ашылды. Қазақ саудагерлерінің Үрімжі, Құлжа, Шәуешек қ-ларына келіп сауда жасауына рұқсат етілді. Қ-дың баласы Байғара, немересі Ақтайлақ билер де әйгілі адамдар болды. Ақтайлақ би 1773 ж. Әбілпейіз хан мен Болат сұлтанның атынан Ежең ханға елші болып барған.

Қ.Жұмаділов

ҚҰТТЫБАЙ КЕСЕНЕСІ – сәулет өнері ескерткіші (19 ғ-дың соңы). Қазалы ауд. Өркендеу а-нан оңт.-батысқа қарай 5 км жерде орналасқан. 2010 ж. Қызыл-



Құттыбай кесенесі

орда ун-ті (отряд жетекш. Ә.Ә. Тәжекеев) Жанкент археол. экспед. археол. зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ескерткіш айналасындағы күріш алқаптарының деңгейінен төмен табандықта орналасқан. Кесене күйдірілген кірпіштен тұрғызылған (26х13х6 см), көл. 11,23х9 м, биікт. 7,45 см. Кесене кіретін дәліз тәріздес бөлмеден және шаршы жоспарлы жерлеу камерасынан тұрады. Бұл бөлмелер балка және күмбезбен жабылған. Кіретін аузы оңт.-шығыс фасадында орналасқан. Кесененің сыртқы бұрыштары шаршы түрінде өрнектелген «төрт құлағы» бар. Фасадтары әр түрлі формадағы кірпіштермен өрнектелген белдеулермен безендірілген. Кесененің кіретін аузы орналасқан фасады безендірілген портал түрінде жасалынған – әр түрлі формадағы кірпішпен өрнектелген П-тәрізді бірнеше рамка арка етіп салынған. Құттыбай кесенесі сыртқы фасады өте бай безендірілген және өзіндік сипаты бар күмбезімен ерекшеленеді. Күйдірілген кірпіштен қолданылған безендіру элементтері кейіннен ағаштан жасалған түрлі композицияларда орын алады.

Ә.Тәжекеев

ҚҰТТЫҚОЖА – Жаңақорған ауд., Шалқия ауылдық окр. құрамындағы ауыл. Аудан орт. – Жаңақорған кентінен шығысқа қарай 14 км-дей жерде, Ақүйық өзінің жағасында орналасқан. Тұрғыны 1,0 мың адам (2023). Ауыл 1992 жылға дейін Ленин деп аталды. Ауылда Шалқия кенішіне қарасты кәсіпорындар орналасқан.



Құттықожа белгісі

Қ.Ахметов

ҚҰТТЫҚОЖАЕВ Ибадулла Дүйсенбайұлы (10.01.1957 ж. т., Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері, филос. ғыл. канд. (2000). Қызылорда пед. ин-тын (1979, қазіргі Қызылорда ун-ті), Мәскеу мемл. экономика, статистика және



Құттықожаев Ибадулла

информатика ун-тін (2000) бітірген. Қызылорда қ-ндағы «ОРС НОД-12» мекемесінде жұмысшы, Шиелі №181, Сырдария аудандарындағы №144 орта мектептерінде мұғалім және директордың орынбасары (1974–93), Қызылорда қалалық білім бөлімінде инспектор, қала әкімш-нде ішкі саясат бөлімінің маманы, консультант (1993–95), қалалық жастар ісі, спорт және туризм басқармасының басшысы, қала әкімш. ішкі саясат және әлеум. сала бөлімінің меңгерушісі (1996–98), қала әкімінің орынбасары (2004–07), облыс әкімдігі ішкі саясат және әлеум. сала бөлімінің меңгерушісі (1998–2004) қызметтерін атқарған. 4-, 5-шақырылған Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы (2007–16), 7-шақырылған қалалық мәслихаттың төрағасы (2021–23), «Нұр Отан» партиясы обл. бөлімшесі төрағасының 1-орынбасары (2016–19), Қызылорда агр. тех. жоғары колледжінің директоры (2019–21) болды. 2023 жылдан 8-шақырылған қалалық мәслихаттың, «Amanat» партиясының Қызылорда қалалық бөлімшесінің төрағасы. «Құрмет» орденімен (2011), бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (2016).

Қ.Омаров


ҚҰТЫБАЕВ Елтай Махмұтұлы (15.5.1934, Сырдария ауд. – 2011, Алматы қ.) – инж.-гидротехник, а. ш. ғыл. канд., Қазақстанның еңбек сің. гидротехнигі. Мәскеу қ-ндағы В.Р. Вильямс



Құтыбаев Елтай

атынд. су ш. ин-тын (1957) бітірген. «Қызылордаплотинстрой» тресінде шебер, прораб (1957–58), Қызылорда гидромелиоративтік техникумында оқытушы (1958–60), «Гидрострой» мекемесінде аға инж., бөлім бастығы (1960–63), «Казгидроводэлектро» ин-ты Қызылорда бөлімшесінің бастығы (1963–64), ғыл.-зерт. ин-тында аспирант (1964–66), обл. мелиорация және су ш. басқармасының бастығы (1966–73), «Казгипроводхоз» жобалау ин-тының директоры (1973–79), Қызылорда құрылыс өндірістік бірлестігінің бастығы (1979–81), Қармақшы ауд. атқару к-тінің төрағасы (1981–84), «Союзоргтехсельхозводопровод» тресінің бастығы (1984–90), Қазақстан ҒА-ның Қызылорда ботаника бағының директоры (1990–94) қызметтерін атқарған. Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері ин-тында кафедра меңгерушісі болды.

ҚЫДЫРОВ Жүсіп Байболатұлы (18.3.1937, Жаңақорған ауд. қазіргі Талап а. – 2.4.1983, Алматы қ.) – ақын. ҚазМУ-ды (1960, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде (1960–66), «Қазақфильм» студиясында, «Жұлдыз» журналында, «Жалын» баспасында (1966–80) қызмет атқарды. 1964 ж. «Тұңғыш кітап» атты алғашқы жинағы жарық көрді. «Таңғы сәт» (1966), «Жұлдыздарға жол» (1969), «Сәуір лебі»



Қыдыров Жүсіп

(1972), «Шынарым-шырайлым» (1974) толғау өлеңдері, «Гүлқайыр» (1976), «Жанартау – жүрек» (1978), «Жібек жел» (1981), «Мың бір күн» (1983), «Салтанатым, шеруім» (1985) атты таңдамалы өлеңдері мен поэмалары, «Үкілі домбыра» (1984) күй жинақтары жарық көрген. Ол әлем поэзиясының жұлдыздары Ә.Рудаки, Ш.Хафиз, И.К. Физули, П.Б. Шелли, А.А. Блок шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Ә. Қайырбеков

ҚЫЗЫЛЖАР – Арал ауд-ндағы ауыл, Райым ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Арал қ-нан оңт-ке қарай 120 км жерде, Сырдария өз-нің атырауында орналасқан. Тұрғыны 0,9 мың адам (2023). Іргесі 1930 жылдың басында қаланып, 1932–97 ж. балық кәсіпшілігімен айналысатын «Райым» ұжымшарының орт. болған. Оның негізінде Қызылжар және Шөмішкөл ауылдарында «Райым» ЖШС және бірнеше шаруа қожалығы құрылды.

О.Айдаров



Қызылжарма ауылы

ҚЫЗЫЛЖАРМА – ауылдық округі. 1929 ж. құрылған. Орт. – Қызылжарма а. Тұрғыны 8,9 мың адам (2023). Ауылдық округте 1950 ж. «Қарауылтөбе, «Тереңсай», «Колос», «Кооператор» ұжымшарлары болды. Қала халқын сүт, көкөніспен қамтамасыз ету мақсатында 1961 ж. «Комсомол» кеңшары құрылды. 1964 ж. ауылдық округ аумағынан Қызылорда құс ф-касы ашылып, 2007 ж. банкротқа ұшырады. 1971 ж. Қазалы ауд-ндағы а. ш. техникумының көшуіне байланысты 1977 ж. кеңшармен қосылып, совхоз-техникум болып құрылған. Шаруашылықтар 1992–97 ж. Қызылжарма ұжымдық кәсіпорны, 1997–2003 ж. «Қызылжарма Сервис» ЖШС болып құрылып, 2003 ж. банкротқа ұшырады. 1992 ж. Қ. ауылдық кеңесі Комсомол, Геолог, Александровск елді мекендері, Қызылорда қ-ның әкімш.-аум. құрамға енгізілді. 2005 ж. ауылдық округ аумағынан Геолог, Александровск елді мекендерінен, Талсуат ауылдық окр. құрылып, жоғарыда аталған елді мекендер оның құрамына қосылды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2023 ж. жаңадан 600 орындық мектептің құрылысы жоспарланған. Ауылда газ құбыры, мәдениет үйі, 280 орындық балабақша, емхана, мешіт, «Тағзым алаңы», «Аквалайн» ЖШС, т. б. бар. Жалпы 494 кәсіпкерлік субъектінің 1 ЖШС, 473 жеке кәсіпкер, 16 шаруа қожалығы және 2 а. ш. өндірістік кооперативі жұмыс істейді.

О.Айдаров

ҚЫЗЫЛЖЫҢҒЫЛ – тарихи қоныс. Облыстың солт.-шығысында, Телікөл атырабында. Сарысу мен Шу өзендерінің Телікөлге құяр жеріндегі бұл алапты көшпелі тайпалар ерте заманнан қоныстанған. Кейбір тарихи деректерге қарағанда, Сыр бойын жайлаған көне оғыз-қыпшақ жұртының астанасы Жанкент (Янгикент) шаһары осы Қ. маңында болған. Сарыарқа мен Балқаш, Алатау мен Атырауды жайлаған орта ғасырдағы көшпелі түркі тайпалары осы маңда бас қосып, кеңес құрған. Осындай тарихи оқиғалардың айғағы ретінде ноғайлы дәуірінен қалған Байғана мазары мен кейінгі 17–18 ғ-ларда Жоңғар шапқыншылығы кезінде қаза тапқан бірқатар қазақ батырдың бейіттері (Тамғалының Нұрасында) әлі күнге дейін сақталған. Жоңғар шабуылы кезінде «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұлама» оқиғасына ұшыраған қазақ рулары 18 ғ-дың алғашқы жартысында тарихта Алқакөл деген атпен қалған қазіргі Телікөл маңына келіп тоқтаған. Қ. осындай тарихи ауыр күндерде бүкіл қазақ руларының ес жиып, жоңғарларға қарсы күш біріктірген қасиетті жері ретінде мәлім. Қ. алабын 1917 жылға дейін Ұлытаудың 12 болысы мекендеді. Қоқан хандығына қарсы халық көтерілісін бастаушылар Тұрғанбай, Басықара батырлар өз жасақтарын алғаш Қ. алабында ұйымдастырған. 1916 ж. Торғай көтерілісіне Қ. өңірінен көптеген сарбаздар қатысқан.

ҚЫЗЫЛҚАЛА – ортағасырлық қалашық орны. Шиелі ауд. Бәйгекөм ст-нан 17 км жерде орналасқан. 20 ғ-дың басында Қ-ны зерттеген И.А. Кастанье «Мертвые города» деген мақаласында құнды деректер келтірген. Қалашықта күйдірілген кірпіштен, балшықтан тұрғызылған түрлі ғимарат орындары сақталған.

Д.Талеев

ҚЫЗЫЛҚҰМ – Әмудария мен Сырдария аралығындағы құмды алқап. Солт.-батысы Арал т-не, оңт.-шығысы Зеравшан аңғары мен Нұратауға ұласқан. Ауд. 300 мың км^2. Биікт. 53–300 м. Қ-ның орта бөлігінде палеозой кезеңінде пайда болған қалдық бұйратты төбелер (Бұқантау, Тамдытау, Құлжықтау) кездеседі; олардың ең биік жері 992 м. Эфемер аралас жусан, сексеуіл, жүзгін,



Қызылқұм картасы

бұйырғын, Сырдария атырауының төңірегінде тоғай өседі. Қ-ның оңт.-батыс бөлігінде грунт суының үлкен алабы орналасқан. Мәрмәр, графит, тас көмір, алтын, оңт.-батысында ірі газ кен орны бар. Көктемде Қ-да көптеген шағын өзен пайда болады. Төңірегі жыл бойы мал жайылымы ретінде пайдаланылады. Қ-ның қазақстандық бөлігін Қызылорда обл-ның әкімш. аудандары алып жатыр.

ҚЫЗЫЛҚҰМ АРТЕЗИАН АЛАБЫ – жер асты суы. Қызылорда және Түркістан облыстары аумағын, Қаратау мен Арал т. аралығын алып жатыр. Алап оңт-нің аздаған бөлігі Өзбекстан жеріне кіреді. Қазақстандағы бөлігінің аум. 115 мың км^2. Грунт сулары тау етегіндегі ысырынды конустарда, ойпаттағы өзен арналарында, Қызылқұм өңіріндегі еспе құмдарда таралған. Бор кезеңінің сенон, тұран, сеномен, альб қабаттамаларымен тығыз байланысты. Бұлардың әрқайсысының құрамында бірнеше сулы құм, құмтас қабаттары кездеседі. Қалыңдығы тау етегінен ойыс орт-на қарай 30 м-ден 300 м-ге, қалыптасқан терең. 20–30 м-ден 1770 м-ге дейін өзгереді. Ойыс орт-нда қазылған ұңғымалардан шығатын атқылама судың өнімд. 2– 70 л/с, темп-расы – 30–50°С. Геотерм. болжам бойынша Арыс ойысының ең терең бөлігінде судың темп-расы 100–110°С-қа жетеді, ал олардың болжамдық пайдалану қоры 240 м^3/с. Суларының хим. құрамы, тұздылығы тау етектерінен алыстаған сайын өзгеріп отырады. Қаратау етегіне жақын аудандарда бор қабаттарында таралған сулар тұщы (0,2–0,4 г/л), құрамы гидрокарбонатты-кальцийлі. Арал т-не қарай судың тұздылығы арта түседі. Қызылорда қ-ның тұсында минералд. 1–1,5 г/л, Арал т-нің жағалауында 3–10 г/л, құрамы сульфатты, хлорлы-натрийлі. Түркістан, Шәуілдір, Арыс елді мекендерінде терең ұңғымалардан шыққан ыстық сулардың шипалық қасиеті бар. Бор, антропоген қабаттарындағы тұщы сулар ауыз су ретінде, егіс суғаруға кеңінен пайдаланылады.

Ә.Жәкелов

ҚЫЗЫЛМАҚТАШЫ – Жаңақорған ауд-ндағы ауыл, Қыраш ауылдық окр. орт. Тұрғыны 0,9 мың адам (2023). Аудан орт. – Жаңақорған кентінен оңт.-шығысқа қарай 21 км жерде, Қаратау жотасының сайлы-жыралы келген тау алды жазығында орналасқан. Ауыл 1957–96 ж. қаракөл қойын өсіретін «Бірлік» кеңшары бөлімшесінің орт. болған. Бөлімше негізінде Қ-да шаруа қожалықтары құрылды.

Қ.Ахметов

ҚЫЗЫЛМИЯ (лат. Glycyrrhiza glabra) – бұршақ тұқымдасы мия туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қ. Қазақстанның далалы және шөлді аймақтарында, Жайық, Шу, Іле, Сырдария өзендерінің жағаларында өседі. Қ. дүниежүз. және отандық фармакологияға енген. Биікт. 30–80 см. Маусым-тамыз айларында гүлдеп, бұршақ түрінде жеміс салады. Медицинада



Қызылмия




Жаңғыртылған орталық алаң

Қ. препараттарын эликсир, сығынды, ұнтақ және қою шырын түрінде қақырық түсіретін дәрі ретінде пайдаланады.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЛАҢЫ – мәдени-демалыс орны. Жеке кәсіпкер А.Әубәкіровтың демеушілігі есебінен орталық алаңның қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Жоба құны – 1,0 млрд тг. Жоба бойынша 2024 ж.субұрқақтары аумағына тақтатастар, жолжиек тастар төселіп, жарықдиодты шамдар орнатылды. Сондай-ақ, көгалдар мен көпжылдық жасыл көшеттер отырғызылып, шағын архитектуралық пішімдемелер орналастырылды. Ы.Жақаев көшесінің Қорқыт ата көшесінен орталық алаңға дейінгі аралығы толықтай абаттандырылды.

ҚЫЗЫЛОРДА – қала, облыстың әкімш., экон. және мәдени орт. (1938 жылдан). Сырдария өз-нің оң жағалауына орналасқан. Тұрғыны 354,8 мың адам (2023). Қызылорда қ., Тасбөгет, Белкөл кенттері, Қосшыңырау, Қызылжарма, Талсуат, Қызылөзек, Ақсуат, Ақжарма, Қарауылтөбе ауылдық округтерінен, 1 қала, 2 кент. 7 ауылдық округ әкімш.-аум. бірліктен тұрады. Қала теңіз деңгейінен 126–130 м биіктікте жатыр. Аумағы өзенді бойлай оңт.-шығыстан солт.-батысқа қарай созылып төртбұрыш пішінді келген. Жер аум. 3683 га. Қаланың 17,0 га аум-н, т. ж. торлары, көліктік көшелерге 165 га, қала бақтары мен демалыс орындарына 19 га, жасыл алқабына 51 га тиесілі. Геол. тұрғыдан Қызылорда қ-ның аумағы Тұран эпигерциндік платформасы үстінде жатыр. Палеозойда қалыптасқан бұл жазықты кейде Сыр ойысы деп те атайды. Ойыстың шеткі иіндері палеозойлық қатты метаморфты жыныстармен толған. Көлденең ені 400 км. Орт-нда палеозойлық тау жыныстары 600–900 м тереңдікте жатыр. Кейіннен ойыс мезозой, одан кайнозой жыныстарымен жабылған. Шөгінді қабат үшке бөлінеді. Ең жоғ. қабатының қалыңд. 10–15 м. Бұл толығымен аллювийлі шөгінді жыныстар. Келесі құмды қабаттың қалыңд. 50–80 м. Олар негізінен көтеріңкі немесе құмды төбелер бөліктерінде жатыр. Үшінші қабат палеогеннің аяғындағы (олигоцен) теңіз саздары мен құм тастарынан тұратын жасыл сұр түсті жыныстардан тұрады. Қабат 50–80 м тереңдікте



жатыр. Қала негізі Қамысқала атты елді мекенде 1817 ж. салынған Қоқан хандығының Ақмешіт бекінісі ретінде қаланды. 1853 ж. тамызынан отарлаушы орыс әскерінің генералы В.А. Перовскийдің атымен бекініс Перовск форты аталды. 1867 ж. Перовскіге қала мәртебесі беріліп, уезд орт-на айналды. 1901–06 ж. Орынбор–Ташкент т. ж. салынуына байланысты қала халқы тез қарқынмен өсті. 1917 ж. 30 қазанда (12 қараша) Кеңес өкіметі Қазақстанда бірінші болып Перовскіде орнады. 1922 ж. қаланың Ақмешіт атауы қайтарылғанымен, 1925 жылдың сәуірінде Қызылорда деп қайта өзгертіліп, Қазақ АКСР-інің астанасы мәртебесі берілді (1929 жылға дейін). Қалада 1926 ж. 13 қаңтарда Қазақ драма театры (Қазақ мемл. академ. театры) ашылды. Денсаулық сақтау, білім беру орындары көбейді. 1938 ж. облыс орт-на айналды. 20 ғ-дың 30-жылдары қалада электр ст., диірмен, наубайханалар, балық өңдеу, күріш, кірпіш з-ты жұмыс істеп тұрды. 2-дүниежүз. соғыстан кейінгі жылдары аяқ киім ф-касы, ет, астық өнімдері комб-тары, сүт, целлюлоза-картон з-ттары, тоқылмайтын маталар ф-касы іске қосылды. 1956 ж. қала іргесіндегі Тасбөгет кенті жанынан су бөгеті салынды. 1974 ж. «Қызылордакүрішмаш» з-ты іске қосылды. Көптеген оқу орны мен мәдениет ошақтары ашылды.









1996 ж. 8 қазанда ҚР Президентінің Жарлығымен «Қызылорда арнайы экономикалық аймағы» (АЭА) құрылды. Оның бағдарламасы бойынша қалада жекешелендіру, акционерлендіру, инвестиция тарту секілді жұмыстар жүргізілді. Түрлі меншік иеліктері, шағын және орта бизнес кәсіпорындары мен мекемелері құрылды. Өнеркәсіп, сауда, байланыс қатынастары ретке келтірілді. Экономиканың жандануы мемлекет және қала бюджетіне түсетін қаржы сомасын арттырды. Қала бойынша негізгі сала – өнеркәсіп өнімінің көлемі жылдан-жылға өсуі байқалды. Өнеркәсіп өнімдерінің көл. 2001 ж. 44,4%-ға артты. Экономикадағы тағы бір жетістік – «қара алтынды» қызылордалықтардың игере бастауы еді. 2000–01 ж. «Ай-дан» және «ҚуатАмлонМұнай» терминалдарының іске қосылуы облыс экономикасының дамуына, әлеум. саланың гүлденуіне зор үлес қосты. 2004–07 ж. Қызылорда қ-н сәулеттендіру бағытында айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Облыс орт-нда халыққа қызмет ету орт., қаланың оңт. аймағында «Сәулет» шағын ауд-нда 50 пәтерлік 2 тұрғын үй салынды. Қала мен кенттердің инфрақұрылымын түбегейлі жаңартуға нақты бетбұрыс жасалды. Жер асты суларын ел игілігіне пайдалануға және аймақты газдандыруды одан әрі жалғастыруға күш салынды. 2008 ж. энергетика саласын дамыту басым бағыт ретінде айқындалды. 2009 ж. қалада индустр.-инновац. даму стратегиясы шеңберінде жалпы құны 1 207 млн теңге болатын 5 жоба іске қосылды. Облыс орт-нда «Мұз айдыны», Бейбарыс сұлтан көшесінің бойынан әсем де сәулетті обл. мекемелер үйі, Т.Жүргенов атынд. шығарм. үйі, дарынды балалар мектебі пайдалануға берілді. Қалада сонымен бірге астық өнімдері және азық-түлік, тағам бағытында «Береке-Нан», «Жайна», «Ісмер» АҚ-лары жұмыс істейді. Сондай-ақ «Айдан», «Аңсар», «Айжан», «Бабас», «Бастау және К», «Бейбарыс», т. б. өндіріс кәсіпорындары, АҚ-лар мен кәсіпорындар халыққа қызмет көрсетеді. Қаладағы көлік қатынасын Қызылордa автобус паркі, «Салтанат» ЖШС жүргізеді. Кейінгі жылдары қаланың архит. келбеті жаңарып, тарихи орындар қайта жаңғыртылды. Жаңа әуежай, аквапарк, сарқырама каналы, аспалы көпір, «Сыр самалы» жағажайы, Достық үйі, Халыққа қызмет көрсету орт., обл. архив, облыс әкімдігі, Назарбаев зияткерлік мектебі, «Orda Shool», «Сырдария-Ақмешіт» мешіті, «Жастар орталығы», Қызылорда қ-ның тарихы музейі, «Аманат» партиясы қалалық бөлімшесінің ғимараты, «Неке сарайы», «Анаға тағзым» орт-ның ғимараттары, «ҚР Тұңғыш Президенті», «Батырхан Шөкенов» саябағы, қалалық мәдени демалыс паркі, «Сыр ана» монументі, «Ана мен бала» орт., «Ағжан» «SMALL», «Мадпит», «Жібек жолы», «Қызылорда», «Астана Плаза», «Ажар» сауда орындары, инж. коммуникациялар жүргізілген «Бәйтерек» ауд., Астана-1, 2, 3, Арай-1, 2, 3, Нұр Орда шағын аудандары, сол жағалауды игеру мақсатында әлеум., көп пәтерлі тұрғын үй құрылыстары, шыны з-ты, бес жұлдызды «Сұлтан Плаза», «Достық», «ROSSO», «Селен Стар», «Квант», «Мереке», «Береке», «ZHALAGASH TOBE», «Vangogh», «Rema», «Sirdaria», «Арай», «Бәйтерек», «Айорда», «Nomad Palase» қонақүйлері, «Еуразия», «Мұз айдыны», «Сейхун», «Нұр сәт», «Тарлан» спорт кешендері, тұрғын үй ауларына спорт алаңдары салынды. Саяси қуғын-сүргін құрбандары, Өрт сөндіруші өрендер, Сыр бойының батырлары, Ауған соғысы, Семей ядролық полигоны, Чернобыль апатының құрбандары, «Жазушылар композициясы» (Қ. Мұхамеджанов, Ә.Тәжібаев, З.Шүкіров), «Қаламгерлер аллеясы», Жалаңтөс, Қобыланды, Текей, Жанқожа, Келменбет, Бұқарбай батырларға, А.Иманов, Ғ.Мұратбаев, Мұстафа Шоқай, М.Әуезов, Р.Бағланова ескерткіштері, Қорқыт Ата мүсіні, Абылай хан, Ы.Алтынсарин, Т.Жүргенов, Ы.Жақаев, А.Тоқмағамбетов, М.Мәметова, Ә.Молдағұлова, М.Әуезов, З.Шүкіров, С.Қожанов, С.Әлжіков, Ж.Қизатов, Ш.Есенов, Т.Есетов, С.Ескараев, М.Ықсанов, Ә.Тәжібаев, Е.Әуелбеков, М.Сужиков, С.Шаухаманов, К.Каракөзов, С.Арыстанбаев, Ә.Мүсілімұлы, т. б. қайраткерлердің бюсттері, Қорқыт Ата кітабының 1300 жылдығына, Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған ескерткіш белгі орнатылған. Қаланың өнеркәсіп кәсіпорындары 2023 ж. қаңтар-қазан айларында 533 034,4 млн теңгенің өнеркәсіп тауарларын, кен өндіру өнеркәсібі 417 203,6 млн теңгенің өнімін өндірді. Осы мерзімде 2793,4 мың т мұнай өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 90,1% болды. Табиғи газ өндіру 359,8 млн м^3, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 101,8%-ға жетті. Өңдеу өнеркәсібінің өнім көл. 82 972,2 млн теңге, 106,1%-ды көрсетті. Есепті мерзімде резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру 105,9%, мұнай өңдеу өнімдерін өндіру 103%, машина жасау саласы 119,5%-ға артты. Негізгі капиталға салынған инвестиция көл. 2023 ж. 232 900 млн теңгеге жетіп, 108,7% болды. Қала бюджеті 2023 ж. 95 100 млн теңгемен қорытындыланды. Құрылыс жұмыстарының көл. 69 211 млн теңге, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 111,2%-ды құрады. Құрылыс саласының облыстағы үлесі 55,4%. 2023 ж. қалада 28 көп қабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Жеке инвесторлар қаражаты есебінен 10 көп қабатты тұрғын үй құрылысы салынуда. Сырдария өзінің сол жағалауынан халықтың әлеум. осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 634 пәтер сатып алынды. Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауд. 392 529 м^2, бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 123,1%-ға артты. Қала бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 34 018, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 14,3%-ға артты. Жыл басынан бері 1253 жаңа жұмыс орны ашылды. Қазіргі уақытта білім беру саласында 242 балабақша, 55 мектеп, 19 кәсіптік тех. білім беру ұйымы, 3 жоғары оқу орны, денсаулық сақтау ұйымдарында 15 аурухана, 7 емхана, 4 мәдениет үйі, 1 кенттік, 5 ауылдық, 1 зағип-



тар клубы, оқушылар сарайы, өнер мектебі, т. б. халыққа қызмет көрсетуде.

Қ.Омаров

ҚЫЗЫЛОРДА АГРАРЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ – білім беру ұйымы. Колледждің құрамына бірнеше оқу орындары біріктірілген: 1) 1930 ж. ашылған агро-индустр. техникум. Ол сол жылы Қызылорда а.ш.техникумы, 1959 ж. Қазалы а. ш. техникумы деп аталды. Осы техникум 1977 ж. Қазалыдан Сырдария ауд-ның «Комсомол» кеңшарына көшірілді; 2) 1947 ж. ашылған Қызылорда гидромелиоративтік техникумы (1969 жылдан политехникум); 3) 1979 ж. ашылған Қызылорда т. ж. көлігі техникумы. ҚР Мин. Кабинетінің қаулысымен 1997 ж. 8-мамырда Қызылорда а. ш., политех. және т. ж. көліктері колледждерін біріктіруі арқылы Қызылорда агр. тех. колледжі құрылды. Колледжге 2003 ж. мемл. және қоғам қайраткері Соц. Еңб. Ері, соғыс және еңбек ардагері И.Әбдікәрімовтың есімі берілсе, 2017 ж. жоғары колледж мәртебесіне ие болды. Колледж 2016 жылдан бастап жоғары оқу орындарымен, ТМД және шет елдердің ун-ттерімен байланыс орнатқан. 2015–19 жылдарға арналған Мемл. индустр.-инновац. даму бағдарламасының сұранысы аясында еліміз бойынша біліктілігі жоғары мамандарды даярлайтын базалық 10 колледждің қатарында болды. Облыстағы тех. және кәсіптік білім беру оқу орындарының арасында «Үздік колледж – 2019» номинациясының жеңімпазы. Бүгінгі таңда колледждің 40 мамандық, 45 біліктілік бойынша лицензиясы бар. Қазіргі кезде 28 мамандық бойынша мамандар даярлануда. Студенттердің кәсіби білім деңгейін жоғарылату үшін колледжде 191 оқытушы (1 ғылым докторы, 3 ғылым кандидаты, 40 ғылым магистрі, т. б.) дәріс береді, оның ішінде 60%-ы жоғары және 1-санатты оқытушылар. Колледжде 1800 оқушыға арналған 2 оқу ғимараты, 200 орындық жатақхана, 2 спорт залы, тренажер-атлетика залы, 150 орындық асхана және 230 орындық акт залы, 111 992-ден астам кітап қоры бар кітапхана, 100 орындық оқу залы, тех. оқу-құралдарымен 27 зертхана және 98 оқу кабинеті, токарлық, слесарлық, пісіру, ағаш өңдеу бойынша 6 оқу шеберханасы, 150 га оқу-өндірістік полигоны бар.



Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі

О.Айдаров

ҚЫЗЫЛОРДА АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ – жоғары білім беру ұйымы. 1998 ж. Қызылорда инж.-экон. ин-ты болып ашылып, 2009 ж. «Ақмешіт» гуманит.-тех. ин-ты, 2022 ж. Қызылорда тех. және қызмет ин-ты болып қайта құрылды. 2023 ж. 10 ақпанда «Қызылорда ашық ун-ті» білім беру мекемесі болып қайта тіркеуден өтті. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау бағытында және ун-ттің материалдық-тех. базасын нығайтуда жүйелі жұмыстар атқарылуда. Бүгінде білім ордасы 23 білім беру бағдарламасы бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім мин. лицензиясына сәйкес білім беру қызметін жүргізеді. Ун-тте 98 проф.-оқытушы жұмыс істейді, оның 54-інің атақ-дәрежесі бар. Білім алушыларға заман талабына сай барлық қажетті жағдайлар жасалған. Сыртқы академ. ұтқырлық бойынша Түркия, Корея Республикасы, Польша, Болгария, Беларус ун-ттерінің проф.



Қызылорда ашық университеті

дәріс оқиды. Ун-т түлектері экономиканың түрлі салаларында еңбек етуде. Қ. а. у. 5 жыл мерзімге (2022–2027) Қазақстанның заманауи (элиталық) білім ассоциациясының (KAZSEE) институционалдық және білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеуінен өткен.

Қ. Бисенов

ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы. Ун-т тарихы Сыр өңірінде 1995 ж. ашылған Мәскеу халықар. бизнес және ақпараттық технол. ун-ті бөлімшесінен бастау алады. Жоғары оқу орны әр жылдары Л.Гумилев атынд. Еуразия ұлттық ун-тінің бөлімшесі (1998–2001), дербес Қызылорда экономика, статистика және информатика ун-ті (1999) ретінде жұмыс істеп, 2001 ж. «Болашақ» ун-ті болып құрылды. Қазіргі кезде кадрларды даярлау 45 бакалавриат, 6 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. Білім алушылар контингенті 4 104 адам. Штатта 204 проф.-оқытушы қызмет етеді, оның 51%-ының ғыл. дәрежесі бар. Ғыл.-зерт. жұмыстары 2 ғыл.-зерт. ин-ты («Болашақ», Арал-Сырдария бассейнінің экологиясы және биоресурстары), 4 ғыл. орт. базасында ұйымдастырылған. Ун-т алыс, жақын шет елдің 28 жоғары оқу орны және ғыл. орт. келісімшарт жасасқан. Ресей (Санкт-Петербург, Тула, Мәскеу), Өзбекстан (Ташкент), Швеция (Лунд ун-ті) елдерінің проф. ун-тте дәріс оқиды және ондаған шет ел азаматы білім алуда. Сыртқы академ. ұтқырлық бойынша Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай және Ресейдің жоғары оқу орындарында ун-ттің проф.-оқытушылары дәріс оқыса, білім алушылары ғыл. тағылымдамадан өтеді және белгілі бір академ. кезеңде оқиды. Сырдарияның сол жағалауында орналасқан «Болашақ» ун-тінің кампусы 2019 ж. пайдалануға берілді, оның жалпы аум. 11 га. Заманауи технол. жасақталған 14 қабаттық оқу ғимаратында студенттер білім алады. 2020–21 оқу жылында заманауи 378 және 444 орындық 2 Студенттер үйі (инвестициялық құны: 615 млн теңге және 782 млн теңге), 2021–22 оқу жылында 2260 ш. м. құрайтын түрлі спорттық секциялар (бассейн, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, бокс, күрес залы, фитнес, тренажер залдары, т. б.) ұйымдастыруға арналған спорт кешені (инвестиц. құны 271 млн теңге) іске қосылды. «Болашақ» конгресс холы (1200 орындық) мен типтік ашық стадион құрылысы (инвестиц. құны 62 млн теңге) аяқталуға жақын. Ун-т балансында 4 оқу ғимараты, 2 Студенттер үйі, 2 колледж, спорт кешені, қала



Қызылорда «Болашақ» университеті



Қызылорда қаласының автовокзалы

сыртында орналасқан 2 оқу полигоны (жер телімі 134 га) бар.

О.Айдаров

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ АВТОВОКЗАЛЫ – ғимарат. Қызылорда қ-ның сол жағалауында 2023 ж. салынған. Мұнда ірі сауда және тамақтану орындары, тұрмыстық қызмет, қоймалар, көлік жөндеу цехтары орналасқан. Жаңа автовокзалда 55 автобус маршруты (124 рейс): Ташкент қ-на 1 халықар. рейс, 46 ауданаралық, Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе және т. б. қ-ларға 8 маршрут жолға шығады. Нысан жаз мезгілінде күніне 3,7 мыңнан астам, қыста 1,0 мыңнан астам жолаушыға қызмет көрсетеді.

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ МУЗЕЙІ – ғимарат. Қазақ АКСР-інің астанасы болған Қызылорда қ-ндағы бұрынғы Қазақ Орт. атқару к-ті ғимаратының сызбасы негізінде 2018 ж. Сырдария өз-нің сол жақ жағалауында салынған. Қ. қ. т. м. ретінде қайта жаңғырып, ел игілігіне берілді.

«KYZYLORDA ARENA» СТАДИОНЫ – заманауи спорт нысаны. Қызылорда қ-нда салынуда, 10 мың адамға арналған, ауданы – 19 942,9 м^2. Жоба құны – 20,6 млрд тг. Ғимарат аумағы бокс, күрес, ауыр атлетика, йога, гимнастика-акробатика, сауықтыру-дене шынықтыру, жаттығу, футболшылардың жаттығу залдарың мен 260 орындық фудкорт кафені біріктіреді. 2024 ж. басталып, 2025 ж. аяқталады.

ҚЫЗЫЛОРДА КӨПФУНКЦИОНАЛДЫ СПОРТ АРЕНАСЫ – кешенді спорт нысаны. Қызылорда қ-нда салынуда. Жалпы алаңы – 14 000 м^2. болатын кешенде 2 мың көрермен сиятын әмбебап арена, 50 м-лік олимпиадалық бассейн, жекпежек жаттығу өткізетін зал және хореография залы қарастырылған.



Халықаралық стандарттарға сай «Kyzylorda Arena» стадионы



Қызылорда көпфункционалды спорт аренасы



Қызылорда қаласының тарихы музейі



Облыстық тарихи-мәдени мұра орталығы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ОРТАЛЫҒЫ – өңірдің рухани мұрасын сақтап, насихаттайтын тарихи мәдени мекеме. Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың бастамасымен Қызылорда қ-ның сол жағалауында салынуда. 2 қабатты, жалпы аумағы – 3 255, 2 м^2. Жоба құны – 1,6 млрд. тг. 2024 ж. пайдалануға беріледі. Орталықтың залдарына орналастырылған өлкеміздің құрылу тарихы, өнеркәсібі мен а.ш., мәдениет пен спорт, ғыл.-білім, мед. салалары бойынша жетістіктерін айғақтайтын экспозициялар заманауи арнайы панорамалар, диорамалар, витриналар, LED экрандар арқылы келушілер назарына ұсынылады.

ҚЫЗЫЛОРДА МЕДИЦИНА КОЛЛЕДЖІ – білім беру ұйымы. Орта буын мед. мамандарымен қатар «Мейірбикелік іс» білім беру бағдарламасы бойынша қолданбалы бакалаврлар даярлайтын респ. кәсіптік оқу орнының бірі. Қазақ АКСР Денсаулық сақтау халық комиссариатының 1928 ж. 15 тамыздағы бұйрығымен «Әйелдер бөлімінің 10 жылдығы» атынд. қазақтың мед. акушерлік техникумы болып ашылды. Техникумның негізгі бөліміне республиканың әр түкпірінен келген 30 қыз қабылданды. 1933 ж. 41 тұңғыш түлегі бітіріп шықты. Осы жылы техникум фельдшерлік-акушерлік мектеп болып өзгертілді. 1934 ж. венерол. аурулармен күрес мамандарын даярлайтын болды. 1940 ж. 15 желтоқсанда оқу топтары қысқартылып, дайындық бөлімдері жойылды. 2-дүниежүз. соғысқа арнайы фельдшерлер дайындалды. 30-ға жуық білім алушы майданға аттанды. Оқу орны 1954 жылдан Қызылорда мед. уч-щесі, 1996 жылдан Қ. м. к. болып аталды. 2016 жылдан Қызылорда мед. жоғары колледжі статусына ие болды. Бүгінге дейін 30 мыңнан астам орта буын мед. мамандар мен бакалаврлар даярланды.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СИМФОНИЯ ОРКЕСТРІ – муз. ұжым. Қызылорда обл-ның әкімі Н.Нәлібаевтың қолдауымен 2023 ж. 1 шілдеде ашылды. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері қызметіне Қазақстанның еңбек сің. қайраткері М.Әмзе тағайындалды. Ұжымның (50 адам) музыкант артистері бөлігін Қазақ ұлттық консерваториясы, Қызылорда ун-ті



Қызылорда медицина колледжі



Қызылорда облыстық симфония оркестрі

мен Қызылорда жоғары музыка колледжінің түлектері құрайды. Оркестр репертуарына Батыс Еуропа және Қазақстан композиторларының танымал шығармалары енген.

Қ.Омаров

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ – обл. әкімінің 1992 ж. 25 мамырдағы №104 шешімімен мекеме Тарихи, мәдени мұраларды қорғау, қайта қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі обл. мемл. инспекция болып құрылды. Обл. әкімінің 19.06.2002 ж. №266 қаулысымен обл. тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мемл. мекемесі болды. Мекемеде 1992–2009 ж. 3 қызметкер, 2010–2014 ж. 7 қызметкер, 2015 жылдан 25 қызметкер жұмыс істеп келеді. «Археология», «Тарихи-мәдени мұраларды қорғау» бөлімдері бар. Обл. көлемінде 561 тарихи-мәдени мұра объектілері мемл. қорғауына алынған, олардың 31-і респ., 256-сы жергілікті маңызы бар объектілер. 274 нысан тарихи-мәдени мұра объектілерінің алдын-ала тізіміне енгізілген.

Ж. Нұржақыпова

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ФИЛАРМОНИЯСЫ – 1938 ж. ашылған ақын Н.Бекежановтың жетекшілігімен концерттік бюросы негізінде, Қазақ КСР Мәдениет мин-нің 1972 ж. 16 қарашадағы бұйрығымен құрылған. Филармонияда түрлі жанрдағы 8 өнер ұжымы – «Томирис» би ансамблі (2001), Тұрмағамбет атынд. халық аспаптары оркестрі (2007), «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі (2009), «Сыр самалы» вокалды-аспапты ансамблі (2009), «Тұран» триосы (2006), «Әдемі» балалар музыкалық театр-студиясы, «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі (2020), симфония оркестрі (2023) жұмыс істейді. Өнер ұжымдары Ұлыбритания, Босния-Герцеговина, Сербия, Венгрия, Біріккен Араб Әмірлігі, Түркия, Өзбекстан, Әзірбайжан, Ресей, Татарстан, Түркіменстан елдерімен АҚШ-тың Нью-Йорк, Вашингтон қалаларында шығармашылық сапарда болған. Бүгінде өнер ордасында респ. танымал әншілер Қазақстанның еңбек сің. әртісі К.Қалымбетова, ҚР мәдениет қайраткері Ү.Медеуова, мәдениет саласының үздіктері И.Елубаева, Р.Ысқақова, Г.Әлиханова, Б.Молдабергенов сынды эстрадалық орындаушылар мен Сыр елінің музыка өнерін әлемдік сахналарда насихаттап жүрген «Құрмет» орденінің иегері С.Байсейтова, М.Мақұлбеков, А.Иманжаппаров, С.Тасбергенова, А.Табынбаев, М.Аманжолов, А.Шадаев, т. б. кәсіби өнер майталмандары қызмет атқарады.



Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесі

Ж. Нұржақыпова

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ ЖӘНЕ МӘДЕНИ-ПРОДЮСЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ – 1958 ж. Қазақ КСР-і Мәдениет мин-нің қаулысына сәйкес обл. халық творчествосы үйі болып ашылған мекеме. Алғашқы уақытта құрамында 3–4 адамы бар қоғамдық негіздегі мәдени-үгіт тобы ретінде ауылдарды аралап еңбекші, егіншілерге арнап өнер көрсетсе, 1958–60 ж. өз алдына шығарм. үй, 1980 ж. обл. халық творчествосы мен мәдени-ағарту жұмыстарының ғыл.-метод. орт., 1999 ж. Обл. халық шығарм-ғын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы болып қайта құрылды. Сыр өңірінің рухани өмірі, мәдени өрлеуі мен Сыр өнерінің өзіндік өрнекпен дамуында халық шығарм. дамыту ор-ның үлесі мол. Қазіргі таңда орта 6 бөлім жұмыс істейді. Орт. ұйымдастыруымен түрлі деңгейде байқау-конкурстар, фестивальдер, ақындар айтыстары, жыр мүшәйралары мен балалар шығарм-ғына арналған өнер сайыстары өткізіліп келеді. Орт. ҚР Мәдениет және спорт мин-нің ұйымдастыруымен өткізілген «Рухани қазына–2019» мәдениет және өнер саласы қызметкерлерінің республикалық фестивалінде «Ең үздік облыстық халық шығармашылығы орталығы» номинациясын жеңіп алып, арнайы дипломмен марапатталды.



Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы



Достық үйі

Ж. Нұржақыпова

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – консультативтік-кеңесші орган. Обл.: «Ватан» татар (1991), «Вайнах» шешен (1995), «Славяне» (1997), «Wiedergeburt» неміс (1998), «Понтийліктер» грек, Түрік (2004), «Дослык» өзбек, «Lew ami» еврей (2006), «Қырғыз» (2010) этномәдени бірлестіктері, Обл. корейлер ассоциациясы (1989), Қазақстандағы орыс қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда бөлімшесі (2007) – барлығы 11 этномәдени бірлестік жұмыс істейді. Олар Достық үйінде қоныстанған.

Қ.Омаров

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫ – өнер ордасы. Н.Бекежанов атынд. қазақ академ. муз. драма театрының негізі 1955 ж. Талдықорған қ-нда қаланған. 1960 ж. Қазақ КСР Мәдениет мин-нің наурыз айындағы қаулысымен театр Сыр өңіріне қоныс аударып, шымылдығы Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» трагедиясымен ашылды. Театрға 1967 ж. Бекежановтың есімі, 1997 ж. муз. театр, 2019 ж. академ. мәртебесі берілді. Қазіргі уақытта театр сахнасында көрерменге қазақ және шет ел авторларының 60-қа жуық спектаклі ұсынылған. Театр ұжымы 2005 ж. Қазан қ-ның 1000 жылдық мерейтойына арналған түркі халқы театрларының халықар. «Наурыз» фестивалінің лауреаты атанды. 2010 ж. Алматы қ-нда өткен Орт. Азия мемлекеттерінің 3-халықар. театр фестиваліне Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» драмасымен қатысып, «Саяси-әлеуметтік тақырыпты көтергені үшін» номинациясын жеңіп алды. 2012 ж. Түркияның Кония қ-нда өткен «Мың тыныс және бір дауыс» түркі тілдес театрларының халықар. фестиваліне Тургай Нардың «Төбекөз» спектаклімен қатысып, арнайы дипломмен марапатталды. 2014 ж. Қызылорда қ-нда С.Майқановаңың 100 жылдығына арналған Қазақстан драма театрларының 22-респ. фестивалі ұйымдастырылып, оған М.Әуезовтің «Қаракөз» трагедиясы



ұсынылып, «Сахналық актерлік ұзақ ғұмыр» номинациясымен Б.Алпысбай, «Үздік сценографиялық шешім» бойынша қоюшы-суретші С.Пірмаханов жүлдегер атанды. Театр ұжымы 2014 ж. Ұлыбританияның астанасы Лондонда алғаш рет қазақ тіліндегі спектакльді сахналады. 2017 ж. Әзербайжанда өткен Қызылорда обл-ның мәдениеті мен өнері күндері аясына М.Ф. Ахундзаденің «Кетпейсің, болды, кетпейсің…» комедиясы Баку және Шеки қ-лары көрерменіне ұсынылды. 2018 ж. Шотландияның Эдинбург қ-ндағы халықар. «Фринж» өнер фестиваліне Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» пьесасының желісі бойынша сахналанған «Ақбаян» драмасымен қатысып, спектакль реж. Х.Әмір-Темір, артистер З.Төлепова және Қ.Архабаев Еуропаның «Алтын кітабына» енгізіліп, ал театр ұжымы дүниежүзінің өнер фестивальдеріне «Еркін қатысуға» құжат алды. Талдықорған қ-нда өткен Астананың 20 жылдығы, сондай-ақ мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 120 жылдығына арналған Қазақстан және Орт. Азия елдерінің 7-халықар. театр фестиваліне Р.Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» драмасымен қатысып, үш номинацияны бірдей иеленді. 2022 ж. Ақтау қ-ндағы 2-халықар. «Abish alemi» театр фестиваліне У.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» спектаклін ұсынды. «Нартайдың бүлдіршіндері» қуыршақ тобы Ақтөбе қ-ндағы «Ассалаумағалейкум – 6» халықар. қуыршақ театрларының фестиваліне Қ.Бегмановтың «Ұр, Тоқпақ!» спектаклімен қатысып, арнайы номинацияны иеленді. Сыр өңірінің жетекші бұл театрында Қазақстанның еңбек сіңл. артисі Б.Алпысбаев, ҚР-ның еңбек сіңл. қайраткерлері Х.Әмір-Темір, К.Әбжанова, З.Төлепова, Б.Темірбеков, ҚР-ның мәдениет қайраткерлері Б.Ботбаев, А.Артықбаева, «ҚР-ның мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегерлері А.Байдалиева, Қ.Айтжанова, З.Көздібаева, Ұ.Баймаханов, С.Әбдіразақов, К. Жанмұратова, Н.Шналиев, М.Пұшпақова, А.Көшімбаев, Е.Асанов, А.Тулеуова, Г.Дәужігітова, А.Оразалиев, Б.Ошақбаев, Қ.Архабаев, С.Жүзбай, Е.Мамуов, З. Кенжеәлі, С.Бисеналиев, Қ.Құрманбеков, О.Аманов, т. б. артистер еңбек етеді.

Б.Алпысбай, Д.Әлібеков

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ РАДИОСЫ – мемл. мекеме. 1928 ж. 14 қарашада құрылған. Қызылорда обл-нда 1938 ж. радио нүктелердің саны 2 мыңға жуық болса, ал 1990 жылдары 188 мыңға жетті. 1960 жылдары радиохабарға Ә.Мырзахметов, Н.Оспанов, Ә.Шабақов, Т.Елемесов, А.Тоқмағамбетов, Ж.Шөкенов, Д.Айдаров, т. б. басшылық етті. 1958–63 ж. обл. радиохабар тарату саласында 20–30 адам жұмыс істеді. Материалдар үш – қазақша (70%), орысша (20%), корей тілдерінде (10%) таратылды. Алғашында аптасына 1 рет 1–2 сағаттан, кейін күнде әуе толқынына шығып тұрды. 1964 ж. обл. радио ел күрішшілерінің бүкілодақтық үндеуіне бастамашы болып, Қызылорда қ-н Шымкент, Көкшетау, Талдықорған қ-ларымен, Қарақалпақстанмен байланыстырған тұрақты көпірге айналды. 1967 ж. КСРО көлемінде алғаш өткізілген радио қызметкерлердің 1-аймақтық кеңесінде Қызылорда радио журналистерінің жұмыс тәжірибесі кеңінен талқыланып, республика бойынша таратылды. Сонымен қатар магнитті пленкаларды электронды монтаждау әдісі алғаш рет Қызылорда радиосында қолданылды. 2004 ж. желтоқсанда Қ. обл. р-ның жұмысы тоқтады.

Б.Бердібаев

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ – мәдени орт. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасы ұйымдастыру к-тінің 1939 ж. 7 ақпандағы қаулысымен құрылған. Алғашқы жылдары өз жұмысын өлке тарихы мен табиғатын зерттеуден бастаған музей 1890–96 ж. салынған Қазан-Богородтық шіркеуінде орналасты. 1980 ж. музей 20 ғ-дың 50-жылдарында салынған бұрынғы қонақ үйдің екі қабатты ғимаратына көшірілді. 2005 ж.



Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі

Ақмешіт музейі, 2014 ж. С.Айтбаев атынд. көркем-сурет галереясы музейдің филиалы ретінде ашылды. 2015–16 ж. толыққанды реэкспозиц. жұмыстар жүргізілді. Музей Сыр өңірінің ежелгі заманнан бүгінге дейінгі тарихы мен мәдениетінен мол мәлімет беретін 11 экспозиц. – Қасиетті Қазақстан, археология, этнография, Кеңес өкіметі, мәдениет пен өнер, облыс экономикасы мен а. ш., 2-дүниежүз. соғыс жылдары залдарынан тұрады. Қазіргі уақытта музей қорында 65636 экспонат бар, оның 8000-нан астамы музейдің экспозиц. залдарында орналасқан. Ондағы ең құнды жәдігерлер – «Шірік-Рабат сақ жауынгері», «Сығанақ ақсүйек әйелі» реконструкциялары, ортағасырлық Жанкент, Сығанақ, Жент, Қышқала қалашықтарынан табылған археол. бұйымдар, 19–20 ғ-лардағы Сыр бойы қазақтарының этногр. бұйымдары, сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар, т. б.

С.Көзейбаев

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІ – мемл. мекеме. Қазақ АКСР ХКК-нің 1928 жылғы 11 қыркүйектегі шешімімен бірқатар орт. мекемелер, оның ішінде Орталық мемл. архив Алматы қ-на қоныс аударды. Сол жылдың қараша айында Қызылорда архив бюросы құрылып, 1938 ж. 5 сәуірде ол обл. мемл. архив аталып, ал 1940 ж. 1 қаңтарда обл. партия архиві ұйымдастырылды. 1938–60 ж. обл. архив органдары Ішкі Істер Халық комиссариатына қарады. Қазақ КСР Мин. кеңесінің 1960 жылғы 17 маусымдағы №548 қаулысымен архив органдары еңбекшілер депутаттары кеңесі атқару к-ттерінің қарамағына өтті. Қазақ КСР Мин. кеңесінің 1963 жылғы 21 мамырдағы №469 қаулысымен обл. мемл. архивінің «Арал аудандық архиві» бөлімшесі құрылды. Қазақ КСР Мин. кеңесінің 1985 жылғы 15 шілдедегі №248 қаулысына сәйкес обл. жеке құрам бойынша ауд. шаруашылық есептегі архивтері ашылып, 1992 жылға дейін олар 6 аудан мен Қызылорда қ-нда жұмыс істеп тұрды. Обл. партия архиві 1992 ж. облыстың мемл. архивіне қарап, Қызылорда обл. мемл. архивінің бөлімшесі болды. Обл. архив жүйесіне 11 архив, атап айтқанда обл. мемл. архиві, оның «Қоғамдық саяси тарих архиві» бөлімшесі (бұрынғы партия архиві), Қызылорда, Байқоңыр қ-лары, Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарының архив бөлімшелері енді. 2018 ж. сыйымд. 600 мың сақтау бірлігіне арналған жаңа типтегі 5 қабатты обл.



Қызылорда облысының мемлекеттік архиві

мемл. архивінің ғимараты пайдалануға берілді. Жаңа ғимарат құжаттардың сақталуын қамтамасыз ететін мобильдік стеллаждармен, заман талабына сай архивтік құрылғылармен қамтамасыз етілген. Архив қорларында 1890–1920 жылдардағы мешіт, шіркеу кітаптары, уездік, обл., қалалық кеңестер мен атқару к-ттерінің 1917 жылдан кейінгі тарихи, сондай-ақ бастауыш партия, комсомол ұйымдары, мекемелер, кәсіпорын-

дардың басқару-әкімш. құжаттары, Орынбордан Қызылордаға ауыстырылған материалдар, 1925–27 ж. Қызылорда қ-ның астана болуы, «Қосшы», мұғалімдердің 1-одағы, т. б. құрылуы, басшылық жұмыстарға әйелдерді тарту, сауатсыздықты жою, 1938 ж. облыстың құрылуы, 2-дүниежүз. соғыс жылдарында эвакуацияланған өнеркәсіптер және тәуелсіздік жылдарындағы тарихи, облыстың әлеум.-экон. дамуына үлес қосқан тұлғалардың жеке тектік, сонымен қатар бейне-, аудио-, фото, т. б. құжаттар сақталған. Архив ұйымдары «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе үзінділерді беру» мемл. қызмет түрін көрсетеді. Облыс архивінде 3590 қор, 800 мыңға жуық сақтау бірліктері (іс-құжаттар) мемл. есепке алынған. 2010 жылдан мемл. сақтаудағы құжаттар цифрлік нұсқаға ауыстырылуда. Қазіргі уақытта архив құжаттарының 28 %-ы цифрленген.

ҚЫЗЫЛОРДА СУ ТОРАПТАРЫ – гидротех. нысандар. 1) Қызылорда су торабының оң жақ каналы, бастауын Сырдария өз. арнасында салынған бөгет (1957, Қызылорда қ-нан шығысқа қарай 12 км) маңынан алып, өз-нің оң жақ бойымен Қармақшы ауд-на дейін созылады. Ұз. 80 км, ені 20, кейде 40–80 м. Тереңд. 5–12 м. Су ағымы каналдың басында 48 м³/с. Канал бойында бірнеше бөгет, көпірлер бар. Сырдария өз-нің оң жақ бойындағы өңірдің а. ш-н дамытуда бұл каналдың маңызы зор, оның суымен күріш, жем шөптік дақылдар егілетін 60 мың га шамасында жер суарылады. 2) Қызылорда су торабының сол жақ каналы, республикада салынған (1950–60) ірі су құрылыстарының бірі. Бастауын Сырдария өз. арнасына салынған (1957) бөгеттен алады. Ұз. 140 км, ені 40–70 м, тереңд. 4,5–9 м. Су ағымы бас жағында 60 м³/с. Канал Сырдария, Қармақшы аудандарының шаруашылықтарына Сырдария суын жеткізеді. Суарылатын жер аум. 50 мың га-дан астам. Канал жалпы ұз. 500 км-дей Жаңадария (Сырдарияның ескі арнасы) каналымен жалғасады. Оның суымен 600–700 мың га жайылым және шабындық суландырылады.



Қызылорда су торабы

О.Айдаров

ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы. Қорқыт Ата атынд. Қызылорда ун-тінің тарихы 1937 жылдан басталады. Сол жылы 21 тамызда КСРО Халық комиссарлар кеңесінің аса құпия қаулысы бойынша Қиыр Шығыстан жер аударылған корейлермен бірге Қызылордаға көшірілген Корей пед. ин-ты базасында Қызылорда пед. ин-ты ашылды. Оның құрамындағы 4 ф-т ішіндегі тарих ф-ті оқу үдерісін қазан айында, филология, физика-математика және жаратылыстану ф-ттері желтоқсан айында бастаған. Сол кезеңде ин-тта 372 студент оқыса, оларға 27 оқытушы дәріс берген. 1937–1941 ж. аралығында ин-т жанында екі жылдық мұғалімдер ин-ты мен жұмысшы ф-ті қызмет атқарған. 2-дүниежүз. соғыс кезінде 1941–1945 ж. пед. ин-т базасында эвакуацияланған Мәскеу а. ш. механикаландыру және электрлендіру ин-ты, Симферополь мед. ин-ты, Киев және Харьков ун-ттері орналасып, бірге жұмыс істеді. Соғыс аяқталғаннан кейін де интта Украинадан келген көптеген жетекші проф. жұмысын жалғастырды. Украиналық ун-ттердің кітап қорының бір бөлігі, оқу және зертханалық құрал-жабдықтары ин-тқа сыйға берілді. 1952 ж. наурыз айында пед. ин-тқа Н.В. Гоголь есімі берілсе, 1992 ж. 21 сәуірде Ұлы дала философы Қорқыт Ата есімімен қайта аталды. Ел Тәуелсіздік алған 1990 жылдардың басында 11 пед. мамандыққа қоса, бұрын-соңды болмаған дизайн, археология, этнография, құқықтану, шығыстану, журналистика, менеджмент, хореография, сәнтану, технология, т. б. гуманит. бағыттар ашылып, мамандықтар саны 37-ге жеткізілді. Осының арқасында пед. ин-т 1996 ж. 7 мамырда Қорқыт Ата атынд. Қызылорда гуманит. ун-ті болып қайта құрылды. Сыр өңірінде жергілікті а. ш. инж. даярлау үшін 1976 ж. 13 шілдеде Қызылордада Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының бөлімшесі ашылды. 1990 ж. 15 қарашада аталған бөлімше Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инж.-лері ин-ты болып қайта құрылып, оған 1992 ж. 12 ақпанда екі мәрте Соц. Еңб. Ері Ы.Жақаевтың есімі берілді. Тұңғыш инж.-тех., технол., мұнайхим., экон. мамандықтардың ашылуы және осы салалардағы ғыл. зерттеулердің дамытылуы нәтижесінде 1996 ж. 7 мамырда аталмыш ин-т Ы.Жақаев атынд. Қызылорда политех. ин-ты болып қайта құрылды. ҚР Үкіметінің 1998 ж. 24 наурыздағы №256 қаулысымен Қызылорда гуманит. ун-ті мен Ы.Жақаев атынд. Қызылорда политех. ин-ты біріктіріліп, «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті» респ. мемл. қазыналық кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылды. ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі №544 қаулысымен аталған мемл. ун-т шаруашылық жүргізу құқығындағы респ. мемл. кәсіпорын ретінде қайта құрылды. ҚР Қаржы мин-нің мемл. мүлік және жекешелендіру к-тінің 2020 ж. 25 мамырдағы №315 бұйрығымен 2020 ж. 1 шілдеден бастап Қызылорда ун-ті коммерц. емес АҚ (КеАҚ) ретінде қайта ұйымдастырылды. Қоғамның басқару органы – Директорлар кеңесі құрылды. Кадрларды даярлау пед., өнер және гуманит. ғылымдар, әлеум. ғылымдар, журналистика және ақпарат, бизнес, басқару және құқық, жаратылыстану ғылымдары, математика және статист., ақпараттық-коммуникац. технол., инж., өңдеу және құрылыс салалары, а. ш. және биоресурстар, қызмет көрсету бағыттары аясында 66 бакалавриат, 34 магистратура, 13 докторантура (Ph.D) білім беру бағдарламалары бойынша 5 ин-т (25 кафедра) базасында жүзеге асырылады. Әскери кафедрада 5 әскери мамандық бойынша ҚР Қарулы Күштері үшін запастағы офицерлер мен сержанттар дайындалады. Ун-т QS Word University Ranking–2024 рейтингі бойынша әлемнің үздік 1201–1400 ун-ті және Азия құрлығындағы жоғары оқу орындары арасында QS Asia Ranking рейтингтік агенттігінің нұсқасы бойынша (2023) ТОП 551–600 қатарынан көрініп, Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) өткізген ҚР Жоғары оқу орындары ұлттық сұраныс рейтингінің қорытындысы бойынша жоғары 7-орынды иеленіп отыр. Сондай-ақ АРТА-ның 5 жыл мерзімге (2027 жылдың соңына дейін) халықар. институционалдық аккредиттеуінен, 107 білім беру бағдарламасы (БББ) мамандандырылған аккредиттеуінен өтсе, «Атамекен» ҚР ҰКП рейтингіне қатысқан 36 БББ-ның 9-ы ТОП–10-ға енді. Еуразиялық-Тынық мұхиты ун-ттер желісінің (Вена, Австрия), еур. жоғары оқу орындары қауымдастығының (Брюссель, Бельгия), ун-ттердің Ұлы Хартиясы (Magna Charta de Universites) (Болонья, Италия), Еуразиялық жоғары оқу орындары қауымдастығы, Азия ун-ттері қауымдастығы, Оңт.-шығыс экон. ун-ттер қауымдастығы, Еуропа және Қара т.




Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

өңірі (Греция), Орт. Азия және Оңт. Кавказ елдерінің а. ш. ун-ттері консорциумының мүшесі болу – халықар. білім мен ғылым кеңістігіне қосылуға мүмкіндіктер беріп келеді. Шетелдік жоғары оқу орындарымен (Корея Республикасы Каннам, Қытайдың мұнай, Ресейдің Томск политех. және Дубна ун-ттері, Өзбекстанның Ташкент ирригация және а. ш. механикаландыру инж. ин-ты) 12 бірлескен білім беру бағдарламасы іске асыруда. Ун-тің оқу және ғыл. жұмыстарын жоғары білікті проф.-оқытушылар ұжымы жүргізеді, олардың 22-сі ғылым докторы, 38-і Ph.D., 174-і ғылым кандидаты, 221-і магистр. 40 оқытушы «Болашақ» халықар. бағдарламасының стипендиаттары, 38 оқытушы ҚР «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері, 27 оқытушы салалық ғыл. академ. толық мүшесі болып сайланған. Президенттің «500 ғалым» жобасы аясында ғыл. тағылымдамадан 2022–23 оқу жылында 6 ғалым өтсе, 2023–24 оқу жылында 13 ғалым өтуде. Өндіріспен тығыз байланысты қамтамасыз ету үшін тиісті салалардың ғалымдары, білікті практик-мамандары оқу үдерісіне тартылған. ҚР Ғылым және жоғары білім мин. «Шетелдік ғалымдарды тарту» бағдарламасы бойынша, сондай-ақ ун-т қаражаты есебінен кейінгі 3 жылда оқу үдерісіне Ресей, АҚШ, Канада, Түркия, Корея Республикасы, Болгария, Швейцария, Сербия, Украина, Өзбекстаннан 45 ғалым-оқытушы тартылды. Дуальды білім беруді дамыту мақсатында кәсіпорындар базасында 94 кафедра бөлімшесі жұмыс істейді. Жалпы 10 200-ден астам білім алушы дәріс алады. Бұл 5 жыл бұрынғы контингентпен салыстырғанда екі есе жоғары көрсеткіш. Мемл. тапсырыс негізінде оқитындар саны 2019–20 оқу жылы 779 адамға тең болса, 2023–24 оқу жылы деңгейінде 3 518 адамға жетті, яғни 4,5 есе өсті. Бұл студенттер контингентінің сапалық құрамының жылдан-жылға нығаюының айқын дәлелі. Кейінгі 3 жылда Қытай, Өзбекстан, Ресей, Түрікменстан, Моңғолиядан келген 28 шетелдік студент оқыды. Халықар. ынтымақтастық саласында 150-ден астам келісім-шарт пен меморандумға қол қойылған. Корея Республикасы үкіметінің қолдауымен Сеул ұлттық ғыл. және технол. ун-тімен ынтымақтастық



(2023–29) аясында 2023 ж. 6 қарашада Жасанды интеллект және бизнес-инкубация жоғары мектебі ашылды. Мұнда жасанды интеллект, кибер қауіпсіздік және информатика саласында үздік мамандар дайындалады. Мыңнан астам түлекті біріктіретін ун-т түлектерінің қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. 2021 ж. «Korkyt ata Endowment» корпоративтік қоры құрылды. Ун-ттегі ғыл.-зерт. жұмыстары гранттық қаржыландыру, жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпорындардың тапсырыстары, сондай-ақ халықар. келісімдер бойынша орындалады. 2020–22 ж. ғылым бойынша жалпы табыс 429 766 мың теңге болса, 2023 ж. 589 467 мың теңгені құрады. 2021 жылдан бастап жыл сайын 40 жасқа дейінгі жас ғалымдарға өз ғыл.-зерт. жұмыстарын жүзеге асыруы үшін Басқарма төрағасы ректордың 10 млн теңге гранты бөлінді. Халықар. гранттар шеңберінде 5 білім беру жобасы (Эразмус, және т. б.) және 2 ғыл. жоба: HORIZON–2020 бағдарламасы бойынша Жаңа Лиссабон ун-ті (Португалия), археология саласында Тюбинген ун-тімен (Германия) бірлесіп жүргізіледі. 2018–23 ж. ун-т ғалымдары Scopus базасында (SciVal 31.12.2023 ж. жағдайы бойынша) 310 мақала, Web of Science базасында (InCites 31.12.2023 ж. жағдайы бойынша) 157 мақала жариялады. Ғыл. пед. кадрларды дайындауда педагогика және психология, тіл және әдебиет пәндері бойынша мұғалімдерді

даярлау, сәулет және құрылыс бағыттары бойынша докт. дисс. кеңестер жұмыс істейді. Ғыл.-зерт. нәтижелерін жариялау үшін 8 бағытта дербес журналдар шығарылады. «Ауыл шаруашылығы ғылымы» сериясы ғыл. жетістіктердің негізгі нәтижелерін жариялау үшін мемл. уәкілетті орган ұсынатын ғыл. басылымдардың тізбесіне енгізілген. Ун-т жанынан құрылған 6 ғыл. орт. ғыл.-зерт. қатар



оқу үдерісіндегі практик. маңызды мәселелерді шешуге ат салысуда. Ун-т бюджеті 2019 ж. 2 млрд 887 млн теңгеден, 2023 ж. 6 млрд 535 млн теңгеге көбейді, яғни кейінгі 5 жылда 2,2 есеге артты. 2020 жылдан инфрақұрылымды дамытуға бөлінген қаржы көл. 9 еседен астам өсіп, 2023 ж. 1 млрд 043 млн теңгені құрады. Қаржылық жағдайдың тұрақты түрде өсуі арқылы кейінгі 3 жылда проф.-оқытушылар құрамының еңбекақысы 2,5 есеге жуық, ал қалған қызметкерлердің еңбекақысы 85%-ға дейін көтерілді. Инфрақұрылымға 10 оқу ғимараты, Студенттер сарайы, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешені, 6 студенттік асхана, әскери кафедраның оқу-тактик. полигоны және 5 жатақхана кіреді. Төрт оқу



залы бар Open Space форматындағы жаңартылған ғыл. кітапхананың жалпы кітап қоры 2 119 193 дана. Онда 2020 ж. желтоқсанда «Мега-Про» автоматтандырылған интеграцияланған кітапхана жүйесі орнатылды. Білім алушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 2020–23 ж. барлығы 70 оқу дәрісханасына күрделі жөндеу жүргізіліп, оның 14-і демеушілер есебінен жөнделіп, оқу үдерісі талаптарына сай жабдықталды. Білім беру жүйесінде цифрландыру жұмыстары ерекше қарқын алған. «Виртуалды ун-т 4.0» тұжырымдамасы аясында жылдан-жылға қарқынды дамытылған цифрлық инфрақұрылымның көмегімен халықар. аренада ун-ттің позициясы нығая түсуде. Корпоративтік компьютерлік желі, «E-UNIVER» ақпараттық-білім беру порталының жүйесі жұмыс істейді, оған барлық бөлімдер, қызметтер мен оқу бөлімдері қосылған. Бірыңғай корпоративтік желінің көмегімен korkyt.edu.kz және «E-univer» ақпараттық сайттары іске қосылған. Компьютерлердің жалпы саны 1500 бірліктен асады. Интернет желісіне қосылу жылдамдығы 600 Мбит/сек ISHDI және WI-FI үшін 800 Мбит/сек. Жергілікті есептеу желісі «жұлдыз» топологиясы бар серверлік телекоммуникац. инфрақұрылымнан тұрады. Есептік қол жеткізуді бақылау (СКУД), дауыстап хабарлау және бейнебақылау жүйелері орнатылған. Цифрландыру шеңберінде «Салем-офис» электрондық құжат айналымы жүйесі (ЭҚЖ) енгізілді. «Автоматтандырылған жұмыс орны» кадрларды есепке алудың электрондық жүйесі жұмыс істейді, прокторингтің электрондық жүйесі және плагиатқа қарсы лицензиялық бағдарлама енгізілген. Инновац. идеяларды қолдаудың «Кәсіпкерлік орталығы» арқылы 2022–23 ж. студенттер тарапынан 46 стартап жоба орындалып, 17,3 млн теңге инвестиция тартылуы осының нәтижесі. ҚР Жоғары оқу орындарының арасында респ. студенттердің ғыл.-зерт. жұмыстары конкурсының нәтижесі бойынша кейінгі үш жылда 36 студент жүлдегер (8 студент 1-орын алды) атанды. 2021–23 ж. жоғары оқу орны базаларында өткен респ. студенттік пәндік олимпиадаларда ун-т командасы 61 жүлделі орынды (1-дәрежелі диплом – 3, 2-дәрежелі диплом – 24, 3-дәрежелі диплом – 34) иеленді. Облыс көлеміндегі мектеп

оқушыларын ғыл. баулуға ун-т ғалымдары белсене ат салысып келеді. Кейінгі үш жылда 125 оқушы халықар., респ. ғыл. жұмыстар конкурсы мен олимпиадалардың жүлдегері атанды. Тұрғын үйге мұқтаж барлық студент жатақханамен қамтамасыз етілген. Дене шынықтыру сабақтары 13 спорт секциясында білім алушылардың қызығушылығы бойынша өткізіледі. БАҚ және әлеум. желілерде ун-т еліміздегі белсенді үштікте. Өңір экон. салаларындағы мамандардың 80%-ға жуығы ун-т түлектері. Құрылғаннан бері қоғам мүддесі үшін 100 мың кәсіби кадр даярланса, оның 10 мыңы 2019–23 жылдың үлесінде. Бүгінгі таңда ұжымның алдында классик. ғылымның үздік үрдістерін және ғылыми мектептердің сабақтастығын сақтай отырып, халықар. кеңістікте беделді, мықты өңірлік ун-т құру міндеті тұр.

ҚЫЗЫЛӨЗЕК – Қызылорда қ-на қарасты Қызылөзек ауылдық окр. Қызылорда қ-нан солт.-батысқа қарай 26 км жерде, Қараөзек дариясының оң жағын бойлай орналасқан. Тұрғыны 3,5 мың адам (2023). Жалпы жер көл. 77,8 мың га. Негізгі бағыты жеке кәсіпкерлік, егін және мал ш. өнімдерін өндіру. Онда Жаманкөл, Талдыкөл, Балапанды, т. б. көлдер, Сауранбай, Көксу каналдары бар. Құрамына 3 елді мекен – Қараөзек, Айнакөл және Қараөзек т. ж. бекеті кіреді. Орт. – Қараөзек ауылдық окр-нде 3 орта мектеп, ауыл әкімш., клуб, кітапхана, дәрігерлік амбулатория, 2 мед. пункт, 1 ветеринарлық пункт, 1 ЖШС, 3 а. ш. өндірістік кооперативі, 34 шаруа қожалығы, 132 жеке кәсіпкерлік нысан халыққа қызмет көрсетеді. 507 га жерге егін егіліп, төрт түлік мал басы 10,3 мың басқа жеткен. Ауылдық окр. 1997 жылдан Қызылорда қ-на қарайды.

О.Айдаров

ҚЫЗЫЛТАМ – Қармақшы ауд. Қармақшы ауылдық окр-нің құрамындағы ауыл. Аудан орт. оңт-ке қарай 48 км жерде орналасқан. Тұрғыны 0,3 мың адам (2023). Жер аум. 7,1 мың га. Ауылда №79 мектеп, кітапхана, фельдшерлік пункт, т. ж. мекемесі сауда дүкендері бар. Ауыл мал ш-мен айналысады. 11 шаруа қожалығы, 27 жеке кәсіпкер бар.

ҚЫЛЫШТЫ АТА КЕСЕНЕСІ – ортағасырлық ескерткіш. Жаңақорған ауд-ның орт-нан 30 км жерде, Қыркеңсе елді мекеніне қарай 7–8 км жерде орналасқан. Қылышты ата әулие 11–12 ғ-ларда өмір сүрген.




Қылышты ата кесенесі

Бұрынғы кесенесі құлап қалғандықтан ұрпақтары 1992 ж. ақ қыштан өріп, темір қаңылтыр күмбезді кесене тұрғызған. Кесененің ауд. 6х6 м, биікт. 4 м.

ҚЫҢЫРБАЙ КЕСЕНЕСІ – сәулет өнері ескерткіші (19 ғ-дың аяғы – 20 ғ-дың басы). Арал ауд. Абай а-нан солт.-батысқа қарай 24,5 км жерде орналасқан. 2006 ж. Шірік-Рабат археол. экспед-ның (Ж.Құрманқұлов) барлау отряды (Ә.Тәжекеев) анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізген. Мазардың жоспары шеңберлі. Ішкі диам. 6,5 м, мазардың сақталған биікт. 4,5 м, қабырғасының төм. жағының қалыңд. 1 м, ал жоғары жағы 30 см. Ішінде солт.-батыс, солт.-шығыс қабырғаларында көл. 70х40 см, биікт. 1,4 м төбесі дөңес келген текше бар. Кесек өлшемі 36х17х7 см.

Ә.Тәжекеев



Қыпшақбаев Иса

ҚЫПШАҚБАЕВ Иса (15.1.1927, Сырдария ауд. Абай а. – 1.9.2012, Алматы қ.) – проф. (1993), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ а. ш. ин-тын (1947, Қазақ ұлттық

агр. ун-ті) бітірген. Қазақ а. ш. ин-тында (1948–97, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Қазақ а. ш-н механикаландыру және электрлендіру ғыл.- зерт. ин-тында (1970–78) директор, Қазақ а. ш-н механикаландыру ғыл.-өндірістік бірлестігінде (1978–97) бас директор қызметтерін атқарған. 1997 жылдан Қазақ ұлттық агр. ун-тінде оқытушы болды. Негізгі ғыл. еңбектері а. ш. техникасын механикаландыруға арналған. А. ш. машиналарын жөндейтін және тех. қызмет көрсететін жабдықтар, топырақ өңдейтін машиналар кешені, т. б. өндіріске енгізілді. Қ-тың 100-ден астам ғыл. еңбегі бар, 16 авторлық куәліктің иегері. 1970–90 ж. респ. құрметті Алтын кітапқа енген. «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.

М.Қалиасқаров

ҚЫРАУБАЕВ Мүтәліп (1921, Жаңақорған ауд. Төменарық а. – 23.12. 1987) – айтыскер ақын. 1942 ж. Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқып жүріп, майданға



Қыраубаев Мүтәліп

аттанған. 1943 жылдан ұжымшар ш-ның әр түрлі саласында бригадир, директордың орынбасары, ұжымшар төрағасы, инж.-технолог қызметтерін атқарған. Қ. 1979 ж. обл. ақындар айтысында 1-орынды иеленген. «Шаһнама», «Кеншімбай мен Ақсұлу», «Мансұр мен Дәме қыз» айтыстарын, «Сұрмерген», Нартай, Тұрмағамбет, т. б. ақындардың көптеген жыр-дастанын жатқа айтып, жыршылық-жыраулық дәстүрді дамытқан. Қ-тың «Өмір туралы», «Балаларға», т. б. туындылары «Жыр шашу» (1982), «Өсиет» (1989) кітаптарында жарияланған.

А.Қыраубаева



Қыраубаева Алма

ҚЫРАУБАЕВА Алма Мүтәліпқызы (26.5.1947, Сырдария ауд. Бірқазан ст. – 5.2.2001, Астана қ.) – филол. ғыл. докт. (1997), проф. (1998). ҚазМУ-ды (1970, қазіргі ҚазҰУ) және оның аспирантурасын (1973) бітірген. Аталмыш ун-тте ғыл.-пед. қызметте болған (1974–2000). 2000 жылдан Еуразия ун-тінде проф. және Қазақ ұлттық музыка академиясы қазақ тілі кафедрасында меңгеруші қызметін атқарған. Қ. қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі мен қазақ әдебиетіне шығыс поэзиясының ықпалы мәселелері бойынша ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізген. Ол қазақ мектептеріне арналған тұңғыш «Ежелгі әдебиет» оқулығы (1996), жоғары оқу орындарына арналған «Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматиясы (1991), «Ғасырлар мұрасы» (1988), «Шығыстық қисса-дастандар» (1997) монографияларын, «Махаббатнама» (1985), «Түркі әдебиеті» (1988), т. б. оқу құралдарын, 100-ден астам ғыл.-әдістемелік публицист. мақалалар жазған. Сонымен қатар Жамбылдың ұмытылған ән-термелерін жинақтап, өз орындауында Қазақ радиосының алтын қорына енгізіп, «Жамбыл әуендері» жинағын құрастырған. «Қисса жанрының өзіндік ерекшеліктері» (А., 1985), «Абайдың поэмалары» (А., 1985), «Жаным садаға», «Ежелгі дәуір әдебиеті» (А., 1995), «Шығыстық қисса-дастандар» (А., 1997), т. б. еңбектердің авторы. Ж.Жабаев атынд. халықар. сыйл-тың лауреаты (1997).

С.Дәрібайұлы

ҚЫРҒИ (Accipiter nisus) – қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Облыс аум-ның барлық жерінде кездеседі. Шәулісінің қанатының ұз. 224 мм, ұябасарынікі 260



Қырғи

мм, шәулісінің салм. 150 г, ал ұябасарынікі 300 г. Арқасы көкшіл-сұр түсті, бауырында көлденең орналасқан қоңыр жолақтары бар. Солт. аймақтарда жыл құсы, оңт-те отырықшы құс. Наурыз-мамыр айларында ұшып келіп, ағаш басына ұя салады. Ұя салған қошқыл дақтары бар ақшыл жұмыртқаларын (3–4) ұябасары 35 күндей шайқайды. Шәулісі балапандарын 50 күндей қоректендіреді. Қыркүйек-қазан айларында жылы жаққа ұшып кетеді. Қ. ұсақ торғайлар, кемірушілерді аулап қорек етеді. Қолға тез үйренеді. Құсбегілер Қ-ды бөдене аулауға пайдаланған.

А.Берденқұлова

ҚЫРӨЗГЕНТ – ортағасырлық қала орны. Жаңақорған ауд. Өзгент а-нан оңт.-батысқа қарай 18 км, Сырдарияның сол жағында орналасқан. Қ. қ. жазба деректерде Аққорған қ-на қатысты бірге айтылады. Қалада Мұхаммед Шайбанидің баласы Мұхаммед Тимур билік құрған. 16 ғ-дың 2-жартысындағы оқиғаларда Хафиз Таныш есімі аталады. Қ. қ-ның бекінісі мен дуалды қорғаны 14 мыңдық әскерге төтеп берген. Қ-ның орнын алғаш В.А. Каллаур көрсетіп, 1970 жылдары Отырар археол. экспед. топогр. жоспары жасалды. Қаланың топогр. жоспары – көп бұрышты төбе бейнелі, мұнаралы, қабырғалар солт-тен оңт-ке қарай 250–300 м және жұмыр бұрышты 50–70 м кесінділер орны бар. Олардың қиылысқан жерлері дөңгелек мұнаралармен нығайтылған. Мұнаралар саны – 15. Тегеурінді мұнаралар, әсіресе шығыс, батыс, оңт. жақтағы бұрыштарға тұрғызылған. Кебірленіп құлаған дуалды қабырғаларының қалыңд. 10–15 м. Мұнаралар сыртқа қарай 10 м шығыңқы. Қала дуалын айналдыра кеңдігі 10 м, тереңд. 2 м ор қазылған. Басты кірер қақпаның биікт. 8–10 м. Оңт. бөлігін бейіттер алып жатыр. Олардың ішінде Өзген ата мазары ерекшеленіп, жартылай қираған күйде жатыр. Солт-ке қарай бау-бақша, кірпіш, ыдыс жасау шеберханалары, т. б. тұрғын үйлердің қирандылары көптеп кездеседі.

ҚЫРЫҚ МЕШІТ – ескерткіштер тобы. Қармақшы ауд. Жосалы кентінен шығысқа қарай 14 км жерде, Қараөзек өз. бойында орналасқан. 1929–30 жылға дейін бұл мешіттер Марал ишан ұрпақтарының атымен жұмыс істеген.

Ә.Өтеулі

ҚЫСТАУБАЕВА Әзия (1957 ж. т., Жаңақорған ауд. Екпінді а.) – еңбек ардагері. Жаңақорған кәсіптік-тех. уч-щесін, Алматы а. ш. ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық ун-ті) бітірген. Еңбек жолын «Сунақата» кеңшарында механизатор болып бастап, кейін бригадир, партия к-тінің хатшысы, ауылдық кеңес төрағасы,



Қыстаубаева Әзия

Жаңақорған ауд. әкімінің әйелдер ісі, отбасы және гендерлік саясат жөніндегі кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2022 жылғы дейін Сунақата а-ның әкімі (28 жыл) болған. Қазақстан ЛКЖО 14–15 және КОКП 27-съездерінің делегаты, КОКП ОК тексеру комиссиясының мүшесі. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 2 мәрте депутаты. Қазақстан Ленин комсомолы сыйл-ның лауреаты. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет» (2023) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

О.Айдаров

ҚЫСТАУБАЙ Жиенәліұлы (1814, Қармақшы өңірі – 1845, қазіргі Сырдария ауд.) – батыр. Сыр елінің

азаттығы үшін Хиуа, Қоқан хандықтары, Ресей басқыншылығына қарсы күрескен. Бір ұрыста денесіне кіріп, сынып қалған найзаның басын жұлып алып, орнындағы жараға тоқымын кесіп тыққан. Соған байланысты «тоқым тыққан» Қыстаубай аталып кеткен. Қ. 19 ғ-дың 40-жылдары Кенесары Қасымұлының көтерілісінде Жанқожа батыр бастаған Сыр бойының сарбаздарымен бірге Созақ, Сауран шайқастарына қатысқан. Қ. және Тоғанас батырлар өз қосындарымен Сыр бойындағы қоқандықтардың бекіністеріне шабуылдар ұйымдастырып отырған. 1843 ж. хиуалықтардың Қуаңдариядағы бекінісін құлатқан. Батыр Сырдария ауд-ндағы Боқты өлең, Көктөбе деген жерде қаза тапқан.

Б.Ахметбек

ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ Жетес (шамамен 1828, қазіргі Арал ауд. – 1914, сонда) – белгілі би, шешен. Ж. би ел арасындағы даулы мәселелерді шешуде тапқырлығымен, әділдігімен көзге түскен. Ол халық қамын ойлаған болыс ретінде де ел құрметіне бөленген. Ж. бидің Райым, Шыбынды болыстарын басқарғаны туралы деректер сақталған. Қ.Салғариннің «Көмбе», С.Толыбековтің «Қазақ шежіресі» кітаптары мен «Ел аузынан» жинағында Жетес би туралы деректер берілген.

Б.Еңсепов



ЛАЙКӨЛ – шағын көл. Сырдария өз. мен Қамыстыбас көлі аралығында орналасқан. Солт.-батыс жағалауын қыр төбелер қоршаған, оңт.-батыс бөлігі Сырдарияның арнасымен қосылады. Ең терең жері 4,2 м. Көл суы Қарабөгет өзегі арқылы Қамыстыбас көліне құяды.

ЛАҚАЛЫ – Қазалы ауданы қарасты Ақсай-Лақалы көлдер жүйесінің бір көлі. Көл құмды төбешіктердің қоршауында, жағалауы қамыс-қопалы. Көктемгі қар, жауын-шашын және Сырдариянның суы мол кезде жайылымдық суларымен толысады. Көл суы балыққа бай.

ЛАҚАЛЫ – Қазалы ауд. Тасарық ауылдық окр. құрамындағы ауыл. Аудан орт. Әйтеке би кентінен оңт-ке қарай 50 км жерде орналасқан. Тұрғыны 0,36 мың адам (2023). Алғаш 1934 ж. балықшылар а. Жаңа тұрмыс деп аталып, 1936–37 ж. ұжымшарға айналған. 2-дүниежүз. соғысқа дейін «Микоян» ұжымшары болып, №7 ауылдық кеңеске қарады. Оның құрамында Коммунизм, қазіргі Бозкөл а., «Сталин» ұжымшары болған. Одаққа белгілі Балық сақтау қоймасының балық тұздайтын бөлігінің ені 1,5 м, ұз. 2,5 м, мұз қаланың ұз. 15 м, ені 7 м, қабырғалары қамыс, сақ және саз балшықтан жасалған. Қойма 1987 жылға дейін жұмыс істеген. Ауыл маңындағы балық аулайтын көлдер Жыңғылды, Шайлы, Ащы көлдері, Баулеке, Назарымбет, Шұбыртпалы, Орыс жол, Еңсепбай айдын мен Нұржан айдын деп аталған. Қазіргі кезде суы тайыз. Л. елді мекенінде 2017 ж. екі қабатты 100 орындық мектеп ғимараты пайдалануға берілді.

О.Айдаров

ЛАҚСА, лаңса (Echinops) – күрделі-гүлділер тұқымдасына жататын екі және көпжылдық шөптесін өсімдік. Қызылорда обл-нда кеңінен таралған. Құмды, шөлді далаларда, таудың төм. белдеулері мен тастақты бет-



Лақса

кейлерінде, тау етектеріндегі шалғындықтар мен бұталардың арасында өсетін 18 түрі бар. Олардың биікт. 10–150 см. Сабағы тік өседі, жапырақ тақтасының жиектері терең ойықталған, тікенекті, астыңғы жағы жұмсақ,

қалың түкті, кей түрі безді түкті келеді. Себетінің сыртын 3–5 қатардан құралған тікенекті, жарғақты орама жапырақтар қоршайды. Гүлі қос жынысты, түбі түтікше тәрізді біріккен ақ немесе көгілдір түсті, 5 күлтесі, жіпшелері түтікшеге біріккен 5 аталық, аузы қос тілімді аналығы болады. Тостағанша жапырақшасы түрін өзгертіп үлпекке айналған. Ол айдарша жемісінің ұшында сақталған, желмен ұшып кеңірек таралуына жағдай туғызады. Маусым-шілдеде гүлдеп, тамыз-қыркүйекте жеміс береді. Жемісі – қақырамайтын қырлы, түкті, айдаршалы тұқымша. Әр тұқымшаның (жемісі) ішінде жалғыз тұқымы болады. Л. – улы өсімдік, мал жемейді. Л. – сирек кездесетін өсімдіктер, қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Р. Әлімқұлова

ЛАПИН Мұңайтпас (шамамен 1835, Перовск уезі, Кеңтүп болысы, 5-а. – 1918, сонда) – болыс, би. 1890–96 ж. Халық соты, 1896–1906 ж. Кеңтүп болысында болыс болған. 1903 ж. «Хан ағаш» деп аталатын балаларды оқытатын мектеп ашқан. Ақпан төңкерісіне белсене араласқан. Ақ патшадан күміс медаль алған (1906). Анна лентасымен марапатталған.



Лапин Серәлі

ЛАПИН Серәлі Мұңайтпасұлы (1868, Сырдария ауд. Қоғалыкөл а. – 1919, Өзбекстан, Самарқан қ.) – қоғам қайраткері, шығыстанушы. Ташкенттегі Түркістан мұғалімдер семинариясын (1889), Санкт-Петербург университетінің заң ф-тін (1891) бітірген. Л. 1889–92 ж. Түркістан семинариясында мұғалім, 1892 жылдан Самарқанд обл. әскери губернаторы жанында аудармашы, 1901–17 ж. Самарқанд, Сырдария облыстарында адвокат қызметін атқарды. Л. араб, парсы, т. б. шығыс тілдерін жетік білген. Гүр-Әмір, Регистан, Шаһи-Зинда кешендеріндегі, «Көкілташ» медресесі, т. б. көне архит. ескерткіштердегі арабтың көне емлелерімен өрнектелген жазуларды оқыды, оларды орысшаға аударып, ғыл. айналымға қосты. Жәдігерліктердің тұрғызылған уақытын, оларды салдырған адамдар, сәулетшілердің есімдерін (мыс., Регистан ансамбліндегі Ширдор, Тілләкари медреселерін Жалаңтөс баһадүрдің салдырғанын) анықтады. «Шаһнама», «Туһрат әл-Хани» дастандарының парсы тіліндегі қолжазбаларын тауып, зерттеді. Л. ауызша тәржімаланған. Ә.Фирдоусидің «Шаһнамасын» ақын Молда Ораз қазақша жырлаған. 1900–04 ж. қазақ, өзбек, қырғыз, т. б. атауларды дұрыс қолдану жөнінде «Туркестанские ведомости», «Оренбургский листок» газеттерінде мәселе көтерді. Оның шығыстану саласындағы жұмыстарын В.Л. Вяткин, В.В. Бартольд, Н.И. Веселовский, В.В. Розен өз еңбектерінде пайдаланған. Л. 1908–10 ж. Санкт-Петербургте тұрып, 3-Мемл. Думаның Мұсылман фракциясы ұйымдастыру бюросында қызмет етті. Л. халық мүддесі үшін жұмыс атқарып (1910–13), Түркістан ген.-губернаторының рұқсатымен, қазақ арасында сауда-экон. серіктестік құрды. Л. 1917 ж. наурызда Ақмешіт халық өкілдері кеңесінің төрағасы, шілдеден «Шуро-и-улема» («Ғұлама қоғамы», «Дін иелерінің кеңесі») ұйымына жетекшілік етті. Сырдария қазақтарының 1917 ж. тамызда өткен съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Түркістан өлкесі мұсылмандарының 4-төтенше съезінде құрылған Қоқан (Түркістан) автономиясының халық кеңесі құрамына сайланды. Л. 1918 ж. 17 қаңтарда өлкелік Халық комиссарлары кеңесіне жолдаған мәлімдемесінде Қоқандағы Түркістан автономиясы мен Ташкенттегі Кеңес өкіметі арасындағы текетіресті бейбіт жолмен шешуді көздеді. Алайда большевиктер Қоқан автономиясын қарулы күшпен құлатып тынды. Л. саяси күресті жалғастыру мақсатымен әуелі Бұхара әмірлігіне өтті, кейіннен 1-дүниежүз. соғыс тұтқындарын қайтарумен шұғылданатын неміс комиссиясының көмегімен Германияға барды. Онда неміс әскерлерінің көмегімен Түркістандағы кеңестер билігін құлату жолында Германия үкіметі басшыларымен келіссөздер жүргізу мақсатында әрекеттер жасады. Олардан қолдау таппаған соң, 1919 ж. Самарқандқа оралып, белгісіз жағдайда қайтыс болды.

Б.Қойшыбаев

ЛАРИОНОВ Семен Архипович (1.4.1915, Ресей, Татарстан, Черемшан с. – 29.12.1984, Жамбыл обл. Мерке ауд.) – еңбек және соғыс ардагері, Кеңес Одағының Батыры (30.10.1943). Л. 1940 ж. әскери борышын өтеп келгеннен кейін Қызылорда қ-ндағы электрмонтерлер курсын бітіріп, осы мамандық бойынша жұмыс істеді. 1941 жылдан артиллер. взводтың командирі шенінде 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Алғашқы ұрысқа Смоленск бағытында кірді. Танкіге қарсы зеңбірек расчетының командирі Л. алғашқы ұрыста жаудың 6 дзоты мен 9 пулемет нүктесін жойған. Орт. майданындағы кескілескен шайқастарда оның бөлімшесі жаудың 8 пулемет нүктесін, 7 минометін, 200-ге жуық солдаты мен бірнеше оқ-дәрі тиген арбасын жойған. 1943 ж. 16 қазанда Днепр өз. көктей өтіп, Гомель обл. Щитцы деревнясы маңында жау плацдармын талқандап, бірнеше ондаған гитлершіні мерт қылған. Соғыстан кейін Жамбыл обл. Мерке а-нда партия органдарында қызмет атқарған.



Ларионов Семен

О.Айдаров

ЛАУБАЕВ Пірмағамбет (1892, қазіргі Қармақшы ауд. Ақжар а. – 1938, Қарауңгір қыстағы) – Қарақұм көтерілісшілерінің басшысы. Атақты Қашқынбай батырдың ұрпағы. 1928 ж. ірі байларды тәркілеуге қарсы шыққан адамдардың бірі. Алғашқы Қарақұм шайқасында қаза тапты.

ЛЕПЕСОВ Әлмұрат (1882, қазіргі Арал ауд. Қамбаш а. – 1966, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). Еңбек жолында Арал қ. т. ж-нда жүкші (1918–31), Қамбаш а-нда егіс бригадасында жұмысшы, «Ақбай» ұжымшарында жылқышы (1932–44), «Қазақстанның 20 жылдығы» ұжымшарында аға шопан (1944–57) болып еңбек еткен. 1947 ж. Л. бағуындағы қазақы тұқымдас 433 саулықтан орташа салм. 43 кг-нан келетін 575 қозы өргізген. Аталған ұжымшардың негізінде «Қарақұм» кеңшары құрылғанда қайтадан бір отар қойды қабылдап алып, зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін баққан (1957–59). Ленин орденімен (1948), бірнеше медальмен марапатталған. Л-тің есімімен Арал қ-нда бір көше аталған.



Лепесов Әлмұрат

Қ.Омаров

ЛИ Бен Сер (1899, Солт. Кореяның Хамген провинциясы Хамдон а. – 6.11.1972, Шиелі кенті) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (20.5.1949). 1915 ж. Ресейдің Қиыр Шығыс өлкесіне қоныс аударған. Сонда Гродеково а-нда, Екатеринбург қ-нда (1916–17), Семей қ-нда (1917–21) және Амур губ-нда (1922) жұмыс істеп, Приморье обл. Шкотов ауд-нда «Красная звезда» а. ш. артелі партия ұйымының хатшысы (1923–24) болған. «Красный партизан» (1928–34), «Путь Ленина» ұжымшарларында еңбек еткен (1934–37). Арасында Қызыл әскерде борышын өтеп (1921–22), Владикавказ қ-нда «Совторг флот» мекемесінің қойма күзетінде, милицияда қызмет атқарған (1924–28). 1937 жылдан Шиелі ауд-ндағы



Ли Бен Сер

«Авангард» ұжымшарында күріш звеносына жетекшілік еткен. 1948 ж. звеноға бекітілген 7 га жердің әр гектарынан 82 ц-ден күріштен өнім алған. 1958 ж. зейнеткерлік демалысқа шыққан. Ленин орденімен (1949), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ЛИ Ен Гын (1903, Ресей, Приморье өлкесі, Сучан ауд. Таудими с. – 12.3. 1986, қазіргі Түркістан обл. Сайрам ауд. Ақсукент а.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (20.5.1949). Еңбек жолын 1929 ж. Приморье өлкесі, Бики ауд-нда «Красный Перевал» с-ндағы «Авангард» ұжымшарында бастаған. 1937 ж. Қазақстанға еріксіз жер ауда-



Ли Ен Гын

рылып, Шиелі ауд. «Авангард» ұжымшарында жұмысшы, күріш звеносының жетекшісі, бригадир болып еңбек еткен (1937–58). 1948 ж. оның бригадасы 20 га егістіктің әр гектарынан орта есеппен 100,5 ц-ден күріш алып, жоғары көрсеткішке жеткен. Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) обл. Сайрам ауд. «Ленинизм» ұжымшарында (1959–64), «Әлішер Науаи» кеңшарында (1964–67) жұмыс істеген. Ленин орденімен (1949), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Ли Ён Гу

ЛИ Ён Гу (1922, Ресейдің Қиыр Шығыс обл. Приморск губ. Иман уезі – ө. ж. б.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). 1938 жылдан Шиелі ауд. «Большевик», кейін ірілендірілген «Авангард» ұжымшарларында (қазіргі Ақмая а-нда) күріш бригадасында еңбек еткен. 1949 ж. 5,1 га алқаптың әр гектарынан 80,4 ц-ден күріш өнімін алған. Ленин орденімен (1950) марапатталған.

О.Айдаров

ЛУШНИКОВА Надежда Андреевна (22.11.1940 ж. т., Алматы обл. Қарасай ауд. Шамалған а.) – айтыс ақыны, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2010). Қазақ КСР-інің еңбек сің. мәдениет қызметкері. ҚазПИді (1969, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Қызылорда обл. Сырдария ауд. комсомол к-тінің хатшысы, «Ленин жолы» газетінде әдеби қызметкер, «Жазушы» баспасында редактор, ауыл мектептерінде мұғалім болды (1962–84). Алматы обл. Жамбыл ауд-ндағы Ү.Кәрібаев мұражайының директоры (1985–98) қызметтерін атқарған. Л. жасынан домбыра тартып, ән орындаушылығымен танылды, жазба әрі суырыпсалма ақындығымен де белгілі. Ақынның «Елім менің» (1962), «Көңіл қошы» (1970) атты жеке жыр жинақтары жарық көрген. Айтыстары «Жыр шашу», «Мәңгі көктем» (1988) жинақтарына енген. Қазақстан ЛКЖО сый-ның лауреаты (1970). «Құрмет» орденімен марапатталған (2017). Алматы обл-ның, Жамбыл ауд-ның құрметті азаматы.

Т. Тебегенов



Лушникова Надежда

МАҒЗАМАН ӘУЛИЕ (1461, қазіргі Өзбекстанның Ферғана аймағы Косан шахары – 1542, Самарқанд қ-ның маңы Дахбед елді мекені) – оқымысты, ақын, діни және мемлекет қайраткері. Толық аты-жөні Сайд Ахмат Жалаладдин Косани. Сайд Жалаладдин ибн Жамаладдиннің отбасында дүниеге келген. Хазірет Әлидің баласы, Имам Хүсейннің ұрпағы. Алғашқы ұстазы самарқандық ғұлама Мәулана Мир Сайд Әлиден тіл білімінің синтаксис, морфология саласы бойынша білім алған. Ұстазының кеңесімен Ташкенттегі Хазірет Ахрар Уәлидің жақын шәкірті және орынбасары Мәулана Мұхаммед Қазидың шәкірті болып қабылданған. «Нахшбандия» ілімінің ғыл.-теор. мәселелерімен айналысып, 30-дан астам ғыл. еңбек жазып қалдырған. Талантты шәкірт ұстазының ілтипатына ілініп, одан әрі Қожа Ахрар Уәли, Әбдірахман Жәми секілді ғұламалардан дәріс алып, ілім кеңестеріне белсенді қатысқан. «Хазіреттердің ұлығы» биік мәртебесі діни білім мен ілімді терең меңгергендерге берілген. Оған Имам Мағзам (699–767), Ғавсул Мағзам (1079–1166), сондай-ақ Мақдум Мағзам (1461–1542) ие болған. Бұл атақ оған отызға жетпей берілген. Сол дәуірдің діни, саяси-әлеум. мәселелеріне араласып, мемл. іс басқару жүйелері туралы еңбектер жазды. 16 ғ-да Самарқанд, Бұхара, Хиуа хандықтарында болған ірілі-уақты тақ тартыстары мен тарихи төңкеріс кезеңдерін басынан өткеріп, оқиғаның бел ортасында болды. Захраддин Бабур өз билігін нығайту мақсатында Мауреннахрдың иен даласын мекендеген жауынгер Алшын бірлестігінің



Мағзаман әулие ескерткіші

көсемдері мен қолбасшыларының көмегіне жүгінген еді. Нәтижесінде Мұхаммед Шайбанимен болған ақырғы ұрыста Захраддин Мұхаммед Бабыр мырзаның қолы жеңіліске ұшырап, ол Самарқанды тастап шығады. Бабыр патша Ауғанстанға қарай шегінгенде М. ә. Алшын тайпасының перзенті, мүриті әрі досы Айткүл бидің кеңесімен Алшын бірлестігіндегі қалың елге қосылып, Жаңадария–Сырдария аралығын мекендеп тұрып қалады әрі Алшын жұрты М. ә-ге қол береді. Алшын Сарыбай бидің қызы Қамарға үйленіп, одан Хаһназар (Ақназар) атты жалғыз бала туады. Одан Есназар шейх, Қосназар шейх, Солтанай шейх, Мақұл шейх атты төрт бала туады. М. ә. баласы он үш-он төртке келгенде ел-халқын жинап қоштасып, Хаһназарды Алшын жұртына пір сайлап, өзі досы Айткүл бимен Самарқандқа оралады. Бұл кезең Жәнібек сұлтанның Самарқанд тағына отырған уақыты еді. Жәнібек сұлтан 1513 ж. дін, мемлекет ісіне М. ә-ні арнайы шақыртып, Самарқандтың қасындағы Ақдария–Қарадария деген жерден Миянкөл аралын беріп қоныстандырады. Жаңа қоныска М. ә. өз қолымен он түп шынар отырғызып, ол зәулім ағаш болып өседі. Нәтижесінде ол Дахбед аталып, бүгінгі күнге жетіп отыр. «Дахбед, парысша он түп тал» деген ұғымды береді. М. ә. 81 жасында өмірден өтіп, Самарқанд қ-на іргелес Дахбет елді мекеніне жерленген. М. ә-ге арналған ескерткіш Қазалы ауд. Ақсуат ауылдық окр-нде орналасқан.

МАЙБАЛЫҚ, шемей (Chalcalburnus chalcoides). Тұқы тәрізділер отрядына жатады. Қара, Каспий, Арал т-дерінің су алаптарында таралған. Өрістейтін және тұщы суда кездесетін

түрлері бар. Қазақстанда екі түр тармағы: Каспий М-ы (теңіздің оңт.-батысында кездеседі) және Арал М-ы (қазір Сырдарияның төм. ағысындағы көлдер (Қараөзекті қоса алғанда) табиғи ареалында) кездеседі. Ересектерінің ұз. 19–27 см, салм. 158–232 г. Жыныстық жағынан 2–6



Майбалық

жылда жетіледі. Бұрын көпшілігі уылдырығын теңіздің жағалауларына, өзеннің сағасына шашатын (тұзд. 11%-ге дейін). Қазіргі уақытта, негізінен, Сырдарияның төм. ағысындағы көлдерде көбейеді. Уылдырығын (18,2–73,9 мың) мамыр-маусым айларында су темп-расы 15°С болғанда, тереңд. 0,5–2 м су түбіндегі тастар арасына шашады. Шабағы алғашында планктонмен, кейін жәндіктер, біркүндіктермен, кейде балдырлармен қоректенеді. Арал т-нен кәсіптік балық ретінде 1960 жылдарға дейін көп ауланған. Қазір олардың саны жылдан-жылға азайып келеді.

А.Бәйімбетов

МАЙГЕЛДИЕВА Шарбан Мұсабекқызы (24.9.1956 ж. т., Жалағаш ауд. Жалағаш кенті) – педагог, пед. ғыл. докт. (2010), Қазақстан пед. ғылымдары академиясының акад. (2016). Қызылорда пед. ин-тын (1978, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қазіргі Сырдария ауд. Тереңөзек кентіндегі №36 орта мектепте мұғалім (1978–80), қазіргі Қызылорда ун-тінде оқытушы, аға оқытушы, доцент (1980 жылдан), пед. бағыттағы кафедралар меңгерушісі (1989–2015) қызметтерін атқарды. 2015 жылдан ун-ттің проф. М. «Педагогика және психология» (магистратура, докторантура) мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларының, колледждер үшін «Қазақ



Майгелдиева Шарбан

мектептеріндегі орыс тілі» мамандығы бағдарламасы мен типтік жоспарының авторы. Бірнеше халықар. және респ. ғыл. жобаларды орындауға қатысқан. 2019 жылдан ун-т жанындағы мамандандырылған дисс. кеңес төрайымы. М-ның 190-нан астам ғыл. еңбегі жарияланған, оның ішінде 4 монография, 2 оқулық, 13 оқу-әдістемелік құралы, халықар. Web of Science, Scopus базаларындағы импакт-факторы жоғары журналдарда 13 мақаласы бар. 5 Ph.D дайындаған. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2016). 2 мәрте ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен, 2 мәрте облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталған.

Қ.Омаров

МАЙДАКӨЛ – ауыл. Қазалы ауд. Ақжона ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Әйтеке би кентінен батысқа қарай 67 км жерде, Сырдарияның атырауындағы шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 2,8 мың адам (2023). 1974 ж. «Майдакөл» күріш кеңшары, 1987 ж. Ү.Түктібаев атынд. кеңшар бөлімшесі болды. 1997 жылдан М. а. деп аталады. 15 шаруа қожалығы құрылған.

МАЙЖАРМА – канал. Сырдария ауд-ндағы Тереңөзек кентінің ортасымен ағады. 1939–40 ж. салынған. Ұз. 20 км. Бастауын Сырдария өз-нен алып, бірнеше тармаққа бөлінеді. Тереңд. 2 м. Канал суы Тереңөзек кенті шаруашылықтарына және егістік алқаптарды суару үшін пайдаланылады.

МАЙҚАНОВА Сәбира (1.1.1914, Сырдария ауд. – 14.2.1994, Алматы қ.) – актриса, Қазақ КСР-інің (1959), КСРО-ның (1970) халық артисі. Қазақ КСР Мемл. сыйл-ның лауреаты (1967). 1967 ж. қазіргі Қазақ мемл. академ. драма театрының құрамына қабылданды. Шығарм. жолы осы театрдың тарихымен, өсу жолымен тығыз байла-

нысты. Театр сахнасындағы тұңғыш рөлі – Б.Майлиннің «Майдан» драмасындағы Алтынай. Бұдан кейін ол замандас құрбыларының көптеген сахналық бейнесін жасады. Роза (Д.Рахманқұлов, «Документ»),



Майқанова Сәбира

Зотова (В.М. Киршон, «Астық»), Рая (М.Әуезов, «Алма бақ»), Гүлжәмила (М.Әуезов, Ә.Тәжібаев, «Ақ қайың»), Любовь Яровая (К.А. Тренев, осы аттас пьеса), Әлжан (Әуезов, «Абай» романы бойынша), Зейнеп (С.Мұқанов, «Шоқан Уәлиханов»), Мақпал (Ғ.Мүсірепов, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»), Толғанай (Ш.Айтматов, «Ана – Жер-Ана»), Кесария (О.Ш. Иоселиани, «Арбаң аман болсын»), Тхань (И.П. Куприянов, «Вьетнам жұлдызы») сияқты аяулы аналар образын мүсіндеп, сахна суреткері ретінде танылды. Актерлік өнері қызуқандылығымен, қарапайымдылығымен әрі тұрмыстық бояуының қанықтығымен ерекшеленеді. Мәскеу қ-нда өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты (1936, 1958). 1954 жылдан Мақпал («Махаббат дастаны»), Гүлбарша («Қыз бен жігіт», 1995), Торғын («Біз осында тұрамыз», 1957), Дәметкен («Құйма», 1961), т. б. рөлдерде киноға түсті. Жазушы Д.Исабеков актрисаға «Мұрагерлер» драмасын арнады, осы пьеса бойынша қойылған спектакльде М. басты рөл – Салиқаны ойнады (1983). Еңбек Қызыл Ту (1959), «Құрмет» орденderімен, бірнеше медальмен марапатталған. М-ның есімі Қызылорда қ-ндағы көшеге, Тасбөгет кентіндегі Мәдениет үйіне берілген.

К.Егізбаев, К.Нұрпейісов

МАЙЛЫБАС – Қазалы ауд-ндағы ауылдық окр. Тұрғыны 2,0 мың адам (2023). М. ауылдық окрнің орт. – Ақсуат а-ның тұрғыны 1,14 мың адам (2023). Аудан орт. – Әйтеке би кентінен оңт.-шығысқа қарай 65 км жерде, Сырдарияның ежелгі арнасы ағысында, сортаң топырақ жерде орналасқан. 1942–43 ж. «Асыл тұқымды» қой кеңшары болып аталған. 1959 ж. «Қазалы» кеңшары асыл тұқымды мал кеңша-



Майлыбас стансасы

ры тобына жатқызылды. 2013 жылдан Ақсуат а. деп аталады. Ауылдық округке Бірлік елді мекені, Байқожа, Майлыбас ст-лары, сондай-ақ 99-, 100–103-бекеттері қарайды.

О.Айдаров

МАЙЛЫҚОЖАЕВ Қыдырқожа (1920, Сырдария ауд. Шіркейлі а. – 30.9.2005, сонда) – соғыс және еңбек ардагері. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Соғыстан кейін «Шіркейлі» кеңшарында күріш өсіруші болып жұмыс істеген. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 7-шақырылған депутаты болған (1967–71). Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденderімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Құдайбергенов

МАЙЛЫТОҒАЙ – Шиелі ауд-ндағы әкімш. бірлік. Құрамына Майлытоғай а. кіреді. Орт. – Майлытоғай а. аудан орт. – Шиелі кентінен солт.-батысқа қарай 66 км жерде, Орынбор – Ташкент т. ж. бойында орналасқан. Тұрғыны 0,7 мың адам (2023). Ауыл 1962–96 ж. қаракөл қой ш-мен айналысқан «Первомайский» кеңшары бөлімшесінің орт. болған. Қазіргі уақытта кеңшар негізінде М-да ЖШС жұмыс істейді.

МАҚАН Жиенбайұлы, Алтын Мақан (шамамен 1870, қазіргі Қармақшы ауд. Қараөзек өңірі – 1931, Семей қ.) – қоғам қайраткері. Орынбор, Үргеніш, Троицк, Бештау қ-ларында сауда жасап, елді отырықшылыққа, мәдениетке

ұмтылдырған. Қызылорда қ-нда көптеген үй салдыртқан. 1928 ж. ірі байларды тәркілеу тізіміне ілініп, Семейге жер аударылып, сонда қайтыс болған. Бүгінде М. салғызған үйлер тарихи және мәдени ескерткіш ретінде мемл. қорғауға алынған.

Т.Дайрабай



Мақашева София

МАҚАШЕВА София Өтегенқызы (1923, Қызылорда қ. – 13.6.2006, сонда) – дәрігер, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі. Душанбе мед. ин-тын (1948) бітірген. Қызылорда қ. ішкі істер бөлімінде жұмыс істеген (1942–45). Шиелі, Сырдария ауд. денсаулық сақтау бөлімдерінің меңгерушісі, Қызылорда қ-ндағы мед. уч-щенің директоры (1948–52), обл. денсаулық сақтау басқармасының бастығы (1952–82) қызметтерін атқарған. Ленин, Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), Қазан революциясы ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

МАҚПАЛКӨЛ – Жалағаш ауд. М. ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Жалағаш кентінен оңт.-батысқа қарай 45 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,8 мың адам (2023). Бұл аймақтағы ел 1963 жылға дейін «Жігер», «Мақпалкөл», «Жаңалық», «Алға», т. б. майда құрылымдар, артельдер, серіктіктер, кооперациялар болып, кейін ұжымшарларға біріктірілген. 1963 ж. ақпанда Ленин атынд. және «Жаңаталап» ұжымшарлары қосылып, кеңшар ретінде қайта құрылды. 1964 ж. кеңшар қосымша тауарлы сүт фермасы бар тікелей күріш өсіретін шаруашылыққа айналды. 1997 жылдың басында бұрынғы Т.Жүргенов атынд. өндірістік кооператив төртке бөлінді. 1998 ж. басында «Еңбекші» шаруа қожалығынан «Қоныс-98» шаруа қожалығы бөлініп шықты. «Т.Жүргенов» ЖШС-нен «Аққөл», «Бозарық» шаруа қожалықтары бөлініп шықты. Шаруашылық, негізінен, күріш өсірумен, ал тұрғындар мал ұстап, егін егумен ай- налысады. Ауыл окр-нің жалпы жер көл., инж. жүйеге келтірілген егістіктер мен жайылымдар, шабындықтарын қоса-қанда 9,2 мың га. Бүгінгі таңда ауылда 5 төсектік учаскелік емхана, 400 орындық мектеп, 200 орындық мәдениет үйі, пошта байланыс бөлімшесі, 140 орындық балалар бақшасы, 7 сауда дүкені жұмыс істейді. М-де 45 кәсіпкерлік нысан, 11 шаруа қожалығы, 1 ЖШС бар.

Т.Адисұлы

МАҚТҰМ СЕЙІТ БАБА (1590–1663) – әулие, діни қайраткер. Әзіреті Әлиден тараған Сейіт қожаларының 43-ұрпағы. Мазары қазіргі Сырдария ауд. Шаған а-ның солт.-батысында, Сырдария өз-нің жағасында. Басына халық зиярат етіп, түнейді.



Мақтұм Сейіт баба кесенесі

Мақтұм баба кезінде мешіт ұстап, елдің діни сауатын ашып, ғаріп-қасірлерге қамқоршы болған. Қазан төңкерісіне дейін оның ұрпағынан мешіт ұстап, имам болған 20-ға жуық ишан шыққан, 3 ұрпағы қажы атанған. Ертеректе салынып тоза бастаған күмбез үйі бабаның 7-ұрпағы Смағұл қожаның бастамасымен 1927 ж. қайта көтерілген. Күмбезді Нұрпейіс ұста салған.

Т.Дайрабай

МАНАП – ауыл, округ орт. Жаңақорған оңт.-шығысқа қарай 45 км жерде, Қаратау жотасының сайлы-жыралы келген тау алды жазығында орналасқан. Тұрғыны 1,1 мың адам (2023). Іргетасы 1935 ж. «Талап» ұжымшарының негізінде қаланған. 1962 ж. Талап а. мен «Сталин» ұжымшарын біріктіру арқылы «Талап» кеңшары құрылған 1997 ж. «Талап» кеңшарының таратылуына байланысты елді мекен «Манап ақын» шаруа қожалығына айналған. 2005 ж. Бесарық ауылдық окр-нен бөлініп, Манап ауылдық окр. болып құрылды. Қазір ауылда орта мектеп, 2 кітапхана, 2 медпункт, клуб, т. ж. ст. халыққа қызмет көрсетеді.

О.Айдаров



Мансұров Нұрмат

МАНСҰРОВ Нұрмат Абдоллаұлы (24.3.1985 ж. т., Сырдария ауд. С. Сейфуллин а.) – айтыскер-ақын, ҚР Мәдениет саласының үздігі (2021). Қызылорда гуманит. ун-тін бітірген (2006). Облыстық Халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орт-нда мәдени (2006–07), «Қызылорда» қоғамдық телерадиокомпаниясында редакторлық және «Ақ сөйле» қоғамдық бірлестігінде жетекшілік (2007–14) қызмет атқарды. Респ. «Таным мен тағылым» газетінде атқарушы директор, «Шалқар» ұлттық арнасының редакторы, радиода «Сөз патшасы», «Айтыс ақтаңгері», «Мүфти мінбері» хабарларының, сондай-ақ «Айтыс» бағдарламасының жүргізушісі (2014–20), Қызылорда қ-ндағы М.Ералиева атынд. мәдениет үйінің директоры (2021–23) болды. 2024 ж. қаңтардан Жастар театрының директоры. М. Қазақтың айтыс өнерін насихаттау мақсатында Түркия, Франция, Өзбекстан елдерінде өнер көрсетті. «Шабыт» халықар. жастар фестивалінің Айтыс номинациясы бойынша гран-при (2005), «Жырым сенсің, Қызылорда!» респ.-қ ақындар айтысында 1-орын (2005), «Тәуелсіздік – мәңгілік мұратымыз» атты респ. ақындар айтысының 1-орын (2011), Сырдария ауд-нда өткен респ. айтыстың бас жүлде (2011), Жалағаш ауд-нда Бұқарбай батырдың 200 жылдық мерейтойына арналған респуб. айтыстың бас жүлде (2012), «Сарысу – жанымның шуағысың, таусылмасын мәңгілік қуанышың» атты респб. айтыстың бас жүлдесін (2023) алды. ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталған (2023). «Серпер сыйл. иегері (2017). Сырдария ауд-ның құрметті азаматы (2019).

МАРАЛ ИШАН Құрманұлы (1780, қазіргі Қостанай обл. Қайраңкөл маңы – 1853, қазіргі Қармақшы ауд.) – әулие, діни қайраткер. Әкесі Құрман Кенжебайұлы Абылай ханның замандасы, батыр әрі тәуіп болған. Жас кезінде Бұхара маңындағы Жалаңаяқ әулиеден білім алған. Медреседе діни іліммен қатар дәрігерлікті қоса меңгерген. Еліне оралған соң, Қызылжарда мешіт салдырған. Кейбір деректерде Сыр өңіріне қайта келген кезінде 7 мешіт салдырғаны, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысында діни басшы болғаны айтылады. 1821 ж. ол өзін императорға жолықтыруды сұрап, Орынбор әскери ген.-губернаторы П.Г. Эссенге және Сібір әскери корпусының бастығы ген. П.М. Капцевичке хат жолдаған. Хатында қазақтарды зорлап шоқындыруға, құнарлы жерлерді тартып алуға қарсылық білдірген. Қазақ рубасылары мен бас көтерер азаматтарын патша өкіметінің отаршылдық саясатына, Қоқан және Хиуа хандықтарының басқыншылығына қарсы күреске шақырған. Ишан туралы мәліметтер неміс тарихшысы Т.Вамберидің «Түркі халықтарының этнологиясы мен этнографиясы» еңбегінде, И.Ф. Бларамбергтің «Естеліктерінде», С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат», «Аққан жұлдыз» романдарында кездеседі. Оның туған жері Қайраңкөлді халық Әулиекөл деп атайды. Бейіті Қармақшы ауд. Баба қорымында. Оның есімі Қызылорда қ-нда көшеге, Қостанай қ-нда мешітке берілген.

Т.Дайрабай

МАРАЛ ИШАН КЕСЕНЕСІ (19 ғ.) – жергілікті маңызы бар тарихи және



Марал ишан кесенесі

мәдени ескерткіш. Қабір үстіне саз кесектен тұрғызылған күмбезді кесене. Осы мазарды қоршай отырып, Жалағаш ауд. әкімінің шешімімен 1993 ж. ақ силикат кірпіштен кесене тұрғызылған. Кесененің жалпы аум. 23х16,7х2,7 м. Мазардың жоспары төртбұрышты, күмбезді келген.

О.Айдаров



Мархабаев Абдул-Хамит

МАРХАБАЕВ Абдул-Хамит (18.4.1938, Арал ауд. Ауан. а. – 15.12.2014, Алматы қ.) – жазушы, филол. ғыл. докт. (2001), проф. (1997), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2009). ҚазМУ-дың (1964, қазіргі ҚазҰУ) филол. ф-тін бітірген. «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде») журналында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі (1964–67), ҚазМУ-дың журналистика ф-тінде ассистент, аға оқытушы, доцент (1967–76), «Білім және еңбек» журналының бас редакторы, «Жаңа фильм» журналының аға редакторы (1976–81), Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемл. к-ті бас редакциясының аға редакторы (1981–85), Қазақ орт. мұражайының баспа-редакция секторының аға редакторы, сектор меңгерушісі (1985–87) қызметтерін атқарған. Ұзақ жыл ҚазМУ-да ұстаздық қызметте болған. Тұңғыш жинағы 1972 ж. «Ғарыштағы қымыз» деген атпен жарық көрді. М-тың «Арал әуендері», «Балалардың аман қалғанын айт!», «Жарылқаушы…», «Тосын ғарышхат», т. б. ондаған көркем шығармасы жеке кітап болып шықты. Фантастика жанрының табиғаты мен теор. ерекшеліктерін айқындайтын «Қолыңды әкел, келешек! Қазақ фантастикасы: кеше, бүгін және…» (1978), «Ислам – Ғылым – Журналистика» (1996), «Қазақ фантастикалық әдебиеті» (1998), «Ислам ілімі – ғылым алгоритмі» (2005) кітаптары, «Қазақ фантастикасының поэтикасы» атты монографиясы (2008), т.б. жарық көрген. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2010). Арал ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

МАТАЕВ Мұстафа Матайұлы (13.5.1933, Қазалы қ. – 16.4.2017, Қызылорда қ.) – филос. ғыл. канд. (1967), проф. (1995), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2003). ҚР Әлеум. ғылымдар академиясының құрметті акад. (1996). Халықар. пед. білім беру ғыл. академиясының толық мүшесі (2005). ҚазМУ-дың (1955,



Матаев Мұстафа

қазіргі ҚазҰУ) философия ф-тін, КОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясының аспирантурасын (1967) бітірген. Қазалы а. ш. техникумында оқытушы (1955–57), Қазақ КСР «Білім» қоғамының облыс бойынша референті (1957–61), Қазақстан КП Қызылорда обл. к-тінің лекторлар тобының жетекшісі (1961–69), Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) философия кафедрасының меңгерушісі (1969–80), филол. ф-тінің деканы (1980–92) қызметтерін атқарған. Құқықтану кафедрасының меңгерушісі (1992–2002), 2002 жылдан осы кафедраның проф., құрметті меңгерушісі болған. 60-тан астам ғыл., әдістемелік еңбектің, сондай-ақ 5 кітаптың авторы. «Ерен еңбегі үшін», т. б. медальдармен, «Ы.Алтынсарин», «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталған. Қазалы ауд. Әйтеке би кентіндегі мектепке М-тың есімі беріліп, ескерткіш бюст орнатылған (2022). Қызылорда қ-ның (2009), Қазалы ауд-ның (2011) құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Махамбетов Жақыпбек

МАХАМБЕТОВ Жақыпбек (5.3.1912, қазіргі Сырдария ауд. Махамбетов а. – 19.10.1981, Қызылорда қ.) – соғыс және еңбек ардагері, Кеңес Одағының Батыры (22.2.1944). М. соғысқа дейін Сырдария ауд. Сұлутөбе МТС-нда трактороршы болды. 1942 ж. 20 қаңтарда әскерге алынып, станокты пулеметші ретінде Калининград майданында ұрыстарға қатысқан. 1943 ж. 2 қазанда М. қолдан буылған салмен жаудың бораған оғының астында азғана адаммен Днепр өз-нен өтіп, жау шабуылына тойтарыс бере отырып, «Максим» пулеметімен 43 фашистті жайратқан. М. 1946 жылдан Тереңөзек, Сырдария аудандарында ұжымшар, ауылдық кеңес, кеңшар бөлімшелерін басқарған. Қызыл жұлдыз (1942), Ленин (1944) ордендерімен, «Ерлігі үшін» (1943), т. б. медальдармен марапатталған. Туған ауылына, Қызылорда қ-ндағы көше мен №43 орта мектепке М. есімі берілген.

А.Шарманов, О.Айдаров

МАХАМБЕТОВ – ауыл. Қызылорда қ. әкімдігіне қарайды. Ақсуат ауылдық окр-нің орт. Қызылорда қ-нан оңт.-батысқа қарай 12 км жерде, Сырдария өз-нің сол жағалық аңғарында орналасқан. Тұрғыны 10,3 мың адам (2023). 1934 ж. құрылған Жасқайрат, Жаңатұрмыс, Киров, Қызылорақ, Қызылқұм, Қарақожа, Батпаққара ұжымдық шаруашылықтары негізінде 1950 ж. ұжымшар болып қайта құрылған. 1972 жылдан ұжымшар көкөніс және сүт өндірумен айналысқан. Шаруашылыққа 1994 ж. осы өңірден шыққан Кеңес Одағының Батыры Ж.Махамбетовтың есімі берілді. 1997 ж. ауылда бидай, күріш, көкөніс өсіретін бірнеше шаруа қожалықтары құрылды. Ауылда 3 орта мектеп, 7 балабақша, спорт кешені, мәдениет үйі, амбулатория, тіс емханасы, мешіт үйі, мейрамхана, азық-түлік дүкендері, т. б. кәсіпкерлік нысандар халыққа қызмет көрсетеді.

О.Айдаров

МАХАНОВ Дүйсенбай (1909, қазіргі Ақмола обл. Егінді а. – 23.2.2008, Алматы қ.) – соғыс және еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (29.3.1958). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Туған ауылында 1936 жылға дейін еңбек еткен. Алматы обл. «Октябрь» ұжымшарының төрағасы (1936–42), төрағаның орынбасары, кейін қой ш-мен айналысқан сол кеңшардың директоры (1946–48), Қазалы ауд. Қазалы қой кеңшарының директоры (1948–61), Алматы обл. Сарыбұлақ кеңшарының директоры (1961–71) қызметтерін



Маханов Дүйсенбай

атқарған. М. Қазалы кеңшарын қысқа уақытта облыс көлеміндегі үлгілі шаруашылыққа айналдырып, 1958 ж. мемл. жоспарды барлық көрсеткіштер бойынша артығымен орындап, 1959 ж. асыл тұқымды қой ш. кеңшарлары қатарына қосқан. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты. Ленин (1958), Еңбек Қызыл Ту (1966), «Құрмет белгісі» (1971), 1-дәрежелі Отан соғысы (1985) орден-

дерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

МАХАНОВ Тұрғанбай (27.3.1939 ж. т., Сырдария ауд. Бірқазан а.) – еңбек ардагері, қоғам қайраткері, Мед. ғыл. канд. (1973), КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі (1968), Қазақ КСР-інің еңбек сің. дәрігері (1982). Ақтөбе мед. ин-тын (1963, қазіргі Батыс Қазақстан мед. ун-ті) бітірген. Жалағаш ауд. орт. ауруханада дәрігер-хирург (1963), обл. денсаулық сақтау бө-



Маханов Тұрғанбай

лімі меңгерушісінің орынбасары, обл. ауруханаының травматология бөлімшесінің дәрігері (1965–76), обл. ауруханаының бас дәрігері, обл. денсаулық сақтау басқармасының бастығы (1976–98), обл. мед. орт-ның директоры (1999–2003) қызметтерін атқарған. 2005 жылдан обл. мед. орт-ның құрметті директоры және кеңесшісі. Оның бастамасымен обл. диагност. орт. салынған (1992). М. 30-дан астам ғыл. еңбек жазған. 1 монография, 8 кітаптың авторы. М-тың жетекш-мен Қазақстан дәрігерлерінің 5 ғыл. жинағы жарық көрген. Бірнеше мәрте қалалық және обл. кеңестердің депутаты (1976–91). КСРО-ның халық депутаты болған (1989–91). «Халықтар достығы» (1981), «Құрмет белгісі» (1971), «Құрмет» (2002) ордендерімен бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2007), Жалағаш ауд-ның (2007) құрметті азаматы.

Қ.Омаров

МАХМҰТ ИШАН Нығыметұлы (1894, қазіргі Жаңақорған ауд. – 1982, Жаңақорған ауд. Жаңарық а.) – діни қайраткер, Айкожа ишанның шөбересі. Бұхара медресесін бітірген. Мешіт салдыртып, шәкірт тәрбиелеген. Адамгершілігі мен білімділігінің арқасында халық алдында зор беделге ие болған. Өзбекстан, Тәжікстанның діни қауымы М. и-ды өздеріне ұстаз, пір тұтқан. Кеңес өкіметі тұсында өзге республикалардан келген діндарлар М. и-ның үйіне ғаріп, момын жандар ретінде жылдап жатып, ілім үйренген. Кеңес өкіметінің куғын-сүргініне ұшырап, 1933 ж. Сібірге айдалып, 1951 ж. еліне оралған.

А.Мамашұлы

МАХОРИН Иван Федорович (9.3.1916, қазіргі Атырау обл. Индер ауд. Аққала а. – 1998, Ресей, Воронеж обл. Кантемир ауд. Писаревка с.) – Кеңес Одағының Батыры (15.1.1944). Қарақалпақстанда балық з-тында механик болып жұмыс істеген. 1942 ж. Кеңес әскері қатарына шақырылып, 6-гвардиялық Қызыл тулы атқыштар дивизиясында, Орт. және 1-Украина майданында соғысқа катысқан. Орт.



Махорин Иван

майдан 13-армия жауынгерлерінің 1943 ж. 22 қыркүйекте Днепрден өтуі кезінде алғашқы болып ұрысқа енген гвардия сержанты М-нің пулемет бөлімшесі оңжағалық плацдармды ерлікпен қорғаған. Соғыстан кейін Қызылорда қ-ндағы «Қызылордақұрылыс» тресінің тұрғын үй-коммуналдық мекемесінде жұмыс істеген. 1989 ж. Ресейге қоныс аударған. Ленин (1944), 1-дәрежелі Отан соғысы (1985) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

А.Оразбақов

МАШБЕК – ауыл. М.Нәлібаев атынд. ауылдық окр-тің орт. Жаңақорған оңт.-батысқа қарай 20 км жерде, Сырдарияның сол жағалық аңғарында орналасқан. Тұрғыны 1,1 мың адам (2023). Бұл округ бұрын Раман тамы, Шәлімбет тақыры делініп, 1932 ж.

«Еңбекші қазақ» кеңшары болып ұйымдастырылып, ал 1936 ж. «Политотдел» ұжымшары, 1974–92 ж. «Өзгент» кеңшарының бөлімшесі болған. 1992–2005 ж. Ақжол а., 2005 жылдан Нәлібаев атынд. ауылдық окр. деп аталады. Ауылда мешіт, мектеп, монша, т. б. көптеген нысан халыққа қызмет көрсетеді.

О.Айдаров


МӘДЕНИЕТ – ауыл. Жалағаш ауд. Мәдениет ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Жалағаш оңт.-батысқа қарай 40 км жерде орналасқан. Тұрғыны 2,2 мың адам (2023). Іргесі 1929 ж. «Кедей бірлігі» артелі ретінде қаланды. 1950 ж. «Қызыл жұлдыз», «Жамбыл», «Қызыл диқан» және «Бірлік» ұжымдары бірігіп, Жамбыл атынд. ұжымшар болып құрылды. 1963 ж. «Қазақстанның 20 жылдығы» ұжымшарымен бірігіп, «Мәдениет» кеңшары болып ұйымдастырылды. 1997 ж. М-те шаруа қожалықтары құрылды. Соңғы жылдары ауылда бірқатар әлеум. нысандар бой көтерді. Ауылдық окр. бойынша кәсіпкерлер саны 112-ге жетті. Ауылда 3 ірі, 18 шағын шаруашылық егін егумен айналысады.

Т.Адисұлы

МӘДЕНИЕТ – канал. Сырдарияның сол аңғарында Қызылжарма а. тұсынан солға қарай бөлінетін канал. 1961 ж. салынған. Су өткізгіштігі 44 м^3/с, ұз. 87,2 км, бойындағы гидротехн. құрылыстардың жалпы саны – 44. Канал суы Мәдениет а-ның 27,9 мың га егістігін, бау-бақшасын және шабындық жерлерін суғарады және суландырады. Бұдан басқа №899 бекет жанында, Қызылжарма а. тұсында ұз. 384,7 км, су өткізгіштігі 226 м^3/с болатын сол жағалық үлкен канал бар.

МӘДІҚОЖА (Диуана) – оқымысты, көріпкел әулие. 17 ғ-да Сыр өңірінде өмір сүрген. Белгілі шежіреші Ләтиф Әбдіқайымұлының деректері бойынша М. Түркістандағы Қ.А. Ясауиден кейінгі екінші тұлға. Ол кісінің киесі киік, бүркіт, жолбарыс бейнелерінде көрінген. Аңыз-әңгімелерде М. Балқаш пен Қаратауды, Түркістан, Сайрам, Ташкентті 10 мың қолмен басып алған жоңғар ханы Қалдан Серенді тоқтатып, кереметімен бетін қайтарған делінеді. Мәді (Махди) араб тілінде «жарылқаушы», «құтқарушы» деген мағынаны білдіреді. Ол кейбір діни ағымдарда «жасырын имам» (көрінбейтін имам) деген ұғымды береді. Яғни махдизм іліминше, Мәді – халықты ұлы да игі істерге бастайтын тұлға. Зерттеушілер Н.Өсерұлы, М.Тынышбаев, проф. И.Ерофееваның ғыл.-зерт. еңбектерінде М. туралы мәліметтер кездеседі. М-дан Қожжан, Қылыш, Пірзада, Бақмұхаммед атты ұлдар тараған. Оның ұрпағы Сырдария ауд. Жетікөл а-нда ескерткіш орнатып, мешіт ашқан.

МӘЖИТОВ Әмір (22.4.1937, Жаңақорған ауд. Тоқтамыс а. – 14.3.1993, сонда) – реж., драматург, ақын, әнші. Ташкенттегі а. ш. ин-тын, Қызылорда пед. ин-тын (қазіргі Қызылорда ун-ті) сырттай бітірген. М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасында Арыстан, «Қаракөзде» Сырым рөлдерін ойнаған. Кейін Жаңақорған және Бірлік театрларының режиссері болып, Әуезовтің «Еңлік-Кебек», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш –



Мәдіқожа (Диуана) әулие кесенесі




Мәжитов Әмір

Баян сұлу», Қ.Мұхамеджановтың «Құдағи келіпті», «Өзіме де сол керек», «Бөлтірік бөрік астында», О.Бодықовтың «Қарақұм трагедиясында» кейіпкерлерді сахналаған. М-тың «Бір үзім нан», М.Көкенов жайындағы «Бәйтерек», т. б. пьесалары, 2–3 дастаны, көптеген өлеңдері бар.

МӘЖІҒҰЛОВ Мәлік (17.8.1891, бұрынғы Қазалы уезі Қуандария болысы №4-а. – 27.8. 1928, Қармақшы а.) – қоғам қайраткері. Қармақшыдағы түземдік мектепті, 4-сыныптық уч-щені (1914) бітірген. Арал почта-телеграф конторында, Қармақшы ауд. кеңес, партия органдарында қызметкер (1914–21), коммуналар мен артельдерді ұйымдастырушы (1921–22), Қазалы уезінде басқарма, уездік атқару к-ті сауда бөлімінің бастығы, Ташкенттегі обл. жер-су басқармасының төрағасы, Сырдария губ. сауда басқармасының бастығы (1923–24), Түркістан уездік атқару к-тінің төрағасы, Қазалы, Түркістан уездері кеңесінің мүшесі, Шымкент тұтынушылар кооперативі қоғамының төрағасы, Қазалы уезінің өкілі (1926–28) қызметтерін атқарған. 1925 ж. Түркістан республикасы Қазақстан өкіметінің өкілі ретінде республика аумағын межелеу жұмыстарына қатысқан.


Т.Дайрабай



Мәзқожаев Рахмет

МӘЗҚОЖАЕВ Рахмет (1881, қазіргі Сырдария ауд. Амангелді а. – 23.9.1976, сонда) – халық ақыны. Ұзақ жылдар ұжымшарда өндіріс бригадирі болып істеген. Н.Бекежанов басқарған концерттік-эстрадалық бригада құрамында өнер көрсеткен. Соғыстан кейінгі жылдарда обл., респ. айтыстарда Е.Қаңдековпен, Ә.Жүргенбаевпен, Ө.Жайлауовпен өнер сайысына түскен. Бірнеше жыр-дастан, терме-толғауларды жырлап, насихаттаған. М-тың «Қойдың арызы», «Қызыл сиырдың арызы», «Малдарды шақыру», «Сырдария сағасы» деген өлеңдері «Пернедегі термелер» (1965 ж.), Ө.Жайлауовпен айтысы «Айтыс» (3-т., 1966) жинақтарында жарияланған. Бүкіл түркі халқына кең тараған «Көрұғлы» дастаны (1973) М-тың нұсқасы бойынша жеке кітап болып басылды.

Н.Төреқұлов



Мәлібаев Оспан

МӘЛІБАЕВ Оспан (1899, қазіргі Сырдария ауд. О. Мәлібаев а. – 1984, сонда) – еңбек ардагері. Ташкент, Бұхара қ-ларында жұмыс істеп, Қызыл әскер қатарында болған (1920–25). Сырдария ауд. «Қызыл диқан» ұжымшарында жұмысшы, бригадир, ферма меңгерушісі (1925–57), ұжымшар, кеңшар төрағасы (1957–63) қызметтерін атқарған. М. басқарған ұжымшар бірнеше мәрте Бүкілодақтық халық ш. көрмелеріне қатысып, жүлде алды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, медальдармен марапатталған. 1992 ж. 30 қазанда М. басқарған ауылға оның есімі берілді.

МӘЛІБЕКОВ Жандарбек (24.3.1942 ж. т., Жаңақорған ауд. Екпінді а.) – сәулетші, ҚР Елтаңбасының авторы (1992). Өзбекстанның еңбек сің. сәулетшісі. Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2017). Ташкент политех. ин-тының сәулет ф-тін (1964) бітірген. 1964 жылдан Өзбекстан Республикасы ғыл.-инж. қала құрылысын жобалау ин-тында сәулетші, бас сәулетші болған. 1982 ж. Қарақалпақстанның астанасы Нүкіс қ-ның орт-н абаттандыруға байланысты КСРО



Мәлібеков Жандарбек

бойынша өткізілген байқауда 1-орын алған. 1980–85 ж. Наманган, Сарқан, Ташкент қ-ларының орт-н безендіру мақсатында өткізілген бәйгелерде М. жеке авторлық еңбегі үшін 1- және 2-дәрежелі сыйлыққа ие болды. Ташкентте метро салу құрылысына қатысып, 2-дәрежелі сыйлықтың иегері атанды. М. Ташкенттегі Қазақстан, Қырғыз Республикасы елшілік ғимараттарының, сондай-ақ Төле би мешітінің жобаларын жасаған. 2001 ж. Астана қ-на қоныс аударып, «Нұр Астана» мешіті, «Алатау» спорт кешені, «Егемен Қазақстан» газетінің ғимараты, Еуразия ұлттық ун-ті оқу ғимаратының, қаланың бірқатар шағын аудандарындағы тұрғын үйлердің жобаларын жасауға қатысты. Қазіргі уақытта Қытайда, Батыс Еуропада бірқатар жобалары жүзеге асырылуда. 2001 ж. қазірге дейін М. Еуразия ұлттық ун-тінде оқытушы қызметін атқарады. 1-дәрежелі «Барыс» (2022), «Құрмет» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2022).

Қ.Омаров

МӘЛІН (Felis libyca) – сүтқоректілер класы, жыртқыштар отрядының мысықтар тұқымдасына жататын аң. Дене тұрқы 52–65 см, салм. 1,9–6,3 кг. Арқа жүні қара, қоңыр шұбар теңбілі бар сұр түсті, бауыры ақшыл. Тері жамылғысының түсіне қарай, шұбар мысық немесе дала мысығы деп те атайды. Африка, Азия, Жерорта т. маңы, Кавказ тауы елдерінің көбінде таралған. Қазақстанның шөлді-шөлейтті аймақтарын мекендейді. Сыр бойында Қаратау сілемелерінде кездеседі. Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстарында жиі ұшырасады. Саны аз. Шөлді-шөлейтті аймақтағы қамыс-құрақ арасында, тораңғы, жиде, жыңғыл, шеңгел өскен өзендер мен көлдер жағасын мекен етеді. Қорегін көбіне ымыртта, түнде аулайды. Негізгі қорегі – кеміргіштер, қоян, қырғауыл, ондатр және ұсақ құстар. Жыныстық жағынан аталықтары 21–22 айда, ұрғашылары 10 айда жетіледі. Қаңтар-наурызда мауығып, сәуір-мамырда ұрпақ береді. Тамыз айында олар өз бетінше тіршілік ете бастайды. М. үй мысықтарымен жиі шағылысып, ұрпақ бере алады. Ертеде терісі үшін көп ауланған.



Мәлін

МӘМБЕЕВ Сәдуақас (1898, қазіргі Шиелі ауд. – 1958, Ресей, Красноярск өлкесі) – заңгер. 1914 ж. орыс-қазақ мектебін, Мәскеудегі екі жылдық заң курсын бітірген. Сырдария губ. прокурорының көмекшісі (1922–25), Жетісу губ-ның прокуроры, Қазақ АКСР Әділет халық комиссары және республика прокуроры (1925–28), Орта Азия әскери окр. Қазақстан бөлімінің прокуроры (1931–38) қызметтерін атқарған. 1939 ж. репрессияға ұшырап, жер аударылған. 1955 ж. ақталған.

МӘМБЕТ Бұлғақұлы (шамамен 1704/1705 – 1769/1770) – қазақ қайраткері. 1730–38 ж. Ресейге ант беру рәсіміне қатысқан. М. 1748 ж. тамызда Әбілқайыр ханның қазасына байланысты Барақ сұлтанның ісін

қараған төрт бидің, сондай-ақ Нұралы сұлтанды хан сайлауға қатысқандардың бірі. Ауызша, жазба-ша деректерде Қаратамыр Мәмбет аталық деп кездеседі. Қ.А. Ясауи кесенесіне жерленген. Қызылорда қ-нда М-тің есімімен бір көше аталған (2021).

Т.Дайрабай

МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ – білім беру мекемесі. 1932 ж. ашылып, Қызылорда қазақ пед. техникумы деп аталды. 1952 ж. Қызылорда қ-на ауыстырылған Алматы пед. уч-щесі негізінде Қызылорда қазақ қыздар пед. уч-щесі болып ұйымдастырылды. Бастауыш сынып мұғалімдерін, мектепке дейінгі тәрбие, муз. тәрбие беру мамандарын даярлаумен айналысты. Оқу мерзімі бастауыш сынып мұғалімдері, муз. бөлімдерінде 8 сыныптық біліммен 3 жыл 10 ай, орта біліммен 2 жыл 10 ай, ал мектепке дейінгі тәрбие беру бөлімінде орта біліммен 1 жыл 10 ай болды. Сонымен қатар күндізгі және сырттай оқыту бөлімдері жұмыс істеді. 1992 жылдан М.Мәметова атынд. жоғары қазақ пед. колледжі, 1999 жылдан Мәметова атынд. гуманит. колледжі – қазыналық кәсіпорын. 2015–2018 ж. «Мектепке дейінгі ұйымдардың ағылшынша білімі бар тәрбиешісі», «Ағылшынша білімі бар математика пәні мұғалімі», «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі», «Ағылшынша білімі бар физика пәні мұғалімі» мамандықтары қосылды. Оқу орнында бүгінде 208 оқытушы қызмет етеді. 1932–2022 ж. бұл колледжді 25 589, оның ішінде тәуелсіздік жылдары 18 645 (72,8%) түлек бітіріп шықты. Қазіргі уақытта колледжде 22 мамандық 43 біліктілік бойынша 2438 студент білім алуда.

О.Айдаров

МӘСЕЛЕЕВА Майдан (13.12.1951 ж. т., Өзбекстан Республикасы) – еңбек ардагері. Семей қаржы-экон. колледжін, Қазақ мемл. басқару академиясын (қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. Қармақшы ауд.



Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі



Мәселеева Майдан

қаржы бөлімінде аға экономист (1971), мемл. кірістер инспекциясының бастығы, меңгерушінің орынбасары, салық инспекциясының бастығы, салық инспекциясы бастығының 1-орынбасары, обл. жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеум. бағдарламалар басқармасының басшысы (1997–2007), обл. әкімінің кеңесшісі, обл. әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметтерін атқарды. «Құрмет» орденімен (2010), бірнеше медальмен марапатталған.

О.Айдаров

МӘТІ (шамамен 1627–1711) – би. Тәуке ханның кезінде шешендік өнерімен, әділ төрелігімен көзге түсіп, кейін Әбілқайыр сұлтанның кеңесшісі болған. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқан М. бидің шешендігі жөнінде халық арасында «Сөздің мәтінін мәтелдеп, Мәті бидей айтсаңшы» деген сөз тараған. Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романында, М.Есламғалиұлының «Әйтеке би» кітабында М. туралы мәліметтер кездеседі.

Қ.Ашанұлы

МЕДЕТБАЕВ Төлеген (1890, қазіргі Арал ауд. – 1949) – қоғам қайраткері. Арал қ-нда ішкі істер бөлімінің бастығы болып, жергілікті жерде кеңес үкіметінің толық орнап, нығаюына қатысқан (1919–21). 1921 ж. Арал қ. кеңестер депутаты төрағалығына сайланып, сол жылы Еділ бойы халқының аштыққа



Медетбаев Төлеген

ұшырауына байланысты (В.И. Лениннің көмек сұрап жазған жеделхатына жауап ретінде) 14 вагон балық жіберуді ұйымдастырған. М-қа Арал қ-нда бюст орнатылған.

МЕКЕБАЕВ Адам (19.4.1940, Қармақшы ауд. Ақжар а. – 8.9.2014, Алматы қ.) – жазушы, ақын, көсемсөзші, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2013). ҚазМУ-ды (1965, қазіргі ҚазҰУ), Мәскеудегі Дүниежүз. әдебиет ин-тының жоғары әдеби курсын (1987) бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің қызметкері (1965–66), Қызылорда обл. мәдениет басқармасының қызметкері (1966–71), обл. халық шығарм. үйінің директоры (1971–74) болған. «Қайнар» (1974–75), «Жазушы» баспасының редакторы (1975–81), Қазақ КСР Мәдениет мин-нің қызметкері (1981–82), Қазақ КСР Мемл. сценаристер алқасының кеңесшісі (1983–84), «Жұлдыз» журналы (1987–92), «Қазақ әдебиеті» газеті (1992–2002), «Ақжелкен» журналының қызметкері (2002–05), т. б. қызметтер атқарған. М. «Жадыра» (1970), «Жезтырнақ» (1973), (Айтылмай қалған аңыз» (1990), т. б. 10-нан астам проза кітабы, «Періште келіншек» (1982), «Жер кіндігіндегі апат» (1992), (Дауылды жер» (1988), «Қазына сыры» (1994), «Құпия қойма» (2008), т. б. романдары, «Лебединая печаль» (1985), «Суховей» (1987),



Мекебаев Адам

«Жар жағалаған қыз» (2001), «Үйінен қашқан бала» (2007), т. б. повестер жинағы, «Ой түбінде жатқан сөз», «Мың жарым жылдық қате» (2003), т. б. публицист. кітаптардың авторы. «Сырдария кітапханасы» сериясымен 2 томдығы жарық көрген (2009). ҚР Журналистер одағы (2000), халықар. «Алаш» әдеби (2005) сыйлықтарының лауреаты. «Ерен еңбегі үшін» (2001), т. б. медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

МЕҢЕЙ (шамамен 1810 – 1860, қазіргі Қармақшы ауд. Қуаңдария а.) – батыр. 1894 жылдан Ресейде шыққан карталарда М. деген жер атауы, сондай-ақ А.Левшиннің жазбаларында М. батырдың есімі кездеседі. Белгілі ақын Т.Ізтілеуов «Ел қамын жеген ерлер» атты толғауында М. батыр туралы жырлаған.



Меңей батыр кесенесі

МЕҢЛІАЯҚ Сәрменбайұлы (1880, қазіргі Қармақшы ауд. 3-Интернационал а. – 1954, Қызылорда қ. Абай а.) – халық ақыны. 15 жасында «сері жігіт» атанып, ақындығымен халыққа танылған. М-тың ақындығының ұшталуына Кете Жүсіп, Керей Әбдіжаппар, Қаңлы Жүсіп, әсіресе Сыр сүлейі Тұрмағамбеттің үлкен әсері болған. 1928 ж. ауқаттылар санатында жер я оралған.



Меңліаяқ Сәрменбайұлы

1937 ж. халық жауы ретінде ұсталып, 1943 ж. ақталған. М. қазақ халқының ауыз әдебиеті мұрасын жинақтаумен қатар өзі де толғау-өлең, хикаялар шығарған. Оның шығыс әңгімелерінің желісімен жазылған «Үш жігіт», «Екі құдың әңгімесі», «Төрт өнерпаз», т. б. поэмаларымен қатар «Бастан өткен өмір», «Жаңа әкім», «Әбділдаға көңіл қос», сонымен қатар «Жас туралы» пьесасы, «Қуанышты күн – тоғызыншы май», «Кенесары – Наурызбайдың қысқаша тарихы», «Жасауыл қырғыны мен Айсарының жоқтауы», «Жанғабыл батырдың өлімі» атты деректі әңгімелері бар. 2000 ж. М-тың мұрасы жеке кітап болып баспадан шықты. М-тың шығармалары ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер ин-тының қолжазбалар қорында сақтаулы. М-тың есімі Қызылорда қ-да бір көшеге берілген.

Т.Дайрабай

МЕҢЛІБАЕВА Айша (1912, қазіргі Сырдария ауд. Бірінші май а. – 12. 12.1989, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (29.3.1958). Қазақ КСР-інің мал ш-на еңбек сің. шебері (1958). Еңбекке 18 жасынан (1930) бастап араласқан. 1941 ж. майданға аттанған зайыбының орнына аға шопан болып істеген. 1957 ж. 100 саулықтан 139-дан қозы өсіріп, әр қойдан 3,1 кг-нан жүн алып, қаракөл елтірісінің 73%-ын бірінші сортпен өткізген. 1963 ж. Бірінші май атынд. ұжымшар «Первомайский» кеңшарының құрамына енген кезде М. ірілендірілген шопандар бригадасын ұйымдастыру жөнінде бастама көтеріп, оны республика, облыс жастары қолдаған. КСРО Жоғ. Кеңесінің 5-шақырылған (1958–62), Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 6-шақырылған депутаты (1963–67). Ленин (1958, 1966), «Құрмет белгісі» (1971) ордендерімен марапатталған. Қызылжарма а-ндағы бір көшеге есімі берілген.



Меңлібаева Айша

Қ.Омаров

МЕРГЕНСАЙ – Арал т-нің Көктырнақ түбегіндегі жер атауы. Арал ауд-ның орт-нан 64 км жерде, Мергенсай ауылдық окр-нің Жалаңаш а-нда орналасқан. Тұрғыны 0,66 мың адам, жер аум. 34,6 мың га, оның 29,0 мың гектары қыр жайылымы. Халқы мал ш-мен айналысады.



Мешітбаев Тұрсын

МЕШІТБАЕВ Тұрсын (14.4.1928, Қармақшы кенті – 27.2.2003, Алматы қ.) – ұстаз-педагог, Қазақстанның еңбек сің. мұғалімі (1969). Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі (1966). Қызылорда пед. институн (1950, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қармақшы ауд-нда орта мектеп директоры (1950–52), Қармақшы ауд. және Қызылорда обл. комсомол к-ттерінің хатшысы (1952–54), Жалағаш, Қармақшы аудандарында мектеп директоры, Қармақшы ауд. халық ағарту бөлімінің меңгерушісі, ауд. партия к-тінің бөлім меңгерушісі, Қызылорда обл. халық ағарту бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1954–75), Қазақ КСР Оқу мин-нің аға инспекторы, Алматы қ-нда респ. эксперименттік мектептің директоры, ҚазҰУ, ҚазҰПУ-дың доценті (1975–2003) қызметтерін атқарған. М. 50-ге жуық ғыл. мақаланың авторы.



Мин Александр

МИН Александр Павлович (29.11.1915, Ресей, Приморье өлкесі – 9.7.1944, Украина, Волынск обл. Ковель қ-ның маңы) – Кеңес Одағының Батыры (25.3.1945). Саратов қ-ндағы қаржы ин-тының 3 курсын, Рязань қ-ндағы жаяу әскерлер уч-щесін (1942) бітірген. 2-дүниежүз. соғысқа дейін Арал қ-нда корей бастауыш мектебінде сабақ берген. Орт., 1-Украин, 1-Беларус майдандарында ұрысқа қатысып, атқыштар взводы, рота, батальон командирі болған. Волынск обл-ндағы Ковель қ. үшін болған шайқаста М. басқарған батальон жауынгерлері қаһарман ерліктің үлгісін көрсетті. Порядубы қыстағында немістермен бетпе-бет айқаста М. ауыр жараланып, ерлікпен қаза тапқан. Қызыл жұлдыз (1943), 2-дәрежелі (1943) және 1-дәрежелі (1944) «Отан соғысы», Александр Невский (1944), Ленин (1945) ордендерімен марапатталған. М-нің құрметіне Жамбыл обл. Байзақ ауд. Бурыл а-нда бюст, Арал қ-нда ескерткіш белгі қойылған. Ташкент қ-ндағы бір көшеге, Өзбекстанның Аққорған қ-н-дағы саябаққа есімі берілген. 2007 ж. Ресейдің Путятин аралындағы №254 орта мектептің ғимаратына мемориалдық тақта орнатылған.

О.Айдаров



Михайлюк Яков

МИХАЙЛЮК Яков Данилович (1919, қазіргі Әйтеке би кенті – 20.4.2011, Мәскеу қ.) – Кеңес Одағының Батыры (15.5.1946). Қазалы ст-н-дағы ФЗУ-ды (қазіргі №5 кәсіптік мектеп) паровоз машинисі мамандығы бойынша (1939), сондай-ақ 2-дүниежүз. соғыс жылдары авиация мектебін бітірген. Соғысқа дейін Қазалы локомотив депосында жұмыс істеді. Мәскеу түбіндегі, Сталинград, Курск, Орел, Берлиндегі әуе ұрыстарына қатысты. 73 әуе шайқасында жеке өзі жаудың 17 ұшағын атып түсірген. Соғыстан кейін Мәскеуде әскери әуе күштері құрамында қызмет еткен. Өзінің жауынгерлік жолы жайлы «Мен – Сұңқар шабуылға шықтым» атты кітап жазған. Қазалы ст-ндағы көшеге М-тің есімі берілген. 17 жауынгерлік орден, медальмен марапатталған.

О.Айдаров

МИЯ (Glycyrrhiza) – бұршақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстанның шөл, шөлейтті, далалы аймақтарында өсетін 5 түрі бар. Қызылорда обл-ның барлық аймағында кездеседі. Биікт. 10–80 см-дей, тамыры жуан. Сабағы тік өседі, жапырақтар қандауыр тәрізді, қарама-қарсы орналасады. Гүлдері көк, күлгін түсті, селдір шашақ гүлшоғырына топтасқан. Тұқымы арқылы немесе вегетативті жолмен көбейеді. Маусым-шілдеде гүлдеп, шілде-тамыз айларында жеміс салады. Жемісі – қабықты бұршақ. Бұл өсімдік жылына бірнеше жүздеген ұрық салады. Тұқымы топырақта 2–3 жылға дейін тіршілігін жоймайды. Қызыл М. және миятамыр деген түрлерінің тамырында гликозид, сахароза, эфир



Мия

майы, органик. қышқылдар, минерал тұздары бар. Сондықтан оларды медицинада, темекі және тамақ өнеркәсібінде қолданады. Жапырағы, сабағы мал азығы ретінде пайдаланылады.

МОЙЫНҚҰМ – Жалағаш ауд. және Ұлытау обл. жеріндегі жоталы құмды алқап. Батысындағы Егізқара тауы мен шығысындағы Арысқұм құмды алқабы арасында жатыр. Солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 90 км-ге созылған, енді жері 23 км. Теңіз деңгейінен абс. биікт. – 148 м (Дыңқара тауы). Құмды алқаптың шығыс бөлігін Мыңбұлақ қазаншұңқыры, батысын Бөріойнақ қыратты өңірі алып жатыр. Орта тұсынан көктемгі жауын-шашыннан пайда болатын құрғақ өзен арналарын кесіп өтеді. Құм төбелердің ойысты жерлерінде Ақшибұлақ, Бөкдақ, т. б. бұлақтар бастау алады.

Қ.Ахметов

МОЛДАБЕКОВ Мейірбек Молдабекұлы (20.7.1947 ж. т., Жаңақорған ауд. Төменарық а.) – тех. ғыл. докт. (1989), проф. (1991), ҚР ҰҒА-ның акад. (1997). К.Э Циолковский атынд. Ресей космонавтика академиясының акад. (1998). Халықар. астронавтика академиясының акад. (2013). ҚР Мемл. сыйл-ның иегері (2015). ҚР білім беру ісінің үздігі. «Дос-Мұқасан» ансамблінің негізін қалаушылардың бірі әрі музыканты. Қазақ политех. ин-тын (1970, қазіргі ҚазҰТУ), Мәскеу авиац. ин-тын (1975) бітірген. Қазақ политех. ин-тында ассистент, стажер-зерттеуші (1970–73), ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) аға ғыл. қызметкер, аға оқытушы, доцент (1977–88), Қазақстан ҒА-ның механика және машинатану ин-тында зертхана меңгерушісі (1977–93), механика және математика ин-тында жетекші және бас ғыл. қызметкер, зертхана



Молдабеков Мейірбек

меңгерушісі (1988–91), ҚР Ұлттық аэроғарыш агенттігі бас директорының орынбасары – «Байқоңыр» ғарыш айлағы басқармасының бастығы (1991–97), ҚР БҒМ Ғыл. мамандарды аттестациялау департаментінің директоры (1997–98), ҚР Ұлттық аэроғарыш агенттігінің директоры, Аэроғарыш к-тінің төрағасы, орынбасары (1998–2005), «Қазақғарышсапары» ҰК» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары (2005–07), ҚР Ұлттық ғарыш агенттігі төрағасының орынбасары (2007–14) қызметтерін атқарған. 2008 жылдан «Ғарыштық зерттеулер ұлттық орталығы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы. Қазіргі уақытта «Ғарыштық техника және технология» ЖШС-ның бас ғыл. қызметкері, Алматы энергетика және байланыс ун-тінің проф. М. 230-дан астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 8 монография, 4 оқу құралы, 9 авторлық куәлік пен 5 патенттің авторы. «Құрмет» (1998), «Парасат» (2007) орденмедальдерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» (1970), т. б. көптеген медальмен марапатталған. Қазақстан Ленин комсомолы сыйл-ның (1974), халықар. В.Г. Шухов атынд. (РФ) алтын медалінің (1992) иегері.


Қ.Омаров, О.Айдаров

МОЛДА ОРАЗ, Ораз молда Жүсіпұлы (1814–1868, кей деректерде 1804–1875, қазіргі Сырдария ауд.) – ақын, аудармашы. Ескіше хат танып, Бұхара қ-ндағы Көкілташ медресесін бітірген, Бағдатта білім алған. Кейін Көкілташ медресесінде ұстаздық еткен. Шағатай, парсы тілдерін меңгеріп, Ә.Фирдоусидің «Шаһнамасын» түпнұсқадан қазақ тіліне алғаш аударған (1830–65). Оның аудармасы Қиямерстің (Каюмарс) патша тағына отыруынан басталады. Соңғы тарауларда мифтік аңыздарға орын берілген.

Е.Кәрібозов

МОЛДАХМЕТ Дабылұлы (1892, қазіргі Қармақшы ауд. Ақтөбе а. – 1946, сонда) – ақын. Ауыл молдасынан хат танып, әкесі Дабыл, шешесі Ақсұлу-

дың (Қарасақал Ерімбеттің қарындасы) өнерінен үлгі-өнеге алып, 14 жасында «бала жырау», «жас шайыр» атанған. Жасында Сыр бойы әнші-жыршы-



Молдахмет Дабылұлы

ларының орындаушылық дәстүрінен үйреніп, «Қыз Жібек», «Алпамыс» жырлары мен «Көрұғлы», «Мұңлық – Зарлық», «Су патшасы Сүлеймен», «Ақтам сахаба», «Жүсіп – Зылиха», «Дариға – Мәді» секілді шығыстың қисса-дастандарын өзіндік мәнермен орындаған. Ол Жиенбай сазы мен Тасбергеннің «маңырамасы», Молдахметтің «боздамасы», әуелеген Нартай әні, Нұртуған мектебінің әуендері, тербелісті Сәрсенбай мақамы, т. б. термелік әуендердің халық арасына кеңінен таралуына ықпал етті. М-тің лирик., дидактик. өлеңдерімен қатар дастандары («Сарғасқа атты Келмембет», «Қазақтың қасиетті шаңырағы», «Бекен аға», «Жастық шабыты»), айтыстары («Молдахмет пен Машарап», «Молдахмет пен Тұрымбет») сақталған. М-тің ақындық мұрасы ғалым Е.Ысмайыловтың жетекшілігімен жазылып алынған. Қармақшы ауд-ның мәдениет үйіне М. есімі берілген (1992).

Т. Тебегенов

МОЛДАШЕР Жамұратұлы (1825, қазіргі Қармақшы ауд. Көмекбаев а. – 1904, Өзбекстан, Бұхара обл. Тамды ауд. Ақбайтал с.) – ахун, діни қайраткер, ұлт-азаттық қозғалысына қатысушы. М. 1843 ж. Бұхарадағы «Көкілташ» медресесіне түсіп теология, лингвистика, фонетика, морфология, синтаксис, жаратылыстану (биология, геология мен топырақтану) саласы пәндерін игерген. Оқу орнын үздік тәмамдаған М. тағы екі жыл білімін жоғарылатып, 1850 ж. «Ахун» қадыршатын (дипломын) алған. Елге оралған соң молда ұстап, көшпелі қазақ а-ның балаларын оқытқан. Ресей отарлаушыларына қарсы бағытталған Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Сыздық Кенесарыұлының ұлт-азаттық көтерілістеріне материалдық көмек көрсетіп, әскерлеріне сарбаздар жасақтап жіберіп отырған. Дәулетті және беделді адам ретінде керуен тартып, саудамен айналысқан. Сыр өңірін тұтастай бағындырған отарлаушылардың қыспағына шыдамаған М. өз ауылдастарымен бірге Қызылқұмға қоныс аударып, онда 1863–68 ж. өз қаражатына құдықтар қаздырған. Құдықтардың атауы Өзбекстан топонимикасында (Тамды ауд. Авангард а-ның Қызылорда обл. жақ бетінде) бүгінге дейін сақталған. Сонымен қатар М. жауырыны жерге тимеген балуан да болған.

Қ.Омаров

МОЛЖІГІТҰЛЫ Арзулла (1929, Шиелі ауд. Керделі а. – 2002, Н.Бекежанов атынд. а.) – жырау. Н.Бекежановтың шәкірті, оның мұрасын насихаттап дәстүрін жалғастырушы. Ауыл мектебінде мұғалім (1948–55), клуб меңгерушісі, мәдениет үйінің әдіскері, үйірме жетекшісі (1955–87) болған. 1988 жылдан Бекежанов мұражайында қор сақтаушы қызметін атқарған. А. ақындығымен қоса домбыра жасаудың да шебері. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қ-нда өткен дүниежүз. конференцияда «Иман Жүсіпке хат» дастанын орындап, тыңдаушыларына Нартайдың сырнайға қосып шырқайтын сазын жеткізді. Ол 3-, 5-, 7-обл. ақындар айтысына қатысып, жүлделі орындарды иеленген.

Т. Дүйсенбаева

МОЛҚАЛАН (МОЛЛА-ҚАЛАН) КЕСЕНЕСІ, 16 ғ. – респ. маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіш (1982). Сырдария ауд-на қарасты Іңкәрдария а-нан оңт.-батысқа қарай 3 км жерде, Жаңадария өз-нің жағасында орналасқан. М. к. маңдайшалы-күмбезді құрылыс қатарына жатады. Кесене қам кесектен тұрғызылған көптеген қоршауы



Молқалан кесенесі

мен қабір үсті ескерткіштері бар үлкен қорымның түкпірінде орналасқан. Ескерткіш шаршы пішінді күйдірілген кірпіштерден тұрғызылған, аум. өлшемі 9,26х12,28, биікт. 5 м, күйдірілген кірпіштен (өлшемі 23х5 см) өрілген. Камераның солт. бұрышында әулиенің қабір үсті ескерткіші орналасқан. Камераның оң жақ жартысында бір қатарда орналасқан, қам кесектерден қаланып, күйдірілген кірпіштермен жиектелген бес қабір үсті ескерткіші бар. Күмбез құрылысында арқалы желкендер және импостар салу әдісі қолданылған. Ескерткіштің ішкі қабырғалары гипспен сыланған. Кесене ортағасырлық мұсылман сәулет өнерінің дәстүрінде салынған, сонымен бірге Орта Азияның солт. бөлігіндегі көшпенділерге тән «дахистандық» бетше босаға типін де қолданған. Мазардың іргесіне қамыс төселіп, ішіне алты адамның қабірі орналастырылған. Бірнеше рет қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген (1985, 2007, 2018, 2023). Күмбезге қатысты материалдар Қызылорда обл. тарихи-өлкетану музейі мен Алматы қ-ндағы «Ескерткіштер» ғыл.-зерт. ин-ты архивінде сақтаулы.

МОЛЛА АХМЕТ әл-ЖЕНДИ (шамамен 15 ғ., Сыр бойындағы Жент қ. – т.-ө.ж.б.) – ортағасырлық діни ғұлама, араб тілі мен әдебиеті, Құран мен тәпсір, хадис пен сүннеттің білгірі, дін зерттеушісі. Ғыл.-діни трактаттар жазған. Бізге оның 4 түсіндірме кітабы жеткен. Алғашқысы «Ан-Насафидің «әл-Ақиадына» жасалған түсіндірмеге түсінік» («Хашийа ала шарх әл-Ақиад ан-Насафийа») деп аталды. 1594–96 ж. қайта көшірілген еңбек Ресей ҒА-ның қолжазба қорында сақтаулы. Сондай-ақ Адуд әд-Дин Абд ар-Рахман бин Ахмет әл-Иджидің (1281–1355) «Әдаб әл-бахс» атты туындысын толығырақ түсіндіру мақсатында «Пікірталас өнері жайлы түсіндірмені» жазған. Бұл еңбектің де 1567–68 ж. көшірілген нұсқасы ғана сақталған. «Рисала фи адаб әл-бахс» немесе «Әдаб ас-Самарқанди» (авторы ибн Хұсейн ас-Самарқанди) аталатын, «Хашийа ала хашийа әл-Журжани ала шарх ар-Рази ала шамсийа» деген екі еңбекке түсінік жазды. Оның 34 беттен тұратын тағы бір түсіндірме кітабы «Шарх рисала фи-т-таухид» аталады.

Ә. Дербісәлі

МОЛЫБАЕВ Нұғыман (1906, қазіргі Қазалы ауд. – 11.9.1975, сонда, Қармақшы а.) – ақын, жырау. Ауылдық мектепте арабша оқып, сауатын ашқан. 14 жасынан «бала жырау» атанған. Н Бекежанов басқарған өнер бригадасының құрамында болған (1943–47). Өлеңдері әр түрлі жинақтарда, мерзімді баспасөздерде жарияланған. Ауд., обл., респ. ақындар айтысына қатысқан. Балқы Базарға арнаған бірнеше өлеңі бар. М-тың шығармалары «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» (1973), «Халық поэзиясы және бүгінгі өмір» (1976), «Ақын-жыраулар» (1979), «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» кітаптарына енген. Ол Б.Өтепов, М.Жүсіпов, К.Алдоңғаров, Ж.Аралбаевтармен (1943, 1969) айтысқа түскен. Бірнеше Сыр елі жырауларының мақамдарын дыбыс таспасына түсірген. М. ел аузындағы халқымыздың әдеби мұрасын жинауға көп үлес қосты.

Т.Дайрабай

МОМЫНБАЕВ Байзақ Көпірбайұлы (1.8.1946, Сырдария ауд. – 2.4.2013, Алматы қ.) – пед. ғыл. докт. (1991), проф. (1993), отандық инж.-пед. білімнің негізін қалаушы, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2003). М. Қазақ КСР-інің кәсіптік-тех. білім саласының үздігі (1987), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2011), Ресей білім академиясының акад. (2000), ҚР ҰИА-ның акад. (2010), ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (2013). Қазақ а. ш. ин-тын (қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық ун-ті, 1969), «Қазақ а-ш. механикаландыру және электрлендіру» ғыл.- зерт. ин-тының аспирантурасын (1976) бітірген. «Қазақ ауыл шаруашылығы механизациясы» ғыл.-өнд. бірлестігінде инж. (1969–70), Қазақ а. ш. ин-тында ассистент (1971–73), нұсқаушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1977–93, 1996–98, 2001–02), проф. (2006–07) болған. ҚР ЖАК-нің саяпаттау кеңесі төрағасының орынбасары, төрағасы (1993–96), Қазақ білім проблемалары ин-ты директорының орынбасары, директордың міндетін атқарушы, Қазақ білім академиясы кәсіптік білім ин-тының директоры, осы академияның вице-президенті, президенті міндетін атқарушы, педагогика ғылымы бойынша докт. дисс. кеңестің төрағасы (1998–2001), ҚР ҰҒА-ның ғыл. кадрлар басқармасының бастығы (2002–05), Қазақ білім академиясының вице-президенті (2005–07), Қызылорда мемл. ун-тінің (қазіргі Қызылорда ун-ті) ректоры (2007–11) қызметтерін атқарған. 2009 ж. обл. мәслихаттың депутаты болып сайланды. М. 200-ден астам ғыл. еңбектің, 2 монография, 24 оқулық пен 5 оқу құралының авторы. 14 ғылым докторын, 40 ғылым кандидатын дайындаған. «Парасат» орденімен (2009), бірнеше медальмен марапатталған. Ғылым мен техниканы дамытуға зор үлесін қосқан ғалымдарға арналған мемл. ғыл. стипендияның (2003), Ресей БҒМ-ның К.Д. Ушинский медалінің (2009) иегері. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2007). Сырдария ауд-ның құрметті азаматы (2009).



Момынбаев Байзақ

Қ.Омаров

МОНТАЕВ Сәрсенбек Әлиақбарұлы (15.12.1959 ж. т., Шиелі ауд. Ы.Жақаев атынд. а.) – тех. ғыл. докт. (1997), проф. (1999), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2009). ҚР-ның құрметті құрылысшысы (2023). ҚР ҰИА-ның корр. мүшесі (2001). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1983, қазіргі Тараз ун-ті) бітірген. Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инж. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, ф-т деканының орынбасары, ф-т деканы (1991–2005) қызметтерін атқарды. Батыс Қазақстан агр.-тех. ун-тінде ф-т деканы (2005–13), ғыл.-зерт. ин-тының директоры (2013–20) болды. 2020 жылдан аталмыш ун-тте индустр.-технол. ин-тының директоры. Негізгі ғыл. бағыты – Қазақстанның табиғи және техногендік шикізатын өңдеу негізінде көп функционалды композиттік материалдарды алудың ресурс және энергия үнемдейтін технологияларын жасау; «Жасыл құрылыс» және ғимараттар мен құрылыстардың энергия тиімділігін арттыру



Монтаев Сәрсенбек

бойынша технол. шешімдерді әзірлеу. М. 5 инновац. жобаға ғыл. жетекшілік етті. Хирш Индексі – 15-ке тең. Стэнфорд ун-тінің (АҚШ) сарапшыларының бағалауы бойынша әлемдегі беделді ғалымдардың 2% рейтингіне (Words Top 2% Scientists) енген. М. 130-дан астам ғыл. еңбектің, оның ішінде Scopus және Web of Science деректер базасындағы 20-дан астам мақала, 3 монография, 10-нан астам инновац. патенттің авторы. 5 ғылым кандидатын, 3 Ph.D дайындады.

Қ.Омаров

МОНШАҚТЫ АСАР – көне қоныс орны. Қармақшы ауд-нда, Сырдария өз-нің бойында орналасқан. Жетіасар өңіріндегі қалалық қоныстардың бірі. Қаңлы мемлекеті кезеңіндегі қала мәдениеті ескерткіштеріне жатады. Екі-үш қабатты төбе. Ескерткіш қалдықтарының биікт. 8 м, 18 га жерді алып жатыр. Бекінісі ирек жоспарлы. Б.з.д. 7 ғ. – б. з. 8 ғ. аралығын қамтиды. Бірнеше мәдени қабаттан тұрады. М. а. арнайы жан-жақты зерттелмеген. Археологтар С.П. Толстов (1947, 1966) және Л.М. Левина (1970–90) археол. зерттеулер нәтижесінде Жетіасар өңірінің мәдени-тарихи өміріне байланысты ішінара ғыл. тұрғыдан пікір айтқан.

МОЩЕЕВ Юрий Викторович (2.5.1965 ж. т., Қармақшы ауд. Жосалы а.) – спорт қайраткері, ҚР-ның жеңіл атлетикадан еңбек сің. жаттықтырушысы (2011). ҚР-ның құрметті спорт қызметкері (2023). 1-санаттағы спорт төрешісі. М. Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы (1988–91), обл. дене шынықтыру және спорт басқармасында нұсқаушы, бас маман, оқу-спорт бөлімінің бастығы (1991–2005), обл. балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінің директоры (2005–10), жоғары шеберлік мектебінде паражеңіл атлетикадан аға жаттықтырушы (2010–13), «Қызылорда облысының Паралимпиада комитеті» қоғамдық бірлестігінің директоры (2013–19) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта обл. мүгедектерге арналған спорт клубының жаттықтырушы-оқытушысы. М. өңірдегі паралимпиадалық қозғалыстың негізін қалаушы, оның қолдауымен өңірдегі мүмкіндігі шектеулі адамдар халықар. спорт аренасына шықты. Паражеңіл атлетикадан 6 халықар. дәрежедегі және 20-дан астам спорт шеберін дайындады. «Дене шынықтыру мен спортты дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған (2014).



Мощеев Юрий

О.Айдаров

МҰҚАН (Мықан) Балтекейұлы [1873, қазіргі Ұлытау обл. Ұлытау ауд. Сарысу а. (кей деректерде Шиелі ауд. Телікөл а.) – 1916, Ташкент қ.) – айтыс ақыны. Ауыл молдасынан хат танып, Бұхарадағы «Көкілташ» медресесінде білім алған. Оның өсиет үлгісіндегі жырлары адамгершілік парасатқа, ұстамдылыққа шақырды. «Ақ сұңқар орнына, Қарға қонып жай алды. Парамен болыс болғандар, Білмейді халықты аяуды» деп кезеңінің кеселін ауыр сынға алды. Ол өлеңдерін шығыстық ғазал үлгісінде жазды. «Ажалмен құтылмайсың қашқаныңмен» деп ақын дүниенің баянсыздығын сопылық поэзия үлгісінде өрнектеді. Оның Нұралымен айтысы, Кете Жүсіп пен Қаңлы Жүсіптің айтысына арналған аралық сөзі сақталған. Ақынның «Есенқабыл, Есенбақ батырға» толғауы эпика жанрындағы құнды дүние. М. мұрасын А.Тоқмағанбетов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жармұхамедов, Ж.Әлмашұлы секілді ғалымдар зерттеді.

Е. Кәрібозов

МҰҚАШЕВ Сейтнәби (1.1.1930, Жалағаш ауд. Бұқарбай батыр а. – 28.1.1993, Жалағаш кенті) – еңбек ардагері. Қызылорда пед. ин-тын (1952, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Алғашқы ұстаздық жолын Атырау обл. Бақсай (қазіргі

Махамбет) ауд. Жаманқала орта мектебінде бастаған. Жалағаш ауд-ндағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, ауд. комсомол к-тінің хатшысы, ауд. газет редакторының орынбасары, ауд. партия к-тінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі (1952–62), Қармақшы ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1962–64), Жалағаш ауд. Жамбыл атынд. ұжымшардың төрағасы (1964–67),



Мұқашев Сейтнәби

Жалағаш (1968–78) және Тереңөзек (1978–82) ауд. атқару к-тінің төрағасы, «Аққұм» кеңшарының директоры (1982–85) қызметтерін атқарған. Обл. кеңестің депутаты болып сайланған. Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), «Халықтар достығы» ордендерімен, бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Т.Дайрабай

МҰҚТАРҰЛЫ Сейсен (22.7.1946, Жаңақорған ауд. Жетітөбе а. – 1999, Алматы қ.) – ақын, өнер зерттеушісі. ҚазМУ-ды (1969, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын 1965 ж. «Жазушы» баспасында түзетушіліктен бастаған. «Қазақ кеңес энциклопедиясында» аға ғыл. редактор (1971–82), «Өнер» баспасында редакция меңгерушісі (1982–86), «Жалын»



Мұқтарұлы Сейсен

баспасында аға редактор, ҚР Мемл. Орт. мұрағатында ғыл. басылымдар бөлімінің бастығы (1992–95) қызметтерін атқарған. Халықар. қазақ-түрік ун-тінің аға оқытушысы болған. «Жалын» баспасының тапсырмасымен «Кәмпеске» атты тарихи-анықтамалық кітабын жазған. «Бүлдіршін» (1967), «Құм кескен керуен» (1971), «Саптағы сарбаз» (1974), «Тағы бір көктем» (1978), «Нұр тағысы» (1982) өлеңдер жинақтары, «500 сұраққа жауап» атты өнертану, зерттеу (1990), «Шоқан және өнер» атты ғыл. публицист. кітаптары, халық суретшісі К.Тележанов туралы тарихи-библиогр. «Атамекен» повесі (1985), «Қарашаңырақ» атты лирикалық кітабы (2001) жарық көрген. 1990 ж. жазған «Күн желкен» немесе «Қорқыт ата дастаны», «Қорқыттануға баспалдақ» атты ғыл.-зерт. еңбегі «Қорқыт ата» энциклопед. жинағына (1989) енгізілді.

МҰРАТБАЕВ – Қазалы ауд-ндағы ауыл, округ орт. Аудан орт. – Әйтеке би кентінен батысқа қарай 5,3 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,6 мың адам (2023). Іргесі 20 ғ-дың 30 жылдары а. ш-н ұжымдастыру кезінде қаланған. 1928–96 ж. күріш өсіретін өзімен аттас ұжымшардың орт. болды. Оның негізінде 1997 жылдан ауылда Ғ.Мұратбаев атынд. ЖШС және бірнеше шаруа қожалығы жұмыс істейді.



Мұратбаев ауылы

МҰРАТҰЛЫ Пішан (19 ғ.) – батыр, би. Пішан батыр Қармақшы өңірінде өмір сүріп, осы өлкеде қайтыс болған. П. батырдың Боранбай, Төребай би (1848–1911), Бозай, Боздақ, Райыс, Смайл деген балалары болған.



Мұсабаев Тұрлыбек

МҰСАБАЕВ Тұрлыбек Түрікпенұлы (1.3.1967 ж. т., Қазалы ауд. Майлыбас а.) – тех. ғыл. докт. (2001), проф. (2010). ҚР-ның құрметті құрылысшысы (2012). ҚР-ның құрметті сәулетшісі (2016). ҚР ҰИА-ның акад. (2017). Қазақ хим.-технол. ин-тын (1989, қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) бітірген. Аталмыш ин-тта оқытушы (1989–90), Ленинград инж.-құрылыс ин-тында стажер-зерттеуші, Санкт-Петербург мемл. сәулет-құрылыс ун-тінде аспирант, ассистент, докторант, жетекші ғыл. қызметкер (1990–2000), Еуразия ұлттық ун-тінің проф., ун-ттің жаратылыстану тех. ин-ты директорының орынбасары, директоры, Сараптау ғыл.-зерт. ин-тының директоры, кафедра проф., «Мемсараптама» кәсіпорны Астанадағы бөлімшесінің директоры (2000–10) болды. ҚР Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері агенттігі «Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» РМК Астанадағы бөлімшесінің директоры (2010–14) қызметтерін атқарған. 2015 жылдан «Республикалық мемлекеттік қала құрылысы және кадастр орталығы» РМК-ның бас директоры, Еуразия ұлттық ун-тінің проф. М. 280-нен астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монография, 1 оқулық, 4 оқу құралының, 2 анықтамалықтың, қала құрылысы бойынша 6 кітаптың, 9 өндіріске ендіру актісінің авторы. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2008). «Ерен еңбегі үшін» (2018), т. б. медальдармен, ҚР-ның Құрмет грамотасымен (2012), «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2003) төсбелгісімен марапатталған. Талантты жас ғалымдарға арналған мемл. стипендияның иегері (2001).

О.Айдаров

МҰСАБАҚСЫ Елеуұлы (т. ж. б., қазіргі Жалағаш ауд. Мөрәлі а. – ө. ж. б., сонда) – халық емшісі, көріпкел, керемет иесі. Түмен тәуіптің немересі, бабадан қалған қос шанақты қара қобыздың мұрагері. М. бақсылыққа салынған кеңестік тыйым жағдайында емшілікті арнайы кәсіп етпеген. Қарапайым еңбекпен шұғылданған, мал баққан. Қобызын сарнатып, зікір салып, аруақ шақырып, науқастың тамырын ұстап, ем жасаған, үшкірген.



Мұсаханов Зұлпыхар

МҰСАХАНОВ Зұлпыхар (15.12.1914 – 18.2.1988) – қызметкер, Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген а. ш. шебері. Еңбек жолын ауд. комсомол к-тінің хатшысы болып бастаған (1933–38). Жаңақорған МТС-1 саяси бөлімінің жетекшісі, МТС директоры, ауд. партия к-тінің 2-хатшысы (1940–46), Жаңақорған ауд. кеңесі атқару к-тінің төрағасы (1957–62), Қармақшы, Шиелі аудандарында а. ш. басқармасының бастығы және ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1962–66), Жаңақорған ауд. а. ш. басқармасының бастығы (1966–81) қызметтерін атқарған. М. Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), «Құрмет белгісі» Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасының Құрмет грамотасымен (3 мәрте) марапатталған. Есімі Жаңақорған кентіндегі бір көшеге берілген.

О.Айдаров

МҰСТАФА Садық Шоңмұрынұлы (15.11.1966 ж. т., Жалағаш ауд. Мәдениет а.) – қоғам қайраткері, ҚР-ның құрметті спорт қайраткері (2006). Дзюдо, ауыр атлетика және қазақ күресінен ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (2008). Қазақша күрес бойынша ҚР-ның спорт шебері. Дзюдо күресі бойынша Халықар. дәрежедегі төреші. Қазақ мемл. дене шынықтыру ин-тын (1991, қазіргі Қазақ спорт және туризм академиясы), Қызылорда мемл. ун-тін (2009, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қазақ мемл. дене шынықтыру ин-тында оқытушы (1991–93), Бұқаралық спорт түрлерінен жоғары спорт жетістіктерінің респ. мектебінде жаттықтырушы (1993–2001), спортта дарынды балаларға арналған респ. мектеп-интернатында аға жаттықтырушы (2001–05), Қызылорда обл. туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы (2005–17), Ұлттық ғыл.-практик. дене шынықтыру орт-ның бас директоры (2017–21) қызметтерін атқарған. 2022 жылдан «Қайсар» футбол клубының директоры. 2023 жылдан обл. мәслихаттың депутаты. «Құрмет» (2008), «Парасат» (2015) орденмен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның, Қызылорда қ-ның (2019) және Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы.



Мұстафа Садық

Қ.Омаров

МҰСТАФА ШОҚАЙ (25.12.1890, қазіргі Шиелі ауд. Сұлутөбе а. Наршоқы елді мекені – 27.12.1941, Германияның Берлин қ.) – қазақ мемл., саяси және қоғам қайраткері. Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресі жетекшілерінің бірі, Түркістан Мұхтарияты үкіметінің төрағасы, қазақ эмигранттық журналистикасының негізін салушы, публицист. М. Ш. – Алаш қозғалысының қайраткері. Алаш идеялары мен мұратын қазақ, өзбек және басқа да түркі халқының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер. Сұлутөбе ст-ндағы орыс мектебінде, Перовск уч-щесінде білім алған ол 1902 ж. Ташкенттегі ер балалар гимназиясын 1910 ж. үздік бітіріп, Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тіне оқуға түскен. Студент атанған күнінен бастап М.Шоқай дүниетанымының қалыптасуы, бір жағынан, түркішілдік-мұсылмандық қозғалыстың (С.Жантөрин), екінші жағынан «батысшылдар» демократ.-либералдық қозғалысының, Ә.Бөкейханов ықпалымен өтеді. Студент шағынан қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, түркі-мұсылман студент-жастарының қозғалысына қатысты. Балқан соғысына байланысты 1912 ж. Санкт-Петербургтегі қазақ, татар, өзбек, башқұрт және әзербайжан студент-жастары арасында Түркияны қолдау қозғалысы өріс алған кезде оның арасында М. Ш. да болды. 1916 ж. Ә.Бөкейхановтың ұсынысымен Мемл. Думадағы Мұсылман фракциясы жанындағы бюроға мүше болып, онда хатшылық қызмет атқарды. Түркістандағы көтерілістің себеп-салдарын тексеруге Мемл. Дума Ташкентке арнайы комиссия жібергенде, оның құрамында депутаттар А.Ф. Керенский, Тевкелевтермен бірге Мұсылман фракциясы жанындағы бюро мүшелері Ш.Мұхамедияров пен М. Ш. болды. Петроградқа оралғаннан кейін өзі жинаған материалдар негізінде 1916 жылғы көтеріліс кезінде билік орындарының Түркістан халқын аяусыз қуғын-сүргінге ұшыратқаны туралы Мемл. Думада Мұсылман фракциясы атынан жасалатын мәлімдеме мәтінін әзірледі. 1917 ж. Ақпан революциясы нәтижесінде патша өкіметінің құлауын қуанышпен қарсы алып, қалыптасқан саяси ахуал Ресей империясында ұлттық езгінің тауқыметін тартқан түркі-мұсылман халықтарының бостандыққа жетуіне мүмкіндіктер

туғызады деп үміттенді. 1916 ж. көктемде Түркістан өлкесіне оралды. Жолда майданның қара жұмысына алынған қазақ жастары мен жалпытүркістандық жастардың елге қайтуларына қол ұшын берді. 1917 ж. 16–21 сәуір аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының 1-съезіне қатысып, оның төралқасына



Мұстафа Шоқай


мүше болып сайланды. «Бірлік туы» газетінің негізін қалап, алғашқы редакторы болды. Түркістан өлкесі жергілікті халқының мүддесін қорғауды мақсат еткен қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін үйлестіру үшін құрылған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне» төрағалық етті. Бірінші жалпықазақ съезіне қатысты. Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. 1917 ж. Қазан төңкерісінен кейін Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттар кеңесі жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындаудан бас тартып, 15–22 қарашада өткен кеңестердің 3-съезі қабылдаған «өлкедегі барлық билік еуропалық нәсіл өкілдерінен құралған Түркістан Халық комиссарлар кеңесіне көшеді» деген қаулысын М. Ш. нағыз әділетсіздік деп бағалады. Ұлттық қоғамдық-саяси ұйымдарды кеңестердің қырына алуына байланысты М. Ш. жетекшілік еткен «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі» Ташкенттен Қоқанға көшіп, сонда өлке мұсылмандарының Төтенше съезін тез арада өткізу ісін қолға алды. 1917 ж. 28 қарашада өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының Төтенше 4-съезінің төралқасына басшылық етті. Осы съезд шешімімен құрылған Түркістан (Қоқан) автономиясының 54 адамнан тұратын Уақытша Халық Кеңесі құрамына сайланды және жаңа Уақытша үкіметтің Сыртқы істер министрі болды. Түркістан Мұхтарияты Уақытша үкіметінің төрағасы М.Тынышбаев қызметінен кеткеннен кейін оның орнына М. Ш. сайланды. Ол сондай-ақ 1917 ж. желтоқсанда 2-жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда құрамына сайланды. Съезд аяқталғаннан кейін М. Ш. біртұтас автономия құру мәселесін қарау үшін Сырдария қазақтарының құрылтайын шақыру туралы тиісті қайраткерлерге жеделхат жолдады. Онда: «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айрылсақ, мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешікпей Алаш туының астына жиналар деген үміттеміз» делінген болатын. М. Ш-дың Сырдария өңірі қазақтарын Алаш автономиясына қосу жолындағы әрекеті нәтижесіз болған жоқ. 1918 жылдың бас кезінде өткен Сырдария обл. қазақтарының съезі «Алашорда өз алдына автономия жариялап, Түркістан (Қоқан) автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақтары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіреді» деген қаулы қабылдады. Қоқан қ-н большевиктер жаулап алып, Түркістан (Қоқан) автономиясын құлатуына байланысты М. Ш. шет елге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. 1918 ж. мамырда зайыбы Мария Горина – Шоқаймен бірге Ақтөбеге, одан Екатеринбургке жетті. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының Самарадағы к-ті мәжілістеріне қатысты. Осы к-ттің ұйымдастыруымен 1918 ж. қыркүйекте Челябіде шақырылған съезге қатыспақ болып барғанда өзге делегаттармен бірге Колчак әскерлері тарапынан тұтқынға алынды. Сәті түсіп, тұтқыннан босап шыққан соң 1919 ж. көктемде Маңғыстау арқылы Бакуге, одан Тбилисиге келді. М. Ш. онда 1921 жылдың 25 ақпанына дейін болып, осетиндік белгілі қайраткер А.Цалыковтың редакторлығымен шығатын «Вольный горец» және Грузия меньшевиктерінің

«Борьба» газеттерінде істеді. 1920 ж. Тбилисиде украиндықтармен бірлесе отырып «На рубеже» журналын шығаруды жолға қойып, оның редакторы қызметін атқарды. Сонымен бірге ол «Шафақ» («Таңсәрі») газетіне бас редактор болды. Тбилиси қ. Кеңес өкіметінің қолына өткен соң М. Ш. зайыбымен бірге Түркияда біраз аялдап, соңынан Францияға, Париж қ-на келді. Шетелдік эмиграция жылдарында көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып, ол кең ауқымды, терең мазмұнды саяси күрес жүргізді. Керенскийдің «Дни» және П.Н. Милюковтың



М. Горина, М. Шоқай

«Последние новости» газеттерінде қызмет етті. 1927 жылдан Зәки Уәлиди Тоғанның редакторлығымен Парижде шығып түрған «Иени Түркістан» («Жаңа Түркістан») журналына атсалысты. «Туркестан милли бирлиги» («Түркістан ұлттық бірлігі») ұйымына жетекшілік етті. 1929 жылдан «Яш Туркестан» («Жас Түркістан») журналын шығаруды қолға алды. Ол «Яш Туркестанда» Түркістан халқының мәдениеті, кеңестік биліктің бұл өлкедегі саясаты және 2-дүниежүз. соғыс қарсаңындағы халықар. қатынастар, т. б. тақырыптағы қоғамдық-саяси мәні өткір зерттеу мақалаларын жариялады. Оның атсалысуымен жарық көрген басылымдарда тек Түркістан өлкесі ғана емес, Әзербайжан, Солт. Кавказ, Еділ-Жайық бойы, Қырым халықтары жөнінде қоғамдық-саяси мәні бар материалдар басылып тұрды. М. Ш. Орт. Азия кеңістігінде ұлттық-аумақтық межелеу негізінде бірнеше кеңестік республикалардың өмірге келуін құптаған жоқ. Ол большевиктер бұл өлкеде бөле отырып билеу саясатын ұстанып отыр деп түсінді. Ал республикаларды «ұлттық» емес, «ұлыстық» республикалар ретінде қабылдады. Түркістанда кеңестік биліктің орнауы және оның қызметі, іске асырылған жер-су реформасы, мемл. мекемелерді жергіліктендіру, байлар меншігін тәркілеу, көшпелілерді отырықшы тұрмысқа көшіру, а. ш-н ұжымдастыру мәселелерін талдауда нақтылы мәліметтерге жүгіне отырып, тоталитарлық жүйені сынға алды және оның солақай саясатын әлем жұртшылығына паш етті. Сондықтан да кеңес өкіметінің үгіт-насихаты М. Ш. сынына қарсы мақсатты түрде жұмыс істей бастады, ал бұл істің басында И.В. Сталин тұрды. 1925 ж. 29 мамырда Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік к-тіне жолдаған хатында «Ақ жол» мен ақ гвардияшыл эмигрант М. Ш. арасында идеялық бірліктің байқалатындығын жазды. М. Ш. ұлттық езгідегі түркі-мұсылман халықтарының азаттыққа қол жеткізуі мен өзіндік құндылықтарын сақтап қалуы олардың өзара ынтымақтастығы мен бірлігіне байланысты екендігін дәріптеді. Эмиграциядағы түркі-мұсылман қайраткерлері арасындағы ұлттық мүддені жалпытүркілік мүддеден жоғары қоюшылармен қызу пікірталасқа түсті. Соғыстың алдында Орта Азия эмиграциясының барлық өкілдері Шоқайға оң көзқараспен қараған жоқ. Осылайша, Николай Хан Ёмудский (Түркістан легионын құруға қатысушы) М. Ш-ды «Түркістанның жалғыз өкілі» ретінде көрсетіп, «Германияның жауы» деп атады. 1940 ж. Парижге неміс әскері кіргенде, М. Ш. тұтқынға алынып, бір-екі апта отырып шығады. 1941 жылдың күзінде неміс-фашистері оны түркістандық соғыс тұтқындарынан құрылуға тиіс Түркістан легионын ұйымдастыру комиссиясы жұмысына тартпақ болды. М. Ш. бұл ұсынысты соғыс тұтқындарының жағдайын жақсарту үшін пайдалану жолдарын қарастырып, нақтылы әрекеттерге барды. 1941 жылдың күзінде Сувалки, Вустрау және Чесночованың концлагерьлерінде болып тұтқындардың адам төзгісіз жағдайын көрген М. Ш. кеңестерге қарсы болудың немістер жағына шығу еместігін білдірді және



Мұстафа Шоқай ескерткіші, Сұлутөбе ауылы

тұтқындар алдында радиодан сөз сөйлеуден бас тартты. М. Ш-ды өз мүдделеріне қолдануға болмайтынын түсінген неміс басшылығы оны комиссия құрамынан алып тастауды шешті. М. Ш. көп ұзамай Берлиндегі «Виктория» ауруханасында күмәнді жағдайда көз жұмды (25.12.1941). Берлиндегі «Шаһид» мешіті жанындағы мұсылмандар зиратына жерленді. М. Ш. Түркістандағы кеңестік биліктің отаршылдық сипатын алғаш таныған және онымен күресуге бүкіл ғұмырын арнаған, түркі халықтары тарихында жаңа интеллектуалды көкжиекке көтерілген қайраткер болды. Астана, Алматы қ-ларында және барлық облыс, аудан орталықтарында, көптеген ауылдарда М. Ш. есімімен аталатын көшелер бар. Қайраткердің туған жерінде, яғни Қызылорда қ-нда, Шиелі кентінде, Сұлутөбе а-нда ескерткіші қойылған. Бірінші мамыр а-нда М. Ш. атында мешіт, Астана, Алматы қ-ларында, Қызылорда, Ұлытау, Түркістан облыстарында М. Ш. атында бірнеше мектеп бар. 2016 жылдан Қызылорда ун-тінің «Мұстафа Шоқай» ғыл. орт. қайраткер мұрасын зерттеумен айналысып келеді. М. Ш-дың «Туркестан под властью Советов (к характеристике диктатуры пролетариата)» (1928), Таңд., 1, 2 т. (1998, 1999), т. б. еңбектері жарық көрген.

С.Тайман

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕСКЕРТКІШІ. Мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқайға 1991 ж. Шиелі ауд. Сұлутөбе а-нда (қазіргі М. Шоқай а.) ор-



Мұстафа Шоқай ескерткіші, Қызылорда қаласы

натылған. Ескерткіш гипстен құйылып, сырты мыс қаңылтырмен қапталған. Биікт. 2,5 м, тұғырының биікт. 2 м. Сондай-ақ 2017 ж. Қызылорда қ-нда орнатылған ескерткіш 3 натуралық өлшемде қоладан құйылып, гранитпен қапталған тұғырға қойылған. Тұғырымен қоса есептегендегі биікт. 11 м. Авторы – К.Байғазиев.

О.Айдаров

МҰСТАФАЕВ Садуақас Үмбетәлиұлы (27.2.1949 ж. т., Қазалы қ.) – мед. ғыл. докт. (1999), проф. (2008), Қазақ КСР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (1986,



Мұстафаев Садуақас

1990). Алматы мемл. мед. ин- тын (1972, қазіргі ҚазҰМУ) бітірген. Қазалы ауд. ауруханасының бас акушер-гинекологы (1973–78), Байқоңыр қ. клиник. ауруханасында бөлім меңгерушісі (1978–81), Акушерлік және гинекология ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1981–90), Алматы қ-ндағы перинаталдық орт-тың директоры, бас акушер-гинекологы (1990–99), Алматы обл. Іле ауд. орт. ауруханасында бас дәрігер (1999–2005). Ұзақ жыл ҚР Денсаулық сақтау мин. жанынан құрылған «Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінде» кафедра меңгерушісі болды. 1999 жылдан «Профессор Мұстафаевтың клиникасы» орт-ның директоры, Қазақ ұлттық мед. ун-тінің проф. Орта Азияда ультрадыбысты аппаратты медицина саласында диагностик. түрде қолдануды жүзеге асырған алғашқы маман. Жатырдың ең үлкен ісігін (27 кг) алып тастап, адам ағзасын сақтап қалған хирург-дәрігер ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енгізілген. М. 50-ден астам ғыл. еңбектің, 2 монография, 2 оқу құралы, 6 әдістемелік ұсынымның авторы. 3 ғылым кандидатын дайындаған. Қазалы ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

МҰСТАФАЕВА Балдырған (1939, Қызылорда қ. қазіргі Қараөзек а. – 2006, Сырдария ауд.) –



Мұстафаева Балдырған

еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (19.2.1981). 18 жасынан еңбекке араласқан. Қызылорда қ-ндағы картон комб-нда жұмысшы (1960–62), «Қазақстанның 50 жылдығы» (1962–70), «Шіркейлі» кеңшарларында күріш звеносының жетекшісі (1970–88), жүгері звеносының жетекшісі (1989–90) болған. Еңбек Қызыл Ту (1974), Ленин (1976, 1981) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Есімі Қазақстанның құрметті Алтын кітабына жазылған.

МҰСТАФИНА Әсия (24.4.1924, Сырдария ауд. – 14.11.1991, Алматы қ.) – кен инж., тех. ғыл. докт (1970),



Мұстафина Әсия

проф. (1971), Қазақстан ҒА-ның корр. мүшесі (1972). Қазақ тау-кен металлургия ин-тын (1948, қазіргі ҚазҰТУ) бітірген. Кемпірсай кен басқармасында (1948–50), Өзбекстан ҒА-да (1950–51), «Қазақмелиоқопару» өндірістік-техника бөлімінде (1951–52), Қазақстан ҒА-да (1952–54, 1955–87), Кеңес – Қытай акцион. қоғамында (1954–55) инж., ғыл.-басшылық қызметтер атқарды. М-ның ғыл. еңбектері кен ашу жұмыстарында жаппай қопару әдістерін қолдану, шарошкалы бұрғылаудың технологиясын жетілдіру, кенді ашық әдіспен қазу жүйелерін талдау және кеніштерді автоматтандырылған басқару жүйелері арқылы пайдалану мәселелеріне арналған. Бишікөл, Әйет, Лисаков, Жезқазған кеніштерінде ашық тау-кен жұмыстарын дамыту және қолдану аясын кеңейту, Соколов кенішінде кен қазу технологиясын жетілдіру жөніндегі зерттеу жұмыстарын жүргізді. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Ә.Бектібаев

МҰХАММЕД әл-ЖЕНДИ (т.-ө. ж. б.) – діни ғұлама. Жент қ-нда дүниеге келген. Тарихи-әлеум. жағдайларға байланысты әулетімен қазіргі Түркия жеріне қоныс аударған. Түрік зерттеушісі Садр әд-Дин Мұхаммед бин Исхақ әл Кунауидің «Иғджаз әл-байан фи шарх бағд асрар умм әл-Куран» («Құранның кей құпия тұстарына жасалған түсіндірмесін мазмұндау») атты еңбегін автордың көзі тірісінде көшіріп шыққан. Құранның беташар сүресіне («Құран анасы» деп аталатын әл-Фатиха сүресі) арналған әл-Кунауи тәпсірі ойының айқындығы, сөйлемдерінің ықшамдығы, дәйектемелерінің дәлдігімен ерекшеленді. М. әл-Ж. көшірмесі Ташкенттің Қолжазба ин-ты қорында сақтаулы.

Ә.Дербісәлі

МҰХАММЕД әл-КЕРДЕРИ (1202 – 1244, Бұхара) – ғалым. Факиһтер имамы Әбу Ханифаның жауабы мен жеңісі туралы

кітап атты еңбек жазған. Яғни, Кердеріден шыққан деген мағына береді. Кердері қ-ның орны, Арал т-нің құрғаған табанындағы ескі тарихи археол. қазба орнында деп жорамалданады.

МҰХАММЕД әл-ХОРЕЗМИ – Алтын Орда дәуірінің көрнекті ақыны, 15 ғ-да өмір сүрген. Сыр бойында жазылып, 1353 ж. түркі тілінде жарық көрген Мұхаббат нама атты дастанның иесі. «Мухаббатнама» дастаны – Алтын Орда ханы Жәнібектің Сыр бойындағы әкімдерінің бірі Қожабектің тапсыруы бойынша жазылған лирикалық поэма. Алтын Орда қыпшақтарының тілінде жазылған поэманың бірнеше нұсқасы бар, ұйғыр, араб әрпімен көшірілген. Ресей ғалымдары А.Н.Самойлович, А.М.Щербак тұңғыш зерттеген. Шығарма жігіттің қызға ғашық болудан жазған он бір хатынан тұрады. Өзбек, қазақ тілдеріне толық аударылған дастанның танылып, таралуына қазақ зерттеушілері С.Аманжолов, Р.Бердібай, Х.Сүйіншәлиев, Б.Кенжебаев, А.Қыраубаевалар үлесін қосқан.

Б.Кәрібозұлы

МҰХАМЕДЖАНОВ Ғафур (1.7. 1924, Жаңақорған ауд. Өзгент а. – 3.3.2007, Қызылорда қ.) – соғыс ардагері, қоғам қайраткері. Алматы жоғары партия мектебін (1951), Қызылорда пед. ин-тын (1959, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген соң бастауыш мектепте мұғалім болып қызмет істеген (1941–42). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан (1943–45). Шиелі ауд. комсомол к-тінің хатшысы, ауд. атқару к-тінің бөлім меңгерушісі, ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары, төрағасы, тораптық партия к-тінің хатшысы, Шиелі



Мұхамеджанов Ғафур

ауд. (1945–70), Жаңақорған ауд. партия к-ттерінің 1-хатшысы (1970–75), Қызылорда обл. партия к-тінің әкімш. және сауда-қаржы органдары бөлімінің меңгерушісі, обл. атқару к-ті төрағасының 1-орынбасары (1975–85) қызметтерін атқарған. 1986 жылдан Одақтық дәрежедегі зейнеткерлікке шыққан. М. ауд., обл. кеңестердің депутаты болып сайланған. Еңбек Қызыл Ту (3 мәрте), 1-дәрежелі Отан соғысы, 3-дәрежелі «Даңқ» ордендерімен, бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. М-тың есімімен Шиелі кентіндегі бір мектеп (2014), Жаңақорған ауд-нда және Қызылорда қ-нда көшелер аталған (2022).

Қ.Омаров

МҰХАМЕДЖАНОВ Қалтай, Мұхамеджан Қалиолла (24.12. 1928, Сырдария ауд. Шіркейлі а. – 6.5. 2001, Ресей, Мәскеу қ.) – драматург, жазушы, сценарист, көсемсөзші, Қазақстанның халық жазушысы (1992). Қырғызстан Республикасының еңбек сің. өнер қайраткері (1995). Мәскеу мемл. театр өнері ин-тының театртану ф-тін бітірген (1953). Қазақ КСР Мәдениет мин-нде, «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында, Қазақстан Жазушылар одағында қызметтер атқарған (1953–70). Кинематография жөніндегі мемл. к-тінің бас редакторы (1970–80), Жазушылар одағының 2-хатшысы, Кинематографистер одағы басқармасының 1-хатшысы (1982–88), «Ара – Шмель» журналы (1988–92), «Заман – Қазақстан» (1992–94), «Түркістан» (1994–99) газеттерінің бас редакторы қызметтерін атқарған. Өмірінің соңына дейін «Түркістан» газетінің редакторлық кеңесін басқарған. М-тың тұңғыш пьесасы «Бөлтірік бөрік астында» 1959 ж. жазылды. Өмірдегі келеңсіздікті шынайы көрсеткен «Құдағи келіпті» (1961), «Қуырдақ дайын» (1964), «Жат елде» (1967), «Өзіме де сол керек» (1968), «Көктөбедегі кездесу» (Ш.Айтматовпен бірге, 1972), «Біз періште емеспіз» (1987) атты пьесалары жарияланды. «Сиқырлы шымылдық» (1959), «Дар доброты» (1987) жинақтары жарық көрген. М. – комедия жанрының шебері, оның пьесаларындағы күлкі ауызекі тіл пародиясы арқылы жасалған. М. шығармалары көптеген шет тілдеріне аударылып, АҚШ, Ұлыбритания, Болгария, Венгрия, Моңғолия, Ресей, Қырғызстан, т. б. елдердің театрларында қойылды. Ол «Шыңдағы шынар» (1964), «Айман – Шолпан» (1970) киносценарийлерінің авторы. Аударма саласында «Құлдар» (С.Айни), «Киелі қан» (Айбек) романдарын, «Тоғышарлар» (М.Горький), «Жүрек сырлары» (Б.Рахмонов), «Ауру тістер» (А.Қаһар), «Ана – Жерана», «Арманым, Әселім», «Ақ кеме» (Ш.Айтматов) пьеса, повестерін тәржімалаған.



Мұхамеджанов Қалтай

Шығыс классик. әдебиетінің «Мың бір түн» хикаяларын орыс тілінен аударып (1988–89), 5 томдығын баспадан шығарды. Қаламгердің 3 томдық Шығ. жин. жарық көрді (1998). «Құрмет белгісі» (1971), «Халықтар достығы» (1978), «Парасат» (1998) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Ол Мәскеу қ-нда қайтыс болып, денесі Алматы қ-ндағы Кеңсай зиратына қойылған. М-тың есімі Алматы қ-ндағы (2003) бір көшеге, Қызылорда қ-ндағы орта мектепке (2003) берілді. Ә.Тәжібаев атынд. обл. әмбебап ғыл. кітапханадан М-тың жеке кітапханасы ашылып (2015), туған а-нда ескерткіш бюсті қойылды (2016).

Т.Дайрабай

МҰХАМЕДЖАНОВА Әлия Ғафурқызы (17.6.1963 ж. т., Шиелі кенті) – экон. ғыл. докт. (1998). ҚазМУ-ды (1985, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қызылорда пед. ин-тының (қазіргі Қызылорда ун-ті) саяси экономия кафедрасында оқытушы, ҚазМУ-дың аспиранты (1985–91), «Парасат-Самэкс» фирмасының ғыл. кеңесшісі (1991), Қазақстан ҒА-ның Экономика ин-тында ғыл. қызметкер (1992), Қызылордада пед. ин-тында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, Қызылорда мемл ун-тінің экономика ф-тінің деканы, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры (1993–2004), Біліктілікті көтеру және ақпараттық технологиялар ин-тының директоры, облыс әкімдігінде жауапты қызметтер (2004–08) атқарған. ҚР Президенті жанындағы Мемл. Басқару акад. мемл. басқаруды жаңғырту орт-ның басшысы, мемл. қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру, мемл. және жергілікті басқару ин-тарының директоры, мемл. саясат ұлттық мектебінің директоры, оқу ісі жөніндегі вице-ректоры, «Нұр Отан» ХДП Жоғары партия мектебі директорының орынбасары, Мемл. басқару академиясы ақпараттық технологиялар жөніндегі вице-ректоры (2008–22) қызметтерін атқарған. Қазір



Мұхамеджанова Әлия

жеке білім беру-консалтингтік компаниясын басқарады. М. халықар. «Болашақ» стипендиясының иегері. Вена дипломат. академиясында (Австрия) білім беру менеджменті бойынша тағылымдамадан өткен. М. 60 ғыл. еңбектің, оның ішінде 1 монография, 5 оқу құралының авторы.

А.Әбдімомынова

МҰХТАРОВ Бағлан (1891, Перовск уезі – 14.11.1937) – қоғам қайраткері. Перовскідегі қ. уч-щені (1910) бітірген. Еңбек жолын болыстарда писарь ретінде бастаған. 1920-жылдары М. уездік к-ттің мүшесі және Ақмешіт қ-ндағы милиция бастығының орынбасары, бастығы болған. Қостам

болыстық атқару к-тінің мүшесі (1918– 19), уездік съезге Қостам болысынан делегат болып сайланған (1919). М. Түркістан ортақшыл мектебінде Арбап Сарынов, Ермахан Өтетілеуов, т. б. бірге оқыған. Ол Жетісу өңірінде жер заңын іске асыруға араласқан комиссияның мүшесі (1922) болды. Перовск (Ақмешіт) уездік кеңесінде сөз сөйлеп, келелі мәселелерде өз ойларын білдіріп отырған (1920–24). Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауд. атқару к-тінің төрағасы (1931–32) ретінде ауд. өркендеуіне үлес қосқандардың бірі. Қармақшы ауд. а. ш-н дайындау мекемесінде басшы (1934–37) болған кезінде кеңес өкіметіне қарсы үгіт жүргізіп, а. ш-на зиян келтірді деген айыппен ұсталды. 1937 ж. 14 қарашада ату жазасына кесілген. 1995 ж. 11 желтоқсанда ақталды.

Т.Дайрабай

МҮСӘПІРОВ Бекентай (1910, қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. – 26.7.1961, Қызылорда қ.) – қызметкер. Мәскеудегі жоғары партия мектебін (1951) бітірген. Еңбек жолын Павлодар обл-ндағы Учлеспромхозда және тақтай кесетін з-тта жұмысшы болып бастаған. Жұмысшылар ф-тінде (1930–34), Алматыдағы халық ш. санағының ауд. нұсқаушыларын даярлайтын курста (1935–36) оқыған. Семей обл. (қазіргі Абай обл.) Белағаш ауд. халық ш. санағы мекемесінде нұсқаушы, Қызылорда обл. халық ш. санағының бастығы (1936–42), Қызылорда обл. еңбекшілер депутаттарының кеңесі атқару к-ті төрағасының орынбасары (1942–46, 1947–48, 1951–54), Жалағаш ауд. атқару к-тінің төрағасы (1946–47), Арал (1954–60), Қазалы (1960–61) ауд. партия к-ттерінің 1-хатшысы қызметтерін атқарған. М. еңбекшілер депутаттарының обл. және ауд. кеңестерінің депутаты болып сайланған. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.



Мүсілімов Әли

МҮСІЛІМОВ Әли (19.5.1941, Сырдария ауд. А.Тоқмағанбетов а. – 15.5.2004, Қызылорда қ.) – пед. ғыл. докт. (2004), Қазақстанның еңбек сің. қызметкері (1998). М. КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі (1982), Қазақ КСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері (1988), КСРО Халық ағарту ісінің озық қызметкері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2001), ҚР Пед. ҒА-ның акад. (2004). Қызылорда а. ш. техникумын (1959), Қызылорда пед. ин-тын (1965, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қармақшы ауд. №105 мектепте мұғалім, директордың орынбасары, директоры (1965–70), Қызылорда қ-нда, кейін обл. партия к-тінде жауапты қызметтер атқарып (1970–82), обл. оқу бөліміне (1982–2001), кейін обл. білім департаменті) басшылық еткен. Қызылорда мемл. ун-тінде сабақ берген (2001–04). Обл. кеңестің депутаты болып сайланған (1987). М. 140-қа жуық ғыл. мақаланың, оның ішінде 8 монография, 12 оқу құралының авторы. Еңбек Қызыл Ту (1986), «Құрмет белгісі» ордендерімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» (1970), т. б. медальдармен, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен (1992) марапатталған. Қызылорда қ-ндағы №101 орта мектепке М-тің есімі беріліп, мектептің алдына бюсті қойылған (2017).

Қ.Омаров

МҮСІРӘЛІ Жәдіқұлы, Әжіқожа Мүсірәлі сопы әзиз (1639, Қызылқұм өңірі – 1721) – діни қайраткер, Үш жүздің пірі. Күлтөбеде Салқам Жәңгірдің ұлы Тәуке қазақ еліне 1680 ж. хан болып сайланғаннан кейін мемлекеттікті нығайту мақсатында М-ні үш жүзге ортақ пір етіп жариялайды. Есіміне сопы әзиз атағы қосылады. Мүсірәлі баба 40 жылға жуық Пір – бас уәзір болған. Сопылығы мен тақуалығына орай Әжіқожа, ал оның ұрпақтары керейт қожа аталып кеткен. Ол қазақ халқының әдет-жосындарының жиынтығы «Жеті жарғыны» әзірлеуге қатысқан. М-нің 6 баласының бірі Қосымқожа да, оның ұлы Әбужәлел де пір болған. Сопы Әзиз көзінің тірісінде Тәукенің иманын үйіріп, жаназасын шығарып, өз қолымен Қ.А. Ясауи кесенесіне жерлеген.

Т.Дайрабай

МҮСІРБАЕВ Алмас Есжанұлы (1907, қазіргі Қармақшы ауд. – 11.2.1941) – қоғам қайраткері. Қазалыдағы 1-дәрежелі мектепте (1924–26), Орынбордағы жұмысшы ф-тінде (1926–27) оқыған. Бүкілодақтық ЛКЖО-ның Қармақшы, Қазалы ауд. к-ттерінде хатшы (1926–27), Қызылорда округтік, Семей қ. к-ттерінде басшылық (1929–31) қызметтер атқарған. БК(б)П Шығыс Қазақстан обл. к-тінде бөлім меңгерушісінің орынбасары, Баянауыл, Қу аудандары к-ттерінің 1-хатшысы (1931–35), БК(б)П Қазақ АКСР Өлкелік к-тінде нұсқаушы, Түркістан ауд. к-тінің 2-хатшысы, БК(б)П Қармақшы ауд. к-тінің хатшысы (1938–41) болған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасының Құрмет грамотасымен марапатталған.

МЫҢБҰЛАҚ – Жалағаш ауд. және Ұлытау обл. жеріндегі қазаншұңқыр. Батысында Мойынқұм, шығысында Арысқұм құмды алқаптары жатыр. Солтен оңт-ке қарай 55 км-ге созылған, енді жері 35 км. Теңіз деңгейінен абс. биікт. 82 м. М. қазаншұңқырын қырқалы-белесті келген шағын таулар (Тастемір, Қызылқия, т. б.) қоршап жатыр. Көктемгі жауын-шашын, қар суларымен М-тың табаны шалшықты батпаққа айналады. Жаз айларында құрғап қалады. Қазаншұңқыр өңірі мал жайылымына пайдаланылады. Кейінгі геол. зерттеулер нәтижесінде (1985–86) мұнда мұнай-газ кен орындары (Құмкөл, Нұралы, Досжан, Қызылқия, т. б.) ашылып игерілуде.



Мыңбұлақ қазаншұңқыры

Қ.Ахметов

МЫҢБҰЛАҚ АРТЕЗИАН АЛАБЫ – Ұлытау, Қызылорда облыстары өңіріндегі, Ұлытаудан Сырдарияның оң жағасына дейін созылған арынды және арынсыз жер асты су алабы. Бірнеше артезиан алабының шектескен жерінде орналасқан. Негізгі артезиан сулы қабаты жоғ. бор дәуірінің құмды шөгінділерінде қалыптасқан. Артезиан алабындағы жер асты суларының болжамдық пайдалану қоры 70 м^3/с. Барланып бекітілген тәуліктік пайдалану қоры 250 мың м^3. Суы, негізінен егістіктерді суғаруға, мал жайылымдарын суландыруға пайдаланылады.

МЫРЗАБАЙ АХУН Азаматұлы (шамамен 1833, қазіргі Жалағаш ауд. Сырдарияның сол жағалауы – 1916) – діндар ғұлама, әулие, емші. Бұхарадағы «Көкілташ» медресесін бітірген (1854). Біраз жылдар Бируни қ-ның маңындағы Тақтакөпір деген жерде ұстаздық еткен. Елге оралғаннан кейін мешіт ұстап, шәкірт тәрбиелеген. Өзімен тұстас белгілі адамдарға арнап төрттаған жырлар шығарған.

МЫРЗАБАЙ АХУН – ауыл. Жалағаш ауд. Мырзабай ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Жалағаш кентінен оңт.-батысқа қарай 25 км жерде, Сырдария өз-нің сол жағалық аңғарында



Мырзабай ахун ауылы


орналасқан. Тұрғыны 1,2 мың адам (2023). Ауыл 1996 жылға дейін Қазақстанның 20 жылдығы атынд. деп аталған. 1956–96 ж. күріш өсіретін «Мәдениет» кеңшарының орт. болып келді. Оның негізінде 1996–97 ж. М. а. а-нда ЖШС және бірнеше шаруа қожалығы құрылды. Қазіргі уақытта ауылда дәрігерлік емхана, орта мектеп, мектеп жанынан 40 балаға арналған шағын орт., пошта байланыс бөлімшесі, кітапхана жұмыс істейді. Ауылда 9 дүкен, 51 кәсіпкер түрлі бағытта халыққа қызмет көрсетеді.

Т.Адисұлы

МЫРЗАБАЙ АХУН МЕШІТІ (20 ғ.) – архит. ғимарат. 19 ғ-дың соңы 20 ғ-дың бас жағында орыс архитектурасының «кірпіш стилі» («кирпичный стиль») және «провинциалды архитектура» («провинциальная архитектура») құрылыс тәсілдерінің көптеген элементін пайдаланып салынған Жалағаш ауд-ндағы қазіргі кезге дейін бастапқы белгілеуі бойынша қызмет атқарып тұрған бірден-бір ғимарат. Мешіттің жалпы пішіні төртбұрышты (шаршы), үш бөлмеден тұрады. Мешіт қабырғаларының көл. 6х14х28 см болатын күйдірілген қызыл кірпіштерден тұрғызылған. Іргетасы қызыл кірпіштен лента тәріздес ұзынша етіп қаланған.

МЫРЗАХМЕТОВ Мәден (13.1.1929, қазіргі Жаңақорған ауд. Қыраш а. – 12.9.1992, сонда) – еңбек ардагері. Еңбек жолын Жаңақорған ауд. «Қызылмақташы» ұжымшарында жұмысшы болудан бастаған (1947–50). Әскери борышын өтеп (1950–53), Аққұм т. ж. бекетінде жұмысшы (1953–55), «Политотдел» ұжымшарында егінші (1955–57), «Бірлік» кеңшарының Қыраш бөлімшесінде шопан болып еңбек еткен (1957–85). Өзіне бекітілген әр 100 саулықтан 107-ден қозы алып, әр қойдан 2,5 кг-нан жүн қырыққан. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 6-шақырылған депутаты (1963–67). «Құрмет белгісі» (1961), Ленин (1966) ордендерімен, бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1963) марапатталған. Бүкілодақтың халық ш. жетістігі көрмесінің күміс (1959), алтын (1960) медальдарының иегері.

Қ.Омаров



Мырзабай ахун мешіті



Мыханов Сапарбек

МЫХАНОВ Сапарбек Ақмырзаұлы (1951 ж. т., Жалағаш ауд. Бұқарбай батыр а.) – а. ш. қызметкері. Қазақ а. ш. ин-тын (1975, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Жалағаш ауд. «Калинин» кеңшарында өндіріс бригадирі (1975–85), бас агроном (1985–92), директордың орынбасары (1992–94), «Бұқарбай батыр» өндірістік кооперативінің директоры (1994–99) болды. 1999 жылдан күріш өсіретін «Байтабын» ЖШС-ның басшысы. «Парасат» орденімен (2022), төсбелгілермен марапатталған.

Қ.Омаров

Н

НАДИРОВ Надир Каримұлы (6.1. 1932, Әзербайжан, Нахичеван – 24.8.2021, Алматы қ.) – көрнекті ғалым, хим. ғыл. докт. (1967), проф. (1970), Қазақстан ҒА-ның (1983) акад. Н. Қазақ КСР-інің ғылым саласындағы Мемл. сыйл.-ның иегері (1980), КСРО ҒА-ның (1983) акад., Башқортстан ұлттық ҒА-ның құрметті академигі (1983), Қазақстан инж. академиясының құрылтайшысы (1991), Қазақ КСР-інің ғылымы мен техникасына еңбек сің. қайраткер (1982), КСРО-ның өнертапқышы (1985), Қазақстанның және КСРО-ның құрметті мұнайшысы (1991), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстанның құрметті инженері (2001). Қызылорда пед. ин-тын (1953, қазіргі Қызылорда ун-ті), Мәскеу мемл. пед. ун-тінің аспирантурасын (1959) бітірген. Шолақтау кентіндегі (қазіргі Қаратау қ.) мектепте химия пәнінің мұғалімі (1953–56), Хабаровск пед. ин-тының кафедра меңгерушісі (1959–68), Шымкент қазақ хим.-технол. ин-тында (қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) кафедра меңгерушісі, ғыл. жұмыстар жөніндегі проректоры (1968–75), Қазақстан ҒА-ның Мұнай химиясы және табиғи тұздар ин-тының директоры, Қазақстан ҒА-ның Бас ғыл. хатшысы (1975–86), Бүкілодақтық мұнай ғыл.-зерт. инты Қазақстандағы бөлімінің бастығы (1987–2000), Қазақстан Халқы Ассамблеясының (1995), Д.Қонаев атынд. халықар. қордың басқарма (1992), Халықар. инж. академияның президенттері кеңесінің мүшесі (1995). 1997 ж. ҚР Ұлттық



Надиров Надир

инж. академиясының 1-вице-президенті, ҚР-дағы күрдтердің «Барбанг» қауымдастығының президенті (1996–2003), құрметті президенті (2003 жылдан), «ҚР Президентінің сайлауын бақылау жөніндегі қоғамдық комитет» ҚБ басқарма мүшесі (1998–99), «ҚазМұнайТеңіз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2011) болды. Н. 1200-ден астам ғыл. еңбектің және 8 ғыл. жаңалықтың, 31 монографияның, 10 оқу құралының авторы, 250-ге жуық патент пен авторлық куәліктің иегері. Н. органик. заттар химиясы мен мұнай жүйелерінің физ. химиясының дамуына сүбелі үлес қосты. «Қазақстанның мұнай ғылымының әкесі» деген бейресми атағы бар, өзінің ғылыми мектептерін: физика-химия, мұнай өңдеушілер, каталитиктер, мұнай-химия мектептерін құрушы ретінде танымал. 12 ғылым докторын, 50 ғылым кандидатын дайындаған. Еңбек Қызыл Ту (1981), «Құрмет» (1999), 2-дәрежелі «Достық» (2006), «Парасат» (2011) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Атырау обл-ның, Жамбыл обл-ндағы Талас ауд-ның, Шымкент қ-ның, Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

НАҚЫП Кенесарыұлы (1872, қазіргі Қызылорда қ. Қараөзек т. ж. ст. – 1918, сонда) – айтыс ақыны. Ескіше сауатты, ауылда бала оқытып, молда болған. Ақындықты молдалықпен қатар ұстаған. Ол жайында Күдеріқожа материалдарында деректер келтіріледі. Н-тың тек Қаңлы Жүсіппен айтысы ғана сақталған.

НАҚЫПОВ Айтмағамбет (1924, Жаңақорған ауд. – 1998) – жауынгер-танкист. 1945 ж. 19 сәуірде ең алғашқы болып Берлинге кірген кеңестік төрт танкистің бірі. 1-Украина майданындағы 3-гвард. танк армиясына қарасты 9-гвард. механикаландырылған корпустың 229-Проскуров-Берлин атынд. танк полкінде «Т–34» маркалы № 242526

танк экипажында көздеуші-атушы болған. 1945 ж. 23 сәуір күні таңертең Н. қызмет еткен 229-жеке танк полкі қаланың шет аймағынан Берлинге басып кірген. Оның танкісі ерліктің символы ретінде Берлиндегі Рейхстаг тұғырына ескерткіш ретінде қойылды. 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Берлинді алғаны үшін», Тула, Орел, Киев, Прага қ-ларын азат еткені үшін медальдарының иегері. Н. туралы көп сериялы «Азат ету – Освобождение», «Қаһарлы жылдар шежіресі» деген айдармен 1985 ж. «Қазақстан Ұлы Отан соғысында» атты көп сериялы бейнефильмнің 38-сериясында көрсетілген.

С.Тайман



Наметша Сержан.

НАМЕТША Сержан (10.10.1952 ж. т., Қармақшы ауд.) – қоғам қайраткері. ҚР-ның құрметті сәулетшісі, ҚР-ның құрметті құрылысшысы. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтын (1975, қазіргі Тараз ун-ті), Мәскеу халықар. бизнес және ақпараттық технологиялар ун-тін бітірген. «Қызылорда Сельстрой-16» ЖМК тресінде жұмысшы, шебер, прораб (1975–78), Жосалы мех. з-тында аға инж. (1978–82) Қармақшы ауд. партия к-тінде нұсқаушы (1982–90), Ұйымдастыру бөлімінде кеңесші, Қызылорда обл. кеңесінің төрағасы орынбасарының референті (1990–91), обл. атқару к-тінің сыртқы экон. байланыстар к-ті төрағасының орынбасары (1991–92), обл. әкімш. басшысының көмекшісі (1992–94), Қызылорда қ-ның әкімі, әкімш. басшысының орынбасары, обл. энергет. инфрақұрылым және минералдық ресурстар басқармасы бастығының орынбасары (1994–2004), ҚР Қаржы мин. дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі к-тінің облыс бойынша басқарма бастығы (2004–06), обл. құрылыс басқармасының бастығы (2006–09), жолаушылар көлігі және автомоб. жолдары басқармасының бастығы (2009–10), сәулет және қала құрылысы басқармасының бастығы (2010–11), жұмылдыру дайындығы, АҚ және авариялар мен зілзаланың алдын алу және жоюды ұйымдастыру басқармасының бастығы (2011–12), обл. энергетика және тұрғын үй-коммуналдық ш. басқармасының бастығы (2012–13), сәулет және қала құрылысы басқармасының бастығы (2013–15), «Қызылорда электр тарату компаниясы» АҚ ішкі аудит қызметінің бастығы (2015–19) қызметтерін атқарған. 2019 жылдан облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі. Бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның (2015), Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы.

А.Әбдімомынова



Наметшаев Қасқыр

НАМЕТШАЕВ Қасқыр (7.11.1917, Қармақшы ауд. Қуаңдария а. – 17.5.1998, сонда) – еңбек ардагері, Қазақстанның еңбек сің. а. ш. қызметкері (1973). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Тұрмағамбет мектебінде сауатын ашып (1926–27), Шымкент а. ш. кадрларын даярлайтын мектепте оқыған (1953–56). 1930–33 ж. Шымкентте, Өзбекстанда әр түрлі жұмыстар атқарған. Қармақшы май з-тының директоры (1950–51), «Карл Маркс» ұжымшарының төрағасы (1951–52), сонда партия к-тінің хатшысы (1956–57), «Ленин» кеңшарында жұмысшылар к-тінің төрағасы (1957–60), «Октябрь» кеңшарында директордың орынбасары (1960–63), Жосалы астық қабылдау кәсіпорнының директоры (1963–80) болды. Н. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Есімі Қазақстанның құрметті Алтын кітабына жазылған (1970). Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы (1997).

НАРЫМБАЕВА Шырын (1922, Жаңақорған ауд. Қандыарал а. – 1983, сонда) – еңбек ардагері. Еңбек жолын Ақүйік а. кеңесіне қарасты «Бірлік» ұжымшарында диқан болып бастады. Алғашында бидай, кейін мақта және жүгері дақылдарын егумен айналысты. Стахановшылар қозғалысына қатысып, мол өнім алған. Ақүйік а. кеңесінің төрайымы болып қызмет атқарған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1951–55) болды.



Нарымбетов Әнес

НАРЫМБЕТОВ Әнес (15.5.1930, Қазалы ауд. Өркендеу а. – 7.8.2003, сонда) – ақын. Алғашқы өлеңдерін 1946 жылдан бастап жаза бастаған. Еңбек жолын 1951 ж. Қазалы автобазасында жүргізушіліктен бастаған. Бірліктегі МТС-те (1954–59), Бөзкөл елді мекенінде (1959–60), ауд. «ДОСААФ» к-тінде оқытушы (1964–69), Қазалы автобазасында жолаушылар таситын жүргізуші (1969–84) болып жұмыс істеген. Н-тің «Қармақ» (1979), «Әупілдек» (1982), «Сапар сазы» (1986), «Қызғыш құс», «Қарлығаштар» (1990) атты жыр жинақтары бар. 2009 ж. «Сырдария кітапханасының» құрамында шығ. жин. жарық көрді.

НАУРЫЗ – көне мейрам. Н. мерекесін тойлау дәстүрі дүниежүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «навасарди», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған. Әбу Райхан Бируни, Омар Һайям, т. б. еңбектерінде шығыс халықтарының Н-ды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер мол. Мыс., парсы тілдес халықтар Н-ды



Наурыз мерекесі

бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды; жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалак» ұсынады; ескі киімдерін тастайды; ескірген шыны аяқты сындырады; бір-біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салады; үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі; түрлі жарыстар (жамбы ату, т. б.) ұйымдастырады. Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифол. түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды,

құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз-жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, т. б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады. Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде (1920–25) шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 ж. ол «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп танылып тоқтатылды. Бірақ Қазақстанның бар аумақтарында жасырын түрде сақталып қалды. 1988 жылдан респ-ның көптеген аудандарында қайта тойлана бастады. 2001 ж. Н. мемл. мереке ретінде белгіленді.

НАУРЫЗ КӨЖЕ – ұлттық тағам. Келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су,



Наурыз көже

тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс. Тақ санын сақтап, мұндай заттар көбейтіле беріледі. Соғымнан арнайы сақталған мүшелер (қазы, қарта, шұжық, т. б.) де қосылады. Ол, негізінен, бидай көже, тары көже секілді әзірленген Н. к-ні халық арасында «тілеу көже», «көп көже» деп те атай береді. Н. к-ге, наурызға арналып сойылған малдың кәделі асына Наурыз бата берілген соң, жиналған халық: «ақ мол болсын» деген тілек айтып тарқасады.



Наурызбаев Қожамжар

НАУРЫЗБАЕВ Қожамжар (7.11.1941 ж. т., Арал ауд. №84 т. ж. бекеті) – мемлекет және қоғам қайраткері. Қызылорда пед. ин-тының физ.-матем. ф-тін (1964, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Шығыс Қазақстан обл-на жолдамамен қызметке жіберіліп, Күршім ауд-на қарасты Черняевка а-ндағы орыс-қазақ орта мектебінде оқытушы болып еңбек етті. Марқакөл (қазіргі Күршім) ауд. комсомол к-тінің 2-хатшысы (1965–68), Қармақшы ауд-ндағы №105 орта мектепте мұғалім, №199 мектепте директордың орынбасары, обл. комсомол к-тінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушісі (1968–69), обл. атқару к-тінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінде аға нұсқаушы, еңбекпен түзеу колониясы басшысының орынбасары, №1 арнаулы комендатураның бастығы, өрттен қорғау саласында (1972–92), обл. кеңесте жауапты қызметкер, облыс әкімдігінде мемл. құқықтық жұмыстар бөлімінде аға нұсқаушы, сектор меңгерушісі (1994–2002), Төтенше жағдайдағы штабтар жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі мемл. мекемесінің басшысы, Қызылорда обл. сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары (2002–12) қызметтерін атқарған. «Құрмет» орденімен (2019), бірнеше медальмен, Алғыс хаттармен марапатталған. Арал ауд-ның құрметті азаматы.

А.Жүнісов

НАУРЫЗБАЕВА Рахат (25.1.1944 ж. т., Қазалы ст.) – балалар ақыны, пед. ғыл. докт. (2010). Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (2021). Қызылорда қыздар пед. уч-щесін (1961, қазіргі Қызылорда пед.

жоғары колледжі), ҚазПИді (1965, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Еңбек жолын 1965–66 ж. Қазалы ст. №420 мектебінде ағылшын, тарих, география пәндерінен дәріс беруден бастады. Сырдария ауд. Калинин атынд. орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі (1966–67),



Наурызбаева Рахат

Қызылорда қ. №5, №173 мектептерде орыс, қазақ тілі мұғалімі (1967–73), Қазалы ст. №420 мектебінде мұғалім (1973–77), Қызылорда қыздар пед. уч-щесінде оқытушы (1977–90), Қызылорда ун-тінде қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы, кафедрада стажер-зерттеуші (1990–98), кәсіптік-гуманит. колледжінде оқытушы (1998–99), Сейхун ин-тында кафедра меңгерушісі (2000–04), Қызылорда гуманит. у-тінде аға оқытушы (2005–11), Мұғалімдер біліктілігін арттыру ин-тында кафедра доценті (2011–16) болды. 2020 жылдан Қызылорда пед. ин-тында доцент қызметінде. Н. 4 монография, 10 оқу-әдістемелік құрал, 5 жыр жинағының, 200-дей радиохабардың авторы. Алғашқы «Аққозы» атты өлеңі 1976 ж. Қазалы ауд. «Ленин туы» газетінде жарық көрді. Балаларға арналған «Бастау», «Аққозы», «Сергек Серік» жарық көрді өлеңдер жинағы, «Үй ішімізбен қазақша үйренейік» (1991), «Жыл басы кім болады?» (1998), «Аңдар айтысы» атты ертегілері, «Тәрбие туралы толғаулар» (1993) атты радиохабарлары, «Балабақша – мектеп – жоғары оқу орны жүйесінде жеке тұлғаны шығармашылық бағытта ұрпақтар сабақтастығын қамтып тәрбиелеу» монографиясы (2004), «Қ» дыбысының үлгісінде қазақ тіліндегі төл дыбыстарды шығармашылықпен үйрету жолдары», «Балалар мен жасөспірімдердің өзіне қол жұмсауының алдын алуда педагогтің рөлі» атты әдістемелік құралдары педагогика саласында кеңінен қолданылып келеді. Татар тілінен аудармамен айналысып, Ш.Ғалиев, Ф.Яруллин, Зөлфаттың жырлары мен Т.Минуллин, Л.Зұлқарнай және т. б. прозалық еңбектерін қазақ тіліне аударған. Ғ.Тоқайдың 15 тілде жарық көрген «Шурәлі» поэмасының қазақша нұсқасы Н. аудармасымен енгізілді. «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, «Білім саласындағы қызметі үшін» медалімен марапатталған.

А.Әбдімомынова

НӘЛІБАЕВ Мақсұт (21.1.1961 ж. т., Шиелі ауд.) – заңгер, мемлекет және қоғам қайраткері. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1983, қазіргі Тараз ун-ті) инж.-гидротехник, КСРО ІІМ-нің Саратов жоғары курстары (1988) және ҚР ІІМ Қарағанды жоғары мектебін (1995) заңгер мамандығы бойынша бітірген. «Қызылордаремводстрой» тресінде инж. (1985), Қызылорда обл-нда ішкі істер органдарында (1988–98), Қызылорда, Қарағанды, Ақмола, Жамбыл облыстары бойынша экон. қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінің (қаржы полициясы) бастығы, ҚР Экон. қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі сыбайлас жемқорлық туралы істерді ашу және оның алдын алу департаментінің бастығы, Ақпараттық-талдау департаментінің бастығы, ҚР Мемл. қызмет



Нәлібаев Мақсұт

істері жөніндегі агенттігінің Қызылорда обл. бойынша аумақтық басқармасының бастығы – Тәртіптік кеңес төрағасы (1998–2014), ҚР Мемл. қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентті-

гінің Маңғыстау және Түркістан облыстары бойынша департаментінің басшысы (2015–16), Обл. әкімінің экон. қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңесшісі (2019) қызметтерін атқарған. Обл. мәслихаттың депутаты (2021–23, 2023 жылдан). «Құрмет» орденімен (2009), бірнеше медальмен марапатталған.

А.Әбдімомынова



Нәлібаев Махмуд

НӘЛІБАЕВ Махмуд (1957 ж. т., Шиелі ауд.) – мұнайшы, кәсіпкер, меценат. Органик. заттардың хим. технологиясы мамандығы бойынша тех. ғыл. магистрі, Ph.D (2017). Қазақ хим.-технол. ин-тын (қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) инж.-құрылысшы, ҚазҰТУ-ды геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау, Қазақ гуманит. заң ун-тін заңгер мамандықтары бойынша бітірген. Н. «Тереңөзек мұнай өнімдері» және «Жосалы мұнай өнімдері» мұнай базаларын қайта құруды басқарды. Елімізде алғашқылардың бірі болып «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС, «КуатАмлонМұнай» ЖШС және «Торғай Петролеум» БК-ның мұнай өнімдерін қабылдауды, өңдеуді, сақтауды және тасымалдауды ұйымдастырушы. «Саутс-Ойл» ЖШС негізін қалаушылардың бірі, «Марсель» компаниялар тобының президенті, оның құрамына пайдалы қазбаларды игерумен және өндірумен, сондай-ақ минералды су өндірумен айналысатын компаниялар кіреді. Компанияларда 200-ден астам адам тұрақты жұмыспен қамтылып, мердігерлік фирмаларға 1000-нан астам адам орналастырылған. Сондай-ақ оның демеушілігімен орта, арнаулы және жоғары оқу орындарында 300-ден астам студент білім алған. Қызылорда обл. Қорқыт Ата мемориалдық кешенінің инфрақұрылымын дамыту, мешіт, қонақ үй, автотұрақ, т.б. әлеум. нысандарға демеушілік жасады. «Алтын жүрек» қоғамдық ұлттық (2011), Бизнес және экономика саласындағы «Сократ» халықар. сыйлықтарының иегері (Оксфорд қ., Ұлыбритания, 2011). «Парыз–2010» әлеум. жауапкершілік байқауының жеңімпазы (2010). «Жылдың үздік басқарушысы» (2014, 2015), «Жыл меценаты» (2018). «Құрмет» орденімен, медальдармен марапатталған.

А.Әбдімомынова

НӘЛІБАЕВ Машбек Сапарбайұлы (1926, қазіргі Жаңақорған ауд. Әбдіғаппар а. – 22.10. 2004, сонда, қазіргі Машбек а.) – еңбек және тыл ардагері. Ашаршылық жылдары (1931–33) елмен бірге Өзбекстанға асып кеткен. Ол жақта Ташкент пен



Нәлібаев Машбек

Тәжікстан арасында түйе керуенімен тұз тасып, 2-дүниежүз. соғыс кезінде түйемен астық тасу жұмыстарына араласқан. Н. 1960 жылдары Өзбекстан, Тәжікстанды 2 жылдай аралап, 500-ден аса жерлестерін ата-қонысына қайтару жұмыстарын ұйымдастырған. Шымкент обл. (қазіргі Түркістан обл.) «Алғабас» ұжымшарында есепші, мақта егісінің бригадирі қызметтерін атқарған. 1967 ж. Жаңақорған ауд. «Задарья» кеңшарының «Өзгент» бөлімшесіне қоныс аударған. Кейін «Политотдел» кеңшарында күріш бригадирі болған. Н. атамекенін түлетуге қыруар еңбек сіңіріп, ауд. экон-сының ілгері басуына өзіндік үлесін қосқан. «Құрмет» орденімен, медальдармен марапатталған. «Политотдел» кеңшары негізінде құрылған «Ақжол» ауылы 2005 ж. «Машбек Нәлібаев» болып қайта аталды. Еңбек ардагерін еске алуға арналған қазақ күресінен ҚР-ның

чемпионаты, шағын-футболдан және волейболдан дәстүрлі обл. ашық турнирлер өткізіліп келеді.



Нәлібаев Мәделхан

НӘЛІБАЕВ Мәделхан (15.8.1933, Сырдария ауд. Айдарлы а. – 11.1.2016, Тасбөгет кенті) – еңбек ардагері, ҚР-ның еңбек сің. гидротехнигі. Еуразия Халықар. экон. академиясының құрметті акад. Ташкент (ТИИИМСХ) а. ш. суландыру ин-тын (1955) бітірген. Шиелі суландыру жүйелері басқармасында суландырудың жаңа әдісіне көшіруді зерттеу жобалау тобының жетекшісі (1955–62), Қызылорда су торабы және каналдар басқармасының басшысы (1962–66), Сырдария су құрылыстарын салу-жөндеу мекемесін ұйымдастырып, Сарысу өз. бойындағы Иір, Қонысбек, Балжарма су тоспаларын (бөгеттерін), Көксу каналын іске қосуға (1966–68) басшылық еткен. Сырдария суландыру жүйелері басқармасының басшысы қызметін атқарған (1968–94). Н-тің «Су туралы толғаныс» (2001), «Су – өмір шежіресі» (2005), «Шежірелі Сыр бойы» (2010), «Қилы-қилы замандар-ай» (2013), «Сырдың шежіресі сыр шертеді» (2014) атты кітаптары жарық көрді. «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері. Сырдария ауд-ның құрметті азаматы.

А.Әбдімомынова

НӘЛІБАЕВ Нұрлыбек (13.10.1976 ж. т., Жаңақорған ауд.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақстанның құрметті құрылысшысы. Қазақ а. ш. ин-тын (1997, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) экономика және менеджмент, Қызылорда гуманит. заң ун-тін (2003) құқықтану мамандықтары бойынша бітірген. «Қазақойл-коммерция» ЖШС-нда мұнай өндіру бойынша сарапшы, «Бұлақ» ЖШС директорының орынбасары (1997–99), «Стандарт Ойл Бейс» ЖШС, «Стандарт Ойл» ЖШС және «Стандарт Ойл Трейдинг» ЖШС директоры, «Харрикейн Ойл Продактс» ЖАҚ Қызылорда бөлімшесінің директоры (1999–2002), «Қызылорда Мұнай Сервис» ЖШС-ның бас директоры (2002–05), Қызылорда қ. әкімінің орынбасары (2005–07), Қызылорда обл. әкімі аппаратының жетекшісі (2007–08), Шиелі ауд-ның әкімі (2008–13), Қызылорда қ-ның әкімі (2013–21), ҚР Премьер-министрі Кеңсесінде өңірлік даму бөлімінің меңгерушісі (2021–22) қызметтерін атқарған. 2022 жылдың 7 сәуірінен бастап Қызылорда



Нәлібаев Нұрлыбек

да обл-ның әкімі. «Құрмет» (2011), «Парасат» (2016) орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

У.Ибраев

НӘНСАЙ – Шиелі ауд-ндағы өзен. Ұз. 71 км. Бастауын Қаратаудың солт.-батыс етегінен алып Сырдария өз-не жақындап, Мұстафа Шоқай а. маңында тартылады. Н-дың оң жағы жарлы, сол жағының жайылмасы шабындық, жайылым. Н. суы ақпан-сәуір айының соңына қарай толығады. Көксу (өз.) арнасы Н-ға құяды.



Нигай Константин

НИГАЙ Константин Иванович (20.3.1913, Приморье өлкесі, Нижний Янчихе с. – 17.4.1990, Қызылорда қ.) –

еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). Хабаровскідегі дене шынықтыру және Қызылорда агроном. техникумын бітірген. 1937 ж. Қазақстанға еріксіз қоныс аударған. Алғашында мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. Шиелі ауд-ндағы «Гигант» ұжымшарының мәдени-бұқаралық жұмыс жетекшісі (1943–47), ұжымшар төрағасының орынбасары, комсомол жастар егіс бригадасының бригадирі (1947–62), кейін облыстың а. ш. тәжірибе ст-ның директоры (1963–65) қызметтерін атқарған. 1949 ж. Н-дың бригадасы 20,9 гектардың әрқайсысынан 87,7 ц-ден күріш алды. 1966 жылдан зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін Сырдария ауд. Абай атынд. кеңшардың директоры болған. Ленин орденімен (1950), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Ниетқалиев Ерденбек

НИЕТҚАЛИЕВ Ерденбек (25.5.1914, Батыс Қазақстан обл. Жәнібек ауд. Қамысты а. – 2.2.1945) – Кеңес Одағының Батыры (24.3.1945). Алматы мал-дәрігерлік ин-тын (1936, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген соң Қызылорда обл-на қызметке жіберілді. 1939 ж. Қызыл әскер қатарына шақырылып, атты әскер дивизиясында эскадрон командирі болды. Польша жеріндегі Рарцебур қ. маңындағы Рарцебур тас жолын қорғауда Н. эскадроны ерекше ерлік көрсетті. Шайқас барысында жаудың 400 солдаты мен офицері, 3 ауыр зеңбірегі, 6 станокты пулеметі жойылып, 80 солдаты мен 5 офицері тұтқынға алынды. Осы шайқаста Н. қазаға ұшырады. Ленин, Қызыл Ту, Қызыл жұлдыз ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Москваны қорғағаны үшін» медальдарымен марапатталған.

К.Саркенова

НИЯЗ Мұхаммедұлы (т-ө.ж.б.) – 19–20 ғ-ларда өмір сүрген белгілі би. Н-дың арғы бабалары Арқа өңірінен Сырға келіп қоныстанған. Олар негізінен Жаңақорған, Шиелі, Жөлек, Перовск маңында мекендеген. Н-дың қонысы Сұлутөбе, Жөлек қорғаны болған. 19 ғ-дың орта кезінде Сыр өңірінде бір жағынан қоқандықтар мен хиуалықтар, екінші жағынан Ресей әскерлері Ақмешіт қорғанын алып, Жөлек, Жаңақорған қамалдарын басып алу шараларын кеңінен жүргізді. Осынау қысылтаяң кезде Н. ел амандығын, ел бірлігін сақтауға баса күш жұмсады. 1853 ж. Ресей әскерлерінің әскери жорығына түйе беріп, керуен басы қызметін атқарған. Жаңақорған бекінісін алуға қатысқан. Н. көбінесе Өткелбай Исаұлымен бірге жүріп, билікке араласқан. 1862 ж. Перовскіден Жөлекке дейінгі пошта бекеттерінің жұмысын қадағалау Н-ға жүктелген. 1866–70 ж. Перовск ояз бастығының көмекшісі болған. Н. есімі 1858, 1862, 1865, 1866 жылдардағы Ресей құжаттарында кездеседі. 1862 ж. Н-ды марапаттауға («Георгиевский» лентасы) ұсынса, 1866 жылғы бір деректерде оның пошта бекеттерін басқаратыны және хорунжий шені барлығы жазылған. Ақын Бұдабай Қабылұлы (1842–1912) бірнеше өлеңін Н-ға арнаған. Н-дың балалары Сыздық, Абдолла, Бәкір кезінде білікті адамдар болған. Абдолла 1874 ж. Сарышығанақ болысын басқарып, 1895 ж. Сауран болысының биі, құрметті биі атанған. Сарышығанақтағы мектепті қамқорлыққа алған.

Т. Дайрабай

НИЯЗОВ Мұхтар (4.11.1985 ж. т., Жалағаш ауд.) – айтыс ақыны. Қырғыз Республикасының мәдениет қызметкері (2023). Қызылорда мемл. ун-тінің (2007, қазіргі Қызылорда ун-ті) филол. ф-тін, мемл. және жергілікті басқару мамандығы бойынша (2013), Еуразия ұлттық ун-тінің магистратурасын (2018) бітірген. «Ақ сөйле» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (2009–11), А.Тоқмағамбетов атынд. мәдениет үйінің үйірме жетекшісі (2012–15),

«Асыл арна» телеарнасында редактор (2016–20), обл. «Рухани жаңғыру» орт-нда жауапты қызметтер атқарған. Қызылорда қ. мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің (2020), обл. халық ш-н дамыту және мәдени-продюсерлік орт-ның басшысы (2021) қызметтерін атқарған. 2022 жылдан Н.Бекежанов атынд. обл. қазақ академ.



Ниязов Мұхтар

муз. драма театрының басшысы. Үш дүркін «Алтын домбыра» иегері (2012, 2016, 2020), «Айтыстың ақтаңгері» атанды. Көптеген респ. ақындар айтысында (2005, 2011, 2012, 2015, 2021, 2022, 2023) бас жүлде иеленді. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Қ.Омаров

НОҒАЙБАЕВ Әлмырза (1947 ж. т., Шиелі ауд.) – әнші, сазгер, Қазақстанның еңбек сің. қызметкері (1996). Алматы эстрада студиясын (1967, қазіргі эстрада-цирк өнері колледжі) Ғ.Құрманғалиевтың әншілер класы бойынша бітірген. 1967 ж. Қарағанды мемл. филармониясының әншісі, Шиелі ауд. Балаби а. мәдениет үйінің директоры (1997–2010) қызметтерін атқарды. 1977



Ноғайбаев Әлмырза

ж. «Жас дәурен» ансамблі құрамында Португалияда өткен Халықар. фольклорлық фестивальге қатысқан. 1998 ж. Ашхабадта өткен Азия және Қазақстан әнші-сазгерлері фестивалінде бас жүлдені иеленді. Н. 60-қа жуық ән жазған, оның ішінде «Думан», «Бір үзім нан», «Ләйләжан», «Қара мең», т. б. әндері кең тараған. «Құрмет» орденімен, «Халық алғысы» медалімен марапатталған. Шиелі ауд-ның құрметті азаматы.

Н.Мирманов

НҰҒЫМАНОВ Асылбек (23.6.1933, Арал қ. – 10.1.2013, Алматы қ.) – кинорежиссер, Қазақстанның еңбек сің. өнер қайраткері (1978). 1964 ж. Мәскеудегі мемл. кинематография ин-тын (А.Згрудидің шеберханасы бойынша) бітірген. «Қазақфильм» студиясында реж. болып бірнеше деректі ленталарды түсірді. 1978 ж. «Үндістанмен кездесу» және «Йеменнің аптабында» атты деректі-хроник. фильмдерді жасады. «Медеу. Ерлікке толы күн мен түн» (1973), «Армысың, тың өлкесі» (1974, КСРО х. ш. жетістіктері көрмесінің күміс медалі мен дипломы), «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» және



Нұғыманов Асылбек

«Ерлік туралы аңыз» (1975) атты деректі фильмдер топтамасы үшін Қазақ КСР Мемл. сыйл-н алған (1976). «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

НҰРАЛЫ МҰНАЙ-ГАЗ КЕНІ, Жалағаш ауд. Жосалы т. ж. ст-нан солт.-шығысқа қарай 150 км жерде. Құрылымы 1986–87 ж. жүргізілген сейсмик. барлау арқылы анықталған. Іздестіру-бұрғылау жұмыстары 1987 ж. басталып, сол жылы кен орны ашылды. Тектоник. тұрғыда Нұралы кен ауд. Ақсай көтерілімі аум-ндағы күрделі құрылымда орналасқан. Кен орнында жоғары юралық және неоком түзілімдерінің мұнай-газдылығы анықталған. Ондағы өнімді қабаттар мұнайлы (Ю-0, М-II-2) және мұнай газды (Ю-I, М-II-1) болып

бөлінген. Барлық шоғырларға күрделі құрылым тән. Табиғи резервуар типі бойынша шоғырлар пласты, линза тәрізді, литол. экрандалған, стратиграф. және тектоник. тұрғыдан шектелген. Өнімді горизонттардың жатыс тереңд. 1620 м-ден 2050 м аралығында өзгереді. Юралық өнімді қабаттар (ашық кеуект. 22 – 24,5%, өткізгіштігі 0,031–2,2 мкм^2) терригенді жыныстардан құралған. Мұнайы жеңіл, тығызд. 0,807–0,838 г/см^3, күкірті аз, жоғары парафинді (12,1–19,8%), аз мөлшерде шайыр және асфальтендер кездеседі. Неоком М-II-1 және М-II-2 арысқұм свитасының өнімді қабаттар гравелиттерден, құмтасты және сазды алевролиттерден құралған. Мұнайы жеңіл, тығызд. 0,8–0,845 г/см^3, күкірті аз, жоғары парафинді (4,8–25,6%), аз мөлшерде шайыр және асфальтендер кездеседі. Мұнай шоғырларының ілеспе газдары ауыр, 49,4–63,83% метан, 30,2–45% ауыр көмірсутектер, 2–3,5% азот және аз мөлшерде гелий, көмірқышқыл газы бар.

НҰРАХМЕТОВ Ермахан (9.5.1947, қазіргі Түркістан обл. Нұртас а. – 17.5.2019, Астана қ.) – филол. ғыл. докт. (2005), проф., ҚР білім беру ісінің үздігі (1993), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2003), Қазақстанның пед. ғылымдар академиясының акад. Қазақ халықар. қатынастар және әлем тілдері университетін (1968) бітірген. Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы (1968–72), аспирант (1972–75), аға оқытушы (1976), кафедра меңгерушісі (1976–86, 1999–2012), факультет деканы (1986–96), проректор (1996–99), проф. (2012–13), Халықар. қазақ-түрік ун-тінде проф. (2013–15), Еуразия ұлттық ун-тінде проф. (2015–19) болды. Н. 70-тен астам оқу-әдістемелік және ғыл. еңбектің авторы. «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2007), «Ы.Алтынсарин» (2012) төсбелгілерімен марапатталған.



Нұрахметов Ермахан

А.Әбдімомынова

«НҰРГҮЛ» – ән-би ансамблі. 1971 ж. М.Мәметова атынд. пед. уч-ще жанынан алғаш «Қарлығаш» деген атпен құрылып, кейін «Н.» ансамблі деп аталды. Ансамбльдің алғашқы жетекшісі К.Әлиев болды. 1975 ж. өнер ұжымына «Халықтық ән-би ансамблі» атағы берілді. Ансамбль құрамында М.Д. Цой, Г.П. Першин, Ли Чер Сон, Ж.Өтемісов, Қ.Имашев, Ж.Келгенбаева, т. б. өнер көрсетті. 1976 ж. өнер ұжымы Германияның 16 қ-нда концерттік бағдарламамен болып, қазақ өнерін неміс халқына паш етті. 1978 ж. Мәскеу қ-нда «Көгілдір от» бағдарламасына қатысып, КСРО халқының алдында өнер көрсетті. 1987 ж. Бүкілодақтық халық шығармаларының 2-фестивалінде 1-дәрежелі дипломмен марапатталған. 1989 ж. Петропавлда өткен би мерекесіне қатысты. Ансамбль Моңғолияда болып, «Мәншүк ерлігі мәңгілік» және «Ақ босаға» атты әдеби-көркем, муз. композиц. қойылымдарын орындады. 1995 ж. Абай әндеріне би, Н.Тілендиевтің «Аңсау» әніне композиц., Шығыс сазына сай «Шолпы», «Қызыл алма», т. б. билерді сахнаға шығарды. 2022 ж. 1-респ. «Би шуағы» хореограф. өнер байқауында «Қазақ биі» номинациясы бойынша 2-дәрежелі лауреат дипломын иеленді.



«Нұргүл» ән-би ансамблі

А.Әбдімомынова

НҰРҒАЗИЕВ Қуаныш Шадыбайұлы (30.3.1962 ж.т., Қызылорда қ.) – дәрігер-маммолог, мед. ғыл. докт. (2003). Алматы мемл. медицина ин-тын (1985, қазіргі ҚазҰМУ), КСРО Денсаулық сақтау мин-нің Н.И. Петров атынд. онкология ғыл.-зерт. ин-тының ординатурасын (1991) бітірген. Алматы қ-лық Онкология диспансерінде дәрігер (1985–89), Маммолог. орт-нда дәрігер (1992–2001), Атырау обл. денсаулық сақтау департаментінің бастығы (2001–02), Алматы обл-ның онколог. диспансерінде дәрігер-кеңесші (2002–09) болды. ҚР Денсаулық сақтау миннің департамент директоры, комитет төрағасының орынбасары (2010), Алматы қ-сы бойынша аумақтық департаментінің жетекшісі (2021–22), Қазақ онкология және радиология ғыл-зерт. ин-тының дәрігері (1991–92), бөлім басшысы (2006–09), директоры (2011–16) қызметтерін, салалас басқа да лауазымдарды атқарды. Н. 170-тен астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 4 монография, 2 жаңалық пен 11 әдістемелік нұсқаудың авторы.

К.Төлеутайұлы



Нұрғызаринов Айжігіт

НҰРҒЫЗАРЫНОВ Айжігіт (12.4. 1930, Арал ауд. Қасқақұлан а. – 4.6.2019, Қызылорда қ.) – а. ш. ғыл. докт. (2008). Қазақ мемл. а. ш. ин-тын (1955, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Бүкілодақтық тыңайтқыштар және агроном. топырақтану ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1964) бітірген. А. ш. негіздері кафедрасына басшылық етті (1965–72), Қызылорда қ-ндағы Қазақ күріш ғыл.-зерт. ин-тында директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1973–81), обл. хим. жобалау-зерттеу ст-нда бөлім басшысы (1981–93), Қызылорда гуманит. ун-тінде (қазіргі Қызылорда ун-ті) лаборатория меңгерушісі (1993–97), Қызылорда мемл. ун-тінде химия және экология, биология, география және химия кафедраларының проф. (1998–2019) болды. Ғыл. бағыты – Арал өңірінің экол. мәселелері. Ол 70-тен астам ғылыми еңбектің, 5 монографияның, 4 оқулық пен оқу құралының авторы. «Құрмет белгісі» орденімен (1977), «Ерен еңбегі үшін» (1970), т. б. медальдармен, «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен (2006) марапатталған.

Қ.Омаров



Нұржаубаев Мұқыш

НҰРЖАУБАЕВ Мұқыш (1892, Арал ауд. Қарақұм а. – 1970, сонда) – Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). Әр жылдары Исаев атынд. ұжымшарда (1931–37), Киров атынд. ұжымшарда (1937–50) аға жылқышы, Абай атынд. кеңшарда (кейін «Қарақұм» кеңшары) жылқышы, ферма меңгерушісі (1950–58) болған. 1947 ж. мал ш-н дамыту жоспарын орындаған кезде 54 биеден 54 құлын өсірді. Ленин орденімен (1948, 1949), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

НҰРЖІГІТОВА Дана (18.6.1972 ж. т., Қазалы ауд. Лақалы а.) – тележурналист, қоғам қайраткері. Алматы консерваториясын (1995, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы), Алматы менеджмент университетін МВА бағдарламасы бойынша (2019) бітірген.



Нұржігітова Дана

1994 ж. ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ), 1996 ж. К. Байсейітова атынд. респ. колледжде концертмейстер, «Хабар» АҚ жаңалықтар бағдарламасының жүргізушісі, продюсері (1997–2002), «Хабар» АҚ редактор, жаңалықтар және өзге де бағдарламалардың жүргізушісі, продюсері (2002–13), «TV Fresh» ЖШС-да редактор (2013–15), «Қазақстан» РТРК» АҚ жүргізуші (2015–19) қызметтерін атқарған. Қазақстан Парламенті Сенатының депутаты (2019–23). «Жылдың үздік тележүргізушісі» номинациясы бойынша «Тұмар» ұлттық телевиз. (2018), «Халық сүйіктісі» ұлттық сыйлықтарының (2015) иегері. «Құрмет» орденімен (2020) марапатталған.

НҰРКЕНОВ Ілияс (1905, қазіргі Сырдария ауд. Амангелді а. – 1944, сонда) – жауынгер ақын. Ауылдық мектептен сауатын ашып, кейін Қызылордада сауда техникумын бітірген. Түркістан, Тереңөзек (қазіргі Сырдария), Жалағаш аудандарының сауда орындарында басшылық қызметтер атқарған. 2-дүниежүз. соғыста оқ пен оттың арасында жүріп, туғантуысқа, туған жерге, елге деген ыстық ықылас, асыл арманын білдіретін өлеңдер («Қоштасу», «Аттану», «Түс», «Балаларыма хат», т. б.) жазған. Н-тің «Мәди дихан», «Ағайша», «Туған жер» атты дастандары бар.



Нұрмағамбетов Әлқуат

НҰРМАҒАМБЕТОВ Әлқуат (11.1.1945 ж. т., Арал ауд.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1994). Қазақ политех. ин-тын (1967, қазіргі ҚазҰТУ), КСРО ҒА-ның жер физикасы ин-тының аспирантурасын (1970) бітірген. Қазақ КСР ҒА-ның Геол. ғылымдары ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1970–76), Сейсмология ин-тында лаб. меңгерушісі, директордың орынбасары (1976–96), «Қазселденқорғау» кәсіпорнында бас ғыл. қызметкер (1996–2000), ҚР Төтенше жағдайлар агенттігінің «Болжам» ғыл.-өндірістік кешенінде жетекші, бас ғыл. қызметкер (1998–2000), ҚазҰТУда кафедра меңгерушісі (2000–17) болды. Ғыл. бағыты – сейсмика және сейсмик. қауіп, күшті жер сілкіністерінің себептері мен салдарын зерттеу. 168 ғыл. еңбектің, оның ішінде 8 монографияның авторы. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2007).

А.Әбдімомынова



Нұрмағамбетова Оразгүл

НҰРМАҒАМБЕТОВА Оразгүл (17.4.1923, Қызылорда қ. – 2003, Алматы қ.) – әдебиет зерттеуші, фольклортанушы, филол. ғыл. докт. (1993). ҚазПИ-ді (1943, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. 1944 ж. ҚР Халық ағарту к-тінде, 1945–92 ж. КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінде, Әдебиет және өнер ин-тында аспирант (1945), аға ғыл. қызметкер (1957), директордың орынбасары (1961–75), бөлім меңгерушісі (1975) қызметтерін атқарған. 1993 жылдан өмірінің соңына дейін ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) қызмет істеді. Ғалымның негізгі еңбектері фольклортанудағы өзекті мәселе – ұлттық эпик. дәстүрді зерттеуге арналған.

Ол көптеген ғыл.-танымдық мақаланың, бірнеше монография мен оқу құралының авторы. Н-ның «Совет көпұлтты әдебиет тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1960, 1964, 1968) атты кітаптары бар.

НҰРМАҒАНБЕТОВ Әбіқадыр Ібенұлы (20.12.1932, Жаңақорған ауд. Бірлік а. – 2022, Алматы қ.) – 3-сыныпты мемл. әділет кеңесшісі (ген-майор). Н. Қазақ КСР-нің еңбек сің. заңгері (1981), КСРО прокуратурасының құрметті қызметкері (1990). Алматы мемл. заң ун-тін (1955), Шымкент пед. ин-тын (1963, қазіргі Оңт. Қазақстан пед. ун-ті), РКФСР Свердловск (қазіргі Екатеринбург) қ-ндағы КСРО Мемл. қауіпсіздік к-тінің (МҚК) бір жылдық курсын бітірген. Шымкент (қазіргі Түркістан) обл. МҚК басқармасының тергеушісі, аға тергеушісі, тергеу бөлімінің бастығы, аға оперативтік өкілі, Қазақстан Компартиясы Оңт. Қазақстан өлкелік к-тінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, Қазақстан Компартиясы Орт. к-тінің нұсқаушысы (1956–73) болды. Маңғыстау (1973–77), Алматы (1977–85) және Талдықорған (1985–94) облыстарының прокуроры, Қазақстан тұтынушылар одағы бастығының орынбасары (1995–2002) қызметтерін атқарды. «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен марапатталған. Алматы обл-ның құрметті азаматы.

НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай (10. 6.1945 ж. т., Жаңақорған ауд. Қосүйеңкі а.) – жазушы, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері. Қызылорда пед. ин-тын (1968, қазіргі Қызылорда ун-ті), Мәскеудегі жоғары әдебиет курсын (1981) бітірген. Қызылорда обл. радио к-тінде, «Жазушы» баспасында редактор, «Қазақфильм» киностудиясында, «Қазақ елі» газетінде (1995–97) қызметтер атқарған. 1998 жылдан шығарм. қызметпен айналысады. Н. «Қош бол, ата» (1972), «Қарлығаштың ұясы» (1975), «Ата қоныс» (1977), «Запах дыни» (1979), «Тұнық су» (1980), «Там где горел очаг» (1982), «Талисман» (1984), «Бәйтеректер» (1987), «Туған ауыл түтіні» (1989), «Балалық шақтың әуендері» (1995), «Таңдамалы» (1997), «Айқай» (2001), «Мешкей», «Перштелердің сыннан өлімі» (2016), т. б. кітаптардың авторы. Сонымен қатар «Табалдырығыңа табын», «Жоғалған көл», «Кемпірлер үкімі», «Ескі үймен қоштасу», «Тырналар ұшып барады» телефильмдерінің сценарийін жазды. 1971 ж. «Қауын иісі» деген атпен (орыс тілінде) шыққан алғашқы әңгімелер жинағы үшін Бүкілодақтық М.Горький атынд. жастар, қазақ прозасына қосқан үлесі үшін ПЕН-клуб (2000), Қазақ хандығының 550 жылдығы мерекесіне арнап жарияланған респ. байқауда «Какаду» атты әңгімесі үшін (2015) және әдебиет саласы бойынша жарияланған «Рух» атты респ. ашық байқауда «Рухтар жерден кетеді» романы үшін Гран-при (2017), Абай атынд. әдебиет пен өнер саласындағы мемл. (2020) сыйлықтарын иеленді. Әдебиеттің проза жанры бойынша «Жыл жазушысы» (2015–17) атанды. «Құрмет» орденімен (2006) марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Нұрмағамбетов Тынымбай



Нұрмақанов Қалжан

НҰРМАҚАНОВ Қалжан (24.9.1927, Қазалы қ. – 3.6.1963, Алматы қ.) – әдебиет сыншысы, аудармашы. Мәскеу мемл. унтінің филол. ф-тін (1951)

бітірген. КСРО Жазушылар одағының Орта Азия мен Қазақстан әдебиеті бойынша кеңесшісі, «Дружба народов» журналында, «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде әдеби қызметкер, Қазақстан мәдениет мин. реперт.-ред. алқасының бас редакторы (1952–58), «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналында бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарған. Н-тың орыс-қазақ әдебиеті байланысына, шығыстық үлгідегі туындылар мен аударма мәселелеріне қатысты ғыл.-теор. тұжырымдары «Әдеби ойлар» (1960, орыс тілінде), «Дәстүрлі достық» (1962, 1978), «Дос лебізі» (1968) атты әдеби-сын мақалалар жинақтарына топтастырылған. Қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың «Жәмилә», «Бетпе-бет», «Алғашқы ұстаз», «Құс жолы», орыс жазушысы Н.Тихоновтың «Вамбери» повестерін қазақ тіліне аударған. Ш.Айтматовтың повесі негізінде жазылған «Аңсаған менің әнімсің» пьесасы сахнаға шығарылды. Қазалы қ-ның (қазіргі Әйтеке би кенті) орт. көшелерінің біріне Н. есімі берілген.

НҰРМАХАНОВ Оңталап (20.7.1958 ж. т., Арал ауд. Құмбазар а.) – ақын, реж.-сценарист, ҚР Мәдениет қайраткері (2002). Театр қайраткерлері және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Ақтөбе қ-ндағы мәдени-ағарту уч-щесін (1985), Оңт. Қазақстан мемл. (2008, қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) бітірген. Алғашқы еңбек жолын 1975 ж. Арал ауд. мәдениет бөлімінің автоклуб киномеханигі қызметінен бастап, Арал ауд. мәдениет үйінің



Нұрмаханов Оңталап

директоры (1985–90), халық театр. реж., «Тамаша» әзіл-сықақ отауының негізін қалаушы, әрі жетекшісі, сценарист-реж. (1990–96) болды. Обл. халық ш-н дамыту және мәдени-продюсерлік орт-ның көркемдік жетекшісі (1996–2004) қызметін атқара жүріп, обл. өткен респ., халықар. мәдени шаралар мен театрландырылған қойылымдардың сценарийін, режиссерлік қойылымдарын дайындады. Н.Бекежанов атынд. муз. драма театрының реж. (2004–17) ретінде: М.Мақатаевтың «Қош, махаббат», С.Адамбековтің «Алтын табақтағы жылан» спектакльдері, Т.Ахтановтың «Күшік күйеу», Қ.Мұхамеджановтың «Ой, жігіттер», Р.Сейсенбаевтың «Қашқын» дүниелері, Р.Отарбаевтың «Қанды өзек» трагедиясын, Л.Егембердиеваның «Егіздер», С.Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр» мелодрамаларын, Ә.Таразидың «Люстра» фантасмагориясын, Иран-Ғайыптың «Тұрмағанбет» және басқа да авторлардың драмалық шығармаларын сахналаса, драматург ретінде «Көрұғлы», «Ұлардың дауысы», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» пьесаларын жазып сахналады. 2017 ж. А.Тоқмағамбетов атынд. қалалық мәдениет үйі жанынан «Жастар» театрының негізін қалады. Н. 20-дан астам әнге сөз жазып, өлеңдері бірнеше авторлық жинақтарға енген. Сондай-ақ «Мәдениетім мәртебем», «Қорқыт қобыз», «Парадарайа сақтары» кітаптарының авторы. Бірнеше медальмен марапатталған. Облыс әкімінің екі мәрте стипендиаты. «Тұран» сыйл-ның иегері. Қызылорда қ-ның, Арал ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

НҰРМҰРАТОВ Серік (5.10.1958 ж. т., Жалағаш ауд. Жалағаш кенті) – филос. ғыл. докт. (2001), проф. (2005), Қазақ әлеум. ғылымдар академиясының акад (2013). ҚазМУ-ды (1981, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Шымкент қ-ндағы Қазақ хим.-технол. ин-тын (1985, қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті), ҚазПИ-дің аспирантурасын (1988, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Қазақ КСР ҒА-ның философия және құқық ин-тында (1988–99), философия, саясаттану және

дінтану ин-тында бөлім бастығы (2000–12), осы ин-т директорының орынбасары (2012–21) қызметтерін атқарған. 2021 жылдан фи-



Нұрмұратов Серік

лософия, саясаттану және дінтану ин-тында философия орт-ның директоры. Ғыл. еңбектерінің негізгі тақырыптары – дін мәселесі, этностың саяси және мәдени өмірі, шығыстық дүниетаным. Н-тың «Ұлттық болмыс пен ұлттық сана» (1996), «Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау» (2000) атты кітаптары жарық көрген. 200-ден астам ғыл. және ғыл. көпшілік еңбектің, оның ішінде 16 жеке және ұжымдық монографияның авторы. 20 басылымның ғыл. редакторы. 10 докторант пен аспирантқа жетекшілік еткен. Бірнеше медальмен, төсбелгімен марапатталған.

Қ.Омаров

НҰРПЕЙІСОВ Әбдіжәміл (22.10. 1924, Арал ауд. Құланды а. Үшкөн елді мекені – 5.2.2022, Алматы қ.) – еңбек және соғыс ардагері, Қазақстанның халық жазушысы (1985), Қазақстанның Еңбек Ері (2019). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Мәскеудегі Әдебиет ин-тын (1956) бітірген. «Жұлдыз» журналының бас редакторы (1962–64), Халықар. Қазақ ПЕН клубының Президенті (1992–2000) болған. 2000 жылдан «Таң-Шолпан» журналы редактор-



Нұрпейісов Әбдіжәміл

лар кеңесінің төрағасы. Тұңғыш туындысы «Курляндия» романы (1950), осы жылы ҚР Жазушылар одағының сыйл. алды. «Күткен күн» (1958) соғыс тақырыбына арналды. Н-тің «Қан мен тер» трилогиясы ((«Ымырт» (1961), «Сергелдең» (1964), «Күйреу» (1970)) 1916–18 аласапыран кезең мен қазақ халқының әлеум. қайшылыққа толы күрделі өмірін көркем бейнелеген. Еламанның жігерлі бейнесі арқылы қазақ халқының өршіл қаһармандық рухы шынайы көрсетілген. Оның «Қан мен тер» романы бойынша жазылған инсценировкасы респ. театр репертуарларынан тұрақты орын алды (1974 жылдан). «Соңғы парыз» роман-дилогиясы (1999) – әлеум.-психол. шығарма. Дилогияда Арал т-нің апатқа ұшырау хикаясы нақты суреттелген. Шығармада экология, табиғат пен адам арақатынасын толғаған қаламгер оқырмандарды рухани-адамгершілік мұраттарға жетелейді. Н-тің «Толғау» («Раздумье») атты әдеби-сын мақалалар, эсселер жинағы 1972 ж. қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді, кейін толықтырылып «Жүрегі толы жыр еді» («Все в нем пело») деген атпен басылды. «Край голубых озер» («Көгілдір көлдер өлкесі», 1979), «Ақбидай туралы аңыз» (1985), т. б. очерктер жинағы шықты. «Возвышая наши святыни» («Қасиетіңді қадірле») атты кітабына соңғы уақытта жазған әдеби мақала, очерк, эсселері енген (1996). Ол А.П. Чеховтың, А.Горькийдің, Назым Хикметтің, испан жазушысы А.Кэсонның шығармаларын қазақ тіліне аударды. Н-тің туындылары бірнеше шет ел тілдеріне аударылған. Жамбыл атындағы әдеби (1958), КСРО Мемл. (1974), Мәскеудегі Халықар. Әдеби қордың «За честь и достоинство» (2001), Халықар. М.Шолохов атынд. сыйлықтарының (2003) иегері. Қызыл жұлдыз (1945), «Құрмет белгісі» (1959), Еңбек Қызыл Ту (1971), «Халықтар достығы» (1984), 2-дәрежелі Отан соғысы (1985), Отан

(1994) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2007), Алматы қ-ның (2019) құрметті азаматы.



Нұрпейісов Біліс

НҰРПЕЙІСОВ Біліс (Плис) (23.1. 1919, Қазалы уезі – 23.4.1945, Германия, Берлин қ.) – ұшқыш-штурман, гвардия аға лейтенанты, Кеңес Одағының Батыры (18.8.1945). Түрікменстанның Чарджоу қ. Орта Азия кеме ш. кәсіптік-тех. мектебін, өзен-су транспорты техникумын (1935), Қарақалпақ мемл. мұғалімдер ин-тының (1937, қазіргі Нөкіс мемл. пед. ин-ты) физ-матем. ф-тін бітірген. Қарақалпақстанның Төрткүл мед. уч-щесінде, Тақтакөпірдегі орта мектепте мұғалім (1937–39), Украинаның Мелитополь қ. әскери-әуе уч-щесінің курсанты (1940) болған. 1941–42 ж. «Пе-2» ұшағымен алға ұмтылған неміс әскерлерін бомбалауға қатысқан. 2-Белорус майданының 4-әуе армиясына қарасты алыс қашықтықты барлайтын 47-жеке гвард. барлау авиаполкінің ұшқышы Н. 1943 ж. Жоғары Бас қолбасшылықтың ерекше күпия тапсырмасымен Берлинді суретке түсіріп қайтқан. 1945 ж. 26 наурызда Н. Берлин қ. орт-ның батыс бөлігін суретке түсіріп, сол арқылы 279 т. ж. эшелонын 10338 вагондар мен платформаларды, 50 паровоз бен 5796 автокөлікті, 11 аэродромдағы 422 ұшақты, қаланың аталған бөлігіндегі әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелерін ашып берген. Берлиннің қорғаныс жүйелерін әуеден түсіру кезінде экипажымен бірге 23 сәуірде қаза тапқан. Алыс қашықтықтағы жау тылына 100 реттен аса ұшып барып, жауынгерлік тапсырмаларды ойдағыдай орындауда ерлік пен батылдық көрсеткені үшін Н-ке Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Ол Жауынгерлік Қызыл Ту (1944, 2 мәрте), Қызыл жұлдыз, 1- және 2-дәрежелі Отан соғысы (1944), Ленин (1945) орденлерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Ресейдің Калининград қ-ндағы Кенигсберг шабуылы батырлары мемориалында Н-тің есімі шегенделген. Есімімен Қарақалпақстанның Тақтакөпір ауд-ндағы бір мектеп аталып, Нөкіс ун-тінде ескерткіш тақта қойылған. Қызылорда қ-ндағы «Тағзым» алаңындағы тақтаға Н-тің есімі жазылды (26.4.2015). Алматы және Қызылорда қалаларында Н-тің атындағы көшелер бар.

Қ.Омаров



Нұрсейітов Жаппасбай

НҰРСЕЙІТОВ Жаппасбай (9.5. 1923, Сырдария ауд. – 14.4.1997, Қызылорда қ.) – соғыс және еңбек ардагері, Кеңес Одағының Батыры (10.1.1944). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Соғысқа дейін Қызылордада ст-нда жұмыс істеген. Кеңес әскері қатарына 1942 ж. шақырылды. Уфа қ-ндағы кіші командирлерге арналған мектепте суда жүзуге, атты жауынгердің шеберлігіне, мергендікке, қолма-қол ұрыс тәсілдерін үйреніп, Солт. майданның теңіз-жаяу әскер бөліміне барлаушылыққа жіберілді. Бірақ десантшылар тиелген кеме Мурманск қ-на жақындағанда Н. жау оғынан жараланып, госпитальға түсті. Кейін 62-армияның құрамындағы барлаушылар тобында әскери қызметін жалғастырды. Воронеж майданы 27-армия 155-атқыштар дивизиясының 436-полкі құрамында Сталинград шайқасына, Орел, Курск, Белгород, Киев, Харьков қ-ларын, Румыния, Венгрияны азат етуге қатысты. Ахтырка қ. (Украина) түбіндегі жойқын ұрыста Н. өзінің ержүректігін көрсетті. Соғыстан кейін Өзбекстан, Тәжікстанда әр түрлі қызметтер атқарып, 1983 ж. еңбек демалысына шықты. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (1995). Ленин (1944), 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.



Нұртаев Ырзақұл

НҰРТАЕВ Ырзақұл (17.1.1960 ж. т., Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а.) – қоғам қайраткері. Қазақ политех. ин-тын (1982, қазіргі ҚазҰТУ), Мәскеу экономика және статистика ин-тын (2001) бітірген. Еңбек жолын 1983 ж. «Казахвзрывпром» тресінің Алматы құрылыс басқармасында жер асты жұмыстарында ұңғушы болудан бастаған. Байқоңыр қ-ндағы №05909 әскери бөлімінде, Мәскеу қ-ның «Спецмашмонтаж» мекемесінде инж., №10992 әскери бөлімінде жұмыс өндіруші, «Казтеплоизоляция» Ленинск тресінің шаруашылық есептеу учаскесінің бастығы (1984–93) болған. Төретам қыстағы әкімшілігінің басшысы, осы қыстақтың әкімі (1993–2000), «Инфракос» респ. мемл. мекемесінің бас директоры (2001–04), Қармақшы ауд-ның әкімі (2004–07), Қызылорда обл. жолаушылар көлігі және автомоб. жолдары басқармасының, обл. әкімі аппаратының басшысы, обл. әкімінің орынбасары, обл. әкімінің 1-орынбасары (2007–13), ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі (2013–14), обл. тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы (2014–17) қызметтерін атқарған. 2017 жылдан мақсары майын шығаратын «АВ Инвест Групп» ЖШС өндірісінің жетекшісі. Қызылорда обл. мәслихатының депутаты (2003–07) болып сайланған. Н. жыраулық өнердің дамуына зор үлесін қосқан. Үнемі білімнің, спорт саласының, оның ішінде қазақтың дәстүрлі спортының жанашыры, тұрақты демеушісі. Респ. «Қазақстан барысы» жобасының жүзеге асырушысы. Қазіргі уақытта облыс бойынша Қазақ күресі федерациясының төрағасы. «Құрмет» орденімен (2010), бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның, Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Нұртазаев Әбдіғаппар

НҰРТАЗАЕВ Әбдіғаппар (5.3.1930, Жаңақорған ауд. «Бірлік» кеңшары – 24.9.1989, сонда, Задарья а.) – еңбек ардагері, Қазақ КСР-інің еңбек сің. агрономы (1961). Шымкент а. ш. техникумын (1948) бітірген. Жаңақорған МТС-нда телімдік агроном, аға агроном (1948–63), «Политотдел» ұжымшарының төрағасы, МТС-нда телімдік агроном (1952–57), «Бірлік» кеңшарында бас агроном (1957–63), «Талап», «Задарья» кеңшарларының директоры (1963–76), «Бесарық» плотинасының бастығы (1976–77) қызметтерін атқарған. 1979 жылдан «Задарья» кеңшарында аға агроном болды. Еңбек Қызыл Ту, Қазан революциясы ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

К.Саркенова

НҰРТАЗАЕВ Бақыт (28.2.1953 ж. т., Жаңақорған ауд. Қыраш а.) – еңбек ардагері. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1974, қазіргі Тараз ун-ті) бітірген. Жаңақорған ауд. жылжымалы-мех. колоннасында (ПМК–34) мастер,

прораб, бөлім басшысы, ауд. су жүйесі басқармасының аға инж. (1974–92), Тас ұнтақтау з-тының басшысы (1992–95), «Қыркеңсе» өндірістік кооперативінің төрағасы (1995–96), Жаңақорған ауд. әкімінің 1-орынбасары (1996–99), Қызылорда обл. әкімінің



Нұртазаев Бақыт

орынбасары (1999–2004), ҚР А. ш. мин-нің Қызылорда аум. инспекциясының басшысы (2004–16) қызметтерін атқарған. 2016 жылдан қалалық бейімдеу мен оңалту орт-ның директоры. Н. облыстың өндірісінде, ш-нда кеңшарлар мен ұжымшарлардың жаңа моделін қалыптастыруда, мемл. бағдарламалардың өңірде сәтті жүзеге асуына атсалысқан. «Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

НҰРТУҒАН Кенжеғұлұлы (1887, Арал ауд. Аманөткел а. Мырзабас мекені – 1930, сонда) – ақын. Атасы Еспембет суырыпсалма ақын, әкесі Кенжеғұл шебер күйші, анасы Айсұлу шежіреші болған. Сауатын ауыл молдасынан ашып, кейін медреседе Мұхаммеди молдадан дәріс алған. 13–15 жасынан бастап өлең жаза бастаған. Алғашқы эпик. туындысы – «Едіге» жыры (1910). 1910–20 ж. «Мәулімнияз – Едіге», «Орақ – Мамай», «Қарасай – Қази», «Қобыланды», т. б. ірі эпик. жырлары қазақ халқының өшпес мұрасына айналды. 1920 жылдан өмірінің соңына дейін нақыл-терме, толғаулар, тарихи дастандар, тұрмыстық жырлар, т. б. жыр үлгілерін жазған. Ақын өмірінің сегіз жылын (1922–30) ауыр науқаспен өткізген. Н. шығарм. сан салалы, қазақ әдебиетінің бірнеше жанрына қомақты үлес қосқан. Оның Исатай – Махамбет туралы «Ақ Кете Шернияз», жоңғарлардың басқыншылығы жайында «Ақтабан шұбырынды» атты тарихи дастандары, «Адалдыққа не жетсін»,



Нұртуған Кенжеғұлұлы

«Арғымақ сұлу көрінбес», «Адаспайды ақылды», «Әуелі сөйле, жаппар хақтан», т.б. терме-толғаулары, көптеген хат-өлеңдері бар. Н. Арал өңірінде «Нұртуған мектебі» аталатын дәстүрлі жыршылық, ақындық өнер мектебін қалыптастырды. Ақын мұраларын Ә.Суханберлин, Б.Жүсіпов, А.Сақыпұлы, т. б. ғалымдар зерттеген.

НҰРТУҒАН МЕКТЕБІ – шығарм. өнер ордасы. 1910 ж. Нұртуған Кенжеғұлұлы негізін қалаған. Ол ел аралап, өлеңдерін табанда шығарумен айналысып жүрген дарынды жас ақындарды үйіне жинаған. Оларға 10 тармақтан тұратын қатаң талап қояды. Ақынның 4 дастаны мен ондаған өлеңдерін жатқа айтатын алғашқы шәкірттерінің бірі – Бақытжан Жұбаназарұлы (1927 ж. 28 жасында қайтыс болған) болды. Одан басқа Жаңаберген, Дәріғұл, Еңсепбай, Көпжасар, Құлжан, Смағұл, Әбілхан, Кәрібоз, Жәмет, т.б. болды. Жәмет Сайымұлы Нұртуған мұраларын жеті күн жырлап, мектептің алтын босағасын 60-жылдарға дейін ұстап келген. Осы дәстүрлі мектептің жолын ұстанған ақын-жыраулар Арал, Қазалы аудандары, Ақтөбе обл., Қарақалпақ жерлерінде көп кездеседі.

НҰРЫЛДАЕВ Мақсұт (1927, Жалағаш ауд. Мақпалкөл а. – 24.11.2004, сонда) – еңбек ардагері, Қазақстанның а. ш-на еңбек сің. қайраткері (1971). Қызылорда а. ш. техникумын (1947), Шымкент партия-кеңес мектебін (1961) бітірген. «Еңбекші» ұжымшарында есепші (1941–45), Қаракеткен МТС-нда агроном (1948–50), «Ленин» ұжымшарында агроном әрі бастауыш партия ұйымының хатшысы (1952–57), «Жаңаталап» кеңшарында бас агроном, ауылдық кеңестің төрағасы, агроном (1961–77, 1981–87) қызметтерін атқарған. 1977–81 ж. «Коммунизм» кеңшарының директоры болды. Ленин орденімен марапатталған (1971).

Т. Дайрабай

НҰРЫМОВ Дүйсен Егенұлы (20. 12.1935, Шиелі ауд. – 23.7.2020, Қызылорда қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1995). Ташкент қ-ндағы а. ш. ин-тын (1958), Қазақ егін ш. ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1962) бітірген. Шиелі ауд-ның бірқатар ш-тарында бас агроном (1958–62), Қазақ күріш ғыл.- зерт. ин-тында бөлім бастығы (1962–92), Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инж. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) кафедра меңгерушісі, проф. (1993–2014), «Болашақ» ун-тінде проф. (2014–2019) болды. Негізгі ғыл. еңбектері Арал өңірі жағдайында мал азығы дақылдарын өсіру технол., оның сапасын арттыру мен бақылауға арналған. Н. 80-нен астам ғыл. еңбектің, 4 монография, 3 оқулық, 50 әдістемелік нұсқаулықтың авторы. 5 ғылым кандидатын дайындаған.


НҰРЫМОВ Жолдасбек (1912, қазіргі Сырдария ауд. Амангелді а. – 1966, Шымкент қ.) – қазақтан шыққан тұңғыш әскери ұшқыш. Ресейдің Балашов қ-ндағы азаматтық авиация уч-щесін бітірген (1933). 1933 жылдан осы оқу орнында нұсқаушы-ұшқыш, КСРО Азаматтық флотының Батыс Сібір басқармасында (Нововсібір қ.), кейін Петропавл қ-нда ұшқыш болған. 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1944 ж. жарақаттарына байланысты әскерден босатылған. Алматы қ-нда орналасқан 7-авиақұрамасының ұшқышы (1946–52), Шымкент әуежайында диспетчер (1952–66) қызметтерін атқарған. Қызыл Ту (2 мәрте), Қызыл жұлдыз, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көптеген медальмен марапатталған. Есімі Шымкент қ-ндағы бір көшеге (2008) беріліп, өзі тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылған.

Қ.Омаров



Нүрекеев Мейірман

НҮРЕКЕЕВ Мейірман (24.10.1946, Шиелі ауд. Шиелі кенті – 1997, Алматы қ.) – арт. Мәскеудегі Щепкин атынд. жоғары театр уч-щесін (1971) бітірген. 1987 жылға дейін қазақ радио-теледидарында, Қазақ мемл. балалар мен жасөспірімдер театрында еңбек еткен. 1987 жылдан Қазақ мемл. акад. драма театрының актері болды. Н.Тымақбай (Ғ.Мүсірепов «Амангелді»), Лорио (Ф.Эрве «Түлкі бикеш»), журналист (А.Жағанова «Беймаза әйел»), Маңғас (Т.Ахтанов «Жоғалған дос»), Мақсым (Саид Ахмад «Күйеу»), Кәдірбек (Ә.Тәжібаев «Махаббат»), Ескермес (Қ.Мырзалиев «Түрт, сайтаным, түрт»), т. б. сахналық бейнелерді сомдады. «Қазақфильм» киностудиясында бірнеше киноға түскен. Н-тің есімі «Тамаша» ойын-сауық отауында ойнаған рөлдерімен жұрт есінде қалған.



Нысанбаев Әбдімәлік

НЫСАНБАЕВ Әбдімәлік (1.5.1937, Сырдария ауд. Қарауылтөбе а. – 21.2.2023, Алматы қ.) – көрнекті ғалым, филос. ғыл. докт. (1977), проф. (1980), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Н. Қазақстанның еңбек сің. ғылым мен техника қайраткері (1994), Қырғыз Республикасының еңбек сің. ғылым қайраткері (1996). Қызылорда пед. ин-тын

(1960, қазіргі Қызылорда ун-ті) физ.-матем. ф-тін бітірген. КСРО ҒА-ның хим. ғылымдар ин-тында аға лаборант (1960–61), Қазақстан ҒА-ның Философия және құқық ин-тында кіші ғыл. қызметкер, аға ғыл. қызметкер, ғылым философиясы және методологиясы бөлімінің меңгерушісі (1961–76), Философия және құқық ин-тының (1990–97, қазіргі Философия және саясаттану ин-ты) директоры, «Қазақ энциклопедиясы» баспасының Бас редакторы (1997–2003), ҚР Білім және ғылым мин. философия, саясаттану және дінтану ин-тында директорының кеңесшісі (2011–23) қызметтерін атқарған. Н-тың негізгі зерттеу еңбектері диалектика және таным теориясы, ғылым философиясы мен методологиясы, қазақ және түркі философиясы, әлеум. және саяси философия, саясаттану және мәдениеттану мәселелеріне арналды. 600-ден астам ғыл., ғыл.-сараптамалық, ғыл.-әдістемелік еңбектің, оның ішінде 30 монография, жеке кітаптар мен оқу құралдарының авторы. 41 ғылым докторын, 100-ден астам ғылым кандидатын дайындаған. Ғылымдағы еңбегі үшін Қазақстанның (1984) және Түркияның (1999) Мемл., ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлықтарын (1998) алған. 2-дәрежелі «Достық» (1998), «Парасат» (2004), Түркияның «Еңбегі үшін» (1999) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. 2005 ж. «Философ Нысанбаев» атты деректі фильм жарық көрді. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (1999).

Қ.Омаров

НЫСАНБАЙ Жаманқұлұлы (1822, Жалағаш ауд. Аққошқар а. – 1883, сонда) – ақын, жырау. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің жыршысы. Н. көтеріліске қатысып, көрген-білгенін жырға қосқан. «Кенесары – Наурызбай» атты көлемді дастанында көтеріліс басшыларын батырлар жыры дәстүрінде бейнелеп, заман шындығын отарлық езгіге қарсы көтерілген халық үнімен шебер қиластыра білді. Жырда Кенесарының қырғыздарға жасаған жорығы, оның қаза табуы мазмұндалған. Дастан халық арасында кең тараған, алғаш 1875 ж. С Жантөрин мен Т.Сейдалиннің аудармасымен «Записка Оренбургского отдела императорского русского географического общества» журналында орыс әліпбиімен қазақ тілінде басылды. Шығарманы 1912 ж. Қазан қ-нда Ж.Шайхысламұлы жеке кітап етіп бастырды. 1923 ж. Ташкентте Х.Досмұхамедұлының, 1924 ж. Н.Төреқұловтың алғы сөздерімен кітап болып шықты. 1996 ж. «Қазақ халық әдебиеті» атты көп томдықтың 17-кітабында жарық көрді. Н. жыраудың шығармалар жолын Досмұхамедұлы, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Т.Тебегенов, т. б. зерттеді.



Нышан қобызшы

НЫШАН, Ысмайыл Шәменұлы (1892, Сырдария ауд. Қоғалыкөл а. – 1979, Қызылорда қ.) – қобызшы, абыз. Н. бір жасында «күйдіргі» (түйнеме) ауруына шалдығып, екі көзі көрмей қалған. Тоғыз жасынан қобыз тартуды үйренген Н. «Мұсаяз» бейітіне келген қобызшылардан Қорқыт Атаның және белгілі бақсы-балгерлер Есақай мен Адасқан, т. б. қобызшылардың күйлерін үйреніп алады. 1975 ж. фольклоршы М.Байділдаев Н. ойнауында Қорқыт Атаның 11 күйін үнтаспаға жазып алған. Олар: «Ұшардың ұлуы», «Тарғыл тана», «Әуіппай», «Қорқыт», «Башпай», «Желмая», «Сарын», «Қоңыр», «Байлаулы киіктің зары». «Елім-ай, халқым-ай» күйін қобызшының төл туындысы деп таныған. Қызылорда қ-ндағы бір көшеге Н. есімі берілген.



ОҒЫЗДАР (ежелгі түрікше – оғуз; қазақша – оғыз) – орта ғасырларда Орт. Азияда өмір сүрген түрік тілдес тайпалар. О. атауын бірқатар зерттеулер алғашқыда «тайпалар», «тайпалар бірлестігі» деген ұғымды білдірген деп есептеді. О. жайлы деректер түрлі жазба ескерткіштерде, шежіреде, жыр, аңыз-әңгіме үлгілерінде ұз, оғыз деген атаулармен ертеде орта ғасырдан басталғаны белгілі. Оғыз атауының ұлыстық, тайпалық этнонимге айналуы түркі халықтарына ортақ «Оғызнама» жырындағы басты кейіпкер Оғыз қаған есімімен тікелей байланысты. Жырда ол барша түркі ру-тайпаларының арғы атасы етіп көрсетіледі. Уақыт өте келе оның есімі этн. атау мағынасына айналған. 7 ғ-дың басында Түрік қағандығы құрамында тоғыз оғыз одағы пайда болды. Орхон руна жазуында Шығыс Түрік қағандығы (6–8 ғ-лар) құрамына кірген О. тайпалары Шығыс Моңғолияны мекендегендігі айтылады. Н.Я.Бичурин өзінің «Ерте кездері Орта Азияны қоныстанған халықтар жөніндегі мәліметтер» жинағында «Шығыс Түрік қағандығы кезінде Ашина ұрпағының «түрік» атымен (қайта аталып) оғыз-түрік тайпа одағының әкімшілік бірлігі болды» деп жазады. О. шамамен 8 ғ-дың орта шенінде Жетісудан Қаратау бөктері мен Сырдарияның төм. ағысы алқаптарына жылжи бастаған. Қырғыздар шабуылынан 840 ж. Ұйғыр қағандығы ыдырап, оған тәуелді түрік-оғыздар қарлұқтармен болған қақтығыс нәтижесінде 9 ғ-да батысқа қарай ығысты. 9–10 ғ-ларда Оңт. және Батыс Қазақстан аумағында О. этносы бірте-бірте қалыптасып орнықты. О-дың этн. құрамына Сырдария алқабы мен Арал – Каспий далаларын мекендеген ежелгі этн. топтар (негізінен, түріктенгендер) мен Жетісу, Сібірдің көшпелі және жартылай көшпелі рулары мен тайпалары енді. О. бірнеше тайпаға, тайпалар руларға бөлінді. Махмұт Қашқаридың (11 ғ.) деректерінде О-дың алғашқы 24 тайпадан, кейін 22 тайпадан құралғаны айтылады. Олар: қынық, қайық, байундур, йуа-йыуа, салғур, афшар, бәктілі, бугдуз, байат, йаз-ғыр, аймур, қарабөлук, алқабөлук, ігдір, урәгір-йурәгір, тутырқа, улайундлуғ, тугәр-тігер, бажанақ, чувулдар, чәбич, чаруқлуғ. Жетекші руы – қынық. О. бұзұқ (бузук), ұшұқ (учук) болып екіге бөлінді. Олар тиісінше О. әскерлерінің оң және сол қанаттарына кірді. Осы топтардың әрқайсысы теңдей екі топқа бөлінген 24 тайпадан құралды. 9 ғ-дың соңы мен 10 ғ-дың ортасында Арал т., Каспий т. және Сырдариянның төм. алқаптарында Оғыз мемлекеті құрылды. Мемлекет орт. Янгикент (Жаңакент) қ. болды. Махмұт Қашқари О-дың Сабран (Сауран), Сіткун (Сүткент), Суғнақ (Сығанақ), Қарнақ, т.б. қалалары болғандығын айтады. 11 ғ-дың ортасында шығыстан келген қыпшақтар О. мемлекетін талқандады. О-дың бір бөлігі батысқа кетіп, оңт. орыс далаларына қоныс тепті, салжұқтар басқарған басқа бір бөлігі алдыңғы Азия елдерін жаулап алды. О-дың солт.-батыстағы бөліктері бертін келе Еділдің төм. бойындағы татарлармен, оңт. Оралдағы башқұрттармен сіңісіп кетті. Сырдария, Арал алқаптары мен Солт. Каспий маңын мекендеген Оғыз тайпалары қазақ тарихында айтарлықтай із қалдырған. О-дың 11–13 ғ-ларда Кавказ бен Кіші Азияға өтіп кеткен оңт. тобы әзербайжан, түрік, гагауз халықтарының этногенезінде маңызды рөл атқарды.

ОЙНАРБАЕВ Айтмағамбет (7.11. 1935, Қармақшы ауд. Жаңажол а. – 15.4.2005, Алматы қ.) – ғалым, еңбек ардагері, Қазақстанның еңбек сің. қызметкері (1993). Ташкент Орта Азия политех.



Ойнарбаев Айтмағамбет

ин-тын бітірген (1958). Челекен (Түрікменстан) химия з-тында инж., цех бастығы, директордың орынбасары, бас инж.(1958–61), бас директор (1961–83) қызметтерін атқарған. Қазақстан үкіметінің шақыртуымен елге оралып, Қазақ КСР құрылыс материалдары мин-нің Қазақ тау-кен геол. экспед-ның басшысы болды (1983–93). Бірнеше жаңашыл ұсыныстары өндіріске енгізіліп, ғыл. еңбектері жеке кітап болып жарық көрген. Түрікменстан мемл. сыйл-ның иегері (1979). «Құрмет белгісі» (1971), Еңбек Қызыл Ту (1974), «Халықтар достығы» (1981), Қазан революциясы (1991) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

А.Әбдімомынова

ОЙНАРОВ Рысқұл (26.2.1947 ж. т., Қазалы ауд. Көларық а.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1994), проф. (1997), ҚР ҰҒА-ның акад. (2016). ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері. ҚазМУ-ды (1969, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Арал қ. №64 мектебінде мұғалім (1971–72), ҚазМУ-да оқытушы (1972–73), Қазақ КСР ҒА-ның матем. және мех. ин-тында аға инж., кіші, аға ғыл. қызметкер, зертхана меңгерушісі (1973–2000), Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінде (қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) кафедра меңгерушісі (1997–99) қызметтерін атқарған. Еуразия ұлттық ун-тінде алгебра, геометрия және математикалық логика, қолданбалы және есептеу математикасы, іргелі және қолданбалы математика, іргелі математика кафедраларының проф. (2000–19) болды. 2013 жылдан Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы математика ин-тының директоры. Ғыл.- зерт. бағыты математиканың функционалдық талдау саласына жатады. 1986 жылдан мемл. ғыл. жобалардың үзіліссіз ғыл. жетекшісі. 2006–08 ж. халықар. INTAS, Open call 2005–06 ж. ғыл. грантын ұтқан «Function spaces and application to partial differential equation» бағдарлама Weighted inequalities for differential and integraloperators and interpolation of function spaces» зерттеу жұмысының ғыл. жетекшісі. 200-ге жуық ғыл. еңбектің, оның ішінде 50-ден астамы жоғары деңгейдегі Web of Science пен Scopus базаларына кіреді. О. 2 ғылым докторы, 15 Ph.D, 15 ғылым кандидатына ғыл. жетекшілік еткен. Халықар. ғыл. «Journal of mathematical inequalities» (Q1 Web of Science), «Advances in Inequalities and Application», «Eurasian mathematical journal» журналдарының редколлегия алқасының мүшесі. «Құрмет» орденімен, «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2007, 2014). «Үздік ғылыми қызметкер» грантының иегері (2022).



Ойнаров Рысқұл

М.Бөрібаева

ОҚШЫ АТА МАЗАРЫ – көне архит. ескерткіш. Шиелі ауд-на қарасты 20 разъезде, Жөлек а-нан 7 км жердегі т. ж. торабында орналасқан. Күмбезі, құрылысы жағынан Қарасопы, Асан ата мазарларына ұқсас, бірақ көлемі шағындау. Соңғы жылдары қайта жөндеуден өткен. Мазарға жерленген кісінің шын аты – Ибраһим шайхы, лақап аты – Көгентүп, Оқшы ата – кейін ел қойған есімі. Ә.Қоңыратбаевтың көрсетуінше, Оқшы ата – қару, оқ жасаған оғыз батыры. Кезінде бұл аймақта үлкен шаһар



Оқшы ата мазары

болса, мазардың тұрған жері көне қорым. Архит. жәдігер тарихы 9–10 ғ-лардан бастау алып, белгі 15–16 ғ-ларда салынса керек. Ал О. а. күмбезіне қатысты аңыз-әпсаналар түрлі заман (оғыз, қалмақ) оқиғаларын қамтиды. Архит. жәдігер туралы мәліметтер В.Каллаур, И.Кастанье, А.Ниязов, Т.Қоңыратбаев, т.б. еңбектерінде сақталған.

ОҚУШЫЛАР САРАЙЫ – ғимарат, облыс әкімі Н.Нәлібаевтың бастамасымен Қызылорда қ-нда салынуда. Жоба құны – 2,500 млрд тг. Инвестор: «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС. Қалалық білім бөлімінің қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығына қарайтын ғимаратта 24 оқу кабинеті (кіші хореография залы, акт зал, әдістемелік кабинет, костюмер кабинеті, архив, шеберхана, т.б.) қарастырылған. 2024 ж. пайдалануға беріледі.



Оқушылар сарайы

ОМАРОВ Әбді Омарұлы (20.10.1924, Тереңөзек ауд. Жаңаөріс ұжымшары – 25.12.1996, қазіргі Сырдария ауд. Іңкәрдария а.) – соғыс және еңбек ардагері. Бүкілодақтық бухгалтерлік курсын (1952) бітірген. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан (1942–45). 1-Беларус, кейін 2-Беларус майдандарында шайқасқан. Беларустің Батыс Буг өз. маңындағы өткелді қорғау кезінде (1944), Германияның Одер өз-нен өту кезінде (1945) жанқиярлық ерлік жасаған. Жалпы 52 немістің көзін жойған. Соғыс барысында 4 рет жарақат алған. О. әр жылдары Тереңөзек ауд. «Жаңаөріс» ұжымшарында, «Ильич», «Шаған» кеңшарларында (1945–59), Сырдария ауд. «Қарауылтөбе» тәжірибе ш-нда, «Жетікөл» кеңшарында (1960–66), Қызылордада қ. және Тасбөгет кентіндегі өндірістік мекемелерде (1960–62, 1966–68) есепші және бас есепші, экономист қызметтерін атқарған. Қазіргі Сырдария ауд. «Іңкәрдария» кеңшарында экономист (1968), есепші (1969–85), шаруашылықтың басқа да қызметінде (1985–93) болды. Кеңшар экономикасын жандандыру мақсатында 1976–78 ж. Арал ауд.



Омаров Әбді

30-дан астам отбасын көшіріп әкелу жұмысына басшылық жасаған. Өмірінің соңына дейін ауылдық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауд. халық сотының заседателі болған, ел бірлігін сақтау, жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу ісіне адал қызмет еткен. 3-дәрежелі Даңқ (1944), Қызыл жұлдыз (1945), 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Еңбек ардагері», т.б. медальдармен марапатталған.

Т.Дайрабай



Омаров Бауыржан

ОМАРОВ Бауыржан Жұмаханұлы (1.5.1962 ж. т., Арал ауд. Қаратерең а.) – әдебиет зерттеуші, журналист, филол. ғыл. докт. (2001), проф. (2002), ҚР ҰҒА-ның акад. (2020). ҚазМУ-дың журналистика ф-тін (1986, қазіргі ҚазҰУ), Мәскеу халықар. бизнес және ақпараттық технологиялар ун-тін қаржы және несие (1998), Қазақ экон. ун-тін мемл. және жергілікті басқару (2006, қазіргі «Нархоз» ун-ті) мамандықтары бойынша бітірген. «Лениншіл жас» («Жас алаш») газетінде (1986–94), ҚазМУ-да аға оқытушы, «Ер-Дәулет» ақпарат агенттігінің бас редакторы (1994–96), Қызылорда гуманит. ун-тінің (қазіргі Қызылорда ун-ті) проректоры, Қызылорда қ. әкімінің орынбасары – Қызылорда арнайы экон. аймағы әкімш. кеңесі төрағасының орынбасары (1996–98) қызметтерін атқарды. Әдебиет және өнер ин-тында аға ғыл. қызметкер, қазақ әдебиетінің тарихы, ежелгі әдебиет бөлімінің меңгерушісі (2000–01), «Қайнар» ун-тінің (2001–02), ҚазҰУ-да халықар. журналистика кафедрасының проф. (2002–03), ҚР Мәдениет мин. Тілдерді дамыту департаментінің директоры (2003–05), ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт мин. Тіл к-тінің төрағасы (2005–06) болды. «Литер-Media» ЖШС-ның атқарушы директоры, «Астана хабары» газеті бас редакторының 1-орынбасары, «Айқын» газетінің бас редакторы, Қызылорда обл. әкімі аппаратының басшысы, «Қазақ газеттері» ЖШС-ның бас директоры, ҚР Президенті Баспасөз қызметінің сектор меңгерушісі, ҚР Президенті Баспасөз хатшысының орынбасары болды. 2019 жылдан ҚР Президентінің кеңесшісі, Еуразия ұлттық ун-тінде журналистика және саясаттану ф-тінің проф. О. «Мұрат Мөңкеұлы» (1993), «Бұғауға бағынбаған жырлар» (1998), «Қазақ-қырғыз қасіретнамасы» (1998), «Жұмыр жермен жүздесу» (1998), «Аруана бауыр дүние» (1998), «Шартарап» (1998), «Зар заман поэзиясы» (2000), «Зар заман әдебиеті» (2005) атты ғыл.-публицист. кітаптардың, 200-ден астам ғыл. мақалалар авторы. Ғыл.-тақырыптық бағыты – қазақ әдебиетінің тарихы, қазақ-қырғыз әдеби байланыстары, түркі халықтары әдебиетінің ортақ құндылықтары, шығыс елдері әдебиетінің мәселелері. «Парасат» орденімен (2018), «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2013), марапатталған. Халықар. «Алаш» әдеби (2012), Гуманит. ғылымдар саласындағы Ш.Уәлиханов атынд. сыйлықтардың лауреаты (2014).

М.Бөрібаева

ОМАРОВ Берекет (1932, Арал ауд. Райым а. – 1984, сонда) – жырау. Қазалы малдәрігерлік даярлау курсын бітірген соң (1948)



Омаров Берекет

өмірінің соңына дейін Қызылжар, Райым а-дарында төрағалық қызмет атқарған. О. көнекөз жыраулар Әбілда, Дәріғұл, Жәметтерден дәріс алған. Дәстүрлі саз өнерін жалғастырушы, сол ақын-жырауларды бүгінгі ұрпаққа жеткізуші. Ол Нұртуғанның «Қарасай – Қази», «Едіге», «Тағаймұрат» жырымен қоса 100-ге жуық термелерін, Нұрмағамбет, Еспембет, Смағұл ақындардың терме-толғау, айтыс өлеңдерін білген. Ауд., обл. ақындар айтысына қатысып, өнер додасында «дүлдүл жырау» атанған.

ОМАРОВ Ернияз (1.1.1932, Сырдария ауд. А.Тоқмағамбетов а. – 23.8.2021, Қызылорда қ.) – дәрігер, мед. ғыл. канд. (1974), Қазақстанның еңбек сің. дәрігері. Қызылорда мед. уч-щесін (1950), Алматы мемл. мед. ин-тын (1958, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. Тереңөзек (Сырдария) ауд-ның Арысқұм, Қаракұм мал жайлауында фельдшер (1950–52), Қызылорда қ. жедел жәрдем бөлімінде әрі



Омаров Ернияз

кезекші дәрігер хирургия бөлімінде дәрігер-хирург (1958–61), қалалық (1961–67), обл. денсаулық сақтау бөлімдерінің меңгерушісі (1982-94), обл. медицина қызметкерлері ардагерлер кеңесінің және «Шапағат» қоғамдық-қайырымдылық қорының басшысы қызметтерін атқарған. 60-тан астам ғыл. еңбектің, 3 кітаптың авторы. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2013), Қызылорда қ-ның, Сырдария ауд-ның құрметті азаматы. О-қа Қызылорда қ-нда бюст орнатылған (2023).

ОМАРОВ Кеңес (10.1.1936, Арал ауд. Аманөткел а. – 23.5.1996, Тараз қ.) – танымал спортшы, боксшы, белгілі бапкер, Қазақ КСР-інің еңбек сің. жаттықтырушысы (1968). Арал, Қызылорда қ-нда «Еңбек резервтері» спорт қоғамында жаттықтырушы болған, бокс командасының бас жаттықтырушысы. Бокстан 57 кг салмақта Өзбек КСР-інің төрт дүркін, Қазақ КСР-інің бір дүркін чемпионы болды. 1958 ж. КСРО халықтарының 1-спартакиадасына қатысқан. 1960 ж. «Буревестник» ерікті спорт қоғамы КСРО Бүкілодақтық чемпионатының күміс жүлдесін жеңіп алған. Қазақстанда бокс спортының дамуына зор үлес қосқан. Жаттықтырушы ретінде



Омаров Кеңес

С.Қонақбаев, А.Тшанов, М.Жақсыбаев, Д.Буданбеков, Н.Ақұрпеков, Е.Тілеуов, Ф.Цой, В.Присяжнюк, Ю.Цхай, т.б. боксшыларды халықар. үлкен рингке алып шықты. 56 халықар. дәрежедегі және КСРО-ның спорт шеберін дайындаған. О-тың есімі Тараз қ. Спорт сарайына және Арал қ-ндағы бір көшеге берілген. Жыл сайын О. атынд. жастар, жасөспірімдер арасында бокстан дәстүрлі түрде халықар. турнир өткізіліп тұрады.

Д.Омаров

ОМАРОВ Қалила (4.5.1957 ж. т., Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті) – кинорежиссер, документалист, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2009). Қазақстан Кинематографистер одағының мүшесі (1992). Ленинград (1984, қазіргі Санкт-Петербург) қ-ндағы мемл. мәдениет ин-тын бітірген. Ленинград мәдени-ағарту уч-щесінде В.Гориннен дәріс алды. Жаңақорған ауд. мәдениет үйінде (1984–87), «Қазақтелефильм» студиясын-



Омаров Қалила

да реж. (1987–98), 1998 ж. «Алатау» ұлттық телеарнасының бас, кейін ҚР Президенті «Телерадиокешені» респ.-мемл.кәсіпорнында реж. болды. «Хабар» агенттігінде дубляж реж. (1999–2003), Ш.Айманов атынд. «Қазақфильм» киностудиясында реж. (2006–10), сондай-ақ 2006 жылдан KALILAFILM.kz студиясында қызмет істейді. 1982 ж. күйші-сазгер Құрманғазы туралы түсірген «Кісен ашқан» қысқаметражды фильмі «Ақ түндер – 82» кинофестивалінде бас бәйгені жеңіп алды. М.Хакімжанова туралы «Атамекен», мүсінші Р.Ахметов туралы «Замана-шеру», ақын М.Жұмабаев жайында «Мағжан», М.Дулатов жөнінде «Міржақыптың оралуы», «Жамбыл: адамзаттың ұлы жаршысы», «Туған жерге тағзым», т.б. 80-нен астам деректі фильмнің, 6 пьесаның авторы. О. Айғожа ишанды танудың негізін қалаған. «Құрмет» орденімен (2021), бірнеше медальмен марапатталған. Қазақстан Жастар одағы (1992) және Халықар. Жамбыл атынд. (1996) сыйлықтардың иегері.

Қ.Омаров



Омаров Қылышбай

ОМАРОВ Қылышбай (1907, қазіргі Жаңақорған ауд. Қандөз елді мекені – 1996, Түркістан обл.) – Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). 1930 жылдан ұжымдық ш-қа мүше болған. 1941–44 ж. Қызыл әскер қатарында 2-дүниежүз. соғысқа қатысты. 1944–57 ж. «Талапты» ұжымшарында, 1957–66 ж. «Арыс» және «Талапты» кеңшарларында аға шопан болды. Ол қой өсірген жылдары қарауындағы отарды аман сақтап, міндеттемеге сай көп төл өргізген. Сөйтіп, мал өнімділігін арттырды. Отардың әр жүзінен 104-тен төл алып отырды. «Ленин» ордені (1948), медальдармен марапатталған.

О.Айдаров

ОНДАТР (Ondatra zibethicus) – кеміргіштер отрядына жататын терісі бағалы аң. Дене тұрқы 35 смдей, құйрығының ұз. 28 смдей, салм. 1,5 кг-дай. Құрлықта да, суда да тіршілік



Ондатр

етеді. Мойны қысқа, артқы аяқтарында жүзу жарғақтары бар. Құйрығы ұзын, жүзген кезде денесін бағыттап отырады. Түгі қалың да тығыз, қою қоңыр кейде қара түсті. Үйығу кезінде аталықтарының шап безінен мускус (жұпарзат) заты бөлінеді. Шыққан жері – Солт. Америка. Қазақстанға 1935 ж. әкелініп, Сырдария және Іле өзендерінің бойына (570-тей дарабасы) жіберілді. Қазір респ-ның барлық өзен-көлдерінде 350 мыңдай О. кездеседі (2005). Бұлар өзен жағасы биік болса, бұрандата ін қазады, аласа, батпақты келсе, үйшік салады. Қорек талғамайды, негізінен су өсімдіктерімен қоректенеді. Жылына 2-3 рет көбейіп, 25-30-ға дейін ұрпақ бере алады. Көктемде туған жас О-лар шілде-тамыз айларында көбеюге қатыса береді. Терісі үшін көп ауланады.

А.Бекенов

ОҢҒАРБАЕВ Аманжол (7.11.1968 ж. т., Арал ауд. Ақбасты а.) – журналист, филол. ғыл. канд. (1998), ҚР Мәдениет қайраткері (2009). Қызылорда пед. институтын (1993, қазіргі Қызылорда ун-ті) қазақ тілі мен әдебиеті, «Болашақ» ун-тін қаржы және несие (2003),



Оңғарбаев Аманжол

Қазақ гуманит. заң ун-тін заңтану мамандықтары бойынша (2004) бітірген. Қызылорда обл. Тіл басқармасының 1-категориялы маманы (1993–95), Ұлт саясаты жөніндегі Қызылорда обл. к-тінде жетекші маман (1995–96), обл. «Ақмешіт апталығы» газеті бас редакторының орынбасары (1996–2000), «Халық» газеті және «ASU баспа үйінің» директоры-бас редакторы, «Казэнергопроектсервис» ЖШС-ларының бас директоры (2001–09), «Сыр Медиа» ЖШС-ның бас директоры, Қазақстан Журналистер одағының Қызылорда обл. бойынша бөлімшесінің төрағасы (2010–23) қызметтерін атқарған. 2024 ж. қаңтардан Арал ауд-ның әкімі. «Құрмет» орденімен (2023), «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2016) марапатталған.

ОҢҒАРБАЕВ Имамадин (21.2.1953 ж. т., Арал ауд. Ақбасты а.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Әр жылдары учаске шебері, аға инж., топ жетекшісі, бас конструктор, жобаның бас инж., шеберхана бастығы қызметтерін атқарды (1975–92). Мұнай саласында еңбек етті (1992–03). «Казнефтегазконсалтинг» серіктестігінің директоры (2003–04), Қызылорда қ. әкімінің, облыс әкімінің орынбасары, қала әкімі, облыс әкімінің кеңесшісі (2004–08), «Казнефтегазконсалтинг» серіктестігінің басқарушысы, «Қа-



Оңғарбаев Имамадин

затомпром» АҚ күкірт қышқылы з-тының бас директоры, 1-орынбасары (2008–12), «Қазсушар» респ. мемл. кәсіпорны «Арал СЖҚБД» бөлімшесінің директоры (2012–19) қызметтерін атқарған. О. коммуналдық салаға жетекшілік жасаған кезеңде газдандыру ісіне ерекше мән берді. Әсіресе, бу қазандықтарын жаңғыртуда қомақты қадамдар жасап, жылу жүйесінің қуатын арттыруға ат салысты. «Құрмет» орденімен марапатталған. Қызылорда қ., Арал ауданың құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Опалқожаев Алпысбай

ОПАЛҚОЖАЕВ Алпысбай Серғазыұлы (1945, Қызылорда қ.– 7.2.2011, сонда) – еңбек ардагері, құрметті теміржолшы. Қазақ КСР-інің халық депутаты (1990). Қызылорда локомотив депосында слесарь-дизелші (1962–76), аға слесарь-дизелші (1976–2008) болған. Еңбек Даңқы орденімен (2 мәрте), медальдармен марапатталған.

Е.Назаров

ОПАЛҚОЖАЕВ Серғазы (1882, қазіргі Сырдария ауд. – 22.10.1970, Қызылорда қ.) – қайраткер, құрметті теміржолшы. 1917–19 ж. Перовск (Қызылорда) қ-ндағы т. ж. бөлімшесінде ұйымдасқан астыртын пар-



Опалқожаев Серғазы

тизан отрядына қатысқан. Азамат соғысы жылдары ақ гвардияшыларды талқандауға белсене араласты. Т. ж. жүйесінде ұзақ уақыт жұмыс істеген (1926–57). Қазақ КСР Жоғ. Кеңесіне депутат болып сайланған. Ленин, Қызыл жұлдыз ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (1968).

Т.Дайрабай

ОРАЗ АХУН (Оразмұхаммед) Бекетайұлы (1836, Қазалы уезі, Аққыр болысы – 1894, қазіргі Сыр өңірі) – діни қайраткер. Әуелі ауыл молдасында сауат ашып, кейін Бұхарадағы «Көкілташ» медресесінде оқып, діни білім алған. Құран Кәрімді толық меңгеріп, осы медреседе көшірмеші, аудармашы болды. 1856–58 ж. «Төрекей» атты екі томдық кітап жазған. О. а. шамамен 1860–61 ж. өз ауылында молда болды. Қалдан батыр «Сарықұмнан» мешіт салдырып, оған О. а-ды имам еткен. О. а-ды ұстаз тұтады. Сыр сүлейлері ахунды жырға қосқан. 1912–13 ж. қазіргі Тұрмағамбет және Ақжар а-дарының ортасында О. а-ның басына қос үйтам тұрғызылған.

ОРАЗАЕВ Бақтияр (17.8.1923, Сырдария ауд. 32-а. – 6.8.2001, Алматы қ.) – геол.-минерал. ғыл. докт. (1970), проф. (1973), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғылым қайраткері (1984). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Ташкент қ. Орта Азия политех. ин-тын (1950), аспирантурасын (1953) бітірген соң оқытушы (1954–58), кафедра меңгерушісі (1958–60), Геология ғылымдары ин-тында бөлім меңгерушісі (1960–70), 1971 жылдан геофизика, сейсмология кафедрасының, 1980 жылдан Қазақ политех. ин-тында (қазіргі ҚазҰТУ) кафедра меңгерушісі болды. 150-ден астам ғыл. еңбектің, 5 монографияның авторы. Негізгі ғыл. бағыты Орта Азия және Қазақстандағы жер қыртысы мен оның жоғары мантиясының физ. жағдайын, тау жыныстары мен минералдардың физ. қасиеттерін, сейсмологияның түрлі мәселелерін зерттеуге арналған. Қызыл жұлдыз, 1-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту екі мәрте ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

ОРАЗАЙ ИШАН Бұғыбайұлы (1809 – ө.ж.б.) – әулие. Ауыл молдасынан сауат ашып хат таниды. Түркістан уәлаятын билеген өзбек әмірі О. и-ды қазақ елінен алым-салық жинайтын уәкіл (бек) етеді. Көп ұзамай ол бұл кәсіптен бас тартып, ишандыққа ден қояды. О. и. арқа елінде дін уағыздау, сауат ашу, намаз үйрету жолында көп еңбек сіңірген. Сырдарияның арғы бетінде (Сұлутөбе тұсында) «Зіңкетер» деген жерде молдалық құрып, мешіт ұстап, бала оқытқан. Кейін ізіне ерген елін бастап тұрақты мекен етпек оймен Қаратауға бет түзейді. Жолай сұлутөбелік би-датқалар: «бізге пір бол», – деп қолқа салып, «Көксу» бойындағы «Сарышығанақтан» қоныс береді. О. и. осы жерді мекендеп қалған.



Оразалиева Көлжан

ОРАЗАЛИЕВА Көлжан (1.6.1924, Қазалы ауд. Ғ. Мұратбаев а. – 12.12.1995, сонда) – Соц. Еңб. Ері (20.5.1949). Қазақ КСР А. ш-ның озаты (1966). Туған а-нда күрішші (1941–45), күріш өсірушілер звеносының жетекшісі (1945–74) болған. 1948 ж. оның звеносы 5 га күріш егістігінің әр гектарынан 81 ц-ден астық алған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 3-шақырылған депутаты болып сайланған (1951–55). Ленин ордені (1949), медальдермен марапатталған. Туған а-нда О. есімімен бір көше аталған.

Қ.Омаров

ОРАЗБАЕВ Ақбай (1924, Арал ауд. Қамбаш ст. – ө.ж.б.) – құрылысшы, Соц. Еңб. Ері (27.4. 1961). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан (1943–45). Еңбек жолын Арал ауд-ндағы «Райым» балық аулау ұжымшарында бастаған. Мойынты-Шу темір жолы құрылысында бригадир (1946–56), «Түрксибтранстрой» тресінің № 137 құрылыс-монтаждау пойызында «Ақтоғай-Достық» т. ж. құрылысының бригадирі (1956–60) болып жұмыс істеген. 1960 жылдан Шолақтау (қазіргі Қаратау) қ. № 194 пойызы жол құрылыс-монтаждау жұмысшыларының бригадирі болған. Ленин орденімен (1961), медальдермен марапатталған.

Қ.Омаров

ОРАЗБАЕВ (Иран-Ғайып) Иранбек (7.6.1947 ж. т., Сырдария ауд. Абай а.) – ақын, драматург, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері. Қазақ политех. ин-тының тау-кен ф-тін (1970, қазіргі ҚазҰТУ), Мәскеудегі Әдебиет ин-ты жанындағы жоғары әдеби курсты (1980) бітірген. Әр жылдары Қызылорда обл. «Білім» қоғамында референт, «Жазушы» баспасында редактор, «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясында поэзия бөлімінің меңгерушісі, ҚР Білім, мәдениет к-тінің редакц. репертуарлық коллегиясының бас редакторы қызметтерін атқарды. 1998 жылдан Қазақ мемл. академ. Балалар мен жасөспірімдер театрының әдебиет бөлімінің басшысы, «Жазушы» баспасының редакторы болды. Алғашқы «Жүрек жырлайды» атты жыр жинағы 1974 ж. жарық көрді. Кейін «Тың құрбаны», «Хайуандық комедия», «Күшігінен



Иран-Ғайып



Оразбаев Жеткерген

таланған», «Мен ішпеген у бар ма?», «Батқан кеменің бейбақтары», «Желжуан», «Құдай қарғағандар», «Жамбылдың қызыл жолбарысы», «Хан-Абылай-Сабалақ» және т.б. драмалық дастандарын жазды. «Глаза ночи» (1983), «Царь слова» (1984), «Наследник» (1988) атты кітаптары орыс тілінде жарық көрді. 1990 ж. 3 томдық, 2006 ж. 13 томдық Таңд. шығ. жин. жарыққа шықты. 30-ға жуық драмалық поэмалардың авторы, олардың ішінде «Шыңғысхан», «Абылай хан», «Қорқыттың көрі» сияқты шығармалары бірнеше шет тілдеріне аударылған. «Қорқыттың көрі» атты жыр кітабы үшін ҚР Мемл. сыйл. лауреаты атанды (2002). ҚР-ның тұңғыш өткен жазба ақындар жыр-мүшәйрасының бас жүлдегері (2002), «Тарлан» сыйл-ның (2007) және ҚР Мәдениет саласындағы мемл. стипендиясының лауреаты (2011). «Парасат» орденімен (2006), медальдермен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2008).

ОРАЗБАЕВ Жеткерген (4.3.1939 ж. т., Арал ауд. Шижаға а.) – еңбек ардагері, ҚР-ның құрметті құрылысшысы (2011). Қызылорда обл-ның үздік құрылысшысы (1971, 1974). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1967, қазіргі Тараз ун-ті) бітірген. Еңбек жолын Арал кеме жөндеу з-тында газификатор, машинист-аппаратшы қызметтерінен бастаған. 1959¬62 ж. әскери борышын өтеген. «Риссовхозстрой» тресінің «ПМК-13» мекемесінде инж., аға инж., прораб, учаске басшысы (1967–72), осы тресте «ПМК-80» мекемесінің басшысы (1986-89), «Қызылордасовхозстрой» тресінде экон. мәселелер жөніндегі басшысы (1972–78), «ПМК-27» құрылыс мекемесінің басшысы (1978–82), «Сельстрой №16» тресінде бас инж. (1982–86) болған. Қызылорда қ. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1990–92), қала әкімінің орынбасары (1992–95), 1-орынбасары (1995–97),

қалалық тұрғын үй коммуналдық ш-ның басшысы (1998–2002) қызметтерін атқарған. 2003 жылдан «Квант ҚӨК» ЖШС-ның өндіріс жөніндегі орынбасары. Медальдармен және салалық төсбелгілермен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

Қ.Құдайбергенов



Оразбаева Раушан

ОРАЗБАЕВА Раушан (17.6.1973 ж. т., Жаңақорған ауд.) – қобызшы, халық музыкасын орындаушы, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2019). ҚР Мәдениет қайраткері (2005). Қазақ ұлттық консерваториясын (1996) және аспирантурасын (1999) бітірген. ҚР Ұлттық ұланының президенттік оркестрі жанындағы халық музыкасы ансамблінде жеке орындаушы (1997–2001), ұлттық консерваторияда аға оқытушы (2001–13) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта Қазақ ұлттық өнер ун-тінің қобыз кафедрасында ұстаз. «Qazaqconcert» мемл. концерттік ұйымының «Халық қазынасы» бөлімінің солисі. О. «Күй-Керуені» фестивалінде «Алтын қобыз» (2006), «Алтын домбыра» (2007) иегері атанды. Көптеген респ., халықар. байқаулардың лауреаты. Оның қазақ авторларының шығармалары мен өз шығармаларынан тұратын кең репертуары бар. Қорқыт, Ықылас, Сүгір, Тәттімбет, халық күйлері және т.б күйші-композиторлардың күйлерін қобызға түсіріп, халық арасында насихаттауда. Түркия, Иран, Малайзия, Жапония, Үндістан, Батыс Еуропа және ТМД елдерінде жеке концерттерін берді.

Қ.Омаров

ОРАЗ ҚАЖЫ (1299–1385) – Әйтеке бидің бабасы. 1370 жылдан Әмір Темірдің бас кеңесшісі болған. Әмір Темір О. қ-ның кеңесімен Самарқанды өзінің астанасы еткен. Үш рет қажылыққа барған. Есімі Төртқара руына ұран болған. Өмірінің соңын Сыр бойында бала оқытумен өткізген. О. қ-ға байланысты әңгіме, хикаялар өте көп. Оның Тоқпан деген баласы Әмір Темірдің батыры болған. Одан Тоғамыс, Шобан, Сейітқұл би туған. О. қ. мен Тоқпанның қабірлері Өзбекстанның Науаи обл. Нұрата ауд-ндағы Сейітқұл қорымында.

ОРАЗМАХАНҰЛЫ Шынжырбай (16.2.1968 ж. т., Шиелі ауд. Ақмая а.) – жоғары санатты нейрохирург дәрігер, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (2015).



Оразмаханұлы Шынжырбай

Ақтөбе мемл. мед. ин-тын (1993, қазіргі Батыс Қазақстан мед. ун-ті) бітірген. Қызылорда обл. ауруханасы балалар хирургия бөлімінде, нейрохирургия бөлімшесінде дәрігер-ординатор (1994–2006) болған. 2006 жылдан обл. мед. орт-тағы нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі. ҚР нейрохирургтарының 1-, 2-съездерінің делегаты (2009, 2011) болды. «Құрмет» орденімен (2023), бірнеше төсбелгімен марапатталған. Қызылорда қ.-ның, Шиелі ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ОРАЗОВ Байдүйсен (1911, қазіргі Шиелі ауд. – 29.1.1986, сонда) – еңбек және соғыс ардагері, Соц. Еңб. Ері (19.4.1967). Еңбек жолын а. ш-н ұйымдастыру кезінде бастаған. 1938 ж. Керделі ауылдық кеңесі атқару к-тінің төрағасы болып сайланды. 1963 ж. ұжымшар, кейін ауылдық кеңес атқару к-тінің төрағасы қызметтерін атқарды. 1963 ж. Ы. Жақаевтың шақыруына үн қосып, Шиелі ауд-ндағы



Оразов Байдүйсен

«Коммунизм» ұжымшарында күріш өсіретін звено жетекшісі болуға тілек білдірді. 1963 ж. 25 га күріш егістігінің әр гектарынан 45, 55 ц-ден өнім алды. Ленин орденімен (1967), медальдармен марапатталған.

ОРАЗОВ Тәнеш Нұрмаханұлы (23.12.1923, қазіргі Сырдария ауд. Шіркейлі а. – 22.9.2018, Қызылорда қ.) – соғыс және еңбек ардагері. 2-дүниежүз.соғысқа қатысқан. Тереңөзек ауд. және Қызылорда обл. тұтынушылар одағы мекемесінің бөлім бастығы (1946–62), обл.сауда базасының директоры (1962–65), «Главриссовхозстрой» мекемесінің бастығы (1965–76),



Оразов Тәнеш

Қызылорда қ-ндағы «ОРС НОД» сауда мекемесінің бастығы (1976–86) қызметтерін атқарған. 1-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет» орденімен, көптеген медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ОРАЗЫМБЕТ Есентайлақұлы (1870, қазіргі Қармақшы ауд. Көмекбаев а. – 1933, Жалағаш ауд.) – халық ақыны. Ауыл молдасынан оқып, сауатын ашқан және дін жолын жақсы игерген. Жасынан өлең шығара бастаған. Өзінің аталасы Балқы Базардың шәкірті. Ол Қарасақал Ерімбет, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы сынды саңлақтармен үзеңгілес болып, Сыр сүлейі атанды. О. шығармалары ел арасына ерте тарай бастаған. Оның қолжазбасынан ел аузында сақталған «Құдай-ау, болсам деймін ақылға бай», «Балқы Базар туралы толғау», т.б. өлеңдері белгілі.

ОРАЗЫМБЕТОВ Ерғали (10.10.1943, Түркістан обл. Шорнақ а. – 26.10.2016, сонда) – қазақстандық театр реж., театр педагогы, проф., Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (1993). О. Қазақстанның халық арт. (1998), Халықар. театр фестивальдарының жүлдегері. Алматы консерваториясын (1972, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. Ленинград (Санкт-Петербург) қ-ндағы мемл. академ. театрдың реж-лік курсын тәмамдаған. Н.Бекежанов атынд. обл. драма театрында бас реж. әрі директоры (1988–2001), Шымкент қ-ндағы Қазақ сазды драма театрында бас реж., көркемдік жетекшісі, директоры (2001–04) қызметтерін атқарған. 2004–16 ж. Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінің проф. болды. О. Ш.Айтматовтың «Жан пида» романы бойынша «Ақырзаман», С.Есмахановпен бірігіп «Нәубет», О.Сүлейменов және Б.Мұқаевтың «Ғалам қасіреті», т.б. фильмдерін түсірген. Оның қойған Б.Брехтің «Кавказдың бор шеңбері» (1996, 2001) спектаклі 2001 ж. халықар. «Сорос – Қазақстан» қоры байқауының жүлдесіне ие болды. Т.Рысқұлов атынд. халықар. сыйлының, Алтын жұлдыз, «Еңбек ардагері» (1988) медальдарының иегері.



Оразымбетов Ерғали

ОРАЗЫМБЕТОВА Гүлнұр Манатқызы (8.5.1977 ж. т., Арал ауд. Қаратерең а.) – эстрада әншісі, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2009). Қызылорда пед. колледжін бастауыш мектеп мұғалімі (1996), Қызылорда мемл ун-тін филол.



Оразымбетова Гүлнұр

(2003, қазіргі Қызылорда ун-ті), Қыздар мемл. пед. ун-тін мәдениеттану (2007, қазіргі Қыздар ұлттық пед. ун-ті) мамандықтары бойынша бітірген. Қызылорда обл. халық шығарм-н дамыту орт-нда әдіскер (1997–2000), обл. мемл. филармонияның әншісі (2000–01), Алматы қ. «Қазақконцерт» өнер бірлестігінің, Алматы обл. филармониясының солисі (2001–10), «Qazaqstan» телеарнасы «Tansholpan» ақпараттық ойын-сауық бағдарламасының жүргізушісі (2015–20) қызметтерін атқарған. 2020 жылдан Астана қ. мемл. академ. филармониясының әншісі. «Жас қанат» әншілер байқауының 1-жүлдесі, «Жыл адамы» сыйл-ның, «Азия дауысы» халықар. байқауындағы «Қазақстанның жаңа әндері» байқауы 3-жүлдесінің (2000) иегері. Болгарияда өткен 8-халықар. «Дискавери» байқауының лауреаты (2004). Репертуарында Р.Таймановтың «Қорқыт-қобыз», Б.Оралұлының «Толғау», С.Жолбарыстың «Сағыныш» мен «Ойлаймын сені», С.Сыздықовтың «Қоштасу», т.б. қазақтың халық және қазіргі композиторлардың әндері бар. «Дарын» мемл. жастар сыйл-ның иегері.

ОРАҚБАЕВ Жәдігер (31.12.1948 ж. т., Арал ауд.) – кәсіпкер, еңбек ардагері. Қарағанды кооператив ин-тын (1970, қазіргі Қарағанды экон. ун-ті) бітірген. Еңбек жолын 1970 ж. Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауд.жұмысшылар кооперациясынан бастады. Осы ауд-ның тұтынушылар одағының басқарма бастығы (1978–82), Қызылорда обл. тұтынушылар одағының басқарма бастығы (1982–85), «Бірлестік» сауда-өндірістік мекемесінің басшысы (1985–96) қызметтерін атқарды. Облыс экономикасының дамуына лайықты үлес қосып келе жатқан «Гүлайым» фирмасының, «Жәдігер» шаруа қожалығының құрылтайшысы. «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2023), облыс әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



Орақбаев Жәдігер

Арал ауд-ның, Сырдария ауд-ның, Қызылорда қ-ның (2018) құрметті азаматы.

ОРДАБАЕВ Аралбай (17.11.1949, Сырдария ауд. «Абай» кеңшары – 26.8.1998, Қызылорда қ.) – суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1990). Алматы көркемсурет уч-щесін (1973) бітірген. 1973-98 ж. Қызылорда Суретшілер одағы шеберханасында жұмыс істеген, кәсіподақ төрағасы болған. О. қазақ бейнелеу өнерінде өзіндік қолтаңба қалдырды. Туындылары облыс, республика музейлерінде сақталған.

«ORDA» ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ – кәсіптік-тех. білім беру орны. 2001–02 оқу жылында Қазақ мемл. заң ака-дем. ректоры, проф. М.Нәрікбаевтың 2001 ж. 6 ақпандағы №29 бұйрығымен құрылған. Алғашқы атауы – Қызылорда заң колледжі. 2004–05 ж. кеден ісі, банк ісі, салық ісі, бастауыш сыныпты оқыту, аударма ісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, экономика, бух. есеп және аудит мамандықтары ашылып, колледж атауы Қызылорда гуманит. заң колледжі болып өзгерді.Колледждің негізін қалаушы – саяси ғыл. докт.. проф. Бақтияруллы Мұрат. Мұнай-газ және жанармай құю ст-ларын салу, пайдалану, темір жол көлігінде тасымалды ұйымдастыру және т.б. тех. бағыттағы мамандықтардың ашылуына байланысты 2009 ж. 10 қазанда колледж атауы Қазақ гума-нит. заң және тех. колледжі болып жаңартылды. «Үздік колледж – 2009» обл. байқауының жеңімпазы (2009), ҚР БҒМ «Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орнының үздігі» (2009), «Алтын көшбасшы» (2010), ҚР кәсіпорындарының арасында «Сала көшбасшысы – 2015» сертификаттарының иегері (2015), обл. «Үздік әдістемелік кабинет – 2015» байқауының жеңімпазы (2015), «Сала көшбасшысы» халықар. сертификатының (1-орын) Алтын рейтингісі (2016), «Жыл көшбасшысы» ұлттық сертификатының (1-орын) Алтын рейтингісінің (2017) иегері. Колледж 2018 жылдың мамыр айында «Жоғары» мәртебесін алып, «ORDA» жоғары мемл. емес білім беру мекемесі (2020) болып атауын өзгертті. Колледж студенттері халықар. PISA апробациясынан өткен (2021). 38 түрлі мамандық бойынша кәсіптік және тех. мамандар даярлайды.



«Orda» колледжі

ОРМАНТАЕВ Камал (11.9.1936, Қармақшы ауд. Иіркөл а. – 13.12.2020, Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1971), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994), Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері (1981). Алматы мемл. мед. ин-тын (1959, қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті) бітірген. 1963 жылдан Қазақ ұлттық мед. ун-тінде ассистент, кафедра меңгерушісі, Педиатрия және балалар хирургиясы ғыл. орт-ның директоры (1980–85, 1993–2001) болды. Ғыл. еңбектері балалар хирургиясына арналған. О. балалардың бассүйегі мен миы зақымданғанда қолданылатын емдеу әдістерін жетілдіріп, оның патогенезін анықтауда кешенді зерттеулер жүргізді; бассүйек пен миға жасалатын отаның бес жаңа әдісін тәжірибеге енгізді. Хим. жолмен болатын өңеш күйігін зерттеп және оны емдеудің алты жаңа әдісін анықтады, сондай-ақ іріңді перитонит пен жедел гематогенді остеомиелит болған жағдайда іріңді іш қуысынан түтік арқылы шығарудың бірнеше тәсілін ұсынды. Ол Қазақстанда педиатрлардың, балалар хирургтарының, анестезиолог-реаниматологтарының, ортопед-травматологтарының ғыл. мектебінің негізін қалады. 320-дан астам ғыл. еңбектің авторы, 40-тан астам авторлық куәлігі және 1 патенті бар. 16 ғылым докторын, 160-тан астам ғылым кандидатын дайындаған. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (1999), жыл дәрігері номинациясы бойынша «Алтын адам» (2000, 2001), «Тарлан» (2004) сыйлықтарының иегері. «Парасат» (1999), 2-дәрежелі «Достық» (2016), 3-дәрежелі «Барыс» (2021) орденделерімен марапатталған. Алматы қ-ның (2006), Қызылорда обл-ның (2008) құрметті азаматы.



Орманбаев Камал

ОРТАҚШЫЛ – Шиелі ауд-ндағы ауыл, өзімен аттас ауылдық окр-нің орт. Құрамына О., Қызылқайың а-дары кіреді. Аудан орт. Шиелі кентінен солт.-батысқа қарай 25 км жерде, Сырдарияның оң жағалық аңғарында орналасқан. Жер көл. 67888 га. Тұрғыны 1,4 мың адам (2022). 1928 ж. «Тегісшіл» деген атпен алғаш рет ұжымдастырылған. 1929 ж. О. ұжымы болып қайта құрылды. 1934 ж ауылда тұңғыш рет мектеп ашылды. 1950 ж. О. Сталин атынд. ш. болып қайта құрылды. 1960 ж. дарияның арғы бетіндегі «Қызылқайың» кеңшарымен

біріктіріліп, «Сырдария» кеңшары болып құрылды. Кеңшар орт. Жөлек а. болды. 1966 жылдан О. а-ның шаруасы түзеліп, халықтың жағдайы жақсара түсті. 2004 ж. 14 желтоқсандағы обл. мәслихаттың 22-сессиясының №120 шешімімен қазіргі Жөлек ауылдық окр-нен өз алдына бөлініп шығып, О. ауылдық окр. болып құрылған.

А.Әбдімомынова

ОРЫНБАЙҚАЛА, Қарақалпаққала – 19 ғ-дың басында салынған Орынбай сарайының қираған орны. Қызылорда қ-нан оңт.-батысқа қарай 270 км жерде. 1946–48 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетекш. С.П.Толстов) зерттеген. О. мұнаралы биік дуал және ормен қоршалған, өз уақытында мықты бекініс болған. Бекініс маңында суғармалы егіншілікпен шұғылданған және жартылай отырықшылыққа көшкен қазақтар мен қарақалпақтардың мекендері орналасқан.

Т.Дайрабай

ОРЫМБЕТОВ Иман (т.ж.б. – 6.9.1930, Қазалы ауд. Иман жерінде) – Асан көтерілісінің басшысы. Діни сауатты әрі ахун ұрпағы болғандықтан ел арасында Иман мақсым атанған. 1930 ж. тамыз айында Қазалы ауд. қазақтарының Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатына жаппай қарсылығына қатысты. Сол жылы 2 қыркүйекте Қаншагүл деген жерде өткен жиында көтерілісшілер О-ты хан сайлады. Оның орынбасары ретінде Иімбетұлы Әбдіхалық сайланды. Осы екеуінің бастауымен 1930 ж. 2–4 қыркүйекте Қаншүңгілде болған ұрысқа О. өзі басшылық етті. Қамшы, қарапайым таяқ және шоқпарлармен қаруланған көтерілісшілер жазалаушы әскерге қарсылық көрсете алмады. 40 адаммен бірге О. те қаза тапты. Иман қорымында жерленген.

ОРЫНБОР – ТАШКЕНТ ТЕМІР ЖОЛЫ – логист. жүйе. 1901–05 ж. салынып, пайдалануға берілген. Жалпы ұз. 2090 км, оның ішінде қазақ жері арқылы өтетін бөлігі 1660 км. О. – Т. т. ж-н салу ісі 2-Николай патшаның 1901 ж. 21 сәуірдегі бұйрығы негізінде қолға алынды. Орыс үкіметінің т. ж-ды салудағы басты мақсаты Орт. Азия үшін Англиямен арадағы бәсекелестікте жеңіп шығу, өлкедегі арзан шикізат қорын Ресейге тасу, Түркістан өлкесіне тура шығу болды. Салынатын жолдың бүкіл желісі әкімш. жағынан екі бөлікке бөлінді. Жолдың оңт. бөлігі (Ташкент – Көбек) Түркістан өлкесі Сырдария обл-ның аумағы бойынша, солт. бөлігі (Орынбор – Көбек) Орынбор губ., Торғай обл-ның және Орал обл. Темір уезінің аумағы бойынша өтетін болып белгіленді. Құрылыс Орынбор жағынан 10 мамырда, ал Ташкент жағынан 9 қарашада басталды. 1904 ж. 1 қаңтарда бүкіл О. – Т. т. ж. бойынша пойыздардың уақытша жүрісі ашылды. Солт. бөлігі толық аяқталып, 1905 ж. 25 шілдеде, оңт. бөлігі 1906 ж. 1 сәуірде пайдалануға берілді. 1905 ж. 1 қаңтардан бастап Орынбор – Самара – Златоуст жолының телімі, ал 1906 ж. 22 шілдеден бастап Орта Азия жолының Ташкент ст. О. – Т. т. ж-на қосылды. Соның нәтижесінде жаңа желінің жалпы ұзындығы ұлғайды. Бес ірі ст. – Ақтөбе, Шалқар, Қазалы,



Орынбор – Ташкент теміржолы

Перовск (Қызылорда), Түркістан Қазақстанның Ресеймен және Орт. Азиямен байланыс торабына айналды.

ОСМАНОВ Төребек (3.5.1893, бұрынғы Сырдария губ. Перовск (Ақмешіт) уезі, Қызылқұм кенті – 4. 10.1937) – қазақтан шыққан тұңғыш банк қызметкері. Ақмешіттегі орыс-түзем мектебін (1906), Перовск қ. уч-щесін (1910), Ташкент мұғалімдер семинариясын (1914) бітірген. Ташкент ун-тінде мұғалімдікпен қатар банкте несие-сақтық серіктестігінің есепшісі (1914–16), Мемл. банктің Ташкенттегі кеңсесінде ұсақ несие инспекциясының іс жүргізушісі (1916–18) қызметтерін атқарған. 1920 ж. «Түрхалұлткомқаржыда» ұсақ несие нұсқаушысы, Ақмешіттегі жұмысшылар кооперативінің төрағасы, Еңбек халық комиссариаты жанындағы азық-түлік комиссары (1920–21), тұтынушылар кооперациясының әрі Қызылорда қ. «Қоссшы» одағының төрағасы (1921–22), Ташкент өлкелік тұтынушылар одағының, Бүкіл қазақтық а. ш. одағы басқармасының (әуелі «Қамқор», кейін «Қазауыл» одағы) төрағасы (1922–25), КСРО Өнеркәсіптік банкі Қазақ бөлімшесінің басқарушысы (1925–27), КСРО Мемл. банктің Қазақ өлкелік кеңсесі басқарушысының орынбасары (1927–28), Қазақ а. ш. банк басқармасының төраға-



Османов Төребек



Оспан Сейфолла

сы, Бүкілодақтық а.ш. кооперативтік ұжымшарлық банк Қазақ респ. кеңсесінің басқарушысы (1928–30) қызметтерін атқарған. 1926 жылдан Бүкілодақтық Халық ш. кеңсесі төралқасының мүшесі, 1930–37 ж. КСРО Мемл. банк Қазақ респ. кеңсесі басқарушысының орынбасары, Мемл. банктің Батыс Қазақстан обл. бөлімшесінің басқарушысы болды. 1937 ж. жалған жаламен айыпталып, өлім жазасына кесілді. 1958 ж. ақталды.

ОСПАН Сейфолла (15.12.1938 ж. т., Сырдария ауд. Құндызды а.) – ақын, аудармашы, ҚР Мәдениет қайраткері. ҚазМУ-ды (1966, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Жазушы», «Рауан», «Қазақстан» баспаларында корректор, редактор, Мемл. академ. опера және балет театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі, «Қазақфильмде» аудармашы әрі редактор, «Ара – Шмель» журналында бөлім меңгерушісі, халықар. «Түркістан» газетінде меншікті тілші қызметтерін атқарған. Бірнеше жыр жинақтары және «Алдымнан атқан ақ таңым», «Қанағат» атты таңдамалылары, «Сырдария кітапханасы» сериясымен 2009 ж. «Қанағат», «Тағзым», «Жалбыз» атты үш томдық жыр жинақтары жарық көрген. Шығыс, Ресей, Түрік, Әзербайжан, Өзбек, Тәжік елдерінің бірқатар ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аударған. Өз жырлары орыс, украин, қырғыз, т.б. тілде жарық көрген. Кино саласында 60-тан астам фильмді қазақшаға аударған. Халықар. «Алаш» әдеби сыйл-ның иегері. «Парасат», «Құрмет» ордендерімен марапатталған. Жалағаш (2001), Сырдария аудандарының құрметті азаматы.

ОСТАЕВ Батырхан (25.11.1937, Сырдария ауд. қазіргі Ж.Маханбетов а. – 26.6.2020, сонда) – жаңашыл педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері (1979). Қызылорда обл.құрметті қызметкері (2017). Қызылорда пед.ин-тын (1960, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген.

Ин-т бітірген соң Сырдария ауд. №143 орта мектебінде физика, математика пәнінің мұғалімі (1960–1968), мектеп директорының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары (1968–1971), мектеп директоры (1971–2003), мектеп психологы (2003–2010) қызметтерін атқарған. Бірнеше медальмен, «Қызылорда облысының білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен (2011) марапатталған. Сырдария ауд-ның құрметті азаматы (2018).



Остаев Батырхан

Қ.Омаров

ОТАРБАЕВ Сырмағамбет (1911, қазіргі Ақтөбе обл. Байғанин ауд. – 8.3.2000, Қызылорда қ.) – еңбек ардагері. Ақтөбе қ-ндағы шаруа жастары мектебін (1929), Қостанай қ-ндағы ұжымшарлық курсты (1932) бітірген. Еңбек жолын туған жерінде бақташы (1926–27) болып бастаған. Ақтөбе обл-нда аудандық ұжымшар одағының нұсқаушысы (1932), Қарақалпақ АКСР-нің Қоңырат және Мойнақ аударында қаржы бөлімінде агент, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде есепші, ауд. атқару к-тінде хатшы (1932–34) жұмыстарын істеген. Қармақшы ауд. прокуратурасының тергеушісі (1934–38), Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауд-ның прокуратура тергеушісі, прокуроры, Жалағаш ауд-ның прокуроры (1938–62) қызметтерін атқарған. «Қараөзек» ауылына мал ш-н көтеру жұмыстарына жіберіліп, кейін осы ауылдық кеңестің төрағасы болған (1963–72). Еңбек Қызыл Ту орденімен (1945) марапатталған.



Отарбаев Сырмағамбет

Қ.Омаров

ОТБАСЫ ОРТАЛЫҒЫ – неке сарайы. Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың бастамасымен Қызылорда қ-ндағы шығыс үлгісінде салынған заманауи сәулет құрылыс кешені. Орт-тың негізгі қызметі – жас жұбайлардың некесін салтанатты түрде қию, отбасы ин-тын қалыптастыру, ұлттық тәрбиені дәріптеу және ұлттық құндылықтарды насихаттау. 2023 жылдың қыркүйек айында пайдалануға берілді. Жоба құны – 1,4 млрд тг. Ғимараттың аум. 2100,71 м².



Отбасы орталығы

ОЧИРОВ Валерий Николаевич (22.3.1951 ж. т., Арал ауд. Аралсульфат кенті) – әскери ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры (21.2.1985), ген.-л. (1996). Сызраньдағы жоғары әскери авиация уч-щесін (1974), Мәскеудегі әскери-саяси академияны (1985), КСРО ҚК Бас штабының академиясын (1991) бітірген. 1969 жылдан КСРО ҚК әскери авиациясында қызмет етіп, Ресейдің құрлық әскерлері авиациясы қолбасшысының 1-орынбасары лауазымына көтерілген. Ауған соғысына қатысқан (1980–81,1984–85). КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты (1989–91), РФ Президентінің Бас бақылау басқармасы басшысының орынбасары (1994–97) болған. Қалмақ Респ. Парламентінің депутаты (2023). Қалмақия Батыры атағымен (3.7.2020), Ленин, Қызыл жұлдыз ордендерімен, медальдармен марапатталған.

ОШАҒАН (Agrimonia) – раушангүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер. Қазақстанда тау баурайларында, жазғытұрым су жайылған жерлерде, жол жиегінде, бақтарда, қарағайлы және жаңғақты ормандардың арасында өсетін 2 түрі (азия О-ы және түкті О.) кездеседі. Олардың биікт. 25-140 см. Тамыры жуан, сабағы тік өседі, оның сыртын безді түк жапқан. Қауырсын тәрізді тақ жапырақтарының жиегі тілімделіп келген, олар сабаққа қарама-қарсы орналасады. Тостағанша, күлте жапырақшаларының саны – бесеуден. Сары түсті, бес тілімді гүлдері ұзын шашақ гүлшоғырына топталған. Маусым-шілде айларында гүлдеп, жеміс салады. Жемісі – сыртын ширатылған қыл жапқан жаңғақша. Жемісі піскенде адамның киіміне және жануарлардың жүніне жабысады. О-ның құрамында илік және боялғыш (сары түсті) заттар бар. Сондай-ақ О. дәрілік өсімдіктерге жатады.



Ошаған

Г.Құндақбайқызы

ОШАҚТЫ – Сырдария ауд. Қалжан ахун а-ндағы көл. О. аталу себебі көлдің айналасын ошақты тайпасының иеленіп, көл жағалауына қыстау салып, қыс қыстап, шөбін шауып, суын пайдаланып, ұзақ уақыт атажұрт етуіне байланысты болған.

Ө

ӨГЕЙШӨП (Tussilago) – күрделі-гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанның барлық жерінде кездеседі. Өзен жағалауында, жыра ішінде, тау баурайында, саз топырақты жерде өсетін 1 түрі – кәдімгі Ө. (T. farfara) бар. Оның биікт. 20–100 см. Сабағы өрлеп өседі. Жапырақтары ірі, қабыршақ тәрізді, қоңыр күрең түсті, сабаққа кезектесіп орналасады. Сарғылт түсті гүлі қос жынысты, жеке-жеке сабақтың ұшында жетіледі, жапырағынан бұрын пайда болады. Гүлшоғы – себет. Наурыз-сәуірде гүлдеп, мамыр-маусым айларында жеміс салады. Жемісі – дәнек. Ө-тің жапырағының құрамында глюкозид, эфир майы, инулин, илік заттар, аскорбин қышқылы болады. Халық медицинасында Ө-ті Гиппократ пен Авиценна заманынан бері қолданып келеді.

ӨЗГЕНТ – Жаңақорған ауд-ндағы ауыл, өзімен аттас ауылдық окр-нің орт. Ө. елді мекені аудан орт-нан 25 км жерде орналасқан. Жер аум. 32,2 мың га. Тұрғыны

2,2 мың адам (2023). 1993 ж. құрылған. Округ құрамына Өзгент, Ақсуат елді мекендері кіреді. Ауыл 1973–97 ж. күріш өсіретін өзімен аттас кеңшардың орт. болған. Кеңшар негізінде Ө-те және округтегі Ақжол, Ақсуат а-дарында шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Ауыл мал және егін ш-мен айналысады. Сондай-ақ мектеп, кітапхана, мәдениет үйі, амбулатория, ветеринар. пункт, учаскелік полиция бекеті, пошта бөлімшесі, Қазақтелеком бекеті, №224 жалпы орта білім беретін мектеп КМК, мектеп ішінде шағын орт., амбулатория мекемесі, клуб №16 балабақша, дүкен, 11 шаруа қожалығы жұмыс жасайды.

Қ.Омаров

ӨЗГЕНТ ШАҺАРЫ – Сыр бойындағы тарихи оқиғаларға толы қаланың бірі. Ортағасырлық араб деректерінде Сырдарияның сол жағалауы сауда орт-тарының бірі болған қала ретінде жазылған. Ө. атауы «оғыз» және «кент» деген атаулардан алынған, кезінде оғыз тайпаларының қаласы (астанасы) болды деген болжам бар. Қалашықты алғаш 1900 ж. В.А.Каллаур, 1969–70 ж. Отырар (жетекш. К.Ақышев), 2004 ж. Халықар. қазақ-түрік ун-тінің Тұран археол. экспед-лары



Өзгент шаһары

(жетекш. М.Елеуов) зерттеген. Қаланың жобасы көпбұрышты, мықты қорғаныс қабырғасымен қоршалған. Сол қабырғалардың бойында 15 күзет мұнара орындары сақталған. Қалашықтың өлшемі солтен оңт-ке қарай 250–300 м. Қорғаныс қабырғасының сыртынан айналдыра қазылған ордың тереңд. 2 м, ені 10 м шамасында. Қалаға кіретін қақпаның орны шығыс шетінде орналасқан, оның ені 8-10 м. Зерттеу барысында табылған заттар қаланың 8–12 ғ-ларда өмір сүргендігін көрсетеді.

ӨМІРБАЙ Жүздібайұлы (1768, қазіргі Жалағаш ауд. Ақшығанақ елді мекені – 1858, Қарақұмдағы Жырық елді мекені) – би әрі шешен. Кіші жүздің құрақ тама руынан шыққан. Ел билігіне ерте араласқан. Байқадам батырды өткір сөзімен Кенесарының жазасынан құтқарып алған. Ел аузында Ө. айтты деген ұтымды сөздер, түрлі әңгімелер мол сақталған.

Т.Дайрабай

ӨМІРЗАҚОВ Серікбай (15.10.1956 ж. т., Жалағаш ауд. Жалағаш кенті) – тех. ғыл. докт. (2010), ҚР А. ш. ҒА-ның акад. (2016), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2007). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тын (1980, қазіргі Тараз ун-ті) бітірген. Мәскеу қ. Бүкілодақтық гидротехника және мелиорация ҒЗИ-дің аспиранты, А. ш. өндірісі инж-лері ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1984-90) ретін-



Өмірзақов Серікбай

де ғыл. зерттеулермен айналысқан. Қазіргі Қызылорда ун-тінде (1980–84, ЖГМҚИ-ның Қызылорда бөлімшесі; 1990–96, ҚАӨИИ; 1996–98, ҚПТИ) ассистент, оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, ф-т деканы, проректор (1980–2009), Ы.Жақаев атынд. Қазақ күріш ш. ғыл.- зерт. ин-ты ЖШС-ның бас директоры (2009–18) қызметтерін атқарған. 2015 жылдан «Сыр Мұрабы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қызылорда ун-тінің проф. Ө. 170-тен астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 2 монография, 20-дан астам ұсынымен патенттің, бірнеше оқулық пен оқу құралының авторы. 3 ғылым кандидатын даярлаған. «Құрмет» орденімен (2016), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ӨМІРҚҰЛҰЛЫ Дәріғұл (1908, қазіргі Арал ауд. Құмбазар а. – 20.4. 1956, сонда) – жырау. Ескіше хат танып, сауатын ашқан. Өнерге жасынан жақын ол домбыра тар-

тып, қисса-дастандарды жаттап өскен. Рахметұлы Сұлтан мен Нұртуғанның шәкірті атанып, кейін ақынның туындылары «Мәулімнияз-Едіге», «Қобыланды», «Тағаймұрат» жырларын үйреніп, жырау атанған. 1941 ж. жазықсыз сотталып, 14 жыл Ақтөбе, Магадан қ-ларында айдауда болды. Сол жылдары «Қошқарбайға», «Жеткіншегім», т.б. әндерін шығарған.

ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ – мәдени нысан (2023). Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың бастамасымен салынды. Өнер орт-нда Сыр өңірі өнер иелері мен шығарм. ұжымдарының ұлттық, академ., симфон. және эстрадалық өнер бағытындағы концерттер мен түрлі форматтағы қоғамдық және мәдени-көпшілік шаралар өткізіледі. Жоба құны – 3,7 млрд тг. Ғимараттың жалпы аум. 10,7 мың м². Орт. сахнасы тех. тұрғыдан жоғары сапада, әлемдік талаптардың стандартына сай жарық, дыбыс эффектілерімен жабдықталған.



Өнер орталығы



Өркениет колледжі

ӨРКЕНИЕТ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ – кәсіптік білім беру мекемесі. Негізі 2000 ж. қаланған. Фельдшерлік және жалпы практика негіздері мамандықтары бойынша орта буын медицина қызметкерлерін дайындайды. Колледжде 678 студент білім алуда, 83 қызметкер жұмыс істейді (2023). Облыстың 19 денсаулық сақтау мекемесімен келісімшарт жасалған. Колледждің 20 жылдан астам тарихында 3000-ға жуық түлек бітіріп, еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет атқаруда.

ӨСЕРБАЕВ Базарбек (8.10.1924, қазіргі Жетісу обл. Алакөл ауд. Үшарал а. – 1970, Қызылорда қ.) – тарих ғыл. канд., доцент (1956). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Семей обл. Үржар



Өсербаев Базарбек

ауд. Мақаншы орта мектебін (1942), Қызылорда пед. ин-тының (1950, қазіргі Қызылорда ун-ті) тарих ф-тін, Мәскеу мемл. пед. ин-ның аспирантурасын (1956) бітірген. Қызылорда обл. партия к-тінде хатшының көмекшісі, баяндамашылар тобының лекторы (1946–53), Қызылорда пед. ин-тының марксизм-ленинизм кафедрасында доцент (1956–61), Қарағанды политех. ин-тының (қазіргі Қарағанды техн. ун-ті) КОКП тарихы кафедрасының меңгерушісі (1961–63) қызметтерін атқарды. А. ш-н ұжымдастыру мәселелерін зерттеген. 1963 жылдан өмірінің соңына дейін Қызылорда пед. ин-тының ректоры болды. Қызыл жұлдыз, 1-, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ӨТЕБАЕВ Аманбай (1948 ж. т., Тәжікстан) – ақын, сазгер әрі әнші. 1959 ж. Қазақстанға оралып, Екпінді а-нда орта мектепті бітірген. №187 өндірістік-тех. уч-щеде, Түркістан индустриалды-пед. техникумында білім алған.



Өтебаев Аманбай

Еңбек жолын Сунақата ауылдық клубынан бастап, Жетісай мәдени-ағарту уч-щесін бітіріп, 1975 жылдан Төменарық а-нда автоклуб меңгерушісі, музыка мектебінде терме класына дәріс берді. Сол жылдары а-дағы мектепте дене тәрбиесінен сабақ беріп, бірнеше ауыл баласын қазақша күрестен республика деңгейінде спорт шебері дәрежесіне дейін көтерді. Ауылда спорт мектебін ашып, «Романов жүлдесі» үшін сайыста бас бәйгені жеңіп алды. Зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін Төменарық ауылдық клубының меңгерушісі қызметін атқарды. Ө-тың «Көзіңнен айналайын», «Гүлсара», «Кеңқорық-жайлауым», «Анашым», «Аралым», «Сағынсам да», «Гүлнар қыз», «Киелі елім – Шиелім», «Сәби ғасыр», «Жәннат бағым – Жаңақорған» және т.б. көптеген әндердің авторы.

А.Әбдімомынова


ӨТЕМҰРАТОВ Болат Жамитұлы (13.11.1957 ж. т., қазіргі Атырау қ.) – ірі кәсіпкер, меценат, мемлекет және қоғам қайраткері. Қызылорда қ-ндағы № 3 мектепті (1975), Алматы х. ш. ин-тын (1981, қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. Өзі бітірген ин-тта оқытушы болып (1981–82), Алматы сауда басқармасы жүйесінде жұмыс істеді (1982–83). Алматы қ. Әуезов ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1986–90) қызметін атқарды. ҚР Сыртқы экон. байланыстар жөнінд. мемл. к-тінде – кейіннен ҚР Сыртқы экон. байланыстар жөнінд. мин-нде бөлім бастығы, басқарма бастығы (1990–92), Австриядағы Қазақ сауда үйінің бас директоры (1992–93), ҚР Сыртқы экон. байланыстар мин-нің орынбасары (1993–94), ҚР Өнеркәсіп және сауда мин-нің бірінші орынбасары (1994–95), ҚР Сыртқы істер мин-нің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі, ҚР-ның Швейцариядағы Төтенше және Өкілетті елшісі, Женева қ-ндағы БҰҰ бөлімшесі мен басқа да халықар. ұйымдардағы тұрақты өкілі (1995–99), ҚР Президентінің Сыртқы саяси және сыртқы экон. мәселелер жөніндегі көмекшісі (1999–2003), ҚР Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы (2003–06) әрі ҚР Президенті жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияның төрағасы (2004–06), ҚР Президентінің Іс басқарушысы (2006–08), ҚР Президентінің штаттан тыс кеңесшісі (2008–13), Қырғыз Республикасымен ынтымақтастық мәселелері жөніндегі ҚР Президентінің Арнайы өкілі (2010–13) лауазымдарында болды. Ө. «Нұр Отан» партиясының Саяси кеңесінің мүшесі (2007–22). 2007 жылдан Қазақстан теннис федерациясының президенті, 2019 жылдан Халықар. теннис федерациясының (ITF) вице-президенті және Директорлар кеңесінің мүшесі. 2014 жылдан «Болат Өтемұратов Қорының» құрылтайшысы әрі Қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Банк ісі, инвестиция, телекоммуникация салаларында табысты кәсіпкерлік қызметпен айналысады. Ө-тың демеушілігімен Қызылорда қ-нда 2008 ж. «Ақмешіт-Сырдария» мешіті, 2019 ж. аз қамтылған көп балалы 100 отбасыға арнап тұрғын үйлер салынды. Сонымен қатар, Қызылорда, т.б. қалаларда ашылған «Асыл Мирас» аутизм-орталықтары табысты жұмыс істеуде. 2023 жылдың ақпан айында басталған Қызылорда




Өтемұратов Болат

халықаралық әуежайының жаңа терминалының құрылысы аяқталуға жақын. «Құрмет» (2002), «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» (2007), 2-дәрежелі «Достық» (2014), 2-дәрежелі «Барыс» (2021) ордендерімен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2009), Алматы қ-ның (2020) құрметті азаматы. Қазақстанда теннисті дамытудағы зор жетістіктері үшін Халықар. теннис федерациясының және Азия теннис федерациясының марапаттарының (2017), «Алтын Жүрек» сыйлығының (2018) иегері.

ӨТЕМІСОВ Жеңіс Сағиұлы (11.9. 1943, Түркістан обл. Отырар ауд. – 29.9.2011, Қызылорда қ.) – пед. ғыл. канд. (1988), проф, ҚР Білім беру ісінің үздігі (1992), Қазақстанның еңбек сің. қызметкері (1996). Қызылорда балалар музыка мектебін, Ленинград (Санкт-Петербург) мәдени-ағарту ин-тын (1971) бітірген. Қызылорда қ. балалар үйінде, пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы және балалар музыка мектебінің директоры (1959–83), Қызылорда қыздар пед. уч-щесі жанынан құрылған «Нұргүл» әнби ансамблінің көркемдік жетекшісі, Қызылорда мемл. ун-тінде ф-т деканы, кафедра меңгерушісі, «Дидар» фольклорлық-этногр. ансамблінің жетекшісі болды (1983–2006). «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің иегері (2006). Облыстың үздік реж. (1988). Қызылорда қ-ндағы бір көшеге Ө. есімі берілген.



Өтемісов Жеңіс



Өтепов Байназар

ӨТЕПОВ Байназар (1.1.1903, Қазалы ауд. Өркендеу а. – 14.11.1984, Қожабақы а.) – халық ақыны. Қазалыдағы мұғалімдер даярлайтын бір жылдық курсты (1920) бітірген. Қожабақы а-ндағы №25 қазақ орта мектебінің негізін қалаған, мектеп меңгерушісі әрі мұғалімі (1920–40), «Қызыл отау» мәдениет үйінің меңгерушісі (1941–47) қызметтерін атқарған. Обл., ауд. айтыстарға қатысып, Н.Молыбаев, М.Жүсіпов, Т.Үркімбаев, М.Көкенов, т.б. ақындармен өнер сайысына түскен. Шығармалары мерзімді баспасөзде, «Пернедегі термелер» жинағында жарияланған (1965). Оның «Жаппасбай батыр» (1944), «Қашақбай елдің ері» (1948), «Ақмешітке 150 жыл» дастандары, ерлік пен елдікті, теңдік пен бірлікті жырлаған «Ұлы ұстазым», «Қаһарлан, халқым, қаһарлан», «Аттанған ерлерге», «Қос қыран» атты өлеңдері жарық көрген.



Өтеулиева Ұштап

ӨТЕУЛИЕВА Ұштап (1910, қазіргі Арал ауд. – 31.7.1978, Арал қ.) – Соц. Еңб. Ері (7.3.1960). Арал балық тоңазытқыш комб-нда жұмысшы, тоңазытқыш цехында сорттаушы, бригадир (1945–65) болып жұмыс істеген. Ө. басқарған бригада нормаңы 150%-ға орындады. 1959 жылдан теңізде жүріп ауланған балықты тоңазытатын баржада аға матрос, 1-сыныпты матрос қызметтерін атқарған. 1961 ж. обл., ауд. кеңестер депутаты болып сайланды. Ленин орденімен (1960), медальдармен марапатталған. Арал қ-нда Ө. есімімен аталатын көше бар.

Қ.Омаров



Пазылхаирова Гүлбану

ПАЗЫЛХАИРОВА Гүлбану (13.7.1972 ж. т., Қызылорда қ.) – экон. ғыл. докт. (2010). ҚазМУ-ды (1994, қазіргі ҚазҰУ), Әділет жоғары мектебін (1997) бітірген. ҚазҰУ-да нарықтық экономика кафедрасының көмекшісі (1994–95), Ішкі нормативтік актілерді талдау басқармасының басшысы, «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ-да мүлік кепіл затын ақшаға айналдыру және бағалау басқармасының басшысы (1995–96), «Kazkommerts Securities» АҚ-да қаржы аға аналитигі (1997–98), «Ақниет» зейнетақы активтерін басқару бойынша компаниясы» АҚ-ның (1998–2011), корпоративтік даму бойынша вице-президенті, директорлар кеңесінің мүшесі, «Ордабасы корпорациясы» АҚ-да басқарма төрағасы (2002–09), «Қазақстан коммуналдық жүйесі» ЖШС-ның президенті (2007–10, компанияның бақылау мүшесінің басқарушысы), «Amanat Insurance» Сақтандыру компаниясы» АҚ-да директорлар кеңесінің төрағасы (2008–10), «New Smart Energy» ЖШС-ның Бас директоры (2010–12) қызметтерін атқарған. 2012 жылдан «Самұрық-Энерго» АҚ-да басқарма төрағасының орынбасары. «Құрмет» орденімен (2007) марапатталған.

А.Әбдімомынова



Пак Вилорий

ПАК Вилорий Викторович (26.5. 1951 ж. т., Сырдария ауд. Шаған а.) – ауыр атлетикадан жаттықтырушы-оқытушы, ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (1997). Ауыр атлетикадан КСРО спорт шебері (1971). Қазақ КСР Дене шынықтыру және спорт саласының үздігі (1983). ҚР-ның құрметті спорт қайраткері (2005). Қазақ мемл. дене шынықтыру ин-тын (1973, қазіргі Қазақ спорт және туризм академиясы) бітірген. Еңбек жолын 1973 ж. дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастады. «Еңбек резервтері» спорт қоғамы төрағасының орынбасары (1974–84), обл. мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы (1986), 1987 жылдан обл. ауыр атлетикадан аға жаттықтырушысы болды. 2001 жылдан ҚР-ның жасөспірімдер құрама командасының ауыр атлетикадан аға жаттықтырушысы. П. 35 ҚР, 5 КСРО, 12 халықар. дәрежедегі спорт шеберін (А.Өтешов, А.Зайчиков, т.б.) және 1 ҚР-ның еңбек сің. спорт шеберін (И.Ильин) дайындаған. «Құрмет» (2005), «Парасат» (2008) ордендерінің иегері. Сырдария ауд-ның (2006), Қызылорда қ-ның (2008) құрметті азаматы.

ПАК Ди Хён (1901, Солт. Кореяның Солт. Хамгён провинциясы – 7.8.1978, Қырғыз КСР, Сокулук ауд. Военно-Антоновка с.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). 1917–25 ж. Қытайда тұрған. Ресейдің Қиыр Шығысында жалшы, Посьет ауд. «Борьба» артелінде жұмысшы, «Достижение» балықшылар ұжымшарында өзен кемесінің капитаны, Ольгин ауд. «Красный авангард» ұжымшарының төрағасы, ет-сүт фермасының меңгерушісі (1925–37) болған. 1937 жылдан Шиелі ауд-ндағы «Гигант» күріш өсіру ұжымшары бөлімшелерінің бірінде қызмет еткен. 2-дүниежүз. соғыс кезінде Хасан ауд-ндағы шекара әскерінде қызмет етіп, жапон тұтқынына түскен (1942–46). 1946 ж. Шиелі ауд-на оралып, «Гигант» ұжымшарында қатардағы күрішші, звено жетекшісі, егіс бригадасының бригадирі болып (1946–54) еңбек етті. 1949 ж. оның күріш звеносы 5,5 га алқаптың әр гектарынан орта есеппен 82 ц-ден өнім алған. Өзбек КСР-інің Ташкент обл. Орта-Шыршық ауд. «Полярная звезда» ұжымшарында тұрған (1954–60). 1960 жылдан Қырғыз КСР, Сокулук ауд. Военно-Антоновка с-нда тұрып, сонда одақтық дәрежедегі зейнеткерлік демалысқа шыққан. Ленин орденімен (1949, 1950), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Пак Ди Хён

ПАК Дон Ер (26.2.1888, Солт. Корея, Хамген провинциясы – 20.3.1971, Ресей, Кабарда-Балқар АКСР, Май ауд. Котляровка ст.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). 1907 жылға дейін жеке егіншілікпен айналысып, Пхеньян губ-ндағы алтын кеніштерінде (1907–15), Маньчжурияда күріш өсіруші болып жұмыс істеген. 1921 ж. Маньчжуриядан Ресейге қоныс аударған. Жалағаш ауд. «Октябрь жолы» ұжымшарында (1937–42), Шиелі ауд-нда тұрып, «Большевик» ұжымшарында еңбек еткен. Кейін ірілендірілген «Авангард» ұжымшарында күріш звеносының жетекшісі (1942–49) болған. П. басқарған звено 1949 ж. 5,2 га алқаптың әр гектарынан орта есеппен 82,5 ц-ден күріш жинаған. Ресейдің Ростов обл. Самара ауд. «Ленин» ұжымшарында, Солт. Осетия АКСР Моздок ауд. Карл Маркс атынд. ұжымшарда (1955–58) жұмыс істеп, 1959 ж. зейнеткерлікке шыққан. Ленин орденімен (1949, 1950), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Пак Дон Ер

ПАК Петр Павлович (1905, Ресей, Примор ө. Хасан ауд. қазіргі Камшовый с. – 1963) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (20.5.1949). 1918 ж. туған жеріндегі 4 сыныптық мектепті бітірген соң егін ш-мен айналысқан. «Красная звезда» ұжымшарында жұмысшы, бригадир, Фаташи ауылдық кеңесінің төрағасы, Ворошилов к-нда май комб-нда ағаш кесуші (1920–37) болды. Қазалы ауд. «Қызыл Ту» ұжымшарында жұмысшы, күріш звеносының жетекшісі, бригадир, шаруашылық төрағасының орынбасары болып (1937–61) еңбек еткен. 1948 ж. бекітілген 5 га жердің әр гектарынан 80,5 ц күріш өсіріп, жоғары көрсеткішке қол жеткізген. Бидай өсіруден де мол өнім алған. Ленин орденімен (1949), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ПАК Чен Ер (1906, Примор өлкесі Ольгин ауд. – 20.3.1959, Шиелі ауд. қазіргі Бидайкөл а.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). 1918 жылдан Қиыр



Пак Петр Павлович



Пак Чен Ер



Пак Чен Ир



Пакирдинов Мұхамеджан

Шығыста балық аулаумен айналысқан. Ольгин ауд. «Красный авангард» ұжымшарында жұмыс істеген (1932–37). Шиелі ауд. «Гигант» ұжымшарында күрішші, бригадир, звено жетекшісі болды (1937–59). П. күріш өнімділігін арттыруға және күріш плантацияларын кеңейтуге үлкен жеке үлес қосып, а. ш. авиациясының көмегімен күріш дақылдарына минералды тыңайтқыштардың соққылық дозасын енгізудің прогрессивті әдісін бірінші рет қолданған. 1949 ж. оның звеносы 5,2 га күріш алқабының әр гектарынан 97,2 ц. өнім жинап, рекорд жасаған. Механизацияны кеңінен енгізудің нәтижесінде Пак Чон Ирдің звеносы 1954–64 ж. еліміздегі ең арзан күрішті өндірген. Ленин (1949, 1950) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ПАК Чен Ир (5.5.1896, Солт. Корея – 31.1.1977, Жосалы ауд. Жосалы кенті) – күрішші, Соц.Еңб. Ері (21.6.1950). 1900 ж. отбасымен Ресейдің Приморье обл. Никольск-Уссурийск уезі Колендо деревнясына қоныс аударып, сонда жұмыс істеген. Владивосток окр. Сучан ауд. «Новый путь» ұжымшарында еңбек еткен (1929–37). Қармақшы ауд. «3-Интернационал» ұжымшарында жұмысшы, күріш звеносының жетекшісі болды (1937–68). 1948 ж. П. басқарған звено 5 га күріш алқабының әр гектарынан 101 ц-ден өнім жинаған. 1968 ж. одақтық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шыққан. Ленин (1949, 1950), Еңбек Қызыл Ту (1957) орденде рімен, медальдармен марапатталған. Оның есімімен 3-Интернационал а-нда бір көше аталған.

Қ.Омаров

ПАКИРДИНОВ Мұхамеджан (23.9.1950 ж. т., Жаңақорған ауд. Бірлік а.) – заңгер, 3-сыныпты мемл. әділет кеңесшісі, ҚР Прокуратурасының құрметті қызметкері. ҚазМУ-ды (1973, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Медеу ауд. прокуратурасында тергеуші, Алматы қ-нда аға тергеуші (1973–77), Алматы қ. сотының мүшесі, Қазақ КСР ҚК мүшесі, Жамбыл қ. бірқатар аудандары прокурорының көмекшісі, орынбасары, Алматы қ. ауд. прокурорының орынбасары, Алматы қ. прокуратурасы бөлімінің басшысы, Талғар ауд. прокуроры, Алматы қ. прокурорының орынбасары (1977–96), мемл.-құқықтық бөлім меңгерушісінің орынбасары, ҚР Президенті Әкімш-нің сот жүйесі мәселелері жөніндегі бөлім меңгерушісі (1998–2003), Қарағанды обл. сотының төрағасы, Шығыс Қазақстан обл. сотының төрағасы (2004–11) қызметтерін атқарған. 2011–15 ж. Алматы гарнизоны әскери сотының төрағасы болды. «Генералдар кеңесі» РҚБ мүшесі. «Құрмет» орденімен, ҚР Судьялар одағының «Үш би» құрмет белгісімен, бірнеше медальмен марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы.



Пан Мун Гук



Пәрімбетов Беркімбай



ПАН Мун Гук (27.12.1904, Ресей, Приморье өлкесі, Сучан ауд. Хинкамдон с. – 30.7.1981, Қызылорда қ.) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). Сучан ауд-ның «Красный Авангард» ұжымшары төрағасының орынбасары (1927–37), Қызылорда обл-ндағы «Гигант» ұжымшары төрағасының орынбасары, төрағасы (1938–49), күріш өсірушілер звеносының жетекшісі (1949–68) болды. 1949 ж. П-ның звеносы әр гектардан 82,7 ц-ден күріш алып үлкен көрсеткішке жеткен. Ленин (1950), Еңбек Қызыл Ту (1966) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ПӘРІМБЕТОВ Беркімбай (11.9.1929, Шиелі ауд. Алғабас а. – 1996, Алматы қ.) – инж.-технолог, тех. ғыл.докт. (1982), Қазақстанның еңбек сің. құрылысшысы (1973). Қазақ хим.-технол. ин-тын (1951, қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) бітірген. Қазақстан ҒА-да КСРО Құрылыс және архитектура академиясында, КСРО Құрылыс материалдары өнеркәсібі мемл. к-тінде (1954–61,1963–65), Қазақ КСР материалдары өнеркәсібі министрі (1965–73, 1979–84), КСРО Мин. Кеңесі жанындағы Қазақстан Мин. Кеңесінің тұрақты өкілі (1973–79), Мемл. құрылыс к-ті «Казоргтехстрой» мекемесінің директоры (1984–96) болған. Ғыл. еңбектері анорганик. байланыстырғыш материалдарының қатаю процестерін, құрылыс материалдарының коррозияға төзімділігін, оны өндіру үшін өнеркәсіптік минералды қалдықтарды пайдалануға арналған. КСРО Мин. Кеңесі сыйл-н алған (1974). Еңбек Қызыл Ту (3 мәрте), «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

ПЕРОВСК УЕЗІ (1867) – Сырдария обл. құрамында құрылған әкімш. аумақ. Орт. 1867 жылдан Перовск қ. (қазіргі Қызылорда) болды. 1896 жылғы мәліметтер бойынша П. у-нің аум. 105,7 мың км² жерді алып жатты. Халқының негізгі бөлігін қазақтар құрады. Олар көшпелі мал ш-мен (ірі қара, қой, ешкі өсіру), Сырдария өз. бойында егіншілікпен және балық аулаумен айналысты. Балық аулау кәсіпшілігі, негізінен Көкарал түбегінде шоғырландырылды. 19 ғ-дың 60-жылдарында Сырдария өз-нің төм. ағысында балық кәсіпшілігі ұйымдастырылды. 1861 ж. 3000 пұт, 1862 ж. 2 600 пұт балық ауланды. 1879 ж. Перовскіге дейін телеграф желісі тартылып, ол Орынбор пошта жолында маңызды рөл атқарды.

ПЕРОВСКІДЕ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ ОРНАУЫ, 1917 ж. Кеңес өкіметі алғаш Перовскіде орнады. 1917 ж. 1 қазанда Түркістан өлкелік кеңесінің мәжілісінде Перовск кеңесі (1917 ж. наурыз айында құрылған) мен ондағы гарнизон Уақытша үкіметтің шараларына қарсы екенін және гарнизонның (бір мыңға жуық адамы бар) кеңестер жағына шыққанын атап көрсетті. 1917 ж. 29 қазанда большевиктердің төтенше кеңесі болып, онда бүкіл өкімет билігінің жұмысшы және солдат депутаттарының Перовск кеңесінің қолына көшетіні туралы қаулы алынды. Петроградтағы қарулы



«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ ғимараты

көтерілістің жеңісін естіген және Ташкенттегі (ол кезде Түркістан өлкесінің және оған қарайтын Сырдария обл-ның орт.) кеңес өкіметі үшін күрес барысынан хабардар жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі Перовскіде өкіметті өз қолына алды. 1917 ж. 30 қазанда Перовскіден Ташкент жұмысшыларына көмекке Қызыл гвардия жасағы жіберілді. Жұмысшы және солдат депутаттарының Перовск кеңесі Уақытша үкіметтің өкілін, запастағы 3-Сібір полкінің командирін, бірқатар офицерлерді тұтқындады. Кеңес қаулысымен Қызыл гвардияның командирі болып Н.Селиверстов тағайындалды. Жұмысшылар мен солдат депутаттарының кеңесі басқа да әкімш. және шаруашылық кеңестерін құрып, Қызыл гвардияны нығайтып, ескі мемл. аппаратты жойды.

«ПЕТРОҚАЗАҚСТАН ҚҰМКӨЛ РЕСОРСИЗ» – мұнай-газ кәсіпорны. 1996 ж. құрылған «Харрикейн Құмкөл Мұнай» ЖАҚ-ның негізінде 2003 ж. 24 маусымда осы атпен қайта аталған компания. Акционерлері – «Қытай ұлттық мұнай корпорациясы» және «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы. «ПетроҚазақстан» компаниясының қызмет аясына кен орындарын геол. барлау, қазбалау, мұнай мен газды өндіру, сондай-ақ кен орындарын сатып алу, мұнайды және мұнай өнімдерін қайта өңдеу және сату кіреді. Қызылорда обл-нда орналасқан «ПҚҚР» компаниясы мұнай өндірумен шұғылданады, ал Шымкент қ-нда орналасқан «ПетроҚазақстан Ойл Продакшн» компаниясы мұнайды қайта өңдеу ісімен айналысады. «ПетроҚазақстан» сондай-ақ Оңт. Торғай мұнайлы алабында қызметін жүзеге асыратын екі бірлескен кәсіпорындағы 50%-дық үлесті иеленеді. «Қазгермұнай» БК» ЖШС-дағы компанияның серіктесі – «ҚазМұнай-Газ БӨ» ҰК, ал «Торғай Петролеум» АҚ-дағы серіктесі – «Құмкөл-ЛУКойл Оверсиз БК». «ПетроҚазақстан» компаниясының бизнесі – мұнайды геол. барлау мен өңдеуден бастап, оны жоғары сапалы мұнай өнімдеріне қайта өңдеу мен дамыған маркетинг пен тасымалдау жүйесіне дейінгі біртұтас технол. тізбек. «Петро Қазақстан» компаниялар тобы бойынша нақты мұнай өндіру 0,576 млн т-ны құрады (2022).



Подольский Марк

ПОДОЛЬСКИЙ Марк Захарович, Мотель Зелекович (25.2.1932 ж. т., Украина, Смела қ.) – педагог. П. Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздік қызметкері (1973), КСРО Оқу-ағарту ісінің үздігі (1987), ҚР-ның еңбек сің. қызметкері (1995), ҚР-ның еңбек сің. мұғалімі (2021). 2-дүниежүз. соғыс кезінде 1942 ж. Оралға эвакуацияланып, 1946 ж. Қызылорда қ-на қоныс аударған. Қызылордада пед. ин-тының (1956, қазіргі Қызылорда ун-ті) филол. ф-тін бітірген. Қызылорда қ. №411 орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі (1958–75), №3 орта мектепте (1975–78), №198 орта мектепте (1978–2012) мұғалім, мектеп директоры қызметтерін атқарған. П. «Парасат» орденімен (2019), «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2005), «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен (1992) марапатталған. Қызылорда қ-ның, Қызылорда обл-ның (2022) құрметті азаматы.

ПОДОЛЬСКИХ Николай Артемьевич (20.1.1930, Ресейдің Орынбор обл. Тоцки» ауд. Маковка с. – 19.11.2014, Қызылорда қ.) – партия, кәсіподақ қызметкері. Орынбор а. ш. ин-тын бітірген (1965). Башқұрт АКСР-нің «Ақжар» кеңшарында механик (1949–50), Түркістан обл-ның «Күйік» кеңшарында шеберхана механигі, бас механик (1951–54), Қазалы а. ш-н механикаландыру уч-щесінде мұғалім, уч-ще директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары (1954–65), Қызылода обл. партия к-тінде а. ш. бөлімі меңгерушісінің орынбасары, осы бөлім меңгерушісі (1965–74), обл. партия к-тінің хатшысы (1974–85), обл. кәсіподақтар кеңесінің төрағасы (1985–91), халық депутаттары обл. кеңесінің а. ш. жөніндегі комиссиясының төрағасы (1992–93) қызметтерін атқарды. 1980–81 ж. Ауғанстанда СОКП ОК-нің кеңесшісі болды. Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), «Халықтар достығы», «Халықтар достығы» (Ауғанстан) орденмен, медальдармен марапатталған. Қызылорда қ-ның (2000) және обл-ның (2011) құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Подольских Николай

ПОДОЛЬЦЕВ Иван Григорьевич (13.2.1910, Орынбор губ., Ресей, – 10.5.1944, Севастополь қ.) – Кеңес Одағының Батыры (24.3.1945). 1928 жылға дейін Қырғызстанда жұмыс істеген. 1930–35 Қызыл әскер қатарында болған. Ішкі істер халық комиссариатында (1935–38), Қызылорда қ-нда қызметтер (1938–41) атқарды. 1941 жылы 29 маусымда Қызылорда қ. әскери комиссариаты арқылы майданға аттанған. 4-Украина майданы барлау ротасының командирі болды. 2-дүниежүз. соғыс жылдарында Ленинград және Карел майдандарында ерлікпен шайқасты. Ленин, 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз орденмен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.



Подольцев Иван

К.Саркенова

ПОЛЫМБЕТОВ Сейітжан (25.5.1913, Шиелі ауд. Тартоғай а. – 22.1.1982, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Алматы кен металлургия ин-тын (1934, қазіргі ҚазҰТУ) бітірген. Қазақстан орт. партия к-тінде нұсқаушы, Қарағанды обл. партия к-тінде бөлім меңгерушісі (1934–42), Жезқазған қ. партия к-тінің 1-хатшысы (1942–47), Қазақстан орт. партия к-тінде бөлім меңгерушісі (1947–50), Атырау обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1950–56), Қазақстан Жергілікті өнеркәсіп министрі, Алматы халық ш. кеңесінің, тех. к-тінің төрағасы (1956–61), Респ. кәсіподақтар кеңесінің төрағасы (1961–68) қызметтерін атқарған. 1968–75 ж. Қазақстан Мин. Кеңесінде бөлім меңгерушісі болды. КСРО, Қазақстан Жоғ.

Кеңесінің депутаты болған. Еңбек Қызыл Ту орденімен (2 мәрте) марапатталған.



Полымбетова Фатима

ПОЛЫМБЕТОВА Фатима (11.8.1929, Шиелі ауд. Тартоғай а. – 2016, Алматы қ.) – биол. ғыл. докт. (1970), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері (1991). ҚазМУ-ды (1951, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1951–93 ж. Қазақстан ҒА-ның Ботаника ин-тында, 1994 жылдан Өсімдіктер физиологиясы, генетикасы және биоинженериясы ғыл.-зерт. ин-тында лаб. меңгерушісі болды. Негізгі ғыл. еңбектері өсімдік физиологиясына арналған. П. мәдени өсімдіктердің биол. әртүрлілігін ескере отырып, оларды сақтау, тарату, қорын байыту және республика климатына төзімділігі мен өнімділігін арттыру жөнінде ғыл. бағыт қалыптастырды. Оның басшылығымен бидайдың бірнеше жаңа сорттары («Эритроспермум-350», «Ақсай», «Мирас», «Отан», «Әлем», т.б.), құрамы белокқа бай үрмебұршақтың 2 сорты («Жоңғарлық», «Ақтәтті») шығарылып, егін ш-на енгізілді. П-ның ұсынысымен Қазақстанның континентальды климатының (қысы – суық, жазы – ыстық, құрғақ) өсімдіктерге әсерін модельдеуге бейімделген арнайы жылыжай – фитотрон салынды. П. 16 монография, 300-ден астам ғыл. еңбектің, 15-тен аса авторлық куәліктің иегері, 12 ғылым докторын, 30-дан астам ғылым кандидатын дайындаған. Еңбек Қызыл Ту орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

А.Әбдімомынова

ПҰСЫРМАН Қожағұлұлы (1774, қазіргі Қазалы ауд. – шамамен 1864) – би. Сырдарияның төм. бойында елді диқаншылыққа, отырықшылыққа бастаған, арық қаздырып, су шығарып, жерді игеруге мұрындық болған. Әсіресе, Қазалы ауд-ның оңт.-батыс өңірін суландыруға күш салған. Осы аймақта П. қаздырған «Бесарық» жармасы бүгінге дейін халықтың қажетіне жарауда. П. тарихи деректерге қарағанда, Жанқожа батырмен құрдас, достас, сырлас, ниеттес болған. Батыр жауға аттанарда, жауды жеңіп қайтқанда П-ның отбасына соқпай өтпеген. Бидің кесенесі Сырдарияның Арал т-не құяр тұсында (Арал ауд. Жаңақұрылыс елді мекені).

Т.Дайрабай

ПҰСЫРМАНОВ Болатбек (9.12.1951 ж. т., Қазалы ауд. Әйтеке би кенті)



Пұсырманов Болатбек

– мемлекет және қоғам қайраткері. П. ҚР Әділет органдары жүйесінің құрметті қызметкері (2012), ҚР-ның құрметті құрылысшысы (2015). Қазақ политех. ин-тын (1973, қазіргі ҚазҰТУ) бітірген. «Қызылордасельстрой–4» мекемесіне қарасты №1604 жылжымалы механикаландырылған колоннада қатардағы құрылыс шебері, Қазалы ауд. архитекторы (1974–85), ауд. тұрмыс қажетін өтеу комб-ның директоры (1985–89), Арал ауд. атқару к-ті төрағасының 1-орынбасары (1989–92), Арал ауд. әкімінің орынбасары ретінде құрылыс, көлік, өндіріс, байланыс салаларының басшысы (1992–97), Қазалы ауд-ның әкімі (1997–99), облыс бойынша жылжымайтын мүлік орт-ның директоры (1999–2015) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта «Қазақстан заңгерлер одағы» Қызылорда обл. бөлімшесінің төрағасы. «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Арал және Қазалы аудандарының құрметті азаматы.


А.Әбдімомынова

ПІРЗАДА БАБА, Пірзада Мәдіқожаұлы (т.–ө.ж.б.) – діни қайраткер, әулие, ел басына қиын-қыстау күн туған кезеңде, өзінің қасиетімен халыққа қорған болған әруақ иесі. Лақап аты «Көтімылтық». Қапсағай денелі, отты көзді, жүзінен мейірім шашып тұрған көркем мінезді жан болған. Жақсыға жаны жомарт, ілім-білім қазынасынан нәр алған, атадан мұра болған қасиетімен адамға шапағатын тигізген.

ПІРМАҒАМБЕТ Лаубайұлы (1892, Қармақшы ауд. – 1930) – батыр. Қаракұм көтерілісі басшыларының бірі. Атақты Қашқынбай батырдың ұрпағы. 1928 ж. ірі байларды тәркілеуге қарсы шыққан адамдардың бірі. Алғашқы Қаракұм шайқасында Қараүңгір деген жерде қаза болған.

Б.Ахметбек

ПІРМАХАНОВ Серік (11.11.1940, Жалағаш ауд. Жалағаш кенті – 2017, Қызылорда қ.) – суретші, ҚР-ның еңбек сің. қызметкері (1998). Алматы көркемсурет уч-щесін (1964) бітірген. Обл. муз. драма театрда бас суретші болды. 50 жыл ішінде 200-ден астам қойылымның эскизін жасаған. Негізгі жұмыстары: «Ақан сері–Ақтоқты» (1991), «Көтерілген тың» (1993), «Ант» (1997), «Айман–Шолпан» (1999) пьесаларын және т.б. көркемдеген. Ф.Шиллердің «Зұлымдық пен махаббат» трагедиясының көркемдік шешімдері КСРО-дағы театр фестивалының басты лауреаты (1981), П. көркемдеген В.Шекспирдің «Макбет» қойылымы бас жүлдені жеңіп алды (2005), Ж.Аймауытов пен Б.Майлиннің «Аласапыран» трагикомедиясы Қазан қ. өткен түркі халықтарының театр фестивалында бас жүлдеге ие болды (2005), Қазақстан театр қайраткерлері одағы тағайындаған шығарм. еңбектің ерекше жетістігі үшін берілетін «Еңлікгүл» сыйл-ның алғашқы иегері (2010).



Пірмаханов Серік

ПІРІМБЕТОВ Зияда (1905, қазіргі Шиелі ауд. Ақмая а. – 1956, Шиелі ауд. қазіргі Бидайкөл а.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Милиция қатарында қызмет атқарған (1920–32). Шиелі ауд-ндағы «Гигант» ұжымшарының төрағасы (1932–35), ауылдық кеңестің төрағасы (1935–42), «Гигант» ұжымшарында сушы, күріш звеносының жетекшісі (1946–59) болған. 1949 ж. П. басқарған звено 8 га алқаптың әр гектарынан 88 ц-ден күріш жинаған. Ленин орденімен (1950), медальдармен марапатталған. П-тің есімімен Бидайкөл а-ндағы бір көше аталған.



Пірімбетов Зияда

Қ.Омаров


ПІРІМОВ Қашақбай (1909, Қазалы ауд. – 12.1.1957, сонда) – еңбек ардагері. 1929 ж. «Қазақстанның 50 жылдығы» ұжымшарына (қазіргі Сырдария ауд. С.Ильясов атынд. а.) қабылданып, 1936 ж. егіс бригадасының бригадирі болып тағайындалды. Ол басқарған бригада 1937 ж. бидайдың әр гектарынан 18 ц, күріштен 52 ц, ал 1938 ж. 56 ц өнім алды. 1939 жылдан «Қызыл Ту» ұжымшарының (қазіргі Сырдария ауд. Шіркейлі а.) төрағасы қызметін атқарған. П. 2-дүниежүз. соғыс кезінде КСРО-да Ф. Головатыйдан кейін екінші болып «Қазақстан колхозшысы» танк колоннасын жасақтауға 100 мың, колхозшылардан 120 мың сом



Пірімов Қашақбай

ақша жинап берген. Сол үшін 1945 ж. Жоғ. Кеңестің алғысын алды. 1946 ж. ұжымшар орт-нан жеті жылдық мектеп салдырып, оған 107 оқушы тартты. П. Ленин (1941), 1-дәрежелі Отан соғысы (1945) орденderімен марапатталған. Қазалы ауд-ндағы «Қызыл Ту» ұжымшарына П. есімі берілді. Ауылда мемориалдық музей үйі ашылған. Онда ұжымшар өмірін суреттейтін 250-ден аса жәдігер қойылған, ішінде Н.Исаев, Т.Сандықбаев соққан шойын соқа, қолара, тырна, кетпен, орақ, тоғанақтың екі түрі, т.б. бар. П-тың заттары да осында сақталған. Ол КСРО Жоғ. Кеңесіне үш рет (1941, 1946, 1950) депутат болып сайланған.

ПІРІМОВ – Қазалы ауд-ндағы ауыл, Құмжиек ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Әйтеке би кентінен шығысқа қарай 16 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,6 мың адам (2023), негізінен мал ш-мен, түйе өсірумен айналысады. Қ.Пірімов а. 1929 ж. «Құмарық» ұжымшары болып құрылды. 1950 ж. «Жамбыл», «Бірлік», «Қазақстанның 15 жылдығы», «Бірлік», «Комсомол», «Кеңтүп» ұжымшарлары біріктіріліп, алғашында Сталин кейін Ленин атынд. ұжымшар болып ірілендірілген. 1973 ж. «Ленин» және «Қызыл ту» кеңшарлары қосылып, «Қызылту» кеңшары болып біріктірілді. 1974 ж. шаруашылықтарды мамандандырылған «Құмжиек» мал, егін ш. болып «Қызылту» кеңшары құрылды. 1994 жылдан бері Құмжиек ауылдық окр-нің орт. Құрамына Тапа, Қожақазған, Мәдениет а-дары кіреді. Ауылда №92 орта мектеп, клуб, кітапхана, дәрігерлік амбулатория, 7 адамға арналған күндізгі емдеу орны, спорт кешені, мешіт, пошта байланыс бөлімшесі, сауда дүкендері бар. Ауылда 83 шаруа қожалығы, 5 заңды тұлға, 58 шағын жеке кәсіпкер жұмыс жасайды.



Пірімов ауылы



Рабат Оңдабек

РАБАТ Оңдабек Жанахметұлы (24.3.1957 ж. т., Қызылорда қ.) – тех. ғыл.докт. (2007), проф., ҚР Білім беру ісінің үздігі. ҚР Машина жасау және көлік ғылым академиясының акад. (2013), Халықар. көлік академиясының акад. (2020). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының Қызылорда бөлімшесін (1984, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Осы бөлімшеде оқу шебері, ассистент, оқытушы, ф-т деканының орынбасары (1984–86), Алматы сәулет-құрылыс ин-тының (қазіргі Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы) аспиранты, аға оқытушысы (1986–94) болды. «Окан – Холдинг» түрік компаниясының құрамында Астана қ-ның қазіргі заманғы нысандарының құрылысына қатысып (1994–1999), Алматы қ. әкімдігінің мемл. сәулет-құрылыс бақылау басқармасының, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бөлім бастығы және ҚР ІІМ Академиясының адъюнктурасының бастығы қызметтерін атқарды (1999–2008). Қазақ автомобиль-жол ин-тында «Көлік техникасы және тасымалдауды ұйымдастыру» кафедрасының меңгерушісі (2008–19), ғыл. жұмыс және инновациялар жөніндегі проректор (2019–21), 2022 жылдан проф. қызметінде.2023 жылдан Қырғыз мемл. тех. ун-тінің және Қырғыз-Ресей славян ун-тінің докторлық диссерт. кеңестерінің мүшесі. Ғылыми бағыты –құрылыс өндірісі машиналарының жұмыс органдарының конструкциясын жетілдіруге және олардың әртүрлі ортамен өзара іс-қимылына байланысты зерттеулер. Р. 200-ден астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 8 шетелдік ғылыми мақала, 4 монография, 25-тен астам оқу және әдістемелік құралдың авторы. «Қазақша-орысша, орысша-қазақша салықтық терминологиялық сөздік» респ. сөздігінің (8-том) телавторы. 20 авторлық куәлік пен патенттің, бір Еуразиялық патенттің иегері. 1 ғылым кандидатын, 2 Ph.D дайындаған.

Қ.Омаров

РАЙХАН Бекжанұлы (1892, Жаңақорған ауд. – 1970, сонда) – ақын. Парсы, түрік, араб тілдерін жетік меңгерген. Табан астында өлең шығарып айта беретін суырып салма ақын болған. Ақындық талантымен халыққа ерте танылып, Шығыс ғұламалары Физули, Шамси, Сайхали, Науаи, Сағди, Фирдоуси, Хожа Хафиздің ғазалдарын жатқа білген. Нартай, Құтбай, Қалмахан, Қанағат жыраулардың өлеңжырларын таңдап, өлең шығарған, ән салып, күй тартқан. Р-ның 1948 ж. өз баласына айтқан «Өсиет» атты жыр-толғаулары бар.

РАЙЫМ – Арал ауд-ндағы ауыл, Жетес би ауылдық окр-нің құрамына кіреді. Аудан орт. Арал қ-нан оңт-ке қарай 115 км жерде, Райым көлінің жағалауында орналасқан. Ауылдық округ құрамына Қызылжар, Шөмішкөл а-дары кіреді. Тұрғыны 0,6 мың адам (2023). Іргесі 1932 ж. балық аулайтын ұжымшар ретінде қаланды. Кейін ұжымшар орт. Қызылжар а-на ауысты. 1996 ж. Р-да шаруа қожалықтары құрылды. Теңіз суының қайтуына байланысты ауылда балық кәсіпшілігі тоқтаған. Тұрғындары негізінен мал бағады, балық аулайды. Елді мекен жанында ортағасырлық Р. қамалының орны сақталған.

РАЙЫМКӨЛ – Сырдарияның оң жағалық аңғарындағы көл. Арал

ауд. жерінде, Райым а-ның оңт-н ала орналасқан. Аум. 17,0 км², ұз. 3,7 км, ені 2,7 км, ең терең жері 4,5 м, суының көл. 8,0 млн. м³. Көлдің оңт-нде бұрынғы Совет (Кеңес) каналының орны сақталған. Көл жағалауы жайпақ, саяз, оңт., оңт.-батысын және батысын ну қамыс, қоға басқан. Суында сазан, көнбас, т.б. балықтар бар.



Раханов Сексенәлі

РАХАНОВ Сексенәлі (5.2.1945, Жаңақорған ауд. Бірлік а. – 21.7.2022, Қызылорда қ.) – оқу-ағарту саласының қызметкері. Р. ҚР Кәсіптік-тех. білім беру ісінің үздігі (1983), ҚР Білім беру ісінің үздігі (1993). Қызылорда пед. ин-тын (1971, қазіргі Қызылорда ун-ті) физика мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Жаңақорған ауд-ндағы №55 орта мектепте мұғалім болудан бастады. №69 кәсіптік-тех. уч-щесінің директоры (1976–79), обл. кәсіптік-тех. білім беру басқармасы бастығының орынбасары (1979–87), №79-кәсіптік-тех. мектептің (1987–2005), 8-обл. арнаулы санатор. мектеп-интернаттың директоры (2005–12) қызметтерін атқарды. Қызылорда обл-ның құрметті қайраткері. 2000 ж. «Ғасыр адамы» байқауында Қызылорда обл. бойынша «Шабыттың шыққан шыңында» номинациясының иегері болды.

РАХИМОВ Тастемір Сауранбайұлы (10.10.1950 ж. т., Өзбекстан Республикасы, Әндіжан қ.) – құқық қорғау саласының ардагері, ІІМ-нің еңбек сің. қызметкері. ҚазМУ-ды (1971, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын 1971 ж. Қызылорда қ. прокуратурасында тергеуші болып бастаған. Қызылорда обл. прокурорының көмекшісі, аға көмекшісі (1976–82), Сырдария және Арал аудандарының прокуроры (1982–89), обл. ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары (1989–95), Мемл. тергеу к-тінің облыс бойынша басқармасының бастығы (1995–97), обл. ішкі істер басқармасының бастығы (1997–2002) қызметтерін атқарған. 2002 жылдан Адвокаттар одағының мүшесі. «Құрмет» орденімен (2023), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

РАХМАТУЛЛА Жақсылық (18.9.1945, Жаңақорған ауд. – 16.11.2019, Астана қ.) – журналист, жазушы, ҚР Мәдениет қайраткері (2005). Қазақстанның құрметті журналисі (2008). ҚазМУ-ды (1971, қазіргі ҚазҰУ), Алматы жоғары партия мектебін (1985) бітірген. Қызылорда обл. «Ленин жолы» (1979–83, қазіргі «Сыр бойы») газетінде, Сырдария ауд. «Сырдария» газетінде редактор, баспа кәсіпорнының директоры (1985–96) қызметтерін атқарған. 1996 жылдан «Сыр бойы» газетінің бас редакторы. «Қызғалдақ қалың шыққан жыл» (1986) жинағына «Жанымның жарығы» повесі енген. Р-ның «Болашаққа сенім» (1992), «Өмір самалы» (1993), «Алыстай берген аяулым», «Қолшатыр» (1995), «Шырағың сөнбесін», «Ғұмырдария» (1996), «Жібек жолындағы жұлдыздар» (2000), «Жүректегі жауһарлар» (2001), «Тәуелсіздік толғауы», «Меңсұлу» (2004), «Арғымақ ағын, желмая желіс жылдарым» (2005) деген жеке кітаптары жарық көрген. ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен (2004) марапатталған. Жаңақорған ауд-ның және Тасбөгет кентінің құрметті азаматы.



Рахматулла Жақсылық



Рахметова Рахила



Рахымбекұлы Әскербек



Рәміздер алаңы

РАХМЕТОВА Рахила (2.2.1953 ж. т., Арал ауд.) – экон. ғыл. докт. (2003), проф. (2008). ҚазМУ-ды (1974, қазіргі ҚазҰУ), Воронеж агр. ун-тінің аспирантурасын (1984) бітірген. Қазіргі Қызылорда ун-тінде оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1984–2003), «Нархоз» ун-тінде кафедра меңгерушісі (2003–18), «Тұран-Астана» ун-тінің департамент басшысы (2018–21) қызметтерін атқарды. 2021 жылдан ҚР БҒМ (қазіргі ҒЖБМ) ҒК Экономика ин-тының бас ғыл. қызметкері. Р. экон.-матем. модельдеу және әлеум.-экон. процестерді болжау саласындағы ғалым. Қазақстанда, Ресейде жарияланған экономиканың матем. әдістері мен модельдері мәселелері бойынша 200-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 12 монография, 20-дан астам оқулықтың авторы. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2007, 2012).

РАХЫМБЕКҰЛЫ Әскербек (22.3.1942, Сырдария ауд. Қоғалыкөл а. – 13.7.2020, Қызылорда қ.) – ақын, жазушы. Қазақстанның құрметті журналисі. Қызылорда пед. ин-тын (1965, қазіргі Қызылорда ун-ті), Алматы жоғары партия мектебін (1982) бітірген. Ауд. «Сырдария» газетінде (1965–69), Қызылорда обл. телерадио және партия к-ттерінде, обл. «Ленин жолы» газетінде (1970–82) жұмыс істеген. «Ленин жолы» газетінің бас редакторы (1982–85), редактордың 1-орынбасары, бас редакторы (1985–1991) болған. Әр жылдары «Сыр бойы» газетінде редактордың орынбасары, кеңесші, ұзақ жыл «Сыр медиа» серіктестігі ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған. «Сырдария» кітапханасы атты 200 томдық кітаптар сериясы редакторының бірі, «Жалын» баспасы жабық бәйгесінің екі дүркін жүлдегері. Р. «Тұсаукесер» (1979), «Сырдария әуендері» (1981), «Тұлпар туралы дастан» (1984), «Ғашық жүрек», «Айдынынан айрылған Аралым-ай», «Алтын арай», «Тұлпарлар тағдыры», т.б. жыр жинақтарының, «Ғұмырдария» атты кітаптың (2008) авторы. Қызылорда к-ның, Сырдария ауд-ның құрметті азаматы.

Ғ.Егеубаева

РӘМІЗДЕР АЛАҢЫ – мемлекеттік рәміздер: мемлекеттік Елтаңба, мемлекеттік Әнұран және мемлекеттік Ту орналасқан көпшілік демалыс орны (24.9.2016 ж. ашылған). Сырдария өз-нің сол жағалауында (Тасбөгет су торабынан сәл төмен) ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнайы салынған. Жалпы құны – 326,4 млн теңге. Алаңның аумағы – 3 га, ту тұғырдың биіктігі 62,5 м. құрайды. Тудың ені - 12 м., ұзындығы – 24 м. Мемлекеттік рәміздер – еліміздің дербестігі мен тәуелсіздігін әлемге танытушы, халқымыздың рухын, ұлттық санасын, қаһармандығы мен даналығын, болашаққа деген үмітін, арман-тілегін жеткізетін ерекше құнды белгілер. Көк Ту – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі. Елтаңба – азаттықтың айшықты көрінісі. Әнұран – еркіндік пен ел-

діктің үні. Тәуелсіздіктің осы үш символы халқымызға ерекше рух береді. Рәміздер алаңында мемлекеттік қызметкерлер мен әскери қызметшілердің ант беру рәсімі өтеді.

А.Әбдімомынова

РЕСЕЙДІҢ СЫР БОЙЫН ЖАУЛАП АЛУЫ. Патшалық Ресейдің Орт. Азия елдеріне жақындай отырып, бүкіл Түркістанды бағындыруы үшін ең алдымен – тоғыз жолдың торабында орналасқан Сыр бойын жаулап алуы керек болды. Арал т. мен Сырдария өз. арқылы Түркістан өлкесіне етене ену мүмкіндіктерінің артуы, бұл өлкенің әскери-стратег. маңызын арттырды. Сондықтан патша өкіметінің Сыр бойын жаулап алуы бірнеше әскери міндеттерден тұрды: 1) гарнизондар мен бекіністер салу, тұрақты әскерлер мен казактарды, қару-жарақ қоймаларын орналастыру; 2) Орта Азияға басқыншылық жорықтарын дайындау және өлкеде әскери-әкімш. басқаруды енгізу; 3) Қоқан әскерлерін ығыстырып, қазақ жерін бағындыруды аяқтау. Ресей империясының Кіші жүз қазақтарын бағындыра отырып, Сыр бойына емін-еркін енуіне Хиуа хандығы негізгі тосқауыл болды. Себебі бұл өлкеде Хиуа хандығының экон. әрі саяси мүддесі басым болатын. Осы ретте, Сырдария мен оған іргелес жатқан қазақ жерлерін жаулап, өктемдік жүргізу мақсатында патша әкімш. қарамағындағы қазақ руларына – хиуалықтардың билігін мойындаған қазақ а-дарына барымта жасауға және одан түскен олжаны өздеріне қалдыруға рұқсат берді. Орынбор ген.-губернаторы В.Перовский хиуалық көпестерді қасақана тұтқынға алып екі елдің арасындағы саяси қатынастарды әдейі шиеленістірді. Ресей әкімш. көпестерді тұтқынға алуы және саудаға тыйым салуы Хиуа экономикасы үшін үлкен соққы болды. 1839–40 ж. патша өкіметінің Хиуаға жасаған әскери жорығы да, дипломат. елшіліктері де сәтсіздікке ұшырады. Бірақ бұл патша өкіметінің Сыр өңірін иеленуге деген ұмтылысын бір сәтке де тоқтатпады. Керісінше, патша өкіметінің қазақ даласын толық жаулауға деген ниеті бұрынғыдан да күшейіп, Сыр өңірін толығымен өз құрамына қосуға итермеледі. Патша өкіметі ендігі кезекте басты соққыны Қоқан бағытына қарай аударуға мәжбүр болды. Оған хандықтағы үздіксіз жүріп жатқан азамат соғысы және Бұхар әмірлігінің жасаған шабуылы қолайлы жағдай туғызды. Патша өкіметі Сыр өңіріне бекіністер тізбегін салу арқылы Сыр бойының тұрғындарына ғана емес, бүкіл Кіші жүз қазақтарына өздерінің билігі мен бақылауын орнатуды және де Қоқан, Хиуа, Бұхара хандықтарына ықпал етуді жоспарлады. І-Николай патшаның бұйрығымен 1847 ж. жазда Сырдария өзінің Арал т-не құяр сағасында Райым бекінісі салынды. Хиуа ханы Мұхаммед Әмин өз адамдары арқылы Арал маңы қазақтарын осы бекініс құрылысына қарсы шығуға және орыстармен сауда қарым-қатынасын тоқтатуға үгіттеді. Ресей билігі халық наразылығының алдын-алу мақсатында, ертеден қолданып келе жатқан әдістердің бірі – жергілікті қазақтардың игі жақсылары мен ру басшыларына бағалы сыйлықтар беріп, жоғары марапаттар көрсетті. 1851 ж. Райым бекінісінің атауы Арал болып өзгертілді. Патша әкімш-нің жаулаушылық іс әрекеттері уақыт өткен сайын үдей түсіп, 1853 ж. 16 маусымда Қазалы форт-бекінісінің іргесін қалады. Сыр бойындағы иеліктерін кеңейту мақсатында ген. В.Перовскийдің басшылығымен әскери жорықтарын күшейткен отаршылдар 1853 ж. шілде-тамыз айларындағы соғыс қимылдарынан соң Сырдария өз-нің бойындағы қоқандықтардың негізгі бекінісі Ақмешітті (қазіргі Қызылорда қ.) басып алды. Отарлаушылар Хиуа хандығындағы қазақтарды өзара қырқыстырып, Жанқожа батыр бастаған көтерілісті талқандаған соң, өзінің отаршылдық жоспарын одан әрі жүзеге асыруға кірісті. 1861 ж. орыс әскерлері Жөлек, Жаңақорған

мен Дінқорған бекіністерін басып алып, Сырдария өзінің бүкіл төм. ағысын өздеріне қаратты. Отарлық езгіге қарсы Сыр қазақтарының наразылығы уақыт өткен сайын күшейе түсті. Ресей империясының Сыр өз-нің бойымен жалғасқан жаңа шептері Орт. Азиядағы әскери-қорғаныс бекіністерінің біртұтас жүйесін қалыптастырды. Сырдария шебі Арал т-нен Жайықтың төм. ағысына дейінгі бекіністер тізбегіне қосылған Орынбор шебінің тікелей жалғасы болды. Осылайша, Ресейдің Орт. Азияға қарай жылдам жылжуына жол ашылды.

У.Ибраев

РИВКИН Соломон Ильич (7.1.1906, Беларус КСР-і, Рогачев ауд. Городец с. – ө.ж.б.) – білім саласының ұйымдастырушысы. Минск пед. техникумын (1929), Мәскеу мемл. пед. ин-тын (1936) бітірген. «Свобода» ұжымшарында жұмысшы (1924–27), Вешен-Ковычинск жеті жылдық мектебінің меңгерушісі (1929–32), Қиыр Шығыс корей пед. ин-тында тарих кафедрасының меңгерушісі, тарих ф-тінің деканы (1936–37) қызметтерін атқарған. Аталмыш ин-т Қызылорда қ-на көшірілген кезде Сыр өңіріндегі тұңғыш пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы (15.10.1937), кейін директоры (29.7.1938) болды.

Қ.Омаров

РОМАНОВ Александр Дмитриевич (1922, Жаңақорған ауд. Төменарық а. – 27.4.1945, Берлин қ.)–Кеңес Одағының Батыры (27.6.1945). Соғыстың алғашқы күндері Р. әскери уч-щені бітіріп, майданға аттанды. 1942 ж. маусым айында ұрысқа кіріп, Еділден Эльбаға дейінгі жауынгерлік жолдан өткен. 1-Украина майданындағы 3-гв. танк армиясына қарасты 70-механикаландырылған Проскуров бригадасының 1-мотоатқыштар батальонында рота командирі лейтенант Р-тың жауынгерлері 1945 ж. көктемде Берлиннің іргесіндегі Нейсе өз. жағасындағы шайқастардың бірінде 104 жаудың көзін жойып, 118 адамын тұтқынға алды. Жеке өзі 19 дұшпанды құртып, рота 15 автомашина мен 45 автомат, 9 станокты пулеметті қолға түсірді. 23 сәуірде Р-тың ротасы күші басым жаудың алты бірдей қарсы шабуылын тойтарып, Тельт каналынан өтіп, плацдармды иеленді. 27 сәуірде қала көшесінде болған ұрыста ерлікпен қаза тапты. Р. оқыған Төменарық а-ндағы №53 орта мектеп Р-тың есімімен аталады. Мектеп мұражайында арнайы бөлме ұйымдастырылған.

К.Саркенова

РОМАНОВ Сахи (Александр Иванович Романов) (1.8.1926, Қазалы ауд. Қарақұм а. – 5.12.2002, Алматы қ.) – кино суретшісі, графикашы, кескіндемеші, Қазақ КСР-інің халық суретшісі (1981). Орынбор обл. Сарықташ ауд-ның Ельшанка с-ндағы балалар үйінде тәрбиеленген. Мәскеу көркем-сурет мектебін (1947) Ленинград (Санкт-Петербург) кескіндеме, мүсін және сәулет өнері ин-тын (1948),



Ривкин Соломон



Романов Александр



Романов Сахи

Мәскеу Бүкілодақтық мемл. кинематография ин-тының көркемсурет бөлімін (1955, Ю.И.Пименов пен Г.М.Щегальдан) бітірген. Р. «Қазақфильм» киностудиясында қойылған оннан астам көркем және деректі фильмнің декорация мен киім-кешек нобайлары, «Қырық өтірік» ертегісінің график. иллюстрациялары (1955), «Құрманғазының өмірі мен шығармашылығы» (1961) топтамаларын жасады. Ол Қ.Жандарбеков, Ғ.Құрманғалиев, О.Сүлейменов, Мұхаммед Хайдар Дулатидың портреттерін салды. «Ант. Жер туралы декрет», «Отан аспаны аясында», «Күй. Бұғаудан босау» (үшеуі де 1970), «Төлектің төр жайлауында» топтамасы (1981–82), «Бектау ата» топтамасы (1984), т.б. картиналары идеялық мазмұнымен, түрлі-түсті және бейнелі символикасымен, эпик. монументті сымбатымен ерекшеленді. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», «Парасат» орденderімен марапатталған.

А.Әбдімомынова

РҰСТЕМБЕК Жиенбайұлы (1905, қазіргі Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а. – 1966, сонда) – жырау. Сыр бойының ақындары Балқы Базар, Кете Жүсіп, Тұрмағамбет, Шорақтың Омарынан тәлім алған. Сыр, Қаратау өңірі ақындарының шығармаларын халыққа кеңінен насихаттаған. «Көроғлы», «Алпамыс», «Қобыланды», т.б. дастандарды жатқа айтқан.



Рүстембек Жиенбайұлы



Рүстембекұлы Бидас

РҰСТЕМБЕКҰЛЫ Бидас (23.1. 1951 ж. т., Қармақшы ауд. Ақжар а.) – жырау, ҚР Мәдениет саласының үздігі (2013). Жиенбай жыраудың немересі, Рүстембек жыраудың баласы. Сыр бойындағы жыраулық өнердің мақамын бұзбай айтушылардың бірі. Қызылорда политехникумын бітірген (1970). Р. Жиенбай жыр мектебінің негізін қалаушы. Қармақшы ауд. Ақжар кеңшарында орта мектеп мұғалімі (1970 – 71), энергетик (1972 –78), мәдениет үйінің директоры (1979–82), Жосалы кентіндегі 12-кәсіптік-техн. уч-щеде мұғалім (1982–2001) болған. 2001 жылдан К.Рүстембекұлы атынд. жыраулар үйі директорының орынбасары. 1992 ж. Балқы Базардың 150 жылдығына орай Өзбекстанның Бұхара обл-ның «Кенимех», «Тамды», «Үшқұдық» ауд-нда жыраулық өнер экспедициясымен болып, Сыр сүлейлерінің жырлары мен мақам-саздарын насихаттау жұмыстарын жүргізді. Р-тің репертуарында «Қобыланды» жыры, «Көрұғлы» дастаны, Шорақтың Омарының «Сәдуақас пен Сахи» қиссасы, Жиенбайдың «Кедей» қиссасы, Балқы Базардың, Тұрмағамбеттің, т.б. ақын-жыраулардың терме-толғаулары бар. Ресейдің Мәскеу қ-сында өткен дәстүрлі музыкадан Бүкілодақтық фольклорлық байқауда 1-орынды (1978), Базар жыраудың 150 жылдық мерейтойы аясында Қармақшы ауд-нда өткен жыршы-жыраулардың респ. байқауында қисса-дастан жырлау бойынша Бас жүлдені (1992), Тұрмағамбет Ізтілеуовтің 130 жылдығына арналған «Шұғыла шашқан Шаһнама» атты Шаһнама жырларын орындаушылардың аймақтық байқауында Бас жүлдені (2012) иеленді. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған (2015). Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы (2017). Обл. әкімінің стипендиаты (2007,2008).

Ж. Нұржақыпова



Рүстембекұлы Көшеней

РҰСТЕМБЕКҰЛЫ Көшеней (22.8.1946, Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а. – 8.3.1973, Мәскеу қ.) – жырау. Жиенбай жыраудың немересі, Рүстембек жыраудың баласы. Қызылорда пед. ин-тының (1968, қазіргі Қызылорда ун-ті) филол. ф-тін бітірген. Қармақшы ауд. Ақжар а-нда мұғалім (1967–70), Әдебиет және өнер ин-тында стажер-зерттеуші (1970–71) болып, Әлем әдебиеті ин-тының халық шығарм. бөлімінде қызмет істеген (1971–73). Жыраулық өнерді ата-бабаларынан үйренген. «Көроғлы», «Рүстем-дастан», «Қобыланды», «Алпамыс», «Қыз Жібек», т.б. эпостық жыр-дастандарды, қазақ ақындарының (Базар жырау, Кете Жүсіп, Жиенбай жырау, Тұрмағамбет, т.б.) шығармаларын жатқа айтып, ел арасына таратты. Р-ның шығармалары «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» (1973), «Жамбыл және қазіргі халық поэзиясы» (1975) атты жинақтарда жарық көрді. Оның «Қобыланды батыр» дастанын орындау кезінде пайдаланатын төрт түрлі муз. әуені нотаға түсіріліп, 14 толғау, термесі күйтабаққа жазылып алынды. «Құлагер» фильміне түсіп, Ақан сері баласының бейнесін сомдаған.

РҰСТЕМОВ Мұхамеджан (15.5.1932, Шиелі ауд. Нартай а. – 2010, Алматы қ.) – жазушы, Қазақстанның еңбек сің. мәдениет қызметкері (1992). ҚР Жазушылар, Журналистер одағының мүшесі. Алматы жоғары партия мектебін бітірген (1959). Еңбек жолын Оңт. Қазақстан (қазіргі Түркістан) обл. Сарыағаш ауд. комсомол к-тінде бөлім меңгерушісі болып бастаған. Ауд. комсомол к-тінің 2-хатшысы (1951–52), Қаратас (қазіргі Қазығұрт) ауд-нда мұғалім, ауд. комсомол к-тінің хатшысы (1952–53), Оңт. Қазақстан обл. партия к-тінде нұсқаушы, партия к-ті мұрағатының меңгерушісі, обл. балалар қоры төрағасының орынбасары, халықар. «Қазақ тілі» обл. қоғамының төрағасы (1968–91), 1997 ж. Оңт. Қазақстан мемл. ун-тінде доцент болды. Р. халық ақыны, жезтаңдай әнші, Қазақстан өнеріне еңбек сің. қайраткер Нартай Бекежановтың өмірін, өнерін, мұрасын зерттеп, «Нартай» атты деректі повесін (1990), Нартайдың терме әндерін игеріп, «Өздерің білер Нартаймын» атты 45 минуттық стереокүйтабақ шығарды (1983). 1930 ж. Созақ ауд-нда болған шаруалар көтерілісін түбегейлі зерттеп, оған тарихи әділетсіз баға берілгендігін дәлелдеп, «Созақ қасіреті» атты (1993) тарихи-деректі кітап шығарды. Г.Байдуковтың «Чкалов» атты кітабын қазақ тіліне аударды (1983). Сондай-ақ «Табиғат ғажайыптары» (1976), «Кәдеге жарар кеңестер» (1991), «Атақты адамдардың өмірінен» (1992), ұмыт болған халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарын жинастырып, 5 кітабы жарық көрді. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған (1970). Шиелі ауд-ның құрметті азаматы (1992). Облыс әкімінің «Зерде» стипендиясының иегері (1998).



Рүстемов Мұхамеджан

РҰСТЕМОВ Руслан (13.12.1968 ж. т., Қармақшы ауд. Т.Көмекбаев а.) – мемлекет қайраткері. ҚазМУ-ды (1994, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қызылорда пед. (қазіргі Қызылорда ун-ті) ин-тында оқытушы, кешен директорының орынбасары (1994–97), Қызылорда қ. әкімдігінде маман (1997–2002), обл. мәдениет басқармасы бас-



Рүстемов Руслан



Рысқалов Бақыт

шысының орынбасары, обл. әкімі аппаратының әлеум.-саяси бөлімінің меңгерушісі, Шиелі ауд. әкімі аппаратының жетекшісі, әкімінің орынбасары, обл. ішкі саясат, обл. тілдерді дамыту басқармаларының басшысы, қала әкімінің орынбасары (2002–14), обл. ішкі саясат басқармасының басшысы, обл. әкімінің орынбасары, Сырдария және Жаңақорған аудандарының әкімі, обл. мәдениет және спорт басқармасының басшысы (2014–23) қызметтерін атқарған. 2023 жылдан ҚР Парламенті Сенатының депутаты.

Қ.Омаров

РЫСҚАЛОВ Бақыт (1902, қазіргі Арал ауд. Аманөткел а. – 1955, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 1-шақырылған депутаты (1938–46). «Аманөткел» балық аулау ұжымшарында балықшы, кейін бригадир болып жұмыс істеген (1921–37). «Бөген» балық з-тының директоры (1938–41), «Тастүбек» балық аулау ұжымшарының төрағасы (1941–53), Бөген ауылдық кеңесінің төрағасы (1953–55) қызметтерін атқарған. «Құрмет белгісі» (1945), Ленин (1948) орденмедальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

РУХАНИЯТ ОРТАЛЫҒЫ – типтік үлгідегі мәдениет орталықтары. Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың бастамасымен обл-тың барлық ауданында музей, кітапхана, мұрағат, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтарын біріктіретін осындай 2 қабаттық нысандар (Бір нысанның жалпы ауданы – 3255,2 м^2) салынуда. Жоба құны – 11,5 млрд тг (7 нысан бойынша). 2024 ж. пайдалануға беріледі.



Руханият орталығы

С



Сағындықұлы Берікбай

САҒЫНДЫҚҰЛЫ Берікбай (22.1.1939, Қармақшы ауд. Ақжар а. – 11.12.2023, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1994), проф. (1997). Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. ҚазМУ-ды (1962, қазіргі ҚазҰУ), Мәскеудегі КСРО Шығыстану ин-тының аспирантурасын (1975) бітірген. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, хатшы (1961–72), «Ғылым» баспасында редактор, редакция меңгерушісі (1972–79) қызметтерін атқарған. ҚазМУ-дың қазақ филологиясы кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент (1979–97), 1997 жылдан проф.болды. Ғыл. зерттеулері мен оқу-әдістемелік жұмыстарының негізгі бағыты – қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы, қазақ тілі тарихы, тарихи фонетика және түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы лексикасы, түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы грамматикасы, көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеу, теология мәселелері. 12 оқу құралы мен 3 монография, 300-ге жуық ғыл., діни-танымдық және публицист. мақала, 10-ға жуық элективті курстың авторы. 6 ғылым докторын, 24 ғылым кандидатын, 1 Ph.D дайындаған. Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы.

А.Әбдімомынова

САДАНОВ Амангелді (28.5.1951 ж. т., Жаңақорған ауд. Талап а.) – биол. ғыл. докт. (1995), проф. (1996), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2012). Қызылорда пед. ин-тын (1979, қазіргі Қызылорда ун-ті), Қазақ егіншілік ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1984) және Мәскеу мемл. ун-тінің докторантурасын (1995) бітірген. Қазақ КСР ҒА-ның Микробиология және вирусология ин-тында ғыл. қызметкер (1982–94), Қазақ а. ш. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) проф., кафедра меңгерушісі (1994–2001), «ҚР Ұлттық биотехнология орталығы» бас директорының орынбасары (2002–04), «Биологиялық зерттеулер орталығы» РМК (2004–10) және «Микробиология және вирусология институты» РМК-нің бас директоры (2010–18) қызметтерін атқарған. 2018 жылдан «Микробиология және вирусология ғыл.-өндірісітк орт.» ЖШС-ның бас директоры. Негізгі ғыл. бағыты – микробиология, экология және биотехнология саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер, дәрілік және микробтық биопрепараттар өндірісін құру және ұйымдастыру. С. отандық жаңа ғыл. бағыт – топырақ биотехнологиясын және топырақ микробиологиясын зерттейтін ғалымдарды біріктіре отырып, өзінің ғыл. мектебін қалыптастырды. 644 ғыл. еңбектің, 166 авторлық куәлік және патент, оның ішінде 26 монография, 39 оқу және оқу-әдістемелік құралдары, Web of Science/Scopus базаларында индекстелген шетелдік басылымдардағы 29 мақаланың авторы. 6 ғыл.-тех. бағдарлама, 4 гранттық жоба, 3 коммерцияландыру жобасының басшысы болды. 12 ғылым докторын, 40 ғылым кандидатын, 7 Ph.D дайындаған. 1998–2010 ж. Қазақ ұлттық агр. ун-ті, Микробиология және вирусология ин-ты жанындағы кандидаттық, докторлық диссертация қорғау жөніндегі диссертац. кеңесті басқарған. ҚР Мемл. сыйлының лауреаты (2011, 2021). «Құрмет» (2005), «Парасат» (2019) орденмедальмен марапатталған.



Саданов Амангелді

С.Ибадуллаева

САДЫҚ АХУН, Садық Қодарұлы (1860, қазіргі Сырдария ауд. Ақжарма а. – 1937) – діни қайраткер, тәуіп. Әкесі алаша Қодар батыр болған. 14–15 жасында Тапал ахуннан, 16 жасынан Қармақшы жеріндегі Ораз ахуннан дәріс алған. Қалдан батырдың а-нда 1884 ж. дейін мешіт ұстап, шәкірт тәрбиелеген. Кейін «Көкілташ» медресесінде төрт жыл тәлім алып, «ахун» дәрежесін алған, сондай-ақ медресе жанындағы Иран дәрігерлік мектебінде оқып, діни білімімен қатар Әбу Әли ибн Сина ілімін де игерді. С. а. 1898 жылдан бастап мешітте имам болған. 1900 ж. Қармақшы ауд-ндағы Иіркөл маңына көшіп келіп, дәулеттілердің көмегімен мешіт салып, сонда ұстаздық еткен. Мешіт С-тың



Садық Ахун

есімімен аталады. Ол мұнда бала оқытумен бірге емшілікпен де айналысқан. 1930–33 ж. белсенділердің көрсетуімен қамауға алынған. Респ., обл. мед. мұражайларда, ауд. музейде оның өміріне арналған бөлімдер бар.

САЗАН (Cyprinus carpia) – тұқы тұқымдасына жататын балық. С-ның қабыршағы ірі, аузының екі езуінде мұртшалары бар, жұтқыншақ тісі жақсы дамыған. Қазақстанда 2 түр тармағы: Еуропа С-ы (C. c. carpio) және Арал С-ы (C. c. aralensis) бар. Бірінші – Жайық, Жем, Еділ



Сазан

өз-дерінде, Шалқар мен Каспий т-дерінің құяр жеріндегі өз-дерде; ал екінші Арал т., Сырдария, Сарысу, Шу өз-дерінің бойында тараған. Ересектерінің ұз. 40-45 (кейде 100) см-дей, салм. 2,5 (ірілері 20) кг-дай болады. Жыныстық жағынан 3-5 жасында жетіледі. Уылдырығын (аналығының көлеміне қарай, ірілері – 1,5 млн-ға жуық) 2–3 бөліп, тереңд. 1,5–2 м-дегі өсімдіктерге, көбінесе тереңд. 0,5 м-дегі жайылма судағы шөп үстіне шашады. Уылдырығы су темп-расы – 16–22°С, тұзд. 9,6% болса жақсы жетіледі. С. қорек талғамайды. Шабағы алғашында зоопланктон және майда балдырлармен, кейін әр түрлі жәндіктермен қоректенеді. Кейінгі жылдары өз.-көл, бөген суының тартылуына байланысты С. саны күрт азайды және тіршілік орт. мен қорек құрамының нашарлауына байланысты С-дардың дене тұрқы кішірейіп (ұз. 15 см, салм. 70 г) кетті. С-ның еті дәмді, етінің майлылығы 4,1%, белогы 16,5%, кәсіптік маңызы зор.

САЗАНТӨБЕ – ежелгі бекініс орны. Сырдария өзінің төм. ағысында, өз-нің сол жағалық аңғарындағы Байраққұм жерінен 30 км жерде орналасқан. Төбенің биікт. 20 м, ұз. 100 м, пішіні дөңгелек келген. Ортасында 12х12 м болатын төртбұрышты алаң бар. Төбе жағалай биікт. 1 м дуалмен қоршалған. Қазбадан табылған заттар С-нің б. з. 1 ғ-ға жататыны анықталды. Археолог А.Н.Бернштам 1949 ж. зерттеу жүргізген.

САЗДЫ – Арал ауд-ндағы ауыл, Сазды ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Арал қ-нан солт-ке қарай 88 км, округ орт. – Шижаға а-нан 70 км жерде, Баршақұм құмды алқабының оңт. шетінде орналасқан. Тұрғыны 0,6 мың адам (2023). Ауыл 1957–96 ж. асыл тұқымды қаракөл қойын өсіретін «Арал» кеңшары бөлімшесінің орт. болған. Ауыл тұрғындары негізінен мал ш-мен айналысады.

САЙИД БУРХАН әд-ДИН ҚЫЛЫШТЫ АТА (12 ғ-дың соңы – 13 ғ-дың басы) – Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы, әулие, дінтанушы-теолог, патша, жауынгер. Қылышты ата туралы «Бабырнама» (12 ғ.) «Зафарнама» (13 ғ.) атты тарихи кітаптарда, бірқатар ғалымдардың (Жамаладдин Қарши, В.В.Бартольд, Л.Н.Гумилев, А.Якубовский, Н.С.Лыкошин) еңбектерінде деректер келтірілген. Ресей тарихшысы С.Н.Абашин Бурхан-әд-Дин (араб тілінде – «сенім дәлел» мағынасында) лақап есімі дейді өзінің кітабында. Бұл рухани есімдер беделді адамдарға берілген. Ислам дінінің ханафизм бағытын ұстағандар, сондай-ақ мұрагерлік бойынша «имам», «шейх», «садр-джехан», т.б. қызметтерді атқарған. Шығыс Түркістан қожалары мен ишандары туралы «Тазкира-йи хаджаган» атты кітапта Бурхан әд-Дин-Қылыч Өзгенттегі билікті, яғни патшалықты тастап, Ходжент жеріне сопылық жолына түскен деп жазылған. Әр түрлі тарихи деректерде Қылышты атаның сол кезде өмір сүрген дәуірі мен белгілі бір әлеум. орта-ны, тұрғылықты жерді, халықты ислам дініне тарту жұмыстарын жүргізгенін көрсетеді. Қылышты ата мен Қожа Ахмет Ясауидың көзқарастары сәйкес келген, өйткені сол кездегі бағыты Ханафия

мазхабын ұстайтындар арасында (сопы) басым болған. Ахмад Өзгенттің «Увайстардың тарихы» (17 ғ.) кітабында: «Сайид Бурханиддин Қылышты ата 55 жасында «Мурабба ас-салахин» («Тақуалық алаңы») атты кітап жазды. Бұл кітап Өзгент пен Әндіжан тұрғындарын әділ болуға шақырады» делінген. Низам әд-Дин аш-Шамидің «Зафарнама» кітабына сәйкес «Әулие» Қылышты атаға табынушылық Әмір Темір кезінде ресми мәртебеге ие болған. 1992 ж. Жаңақорған ауд-нда Қылышты атаның басына кесене орнатылды. Шығыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауд-ның орт. Ақсуат а-ндағы орт. көшеге Қылышты ата есімі берілген.

Ш.Сұлтанбеков

САЙЛЫБАЕВ Бақытжан (15.10.1955, Жаңақорған ауд. Төменарық а. – 4. 9.2021, Қызылорда қ.) – пед. ғыл. докт. (2010). С. Халықар.пед. білім беру ғылымдар академиясының корр. мүшесі, ҚР Білім беру ісінің үздігі. Қызыл-



Сайлыбаев Бақытжан

орда пед. ин-тының (1976, қазіргі Қызылорда ун-ті) физ.-матем. ф-тін, Мәскеу КСРО Пед. ғылымдар академиясы білім берудің мазмұны мен әдістері ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1990) бітірген. Қызылорда қ-ндағы орта мектептерде мұғалім, мектеп директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары (1976–81), Қызылорда пед. ин-тында оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, бөлім бастығы, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, 1-проректоры, оқу ісі жөніндегі проректоры (1981–2011), Атырау мемл. ун-тінің 1-проректоры (2011–12), Қызылорда обл. білім басқармасы басшысының орынбасары (2013–15), басшысы (2015–18), Қызылорда гуманит. колледжінің директоры (2018–21) қызметтерін атқарды. С. 80-нен астам ғыл.-әдістемелік еңбектің, 2 монография, 10 оқу, оқу-әдістемелік құралдың авторы. «Құрмет» орденімен (2015), бірнеше төсбелгімен марапатталған.

А.Әбдімомынова

САЙЫМҰЛЫ Жәмет (1895, қазіргі Қазалы ауд. Бекарыстан би а. – ө.ж.б.) – жырау. Әкесі Сайым диқаншылықты кәсіп етken. Ата-анасынан ерте айырылған, атасы Бекеттің тәрбиесін көрген. Жасынан өлең-жырға құмар болып өскен С. той-думандарда домбыра тартып,



Сайымұлы Жәмет

жыр терме айтқан. 1926 ж. Нұртуған ақыннан келіп, арабша хат танып, сауатын ашқан. Жыраулық өнерге деген алғашқы қадамын «Ақ Кете Шернияз» дастанын жаттаудан бастаған. Ол Нұртуғанның «Едіге», «Орақ–Мамай», «Қобыланды» қиссаларын, сондай-ақ Бітімбай жыраудың «Қарабек», «Наурызбай», т.б. жырларын насихаттап, жампоз жырау атанған. Обл., ауд. айтыстарға да қатысқан. Жыраудан жазылып алынған жыр мұралары Әдебиет және өнер ин-тының қолжазбалар бөлімінде сақтаулы.

САЙЫПНАЗАР АХУН Өтепұлы (1810, Сырдария ауд. Амангелді а. – 1873, сонда) – діни қайраткер. Ауыл молдасынан дәріс алып, кейін Бұхарадағы «Көкілташ» медресесін, Ыстанбұл, Мысыр қ-ларындағы ірі діни оқу орындарын бітірген. Сыр елінде көптеген мешіттің салынуына басшылық жасаған. Қалғандарияда 300 балалық медресе ашып, бала оқытқан. С. а. түрік, араб, парсы, тәжік тілдерін

жетік меңгерген. Көптеген шығыс халықтарының ертегі-қиссаларының ізімен өлең жазған. Мұхаммед-Ханафия, Абу-Арис, Абу-Сина шығармаларын, Қиямет қайым дастандарын қазақ тіліне аударған.

Т.Дайрабай

САЛАМАТОВ Мұрат (1942, қазіргі Жамбыл обл. Көктерек ауд. Бурылбайтал а. – 16.6.1999, Астана қ.) – мұнайшы, менеджер. Қазақ политех. ин-тын (1966, қазіргі ҚазҰТУ) бітірген. Еңбек жолын 1959–61 ж. «Ақтөбемұнай-барлау» тресінде жұмысшы болудан бастаған. «Өзенмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасында өндіру шебері, №2 ауд. инж.-технол.қызметтің бастығы (1967–73), Қазақстан КП Маңғышлақ (қазіргі Маңғыстау) обл. к-тінің өнеркәсіп бөлімінде нұсқаушы, 1-хатшының көмекшісі (1973–75), «Жетібаймұнай» мұнай-газ өндірістік бірлестігінің бастығы (1975–79), Қазақстан КП ОК Ауыр өнеркәсіп бөлімінде нұсқаушы (1979–81), «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігі бас директорының орынбасары, «Құмкөл-мұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы (1981–86, 1988–91), Құмкөл кен орны бас директорының орынбасары (1986–88), «Оңтүстікқазмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің алғашқы бас директоры (1991–94), «Мұнайгаз» халықар. холдингтік компаниясының президенті (1994–95), ҚР Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің 1-орынбасары (1995–97), «Қазақойл» ұлттық мұнай компаниясының 1-вице-президенті (1997–99) қызметтерін атқарды. Сыр өңірінде мұнай өндірісінің негізін қалаған, обл. әлеум. -экономикалық дамуына үлкен үлес қосқан.



Саламатов Мұрат

А.Әбдімомынова

САЛЫҚБАЕВ Зордан (15.5.1944, Жалағаш ауд. Жаңаталап а. – 1.4.1988, Алматы қ.) – ұстаз, ағарту ісінің қызметкері. Қызылорда пед. ин-тының (1963, Қызылорда қазіргі ун-ті) филол. ф-тін бітірген. Жаңаталап а-нда (1961–63), Жалағаш ауд. Аққыр орта мектебінде ұстаз, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, ауд. партия к-тінде саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі (1967–70), «Жаңадария» газетінің редакторы (1974–87), «СПТУ-150» уч-щесінде оқытушы (1986–88) қызметтерін атқарған. С-тың алғашқы әңгімелер топтамасы «Үміт толқыны» атты жинағы (1988), «Жазылып қалған жан сырым» (1997) кітабы жарық көрген.



Салықбаев Зордан

Т.Дайрабай

САМАЕВ Омар (1890, қазіргі Қармақшы ауд. – 1946, сонда) – ағартушы, ұстаз. Перовскідегі реальдық уч-щесін, кейін Ташкенттегі алты айлық курсты бітірген. Д.Букиннің ұсынысымен 1900 ж. Аламесекте қазақ тілінен сабақ берді. Оқу-құралдарының жоқтығынан, балаларға орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасап отырған. 1901–03 ж. Букиннің басшылығымен 20 орындық интернат салды. 1916 жылға дейін қазіргі



Самаев Омар

Жалағаш, Сырдария аудандарында Аламесек және Хан мектептері ғана болды. 1900 ж. ел арасында «Учитель Омар» атанған С. ұстаздың алдын көрген, кейін қоғам және мемлекет қайраткері атанған Т.Жүргенов, С.Баймаханов, Х. Сарбасовтың есімдері елге белгілі. Қарсақбай қ-ндағы мектептер мен балалар үйінде қызмет атқарған (1919–30). Қармақшыдағы «Автозауыттағы» (кейін Жосалы мех. з-ты) жеті жылдық орыс мектебінде (қазіргі №250 мектеп) ұстаздық еткен (1930–40).

А.Әбдімомынова



Самороков Николай

САМОРОКОВ Николай Николаевич (5.5.1919, Қызылорда қ. – 15.1.1974, Орынбор қ.) – Кеңес Одағының Батыры (26.10.1944). 1940 ж. Чкалов әскери комиссариатынан Қызыл әскер қатарына шақырылып, әскери-авиац. уч-щеге жіберілді. 2-дүниежүз. соғыс барысында (1943 ж. тамызда) шабуылдаушылар звеносы Старая Руссо-Заболотно ауд-ндағы жаудың артилл. бекінісін жоюға тапсырма алды. Шабуыл нәтижесінде үш артилл. батарея, бес зенит пулеметі және бір зенит зеңбірегі жойылды. С. қызмет істеген шабуылдаушы авиац. полк Солт.-Батыс, 1 және 2-Прибалтика, 1-Беларус майдандары құрамында жауды талқандауға қатысқан. Екі жылдың ішінде С. 100-ден астам әскери тапсырмамен әуеге көтерілді. Ол 200-ден астам жау солдаты мен офицерін, паровоз, 45 вагон, 5 батарея, 4 зенит зеңбірегін, т.б. әскери техниканы жойды. 1-дәрежелі Отан соғысы (1943), Қызыл Ту (1943, 1944), Ленин (1944) ордендерімен марапатталған.

САПАҚ – Арал ауд-ндағы ауыл, т. ж. бекеті. Сапақ ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. Арал қ-нан оңт.-шығысқа қарай 22 км жерде орналасқан. Тұрғыны 0,5 мың адам (2023). С. Ауылдық округ құрамына Сапақ т. ж. ст., Көктем а. және 87, 88-т. ж. айрықтары кіреді. Округтегі тұрғын саны 0,86 мың адам (2023).

САПАҚ (Сопақ) би (Сапақ Сапай, шамамен 1774/1775 – 1859/1860 Арал ауд. Сапақ а.) – үш жүзге белгілі би. С. б-ден Шөңкі, Бейіс, Есенжол, Аманжол атты ұрпақ тараған. С. б. туралы Қазалы, Арал өңірі жайында шыққан жинақтарда, Қ.Салғараұлының «Көмбе» атты романында, т.б. кітаптарда жазылған. Сондай-ақ «Туркестанские ведомости» газетінің 1902 жылғы бір санында Арал өңірінің бір бекетінің Сапақ есімімен аталатыны жазылған.



Сапарбаев Бердібек

САПАРБАЕВ Бердібек Машбекұлы (9.2.1953, Жаңақорған ауд. Бесарық а. – 10.6.2023, Алматы қ.) қаржыгер, мемлекет және қоғам қайраткері, экон. ғыл. докт., проф. С. Тәуелсіз Қазақстан тарихында еліміздің бес облысын басқарған. Алматы халық ш. ин-тын (1977, қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. Қазақ КСР Қаржы мин-нде экономист, бас экономист, бөлім басшысының орынбасары (1977–88), Білім мин-нде жоспарлау-қаржы басқармасының басшысы, министрдің орынбасары (1988–93), ҚР Президенті Аппараты мен Мин. Кабнің қаржы, еңбек және әлеум. қорғау бөлімі меңгерушісінің орынбасары, бөлім меңгерушісі, Мин. Каб. аппаратының басшысы (1994–95), Қызылорда обл-ның (1995–99) және Түркістан обл-ның әкімі (1999–2002), ҚР Кедендік бақылау агенттігінің

төрағасы (2002–04), Қаржы вице-министрі – қаржы мин-нің кедендік бақылау к-тінің төрағасы (2004–06), ҚР Премьер-министр кеңсесі жетекшісінің орынбасары – ҚР Парламенті Мәжілісіндегі Үкіметтің өкілі (2006–07), ҚР Экон. және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, ҚР Еңбек және халықты әлеум. қорғау министрі (2007–09), Шығыс Қазақстан обл-ның әкімі (2009–14), ҚР Премьер-министрінің орынбасары (2014–15), Ақтөбе обл-ның әкімі (2015–19), ҚР Еңбек және халықты әлеум. қорғау министрі (ақпан-тамыз, 2019), ҚР Премьер-министрінің орынбасары (2019–20), Жамбыл обл-ның әкімі (2020–22) лауазымдарын атқарған. 2022 жылдан «QazBioPharm» Ұлттық холдингі» директорлар кеңесінің төрағасы болды. «Өтпелі кезеңдегі өңір экономикасы» (1995), «Арнайы экономикалық аймақтар. Құрылу тәжірибесі» (1996) атты кітаптардың авторы. «Құрмет» (1999), «Парасат» (2007), 1-дәрежелі «Барыс» (2012), «Отан» (2017), Ресейдің «Достық» (2015) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Түркістан (2002), Қызылорда (2009), Шығыс Қазақстан (2014) және Ақтөбе (2023) облыстарының құрметті азаматы.

Қ.Омаров

САПАРБЕКОВ Садықбек (1902, қазіргі Жаңақорған ауд. Балапантөбе а.– 1938, Алматы обл. Іле ауд. Қарасу а.) – қоғам қайраткері. Жаңақорғандағы орыс-түзем мектебінде оқыған (1912–17). Түркістан өлкелік партия к-ті жанындағы партия мектебінің коммунистік жастар одағы бөлімінің басшысы, Алматы, Жетісу обл. комсомол к-тінің хатшысы (1920–23) қызметтерін атқарған. Ол көрнекті комсомол қайраткері Ғ.Мұратбаевпен бірге зейінді балаларды қамқорлыққа алып, тәрбиелеген. Сол жастардың арасынан кейін А.Тоқмағамбетов, А.Хангелдин, Ө.Тұрманжанов, Б. Кенжебаев, т.б. жазушылар шықты. Ол РК (б)П 10, 15, 16-съездеріне делегат болып қатысқан. Қызылорда, Қарсақпай ауд., Ақмола, Атырау окр., Батыс Қазақстан обл. партия к-ттерінің 1-хатшысы қызметтерін атқарған. 1937 ж. «халық жауы» деген айыппен қамауға алынып, 1938 ж. Алматы обл. Іле ауд-на қарасты Қарасу маңындағы Қандысай деген жерде атылған.



Сапарбеков Садықбек



Сараман-Қоса мұнарасы

САРАМАН-ҚОСА МҰНАРАСЫ – сәулет өнері ескерткіші. Мұнаралы кесене құрылысының ертедегі үлгісіне жататын С-Қ. м. 11 ғ-да салынған. Қазалы ауд-ндағы Кәукей а-ның солт.-шығысында 2 км жерде орналасқан. Мұнара құрылысы жоғарыға қарай сүйірлене соғылған. Шикі кірпішпен өріліп, күйдірілген кірпішпен қапталған, төм. жағының диам. 12 м, биікт. 15 м, іргетасының қалың. 1,6 м. Мұнара 3 қабатты. 1, 2-қабаттары күмбезделген.

САРБАЛАҰЛЫ Бақыт (18.5.1947 ж. т., Жаңақорған ауд. Жайылма а.) – әдебиет сыншысы, журналист. Қызылорда пед. ин-тының (1969, қазіргі Қызылорда ун-ті) филол. ф-тін бітірген. Алғашқы еңбек жолын мектепте мұғалім болудан бастаған. Алматы обл. Іле ауд. «Ильич жолы» газетінде, кейін «Қазақстан мұғалімі (1970–74), «Лениншіл жас» (1974–78, қазіргі «Жас алаш») газеттерінде, «Жалын» журналында (1978–82), Қазақ

КСР Мәдениет мин-нің репертуарлық редакц. алқасында аға редактор, «Қазақ әдебиеті» газетінде (1982–86), «Ана тілі» газетінде бас редактордың орынбасары (1990–95), «Қазақ елі» газетінің бас редакторы (1995–2006) қызметтерін атқарған. 2007 жылдан «Сын» журналының бас редакторы, халықар. «Қазақ тілі» қоғамы төралқасының мүшесі, әдеби сын кеңесінің төрағасы. С-ның «Қызыл алма» (1982), «Ақиқат алдында» (1986), «Бейімбет Майлин» (1989), «Өткірдің жүзі» (1991), «Ілияс Жансүгіров» (1992), «Көк кесене» (2009), «Бесік жыры – басты жыр» (2017) атты кітаптары жарық көрген. Қазақстан Журналистер одағы (1992) және «Өткірдің жүзі» кітабы үшін халықар. «Алаш» әдеби сыйлықтарын (1994) иеленген. «Құрмет» (2008), «Парасат» (2020) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы (2016).

САРБӨПЕЕВ Қуаныш (1931, қазіргі Сырдария ауд. Тасарық а. – 25.10.2016, сонда) – машинист, еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (4.5.1971). ҚР-ның құрметті құрылысшысы (1979). 1959 жылдан Қызылорда обл. №30 жол-құрылысы басқармасында жүргізуші, автогрейдер машинисі. С. бригадасы Қазақстанда бірінші болып коммунистік еңбек ұжымы атағына ие болған. Ленин орденімен (1966, 1971), медальдармен, Қазақ КСР-інің Құрмет грамотасымен, Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінің Алтын медалімен марапатталған.



Сарбөпеев Қуаныш

Қ.Омаров

САРБҰЛАҚ – Қазалы ауд-ндағы ауыл, Сарбұлақ ауылдық окр-нің орт. Қазалы ауд-нан оңт.-шығысқа қарай 110 км жерде орналасқан. Жер аум. 30,4 мың га. Тұрғыны 0,5 мың адам (2023). С. а-ның негізі 1954 ж. «Қазалы» қой кеңшарының бөлімшесі ретінде құрылды. Қазалы ауд. әкімдігінің қаулысымен 2005 жылдан дербес С. ауылдық окр. болып қабылданды. Негізгі кәсібі – мал ш. Ауылда 39 жеке кәсіпкер, 3 шаруа қожалығы, 3 АӨК, 6 әлеум. нысан жұмыс істейді. С. ауылдық окр. әкімш., №78 орта мектебі, мектеп жанынан ашылған Нұрбөбек шағын орт., мед. пункт, клуб, кітапхана, оба ауруына қарсы эпидемиол. лаб., мешіт бар.



Саржанов Құдайберген

САРЖАНОВ Құдайберген (23.8.1937 ж. т., Арал ауд. Аманөткел а.) – мемлекет және қоғам қайраткері. ҚР А. ш. саласының үздігі. Гурьев (қазіргі Атырау қ.) балық ш. техникумын (1956), Алматы жоғары партия мектебін бітірген соң инж., шаруашылық директоры, ауд. партия к-ті өндіріс бөлімінің меңгерушісі (1956–65), Қызылорда обл. партия к-тінде өндірістік-көлік бөлімінде нұсқаушы (1966–71), Арал ауд. атқару к-ті төрағасының 1-орынбасары (1972–75), Арал өндірістік балық ш-ның бас директоры (1975–83), ҚР Балық ш. министрі (1983–94), Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1985–90), Қазақстан экологиясы және Арал-Балқаш мәселелері жөніндегі халықар. қоғамдық к-тінің вице-президенті (1989–91) болды. 2003 жылдан «Шарткен ата» қоғамдық бірлестігін құрып, «Қызыл» кітапқа енген Арал қаязы шабағын өсіріп, бағалы балық тұқымын қайта қалпына келтіру

бағытында еңбек етіп келеді. «Аралдың айтылмаған ақиқаты» атты кітабы жарыққа шықты. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен (2 мәрте) марапатталған. Қызылорда обл-ның (2018), Арал ауд-ның құрметті азаматы.



Сариев Шөмішбай

САРИЕВ Шөмішбай (15.4.1946, Арал ауд. Шөміш ст. – 15.2.2021, Алматы қ.) – ақын, филол. ғыл. канд. (1996), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2005). ҚазМУ-ды (1971, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Қазақстан» баспасында редактор (1970–74), «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер (1974–96) болды. Алғашқы жыр жинағы 1974 ж. «Балдәурен» деген атпен жарық көрген. 1992 ж. ән өлеңдері «Сүйінші» деген атпен жеке жинақ болып басылып шықты. «XX ғасырдың жиырмасыншы жылдардағы поэзиясы» атты монография жазған. «Ғашықтар жыры», «Бозжорға» атты авторлық бейнетаспасы жарияланған. Кейін заман-дас келбеті жайында, табиғат, бейбітшілік, адам, өмір, заман туралы әлеум., азаматтық ой толғайтын «Арайлы көктем» (1975), «Теңізден соққан жел» (1975), «Тағдыр» (1976), «Заула, тұлпар» (1979), «Өң мен түс» (1980), «Үш өлшем» (1982), «Біздің ғасыр» (1989), «Сағынышым – теңіз» (1994) «Шөл даланың ұлымын» (2008), «Поэзия падишасы» (2012), «Өлеңдер, балладалар, поэмалар» (2016), т.б. атты жыр жинақтары бар. С.100-ден астам («Сәлем саған, туған ел», «Қарағым-ай», «Аралдан ұшқан аққулар», «Сарыарқа», «Жер-Ана», «Бозжорға», т.б.) ән мәтіндерінің авторы. Г.Гулиа, О.Бергтольц, И.Абашидзе, С.Викулов, А.Дементьев, Ф.Алиева, Р.Рождественский, М.Эминеску, т.б. ақындардың өлеңдерін қазақ тіліне аударған. Шығармалары орыс, украин, қырғыз, өзбек, тәжік, румын, чех, үнді, француз тілдеріне аударылған. Франц Кафка атынд. халықар. (Чехия, 2003), тәуелсіз «Тарлан» (2004), поэзия саласындағы «Жыл адамы – Алтын Адам» ұлттық (2004), «Алтын дәуір» номинациясы бойынша «Жылдың халық сүйіктісі» ұлттық сыйлықтарының иегері (2018). «Парасат» (2011), 1-дәрежелі «Барыс» (2020) орденмен, бірнеше медальмен марапатталған. Арал ауд-ның құрметті азаматы (2007).

А.Әбдімомынова

САРМАН Жантілеуұлы (шамамен 1770–1843) – батыр, би. Бәйтік, Жанқожа батырлармен, Үбіс бимен қатар жүріп, дос-жаран, Бұқарбай, Сейіл, Байқадам батырлармен жақсы қарым-қатынаста болған. Үбіс бимен екеуі халықты отырықшылыққа бастаған. 1836–42 ж. қоқандықтардан 60 мыңдай қой, тағы да басқа төрт түлік малды, жаудың қолына түскен жас әйелдерді босатқан оқиғаның ішінде С. да болған. С. Шөмекей руының аға биі болып сайланған. С-ды қоқандықтар үзеңгісіне у жағып өлтірген. 1844 ж. Жалағаш ауд-ның Аққыр а-ның маңындағы Қаракөлде шаршы түрінде, қам кесектен басына үйтам тұрғызылған. Жалпы көл. 212 м². Порталды, күмбезді болып келген, қабырғасының биікт. 2,15 м. С. жайында 1890 жылдардағы орыс құжаттарында кездеседі. Оған Балқы Базар, Шораяқтың Омары, Т.Ізтілеуов, Ш.Бектасұлы, Ш.Жұбанұлы, С.Тұрғынбайұлы өлең-жырларын арнаған.

Т. Дайрабай

САРСАЗАН (Halocnemum) – алабұталар тұқымдасына жататын бұта. Қазақстанда Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда, Түркістан облыстарындағы өзен аңғарларында, сортаң топырақты ылғалды жерлерде, тұзды көлдердің жағалауларында өсетін 1 түрі – төмпек С. (H. strobilactum) бар. Кейде оны тентек сораң не мырза сораң деп те атайды. Оның биікт. 5-40 см, сабағы көп бұтақты, төм. бөлігі ағаш тәрізді сүректенген. Жас өркендері шырынды, бунақты келеді. Жапырақтары жетілмеген қабыршақ тәрізді, қарама-қарсы орналасқан. Гүлдері қосжынысты, бір-біріне үш-үштен (кейде екіден) тығыз орналасқан масақ гүл шоғырына топталған. Тамыз-қыркүйек айларында гүлдеп, жеміс береді. Жемісі – тұқымша, ұз. 0,5–0,75 мм, екі бүйірінен қысыңқы, қоңыр түсті. С. өсімдік зиянкестері үшін улы өсімдік. Оны әсіресе түйе сүйсініп жейді, кейде отын үшін де пайдаланылады.



Сарсазан

Д.Айдарбаева



Сарсенбаев Мұрат



Сартаев Дастан

САРСЕНБАЕВ Мұрат (18.5.1970 ж. т., Қызылорда қ.) – кәсіпкер, меценат. 1991 ж. Қызылорда обл. тұтынушылар одағының сауда базасында қойма меңгерушісінің көмекшісі болып қызмет атқарды. Қызылорда кооперативтік техникумын (1994), «Болашақ» ун-тін бітірген. Қызылорда қ. өрт сөндіру басқармасы өрттен қорғау қорында бас есепші (1994–97), жеке кәсіпкерлікке бет бұрып, «Абзал және К» ТС директорының орынбасары, директоры (1997–2016) қызметтерін атқарды. 2017 жылдан «Абай-Дәулет» ЖШС-ның директоры. 1-дәрежелі «Еңбек даңқы» (2018), Қазақстандағы сауда кәсіпорны «Best Trade-2017» респ. байқауында «Жылдың үздік көшбасшысы» номинациясы бойынша 1-дәрежелі дипломының (2017), «Жыл меценаты» номинациясының (2019) иегері. «Құрмет» орденімен (2019), «Халық алғысы» медалімен (2020) марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (2019).

САРТАЕВ Дастан (27.8.1959 ж. т., Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті) – заң ғыл. канд. (2004), 3-сыныпты мемл. әділет кеңесшісі (2002), әділет ген.-л. (2020), ҚР Прокуратура органдарының құрметті қызметкері. ҚазМУ-ды (1981, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Жамбыл обл. Байзақ ауд. прокурорының көмекшісі, Тергеу басқармасының прокуроры, обл. прокурорының көмекшісі, аға көмекшісі (1981–89), Тараз қ. Орт. ауд. прокурорының орынбасары (1989–92), қала прокурорының орынбасары, Орт. ауд-ның прокуроры (1993–96), обл. прокурорының 1-орынбасары, Тараз қ-ның прокуроры (1996–98) қызметтерін атқарған. Алматы қ. Жетісу ауд-ның прокуроры, Ақмола обл. прокурорының 1-орынбасары (1998–2000), Маңғыстау, Ақтөбе, Атырау, Павлодар облыстарының прокуроры (2000–18), ҚР Бас әскери прокуроры (2018–22) болған. 2-дәрежелі «Даңқ», «Құрмет» (2008) орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

САРТАЕВ Сұлтан (15.10.1927, Жаңақорған ауд. – 13.12.2019, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, заң ғыл. докт. (1970), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996). С. Қазақстанның еңбек сің. ғылым қайраткері (1994), Қазақстанның еңбек сің. заңгері, ҚР Білім беру ісінің



Сартаев Сұлтан

құрметті қызметкері. Алматы мемл. заң ин-тын (1949), Мәскеу мемл. заң ин-тының аспирантурасын (1952) бітірген. Алматы мемл. заң ин-тында (1952–55), ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) кафедра меңгерушісі, заң ф-тінің деканы, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі (1955–92), Қазақ құқықтану және халықар. қатынастар ин-тының ректоры (1992–2007) қызметтерін атқарған. ҚР Президенттік Кеңесінің мүшесі, ҚР Жоғ. Кеңесіне 12-,13-шақырылған депутаты (1990–95) болды. «Тілдер туралы», «Республика Президенті лауазымын орнату туралы», «Егемендік туралы декларация», «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» және «Республика азаматтығы туралы» заңдардың жобаларын жасауға тікелей қатысты. С. 500-ден астам ғыл. еңбектің, 24 монография мен 30 кітапшаның авторы, оның ішінде «Қазақ Совет мемлекетінің қалыптасуы», «Кеңестік Қазақстанның мемлекет және құқық тарихы» (1961, телавт.), «Одақтас республикалардың ұлттық мемлекеттілігі» (1968, телавт.), «Қазақ ССР-інің мемлекеттік биліктің ең жоғары өкілді органы» (1972), «Қазақ КСР мемлекеті мен құқығының тарихы» (1982), «Қазақстан мемлекетінің тарихы мен құқығы бойынша материалдар» (1994), «Ш.Уәлихановтың мемлекеттік-құқықтық көзқарастары» (1996, телавт.), «Ар-ұждан мен тіректің алдындағы сөз» (2001), «Қазақстан заңгерлер» (2002, құраст.), т.б. ғыл. еңбектері жарық көрген. 4 ғылым докторын, 30-ға жуық ғылым кандидатын дайындаған. «Құрмет белгісі» (1981), «Парасат» (2001), 3-дәрежелі «Барыс» (2009), Қырғыз респ. «Даңқ» (2008) орденделірімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2007).

А.Әбдімомынова

САРТАЙ БАТЫР, Сартай Байжанұлы (шамамен 1711, Қазалы өңірі – 1785, сонда) – батыр. Есімі А.И.Левшиннің «Описание киргиз-кайсацких орд и степей», А.И.Тевкелевтің «Күнделіктерінде», М.П.Вятькиннің «Сырым батыр» кітаптарында кездеседі. Тевкелев өзінің күнделігінде 1732 ж. 6 наурызда С. б-мен әңгімелескенін жазған. Ген.-губернатор О.А. Игельстромның 1785 ж. Кіші жүзді басқару жөніндегі реформасы



Сартай батыр

бойынша С. б., Қара Көбек би мен Мұратбек би үшеуі әлімұлын басқарған. С. б-дың ерлігі мен елшілік қызметі туралы Нұрмағамбет Қосжанұлының «Мың бала» немесе «Сартай батыр» деп аталатын дастанында айтылды. Сартайдың Шұбартеңіз, Қалмаққырылған және Аңырақай шайқастарына қатысқаны туралы тарихи деректер бар. Ел ішіндегі аңыз-әңгімелерге қарағанда Сартай тек батыр ғана емес, би де болған. Батырдың өз өсиеті бойынша денесі Қазалы қ-ның оңт-ндегі Қызылқұмдағы Қосым қожа қорымына жерленген.

Н.Қосжанұлы

САРЫБАЙҰЛЫ Темірше (20.10.1941, Жалағаш ауд. Мырзабай ахун а. – 30.12.2012, сонда) – ақын. Қызылорда пед. ин-тын (1968, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Жалағаш ауд. «Жаңадария», Сырдария ауд. «Сырдария» газеттерінде бөлім меңгерушісі (1968–76), Қазақ телеарнасында (1982–88), «За-



Сарыбайұлы Темірше

ман-Қазақстан» газетінде, халық шығарм. үйінде, Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдеби қорда сектор меңгерушісі (1994–96), «Балдырған» журналында бөлім меңгерушісі (2000–05) қызметтерін атқарған. 2011 жылдан Сыр өңірінде шығарм. қызметпен айналысқан. «Дария-дәурен» (2001), «Мазалай бер махаббат» (2008) атты жыр жинақтары жарық көрген. Респ. жыр мүшәйраларының бірнеше дүркін жеңімпазы болды.

Қ.Омаров

САРЫМСАҚОВ Әбжами (1928, Арал ауд. Аралсульфат кенті – 1999, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (26.4.1971). Еңбек жолын 1940 ж. Аралсульфат комб-нда тұз сору қондырғысының жұмысшысы болып бастаған. Тұз қазу цехында трактор паркінің, комбайн механигі болып еңбек еткен. «Сольтресте» тұз қазатын комбайн механигі, трактор паркінің бастығы (1953–55) болған. «Аралтұз» комб-нда тұз қазу цехының механигі,



Сарымсақов Әбжами

комбайн машинисі болып жұмыс істеген (1967–91). Еңбек Қызыл Ту (1966), Ленин (1971) орденделірімен, медальдармен марапатталған. Бірнеше жыл ауд. және ауылдық кеңестің депутаты болған.



Сарысу өзені

САРЫСУ – өзен. Қарағанды, Қызылорда обл. жерімен ағады. Сарыарқадағы Бұғылы тауының етегінен басталатын Жақсы Сарысу, Байназар мен Жақсы Тағылы таулары маңынан басталатын Жаман Сарысу өз. қосылысынан пайда болатын С. Сыр өңіріндегі Телікөлге құяды. Ұз. 800 км. Су жиналатын алабы 81,6–99,1 мың км². Қуаң жылдары Телікөл Ащыкөл ойысына жетпей құмға сіңіп кетеді. Салалары: Жаман Сарысу, Жақсы Сарысу, Атасу, Талдысай, Кеңгір, Құрманақа, Талдыманақа, Құмдыеспе, Қаракеңгір. С-дың орташа жылдық су ағымы 7,5 м³/с, сағасында 0,10 м³/с. Ағысының жылд. 0,6–0,8 м/с. Негізінен, қар суымен толығады, сондықтан да жылдық су ағынының 96,6%-ы сәуір-мамыр айларында, 3,1%-ы күзде, 0,3%-ы қыста өтеді. Сәуірдің соңында, мамырдың алғашқы онкүндігінде қатты тасиды. Суы бастауында тұщы, орта және төм. ағыстарында тұздылау келеді. Өзен желтоқсанда қатып, наурыздың аяғында мұзы түседі. Арнасының ені бастауында 15–20 м, орта бөлігінде 40–60 м, саға жағында 150–200 м-ге дейін кеңейеді; бас жағында тар болып келетін аңғары төм. ағысында 10 км-ге дейін ұлғаяды. Көне арнасының түбі және жағалауы құмды және құмды-малтатасты шөгінді жыныстардан түзілген. Мұндағы ашық қызыл қоңыр топырақта жусанды-бетегелі-шытырлы өсімдікті шөлейт ландшафтысы қалыптасқан, сағалық бөлігінде шөлдік ландшафт басым. Көктемгі Сырдария суының біраз бөлігі Телікөл каналы арқылы С. сағасына қосылады.

САРЫШЫҒАНАҚ – су айдыны. Үлкен Сарышығанақ – Кіші Аралдың солт-ндегі құрлыққа бойлай еніп жатыр. Арал қ-нан оңт.-батысқа қарай 22 км жерде орналасқан. Ұз. 25 км, енді

жері 11 км. Батыс жағалауын құмды-төбелі келген Көктырнақ түбегі алып жатыр. Шығыс, оңт.-шығысын Арал Қарақұмы құмды алқабы қамтыған. Солтнде Үлкен Сарышығанақ атты бұта аралас сораң шөп басқан қоныс жатыр. С-тың жағалауларында бірнеше қыстау бар. Кезінде (1980 жылға дейін) теңіз суы Арал қ-ның батыс шетін шайып жатқан. Ол кезде С-тың ұз. 53 км, енді жері 22 км теңізге шыға берер жерінде 17 км болған. Шығанақтың Арал қ-на дейінгі аралығын жұмсақ тау жынысынан және теңіздің түбіне шөккен тұнбалы балшық жер алып жатыр. Бұл шипалы балшық шығанақта 2–10 м, теңіздің суынан жаңа арылған жерінде 35–40 м тереңдікте. Ылғалд. 60–70%, бөгде қоспалары 1%-дан аспайды. Минералд. 10–4 г/л, құрамындағы сутек 0,02–0,05%, органик. зат 1–2%-ға жуық. Балшықтың қалынд. 20 см-ден астам және ол бүкіл С-тың жағалауын қамтыған.

САТЫБАЛДИЕВ Марат (22.4.1962 ж. т., Солт. Қазақстан обл. М.Жұмабаев ауд. Гаврино а.) – велошабандоз, КСРО-ның еңбек сің. спорт шебері (1989). Жаттықтырушысы – В.Ли. Қызылорда пед. ин-тын (1986, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қазақстан және халықар. жарыстардың жеңімпазы. 5 мәрте КСРО (1985–89) және әлем чемпионы (1989, Франция, Лион).



Сатыбалдиев Марат

Қазіргі уақытта Алматы қ-нда тұрады, кәсіпкер, Велоспорт федерациясының вице-президенті.

САУРАНБАЙ Құлманұлы (1847, бұрынғы Перовск уезіне қарасты Қараөзек болысы – 1919, Ақтайлақ а.) – белгілі би, болыс. Жас кезінде Аббас бидің қарамағында көмекші болып ел арасында өткір тілімен, біліктілігімен көзге түскен. 30 жылдай Қараөзек болысын басқарып, 1870 ж. С. қаздырған арық «Сауранбай арығы» содан өтетін т. ж. көпірі 1904 жылдан «Сауранбай көпірі» аталған. 1901 ж. 22 наурызда күміс медаль және Станиславский лентасымен марапатталған. 1902 ж. Орынбор – Ташкент т. ж-ның өту бағытын әзірлеуге ат салысып, құрылысына көмек көрсеткен. Жүсіп, Оңғар, Жарылқап ақындар жырларында С. туралы деректер кездеседі.

«САУТС-ОЙЛ» ЖШС – мұнай-газ компаниясы. Қызылорда, Ұлытау облыстарында көмірсутек шикізатын барлау және өндірумен айналысады. Компания өз қызметін 1999 ж. Қызылорда обл-нда мұнай барлау және өндіру тендерінде жеңіске жеткен кезінен бастады. Өңірді дамытуға өндіру шығындарының 3%-ына дейін инвестиция салуды көздейтін әлеум. шығындарды ұсынды. Алғашқы мұнай 2004 ж. өндірілді. Компанияның бас кеңсесі Шымкент қ-н да орналасқан, Астана, Қызылорда қ-ларында бөлімше-



«Саутс-ойл» ЖШС

лері бар. Қызылорда бөлімшесі 600 адамға арналған өндірістік база және мәдени-сауықтыру кешенімен жабдықталған. Қазіргі кезде компанияда 890 адам жұмыс істейді. Компания ашылғаннан бері 9,371 млн т мұнай және 745,250 млн $м^3$ газ өндірілді, 389 ұңғыма бұрғыланды. «С.-О.» компаниясы Қазақстанның мұнай-газ нарығындағы табысты және қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорын.

А.Әбдімомынова

САУЫСҚАН (Pica pica) – торғайтәріздіler отрядының қарға тұқымдасына жататын құс. Еуразия, Солт., Батыс Африка мен Солт.-батыс және Солт. Америкаға таралған. Қазақстанның барлық өңірін-



Сауысқан

де (далалық шоқ ормандарда, өзен бойындағы тоғайларда, бұталы жерлерде) кездеседі. Дене мөлшері қарғадан кішірек, тұрқы 45–48 см, салм. 160–260 г. Басы, құйрығы қара, қауырсыны қара ала түсті. Бауыры, кеудесі және топшысы – ақ. С-ның бір ерекшелігі – ұзын құйрығын кесіртке сияқты үзіп, шабуыл жасаған жыртқышқа қалдыра алады. Жыл бойы жұбымен жүреді. С. – отырықшы құс, ұя салған жерінде қыстайды. Ағаш басына қақпағы бар үлкен ұя жасайды. Ұясы терең, оның ішін балшықпен сылайды. Сәуір-мамыр айларында аналығы 4–7 жұмыртқа салып, оны мекиені 17–19 тәулік бойы басады. Балапандары мамырдың аяғында ұядан ұшады. Үйірі қыркүйекте тарқайды. С-дар жем талғамайды. А. ш., орман ш. зиянкестерін жеп, пайда келтіреді.

Қ.Қайым

САУЫСҚАНДЫҚ ПЕТРОГЛИФТЕРІ – ескерткіштер кешені. Шиелі ауд. Еңбекші а-нан солт.-шығысқа қарай 50 км жерде Қаратау жотасының батысында орналасқан. Аум. 473,3 га жерді алып жатыр. Қорғау аймағының көл. 85 га, құрылыс салуды реттеу аймағы 130,1 га, қорғалатын табиғи ландшафт аймағының көл. 122,8 га. Петроглифтердің мерзімі б.з.б. 2-мыңжылдық. Қаратау жотасындағы ежелгі жартас бейнелеу өнерінің ғыл. тұрғыдан зерттелуі археолог М.Қадырбаевтың есімімен тығыз байланысты. Ғалымның Қаратау жотасындағы көп жылғы жұмыстарының қорытындысы археолог А.Н.Марьяшевпен бірлесіп жазылған «Наскальные изображения хребта Каратау» (Алматы, 1977) кітабында көрініс тапты. С. п-н археологтар М.Елеуов (2004), З.Самашев (2005), С.Мұрғабаев (2011–12), т.б. археол. экспед-лары кеңінен зерттеді. Осы зерттеулердің нәтижесінде Қаратау петроглифтері туралы «Сауысқандық петроглифтері» бірлескен монографиясы (2014) жарық көрді. С. п. – тарихы терең археол. ескерткіш



Сауысқандық петроглифтері

болғанымен қоса, табиғат ландшафтысы ерекше туристік нысандардың бірі. «Сауысқандық шатқалындағы жартастағы бейнелер» ескерткіштер кешені 2013 ж. Қызылорда обл. комиссиясының шешімімен есепке алынып, облыс әкімдігінің арнайы қаулысымен қорғау аймағы болып бекітілген. Сондай-ақ бұл кешен 2016 ж. ЮНЕСКО-ның дүниежүз. мұраларының тізіміне енгізілген.



Сахиев Ерназар

САХИЕВ Ерназар (24.5.1957, Қызылорда қ. – 3.9.2014, сонда) – архитектор. Алматы архитектура және құрылыс ин-тын (1981, қазіргі Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы) бітірген. КСРО (1982) және ҚР Сәулетшілер (1999), ҚР Дизайнерлер одағының мүшесі (2002). Ақтау қ-нда архитектор (1981–82), Қызылорда қ-ндағы «Казгипроселхоз» жобалау ин-тында 1-дәрежелі архитектор (1982–90), «Архфонд» ғыл.-өндірістік бірлестігінде бас архитектор, директордың орынбаса-

ры (1990–92) қызметтерін атқарған. 1992 жылдан Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инж.ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) аға оқытушысы, доцент. С. Алматы қ. Алатау кентіндегі және Қызылорда қ-ндағы «1941–45 ж. соғыс құрбандарына» қойылған ескерткіштердің (1974, 1990), Ақтау қ-ндағы «Маңғыстау» дүкені (1981), Қызылорда қ-ндағы тоғыз қабатты тұрғын үй (1998), Ғ.Мұратбаев атынд. стадионның реконструкциясы (2001), т.б. жұмыстардың авторы. «Тұрғын үй немесе пәтердің ең жақсы интерьер жобасы» байқауының жүлдегері (2002). «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған (1986).

СӘДУАҚАСОВА Мәдина (8.8.1979 ж. т., Алматы қ.) – эстрада әншісі, тележүргізуші, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2011). «Жас қанат» жастар байқауының жеңімпазы (1999). Қызылорда муз. уч-щесінің хор дирижерлау бөлімін бітірген. Алғаш 1992 ж. он үш жасында «Әнші балапан» байқауына



Сәдуақасова Мәдина

қатысқан. «Музыкальный вояж» байқауынан кейін танымал бола бастады. 1999 ж. «Жас қанат» байқауында жеңімпаз атанды. Осы жылы «Азия дауысы» байқауына қатысып, Қызылорда обл-ның «Жыл адамы» деп танылды. Президент оркестрі, «Гүлдер» ансамблінің әншісі. Қазақстан жастар одағы «Серпер» жастар (2009), Қазақстан жастар одағы сыйлықтарының лауреаты (2009). «Құрмет» орденімен марапатталған (2017). Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (2018).

СӘДУАҚАСҰЛЫ Жеңіс (19.1.1946 ж. т., Қазалы ауд. Ұялы а.) – филол. ғыл. докт. (1997), ҚР Білім беру ісінің үздігі (1992). С. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2006), Қазақстан пед. ғылымдар академиясының корр. мүшесі (2006). Қызылорда пед. ин-тын (1971, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қазалы ауд. «Қызылқұм» сегіз жылдық мектебінде мұғалім (1964–67), Қызылорда қ-ндағы мектептерде директордың орынбасары (1971–79) қызметтерін атқарған. 1979 жылдан Қызылорда пед. ин-тында оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, проф. Ғыл. зерттеулерінің негізгі бағыты – қазақ тіл білімінің морфология және синтаксис саласы. 100-ден астам ғыл.-зерт., оқу-әдістемелік еңбегі («Қазақ грамматикасы», «Тауарихтағы



Сәдуақасұлы Жеңіс

жай сөйлемнің түрлері», «Жай сөйлемнің құрылымдық түрлері», «Қазақша іс қағаздары», «Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері», т.б.) жарық көрген. «Ана тілі» (2023), т.б. медальдармен марапатталған.

СӘДІБЕКҰЛЫ Айжарық (17.12.1939, Арал ауд. Қармыс а. – 13.7.2020, Қызылорда қ.) – журналист, жазушы. Қызылорда пед. инст. (1968, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Жалағаш ауд. «Жаңадария» және Сырдария ауд. «Сырдария» газеттерінде бөлім меңгерушісі (1966–71), облыстық «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің еңбекші хаттары, совет құрылысы, партия тұрмысы, саясат және қоғам бөлімдерінде тілші, аға тілші, бөлім меңгерушісі және редколлегия мүшесі (1972–1997), республикалық «Сұхбат» және халықаралық «Түркістан» саяси газеттерінің Ақтөбе, Қызылорда облыстары бойынша меншікті тілшісі (1993–2000) қызметтерін атқарған. Тұңғыш әңгімесі облыстық «Ленин жолы»

газетінде жарияланған. «Дария жыры», «Көктемін күткен ару», «Жүректегі жауһарлар», «Аққұмның ақ түндері», «Бал айы», «Ашық мұхитқа шыққан алып», «Жұмыр жерде біз бармыз» «Парасат майданы», «Дарияның тұмасынан қар боратқан» атты кітаптардың авторы. «Еңбек ардагері», т.б. медальдармен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Грамотасымен (1987), т.б. грамоталар мен алғыс хаттармен марапатталған. Арал ауданының құрметті азаматы. Облыстың үздік журналисі құрметті атағының иегері (1992, 1996).Облыс әкімінің стипендиаты (2003, 2009).

Қ.Омаров


СӘДІР Алтыбайұлы (1816 – ө.ж. б.) – би, ел бірлігін сақтау жолында күрескен қайраткер. Ұзақ жыл бойы Қазалы уезіне қарасты кете-шөмекей руларын басқарушының көмекшісі болған. Қоқандықтарға қарсы күрестегі көмегін ескеріп, орыс ген.-губернаторы 1853 ж. С-ге шұға кафтан сыйлаған. С. би жөнінде Сыр бойында әңгіме-аңыздар көп таралған. Сыр сүлейлері жырға қосқан.

Т.Дайрабай

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН – ауыл. Сырдария ауд-ның орт. Тереңөзек кентінен солт.-батысқа қарай 5 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,6 мың адам (2023). Іргесі 1930–31 ж. қаланған «Құндызды», «1–Май» серіктестіктері 1949 ж. бірігу арқылы «Каганович» ұжымшары аталды. 1959 ж. «Каганович», «Амангелді» ұжымшарлары бірігіп, Ленин атынд. ұжымшар болды. 1963 ж. «Қызылдихан» мен «Ленин» ұжымшарлары бірігіп, 21-партсъезд атынд. кеңшарға айналды. 1975 жылдан С.Сейфуллин атынд. кеңшар болып аталды. Тұрғындардың негізі кәсібі – егін (күріш, жоңышқа), мал ш. Ауылда 2 ірі ЖШС, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер жұмыс істейді.

СӘЛТЕКЕ Мәметекұлы (17 ғ. соңы – 18 ғ.-дың 1-жартысы) – батыр, би, ақын. С. Қармақшы ауд. мен Ақтөбе обл-ның Ырғыз ауд. және Батыс Қазақстан обл. өңірлерінде өмір сүрген. Батырдың бейіті Батыс Қазақстан обл. Жәнібек ауд. Орал тауының оңтүстік бетіндегі «Сәлтеке асуы» деген жерде. Сәлтеке – Сыр бойының киелі батыры, ел басқарған тұлға. Ол қазақ–қалмақ, қазақ–жоңғар, қазақ–башқұрт соғыстарында ерлік көрсеткен. С. батыр қалмақтардың қолынан қапыда қаза болған деген дерек кездеседі.

СӘМЕНОВ Шәкірбек (1.3.1950, Сырдария ауд. Тереңөзек кенті – 27.9.2023, Сырдария ауд. А.Тоқмағанбетов а.) – суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1981). ҚазПИді (1971, қазіргі Қаз.ҰПУ) бітірген. С. театрлардағы драмалық қойылымдарды



Сәменов Шәкірбек

безендірген. 1974 жылдан респ., бүкілодақтық және шет елдердегі көрмелерге қатысқан. Қазақстан Суретшілер одағының 12-съезінде одақтың басқарма мүшелігіне (1988), осы одақтың Қызылорда бөлімшесінің 1-төрағасы болып (1990) сайланған. Бүкілодақтық «Арал» шығарм. тобына жетекшілік еткен (1989–90). Шығармалары Ә.Қастеев атынд. Мемл. өнер мұражайынан, ҚР Мәдениет мин. және «Өнер» көрме дирекциясының Германия, Канада және т.б. елдердің жеке коллекция қорларынан орын алған. 2008 ж. шетелдік әріптестерінің шақыруымен Германияда, Италияда, Баку, Минск, Хиуада жұмыс істеді. Шебердің алғашқы жұмыстары «Қыз», «Ана», «Шеберханада» композициялары құрылысының айқындығымен ерекшеленеді. С. шығарм-нда Арал тақырыбына арналған жұмыстар ерекше орын алады. Облыс әкімінің стипендиаты (2008). Туындылары Ә.Қастеев атынд. Мемл.

өнер мұражайында, Германия, Канада мұражайларының қорында, жеке коллекцияларда сақтаулы.

СӘМЕТ Назымұлы (1744–1839, Ақтөбе обл. Ырғыз ауд. Жайсаңбай а.) – батыр. С.19 ғ-да Ресейдің отарлау саясатына қарсы күресте танымал болған. Ор, Ырғыз, Сырдария өз-дерінің бойына бекіністер салуға кедергі жасап, халықты дінінен, әдет-ғұрпынан айыруға бағытталған зорлыққа қарсы шайқастарға қатысқан. Есімі Сыр сүлейлерінің жырларында сақталған.




Сәпиев Оңалбек

СӘПИЕВ Оңалбек (11.1.1944, Жаңақорған ауд. Өзгент а. – 14.7.2024, Қызылорда қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Өскемен пед. ин-тын (1969, қазіргі Шығыс Қазақстан ун-ті), БЛКЖО ОК жанындағы жоғары комсомол мектебін (1971), КОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясын (1983) бітірген. Еңбек жолын Жаңақорған ауд. «Октябрь» ұжымшарында шопандықтан бастаған (1960–62). Қазақстан ЛКЖО Шығыс Қазақстан обл. к-тінің хатшысы, 2-хатшысы (1971–73), БЛКЖО ОК жауапты ұйымдастырушысы (1973–77), ЛКЖО Қызылорда обл. к-тінің 1-хатшысы (1977–81), Қызылорда обл. партия к-тінде нұсқаушы, Сырдария ауд. атқару к-тінің төрағасы (1983–85), Жалағаш ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1985–87), обл. партия к-тінің хатшысы (1987–91), обл. кеңес төрағасының кеңесшісі (1991–92), Сырдария ауд-ның әкімі (1992–97), облыс әкімінің кеңесшісі (1997) қызметтерін атқарған. ҚР Парламенті Сенатының 1-, 2-, 3-шақырылған депутаты (1997–2008). «НұрОтан» ХДП партиялық бақылау к-ті төрағасының орынбасары (2008–12) болған. Еңбек Қызыл Ту (1981), «Құрмет» (2001), 3-дәрежелі «Барыс» (2008) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2008), Жалағаш (2009), Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы.

Қ.Омаров

СӘРКЕ Өміркұлұлы (шамамен 1680–1724, Ұлытау обл.) – батыр. С. 16–17 жасында Ырғыз өңірінде қалмақтармен шайқасқа шыққан уақыттан бастап, оның есімі Сыр табындарының ұранына айналған. С. батыр асқан балуан да болған. Негізінен, құба қалмақ пен башқұрттармен болған ұрысқа қатысқан. 1724 ж. қалмақтармен



болған ұрыста қазіргі Ұлытау ауд-ның Сартөбе деген жерінде мерт болды. Сүйегі 1 жылдан кейін Қорқыт Ата қорымына әкелініп, қайта жерленген. Қарындасы Қарқарадан туған Асау, Барақ өз заманында айтулы батырлардың бірі болды. С. қайтыс болған жер «Сәркенің төбесі», «Сәркенің ақшиі» аталып кеткен.

СӘРСЕНБАЕВ Әбілқасым (22.3.1955, Шиелі ауд. Жаңатұрмыс а. – 14.4.2021, Шиелі кенті) – суретші. Алматы көркемсурет уч-щесін (1979), Алматы мемл. театр-көркемөнер ин-тын (1986, қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) бітірген. 1986–96 ж. Шиелі ауд-нда суретшілер мектебін ашып, Бүкілодақтық шығарм. жастар симпозиумына, респ. «Жігер» фестиваліне қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Оның шиден тоқыған Абай бейнесі ЮНЕСКО шығарған «Абай» альбомына енгізілген. С-тың «Жалғыз үй», «Мұстафа Шоқай», «Бабалар таңбасы» және т.б. шығармалары ҚР Мәдени-



Сәрсенбаев Әбілқасым

ет және ақпарат мин-нің көркем көрмелер дирекциясы қорында сақтаулы.

А.Әбдімомынова

СӘРСЕНБАЕВ Табиғат (10.12.1930, Шиелі ауд. Бәйгекұм а. – 30.11.2014, Алматы қ.) – филос. ғыл. докт. (1985), проф. (1986), ҚР Саяси ғылымдар академиясының акад. Қызылорда пед. ин-тын (1954, қазіргі Қызылорда ун-ті), Алматы жоғары партия мектебін (1964), Қазақ КСР ҒА-ның филос. және құқық ин-тының аспирантурасын (1967) бітірген. Қызылорда обл. мектептерінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, директоры (1951–55), «Гигант» ұжымшары партия к-тінің хатшысы, Шиелі ауд. партия к-тінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі (1956–62), Филос. және құқық ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1967–82), Қазақ политех. (қазіргі ҚазҰТУ) ин-тында (1982–86), ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі (1986–93) қызметтерін атқарған. 1993 жылдан ҚазҰПУ-да проф. қызметінде болған. Негізгі ғыл. еңбектері: ұлтаралық қатынастар мәселесі, жеке тұлғаның дамуы және оның еркіндігі, ұлтаралық қарым-қатынас саясаты және мәдениеті, саяси тұрақтылық мәселесі. 150-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 15 кітап пен кітапшаның авторы. Бірнеше медальмен, «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» (2003) төсбелгісімен марапатталған.

СӘРСЕНБАЙ Оразбек (20.8.1938, Шиелі ауд. Жаңатұрмыс а. – 5.5.2015, Алматы қ.) – жазушы, ҚР Баспа және полиграфия ісінің қайраткері (2004). ҚазМУ-дың (1962, қазіргі ҚазҰУ) филол. ф-тін бітірген. Шиелідегі орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Жас алаш» газетінде, «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер, «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші (1964–87), «Жазушы» баспасының бас редакторы (1987–93), «Өнер» баспасының директоры (1993–95) «Қайнар» баспасының бас директоры (1996–2015) қызметтерін атқарған. Алғашқы жинағы «Данқ» деген атпен 1965 жарық көрген. С-дың «Жалғыз күрке» (1967), «Сағым» (1970), «Таңбалы тас» (1971), «Бақыт құсы» (1973), «Жиде гүлдегенде» (1977), «Жақсының көзі» (1979), «Замандас» (1982), «Тандамалы» (1-т., 1992; 2-т., 1993), «Меченый камень» (1989), «Волшебная лампа» (1996), «Менің мекенім» (2000), «Өмірнама» (2005), «Жарық дүние» (2005), «Шеңбер» (1998) атты романдар, өлеңдер, әңгімелер мен повестер жинағы басылған. Бірқатар қаламгерлердің (В.Короленко, В.Иванов, Ф.Абрамов, Ф.Искандер, т.б.) әңгімелерін қазақ тіліне аударған. «Құран Кәрім», «Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистері», «Қасиетті дұғалар», «Адал мен арам», «Мұсылмандық әдеп сабағы», «Мұхтасар», т.б. кітаптарды қазақшаға аудару ісіне атсалысқан. Көптеген шығармасы шет тілдерге аударылған. С. әңгімесі негізінде «Долана» атты көркем фильм (1981, реж. С.Нарымбетов) түсірілген. «Уәде» (1985) кітабы үшін Қазақстан Жазушылар одағының М.Әуезов атынд. (1987), «Шамшырақ» (1990) романы үшін халықар. «Алаш» әдеби (1994), ҚР Мемл. сыйлықтарының лауреаты (2000). «Құрмет» (2000),



Сәрсенбай Оразбек

«Парасат» (2008) ордендерімен марапатталған.



Сәрсенов Балтабай

СӘРСЕНОВ Балтабай (5.3.1932, Жаңақорған ауд. Төменарық ст. – 8.1.1976, Алматы қ.) – су ш. маманы, Қазақстанның еңбек сің. гидротехнигі. Қызылорда гидротехникумын (1950), Алматы ауыл. ш. ин-тын (1956, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Шиелі суландыру жүйелері басқармасында инж., басқарма бастығы (1956–58), Қызылорда обл. су ш. басқармасының бастығы (1959–61), «Қызылордасуқұрылыс» тресінің бастығы, Оңт. Қазақстан өлкелік су ш. басқармасы бастығының орынбасары, басқарма бастығы (1961–65), Қазақ КСР Мелиорация және су ш. министрінің орынбасары, «ОдақІлесуқұрылыс» басқармасының бастығы (1966–73), «Баскүрішқұрылыс» бас басқармасы бастығының орынбасары (1974–76) қызметтерін атқарған. Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте) орденімен, бірнеше медальмен марапатталған.

СӘТБАЙ КЕСЕНЕСІ – жергілікті маңызы бар сәулет өнері ескерткіші. Жаңадария өз. бойында, Қызылорда қ-нан оңт.-батысқа қарай 115–120 км жерде орналасқан. Кесене Жент қ-ның ескі орнына таяу жерде 1887 ж. салынған. Ежелгі Жаңақаланың күйдірілген кірпішін Ақмешіт-



Сәтбай кесенесі

тің ұстасы қырғыз Мәмбетбет пен Құба сарғасқа Аман қалаған. Үйтамда Сәтбайдың барлық баласының суреті, қазақ а-ның көші, тұрмыс салты бейнеленген көріністер (кілем, өрмек тоқу, ши өру, киіз басу, аң аулау, қыз ұзату, құда күту, ұлттық киімдер, бүркіттің қасқырға түсуі, күйме, аттың үстіндегі жігіт, домбыра тартып отырған адам, қылыш ұстаған жігіт, т.б.) ою-өрнектермен безендірілген. С. к-нің биікт. 5,7 м, ауд. 8,2х8,0 м. Екі маңдайшасының жиегіне 2 бағана, артқы жағына 2 бағана орналасқан.

Т.Дайрабай

СЕГІЗБАЕВ Ораз Аманғалиұлы (1929, Қызылорда қ. – 2006, Алматы қ.) – филос. ғыл. докт. проф. ҚазМУ-ды (1951, қазіргі ҚазҰУ), Ленинград мемл. ун-тінің аспирантурасын (1957)



Сегізбаев Ораз

бітірген. ҚазМУ-да аға оқытушы, доцент, проф., кафедра меңгерушісі, ф-т деканы (1956–95) қызметтерін атқарған. 1995 жылдан ҚазҰПУ-дың филос. кафедрасының проф. болды. 4 ғылым докторын, 19 ғылым кандидатын дайындаған. 3 монография, 1 оқулық, 1 оқу құралы, 60-тан астам ғыл. еңбектің авторы.

СЕЙДАЛИН Рүстем (24.8.1927, Қызылорда қ. – 7.1.2015, Алматы қ.) – сәулетші, архитектура канд. (1963), Қазақ КСР-інің еңбек сің. арх. (1970). КСРО Көркемөнер академиясының корр. мүшесі (1979). Ресей көркем-өнер академиясының құрметті шетелдік мүшесі (1991). Мәскеудің архит. ин-тын (1951) бітірген. «Қарағандыгипрошахт» ин-тының сәулетшісі (1951–61), КСРО Құрылыс және сәулет академиясы Қазақ бөлімшесі бөлімінде бас инж. (1961–64), Қазақ политех. ин-тында (қазіргі ҚазҰТУ) архитектура кафедрасының аға оқытушысы, доцент, кафедра меңгерушісі



Сейдалин Рүстем

(1964–73), Қазақ КСР Құрылыс істері жөніндегі мемл. к-ті төрағасының орынбасары (1973–88) қызметтерін атқарған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 10-, 11-шақырылған депутаты (1980–89). Қазақстан Архитекторлар одағының төрағасы (1966–73, 1985–88) болған. Негізгі еңбектері – Қарағандыдағы спорт кешені орналасқан Орт. мәдениет және демалыс бағы (1957), Алматыдағы Достық үйі (1972), Даңқ мемориалы (1975), Жаңа алаң ғимараттары кешені (1981), т.б. С. еңбектерінің негізгі ерекшелігі – архитекторлық пошымды айқын да, ұтымды қолдана отырып, оны ұлттық өрнекпен үндестіруінде. Қазақ КСР Мемл. (1974), КСРО Мемл. (1982) сыйлықтарының лауреаты.

СЕЙДОЛЛАҰЛЫ Жеңіс (14.5.1962 ж. т., Қармақшы ауд.) – әнші, композитор, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2006). Шымкент муз. уч-щесін (1982), Респ. эстрада өнер студиясын (1985), Әулие ата



Сейдоллаұлы Жеңіс

ун-тін (2005), Қазақ ұлттық өнер академиясының магистратурасын (2012) бітірген. «Гүлдер» мемл. ансамблінде оркестр арт. (1984–87), Сүйінбай атынд. обл. филармонияда оркестр. арт. (1989–94), «Гүлдер» мемл. ансамблінің бас дирижері (1994–97), «Отан» респ. саяси партия орт. аппаратында «Идеология» бөлімі меңгерушісінің орынбасары (2005), «Қазақ әуендері» АҚ бөлімшесі «Гүлдер» ансамблінің директоры (2006–13), Қазақ ұлттық өнер академиясының проректоры (2013–14), Қазақ мемл. филармониясының директоры (2016–18), «Қазақконцерт» мемл. концерттік ұйымның директоры (2018–22) қызметтерін атқарған. 2014–16 ж. және 2022 жылдан респ. эстрада-цирк колледжінің директоры. «Құрмет» орденімен (2015), бірнеше медальмен марапатталған. Қармақшы ауд-ның (2007) және Қызылорда қ-ның (2018) құрметті азаматы.

М.Әмзе



Сейсенов Бақытбек

СЕЙСЕНОВ Бақытбек (23.3.1941, Қармақшы ауд. Ақтөбе а. – 20.3.2016, Қызылорда қ.) – филос. ғыл. докт. (1999), проф. (1993). С. Қазақ КСР Халық-ағарту ісінің үздігі (1990), ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2011), Қазақстан әлеум. ҒА-ның акад. (2001). Қызылорда пед. ин-тының (1964, қазіргі Қызылорда ун-ті) физ-матем. ф-тін, Киев мемл. ун-тінің аспирантурасын (1973) бітірген. Жамбыл обл-ндағы, Қызылорда обл-ның Қармақшы ауд-ндағы, Қызылорда қ-ндағы орта мектептерде физ.-матем. пәндерінің мұғалімі (1964–68). Қызылорда пед.ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) жалпы физика кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1968–86), проф., ф-т деканы (1988–97), филос. және мәдениеттану кафедрасының проф. (2006–16) болған. Әр жылдары Қазақ КСР ҒА-ның филос. және құқық ин-тында аға ғыл. қызметкер (1986-88), Қазақ

құқық және халықар. қатынастар ин-тында Қызылорда бөлімшесінің директоры (1995–97), Қызылорда экономика, экология және құқық академ. ун-тінің ректоры (1997–2006) қызметтерін атқарған. Ғыл.-зерт. жұмыстарының негізгі бағыты: электрлі машиналардың жалпы теориясы, ғыл.-тех. білімді математикаландырудың әдіснамалық және филос. мәселелері адам мен техниканың қарым-қатынасы. С. 58 ғыл., оның ішінде 5 монография, 95 әдістемелік еңбектің авторы. Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы (2010).

А. Әбдімомынова

СЕЙТБЕМБЕТ ӘУЛИЕ (1761, Түркістан өңірі – 19 ғ-дың 1-жартысы, қазіргі Қармақшы ауд.) – діни қайраткер. Деректерде С. ә-нің Қорасан қожа ұрпағы екені, Хиуа, Бұхара медреселерінде оқып, Бағдад, Мысыр, Шам, Мекке, Медине, Герат қ-ларында білім алғаны, қажылық парызын өтегені айтылады. Ол халық ішінде үлкен сый-құрметке, зор рухани ықпалға ие болып, мұсылмандықтың үлгісін көрсеткен. Дүниеден өткесін Көп мешіт деген жерде жерленіп (Т.Көмекбаев а-нан солт-ке қарай 40 км), қабірі зиярат орнына айналған. С. ә. есімі Балқы Базар, Сейітжан Бекшентайұлы, т.б. Сыр сүлейлерінің шығарм-нан орын алған. С. ә. қабірінің басында күмбез тұрғызылып, адамдар түнейтін, тамақ ішетін орындар салынған.

СЕЙТПЕНБЕТОВ Омар (1917, Сырдария ауд. – 1991, сонда) – ақын әрі термеші. Ата-анасынан жастай жетім қалған ол өмір қиындығын көріп өседі. Шикізат дайындау техникумында білім алған. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Артына мол мұра қалдырған ақын өлеңдерінің тақырыбы заман ағымына сай төгіліп, түрленіп отырады. «Дүние-сағым», «Мүшәйра», «Жыр туғанда», «Үксастық», «Қарындасқа хат», «Жаз», «Иманның нұры гүлденсін», т.б. жырларында имандылық, табиғатты қорғау, жастық шақ, өнер туралы мәселелер көтерілген. Ақынның шығыс сюжеттеріне құрылған бес-алты дастаны да бар.

СЕЙІТ Қожакәләнұлы (1723, қазіргі Сырдария ауд. Иіркөл маңы – 1795, сонда, Мақпалкөл маңы) – батыр. С. қазақ-қалмақ соғысына қатысқан сардар.

СЕЙІТОВ Иманғали (1.12.1928, қазіргі Арал ауд. Үш шоқы елді мекені – 24.6.2014, Қызылорда қ.) – заңгер, 3-сыныпты мемл. әділет кеңесшісі (1975). КСРО-ның құрметті прокуроры (1982). Ташкент қ-ндағы Орта Азия мемл. ун-тін (1952) бітірген. Ташкент т. ж. Мемл. қауіпсіздік басқармасының Қызылорда ст. бойынша күзет бөлімінің жедел уәкілі, тергеушісі (1952–54), обл.



Сейітов Иманғали

жоспарлау бөлімінде экон., бөлім прокуроры, прокуратурада бөлім басшысы (1954–66), Шиелі және Жаңақорған аудандарының прокуроры (1960–66), обл. прокурорының орынбасары (1966–68), обл. қылмыстық соттың төрағасы (1968–71), обл. сот төрағасы (1971–73), Қызылорда обл-ның прокуроры (1973–79), Гурьев (Атырау) облның прокуроры (1979–89) қызметтерін атқарған. Бірнеше орден, медальмен марапатталған. Обл., ауд. кеңестердің депутаты болып сайланған. Қызылорда қ-нда С-тің есімімен көше аталған (2021).

Қ.Омаров

СЕЙІТОВ Сүлеймен (5.5.1912, қазіргі Қазалы ауд. – 21.4.2012, Қызылорда қ.) – журналист, соғыс және еңбек ардагері, полк. Алматы қ-ндағы Мемл. мед.-жұмысшы ф-тін (1934), Коммунистік журналистика ин-тын (1940), Мәскеудегі жоғары партия мектебін (1954) бітірген. Еңбек жолын Қарақалпақстандағы Тақтакөпір ауд-ның 8 а-н-



Сейітов Сүлеймен

да жалдамалы жұмысшы болып бастаған (1924–28). Әскери борышын (1934–36) өтеген соң Талдықорғандағы қорғаныс, авиация және хим. құрылысты қолдау қоғамының төрағасы (1936–37), Алматы обл. партия к-тінде нұсқаушы (1940–41) болған. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Полк комиссары болған. Қызылорда қ-ның, Сырдария ауд. партия к-ттерінің 2-хатшысы (1946–49), обл. «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінің редакторы (1949–51), Целиноград (қазіргі Ақмола) обл. «Есіл правдасы» (қазіргі «Арқа ажары») газетінде редактор (1954–60), обл. партия к-тінде нұсқаушы, обл. баспасөз жөніндегі басқарманың бастығы (1961–75) қызметтерін атқарған. С. Қызыл жұлдыз (1943, 2 мәрте), 2-дәрежелі Отан соғысы (1945), 1-дәрежелі Отан соғысы (1985), Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет», т.б. орденмедальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2010).

Қ.Омаров

СЕКСЕУІЛ (Haloxylon) – алабұта тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдіктер туысы, аса биік емес ағаш, бұта. Биікт. 12 м-ге дейін жетеді. Азияның шөлдері мен шөлейт аймақтарында 10 түрі өседі. Діңі бұдырлы, ашаға ұқсап бұтақтанған, сынғақ, жас өркендері бунақты болады. Жапырағы ұсақ, қабыршақ тәрізді, қарама-қарсы орналасқан. Гүлі ұсақ, қос жынысты, бір үйлі. Өркені мен тұқымы арқылы өсіп-өнеді. 30–60 жылдай өсіп тұрады. Жемісі – дәнек. «С.» – түрік сөзі, қазақшаға аударғанда «аттың құйрығы» деген мағына береді. Ал оның грекше «халоксилон» атауы «тұзды ағаш» деген мағына береді. Олар әбден қураған да топыраққа өте көп мөлшерде тұз бөлінеді, сондықтан С. діңінің астына көптеген өсімдік тіршілік ете алмайды. Қазақстанда 3 түрі өседі. (ақ С., Зайсан С-і және қара сексеуіл өседі. Ақ С. (H. persicum), биікт. 5 м-дей, дің қабығы ақшыл сұрғылт, ірі бұта не аласа ағаш. Арал т. маңында, Қызылорда обл-нда, Арал т. маңында, Бетпақдалада, Мойынқұмда, Балқаш – Алакөл ойысы, Түркістан маңы, Шу-Іле тауында, Қаратауда кездеседі. Қара С. (H. aphullum), биікт. 10 м-дей, діңі қара сұрғылттау, қызыл күрең. Үстірттің солт-нде, Арал маңында, Мойынқұмда, Балқаш - Алакөл ойысында кездеседі. С-дің кез келген түрінің шаруашылық маңызы зор. Оның сүрегінен сірке қышқылы, метил спирті, ацетон, шайыр алынады. Көк бұтақшасында лимон қышқылы (1–3%), қымыздық қышқылы (20–25%), күл (20–25%) бар. Құрамында сақар мен сода көп. Отын ретінде, сортаң жерлерді көгалдандыруға, құм бекітуге пайдаланылады. С-дің жас өркендерін қыста қой, түйе жақсы жейді.



Сексеуіл

СЕКСЕУІЛ – кент, Арал ауд-ндағы әкімш. бірлік, кенттік әкімдіктің орт. Обл. орт-нан 510 км, аудан орт. Арал қ-нан солт.-батысқа қарай 53 км жерде, Алтыншоқысу тауларының оңт. баурайында, қуаң шөлді белдемде орналасқан. Тұрғыны 12,3 мың адам (2023). Іргесі Орынбор – Ташкент т. ж. магистралін (20 ғ-дың бас кезі) салуға байланысты қаланған. Құрамына Құрлық, Тербенбес, Құмсағыз, Сарышығанақ, Жалғызағаш т. ж.



Сексеуіл кенті

айрықтары және Көнту т. ж. ст. кіреді. Кент тұрғындарының 70%-ға жуығы т. ж. саласында жұмыс істейді.

СЕКСЕУІЛ-1, 2 – неолит және неолит дәуірлерінің тұрақтары. С. 1-ескерткіші Арал ауд. Сексеуіл ст-нан солт-ке қарай 8 км жерде. 1955 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетекш. С.П.Толстов) ашып, зерттеген. Тұрақтан тісті қалыппен өрнек түсірілген түбі дөңгелек құмыра сынықтары, сүңгі, найза мен жебе ұштары, тас түйреуіштер, тас жаңқадан дайындалған қырғыштар, трапеция пішіндес қыстырмалар, бір шетті қырғыштар, тескіштер, түзетілген пышақ тәрізді тас тіліктері, ұлутастан жасалған әшекейлік бұйымдар, т.б. заттар жинастырылған. С. 2-тұрағы Сексеуіл ст. аумағынан табылған. Зерттеу жұмыстарын 1938 ж. Л.И. Боровлев, 1944 ж. Г.А.Яншин басқарған геол. топ, 1955 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. жүргізген. Ескерткіштен шақпақ тастан дайындалған құралдар, тас жаңқалары, жебе ұштары, көлемі мен бітімі әр түрлі қырғыштар, түбі жайпақ қыш ыдыс сынықтары жинастырылған. Жебе ұштары екі жағынан қысып түзету арқылы мұқият өңделген, олар ойықтау сағалы, қалақша бітімді келген. Сондай-ақ найза мен сүңгі ұштары табылған. С. ескерткіштерінен мал сүйектері көп шыққан. Олардың 80%-ы қолға үйретілген мал сүйектері екені анықталған. Бұл Қазақстан аумағын мекен еткен байырғы тұрғындардың неолит дәуірінде өнім өндіруге көшкендігін аңғартады.



Серәлиев Нәсіреддин

СЕРӘЛИЕВ Нәсіреддин (25.10.1930, Қармақшы ауд. Қашқансу а. – 20.11.1984 , Шымкент қ.) – жазушы. Қызылорда пед. уч-щесін (1948), Қызылорда пед. институтын (1952, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде тілші (1952–58), «Үгітші блокноты», «Ақ желкен», «Балдырған» журналдарында әдеби қызметкер (1958–62), «Оңт. Қазақстан» газетінің Қызылорда обл-ндағы меншікті тілшісі (1962–65), Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент облысаралық бөлімшесінде кеңесші (1965–68), жауапты хатшы (1968–84) қызметтерін атқарған. Шығармалары 1952 жылдан жариялана бастаған. «Еңлікгүл» көркем фильмінің сценарийінің авторы («Қазақфильм», 1974). «Ұшталмаған қарындаш» (1956), «Намыс» (1959), «Ақ лақ пен қара лақ» (1961), «Алтын ғұмыр, алғашқы махаббат» (1975), «Дәукен атаның немерелері» (1978), т.б. шығармалары жарық көрген. Орыс жазушылары А.П.Гайдардың, И.С.Котяровскийдің. С.А.Баруздиннің бірқатар шығармасын қазақ тіліне аударған. Бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.



Сердалыұлы Бабас

СЕРДАЛЫҰЛЫ Бабас – би, батыр. Бабас бидің есімі қазақ–ресей қатынастары туралы құжаттарда бірнеше жерде кездеседі. 1794 ж. 4 қаңтарда орыс патшайымы Екатеринаға хат жазып, қол қойған 184 бидің арасында Бабас та бар. Ол Кенесары ханның қозғалысына қатысып, Созақ шайқасында (1841) Тоғанас батырдың жасағында болған.

Т.Дайрабай

СЕРІКБАЙ Әсел (23.1.2002 ж. т., Қызылорда қ.) – шахматшы, Шахматтан облыс тарихындағы алғашқы ФИДЕ шебері. С. 3 мәрте Әлем чемпионы, 7 мәрте Азия чемпионы, 14 мәрте ҚР-ның чемпионы. Қызылорда ун-тін (2022) бітірген. Алғашқы ірі жеңісіне 2010 ж. Семей қ-нда өткен ел чемпионатында қол жеткізді. Польшада өткен оқушылар арасындағы әлем біріншілігінде (9 жасқа дейін) Әлем чемпионы (2011), Сингапурде өткен жарыстан классика бойынша бас жүлде (2015), 2017 ж. Румынияда өткен Әлем чемпионатында 1-орын, 2019 ж. Индонезияда 20 жасқа дейінгілер арасындағы Азия чемпионатында 1-орынды иеленіп, WIM (Women International Master) атағын жандандырды.



Серікбай Әсел



Серікбайұлы Шайхыслам



Серімбетов Бақытжан

А.Әбдімомынова

СЕРІКБАЙҰЛЫ Шайхыслам (22.3.1926, Қазалы кенті – 13.11.2016, Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері. С. КСРО-ның құрметті теміржолшысы, ҚР Мәдениет қайраткері (2000), Қызылорда обл-ның құрметті қайраткері. Ташкент т. ж. техникумын (1947), ҚазМУ-дың (1961, қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін бітірген. Еңбек жолын 1942 ж. Қазалы ст. депосында бастаған. Қазалы ауд.ішкі істер бөлімінің қызметкері (1949–53), Қазалы ст. депосында техник (1954–59) болған. 1959 жылдан. обл. «Путь Ленина», «Кызылординские вести» газеттерінде меншікті тілші, бөлім меңгерушісі, Қазалы ауд. партия к-ті аппаратында, обл. бақылау к-ттерінде, кейін Қызылорда т. ж. бөлімшесінің кадр саласында жауапты қызметтер атқарған. Бірнеше жыл Қызылорда обл. тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының төрағасы болған. С-ның «Үш тұлға», «Ұлылар мен ұлықтар», «Көріпкелдер мен көрегендер», «Ардақтылар мен абзал жандар» атты публицист. шығармалары, «Пайғамбарлар – пырағым, шадиярлар – шырағым», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Дүние жалған, дүрия – арман», т.б. поэзиялық туындылары, орыс тілінде «Целеустремленные», «Кто же мы?», «Легенды и люди древнего Сыра» шығармалары жарық көрген. Қазақстан Журналистер одағы сыйл-ның иегері (1995). Қазалы ауд-ның құрметті азаматы (2001).

Қ.Омаров

СЕРІМБЕТОВ Бақытжан (12.5.1929, Қазалы ауд. Қожабақы а.– 4.10.2010, Қызылорда қ.) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (8.4.1971). Еңбек жолын 1943 ж. туған ауылында трактортшы болып бастады. 1945 ж. Қызылорда қ-ндағы Плотинақұрылыс» тресіне қатардағы жұмысшы болып қабылданып, кейін «Қызылордаводстрой» тресіне қарасты су құрылысы мекемелерінде скреперші-бульдозерші, машинист-экскаваторшы мамандығы бойынша қызмет атқарған. 1952 жылдан Тасбөгет кентіндегі №29 жылжымалы мехколоннада скреперші-бульдозерші ретінде обл-тың барлық ауд-нда күріштік алқаптарды инж. жүйеге келтіру жолында қажырлы еңбек етті. Қазақстан кәсіподақтарының 11-съезіне, КСРО кәсіподақтарының 15-съезіне делегат болып сайланды. Ленин орденімен (1971), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Синаева Бексұлу

СИНАЕВА Бексұлу (20.8.1947 ж. т., қазіргі Сырдария ауд. Шіркейлі а.) – еңбек ардагері. 1965 ж. еңбек жолын туған ұжымшарында дикан, сушы болып бастаған. Звено басқарған (1972–92) кезінде күріштен мол өнім алған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 10-,11-шақырылған депутаты (1980–90). 3-дәрежелі (1980), 2-дәрежелі «Еңбек даңқы» (1984) орденмен марапатталған. Сырдария ауд-ның құрметті азаматы (2013). Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінде күміс медальға (2 мәрте) ие болған.

СИРАДЖ ад-ДИН БАРШЫНКЕНТИ (шамамен 1270, Баршын кенті – ө.ж.б.) – көркем жазушы. Сауатын Баршынкенттегі медреселердің бірінде ашып, оқуын Жент, Бұхара мен Самаркандта жалғастырған, уалайат орт. Жент қ-на барып, озық ойлы ғұламалар дәрісін тыңдаған. Араб, парсы тілдерін жақсы меңгерген. Ол Наджм ад-Дин Әбу Раджа Мухтар бин Махмуд бин Мухаммад аз-Заһиди ал-Газминидің (1260) «Молшылықты тамамдау үшін мақсатқа жету» (Қинайа әл-мунийа литахмим әл-гинайа) атты шығармасын көшірген. С. әд-Д. Б-дің бұл көшірмесі казір Ташкент ин-тының Қолжазба қорында сақтаулы.

Ә.Дербісәлі

СЛАМБЕК Жайна (12.11.1974 ж. т., Қармақшы ауд. Қуаңдария а.) – тележүргізуші. ҚазҰУ-ды бітірген (1996). «Хабар» агенттігінде тілші, комментатор, атқарушы продюсер, тележүргізуші, ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар дирекциясының директоры (1996–2014), «Астана» телеарнасында «Біздің уақыт» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасының авторы әрі жүргізушісі (2014–19), «Qazaqstan» телеарнасы «Апта» бағдарламасының жетекшісі және жүргізушісі (2019–22), «Хабар» телеарнасының директоры (2022–23) қызметтерін атқарды. Қазір «Апта» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасының жетекшісі-жүргізушісі. С. ҚР Президенті сыйл. иегері (2019). Қазақстан Журналистер одағы сыйл. (1999), «Тұмар» ұлттық телевизия сыйл. (2020) лауреаты. «Құрмет» орденімен марапатталған (2021).



Смағұл Бақытбек

СМАҒҰЛ Бақытбек (6.2.1960 ж. т., Қазалы ауд.) – кәсіпкер, қоғам қайраткері. Орт. Азия ун-тін (2004), ҚазҰУ-ды (2008) бітірген. Кеңес әскері қатарында Ауғанстан Демократ. Республикасында әскери борышын өтеген (1979–81). Алматы қ. Калинин ауд. құрылыс-жөндеу басқармасында инж.-техқадағалаушы (1985–89), бизнес-құрылымдарда, кәсіпкерлік салада әртүрлі басшылық қызметтер (1989–2005) атқарған. Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының «Қазақстан ардагерлері» қауымдастығы төрағасының орынбасары (2005–11). 2012 жылдан «Qazaqstan Ardagerleri» қауымдастығының төрағасы. Ауған соғысы жайында бірнеше кітаптың авторы. ҚР Парламенті Мәжілісінің 5-, 6-, 7-шақырылған депутаты (2012–23) болған. «Құрмет» (2005), 2-дәрежелі «Айбын» (2012), «Парасат» (2021) орденмен, көптеген медальмен марапатталған. Қазалы ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

СМАҒҰЛОВ Қабақ (1923, қазіргі Қазалы ауд.Бекарыстан би а. – 24.3.2024, сонда) – еңбек және соғыс ардагері. 2-дүниежүз. соғықа қатысқан (1942–43). Соғыстан кейін Қазалы ауд-ның есеп-қисап саласында 40 жыл еңбек еткен. «Қызыл жұлдыз», 1-дәрежелі, 2-дәрежелі «Отан соғысы» орденмен, «Ерлігі үшін» медалімен, Жуков медалімен, т.б. медальдармен марапатталған. Қазалы ауд-ның құрметті азаматы (2023). «Мерейлі отбасы-2023» ұлттық байқауының ауд. және обл. кезеңдерінің бас жұлдегері.



Сманов Құдайберген

СМАНОВ Құдайберген (1915, қазіргі Арал ауд. – 15.2.1999, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (31.10.1949). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. 1932 жылдан Арал ауд-ның Чкалов атынд. ұжымшарында жұмысшы, жылқышы (1932–51), «Энгельс» ұжымшарында 1248 бас жылқысы бар фермаңың меңгерушісі (1951–57), «Арал» кеңшарында жылқышы, жұмысшы (1957–75) болған. 1948 ж. 53 биеден 53 құлын алған. Ленин (1949), 2-дәрежелі Отан соғысы (1985) орденмен, бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

«СМП–КЫЗЫЛОРДА» ЖШС – құрылыс компаниясы. Қызметі 1945 ж. Ташкент т. ж. механикаландырылған бағанының учаскесі құрылған кезден басталды. Компанияның бригадалары облыс көлемінде вагон депо кешенін қайта жөндеуден өткізді, т. ж. қызметкерлері үшін емхана, «Тұрғын үй-91» бағдарламасы бойынша 120, 70 және 55 пәтерлі үйлер, балабақшалар, моншалар, нан з-ты, локомотив депосы, рельс дәнекерлеу з-ты және басқа да көптеген нысандар салды. Серіктестікте ерітінді-бетон торабын, ұсақ темір бетон бұйымдарын өндіру цехын, ағаш ұстасы, арматура, мех. және пластик. цехтарды, заманауи құрылыс техникасының паркін біріктіретін қуатты өндірістік база бар. Компания 1-санатты мемл. лицензияға ие және тұрғын үй-коммуналдық сала нысандарын салуға, атап айтқанда, 100, 200, 300, 600 және 900 орындық тұрғын үйлер мен мектептер салуға, түрлі өнеркәсіптік және коммуналдық-тұрмыстық құрылыстарды қайта жаңарту мен күрделі жөндеуге мамандanған. Бүгінде онда 250-ге жуық маман қызмет етеді. Компания қайырымдылық іс-шаралары мен әлеуметтік жобаларға белсене қатысады.

А.Әбдімомынова

СОЗАҚ АУДАНЫ – Түркістан обл-ның солт-ндегі әкімш.-аум. бөлік. Жерінің аум. 41,0 мың км² (обл. жерінің 35,0%-ын қамтиды). Орт. – Шолаққорған а. Ауд. 1928 ж. қаңтар айында құрылды. Қызылорда обл-ның Сырдария, Шиелі, Жаңақорған ауд-дарымен шектеседі. Ауд. жерінің көпшілік бөлігін тасты-құмды шөлді жазық (Бетпақдала, Мойынқұм) алып жатыр. Оңт. және оңт.-бат. жағында Қаратау жотасы орналасқан. Солт.-бат-нда Ащыкөл ойысы, Тамғалы соры, орт. бөлігінде Тамғалынұра қонысы, шығ-нда Сүмбешетарал қонысы мен сор жерлер орналасқан. Созақ ауд-ның тұрғындарының 91,02% астамы – қазақтар, қалғаны – өзбектер, орыстар және басқа этнос өкілдері. Аудандағы ірі елді мекендер: Шолаққорған, Созақ, Терiскей, Таукент, Қыземшек, Шақырық, Қарақұр, Құмкент ауылдары. Ауданда обл-тағы тау-кен өндірісінің негізгі (87,5%) өндірушілері ретінде 8 өнеркәсіп нысаны жұмыс істейді. А. ш-ның жетекші саласы-ет, сүт өндіру болып табылады. Ауданда обл-тағы сиырдың 3,2%-ы мен ешкінің 9,6 %-ы қаракөл қойының 24,7%-ы, жылқының 5,8%, түйенің 50,1%-ы, құстың 2,1%-ы өсіріледі. 40-ан астам жалпы орта білім беретін, кәсіптік-тех., музыка, спорт мектептері, кітапханалар,

ауд. газет, мәдениет үйі, халық театры, клубтар, ауд. аурухана, емхана, тубдиспансер, фельдш. акушерлік пунктер тұрғындарға қызмет көрсетеді. Созақ топырағында Ысқақ бап, Қарабура, Баба түкті Шашты Әзіз, Саңғыл би, т.б. әулиелерге қойылған тарихи ескерткіштер бар. Ауданда қазақтың әйгілі күйші-сазгері Сүгір туып өскен.



Сопыбеков Адырбек

СОПЫБЕКОВ Адырбек (5.5.1937, Жаңақорған ауд. Кеңес а. – 10.11.2016, Алматы қ.) – балалар ақыны, жазушы. С. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1986), Қазақстанның құрметті журналисі (2008). Қызылорда обл-ның құрметі қайраткері (1997). ҚазМУ-дың (1961, қазіргі ҚазҰУ) филол. ф-тін, Алматы жоғары партия мектебін (1967) бітірген. Жаңақорған ауд. «Екпінді» газетінде жауапты хатшы (1958–61), ауд. партия к-ті ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы (1961–63), Шиелі ауд. «Өскен өңір» газетінде жауапты хатшы, редактордың орынбасары (1963–65), обл. «Ленин жолы» (қазіргі «Сыр бойы») газетінде әдеби қызметкер, «Коммунизм жолы» (қазіргі «Жаңақорған тынысы») газетінің редакторы, ауд. партия к-ті саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі (1967–87) болған. «Кітап» қоғамы ауд. ұйымының жауапты хатшысы (1987–90), Қазақстанның халық ақыны М.Көкеновтің шығарм. өнер мектебінің директоры (1990–2011) қызметтерін атқарған. Оның «Жазушы», «Жалын», «Балауса», «Білім», «Фолиант», т.б. респ. баспалардан 25 кітабы шыққан. Өлеңдері орыс, өзбек, беларус тілдеріне аударылған. Сонымен қатар «Манаптың бір өзі – бір театр» атты зерттеу еңбегі жарияланған. Бүкілодақтық халық шығарм. 1-2-фестивальдарының лауреаты. Жаңақорған кентінің (1997), Жаңақорған ауд-ның (2011) құрметті азаматы. Есімі аудандық кітапханаға берілді.

Қ.Омаров

СОРАҢ (Salsola) – алабұта тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдіктер мен жартылай бұта. Еуразия мен Африканың шөл-шөлейтті жерлерінде өсетін 200-ден астам түрі белгілі. Облыстың барлық аймағында таралған 26 түрі бар. Олар сортаңды жерде, тақырда, қиыршық тасты дөң бауайрында, шөлді құмдарында өседі. Биікт. 10–15, кейде 40–100 см бұта. Сабағы түбінен бастап қалың бұтақталған ақшыл түсті; ұзарған тік, жалаңаш немесе түкті келеді. Көптеген түрінің жапырағы кезектесіп орналасқан, таспа пішіндес, көбінесе етті келеді, жиектерінде тікендері болады. Гүлі қос жынысты, масақ немесе сыпыртқы тәрізденген гүлшоғырына топтанған. Өздігінен, кейде жел арқылы не жәндіктер арқылы тозаңданады. Шілде-қыркүйек айларында гүлдейді. Қаңбақ С. (S. collina), түйеқарын С. (S. pestifer), Паульсен С-ы (S. paulseni) – түйе сүйсініп жейтін шөптер. Рихтер С-ы, шеркез (S. richteri), күйреуік С. (S. rigida) құм бекітуде, отын ретінде пайдаланылады. Шеркездің құрамында сальсолин және салсолидин алкалоидтары бар, медицинада қолданылады. Жалпақ жапырақты С. (S. euryphylla) және Хиуа С-ы (S. chiwensis) – өте сирек кездесетін өсімдіктер, сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Отын ретінде қолданылады.



Сораң

Қ.Балтаев, Ж.Төлегенова



Сораңшөп

СОРАҢШӨП(Salicornia) – алабұта тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік. С-ті бұзаубас сораң деп те атайды. Қазақстанның ылғалы мол сортаң жерлерінде, теңіз, тұзды көл жағалауларында (Каспий, Арал теңіздері, Балқаш к.) 1 түрі қызыл сораң (S europae) өседі. Биікт. 5–30 см, сабағы тік, түбінен бастап бұтақтанған, бунақты, шырынды, тықыр болып біткен. Көкшіл, сұр не шымқай жасыл түсті. Жапырақтары өте ұсақ. Гүлі қосжынысты, үш-үштен топтанып өседі. Гүлсерігі ромб тәрізді, саңылауы болады, одан аталығы мен аналық аузы шығып тұрады. Гүлшоғыры – масақ. Маусым-тамыз айларында гүлдеп, жеміс салады, жемісі – дәнек. Құрамында протеин, клетчатка, гүлінде қымыздық қышқылы, сілтілі тұздар, илік заттар болады. Халық медицинасында ұнтағы инсектицид, қайнатындысы несеп айдайтын дәрі ретінде, құрқұлақ ауруына қарсы қолданылады. Кейбір елдерде (мыс., Францияда) көкөніс ретінде пайдаланылады. С-ті түйе мен қой сүйсініп жейді.

Г. Құндақбайқызы

СОРҚАҢБАҚ(Kalidium) – алабұта тұқымдасына жататын аласа бұта. Еуразияда 5 түрі өседі. Жапырақтары кезектесе орналасқан. Гүлі қос кейде дара жынысты, әдетте үш-үштен топтанып, көп масақты гүлшоғырын құрайды. Маусым – тамыз айларында гүлдейді. Қазақстанда Каспий, Арал теңіздері маңында, Тобыл – Есіл, Балқаш – Алакөл атырабында, Зайсан, Бетпақдала, Мойынқұмда сор топырақты, шөл, шөлейт, өзен, көл жиегіндегі ылғалды сортаң жерлерде өсетін 3 түрі бар: төбесораң (K foliatum), биікт. 15–75 см, сабағы бұтақты, сүрегі әл-



Сорқаңбақ

сіз. Күзде және қыста түйе, қой, ешкі үшін жақсы мал азығы, төбесораңнан сода алынады. Түйесораң (K. Schrenkianum), биікт. 10–25 см, түбінен бұтақталған, бұтақтары сынғыш, жас өркені ақшыл болады. Сор шытыр (K. caspicum), биікт. 15–75 см. Сабағы, бұтағы сүректенген, сынғыш, тықыр. Мал жемейді, сода алуға болады, сөлі зиянды жәндіктерге қарсы уытты әсер етеді. С-тың барлық түрінің құрамында сақар бар. С-ты түйе, қой мен ешкі сүйсініп жейді.

С.Арыстангалиев



Стықбаев Айтбай

СТЫҚБАЕВ Айтбай (1929, қазіргі Сырдария ауд. Қызылжарма а. – 19.3.2016, Қызылорда қ.) – мәдениет қызметкері, Қазақстанға еңбек сің. мәдениет қайраткері. Қызылорда пед. ин-тын (1952, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын 1948 ж. Сырдария ауд-ның «Комсомол» кеңшарында бастауыш мектептің мұғалімі болып бастаған. Қызылорда обл. комсомол к-тінде, қалалық және обл. партия к-ттерінде жауапты қызметтер атқарып (1952–67), обл. «Білім» қоғамында жауапты хатшы (1968–77), төрағаның орынбасары (1977–91) болған. 1991 жылдан Қызылорда қ. Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен, бірнеше медальмен марапатталған.

СУЖИКОВ Мұхамедғали (15.9.1910, Ресей, Астрахан обл. Володар ауд. – 14.8.1999, Алматы қ.) – қоғам және мемлекет қайраткері. Одақтық, респ. дәрежедегі зейнеткер (1971). Астрахан пед. уч-щесін (1929), КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1945)



Сужиков Мұхамедғали

бітірген. Астрахан обл. Воладар ауд. кеңесі атқару к-тінің төрағасы (1929–43), Астрахан округтік комиссиясының мал ш. жөніндегі хатшысы, төрағасының орынбасары (1943–45), Ақтөбе обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1945–51), Қазақстан ОК-нің хатшысы, бюро мүшесі (1951–54), Қызылорда обл. (1954–58) және Семей обл. (1958–60) партия к-ттерінің 1-хатшысы болған. Қазақ КСР Мин. кеңесі мемл. бақылау к-ті төрағасының орынбасары, респ. мәдениет қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы, Қостанай обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1960–67), Қазақ КСР Мин. кеңесінің баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемл. к-тінің төрағасы (1967–71) қызметтерін атқарған. КОКП 20-21-съездерінің делегаты, КСРО, Қазақстан Жоғ. Кеңесінің депутаты болған. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» (2 мәрте) орденделімен, бірнеше медальмен марапатталған. С. есімі Атырау, Қызылорда қ-ндағы көшелерге берілген.

Қ.Омаров

СУ ЖЫЛАН (Natrix tesselata) – өзі аттас туысқа жататын жыланның бір түрі. Қазақстанның оңт. аймағында таралған. Теңіз, арал, ағысы қатты тау өзендерінің жағалауларын, қамыс өскен көлдерді мекендейді. Тауда 2800 м биіктікке дейін кездеседі. Суда жақсы жүзеді, сүңгиді, су астында жарты сағ-тан артық уақыт бола алады. Денесі біршама ірі, ұз. 140 см-дей, денесінің үстіңгі жағы сарғыш қоңыр, кейде көлденең салалы ұзын жіңішке жолақты, желке тұсы қара дақты болады. Негізінен, балықтармен, бақа, құрбақалармен, ұсақ



Су жылан

кемірушілермен, кейде құстармен де қоректенеді. Ұстаған жемін тірілей жұтады. Топтанып қыстайды. Көбеюі сәуір-мамыр айларында басталады. Маусым-шілдеде ұз. 3–4,5 см болатын 6–23 жұмыртқа салады. Жұмыртқадан шыққан жыланның ұз. 15–22 см болады. С. ж-дар жас шабақтарды жеп, балық өсіретін питомниктерге, уылдырық өсіретін шаруашылықтарға зиян келтіреді. Усыз жылан, сондықтан адамды шаққаны қауіпті емес.

С.Махмұтов

СУНАҚАТА – ауыл. Жаңақорған ауд-ндағы С. ауылдық окр-нің орт. 1993 ж. құрылған. Округке С., Еңбек ауылдары қарайды. Жаңақорған кентінен солт.-батысқа қарай 35 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,9 мың адам (2023). Ауыл 1965–96 ж. күріш өсірген өзімен аттас кеңшардың орт. болған. С-да бірнеше шаруа қожалығы жұмыс істейді. Елді мекенде Сығанақ қалашығы, мешіт, медресе, т.б. тарихи орындар бар. Мыс., жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі – Сунақ ата кесенесі ауд. орт-нан солт.-батысқа қарай 30 км жерде, С. елді мекенінде орналасқан. Кесененің биікт. 12 м.

СУОТЫ (Agrostis) – астық тұқымдасына жататын бір не көп жылдық шөптесін өсімдік. Солт. жартышардың қоңыржай және суық белдемдерінде және тропиктердегі тауларда 200-ге жуық түрі өседі. Қазақстанның барлық өңірінде кездеседі. Орманды аймақта, шалғынды жерде, өзен алқабында, бөген жағалауларында өсетін 8 түрі бар. Ең көп кездесетін ірі түрі – ақ С. (A. alba). Оның биікт. 30–100 см. Сабағы жіңішке, көп кейде дара жетіледі. Жапырақтары жалпақ, бұдырлы. Гүлшоғыры – сыпыртқы, масағы ұсақ. Маусым-тамыз айларында гүлдеп, жеміс береді. Жемісі – дәнек. 3–4 жылдан кейін



Суоты

жетіліп, өнім бере бастайды. Ылғалды жерде жақсы өседі, суыққа төзімді. Вегетац. кезеңі 90–110 күнге созылады. С-ның көпшілік түрі малға құнарлы жемшөп болып саналады. Араларында әсемдік үшін де өсірілетін түрлері бар. Аудандастырылған сорттары: ВИК-2, Гуода, жергілікті Серпен, т.б. Екпе және табиғи шабындықтарда С-ның 1 га-нан 25–55 ц пішен, 120 ц-дей көк балауса жиналады. 100 кг пішенінде 45,2 кг азық өлшемі, 3,2 кг сіңімді протеин болады.

С.Арыстангалиев

СҰЛТАНБАЕВ Құдайберген (1.5.1947, Арал қ. – 20.12.2010, Алматы қ.) – актер, эстрада артисі, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық артисі (1996). Қазақ мемл. өнер ин-тының актерлік ф-тін (1974, қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) бітірген. Арал ауд. мәдениет бөлімінде (1968–69), респ. мемл. «Гүлдер»



Сұлтанбаев Құдайберген

эстрадалық жастар ансамблі құрамында ассистент-режиссер (1969–70), Қазақ мемл. академ. драма театрында актер (1974–92), «Тамаша» ЖШС-ның продюсер-актері (1992–95) қызметтерін атқарған. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (1995–99). Өмірінің соңына дейін Қазақ ұлттық өнер академиясының құрметті проф. болды. С. «Тамаша» ойын-сауық отауының миниатюралық көріністері арқылы көрермендер құрметіне бөленді. Қазақ мемл. академ. драма театрының сахнасында Жарас (М.Әуезов, «Айман–Шолпан»), Зілқара, Жантық (Ғ.Мүсірепов, «Амангелді» және «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу»), Тілмаш (Ә.Нұрпейісов, «Қан мен тер»), Сейдахмет, Сәбитжан (Ш.Айтматов, «Ақ кеме», «Ғасырдан да ұзақ күн»), Бобчинский (Н.В.Гоголь, «Ревизор»), т.б. рөлдерді сомдады. Реж. С.Нарымбетовтің бірнеше фильмінде, сондай-ақ «Көктөбедегі кездесу», «Қош бол, Медеу!», «Махамбет», «Қаладан келген қыз», «Құрақ көрпе», т.б. көркем фильмдерде әр қилы да қызғылықты кейіпкерлерді сахналады. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург қ.) қ-нда өткен Бүкілодақтық эстрада артистері байқауында бәйге алған (1979). «Құрмет» орденімен (2008), бірнеше медальмен марапатталған. Арал ауд-ның құрметті азаматы.



Сұлтанғали Айдос

СҰЛТАНҒАЛИ Айдос (7.2.1996 ж. т., Қызылорда қ.) – балуан, грек-рим күресінен ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (2022). Курсанттар арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері (2012), курсанттар (2013) және жасөспірімдер (2016) арасындағы Азия чемпионы, ересектер арасындағы Азия чемпионы (Алматы қ., 2021). Жабық және жекпежек өнері бойынша Азия ойындарының (2017), 23 жасқа дейінгілер арасындағы күрестен алғашқы әлем чемпионатының (Быдгощ қ., 2017), 60 кг-ға дейінгі санатта әлем чемпионатының (Сербия, 2022) қола жүлдегері.



Сұлтанмұратов Сапарбай



Сұлтанов Әлиасқар

СҰЛТАНМҰРАТОВ Сапарбай (1892, қазіргі Жаңақорған ауд. Ынтымақ а. – 1977, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). «Ынтымақ» ұжымшарында жылқышы (1929–49), жылқы фермасының меңгерушісі, ұжымшар төрағасының орынбасары (1949–58) болған. С. 2-дүниежүз. соғыс жылдары майданға 87 сәйгүлік берген. 1947 ж. 51 биеден 51 құлын алып, барлығын аман сақтап қалған. Ленин орденімен (1948), бірнеше медальмен марапатталған. Жаңақорған кентіндегі бір көшеге есімі берілген (2017).

Қ.Омаров

СҰЛТАНОВ Әлиасқар (15.6.1926, қазіргі Түркістан обл. Шәуілдір ауд. Ақжар а. – 10.10.1996, Жаңақорған ауд. Ақкорған а.) – еңбек ардагері. «Еңбек даңқы» орденінің толық иегері (1975, 1976, 1984). Оңт. Қазақстан (қазіргі Түркістан) обл. «Большевик» мақта кеңшарында жұмысшы, трактористі (1957–67) болған. Жаңақорған ауд-ндағы «Түгіскен» кеңшарында күріш звеносына жетекшілік еткен (1968–87). Ы. Жақаевтың күріш мектебінен тәлім алып, жүз центнершілер қозғалысына қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Бірнеше мәрте Түгіскен ауылдық және аудандық кеңестерінің депутаты. Есімі Жаңақорған кентіндегі бір көшеге берілген (2010).

Қ.Омаров

СҰЛУТӨБЕ – ауыл, т. ж. бекеті. Шиелі ауд. С. ауылдық окр-нің орт. Округке С., Бірінші Мамыр, Жаназар батыр ауылдары қарайды. Т. ж-дың 50 км Бірқазан мен Тартоғай ст-лары аралығы, батысы Сырдария өз-нен басталып, шығысы Сарысу өз-нің жоғ. жағындағы Ұлытау обл-мен шектелетін 300 км аралықта орналасқан. Жер көл. 653,9 мың га. Тұрғыны 3,1 мың адам (2023). Ташкент – Орынбор т. ж., «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі өтеді. Іргесі осы маңда қаракөл қойын өсіруге арналған кеңшар ретінде 1962 ж. қаланған. Т. ж. тартылуына байланысты 1904 ж. Сұлутөбе ст. салынып, ол жолдың шығысындағы «Сұлутөбе» құмының атын алған. С. ст-ның тұрғындары 1930 ж. «Бірінші Май» ұжымшары болып құрылып, 1949 ж. ұшымшарлар біріктірілгенде «Қазақстанның 30 жылдығы» ұжымшарына айналған. «Бірінші Май» кеңшары 1962 ж. «Бірінші Май» және «Қазақстанның 30 жылдығы» ұжымшарлары негізінде ұйымдастырылған.

А.Әбдімомынова



Сүйенішұлы Қомшабай

СҮЙЕНІШҰЛЫ Қомшабай (14.12.1936, қазіргі Жалағаш ауд. Т.Жүргенов а. – 20.5.2010, сонда) – журналист, ақын, драматург. ҚазМУ-дың (1959, қазіргі ҚазҰУ) филол. ф-тін бітірген. Қызылорда обл. радио к-тінде әдеби қызметкер (1959–62), обл. «Ленин жолы» газетінде бөлім меңгерушісі (1962–82), Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда обл-ндағы әдеби кеңесшісі (1982–92), облыс ақын-жазушыларының «Қаламгер» ұйымының төрағасы (1992–96), аталмыш одақтың обл. бөлімшесінің директоры (1996–2008) қызметтерін атқарған. Алғашқы өлеңдері 1959 ж. жарияланды. С-ның «Тереңдегі ағыстар» (1985), «Сап-сап көңілім» (1988), «Гөй-гөй» (1996) атты поэзиялық жинақтары жарық көрді. Әр жылдарда әдеби журналдарда «Ғашық едім қайтейін», «Дүние бір қисық жол», т.б. әңгіме, романдары, «Дон ағысы», «Кенже бала», «Алдаберді мен Әтіркүл» сияқты жыр, проза, драмалары жарияланған. Драмалық шығармаларының ішінен «Сен де жалғыз, мен де жалғыз», «Әлі бойдақпысың?» пьесалары Н.Бекежанов атынд. обл. драма театрында сахнада қойылды. Халықар. «Алаш» әдеби сыйл-ның иегері (1996). Қызылорда қ-ның (1999) және Жалағаш ауд-ның (2009) құрметті азаматы.

Қ.Омаров

СҮЙІНДІКСАЙ – өзен. Сырдария алабы Шиелі ауд. жерімен ағады. Ұз. 66 км, су жинайтын алабы 666 км^2. Қаратаудың батыс бөлігінің солт. беткейінен басталып, Ақжайқын көлінің оңт-ндегі тақырда тартылып қалады. Арнасы жоғ. бөлігінде тар, тік жарлы. Жауын-шашын суымен толығады. Көктемде бір аптадай ғана ағыны болады.



Сүлеймен Ишан



Сүлейменов Жүсіпбек

СҮЛЕЙМЕН ИШАН, Есейұлы Сүлеймен (1888 – 1969) – діни қайраткер, әулие, Марал ишанның немересі. Бұхарадағы Көкілташ медресесінде дәріс алған. Араб, парсы, тәжік, орыс тілдерін, ислам шариғатын жете меңгерген. Құран Кәрімді оқып отырып, мағынасын қазақшаға сөзбе-сөз аудара білген. Ол кеңестік дәуірдегі қуғын-сүргіннен қаймықпай, мешіт ұстап, халыққа мұсылмандықты, имандылықты уағыздаған. Қызылорда қ-ндағы Айтбай мешітінің имамы болған (1949–65). С. и. халықты ауру-сырқаудан дем салып, шөппен, ішірткімен емдеген. Ел арасында «Сүлейменнің назынан сақтан» деген сөз қалған.

СҮЛЕЙМЕНОВ Жүсіпбек (13.7.1947 ж. т., қазіргі Әйтеке би кенті) – тех. ғыл. докт. (1987), проф. (1988), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2012). С. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2006). Қазақ химия-технол. ин-тын (1971, қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті), Мәскеу химия технол. ин-тының аспирантурасын (1974) бітірген. Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тында (қазіргі Тараз ун-ті) аға оқытушы, доцент, ф-т деканының орынбасары, проректор (1974–91), ректор (1992–98), Тараз мемл. (1998–2008) және Халықар. қазақ-түрік (2008–11) ун-ттерінің проректоры қызметтерін атқарған. 2011 жылдан Тараз инновац.-гуманит. ун-тінде кафедра меңгерушісі, ректордың кеңесшісі, Тараз ун-тінде проф. С. 300-ден астам ғыл. еңбектің, 6 монография, 20 оқу құралының авторы, 90-нан астам авторлық куәлік пен патенті бар. 6 ғылым докторын, 17 ғылым кандидатын дайындаған. Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінің күміс (1987) және қола (1989) медальдарының иегері. «Құрмет» орденімен (2017), бірнеше медальмен марапатталған. Жамбыл обл-ның құрметті азаматы (2016).

Қ.Омаров



Сүлейменов Кенжеғара

СҮЛЕЙМЕНОВ Кенжеғара (11.11.1950 ж. т., Жалағаш ауд. Бұқарбай батыр а.) – еңбек ардагері. Қызылорда пед. ин-тын (1972, қазіргі Қызылорда ун-ті), Қазақ а. ш. ин-тын (1983, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Жалағаш ауд. комсомол к-тінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, к-ттің 1-және 2-хатшысы (1972–81), Ақсу кеңшарында партия к-тінің хатшысы (1981–86), ауд. а. ш. бөлімінің меңгерушісі, ауд. партия к-тінің хатшысы (1986–91), Ақсу кеңшарының директоры, өндірістік кооперативтің төрағасы (1991–98), №116 орта мектептің директоры (1998–99), «Жалағаш жаршысы» газетінің редакторы, ауд. сайлау комиссиясының төрағасы (1999–2003) қызметтерін атқарған. 3–5 шақырылған ауд. мәслихаттың хатшысы (2003–14). 2016 жылдан ауд. қоғамдық кеңестің төрағасы. «Құрмет белгісі», «Құрмет» (2023) орденмен, бірнеше медальмен марапатталған. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы (2010).

Қ.Омаров



Сүлейменов Сұлтан

СҮЛЕЙМЕНОВ Сұлтан (20.8.1928, Қазалы ауд. қазіргі Әйтеке би кенті – 22.6.1996, Алматы қ.) – тех. ғыл. докт. (1970), проф. (1967), Қазақстан ҒА-ның акад. (1972). Шымкент технол. ин-тын (1952, қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) бітірген. Қазақ КСР ҒА Архит. және құрылыс материалдары ин-тында аспирант, кіші ғыл. қызметкер (1952–56), Шымкент химия-технол. ин-тында аға оқытушы, ф-т деканы, кафедра меңгерушісі (1956–76), ин-т ректоры (1959–74), Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының (қазіргі Тараз ун-ті) проф. (1976–78), Алматы құрылыс материалдары ғыл.-зерт. және жобалау ин-тының директоры (1978–96) қызметтерін атқарған. Негізгі ғыл. еңбектері шыны және ситалдар алу, сондай-ақ баяу балқитын қосылыстар негізінде жаңа анорганик. материалдар мен жабындылар алудың ғыл. негізі мен технологиясына арналған. С. 300-ден астам ғыл.еңбектің, 6 монографияның авторы, 90-ға жуық авторлық куәліктің иегері. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденмен, бірнеше медальмен марапатталған. Есімі Алматы және Қызылорда қалаларындағы, Қазалы ауд-ндағы көшелерге берілген. Оңт. Қазақстан ун-тінің «А» ғимаратының алдына С-ке ескерткіш орнатылған (2018).

Қ.Омаров

СҮЛЕЙМЕНОВА Ырысалды (1920, қазіргі Жалағаш ауд. Еңбек а.– 5.10.2009, сонда) – еңбек ардагері, Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген а. ш. қызметкері (1972). Жалағаш ауд. Еңбек ұжымшарында әртүрлі жұмыс атқарып (1936–60), кейін күріш өсірумен айналысқан (1961–76). Өзіне бекітілген күріш алқабының әр гектарынан 100 ц-ден астам өнім алған. Бірнеше рет жергілікті, аудандық кеңестерге депутат болып сайланған. Ленин орденімен, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен, Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінің алтын, күміс, қола медальдарымен марапатталған. Есімі Қазақ КСР-інің құрметті Алтын кітабына енгізілген.

Т.Адисұлы

СЧАСТНОВ Владимир Михайлович (14.8.1915, қазіргі Қазалы ст. – 11.10.1944, Польша, Длугоседло а.) – Кеңес Одағының Батыры (24.3.1945). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Оған дейін және Қазалы ст. паровоз депосында слесарь (1939–42) болып істеген. 1937 ж. Қазалы ауд. әскери комиссариатынан әскерге алынып, Қиыр Шығыстағы Хасан көлі маңындағы шайқаста болып, Батыс майданға 1942 жылдың наурыз айынан қатысқан. 1944 ж. 10 қазанда гв. сержанты С-тың саперлер бөлімшесіне шабуылдаушы күштер үшін Грабник дер. маңындағы алаңды жау минасы мен тікенекті сымдарынан тазарту міндеті қойылады. Тапсырманың негізгі бөлігі орындалған кезде минаның жарықшақтарынан С. сегіз жерден жарақат алып, тірі қалған үш жауынгерімен жұмысын жалғастырып, жеке өзі 18 минаны залалсыздандырды. Кезекті жарылған минадан ауыр жарақат алғанына қарамастан С. жауынгерлік тапсырманы толық орындап, 11 қазанда қаза табады. Ленин (1945), 3-дәрежелі Даңқ (1944) орденімен, «Ерлігі үшін» (1944) медалімен марапатталған.

К.Саркенова



Счастнов Владимир

СЫҒАНАҚ, Сунақ – ортағасырлық қала орны. Тарихи-архит. бұл ескерткіш Төменарық т. ж. ст-ның солт.-батыс жағында 10 км жерде орналасқан. Қаланы 1867 ж. П.И.Лерх, 1906–07 ж. И.А.Кастанье, 1947 ж. Оңт. Қазақстан археол. экспед. (жетекш. А.Н. Бернштам) зерттеген. Қала туралы алғашқы дерек 10 ғ-дағы парсы шығармасы «Худуд әл-әлемде» кездеседі. Ертедегі С. қыпшақ мемлекетінің сауда және саяси орт. болды. С-қа көшпелі елдер мал, ет, тері, жүн, т.б. әкеліп, өздеріне қажетті заттарын алған. Сол кездегі тарихшылар С-ты «Қыпшақ даласының гаваны» деп атаған. Шыңғыс хан шапқыншылығынан бұрын С. Хорезмшаһ Текештің қол астында болған. 1219–20 ж. С-ты Жошының әскері басып алып, қарсылық көрсеткендерін қырғынға ұшыратқан. Осы кезден бастап қала Жошы ұлысының (Алтын Орда) құрамында болды. 13 ғ-дың 2-жартысында қала қайта жандана бастады. Жошы ұрпақтары кезінде С. Ақ Орданың орт. болып, онда теңге соғылған. 15 ғ-дың 80-жылдары қаланы қазақ ханы Бұрындық биледі, ал қала маңы қазақ тайпаларының қысқы қоныстары болды. Осы кезден бастап С. және оның маңы толық



Қазақ хандығына қарады және негізгі саяси, экон. орт-тардың біріне айналды. 15–18 ғ-ларда қала бұрынғысынша сауда және қолөнер орт. болды. 17–18 ғ-ларда қала бірнеше рет жоңғар шапқыншылығына ұшырады. Осы шапқыншылықтар және басқа да әр түрлі себептерден қала бірте-бірте өзінің өмір сүруін тоқтатты. Оны орыс және шетел саудагерлері мен елшілері жақсы білді. 1801 жылғы «Сібірдің сызба кітабында» да Қазақстанның Сырдария алабындағы қалалардың бірі деп көрсетіледі. Қаланың қазіргі орны Сунақата деп аталады. Ол – 10 га жерді алып жатқан үлкен бес бұрышты төбе. Жан-жағында көптеген үйінділер, ертеде су жүргізілген құрылыс іздері сақталған. Археол. қазба барысында табылған заттар С-тың 6–18 ғ-ларда болғанын дәлелдейді.

«СЫҒАНАҚ АҚСҮЙЕК ӘЙЕЛІ» – тарихи жәдігер. 2019 ж. Сығанақ қаласшағы маңынан табылып, оған Орт. Азия халықар. зерт. ин-ты мен Халықар. қазақ-түрік ун-ті мамандары зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қайта қалпына келтіру жұмыстарымен



Сығанақ ақсүйек әйелі

Қызылорда ун-ті Археология және этнография ғыл. орт. (жетекш. Ә.Тәжекеев), Өзбекстан Республикасы Археология ин-ты (жетекш. А.Искандерова) айналысты. Бас сүйекті график. қайта қалпына келтіру жұмыстарын Ресей ҒА Уфа федералдық ғыл.-зерт. орт. Тарих, тіл және әдебиет ин-ты этнология бөлімінің ғыл. қызметкері, антрополог А.И.Нечвалода орындады. Киім үлгілерін Алтын Орда кезеңі деректері мен қазба жұмыстарынан табылған материалдарға сүйене отырып, Татарстан ҒА Археология ин-тының ғыл. қызметкері Л.Э.Макласова қалпына келтірді. Мүсін, алтын мен қола бұйымдармен Қазақ ұлттық өнер академиясының мамандары (жетекш. А.Назаров) айналысты. Әшекей бұйымдарды ҚР Мемл. орт. музейі археология орт-ның мамандары (жетекш. Н.Төрежанова) жасап шықты. Реконструкция барысында 14 ғ-да өмір сүрген ақсүйек әйелдің (20–24 жас шамасындағы) жейдесі (көйлек), шалбары, астыңғы және үстіңгі халаты, етігі, астыңғы және үстіңгі қалпағы (бас киім) қайта қалпына келтірілді. Төбесі сүйір келіп, қауырсын, інжу-маржандармен әшекейленген жоғары дәрежелі тұрмыстағы әйелге тиесілі дәстүрлі бас киім – боктаг бөлек дайындалды. Сондай-ақ қазба жұмыстары барысында алтын тұмар, үш алтын түйме, көптеген ұсақ перламутр моншақ, сырға, т.б. табылған.

Ә.Тәжекеев

СЫДЫҚОВ Кешабадин (5.12.1936, Қазалы ауд. қазіргі Қожабақы а. – 3.2.2000, Қызылорда қ.) – экон. ғыл. докт. (1992). Қазалы а. ш. техникумын (1960), Алматы халық ш. ин-тын (1966, қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. Қазалы т. ж. ст. жанындағы құрылыс мекемесінде ағаш шебері (1954), Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауд. «Қараөзек» кеңшарында бухгалтер (1960–61), Сырдария ауд. Қызылорда обл. күріш-тәжірибелік ст-нда бухгалтер, бас бухгалтер (1961–74), Қазақ күріш ғыл.-зерт ин-тында аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1964–90), Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инж. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) кафедра меңгерушісі (1991–2000) қызметтерін атқарған. Ғыл.-зерт. жұмыстарының негізгі бағыты – нарықтық қатынастар жағдайында күріш өсірудің экон. мәселелері. С.200-ге жуық ғыл. еңбектің, оның ішінде 5 монография мен 2 оқу құралының авторы.

Қ.Омаров



Сыдықов Мұрат

СЫДЫҚОВ Мұрат (1940 ж. т., Арал ауд. қазіргі Қарашалаң а.) – күйші, сазгер, жырау. Ақтөбе қ-ндағы респ. мәдени ағарту уч-щесін (1965), Алматы консерваториясын (1980, қазіргі Қазақ Ұлттық консерваториясы) бітірген. Қазанғап атынд. ұлт-аспаптар оркестрінің (1967 жылдан), отбасылық ансамбльдің жетекш. (1980 жылдан) қызметінде болды. С. құрған отбасылық ансамбль Бүкілодақтық халық шығарм. 2-фестивалінің (1987), Мәскеуде өткен 1-халықар. фольклорлық өнер фестивалінің лауреаты (1988) болып, ал 1989 ж. халық ансамблі атағын алды. ТМД елдерімен қатар Франция, Дания, Испания, Португалия, Жапония, Англия, Щвейцария елдерінде

өнер көрсетті. «Қайдасың сен?», «Балықшы қыз», «Сыр гүлі», «Сырдария», «Аққуым менің», т.б. әндері мен «Арал толқыны», «Біздің Ғани», «Әке арманы», «Қайран ағалар», «Балдыз», «Өмір толғауы», «Тойға шашу», т.б. күйлері халқымыздың рухани байлығына қосылған асыл қазыналар болды. Бижан, Бітімбай, Молдадәулет, Жаңаберген, т.б. жыраулардың 40-қа жуық ән-мақамдарын жинақтап, зерттеген. «Құрмет» орденімен марапатталған (2017). Арал ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Сыздық Кенесарыұлы

СЫЗДЫҚ Кенесарыұлы, Садық сұлтан, Сыздық төре (1837, қазіргі Солт. Қазақстан өңірі – 1910, Шымкент уезі) – 19 ғ-дың 2-жартысындағы ұлт-азаттық қозғалыстың қайраткері. Ресей отарлаушыларына қарсы он жылдан астам үздіксіз күресіп, олардың әскери әлеуетіне елеулі шығын келтірген ұлт-азаттық қозғалыс тарихындағы санаулы тұлғалардың бірі. Кенесары хан қаза болғаннан кейін оның бала-шағасы төленгіттермен Түркістан қ-на іргелес Қаратау маңына қоныс аударған. С. төре әкесі Кенесарының Ресей империясына қарсы күресін жалғастыруды өзіне ұлы мақсат санаған. Ол Қазақстанның оңт-нде, Орта Азия аум-нда отарлаушыларға табанды қарсылық көрсетіп, Қоқан (1864–66), Бұхара (1867–69), Хиуа (1869–73) мемлекеттері әскерінің қолбасшысы ретінде Ресей армиясына сан мәрте соққы ұйымдастырған. 1860 ж. Қоқан ханы Мәллебек С-ты пансатбасы (бес жүз адамға әскербасы) тағайындаса, 1864 ж. Мұхаммед Сұлтан Сейіт хан бүкіл Терiскейдің (қазіргі Созақ ауд-ның жері) әкімі етіп бекіткен. Оны 1868 ж. маусым айында Бұхара әмірі Мұзаффар Қызылқұмдағы қазақтар мен Бұхара әмірлігінің солт.-батыс бөлігіндегі барлық көшпенділерге, ал 1869 ж. аяқ кезінде Хиуа ханы Мұхамед Рахим Әмударияның шығысынан Боқантауға дейінгі аралықтағы және Мыңбұлақ пен Дәуқарадағы қазақтарға, бүкіл қарақалпақтарға басшы етіп тағайындаған. 1866–73 ж. С. Қызылқұм, Жаңадария (Ақан мазары – Аққыр шатқалы), Қуандария (Ақманқап шатқалы – Қазбақ шатқалы) бойындағы ауылдардан үнемі қол жинап, әскери қорын ат-көлік, азық-түлік, жабдық-сайманмен толықтырып отырған. Сырдария бойындағы Шардара қамалы маңындағы қазақтарды Ресей әскері тонап жатқаны жайлы хабар алған С-тың оларға көмекке аттанып, 1866 ж. сәуір айының ішінде отарлаушыларға ойсырата соққы беруі, халықтың тоналған мал-мүлкін қайтаруы – оның елі мен жері үшін жасаған ерліктерінің бірі ғана. Іле-шала мамыр айының бас кезінде С. Қызылқұмға аттанады. Ондағы негізгі мақсаты – Қарашұбар, Боқантау, Тамды, Ақбайтал, Аяққұдық, Ұшқұдық мекендерінен жігіттер жинап, жасақ құрамын толықтыру еді. Алайда ол осы жасақтарымен ген. Н.А.Крыжановскийдің әскерінен Оратөбе мен Жызақты ұзақ қорғап тұра алмады (23.9. – 28.10.1866). 1867 ж. 3 мамырда Жаңадарияның сол жағасына Бұхара жақтан С. және Пірәлі би бастаған 800 сарбаз келеді. Бұларға қарсы №1 форттан (Қазалы) есаул Г.Анчоковтың (Ончеков) ротасы шығады. Қазалыдан 143 км жердегі Сарбұлақ маңайында 7–9 мамырда екі жақтың қатысуымен үлкен шайқас өтеді. Үш күнге созылған ұрыста ресейліктердің 18-і ғана тірі қалғаны туралы мәлімет кездеседі. 1868 ж. 1 сәуірде Бұхараның Нұрата қамалында Өтетілеуұлы Пірәлі бастаған қазақ билері С-ты өздеріне сұлтан сайлайды. 1873 ж. Хиуаны қорғауға қатысқан С-тың

қару-жарағы басым жау әскерімен жүргізген ұрыс қимылдары сәтсіз аяқталып, ол күресті Қашқарияда жалғастырады. 1874 ж. Қашқария билеушісі Якупбек (Ақмешіт қ-ның бұрынғы бегі) оған әскери қолбасшы лауазымын береді. С. төре Қашқария мұсылмандарының көмегімен Түркістан өлкесін орыс жау лаушыларынан азат етуге болады деп үміттенеді. Алайда, 1877 ж. Қашқарды Цин империясының әскері басып алады. С. 1878 ж. Ресей әкімш-не беріліп, өмірінің соңына дейін Шымкент уезі Ханқорған а-ның маңында тұрды. Қызылорда қ-ндағы бір көшеге С. сұлтанның есімі берілген (2021).

Қ.Омаров

СЫЗДЫҚОВ Әбілқайыр (23.10.1971 ж. т., Жаңақорған ауд.) – айтыскер ақын, ҚР Мәдениет саласының үздігі (2020). Қазақстан Жастар одағы сыйл-ның иегері. Халықар. қазақ-түрік ун-тінің филол. ф-тін (2004) бітірген. Жаңақорған ауд. мәдениет үйінің автоклуб меңгерушісі (1992–98), ауд. мәдениет үйі жылжымалы демалыс кешенінің меңгерушісі (1998–2001), ауд. мәдениет үйінің әдіскері, директоры (2001–04), ауд. мәдениет бөлімінің бастығы (2004–07), Қызылорда обл. мәдениет басқармасының бастығы, басшының орынбасары, сондай-ақ Жаңақорған ауд. мәдениет және тілдерді дамыту (2007–16), ауд. ішкі саясат бөлімдерінің бастығы (2022–23) қызметтерін атқарған. 2023 жылдан Жаңақорған ауд. мәдениет және спорт бөлімінің басшысы. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған (2004). Жаңақорған ауданың құрметті азаматы.



Сыздықов Әбілқайыр

СЫЗДЫҚОВ Дүйсенхан (19.12.1961 ж. т., Жаңақорған ауд.) – композитор, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2022). ҚР-ның мәдениет саласының үздігі (2013). Шымкент қ-ндағы муз. уч-щені (1984), пед. мәдениет институтын (1997, қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) бітірген. Шымкент (қазіргі Түркістан) обл. Жетісай қ-ндағы Қазақ муз. драма театрының қызметкері (1984), Жаңақорған ауд. «Экспресс» ән-би ансамблінің көркемдік жетекш. (1985–90), ауд. мәдениет үйінің директоры (1990–95), ауд. мәдениет бөлімінің меңгерушісі (1995–97) қызметтерін атқарған. 1997 жылдан Алматы қ-нда шығарм-пен айналысып келеді. 2016 жылдан Мемл. филармонияның бас дыбыс реж. Композитор К.Дүйсекеевтің шәкірті, бірнеше деректі фильмге бірге музыка жазған. С-тың әндерін Р.Рымбаева, М.Жүнісова, Т.Жаманқұлов, Ж.Ысқақова, Б.Шадаева, Ж.Сейдоллаұлы, Г.Оразымбетова, т.б. әншілер орындайды. Обл., респ. байқаулардың лауреаты. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы (2017).



Сыздықов Дүйсенхан

М.Әмзе

СЫЛДЫРШӨП (Silene) – қалампыр тұқымдасына жататын бір, екі және көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Солт. Жарты шарда 500-дей түрі өседі. Қазақстанның барлық аймағында кездесетін 62 түрі бар. Сабақтары тік, кейде жатаған болады. Жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, пішіндері әр түрлі (ұзынша, дөңгелек, т.б.). Гүлдері қос жыныстыы, кейде дара жыныстыы. Тостағанша жапырақшалары бес тісті. Желектері ақ, қызғылт, сары-жасыл түсті, саны – бесеу. Аталығы 10, жатын түйіні 3 ұялы. Мамыр - қыркүйек айларында гүлдеп, жеміс салады. Жиі кездесетін түрі – торсылдақ С. (S. latifolia). Ол Тобыл, Есіл, Ертіс өзендерінің жағалауында, Тарбағатай, Жетісу (Жоңғар), Іле, Күнгей, Қырғыз Алатаулары мен Кетмен тауларының шалғынды жерлері мен селдір ормандарында өседі. Биікт. 40–100 см. Жапырақтары ұзынша, дөңгелек. Ақ түсті гүлдері шашақша масақ гүлшоғырына топталған. Маусым - қыркүйек айларында гүлдеп, жеміс салады. Жемісі – ақ түсті қорапша. Салбыр С-тің биікт. 30–60 см. Сабағы түкті, жабысқақ. Гүлдері ақшыл күрең, шоқталып өседі. Маусым - тамызда гүлдеп, жеміс береді. Жемісі – сопақ қауашақ. Салбыр С. – дәрілік өсімдік, оны жүйке жүйесін тыныштандыру, қабынулар мен ауырсынуды басу және қан тоқтату үшін пайдаланады. С-тың 5 түрі: Мүслім С-і (S. muslimii), Сырдария С-і (S. jaxartica), Тянь-Шань С-бі (S. tianschanica) және Бетпақдала сылдыршөбі, бор сылдыршөбі – өте сирек кездесетін өсімдіктер ретінде қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.



Сылдыршөп

С.Арыстангалиев



Сыр Ана монументі

СЫР-АНА – монумент, Қызылорда өңірінің тарихи ерекшеліктерін көрсететін құрылыс. 2001 ж. ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына Сырдария өз. жағасына орнатылған. Биікт. 39 м. Ескерткіш пішіні биіктеген сайын өз діңгегінің айналасында оралып, әсем бейне қалыптастырады. Жоғ. жағы қазақ әйелінің бейнесін айшықтайтын сәукелеге ұқсас. Сәукеле түріндегі мұнара басын жайқалған күрішті білдіретін бөлшек аяқтайды, ал күріш – Қызылорда обл-ның символы. Монументтің төм. жағы Сырдариянның бұйра толқындарын байқатады. Кешеннің бас жобалаушысы «SAMGAU» құрылыс-жобалаушы компаниясы, оның бас арх. Б. Базыкен. Туристік нысан ретінде «Сыр-Ана» ескерткіші қала қонақтары мен тұрғындары үшін демалыс орнына арналған әрі онда түрлі мерекелік шаралар өткізіледі.

А.Әбдімомынова



Сыр бойы газеті

«СЫР БОЙЫ» – танымдық-саяси газет, Қызылорда обл. әкімдігінің органы. Алғаш Қызылорда обл. және қалалық к-ттері мен еңбекшілер депутаттары обл. кеңесінің органы ретінде 1929 ж. 1 шілдеде өз жұмысын бастады. 1932 жылдың ақпан айынан «Ленин туы», 1938 жылдың 22 наурызынан «Ленин жолы» деп аталды. 1991 ж. «С. б.» алғашқы атауын қайтып алды. Газетте әр кезеңде А.Тоқмағанбетов, Ә.Қоңыратбаев, С.Алдабергенов, т.б. еңбек етті. Әр жылдары Ж.Тілепбергенов (1929–33), Қ.Қауымбаева (1937), М.Сәтбаев (1938–39), Т.Елемесов (1939–46), Б.Сарбаев (1946–49), С.Сейітов (1949–51), Ж.Қонақбаев (1951–53), Х.Сыздықов (1953–55), З.Жарқынбаев (1955–62), Ұ.Бағаев (1962–68), Қ.Әбенов (1968–85), Н.Уәлиханов (1985–91), Ә.Рахымбекұлы (1991–96), Ж.Рахматулла (1996–2008), С.Пірназар, Ж.Ақсақалов, Қ.Шарабидинов, Ж.Әбдіраман (2008–18) бас редактор қызметтерін атқарған. 2010 жылдан «Сыр медиа» ЖШС құрамына еніп, Қ.Шарабидинов жетекшілік етіп келеді. Қазақстан

Журналистика академиясының мәртебелі жалпыұлттық «Алтын жұлдыз» (2005), «URKER-2023» ұлттық сыйлықтарының, сондай-ақ «Үздік өңірлік БАҚ» номинациясының (2023) иегері.

А.Әбдімомынова

СЫР БОЙЫ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚТАР. Ғыл. әдебиеттер бойынша қарақалпақтар Сырдария өз. алабына 16 ғ-дың 2-жартысында қоныс аударған. Сыр бойы қарақалпақтары туралы нақты тарихи деректер 1578, 1582 жылдардағы құжаттарда кездеседі. Орыс құжаттарында қарақалпақтар 17 ғ-дан бастап Жайық, Жем өз-дерінің сағалары мен Сырдарияның төм. жағалауларын мекендеген. 1697 жылғы құжатта, мыс., олардың қазақтармен қауымдасып егін егіп, Өзгенттен төмен қарай Сыр бойымен 10 күндік жердегі Қорқыт мешітіне дейінгі аралықты қоныстанғаны айтылған. Қазақ хандығына саяси әрі экон. тұрғыда тәуелді болған қарақалпақ ұлысына бастапқы кезеңде (1680–1715) Әз Тәуке және оның ұрпағы, ал 18 ғ-дың 2-онжылдығынан 19 ғ-дың басына дейін Қайып ханның (1715–18) баласы Батыр сұлтанның, Кіші жүз ханы Әбілқайыр мен оның ұрпағының алма-кезек билік еткені көрсетілген. Жоңғарлардың Қазақ хандығына, атап айтқанда, Талас жазығы мен Түркістан аймағына жасаған шапқыншылығы (1723–25) салдарынан қарақалпақтардың бір бөлігі Сырдарияның төм. ағысының сол жағалауындағы Қуаңдария мен Жаңадариядағы жазық жерлерге үдере ауған. 1740 ж. қарақалпақтар Сырдария, Адам Ата мен Қуаңдарияны, Жанкенттің маңайын жайлады. Онда қытай, коңырат, кенегес, қыпшақ, мүйтен, жабы, қият рулары өгізбен жер жыртып, бидай, арпа, сұлы еккен. Негізгі күнкөріс көзі – қасқыр, түлкі, қарсақ, барыс, т.б. аң терілері мен жүн көрпе саудасы болған. Қарақалпақтардың сыртқы саясатта дербестікке ұмтылуы (Ресей бодандығын тікелей қабылдауы), кесімді салықты төлемеуі, т.б. іс-әрекеттері ұнамаған Кіші жүз билеушілері (Әбілқайыр хан, Батыр сұлтан) 1741–44 ж. оларға қарсы бірнеше рет жорық жасаған. Сырдария қарақалпақтарына 1744–45 ж. Қазыбек би, Қабанбай батыр, Қарасақал батыр (башқұрт), ал 1746–47 ж. Орта жүздің сұлтаны Абылай, 1748–50 ж. Орта жүздің ханы Күшік пен Барақ сұлтан, Айшуақ сұлтан мен Жәнібек тархан шабуылдар ұйымдастырған. Сырдарияға іргелес аймақтарға билік жүргізген Батыр хан мен Ерәлі сұлтан Қуаңдария мен Жаңадариядағы қарақалпақтарға (10 мың шаңырақ) 1750, 1756, 1762 ж. соққы жасап, үлкен олжаға кенелген. Қазақ күштерінің жойқын шабуылдарынан ығысқан қарақалпақтардың ең басты шоғырлану аумағы 1762 жылдан Қуаңдарияның сол жағасы мен Жаңадариянның арасы болды, сондай-ақ ішінара Әмудария атырабының шығысындағы Хиуа мен Арал т. маңы тұрғындарының иеліктеріне орналасқан. 18 ғ-дың 2-жартысында қарақалпақтардың



әрбір тайпалық бірлестігін өз биі басқарды. Құдайменді сұлтанның 8 мыңдық әскермен 1785 ж. күзіндегі, Жанқара батыр қолының 1786 жылдың көктеміндегі және қазақ қосындарының шілде айындағы Қуаңдария мен Жаңадария аймағындағы әскери қимылы қарақалпақтар тарапынан үлкен қарсылыққа тап болып, нәтижесіз аяқталды. Сол кезден бастап екі халықтың арасында салыстырмалы түрде тыныштық орнайды. 1790 ж. Қуаңдария мен Жаңадария алабын, яғни қарақалпақ иелігіндегі жерді керейт, төртқара, қарасақал, кішкене шекті, ал хиуалықтар иелігіне жақын жерлер мен Арал т-нің батыс жағасынан Қоңырат қ-на дейінгі аралықты қарасақал, төртқара, үлкен шекті, адай, керейттер қыстаған. Ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Ж.Нұрмұхамедұлының да қарақалпақтармен шайқасы ұзақ жылдарға созылды. Жасы 18-ге шыққан Жанқожаның қарақалпақ батыры Тықыны 1792 ж. күзде Жаңадария бойында мерт қылуы – осы жолдың бастауы болды. Көпжылғы қырқыстан әбден әлсіреген қарақалпақтарды түпкілікті бағындыру мақсатында Хиуа хандарының (Елтүзер хан, Мұхаммед-Рахим хан) Қуаңдария мен Жаңадария бойына басқыншылығы үдей түсті. Осы кезеңде Темір сұлтан, Кетебай би мен Бүркітбай би бастаған шөмекейлердің 1500 сарбазы Жаңадарияда Хасан маңындағы (1810, қыркүйекте Аман би басқарған қытай руын), сондай-ақ Дәуқара мен Жаңадария бойындағы (1–7.10.1810) қарақалпақтарды шапты. Қалыптасқан жағдайды ұтымды пайдаланған Мұхаммед-Рахим хан 1810 ж. 20 қазанда 3 мыңдық әскермен жорыққа шығып, Жаңадариядағы маңғыт, қытай (7.12.1810, 5 мың шаңырақ), Қуаңдариядағы қыпшақ, оймауыт, кенегес, бешсары руларын (22.12.1810, Шайқы ата маңайы) Әмудариядан қарай қоныс аудартты. Осыдан кейін қарақалпақтардың Сыр бойындағы 2,5 ғасырлық тарихы 1811 жылдан бастап Хиуа, Бұхара елдерінің саяси және экон. ықпалы аясында өрбіді.

Қ.Омаров

СЫР БОЙЫНЫҢ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ. 19 ғ-дың соңғы ширегі – 20 ғ-дың басында қалыптасқан. Сыр бойындағы ақындық мектептің Қазақстанның басқа аймақтарындағы ақындық мектептерден өзіндік ерекшелігі болды. Қазақ әдебиеті тарихындағы байырғы өркениеттер синтезін танытатын шығарм. мектеп өкілдері халық арасында Дүр ақын, Сыр сүлейлері деп аталған. Сүлейлер – этнографиялық бағыттағы тынысы кең, суырып салма, т.б. өнері жоғары деңгейде қалыптасқан ақын-жыраулар, байырғы эпик. жырларды жатқа айтып, өздерінің жеке шығарм-н да дамытқан өнерпаздар. Жалпы, Сыр бойы қисса айту дәстүрінің өкілдері – ақын-жыраулар халық арасында «сүлей» атауымен танылған. Сыр сүлейі мектебінің негізін қалаған ақындар – Балқы Базар, Ешнияз сал, Тұрмағамбет, Омар Шораяқұлы, Қаңлы Жүсіп, Кете Жүсіп, т.б. болса, ал Сыр өңірі әдеби дамуының тамыры – қазақ ру-тайпалары және ұлыстардан ұрпақ арқылы жалғасқан рухани мол мұра, оның бастауы Қорқыт Ата ғұмыр кешкен 8–9 ғ-лар. Қорқыт Ата жайындағы аңыздар алғаш 8 ғ-да Сыр бойы оғыз, қыпшақ тайпаларының арасында пайда болып, әрі қарай түркі тілдес халық арасында кең тараған. Сыр бойы әдеби мектебі мен ақындық дәстүрді Ә.Диваев, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, М.Байділдаев, Ө.Күмісбаев, Б.Кәрібозұлы, Т.Тебегенов, Ұ.Жанбершиева, Ғ.Тұяқбаев, Г.Оралова, т.б. ғалымдар зерттеді. Сыр сүлейлері шығыс әдебиетінде кең таралған «нәзира» негізіндегі ақындарды қайта жырлау арқылы ұлттық әдебиеттегі дастан жырлау дәстүрін қалыптастырды. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық поэзияны зерттеген ғалымдар бұл бағытты 19 ғ-дың аяғы – 20 ғ-дың басындағы саяси-әлеум. жағдайлармен байланыстырады. Қазақ

даласында мешіт, медресе салдыру ісі жанданды. Жазба насихат кең таралып, пайғамбардың өмірін, Құранның аят-хадистерін, 33 мың сахабаны, сондай-ақ аңыз-әңгімелер, Шәкір – Шәкірат, Хасен – Хұсайын, Қадиша қыз, Хазірет әлі жорықтары, төрт шадияр, т.б. жырлаған кітаптар көбейді. Батыс пен Шығыстың классик. әдебиет үлгілері қатар жетіп, қазақ әдебиетінде кітаби ақындардың дәстүрі қалыптасты. Зерттеушілердің пікірінше, халық санасына 19–20 ғ-дың басындағы діни-ағартушылық бағыттағы ақындардың поэзиясы зор ықпал еткен. Бұл бағытты ұстанған ақындар шығармаларының негізгі арқауы – адамның сана-сезімін мұсылмандықтың ізгі нұрымен сәулелендіру, сол арқылы адал өмір сүру, адамгершілік, имандылық, оқу-білім алу, т.б. Сондай-ақ олар адамның азуын, жауыздық, алдау-арбау, парақорлық, т.б. дінсіздіктен деп түсіндірді және мұсылмандық жолдан тауға негізгі себеп Ресей отаршылдығы деп білді. Сондықтан адамды аздырудан сақтап қалудың бірден-бір жолы – діни мораль деп ұғындырды. Сыр бойы ақындары Балқы Базар, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет, Қарасақал Ерімбет, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Нұртуған, Бұдабай, Дүр Оңғар, Таубайдың Жүсібі, Т.Салқынбайұлы, М.Жүсіпұлы, С.Бөртебайұлы, Н.Қосжанұлы, Ш.Бектасұлы, Ж.Табынбайұлы, Б. Қабылұлы, С.Бекшентайұлы, т.б. өз шығармалары арқылы қазақ руханиятын жасаушы болып тарихта қалды. Құран Кәрім сүрелерінен, аят, хадистерден алынған үлгі, өсиет, ғибрат сөздерді философ. астарлы ой беруге, қарапайым халықтың ислам дінін шынайы, имандылық тұрғысынан терең мән бере қабылдауына (түсінуіне) пайдаланды. Ислам дінін дәріптеген дастандар жазылды. 20 ғ-дың басындағы әдеби үдерісте Сыр сүлейлері жазба айтысты дамытуымен ерекшеленді. Бұл кезеңде екі ақынның жазып айтысу салтымен қатар, көптеген ақындардың бір тақырып төңірегінде ой жарыстыруы, топтасып айтысу дәстүрі де орын алды. Жазба айтысының өзіндік ерекшеліктері мен шарттарына сай, мыс., айтысты бастаған ақынның көтерген мәселесін келесі ақын еселей, дамыта суреттеуі дағдыға айналды. Мұндай айтысты сол кезеңдерде Сыр халқы мен осы өңірдегі әдеби орта айтулы айтыстардың қатарына жатқызған. Жиын-тойларда, ақындар бас қосқанда осы айтыс төңірегінде қызу пікірталастар орын алған. Айтыстағы ақындардың жазысқан хаттарын жатқа айта отырып, пікір өрбіткен.

Ғ.Тұяқбаев

СЫР БОЙЫНЫҢ БАТЫРЛАРЫ – әлеуметтік топ. Қазақ халқының дамуында батырлар айрықша әлеуметтік категория ретінде қалыптасып, ұлттық болмысымызды айқындайтын ерекшеліктердің біріне айналды. Қазақтың ұлт ретінде қалыптасып, мемлекеттігін дамытуда әрі сақтап қалуда олардың қосқан үлесі – өлшеусіз. Төл тарихымызда батырлардың 17–18 ғ-дағы рөлі ерекше бағаланады. Олар Жоңғар шапқыншылықтары тұсында қазақ мемлекеттілігінің алтын діңгегін сақтай алды. Жерімізге батыстан сұғынған құба қалмақтарды түпкілікті жеңіліске ұшыратуда біздің бабаларымыздың еңбегі елеулі. 18-ші ғ-дың 30-жылдары басталып, екі ғасырға созылған Ресейдің отарлау саясатына қарсы күрес туын көтерген де батырлар болатын. Қазақ-ноғай, қазақ-бұқар (16 ғ.), қазақ-башқұрт, қазақ-қарақалпақ, қазақ-түркмен, қазақ-қырғыз (18 ғ.), қазақ-хиуа, қазақ-қоқан (19 ғ.) қарым-қатынастары да ылғи достық пен бауырластықтан тұрған жоқ. Бұл оқиғалар туралы әңгімелер халық жадында әлі сақталған, тарихи деректерде аз емес. Ел тарихындағы осынау сындарлы кезеңдерде батырлардың әрқайсысы өз ауылына, өз жеріне қорған бола білді. Қызылорда ун-тінің ғалымдарының ширек ғасыр жүргізген ынталы ізденістерінің нәтижесінде Сыр өңірінен Қазақ хандығы құрылғалы бері шыққан 550-ден астам батыр анықталып отыр. Атап айтқанда: Абат Асанұлы (15 ғ.), Сайд Камаладдин (16 ғ.), Жаманбай Таулыбайұлы (16 ғ.), Қаптағай (16 ғ.), Тоқпан (16 ғ.), Сейтқұл (16 ғ.), Жалаңтөс (1576–1656), Қожамберді (16 ғ. 2-жартысы), Кейден (17 ғ.), Құдайменді (17 ғ.), Келмембет Келдібайұлы (1648–1675), Айдарбек Өрісұлы (17 ғ.), Дүйсен (Шоба) Бұлтұлы (17 ғ.), Сырымбет (17 ғ.), Ақпан Құланшыұлы (17–18 ғ.), Қожамсүгір Қойбарұлы (17–18 ғ.), Бүркірек Мәделіұлы (т.ж.б.–1726), Текей Қарпықұлы (1679–1764), Арыстанбай Айбасұлы (1693–ө.ж.б.), Тайлақ Мәтіұлы (1693–1742), Бөрібай Сарыұлы (1694–1760), Сәрке (т.ж.б.–1727), Бәби Қожас ұлы (17-18 ғ.), Баймұрат Байбөріұлы (17-18 ғ.), Сырлыбай Қожасұлы (1670-1740), Сәлтеке Мәметекұлы (17–18 ғ.), Таңсық Әлімұлы (18 ғ.), Қопа (18 ғ.), Төлек батыр (18 ғ.), Сырғақ Ниязұлы (18 ғ.), Есболат Алматайұлы (18 ғ.), Байтен Дәулекеұлы (18 ғ.), Жанай Маңғыбайұлы (18 ғ.), Тәттімбет Бұлғақұлы (1700–1764), Жолай Ырсымбетұлы (1701–1770), Алаң Баймұратұлы (18 ғ.), Киікбай Құлжаманұлы (18 ғ.), Кеген Текейұлы (18 ғ.), Жақау Естекұлы (18 ғ.), Байғара Қожасұлы (1706–1731), Сартай Байжанұлы (1711–ө.ж.б.), Жылқайдар Сырлыбайұлы (1712–1792), Жылқаман Отыншыұлы (1712–96), Қалам Бөріұлы (1715–1780), Сәмет Назымұлы (1744–1839), Бәйтік Баймембетұлы (1762-1841), Мырзабай Жолайұлы (1765–1845), Толыбай (1769/71–1863/69), Жанқожа Нұрмұхамедұлы (1774–1860), Сарман Жантілеуұлы (1770–1841), Көкен Назарұлы (1775–1863), Байқадам Ақайдарұлы (1785–1850), Дабыл Бекшеұлы (18–19 ғ.), Тілеулі Мырзатайұлы (18–19 ғ.), Қыстаубай Жиенбайұлы (18–19 ғ.), Барқы Қобландыұлы (18 – 19 ғ.), Науша Барқыұлы (18–19 ғ.), Ақтан Ақайұлы (1770–1854), Шалқошқар Әлібекұлы (1770–1811), Қашқынбай (1789–1869), Тұрғанбай (1794–1850), Қарақисық Қосұлы (1798–1860), Бодаш Бәйтікұлы (т.ж.б.–1910), Өтеген (19 ғ.), Елқонды Мыңбайұлы (19 ғ.), Ес Ақтанұлы (19 ғ.), Қызылбас палуан (19 ғ.), Кішкенбай Мажығұлұлы (19 ғ.), Пішан Мұратұлы (19 ғ.), Қитар (19 ғ.), Күрек (19 ғ.), Жаман (19 ғ.), Ораз (19 ғ.), Бостан (19 ғ.), Шахмырза (19 ғ.), Мекей (19 ғ.), Аққөбе (19 ғ.), Нам (19 ғ.), Желекей (19 ғ.), Жанғабыл Төлегенұлы (1805–1896), Құрақ Азатұлы (1810–1882), Қожеке Мырзабайұлы (1811–1895), Тоғанас Бәйтікұлы (1812–1864), Созақбай Құрымбайұлы (1812–1894), Бұқарбай Естекбайұлы (1812–1898), Меңей (19 ғ.), Медет (1814–1887), Қалдан Талқанбайұлы (1819–1912), Түбекбай Нәзікұлы (1830–1902), Сейіл Байқадамұлы (1827–1902), Иманжүсіп Құтпанұлы (1863–1931), Қожбан Жұбанұлы (1870–1930), Жұмағазы Бәйімбетұлы(т.ж.б.–1931), Пірмағамбет Лаубайұлы (т.ж.б. – 1931), т.б. батырлар қазақ жерінің тәуелсіздігі мен бүтіндігінің жоқшысы болды. Жинақталған мәліметтерді жаңа деректермен толықтыру жұмыстары жалғасын таба бермек.

Қ. Омаров, Б.Ахметбек

СЫР БОЙЫНЫҢ ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮРІ. Сыр елі қазақ мәдениетінің тереңнен бастау алатын жыраулық дәстүрін бүгінге жеткізген бірнеше тарихи-географиялық аймақтың бірі. Ғасырлар бойы қалыптасқан өркениет ошағы, «Сыр елі – жыр елі» атанған өлкеде байтақ жыраулық өнердің асқақ рухын, түркі мұратын жаңғыртудағы Сыр сүлейлерінің рөлі айрықша. Көне түркі дәуірінде Алтайды мекендеген оғыз тайпалары алғаш Жетісу, одан соң Сырдың төм.

ағысын мекендеп, 10–11 ғ-ларда Каспий т. жағына қарай қоныс аударғаны мәлім. 9–10 ғ-ларда оғыз тайпаларының мекені болған Сыр өлкесіндегі жыраулық өнерге тән негізгі ерекшелік – дыбысты таңдайға салып діріл-детіп шығару. Бұл дәстүр ел арасында маңырама (аңырама) аталып кеткен. Сыр елінің тарихи-мәдени мұрасы сөз болғанда, алдымен Қорқыт, В.Каллаур, В.Бартольд, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан, т.б. есімдері назарға алынады. Т.Қоңыратбаев «жыраулық – синкреттік өнер, поэзия мен музыканың ажырамас бірлігіне негізделген құбылыс...» дейді. Сыр өңірі жырауларының айту мақамының өзі қайталана бермейтін ерекше құбылыс. Арал, Қармақшы, Қазалы өңірлеріндегі құрылымы үштағанды мақамдар 5-тен 25 тармаққа дейінгі ауқымды қамтиды. Арал, Маңғыстау, Қостанай, Торғай өңірлері мақамдарының құрылымдары басқа аймақтармен салыстырғанда өте күрделі. Арал өңірінде сирек болса да, үштағандық өлшемге сыя бермейтін мақамдар кездеседі. Мұндай мақамдар муз. тұрғыдан алғанда бірқалыпты орындала бермейтін, өзгеріске түсіп, сан құбылып, домбыраның 22 пернесін түгел қамтитын күрделі құрылым. Сыр өңірі мақамдары, мыс., кіріспе, бастау, негізгі бөлім, қайырымдардан тұрады. Кіріспе аспаптың құлақ күйін келтіруден басталады. Өйткені, жыршы немесе жырау аспабын қолына алғаннан іштей тебіреністе болады. Осындай сәтте күй тектес мақам, кейде оның орнына мақамның өзін, оның үлкен немесе кіші қайырымын түрлендіре ойнап алады. Күй тектес мақам ойнау жыраудың шабыттануына, жігерленуіне, жырға тез кірісуіне көмектеседі. Бастау – кіріспе біткеннен кейін негізгі бөлімге өтер алдында, яғни бұрын «ән шақыру» деп аталып келген, тыңдарманды өзіне қарату үшін «оу», «ей» одағай сөздерін қосып айтатын бөлімі. Бастау бөлімі де бас буын, орта буын, кіші сағада ойналып, айтылады. Негізгі бөлімде айтылатын мәтін мен әуен бірнеше тармақтан, кейде бірнеше шумақтан тұрады, ара-арасында кіші қайырымдармен өрнектеліп, жырауға тынысын бірқалыпқа түсіруге мүмкіндік береді. Мақамдардағы қайырымдар екі түрлі болады. Біріншісінде жырды бас, орта буындардан немесе сағадан біраз толғап, тақпақтап, бір нақты ойды тұжырымдап болған соң ғана қайырады. Мұндай қайырымдарды кіші қайырым деп атайды. Кіші қайырымнан соң тыныс алып алған жырау қайта жалғастырып айтып келіп, жыр немесе бір көлемді эпизод біткен соң үлкен қайырым жасайды. Кіші қайырымдар елді жалықтырмауға, жыраудың өзіне күш түсірмеуіне, басқа мақамға ауысуы үшін қолданылады. Олар қайырымдары бірдей, қайырымдары ерекше деп бөлінеді. Бірінші топтағы мақамдарды құрылымына орай қайырым әуенін екі-үш мақамда да қолдана береді. Екінші топтағы мақамдардың авторлары белгілі болғандықтан және ондай мақамдардың қайырымдары өзіндік әуенін, мазмұнын, сипат-мінезін өзгертпейтіндіктен, өзге мақамдарға телінбейді. Өңір мақамдарының құрылымдары бір-біріне ұқсас болғанымен, ешқашан бірқалыпты орындалмайды. Ол орындаушының көңіл-күйіне, мінез-құлқына, айту мәнеріне, мәтіндегі оқиғаға байланысты. Кей мақамның өзі неше түрлі мінез бен көңіл-күйді білдіріп тұрады. Мақамдар мінез ерекшеліктеріне, әуен шумақтарына, мәтін мазмұнына қарай желдіртіп, көтеріңкі көңілмен айтылатын; байсалды, сабырлы, салмақты айтылатын; екпіндетіп, өршелене төгіп, жылдам айтылатын; көңілді шалқыта, асқақтата айтылатын; қайғылы, терең толғаныспен, тебіреніспен айтылатын мақамдар деп 5 топқа бөлінеді. Бұл өңірде ойын-сауық, көтеріңкі көңіл-күйге құрылған мақамдар аз, терең ой мен үлкен талғампаздықты, бекзадалықты қалайтын, тектілік пен адамгершілікке тәрбиелейтін кең тыныстық, таза, әуезді дауысты қажет ететін мақамдар басым. Мұндай мақамдар өз ерекшеліктеріне сай, тыңдарманын өзіне еріксіз баурайды.

Ғ.Тұяқбаев



Сырғабаев Тыныштықбай

СЫРҒАБАЕВ Тыныштықбай (20.10. 1931, Тереңөзек ауд. – 12.4. 2011, Қызылорда қ.) – еңбек ардагері. Қазақ а. ш. ин-тын (1954, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-тін) бітірген. Еңбек жолын Қазалы ауд-ндағы құрылыс мекемесінде инженер болып бастаған. Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауд-ның суландыру, егістік жерлерді инженерлік жүйеге келтіру жұмыстарына басшылық жасаған (1956–68). Қызылорда қ-ндағы «Союзгипрорис» жобалауіздестіру ин-тында директор қызметін атқарған (1968–92). С. Қызылорда политехникумы жанынд. мемл. емтихан қабылдау комиссиясын 10 жылдан астам уақыт басқарған. Еңбек Қызыл Ту орденімен (1974), медальдармен марапатталған.

Қ. Омаров

СЫР ЕЛІ – Сырдария өз-нің жағалауына орналасқан Қызылорда өңірінің жанама атауы. Сыр елі – белгілі бір дәстүрдің ғана жеке дамыған жері емес, тоғыз жолдың торабы, сан түрлі тарихи оқиғалар мен көзқарастар бір мүддеге тоғысқан өлке. Сол себепті өңірде өмір сүрген жырау, жыршы, ақын, күйші, әнші, сал-серілердің шығарм. әлем әдебиетінде, мыс., Сыр мектебі, Сыр сүлейлері, т.б. сирек кездесетін құбылыс ретінде айрықша назар аудартады. Сыр елі – қазақ әдебиетінің қайнар бұлағы. «Сыр елі - жыр елі» деп аталған топырақта талай ақын-жазушылар дүниеге келді. Сыр елінде Алаштың 4 астанасы бой көтерді: Арал т. маңы сақтарының рухани-діни орт. – Шірік-Рабат, Оғыз мемлекетінің бас қаласы – Жанкент, Қазақ хандығының астанасы – Сығанақ, кеңестік кезеңдегі Қызылорда, олардың әрқайсысы Қазақ елі тарихында өзіндік өшпес із қалдырды.

СЫР ЕЛІНІҢ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ІЛІМІ. Сыр елі – діни-ағартушылық ой-сананың орныып, қоғамның алға басуына қозғаушы күш болған өңірлердің бірі. Қазақ елінің Қазан төңкерісіне дейінгі жағдайында діни-ағартушылық ой-сананың өмірден, ұлттық сана мен тұрмыстан берік орын алуына қызмет еткендер өз заманының білімді, зиялы қауымы болып саналатын ишандар мен ахундар болды. 10–20 ғ-лар аралығында өмір сүрген, Мекке, Медина, Бағдат, Шам, Ыстанбұл, Каир, Кабул, Герат, Хиуа, Хорезм, Үргеніш, Самарқан, Бұхара қ-ларында оқып, білім алған діни ағартушылар Орта Азия мен Қазақстанның барлық өңірлерінде дерлік қызмет атқарды. Мыс., Сайд Ахмет Қосани (1461–1542), Мақтұм Сейіт баба (1590–1663), Қожжан қожа (1595–1676), Мәдіқожа (17 ғ.), Мүсірәлі сопы әзиз (17–18 ғ-лар), Сейтбембет әулие (18–19 ғ-лар), Марал ишан Құрманұлы (1780–1853), Құлболды ишан (1785–1860), Оразай ишан Бұғыбайұлы (1807–98), Сайфназар ахун (1811–73), Қалқай ишан (1815–60), Молдашер ахун (1825–1904), Ораз-Мұхамеджан ахун (1836–94), Мұңайтпас би Лапин (1838–1918), Алтайбек ахун (1841–1913), Бәймен ахун (1846–1916), Тапал ахун (1842–1921), Бабай ишан Жүнісұлы (1857–1937), Қалжан ахун Бөлекбайұлы (1857–1916), Жармұхаммед ишан Оразайұлы (1858–1919), Садық ахун Қадырұлы (1860–1937), Ахмет ишан Оразайұлы (1861–1927), Мақсұт ишан (1873–1938), Ақмырза ишан (1881–1930), Қарамолда Мұ-

хамеджан (1888–1937), Сүлеймен ишан Есейұлы (1888–1969), т.б. Діни қайраткерлердің атқарған қызметтері сан алуан, олар ел іргесін бекітуге, әлемдік өркениетке қосуға, ұлттық мәдениетті дамытуға, мешіт салып, елді иландылыққа, руханилыққа тәрбиелеуге, медресе-мектеп ашып халыққа білім беруге, Шығыс ойшылдарының мұрасын зерделеп, тарих, тіл, әдебиет, өнер, философия, медицина, астрономия, т.б. ғылым салаларын дамытуға зор ықпал етті. Сонымен қатар халықты ауру-сырқаудан емдеу, салауатты өмір салтын насихаттау, елді кәсіпке баулу және отырықшы өмірге машықтандыру, халықтың әлеум. жағдайын жақсартуға ат салысу, қайырымдылық көрсету, Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы діни-ағартушылық жұмыстарын насихаттау, Ресей білім жүйесі аясында оқу-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру, араб-парсы, түркі-шағатай тілдеріндегі жазба әдеби, фольклорлық мұраның классик. үлгілерін қайта жырлаған қолжазбаларды таратып, кітаптар жариялау, кеңес өкіметі тұсындағы идеол. қыспаққа қарамастан отаншылдық, ізгілік, діни-мұсылмандық тәрбие беру бағытында жұмыстар жүргізу секілді жұмыстар да діни-ағарту ой-сананың ықпалымен жүзеге асырылып отырды. Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ қоғамының дүниетанымдық, білім беру, денсаулық сақтау, ел тәуелсіздігі мен бостандығы, діни, мәдениет сынды сындарлы мәселелері осы діни-ағартушылық ой-санаға тәуелді болды. Сыр өңірінде 100-ге тарта мешіттер мен медреселер болғаны белгілі. Олардың негізгілері – Өзгент, Оқшы ата, Сейітпенбет әулие, Мүсірәлі әулие, Қармақшы әулие, Мақтұм Сейіт баба (20-ға жуық ұрпағының мешіті), Марал ишан (Қарабөгет, Байбол, Ишан ауылы, Қырғы, Қолантөбе, Қыш, Қамыр төбе мешіттері), Айтбай (1878), Ақтас (1884), Қазалы (1888), Бабай ишан (1892), Ақмырза ишан (1910, 1915), Махмұт ишан, Оразай ишан, Ахмет ишан, Жармұхаммед ишан, Қалқай ишан, Әзілхан ишан, Мақсұт ишан, Құлболды ишан, Сүлеймен ишан, Алдаберген ишан, Басапа ишан, Қожаназар, Ноғай, Тілеулес, Тәжімбет, Алтай, Иманқұл, Бәлдік, Базар қожа, Қырық, Алтынқожа, Қарамолда, Қожжан қожа, Алдашбай ахун, Мырзабай ахун, Қалжан ахун, Қаналы, Жүсіп қажы, Сайыпназар ахун, Ораз-Мұхаммед ахун, Алтайбек ахун, Бәймен ахун, Тапал ахун, Садық ахун, Ақмешіт, Дәулетназар ахун, т.б. мешіттері Сонымен қатар жермен-жексен болып, орындары ғана қалған 10–17 ғ-лардағы мешіттер де көптеп саналады. Демек, кеңес дәуіріне дейін Қазақ даласында 2 мыңнан астам мешіт, медресе болған екен, ал бұл 1917 жылға дейін қазақтардың 2%-ы ғана сауатты болды деген деректің жалғандығын көрсетеді. Сыр өңірінде Қазан төңкерісіне дейін қызмет атқарған мешіттер мен медреселер халықтың сауатын ашып қана қойған жоқ, сонымен қатар олардың дүниетанымының, азаматтық бет-бағытының, көзқарасының қалыптасуына да зор үлес қосқан жүйе болды. Онда діни оқулармен қатар жаратылыстану, қоғамтану пәндерінің оқытылғанына, тіпті орыс тілін меңгертуге, оқып-үйренуге мән берілгеніне мысалдар көп. Осы мешіт-медреселерді бітіріп, кейін қоғам, мемлекет қайраткерлеріне айналған тұлғалар сол мектептен өтті. Діни-ағартушылық ағымның Шығыста, Орта Азия елдерінде түгел орнағаны, оның терең тарихы қазақ халқының кешегі, бүгінгі өмірінде үлкен маңызға ие. Жалпы қазақ, түрік мұсылмандығы Қожа Ахмет Ясауи жолы, фикхтық жағынан Имам ағзам Әбу Ханифаның, ақайдтық жағынан имам Матуридидің іліміне негізделген. Зерттеуші Д.Кенжетайтың көрсеткеніндей, түркі халқы арасында кең тараған нағыз түркілік

мәдениетпен сомдалған дәстүрлі мұсылмандық түсінігіміздің айнасы. Түркітанушы Д.Қыдырәлінің айтуынша, Бейдауи, Рази сынды муфассир-ғалымдар, хадис ілімінің ұстыны болған әйгілі имам Бухари, имам Тирмизи сияқты ғұламалар, ақида-сенім негіздері ілімінің негізін қалаған Матуриди, Ашари имамдар, шариғат ғылымын қалыптастырған Әбу Ханифа, Әбу Юсуф, Марғинани факихтар, тасауф-руханият ілімінің шоқтығы биік ұстаздары Юсуф Хамадини, Ясауи бастаған әулиелер Құран мен сүннетті басшылыққа ала отырып, ислам дінін тұтас жүйеге түсірген. Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған ғұламалардың ілімі – Қазақ даласына тараған мұсылмандықтың, діни-ағартушылық ой-сананың бастау бұлағы. Сыр елі діни-ағартушылары діни ұстаным тұрғысынан осы данышпандардың ілімімен қаруланып, имам ағзам Әбу Ханифа мазхабымен жүріп, шәкірт тәрбиелеу, оқу мен оқытуда Ясауи жолын ұстанған.

Б.Кәрібозұлы

СЫР ЖУРНАЛИСТИКАСЫ. Сыр журналистикасының қазақ журналистикасы тарихында өзіндік орны бар. Қазақстан астанасының Орынбор қ-нан Қызылордаға ауысуы Сыр өңірінің мәдени өмірінде үлкен серпіліс тудырды. «Жас қайрат», «Лениншіл жас», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп», «Еңбекші қазақ» сияқты басылымдар өз жұмысын Қызылордада жалғастырды. Бұл газеттерде көркем шығармалармен қатар қазақ тарихына, оның ішінде Сыр өңіріне катысты зерттеулер мен дерегі мол мақалалар жиі жарияланып тұрды. Қызылордада еңбеккерлерге арналған «Ауыл тілі» газеті, 1926 жылдың шілде айынан әйелдерге арналған «Әйел теңдігі» журналы өмірге келді. Басылым жұмысына С.Сейфуллин, Б.Майлин, Ж.Аймауытов, С.Мұқанов секілді классик жазушылармен бірге қазақ қыздарынан шыққан қоғам қайраткерлері С.Есова, А.Оразбаева, педагог-ғалым, жазушы-аудармашы Н.Құлжанова секілді тұлғалар да ат салысты. Қазіргі «Қазақстан әйелдері» журналы осы журнал дәстүрінің жалғасы болды. Сол тұста «Жыл құсы», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп», «Жаршы», «Денсаулық жолы» журналдары, «Ақжол», «Жұмысшы», «Еркін Қазақстан», «Дикан», «Советская степь», «Лениншіл жас» секілді газеттер жарық көрді. Бұл басылымдарда қазақтың мемлекетшіл азаматтары, көрнекті ақын-жазушылары І.Қабылов, Х.Досмұхамедов, С.Асфендияров, С.Қожанов, Т.Шонанов, И.Тоқтыбаев, А.Тоқмағанбетов, Ә.Қоңыратбаев, т.б. белгілі тұлғалар қызмет істеді. Респ. ежелгі басылымдардың бірі – облыстық «Сыр бойы» газетінің негізі 1929 ж. 1 шілдеде қаланды. Газеттің қалыптасып, дамуына ерекше үлес қосқан танымал журналист-жазушылардың қатарында Ж.Тілепбергенов, Қ.Қауымбаев, Ұ.Бағаев, Ә.Оңалбаев, Ж.Құлымбетов, С.Сейітов, Қ.Мырзахметұлы, Қ.Әбенов, С.Әлжіков, М.Исаев, Б.Әбдіразақов, С.Есмаханов, Н.Уәлиұлы, Қ.Сүйеніш, А.Сәдібекұлы, Ә.Рахымбекұлы, М.Әміреұлы, Ж.Рахматулла, Ө.Жаппархан, А.Сопыбеков, Т.Еңсегенұлы, Ә.Бәймен, И.Қарымсақұлы, А.Кіребайұлы, Қ.Данабаев, Р.Бекбергенова, Ж.Ақсақалов, А.Оңғарбаев, Е.Әбіл, Н.Елтай, С.Бихожа, Д.Аяшұлы, т.б. болды. Облыстағы тарихы терең келесі басылым – «Кызылординские вести» газеті. Ол өз бастауын 1930 ж. 1 қаңтарда алғашқы саны жарық көрген «Ленинский путь» газетінен алады. Газетте әр жылдары қызмет еткендер қатарында В.Клопотюк, А.Барков, М.Матвеев, В.Ванюшин, М.Ряднин, М.Рябов, В.Ли, М.Когут, П.Калюжный, Г.Голубев, А.Василенко, Е.Хан, Е.Дмитриев, В.Баранова, Г.Крючкова, Ю.Гольдфарб, Е.Дмитриев, А.Канашкин, Ю.Соломатин, И.Титенок, И.Корнилов, Т.Касымов, Қ.Ботаев, Ж.Дарменов, т.б. танымал журналистер бар. Обл.

деңгейдегі екі телеарна, бір радионың қалыптасу, даму тарихы Сыр өңірінің рухани-мәдени өмірімен біте қайнасып жатыр. Обл. радио тарихының тамыры тереңнен бастау алса, тәуелсіздікпен қатар көркейіп, өсіп келе жатқан обл. телехабарлар тарату ісі де Сыр өңірі шежіресінің алтын көмбесі саналады. Обл. радиохабарды тарату 1926 ж. басталған деген дерек кездеседі, дегенмен, ресми тұрғыда 1928 жылдың 14 қарашасында басталып, 2004 жылдың желтоқсанында өз жұмысын тоқтатқан. Радиохабарды таратуды ұйымдастырушы басшылар Ә.Мырзахметов, Н.Оспанов, Ә.Шабақов, Т.Елемесов, А.Тоқмағанбетов, Ж.Шөкенов, Д.Айдаров, Ж.Бекқожаев, т.б. уақыт тынысына сай жұмыс істеді. Обл. радио тарихына М.Жұматова, А.Смайылов, Е.Шілдебаев, О.Мақсұтов, А.Жанаев, А.Махамбетов, Б.Шайланов, Ы.Әлжанов, К.Уәйісов, К.Абуов, А.Ысқақова, Б.Бердібаев, Ж.Әбдіраманов, К.Ерімбетов, Ж.Жақып, Ж.Аманов, т.б. редакторлар мен тілшілер өзіндік із қалдырды. Қызылорда обл. телеарнасы 1991 ж. 30 сәуірде 21 сағат 15 минутта эфирге шықты. Оның жанданып кетуіне білікті мамандар (Ж.Бекқожаев, Ә.Бәкір, О.Әлжік, С.Пірназар, А.Шәріп, Ж.Қарабала, Шілдебаев, Шайланов, Мақсұтов, Қ.Есімсейітова, Н.Рахмет, А.Шалғынбаева, Ж.Аманов, т.б.) атсалысты. Қазіргі уақытта обл. телеарна респ. үздік арналардың қатарына қосылған. 1997 ж. ашылған «Қоғам TV» телеарнасы мен оның қызметкерлері (Ш.Әбдікәрімов, Т.Желдербаева, Б.Құлтанова, Ж.Жүсіпов, Т.Бекарыстанов, І.Құрбанбаев, Ә.Ботпанов, Б.Шөкенов, М.Шалабаев, Р.Тәжібаева, Н.Соңғыбайұлы, С.Бермағамбетов, Н.Қоңырбаева, Ғ.Бәйімбет, Е.Рыбина, Ү.Жәрекеева, т.б.) Қызылорда қ-ның әлеум.-экон., мәдени-рухани дамуына үлес қосты. Аймақтың экон. және әлеум. ахуалының айнасы – «Жаңақорған тынысы», «Өскен өңір» (Шиелі ауд.), «Толқын» (Арал ауд.), «Тұран Қазалы», «Қазалы», «Қармақшы таңы», «Жалағаш жаршысы», «Тіршілік тынысы» (Сырдария ауд.) ауд. газеттері. 20 ғ-дың 30-жылдарынан бастау алатын ауд. газеттердің редакцияларында сөз өнеріне бейімді таланттар еңбек жолын бастаған. Қазір Сыр еліндегі бұқаралық ақпарат құралдарының саны 100-ден асты. Олардың 30-ға жуығының интернет желісінде веб-нұсқалары бар. Осы басылымдардың қай-қайсы да ел егемендігін нығайтуға өзіндік үлесін қосты. Соның ішінде 90 жылдық тарихы бар аймақтың ата басылымы – «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінің орны ерекше. Тәуелсіздік жылдары ашылған «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт ақшамы», «Халық», «Сыр ардагері», «Сыр мектебі», «Тіл сақшысы», «Әлімсақ» секілді газет-журналдар да өңірдің тыныс-тіршілігімен біте қайнасып, көшбасшы басылымдармен қатар өмір сүріп келеді.

Ғ.Тұяқбаев, Қ.Омаров

СЫРДАРИЯ – Орт. Азиядағы ірі өзендердің бірі. Бастауын Орт. Тянь-Шань сілемдерінен алады. Нарын мен Қарадария өздерінің қосылған жерінен бастап С. деп аталады. Арал т-іне құяды. Жалпы ұз. 2219 км (Нарын өз-нің бастауынан 3026 км), су жинайтын алабы 462 мың км². Орта және төм. ағысы Қазақстан жерінде, ұз. 1400 км, су жинайтын алабы 240 мың км². Өзен бастауын қар жиегінен жоғары 3300–4400 м биікте жатқан таулы өңірден алады. Алабында өзен суын толықтырушы, жалпы ауд. 2208 км² болатын 1713 мұздық бар. Қазақстан жеріндегі (Түркістан, Қызылорда облыстары) алабы, негізінен, құмды келеді. Қызылқұм, Арал Қарақұмының оңтмен ағады. С-ның 130-ға жуық саласы бар, Қазақстандағы ірілері – Келес, Құркелес, Арыс, т.б. С., негізінен, қар және аздап мұздық, жауын-шашын суымен толысады. Табиғи жағдайда (1961 жылға дейін) өзеннің Қызылорда обл. аумағына келген жылдық ағынының – 30,6%-ы көктемде, 49,2%-ы жазда-күзде, 20,2%-ы қыста өткен. Деңгейі сәуір айынан көтеріле бастайды, маусым айында ең жоғары шегіне жеткен. Содан кейін суы кеми береді. Жылдық орташа су мөлшері Төменарық ст. тұсында 692 м³/с, Қызылорда қ. тұсында арнасымен секундына 635 м³, сағасына таяу жерде (Қазалы қ. тұсында) 484 м³ су өткен. С. бассейніндегі шаруашылық әрекеттердің салдарынан және климаттық құбылыстардың әсерінен 1961 жылдан өзен ағынының жыл ішінде таралу жүргісі өзгерді. Енді Қызылорда обл. аумағына келген жылдық ағынының – 32,9%-ы көктемде, 42,9%-ы жазда-күзде, 24,2%-ы қыста өтеді. Деңгейі сәуірден бастап көтеріліп, ең жоғары шегіне мамыр айында жетеді. Содан кейін суы кеми береді. Жылдық орташа су мөлшері Төменарық ст. тұсында 369 м³/с, Қызылорда қ. тұсында арнасымен секундына 242 м³, Қазалы қ. тұсында 172 м³ су өтеді. Өзен Түркістан қ-на дейін желтоқсаннан бастап қатып, наурыздың аяқ кезінде мұзы түседі. Мұзының қалыңд. ақпан-наурыз айларында 66–68 см-ге жетеді. Суының орташа темп-расы жаз айларында 23–25°С (кейде 29°С-қа дейін көтеріледі) шамасында. Су лайлылығы 1150–1200 г/м³ (республикадағы ең лай өзен), суы гидрокарбонатты келеді. Сазан, көксерке, табан балық, ақмарқа, қаяз, жайын, т.б. балықтар бар. Суы мол жылдары Қазалы қ-на дейін кеме жүзген. С. алабында Жаңадария, Қуаңдария сияқты көне құрғақ арналар көп кездеседі. Олардың көпшілігі суару-суландыру каналдарына айналдырылған. С. бойы сонау ежелгі заманнан бері халық тығыз қоныстанған, суармалы егіншілік кеңінен дамыған мәдениет ошақтарының бірі болды. Көне грек жазбаларында Сырдария өз. «Яксарт» деп аталған. Ал әл-Бируни кезеңіне дейін «Хасарт» делінсе, Орта Азияға арабтардың келуімен (7 ғ.) «Сейхун» деп аталған. Орыс патшалығының Сыр бойын алғаш зерттеген орыс саяхатшылары Д.Гладышев және И.Муравиннің (1741) жазба есептерінде «Сырдария» деп жазылған. 18–19 ғ-ларда және 20 ғ-дың орта кезінде С. өз-нде су тасу жиірек болған. Кейбір деректерде 1879, 1889, 1901, 1903, 1908, 1921, 1922, 1925, 1950, 1960, 1969, 1993 ж. және 2003–04 жылдың көктемінде өзенде қатты су тасқыны болып, облыстың көптеген жерін су басып, халық ш-на біршама зиян келтірген. Өзенді зерттеушілердің бірі Н.Северцев 1859 ж. С. өз-нің Қазалы қ. тұсындағы енінің 100-200 сажын болғанын, сондай-ақ ол 1857 ж. Жаңадария өз-ндегі қатты ағысты көргенін жазған. Ол жылдары С. өз-нен бастау алған 600-дей арық болған. 1958 ж. Жаңадария, 1961 ж. Қуаңдарияда су ақты. Ізі ғана қалған Аламесек, Жамандария өзен-көлдердің бойымен 19 ғ-да шағын кемелер жүзген. Бүгінгі С. аңғары күрішті өңір саналады. Өзен ағынын реттеп, суын егістік (күріш, мақта, бау-бақша) пен шабындықтарды суаруға және суландыруға тиімді пайдалану үшін өзен бойында бірнеше бөгендер салынып, каналдар қазылған. Өзен суының кейінгі 50–60 жыл ішінде қарқынды азаюына байланысты кейбір жылдары (1974–78, 1983–87) С. Арал т-не жетпей тартылып қалды. С. өз-нің бойында Шардара, Қызылорда, Қазалы қ-лары, т.б. көптеген ірі елді мекендер орналасқан.

О.Айдаров, Қ.Омаров

СЫРДАРИЯ АУДАНЫ – облыстың орт. бөлігінде орналасқан әкімш.-аум. бөлініс. Жер аум. 43,7 мың км, тұрғыны 37,9 мың адам (2023). Аудан аум-ндағы 16 елді мекен – бір кенттік және 14 ауылдық округке біріктірілген. Әкімш. орт. – Тереңөзек кенті. С. а. 1938 ж. құрылған. Оның аум-нда 1936–40 ж. жалпы саны 25 ұжымшар болған. 1967 ж. Сырдария, Тереңөзек аудандары негізінде жаңа С. а. бөлініп шықты.



1997 ж. обл. аум-нда әкімш. аумақтарды оңтайландыру саясатына байланысты Сырдария және Тереңөзек аудандары негізінде қазіргі С. а. құрылды. Аудан халқының басым бөлігін (98,2%) осы өңірдің байырғы тұрғыны – қазақтар құрайды. Одан басқа орыс, украин, корей, күрд, өзбек, т.б. этнос өкілдері тұрады. Халықтың орташа тығыздығы 1 км²-ге шаққанда 1,1 адамнан келеді. Халық, негізінен, Сырдария аңғарын бойлай қоныстанған. Ірі елді мекендеріне Тереңөзек кенті (11,5 мың), Шаған (4,6), Қоғалыкөл (2,8), Ақжарма (2,7), Амангелді (2,7), Шіркейлі (2,8), т.б. ауылдар жатады. Қазақстанның оңт-ндегі Тұран ойпаты Қызылорда обл-ның ортасында орналасқан, солт-нде Ұлытау обл., батысында Жалағаш ауд., шығысында Шиелі ауд., оңт-нде Өзбекстанмен шектеседі. С. а., негізінен, мал ш-на маманданған. А. ш. өнімін мал ш. берген. 1995 жылға дейін аудан қаракөл қойын және етті-сүтті ірі қара мал өсірген, сонымен бірге жылқы, түйе ш-мен айналысқан 9 кеңшар, арнайы асыл тұқымды қаракөл қойын өсірген ауд. бірлестік болған. Ауданның нарық экономикасына өтуіне байланысты бұрынғы шаруашылықтардың барлығы дерлік жекешелендірілген. Мал ш-нда төрт түлік мал басынан да, өнім көлемінен де тұрақты өсім бар. 2023 ж. аудан бойынша төрт түлік мал саны 39 859 бас ірі қара, 30 686 қой мен ешкі, 1 646 түйе, 21 175 жылқы, 14 209 құс, т.б. құраған. Егін ш. бойынша 4 млрд 239 млн теңгенің өнімі өндіріліп, ол 2022 жылмен салыстырғанда 101,3%-ға артқан. Аудан бойынша 36,1 мың га егін егіліп, 2022 жылмен салыстырғанда ол 2,9 мың гектарға артқан. Негізгі дақыл – күріштің үлесі (66%) 23,8 мың га (2023). Білім беру саласында ауданда жалпы білім беретін 17 орта мектеп, 1 кәсіптік-тех. мектеп, 4 муз. (әуез) мектебі, оқушылар үйі, мектепке дейінгі 30 мекеме (балабақша) жұмыс істейді (2023). С. а. бойынша 59 тарихи-мәдени ескерткіш мемлекеттің қорғауына алынған. Оның ішінде 4-еуінің респ. маңызы бар– Молла-Қалан кесенесі (16 ғ.), Сырлытам кесенесі (13 ғ.), Асанас кесенесі (17 ғ.), Қожжан қожа кесенесі (18 ғ.). Жергілікті маңызы бар ескерткіш саны 13. 42 ескерткіш алдын алу тізіміне енген.

Жалпы 59 ескерткіштің 15-і археол., 44-і қала құрылысы және сәулет өнері ескерткіші. 2015 ж. Шіркейлі а-нда орналасқан Қосасар – 2 қалашығына, 2018–23 ж. Қоғалыкөл а-нда орналасқан Қышқала қалашығына археол. қазба жұмыстары жүргізілді. 2018 ж. обл. бюджеттен қаржы бөлініп, Қалжан ахун ауылдық окр-нде орналасқан Қалжан ахун мешіт - медресесі қайта жаңғырды. Сондай-ақ Молла-Қалан кесенесіне ғыл.-реставрац. және Қалжан ахун сағанасына қайта жөндеу жұмыстары жүргізілді.

СЫРДАРИЯ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ – ежелгі түріктердің көне әліпбиі сақталған тарихи жәдігерлер. Қазақстан ҒА археол. экспед-ның Шардара су қоймасы маңындағы Ақтөбе қалашығында (Түркістан обл.) 1960 ж. жүргізілген зерттеулер кезінде мөр мен қыш құмыра (Түркістан обл. Алтынтөбе қалашығы, 1980 ж.) табылған. Мөрдің бетінде 9 таңбадан тұратын ойма жазу бар. Олар мөр бетінде шеңбер ыңғайына қарай бірінде 4, екіншісінде 5 таңба ретінде орналасқан. Бұл таңбалар дәстүрлі көне түркі жазуына сәйкес келеді. Мағынасы – «ханзадалар іліңдер», «батыр алыптар – ас» (ас – құстың көне атауы). Ескерткіш 6–7 ғ-ларға жататын археол. қатпардан табылғанымен, одан да ертеректе жазылған деп болжамданған. С. ж. е. кеуіп үлгермеген кірпішке жазылған. Мәтін оңнан солға қарай оқылады, ондағы әріптердің барлығы дерлік өте жақсы сақталған. Дегенмен, «с» таңбасында едәуір өзгеріс байқалады. Зерттеушілердің пікірінше, таста өткір ұшты металл құралмен салынған сызық сақталған, бұл сызық кейінірек түскен деуге негіз бар. Себебі, сызық қажетті 2–2,5 мм тереңдікке дейін ойылмаған әрі бұл белгі бізге белгілі ежелгі түркі жазуының ешқайсысында кездеспейді. Бұл таңба белгісі кейін жетілдіріліп, оқ деген мағынаны білдірген. Бұл жазба ежелгі түркілердің ең көне әліпбиімен жазылған деп есептеледі. Зерттеушілер бұл ескерткішті б.з.б. 2–1 ғ-дағы ежелгі қаңлы заманына телиді. Жазба жазылған кірпіштің өлш. 23х23х5 см. Кірпіш қазіргі уақытта археол. мұражайда сақтаулы. Алтынтөбеден кездескен қыш құмыра табанында екі таңбалы көне түркі ойма жазу бар, мағынасы –шебер, үздік. Алтынтөбе құмырасы археолог А.Н.Подушкин экспед. жұмысының нәтижесінде табылған және уақыты 6–7 ғ-лар деп анықталған.

Ғ.Мұсабаев, А.Махмұдов, Ғ.Айдаров

«СЫРДАРИЯ КІТАПХАНАСЫ», 200 том – көркем әдеби шығармалар антологиясы. 2006–09 ж. Астана қ-ндағы «Фолиант» баспасынан жарық көрген. Онда Сыр елі әдебиетінің қайнары мен негізі, қалыптасуы мен дамуы, өзіндік дәстүрі, тұтастығы, сабақтастығы мен жалғастығы, бүгінгі өмірі түгел қамтылған. Сыр елі әдебиетінің інжу-маржандарын кітапханаға айналдыру барысында оның ғыл. тұрғыдан жүйеленуі мен сарапталуына баса назар аударылған. Сыр елі әдеби дәстүрінің бастауында түркілік өркениеттің алғашқы туындысы «Қорқыт Ата кітабы» (28 баспа табақ) тұр. С. к-ның аталған кітаптың түпнұсқа, орысша және қазақша мәтіні берілген. Сонымен бірге Шығыс халқына ортақ құнды әдеби-мәдени мұра – Қ.А.Ясауидің «Диуани Хикметі» мен Н.Рабғузидің «Қиссасул-әнбиясы», «Мың бір түннің» 8 томы топтастырылған. С. к-нда Сыр сүлейлерінен Базар жырау, Шораяқтың Омары, Қарасақал Ерімбет, Н.Кенжеғұлұлы, Т.Ізтілеуов, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Таубайдың Жүсібі, Т.Салқынбайұлы, М.Жүсіпұлы, Н.Қосжанұлы, С.Бөртебайұлы, Б.Қабылұлы, Ш. Бектасұлы, Дүр Оңғар, Ж.Табынбайұлы, М.Дабылұлы, С.Бекшентайұлы, Қ.Баймағамбетов, Ә.Бәй-

кенов, т.б. шығармалары енген. Кеңес кезеңінең Б.Өтепұлы, Н.Жұбатұлы, Ә.Егізбаев, Б.Қасқырбайұлы, Ә.Әлиаскар, Т.Үркімбаев, Қ.Шыңғысов, Н.Бекежанов, М.Көкенов, А.Қожахметов, т.б. халық ақындарының кітаптары және бұрын баспада жарияланбаған шығармалар қамтылған. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері – Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағанбетов, Қ.Әбдікадыров, А.Хангелдин, Ә.Нұрпейісов, Н.Сералин, З.Шүкіров, О.Сәрсенбаев, Қ.Нұрмаханов, М.Базарбаев, М.Дүйсенов, И.Оразбаев, Д.Досжан, Қ.Түменбай, С.Асылбекұлы, Қ.Жиенбай, М.Қаназ, Қ.Асанов, Ж.Әбдірашев, т.б. шығармалары кітапхананың салмақты бөлігін құрайды. Кітапханаға Ә.Қоңыратбаев, Қ.Қоңыратбаев, Ж.Қыдыров, А.Кіребаев, Р.Батырбаев, Ә.Жәмішев, Ә.Оңалбаев, Қ.Дәрібаев, Н.Жанаев, Р.Жанаев, С.Сейтенов, Қ.Сыдық, Н.Романқұлов, М.Құттықов, Ә.Ахметов, Р.Бектібаев, З.Салықбаев, т.б. шығармалары енгізілген. Ә.Есмамбетов, Ә.Тоқмағамбетов, С.Әлжіков, Ә.Нарымбетов, Е.Кішкенеев, Ә.Ботпанов, т.б. шығармалары да тұңғыш рет осы кітапханада жарияланған. Сондай-ақ С.Желдербаева, Р.Наурызбаева, Р.Бекбергенова, Қ.Жәленова, Н.Торманова, Қ.Есімсейітова, Қ.Өзденбаева, Д.Торғаева, Б.Жаппасбаева, Н.Рахмет, Ү.Тоқмағамбетова, т.б. ақындардың бұрын жарық көрген кітаптарына қосып, олардың жарияланбаған шығармалары да енгізілген. Кітапхананың әрбір томы мың данадан шығарылып, обл. «Демеу» қоры арқылы қаржыландырылған.

Б.Кәрібозұлы

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫ – Түркістан құрамында болған әкімш.-аум. бөлініс. Патша үкіметінің 1867 ж. 11 шілдедегі «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы ережесі» негізінде құрылған. Ережеге сәйкес С. о-ның құрамына Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Ходжент және Жизақ уездері енген. 1886 ж. Ходжент және Жизақ уездері Самарқан обл-на беріліп, С. о-на Әмудария уезі қарады. С. о. солт-нде Торғай, Ақмола, шығысында Жетісу, оңт-нде Ферғана, Самарқанд облыстарымен, Бұхарамен, ал батысында Арал т-мен шектесті. 1886 ж. жері 403,3 мың км², халқы 1 219 400 адам. Облыста көптеген ұлт өкілдері тұрды. Оның ішінде қазақ пен қырғыз - 60%, өзбек - 25%, қарақалпақ - 7%, орыс - 4%, тәжік - 1%, басқа халықтар 3%-ды құрады. 1910 ж. С. о. халқының саны 2 097 896 адам болды. Облыс орт. Ташкентте – 234 289, Әулиеатада – 19 303, Түркістанда – 19 705, Перовскіде – 11 756, Қазалыда – 15 879, Шымкентте 15 711 адам тұрды. Әрбір уезд болыстыққа бөлінді. С. о-на Ресейден қоныс аударған орыс шаруалары 19 ғ-дың 70-жылдарында келе бастады. 1897 ж. облыста 200 млн пұт ас тұзы, Ташкент уезінде 62 мың пұт тас көмір өндірілді. 1898 ж. 438 мың жылқы, 546 мың сиыр, 4 млн. 755 мың қой-ешкі, 395 мың түйе, 121 мың шошқа, 20 мың есек тіркелді. 1899 ж. мақта, темекі тазалайтын, сыра, шарап шығаратын 46 з-т, ф-ка болды. 1911 ж. С. обл-нда 108 кент, оның 87-сі Шымкент және Әулиеата уездерінде орналасты. Облыс тұрғындары, мал, бау-бақша ш-мен айналысты. С. о. кеңес үкіметі орнағаннан кейін Түркістан АКСР-інің құрамына кіріп, кейін жойылды. С. о-ның құрамында болған әкімш. аймақтар қазіргі кезде Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстарының құрамына енген.

Т.Дайрабай

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСТЫҚ ҚАЗАҚ СЪЕЗІ – қазақ құрылтайы. 1918 ж. 6–9 қаңтарда Түркістан қ-нда өткен съезге Түркістан уезінен 20, Ақмешіттен 15, Қазалыдан 8, Шымкенттен 10, Әулиеатадан 3, Ташкент уезінен 9, арнайы шақырылғандардан 14, Алашорда үкіметінен 3 адам (Б.Құлманов, Т.Құнанбаев, М.Дулатов), барлығы 82 өкіл қатысқан. Күн тәртібіне 1) Қоқан һәм Орынборда болған съездер жөнінде; 2) Сырдария қазақ-қырғыздарын Алаш автономиясына қосу туралы; 3) ұлттық милиция; 4) Сырдария обл-ның қазақ-қырғыздары атынан Түркістан автономиясының Уақытша кеңесіне сайлау; 5) ұлттық қазына; 6) азық-түлік мәселесі; 7) әр түкпірден келген өкілдердің баяндамалары; 8) 15 қаңтарда өтпек Түркістан аймағы шаруалары съезіне делегат сайлау мәселелері енгізілді. Съезде Сырдария қазақ-қырғыздарының Алаш автономиясына қосылу-қосылмау мәселесі 2–3 күн талқыланды. Ақырында съезд екі жақтың пікірлерін тексеріп, бір шешімге келу үшін әр уезден 2 адамнан және Алашорда мен Түркістан Уақытша үкіметі өкілдерінен комиссия құрып, бұл істі осы комиссияға тапсырды. Комиссия жобасын дауысқа салғаннан кейін съезд мынадай шешімге келді: Сырдария қазақ-қырғыздары Түркістан автономиясының құрамында қалады. Алаш автономиясы Түркістан автономиясымен одақтас және Алаш автономиясының бас ордасы Түркістан шаһарында болады. Алғашында бүкіл қазақ жерін Түркістан автономиясына қосуды жақтап, соңынан бұл пікірінен бас тартқан М.Шоқай съезде үлкен рөл атқарды. Съезде 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен 2-жалпықазақ съезінің ымыралы қаулысының негізгі бағыттары қабылданды.

СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫНДАҒЫ КӨТЕРІЛІС. Оған 1-дүниежүз. соғысқа белсенді қатысушы мемлекеттердің бірі – Ресей империясының Түркістан ген.-губернаторлығы құрамындағы Сырдария обл-нан 87 мың адамды (оның ішінде Черняев уезінен 9 682, Әулиеатадан 13 104, Перовскіден 6 670, Қазалыдан 9 744) майдан тылына қара жұмысқа алу туралы 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы түрткі болды. Сырдария көтерілісі 7 шілдеде Ташкенттің байырғы халқының бас көтеруімен басталды. 1916 ж. 16 шілдеде полк. Татаринов «Ташкент темір жолы бойындағы №84 разъезге 5 мыңға жуық адам жиналды. Сырдария облысы ауданындағы станциялар мен линиялар аса қауіпті жағдайда. Үлкен станцияларға әскери командалар жіберілуін сұраймын» деп жазды. Шілденің соңы мен тамызда бүкіл Әулиеата аймағы толқыды. Шу және Мерке бөлімдері қазақтарының Новотроицк, Кузьминка, Мерке, Мөңке және Луговойға жасаған шабуылдары сәтті өтті. Мерке, т.б. селолардағы орыс шаруалары қазақ




қыстауларына шабуыл жасап, бірнеше адамды мерт қылды. 1916 ж. 22 шілдеде Түркістан ген.-губернаторы және Түркістан әскери окр. әскерінің қолбасшысы болып тағайындалған А.Куропаткин 2-Николай патшаға «1916 жылғы көтеріліс кезінде орыстар 3709 адамынан айырылды. Оның ішінде 7 жоғары шенді, жергілікті 22 ресми тұлға қаза болды. Көтерілісті басуға 14,5 батальон, 33 жүздік, 42 зеңбірек, 69 пулеметтен тұрған әскери күш қолданылды» деген қорытынды мәлімет берді. Әмудария бөліміндегі Шымбай болысының халқы (1000-ға жуық адам) 29 шілдеде өздеріне қарсы оқ атқан пристав бастығы Микельжанянцты өлтіріп, Әмудариянның құмды және тоғайлы алқаптарына ауып кетеді. 1916 ж. 31 тамызда Тамды болысының қазақтары Петро-Александровск бекінісінен 400 км жердегі қазына үйлеріне шабуыл жасады. Қара жұмысқа адам бермейтінін жариялап, Қызылқұмға жасырынған Дәуқарадағы қазақтарды жазалауға Жетісу, Орал казак әскері аттандырылды.

Жазалаушылар көтерілісшілерге қарсы кепілдікке адам алу секілді жексұрын шара қолданды. 24 шілдеде Перовск уезі Маслов болысындағы көтерілісті Әбдікәрім Құлжанов, Шеген Төлепов, Сүлеймен Сартаев, Кенжеғұл және Құлжан Жақаев басқарды. Шілде айында Жалағаш ст-сынан 15 км жерде 50-ге жуық қарулы қазақ болысы Құлшық Бекбаев және оның іс-қағазын жүргізуші Жүсіпназар Айымбетовті өлтірді. Қазалы уезі халқының көп бөлігі майданға адам алу жөнінде хабар алынғаннан кейін қоныс аударып кетеді. Көтерілісшілер Ырғыз уезімен байланыста болып, 29 шілде мен 3 тамызда Қазалы уезі қазақтары балық кәсіпшілігіндегі және Құмкөл аумағындағы отарлаушылар өкілдеріне шабуылдар ұйымдастырады. 16 қазанда Қазалы уезінің бастығы Қармақшы приставындағы кейбір қазақ болысының көтеріліс болып жатқан Ырғыз, Торғай облыстарына ауып кеткенін хабарлады. Қазалы уезі қазақтарының көшін тоқтату үшін арнайы әскери күш аттандырылды. Сонымен бірге Түркістан ген.-губернаторы Куропаткиннің бұйрығымен Арал т-ндегі балық өндірісін әскери жағынан қорғау ұйымдастырылды. 18 қарашада Қазалы уезіндегі Ақтоғай болысы 529 түтіннің Ырғыз уезіне ауып кеткенін, сонда өзін хан жариялаған Өзек Қаражановқа барып қосылғанын хабарлады. Ақтоғай болысындағы қарсылықты ұйымдастырушылардың қатарында Бәйшен Қараев, Қоныс Жаманов, Кемпір Үргенішбаев. Жалмұрза Төреев, Маңқабай Молдаев, Төрек Шоңырманов, Тобажай Ағынбаев, старшындыққа кандидат Дәрігүт Алтынбаев, Ортамбай Маймақов, Жансүгір Аңсатбаев, Жампейіс Майыров, Төлебай Бейсенбаев, барлығы 28 адам болды. Қазалы уезі Қармақшы бөлімшесінің ассесоры Белоцерковский өз мәліметінде (18.11.1916) «Торғай облысының шекарасында тұратын Қазалы уезінің тұрғындары жергілікті қазақтардың ықпалымен майданға адам беруге қарсылық көрсетіп, әкімшіліктің арнайы аттандырған адамдарын ұстап қалған. Бұл қозғалыстың негізгі басшысы – Қазалы уезі Қуаңдария болысының қазағы Қабылан Қашқынбаев. Оны қазақтар өз арасында хан жариялаған. Аққыр болысындағы №3 ауылдың тұрғыны Есім Жоламанов соларға тыңшылыққа жіберілді. Оның мәлімдемесі бойынша 30 қарулы адамы бар Қашқынбаев қазақтардың жұмысқа адам бермейтінін және Қазалы уезіне ешкімді жібермейтінін айтып, ауыл старшындарын қамауға алған. Қамбар деген жерде Қашқынбаевтың бұйрығымен 30 киіз үй тігіліп, оларға балта, қанжар, мылтықпен қаруланған қазақтар орналастырылған. Олардың арасында Қармақшы бөлімшелік приставының 5 қарашадағы бұйрығымен қамауға алынуы тиіс Әлихайдар Қылаушиев те бар. Қашқынбаев өз тобымен Қармақшы қыстағынан 70 км жердегі Сары апан деген жерде тұрды. Мақсаты селоға шабуыл жасау» деп айтылған. Осы мәлімет негізінде көтерілісшілерге қарсы №4 жазалау отряды аттандырылған. 1916 ж. 20 қарашада Қазалы уезі бастығының Сырдария обл. әскери губернаторына жазған рапортында «Қаракұмда арнайы басшылар шығып, маңына адамдар жинауда. Олар қара жұмысқа адам бермей және үкіметке қарулы қарсылық көрсетуде. Қозғалыстың басшылары – Қазалы уезі Қуаңдария болысынан Қабылан Қашқынбаев, Рысмамбет Қошақов, Топай Қосымбаев, Есмағамет Қосымбаев, Бүркіт Күстібаев, Аққыр болысының биі Бейсембай Күйеков, Ырғыз уезі Аманқұл болысынан Өтеке Қаражанов және қай болыстан екені белгісіз ақсақал Бақтыгелдиев, Қосымхан Алтынсариев, Елібай Қайтпаев, Кішкентай Уайысов, Әлжан Қылаушиев, Ермахан Лаубаев, Балтай Құртаев» делінген. Куропаткиннің басшылығымен 1917 жылғы 1 ақпанға дейін Сырдария обл-нда 347 адам өлім жазасына кесіліп, 168 адам жер аударылып, 357 адам абақтыға жабылған.

Ф.Сайфулмаликова

СЫРДАРИЯ СИНЕКЛИЗАСЫ – эпигерциндік Тұран плитасының бөлігі. Аум. 120 мың км². Солт. шегі бор тау жыныстарынан құралған Жосалы күмбезімен, батыста Арал ойпаңының, Қызылорданың меридианын бойлаған палеозой жарылыстарымен бөлінеді. Табан үстінде девонның қызыл түсті, жоғ. девон – төм. карбон бөлімдерінің әктасты, жоғ. палеозойдың моласса формациясы дамыған.

СЫРДАРИЯ ТАСБЕКІРЕСІ (Pscudoscaphirhynchus fedtschenkoi) – бекіре тәрізділердің, тасбекіре туысына жататын түрі. Бұрын Қазақстанда тек Сырдария өз-нің атырабында (Қарадарияның төм. ағысына дейін) тіршілік еткен балық. 1950 ж. Жаңа Шиелі суғару жүйесінде кездескен. Денесінің ұз. 35 см, салм. 450 г-дай. Жалпақ тұмсығы денесінің ұзындығының 15–30%-ын құрайды. Кейбір дарабастарында құйрық сабағы (жіпшесі) болады, ол денесінің ұзындығының 1/3-не тең. 5–6 жасында жыныстық жағынан жетіледі. Сәуірдің орта-



Сырдария тасбекіресі

сында диам. 1–1,8 мм болатын уылдырығын (850–3800) судың тасты түбіне бекіремен қатар шашады. Негізгі қорегі су жәндіктері, кейбір балықтардың (тыран, торта) уылдырығын да жейді. Құйрық сабағы болмаса, бекіре шабағына ұқсас, одан айырмашылығы – қос қалақты ерні, су шашыратқышы және мұртшаларының желбіршегі болмайды. С. т. – жойылып бара жатқан, өте сирек кездесетін эндемик. Сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (1978).

Ә.Бәйімбетов

СЫРЛЫБАЙ Қожасұлы (шамамен 1670–1740) – би. С-дың есімі орыс-қазақ қатынастары құжаттарында жиі ұшырасады. С. – Әбілқайыр ханның отыз екі биінің бірі. Кіші жүзге бодандық туралы ант қабылдауға келген Ресей елшісі М.Тевкелевтің отаршылдық пиғылына бірінші болып қарулы қарсылық көрсеткен. С. бастаған топ Әбілқайырдың ордасына, елшілікке бірнеше рет шабуыл жасап, ханды және елшіні қолға түсіруге әрекет жасаған. 1731 ж. 3 қарашада інісі Байғара батыр оққа ұшқан. С. бастаған қарсылыққа байланысты Сырдарияның құяр сағасына жетіп, бекініс салуды ойластырған Тевкелевтің жоспары іске аспай, хан ордасы мен елшілік 1731–32 жылдың қысын Арал т-нің батысындағы елі сирек Қаратүп жартыаралында өткізген. 1731 ж. басталған қарулы қақтығыстар бір жылдан астам уақытқа созылып, Әбілқайырдың Байғара үшін құн төлеуімен аяқталған. Бұл оқиғалар Ә.Кекілбаевтың «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984), А.Сергеевтің «Санкт-Петербургский посол» (1981) романдарында жан-жақты көркем суреттелген.

Б.Еңсеп



Сырлыбай кесенесі

СЫРЛЫБАЙ КЕСЕНЕСІ – 19 ғ-да салынған сәулет өнері ескерткіші. Қазалы ауд. Бозкөл а. аум-нда орналасқан. Халық аузындағы аңыз бойынша мұнда атақты «Қыз Жібек» лиро-эпосындағы Қыз Жібектің әкесі Сырлыбай жерленген. С. к-нің 1979 ж. Оңт. Қазақстан

экспед., 1980 ж. «Қазақ жобалау-қалпына келтіру» ин-тының сәулетшілер тобы зерттеген. Тік бұрышты, күйдірілген саз кірпіштен қаланған. Жалпы ауд. 11х9 м, биікт. 9 м.



Сырлытам кесенесі

СЫРЛЫТАМ КЕСЕНЕСІ – респ. маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш (1982). 12–13 ғ-ларда салынған. Қармақшы ауд-ндағы Тағай а-ның 16 км жерде орналасқан. Зерттеу жұмыстарын 1962 ж. Хорезм археол. (жетекш. С.П.Толстов), сонымен қатар 1971, 1976 ж. Қазақ КСР Мәдениет министрінің экспед-лары (Э.Цой, М.Маманбаев, М.Сембин, К.Нүркенов) жүргізген. С. к. порталды күмбезді құрылыс түріне жатады. Күйдірілген кірпіштен қаланған, ауд. 10х11 м, кейінгі биікт. 9 м. 16 қырлы барабаны (мойындық) күмбезделіп бітеді, оңт. және солт. жағында есіктері бар. Барабанының терезелері де сүйірленіп жасалған. Алдыңғы жағында майолика жалатылған тақшадан «П» әрпі тәрізді белдеу жасалып өрнектелген. С. к. 1988 ж. қалпына келтірілді.

«СЫР МЕДИА» ЖШС – медиақұрылым. Қызылорда обл-нда басты ақпарат көзіне айналған 3 обл. газетті («Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт жастары»), 1 ақпарат агенттігін («Kyzylorda-news.kz»), 1 қалалық («Ақмешіт апталығы»), 7 ауд. басылымды («Толқын», «Қазалы», «Қармақшы таңы», «Жалағаш жаршысы», «Тіршілік тынысы», «Өскен өңір», «Жаңақорған тынысы») біріктіріп, өнімдерін барлық аудандар мен елді мекендерге таратып отырған респ. серіктестік. Қызылорда обл. әкімдігінің №794 қаулысымен 2010 ж. 7 маусымда «С. м.» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемл. қазыналық кәсіпорын ретінде құрылған. Мақсаты – обл. газеттерді тиімді басқару, газет сапасын көтеру, оның материалдық-тех. жағдайын жақсарту және басылымдардың уақыт сұранысына сай электрондық қызметін кеңейту. Қазір серіктестікке қарасты құрылымдарда 600-ге жуық адам еңбек етеді. 2011 ж. ақпан айында «С. м.» жанынан обл. деңгейдегі қоғамдық ой-пікірлерге, ұсыныстарға сараптама жүргізген ақпараттық-талдау орт. құрылып, әлеум.-зерт. жұмыстарымен айналысты. Бұл қызметті 20-дан астам маман жүзеге асырды. Олардың қатарында әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, психологтар, блогерлер, т.б. білікті мамандар болды. Аталған орт. 2019 ж. серіктестік құрамынан шығарылып, дербес мемл. мекеме болып құрылды.

А.Әбдімомынова

«СЫР СҰЛУЫ» – Қызылорда обл. халық шығарм. және мәдени-ағарту жұмыстары ғыл.-әдістемелік орт-ның ән-би ансамблі. 1967 ж. мамыр айында құрылған. Негізін қалаушы композитор М.Қалауов бұл өнер ұжымының көркемдік жетекш. әрі дирижері болды. Ансамбль мүшелерінің басым бөлігін Қызылорда пед. ин-тының (қазіргі Қызылорда ун-ті) музыка бөлімінің студенттері құрады. Көрермен арасында үлкен жетістікке жеткен алғашқы нөмірлердің бірі Ш.Қалдаяқов және З.Шүкіров жазған «С. с.» композициясы болды және осы атау бір жылдан кейін ансамбльге берілді. 1967 ж. шілдеде «С. с.» ансамблі Алматыға респ. көркемөнерпаздар байқауына қатысып, жеңімпаз атанды. Қызылорда ансамбліне ерекше композициясы, шеберлігі мен дәстүрге беріктігі үшін Мәскеудегі қазақ мәдениеті мен өнері күндеріне қатысуға жолдама берілді. 1967 ж. 9–14 шілде аралығында Мәскеу алаңдарында, Бүкілодақтық халық ш. жетістіктерінің көрмесінің үлкен сахнасында концерт беріп,



«Сыр сұлуы» ансамблі

нәтижесінде мәртебелі көрменің алтын медалі және дипломымен марапатталды. 1968 ж. республикада тұңғыш рет «халық ән-би ансамблі» деген жоғары атаққа ие болды. Осы жылы өнер ұжымы Болгарияда өткен студент жастардың 9-фестивалінің лауреаты атанды. 1970 ж. Кишинев қ-нда өткен 2-бүкілодақтық ән-би ансамбльдерінің фестивалі-не қатысып, 1-дәрежелі дипломмен марапатталды. 1971 ж. Алматыға өнер көрсетуге шақырылды. Осы сапарда ансамбль туралы ҚР-ның еңбек сің. мәдениет қызметкері Бекқожаевтың сценарийі бойынша «Қазақфильм» киностудиясында «С. с.» деректі фильмі түсірілді. 1986 ж. Йеменге өнер сапарымен барып, абыроймен оралды. Ансамбль туралы 1967, 1968, 1971, 1982 ж. деректі фильмдер түсірілді. 2015 ж. Корея Республикасында гастрольдік сапарда болды. Ансамбльдің қалыптасып, дамуына балетмейстер Д.Әбіров және Қазақстанның еңбек сің. мәдениет қызметкері Қалауов, сонымен қатар А.Манасбаева, А.А.Данильченко, Р.Сүлейменов, З.Мейірбекова, Т.Жайсаңбаев, Р.Егінбаева, А.Алматов, Т.Угай, Ф.Угай, З.Садықов, т.б. өнер иелері елеулі еңбек сіңірді. Бүгінде ансамбль құрамында А.Қараева, К.Әшімова, Ж.Есіркепова, Б.Жақсылықова, К.Қыдырбаева, М.Төлегенова, Р.Маңғытбаева, З.Садықова, З.Сексенбаева, О. Тұманбаева, т.б. ардагер ұстаздар еңбек етеді.

Н.Мирманов

СЫР ӨҢІРІ ҚОҚАН БИЛІГІ ТҰСЫНДА. Қоқан хандығының құрылуы 18 ғ-дың басында Ферғана аңғарында басталып, 19 ғ-дың 1-ширегінде Әлім, Омар хандар тұсында аяқталды. 19 ғ-дың 1-жартысында Қоқан хандығының аум. ұлғайып, билігі нығайды. Оған Ташкент, Ходжент, Қаратегін, Дарбаза, Куляб, Памир бағынды. Ал Сыр бойында қоқандықтар Жаңақорған, Ақмешіт, Шымқорған, Қоскорған, Күмісқорған, Бөрібай бекіністерін салды. Қоқандықтарға ыңғай танытқан қазақтардың көбі оларды қыпшақтар, яғни бауырлас, түбі бір түркі халқы деп таныды. Қыпшақтар Қоқан хандығының саяси өмірінде маңызды рөл атқарды. Қоқандықтар Қазақ даласын датқалар арқылы басқарды. Сыр бойында датқа шенімен белгілі болғандар қатарында Тұрғанбай датқа Сіргебайұлы, Торғай датқа, Досбол датқа, Тұрсынбай датқа, т.б. болды. Қоқан хандығында датқа дәрежесін алғандар саяси ахуалдар ағысына қарай әкімш. қызметке де, әскери қызметке де араласты. Сыр өңіріндегі ірі бекініс – Ақмешіт 1817 ж. Сырдария өз-нің сол жағалауында тұрғызылып, 1818 ж. оң жағалауына ауыстырылған еді. Бекініс екі қорғанмен қоршалды. Сыртқы қорғанның аум. 12 км-ге созылды, биікт. 7 аршын, 3 қақпасы болды. Сыртқы қорғанның тереңд. 7 фут-тық екі сажын суға толған ормен қоршалды. Ішкі қорған төртбұрышты етіп салынды, аум. 1 км, биікт. 12 ар-



шын, бір қақпасы болды. И.Бларамберг бекіністің Ақмешіт деп аталуы бекініс ішіндегі мешітке байланысты деп жазды. Ақмешіт бекінісінің ішіндегі 450-ге жуық үйде қазақтар орналасты, олардың негізгі бөлігі жаппас, алтын, бағаналы, табын, керей руларынан еді. Ішкі қорғанда 50-ге жуық саздан соғылған үй болған, онда Ақмешіт бегі және 150-ге жуық түрікмендер мен сарттар тұрды. Ақмешіт –Ташкент, Бұхара, Хиуадан шыққан керуендерді Торғай, Троицк, Атбасар, Батыс Сібірге апаратын керуен жолындағы үлкен бекіністе айналды. Ақмешіт, т.б. бекіністер төңірегінде көшіп-қонған қазақтардың әр отбасы Қоқан хандығына 6 қой, 24 қап көмір, 4 өгіз арба сексеуіл, 1000 бау қамысты салық ретінде тапсыруға міндеттелді. 19 ғ-дың 50-жылдары Сыр бойына басып кірген патша өкіметі Қазақ даласын империя иелігіне қосуды аяқтау мақсатында Сыр бойындағы Қоқан хандығының бекіністерін басып алып, оны Сібір шебімен қосуға жоба дайындады. Және барлау жұмысын жүргізуге топограф Голов басқарған 80 адамнан тұрған топты 1852 ж. 18 сәуірде Сыр бойына жіберді. 1852 ж. 18 сәуірде барлауға шыққан Головтың әскери тобына Ген.-губернатор В.Перовский Сырдарияның оң жағалауынан жоғарыға қарайғы Қоқанның Ақмешіт бекінісіне дейінгі жерлерін картаға түсіруді міндеттеді. Ал бұл кезде, яғни 1852 ж. сәуір айында патша өкіметінің қаупін анық сезінген 2 мың қоқандық сарбаз (400 сарт, 1600 қазақ) Ақмешітке келді. Сарттар Ташкенттің бегі Ешмұхаммедке, ал қазақтар Ақмешіт елбегісі Әбдуали бекке бағынды. Бұл әскердің құрамында Кенесарының ұлдары Тайшық, Осман, Кенесарының ағасы Саржанның ұлдары Қошқарбай мен Иса да бар еді. Олардың қолында 8 зеңбірек болды. Перовский сол жылы полк. Бларамбергтің басшылығымен ірі әскер жасақтап, оған тек барлау жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, мүмкін болса Ақмешіт бекінісін басып алуды тапсырды. Бларамберг 1852 ж. 3 шілдеде 30 күнге жететін азық-түлігін алып, 3 зеңбірегі бар 300-ден астам әскерімен 18 шілдеде Ақмешіт бекінісіне жетті. Олар 20 шілдеде таң алдында әрқайсысы 100 адамдық екі сапқа бөлініп, бекіністі шабуылдады. Алайда, басым бөлігі қазақтардан тұрған қоқандықтардың негізгі күші бекініске дер кезінде көмекке жетіп, жауға қарсы шабуылға шығып, орыс әскерінің 15 адамын өлтіріп, 57 адамын жаралады. Ауыр шығынға ұшыраған орыстар 23 шілдеде кейін шегінді. Олар қайтар жолда қоқандықтардың Күмісқорған және Шымқорған бекіністерін талқандады. Перовский 1852 ж. 15 қыркүйекте Сібір корпусының командиріне «...бұрын белгісіз болған Қараөзек пен Жамандарияның зерттелуі – бұл аймақтың адам қоныстануға өте қолайлы екендігін көрсетті. Егер орыс әскері осы аймақтарда жеңіске жетсе, қазақтарға саяси ықпалымыз күшейер еді» деп жазды. Осыдан кейін Перовский Ақмешітті алу үшін Сыр бойына бірнеше бекіністер салу қажеттігі туралы патша өкіметіне мәлімдеме жасады. Нәтижесінде Қазалы аңғарында №1 форт, Қармақшыда №2 форт, Күмісқорған бекінісінің орнына №3 форт салынды. Жергілікті қазақтар туралы саяси және әскери мәліметтер жинастыруға шығыс тілдерінің маманы О.Я.Осмоловский Сыр бойына арнайы тапсырмамен аттандырылды. Оған Ақмешіт бекінісінде орналасқан қоқандық әскердің саны мен құрамы, Сыр бойындағы қазақтардың патша билігіне деген көзқарасы, т.б. мәліметтер жинау тапсырылды. Сондай-ақ, Перовский Есет Көтібарұлы, Елекей Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы, Бұқарбай Естекбайұлы сияқты батырлар мен сұлтандарды жорыққа қатысуға көндіруді Арал бекінісінің басшысына жүктеді. Перовский қоқандықтар мен хиуалықтардың күш біріктіріп шығуына тосқауыл қою үшін дипломат. әдістерді қолдана отырып, екі хандықтың арасындағы араздықты өршітіп, Хиуаны соғысқа қатыспауға көндірді. Патша әкімш. жорыққа қажетті көлік түрі – түйелерді жинау жөнінде сұлтан-правительдерге тапсырма беріп, ал олар жергілікті халықтан түйелерді еріксіз алып отырды. Орынбор ген.-губернаторының бұл нұсқауы қазақтардың ашу-ызасын тудырып, шыдамы таусылған қазақтың көптеген рулары Есет Көтібарұлына барып қосылып, Ақмешіт жорығына түйе жинап беруге көмектескен сұлтандар мен билердің ауылдарын шабуылдап отырды. Сыр өңірінің қазақтары өздерін жаулауға шыққан патша әскерінің жорығына барынша зиян келтіріп, оны әр түрлі амалдармен тоқтатуға тырысты. Жергілікті тұрғындар патша әскеріне Ақмешітке баратын оңай жолды көрсетуден де бас тартты. Мәселен, 1854 ж. 8 қаңтарда Перовскийдің Сырдария шебінің қолбасшысына жіберген нұсқауында «Досбол би осыған дейін де бізге оң пейіл көрсетпеген еді. Басқарушылардың талабы бойынша сұлтан оған Ақмешітке баратын жолды көрсет дегенде, ол руластарымен жол көрсетуден бас тартты» делінген. 1853 ж. 22 сәуірде патша әскерінің Ақмешітке жорығы басталып, оған 1 генерал, 6 штаб офицері, 34 обер-офицер, 16 шенеунік, 113 унтер-офицер, 9 кернейші, 1561 қатардағы жауынгер, 424 саптан тыс жауынгер қатысты. Патша өкіметі бұл әскери іс-шараға жоғары деңгейде дайындалып, сол уақыттағы орыс әскерінің барлық түрі – жаяу әскер, атты әскер, зеңбірек батареялары, инж. топтар, саперлік бөлімдер, казактар және әскери флотилия пайдаланылды. Жорыққа кейін тағы 2 обер-офицер, 158 жауынгер қосылып, жорық әскері 1068 түйеге артылған азық-түлікпен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар Бутаков бастаған «Перовский» кемесі мен «Обручев» баржасы қосымша күш ретінде Сырдария өз-мен жоғарыға жылжып отырды. Қоқан хандығының ішкі бытыраңқылығы Ақмешіт бекінісін Ресей империясының тез жаулап алуына жағдай жасады. Бірақ соған қарамастан, ташкенттіктер Ақмешітті қорғап жатқан қандастарына көмекке әскер жібере алды. Қоқандықтар әскері Ақмешітке көмекке келе жатыр деген хабар алған Перовский жолдағы өткелдерден қоқандықтарды өткізбеу үшін күшейтілген орыс әскерін жіберіп, ген. И.В.Падуровқа Жөлекті алуды тапсырды. Соңында Ақмешітті басып алған патша өкіметі бекініске мыңға жуық әскер, 16 зеңбірек, т.б. қаруланған гарнизонды орналастырды. Сол жылдың 26 тамызында 1-Николай патша Ақмешіт бекінісінің атауын Орынбор ген.-губернаторының құрметіне «Перовский» форты деп өзгертті. Орыс әскерінің Ақмешітті басып алуы Ресей империясы иелігіне жаңа аумақты қосып қана қойған жоқ, сонымен қатар осы аймақтағы қазақтардың жайлауларымен бірге қыстауларын да бақылау жасауға мүмкіндік берді. Әскери және саяси-экон. жағынан маңызы зор Ақмешіт бекінісінен айырылып қалғанына көңгісі келмеген қоқандықтар орыс билігімен барынша күресті. Алайда, Қоқан хандығындағы билік үшін талас-тартыс, қазақтар мен сарттардың арасында болған өзара қырқыстың зардабынан орыстарға қарсылық жүйелі сипат алған жоқ.



ТАБАН (Carassius gibelio) – тұқы тұқымдасына жататын балық. Т. өзі аттас туысқа жататын екі түрдің бірі (бұрын C. auratus түрінің түр тармағы C. auratus gibelio деп аталатын); екінші түрі – мөңке. Еуразияда су қоймаларында көп кездеседі. Республиканың барлық табиғи су алаптарында, әсіресе, Солт. Қазақстан обл-ның көлдерінде кең тараған. Ал Балқаш – Алакөл су алабында әдетте ағысы жәй және шөптесінді суларда тіршілік етеді. Т. балықтың ұз. 41 см, салм. 3,2 кг. Бұл балықтың бір ерекшелігі – гиногенетик. жолмен көбейе алады, яғни популяциялары, тек аналықтардан тұрады (сирек аналықтары да аталықтары да болады). Сондықтан Т. артына тұқым қалдыру кезінде басқа түрлердің аталықтары (мөңке, сазан, тұқы, оңғақ, торта) олардың уылдырықтарына шоғалын құйып, ұрықтың дамуына себепші болады. Жыныстық жағынан 2–4 жасында жетіледі. Уылдырығын шілденің соңы – тамыздың басында (жасы, көлеміне қарай 383 мыңдай), су темп-расы 14°С болғанда, судың тайыз, шөбі қалың жерлеріне салады. Т. балықтар қорек талғамайды, зоопланктон, зообентос, өлексемен (детрит-пент) қоректене береді. Кәсіптік маңызы бар балық, қақталған, тұздалған, ысталған жас түрінде тағамға пайдаланылады. Т. балықты қолдан да өсіреді.

Ә.Бәйімбетов



Табан балық



Табынбаев Қаһарман

ТАБЫНБАЕВ Қаһарман (8.3.1936, Жалағаш ауд. Жалағаш қыстағы – 21.6.2020, Қызылорда қ) – қоғам қайраткері. Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1959, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Алматы жоғары партия мектебін (1967) бітірген. 1959 жылдан Жалағаш ауд. а. ш. инспекциясында, «Жалағаш» қаракөл қой кеңшарында, Калинин атынд. ұжымшарда бас зоотехник болып жұмыс істеді. Қармақшы ауд. комсомол к-тінің 1-хатшысы (1963–65), обл. партия к-тінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісінің орынбасары (1967–70), Жалағаш ауд. а. ш. басқармасының бастығы (1970–71), осы ауд. партия к-тінің 2-хатшысы (1971–74), обл. партия к-тінің а. ш. бөлімінің меңгерушісі (1974–79), Қазалы (1979–83), Қармақшы (1983–86) аудандарында партия к-тінің 1-хатшысы болды. 1986 жылдан бірқатар обл. а. ш. мекемелерінде жауапты қызметтер атқарған. Зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін өңірдің қоғамдық өміріне белсене атсалысты. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы» ордендерімен «Ерен еңбегі үшін», т.б. медальдармен марапатталған. Жалағаш (2007), Қазалы аудандарының құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ТАБЫНБАЕВ Нариман Болтайұлы (23.2.1961 ж. т., Жалағаш ауд. Жалағаш кенті) – мед. ғыл. докт. (2005). Алматы мемл. мед. ин-тын (1984, қазіргі ҚазҰМУ) бітірген. Жалағаш ауд. ауруханасында хирург (1984–86), Қызылорда обл. ауруханасында эндоскопия бөлімінің меңгерушісі, диагност. орт. бас дәрігерінің орынбасары (1986–93), Алматы обл. Қаскелең ауд. ауруханасында хирург, бас



Табынбаев Нариман

дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары (1994–97), Б. Жарбосынов атынд. Урология ғыл. орт-нда ғыл. қызметкер, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, бас дәрігер (1997–2002), Қызылорда обл. мед. орт-ның, урология ғыл. орт-ның директоры (2008–14), Астана қ. «Ұлттық медициналық холдинг» АҚ басқарма төрағасының орынбасары, Ұлттық онкология және трансплантология ғыл. орт-ның, Алматы қ-ндағы Орт. қ. клиник. ауруханасының директоры, қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы (2014–22), Алматы қ-ндағы Орт. қ. клиник. ауруханасының бас дәрігері (2022–23) қызметтерін атқарған. Ғыл. еңбектері: несеп шығару жолдарының туа біткен және жүре пайда болған обструкциясын хирург. жолмен емдеу нәтижесін арттыру мен несеп-жыныс мүшелеріне реконструктивті-пластик. операциялар жасау әдістерін зерттеуге арналған. 100-ден астам ғыл. еңбектің авторы. «Құрмет» орденімен (2021) марапатталған.

Қ.Омаров



Тағаев Қадыр

ТАҒАЕВ Қадыр (1891, Жаңақорған ауд. Келінтөбе ұжымшары – 1980, сонда, Талап а.) – Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). Еңбек жолын туған ауылында жылқышы болып бастаған. Табындағы 30 жылқының басын 10 жыл ішінде (1938–47) 670-ке жеткізген. 1948 ж. 55 биеден 55 құлын алған. Ленин орденімен (1948), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ТАҒАНАҚ (Laniidae) – торғайтәрізділер отрядының бір тұқымдасы. Дене тұрқы 16–36 см. Тұмсығы екі жағынан қысыңқы, оның ұшы жыртқыш құстарға ұқсас иілген, езуінде қылтанақтары болады, құйрығы ұзын. Солт. Америка, Еуропа, Африка және Азияда тараған 12 туысы, 72 түрі бар. Қазақстанда 7 түрі кездеседі. Үлкен Т. (L. Excubitor) және кіші Т. (L.Minor) республиканың барлық өңірінде (тек шөлді аймақтарда кездеспейді) кездеседі; кезқұйрық Т. (L.schach) Сырдария өз-нің жағасы мен Тянь-Шаньнің етегінде ұялайды; жасылбас Т. (L. collurio) республиканың солт. аудандарында, қызылқұйрық Т. (L. phoenicuroides) – Қазақстанның шөлді аймағында, оңт. мен оңт.-шығысындағы тауларда мекендейді. Қашғар Т-ғы (L. isabellinus) мен тоғай Т-ғы (L. cristatus) басқа жаққа ұшып бара жатып, тек уақытша аялдайды. Т-тар жыл құстары. Қазақстанға мамырдың басында ұшып келіп, қыркүйектің ортасында жылы жаққа ұшып кетеді. Далалық жерлерде шоқтанып, кейде дара өскен бұталар мен ағаштар арасын мекендейді.



Тағанақ

ТАЗЫ – аңшы иттердің бір тұқымы. Жүні тықыр, сирақты, сүйек бітімі нәзік, түсі ақ, қара, сары, көк болады. Көбіне өскен ортасына байланысты қоян, түлкі, қасқыр, т.б. аңға салады. Дала Т-сының кеуде жағы мен бөксе жағының биіктігі бірдей, өте шапшаң,



Тазы

ұшқыр, сүйегі жеңіл, нәзік келеді, сондықтан оны ши Т. деп атайды. Таулы жердің Т-сының кеуде жағынан бөксе жағы биіктеу, аяғы сіңірлі, мықты, мойны ұзын әрі жуандау, өте ашулы келеді. Бұл кейде тайсалмай қасқырға да түседі. Т-ны күшік күнінен таңдап алып тәрбиелейді, ұсақ аңға салып ауыздандырады. Тәжірибелі аңшы тазыны өте семіртпей не арытпай ұстайды, үнемі қоясын түсіріп отырады, із кесуге үйретеді. Т-мен аң аулау – саятшылықтың қызық түрінің бірі.

ТАЙЛАҚБАЕВ Бақтияр Байқараұлы (8.4.1959 ж. т., Қызылорда обл.) – әнші, мәдениет қызметкері, Қазақстанның еңбек сің. арт. (1998). Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының Қызылорда бөлімшесін (1981,қазіргі Қызылорда ун-ті) және Мәскеу қ-ндағы Гнесиндер атынд. музыка академиясын (1993) бітірген. 1983 жылдан Респ. мемл. «Гүлдер» эстрадалық жастар ансамблі және Қазақконцерт бірлестігі құрамында әнші болып, көрермендерге мәдени қызмет көрсеткен. 1991 жылдан Алматы обл. филармониясы «Наурыз» ансамблінің көркемдік жетекшісі болған. Респ. эстрада колледжінің оқытушысы (2000–04), «Талант» мәдени-ағарту орт-ның директоры, әрі көркемдік жетекшісі (2004 жылдан), Қызылорда обл. мәдениет департаментінің директоры (2005–06), Республика сарайының көркем бағдарламалар бойынша атқарушы директоры, ҚР Мәдениет және ақпарат мин-нде департамент басшысы, Қазақ ұлттық өнер ун-тінің доценті, «Гүлдер» мемл. ансамблінің директоры (2007–16), «Алматы әуендері» мекемесі директорының орынбасары, көркемдік жетекшісі, кеңесшісі (2016–22) қызметтерін атқарған. Қазіргі уақытта «Алматы әуендері» мекемесі директорының орынбасары. Оның репертуарынан қазақ композиторларымен бірге шет ел музыкасының туындылары да ерекше орын алады. Т. «Сыр жұлдыздары» жас орындаушылар телевизиялық байқауының негізін қалаушы және ұйымдастырушы, байқаудың құрметті директоры және төрағасы (2007). К.Дүйсекеев атынд. респ. композиторлар мен орындаушылар байқауының, Қазақстан Ленин комсомолы сыйл-ның лауреаты. Бүкілодақтық және халықар. байқаулардың жүлдегері. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Тайлақбаев Бақтияр

ТАЙЛАҚ Мәтіұлы (шамамен 1693 – 1742) – батыр. Әкесі Мәті би, атасы Дулат батыр ел қорғаған белгілі кісілер болған. Т. қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсеткен. Ресей және басқа да елдердің құжаттарында, сондай-ақ халық аузында Т. пен Саңырақ батырдың ерлігі туралы әңгімелер көп айтылады. 1727 ж. Бұланты-Білеуті шайқасында ерекше көзге түскен. Белгілі жырау Қожаберген Толыбайұлының әйгілі «Елім-ай» толғауында Т. есімі ұшырасады. Көрнекті зерттеуші Ә.Диваев, қаламгерлер І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов, Ә.Кекілбаев, С.Сматаев, Ж.Шағатай, т.б. жазушылардың шығармаларында Т. жайында деректер беріледі.

Т. Дайрабай



Тайлақ батыр

ТАЙМАН ҚАРИ (1898, қазіргі Жалағаш ауд., Аққұм а., «Көкжиде» мекені – 8.12. 1981, сонда) – діни қайраткер. Әкесі Жүсіп молда ескіше оқыған, өз кезеңіндегі көзі ашық зиялы кісі болған. Оның «Шеңгел көпір» деген жерде ашқан мешіті («Жүсіп молда мешіті») өткен ғасырдың 60-жылдарына дейін сақталып келді. Кеңестік кезеңде бұл мешітті мектеп ретінде пайдаланған. Т.қ. бала күнінде осы мешітте ескіше сауатын ашқан. Кейін «Шіркейлі» өз-нің төм. жағындағы «Мырзабай» мешітінен дәріс алған. Жастайынан араб, парсы тілдеріндегі діни, әдеби, т.б. кітаптарды қызыға оқып, көкейіне тоқып өседі. Кейін Бұқарадағы медреседен тәлім алып, Құран Кәрімді ерекше мақаммен жатқа оқитын дәрежеге жеткен. Қарилығымен қоса, әзілқой, әңгімешіл, батагөйлігімен де ел арасында қадірлі, сыйлы болған.

ТАЙМАНОВ Асан Дабысұлы (25.10.1917, Батыс Қазақстан обл. Орда ауд. – 1.2.1990, Ресей, Новосібір қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1961), проф. (1962), Қазақ КСР ҒА-ның акад. (1962).



Тайманов Асан

2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Орал пед. ин-тын (1936, қазіргі Батыс Қазақстан мемл. ун-ті) бітірген. Орал пед. ин-тында ассистент (1936–38), Мәскеу пед. ин-тында аспирант (1938–41, 1945–47), Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) кафедра меңгерушісі (1947–54) болып қызмет еткен. Ресейдің Шуя пед. (1954–56), Иваново тоқыма ин-ттарында доцент (1956–60), КСРО ҒА Сібір бөлімшесінің Математика ин-тында аға ғыл. қызметкер (1960–68), Қазақ КСР ҒА Математика және механика ин-тының директоры, Қазақ КСР ҒА физика-математика ғылымдары бөлімінің акад.-хатшысы (1968–70) қызметтерін атқарған. 1970 жылдан өмірінің соңына дейін КСРО ҒА-ның Сібір бөлімшесі Математика ин-тында аға ғыл. қызметкер болып еңбек еткен. Т. модельдердің аксиоматизацияланатын және ақырғы аксиоматизацияланатын кластарының сипаттамаларын және екі алгебралық жүйенің элементар эквиваленттілігінің критерийлерін тапқан. Есептелетін алгебралардың топол. және конструктивті топологиялану критерийлерін көрсеткен. 2013, 2017 және 2022 ж. Қызылорда ун-тінде дәстүрлі Т. оқулары өткізілді. Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Мәскеудегі Донской зиратында жерленген. Қызылорда, Орал қ-ларындағы көшелер Т-тың есімімен аталады.

Қ.Омаров



Тайманов Рамазан

ТАЙМАНОВ Рамазан (23.5.1954 ж. т., Сырдария ауд. Шаған а.) – сазгер, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2010). Қызылорда обл. әкімінің стипендиаты (1998, 2006, 2010). Алматыдағы П.И. Чайковский атынд. муз. уч-щені (1989), Қызылорда мемл. ун-тін (2003,қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Тереңөзек кентіндегі кәсіптік-тех. уч-щеде «Гүлдерайым» ансамблін құрып, обл., ауд. байқауларға қатысып жүлделі

орынға ие болған. 1990–97 ж. Сырдария ауд. мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі. 1997 жылдан обл. халық шығарм-н дамыту және мәдени-продюсерлік орт-нда муз., қазіргі уақытта көркемдік жетекшісі болып қызмет атқарады. Сондай-ақ Қызылорда ун-ті студенттеріне дәріс береді. Т. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты шыққан «Қазақ қызы» әнімен республикаға танымал. 1996 ж. Эстонияда өткен дүниежүз. балалар шығарм. фестивалінде оның «Қызылорда жастары әні» таңдаулы деп бағаланып, «Алтын қорға» жазылып алынды. 1999, 2000 ж. Респ. «Жас қанат» байқауы мен «Азия дауысы» фестивалінде «Қазағым-ай», «Қорқыт-қобыз» әндері 1-орынды иеленіп, Т. «Ең үздік композитор» атағын алған. 2005 ж. Қазан қ-нда өткен халықар. академ. театрлар фестивалінде көрсетілген «Аласапыран» спектаклінің муз. көркемделуі музыка мамандары мен қазылар алқасының жоғары бағасын алды. Т-тың әр жылдары 20 әні енген компакт-диск дайындалды. «Құрмет» орденімен, «Шапағат» медалімен марапатталған. Қызылорда қ. және Сырдария ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ТАЙМАНОВ Тамшыбай (15.10.1923, Шиелі ауд. 1 Мамыр а. – 16.5.2003, Қызылорда қ.) – еңбек



Тайманов Тамшыбай

және соғыс ардагері, Қазақ КСР Білім беру ісінің үздігі (1966). Қызылорда пед. институтын (1953, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Атақты 8-атқыштар дивизиясы құрамындағы 229-атқыштар полкінде бөлімше командирі болып Орт., 1-Украина, 4-Украина майдандарында Курск шайқасына, Орел қ-н азат етуге, Днепрден өту ұрыстарына, сондай-ақ Батыс Украина мен Чехословакия, Венгрияны жаудан тазарту шайқастарына қатысып, соғысты Германия жерінде аяқтаған. Т. соғыстан кейінгі жылдары қазіргі Шиелі ауд. Бірінші Мамыр атынд. ауылдық мектебінде мұғалім, директордың орынбасары, директоры қызметтерін атқарған. Сырдария ауд. «Тартоғай» кеңшарында партия ұйымын ұзақ жыл басқарып (1968–88), шаруашылықтың дамуына үлкен үлес қосқан. Еңбекшілердің өндірістегі рөлі мен жауапкершілігін арттырудағы оның ілкімді істері бүкіл облысқа үлгі ретінде таратылған. Қызылорда қ. №140 мектепте ұстаздық қызмет атқарған (1989–93). Т-тың майдандағы ерліктері туралы 5–7-сыныптарға арналған «Өлкетану» (2018) оқулығында, еңбек жолы туралы бірнеше кітаптарда жарияланған.Т. Қызыл жұлдыз, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Ерлігі үшін», т.б. медальдармен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Сырдария ауд-ның құрметті азаматы.

С.Балгабаев

ТАЙШЫҚ Сұлтан (т.ж.б. – 1863) – Кенесары Қасымұлының баласы. Әкесінің хандық өкіметті қайта жаңғырту бағытын қызу қолдаған. Әкесінің қазасынан соң Кенесары балалары Шу бойын, Қаратауды Түркістанға дейін жайлап, Қоқан ханына, қызметке тұрады. Хан оларға пансатбашы (жүзбасыдан жоғары) деген шен береді. 1860 ж. Т.с., Сыздық, Ахмет сұлтандар Қоқан армиясы құрамында Ұзынағаш түбіндегі ұрысқа қатысып орыстардан жеңіліс табады. Осы шайқастан соң Сыздық сұлтан Түркістанда қалады да, Т.с. мен Ахмет сұлтан өздеріне қараған елмен 1861 ж. Сырдарияның төменгі жағасына қарай өтіп, Ресейге бағынатындықтарын айтып, Перовскідегі ген. Дебудің қол астына келеді. Екі сұлтан 1862 ж. Қоқан бекінісі Жаңақорғанды

алуға қатысып, ерлік көрсеткендері үшін зауряд-хорунжий шенін алады. Олардың беделдері арқасында Түркістанға қараған қоңырат, қыпшақтардың бір бөлігі, сунақтың бір тобы, Шу бойындағы көптеген қазақ рулары орыстардың қол астына өтеді. Т.с. 1863 ж. Жөлек бекінісі маңында қоқандықтармен болған шайқаста Телқожа батырдың қолынан қаза табады.

Р.Тасмағанбетова.

ТАҚЫРКӨЛ – Жаңақорған ауд-ндағы ауыл, Сүттіқұдық ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Жаңақорған кентінен батысқа қарай 35 км жерде орналасқан. Тұрғыны 2,1 мың адам (2023). Ауыл 2000 жылға дейін Жұлдыз а. деп аталған. Іргесі 1930 ж. қаланған. 1962–96 ж. қаракөл қойын өсіретін «Қызыл жұлдыз» кеңшарының орт. болған. Кеңшар негізінде Т-де шаруа қожалықтары құрылды. Ең жақын т. ж. ст. – Төменарық (5 км).

ТАЛ (Salix) – тал тұқымдасына жататын ағаш не бұта. Негізінен, Солт. жарты шарда өсетін 350 (кейбір деректерде 600-дей) түрі бар. Қазақстанның барлық өңірінде кездесетін 46 түрі белгілі. Соның 3 түрі: дәріжапырақты Т. (S. hypericifolia), Липский Т-ы (S. lipskyi) және тікенжапырақты Т. (S. spinidens) – тек Қазақстанда ғана өсетін эндемиктер. Өзен, көл, бөген жағалауларында көп жағдайда қалың тоғай



Тал

құрап өседі. Биікт. 15–30 м. Жапырағы қысқа сағақты, бүтін жиекті, қандауыр тәрізді. Гүлі – дара жынысты, қос үйлі, оның гүл серігі болмайды, шашақ гүл сырғасына (аналық, аталық) топталған. Көбінесе жапырағы шыққанша гүлдейді. Бұтақ шоғыры иілген жалпақ пирамида тәрізді жайқалып өседі. Көпшілік түріне протогиния (гүл аналығының ертерек пісіп жетілуі) тән. Тұқымынан немесе бұтағын кесу арқылы, ал мәдени түрлері қалемшелеу арқылы көбейеді, жәндіктер (негізінен аралар) арқылы тозаңданады. Жемісі – көп тұқымды қорапша. Т-дар тез өседі, 30 (кейде 75–100) жылдай жасайды. Діңі жеңіл әрі жұмсақ, тез шіриді. Ағаш қабығын, жапырағын, бұтағын жабайы аңдар (бұлан, кәмшат, қоян, т.б.) мен үй жануарлары, ал бүрін, сырғасын құстар (құр, шіл) жақсы жейді. Т. елді мекендерді көгалдандыру, құм бекіту, топырақ эрозиясына қарсы егістікті қорғау үшін егеді. Сүрегі құрылыста, целлюлоза-қағаз өнеркәсібінде пайдаланылады. Сондай-ақ Т-дар – шірнелі өсімдіктер.

С. Турдиев

ТАЛАП – Жаңақорған ауд. Жаңақорған а-ндағы ауыл, ауылдық окр-нің орт. Негізі 1904 ж. Орынбор – Ташкент т. ж. құрылысының салынуына байланысты қаланған. Тұрғыны 2,2 мың адам (2023). Кейін Бесарық бекеті аталды. Бесарық ауылдық окр-нің құрамынан 2005 ж. дербес округ болып бөлініп шықты. Халықтың негізгі кәсібі мал ш. Ауылда күндізгі дәрігерлік емхана, №247 жалпы орта мектеп, клуб, Шерімбет ата мешіті жұмыс істейді.

ТАЛАСОВ Мұхамеджан Қадыржанұлы (26.4.1967 ж. т., Арал ауд. Сексеуіл ст.) – әскери қайраткер, ген.-л. (2022). Ленинград жоғары әскери инж.- құрылыс уч-щесін (1989, қазіргі Материалдық-техн. қамтамасыз ету әскери акад-ның Әскери инты), Қазақ мемл. заң академиясын (2001, қазіргі Қазақ гуманит. заң ун-ті), Орталық Азия ун-тін (2006), Ұлттық қорғаныс ун-тін (докторантура, 2018) бітірген. Жалпы әскери армияның пәтерді пайдалану бөлімі жанында техн. қадағалау және күрделі жөндеу инж. (1989–92), Пәтерді пайдалану бөлімінің бас инж.-бастықтың орынбасары, бастығы (1992–2001), ҚР Қорғаныс мин. Құрылыс және әскерлерді орналастыру бас басқармасының пайдалану басқармасының бастығы (2001–02), ҚР Қарулы Күштерін материалдық-техн. қамтамасыз ету бас басқармасы бастығының орынбасары



Таласов Мұхамеджан

(2002–03), «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлер қолбасшысы Басқармасының пәтерді пайдалану қызметінің бастығы (2003–04), ҚР Экон. қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі бастығының орынбасары, қаржы-экон. басқармасының бастығы (2004–07) болған. ҚР ҚК Әуе қорғанысы күштері Бас қолбасшысы Басқармасының тыл басқармасының бастығы (2007–08), «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының тыл жөніндегі орынбасары (2009–10), ҚР ҚК Тылының бастығы (2010–13), ҚР ҚК Бас штаб бастығының орынбасары – ҚР ҚК Бас штабы Тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің бастығы (2013–17), ҚР ҚК Бас штаб бастығының орынбасары (2017–19), Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы Біріккен штабы бастығының орынбасары (2019–20), ҚР Қорғаныс мин-нің орынбасары (2020–22) лауазымдарын атқарған. 2-дәрежелі «Айбын», 2-дәрежелі «Даңқ» (2018) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Талқурай

ТАЛҚУРАЙ (Lysimachia) – примула тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер, кейде жартылай бұта. Қазақстанның барлық аймағында (тек таулы жерлерде кездеспейді) өсетін 1 түрі – кәдімгі Т. (L. vulgaris) бар. Оның биікт. 60–120 см, төсемелі тамыры болады. Сабағы тік, төрт қырлы, сыртын жұмсақ түк басқан. Жапырақтары ұзынша жұмыртқа пішінді, шеті тегіс, сабаққа 3–4-тен бірігіп орналасады. Ашық сары түсті гүлдері сыпыртқы гүлшоғырына топталған. Аталығы – бесеу, оның жіпшелері түбінен түтік тәрізді болып өседі. Маусым–тамыз айларында гүлдеп, жеміс салады. Жемісі – қорапша. Т-дың құрамында (әсіресе тамырында) сапонин бар, сондықтан өсімдікті мал жемейді. Сабағы мен тамырынан боғыш заттар алынады.

А. Оразова

ТАЛМА БАЛЫҚТАР (Balitoridae) – тұқы тәрізділер отрядына жататын майда балықтар тұқымдасы. Бұрын шырма-балықтар (Cobitidae) тұқымдасының туысы ретінде қарастырылды. Бұлардан Т. б-дың ерекшелігі: көзінің астында жиналмалы тікенегі болмайды, басы екі жағынан қысылмаған, ұзын денесі жұмыр, 6 мұртшасы бар. 3000 м биіктіктегі тау өзендері мен қуаң жерлердегі көлдер мен шалшықты суларда тіршілік етеді. Аз қозғалады, су түбін мекендейді. Т. б-ды 2 туысқа жіктейді: Nemacheilus – Балқаш – Алакөл ойысында, Сырдария, Шу, Талас, аздап Ертіс өзендерінде және Barbatula – Жайық, Жем, Ертіс өзендерінде, Марқакөлде кездеседі. Қазақстан суларында 1-туысқа жататын 7 түрі кездеседі, оның ішінде Тибет Т. б-ғы 2 түр тармағынан, теңбіл Т. б. 3 түр тармағынан тұрады; 2-туысқа 3 түр тармағынан тұратын 1 түр жатады. Екі туыстың бір-бірінен сырттай айырмашылығы бар: Nemacheilus-тің денесі жалаңаш, сирек тікенектері болуы мүмкін, ал Barbatula денесінің артқы бөлігін ғана майда қабыршақтар жабады. Т. б-дың ең ірілерінің ұз. 20–22 (29) см, салм. 100–140 (270) г. Тау өзендерін мекендейтіндері су темп-расы 7–12^{0}С, ал жазық жердегі суларда – 16–28^{0}С-та уылдырығын өсімдіктерге, тастарға, қиыршық құмдарға

шашады. Су түбіндегі майда шаян тәрізділермен және әр түрлі жәндіктердің (тендипедидтер, біркүндіктер, жылғалықтар, т.б.) дернәсілдерімен қоректенеді.

Ә.Бәйімбетов



ТАЛСУАТ – Қызылорда қ. әкімдігіне қарасты аумақтағы ауыл, ауылдық окр-нің орт. Қызылорда қ-нан солт.-батысқа қарай 10 км жерде, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан. Тұрғыны 2,4 мың адам (2023). Іргесі 1928 ж. қаланып, «Колос» а. ш. артелі ұйымдастырылған. Кейін осы ұжымшар Александровск қыстағы атанған және «Комсомол» (қазіргі Қызылжарма ауылдық округі) ұжымшарының қарамағында болған. 1967 ж. Александровск қыстағында геологтар мекемесі құрылып, жеке тұрғын үйлер салынған. 2005 жылға дейін Қызылжарма ауылдық окр. құрамында болған. 1992 ж. Қызылжарма ауылдық кеңесінің Комсомол, Геологтар, Александровск елді мекендері Қызылорда қ-ның әкімш.-аум. бөлінісіне берілген. 2005 ж. Талсуат ауылдық окр. болып, құрамына Геологтар а. кірді. 2018 ж. Талсуат ауылдық окр-нің Геологтар а. және Қызылжарма ауылдық окр-нің №11 разъезі Талсуат а-ның құрамына енгізілді. Ауыл бау-бақша дақылдарын өсірумен, мал ш-мен айналысады. Онда ЖШС және шаруа қожалықтары жұмыс істейді.



ТАМДЫ АУДАНЫ – Өзбекстанның Науаи обл. құрамындағы әкімш. бірлік. Қызылорда обл-ның оңт-батысына шекаралас орналасқан. Аум. 42,5 мың км². Тұрғыны 15,1 мың адам. Тамды болысы 1887 жылдан Ресейдің Сырдария обл. Әмудария бөлімінің Шурахан учаскесі (1887–1920), Түркістан АКСР Әмудария обл. (1920–24), Қазақ АКСР Қарақалпақ автоном. обл. (1925–29) құрамында болған. 1929 жылдан осы автоном обл. (1932–36 ж. Қарақалпақ АКСР) РКСФР-ге қарап, 1936 ж. 5 желтоқсанда Өзбек КСР-на өткен. 1943 ж. 2 тамызда аудан Өзбек КСР-інің Бұхара обл-на берілді. 1982 ж. 20 сәуірде Бұхара обл-ның солт. бөлігінде Науаи обл. кейін жаңадан құрылған облыстың құрамына енді. 1988 ж. 6 қыркүйекте Науаи обл. Самарқан обл-на қосылды. 1989 ж. 16 мамырда Т. а. басқалармен қатар Бұхара обл-на қайтарылды. 1992 ж. 27 қаңтарда Өзбекстан тәуелсіздік алғаннан кейін бір жылдан соң Науаи обл. қалпына келтіріліп, Т. а. қайтадан оның құрамына енді. Ауданның әкімш. орт. – 12 мыңға жуық тұрғыны бар Тамдыбұлақ қыстағы. Ауданда 7 ауыл азаматтарының жиыны (Ақтау, Аяқұдық, Керегетау, Керіз, Сүкітті, Тамдыбұлақ, Шиелі) бар. Сондай-ақ ауданда шағын ауылдар көп. Аудан аумағында обл. бағыныстағы қала мәртебесіне ие және Т. а-ның құрамына кірмейтін Зарафшан қ. бар. Халқының тығыздығы 1 км²-ге 0,6 адамнан келеді. Басым бөлігі ауылдық жерлерде тұрады. Халықтың ұлттық құрамының басым бөлігін қазақтар құрайды (69,2%). Қарақалпақтар (29,4%), өзбектер (1,2%), сондай-ақ басқа ұлттар айтарлықтай мөлшерде бар. Ауд. жер қорының 30,3 мың км² (71%) жайылым, 12,2 мың км² (29%) а. ш. пайдаланылмайтын жерлер. Негізінен мал ш. дамыған. Мұнда қазіргі күні уран, асыл және түсті металдарды өңдейтін кәсіпорындар жұмыс істейді. Т. а-ндағы автомоб. жолдарының жалпы ұз. шамамен 800 км-ді құрайды, оның негізгі бөлігі респ. маңызы бар автомоб. жолы.



Тампонажды цемент зауыты

ТАМПОНАЖДЫ ЦЕМЕНТ ЗАУЫТЫ – Шиелі ауд-нда орналасқан кәсіпорын. Аум. 52 га. 2018 ж. іске қосылған. Құрылтайшысы – «Гежуба Шиелі Цемент» ЖШС компаниясы. Жоба құны 64 млрд теңге, қуаты жылына 1 млн т цементті құрайды. Зауыт іске қосылғаннан бері 3,7 млн т цемент өнімін шығарды. Оның ішінде, 2023 жылдың 6 айында 524 мың т өнім шығарылып, оның 78 мың т-сы Өзбекстанға экспортталды.

ТАҢ – Жалағаш ауд-ндағы ауыл, Т. ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. Жалағаш кентінен батысқа қарай 25 км жерде, Сырдарияның сол жағалық жайылмасында орналасқан. Тұрғыны 1,3 мың адам (2023). Ауыл тарихы 1928 жылдан басталады. 90 жыл бұрын осы аймақтағы шағын 4 кеңшар бірігіп, «Таң» ұжымшары, 1967 ж. іріленіп «Таң» кеңшары болып құрылды. Ауыл окр-нің жалпы жер көлемі, жайылымдар мен шабындықтарын қосканда 24,9 мың га. Т. а-ндағы негізгі шаруашылық Таң ш. 1991 ж. еліміз тәуелсіздік алғанға дейін а. ш-мен, егін егумен және мал ш-мен айналысқан. 1998 ж. шаруашылық жекешелендіріліп, 17 үлеске бөлінді. Негізінен жер көлемі, жұмысшы қызметкерлері жағынан үлес салмағы басым Т. ш. құрылымдық жағынан өзгерістер енгізіліп, «Таң ЛТД» ЖШС болып жұмыс істеп келеді. «Таң ЛТД» ЖШС-мен тәулігіне 150 т күріш салысын ақтайтын күріш зауыты іске қосылды. Сонымен қатар мемл. «Таң бөбегі» бөбекжайы ашылған. Биылғы жылы мемл. жеке меншік әріптестік аясында «Таң ЛТД» ЖШС бокс және дзюдо күресі үшін спорт ғимаратының құрылысын салып, пайдалануға берді. Ауылда дәрігерлік емхана, мектеп, мәдениет үйі, пошта байланыс бөлімшесі, балалар бақшасы, 5 дүкен жұмыс істейді. Ауыл тұрғындары мал ш-мен, егін егумен айналысады, олардың есебінде 2318 бас мүйізді ірі қара, 3044 бас қой-ешкі, 808 бас жылқы, 39 түйе тіркелген.

Т.Адисұлы



Таң ауылы

ТАҢАТАР Жайықұлы (шамамен 1768, Қуандария бойындағы Қаражыңғыл – 1867, сонда) – белгілі би, елші. Сыр өңіріндегі қазақтар мен қарақалпақтарды билеген Хиуа хандығы арасында 30 жылдай елші болған. Т. елшінің Шымбайда, Көне Үргеніште адам қабылдайтын арнайы үйі болған. Ол халыққа қамқоршы болып, елдің бірлігін, жердің тұтастығын сақтауға күш салып, жұртшылықты, егін егуге баулыған. Өзі бас болып қаздырған жарма қазірде «Таңатар каналы» деп аталады. Оның айтқан биліктері, халықты бірлікке шақырған сөздері ел аузында көп сақталған. Қоқан және Хиуа хандықтары туралы деректерде, сондай-ақ орыс әскер басшысының күнделігінде Т. есімі кездеседі. Т-ды Балқы Базар, Дүр Оңғар, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Т.Ізтілеуов жырға қосқан. Т. жерленген жер 1867 жылдан бері Т. аталады. 1868 ж. ұрпағы басына сәулетті күмбез



тұрғызған. Бүгінде Т. атында жеке шаруашылық бар.

Т. Дайрабай

ТАПАЛ АХУН, Нұрмұхаммед Қадырұлы (1848, Сырдария ауд. Шіркейлі а. – 1921) – діни қайраткер. Бұхара қ-ндағы «Мир Араб» медресесінің теология бөлімін 18 жасында үздік бітіріп, «ахун» атағын алып шыққан. Елге келгеннен кейін мешіт ашып, бала оқытады. Ел арасында әділ билік айтып, ағайын-туманың татулығы мен елдің ауызбірлігін сақтауға айтарлықтай үлес қосқан. Т. а-нан атақты шайыр Тұрмағамбет, Мұхамеджан ақын (ахунның сүйікті інісі, Қалтай Мұхамеджановтың әкесі), А.Тоқмағанбетов, халық ақыны Қ. Баймағанбетов, Садық ахун, Т.Дәуітбаевтар дәріс алған. «Шорай Ислам» партиясының өлкелік бірінші құрылтай жиналысында оның төрағалығына сайланған. Кейін денсаулығына және жасының ұлғаюына байланысты партия жұмысын өзінің тұңғыш ұлы Жунайд мағзұмға тапсырып, елге оралып, өмірінің соңына дейін шәкірт тәрбиелеумен, диқаншылықпен айналысқан.

ТАРАУЫЗ – тоған. 1927–28 ж. тұрғылықты халық а-дарды суландыру кезінде көктемгі дария суы тасығанда Қойлақы көліне жиналған судың кері ағып кетпеуі үшін тоған жасаған. Сондықтан тоған Т. деп аталған. Себебі, көлдегі судың кері қарай дарияға қайта құятын жерін тарылтып, бөгеп, көл суын жаз айларында пайдаланған.

ТАРТОҒАЙ – Шиелі ауд-ндағы ауыл, т. ж. ст., өзімен аттас ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Шиелі кентінен солт.-батысқа қарай 51 км жерде орналасқан. Жер аум. 38,8 мың га. Тұрғыны 2,2 мың адам (2023). Іргесі 1904 ж. Орынбор – Ташкент т. ж-н салуға байланысты қаланған. Т-да т. ж-ға қызмет көрсететін бірнеше шағын кәсіпорындар мен мекемелер бар. Т. жанынан Баспақ каналы өтеді. Т. ауылдық окр-не Тартоғай а., Кірпіш з-ты елді мекені, 2 ферма, 18 бекет кіреді. Ауыл тұрғындары мал және егін ш-мен айналысады. Дәрігерлік амбулатория, ауылдық мәдениет үйі, кітапхана, мектеп, сондай-ақ 2016 ж. өрт сөндіру бекеті құрылып, Тартоғай, Майлытоғай, Сұлутөбе, Бірінші Май, Жаназар батыр а-дарына қызмет көрсетуде. Ауылдың атауы осы маңда тораңғыл тоғайының көп өсуіне байланысты аталған.

ТАСАРЫҚ – Қазалы ауд-ндағы ауыл, Тасарық ауылдық окр-нің орт. Ауданнан орт. Әйтеке би кентінен оңт.-батысқа қарай 110 км жерде, Жуанқұм құмының батыс шетінде орналасқан. Тұрғыны 0,9 мың адам (2023). Ауыл 1957–96 ж. қаракөл қойын өсіретін «Бозкөл» кеңшары бөлімшесінің орт. болған. 2005 ж. Бозкөл ауылдық окр-нен бөлініп шықты. Құрамында Тасарық, Лақалы, Тасөткел (Отгон) елді мекендері бар. Округ аумағында 2 орта мектеп, 1 бастауыш мектеп, мед. бекет, фельдшерлік пункт, клуб, кітапхана, пошта байланыс бөлімшесі, су айдау насос ст., 35 кәсіпкерлік субъектісі мен 9 шаруа қожалығы бар.

Қ.Омаров

ТАСБЕКІРЕ (Scaphirhynchinae) – бекіре тұқымдасына жататын балықтар. Құмдауытты және майда тасты қайраңдар мен өзектерді мекендейді. Дене пішіні лайлы ағысты суда тіршілік етуге бейімделген: басы күрек тәрізді жалпақ, көздері кішкентай, оның есесіне сезім мүшесінің қызметін атқаратын ұзын мұрттары жақсы дамыған. Ерекше сауыт құрайтын қырлы сүйектері денесін мех. жарақаттанудан сақтайды. Т-лерді 2 туысқа жіктейді: америка Т-сі және



Тасбекіре

ортаазиялық Т-лер. Соңғысының Арал т. бассейнінде тіршілік ететін 3 түрі кездеседі. Үлкен әмудария Т-сі (Pseudoscaphirhynchus kaufmanni), денесінің ұз. 58 см, салм. 760 г-нан 2,5 кг-ға дейін. Кіші әмудария Т-сінің (P. hermanni) ұз. 30 см-дей. Үшінші түрі – сырдария тасбекіресі. Ортаазия Т-лері 5–7 жасында жыныстық жағынан жетіледі. Наурыз-сәуірде уылдырығын (15 мыңға дейін) су температурасы 14–16^{0}С болғанда, өзен арнасындағы қиыршық құмды және майда тасты қайраңдарға салады. Су түбіндегі майда омыртқасыздармен (хирономидтердің, жылғалықтардың, біркүндіктердің дернәсілдері) және балықтардың уылдырығымен қоректенеді. Бұл 3 түр де саны азайып бара жатқан балықтар болғандықтан, қорғауға алынып, Қазақстанның және Ресейдің «Қызыл кітабына» енгізілген.

Ә.Бәйімбетов

ТАСБЕРГЕН Құламанұлы (1870, Қармақшы ауд. Алдашбай ахун а. – 1940, Тұрмағамбет а.) – ақын. Кете Жүсіптің тәрбиесінде болып, жыраулық өнерді ерте бастаған. Сыр сүлейлерінің дастандарын жатқа айтқан. Т. тек Сыр бойына ғана емес, Арқа елдеріне, Өзбекстан, Қарақалпақстанға да танымал болды. «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Жүсіп – Зылиқа», «Шәкір – Шәкірат», «Көроғлы», «hақ Сүлеймен», «Мағауия», «Үш күлше», «Сұрмерген», т.б. дастандарды жатқа орындаған.

ТАСБӨГЕТ – Қызылорда қ. әкімдігіне қарасты кент (1948 жылдан). Қызылорда қ-нан оңт-ке қарай 10 км жерде, Сырдария өзінің оң жағалық аңғарында орналасқан. Тұрғыны 32,0 мың адам (2023). Іргесі 1946 ж. осы жердегі ежелгі Қатынкөл және Тасарық а-дары орнында Қызылорда су торабын салуға байланысты қаланды. 1956 ж. кент жанына Сырдария су бөгеті салынған. 1959–97 ж. Сырдария ауд-ның орт. болып келді. 1997 ж. Сырдария мен Тереңөзек аудандары қосылып, аудан орт. Тереңөзек кентіне ауыстырылды. 1997 жылдан Т. Қызылорда қ. әкімдігі құрамында. Бұрынғы кәсіпорындар мен мекемелер, т.б. ұйымдар жекешелендіріліп, олардың негізінде «КЭЦ», «КРМ», т.б. серіктестіктер құрылды. Т-те Қызылорда қ-ның бірнеше кәсіпорындары мен өнеркәсіп салаларының бөлімшелері, базалары орналасқан. Т-те орта мектептер, кәсіптік-тех. мектеп, спорт және музыка мектептері, аурухана мен емхана, дәріханалар, спорттық кешендер, мешіттер, сауда орт. қонақүйлер, т.б. әлеум.-мәдени нысандар жұмыс істейді. Кент жанына (6 км) Орынбор – Ташкент т. ж. және Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе автомагистралі өтеді.



Тасбөгет кенті

ТАСБӨГЕТ БӨГЕТІ – Тасбөгет кентінің жанында, Сырдария өз-не салынған. Құрылысы 1946 ж. басталып, 1956 ж. аяқталған. Бөгеттің өткізгіштігі 1750 м^3/с. Т. б-нен су алатын Сол жағалық каналдың су өткізгіштігі 226 м^3/с, Оң жағалық каналдікі 110 м^3/с, барлық көл. 2096 м^3/с, апатты деңгейі 129,37 м, қалыпты тірек тұратын деңгейі 128,80 м, табалдырықтың белгісі 123,0 м, бөгет суы төм. арынды типке жатады, су өткізгіш қаусырманың саны 5, әр қаусырманың ені 14 м, толық биікт. 10,8 м, судың қалыпты тіреуі 6,0 м, құрылыстың ені 150,6 м. Сол жағалық



Тасбөгет бөгеті

алқапта 8,7 мың га жер суғарылады. Т. б. 2023 ж. қайта қалпына келтірілді.

ТАСПАҚОЖА Көшекұлы (1822, Сырдария ауд. Шіркейлі а. – ө.ж.б.) – ақын. Т. ақындығымен қатар айтыс ақыны, әнші болған. Әсіресе, қайым айтыстың шебері. Ұлбике Жангелдіқызымен бірнеше рет айтысқан. Бұл айтыс нұсқасын Т. ұрпағы Ибрагим 1945–49 ж. қараөзектік жырау М.Жабағиевтан жазып алған. Айтыс нұсқалары айтыс жинақтарында жарияланған. Т. мұраларын Ә.Диваев зерттеп, жеткізген.

Т. Дайрабай

ТАСПАМБЕТОВА Жадыра (30.3.1953, Шиелі ауд. Ақтоған а. – 3.4.2010, сонда) – Соц. Еңб. Ері (18.9.1985). СПТУ-97 кәсіптік-техн. уч-щесін бітірген (1978). Еңбек жолын «Қызыл ту» ұжымшарында трактор, комбайн жүргізуден бастады. 1970 ж. егіс басында байқаусызда комбайн бункерінің шнегіне аяғы ілініп, мүгедек болып қалады. Ауруханадан шыққан соң протез салынған аяғымен қайтадан трактор рөліне отырған. Т. «Телікөл» кеңшарында еңбек еткен жылдары (1971–93) үнемі алғы шепте



Таспамбетова Жадыра

болды. Ақтоған а-нда балабақша меңгерушісі (1993–97), «Ақтоған», «Мұстафа» шаруашылықтарының басшысы (1997–2009) болған. 2009 жылдан обл. «Динамо» спорт қоғамының бөлім меңгерушісі. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 11-шақырылған депутаты (1985–90) болды. Еңбек Қызыл Ту (1972), Ленин (1981,1985) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Шиелі ауд. Көкшоқы елді мекеніне қарасты көшеге Т-ның есімі берілді (2019). Қызылорда обл. және Шиелі ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ТАСТҮБЕК – елді мекен. Арал қ-нан оңт.-батысқа қарай 80 км жерде, Көктырнақ түбегінде орналасқан. Тұрғыны 0,12 мың адам (2023). Бұрынғы Тастүбек балық кеңшарының орны. Теңіз жағалауында бекіре балығы мекендеген үлкен тастар болған. Бұл тастар қазір де бар, сондықтан оны Т. деп атаған.

ТАУБАЕВА Шәркүл (6.3.1947 ж. т., Шиелі ауд.



Таубаева Шәркүл

Шиелі кенті) – пед. ғыл. докт. (2002), проф. (2006). Т. Қазақ КСР оқу-ағарту ісінің үздігі (1982), Қазақстан Пед. ғылымдары (2003), Пед. білім берудің халықар. ғылымдар академияларының (2009, Мәскеу) акад. ҚазПИ-ді (1969, қазіргі ҚазҰПУ) және аспирантурасын (1974), докторантурасын (2001) бітірген. Қызылорда обл-нда мұғалім (1969–71), Орт. мұғалімдер білімін жетілдіру ин-тында әдіскер, кабинет меңгерушісі, аға оқытушы (1977–86, 1991–93), Қазақ пед. ғылымдары ғыл.-зерт. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, ғалым-хатшы, директордың ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (1986–91,1993–98), Қазақ білім академиясында лаб. меңгерушісі (2001), ҚазҰУ-да доцент, проф., орт. жетекшісі (2001–06), Қазақ мемл. қыздар пед. ун-тінде декан, проректоры (2006–10, қазіргі Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-ті) қызметтерін атқарған. 2010–11 ж. Ресей білім академия-

сында ғыл. тағылымдамадан өткен. 2011 жылдан ҚазҰУ-да кафедра проф. Негізгі ғыл. бағыты – озат пед. тәжірибені жинақтау, мектеп мұғалімдерінің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру, пед. зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі. Т. 500-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 9 авторлық куәліктің, 2 монография, 7 оқулық, 15 оқу және оқу-әдістемелік құралының авторы. 2 патент, 4 монография, 10-нан астам оқулық пен оқу құралының авторы. 8 ғылым докторын, 14 ғылым кандидатын, 7 Ph.D дайындаған. «Құрмет» орденімен марапатталған (2023). Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2017).

Қ.Омаров

ТӘУТЕНОВ Ибадулла Айғалиұлы (1.1.1956 ж. т., Сырдария ауд. Н.Ілиясов а.) – а. ш. ғыл. докт. (2005). Қазақ а. ш. ин-тын (1978, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. «Қазақстанның 50 жылдығы» кеңшарында бас агроном, кейін Қазақ күріш ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл.



Тәутенов Ибадулла

қызметкер болған (1978–92). Ы.Жақаев атынд. Қызылорда агроөнеркәсіп инженерлері ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, бас әдіскер, орт. бастығы (1992–2008), «Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС бас директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары (2008–14), Қызылорда мемл. ун-тінің ғыл. жұмыстар және халықар. байланыстар жөніндегі проректоры (2014–18) қызметтерін атқарған. 2019 жылдан аталмыш ун-ттің қауымдастырылған проф. Ғыл. еңбектері Сырдария өз-нің төм. ағысының шалғынды, батпақты топырағында күріш егістігіне берілетін азот тыңайтқыштарының түрлері, оларды енгізу әдістерінің тиімділігі және күріштің минералдық қоректенуі мен өнімділігін арттыру мәселелеріне арналған. Т. 170-тен астам ғыл. және оқу-әдістемелік еңбектің авторы, оның ішінде 2 монография, 2 оқу құралы, 25-тен астам ұсынымдар бар. А. ш. дақылдарының 5 сортының шығуына және жаңа технологиялар әзірлеуге үлес қосып, 15 аса өнертапқыштық патенттер және авторлық куәліктер алған. Т-тың жетекшілігімен 4 Ph.D дайындалды. «Құрмет» орденімен марапатталған (2022).

Қ.Омаров

ТӘЖИЕВ Ыбырайым (20.4. 1904, қазіргі Сырдария ауд. Қараөзек өңірі – 28.9.1960, Ресейдің Мәскеу қ.) – мемлекет қайраткері. Техн. ғыл. канд. (1948). Қазақ халық ағарту ин-тын (1923), Ленинград (Санкт-Петербург) политехн. ин-тын (1931) бітірген. 1919–20 ж. Ташкенттегі балалар үйінде тәрбиеленген. Мәскеудегі «Оргэнерго» мемл. тресінде инженер, куат тобы меңгерушісінің орынбасары, «Средазэнерго» тресінің бастығы (1931–33), Алматы орт. электр ст. құрылысының, Алматы электр энергия басқармасының бастығы (1933–37) болған. Қазақ КСР Коммуналдық шаруашылық халық комиссарының орынбасары, халық комиссары, Қазақ КСР ХКК төрағасының орынбасары (1937–40), Қарағанды СЭС-і құрылысының бастығы, КСРО электр ст-лары халық комиссариатының бүкілодақтық «Главпромэнергомонтаж» бас басқармасының бастығы (1940–43), Респ. мемл. жоспарлау комиссиясының төрағасы және ХКК төрағасының орынбасары, Қазақ КСР Мин. Кеңесі төрағасының орынбасары (1943–53), Қазақстан Коммунистік партиясы Орт. к-тінің хатшысы (1954–59), КСРО Мин. Кеңесі жанындағы Қазақ КСР Мин. Кеңесінің тұрақты өкілі (1959–60) қызметтерін атқарған. Еңбек Қызыл Ту

(3 мәрте), «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Р. Тасмағанбетова

ТӘЖІБАЕВ Әбділда (4.2.1909, Қызылорда қ. – 23.9.1998, Алматы қ.) – ақын, драматург, сыншы, әдебиет, театр зерттеушісі, филол. ғыл. докт. (1970), проф. (1976), Қазақстанның халық жазушысы (1985). ҚазМУ-ды (1946, қазіргі ҚазҰУ), Мәскеудегі М.Горький атынд. әдебиет ин-ты жанындағы Жоғ. әдеби курсты (1954) бітірген. Қарсақбайдағы «Қызыл кеншi», «Лениншіл жас» газеттерінде редактордың орынбасары (1932–34), Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы (1934–39), төрағасы (1939–44), Қазақстан ҒА Тіл және әдебиет ин-тында жамбылтану бөлімінің меңгерушісі (1945–48) қызметтерін атқарған. 1948–58 ж. бірыңғай шығарм-пен айналысқан. «Қазақ әдебиеті» газетінің жауапты редакторы (1958–60), Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы (1960 – 62), М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында театртану бөлімінде аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1962–84) болған. Т-тың алғашқы өлеңдері баспасөз беттерінде 1927 жылдан жариялана бастаған. Тұңғыш жыр жинағы «Жаңа ырғақ» 1934 ж. жарыққа шыққан. Алғаш кеңес саясатын қолдап науқандық өлең-поэма-



Тәжібаев Әбділда

лар («Құлғара», «Айдалған бай», т.б.) жазған Т. біртіндеп сыршыл, лирик ақын ретінде танылған. Лирика мен эпика жанрларын ұштастыра отырып, «Оркестр» (1935), «Құтқару» (1935, 1936, 1939), «Екі жиһан» (1938) атты алғашқы поэмаларын, 1940-жылдары халықтық аңыздар мен мифтік сюжеттерге негізделген біршама поэмаларды дүниеге әкелген. Қоғамдағы келеңсіздіктер мен адам психологиясының бұзылуын өткір сынап-шенейтін сатир.шығармалар, драматургия жанрына қалам тартып, пьесалар жазған. Ол «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1-т., 1975) атты зерттеу еңбекті құрастыруға қатысып, соңғы басылымның редакциясын басқарған. Т-тің сценарийі бойынша (Н.Ф. Погодинмен бірге) «Жамбыл» кинофильмі түсірілген (1954). А.С. Пушкин, Т.Г. Шевченко, А.Н. Островский, Г. Гейне, т.б. қаламгерлердің бірқатар шығармаларын қазақ тіліне тәржімелесе, оның көптеген шығармалары шетел тілдеріне аударылған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 6-шақырылған депутаты (1963–66), Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі төралқасының мүшесі болып сайланған. Ленин, Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қазақ КСР Мемл. сыйл-ның лауреаты (1974). Т-қа Қызылорда қ-нда ескерткіш орнатылған, бір көшеге, облыстық әмбебап ғылыми кітапханаға (1999) және туған ауылына оның есімі берілген.

ТӘЖІБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ – өңірдегі мәдениет пен өнердің, ғылым мен білімнің дамуына зор үлес қосып келе жатқан орт-тардың бірі. 1867 ж. Перовск қ-нда Ақмешіт уезі әскери бекінісінің халқына арналған кітапхана негізінде құрылған. Ғимараттың жалпы алаңы 8413,5 м²-ді құрайды. 1938 ж. облыстың құрылуына байланысты М.Горький атынд. Қызылорда обл. кітапханасы деп аталды. 1999 жылғы 21 сәуірде обл. әмбебап ғыл. кітапханасына халық



Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана

жазушысы, көрнекті ақын Ә.Тәжібаев есімі берілді. 2009 ж. кітапхана жаңа типтік ғимаратқа көшірілді. Аймақ кітапханаларының әдістемелік, үйлестіру орт. болып табылатын кітапхана пайдаланушылардың жас ерекшеліктеріне қарамастан барлық санаттарына қызмет көрсететін өңірдегі ең ірі ақпараттық мәдени орынға айналған. Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары заман талабына сай ұйымдастырылып, оқырмандардың ақпараттық сұраныстарына сәйкес қорды қалыптастыру, сұраныстарын жылдам әрі сапалы қанағаттандыру мақсатында жұмыстар жүргізіліп келеді. Қазіргі таңда кітапханада 7 бөлім, 8 сектор жұмыс жасайды. Кітап қоры 425 505 дананы құрайды, соның ішінде 128 543 данасы мемл. тілде. Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында (606 дана кітап) әмбебап сипаттағы әр түрлі сирек кездесетін құнды басылымдар сақталған. Қор – қазақ, орыс, өзбек, қырғыз, араб, парсы, латын, тәжік, түрік, шағатай, татар, корей тілдеріндегі жазба ескерткіштерден құралған. Олардың жазылу әдістері де әр алуан: қисса, дастан, естелік және басқа жанрда. Кітаптардың дені 1961 жылға дейін жарық көрген басылымдар. Сирек кітаптардың ішіндегі ең құндысы – арабша жазылып, 1293 Һижра жылы шыққан «Құран Кәрім» кітабы. Кітаптың сырты терімен қапталып, аяттары шөп бояумен боялған. Сирек кездесетін қолжазбалар мен кітаптар қорында 1892–1909 жылдар аралығында шыққан анықтамалықтар жинақтары мен орыс классиктерінің алғашқы басылымдары да бар. Кітаптар арасында 4х5 см-ді құрайтын кішкентай кітаптар коллекциясы сақталған. Олардың арасында А.Құнанбаев, Ы.Жақаев, А.Пушкин, М.Лермонтов, С.Есенин, А.Ахматова, Омар Хайям, Пьер-Жан Беранженің, тағы да басқа әлем классиктерінің кітаптары бар. Кітапхана ғимараты негізгі 3 қабаттан және цокольді қабаттан тұрады. 1-қабатта балалар бөлімі: абонемент, оқу залы, «Балдырғандар залы», «Еркетай» балалар алаңы, тіркеу орны, электронды каталогтар залы, кітапханаларды дамыту бөлімі, құжаттарды жинақтау, өңдеу және каталогтарды ұйымдастыру бөлімі, сондай-ақ жастардың жиі бас қосып, бос уақытты тиімді өткізуге, кітап оқуға мүмкіндік беретін арнайы жабдықталған «BOOK cafe» орналасқан. Сонымен қатар, келушілерге 150 орындық лекция залы, 100 орындық конференц-залы қызмет көрсетеді. 2-қабатта оқырмандарға қызмет көрсету бөлімі: оқу залы, абонемент, мерзімді басылымдар залы, Ә.Тәжібаев мұражайы, белгілі қоғам қайраткері, жазушы, драматург Қ.Мұхамеджанов залы, «Шаңырақ» интеллект-орт. бар. 3-қабатта электронды оқу залы, ақпараттық-сервистік қызмет көрсету секторы, өнер бөлімі, мәжіліс залы, ақпараттық-библиограф. қамтамасыз ету бөлімі, Корей ақпараттық және коворкинг орт-тары орналасқан. Коворкинг орт-нда жұмыс істеу үшін барлық жағдайлар жасалған: ыңғайлы креслолар, үстелдер, жұмыс орындарының ауқымды саны, бірлескен және жеке жұмыстарға арналған алаңдар, ақысыз Wi-Fi, жедел интернет бар. Өнер бөлімі жанында балалар мен жастардың шығарм. қабілетін дамытуға бағытталған АРТ-студия жұмыс істейді. Кітапханада электронды каталогты ұйымдастыру, құжаттарды цифрлық жүйеге енгізу, ақпараттық-анықтамалық жұмыстарды электронды жүйеге көшіру жолға қойылған. Құжаттық мұраларды сақтау және қайта өңдеу қызметтері кітапхананың басты бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі таңда «Құжаттық мұраларды цифрлау» жобасы аясында өлкетану бағытындағы 7226 кітап (1532169 бет), сондай-ақ қордағы 1941–90 ж. шыққан «Ленин жолы», «Путь Ленина» газеттері (117314 бет) цифрлық форматқа көшірілді. Кітапхананың цокольді қабатында негізгі кітап

қорын сақтау бөлімі және кітаптарды қалпына келтіру, әдебиеттерді сатып алу және тарату секторлары орналасқан. Қазіргі таңда қордағы барлығы 18940 кітап және 18004 газет қалпына келтірілді. Толық мәтінді база негізінде құрылған «Сырдария кітапханасы» электронды кітапхананың негізі цифрлық ресурстармен оған еркін қол жеткізуге бағытталған.

Н.Мыңжас

ТӘЖІБАЕВ ӘБДІЛДА – ауыл. Шиелі ауд-ндағы Т. Ә. елді мекенін және Қаратау бөктерінде, Сырдария өз. бойындағы Мешеуіл алқабында орналасқан малшы қоныстарын қамтиды. Бұрын Қызылдиқан а. деп аталған. 2003 жылдан ауылға ақын, драматург, жерлесіміз Ә.Тәжібаевтың есімі берілді. Жалпы жер аум. 84,7 мың га. Тұрғыны 1,5 мың адам (2023). Ауылда орта мектеп, балабақша, клуб, дәрігерлік амбулатор. емхана, кітапхана, пошта бөлімшесі, ветеринар. пункт, полиция бекеті, 31 шаруа қожалығы бар.

ТӘЖІБАЕВ ӘБДІЛДА МҮСІНІ, 2015 ж. орнатылған. Ақын Ә.Тәжібаевтың есімін ұлықтау мақсатында Қызылорда қ-ндағы өзінің есімімен аталатын кітапхана ғимаратының ауласына қойылған. Авторы Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі – А.Кененбаев. Мүсін 2,0 натуралық өлшемде тұтас граниттен қашалып жасалған.



Тәжібаев Әбділда мүсіні

Биікт. 4 м, ені 90х80 см. 2020 жылдан жергілікті маңызы бар ескерткіш саналады.



Тәжігұлов Төкеш

ТӘЖІҒҰЛОВ Төкеш (1896, қазіргі Арал ауд. – 1949, сонда, Амангелді а.) – шопан, Соц. Еңб. Ері (23.7.1948). 1932–49 ж. Амангелді атынд. ұжымшарда шопан болып еңбек еткен. 1947 ж. 444 саулықтан 628 қозы алған. Ленин орденімен (1949), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ТӘЖІҒҰЛҰЛЫ Жүніс (1895, қазіргі Жалағаш ауд. Аламесек (Есет батыр) а. – 1945, Түркістан обл. Сарыағаш ауд. Шеңгелді ст.) – діни қайраткер, ұлт-азаттық қозғалысына қатысушы. Бұхарадағы «Көкілташ» медресесінде оқып, шығыс ғұламаларынан дәріс алған Т. жан-жақты білімді, сөзге шешен, ұлтжанды, өз заманында балалардың сауатын ашуға, елдің бірлігі мен ынтымағын сақтауға аянбай тер төккен тұлға. Кеңес үкіметінің зорлықшыл саясатына қазақ даласындағы қанқұйылы қарсылықтың бірі атақты 1930 жылғы 5–16 ақпанда өткен Созақ көтерілісі еді. 1930 жылғы 7 ақпанда азды-көпті аңшы мылтығы, бірді-екілі винтовка, қылыш, найза тіпті, айыр, күрекпен қаруланған Қаратаудың терістігіндегі халық Сұлтанбек Шалақұлын (1881–1930) хан сайлап, ақ ту көтеріп Созақты басып алған. Т. көтерілістің рухани жетекшілерінің қатарында болған. Кеңес әскері көтерілісті аса қатыгездікпен басып-жаншыған. Жанашырлардың көмегімен Қызылорда маңында жасырынған Т. ол жерде көп тұрақтай алмаған. Кейін Қостанай өңіріне бет бұрып, Шошан деген беделді кісінің мешітінде имамдық етіп, Тайшығара Шошанұлының қызы Бөркүлмен бас қосқан. 2-дүниежүз. соғыс кезінде Т. еңбек майданында (1942–44) Ресейдің Магнитогорск қ-нда болады. 1944 ж. бір айлық еңбек демалысын алып, елге келген оны сол кездегі «Көкпая» ұжымшарының (қазіргі Ақарық а.)

басшылары ауылда қалуға көндіреді. Тиісті дәлелдеме құжаттар Магнитогорскіге уақытылы жетпей қалуы себепті арнайы қызмет адамдары келіп Т-н дезертир ретінде тұтқындап алып кеткен. Жолда ауыр науқасқа шалдыққан Т. қазіргі Түркістан обл-ның Шеңгелді ст-сында поезд эшелонында көз жұмады. Денесі жергілікті мұсылмандар қорымына жерленген.

Қ.Омаров


ТӘЙІМБЕТОВ Бағбан (26.4.1963 ж. т., Қармақшы ауд.) – аға заң кеңесшісі, 3-сыныпты мемл. әділет кеңесшісі (2015). ҚазМУ-ды (1989, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Алматы қ. қазіргі Түрксіб прокуратурасында стажер-тергеуші (1989–93), Мәскеу және Әуезов аудандары прокурорының орынбасары, Алматы қ. прокуратурасының бөлім бастығы (1993–2001), Қарағанды және Қызылорда облыстары прокурорының орынбасары, Алматы қ. әділет департаментінің басшысы (2001–10), Жамбыл (2010–12), Шығыс Қазақстан (2012–17), Солт. Қазақстан облыстарының (2019-23) прокуроры қызметтерін атқарған. «Даңқ» орденімен марапатталған.



Тәйімбетов Бағбан

Қ.Омаров

ТӘНЕКЕЕВ Сәйдәлім Нысанбайұлы (5.8.1924, қазіргі Жетісу обл. Шонжы а. – 19.4.2017, Алматы қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (1996). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. ҚазМУ-ды (1952, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Алматы обл.Ұйғыр ауд.партия к-тінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі (1949–52), Жамбыл ауд.партия к-тінің 2-хатшысы, Іле ауд.атқару к-тінің төрағасы, Ұйғыр және Панфилов ауд.партия к-тінің 1-хатшысы, Алматы обл. мәдениет басқармасының бастығы (1952–62) болған. Қызылорда обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1963, қаңтар-маусым), 2-хатшысы (1963–74), Қазақ КСР Халықтық бақылау к-тінің төрағасының 1-орынбасары (1974–78), Қазақстан Тұтынушылар одағы басқармасының төрағасы (1978–85) қызметтерін атқарған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1963–86). «Қазақстанның мүгедектер ерікті қоғамы» мемл. емес одағының ұйымдастырушысы және төрағасы (1988–2009). Т. 150 мақала мен очерктің авторы.1-дәрежелі және 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл



Тәнекеев Сәйдәлім

жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту (4 мәрте), «Құрмет белгісі» (2 мәрте), «Парасат», «Құрмет белгісі» (Моңғолия) орденделімен, көптеген медальмен марапатталған. Алматы обл-ның, Панфилов және Талғар аудандарының құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ТӘТІМБЕТ Бұлғақұлы (шамамен 1700–1764, Қорқыт Ата өңірі) – белгілі батыр, би, елші. Әбілқайыр ханның 1732 ж. желтоқсанда Ресей патшайымына екінші рет аттандырған елшілік құрамында Т. батыр да бар. Нұралы сұлтанды хан сайлауға Жәнібек тархан, Мәмбет аталық, т.б. көрнекті билермен бірге Т. те қатысқан. Т-ке Сыр сүлейлері жыр арнаған. Т-тен тараған Ерназар, Күнтуар, Мұрат, Тұяқ, Темір, Пышан, Ағытай, Төребай билер жайында ел аузындағы әңгімелер де, жазба деректер де көп. Ұрпақтары Қармақшы, Ырғыз, Тамды өңірлерінде тұрады.

Т.Дайрабай



Тәуіпбаев Сұлтанбек

ТӘУІПБАЕВ Сұлтанбек (27.2.1956 ж. т., Жалағаш ауд. Мырзабай ахун а.) – қоғам қайраткері, тех. ғыл. докт. (2003), Ұлттық агр. ғыл. академиясының акад. (2024). Жамбыл гидромелиорат.-құрылыс ин-тын (1980, қазіргі Тараз ун-ті) бітірген. Осы ин-ттың Қызылорда бөлімшесінде (қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, ф-т деканы (1980–2003), «Қызылорда су шаруашылығы» мемл. кәсіпорнының директоры (2003–08), Сырдария (2008–12) және Жаңақорған (2012–15) аудандарының әкімі, Қызылорда агр.-тех. жоғары колледжінің директоры (2015–19), оқытушысы (2019–23) қызметтерін атқарған. 2024 ж. ақпаннан «Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ» Басқарма төрағасы. Ғыл. еңбектері Арал – Сырдария аймағы су қорларын болжау әдістері және тиімді пайдалану іс-шараларына арналған. Т. 60-тан астам ғыл. еңбектің, 1 монография, 3 оқу құралының авторы. «Құрмет» орденімен (2011), бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның, Сырдария, Жалағаш, Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Тё Юрий

ТЁ Юрий Алексеевич (2.5. 1947 ж. т., Қызылорда қ.) – кәсіпкер, меценат. 2006 жылдан «Механизатор-К» ЖШС-нің директоры. Т. Қызылорда қ-ның құрылыс саласына зор еңбек сіңірген. Тұрақты түрде қайырымдылық шараларын ұйымдастырады. «Құрмет» орденімен (2019), «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2002) марапатталған. Қызылорда қаласының құрметті азаматы.

ТЕБЕГЕНОВ Темірхан (18.11.1949, Қармақшы ауд. Ақжар а. – 12.4.2022, Алматы қ.) – әдебиеттанушы ғалым, филол. ғыл. докт. (2002), проф. (2004). Қызылорда пед. ин-тын (1972, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын 1972 ж. Қармақшы ауд. Қуандария а-ндағы 186-орта мектепте ұстаз болудан бастаған. Обл. орт-ндағы Ы.Алтынсарин атынд. орта мектебінде тәрбие жұмысы жөніндегі меңгерушісі (1974–81), Қызылорда пед. ин-тында оқытушы, аға оқытушы (1981–89), қазақ әдебиеті мен араб тілі кафедрасының меңгерушісі (1989–91), Халықар. «Қазақ тілі» қоғамы респ. басқармасының мүшесі, Қызылорда обл. ұйымы басқармасының төрағасы (1989–91), Қазақ ұлттық пед. ун-тінде доцент (1991–2008), кафедра меңгерушісі (2008–15), проф. (2004–22) болған. «Нартай ақынның әдеби мұрасы» (2010), «Тәуелсіздік дәуіріндегі жаңа қазақ әдебиеті (20 ғ-дың бас кезі)» (2013), «Біртұтас қазақ әдебиеті» (2018), «Әлем әдебиеті» оқулығы (1, 2-кітаптары, 2019), т.б. кітаптардың авторы. Ғыл. бағыты – ауызша авторлық поэзия, әдеби шығарм. өнер психологиясы, әлем әдебиеттерінің поэтик. үндестіктері мен ұлттық ерекшеліктері, тәуелсіздік дәуірі әдебиеті, шет елдегі қазақ әдебиеті мұраларын жинау және зерттеу. Әдебиеттану және қоғамдық-әлеум. түрлі мәселелер бойынша



Тебегенов Темірхан

600-ден аса еңбектің, оның ішінде 6 монографияның авторы. Т-тің әдеби-сын, зерттеу еңбектері, өлеңдері респ. басылымдарда, ғыл. жинақтарда, «Қазақстан энциклопедиясында», біршама еңбектері шет елде (Қытай, Ресей, Татарстан, Түркия, Қарақалпақстан, т.б.) жарық көрген.

Қ.Омаров

ТЕКЕЙ Қарпықұлы (шамамен 1679, Ақтайлақ өңірі – 1764) – белгілі батыр, қолбасшы. 1711, 1723, 1726 ж. жоңғар басқыншыларымен болған ұрыстарда ерлігімен көзге түскен. Ел аузындағы әңгімелерде Т-дің батыр, балуан, әнші болғаны айтылады. Т. есімі Сыр сүлейлерінің шығармаларында орын алған. Т.Ізтілеуов, Ш. Бектасұлы және Аманжол ақындар оған арнау, дастан, журналист-жазушы М.Исаев «Әз Тәукенің Текей батыры» (1994) атты кітабын шығарған. Т. есімі Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі хан, би, батырлар тізімінде жазылса, Қармақшы ауд. аумағында Текей әулие бейіті бар. Қызылорда қ-нда көше атауы беріліп, ескерткіш қойылған. Сонымен қатар өңір топонимикасында Текей құмы, Текей қазған құдық атты жер-су атаулары кездеседі.

Т.Дайрабай



Текей батыр



Текей батыр ескерткіші

ТЕКЕЙ БАТЫР ЕСКЕРТКІШІ – мүсін. Қызылорда қ-нда 2022 ж. Текей батыр Қарпықұлының 350 жылдық мерейтойына орай қойылған. Төрт бұрыш пішінді гранитті тұғырға орнатылған, қоладан құйылған. Ескерткіштің биікт. 3,5 м, мүсіннің биікт. 1,4 м, тұғырының биікт. 2,1 м.

ТЕЛҒАРАЕВ Сейфолла Пірімұлы (14.12.1910, Қызылорда қ. – 25.8.1975, Алматы қ.) – актер, педагог, киноактер, Қазақ КСР-інің халық арт. (1958). Ташкент қ-ндағы балалар үйінде тәрбиеленген. 1931 ж. Мәскеудегі Жұмысшы жастар театрына режиссерлер даярлайтын курсты бітіргеннен кейін 1932 ж. Қазақстан Өлкелік комсомол к-тінің жолдамасымен Қарағанды қ-нда Жұмысшы жастар театрын ұйымдастырып, оның көркемдік жағын басқарды. 1932 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақтың мемл. академ. драма театрында қызмет етті. Осы театр сахнасында алғашқы ойнаған рөлдерінің бірі – І.Жансүгіровтің «Кек» драмасындағы Тастабан. Ол, негізінен, комед. рөлдерде ойнаған. Актер өнері көрерменді баурап алар табиғи және ақжарқын, нұрлы юморының молдығымен ерекшеленді. 1942 жылдан киноға түскен: Көкбай («Абай әні», 1945), Мақсұт («Дала қызы», 1954), Сайран («Біз осында тұрамыз», 1957), Хакім («Өмір жолы», 1959), Ербол («Алдар көсе», 1964), т.б. 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. Қазақтың мемл. академ. драма театрының құрамымен Қазанда, Уфада, Нөкісте және Бішкек қ-нда өнер көрсетті. Қазақтың мемл. академ. драма театры жанындағы театр студиясында пед. қызметпен



Телғараев Сейфолла

де шұғылданды. Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

ТЕЛІКӨЛ – Сырдария және Шиелі аудандары жеріндегі көл. Дариялық тақыр жазығы мен Ащыкөл ойысы аралығында, теңіз деңгейінен 128 м биіктікте жатыр. Көлдің ауд. 8,0 км², ұз. 2,8 км, ені 1,1 км. Су жиналатын алабының аум. 81,0 мың км². Жағалауы жайпақ және ашық. Батыс жағалауының біраз бөлігін қамыс, құрақ басқан. Түбі тегіс, саз балшықты, тұнбалы. Шығысындағы Ащыкөл сазды-батпақты ойысқа және Т-ге кейбір жылдары Сарысу өз. құяды. Сырдариядан Телікөл (Шиелі–Телікөл) каналы тартылған. Көл жағалауы шабындық және жайылым.



Тен Дюн Гир

ТЕН Дюн Гир (19.10.1903, Ресей, Оңт. Уссурия ауд. Синельниково-2 а. – 20.11.1981, Өзбекстан, Ташкент қ.) – Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). 1937 ж. Ресей Уссурия обл. Покровский ауд. Покровка с-нан Қазақ КСР-інің Қызылорда обл. Шиелі ауд-ндағы арнайы қоныска жер аударылған. Шиелі ауд-ндағы «Гигант» кеңшарының күрішшісі, звено жетекшісі, қатардағы колхозшы болған (1938–54). Т. басқарған звено 1948 ж. 6 га алқаптың әр гектарынан орта есеппен 81,6 ц-ден күріш алған. 1954 ж. Өзбекстанға көшкен. Ленин орденімен (1950), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Темір жол вокзалы

ТЕМІР ЖОЛ ВОКЗАЛЫ – жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш. Тарихи ғимараттың іргетасы Орынбор – Ташкент т. ж-ның салынуымен 1905 ж. қаланған. Ғимарат тікбұрышты форматты, күйдірілген кірпіштен қаланып тұрғызылған, іргесі нығыздалған үйінді топырақ түрінде болып келген. Ғимарат перрон бойымен созылған және бір-бірімен қосылған үш биік ризалиттер түріндегі композицияға ие. Орт. ризалитте вестибюль, басқа екеуінде 1-және 2-дәрежелі күту залдары, төм. бөлігінде қызметтік бөлмелер орналасқан. Кіші ст-лардың вокзал құрылыстарынан ерекшеленетін бұл ғимарат Оңт. Қазақстанға тән жағдайлар ескеріліп салынған орыс моделінің үлгісі. 2023 ж. кайта жаңғыртудан өтті. Жоба құны – 605 млн. тг.



Теміржолшылар клубы

ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КЛУБЫ – жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш. Ғимарат 1924 ж. салынған. 20 ғ-дың 20-жылдары КСРО-да кең тараған жұмысшы клубтарының бірі. Қызылорда қ-ндағы вокзал маңында орналасқан. Бір қабатты ғимарат күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, іргетасы таспа түрінде кесек тастардан қаланған. Композицияның өзегі болып фойе және әр түрлі клуб бөлмелері жалғасқан көрермен залы саналады. Ғимараттың негізгі қасбеті (оңт.-батыс) үш ризалитке (ортасындағы ғимаратқа кіретін есік орналасқан) негізделген симметр. композицияға ие.

ТЕРБЕНБЕС – таулы төбе. Арал ауд. Сексеуіл а-нан шығысқа қарай 15 км жерде орналасқан. Абс. биікт. 208 м. Ертеректе теңіздің жағасы болған екен. Халық арасында су тасқыны болған кезде таудың етегіне қоныс тепкен адамдар таудың басына

шығып, аман қалған деген аңыз бар. Сол кезде бесікте құндақталған сәби теңіз бетінде тербетіліп қалып қойған. Содан Т. деп аталған деген аңыз бар.

ТЕРЕК (Populus) – тал тұқымдасына жататын жапырақ тастайтын ағаштар. Қазақстанның барлық аймағында кездеседі. Өзен жайылмасында, далалық жерлерде, тау етегінде,



Терек

бұта арасында өсетін 15 түрі (ақ Т., қара Т. мырза Т., т.б.) бар. Бұлардың биікт. 30–60 м. Діңінің диам. 150 см-дей. Бұтақ шоғыры пирамида пішіндес. Жапырағы жалпақ, сағақты келген, ромбыға не қандауырға ұқсайды. Гүлі қос үйлі, гүл сырғасы (ұз. 3–15 см), салбырап ілініп тұрады, онда аталығы не аналығы ғана болады, жел арқылы тозаңданады. Негізінен, жапырағы шыққанша гүлдейді. Тұқымынан және атпа тамырынан, шыбығынан көбейтіледі. Гүлінде шырынды дискісі (тор) болады. 150 жылдай тіршілік етеді. Жемісі – қорапша, тұқымы ұсақ. Т. әсемдік өсімдік ретінде өсіріледі. Діңі жеңіл, ақ түсті, құрылыста, жиһаз, ағаш бұйымдарын жасауда қолданылады; қағаз, сіріңке өнеркәсіптерінде пайдаланылады. Қабығымен теріні сары түске бояйды. Бүршігінің емдік қасиеті бар. Қазақстанда берікқара терегі мен тораңғы – өте сирек кездесетін өсімдіктер.Олар қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

С.Турдиев

ТЕРЕҢӨЗЕК – Сырдария ауд-ның әкімш. орт. (1997 жылдан), кент. Облыс орт. Қызылорда қ-нан солт.-батысқа қарай 52 км жерде, Сырдария өз-нің жағалауында орналасқан. Тұрғыны 11,5 мың адам (2023). Іргесі 1906 ж. Орынбор – Ташкент т. ж-ның салынуына байланысты қаланған. Кент 1995 жылға дейін өзімен аттас мал бордақылайтын кеңшардың орт. болған. Одан басқа Жаңадария орман ш. ауд. тұрмыстық қызмет көрсету комб-ның №10 кәсіптік-тех. мектебінің орт. болған. 2013 ж. О.Мәлібаев а. Т. кентімен біріктірілді. Нарықтық экономикаға өтуге байланысты бұрынғы шаруашылықтар мен кәсіпорындар жекешелендірілді. Олардың негізінде (заңды тұлғалар бойынша) Тереңөзекте 62 ЖШС, 4 шаруа қожалығы, 5 АҚ, өнеркәсіп бағытындағы кәсіпорындар құрылды. Сонымен қатар аграрлық секторда а. ш. құрылымдары 5 АҚ, 2 серіктестік, 2 ӨК, 30-дан астам біріккен шаруашылықтар бар. Кентте 4 орта мектеп, агротех. колледж, 3 кітапхана, 2 мұражай, 2 мәдениет үйі, стадион, 3 спорт залы, ауд. аурухана, емхана, фельдш.-акушерлік пункт орналасқан. Су құбырларының жалпы ұз. 64,2 км. 600-ге жуық шағын кәсіпкерлік нысандар жұмыс істейді. Ірі кәсіпорындарына «КРЭК» АҚ бөлімшесі, «Тереңөзек мұнай өнімдері», «Шапағат-Лимитед», «Углесбыт», «Жәрдем» ЖШС-тері, «Қазпошта», «Қазақтелеком», орман және су ш., т.б. ауд. бюджеттік мекемелер жатады. Кенттегі т. ж. ст-ның ғимараты архит. ескерткіштер тізіміне енгізілген.



Тереңөзек стансасы

ТЕРІСКЕН – Жаңақорған ауд-ндағы тұзды көл. Орынбор – Ташкент т. ж. бойында Жаңақорған кентінің оңт-нде орналасқан. Суы тұзды, құрамында калий, магний, натрий және хлор, т.б. элемент иондары кездеседі. Сондықтан көлдің табанындағы батпақтың емдік қасиеті мол. Т. к-нің шипалы балшығы мен тұзды суы негізінде 1918 ж. Жаңақорған санаторийі ашылды. 2-дүниежүз. соғыс жылдарында мұнда әскери госпиталь орналасып, мыңнан аса жаралы жауынгерлер емделді. Батпағы мен тұзды суы сүйек, буын, остеохондроз, нерв жүйелерінің ауруларын, әйелдердің жыныс ауруларын, бедеулік індеттерін, простатит, т.б. ауруларға шипа.

О.Айдаров

ТОБЫЛҒЫ (Spiraea) – раушангүл тұқымдасына жататын көп жылдық бұта. Қазақстанның далалы, таулы жерлерінде өсетін 10 түрі бар. Биікт. 15–200 см. Сабағы түзу. Жапырағы қауырсын тәрізденіп тілімденген, жиектері ара тісті иректелген не бүтін болады. Гүлі қос жынысты, аталығының саны 10,



Тобылғы

аналығы – бесеу, ақ түсті, хош иісті. Гүлдері қалқанша, шатырша, сыпыртқы гүлшоғырына топталған. Мамыр – шілде айларында гүлдеп, тамызда жеміс салады. Жемісі – қабаттасқан жапырақша. Т-ны әсемдік үшін өсіреді. Балды өсімдік, жақсы мал азығы. Құм тоқтату үшін, кейде үй ш-нда пайдаланылады.

С.Арыстанғалиев

ТОҒАЙ – шөл және шөлейт аймақтардың жайылма сулы өзен алаптарында өсетін орман. Орт. Азияның Сырдария мен Әмудария, Мургаб, Зерафшан, Вахш, Шу-Іле, т.б. өзендер бойында, аралдарда кездеседі. Т-дың топырағы хлорлы-сульфатты, тұзды болады. Су жайылған кезде (жылына екі рет) тұнба топырақпен жаңарып отырады. Т-да негізінен жиде, тал, шырғанақ, терек, шаған сияқты ағаш түрлері, бұта, аласа бұта түрлері, шөптесін өсімдіктерден эриантус, қамыс, құрақ, қоға, мия, т.б. өседі. Шу-Іле өзендер алабындағы Т-ларда қайың, тал, долана, терек, тамыратпалы ағаштар кездеседі. Т. ландшафтары кейде грунт суына жақын төм. жайылма үстіндегі террасаларға да тарайды. Жайылмаларды шаруашылыққа және өзен суларын егістікке пайдаланудан көптеген өзендердің алаптарында Т-лар азайған. Т-ларды жабайы шошқа, тоғай бұғысы, шиебөрілер, қамыс мысықтары, т.б. жабайы аңдар мен құстар мекендейді. Т. ағашы құрылыс материалы және отын ретінде пайдаланылады.



Тоғай бұғысы

ТОҒАЙ БҰҒЫСЫ (Cervus elaphus ractrianus) – жұптұяқтылар отряды, бұғылар тұқымдасына жататын аң. Дене мөлшері шағын, шоқтығының биікт. 120 см-дей. Денесіндегі жүнінің түсі ақшыл-сарғыш, мүйіздері әдетте бес тармақты. Өзен жайылмаларындағы ну қамыс, тоғайларды мекендейді. Қазақстанда 19 ғ-дың аяғына дейін Сырдария өз-нің бойын, оның Қызылорда қ-на құятын жеріне дейін, кейбір зерттеушілер оларды өзеннің жоғ. ағысына дейінгі жерлерді мекендеген деген пікір білдіреді. 20 ғ-дың басында Т. б. республикамызда толықтай жойылды (соңғы Т. б. Сыр бойында 1956 ж. атылған). Т. б-н Қазақстанда қайтадан көбейту мақсатында 1981 ж. Іленің ортаңғы ағысында орналасқан Қарашеңгел мемл. аңшылық ш-нда жерсіндірілді. Өсімдіктермен (жиде, сексеуіл, жыңғылдың бұтақтарымен) қоректенеді, әсіресе, теректің

жапырағын сүйсініп жейді. Негізінен, бір жерде (тұрақты) тіршілік етеді, бірақ ормандарда өрт шықса не жазғытұрым өзен тасқыны болса, қоныс аударады. 1,5–2,5 жасында жыныстық жағынан жетіледі. Тамыздың аяғынан қыркүйекке (кейде қазан айына) дейін күйекке түсіп, мамыр – маусымда төлдейді. Аналығы жалқы (өте сирек екі) бұзау табады. Т. б-ның жаулары – қасқыр мен жабайы иттер, ал жаңа туған бұзауларына түлкілер үлкен қауіп төндіреді. Қазір Т. б. Арал–Пайғамбар, Қызылқұм, Бадай–Тоғай қорықтарында (Өзбекстан) және Сарыхосор қорықшасында (Тәжікстан) қорғалады. Саны өте аз, жойылған жануарлардың қатарына жатады. Сондықтан Халықар. табиғат қорғау одағының және Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

А.Бекенов

ТОҒАНАС Бәйтікұлы (1812–1864) – батыр, би. Сырдарияның төм. ағысы бойында туып-өскен. Хиуа және Қоқан хандықтарының жергілікті халыққа жасаған озбырлық әрекеттеріне қарсы тұрған. Хиуалықтармен бірнеше рет Қуаңдария бойындағы Аққыр тауы маңындағы «Қарақ» деген жерде айқасып, Қожанияз бекті ойсырата жеңіп, «Қожанияз – қамал бекінісін» жойып жіберді. Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалысқа қатысып,



Тоғанас Бәйтікұлы

Шөмекей жасағын басқарды. 1845–52 ж. қоқандықтар мен хиуалықтардың бірнеше шабуылдарын тойтарып, барымталанған малдарды қайтарды. Т-тың өзінің арнайы мөрі, әкесі Бәйтік батырдан қалған ақ туы болған. Т. ерліктері ауызша, жазбаша деректерде, тарихшылар Е.Бекмаханов пен Ж.Қасымбаевтың еңбектерінде, зерттеушілер Қ.Бердәулетовтің «Бұқарбай батыр» (1992), Т.Дайрабайдың «Тоғанас батыр» (1992) кітаптарында және «Келмембет батыр» (1998) жинағында көрініс тапқан. Қызылорда қ. мен Жалағаш, Тереңөзек, Жосалы кенттеріндегі көшелерге Т. есімі берілген.

Т.Дайрабай

ТОҒЫЗ АРТЕЗИАН АЛАБЫ, Арал т-нің солт-ндегі Үлкен және Кіші Борсық құмдарының аралығында орналасқан жер асты сулы өңір. Алаптың қалыңд. 70–100 м болатын палеоген құмды шөгінділерінің қойнауында қалыптасқан. Суының арыны күшті болғандықтан кей жерлерде шапшып шығады, бірақ су өнімі аса көп емес. Судың минералд. әр түрлі: алаптың шетінен ортасына, солт-тен оңт-ке қарай және жер бетінен тереңдеген сайын 2–5 г/л-ден 20–25 г/л-ге дейін өседі. Алаптың оң жақ шетіндегі Кіші Борсық құм шағылдарында судың минералд. 0,6–2 г/л болады. Т. а. а-ның табиғи қоры 10 млрд $м^3$. Артезиан суы әзірше пайдаланылмайды.

Ж.Сыдықов

ТОҒЫЗБАЕВ Әбен (1939, Жалағаш ауд. Жаңаталап а. – 3.12.2009, Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а.) – еңбек ардагері. Еңбек жолын Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а-нда құрылысшы болудан бастап, 1963 жылдан тікелей күріш өсірумен айналысқан. 1964 ж. Шиелі ауд. «Қызыл ту» ұжымшары жерінде даңқты күрішші, Мемл. сыйлықтың лауреаты Ы. Жақаев шәкірті Ә.Тоғызбаевқа №1 еңбек аттестатын тапсырған. Т. 1965–66 ж. 25 га күріштің әр гектарынан 68 ц-ден өнім алған. 1964–69 ж. Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінің қола, күміс, алтын медальдарын иеленген. 1969–94 ж. күріш егісінің бригадирі болып көптеген шәкірт тәрбиелеген. Ол жайында респ., обл. газеттерде мақалалар жарияланып, халық ақындары М.Жүсіпов, Н.Айтуаров, Қ.Баймағамбетов, т.б. жырларын арнаған. Ленин орденімен марапатталған. Қармақшы

ауд-ның құрметті азаматы. Жосалы кентіндегі бір көшеге Т-тың есімі берілген.

Т. Дайрабай



Тоқмағамбетов Асқар

ТОҚМАҒАМБЕТОВ Асқар (1905, Сырдария ауд. (бұрынғы Қызылту а.) – 1983, Қызылорда қ.) – көрнекті ақын, жазушы. Мәскеу полиграфия ин-тын бітірген (1932). 1927–30 ж. «Лениншіл жас» («Жас алаш»), 1933–34 ж. «Ленин жолы», («Сыр бойы»), 1934–35 ж. «Қазақ әдебиеті», 1937–44 ж. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттері мен «Ара» журналында (1957) қызмет еткен. Қазақстан Жазушылар одағының Шымкент, Қызылорда облыстары бойынша (1944–52, 1957–62) жауапты хатшысы болды. Тұңғыш баспа бетіне шыққан «Ленин суретімен» деген өлеңі (1925), «Еңбек жыры» атты алғашқы өлеңдер жинағы 1928 ж. жарық көрген. Кейіннен өлеңдері мен поэмалары, очерктері мен фельетондары бірнеше рет жеке кітап болып басылып шықты. «Екі заң», «Сайлау», «Алдар Көсе», «Бір семья» атты пьесалары бар. Т. қалам ұстағаннан бастап қазақ еңбекші шаруасының өмірі мен тіршілігін, оның кеңес дәуірі шындығын түсіну жолындағы қиыншылықтары мен ізденістері туралы жазды. Оның «Мұғалім», «Жас дәрігер», «Шойынқараның ойын қара» өлеңдері жаңа дәуірде өсіп келе жатқан жаңа адамдарды суреттесе, «Сәуле» «Фатиманың хаты», «Ағасының жауабы» өлеңдері қазақ әйелінің азат өмірге ұмтылысын бейнелеген. 30-жылдары «Түрксіб түйіскенде» өлеңінде Түркістан – Сібір т. ж-ның салынуымен байланысты кірген өзгерістерді жырлаған. Ақын лирикасының бір саласы 1930–40 ж. жазылған «Біздің Сәуле», «Қош, аман бол», «Күт мені», «Сүйген жарға», т.б. әндерге арналған. Проза саласында «Сыр диқаны» (1959), «Асыл азамат» (1959), «Әке мен бала» (1961), Ы. Жақаев өмірін бейнелейтін «Қыран тұғырдан ұшады», (О.Бодықовпен бірігіп, 1969), Қазан революциясы қарсаңындағы ауыл өмірін суреттейтін «Ақмоншақ» повестерін, 19 ғ-да өмір сүрген қазақ ақындары туралы «Жыр күмбезі» (1975) атты тарихи романын жариялады. Романға 19 ғ-дың 2-жартысында өмір сүрген Базар жырау Оңдасұлы және белгілі ақындар Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, т.б. шығарм. мен өмірі арқау болған. Драматургияда «Екі заң» (1928), «Семафор ашық» (1933), «Әзірет сұлтан» (1937) атты пьесалар мен «Маржан» (1961) атты киносценарийлер жазды. Т. қазақ әдебиетінде сықақ жанрының дамуына мол үлес қосты. С.Айнидің «Құлдар» романын қазақ тіліне аударған (1953). Т. Қазан революциясы, 1-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту (3 мәрте) орденімен, бірнеше медальмен және Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Т-тың есімі туған ауылына (1992), Қызылорда қ-ндағы бір көшеге және Мәдениет үйіне берілген.

С.Қирабаев

ТОҚМАҒАМБЕТОВ – Сырдария ауд-ндағы ауыл, өзімен аттас ауылдық округтің орт. Аудан орт. – Тереңөзек кентінен батысқа қарай 8 км жерде, Сырдарияның оң жағалық аңғарында орналасқан. Тұрғыны 1,5 мың адам (2023). Іргесі 1933 ж. «Ақтүйе» ұжымшары болып құрылды. 1949 ж. 18-партсъезд атынд. ұжымшардың орт. болды. 1950 ж. «Майлықұм», «Бидайкөл», «Қызылорақ» ұжымшарлары біріктірілді. 1960 ж. ұжымшар орт. Қопакөлге көшірілді. 1962 ж. ұжымшар кеңшар болып өзгертілді. Ауыл 1992 жылдан осы ауылдан шыққан белгілі қазақ ақыны, жазушы Т-тің есімімен аталады. Ауыл

орт-нда №135 орта мектеп, «Балауса» бөбекжай балабақшасы, дәрігерлік емхана, кітапхана, клуб, пошта байланыс бөлімшесі, 5 сауда дүкені, монша, көлік жөндеу ст., тігін шеберханасы халыққа қызмет көрсетеді. Сондай-ақ ардагерлер, әйелдер кеңесі жұмыс істейді.



Тоқмұрзин Орал

ТОҚМҰРЗИН Орал (15.12.1909, Түркістан обл. Қазығұрт ауд. Қазығұрт а. – ө.ж.б.) – ғалым, тарих ғыл. канд. (1955). Ташкент қ-ндағы қазақ орта мектебін (1929), Қызылорда қ-ндағы қазақ ағарту ин-тын (1930), Самарқан жоспарлау-экон. ин-тын (1936), ҚазПИ-ді (қазіргі ҚазҰПУ) экстернмен бітірген. Ташкент қ-нда қазақ аймақтық пед. техникумы директорының орынбасары (1932–33), Алматы обл. жоспарлау бөлімінде экономист (1933–34), обл. Еңбекшіқазақ ауд-на қарасты Түрген қазақ мемл. пед. жұмысшылар ф-тінің директоры, Ұзынағаш ауд-ндағы қазақ орта мектебінің директоры, Қаскелең орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі (1936–41), Қаскелең ауд. халыққа білім беру бөлімінің (1941–43), Алматы обл. халыққа білім беру бөлімінің бастығы (1943–46), ҚазПИ-де аға оқытушы, ф-т деканы (1946–48), Қызылорда пед. ин-тының (қазіргі Қызылорда ун-ті) директоры әрі марксизм-ленинизм кафедрасының меңгерушісі (1948–51), Қарағанды пед. ин-тында (қазіргі Қарағанды ун-ті) аға оқытушы (1952–56), кафедра меңгерушісі (1956–63) қызметтерін атқарған. «Орта мектептің 4 сыныбына арналған қоғамтану оқулығы» (Ташкент, 1932) кітабының авторы.

Қ.Омаров



Тоқтамысов Сәлімгерей

ТОҚТАМЫСОВ Сәлімгерей (6.7.1914, Қостанай уезі, Құдықсай а. – 29.6.1997, Алматы қ.) – саяси және қоғам қайраткері. Мәскеу жоғары партия мектебін (1953) бітірген. Қостанай обл. к-тінің 2-хатшысы (1945–49), Семей обл. атқару к-тінің төрағасы (1949–50), Батыс Қазақстан обл. к-тінің 1-хатшысы (1954–56), Қазақ КСР Кәсіподақтар кеңесінің төрағасы (1956–61), Қызылорда обл. к-тінің 1-хатшысы (1961–63), кеңшар директоры (1963–67), Жамбыл обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1967–74) қызметтерін атқарған. Т. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 2- және 3-, КСРО Жоғ. Кеңесінің 4-, 5-шақырылған депутаты. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» орденделерімен марапатталған. Жамбыл қ-ның құрметті азаматы (1974).

Қ.Омаров

ТОҚТАМЫССАЙ – Сырдария алабындағы өзен. Жаңақорған ауд. жерімен ағады. Ұз. 54 км. Қаратаудың оңт.-батыс беткейінен басталып, Шортан көліне құяды. Аңғары астау тәрізді. Жауын-шашын, жер асты суларымен толығады. Көлге жетпей құмға сіңіп кетеді. Өзен бойында, қамыс, тоғай, тікенді бұталар өседі. Егін суғарылады.



Тоқтыбаев Иса

ТОҚТЫБАЕВ Иса (15.2.1894, Сырдария ауд. Қараөзек а. – 6.6.1967, Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері. 1904–17 ж. Перовскідегі орыс-қазақ мектебінде, бастауыш орыс уч-щесінде оқып, Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітірген. «Шолпан» журналының, «Ақ жол» газетінің редакторы, Ақтөбедегі жер басқармасының бастығы, Семейдегі «Қазақ тілі» газетінің редакторы, Орынбордағы пед. ин-тының директоры және жұмысшы ф-тінің меңгерушісі (1922–25), Қазақ АКСР Халық ағарту комиссарының орынбасары (1929–30), 1930–32 ж. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) пед. ин-тының аспиранты, Қызыл профессура курсында тыңдаушы болды. 1932–33 ж. Ленинградтағы Шығыс халықтары курсының ректоры және әскери саяси академияның КОКП тарихы бойынша лекторы болды. 1933–36 ж. қуғын-сүргінге ұшырап, түрмеде отырды. 1936 ж. В.Куйбышевтің көмегімен босап шықты. 1937 ж. Ленинградтағы КСРО халықтарының этнограф. музейінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарды. 1938–47 ж. 2-рет қамауға алынып, Коми АКСР-інде түрмеде отырды. 1947 ж. түрмеден босап, Тереңөзекке оралды. 1949–57 ж. үшінші рет ұсталып, Красноярск өлкесіне жер аударылды. 1957 ж. ақталып, елге қайтты. 1958–64 ж. Қызылорда қ-ндағы обл. өлкетану музейін ұйымдастырушы әрі директоры болды. Қаладағы бір көшеге есімі беріліп, өзі тұрған үйге құрмет тақтайшасы орнатылған. 1998 жылдан Сырдария ауд-ндағы №35 орта мектебі Т. есімімен аталады.

А.Еңсепов, А.Оразбақов

ТОЛАҒАЙ ЖЕР АСТЫ СУ АЛАҢЫ, Қызылорда обл. Арал қ-нан 78–98 км жерде орналасқан. Барлау жұмыстары Арал қ-н және оған жақын жатқан елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз етіп, егінді жерлерді суғару мақсатында жүргізілген. Қалыңд. 60 м-ге дейін жететін арынды тұщы сулы қабат эоцен кезеңінің ұсақ, орташа түйірлі құмды шөгінділері қойнауында қалыптасқан. Артезиандық су көзін ұңғымалар арқылы ашқан кезде су жер бетіне 3 м-ге дейін жақындаған. Арынды су деңгейін 17–35 м-ге төмендеткенде әр ұңғымадан тәулігіне 1900–3450 м^3 су алынды. Т. ж. а. с. а-ндағы су қорының тәуліктік пайдалану мөлш. 95 мың м^3 есебінде жоспарланған. Қазіргі таңда пайдалану мөлш. 4,5–5 мың м^3; бұл барланған қордың 5%-ын құрайды.

Ж.Сыдықов

«ТОЛҚЫН» – газет. Арал ауд-нан 1930 ж. «Екпінді балықшы» (2500 данамен) деген атпен шыға бастады. 1938–62 ж. «Социалистік Арал» деп өзгертіліп, 1965 ж. 1 шілдеден «Т.» газеті аталады. 1973 ж. 28 тамызда газеттің 5 мың, 2004 ж. 13 мамырда 9 мың саны жарық көрді. 1980 ж. газет 10 мың данамен тараса, бұл көрсеткіш 90-жылдары 2 мың данаға дейін төмендеді. Қазіргі таралымы 6187 дананы (2023) құрайды. Соңғы жылдары газеттің а. ш-на арналған «Жазира», құқық бұзушылық деңгейін саралауға арналған «Құқық», шығармашыл адамдармен сұхбат, тарихи тұлғалардың келбетін көркем сөзбен кестелейтін «Таным», «Руханият», «Тарих», «Мәдениет» «Айна» секілді беттері қосылды. Қоршаған ортадағы өзекті мәселелерді талқылайтын «Қоғам», ауданның дамуына үлес қосқан азаматтардың тұлғалық қасиеттерін ашатын «Келбет», сондай-ақ «Жомарт жүрек», «Топжарған», «Сергек», «Жұлдыз жаққан ана», «Таразы», т.б. айдарлар берілген. «Т.» газетінің сайтында газеттің 2017 жылдан бергі мұрағаты сақтаулы.

Қ.Омаров



«Толқын» газеті



Толыбай батыр



Толыбеков Серғали

ТОЛЫБАЙ БАТЫР (1780–1869) – батыр. Жанқожа батырдың замандасы болған. Т. хиуа хандығы басқыншыларына, түрікмен шапқыншыларына қарсы жорықтарда ерлігімен танылған.

ТОЛЫБЕКОВ Серғали Еспембетұлы (9.3.1907, Қазалы уезі Байқожа а. – 22.6.1995, Алматы қ.) – экон. ғыл. докт. (1961), проф. (1962), Қазақстан ғылымына еңбегі сің. қайраткер. Т. Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, Қазақстан ҒА-ның корр.мүшесі (1962). ҚазПИ-ді (1932, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Аталған ин-ттың саяси экономия кафедрасының ассистенті, доцент, кафедра меңгерушісі (1932–38), директоры және ректоры (1938–42, 1947–50, 1963–74) болды. Қазақ КСР Мин. Кеңесі жанындағы өнер істері жөніндегі басқарманың бастығы (1942–47), Қазақстан КП ОК жанындағы насихатшылар мектебінің директоры (1946–47), Қазақ КСР ҒА Экономика ин-тының директоры (1952–63) қызметтерін атқарған. 1974 жылдан өмірінің соңына дейін ҚазПИ-дің кеңесші-проф. болды. Т. Қазақстанның экон. дамуы, саяси экономия мәселелері бойынша 100-ден астам ғыл. еңбек жариялады. Ол Қазақстан мен Орта Азия республикаларының материалдары негізінде қоғам дамуының теор. және тарихи-экон. мәселелерін зерттеумен айналысып, «Қазақстан Ресейге қосылу қарсаңындағы экономикалық даму деңгейі», «Қазақтардың 17–19 ғасырлардағы қоғамдық-экономикалық даму деңгейі» атты еңбектерін жариялады. Ғалымның «17 ғ. мен 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақтардың көшпелі қоғамы. Саяси-экономикалық талдау» атты монографиясы (1971) ғыл. жұртшылықтың назарын айрықша аударды. Ол көшпелі қазақ қауымының әлеум.-экон. құрылысына, Қазақстанның нақтылы ерекшеліктеріне терең саяси-экон. талдау жасады. Т. өмірінің соңғы жылдары қазақтардың шығу тегі мен шежіресін зерттеумен айналысты. Оның «Общественно-экономический строй казахов в 17–19 веках» (1959), «Вопросы развития и сближения социалистической собственности» (1963), «Кочевое общество казахов в 17– начале 20 века» (1971), «Қазақ шежіресі» (1992), т.б. еңбектері жарық көрген. Еңбек Қызыл Ту (1971,1977) орденімен, отандық және шетелдік медальдармен марапатталған. Есімі Қызылорда қ-ндағы бір көшеге және мектеп-лицейге берілген.

Қ.Құдайбергенов

ТОМАЙКӨЛ – Сырдарияның сол жағалауындағы Жуанқұм жазығындағы көл. Қазалы қ-нан оңт.-шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Ұз. 7,5 км, ені 1,0 км, терең жері 3,5 м, ауд. 2,6 км². Көл бірімен-бірі тіркес үш бөліктен тұрады. Жағалауы жазық, кей телімдерде құм шоқаттар кездеседі, шығанақтармен тілімденген. Көлдің деңгейі құбылмалы. Көктемде Сырдария тасығанда көтеріледі, жаз айында көлдің деңгейі төмендеп, жағадан алыстайды. Су басқан жағалауы шабындық. Суы ашқылтым (2,4 г/л).

ТОМАНОВ Мархабат (5.2.1932, Қармақшы ауд. Абыла а. – 1988, Алматы қ.) – филол. ғыл. докт. (1976), проф. (1979). ҚазМУ-ды (1954, қазіргі ҚазҰУ), (1957) бітірген.



Томанов Мархабат

1957–61 ж. Қазақстан ҒА-ның Тіл білімі ин-тында ғыл. қызметкер, 1961–64 ж. Атырау пед. ин-тында (қазіргі Атырау ун-ті), 1964 жылдан өмірінің соңына дейін ҚазМУ-да доцент, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. Т-тың негізгі ғыл. еңбектері көне түркі жазба ескерткіштері, қазақ тілі грамматикасының тарихына, синтаксисіне, стилистикасына байланысты жазылған. Т-тың «Орхон-Енисей жазба ескерткіштері» (1963), «Махмұт Қашқари XI ғасырдағы түркі тілдерінің фонетикалық сипаты жайында» (1971), «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» (1971), «Қазақ тілінің тарихи грамматика мәселелері» (1974), «Түркі тілінің салыстырмалы грамматикасы» (1992), т.б. кітаптары бар. 200-ден астам ғыл. және ғыл.-әдістемелік еңбектің авторы.

Ғ.Егеубаева

ТОМПАҚАСАР – көне қаланың орны, жергілікті маңызы бар ескерткіш. Жосалы т. ж. ст-ның оңт.-батысында 60 км жерде. Ертедегі Т. үш бөліктен тұрады. Мәдени қабатының аум. 7–10 м-ге жетеді. Алып жатқан аум. 2 га. Зерттеу жұмыстарын 1946–48, 1950 ж. С.П. Толстов басқарған Хорезм археол.-этнограф. экспед. жүргізген. Т. – тік бұрышты құрылыс. Оның солт. бөлігінің қабырғасының биікт. 10 м. Қазбадан қызыл кірпіш түстес қыш ыдыстар, шағын құмыралар, шыны моншақтар, т.б. заттар табылған. 1983–91 ж. Хорезм археол.-этнограф. экспед-ның (жетекш. Л.М. Левина) қазба жұмыстары нәтижесінде 40 бөлме мен дуал қабырғалары, кіреберістері аршылды. Зерттеу барысында садақ оғы, керамика өнімдері, әшекей бұйымдар табылған. Үстіңгі құрылыс қабаты б.з.б. 3–2 ғ-ларға жатқызылған. Бөлмелерінің қабырғалары саз қам кірпіштен тұрғызылған. Ішкі құрылымы суфа (тапшан), ошақ және шаруашылық тұрады.



Томпақасар

ТОРАҢҒЫ (Populus pruinosa) – тал тұқымдасы, терек туысына жататын ағаш. Қазақстанда Зайсан, Арал т. маңында, Қызылорда, Жамбыл облыстарында, Бетпақдала өңіріндегі шөлді жерлерде, ескі өзен арнасында, өзен аңғарында, құмды, сортаң тақырларда өседі. Діңі түзу, жуанд. 1 м-дей. Жапырағының пішіні бір түп ағаштың өзінде әр түрлі – таспа тәрізді жіңішкесі де, бүйрек сияқты домалақтары да кездеседі. Бұтақ шоғыры жайқала өседі. Қабығы сұрғылт түсті, гүлі гүлсерігінің қолтығында орналасқан. Аталық сырғасының ұз. 1,5–2,5 см, жуанд. 28–30, жеміс беретін сырғасының ұз. 3–5 см. Аналығы конус тәрізді. Тұқымынан және тамыр өркендерінен көбейеді. Сәуір айында гүлдеп, мамырда жемісі піседі. Жемісі – қорапша. Діңі жұмсақ, құрылыста, ағаш бұйымдарын жасауда пайдаланылады. Т. – Қазақстанның шөлді аймағында өсетін нағыз жалғыз ағаш. Терек туысына жататын түр көгілдір теректі (P pruinosa) не тораңғы деп атайды. Бұл Сырдарияның төм. ағысынан Іленің солт-не дейінгі алқапта өседі. Биікт. 10–16 м, сабақ өркендері сарғыш қоңыр түсті, сыртын түк жапқан. Жапырақтары етжеңді, суккулентті (шырынды). Жеміс беретін сырғасының ұз. 5–6 см. Көгілдір терек өте си-



Тораңғы

рек кездесетін ағаш, таралу аймағы жылдан-жылға азайып бара жатыр, сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Р.Закирова

ТОРАҢҒЫЛСАЙ – Сырдария ауд-ндағы өзен. Сырдария өз. бойында, ұз. 92 км. Қарашоқы а-нан басталып, Құрайлы а-ның оңт-нде 44 км жерде тартылып қалады. Қар, жаңбыр суларымен арнасы толығады. Жазда суы тартылып қалады.

ТОРҒАЙ ДАТҚА, Торғай Қуатбайұлы (1782–1851) – би, Сырдария өз. бойындағы қыпшақ тайпасының бошай руын билеген. Қоқан хандығының билігі тұсында Сыр өңіріндегі қазақтар арасында беделді қайраткер болғаны жайында жергілікті ақындардың өлеңдерінде мәліметтер көп. Т. д-ның бейіті Сұлутөбе ст. маңындағы Сарышығанақ деген жерде. Т. д. көрнекті қайраткер Мұстафа Шоқайдың атасы.

Т.Қоңыратбай

«ТОРҒАЙ ПЕТРОЛЕУМ» АҚ – Қазақстан – Ресей мұнай компаниясы. Қызылорда обл-ндағы Құмкөл кен орнының солт.-батыс бөлігінде мұнай өндіретін



кәсіпорын. Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты – көмірсутек кен орнын барлау, игеру және пайдалану, шикізат пен қайта өңдеу өнімдерін тасымалдау, өңдеу және өткізу. «Құмкөл–Лукойл» АҚ ретінде белгілі. Компания 1995 ж. «Құмкөл–Лукойл» ЖАҚ ретінде құрылып, 1996 ж. Құмкөл кен орнының келісім-шарттық аум-н коммерц. игеруді бастаған. 2000 ж. «Лукойл Оверсиз Құмкөл Б.В.» ААҚ және «Харрикейн Құмкөл Мұнай» ААҚ құрылтайшылары «Құмкөл–Лукойл» ЖАҚ-ны «Торғай Петролеум» ЖАҚ деп өзгерту туралы шешім қабылдады. 2005 жылдың 17 мамырында ҚР заңнамасына сәйкес кәсіпорынның атауы «Т. П.» АҚ болып өзгертілді. Қазіргі уақытта компанияның акционерлері: Lukoil Overseas Kumkol B.V. – 50% және PetroKazakhstan Inc. – 50 %.



Торта

ТОРТА (Rutilus rutilus) – тұқы тұқымдасына жататын жартылай өткінші балықтар. Т. Еуропада, Батыс және Солт. Азияда таралған. Қазақстанның су айдындарында кең тараған, негізінен тұщы суларда болады, 5 түр тармағы (кәдімгі, Сібір, Арал, Каспий және Шалқар Т-лары) бар. Соңғы деректер бойынша Каспий Т-сы (K. Caspicus) жеке түр ретінде қарастырылады. Т-ның ұз. 50 см, салм. 1500 г. Жыныстық жағынан 3–5 жасында жетіледі. Уылдырығын (2,5–147 мыңдай) сәуір – мамыр айларында шөптерге шашады. Тұщы суда тіршілік ететіндері планктон және бентоспен, ал өткінші түрлері негізінен қосжақтаулы моллюскалармен және шаянтәрізділермен қоректенеді. Т. кәсіптік маңызы бар балық, әуесқойлық жолмен де ауланады.

Ә.Бәймбетов

Төлебаев Қазбек

ТӨЛЕБАЕВ Қазбек Ағабілұлы (23.4.1959, Әйтеке би кенті – 24.2.2018, Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1999), проф., ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі. Ақтөбе мемл. мед. ин-тын (1982, қазіргі Батыс Қазақстан мед. ун-ті) бітірген. Қызылорда обл. ауруханасында балалар хирургі және мед. уч-щесінде бөлім меңгерушісі (1982–85), Өлкетану, кәсіби аурулар ғыл.-зерт. ин-тында ғыл. қызметкер (1985–94), Алғашқы мед.-санитарлық көмек көрсету мекемесінде бөлім меңгерушісі, Денсаулық сақтау саласы экон. және мед. мәселелері жөніндегі ғыл. орт-нда директордың орынбасары (1994–98), Салауатты өмір салтын қалыптастыру ұлттық орт-нда бас директордың орынбасары (1998–99), Дүниежүз. банктің денсаулық сақтау саласын реформалау жобасы. Алматы обл. бойынша жұмыс тобының жетекшісі (1999–2002), Салауатты өмір салтын қалыптастыру ұлттық орт-нда бас директордың 1-орынбасары (2002–05), орт-тың бас директоры (2005–09), 2009 жылдан Қазақ ұлттық мед. ун-тінде кафедра меңгерушісі, Х.Досмұхамедұлы атынд. қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің директоры, оқу департаментінің директоры, 2011–16 ж. оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры қызметтерін атқарған. 2017 жылдан респ. оқу-әдістемелік кеңесінің атқарушы директоры болды.

Қ.Омаров

ТӨЛЕБАЕВ Рахымбай (1910, Шығыс Қазақстан обл. Ұлан ауд. Қызылтас а. – 8.8.1982, Алматы қ.) – саяси қайраткер. ФЗО мектебін, Алматыдағы екі жылдық марксизм-ленинизм ун-тін (1938), КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1947) бітірген. Риддер (Лениногорск) қ-ндағы қорғасын з-тында жұмысшы, з-т партия к-ті хатшысының орынбасары, Риддер қ. партия к-тінде нұсқаушы (1928–36), қазіргі Түркістан обл. партия к-тінің 3-, 2-хатшысы (1938–40), Қызылорда обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1940–45), Талдықорған обл-ның Қапал ауд-нда кеңшар директоры (1947–50), Алматы обл. Қаскелең ауд-нда мектеп директоры (1950–59), Шығыс Қазақстан обл. Бұқтырма ауд-нда кеңшар директоры (1959–61), Өскемен қ-нда Кондитер з-ты директорының орынбасары (1961–63), 1963–71 ж. Шығыс Қазақстан обл. мемл. мекеме қызметкерлері кәсіподақ к-тінің төрағасы қызметтерін атқарған. Есімі Қызылорда қ-ндағы көшеге берілген (2009).



Төлебаев Рахымбай

А.Стыкбаев


ТӨЛЕГЕНҰЛЫ Жанғабыл (шамамен 1805 – ө.ж.б.) – батыр, би. 35 жасынан билікке араласқан. Қоқан, Хиуа басқыншыларына қарсы күрескен. 1840 ж. Орынбор шекара комиссиясымен қарым-қатынас орнатқан. Райым бекінісін салуға қол ұшын берген. 1844 ж. хорунжий атағын алған. 1846 ж. 46-дистанцияның бастығына тағайындалып, ел басқарған. Ағасы Алтыбай Көбековтың ауылын шапқан соң Кенесары Қасымұлына қарсы шыққан. 1844 ж. жаппастықтардан зекет жинауға келген 100 адамдық Наурызбай батыр жасағына тұтқиылдан шабуыл жасап, 95 адамын өлтірген. Осы қырғыннан Наурызбай қашып құтылып, жас батыр Байтабын қаза тапқан. Бұл жөнінде және Ж. жайында халық ақыны Н.Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны», О.Шипиннің «Жеті батырдың оқиғасы», Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбай» дастанында айтылған.

Т.Дайрабай

ТӨЛЕГЕТАЙ АТА Сүйінішұлы – Төлегетай баба өз заманында ислам дінінің қалыптасуына және оны сақтап қалуға үлесін қосқан тарихи тұлға. Төлегетай ата – әулие, қол бастаған батыр, беделді қайраткер. Т. а. қазіргі Шығыс Қазақстан, Семей, Жетісу өңірлерінде шоғырланған найман ұрпақтарының 19–21-атасы болып келеді. 12–13 ғ-ларда моңғолдардың қысымымен наймандар мен керейттер Моңғолия мен Алтайдан Қазақстанның шығыс және оңт-не қоныс аударған. Найман қауымдастығының беделді өкілі Т. а. осы кезеңде тарих сахнасына шықты. Ол жай-

ында М.Тынышбаев өзінің «Қазақ тарихына қатысты материалдар» атты 1925 ж. шыққан кітабында біраз тарихи мәліметтер келтірген. Алашқа мәлім найманнан Белгібай тараса, одан Т. а-ның әкесі Сүйініш туды. Т. а. Сайид Бурхан әд-Дин Қылышты атаға өкіл бала болып, сол әулеттің тәрбиесін алып, Қылышты атаның өкіл қызына үйленген. 1992 ж. Жаңақорған ауд-нда Т. а-ның басына кесене орнатылған. Шығыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауд-ның орт. Ақсуат а-ндағы орт. көшеге Т. а-ның есімі берілген.

А. Кәрімов



Төлек ата кесенесі

ТӨЛЕК АТА (Төлегетай баба) **КЕСЕНЕСІ** – респ. маңызы бар орта ғасырдағы ескерткіш. Жаңақорған ауд. орт-нан 30 км жерде, Қырөзгент пен Қылауыз ата арасында, Қылышты ата кесенесімен бір жерде орналасқан. Т. а. 12–13 ғ-ларда өмір сүрген. Т. а-дан төрт ата Найман тарайды. 1992 ж. Қылышты ата ұрпағы Есқожа Ысқақұлының ұйымдастыруымен екі ата басына кесене орнатылып, ас берілді. Қазір ата басына жұртшылық зиярат жасайды. Т. а. к-нің ауд. 6х6 м, биікт. 4 м.

«ТӨЛЕП БАҒЫ» – Сырдария өз-нің сол жақ жағалауы мен Қуаңдария аралығында орналасқан жасыл желек. Жаңақала қорғанынан 6 км төмен Өтетілеу қолтығы, Маметек арығының тұсында орналасқан. Оны 19 ғ-дың басында медресе балаларына қамқор болған Төлеп деген молда еккен. Райым бекінісінің салынуына орай Төлеп молда Қуаңдарияның батыс жағалауына көшіп кеткен. Өмірден өтерінде балаларына мұра етіп қалдырған бақ күтімсіз қалып, тек 1857 ж. орыс әскерлері қоныстанып, баққа талдың бірнеше түрі, тобылғы, тұт ағашы, жиде, жүзім, т.б. көптеген ағаштар өсірілген. Бүгінде оның орнын құм басқан. Бақ жөнінде А. Макшеевтің, Майердің қолжазбалары мен Н.Ановтың еңбектерінде айтылған.

Т.Дайрабай

ТӨЛЕПОВА Залипа Тұрғанбайқызы (15.7.1961 ж. т., Сырдария ауд. Бірлестік а.) – актриса, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2019). ҚР Мәдениет қайраткері (2007). Жамбыл мәдени-ағарту уч-щесін (1982), Қызылорда мемл. ун-тін (2003, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген.



Төлепова Залипа

Еңбек жолының бастауында «Риссовхозстрой» трестінің емдеу санаторийінің кіші қызметкері болған (1978–79). 1983 жылдан Н. Бекежанов атынд. Қызылорда обл. қазақ академиялық музыкалық драма театрында актриса қызметін атқарып келеді. Т. үлкен сахнаға қадам басқан алғашқы сахналық кейіпкерлері А.П.Чеховтың «Апалы сіңлілі үш» спектаклінде Наташа, Ә.Тәуасаровтың «Аса құрметті Икс» спектакліндегі Сәния рольдерінен бастап өзінің жастық жалынымен, жауқазын дарынымен бірден көзге түсті. Д.Исабековтің «Актриса, немесе махаббат вальсі» спектакліндегі актриса А. Асанова, А.П.Чеховтың «Шие бауы» спектакліндегі Шарлотта, Л.Егембердиеваның «Егіздер» спектакліндегі Қаракөз, С.Балғабаевтың «Ғашықсыз ғасыр» спектакліндегі Фарида, Р.Отарбаевтың «Қандыөзек» спектакліндегі Камила рольдері артистің шеберлік шыңын меңгеріп, суреткерлік дәрежесіне

жеткендігін айғақтайды. Соңғы жылдары театр репертуарында жаңа бағыттағы қойылымдарда да табысты рольдер сомдап, биік белестерден көрінді. М.Әуезовтің «Қаракөз» спектакліндегі Мөржан, Д.Исабековтің «Жүз жылдық махаббат» драмасындағы Зылиха, М.Ф.Ахундзаденің «Кетпейсің! болды, кетпейсің!» музыкалы комедиясындағы Шахрабану секілді рольдері актрисаның жоғары деңгейде орындалған образдарының бірі де бірегейі. 2018 ж. Эдинбург қ-нда өткен «Фриндж» халықар. өнер фестивалінде Ғ.Мүсіреповтің «Ақбаян» спектакліндегі Мақпал ролі жоғары бағаланып, Шотландия елінің «Алтын кітабына» енгізілді. Қызылорда обл-ның Құрмет грамотасымен (2011, 2017), Қазақстан Театр қайраткерлері Одағының Құрмет грамотасымен (2015) марапатталған. Обл. әкімінің стипендиаты (2008).

Қ.Омаров

ТӨЛЕПОВА Шәмшат (1930, Қармақшы ауд. Т. Көмекбаев а. – 17.7.2002, сонда) – термеші, жырау, Қазақстанның еңб. сің. мәдениет қызметкері (1990). 12 жасынан ән мен жыр, терме айтып жыраулық дарыны мен өнерге бейімділігі ерте байқалған. 1948 жылдан Н.Бекежанов басқарған эстрадалық өнер тобында жұмыс істеп, ұстазы Р.Жиенбаевтан жыраулық өнердің қыр-сырын



Төлепова Шәмшат

толық меңгерген Т. 1976 ж. жыраулардың обл. слетінде алғашқы жүлдесін алды. 1986 ж. Қармақшы ауд. мәдениет үйі жанынан «Жиенбай жырау» мектебін ашып, Сыр бойы мақамының кең таралуына үлкен ықпал жасады. 1987 ж. Алматыда өткен Бүкілодақтық халықтар шығарм. фестивалінің лауреаты болды. Сол жылы ғыл.-теор. конференцияда Т-ның дауысын жапондық мамандар «алтын» дискіге жазып алған. 1997 ж. Алматыда болған «Лорд» конференциясында ән салып, еур. саз өнері мамандарының құрметіне ие болды. 1999 ж. ауд. комиссия қорытындысымен «Ғасырдың өнер шебері» атағын алды. Т. белгілі Сыр сүлейлері: Балқы Базар, Дүр Оңғар, Шорақтың Омары, Тұрмағамбет, Нартай, т.б. жырау-ақындардың дәстүрін жалғастырушы.

Т. Дүйсенбаева

ТӨЛЕПҰЛЫ Есет (1820, қазіргі Сырдария ауд. Шаған а. – 1882, сонда) – би. Сыр бойындағы қарақалпақ-қазақ арасындағы жер, қоныс дауын әділ шешіп отырған. Т. ел билігіне 19 ғ-дың 50-жылдарында араласа бастаған. 1850 жылдардағы қазақ-орыс қатынастарына байланысты құжаттарда Т. есімі жиі аталады. Ақмешіт қорғанын алуға қатысқаны үшін Т-н Ресей үкіметі «Қасиетті Анна» ленталы күміс медальмен марапаттаған. Орынбор қазақтарының 4 депутациясы құрамында 1860 ж. Санкт-Петербургте болған. Депутация мүшелерін патшаның 1860 ж. 9 тамызда қабылдаған. Т-на 1860 ж. 15 сәуірде хорунжий атағы берілген. 1863 ж. Шаған өңірінен ашылған пошта бекетін басқарған. 1863 ж. Құнанбай Өскенбайұлымен бірге Меккеге барып қайтқан. Т. жайында ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер, ақын-жыраулардың өлең-жырлары көп. Шаған а-ндағы кесенесі жөнделіп, басына белгі қойылған. Ауылдың орт. көшесіне Т. есімі берілген.

ТДайрабай

ТӨЛЕУТАЙҰЛЫ Кәрібай (14.4.1951 ж. т., Жалағаш ауд. Ақсу а.) – дәрігер-онколог, мед. ғыл. докт. (1996), проф. (2002), ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі (2001). Қарағанды мемл. мед. ин-тын (1974, қазіргі Қарағанды мед.ун-ті), Украинаның Харьков қ-ндағы эндоскопия жөніндегі клиник. ординатурасын (1980) бітірген. Қызылорда обл. ауруханасында дәрі-



Төлеутайұлы Кәрібай

гер-анестезиолог (1975–78), обл. ауруханасының эндоскопия бөлімінің меңгерушісі (1980–86), онкология диспансерінің бас дәрігері және обл. ДСБ-ның штаттан тыс бас онкологы (1986–2015), «Болашақ» мед. колледжінің директоры (2015–18) болған. Қызылорда мемл. ун-тінің жалпы гигиена (1996–2002), валеология (2002–07) кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. 2018 жылдан ҚазҰМУ-да кафедра проф. Т-ның ғыл. еңбектері онкология практикасы мен теориясына, Арал экологиясына арналған. 200-ден астам ғыл. еңбектің оның ішінде 2 монография, 7 оқулықтың авторы. Бірнеше медальмен марапатталған. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ТӨМЕНАРЫҚ – Жаңақорған ауд-ндағы ауыл, т. ж. ст., ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Жаңақорған кентінен батысқа қарай 25 км жерде орналасқан. Тұрғыны 4,5 мың адам (2023). Іргесі 1930 ж. қаланды. 1978–96



Төменарық ауылы

ж. бау-бақша өсірумен айналысатын «Алмалы» кеңшарының орт. болған. Жалпы, ауылдық округ 1993 ж. құрылған. Кеңшар негізінде Т-та шаруа қожалығы бар. Құрамына Екпінді, Сунақата, Қожамберді, Сүттіқұдық ауылдық округтері кіреді. Жаңақорған кентінен батысқа қарай 35 км жерде орналасқан ауылдың іргесі ауылдық кеңес болып 1929 ж. қаланды. Т. аумағында Алпамыс батырдың жары, Гүлбаршын сұлудың күмбезі – Көккесене жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени ескерткіштер тізіміне енгізілген. 1905 жылғы Мұзхана мен Төменарық су қыспақты мұнарасы орналасқан.

ТӨМЕНАРЫҚ КАНАЛЫ – Жаңақорған ауд-ндағы жасанды су арнасы. Төменарық а-ның оңт.-шығысындағы Қандыарал көлінен (Сырдария жайылмасында) басталып, Қожамберді а-на дейін созылып жатыр. Ұз. 1,7 км, су өткізу мүмкіндігі 3 м^3/с.

ТӨРЕБАЕВ Шахизат Хамитұлы (20.9.1948 ж. т., Жалағаш ауд. Таң а.) – мемлекет және қоғам қайраткері, тех. ғыл. канд. (1997). Қазақ политех. ин-тының



Төребаев Шахизат

(1971, қазіргі ҚазҰТУ) автоматика және есептеу техникасы, ҚазМУ-дың (1998, қазіргі ҚазҰУ) заң ф-ттерін бітірген. Қызылордада политехникумында оқытушы (1971–76), ЛКЖО Қызылорда обл.к-тінде, обл. партия к-тінде (1976–87) жауапты қызметтер атқарған. Қызылорда қ. халық депутаттары кеңесі атқару к-ті төрағасының орынбасары (1987–95), Қызылорда қ. әкімінің орынбасары (1992–95), 1-орынбасары (1992–95), ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (1995–99), Қызылорда обл. әкімінің орынбасары, Қармақшы ауд-ның әкімі (1999–2004), обл. орман және аңшылық ш. аумақтық басқармасының бастығы (2004–13) болған. 2013 жылдан «Қансонар» аңшылардың қоғамдық бірлестігі мен аңшылық ш. субъектілерінің респ. қауымдастығының Қызылорда обл. бойынша өкілдігінің директоры. «Құрмет» орденімен, көптеген медальмен марапатталған. Қызылорда қ-ның, Қармақшы, Жалағаш (2009) аудандарының құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Төребай Пішанұлы

ТӨРЕБАЙ Пішанұлы (1848, Қорқыт Ата өңірі – 1911, сонда) – белгілі би. Жамансыр болыстығын басқарған. Т. өз замандастары алдында зор беделге ие болған. Сыр бойындағы рулар арасындағы дау-жанжалдарды әділдікпен шешіп отырған. 2001 ж. Қармақшы ауд-ндағы Жосалы а-на Т. есімі беріліп, мазары қайта жөндеуден өткізілді.

Т. Дайрабай

ТӨРЕБАЙ БИ – Қармақшы ауд-ндағы ауыл, Жосалы ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. Жосалы кентінен батысқа қарай 20 км жерде, Сырдарияның сол жағалық жайылмасында орналасқан. Тұрғыны 0,4 мың адам (2023). Ауыл 1997 жылға дейін «Қызыл жұлдыз» деп аталып келген. 1964–96 ж. күріш өсіретін «Жосалы» кеңшарының орт. болған. Кеңшар негізінде Т. б. а-нда шаруа қожалықтары жұмыс істейді.



Төреқұлов Нәзір

ТӨРЕҚҰЛОВ Нәзір (1892, қазіргі Жаңақорған ауд. Түркістан а. – 1937) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қазақтың тұңғыш дипломаты, журналист, әдебиетші, баспагер. Балалық шағы Қоқанда өткен. Мұсылманша сауатын ашқан Т. осы қаладағы үш жылдық орыс-түзем, сегіз жылдық коммерц. уч-щелерді бітірген, Мәскеудегі коммерц. оқу орнында оқыған. Орыс, тәжік, түрік, парсы, араб, француз, неміс тілдерін де жетік білген. Ол Минск қ-ндағы «Земство-союз» мекемесінде нұсқаушы болып жұмыс істеген кезінде 1916 ж. 25 шілдедегі патша жарлығымен қара жұмысқа алынған мұсылман жастарының арасында «Еркін дала» деген саяси ұйым құрып, оны басқарды. Кейін Қоқанға қайта оралып, «Қоқан автономиясын» құруға қатысты. Қоқан ревком төрағасының орынбасары болды. 1918 ж. Түркістан ОАК-нің, 1920 ж. Түркістан КП Уақытша ОК-нің төрағасы, Түркістан ОАК-нің мүшесі және төрағасы, БОК Түркістан бюросының, Түркістан майданы рев. әскери кеңесшісі, 1922 ж. РК(б)П ОК Орта Азия бюросы атқару комиссиясының мүшесі болды. Басмашыларды жоюға белсене қатысты. 1921–22 ж. түркі тілдес халықтардың жазуын латын әліпбиіне көшіру жөніндегі Орт. комиссияның мүшесі болып, Мәскеуге қызметке ауысты және РК(б)П Түркістан бюросының құрамына енгізілді. РК(б)П 10 және 11-съездеріне делегат болып қатысты. 1922–28 ж. КСРО халықтарының Орт. баспасы басқармасының төрағасы болды, оның жанындағы Шығыс халықтары тілінде кітап шығаратын редакц. алқаны да тікелей өзі басқарды. Осы кезеңде ол Орта Азия халықтарының, соның ішінде әсіресе қазақ, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт халықтарының әдеби мұраларын бастыруға көп еңбек сіңірді. Орта Азия мен Қазақстанда баспасөз орындарын ұйымдастыруға, газет-журналдар шығаруға, көркем әдебиет туындыларын ұлт тілдеріне аударуға тікелей басшылық жасады. Сонымен бірге, Мәскеудің жоғары оқу орындарында шығыс тілдерінен сабақ берді, бірнеше ғыл. еңбек жазды. Осы кезеңде ол қоғамдық қызметімен қатар, талантты журналист әрі әдебиетші ретінде де

танылды. 1923 ж. Мәскеуде «Темірқазық» журналын бастырып шығарды. В.В. Бартольдтың еңбектеріне, С.Айнидің монографиясына, С.Сейфуллиннің шығармаларына сын жазды, Ташкентте тұңғыш рет Абай шығармаларын бастыру ісін басқарды. Өзбек мектептері үшін алғашқы оқулықтар жазды. 1928–32 ж. Сауд Арабиясында бас консул, ал 1932–36 ж. КСРО-ның тұрақты өкілі болды. Т. 1936 ж. «халық жауы» деген жаламен ұсталып, 1937 ж. 45 жасында жазықсыз жазаланды. 1958 ж. 28 қаңтарда ақталды.

Б.Еңсепов

ТӨРЕМҰРАТ Ешпенбетұлы (19 ғ., Қазалы өңірінде өмір сүрген) – жырау, батыр. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. Т. Кенесары ханның Сауран, Созақ қамалдарын басып алған жорықтарында Жанқожа батырдың қосынында болған.

Б.Ахметбек

ТӨРЕТАМ – Қармақшы ауд-ндағы т. ж. ст., кент, кенттік әкімдіктің орт. Аудан орт. – Жосалы кентінен батысқа қарай 80 км жерде, Қызылорда – Арал т. ж. бойында, Байқоңыр қ-ның тұсында, Сырдария өз-нің аңғарында орналасқан. Тұрғыны 11,8 мың адам (2023). Іргесі 1905 ж. т. ж. бекеті ретінде қаланған. «Төренің тамы» мәніндегі атау.



Төретам кенті

ТӨРЕХОДЖАЕВ Әбибулла Назаруұлы (16.6.1934, Қызылорда қ. – 30.6.2022, Алматы қ.) – физ.-матем. ғыл. докт. (1989), проф., Қазақстанның еңбек сің. қайраткері.Т. Нью-Йорк ҒА-ның (1995), ҚР ҰИА-ның акад. (2009). ҚазМУ-ды (1957, қазіргі ҚазҰУ) және КСРО ҒА Механика проблемалары ин-тының аспирантурасын (1961) бітірген.



Төреходжаев Әбибулла

Қазақстан ҒА-ның Матем. және механика ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер, лаб. меңгерушісі (1959–79), КСРО ҒА-ның Жер физикасы ин-тында докторант (1982–84), 1984–2016 ж. ҚазҰТУ-да доцент, кафедра меңгерушісі, проф. болды. 400-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 3 оқу құралы, 1 электронды оқулық, 9 оқу-әдістемелік кешеннің, 3 әдістемелік нұсқаулықтың авторы. «Еңбек ардагері», т.б. медальдармен, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған.



Төрешов Орынбек

ТӨРЕШОВ Орынбек (29.4.1930, Қармақшы ауд. Жосалы кенті – 2019, Алматы қ.) – а. ш. ғыл. докт. (1965). Қазақ а. ш. ин-тын (1950, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қармақшы ауд. а. ш. бөлімінде бас агроном (1950–51), Қазақ егін ш. ғыл.-зерт. ин-тында аспирант (1951–54), осы ин-тта ғыл. қызметкер (1955–59), диссертац. кеңестің ғалым-хатшысы (1959–64), суғармалы егіс лаб-ның меңгерушісі (1964–70), ҚР ҰҒА-ның В.Г.Вильямс атынд. егіншілік ғыл.-зерт. ин-тында бөлім бастығы (1970–2001) қызметтерін атқарған. Өмірінің соңына дейін осы ин-ттың ғыл. кеңесшісі. Т.140-тан астам ғыл. еңбектің авторы, оның ішінде 3 монография, 30 өндіріске ұсыным бар. 2 ғылым докторын, 12 ғылым кандидатын дайындаған. «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», т. б. медальдармен марапатталған.



Ақмырза атындағы мешіт

ТӨСОВ АҚМЫРЗА (1881, қазіргі Қызылорда обл. Қармақшы ауд. Т. Көмекбаев а. – 26.3.1930, сонда) – діни қайраткер, ишан, ағартушы, ұлт-азаттық көтеріліс басшысы. Ол 1892 ж. Бұхарадағы «Көкілташ» медресесіне оқуға түсіп, шығыс ойшылдарының тарихи, әдеби, діни еңбектерін зерделейді. Түркияның Ыстанбұл, Ауғанстанның Кабул, Герат және Ресейдің Қазан, Уфа қ-ларында білімін жетілдірді. Араб, парсы, латын, ағылшын тілдерін меңгерген Ақмырза – «Ахун» қадіршатын алып, 18 жылдан соң елге оралады. Бұрынғы Кеңтүп деген жерде өзіне арнап 1910 ж. тұрғызылған мешітте 1915 ж. Көтібар мен Шортан Тілесовтердің мешітінде Қызылқұмдағы елдің балаларын ұл-қыз деп бөлмей сауатын ашқан. Мешіт маңындағы 20–30 үй жарлы-жақыбайға Ақмырза елдің пітір, садақаға берген малынан, астығынан теңдей бөліп беріп отырған. Ишанның басқа да қайырымдылық істері туралы айтылған тарихта мысал өте көп. «Халқым жерді көгертіңдер, бидай, арпа, тары егіңдер. Сонау Бұхара мен Үргеніштен астық тасығанша мына тегін жатқан жерді пайдаланайық», – деп халықты үгіттеп қана қоймай, өзі Қуаңдария суына тал мен қауын өсіру арқылы оларға үлгі көрсеткен, сондай-ақ тазалық пен ораза ұстаудың денсаулықтың бірден-бір кепілі екенін айтудан да жалықпаған. Ол Имам Әбу Ханифа мәзһабы бойынша діни тақырыптарды қамтитын құнды еңбектердің авторы. Оның қаламынан шыққан ғыл. және дүниетанымдық кітаптар мен оқулықтар кезінде халық арасында кең тараған. Солардың арасынан бүгінге жетіп отырғаны Иман, Ислам, Ықлас деген бөлімдерден тұратын «Түркі иман» еңбегі және «Хадис» атты кітабы. Патшалық Ресейдің тамырын тереңнен алған отарлау саясатының мақсаты мен салдарын жақсы түсінген. 1-дүниежүз. соғысқа қатысушы Ресей әскерінің тыл жұмыстарына қазақтардан адам бермеу бағытында 1916 ж. ел ішінде болған наразылықтарды қызу қолдаған. Қазан революциясынан бері қарай да Кеңес үкіметінің ымыраға келмес қарсыласы болып, елдің арасында тәуелсіздік идеясын тарату бағытында үздіксіз үгіт-насихат жүргізген.

Қ.Омаров



Төсов Ақмырза мешіті, 1915 ж.

ТӨСОВ АҚМЫРЗА БАСТАҒАН ҚЫЗЫЛҚҰМДАҒЫ КӨТЕРІЛІС. 1930 ж. Кеңес өкіметінің әмірші-әкімшіл жүйесіне қарсы Қазалы уезінде болған көтеріліс. Большевиктердің 1928 жылдан бастап жүргізген байлар мен кулактарды тәркілеу, жеке ш-тарды ұжымдастыру саясаты салдарынан Қызылқұмда белең алған есепсіз зорлық-зомбылық пен мешіт-медреселердің қиратылғаны жанына батқан Ақмырза ишан 1930 ж. наурыз айының басында: «Дінімді де, елімді де әділетсіз белсенділердің астына салып бере алмаймын! Біз жалпақ жатқан жұртпыз, бас көтерейік! Өкіметке мына өктемдікті тиыңдар, халықтың

дәстүрін, дінін сыйлаңдар, мал-мүлкін талан-таражға салмаңдар, мұның аяғы жақсылыққа соқпайды деуіміз керек!», – деп халыққа үндеу тастайды. Бұны жаппай қолдаған ел азаматтары Шортан мешіті деген жерде оны хан сайлайды. Жергілікті коммунист-белсенділердің Қазалыдан шақыртқан әскеріне қарсы тұру мақсатында шоқпар, сойыл, құсмылтықпен қаруланған үш мыңдай адамды Т. екі топқа бөледі: «Қарақ» бөлігін ишанның өзі, ал «Кеңтүп» бөлігін інісі Таймырза басқарады. Зеңбірек, пулеметпен қаруланған жазалаушылармен алғашқы соғыс 14 наурызда Қарақ елді мекеніне жақын Ақмырза мешітінің маңында болып, онда көтерілісшілер 170-тей адамынан айрылады. Күші мен қаруы басым жазалаушылармен (басшылары: Жалудь, Цуканов, Ж.Альшанский) бірнеше мәрте шайқасып, титықтаған көтерісшілерге Ақмырза: «Жеңілетініме менің зейінім анық жетеді, ұлт мүддесін қорғау жолында өлсем арманым жоқ. Аман-сау тұрғанда бас сауғалаңдар», – деп рұқсат береді. Қызылқұмда 1930 ж. 26 наурызда болған соңғы шайқаста оның 107 жақтасы қаза тапса, 150-дейі жараланған. Қоршаудан сытылып шыққан 200-ге жуық көтерілісші туған жерін тастап Ауғанстанға қашады. Қызылдар Ақмырза ишанның өлі денесінің үстіне барлық діни кітаптарды, басқа да заттарды үйіп өртеп, мешітін қиратып кетеді. Қолға түскен көтерілісшілер арасынан 10 адам ату жазасына кесілсе, 40-тан астам адам 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылды. Төсов Таймырза 1931 ж. 25 қыркүйекте 10 жылға сотталып, жазасын өтеуге Новосібірге (Сиблаг) жіберіліп, із-түзсіз кетеді. 1999 ж. Ақмырза ишанның есімі Қызылорда қ-ндағы көшелердің біріне берілді.

Қ.Омаров

«ТҰЗКӨЛМҰНАЙГАЗ ОПЕРЕЙТИНГ» – компания. 2018 ж. мұнай өндіру операторы ретінде жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ретінде құрылған. Т. кен орындары әкімш. жағынан Қызылорда обл. Сырдария ауд-нда, геогр. жағынан Торғай ойпатының оңт. бөлігінде орналасқан №1057 және №4671 келісім-шарттық аумақтарда мұнай өндіретін Қазақстан–Қытай мұнай компаниясы. Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары: көмірсутек кен орнын барлау, игеру және пайдалану. Аталған серіктестіктің құрылтайшылары әрі жер қойнауын пайдаланушылары «Көлжан» ЖШС – 50%, «ССМ Ойл» ЖШС – 50%. 2002–18 ж. кәсіпорын операторы «Көлжан» ЖШС тарапынан аталған аумақтарда геол. барлау жұмыстары жүргізілді.



«Тұран қазалы» газеті

«ТҰРАН ҚАЗАЛЫ» – газет. Қазалы ауд-нда 1933 ж. «Большевиктік колхоз үшін» (1000 данамен) деген атпен шыға бастады. Басылым атауы «Социалистік жол» (1952–60), «Ленин туы» (1960–93), «Қазыналы Қазалы» (1993–2001) болып өзгерді. 2002 жылдан «Т. Қ.» атауымен шығарылып келеді. 1990 ж. газеттің таралымы 12 мың болса, қазіргі уақытта 11 097 дананы құрайды. Газет беттерінде ауданның әлеум.-экон. және мәдени өмірін әр қырынан көрсететін «Еңбегімен елге сыйлы», «Ұстаздық еткен жалықпас», «Нарық және біз», «Қазыналы Қазалының перзенттері», «Шешендік сөздер», «Оқырмандар сыр шертеді», т.б. көптеген айдар берілген.

Қ.Омаров

ТҰРАН ОЙПАТЫ, Тұран жазығы, Қазақстан мен Орта Азия жерінде, Солт. бөлігі Қазақстанның бірталай жазық өңірлерін (оның ішінде Қызылорда обл. толығымен кіреді) қамтиды. Шығысында Бетпақдала – Шу–Іле таулары мен батысындағы Каспий т. аралығында, солт-нде Мұғалжар, Торғай үстірті, Сарыарқаның батыс бөлігімен, оңт.-шығысында



Тұран ойпаты

Тянь-Шань сілемдерімен шектеседі. Оңт. жағы Орта Азияда. Т. о-ның көпшілік жері Тұран плитасына сәйкес келеді. Бұның палеозойлық негізі (тұғыры) жалпы 1–6 км тереңдікте жатыр, сонымен бірге Маңғыстаудағы Қаратау сияқты құрылым ретінде жер бетінде байқалатын бөліктері де бар. Плитаның төм. қабаты құрылысынан көршілес Орал, Тянь-Шань және Сарыарқаға ұқсастық байқалады. Ойпаттық жер бедерінде ойыстар көп кездеседі. Құрлық бөлігіндегі ең терең жері – Қара-Қария ойысы (132 м). Биік жерлері (300 м-дей) аса көп емес, керісінше беті шөгінді жыныстардан түзілген жазық аймақтар (Каспий ойпаты, Арал Қарақұмы, Мойынқұм, т.б.) бар. Ойпат өңірі тым континенттік, қуаң, климаты шөлейтті. Ауаның орташа темп-расы шілдеде 24°С, қаңтарда солт-нде 8–12°С, оңт-нде 2–4°С. Жазда құм беті 80°С-қа дейін қызады. Жауын-шашынның жылдық мөлш. 80–200 мм, ауаға булану мөлш. 1500 мм-ге жетеді. Сәл карбонатты сұр, бозғылт қоңыр топырақ басым таралған жерлерінде жусан-эфемерлі өсімдік өседі. Сазды, құмды ойдым-ойдым тастақты шөлдік өңірлер сор, тақырлы жерлермен алмасып жатады. Арал теңізі суының тартылуы Т. о. табиғатының қуаң шөлдік сипатын күшейте түсуде. Т. о-нан жер асты суының мол қорлары анықталды. Т. о. еліміздегі маңызды мұнайлы-газды өңірлердің бірінен саналады. Ойпаттың облыс аумағы орналасқан орт. бөлігін Шу-Сарысу мұнайлы-газды провинциясы алып жатыр. Ойпаттың өн бойында жайылымдық мал ш. суғармалы егіншілік дамыған. Қазақстанның күріш, тары, мақта егуші басты аудандары осы аймақта орналасқан.

С.Серікбаев

ТҰРАН ПЛИТАСЫ – Орта Азия мен Оңт. Қазақстанның Арал-Каспий алаптарын қамтыған эпигерциндік платформалық құрылым. Батысында Каспий т-нен басталып, солт.-шығысында Сарыарқа, шығысында Бетпақдала шөлі арқылы Тянь-Шаньның қатпарлы өлкелеріне тіреледі; солт-нде Торғай ойысы арқылы Батыс Сібір плитасына ұласады. Аум. 2 млн. км² . Т. п-ның жабыныш қат-қабаты (тысы) жоғ. триас пен юраның сұр түсті терригендік (қалыңд. 1000–2000 м), палеогеннің карбонат-тық-терригендік, неоген, антропоген жүйелерінің құмкесекті моласса формацияларынан құралған. Орт. Қарақұм, Қарабұғазкөл-Бозащы, Төм. Сырдария сияқты көтерілімдерде жыныстардың қат-қабаттары 500–1000 м-ден аспайды, ал Солт. Үстірт, Сырдария, Сарықамыс секілді синеклизалардағы қалыңд. 3500–5000 м-ге жетеді. Юра-бор шөгінділерінде ірі мұнай-газ кен орындары (Бұхара-Хиуа, газды провинциясы Шу-Сарысу газ-гелий облысы, Тұран және оңт. Торғай мұнай-газ обл., т.б. мұнайлы-газды провинциясы, Маңғыстау-Бозащы мұнайлы-газды обл., т.б.), аздаған тас көмір мен фосфориттер, марганец кендері (Маңғыстауда), күкірт (Қарақұм), көптеген тұзды көлдер мен шығанақтар (Қарабұғазкөл шығанағы, Арал т.) кездеседі.

ТҰРҒАНБАЙ ДАТҚА Сіргебайұлы (шамамен 1794/1804 – 1850) – батыр, Түркістан маңындағы Шілік (Шәуілдір) жерін билеген. Сыр қазақтары Әлімхан Нарботаұлы (1800–09) кезінен Қоқанға қарап, Мәделі (1822–42), Құдияр хан (1845–75) тұсында Ташкент құшбегіне бағынған. Жергілікті қазақтарды басқару үшін сайланған бек (Қанағат шах) Түркістанда болса да билік тізгіні Т. д-ның қолында болды. Ол Түркістанның Күлтөбе деген қақпасында өз бетінше іс жүргізіп, елді хан ретінде билеген. 1846 ж. Қанағатпен бірге Т. д. Қоқан билеушілеріне қарсы шықты. 1850 ж.

Түркістанға бек болған Ырысбек Т. д-ның беделінен қауіптеніп, оны алдап қолға түсіріп, азаптап өлтірген.
Т.Қоңыратбай



Тұрғымбаев Аманжол

ТҰРҒЫМБАЕВ Аманжол (1913, қазіргі Қазалы ауд.– 6.2. 1987, Жамбыл обл. Мерке ауд. «Интернационал» а.) – соғыс және еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (6.5. 1948). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Еңбек жолын бастауыш мектепті бітірген соң бастаған. Ташкент т.ж. жұмысшы (1930–34), Жамбыл обл. Мерке ауд. «Қызылша» кеңшарында бригадир (1934–38), «Мерке» қызылша кеңшарының бөлімше меңгерушісінің орынбасары (1938–41), меңгерушісі (1944–73) болған. 1947 ж. 31 га алқаптың әр гектарынан 851 ц-ден қызылша жинаған. Ленин (1948), Қазан революциясы (1973) ордендерімен, медальдармен марапатталған. Есімі Мерке ауд-ның «Интернационал» а-ндағы мектепке беріліп, оның алдына бюсті қойылған.
Қ. Омаров



Тұрлығұл Тотай

ТҰРЛЫҒҰЛ Тотай Тәжіұлы (23.12.1930, Сырдария ауд. Досан а. – 2020, Алматы қ.) – тарихшы, пед. ғыл. докт. (1998). Т. Қазақ КСР ағарту ісінің, КСРО ағарту ісінің үздігі, Қазақстан пед.ғыл.академиясының акад. (2003). Қызылорда пед. ин-тын (1953, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қызылорда обл. комсомол к-тінің бөлім меңгерушісі, қалалық к-тінің 1-хатшысы, орта мектепте тарих пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі (1953–59), «Қазақстан мұғалімі» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі (1959–62), ҚазМУ-да аспирант (1962–65, қазіргі ҚазҰУ), «Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдар» ғыл.-зерт. ин-тының бөлім меңгерушісі (1965–72), КСРО пед. ғылымдар акад-ның «Оқыту мазмұны мен әдістері» ғыл.-зерт. ин-ты Қазақ бөлімшесі (1972–91), Ы.Алтынсарин атынд. Қазақ білім академиясындағы жалпы білім ин-ты лабораторияларының басшысы (1992–2005) қызметтерін атқарған. 2005–11 ж. Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-тінің проф. болды. Т. Қазақстан тарихын мектепте оқыту мәселесі бойынша 170 ғыл.-әдістемелік еңбектің, оның ішінде 6 монография, 11 оқулық, 9 бағдарлама (тел авторлар), 40 оқу-әдістемелік құралдың авторы. Бірнеше медальмен марапатталған.
Қ.Омаров

ТҰРМАҒАМБЕТ – Қармақшы ауд-ндағы ауыл, Дауылкөл ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Жосалы кентінен оңт-ке қарай 70 км жерде, Құрайлы каналының аңғарында орналасқан. Тұрғыны 2,0 мың адам (2023). Іргесі 1928 ж. «Талап», «Алға», «Екпін», «Ұмтыл», «Жұлдыз» атты серіктестіктері негізінде құрылған. 1930 ж. Ленин атынд. ұжымшар болып аталды. 1933 ж. ТОЗ құрылды. Олар «Қалықбас», «Қабанбай», «Өндіріс», «Ленин», «Шеңгелді» деп аталды. 1937– 38 ж. іріленіп «Ленин» ұжымшары қайта құрылды. 1957 ж. ұжымшар күріш өсіретін Ленин атынд. кеңшар болып өзгертілді. 1996 ж. кеңшар таратылып, 1997 ж. серіктестік «Тұрмағамбет» ӨК болып аталды. Онда ұн тартатын, күріш ақтайтын цехтар мен диірмендер жұмыс істейді. Ауылдан белгілі ақындар Ешнияз сал, Кете Жүсіп, Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары, Жиенбай жырау, т.б. шыққан. 1980 ж. І.Тұрмағамбет ескерткіші орнатылды.



Тұрмағамбет оркестрі

ТҰРМАҒАМБЕТ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАР ОРКЕСТРІ – облыс әкімі М.Құл-Мұхаммедтің қолдауымен 2007 ж. құрылған. Ұжымға Сыр сүлейі, атақты шайыр Тұрмағамбеттің есімі берілді. Оркестрдің бас дирижері, «Құрмет» орденінің иегері – Қ.Ботабаев. Ұжымның негізгі бөлігін Қазақ ұлттық консерваториясы және Қызылорда музыка жоғары колледжінің түлектері құрайды. Оркестр репертуарында халық күйшілері мен Қазақстан, Батыс Еуропа композиторларының шығармалары бар. Кәсіби өнер ұжымы ел аумағында өткен облыстың барлық шарасына атсалысып, алыс-жақын шет мемлекеттерде өткен қазақ өнері мен мәдениетінің онкүндіктерінде өнер көрсеткен.
М.Әмзе

ТҰРСЫНБАЕВА Элизабет Байтаққызы (14.2.2000 ж. т., Ресей, Мәскеу қ.) – мәнерлеп сырғанаушы, ҚР-ның еңбек сің. спорт шебері (2019). Т. төрт қарғып секіруді (сальхов) жасаған тарихтағы



Тұрсынбаева Элизабет

алғаш мәнерлеп сырғанаушы (2019. Ол мәнерлеп сырғанаудан әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Төрт құрлық чемпионатының күміс жүлдегері, Қысқы Универсиаданың күміс жүлдегері (2019), 2-Қысқы жасөспірімдер олимпиадасының қола жүлдегері (2016), Қазақстанның төрт дүркін чемпионы (2014–17), Қысқы Азия ойындарының қола жүлдегері (2017). 2005 жылдан «Москвич» спорт мектебінде (Мәскеу) Н.Дубинская және А.Шубинаның жетекшілігімен мәнерлеп сырғанаумен, кейін Армияның орт. спорт клубында Е.Водорезова мен С.Соколовскаяның тобында (2011–12), №37 спорт мектебінде (Мәскеу) Э.Тутберидзенің (2012–13) тобында жаттығумен айналысқан. 2013 жылдан Қызылорда обл. мен Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсете бастады. 2013–18 ж. канадалық жаттықтырушы Б.Орсермен ынтымақтастықта шеберлігін шыңдады. Т. 2018 ж. Тутберидзеге оралып, спорттық мансабындағы ең маңызды жетістіктерге қол жеткізді. Спорт саласындағы еңбегі үшін «Дарын» мемл. жастар, «Жылдың үздік спортшысы» номинациясы бойынша «Халық қалаулысы–2019» ұлттық сыйлықтарының иегері. «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.
Қ.Омаров

ТҰРСЫНБАЙ ДАТҚА – ауыл. Шиелі ауд-ндағы Қоғалы ауылдық окр-нің құрамында. 2018 жылға дейін Ботабай а. деп аталған. Аудан орт. – Шиелі кентінен солт.-батысқа қарай 65 км, округ орт. Тартоғай а-нан 3 км жерде орналасқан. Тұрғыны 1,03 мың адам (2023). Жер көл. 4854,8 га. Т. д. жерінде ірі тұлғалы дін иелері, әулиелер өмір сүрген. Атап айтқанда, Қарабура әулие (Наһан шайых), Құрайыс әулие, Қаратай, Есіркеп, Әйімбет ахундар. Т. 1928 ж. а. ш-н ұжымдастыру кезінде қаланды. 1928–96 ж. күріш өсіретін «Гигант» ұжымшары бөлімшесінің орт. болған. Бөлімше негізінде Т. д-да 32 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Елді мекенде 2 сауда дүкені, почта байланысының қызметі, телекоммуникация торабының жүйесі, ауылдық клуб, кітапхана және дәрігерлік амбулатория мекемелері бар. 2012 ж. 200 орындық жаңа мектеп ғимараты салынды.
Қ.Омаров



Тұрсынов Жәдігер

ТҰРСЫНОВ Жәдігер (1939, Қазалы ауд. – 1991, сонда) – реж., суретші, фототілші. Жаңақорған, Шиелі аудандарының мәдениет бөлімінде инспектор, мәдениет үйінің директоры, халық театрының (1962–70), Қазалы ауд. мәдениет үйінің директоры және халық театрының реж. (1970–88) болды. Қызылорда обл. халық шығарм. орт. киностудиясында реж.(1988–91), 1989 жылдан директоры қызметтерін атқарған. Т. басқарған жылдары Қазалы халық театры ұжымы респ. халық театрлары байқауларында бірнеше жыл 1-орынды иеленді. Бүкілодақтық еңбекшілер шығарм-ның 1-фестивалінде қойған Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» спектаклі үшін үлкен Алтын медальмен (1977) марапатталған. Т. майлы бояумен М.Көкеновтің, Ы.Жақаевтың портреттерін салып, «Тыныштық күзетінде» полотносы а. ш. көрмесінің дипломына ие болған. Әуесқой кино түсірушілердің респ., бүкілодақтық байқауларында жүлделі орындарға ие болды. Қазалы халық театрына Т-тың есімі берілген. 2 жылда бір рет өтетін обл. театрлар байқауының жеңімпаз ұжымына берілетін бас жүлде Т. атынд. сыйлық тағайындалған. Оның есімі облыстың «Құрмет» кітабына жазылған.

А.Оразбақов



Тұртаев Алмас

ТҰРТАЕВ Алмас Ұзақұлы (17.4.1979 ж. т., Қызылорда обл. Шиелі ауд.) – саясаткер. Қызылорда ун-тінің механика-технол. ф-тін (2006), Еуразия ұлттық ун-тінің магистратурасын (2011) бітірген. «СЕТА» ЖШС муз. жетекшісі, диктор (2001–06), «Торғай Петролеум» АҚ-да слесарь-жөндеуші, бұрғылау ұңғымасының операторы (2003–06), «Мұнайтехсервис» ЖШС-нда механик, бас директордың орынбасары, «Атамекен одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы» обл. бөлімшесінің директоры (2010–12) қызметтерін атқарған. ҚР Парламенті Мәжілісінің 5-шақырылған депутаты (2012–16). «Ерен еңбегі үшін» (2013), 2-дәрежелі «Атамекен» медалімен (2011) марапатталған.

Қ.Омаров



Тұрымбет Салқынбайұлы

ТҰРЫМБЕТ Салқынбайұлы (1868, қазіргі Қармақшы ауд. Ақтөбе а. – 10.12.1946, сонда) – ақын, жырау. Т. 13 жасында «бала жырау» атанған. Ескіше сауатты Т. Балқы Базар, Дүр Оңғарларды ұстаз тұтып, соларға еліктеп өлең шығарған. Шығыстық үлгідегі «Көроғлы», «Жүсіп–Зылиқа», «Әуезхан», «Ақтам», т.б. дастандарды жырлаған, өзі «Мәжит пен патша қызы» атты дастан шығарған. Кете Жүсіп, Жиенбай жыраулармен айтысқа түскен. Оның «Шырқау дауысы», «Гөй-гөй», «Күмісайжан» атты әндері бар. Шығармалары «Пернедегі термелер» (1965), «Айтыс» жинақтарында жарияланған. «Талайды таңырқатқан жырау едім» (1993) атты жеке жинағы жарық көрген.

Т.Дайрабай



Тұщыбас көлі

ТҰЩЫБАС – Сырдария сағасындағы көл. Арал ауд. Бөген а-нан шығысқа қарай 2 км жерде орналасқан. Аум. 12,6 км² , ұз. 11,5 км, енді жері 2,9 км, терең жері 5,5 м. Құмайтты жағалауы жайпақ. Оңт. батпақты. Сырдария өз. қатты тасығанда көл деңгейі көтеріліп, аумағы ұлғаяды. Көл бірімен-бірі каналдармен жалғасқан 3 бөліктен тұрады. Жағалауында қамыс өседі. Батыс жағалауы биік бұйра құм, оңт. бөлігі жазық. Сазан, табан балық, қаракөз, жайын, ақмарқа, алабұға, қаяз, т.б. бар. Жаздың ыстық айларында көл құрғап, шалшыққа айналады.

ТҰЩЫБАС ШЫҒАНАҒЫ – Арал т-нің солтінде орналасқан. Құрлыққа 30 км-дей сұғына еніп жатыр, енді жері 11 км. Ең терең жері 19 м. Батыс жағалауы Құланды түбегінің аласа құмды жағасына, шығысы Қаратүп түбегіне жалғасады. Түбі құмды, терең жеріне қалың лай шөккен.

ТҰЯҚБАЙҰЛЫ Ақмырза (1911, Жалағаш ауд. – 1996, Қызылорда қ.) – әнші-жырау. Т. Сыр өңірінің жыраулық өнерінің өкілдері Орынбай, Жиенбай, Тасберген, Молдахмет, Даңмұрын, т.б. өнерлерін жалғастырып, олардың жыр айту мақам-сазларын жақсы меңгерген. Т-ның орындауында Сыр сүлейлерінің шығармалары обл., респ. радио, теледидар қорына жазылып алынған. 1946 жыл Н.Бекежанов басқарған концерттік-эстрадалық топта еңбек еткен.

Ж.Аққұлов

ТҰБЕКБАЙ Нәзікұлы (1830, қазіргі Қазалы ауд. Кеңтүп а. – 1902, Өзбекстан, Бұхара обл. Тамды ауд. Жаңашаруа с.) – батыр, ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері. Т.Жанқожа Нұрмұхамедұлының 1856–57 ж. Сыр бойында және 1864–73 ж. Қазақстанның оңт-нде, Орта Азия хандықтары аумағында Ресей отарлаушыларына қарсы ұйымдастырған ұлт-азаттық көтерілістеріне белсене қатысқан. 1863 ж. Сыр бойы қазақтарының құрамында Қызылқұмға қоныс аударған. Бұхара әмірі Абдул Мұзаффардың мемл. қызметінде болады. Осы кезеңде Т-дың өмір жолы Ресей отарлаушыларына қарсы ымырасыз күрескен Садық (Сыздық) сұлтанмен тығыз байланыста өрбіген. Т. Бұхара әмірлігі қ-ларын орыс әскерінен қорғау ұрыстарына қатысқан. 1869 ж. Бұхара әмірінің орыстармен келісіміне наразы болып Кермене, Нұрата, Жызақты басып алған Садық бұл қ-ларға бек етіп Т., Темірбай, Еспенбет сынды батырларды тағайындайды. Т. 1870–73 ж. Хиуада мемл. қызмет атқарған. 1873 ж. Ресей әскерінің Хиуаға жасаған шабуылына Садық жасақтары қарсы шығып, жеңіліс тапқан соң Т. осы жерден Қызылқұм ішіндегі а-на қайтқан. Т. Қазалы уезі Қарабастоғай болысының кандидаттығына сайланған (1977–80).

Қ.Омаров

ТҮГІСКЕН – ауыл. Жаңақорған ауд. Жаңақорған кентінен оңт.-шығысқа қарай 45 км жерде, Сырдария өз-нің сол жағалауында орналасқан. Тұрғыны 4,8 мың адам (2023). Ауылда 2 мектеп, өнер мектебі, Әлем, Азия чемпиондарын дайындайтын спорт мектебі, мемлекет қарамағындағы 2 балабақша, 4 жеке балабақша жұмыс істейді. «Т.» ЖШС және бірнеше шаруа қожалығы егін ш-мен, 1967 жылдан күріш өсірумен айналысады.



Түгіскен ескерткіштері

ТҮГІСКЕН ЕСКЕРТКІШТЕРІ – соңғы қола және ерте темір дәуірлерінен сақталған жерлеу ескерткіштері. Қармақшы ауд. Іңкәрдарияның құрғақ арнасының сол жағалауында, Қызылордадан 300 км, Жалағаш ауд. Қуаңдария а-нан оңт.-батысқа қарай

60 шақырым жерде орналасқан.1959 ж. Хорезм археол. экспед-ның (жетекш. С.П.Толстов, М.А.Итина) ұшақпен барлау жұмыстары нәтижесінде ашылып, негізгі зерттеулер 1959–63 ж. жүргізілген. 2005 ж. Ж.Құрманқұловтың жетекшілік етуімен Ә.Х.Марғұлан атынд. Археология ин-тының Шірік-Рабат экспед., 2012 ж. «Тараз» археологиялық ғылыми орталығы» ЖШС қайта зерттеу жұмыстарымен айналысқан. Аласалау төбе үстінде орналасқан жалпы саны 70-тен астам нысан планигр. тұрғыдан екі топқа, яғни біршама шағындау солт. топқа және ескерткіштердің денін қамтитын оңт. топқа ажыратылады. Орналасу тәртібі бойынша ғана емес, хронол. тұрғыдан да екі бөлек уақытқа қарасты болғандықтан, ғылымда бұл екі топты Солт. Түгіскен және Оңт. Түгіскен деп атау қалыптасқан. Солт. Түгіскен қорымы монументалды жерлеу (кесенелер) және өңделмеген кірпіштен салынған арнайы қосымша құрылыстарымен ерекшеленеді. Солт. Түгіскен кешені Арал маңы өңіріндегі әлдеқайда кейінгі мәдени кешендер генезисінің негізгі буыны болып табылады. Кесенелердің жоспарлануы – шаршының ішіне жасалған шеңбер уақыт өте келе жоғалады да, крестпен бөлінген шеңбер қалады. Жерлеу камерасы, сыртқы қабырғасының сақинасы бар үлкен цилиндр, олардың арасында ені 2 м болатын дәліз орналасқан. Шығыс жағынан сыртқы және ішкі қабырғалардың бір метрлік ені бар өткел болған. Өлшемі 7,8х6,9 м болатын жерлеу камерасы дүниенің төрт бұрышына бағдарланған және жер беті деңгейінен 1,5 м-ге тереңдеген. Жерлеу камерасының қабырғалары қамыс пен бұталар қабатымен салынған. Бұл конструкция кесенеге жерленген адамды кремациялау кезінде отын болуы ықтималдылығын да жоққа шығаруға болмайды. Оңт. Түгіскенде 38 қорған қазылды. Бұл жерде жерлеу көне қабатта және грунттық шұңқырларда жүргізіліп, жерлеу орны беткі жағынан көмілген. Жерлеу мәйітті салу және мәйітті өртеу рәсімі бойынша жасалған. Оңт. Түгіскен қорымының керамикасы, жебе ұштары және ат әбзелдері жалпы алғанда б. з. дейінгі 7–5 ғ-лармен белгіленген. Ғалымдардың пікірінше, Оңт. Түгіскенді және бұдан не бары 30 км жерде орналасқан, мәдени ерекшеліктері бойынша өте жақын Үйғарақ қорымын Солт. Түгіскенде жерленген этник. топтың тікелей ұрпағы болып саналатын сақ дәуірінің тұрғындары қалдырған.

ТҮЙЕЖАПЫРАҚ (Rheum turkestanicum) – таран тұқымдасы, рауғаш туысына жататын көп жылдық өсімдік. Қазақстанның құмды жерлерінде, Арал



Түйежапырақ

өңірі мен Қызылқұмда кездеседі. Биікт. 30–70 см. Тамыры ұзын, қара қоңыр қынапты, сабағы тік өседі. Сабақ түбіндегі жапырағы жатаған, өркен бойындағы жапырақтары ірі, ұз. 35 см, ені 50 см-дей, пішіні дөңгелек, үш жүйкелі. Гүлі ақ түсті, оның ұз. 3–4 мм-дей. Гүлшоғыры шашақ болып төгіліп тұратын – сыпыртқы. Сәуір – мамыр айында жемісі піседі. Жемісі – үш қырлы, қара-қоңыр түсті, пішіні жүрек тәрізді. Т-тың тамырында іш жүргізетін антрогликозидтер, хризофен қышқылы, флавоноидтар, илік заттар бар. Дәрі жасау үшін рауғаштың сабағы мен тамырын көктемде қазып алып пайдаланады. Асқазан, туберкулез, т.б. ауруларды емдеуде қолданылады. Жемісінен С витамині, дәнінен көмірсулар алынады. Жапырағын түйе, қой жақсы жейді. Республиканың құмды, құмды-далалық жазық жерлерінде өсетін рауғаштың 1 түрі – татар рауғашын (R. Tataricum), жергілікті тұрғындар Т. деп атайды. Оның да тамыры мен тамыр қабығында илік заттар болады, жапырағын түйе мен қой жақсы жейді.

Р.Закирова



Түйежоңышқа

ТҮЙЕЖОҢЫШҚА (Melilotus) – бұршақ тұқымдасына жататын екі жылдық, сирек бір жылдық өсімдіктер. Қазақстанның барлық аймағында кездеседі, дала шалғынында, кейде сортаң жерлерде, өзен аңғарында, жол жиегінде, бақта өсетін 3 түрі бар. Ең маңыздысы әрі жиі кездесетіні ақ Т. (M. a1bus) және сары не дәрілік Т. (M. officinalis). Бұлардың биікт. 30–100 см. Кіндік тамыры тарамдалған. Сабағы тік, бұтақталып өседі. Жапырағы күрделі, үш құлақты, ұзын сағақты, бөбешік жапырақшалары тісті болады. Тостағанша жапырақшаларының ұз. 2 ммдей, бес тісті. 9 аталығы бір-бірімен түтікше тәрізді болып бірігіп кеткен. Біреуі, көбінесе, бос жатады. Гүлі ұсақ сары не ақ түсті, шашақ гүлшоғырына топталған. Жәндіктермен тозаңданады. Мамыр – шілде айларында гүлдеп, жемісі піседі. Жемісі – ұзынша келген, мұртшасы бар бұршаққап, сыртында көлденең қатпарлары, ішінде бір тұқым болады. Т. құрғақшылыққа, суыққа төзімді келеді, топырақ талғамайды. Құрамында кумарин бар, белогы көп, витаминдер мен минералды тұздарға бай мал азығы. 100 кг шөбінде 18,5–19,5 азық өлшемі, 3,1–3,2 кг сіңімді протеин бар, шөбін малдың барлық түрі жейді. Медицинада, темекі, шарап өнеркәсібінде пайдаланылады. Аудандастырылған сорттары: «Медет», «Куузику 1», «Башқұрттық», «Беде пішіндес 9654», т.б.

Р.Закирова



Түйетабан

ТҮЙЕТАБАН (Zygophyllum) – түйетабандар тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстанның барлық өңіріндегі сор, сортаң топырақты далалы жерлерде, тастақты шоқы баурайында өсетін 30 түрі бар, оның 19-ы – эндемиктер. Биікт. 5–20, кейде 50–80 см-ге жетеді. Сабағы бұтақтанған. Жапырақтары қос қауырсын пішіндес, етжеңді. Тостағанша жапырақшаларының саны – 4–5, ұз. 1,5–2 мм, күлтесі дөңгелек, ені 6–10 мм, ақ, сары не сарғыш түсті, гүлі бір-бірден, кейде екі-екіден жапырақ қолтығынан жетіледі. Қос жынысты, аталығының саны аналығынан екі есе көп, аталық жіпшелері қабыршақты, жатыны 3–5 ұялы, аналық аузы тұтас болады. Сәуір-шілде айларында гүлдеп, маусым-қыркүйекте жеміс салады. Жемісі – қорапша, оның бірнеше дәнегі болады. Қаратау Т-ы (Z Karatavicum) – өте сирек кездесетін эндемик, сондықтан қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

Р. Закирова, Б. Қасенова



Түктібаев Үрмәш

ТҮКТІБАЕВ Үрмәш (17.11.1917, Қазалы ауд. Ү.Түктібаев а. – 20.7.1944, Латвия, Лудзек ауд. Перзкое с.) – Кеңес Одағының Батыры (24.3.1945). Ұжымшарда егін бригадирі болып жұмыс істеген. 1941 ж. 17 тамызда Қызыл әскер қатарына Қазалы әскери комиссариатынан шақырылды. 1944 ж. 2-Прибалтика майданы 391-атқыштар дивизиясының 1280- полк құрамында латыш жерін жаудан азат етуге қатысқан. Кіші сер-

жант Т. Перзкое деревнясының түбінде қолма-қол шайқаста жаудың бірнешеуін өлтіріп, ерлікпен қаза тапқан. Латвияның Лудзек ауд-ндағы Перзское деревнясындағы бауырластар зиратына жерленген. Қызыл жұлдыз (1944), Ленин (1945) орденderімен марапатталған. Туған жеріндегі батыр есімімен аталатын ауылда ескерткіш орнатылған. Қазалы қ-ндағы бір көшеге, Бекарыстан би а-ндағы орта мектепке Т. есімі берілген.

К.Саркенова



ТҮКТІБАЕВ – Қазалы ауд-ндағы ауыл, Алға ауылдық окр-нің орт. (1997). Аудан орт. – Әйтеке би кентінен батысқа қарай 75 км жерде, Сырдарияның сол аңғарының жайылымында, Түктібаев каналының жағасында орналасқан. Тұрғыны 1,8 мың адам (2023). 1966 ж. күріш өсіретін «Октябрь» кеңшарының орт. болды. 1985 жылдан кейін Майдакөл деп аталды. Ауылға 1989 ж. осы өңірде туып-өскен Кеңес Одағының Батыры Ү.Түктібаевтың есімі берілді. 1996 ж. кеңшар негізінде ЖШС және бірнеше шаруа қожалықтары құрылды.

Қ.Омаров

ТҮКТІБАЕВ КАНАЛЫ – Қазалы ауд-ндағы жасанды су арнасы. Сырдария өз-нің сол жағалық аңғарында орналасқан. Бастауын Басықара бөгенінен алады. 1957 ж. салынған. Ұз. 88,7 км, су өткізгіштігі 100 м^3/с, бойында 52 гидротех. құрылыстар бар. Канал 512-бекетке жеткенде үш тармаққа (Ішкі канал, Қараарық, 50 жылдық атынд. канал) бөлінеді. Қараарықтың ұз. 42 км, су өткізгіштігі 10 м^3/с, 1970 ж. салынған, суғаратын егіс аум. 3500 га; 50 жылдық атынд. каналдың ұз. 15 км, су өткізгіштігі 6 м^3/с, суғаратын егісі 4000 га, 1970 ж. салынған. Каналдың жалпы атауы ішкі каналдың атымен аталған. Оның ұз. 17 км, су өткізгіштігі 11 м^3/с, бойындағы гидротех. құрылыс саны 5, суғаратын егіс аум. 3800 га, 1971 ж. салынған.

А.Нұрғызарынов



Түлкі

ТҮЛКІ (Vulpes vulpes) – жыртқыштар отрядының ит тұқымдасына жататын аң. Қазақстанның барлық өңірінде кездеседі. Түсі жирен, сұрғылт сары. Құлағының сырты қара не қара қоңыр, құйрығы ұзын (ұз. 60 см-дей), қысқа сиракты. Жүні тығыз әрі жұмсақ. Реңі жыл маусымына қарай өзгеріп отырады (түлейді): көбіне жоны мен бүйірі сарғыш жирен, бауыры мен ұшы ақшыл тартады. Тұрқы 70–77 см, салм. 6,5–6,8 кг. Селдір орманды ашық жерлерде, өзен-көл жағалауларында, аңызда, тау баурайларын мекендейді. Күндіз інінде жатып, түнге қарай қорегін іздейді. Әдетте, ұсақ жәндіктермен, көбінесе тышқандармен қоректенеді, қорегінің құрамында 300-ден астам жәндік пен ондаған өсімдік түрлері болады. Моногам. қаңтар – ақпан айларында ұйығып, 49–58 күннен кейін 4–6 (кейде 15) күшік табады. Терісі бағалы аң, әсіресе, қарабурыл Т-нің терісі жоғары бағаланады, кеміргіштерді жеп, а. ш-на пайда да келтіреді. Сирек аң аулайтын және құс ш-тарына зиян келтіреді, құтыру ауруының вирусын таратады.

А.Бекенов

ТҮЛКІБАЙ Жаңатайұлы (т.ж.б. – 5.1853, Сырдария бойы Киіктөбе шатқалы) – батыр. Қоқандықтар салған, Күмісқорғанның билеушісі Ниязбек қазақтарды қатты қысымға алған. Ауызша деректерде Т. батыр осы бекті жаралаған десе, енді бірінде көзін жойған делінген. Ниязбектің өліміне кектенген Ақмешіт бегі Сырдария бойында көшіп бара жатқан Т. батырдың а-н шауып, өзін өлтірген. Т. батырдың артында Баймен атты ұлы қалды. 1818 ж. салынған

«Күмісқорған» қалашығының орны «Шіркейлі» каналының сол жағында Сырдария ауд. Шаған және Ақжарма а-дарының шекарасында, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автодәлізінің сол жақ бетінде Іңкәрдария елді мекенінің бұрылысы тұсында орналасқан.

Қ.Омаров



Тұменбай Қуандық

ТҰМЕНБАЙ Қуандық (22.8.1955 ж. т., Шиелі ауд. Ы.Жақаев а.) – жазушы, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2023). ҚазМУ-дың (1977, қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін, Мәскеудің М.Горький атынд. Әдебиет ин-тын бітірген (1991). «Лениншіл жас» (1978–79, қазіргі «Жас алаш») газетінде, «Жалын» баспасында редактор (1979–80), «Жұлдыз» журналында бөлім редакторы (1984–89), Алматы обл. «Жетісу» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі (1989–91), «Алматы ақшамы» газеті бас редакторының орынбасары (1991–92), ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат мин-нің бас редакторы (1992–96), «Қазақстан» баспасының бас редакторы, Халықар. журналистика ин-тында оқытушы (1996–98), «Ақиқат» журналында бөлім редакторы (2004–08), «Үркер» журналының бас редакторы (2008–20) қызметтерін атқарған. Алғашқы әңгімесі «Қайың сапты кетпен» деген атпен «Қазақ әдебиеті» газетінде 1974 ж. жарық көрген. Т. «Қайың сапты кетпен» (1982), «Жүрдек поезд» (1987), «Каникулды күткен қыз» (1990), «Жігіттің Көктөбесі» (1995), «Қанаты күйген қызғыш құс» (1995), «Сотталған домбыра» (1998), «Көз» (1999), «Жасыл жанып тұрғанда» (2001), «Қой мен қойшы» (2004), «Ар мен дар» (2005) атты прозалық кітаптары жарияланды. Шығармалары араб, орыс, неміс, ұйғыр тілдеріне аударылған. Балалар мен жасөспірімдерге арналған респ. жабық бәйгесінде бірнеше мәрте жүлде алды. Халықар. «Алаш» әдеби (1999), «Сорос – Қазақстан» сыйлықтарының лауреаты. Бірнеше медальмен марапатталған. Шиелі ауд-ның құрметті азаматы.

ТҰМЕН ТӘУІП Қаражігітұлы (1821, қазіргі М.Шәменов атынд. ауылдық окр. – 1875, сонда) – әулие, халық емшісі, тәуіп. Кіші жүз табын тайпасының Мөңке аталығынан шыққан Түмен әулие үш жүзге пір болған Мүсірәлі Сопы Әзиздің кенже баласы Қосым Қожа әулиенің қызынан туған. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, Т. т-ті 5–6 жасар кезінде әруақтар қамқорлыққа алып, 12 жасында әулиелік қасиет біржолата қоныпты. Ол өзіне емделуге келе жатқан науқасты күні бұрын біліп отырған. Осындай атақ-даңқы жайылған әулиеге жан-жақтан келушілер де көп болған. Бала Т. иығына дорбасын іліп, жаздай төбелерден, дарияның жағалауынан, сексеуілді орман-тоғайлардан, Қарақұм алқаптары мен Нұралықтан түрлі шөптерді жинап, шипалы дәрілер әзірлеген. Жүгері, арпа, сұлы дақылдары мен ас тұзының да, асқабақ, қарбыздың да шипалық қасиетін тапқан. Сол сияқты төрт түлік малдан бастап, жабайы аң-құстардың бойында да адам ағзасына қуат беретін дәрулік қасиеттер бар екенін анықтап, емге қолдана білген. Т. т. асқан қобызшы, күйші де болған. Мұнды, сиқырлы да сазды болған деседі. Т. т-тің қобызы қазіргі шырақшысы, Мұса бақсының баласы Қостайдың үйінде сақтаулы.

Т.Дайрабай

ТҰМЕН ТӘУІП КЕСЕНЕСІ – Түмен әулиенің басына тұрғызылған. Шәменов а-ның солт.-шығысындағы 5–6 км, Кеңтүбек деген жерде салынған архит. тарихи-мәдени ескерткіш. Аңыз бойынша аталған кесенені 1876 ж. Түменнің өзі қайтыс болғаннан кейін бір жылдан соң оның ұрпақтары көтерген. Қам кесектен қаланған бір ка-



Түмен Тәуіп кесенесі

мералы, порталды-күмбезді құрылыс. Кесене есігін оңт.-батысқа қарай, арка тәрізді үшбұрышты етіп, иіп қалаған. Кесененің ұз. 8,4х8,4 м. Қабырғасының қалың. 1 м, биікт. 2,10 м. Порталдың биікт. 2,5 м. Күмбездің биікт. 4 м, жалпы биікт. 6,5 м. Ішкі-сыртқы беттері қалың етіп сабан сылақпен сыланған. Ішкі қабырғасының төрт жағында жебенің ұшы тәрізді қуыс тесіктер (ұз. 65–85 см) қалдырылған. Маңынан зиярат етушілер түнейтін қонақүй салынған. Кесене Жалағаш ауд. М.Шәменов а-нан солт.-батысқа қарай 4,5 км, Қаракеткен т. ж. ст-нан оңт.-батысқа қарай 7 км жерде орналасқан. Қазіргі таңда кесене аудан көлеміндегі діни-рухани орт-тардың бірі. Кесенеге 2011 ж. «Қызылордареставрация» мекемесі қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, қорғау тақтасы орнатылды.

ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗЫНЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ – Ташкент қ-сында 1917 жылғы 2–5 тамыз арасында өткен съезд. Съезге әр обл-тан, әр уезден 84 делегат қатысқан: Сырдария обл. Перовск уезінен: Махмұд Көшкенбаев, Заркүм Қуанышев, Әшір Бердиев, Хожаһан Сейітов, Нұрмұхамед Ақатов, Бижан Жұмабеков; Қазалы уезінен: Ибраһим Қасымов, Уақбай Мырзаев, Ризаул Тасбаев, Байқуан Байбосынов, Кішкентай Оралбиев; Әулие Ата уезінен: Қабылбек Сарымолдаев, Кашымбек Әлімбеков, Сейтжаппар Ибраһимов; Черняев уезі Түркістаннан: Маулықұл Базақов; Ташкент уезінен: Баймырза Қожабеков, Әбдірахим Божаев, Бедияр Ешбатыров, Әбділрахман Досмұхамедов, Баймырза Хажибеков; Ферғана облысы Әндіжан уезінен: Жұмағалы Қалмұхамедов, Құлзар Халлбиев; Наманган уезінен: Мұхамед Әмір Аралбиев, Әбдурасул Халмырзаев, молда Бірхан Малласаламов; Жетісу обл. Пішпек уезінен: И.Тоқтыбаев, М. Тынышбаев, С.Келгенбаев. Съезді басқарушылар құрамы: С. Асфендияров (құрметті төраға); М. Тынышбаев (төраға); И. Қасымов, А. Мангелдин (төрағаның орынбасарлары); С. Қожанов, З. Сейдалин, Ш. Қапсалямов (съезд хатшылары); Қ. Қожықов, С. Ақаев, Ә. Кенесарин, С. Өтегенов (төралқа мүшелері). Съездің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша 17 баптан тұратын қаулы қабылданды. Онда Уақытша Үкіметтің Ресей мемл. болашақ құрылымы туралы жоспарларына қолдау көрсетілді; Ресей федеративті-демокр. парламенттік респ., әр жұрт пен аймақтың билігі өзінде және халық өкілдерінен тұратын мәжіліс (немесе дума) болуы, сондай-ақ Қазақ-қырғыз обл-тарын ұлттық-аум. федерацияға айналдыру ұсынылды. Переселен орыстардың Қазақ-қырғыздың жерін алуды тоқтату, бұрын алынған түрлі санаттағы жерлерді қайтару, жаңа переселендерді тіркеуді тоқтату, Қазақ-қырғыздың тоғай-ормандардың ішіне мал бағуына рұқсат беру, Түркістан аймағындағы қазақ-қырғыздарға жеткілікті су мен жер беру, жергілікті жұрттың жер иелену жағынан орыстармен тең құқықта болуы талап етілді. Перовск және Қазалы уездерінің мүддесін сақтау мақсатында Сырдариянның бас жағынан арық тартуды тоқтату, суды жинап пайдаланатын үлкен көл тоғандар соғу мәселесіне баса назар аударылды. Мектеп мәселесі бойынша: Бастауыш мектепте балаларды ана тілінде оқыту, оқу кітаптары мен басқа баспасөздерді «Қазақ» газетінің тұтқан емлесімен жазу, орыс-түземдік мектептердің орнына ұлт мектептерін орналастыру, орыс мектептерінде орыс балаларымен бірге оқып жүрген қазақ-қырғыз балаларына ана тілі және мұсылман дінін оқыту туралы қарар қабылданды. Бұдан басқа, өркениет талаптарына негізделген сот, дін, әйелдер мәселелері бойынша және баспасөз, қазына, шаруашылық, азық және отын, т.б. туралы жергілікті ұлт мүддесіне сай шешімдер қабылданды. Уақытша Үкімет дайындаған Құрылтай жиналысы (Учредительное собрание) туралы ереже жобасында көрсетілген сайлау комиссияларының құрамын жасақтау қағидаларына өзгеріс енгізу сұралды. Осы мәселе аясында жасырын дауыс беру жолымен Құрылтай жиналысына кандидаттыққа М. Шоқай, Ә. Кенесарин, И.Қасымов, С.Өтегенов, Қ. Қожықов, С.Ақаев, Ә. Көтібаров, З. Сейдалин, С. Асфендияров, С. Лапин, А. Мангелдин, Х. Ибрагимов, С. Айзуановтан тұратын 13 адамның тізімі бекітілді. Съезге қатысушылар Түркістан аймағында аймақ қазақ-қырғыз мәжілісін ашу керектігі жөнінде ортақ тұжырымға келген.

К.Ілиясова

ТҮРКІСТАН ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ – Ресей империясының 1867–1917 жылдар аралығындағы әкімш.-аум. аймағы. 1867 ж. Жетісу, Сырдария облыстарынан құралды. Солт-нде – Торғай, Ақмола, Семей облыстарымен; шығысында – Шығыс Түркістанның Жоңғар, Үрімші аймағымен; оңт-нде – Қашқариямен, Памир, Бұхар жері, Хиуа хандығымен, батысында Арал т-мен шектесті. 1868 ж. оған патша өкіметі жаулап алған Зеравшан окр., 1871 ж. Құлжа, 1873 ж. Әмудария аймақтары қосылды. 1876 ж. бұрынғы Қоқан хандығының орнына Ферғана обл. құрылды. Т. г.-г-нда 3 038 119 адам болды. Халық санының көптігінен Сырдария (1 094 557 адам), Жетісу (758 250 адам) облыстары, ал халқының тығыздығынан Зеравшан, Ферғана облыстары ерекшеленді. Т. г.-г-нда қазақтар 1 532 790, өзбектер – 1 970 420, құрамалар – 77 330, қарақалпақтар – 58 770, орыстар – 59 280, тәжіктер – 137 280 адамды құрады. Өлкенің әкімш. Ташкент қ-нда орналасты. Сонымен қатар мұнда әскери губернаторлықтың округ әскерінің қолбасшысы, Сырдария обл. мен Құрама уездерінің әкімш. орналасты. Жетісудың орт. – Верный, Ферғананікі – Маргилан, Зеравшан округінікі – Самарқан, Құлжа ауд-ның орт. – Құлжа, Әмудария бөлімшесінің орт. – Петро-Александровск қ-лары болды. 1886 жылғы «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ереже» бойынша Т. г.-г. Сырдария, Жетісу, Самарқан облыстарына бөлінді. Өлкені басқару ген.-губернаторға жүктеліп, облыстарды әскери губернатор мен обл. басқарма, ал уездерді уезд (ояз) бастығы басқарды. Уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Т. г.-г-нда барлық билік отаршылдар қолында шоғырланды. Жергілікті халық өкілдері басқару жүйесінің төм. сатыларына – болыстар мен ауылнайлар қызметіне ғана тартылды. Т. г.-г-ндағы көшпелі халықтар қазына пайдасына әрбір шаруашылықтан 4 сом төлеуге міндетті болып белгіленді. Бұған қоса елді мекендердің үстімен өткен патша әскерлерін үй және отынмен қамтамасыз ету де жергілікті халықтың мойнына жүктелді. Патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы Т. г.-г-ында 1898 ж. Әндіжан көтерілісі болды. 1916 ж. Т. г.-г. көлемінде Жетісу, Сырдария, Ферғанада ұлт-азаттық көтерілістің ірі ошақтары пайда болды. Бұл көтеріліс патша үкіметінің әскери күшімен аяусыз басып, жаншылды. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін Т. г.-г. жойылды. Өлкедегі барлық билік Уақытша үкіметтің Түркістан к-ті қолына көшті.

Г.Шуланбекова



Тыныбаев Әбубәкір

ТЫНЫБАЕВ Әбубәкір Әлиұлы (31.12.1927, қазіргі Қазалы ауд. Әйтеке би кенті – 20.1.1999, Алматы қ.) – партия және мемлекет қайраткері, Қазақ КСР-інің

еңбек сің. инж. гидротехнигі. Қазақ а. ш. ин-тын (1953, қазіргі Қазақ ұлттық агр.ун-ті) бітірген. Ақмола обл. су ш. басқармасында, обл. Жоғ. Есіл көлдетіп суғару басқармасында аға инж., Қазалы суландыру жүйелері басқармасының суды пайдалану жөніндегі аға инж., бас инж., басшысы (1953–61), Қазалы ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1961–62), Қызылорда обл. суландыру жүйесі басқармасының бас инж., басшысы (1962–66), «Қызылордасуқұрылысы» тресінің басқарушысы (1966–71), Қызылорда обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1971–72), Қазалы ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1972–74), Қазақ КСР Мелиорация және су ш. министрі (1974–81), Талдықорған обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1981–86) қызметтерін атқарған. Т. елімізде суландыру жүйесін дамытуға елеулі үлес қосты. Ол 9-сайланған КСРО Жоғ. Кеңесінің, 9–10 сайланған Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты болды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту (3 мәрте), «Халықтар достығы» орденделімен, бірнеше медальмен марапатталған. Есімі Алматы, Астана, Талдықорған қалаларындағы көшелерге, Қызылорда қ-ндағы мектепке берілген. Мүсіні Қазалы ауд-ның Әйтеке би кентінің саябағына қойылған.



Тыран

ТЫРАН (Abramis brama) – тұқы тұқымдасының бір түрі. Қазақстанда Каспий мен Арал т-дерінің су алабында, Ертіс, Балқаш, Талас өзендерінің бойында кездеседі. Ұз. 30–75 см, салм. 1–5 кг. Оңт-те ұз. 25 см-ге жетісімен (3–4 жылдан соң) немесе солт-те ұз. 30 см-ге жеткенде (5–8 жылда) жыныстық жағынан жетіліп, мамыр айының соңы – маусымның басында суы таяз жерлерге уылдырық шашады. Респ-да кәсіптік жолмен ауланатын негізгі балықтардың бірі. Тұздалған, қақталған, ысталған, жас түрінде тағамға пайдаланылады. Т. қолдан да өсіріледі.

ТЫРНАШӨП (Seseli) – шатыршагүлділер тұқымдасына жататын екі не көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Облыстың барлық жазық, шөлді, сортаңды жерлерінде, тұзды өзендердің жағалауларында, бұталардың арасында өседі. Биікт. 20–50 см. Сабағы көп, жұмыр, тықыр. Төм. жағындағы сабақтары ұзын сағақты. Жапырақтары сабақтың түбінен өніп шығады. Жапырақтары ұзын, түзу, екі рет тілімденген. Шілде айында гүлдеп, тамызда жеміс салады. Жемісінің ұз. 4 мм-дей, сопақша, екі бүйірінен қысыңқы келген.



«Тіршілік тынысы» газеті

«ТІРШІЛІК ТЫНЫСЫ» – газет. 1939 ж. 26 наурыздан «Сталин жолы» (1000 данамен) деген атпен шыға бастады. 1956 ж. «Еңбек майданы» (1350 дана), 1964–67 ж. Сырдария мен Тереңөзек аудандарының бірігуіне байланысты «Сырдария» (4150 дана), 1967–92 ж. қайтадан құрылған Тереңөзек ауд. «Еңбек туы» (3010 дана) болып шықса, 1992 ж. «Тереңөзек тынысы» (2905 дана) деп аталды. 1997 ж. Тереңөзек ауд-ның Сырдария ауд. болып өзгеруіне орай қазіргі «Т. т.» деген атаумен шығып келеді. 2003–05 ж. газет жанынан ауыл өміріне арналған «Ауылым – алтын бесігім», жастардың «Жауқазын», балалар шығарм-на арналған «Рауан», құқық қорғау саласының «Адам және заң» беттері қосылса, 2014–19 ж. қоғам сұранысына сай «Жәрмеңкеден – жұмысқа», «Тазалық», «Дәстүр», «Мирас» «Құрмет», «Сәті түскен сұхбат», «Ойтүрткі», «Кәсіпкерлік көкжиегі» айдарлар берілген. Қазіргі уақытта газетте «Аймақ», «Таным», «Есеп» сияқты арнаулы беттері және «Шалғайда жүрген бір түлек», «Кент көшелері», «Ауыл жаңалығы», «Тәуелсіздік шежіресі», «Поэзия», «Жазылған жайдың жаңғырығы», т.б. айдарлар тұрақты беріліп тұрады. Басылым сайтында 2017 жылдан бергі газет мұрағаты сақтаулы.

Қ.Омаров



Тян Гым Чер

ТЯН Гым Чер (29.7.1916, Ресей, Владивосток қ. – 21.1.1999, Кабарда-Балкар АКСР-і, Май қ.) – еңбек ардагері, Соц. Еңбек Ері (20.5.1949). Қызылорда а. ш. техникумын 1940 ж. бітіріп, Шиелі ауд-ндағы МТС-те агроном (1940–43), «Авангард» ұжымшарында агроном, бас агроном (1943–76) болып жұмыс істеген. 1941 ж. Т-нің басшылығымен күріш тұқымының жаңа сорты сыналды. Ғылым жетістіктерін өндіріске енгізудің және озат тәжірибенің нәтижесінде 1948 ж. «Авангард» ұжымшары жоғары өнім алды. Аум. 40 га болатын егістіктің әр гектарынан 80 ц-ден күріш жинады. Т. Ленин (1949), Қазан революциясы (1973) орденделімен, медальдармен марапатталған. Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесі медальдарының иегері (1966,1974).

Қ.Омаров



У

УӘЙІС Ержан Үбәйдаұлы (26.6.1951 ж. т., қазіргі Түркістан обл. Отырар ауд. әл-Фараби а.) – журналист-дипломат, Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2008), ҚР Мәдениет қайраткері (2000).



Уәйіс Ержан

ҚазМУ-ды (1973, қазіргі ҚазҰУ), ҚР Сыртқы істер мин-нің дипломат. жоғары курсын (1996) бітірген. Қазақ КСР Телерадио к-ті мен ҚР телевизиясында реж-дің көмекшісі, тілші, кіші редактор, аға редактор, «Қазақстан» ақпараттық бағдарламасында экономика шолушысы, бөлім меңгерушісі, Үкімет пен Парламенттегі арнаулы тілші, саяси шолушысы қызметтерін атқарған (1969–92). Шет елде аккредитацияға тіркелген тұңғыш Қазақ журналисті, Қазақстан телерадио к-тінің Түркия Республикасындағы тұңғыш меншікті тілшісі, қоса атқару жолымен Ыстанбұл қ-ндағы «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Заман – Қазақстан» газеттері мен ҚазТАГ агенттігінің, Германиядағы «Азаттық» радиосының Түркиядағы меншікті тілшісі (1992–93), Түркиядағы Қазақстан елшілігінің Ыстанбұл қ-ндағы өкілдігінің жетекшісі – Қазақстанның Ыстанбұл қ-ндағы консулы, хатшысы қызметтерін (1993–98), ҚР Ұлттық баспасөз клубының вице-президенті (1998–2007) болған. Қызылорда обл. әкімі аппаратының инспекторы, бас маман, бас инспекторы (2007–08), обл. әкімінің кеңесшісі (2008–13), обл. тілдерді дамыту басқармасының басшысы (2013–14), облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» ММ-нің бөлім басшысы, аға сарапшысы (2014–22) қызметтерін атқарған. 2022 жылдан Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Түркиядағы өкілдігінің жетекші–өкілі. У. Қазақстанның Тәуелсіздігі, сыртқы қатынастары, Қазақстан және Түркия арасындағы байланыстар туралы арнайы түсірілген телевизиялық деректі фильмдердің, Қазақстан

туралы көркем суретті бірнеше фотоальбом – кітаптардың (Түркияда басылып шығарылған) авторы.

Қ.Омаров



Уәлиев Бодаш

УӘЛИЕВ Бодаш (16.10.1928, Сырдария ауд. Жамбыл кеңшары – 21.1.1992, Қызылорда қ.) – қызметкер. Алматы жоғары партия мектебін (1962) бітірген. Еңбек жолы 1944 ж. басталған. 1949 жылдан ауд., обл. комсомол к-тінде жауапты қызметтер атқарған, бөлім меңгерушісі болған. Жаңақорған ауд. комсомол к-тінің 1-хатшысы (1951–53), Қызылорда обл. к-тінде нұсқаушы, сектор меңгерушісі (1953–58), бөлім меңгерушісінің орынбасары (1962), Жалағаш ауд. партия к-тінің 2-хатшысы (1965–71), Арал ауд. атқару к-тінің төрағасы (1971–79), 1979 ж. Арал ауд. партия к-тінің 1-хатшысы қызметтерін атқарған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1985) болған. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

УӘЛІ Итенұлы (1798, Еділ өз. бойы – 1881, Қорқыт Ата қорымы) – би. Орыс патшасының қазақ жерін отарлау саясатының кесірінен туған жерінен ығыстырылған қазақ ауылдары Жайық өз. бойына, Арқаға ауа бастады. Сол кезде Итен де балалары Құлты, Уәліні алып, қазіргі Ақтөбе, Қостанай облыстарының жеріне көшкен. Қазірде Қостанай өңірінде «Құлтының қара моласы» деп аталып кеткен жер бар. Ағасы Құлты қайтыс болғаннан кейін У. И. би өзіне қарасты ағайындарымен Сыр бойына қоныс аударып, осы күндері Жайлау, Байзақ, Сүйінқара, Шоңмұрын, Жапырақты, Шақпақты аталатын тоғайларға орналасқан. У. И. Кенесары Қасымұлы бастаған халық қозғалысын қызу қолдаған. Оның өткір де батыл сөздері халық арасында кең тараған. Қаракұмда мал жайылымын игеру мақсатында құдық қаздырып, ол бүгінде «Уәлі құдығы» аталып кеткен.

Б. Ахметбек



ҰЗАҚБАЕВ Бегімбай (15.4.1948 ж. т., Арал ауд. Қаратерең а.) – жазушы-журналист, ҚР Мәдениет қайраткері (2008), Қазақ журналистикасының қайраткері (2011).



Ұзақбаев Бегімбай

ҚазМУ-ды (1970, қазіргі ҚазҰУ), Алматы жоғары партия мектебін (1984), КОКП Орт. партия к-ті жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясының арнаулы курсын (1986) бітірген. Туған а-ндағы орта мектепте мұғалім, Арал ауд. комсомол к-тінде хатшы (1963–73), обл. телерадиокомпанияның хабарлар тарату к-тінде редактор, аға редактор, бас редактор (1973–83), Қызылорда обл. к-тінде нұсқаушы (1984–86), КСРО Министрлер кеңесінің облыс бойынша дін жөніндегі уәкілі (1986–92), 1992–2020 ж. обл. әкімі аппаратының бөлім, сектор меңгерушісі, бас инспекторы қызметтерін атқарған. Облыс әкімі жанындағы Ақсақалдар кеңесінің мүшесі. Ұ. «Жалаңтөс Баһадүр», «Қарабура», «Сопы әзіз пір», «Марал баба», «Сартай батыр», «Байзақ», «Алдараспандар рухы», «Тұғыр» тарихи романдарымен бірге 18 прозалық кітаптың, «Дін және жастар» атты зерттеу еңбегінің авторы. Бес томдық таңд. шығ. жинағы жарық көрген. «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ерлігі үшін», т.б. медальдармен, «Құрмет» грамоталарымен марапатталған. Арал және Қазалы аудандарының құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ҰЗАҚОВ Ясин Мәлікұлы (8.10.1948 ж. т., Қармақшы ауд. Жосалы кенті) – ҚР-ның ет өнеркәсібі саласының ардагері, техн. ғыл. докт. (2007), проф. (2010). Ұ. КСРО еңбек сің. өнертапқышы және рационализаторы (1986), ҚР Жаратылыстану ғыл. академиясының акад.(2008), ҚР Ғалымдар одағының вице-президенті (2023). Қазақ хим.-технол. ин-тының (1973, қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) автоматтандыру және технол. процестерді кешенді механикаландыру мамандығын, Семей ет және сүт өнеркәсібінің технол. ин-тының (1980, қазіргі Шәкәрім атынд. ун-т) ет және ет өнімдері технол. мамандығын бітірген. Алматы ет өнеркәсібі өндірістік бірлестігінде ет консерві комбинатының маманы (1973), ет өңдеу з-тының шебері, аға технологы, цех бастығы, директоры (1973–78) болған. Қазақ КСР ет және сүт өнеркәсібі министрінің бас технологы (1978–80), ет консерві з-тының директоры (1980–85), ет өңдеу з-тының директоры (1985–94), Алматы ет өнеркәсібі өндірістік бірлестігінің бас инж., 1-ші вице-президенті (1994–97), «Алматы-ет» АҚ-ның президенті (1997–2002), «АФ Қайнар» ЖШС-нің бас директоры (2002–06) қызметтерін атқарған. 2002 жылдан Алматы технол. ун-тінің проф. Ұ. 1000-нан астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 18 монография, 22 оқулық және оқу құралының, 58 отандық және шетелдік патенттің, өндіріске ендірілген 140 өнертабыс пен жаңалықтың авторы. 2 ғылым докторын, 45 ғылым кандидатын, 8 Ph.D дайындаған. Бірнеше гранттық ғылыми жобаның ғылыми жетекшісі. КСРО Ет және сүт өнеркәсібі министрінің Құрмет грамотасымен (6 мәрте) және Қазақ КСР Ет және сүт өнеркәсібі министрінің Құрмет грамотасымен (10 мәрте), Бүкілодақтық х. ш. жетістіктері көрмесінің бірнеше алтын медалімен, «ҚР-ның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен (2014), бірқатар салалық медальдармен марапатталған. Көрнекті ғалымдарға арналған мемл. стипендияның (2010-2012), Мемл. ғылыми стипендияның (2023) иегері. Халықар. «Сапа кепілдігі» тағам сапасы байқауының «Мясной оскар» сыйл. жеті мәрте (Мәскеу қ., 2014, 2015, 2016, 2017, 2018, 2019, 2021) жеңімпазы.



Ұзақов Ясин

Қ. Омаров

ҰЗЫНҚАЙЫР – Арал т-нің қазақстандық бөлігіндегі арал. Арал ауд. жерінде. Ұ. аралдары екеу. Оның біріншісі – Қасқақұлан аралының батыс шетінен 15 км-ге созылып жатыр, ені 1,5–2,0 км болатын құмқайыр. Қиыр солт. мүйісінде 400-дей тұрғыны бар елді мекен болды. Мұнда балық қабылдайтын пункт, балық тұздайтын, ыстайтын, тоңазытқыш цех, жүк кемелері тоқтайтын порт, орта мектеп, кітапхана, клуб, монша, байланыс торабы, пошта, сауда орны, наубайхана, фельдш.-акушерлік пункт,

аэродром болды. Екіншісі – Ұялы аралының шығысында 4,0 км жерде теңіз ішінде орналасқан. Ұз. 16 км, ені 0,7–1,2 км. Солт. – шығыстан оңт.-батысқа қарай созылып жатқан жалаңаш қайыр. Мұнда отырықшы ел болған жоқ. Тек Ұялы, Көзжетпес және Қасқақұлан балық ұжымшарларының балықшылары көктемгі лайбалықта (мамыр айы) осында қостанып жатып, балық аулады. Негізгі аулайтын балығы – қаяз. Қазіргі Ұ. аралы теңіз суының тартылуына байланысты жағалаумен бірігіп кетті.

А.Нұргызарынов

ҰЗЫНТАМ БЕЛГІСІ – 11–12 ғ-лардағы сәулет өнерінің ескерткіші. Қазалы қ-нан батысқа қарай 55 км жерде орналасқан. Цилиндр тәрізді жасалып, шикі және күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Мұнараның диам. 7 м, биікт. 10 м, көл. шамамен 300 м^3.

Р. Тасмаганбетова

ҰЛБИКЕ Жангелдіқызы (1825, қазіргі Қызылорда қ-на қарасты Қараөзек елді мекені – 1849, сонда) – айтыс ақыны. Әкесі Жангелді, анасы Жаңыл ақын болған. 12 жасынан топқа түсіп, ақын, әнші, домбырашылығымен танылған. Ізтілеу, Серәліқожа, Мәделіқожа, Таспа ақындармен айтысқан. Ақынның Күдеріқожамен айтысы ерекше бағаланады. М.Ж.Көпеевтің айтуынша, қайым айтысы Ұ. мен Күдеріқожадан басталған. Өзінің өкінішті өміріне арнап көптеген өлеңдер жазған. «Алтын балдақ» әні сақталған. Ақын мұраларын Көпеев, Ә.Диваев зерттеген. Ұ. мен Күдеріқожа айтысын 1870 ж. академик В.В. Радлов алғаш баспа бетінде жариялаған. Ұ-нің ақындығын М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Жолдасбеков, т.б. жоғары бағалады. Бірқатар айтыстары 1942, 1964, 1965, 1988 ж. «Айтыс» жинақтарында жарияланды.

С. Кенжеахметұлы

ҰЛЫҚПАНҰЛЫ Нұрлыбай (28.1. 1942 ж. т., Қазалы ауд. қазіргі «Бозкөл» а.) – еңбек ардагері. Ұ. ҚР құрметті құрылысшысы (2012), ҚР Журналистер Одағының мүшесі (2018), Обл. құрметті ардагері (2022).Қазақ хим.- технол. ин-тын (1966, қазіргі Оңт. Қазақстан ун-ті) бітірген. Еңбек жолын туған а-нда жұмысшы болып бастаған (1958–61). Қазалы ауд. а. ш. басқармасында бас құрылыс инженері (1968–75), Қызылорда обл. а. ш. басқармасы бастығының құрылыс жөніндегі орынбасары (1975–2005) қызметтерін атқарды. Зейнетке шыққаннан соң ҚР Фермерлер Одағының Қызылорда филиалын басқарды (2006–17). 2006 жылдан обл. а. ш. басқармасы ардагерлерінің төрағасы. Ұ. обл. экон. дамытуға үлес қосқан. ҚР А. ш. мин. құрмет грамотасымен (1970, 1992, 2021), обл.әкімінің құрмет грамотасымен (1992, 2017, 2022) марапатталған. Қазалы ауд-ның құрметті азаматы (2021).

Қ.Омаров

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ – 2022 жылғы 8 маусымда құрылған. Қызылорда облының солт.-шығысында орналасқан. Әкімш. орт.



Ұлытау облысы

– Жезқазған қ. Аум. 188 936, 61 км², тұрғыны 227,0 мың адам (2022), халқының тығыздығы 1 км²-ге 1,2 адамнан келеді. Бұрынғы Жезқазған обл-ның аумағында құрылған. Оның аумағы бұрынғы Жезқазған обл-ның аумағынан кішірек (1997 жылға дейін Шет, Ақтоғай аудандары, Балқаш және Приозерск қ-лары да енген). Облыс 2 ауданнан (Жаңаарқа, Ұлытау), 3 обл. маңызы бар қ-дан (Жезқазған, Қаражал, Сәтбаев) тұрады.

ҰЯЛЫ АРАЛЫ – Арал т-нің қазақстандық бөлігіндегі арал. Кезінде (1980 жылға дейін) арал жағалаудан 8 км қашықтықта болған. Ұз. 18 км, ені 2 км-ге жететін. Ол Арал т-нің оңт.-шығысындағы Сұлу бұғазының солт. жағасында орналасқан. Теңіз толық кезінде мұнда Ұялы а. болды. Ауылда Ұялы балық ұжымшары, моторлы балық аулау ст. (МРС), балық қабылдайтын пункт, балық тұздайтын, ыстайтын, мұздататын цехтар, қойма, кемелер тоқтайтын және жүк тиейтін шағын порт болды. Ұжымшарда орта мектеп, кітапхана, клуб, фельдш.-акушерлік пункт, монша, байланыс бөлімшесі, рация торабы, аэродром болған. Өсімдігінің денін үрме құм шоқаттарға шығатын бұталар мен шоқаттардың етегіндегі ыза суы бар жерлерге шығатын соңғандар құрайды.

А. Нұргызарынов

ҮБІС Жанайұлы (т.ж.б. – шамамен 1871) – би. Әкеден жастай жетім қалған Ү. шөмекейлердің биі Пірәліге барып, ақыл-кеңес, батасын алған. Өзі отырған Көкшүңгілдегі суалмаға тары егіп, содан байып, арпа, бидай егумен және мал ш-мен айналысқан. Арық қазу, тоспа салу, әуіздер жасауды қолға алған. Жаңадария жағасында «Көкшүңгіл», «Сарышығанақ», «Шымбай» жолының үстінде екі бөлмелі қоспақ үйтам-мешіт салдырған. Сол үшін Үргеніштен арнайы ұста алдырып, қыш күйдірткен. Кейін бұл үйді қайыр там еткен. Оны жолаушылар баспана, керуен сарай ретінде пайдаланған. Оның бастамасымен қазіргі Жаңаталап



Үбіс мазары

а-нда ұз. 10 км-дей арық қазылып, оны жұрт қазір де «Үбіс арығы» дейді. Оның есімімен аталатын «Үбіс көлі» деген де жер бар.

Т.Дайрабай



Үдербаев Мұрат

ҮДЕРБАЕВ Мұрат Пірмағанбетұлы (28.8.1958 ж. т., Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері. Мәскеу автожол ин-тын бітірген (1980). Қызылорда қ. жол құрылысы басқармасында шебер, прораб, басқарма бастығы, трест басшысы (1980–91), «Оңтүстікмұнайгаз» ӨБ жанындағы «Мұнайшы» кәсіпорнының директоры (1991–93), «Оңтүстікмұнайгаз» МАҚ көлік жолдары басқармасының басшысы (1993–2000), «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз» ААҚ бөлімінің бастығы (2000–03), «Автомобиль жолдары басқармасы» ЖАҚ президенті (2003–04), Қызылорда қ-ның әкімі (2004–05) қызметтерін атқарған. 2005 жылдан «Автомобиль жолдары басқармасы» ЖШС-ның директоры. «Құрмет» (2007), «Парасат» (2013), 1-дәрежелі

«Барыс» ордендерімен (2022) марапатталған.

Қ.Омаров



Үмітжанов Мыңбай

ҮМІТЖАНОВ Мыңбай (15.1.1960 ж. т., Сырдария ауд. Шіркейлі а.) – ветеринария ғыл. докт. (2006). Алматы зоовет. ин-тын (1983, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Бүкілодақтық экология, тазалық, ветеринарлық-санитарлық ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1989, Мәскеу), Ветеринария ғыл.-зерт. ин-тының докторантурасын (2004) бітірген. Қазақ ғыл.-зерт. ветеринария ин-тында кіші ғыл. қызметкер, құс және ара ауруларын зерттеу лабның ғыл., аға ғыл. қызметкері (1983–2001), Ветеринария ғыл.-зерт. ин-тының жылқы және түйе аурулары лаб-нда аға, бас ғыл. қызметкер. лаб. меңгерушісі (2005–09) қызметтерін атқарған. «ҚазАгроИнновация» АҚ «Қазақ ғыл.-зерт. ветеринария ин-ты» ЖШС-нда лаб. меңгерушісі, бас ғыл. қызметкер (2009–18)болған. 2018 жылдан Қазақ ұлттық агр. ун-тінің проф. Негізгі ғыл. бағыты – құс пен араның бактер. аурулары, малдың өте қауіпті дерматомикоз (трихофития мен микроскопия) қоздырғыштарын зерттеу. Ү. 3 ғылым кандидатын дайындаған. 200-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 5 әдістемелік нұсқаулықтың авторы. 50-ден астам инновац. патенттің иегері.

Қ.Омаров



Үңгірліасар

ҮҢГІРЛІАСАР – ежелгі қала. Жалағаш ауд. орт-нан батысқа қарай 32 км жерде орналасқан. Ү. пішіні төртбұрышты, аум. 120х100 м, ені 3–5 м, биікт. 4–6 м дуалмен қоршалған. Осы қоршалған дуал ортасында тағы бір ғимарат салынған. Бұл құрылыстың пішіні көпбұрышты, аум. 40х40 м, биікт. 7–9 м. Қаланың батыс қабырғасының ортасында қақпасы орналасқан. Жетіасар ескерткіштері 1946 ж. анықталып, 1948–49, 1951–58, 1966 және 1990-жылдар аралығында Хорезм археол. этногр. экспед. (жетек. С.П.Толстов, М.А.Итина, Л.М.Левина) кешенді археол. зерттеулер жүргізген, бірақ Шығыс асарларға (Моншақты асар, Аққала, Ахметқала, Қараасар-1, -2, Сарлыасар, Домалақасар, Үңгірліасар, т.б.) қазба жұмыстары жүргізілмеген. 2006 ж. «Қызылорда облысының ескерткіштерін есепке алу» археол. экспед. (жетек. Ж.Қ.Құрманқұлов) барлау жүргізіп, Ү. ескерткішінің нақты геогр. координатын анықтап, қосымша деректер жинады. Ү. Сырдария, Қуаңдария және Ескідария арналарының бойында шамамен қола дәуірінің соңы – б.з. 9 ғ-лар аралығында өмір сүрген Жетіасар мәдениетінің Шығысасарлар тобына жатады.

Ж.Құрманқұлов



Үсебаев Кеңесбай

ҮСЕБАЕВ Кеңесбай (1914, Жалағаш ауд. Мәдениет а. – 1995, Алматы қ.) – журналист. Қазақ коммунистік журналистика ин-тын (1938) бітірген. Қарағанды обл. «Советтік Қарағанды» газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары (1938–46), Ақмола обл. «Сталин туы» газетінің редакторы (1949–52), Қазақ КСР Мин. Кеңесі жанындағы радио-хабарлары к-тінің төрағасы (1952–55), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бас редакторының орынбасары (1955–59), бас редакторы (1960–69), ҚазТАГ директоры (1959–60), Қазақ КСР Мин. Кеңесінің Телевизия және радиохабарлары жөніндегі мемл. к-тінің төрағасы (1969–75) болған. Ү. 6–8 сайланған Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты. Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Т.Дайрабай



Үсенбаева Қамар

ҮСЕНБАЕВА Қамар Сахықызы (6.15.1942, Жаңақорған ауд. Ақүйік а. – 7.10.2021, сонда, Әбдіғаппар а.) – еңбек ардагері. Еңбек жолын «Задария» кеңшарында күріш өсіруден бастаған. 1970 жылдан бастап белгілі диқан Ы.Жақаевтың «100 центнершілер» тобына қосылып, күріштің әр гектарынан 1976 ж. 117 ц-ден, 1977 ж. 122 ц-ден өнім жинаған. Қазақ КСР ОК-нің мүшесі (1971), Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 8-шақырылған депутаты (1971–75) болып сайланған. Ленин (1972), Еңбек Қызыл Ту (1972) ордендерімен, үш мәрте Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінің күміс медалімен (1973–77), 9-бесжылдықтың екпіндісі (1975), т.б. белгілерімен марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ҮШТАМ – қоныс. Тұран ойпатында, Қызылқұмның солт. бөлігінде. Көне түркі тіліндегі там – «баспана», «үй», қырғыз тілінде там «шымнан тұрғызылған үй». Үштам «әу бастан сол жерде үш там болған, үш там салынған» дегенді білдіреді.

ҮШШОҚЫ – төбе. Арал т-нің солт.-шығыс бөлігі, Көктырнақ түбегінде. Абс. биікт. 188 м. Бұл алыстан көрініп тұратын үш төбе. Бұл жер бұрын теңіз жағалауына жақын орналасқан. Сол жерде Ү. елді мекені болған. Елді мекенде балықшылар қоныстанған. Жазушы Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романында осы Үшшоқы жеріндегі болған оқиға айтылған.

ҮШІНШІ ИНТЕРНАЦИОНАЛ – Қармақшы ауд-ндағы ауыл, өзімен аттас ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Жосалы кентінен оңт-ке қарай 35 км жерде, Құрайлы каналының аңғарында орналасқан. Тұрғыны 2,1 мың адам (2023). Іргесі 1928 ж. қаланған. 1928–96 ж. күріш өсіретін ұжымшардың орт. болған. Ұжымшар негізінде Ү. И-да шаруа қожалықтары жұмыс істейді.



III Интернационал ауылы

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ОРТАЛЫҒЫ – заманауи спорт ғимараты. Жалпы ауданы – 3079,0 м^2 2 қабатты нысан Қызылорда қ-нда салынуда, жоба құны – 2,6 млрд тг. 1-қабатында 16 үстел теннисі орналасқан ойын алаңы, көрерменге арналған 350 орын, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер орналасқан. Орт. үстел теннисінен 350-ден астам спортшы (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі спортшылар) мен оқытушы-жаттықтырушы оқу-жаттығу процесі мен жарыстарға тыңғылықты дайындалады. 2024 ж. тамызда пайдалануға беріледі.



Үстел теннисі орталығы

ФХ

ФАХР ад-ДИН әл-ЖЕНДИ (шамамен 1170, Женд қ. – 1220 жылдан кейін, сонда) – ортағасырлық мемлекет қызметкері. Оның Женди деген туған жерін білдіретін лақабына қарағанда ол Женттік жергілікті қаңлы тайпасынан шыққан. Әкесінің ныспысы Әбу-л-Қасым. Ол да – Тұрқан хатун шыққан қаңлылардың белгілі бектерінің бірі болды. Фахр ад-Дин Әбу ибн Әбу-л Қасым әл-Женди шамамен 1210 жылдары өзі туып-өскен Жентте Хорезм шаһтың уәзірі болып тағайындалды. Ол өз қызметін 1220 жылға дейін, яғни әміршісі Ала әд-Дин Мұхаммед 1220 ж. ауырып қайтыс болғанға дейін жалғастыра берген.

Ә.Дербісәлі

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРАЛДЫ ҚҰТҚАРУ ҚОРЫ – Арал т-нің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында 1992 ж. құрылған. 1993 жылдың 26 наурызында Х. А. қ. қ-ның құрылтайшылары – Орт. Азия елдерінің басшылары Қызылорда қ-нда Саммитте бас қосып, Арал т. және Арал маңының экол. сауықтырылуы мен аймақтың әлеум.-экон. дамуын қамтамасыз ету мәселелерін шешуде бірлесе қызмет ету туралы мәлімдеме қабылдады. Қордың негізгі міндеті – халықар. қауымдастықтың қолдауымен Арал т. бассейнін экол. сауықтыру мен аймақ тұрғындарының әлеум.-экон. деңгейін көтеру мәселелері бойынша бірлескен нақты істер мен бағдарламалық жобаларды қаржыландыру. Арал дағдарысы салдарымен күресті Х. А-ды қ. қ. үйлестіріп отырады. БҰҰ-ның даму, экол. бағдарламаларымен, ЮНЕСКО, Бүкіләлемдік банк, Азия Даму банкі, ТАСИС ұйымдарымен, сонымен қатар Германия, Дания, Израиль, Канада, Нидерланды, АҚШ, Швейцария, Швеция және басқа да донор елдер үкіметтерімен біріге отырып, Х. А. қ. қ. аймақтың әлеум.-экол. проблемаларын шешуге бағытталған түрлі жобалар мен бағдарламалар жүргізіп келеді. Арал т. бассейнінде 1995–2010 ж. екі бағдарлама (ПБАМ-1, ПБАМ-2) жүзеге асырылды. ҚР Үкіметінің кешенді бағдарламалары мен Арал т. бассейнінің бағдарламасы аясында Арал т. бассейнінің су ресурстарын бірлесе басқару тетіктерін қамтамасыз ету, экол. апат аймақтарын қалпына келтіру, тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз ету, олардың денсаулығын жақсарту, жұмыссыздық деңгейін төмендету мәселелері бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Арал маңының қазақстандық бөлігінде жалпы құны 85,8 млн АҚШ долларын құрайтын «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» аса ірі ұлттық жобасы жүзеге асырылды. Х. А. қ. қ-ның құрылтайшылары – Орт. Азия елдері басшыларының 2009 ж. 28 сәуірде Алматы қ-нда өткен Саммиті қор қызметіне жаңа серпіліс берді. Х. А. қ. қ. атқарушы комитеті МҮСШҚ, ХТДК ұйымдарымен бірігіп, ұлттық сарапшылар мен донорларды қатыстыра отырып, Арал т. бассейніндегі елдерге көмек көрсетудің 2011–15 жылдарға арналған Жаңа бағдарламасын жасады. Орт. Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттері – Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан Республикалары құрған мемлекетаралық үйлестіруші су ш. комиссиясы Арал т. алабында су ресурстары жетіспеушілігі жағдайында аймақтық қауіпсіздік және экол. жағдайды жеңілдету және сумен қамтамасыз етуді тұрақтандыру мақсатында көп жұмыстар атқарды әрі жүйелі жалғастыруда. Х. А. қ. қ. құрылғаннан бері аудандағы елді мекендерге су таситын техникалар алуға, мектеп, балабақшалардың материалдық-тех. базасын нығайтуға, тартылған теңіздің табанына сексеуіл егуге, «Барсакелмес» қорығын кеңейтуге, «Қамыстыбас» балық питомнигін құрал-жабдықтармен қамтуға, мемл. мекемелерге арнайы автокөлік алуға қаржы бөлуге көмек көрсетіп келеді. Бұдан бөлек ауданда 1992 ж. қабылданған «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау» туралы Заңды жетілдіру бағытында жұмыстар атқарылуда. ҚР-дағы Х. А. қ. қ. мынадай бағыттар бойынша: 1) су ресурстарын кешенді пайдалану трансшекаралық су ресурстарын басқарумен байланысты мәселелерді шешуге, суғармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын жақсартуға, мониторинг жүйелері мен деректер базасын құруға, бассейндік жоспарларды әзірлеуге және гидротех. құрылыстардың қауіпсіздігін арттыруға; 2) Экол. Бұл саладағы жобалар қоршаған ортаны қорғау және жақсарту, оның ішінде биол. алуантүрлілікті сақтау және табиғи апаттар қаупін азайтумен байланысты мәселелерді шешуге; 3) Әлеум.-экон. Бұл бағыттағы жобалар әлеум.-экон. мәселелерді шешуге, оның ішінде халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту, тұрақты даму, халықты жұмыспен қамту, сумен және энергиямен қамтамасыз ету жүйесін, білім беру мен денсаулық сақтауды жақсартуға; 4) Институционалдық және құқықтық тетіктерді жетілдіру. Бұл саладағы жобалар институционалдық дамуды, нормативтік-құқықтық базаны жақсартуға және Х. А. қ. қ. аймақтық органдарының әлеуетін нығайтуға байланысты мәселелерді шешуге арналған жұмыстар жүргізілуде.

ХАН Евгений Харитонович (13.8.1934, Хабаровск – 6.10.2002, Қызылорда қ.) – журналист. ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) филол. ф-тін, КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолын Жамбыл обл-нда тілші болудан бастаған. Қызылорда обл. радиосының, обл.



Хан Евгений

«Путь Ленина» (қазіргі «Кызылординские вести») газетінің тілшісі, Қызылорда қ. партия к-тінің бөлім меңгерушісі болды. Обл. партия к-тінде жауапты қызмет атқарды, баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі обл. басқарманың бастығы болды. «Кызылординские вести» газетінің әдеби қызметкерінен редакторлығына (1984–98) дейін көтерілді. 1989 ж. Қызылордадағы корей ұлттық-мәдени орт-ның тұңғыш, кейін құрметті президенті болып сайланды. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы.

ХАН Роман Васильевич (15.1.1912, Ресей, Примор өлкесі Хасан ауд. – 1982, Қызылорда қ.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). Хабаров обл. «Красное небо», «Свободный труд» ұжымшарларында (1930–37), Қызылорда обл. Шиелі ауд-ндағы «Гигант» ұшымшарына күріш звеносының жетекшісі, егіс бригадирі (1937–68) болып жұмыс істеген. 1949 ж. бекітілген 26,5 га жердің әр га-дан 84 ц



Хан Роман



Хангелдин Айтбай

ХАФИЗ әд-ДИН МҰХАММЕД ӘЛ-КЕРДЕРИ (14–ғ-дың 2–жартысы – 1424, Түрік елі) – ғалым, түсіндірмеші. Еңбектері: Мұхаммед бин әл-Хасан аш-Шайбанидің (804 ж. қайтыс болған) «Үлкен жинақ» атты еңбегіне жасалған түсіндірме; Қысқаша жинақ; Әбу Ханифаның ізгі қасиеті; Іс-мәселелер.



Хван Александра

ХВАН Александра Павловна (11.8.1926, Ресей, Приморье өлкесі. Дальнереченск ауд. Лукьяновка с. – ө.ж.б.) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). Талғар а. ш. техникумын (1954) бітірген. Шиелі ауд. «Гигант» ұжымшарында сушы болып жұмыс істеген (1943–56). 1949 ж. 5,1 гектар алқаптың әр гектарынан 88 ц-ден күріш жинаған. Талдықорған обл. Киров ауд. Энгельс атынд. ұжымшарда, «Жеті жал» қой кеңшарында, Үштөбе нан з-тында еңбек еткен (1957–81). Ленин орденімен (1950), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

күріш өсіріп, жоғары көрсеткішке қол жеткізген. Ленин орденімен (1950, 1957), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ХАН – ауыл. Аманөткел ауылдық окр-не қарасты, округ орт-нан 7 км жерде, Сырдария өз-нің бойында орналасқан. Тұрғыны 81 адам (2023). Халықтың ауызекі дерегі бойынша, кезінде Әбілқайыр хан Сырдария бойындағы осы өткелден өткен, содан «Хан өткелі» деп аталған екен. Осы маңайға қоныс тепкен ел Х. а. атанған. Х. а. облыс орт-нан 421, аудан орт-нан 126 км қашықтықта орналасқан. Ауыл батысында Бөген ауылдық окр-мен, оңт.-батысында Жаңақұрылыс ауылдық окр-нің шекараларымен шектеседі.

ХАНГЕЛДИН Айтбай (6.11.1906, қазіргі Қызылорда қ-на қарасты Абай а. – 1981, Алматы қ.) – жазушы. Ташкент халық ағарту институтын (1926), Орта Азия университетінің аспирантурасын бітірген. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Өзбекстан КП ОК-нің органы – «Еңбек» газетінде (1920–30), Қазақ радио к-тінің төрағасы, Қарсақпай ауд. партия к-тінің бөлім меңгерушісі, Қарсақпай ауд. «Қызыл кенші» газетінің редакторы, Казглавлиттің бастығы (1932–42), Қазақстан КП ОК-де жауапты жұмыста (1945–50), 1951–60 ж. Қазақтың мемл. көркем әдебиет баспасында («Жазушы») аға редактор, редакция меңгерушісі, бас редактор қызметтерін атқарды. Алғашқы әңгімелер жинағы 1931 ж. «Құрылыс» деген атпен жарық көрген. «Маржан» (1935), «Ақан сері» (1947), «Қыз жүрегі» (1961) поэмаларын, «Тоғысқан тағдыр» (1965) романын, «Біздің оттарымыз» (1954), «Қараторғай» (1970), «Ғанидың жұлдызы» (1974) повестерін жазды. Х-нің «Дударай» (1947), «Арқалық» (1948), «Жайнақтың сыры» (1955), т.б. пьесалары, «Таңдамалы» (1956) өлеңдер жинағы жарық көрді. Х. Н.Гогольдің, А. Чеховтың, А.Горькийдің, А.Ширванзаденің, т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударған.

А.Әбілдаева



Хван Чан Ир



Хе Бен Хи



Хе Се Ун


ХВАН Чан Ир (1893, Солт. Корея – 19.3.1966, Ресей, Ростов обл.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (20.5.1949). Қиыр Шығыстың шекаралас аймақтарынан этник. корейлерді жаппай депортациялау нәтижесінде 1937 ж. Өзбекстанға қоныстанған. Қызылорда обл-ның Шиелі ауд-ндағы «Авангард» кеңшарына қоныс аударып, күріш өсірумен айналысқан (1940–53). Х. басқарған звено 1948 ж. күріштен рекорд жасап, 20 га алқаптың әр гектарынан 61,5 ц-ге дейін, оның ішінде 10 га егістіктен гектарына 80 ц-ден өнім жинаған. 1953 жылдан Ресейдің Ростов обл. «Маленков» ұжымшарында күрішші болған.Ленин орденімен (1950), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ХЕ Бен Хи (19.4.1910, Солт. Корея – ө.ж.б.,Өзбекстан, Сырдария обл. Сайхун а.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). Ресейдің Владивосток қ-на қоныс аударып, 1920–31 ж. жалданып жұмыс істеген. Амур өз. флоты кемесінде матрос, «Никольск-Уссурийск» кеңшарында трактористі, Кеңес Гаваны құрылысында құрылысшы (1931–37) болып жұмыс істеген. 1937 ж. Жалағаш ауд. «Октябрь жолы» ұжымшарында шошқа бағып, 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында еңбек майданына шақырылған. Шиелі ауд. «Большевик» ұжымшарында күріш звеносына жетекшілік еткен (1946–58). 1949 ж. 5,1 га алқаптың әр гектарынан 80,7 ц-ден күріш жинаған. 1959 ж. Карл Маркс атынд. ұжымшарда күріш еккен. Өзбекстанға көшіп, Ташкент обл. «Гүлстан», «Достық», «Сурхандария» кеңшарларында, (1959–64), Сырдария обл. «Сырдария» күріш кеңшарында еңбек еткен (1964–72). Ленин орденімен (1950), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров

ХЕ Се Ун (28.7.1893, Солт. Корея, Менчхон у. Усандон с. – 17.7.1970, Шиелі ауд. Авангард а.) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (20.5.1949). Приморье өлкесінің Ольгинск уезінде (1919–26), Қиыр Шығыс өлкесінің «Красный перевал» дер-нда, «Большевик», Хабаровск обл. «Авангард» ұжымшарларында егіс бригадасының бригадирі (1926–37), Қазақстанға қоныс аударып, Шиелі ауд. «Авангард» ұжымшарында күріш бригадасының звено жетекшісі, бригадирі (1937–61) болып жұмыс істеген. Х. басқарған звено 1948 ж. 6 га күріш егістігінің әр гектарынан 80,9 ц өнім алған. Ленин орденімен (1949), медальдармен марапатталған.



Хиуа қаласы

ХИУА ХАНДЫҒЫ – 1511–1920 ж. Орт. Азияда өмір сүрген мемлекет. Өзбек ханы Елбарыстың басшылығымен, Шайбани әулетінен бөліну негізінде құрылды. Астанасы бастапқы кезде Вазир мен

Үргеніш қ-лары болды. 16 ғ-дың 70-жылдары астана Хиуа қ-на көшірілді. Елбарыс хан билік еткен 1512–16 ж. Хиуа хандығы ұлыстарға бөлініп, оларды ханның туыстары басқарды. Алғашқы кезде құрамына Хорезм, көшпелі түрікмендердің Маңғыстаудағы Дихистан мен Үзбой бойындағы аум. мен Хорасанның солт. бөлігі енді. Елбарыстан кейінгі кезеңде Хиуа хандығында Сұлтан Қажы хан (1516), Құсайын Құли хан (1517), Суфие хан (1517–22), Бужақа хан (1523–26), Аванем хан (1527– 38), Әли хан (1538–47), Ақатай хан (1547–56), Жүніс хан (1556–57), Досты хан (1557–58), Қажы Мұхаммед хан (1559–1602) билік жүргізді. Осы билеушілер кезінде Х. х. өзара тақ тартысынан көз ашпады. Бұхара хандығымен де соғыс жүргізді. 1537, 1593, 1595 ж. Бұхара хандығы Х. х-на жойқын жорықтар жасап, қысқа мерзімге болса да өзіне бағындырды. 17 ғ-дың бас кезінде билік еткен Араб Мұхаммед ханның тұсында Х. х. күшейіп, сыртқы жауларына, қалмақтардың шапқыншылығына тойтарыс берді. Ресейдің А.Бекович-Черкасский басқарған экспед-н талқандады. 1740 ж. хандықты Иран билеушісі Надир шах Афшар басып алды. Бірақ ол қайтыс болғаннан кейін хандық қайтадан өз тәуелсіздігін алды. Х. х-ндағы өзара тартыс бұдан кейін қайта жалғасты. Өзара билікке таласқан Хиуа шонжарлары билікке кейде қазақ сұлтандарын (Батыр сұлтан, Әбілқайыр хан, Нұралы Әбілқайырұлы, Қайып Батырұлы) шақырды. Бұл күресте қоңырат тайпасының билеушісі Ишан Мұхаммедәлі жеңіп шығып, жаңа Хиуа – қоңырат әулетінің негізі қаланды (1763). Бұл әулет алғашында өздері тағайындаған хандар арқылы билік жүргізді, ал 19 ғ-дың бас кезінде өз тайпаластары Елтүзерді (1804–06) таққа отырғызды. Қоңырат әулетінің ірі өкілі Мұхаммед Рахым хан болды (1806–25). Ол Х. х-н бір орт-қа біріктірді. Жоғ. кеңес құрып, салық реформасын жүзеге асырды, мемл. кірісін ұлғайтты, көршілес ұсақ иеліктерді (Арал маңы, қарақалпақтар, т.б.) бағындырды. Бұл орт. үкіметтің нығайып, күшейген кезеңі болды. 19 ғ-дың бас кезінде Х. х. Арал маңы мен Үстіртті мекендеген Кіші жүз қазақтарына шабуыл жасауды үдетті. Орт. Азия үшін күресте Ұлыбританиямен бәсекелескен Ресей үкіметі 1839–40 ж. В.А.Перовскийдің басшылығымен Х. х-на қарсы әскери шабуыл ұйымдастырды. Кіші жүзді билеген кейбір қазақ билеушілерінің көмегіне қарамастан Ресей империясының бұл әрекеті сәтсіз аяқталды. Бірақ Орт. Азияға біржолата орнығуды көздеген Ресей отаршылдары Х. х-на үнемі әскери және экон. қысым жасап отырды. Ақыры 1873 ж. К.П.Кауфман бастаған Ресей әскерлері Хиуаны басып алды. 1873 ж. келісім бойынша Х. х. Әмудариянның оң жағалауындағы жерлерден бас тартты, егемендігінен айрылып, Ресей протекторатына айналды. Х. х-ның тұрғын халқы (өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қазақтар) суғармалы егін. және мал ш-мен айналысты. Экспортқа мақта, кептірілген жеміс, мал терісі мен жүн шығарылды. 1917 ж. Қазан төңкерісінен кейін көп ұзамай кеңес үкіметінің қысымымен 1920 ж. 2 ақпанда Х. х. құлап, оның орнына Хорезм Халық Кеңес Республикасы құрылды. 1924–25 ж. кеңес үкіметі орт. Азия респ-ның шекараларын межелеген кезде көпшілік бөлігі Өзбекстанның құрамына, қалған бөлігі Түрікменстанның құрамына енгізілді.

ХИУА ХАНДЫҒЫНЫҢ ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ – Сырдарияның төм. сағасы, Арал маңы мен үстіртті мекендеген Кіші жүз қазақтарын жаулап алу мақсатымен жүргізілген агрессиялық әрекеттер. 19 ғ-дың басынан Хиуа феодалдарының қазақ жерлеріне жасаған экспансиясы күшейе түсті. Хиуа ханы Мұхаммед Рахимның тұсында (1806–25) Хиуа хандығының шекарасы Сырдарияның төм. саласы мен Арал т. маңындағы қазақ

қоныстарына жақындады. Хиуа бектері осы жерлерде қорғаныс бекіністерін салып, оны қазақ даласының ішкі жағына қарай кіре түсу үшін алдыңғы шеп ретінде пайдалануға тырысты. Сырдарияның сол жақ беткейіне 1812–16 ж. Қожанияз бекінісі, ал одан кейін Жаңақала қамалы салынды. 1935 ж. Қуандарияның сыртындағы Құртөбе деген жерге бекініс салып, онда 200-ге жуық әскер ұстады. Қазақтардан зекет, ұшыр секілді әр түрлі алым-салықтар жинау мақсатымен Жем өз-не дейінгі Кіші жүз жеріне осы бекіністерден әскери жасақтар жіберіп отырды. Хиуа хандары Сыр өңірі аумағын өз қол астына қарату мақсатында қазақ сұлтандарына хан атағын сыйлаған грамоталар беріп, қару-жарақ және әскери көмек көрсетті. Мұндай сый-құрметке Саукым Бөкеев, Ермұхамбет (Елекей) Қасымов, Жанғазы Шерғазиев, Қайыпқали Есімов, т.б. ие болды. Мұндай сұлтандар Хиуа ханы үшін қазақ руларынан зекет пен ұшыр жинады. Хиуа хандығына бағынғысы келмеген руларды (Шекті, Шөмекей, т.б.) бір-біріне айдап салды. Хиуа бектерінің жасақтары қазақ а-дарын шауып, оларды тонап, әйелдері мен балаларын тұтқынға алып кетіп отырды. Шапқыншылық, әсіресе, 19 ғ-дың 40-жылдарынан кейін күшейе түсті. 1847 ж. 5-6 наурызда хиуаның Уәйіс – Нияз деген бегі үлкен жасақпен келіп, Сыр бойын жайлап отырған Атанбас, Ақирек, Қамыстыбас деген жерлердегі 1400-ге жуық үйді ойрандаған. Сол жылдың тамыз айында Хиуаның 1500 кісілік жасағы Сырдарияның оң жағасына өтіп, мұндағы қазақ а-дарына шабуыл жасады. Бұл шапқыншылықта бір мыңнан аса үй талқандалды. 1847 ж. тамыздан 1848 ж. наурызға дейінгі 2500-ге жуық қазақ үйлері тоналды, 500-дей кісіні өлтіріп, көптеген тұтқын әкетілді. Хиуалықтардың зорлығынан қашқан қазақтар орыс қамалдарын паналап, Қарақұмға, Ырғыз өз. бойына ығысуға мәжбүр болды. Хиуа билеушілері қазақтармен діни бірлігін, тілдерінің жақындығын пайдаланып, «жалпы мұсылман қамы үшін», «кәпірлерге», яғни орыстарға қарсы күресу үшін бірігуге шақырды. Ал өздеріне тиімді болған кезде қазақ сұлтандарының көмегімен туысқан халықтар арасында ұлт араздығын қоздырып отырды.

Б.Айлауова



Хожбанов Әріп

ХОЖБАНОВ Әріп (10.2.1954 ж. т., Сырдария ауд. Абай атынд. кеңшар) – қоғам қайраткері. Қазақ а. ш. ин-тын (1979, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті), Қазақ гуманит. заң ун-тін (2005) бітірген. Еңбек жолын Абай атынд. кеңшарда жұмысшы болып бастаған (1971–74). «Госкомсельхозтехника» орт. конструкторлық бюросының Алматы қ. бөлімшесінде инж.-конструктор, Алматы ауыр автокөлік өндірістік бірлестігінің №2573 автоколоннасында өндіріс шебері, автоотряд бастығы (1979–81), Қызылорда таксомотор паркінде автоколонна бастығы, аға өндіріс шебері (1979–83), Орт. кәсіподақ к-тінің Қызылорда обл. бойынша тех. еңбек инспекторы (1984–89), агроөнеркәсіптік кешені қызметкерлерінің қалалық кәсіподақ к-тінің төрағасы (1989–4), «Қамқоршы» ЖШС директоры (1995–99) болған. Сырдария ауд. әкімі (1999–2004), обл. жер қатынастары басқармасының бастығы, облыс әкімі аппаратының басшысы, обл. а. ш. басқармасының бастығы (2004–07) қызметтерін атқарған. 2007 жылдан «Қамқоршы» ЖШС-ның директоры. «Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Сырдария ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Хон Бом До

ХОН Бом До (27.8.1868, Пхеньян қ. – 23.10.1943, Қызылорда қ.) – корей халқының батыры, жауынгер-интернационалист. Х. еңбек жолын 1883 ж. Пхеньян әскери гарнизонында бастаған. Кейін кен қазушы, қағаз ф-касының жұмысшысы болды. 1892 ж. «Тон хактор» (феодалдарға қарсы соғыс) көтерілісінің белсенді жетекшісі, 1907 ж. «Ыйбен» («дұрыс жолдағы жауынгер») атты партизан отрядын басқарды. 1919 ж. өз отрядымен Солт.-Шығыс Қытайға кетеді. Бұл жерде жапондардың Капсан және хесан жазалаушы әскерлеріне шабуыл жасап, оларды Понодон ауд-нан ығыстырып шығарды. 1921 ж. Ресейдің Қиыр Шығысына өтіп, Кеңес үкіметін орнатуға атсалысады. 5-Қызыл әскер армиясы қатарында батальон басқарады. Қиыр Шығыс халықтарының съезіне делегат болып сайланады. 1923 ж. Приморьеде а. ш. артелін басқарды. 1937 ж. Қазақстанға еріксіз жер аударылды. 1962 ж. Корей Республикасының «Мемлекеттің негізін құруға сіңірген еңбегі үшін» атты ең жоғары орденімен («Президент») марапатталды. 1993 ж. Х-ның тууына 125 жыл толуына байланысты Қызылорда қ-нда Х. атынд. қоғамдық қор құрылды. 1996 ж. батырға арнап Батыр Мемориалы орнатылды. Қызылорда мен Владивосток қ-ларында көшелерге Х. есімі берілді. Қазақстан-Корей мемлекетаралық келісімі нәтижесінде 2021 ж. 15 тамызда Х. сүйегі тарихи отанына оралды.

Л.Ким

ХОРЕЗМ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ (ХАЭЭ) – археол. экспед. 1937–92 ж. Орт. Азияда зерттеу жүргізді. 1937–45 ж. Хорезм археол. экспед. деп аталған. 1945 жылдан ХАЭЭ атауымен ғыл. ортаға кеңінен танылды. Негізін қалаған – проф. С.П.Толстов. Ең алғашқы зерттеген археология нысаны Топыраққала ескерткіші. Экс-пед. және оның этнограф. отрядтары Өзбекстан, Түрікменстан, Қазақстан халықтарының этнограф. тарихына, мәдениеті мен әдебиетіне қатысты нәтижелі зерттеулер жүргізді. 1946 жылдан Арал т-нің солт.-шығыс аймағындағы, яғни Сырдарияның төм. ағысында орналасқан мол ескерткіштерді қазып, зерттеуде ХАЭЭ үлкен жұмыс атқарды. Алғашқы зерттеулер Сырдарияның ежелгі арналары – Іңкәрдария және Жаңадария бойындағы Шірік-Рабат мәдениетінің ескерткіштері (Шірік-Рабат, Баланды, Бәбіш мола қала жұрттары) сонымен қоса сақ тайпаларының қоныстары, обалары («шлакты» обалар), ортағасырлық (Бестам қала, Жент, Құмқала) қ-лар және кейінгі ортағасырлық ескерткіштеріне жүргізілді. 1946 ж. ХАЭЭ-ның отряды Сырдарияның ежелгі солт. саласы Қуаңдария мен Ескідариялыққа қарай жүріп, Жетіасар кешенінің қ-ларын ашты. 1948–51 ж. Толстов Жетіасар №3 (Алтын асар), Жетіасар № 9 қ-ларында және жеке обаларда қазба жұмыстарын жүргізді. Сырдария бассейнінің ежелгі арналарына жүргізілген алғашқы барлау жұмыстары нәтижесінде Толстов Шірік-Рабат (Жаңадария) және Жетіасар мәдениеттерінің (Қуаңдария) ерекше археол. ескерткіштер кешендері анықталды. 1957–60 ж. ертедегі Шірік-Рабат (жетекш. Ю.Рапопорт), Бұланды (жетекш. М.Итина), Бәбіш мола (жетекш. Б.Вайнберг) қ-нда және осы ескерткіштер маңындағы жерлеу құрылыстары, сонымен қатар суландыру жүйелері зерттелді. 1973 жылдан 1990-жылдардың соңына дейін Жетіасар шатқалында (жетекш. Л.Левина) кең көлемді Алтын асар, Томпақ асар, Бидайық асар, Кіші және Үлкен Қосасар мен 700-ге жуық обаларға қазбалар жасалынды. ХАЭЭ-ның құрамында атақты археолог, географ, антрополог, биолог, геоморфолог, палеодемограф, картографтар, т.б. салалардағы ғалымдардың қатысуымен жүздеген ескерткіштер есепке алынып, тас, қола және ерте темір дәуірлерінің ескерткіштері алғаш рет анықталып, өзіндік белгілері айқындалып, кезеңге, дәуірге, мәдениеттерге бөлінді.

Ә.Тәжекеев

ХҰСАМ ад-ДИН әл-БАРШЫНЛЫҒИ (13–ғ-да өмір сүрген) – әдебиетші, ақын, ойшыл. Алғашқы білімді Жентте алған. Есейе келе хорезмдік ғалымдармен араласып, білімін толықтырған. Кейін Жент пен Баршынкент медреселерінде ұстаздық еткен. Біршама ғыл. еңбектер жазған: Әулиелердің өмірбаяны; Құптау; Қысқа; Дұрыс жолмен келе жатқандарға «һидайадан» сый. Баршынлығи үш тілде өлеңдер де жазған. Оның араб тіліндегі өлеңдеріне шешендік (фасиха), парсы тіліндегі жырларына ойлылық (малиха), түркі тіліндегі бәйіттеріне шыншылдық (сахияа) тән.

ХҰСАМ ад-ДИН әл-ХҰСЕЙН ас-СЫҒАНАҚИ (12 ғ-дың орта тұсы, Сыға нақ – 1310, Шам қ.) – ғалым, оқымысты. Оның «Діннің түп-тамыры жайлы таңдаулы кітап», «Ан-На-сафи» кітабының кіріспесіне түсіндірме нысана» еңбектері және «Дәлелді өнертапқыш пен дұрыс келе жатқанның көмекшісі» атты 2 еңбегі бар. Әбу Ханифа мектебінің ілімін қолдаған.

Ц



Цай Ден Хак

ЦАЙ Ден Хак (14.4.1913, Ресей, Қиыр Шығыс өлкесі, Уссури ауд. Пиянко с. – 5.5.1984, Қармақшы ауд. III Интернационал а.) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (23.6.1966). Қиыр Шығыс өлкесі Ворошилов ауд. күріш кеңшарының Супунды бөлімшесінде егістік бригадирі 1930–34, өлкелік партия-кеңес мектебінің тыңдаушысы, «Кедровая звезда» ұжымшарындағы үй-оқу жайының меңгерушісі, ұжымшар төрағасы (1934–37), Қармақшы ауд. «III-Интернационал» ұжымшарының төрағасы (1938–84) болған. Ц-дың басшылығымен ұжымшар егістігі, мал ш. және әлеум. инфрақұрылымы дамыған шаруашылыққа айналды. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 4-, 5-шақырылған депутаты (1955–63). Ленин (2 мәрте), Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), «Халықтар достығы» орденлерімен, медальдармен марапатталған. Қызылорда қ-ндағы, III Интернационал атындағы ауылда көше мен мәдениет үйі Ц. есімімен аталады. Сондай-ақ ауыл орт-на кеуде мүсіні қойылып, тұрған үйі музейге айналды.

Қ.Омаров



Цой Ги Хва

ЦОЙ Ги Хва (1911 ж. т., Солт. Корея, Хамген-Пукто провинциясы – 9.9.1989, Қызылорда қ.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (20.5.1949). 1920 ж. ата-анасымен Ресейдің Примор обл-на қоныстанған. Ольгинск уезінің Новонежино селосында 1930 ж. дейін егіншілікпен айналысып, кейін «Искра» артелі төрағасының орынбасары (1930–37) болған. 1937 ж. Қызылорда обл. көшіріліп, «Кантон коммунасы»

ұжымшарына кірген. Сонда күріш звеносының жетекшісі, егіс бригадасының бригадирі (1938–60) болып еңбек еткен. 1948 ж. Ц. басқарған бригада 5 га күріш алқабының әр гектарынан 95 ц өнім алған. Тереңөзек күріш кеңшарында егіс бригадирі, бөлімше меңгерушісі (1961–71) болған. Ленин (1949), «Құрмет белгісі» (1966) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Цой Иван

ЦОЙ Иван Зосимович (18.3. 1924, қазіргі Ресейдің Примор өлк. Находка қ.– 2006, Тараз қ.) – күрішші, Соц. Еңб. Ері (20.5. 1949). Жаңақорған ауд-ндағы орталау мектепті бітірген соң 1940–50 ж. «Красная звезда» ұжымшарында (қазіргі Сүттіқұдық а.) жастардың күріш өсіру звеносының жетекшісі болған. 1948 ж. 5 га күріш егістігінің әр гектарынан 84,8 ц-ден өнім алған. 1950 ж. соңында Жамбыл обл-на қоныс аударып, Жамбыл ауд-ның «Октябрь» ұжымшарында агроном, 1960 ж. басынан Аса с-нда егінші болып жұмыс істеген. 1986 ж. зейнет демалысына шығып, кейін Тараз қ-на қоныс аударған. Ленин орденімен (1949) марапатталған. Есімі Жаңақорған кентіндегі бір көшеге берілген (2017).

Қ.Омаров



Цой Чун Се

ЦОЙ Чун Се (2.2.1908, Қиыр Шығыс – 10.6.1999, Украина, Донецк обл.) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (20.5.1949). Ресейдің Хабаровск өлкесінің Постышев ауд-ндағы «Красная звезда» кеңшарында қатардағы колхозшы (1928–37) болған. 1937 ж. Қазақ КСР-нің Қызылорда обл. Шиелі ауд. жер аударылған. 1939–53 ж. Шиелі ауд. «Авангард» кеңшарында жұмысшы, күріш ш-ның жетекшісі болды. Ц. звеносы 1948 ж. 10 га алқаптың әр гектарынан орта есеппен 81 ц-ден күріш жинаған. Ленин орденімен (1949), медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Цой Юн Хон

ЦОЙ Юн Хон (20.2.1911, Ресейдің Примор обл. Ольгин уезі Кит д. – 16.6.1998, Жамбыл обл. Мерке ауд. Аңдас батыр а.) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (21.6.1950). Еңбек жолын 1929 ж. Примор өлкесіндегі «Красный Авангард» ұжымшарында бастаған. Кейін Қазақстанға қоныс аударып, Шиелі ауд. «Гигант» ұжымшарының егіс бригадасында (1937–61) жұмыс істеген. Ц. басқарған звено 1949 ж. 5,5 га егістің әр гектарынан 84,3 ц. жүгері жинаған. Жамбыл обл. Мерке ауд. «Жеңіс» ұжымшарында еңбек еткен (1961–71). Ленин орденімен (1949,1950), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

Ч Ш

ЧЕРНЫШЕВ ШЫҒАНАҒЫ – Арал т-нің солт.-батысындағы шығанақ. Теңізден Құланды түбегі және Возрождение аралы бөледі. Шығанақ құрлыққа 25 км-ге сұғына еніп жатыр: ені 13 км-ге жетеді. Солт. және батыс жағасы жар қабақты. Мұнда Батыс Үстірттің қиыр шығысы шығанақ бойымен созыла орналасқан. Палеогеннің тығыздалған құм-саздақты шөгінділерінен түзілген. Жағалауының қалған бөлігі ойпатты. Шығанақтың жағалауға жақын жердегі түбі құмайтты келеді, тереңге барған қайыр біртіндеп лайлы балшыққа айналады. Кейбір тұстарында қамыс, құрақ өскен. Солтнің құмдауытты жағалауын Құмсуат мүйісі алып жатыр. Арал т-нің суы мол кезінде Возрождение аралы мен Құланды түбегі аралығының ені 80–85 км-дей болған. Шығанақтың т-ге шығар бөлігінің ені 11 км.

В.Кузенбаев

ШАҒАН – Сырдария ауд-ндағы ауыл, өзімен аттас ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Тереңөзек кентінен оңт-ке қарай 18 км жерде, Сырдарияның сол жағалық аңғарында, облыс орт-нан 60, аудан орт-нан 20, т. ж-дан 20 км қашықтықта орналасқан. Тұрғыны 4,6 мың адам (2023). Іргесі 1928 ж. қаланған. 1937 ж. «Кантонская коммуна», 1939 ж. «К. Маркс» ұжымшары болып құрылды. 1950 ж. «Красная Заря» ұжымшары аталды және оған 1958 ж. Жамбыл мен Ворошилов атынд. ұжымшарлар қосылды. 1961–96 ж. күріш өсіретін «Тереңөзек» кеңшарының орт. болған. Кеңшар негізінде Ш-да «Шағанжер», «Шаған» агрофирмасы, ЖШС құрылды. Жер көл. 24,3 мың га, оның ішінде елді мекен жері 0,9 га. Айналымдағы а. ш. жері 64,9 мың га, егістік алқабы 51,1 мың га, жайылымдық жері 59,6 мың га, шабындық жер 230 га жерді құрайды. Ауылда а. ш. өнімдерін өңдейтін (күріш ақтайтын, нан пісіретін, сүт өнімдерін шығаратын, ұн тартатын, т.б.) цехтар жұмыс істейді.

ШАҒЫРЛЫ (1, 2 – қамалдар. Ш. 1) Қазалы ауд. Жосалы т. ж. ст-ның оңт.-батыс жағында 155 км жерде орналасқан. 1946, 1957 ж. Хорезм археол.-этногр. экспед. (жетекш. С.П.Толстов) зерттеу жұмыстарын жүргізген. Қамал тік төрт бұрышты, аум. 55х50 м, дуалының биікт. 4–5 м. Оның үстінде жасақтар тұратын екі қатар қорғаныс шебі бар. Дуалдың астыңғы жағы пахса мен шикі кірпіштен соғылған. Ш. 2 қамалы Ш. 1 қамалының оңт.-батыс жағында 5 км жерде. Құрылыс жүйесі дөңгелек күмбезге ұқсас. Аум. 15 м. Қамалдардан теріп алынған қыш-құмыралардың және темір пышақтың сынығына қарағанда Ш. б.з.б. 1 ғ-дың соңында салынған.

Т. Дайрабай



Шағыртаев Имамзада

ШАҒЫРТАЕВ Имамзада Қуанышбайұлы (1969 ж. т., Жалағаш ауд. Таң а.) – кәсіпкер, меценат, Қазақстанның Еңбек Ері (2023). Жамбыл гидроме-

лиоративтік-құрылыс ин-тын (1989, қазіргі Тараз ун-ті) бітірген. Еңбек жолын Жалағаш ауд. «Таң» кеңшарында жұмысшы, күрішші, механик болып бастаған. Ауд. «Асар» ассоциациясында инж.-механик (1994–2003) қызметін атқарған. 2003 жылдан «Таң ЛТД» ЖШС шаруа қожалығының төрағасы. Обл. мәслихаттың 6-, 7-шақырылған депутаты. Айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз және «Отан», «Құрмет» ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Респ. «Жомарт жүрек» байқауының «Туған өлке» номинациясының иегері (2022). Қызылорда обл-ның (2022) және Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ШАЙҚЫ БАБА СЫҒАНАҚИ (1187, Хорезм – шамамен 1275, Сығанақ қ.) – Сыр өңірінің дуалы ауыз данагөйі, ойшыл кемеңгер. Жас кезінде қазақ тайпаларының құтты мекені болған Сыр бойына қоныс аударған. Шайқы баба Сығанақ қ-нда ғұмыр кешкен кезінде бар уақытын ғылым мен білімге, дәріс беру мен шәкірт тәрбиесіне арнаған. Араб, парсы тілдерін де жетік меңгерген. Құран мен тәпсір, хадис пен сунnаның білгірі ретінде арагідік Хиуа мен Үргеніш, Жент пен Баршынкентке барып, ой бөлісіп қайтады екен. Әсіресе ол ислам дінінің кубра-уийа немесе кейде аз-заһабийа деп аталатын қауымдастығының негізін қалаған. Хорезмдік ойшыл Наджм ад-Дин әл-Кубрамен пікірлес болып, сопылық ілімге де ден қоя бастаған. Соның шақыруымен Жентке келіп, онда біраз жыл шәкірттерінің білімін жетілдірген. Өзі де тіл мен әдебиет, хадис пен тәпсір бойынша бірқатар еңбектер жазған. Шайқы баба Женттен Сығанаққа қайтып оралып, ұстаздық қызметін жалғастырған. Пайғамбар жасына жеткен соң қылуетте (жертөле мешітте) күн кешкен, жұпыны киініп, өзін барынша қарапайым ұстаған.

ШАЙМАҒАНБЕТ АХУН (1870, бұрынғы Қостам болысының №3 а., қазіргі Жалағаш ауд. Жаңаталап а. – ө.ж.б.) – діни қайраткер, ғұлама. Жасынан молданың қолында дәріс алып, діни сауатын ашқан. Білімге құштар ол 14 жасынан Қазалыдағы Қожаназар ахунның медресесінде оқып, кейін Бұхарадағы «Көкілташ» медресесіне түсіп, бітіріп шығады (1890). Елде мешіт ұстап, бала оқытып, шәкірт тәрбиелеген. Кеңестік құғын-сүргін мен «құдайсыздар» жорығы басталғанда өз мешіті мен үйін Қызыл отауға беріп, Домалақ асар деген жерге қоныс аударып, жер кепеде тұрған.

Т.Дайрабай

ШАЛАБАЕВ Мұрат (1896, Арал ауд. – 1982, сонда) – еңбек ардагері, Соц. Еңб. Ері (31.10.1949).



Шалабаев Мұрат

1913–47 ж. Амангелді атынд. ұжымшарда шопан, аға шопан, қой фермасының меңгерушісі, 1947 жылдан «Арал маңы» кеңшарында аға шопан болып жұмыс істеген. 1948 ж. 407 қойдан 530 қозы алып, әр 100 саулықтан 130-дан қозы өсірген. Ленин (1949), Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Қ.Омаров



Шалболова Үрпаш

ШАЛБОЛОВА Үрпаш Жаниязқызы (21.11.1960 ж. т., Қазалы қ.) – экон. ғыл. докт. (2004), проф. (2007), ҚР ҰИА-ның акад. (2008). ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2010).

Ресей Саратов политех. ин-тын (1983) бітірген. Ленинск қ. (қазіргі Байқоңыр қ.) әскери құрылыс бөлімінде экономист (1983–84), Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-ты Қызылорда бөлімшесінде (1984–88, қазіргі Қызылорда ун-ті) оқытушы, Ресей мемл. құрылыс к-тінің орт. Қоғамдық және оқу ғимараттарын эксперименттік жобалау ғыл.-зерт. ин-тының аспиранты, ғыл. қызметкер және Орт. Экономика және құрылысты басқару ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1989–93, Мәскеу), кейін Қызылордамемл.ун-тінде аға оқытушы, бас әдіскер, кафедра меңгерушісі, ф-т деканы, проф., ғыл. жұмыстар және халықар. байланыстар жөніндегі проректоры (1993–2014) қызметтерін атқарды. 2015 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінің проф. және қосымша Astana IT University креативті индустрия мектебінің проф. (2020). Негізгі ғыл. бағыты – өңірлік экономика, салалық және өңірлік экономикаларды әртараптандыру және т.б. 300-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде Scopus базасындағы 20 мақала, 6 монография, 20-дан астам авторлық куәлік, 10-нан астам оқулық пен оқу құралының авторы. 1 ғылым докторын, 9 ғылым кандидатын, 5 Ph.D дайындаған. Scopus ғыл.-метрикалық базасында Хирш индексі 10-ға тең. АҚШ, Израиль, Германия, Корея Республикасы, Қытай және Ресейде біліктілігін арттырған (2000–23). Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2005, 2013). ҚР БҒМ «Үздік ғылыми қызметкер» сыйл-ның иегері (2021).

Қ.Омаров



Шалқар стансасы

ШАЛҚАР АУДАНЫ – Ақтөбе обл-ның оңт.-шығында орналасқан әкімш.-аум. бөлініс. Қызылорда обл-ның Арал ауд-ның батысында орналасқан. Алғашында 1921 ж. аудан болып құрылған. 1922 ж. аум-нда 6 болыс кіретін уезд, 1924 ж. 20 болысы бар аудан, 1932 ж. Ақтөбе обл. құрылғанда Шалқар ауд. құрамына кірген. Жер аум. 62,2 мың км². Орт. – Шалқар қ. Обл-тың 26,6%-ы аумағын алып жатқан Шалқар ауд-ның жер бедері әр қилы. Оңт.-шығ-нда (Қызылорда обл-мен шектесетін тұсында) Алтыншоқы таулары (абсолюттік биіктігі 249 м) орналасқан. Ауданның орта тұсын Үлкен Борсық, оңт.-шығ. Кіші Борсыққұм құмды алқабы алып жатыр. Бұлардан басқа шағын келген бірнеше құмды алқаптар (Қошқарата, Мойынқұм, т.б.), сорлар, қоныстар (Мыңжылқы, Сексеуіл, Аққолқа, Тентексор, Қабырғайтау, т.б.), құдықтар мен бұлақтар (Қарабұлақ, Ақбұлақ, т.б.), құм жағалай қыстаулар (Қандықұдық, Ақши, Тентексор, Мәжік, Құмқұдық, Текелі, Шаупай, Қоғалы, Жиек, т.б.), құрғақ арналар мен өзектер (Кеңқұдық, Терісбұтақсай, Қарасай, т.б.) көптеп кездеседі. Қиыр оңт-нде Арал теңізін жағалай Үстірттің шығыс кемері созылып жатыр. Оның ең биік жері – Бәйгебек мұрын мүйісі (209 м). Ауд-ның климаты тым континентті. Қысы суық, қар жамылғысы жұқа, боранды. Қаңтар айының жылдық орташа темп-расы қиыр оңтүстікте –10-12°С, солт-нде –14-16°С, шілденікі 24-26°С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 150-200 мм. Аудан өте қуаң шөл және шөлейт белдемде орналасқандықтан оның топырақ жамылғысының құнары да төмен. Негізінен бозғылт қоңыр топырақтан (солтүстігінде) сұрғылт, құмайтты сұр және сор топырақтар (оңтүстігінде) басым. Онда астық тұқымдас шөптесін аралас жусан, бұйырғын, күйреуік, шытыр, жантақ, жыңғыл, тобылғы, сексеуіл өседі. Ауд. жерінің солт-нен – Ырғыздың саласы Шетырғыз (195 км) өз. ағып өтеді. Одан басқа Балғасын (73 км), Қауылжыр (142 км), Тебенсай (135 км) сала-

лары ағады. Бат-ндағы Шағырай үстіртінің бат. бойымен Шаған өз. ағып өтеді. Жалпы, ауд-ндағы өз-дердің барлығы көктемгі жауын-шашын және қар суымен толығып, ағын түзейді де, жаз айларында құрғап, кеуіп қалады. Ауд-ндағы көлдердің басым бөлігі тұзды және жаз айларында тартылып қалады. Солт-нде Мұғалжардан басталып, оңт-нде Үстірт, Арал теңізіне дейінгі аум. жер қойнауында Шалқар артезиан алабы орналасқан. Ауд. негізінен мал ш-на мамандanған. Ауыл ш-на жарамды жер 4,6 миллион га, оның ішінде жыртылатын жері 0,1 мың га, шабындығы 35,8 мың га, жайылымы 4,56 млн га. Ауд. аум-нда Есет-Дәрібай мазары, Тұяқбай тамы, Тоқпан күмбезі, Балғазын күмбезі, т.б. тарихи-археол. және мәдени ескерткіштер, қорғандар мен обалар сақталған.



Шалқия кенті

ШАЛҚИЯ – Жаңақорған ауд-ндағы кент. Аудан орт. – Жаңақорған кентінен солт.-шығысқа қарай 12 км жерде, Өгіз-мүйіз тауының оңт. етегіндегі сайлы-жыралы келген тау алды жазығында орналасқан. Тұрғыны 1.9 мың адам (2023). Аумағында «Тау самалы» балалар тынығу лагері, сондай-ақ 1959 ж. ашылған түрлі рудалар мен қазба байлықтар өндіретін кен өндіру орындары бар. 1986 ж. Шалқия кенті әкімш. құрылып, халыққа қызметін бастаған. Қазіргі Құттықожа а. Жайылма ауылдық окр-нен 1992 ж. кентке ауыстырылған. Кент әкім-не Шалқия, Құттықожа елді мекендері қарайды. Шалқия кентінде кен шығарушы және тас майдалау з-ттары бар. Кентте орта мектеп, мемл. және жеке меншік балабақшалар, емхана, кенттік және ауылдық кітапхана, электронды АТС, пошта қызметі, 23 шаруа қожалығы, т.б. жұмыс істейді.

ШАЛҚИЯ КЕН ОРНЫ – дүние жүзіндегі ірі бес кеніштің бірі, 1995 жылдан «Шалқия кен басқармасы» мемл. АҚ деп аталады. Жаңақорған ауд. Жаңақорған кентінен шығысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Кен орнына 1963 ж. Қаратау геол. барлау жұмыстарын жүргізген. Одан өндіруге болатын 15 элемент түрі анықталып, қоры 300 000 т-ға бағаланды. 1975 жылдан кеніште қазу, бұрғылау жұмысы жаңартылып, Жаңақорған ст-нан Ш. к. о-на қарай т. ж. тартылды. Игеру жұмыстарымен 1985



Шалқия кен орны

жылдан бастап «Ачполиметалл» комб. айналысты. Алғашқы кен 1985 жылдың 22 сәуірінде шығарыла бастады. 1995 ж. кен өндіру жұмыстары тоқтатылды. 1985–95 ж. Ш. к. о-нан 2 млн. т кен өндірілген. Мұнда қорғасын мен мырыштан басқа алтын мен бентониттің мол қоры анықталған. «Шалқия цинк LTD» компаниясы 2007 ж. 730 мың т руда өндіріп, аудандағы ірі өнеркәсіп орны аталады.



Шамшатова Айнаш

ШАМШАТОВА Айнаш (24.5.1926, Ақтөбе обл. – 20.8.1983, Қызылорда қ.) – педагог, филол.ғыл.канд. (1966), доцент (1968), Қазақ КСР халыққа білім беру

ісінің үздігі (1977). ҚазПИді (1946, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Қазақ КСР ҒА-ның кіші ғылыми қызметкері болған (1946–49). Қызылорда пед. ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, доценті, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған (1949–83). Ш.-ның қазіргі қазақ тіліндегі кәсіби лексика саласындағы ғылыми зерттеулері жалпы танылған. 1975 ж. Еңбекші депутаттары Қалалық кеңесінің депутаты болып сайланған.



Шапшаңов Қуанышқали

ШАПШАҢОВ Қуанышқали Рахманбердіұлы (1943 ж. т., Арал ауд. Төбебұлақ а.) – қоғам қайраткері. ҚР Журналистер одағының мүшесі. Қызылорда пед. ин-тын (1964, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Қызылорда қ. кеңес атқару, обл. комсомол, партия к-ттерінде (1965–80), Қазалы ауд. кеңес атқару к-ті төрағасының 1-орынбасары, төрағасы, обл. кеңес атқару к-ті төрағасының орынбасары, обл. әкімш. аппаратының басшысы (1980–90), обл. аум. экология басқармасының бастығы (1993–2004) қызметтерін атқарған. Обл., ауд. кеңестердің депутаты болып сайланған. «Арал өңірінің экологиясы», «Арал өңірінің өндірісін экологияландыру», т.б. еңбектердің, 200-ден астам ғыл.-публицист. мақаланың авторы. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның, Арал ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Шарипов Жарылқасын

ШАРИПОВ Жарылқасын (1.1.1941 ж. т., Қазалы ауд. Бозкөл а.) – қоғам қайраткері. Ташкенттегі а. ш-н ирригациялау және механикаландыру ин-тын (1963), Қызылорда экономика, экология және құқық ун-тін (2002) бітірген. Қазалы ауд.«Бозкөл» кеңшарында шеберхана меңгерушісі, Энгельс атынд. кеңшардың (қазіргі Ақтан батыр а.) бас инж., Қазалы ауд. а. ш. басқармасының бас инж., басқарма бастығының 1-орынбасары (1963–69), Энгельс атынд. кеңшардың директоры (1969–75), Қазалы ауд. а. ш. басқармасының бастығы, ауд. кеңес атқару к-тінің 1-орынбасары (1975–88) қызметтерін атқарған. Обл. агроөнеркәсіп бірлестігі бастығының 1-орынбасары, «Агроөнеркәсіптехника» бірлестігінің бастығы (1988–91), Қазалы ауд. партия к-тінің 1-хатшысы, ауд. кеңес атқару к-тінің төрағасы, аудан әкімі (1991–94), Қызылорда қ-ның әкімі (1994–96), обл. бойынша жылжымайтын мүліктер жөніндегі орттың директоры (1996–2003), обл. мәслихаттың депутаты, тексеру комиссиясының төрағасы (2003–11) қызметтерін атқарған. Еңбек Қызыл Ту (1973), «Халықтар достығы» (1982), «Құрмет» (2007) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қызылорда обл-ның (2022), Қызылорда қ-ның, Қазалы ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров

ШАУХАМАНОВ Сейілбек (15.5.1939, Жаңақорған ауд. Өзгент а. – 26.8.2018, Қызылорда қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері, экон. ғыл. канд. Қазақ а. ш. ин-тын (1962, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) және Алматы жоғары партия мектебін бітірген. МТС-тың трактор бригадасында есептеуші (1956–57), Шиелі ауд-ндағы «Казсельхозтехника» бірлестігінде



Шаухаманов Сейілбек

механик, инж.-бақылаушы (1962–65), Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауд. комсомол к-тінің 1-хатшысы (1965–69), Тереңөзек ауд-ндағы 21-партсъезд атынд. кеңшардың директоры (1969–75), Жалағаш ауд. к-тінің 2-хатшысы (1975–80), Сырдария ауд. атқару к-тінің төрағасы (1980–83), Шиелі ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1983–87), Қазақстан КП Орт. к-тінің инспекторы (1987), Талдықорған обл. атқару к-тінің төрағасы (1987–89), Қызылорда обл.партия к-тінің 1-хатшысы (1989–91), Қызылорда обл. кеңесінің төрағасы (1991–92), Қызылорда обл. әкімшілігінің басшысы, бірінші обл. әкімі (1992–95), ҚР Парламенті Сенатының депутаты (1996–98), ҚР Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары (1998–99), «КАМ» біріккен кәсіпорын бас директорының кеңесшісі (1999–2005), Қызылорда обл. Ардагерлер кеңесінің төрағасы (2005–18) қызметтерін атқарған. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. «Қайраткер», «Бақытыңды бағалай біл», «Парыз бен парасат», «Алтын алма, ақыл ал», «Ер қанаты», т.б. кітаптардың авторы. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің 11-,12-шақырылған депутаты. Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», «Халықтар достығы», «Құрмет» (2001), «Парасат» (2009) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған. Арал, Шиелі, Жаңақорған, Сырдария, және Жалағаш (2007) аудандарының, Қызылорда обл-ның (2007), Өзбекстанның Хорезм қ-ның құрметті азаматы. Есімі Қызылорда қ-ндағы мектепке беріліп, алдына ескерткіш бюсті қойылды (2020).

Қ.Омаров



Шәкен ауылы

ШӘКЕН – Қазалы ауд-ндағы ауыл. Шәкен ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Әйтеке би кентінен солт-ке қарай 110 км жерде. Тұрғыны 0,7 мың адам (2023). Ауыл 1963–2005 ж. Қазақстанның 40-жылдығы атынд. кеңшардың №3 Қаракөл қой фермасы болған (қазіргі Арықбалық ауылдық окр.). Қазіргі уақытта Ш. ауылдық окр-не қарасты Шилі және Шөлқұм елді мекендері бар. Ауыл мал ш-мен айналысады. Ауылдық округте 39 жеке кәсіпкер, «Манай» ЖШС және 58 шаруа қожалығы жұмыс істейді.

Қ.Омаров



Шәменов Атамұрат

ШӘМЕНОВ Атамұрат Мөрәліұлы (5.1.1951 ж. т., Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері, экон. ғыл. докт. (1999). Мәскеу малдәрігерлік академиясын (1974), ҚазМУ-ды (1996, қазіргі ҚазҰУ), Қазақ құқық және халықар. қатынастар ин-тын (1999) бітірген. Еңбек жолын 1968 ж. малдәрігерлік емдеу орнының жұмысшысы, кеңшардың бас мал дәрігері болып бастады. ЛКЖО Қызылордa обл. к-тінде нұсқаушы, Қызылорда пед. ин-тында оқытушы, Қызылорда обл. Жастар одағы обл. к-тінің хатшысы, Қазақстан ЛКЖО ОК-нің ауыл жастары бөлімінің меңгерушісі (1974–83), Қазақ КСР Мин. Кеңесі төрағасының көмекшісі (1983–87), Қазақ КСР Мин. Кеңесі Іс басқармасында аға нұсқаушы, бас маман (1987–90), Қазақ КСР Президентінің ұйымдастыру мәселелері жөніндегі көмекшісі, ҚР Президенті және Мин. Каб. Аппаратының экология және табиғат пайдалану бөлімінің меңгерушісі (1990–94), ҚР Гидрометеорология жөніндегі бас басқармасының бастығы (1994–97), ҚР Экология және биоресурстар мин-нің жанындағы Гидрометеорология және табиғат орта-ның мониторингі жөніндегі агенттігінің директоры, «Қазгидромет» РМКК-нің бас директоры, «Қазақ қоршаған орта мен климат мониторингі» ғыл-зерт. ин-тының директоры (1997–99), Батыс Қазақстан обл. әкімінің орынбасары, Астана, Алматы қ-ларындағы өкілі (2000–01), «Наурыз Фуд» холдинг компаниясы ЖАҚ-ның төрағасы (2001–02), Қазақ мемл. заң академиясының проф., ҚР Қоршаған ортаны қорғау мин. Экол. саясат департаментінің директоры (2002–03), ҚР Президенті жанындағы Мемл. қызмет академиясы басқарушы кадрлар даярлау ин-тының директоры, кафедра меңгерушісі (2003–05), ҚазМЗУ-дың Алматы заң академиясында экон. пәндер кафедрасының меңгерушісі (2005–08), 2008 жылдан Алматы экон. және статистика академиясында, Экономика және басқару академиясы – Еуразия нарық ин-тының проректоры, Қазақ ұлттық агр. ун-тінде бас ғалым-хатшы, ин-т директоры қызметтерін атқарды. Ш. 4 ғылым кандидатын, 1 Ph.D дайындаған. Бірнеше ғыл.-қолданбалы анықтамалықтар жарық көрді. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы (2011).



Шәменов Мөрәлі

ШӘМЕНОВ Мөрәлі (15.3.1916, қазіргі Жалағаш ауд. Шәменов а. – 1974, сонда) – еңбек ардагері. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. 1924–31 ж. ауыл мектебінде оқып, 7 сыныптық білім алған. Қызылорда пед. техникумын (1933) бітірген. Ауылдағы бастауыш мектепте мұғалім (1933–34), Ташкент обл. Төменгі Шыршық ауд-нда телімдік гидротехник (1934–37), Жалағаш ауд. Қаракеткен а-нда пошта бөлімінің бастығы (1937–39), Қызылорда обл. партия к-тінде нұсқаушы (1946–50), обл. кәсіподақтар ұйымының төрағасы (1950–51), «Ленин жолы» газетінің меншікті тілшісі және Шиелі ауд. «Стахановшы» газетінің редакторы (1951–55), Жалағаш ауд. «Коммунизм» ұжымшарының төрағасы (1955–63), «Коммунизм» кеңшарының директоры (1963–74) қызметтерін атқарған. Ленин, Қазан революциясы, 1-, 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл жұлдыз, «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальмен марапатталған. Өзі қызмет атқарған кеңшарға Ш. есімі берілген.

М.Қараманова



Шәменов Өмірбек

ШӘМЕНОВ Өмірбек Мөрәліұлы (11.3.1953 ж. т., Қызылорда қ.) – қоғам қайраткері. Қызылорда политехникумын (1972), Қазақ а. ш. ин-тын (1985, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Жалағаш ауд-ндағы «Коммунизм» кеңшарында гидротехник (1972–74), «Қызылордасуқұрылысжөндеу» тресіне қарасты №9 ЖМК-да еңбек және жалақы жөніндегі инж., экономист, шебер, учаске бастығы (1976–81), «Күрішкеңшарқұрылыс» тресіне қарасты №17 ЖМК басқармасында бас инж. (1981–83), «Облқұрылыс жөндеу» тресіне қарасты Жалағаш ауд. құрылыс

жөндеу мекемесінің бастығы (1983–85), Жалағаш ауд. жүк тасымалдау автокөлік кәсіпорнының директоры (1985–87), «Коммунизм» кеңшарының директоры, М.Шәменов атынд. ЖШС-ның директоры (1987–2007), Жалағаш ауд-ның әкімі (2007–10), обл. жолаушылар көлігі және автомоб. жолдары басқармасының бастығы, обл. «Табиғат» мемл. кәсіпорнының директоры, «Тұран» қаржы-өнеркәсіп корпорациясының президенті (2010–17) қызметтерін атқарған. 2021 ж. обл. Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары. Обл. мәслихаттың 3-, және 4-шақырылған депутаты (1999–2007). «Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Жалағаш ауд-ның құрметті азаматы (2010).

Қ.Омаров

ШӘМЕНОВ – ауыл. Жалағаш ауд-ндағы өзімен аттас ауылдық окр-нің орт. Бұрынғы «Коммунизм» кеңшары. Аудан орт. Жалағаштан батысқа қарай 18 км жерде, Сырдарияның оң жағалауында орналасқан. Тұрғыны 1,0 мың адам (2023). Іргетасы 1950 ж. «Елтай», «Иіркөл», «Белсенді», «Жігер» ұжымшарлары негізінде, Молотов атынд. ұжымшар болып құрылған. 1955 жылдан М.Шәменов басқарды. 1957 ж. «Молотов» пен «Таң» ұжымшарлары қосылып, «Коммунизм» ұжымшары болып өзгерді. 1962 ж. Жалағаш ауд. Қармақшы ауд-на қосылғаннан кейін 1963 ж. Коммунизм мен 22-партсъезд атынд. ұжымшарлары бірігіп, Жалағаш қыстағы, Таң, қазіргі Ақсу а. «Коммунизм» кеңшарына қосылды. 1967 ж. «Таң» кеңшары өз алдына бөлініп шықты. 1975 ж. «Ақсу» кеңшары «Коммунизм» кеңшарының орт. Жалағаш қыстағынан қазіргі М.Шәменов а-ның орт-на көшірілді. 1977 ж. «Коммунизм» кеңшары аудан бойынша мал бордақылау кеңшары болып қайта құрылды. 1994 ж. шаруашылыққа а. ш-ның көрнекті ұйымдастырушысы М.Шәменовтің есімі берілді. Шаруашылық негізінен күріш өсірумен айналысты. Ауылдық окр-нің жалпы жер көлемі, инженерлік жүйеге келтірілген егістіктер мен жайылымдар, шабындықтарын қосканда 19 683 га. Ел тәуелсіздік алған 1991 жылға дейін кеңшар 1000 га күріш екті. Мал бордақылау, сүт бағытындағы ірі қара фермасы жұмыс істеді. Бүгінгі таңда ауылда 10 төсектік учаскелік емхана, 704 орындық мектеп, мәдениет үйі, пошта байланыс бөлімшесі, балалар бақшасы, 2 дүкен жұмыс істейді. Ауылда 47 кәсіпкерлік нысан, 7 шаруа қожалығы бар. Ауыл тұрғындары мал ұстап, егін егумен айналысады. Онда 1194 бас қой-ешкі, 587 бас жылқы, 10 түйе бар.

Т.Адисұлы



Шәмшәтұлы Ибрахим

ШӘМШӘТҰЛЫ Ибрахим (4.8.1921, Қармақшы ауд. Төртқұл а. – 2010, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1979), проф. (1982). Ш. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. КСРО Халық ағарту ісінің үздігі (1978), ҚР Жоғары мектебі ҒА-ның құрметті акад. (1996). Қызылорда пед. уч-щесін (1941, қазіргі Қызылорда пед. жоғары колледжі), Шымкент оқытушылар ин-тын (1949, қазіргі Оңт. Қазақстан пед.ун-ті), Қызылорда пед. ин-тын (1952, қазіргі Қызылорда ун-ті), Қазақстан КП Орт. к-ті жанындағы партия тарихы ин-тының аспирантурасын (1953) бітірген. Жасынан жетім қалып, 1913–36 ж. панасыз балалар үйінде тәрбиеленген. Қармақшы қыстағындағы орта мектебінде мұғалім (1941–43), директор (1946–48), ауд. партия к-тінің меңгерушісі (1949–53) қызметтерін атқарды. «Борьба партийных организаций Казахстана за освоение целинных земель» атты монографиясы (1959) жарық көрді. Ш. ұлтшыл ретінде қудаланып, 1960 ж. ғылым кандидаты дәрежесінен айырылды. Қазақ ұлттық академиясының тарих, археология және этнография ин-тында (1957–65), ҚазПИ-де (ҚазҰПУ) доцент, кафедра меңгерушісі, проф. (1965–2001) болған.Ш. 220-дан астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 11 монография, 3 оқу құралының авторы. Ш. 5 ғылым докторын, 21 ғылым кандидатын дайындаған. 2-дәрежеді Отан соғысы орденімен (1985), бірнеше медальмен марапатталған.



Шәріп Амантай

ШӘРІП Амантай Жарылқасынұлы (1.5.1965 ж. т., Қазалы ауд. Бөзкөл а.) – филол. ғыл. докт. (2001), ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (2017). Ш. ҚР Мәдениет қайраткері (2009), Халықар. Айтматов академиясының акад. (2013), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1998). ҚазМУ-ды (1988, қазіргі ҚазҰУ), Мәскеу халықар. бизнес және ақпараттық технологиялар ун-тін (1998), ҚазҰУ-дың докторантурасын (2000) бітірген. Оклахома мемл. ун-тінде (1995, АҚШ) кәсіби тағылымдамадан өткен. ҚазҰУ-да стажер-зерттеуші, ассистент, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі (1988–96), Қызылорда гуманит. ун-тінің проректоры (1996–97), Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра меңгерушісі, проректоры (2000–04), Қызылорда обл. телерадиокомпаниясының директоры (2004–05), «Қазақстан» РТРК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары (2005–06), Әдебиет және өнер ин-тында бас ғыл. қызметкер (2007), ҚР Сыртқы істер мин. Халықар. ақпарат к-ті төрағасының орынбасары (2007–08), «Астана ақшамы» газетінің директоры-бас редакторы (2008–12), Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы «Алаш» мәдениет және рухани даму ин-тының директоры, әлеум. ғылымдар ф-тінің деканы (2012–14), Халықар. Түркі академиясының бас ғалым-хатшысы (2014–16), «Егемен Қазақстан» респ. газетінің бас редакторы (2016–17) қызметтерін атқарған. 2017 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінде түркітану кафедрасының проф. Ғыл.-зерт. бағыты әдебиет теориясы мен тарихы, түркітану, алаштану, журналистика, этнолингвистика салаларын қамтиды. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері С.Қожанұлының әдеби-публицист. мұрасын ғыл. айналымға енгізді. Қазақ поэзиясында ұлттық менталдықтың көрініс табу мәселесін пәнаралық байланыстар аясында тұңғыш рет қарастырды. Ш. 10 монография, 250-ден астам ғыл. және ғыл.-танымдық мақаланың авторы. «Дарын» мемл. Жастар сыйлының лауреаты. «Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. Қазалы ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Шәріпов Қасым

ШӘРІПОВ Қасым (1912, қазіргі Сырдария ауд. – 1984, Алматы қ.) – журналист. Мәскеу мемл. кино ин-тының жұмысшы (1931), ҚазМУ-дың (1948, қазіргі ҚазҰУ) тарих ф-ттерін бітірген. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінде бөлім меңгерушісі, партия тарихы ин-тында жауапты қызметкер (1929–41), директордың орынбасары, «Социалистік Қазақстан» газетінде бас

редактор, ҚазТАГ директоры (1946–74), Қазақстан Журналистер (1959–71) және КСРО Журналистер одағы басқармасының хатшысы (1961–71) қызметтерін атқарған. Ш-тің «Америка алыс емес» (1964), «Қатардағы қаһарман» (1965), «Журналист и жизнь» (1976) деген кітаптары жарық көрген. 1-дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» орденделімен, бірнеше медальмен марапатталған.

Т. Дайрабай

ШӘУЕК ҚҰМЫ – төбе. Жалағаш ауд. Мақпалкөл а-ның Жаңадария бетінде 10–15 км жерде орналасқан. Шәуек деген Қарақалпақтың адамы осы жерге келіп тұрғындарға бидай өктірген. Шыққан бидайдың ұзындығы аталмыш құмның биіктігімен бірдей болғандықтан бұл жерді Ш. қ. деп атаған.



Шегебаев Рахым

ШЕГЕБАЕВ Рахым Қарташұлы (1.1.1947 ж. т., Қармақшы ауд.) – суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1981). ҚазПИ-ді (1975, ҚазҰПУ) бітірген. 1978 ж. Мәскеуде мәдениет қызметкерлері білімін жетілдіру курсында оқып, Балтика жағалауы, Қырым, Тәжікстан, Өзбекстан, Украина елдерінде суретшілердің шығарм. бірлестігі құрамында жұмыс істеді. ҚР Қызылорда көркемсурет көрме мекемесінің меңгерушісі (1975–92), Қызылорда пед.ин-тында (қазіргі Қызылорда ун-ті) дизайн ф-тінде оқытушы (1992–96) қызметтерін атқарған. 1996 жылдан Қызылорда обл. тарихи-өлкетану музейінде көркемсурет галереясының меңгерушісі. Шығармалары Қазақстан президентінің резиденциясында, ТМД елдері қ-ларының мұражайларында, АҚШ, Канада, Португалия, Будапешт, т.б. елдердің жеке жинаушыларының иелігінде сақтаулы. Бірнеше диплом, грамоталармен марапатталған.

Р.Шегебаев

ШЕГЕБАЙ Бектасұлы (1844, Қазалы өңірі, Қуаңдария бойы – 1916, қазіргі Қармақшы ауд. Тұрмағамбет а.) – ақын. 15 жасынан топқа түсіп, таныла бастаған. Ақынның «Жиырма бес сөз» атты қолжазбасында діни-наным-дар, надандық пен әділетсіздікке қарсы ғибадат өлеңдері топтастырылған. 1885 ж. Сарыбай – Құлназармен айтысып, Ырыстының жұмбақ айтысын шешуге қатысқан. Ш-дың «Бекіш биге», «Айшаға», «Омарға», «Жоқшылық», «Тілек», «Үміт», «Ешекең», «Би-батырларды жырлаймын», «Шегебай қиял ойлай сөзді баста» атты өлең-жырлары сақталған.

Т.Дайрабай



Шеңгел

ШЕҢГЕЛ – бұршақ тұқымдасына жататын, жалғыз түрден тұратын бұта туысы. Облыс аумағында өсетін Ш. құм, саз, топырақты шөл жерлерде, өзен аңғарларында, тоғайда, қиыршық тасты сортаң жерлерде кездеседі. Мамыр-маусым айларында гүлдейді. Биікт. 50–200 см. Сабағы тықыр, кейде күмістей жылтыр, тікенді қабығы қара түсті. Жапырағы қос қауырсын пішіндес, қысқа тікенекті. Гүлі гүл-сағасында құмыра не қоңырау тәрізденіп топтанған. Әсемдік, шірнелі өсімдік. Әдетте тікенді болғандықтан, шеңгелді жерге мал жайылмайды, бірақ күз бен қыста оның жемісі мен жапырағын түйе мен қой сүйсініп жейді. Тамырынан жүн бояу үшін пайдаланылатын сары бояу алынады.



Шермағамбетов Зинабдин

ШЕРМАҒАМБЕТОВ Зинабдин (12.11.1943 ж. т., Жаңақорған ауд. Кеңес а.) – еңбек ардагері. Ш. Қазақ КСР Білім беру ісінің үздігі (1978), КСРО Білім беру ісінің үздігі (1984). Қызылорда пед. ин-тын (1965, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын 1965 ж. бастаған. Әскери борышын өтеп келген соң №54 мектепте мұғалім, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары (1967–73), №54-мектептің (1975–91), №239-мектептің директоры (1973–75), Жаңақорған ауд. әкімінің орынбасары (1992–94), ауд. білім бөлімінің басшысы (1995–2001), №3-мектеп-интернатының директоры (2001–10) қызметтерін атқарған. 2010 жылдан ауд. Ардагерлер кеңесінің төрағасы. «Құрмет» (2014) орденімен, «Ерен еңбегі үшін» (2005), т.б. медальдармен, Ы.Алтынсарин төсбелгісімен (2004) марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Ши

ШИ – астық тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Қазақстанда 3 түрі бар. Әсіресе маңыздысы ақ Ш., ол облыстың барлық өңіріне тараған. Құрғақ өзен аңғарларында, тастақты жерлерде, қиыршық тасты қырат, дөң баурайында, өзен, көл жағалауында өседі. Мамыр-маусым айларында гүлдейді. Биікт. 30–250, кейде 350 см. Гүлшоғыры – жайқала өскен дәнек. Ш. тұқымы арқылы өсіп өнеді. Сабағы түзу, тықыр, мықты болып біткен. Ақ Ш-дің кәсіптік мәні бар. Одан киіз үй керегесін қаптайтын, күнделікті тұрмысқа қажетті шилер тоқылады. Сондай-ақ гүлшоғырымен бірге байланған сабағынан сыпыртқы жасалады.

А.Исамбаев



Шиебөрі

ШИЕБӨРІ – жыртқыштар отрядының ит тұқымдасына жататын аң. Қазақстанда тек Сырдария өз-нің алабы мен Арал т. жағалауында кездеседі. Ш. әсіресе Сыр бойында (Шардара бөгенінен Қызылорда қ-на дейін) көп (әрбір 10 км² жерде 8–10 бас). Қалаған қамыс арасында, орман-тоғайда мекендейді. Қорек талғамайды: өлексе, кеміруші, омыртқасыз жәндіктер, жидек жеп күнелтеді. Жемін түнде аулайды. Моногам. Ақпан-наурыз айларында ұйығады. 60–63 күн көтеріп, 4–7 күшік табады. Ш. орқоян, ондатр, қырғауыл сияқты аң-құспен қоректеніп, аңшылық ш-на зиян тигізеді.

Ә.Бекенов



Шиелі кенті

ШИЕЛІ – кент (1939 жылдан). Шиелі ауд-ның әкімш. орт. (1928 жылдан), кенттік әкімдіктің орт. Облыс орт. – Қызылорда қ-нан оңт.-шығысқа қарай 128 км жерде, Сырдарияның оң жағалық аңғарында орналасқан. Тұрғыны 36,2 мың адам (2023). Іргесі 1904 ж. Орынбор – Ташкент т. ж-н салуға байланысты қаланған. 1995 жылға дейін Ш-де бірнеше

мемл. шаруашылықтар, ведомстволар мен министрліктердің әр түрлі бағыттағы мекемелері мен кәсіпорындары болған. Олардың басым бөлігі жекешелендіріліп, нәтижесінде акцион. қоғам, өндірістік кооператив, серіктестіктер мен шаруа қожалықтары құрылды. Ірілері: «Желмая» АҚ, «Арал Газ», «Желмая А.А.С.» «Феруза фарм» «Мөлдір және Компания», «Әбдіманап базары», «Бағдат және Компания», «Болсынай және Компания», «Құрастырушы», «Ақбұлақ», «Арғымақ», «Шиелі ырысы», «Шиелі-Кооператор», «Жанат және К», «Кен-дәурен», «Әдемі тіс», «Кредитное товарищество «Наурыз-Дем», «Шуақ шиелі», «Нұр-Мұнай-РГДА», «Шиелі-Энергосервис», «РУ-6», «Шиелі Тас-Оңтүстік», «М Транс-Строй», «Шиелийский районный парк культуры и отдыха», «МГК Ltd», «Мия Шиелі», «Казатомпром-Демеу», «Қаратау», «Геотехносервис», «Аргос», «Саят Бур Сервис Ойл», «Корпорация «Атамұра», «Байланыс-НАК», «MKS Company», «Топливно-энергетический комплекс – Казахстан», «Global Alatau Group», «Семизбай-U», «Гежуба Шиелі Цемент», «Шиелі Жолшы», «Шиелі жарығы» ЖШС, «Сығанақ», «Дархан-І», «Сапақ», «Асылбек» өндірістік кооперативтері, Ақмол, «Берікқара», «Шиелі-Береке-Агро», «Шиелі – Төрт түлігі», «Шиелі Ырысы» а. ш. өндірістік кооперативтері. Олардан басқа кентте ауд. мемл. мекемелер орналасқан. Шиелі кентінің шығыс жағынан индустр. аймаққа 96 га жер, 18 жобаға жер телімі бөлініп, оның ішінде: «Геджуба-Шиелі» «Тампонажды цемент өндіру зауыты», «Шиелі Жолшы» ЖШС «Асфальт зауыты және темір бетон зауыты», «Мия-Шиелі» ЖШС «Мия тамырын өңдеу зауыты», «Бөпежанова» ЖК, «Әк зауыты», «ҚазСтрой Орда» ЖШС-ның «Бетон зауытының құрылысы» іске қосылған. Кент орт-нда саябақ, 8 мектеп, 1 оқушылар үйі, өнер мектебі, «Самғау мектебі», «Зияткер мектебі» ЖШС жеке мектептері, 1 кенттік мәдениет үйі, 1 мәдени-шығарм. орт., 2 стадион, 6 спорт залы, 1 спорт кешені, 4 мешіт, ауд. аурухана мен емхана, 8 дәріхана, т.б. әлеум.-мәдени мекемелер жұмыс істейді.

Қ.Омаров

ШИЕЛІ – өзен. Сырдариянның тармағы. Ұз. 110 км. Сырдариядан Төменарық т. ж. ст. тұсында бөлініп шығып, Жөлек а. тұсында қайта құяды. Аңғары кең, көбіне батпақты жазық, арнасы құмайтты болғандықтан тез өзгеріп отырады. Қар суымен деңгейі көтеріледі. Алабы – шабындық, жайылым. Суымен егістік алқап суғарылады. Бастауын Қаратау жотасының батыс етегінен алады. Өзен жағасында шиенің қалың өсуіне байланысты қойылған атау.

ШИЕЛІ АУДАНЫ – облыстың шығысында орналасқан әкімш.-аум. бөлініс. 1938 ж. құрылған. Тұрғыны 85,7 мың адам (2023). Жер аум. 32,4 мың км. Ауандағы 39 елді мекен 1 кенттік және 22 ауылдық округке біріктірілген. Аудан орт. – Шиелі кенті. Ауанның жер бедері, негізінен, жазық дала. Солт-тен оңт-ке қарай 345 км-ге, батыстан шығысқа қарай 115 км-ге созылып жатыр. Оңт-н Қызылқұм құмды алқабы, солт.-шығысына Қаратау жотасының қиыр солт.-батыс бөлігі кіреді. Ауданның ең биік жері де (873 м) осында. Жота аласа келген бірнеше сілемдерден (Қарамұрын, Дәуіт, т.б.) тұрады. Жотаның солт-не батпақты-сазды Ащыкөл ойысының батыс бөлігі кіріп жатыр. Оның қиыр бат-нда Қатыншоқай құмы орналасқан. Қызылқұм атырабында мал жайылымына қолайлы қыстаулар (Қарақшытөбе, Әмірбек, Үрмекұм, т.б.) мен құдықтар (Әбдірахман, Әндіжан, Шекара, Ноғайқұдық, т.б.) бар. Орт. бөлігін Сырдария өз-нің аңғарлық жайылмасы алып жатыр. Жер қойнауынан алтын, ванадий, уран кентастары және құрылыс материалдарының кен орындары барланған.



Климаты тым континенттік. Қаңтар айының жылдық орташа темп-расы солт-нде – 7^{0}С – оңт-нде (Қызылқұм өңірінде) – 4–6^{0}С, кейбір жылдары ауа темп-расы – 40^{0}С-қа дейін төмендейді. Шілде айының орташа темп-расы 26–28^{0}С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлш. 130–200 мм. Аудан жерімен Сырдария өз. және оның тармақтары ағып өтеді. Аудан аумағындағы Шиелі-Телікөл, Бұлақты Тарша, Ошақты, Қалғандария, Таушұқырой, Ащыкөл және Ханқожа көлдер жүйесі, одан басқа, Қаратау жотасының оңт. баурайынан бірнеше шағын өзендер бастау алып, Сырдарияға жетпей жерге сіңіп кетеді. Ауданның солт-нде Телікөл көліне Сарысу өзнің төм. ағысы келіп құяды. Сырдариядан Телікөлге дейін Шиелі – Телікөл каналы тартылған. Телікөл көлі мен Ащыкөл ойысы арасында бірнеше артезиан (Жайылхан, Жындытөбе, Тұрсынбай, Сайқұдық, т.б.) және жай құдықтар (Қарақазған, Қызылжар, т.б.) бар. Қарамұрын тауының солт. баурайында суы емге шипа Ақжарбұлақ бастауы (бұлағы) орналасқан. Ауданның топырақ жамылғысы, негізінен құмды сортаң және сортаңды сұр топырақты. Құмды оңт. өңірде сексеуіл, жыңғыл тоғайлары кездеседі. Сырдария өз. жайылмасында тал, жиде, тораңғыл ағаштары және қамыс, құрақ өскен. Тағы аң-құстардан қасқыр, шиебөрі, қарсақ, түлкі, қоян, борсық, ақбөкен, қарақұйрық, тоғай арасында құм қояны, тышқанның бірнеше түрі, қырғауыл, т.б. мекендейді. Ш. ауд. халқының басым бөлігін қазақтар (96,02%) құрайды. Одан басқа орыс (1,8 мың), кәріс (0,8 мың), шешен (0,05 мың), т.б. этнос өкілдері (1,33 мың) тұрады. Тұрғын халық, негізінен, Сырдария аңғарын бойлай қоныстанған. 1 км-ге шаққандағы халықтың орташа тығыздығы 1,4 адамнан келеді. Ірі елді мекендері: Шиелі кенті (36,2 мың), Бала би (3,7), Қодаманов (3,4), Бидайкөл (4,3), Сұлутөбе (2,0), Алғабас (3,7), Н. Бекежанов (2,9), т.б. Аудан ш-ның басты саласы – егін, мал ш. және өндіріс. 1996 жылға дейін ауданда 5 ұжымшар, 8 кеңшар, қаракөл қойы, сүтті-етті мал, жылқы, түйе өсіретін, сонымен қатар жеміс-көкөніс, бау-бақша өсіретін 5 ұжымшар, 8 кеңшар, ауд. арнайы шаруашылық бірлестігі болған. Нарық экономикасына өтуге байланысты олардың барлығы жекешелендірілді. Өнеркәсібінде Семізбай U, «Гежуба Шиелі Цемент компаниясы», «Балауса Сауысқандық» Ванадий өндірісі, «Шиелі Доломит» (қиыршық тас), «KUTAU SP», «Кутау-3» (қиыршық тас және әк өндіру), «Аймар групп» (тігін шеберханасы), «Тесис» ЖШС-ларының (қуатт. 40 МВт болатын күн электр ст.) кәсіпорындары жұмыс істейді. Тіркелген шағын және орта кәсіп саласын-



дағы кәсіпкерлердің саны 7040. Ауданда барлығы 31 702 га егіс көлеміндегі негізгі дақыл күріштің үлесі – 13 189 га. 5405 га жерге картоп, көкөніс, бақша дақылдары егілген (картоп 1200 га, көкөніс 1805 га және бақша дақылдары 2400 га). Халыққа көмек ретінде 1520 га қосымша өңделген. А. ш. өнімдері экспорттық әлеуетке ие. 2023 жылдың 1 қыркүйегінде 93 267 ірі қара, 143 425 ұсақ мал, 25 143 жылқы, 1705 түйе, 30 079 құс құрады. Ш. ауд-ның әлеум.-мәдени және денсаулық сақтау салалары біршама дамыған. Ауданда жалпы білім беретін мектептер саны 40, 2 спорт мектебі, 1 кәсіптік-тех. үш-ще бар. Бүгінгі таңда ауд-дан халқына 3 ауруханa, 2 емхана, 1 жалпы тәжірибелік бөлім, 19 дәрігерлік амбулатория, 13 мед., 3 фельдшерлік-акушерлік, ауд. мәдени-шығарм. орт., «Арман» мәдениет үйі, 10 ауылдық мәдениет үйлері мен 15 ауылдық клубы) барлығы 27 мәдени ошақтары, 2 мәдени-демалыс кешендері және Нартай өнер мектебі, Шиелі спорт клубы, 3 стадион, 3 спорт кешені, 44 спорт зал, 96 жазықтық құрылғылар халыққа қызмет көрсетеді. Аудандағы 103 мектепке дейінгі ұйымда (18 мемл., 75 жеке меншік, 10 шағын орт.) 6189 бала тәрбиелену-де. Аудан халқының 68%-ы көгілдір отынды пайдала-нуда. Сапалы ауыз сумен 34 елді мекеннің 88%-ы, 85 мыңнан аса тұрғынның 98%-ы қамтамасыз етілген. Аудан орт. – Шиелі кентінен Қызылорда қ-на дейінгі ара қашықтық 128 км. Ш. а. аумағында автомобиль жол-дарының жалпы ұз. 323,4 км. Оның ішінде респ. – 80 км, обл. – 98 км, ауд. – 145,4 км маңызы бар жол-дар. Ауд. маңызы бар 145,4 км-лік автомобиль жолы, сондай-ақ респ. және обл. деңгейдегі жолға асфальт төселген. Шиелі кенті және елді мекендердегі көше-лердің саны 401, ұз. 395,38 км. Ш. ауд-нда көненің көзі саналатын Мортық, Оқшы ата, Асан ата, Ес абыз, Қа-был ата, Бақты ата кесе-нелері және «Ақ бикеш», «Жүніс әулие», «Дәуіт», «Бес қыз», «Жаппасбай» мешіттері, т.б. тарихи-ар-хеол. б.з.б. 2-мыңжылдық тарихы бар «Сауысқандық шатқалындағы жартастағы бейнелер кешені» ескерт-кіштері бар.

Қ.Омаров

ШИЕЛІ – ТЕЛІКӨЛ КАНАЛЫ – Сырдария және Шиелі аудандары жеріндегі канал. Жалпы ұз. 90 км-ден астам, ені 6–10 м. Тереңд. 3–4 м. Ш.- Т. к-ның орташа су ағымы 12 $м^3$/с, ең көбі 14,5 $м^3$/с. Сырдария, Шиелі аудандарының 54 мың гектардан астам жай-лым, шабындықтарын су-ландырады.

ШИЖАҒА – Арал ауд-ндағы ауыл, Октябрь ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Арал қ-нан солт-ке қарай 18 км жерде орна-ласқан. Тұрғыны 2,3 мың адам (2023). Ауыл 1957–96 ж. асыл тұқымды қаракөл қойын өсіретін «Арал» кең-шарының орт. болған. Кең-шар негізінде Ш-да ЖШС және бірнеше шаруа қожа-лығы жұмыс істейді.



Шиповских Геннадий

ШИПОВСКИХ Геннадий Геннадиевич (22.10. 1989 ж. т., Арал ауд. Сек-сеуіл ст.) – қоғам қайрат-кері. Әйтеке би кентіндегі №5 кәсіптік лицейін ма-шинисттің көмекшісі ма-мандығы бойынша (2010), Қызылорда агр.-тех. кол-леджін (2017), Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын (2020), Тұран ун-тінің магистратурасын (2022) бітірген. Қызылорда Локомотив жөндеу депо-сының жылжымалы құрам мекемесінде слесарь, Локо-мотив пайдалану депосын-да машинистің көмекшісі болып (2010–16) жұмыс істеген. «Қазақстан темір жолы» АҚ «Evolution» атты «Көңілді тапқыштар клу-бының» мүшесі болған. ҚР

Парламенті Мәжілісінің 6-,7-шақырылған депутаты (2016–23) болып сайланған. 2023 жылдан ҚР Парла-менті Сенатының депутата-ты. «Құрмет» орденімен, бірнеше медальмен мара-патталған.

Қ.Омаров



Шляпин Геннадий

ШЛЯПИН Геннадий Фадеевич (13.8.1912, Қа-залы қ. – 13.8.1970, Таш-кент қ.) – соғыс ардагері, Кеңес Одағының Батыры (22.7.1944). Орыс агр.-ин-дустр. техникумын, Таш-кенттегі жаяу әскер уч-щесін (1941) бітірген. 1937 ж. Қазалы МТС-нда, «ОСО-АВИАХИМ» обл. кеңесін-де жұмыс істеген. Кеңес әскері қатарында 1934–36, 1939–40 ж. болды. 2-дүние-жүз. соғысқа кіші лейте-нант шенімен аттанып, оны гв. полк. атағымен аяқтады. 1944 жылдың маусымын-да Ш-нің басқаруындағы 196-гв. атқыштар полкі жаудың қорғаныс бекінісі-не шабуыл жасап, Забо-рье ауд-нан қуып шықты. Немістердің маңызды тірек пункті Сиротиноны басып алып, Витебск – Полоцк т. ж. торабында жауды бөгеді. Дұшпанды өкшелей қуған полк Батыс Двина (Дауга-ва) өз-нен өтті. Осы шай-қастардағы ерлігі үшін Ш. батыр атағын алды. Соғыс-тан кейін «Выстрел» кур-сын (1947), Бас штабтың әскери академиясы жанын-дағы курсын (1957) бітір-ген. 1958 ж. запасқа шықты. Қазалы, Ташкент қ-ларын-да жұмыс істеді. Қазалы қ-ндағы бір көшеге Ш. есімі берілген. Ленин, Қы-зыл Ту, Богдан Хмельниц-кий, Суворов, 1-дәрежелі Отан соғысы, 2 мәрте Қы-зыл жұлдыз орденлерімен, бірнеше медальмен мара-патталған.

К.Саркенова



Шомантаев Асылхан

ШОМАНТАЕВ Асыл-хан Әшімұлы (1.7.1953 ж. т., Жаңақорған ауд. Жаңақорған к.) – а. ш. ғыл. докт. (2002), проф. (2007), ҚР Білім беру ісінің құр-метті қызметкері (2005). Жамбыл гидромелиора-тивтік-құрылыс ин-тын (1980, қазіргі Тараз ун-ті) бітірген. 1980–98 ж. осы ин-ттың Қызылорда бөлім-шесінде оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңге-рушісі, ф-т деканы, Қызыл-орда мемл. ун-тінде аға ғыл. қызметкер, ф-т деканы, ин-т директоры, ғыл. жұмыс-тар жөніндегі проректоры (1999–2015), 2015 жылдан су ш. және жерге орналас-тыру кафедрасының проф. ҚазҰТУ (2005–07), Қазақ ұлттық агр. (2008–11), Та-раз ун-ттері жанындағы докторлық диссертац. кеңес-тердің мүшесі (2011–16), Қызылорда ун-ті жанын-дағы су ресурстары және суды пайдалану бағыты бойынша Ph.D дәрежесінің беру жөніндегі диссертац. кеңестің төрағасы (2019–21) қызметтерін атқарған. Ғыл. бағыты – Сырдария өз. төм. ағысының ластa-нуының негізгі көздері (төгінді және кәріз сулары), олардың мөлшері мен хим. құрамы, ағынды сулардың гидрохим. режиміне тигі-зетін әсері, осы суларды а. ш-на қайта пайдалану-дың өнімд. сапасы мен то-пырақ құрамына тигізетін әсерін зерттеуге арналған. Ш. 7 ғылым кандидатын, 3 Ph.D дайындаған. 120 ғыл., әдістемелік еңбектің, оның ішінде 2 монография, 4 оқу-лық, 6 ұсынымның авторы. «Ерен еңбегі үшін», т.б. ме-дальдармен марапатталған. Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2008).

Қ.Омаров

ШОНЫҚБАЕВ Сына-сап (1924, Жалағаш ауд. қазіргі Ақсу а. – 6.3.2004, сонда) – соғыс және еңбек

ардагері. Туған а-нда еңбекке араласып, а. ш. салаларында жұмыс істеген. 1942 ж. 2-дүниежүз. соғысқа аттанған Ш. әскерден 1950 ж. а-на оралып, еңбек еткен. 1954 жылдан бастап күріш егіп, 1956 жылдан өндіріс бригадирі болды. Ол басқарған бригада 1980–85 ж. ең жоғары көрсеткішке жеткен. Ш. Ленин, «Құрмет белгісі», 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», т.б. медальдармен марапатталған.

Т.Адисұлы

ШОРАЯҚТЫҢ Омары (22.10.1878, қазіргі Қармақшы ауд. Майлыөзек а. – 14.6.1924, сонда) – ақын. Ауыл молдасынан сауат ашып, кейін өз бетінше білімін толықтырған. Он алты жасынан өлең шығара бастаған. Алғашқы өлеңдерінде («Сөйле, тілім, жосылып», «Шығарған сөзім шырайлы», «Өмір өрнектері», т.б.) ақындық пен сөз өнерін жырға қосты. «Аталық кеңес», «Жастарға өсиет» өлеңдерінен ұлттық тәлім-тәрбие тағылымы танылады. Діни тақырыптағы «Барамыз байтақ орынға», «Әмманың ажал тағдыр мұрасындай», «Айналайын атыңнан», «Әуелі аспан менен жер жараттың», «Жәрдемші Жаппар атты жалғыз еге», т.б. жырлары мұсылмандықты насихаттап, адамгершілік пен имандылыққа уағыздайды. Ш. мысал жанрында «Бір пияла май», «Қойшы мен құры», т.б. туындылар жазды. Оның адалдықты үлгі ететін («Жарлы Тәліп», «Қара шекпен»), әйел махаббатының құдіретін ұлықтайтын, зұлымдықтың зардабын сөз еткен («Үш күлше») дастандарымен қатар ислам дінінің қалыптасуы мен таралуын қамтитын, діни-ағартушылық бағыттағы «Мұхаммед», «Мағауия», «Хақ Сүлеймен», «Калимулла», «Әбу Шахыма» сияқты жыр-дастандары сақталған. «Тау еліне» атты тарихи хат-дастаны – қазақтың мәдени дәстүрінің өркендеуін мазмұндаған эпик. шығарма. Ш-тың Таубайдың Жүсібімен, Нұрмақанмен, Қарасақал Ерімбетпен жазбаша айтыстары, сондай-ақ әдебиет тарихында «Алты ақынның өмір туралы айтысы», «Шәкей сал мен алты ақын» деген атпен белгілі сөз сайыстары сақталған. Ш. шығарм. туралы алғаш М.Байділдаев «Ақындар творчествосы» (1959) атты кітабында жазды. Ақын өлеңдері «XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары» (1963), «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Айтыс» (1965, 2-т.), «Бес ғасыр жырлайды» (1985, 3-т.), «Ай, заман-ай, заман-ай» (1991), «Қазақ поэзиясының антологиясы» (1993) жинақтарында жарияланған.

Т. Тебегенов

ШОРТАНБАЙ Ерубайұлы (1842, қазіргі Сырдария ауд. Сәкен Сейфуллин а. – ө.ж.б.) – би, шешен. Ш. жасынан ауыл молдасынан сауатын ашқан. Ел арасындағы нақыл, тапқыр шешендік сөздерді, мақал-мәтелдерді жаттап оны жиындарда айтып машықтанған жер дауы, жесір дауы, барымтагершіліктің түйіні, тағдыры Ш. алдынан әділ шешімін тауып, ел алғысын алған. Ш. тәрбие мәселесіне, жалпы ұлттық этик. дәстүрлердің бұрмасыз іске асырылуына ерекше назар аударып, жұртты осыған бағдарлап отырған. Ұрпақтары С.Сейфуллин атынд. а-да және Тереңөзек кентінде тұрады.



Шөкенов Батырхан

ШӨКЕНОВ Батырхан (18.5.1962, Қызылорда қ. – 28.4.2015, Мәскеу қ.) – әнші, музыкашы, композитор, Қазақстанның еңбек сің. өнер қайраткері (2010). Алматы мемл. консерваториясын (1985, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. 1979 ж. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қ-ндағы мемл. мәдениет ин-тында, кейін 1981 ж. Алматы мемл. консерваториясында оқыған. Болашақ әнші өміріндегі ең белесті кезең сол кездегі кеңес дәуірінде ерекше көзге түсіп жүрген джаз музыкашысы Г.Метаксамен кездесіп танысуы әрі онымен бірге белгілі Т.Ибрагимов және «Бумеранг» тобына қатысуы болды. 1982 ж. музыкашылар Б.Серкебаев, Б. Сыздықов және В.Миклошичпен таныс болды. Бұлар сол жылы «Арай» тобына шақырылды. 1983 ж. осы «Арай» тобы құрамында өнер көрсеткен Ш. Бүкілодақтық эстрада артистері байқауының лауреаты атанды. 1987 жылдан «Алматы» тобында (кейін «А-Студио» деп аталды), Мәскеу қ-ндағы А.Б.Пугачеваның Ән театры құрамында (1989–94) өнер көрсетті. Кейінгі жылдары жеке орындаушылықпен айналысқан (2000–15). ҚР Президентінің кеңесшісі (2007–15) болған. 2002 ж. «Отан ана» атты тұңғыш жинағы, 7 жеке муз. альбомы шыққан. Жалағаш ауданының құрметті азаматы (2009). 2018 ж. Қызылорда қ-нда ескерткіші ашылып, парк атауы берілген. Алматы қ-ндағы бір көше Ш-тің есімімен аталады.

ШӨКЕНОВ БАТЫРХАН ЕСКЕРТКІШІ – сәулет өнері туындысы. 2018 ж. орнатылған. «Алматы» (1987), «A'Studio» (1988) тобының құрамында өнер көрсеткен әнші, сазгер Батырхан Шөкеновке арналған. Ескерткіш қоладан



Шөкенов Батырхан ескерткіші

құйылған. Онда саксафон ұстаған әншінің сексеуіл діңі үстінде отырғаны бейнеленген. Мүсін жылтыр келген қызғылт-қоңыр граниттен жасалған баған секілді тұғырға орнатылған. Ескерткіштің жалпы биікт. 3,6 м, мүсіннің биікт. 2,2 м, тұғырдың биікт. 1,6 м. Авторы – мүсінші М.Мансұров.



Шөкенов Камал

ШӨКЕНОВ Камал (25.1.1935, Жалағаш ауд. Қаракеткен ст. – 23.3.2011, Қызылорда қ.) – қаржыгер, тыл және еңбек ардагері, Қазақ КСР-інің еңбек сің. экономисі (1981). Алматы қаржы-несие техникумын (1952), Ташкент қаржы-экон. ин-тын (1957) бітірген. Техникумды бітіргеннен кейін бір жыл Мемл. банктің Жалағаш ауд. бөлімшесінде несие жөніндегі аға инспекторы болды. Қызылорда қ. қаржы бөлімінде халық ш-н қаржыландыру бөлімінде аға экономист, бюджет жөніндегі аға инспекторы (1957–58), обл. қаржы бөлімі халық ш-н қаржыландыру бөлімінде аға экономист, бөлім басшысы (1959–63), бюджет бөлімінің басшысы-обл. қаржы бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1963–70), меңгерушісі (1970–88), обл. қаржы басқармасының басшысы (1988–97) қызметтерін атқарған. Алматыдағы Қазақстан экономика және құқық ин-тының Қызылорда оқу-кеңес бөлімшесінің директоры, кейін осы ин-т Каспий қоғамдық унті болып өзгеруіне байланысты өкілдік директоры (1998–2004), 2005 жылдан обл. экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы басшысының кеңесшісі болған. Ш. «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Жалағаш ауданының құрметті азаматы (2007).

ШӨМІШ – Арал ауд. жеріндегі т. ж. ст. Арал қ-нан шығысқа қарай 50 км жерде орналасқан. Тұрғы-

ны 0,56 мың адам (2023). Жер аум. 4909 га, оның 41,0 мың га-сы мал жайылымы. Өсімдік жабындысын жусан, еркекшөп, бұйырғын, әр түрлі эфемерлер құрайды.

ШӨМІШКӨЛ – Сырдария аңғарындағы көл. Арал ауд. жеріндегі Ақшатау көлдерінен оңт.-шығысқа қарай 7 км жерде орналасқан. Пішіні сақина тәріздес, аум. 4,2 км², ұз. 2,8 км, ең терең жері 10 м. Көл төбелер ортасында жатыр. Шығыс жағалауы ашық, жайдақ. Көлдің батыс жағалауының қамысы сирек, жағалаудан ортасына қарай (25–35 м жерде) қалың қамыс, қоға, шылау өскен. Суы мөлдір. Көл табаны майда балдыр өскен сұр түсті құмды лай тұнба. Суы ашқылтым. Балықтың бірнеше түрі тіршілік етеді.

ШӨМІШКӨЛ – ауыл. Арал ауд. Райым ауылдық окр. құрамындағы елді мекен. Аудан орт. – Арал қ-нан оңт-ке қарай 125 км жерде, Шөмішкөл көлінің жағасында орналасқан. Тұрғыны 0,7 мың адам (2023). Райым ауылдық окр-н Қызылжар, Ш. елді мекендері құрайды. Округтің тұрғын саны 1,6 мың адам (2023). Ш. а. 1930 ж. «Шөмішкөл» балық ұжымшары болып құрылды. Бұдан бұрын Қалдау, Балтабай, Дің секілді жерлерде қоныстанған. Ауыл тұрғыны негізінен балық, мал ш-мен айналысады. Ауылда екі қабатты мектеп, 2 балабақша, мед. пункт, клуб, кітапхана, жаңа мешіт бар. Қазіргі таңда Қызылжар – Шөмішкөл бағытында тас жол салынған.



Шүкіров Зейнолла

ШҮКІРОВ Зейнолла (16.2.1927, Арал ауд. Бөген а. – 26.12.1979, Қызылорда қ.) – ақын, жазушы. Науқастығына қарамастан өз бетінше білімін көтеріп, жазушылықпен айналысты. Алғашқы жинағы 1955 ж. «Менің достарым» деген атпен жарыққа шыққан. Адамгершілікті, адал махаббат пен шынайы сезімді суреттейтін «Теңіз жырлары» (1960), «Арал дәптері» (1962), «Сағыныш» атты өлең кітаптары, сондай-ақ Арал балықшыларының ауыр тіршілігін, өмірін бейнелейтін «Тоғысқан тағдырлар» (1961), замандастарының келбетін ашатын «Сырлы дүние хикаялары» (1966), «Ізгілік іздері» (1967), «Қиын түйін» (1973) повестері, «Отты өткелдер» (1983) атты романы жарық көрді. Өлеңдері мен поэмалары 1977 ж. «Таңдамалы шығармалар» деген атпен жарыққа шыққан. Сыр бойы қазақтарының 19 ғ-дағы аумалы-төкпелі ала сапыран өмірін, тағдыр-талайын қамтитын «Сыр бойы» атты 4 кітаптан тұратын романын, «Сағыныш» атты өлеңдер, поэмалар мен аудармаларын жариялады. Ш. шығармалары шет ел халықтарының тілдеріне аударылған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

С.Тайманова



Шүленбаев Абдулла

ШҮЛЕНБАЕВ Абдулла Сыздықұлы (1950 ж. т., Қызылорда қ.) – біліктілігі жоғары санатты хирург дәрігер, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі. Алматы мемл. мед. ин-тын (1973, қазіргі ҚазҰМУ) бітірген. Қызылорда обл. ауруханасының хирургия бөлімшесінің хирург дәрігері (1973–82), меңгерушісі (1982–2005), обл. мед. орт-ның директоры (2005–08), жалпы хирургия бөлімшесінің меңгерушісі (2008–11) қызметтерін атқарған. 2012 жылдан көп бейінді обл. ауруханаының дәрігері, 2013 жылдан хирург дәрігерлердің кеңесшісі. Ш. Сыр өңірінде алғаш рет лазер сәулесін хирургияда пайдаланып, облыста алғаш болып аорто-бифеморалды шунттау отасын, сондай-ақ, Лапароскопия әдісі арқылы мыңнан астам: холесцистоэктомия, аппендэктомия, түрлі гинекологиялық және тороскопиялық оталар жасады. Ш. 31-ден астам ғылыми жарияланымдардың авторы. Н.И. Пирогов атынд. ТМД елдері Хирургтар ассоциациясының мүшесі. Қазақстан хирургтарының барлық пленумдарына, Орта Азия және Қазақстан хирургтарының 2–4-съездеріне қатысқан. Халықар. және респ. ғыл. форумдардың тұрақты қатысушысы. Ол «Шапағат» (2004), т.б. медальдармен, ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен (1998) және Алғысымен (2019), «ҚР-ның денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен (2010) марапатталған. 1999 ж. «Қызылорда облысының ең үздік дәрігері» атанып, есімі обл. Құрмет кітабына жазылды. Қызылорда обл-ның құрметті азаматы (2023). Акад. А.Н. Сызғанов атынд. «Хирургияны дамытуға қосқан үлесі үшін» медалінің, «Алтын дәрігер» белгісінің (2013) иегері.

Қ.Омаров

ШЫМҚОРҒАН – Жаңа дария өз. бойындағы қорған. 1818–19 ж. салынған. Дуалдың биікт. 8 м. Бекіністің төрт бұрышында мұнаралар орнатылған, айналасы екі қатар ормен және сумен қоршалған. Бекіністің оқдәрі, қару-жарақ сақтайтын ұңғыма орны сақталған.

ШЫНАР – көл. Орынбор – Ташкент т. ж. бойындағы Қараөзек көлдер жүйесінің құрамында. Ш. аталуы: Қазақтың үш батыры Бұқарбай, Наурызбай, Ағыбайлар көркіне ақылы сай Шынар атты қызға ғашық болып, қыз алдына келгенде – қыз өзінің тапқырлығымен Наурызбай мен Ағыбайды елдеріне қайтарып, Бұқарбайды таңдайды. Бұқарбай батыр сол аттас көлдің жағасына барып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасайды. Міне, осыдан бұл көл Ш. көлі аталып кеткен.



Шыны зауыты

ШЫНЫ ЗАУЫТЫ – Сыр елінде Респ. индустрияландыру картасына енген ауқымды жоба. Құрылтайшысы – «King Charm Development» ЖШС. Кәсіпорынның жалпы көл. 50 га-ны алып жатыр. 2021 жылдан республикаға 127 мың т шыны өнімін шығарады. Өнімдері Шымкент, Алматы, Астана қ-ларына сатылып, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстанға экспортталады. Зауытта 226 маман қызмет етіп, қосалқы өндірістерде 300-ге жуық адам тұрақты жұмыс істейді.

ШІРКЕЙЛІ – Сырдария ауд-ндағы ауыл, өзімен аттас ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Тереңөзек кентінен шығысқа қарай 4 км жерде орналасқан. Тұрғыны 2,8 мың адам (2023). Ауыл 1997 жылға дейін Қызыл ту деп аталған. 1967–96 ж. күріш өсіретін кеңшардың орт. болған. Кеңшар негізінде Ш-де ЖШС және бірнеше шаруа қожалығы жұмыс істейді.



Шіркейлі өзені

ШІРКЕЙЛІ – Сырдария алабындағы өзен. Сырдария жерімен ағады. Ұз. 94,2 км. Қызылжарма бекеті тұсында Сырдариядан екі тармақ болып бөлініп, Сарыкөл көлінен солт-ке қарай 0,3 км жерде тартылады. Жағалауында қамыс өседі, мал жайылады.

ШІРІК-РАБАТ – көне қаланың орны, респ. маңызы бар ескерткіш. Шамамен

б.з.б. 4–2 ғ-лар және б.з. 10–13 ғ. аралығында болған. Қармақшы ауд. Көмекбаев а-нан (Жаңақала кеңшары) оңт.-батысқа қарай 100 км жерде, Жаңадария арнасының сол жақ жағалауындағы ең биік төбенің үстіне орналасқан. 1946 ж. Хорезм археол. және этногр. экспед. (жетек. С.П.Толстов) тауып, 1948–49 ж. қайта зерттеген. 1957–58 ж. қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде екі жерлеу құрылысы, үлкен қоршау, көне қорған түбіндегі тұрғын үйдің бір бөлігі, қорғаныс қамалы мен мұнарасы және кейінгі ортағасырлық кезеңдегі Цитадельдің шағын бөлігі зерттелді. 2004 жылдан бастап мемл. «Мәдени мұра» бағдарламасына сай Ш.-Р. археол. экспед. (жетекш. – Ж.Құрманқұлов) зерттеуді жалғастыруда. Төбенің аум. 850х600 м, сопақша. Етегі екі қатар дуалмен және ені 30–40 м, тереңд. 3–4 м ормен қоршалған. Қорғанға кірер қақпалар оңт. мен батыс жағында. Қала бірнеше рет қайта тұрғызылған. Ең көне кезеңде (б.з.б. 4–3 ғ-лар) төбенің биік жеріне сол жерді мекен еткен патшалар жерленген алты оба мен сыртын топырақтан үйген қорған салынған. Оңт. жағында жаугершілік кезде паналайтын және обаларды қорғаушылар тұрған бекініс-үйлер болған. Кейін б.з.б. 3–2 ғ-ларда қам кірпіштен өрілген үлкен сағана және бірнеше мазарлар мен жер асты катакомбалары салынған. Бірақ б.з.б. 2 ғ-да Жаңадария суының тартылуына байланысты қала өз тіршілігін тоқтатқан. Тек б.з. 9–13 ғ-лар аралығында өзен суы толысып, қайта жанданды. Қамалдың оңт. бөлігінің үстіне қам кірпіштен биік дуал қаланған. Оның ені 4,5 м-ден астам, биікт. 4 м-ге жуық. Дуалдың бойымен, аралығы 20–30 м етіп қорғаныс мұналары салынған. Олар қабырғадан 6 м-ге дейін сыртқа ұмсындыра салынған. Қамал қабырғалары мен мұнараларда оқ ататын үш бұрышты тесіктер бар. Орта ғасырларда көне қала үстіне төрт бұрышты қорған салынды. Қазба жұмыстары кезінде табылған жерлеу құрылыстары өте ерте заманда тоналған. Қазылған бірінші обаның биікт. 3,5 м, диам. 60 м-ге жуық, ортасындағы диам. 30 м-ге жуық үлкен шұңқыры бар. Обаның ортасынан аум. 7,5х7,5 м, тереңд. 2,5 м қабір шұңқыры мен оңт. жағынан оған кіретін ұзын дәліз (ұз. 15 м) табылды. Олардың қабырғасы, едені лаймен сыланып, әктелген, үстін 6 қабат етіп қамыспен жапқан. Қамыстың әр қабатының қалың. 2–3 см. Тоналған бұл қабірден адам сүйектері табылмады. Қабір ішінен жалпақ темір семсер, үш қырлы ұңғылы қола жебе ұшы, жарты цилиндр тәрізді алтын бұйым табылды. Бұл заттар обаның көне екендігін, яғни б.з.б. 5–4 ғ-ларда салынғанын көрсетеді. Сырт жағынан дәліздің басталар тұсынан орта ғасырларда жерленген 10 адамның қабірі аршылды. Олар қосымша затсыз көмілген. Сонымен қатар екінші кезеңге жататын үш түрлі жерлеу құрылысы зерттелді. Ең үлкені қаланың шығыс бөлігі қам кірпіштен салынған. Сақталған диам. 38,5, биікт. 8,4 м. Оның іші



Шірік-рабат қала орны

бір-біріне өтетін дәліздері бар төрт бөлмеге бөлінген. Олардың аумағы бірдей 6х6 м, ұз. 10 м, ені 1,7 м. Ғимаратқа кіретін дәліз оңт. жағынан басталып, оңт.-шығыс бөлмеден шығады. Барлық бөлмелерде жерлеу камералары болған. Қабірлер іші ертеде өртенген. Ыстық жалыннан қабырға кірпіштерінің бірқатар жері қызарып кеткен. Мазар ерте кезде тоналған. Ұрылардың лақтырып тастаған топырағы арасынан сақалды патша немесе құдайдың фантастик. жануармен арпалысып жатқанын бейнелеген халцедоннан жасалған Ахемен әулеті заманынан қаланған гемма және бөлменің іргелерінен бірқатар алтын әшекей бұйымдар табылды. Олардың ішіндегі бірнеше үш қырлы қола және темір жебе ұштары, темір пышақ, тотығып кеткен қанжарлар мазардың шамамен б.з.б. 4 ғ-дың аяғы немесе б.з.б. 4–3 ғ-лар аралығында салынғанын көрсетеді. Бұл жерде табылған аса бір құнды бұйым ауыр қаруланған жауынгер (катафрактарий) сауытының бір бөлігі. Осы темір пластиналар арқылы сақ-апасиак жауынгерінің сауытын жаңғыртуға мүмкіндік туды. Одан Сыр бойы сақтарының сауыттары аса жоғары сапалы, жау оғынан сенімді қорғайтынын көреміз. Ш.-Р. және Топырақ қаладан табылған пластинкалардан құралған осындай сауыттар, Хорезм мен Тұран ойпатын мекендеген сақ-қаңлы тайпалары арасында пайда болып, басқа жерлерге кейіннен тарағанын танытады. Зерттелген екінші мазар кішілей шаршы (19,5х19 м) бейнелі, сыртқы қабырғасының қалың. 5–5,5 м, қам кірпіштен соғылған. Іші бірімен-бірі жалғасқан екі ұзын қабірханадан тұрады. Кірер дәлізі оңт-шығыс қабырғасына салынған. Бұл да тоналған, жерленген адамдардың сүйектері ретсіз шашылып жатыр. Табылған темір садақ ұшы мен керамика сынықтары бұл мазардың шамамен б.з.б. 3–2 ғ-ларда салынғанын көрсетеді. Жерлеу құрылыстарының үшінші түрі қаланың нақ орт-ндағы үлкен обалар арасындағы ашық алаңнан табылды. Жер үстінде диам. 18–20 м, тереңд. 0,5 м-ге жететін таяз шұңқырлар байқалып, соның екеуі зерттелді. Біріншісінде тереңд. 5 м-ге жуық төртбұрышты қабір шұңқырының шығыс және батыс жағынан катакомбаға ұқсас жерлеу камералары салынып, аузын қам кірпіштермен өріп бекіткен. Ішінен үш адамның сүйегі табылды. Оның бірі белінде белбеуі, оған ілінген ұзын темір семсері мен пышағы бар ер адам, одан әрі іргеге қарай бір әйел және ер адам бірінің үстіне бірі қойылыпты. Бәрі де қымбат бұйымдармен әшекейленіп жерленген. Сондай-ақ оба ішінен тас, алтын моншақтар, жапсырмалар, т.б. табылды. Олардың ең құндысы жауынгердің бас жағына қойылған керамика ыдыстың бір-бірінен бес таңбадан тұратын жазу мен шебердің өзіндік белгісі. Бұл жазу Сыр бойынан табылған б.з.б. 4–2 ғ-лардағы ең көне жазу үлгілерінің бірі. Әлі оқылмаған. Дегенмен, көне соғды және Есік обасынан табылған жазуларға ұқсас. Қалған қабірлер түгел тоналған, адам сүйектері мен қабірдегі заттар шашылып қалған. Ш.-Р. қазбалары Тұран ойпатын б.з.б. 1-мыңжылдықта мекендеген сақ, массагет тайпаларының мәдениеті мен шаруашылығының Оңт. Хорезм, одан арғы Ахемен әулеті билеген парсы елдерімен тығыз байланыста өрбіп, аса жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді. Ш.-Р. қалашығының екінші рет жандану кезіндегі ортағасырлық қала ішінен бір үйдің орны зерттелу үстінде. Қазылған жерден төрт бөлме шықты. Олардан әр түрлі деңгейде хумдар, көзелер, құтылар, сырты мен іші шыны бояумен сырланған ыдыс сынықтары, ошақ, тандыр және ташнау табылды. Бұл заттардың жасалу мерзімі шамамен 9–12 ғ-лар. Сонымен қатар қаланың шығыс жақ сыртында күйдірілген кірпіштен тұрғызылған ғимарат орындары бар. Олар осы кезең мазарларына ұқсайды.

М.Құрманқұлов



ЫББЫРАЕВ Әшім (10.1.1931, Сырдария ауд. А. Тоқмағамбетов а. – 30.8.1990, Қызылорда қ.) – ғалым, экон. ғыл. канд. (1965), Қазақстанның еңбек сің. агрономы (1970).



Ыбыраев Әшім

Қазақ а. ш. ин-тын (1955, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Еңбек жолын 1947–50 ж. «Қызылдиқан» ұжымшарында, ауд. а. ш. бөлімінде агроном болып бастаған. «Қызылдиқан» ұжымшарында, ауд. а.ш. бөлімінде агроном (1947–50), Ақтөбе обл-нда (1955–58), Қызылорда обл. а. ш. басқармасында бас агроном (1958–60), Шиелі ауд-ндағы жеміс-жидек кеңшарының директоры (1960–62), Қызылорда мемл. а. ш. тәжірибе ст-ның директоры (1964–72), Қазақ күріш ғыл.-зерт. ин-тының ұйымдастырушысы, алғашқы директоры (1972–76), Қызылорда совхоз-техникумының директоры (1976–84, Қызылорда а. ш. техникумы мен «Комсомол» кеңшары біріктірілген) қызметтерін атқарған. 1985 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ күріш ғыл.-зерт. ин-тында аға ғыл. қызметкер болып еңбек етті. Ы-тың бастамасымен жүргізілген ғыл. ізденістердің нәтижесінде күріш дақылы асылдандырылып, өнімді көп беретін сапалы сорттар пайда болды. Ин-т базасында облыстың күріш, су ш-на аса қажетті бірнеше буын ғыл. кадрлар даярланды. «Қазақстан күріші» кітабының (1969), 20-ға жуық ғыл. еңбектің авторы. «Құрмет белгісі» (1957, 1967), Еңбек Қызыл Ту (1971) ордендерімен, бірнеше медальмен марапатталған.

У.Ибраев

ЫБЫРАЕВ Бек Әнуарбекұлы (2.6.1947, Қызылорда қ. – 15.9.2019, Алматы қ.) – сәулетші, ҚР-ның еңбек сің. архитекторы (1996). Шығыс елдері халықар. архитектура академиясының акад. Қазақ политех. ин-тын (1970, қазіргі ҚазҰТУ) бітірген. Осы ин-тта оқытушы (1970–74), Философия және құқық ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1978–86), Әдебиет және өнер ин-тында



Ыбыраев Бек

ғыл. қызметкер (1987–90), 1990 жылдан «Елдана» жобалау бюросында сәулетші, кейін оның жетекшісі қызметтерін атқарған. Ы. әр түрлі тақырыптағы 20-дан астам жобалар мен тұжырымдамалардың, оның ішінде Қорқыт Ата ескерткішінің (1980), Алматы обл-ндағы Ш.Уәлиханов мемориалы кешенінің (1985), Шығыс Қазақстан обл-ндағы Қабанбай батыр (1990) және Абай (1995), Райымбек батыр (1992) кесенелері авторларының бірі.

ЫБЫРАЕВ Мерғали (30.12.1942, Сырдария ауд. – 12.6.2008, Қызылорда қ.) – сот ардагері. ҚазМУ-ды (1977, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын Қызылорда қ. жөндеу құрылысы мекемесінде жұмысшы болудан бастап, 1970 жылдан ішкі істер органында жұмыс істеген. Қызылорда қ. халық сотының судьясы (1980–86), Шиелі ауд. сотының төрағасы (1986–90), обл. сотының судьясы (1990–93), Қызылорда обл. арбитражды сотының төрағасы (1993–95), обл. сот төрағасының мін-



Ыбыраев Мерғали

детін атқарушы, обл. соттың судьясы (1995–2007), 2008 ж. обл. соты Ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған. ҚР Әділет министрі (1998), ҚР Жоғ. соты (2002) тарапынан марапатталған.

Е.Алтаев



Ыбырай Жақаев бюсті

ЫБЫРАЙ ЖАҚАЕВ БЮСТІ – 1975 ж. Қызылорда қ-нда орнатылған. 2 мәрте Соц. Еңб. Ері, КСРО Мемл. сыйл-ның лауреаты (1946), күріш өсіруші, Ы. Жақаевтың құрметіне қойылған. Авторлары Мәскеу қ-нан мүсінші – А.Пекарев, сәулетшілер – А.Борецкий, К.Кульбашев. Бюст қоладан құйылып, қызыл түсті граниттен тұрғызылған тұғырға орнатылған. Кеуде мүсін мен гранит кесектері Мытищи көркем құю з-тында орындалған. Бюсттің көл. 0,78х0,92 м, биікт. 4,5 м. Бүгінгі күні бюст мемлекет қорғауына алынған, респ. маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіштердің мемл. тізіміне енгізілген. Бюст Жақаев көшесінде орналасқан.



Ыдырысов Әлім

ЫДЫРЫСОВ Әлім Ақрамұлы (30.10.1939, Қызылорда қ. – 4.8.2021, Алматы қ.) – мед. ғыл. докт. (1994), проф. (1995), Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2003). Алматы мемл. мед. ин-тын (1963, қазіргі ҚазҰМУ) және оның аспирантурасын (1966) бітірген. Осы ин-ттың оперативтік хирургия және топогр. анатомия кафедрасында ассистент (1966–69), Ақтөбе мед. ин-тында (1969–80), 1980 жылдан Қазақ ұлттық мед. ун-тінде доцент (1980–84), кафедра меңгерушісі (1984–2021), ф-т деканы (1991–95), ҚР БҒМ ғыл. кадрларды аттестаттау департаментінің бөлім бастығы (1995–2001), Жоғары аттестаттау комиссиясы төралқасының мүшесі (2001–02) қызметтерін атқарған. Ғыл. еңбектерінің негізгі бағыты хирург, (қолданбалы) анатомия және эксперименттік хирургия мәселелеріне арналған. Ол ішкі ағзалардың патология жайындағы морфофункционалдық күйінің әр түрлі аспектілері және оларды реттеуді зерттеді. Құрсақ ағзаларының қатерлі ісіктері мен қабыну жағдайларын ұзақ уақыт катетер арқылы аймақтық артерия ішілік химия терапиямен емдеуді ұсынды. 320-дан астам ғыл. еңбектің, 3 монография, 6 өнертабыс патентінің, 2 оқулықтың, 20-дан астам оқу, оқу-әдістемелік құралдың авторы. 5 ғылым докторын, 11 ғылым кандидатын дайындаған.

Қ.Омаров



Ыдырысов Құттықожа

ЫДЫРЫСОВ Құттықожа (1.6.1951, Жаңақорған ауд. – 1.8.2018, Қызылорда қ.) – қоғам және мемлекет қайраткері, ҚР Қаржы қызметінің үздігі (2004). Алматы халық ш. ин-тын

(1974, қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. Қызылорда обл. ІІБ-нің 169/2 еңбекпен түзеу мекемесінде аға нормалаушы, 1974–76 ж. Кеңес әскері қатарында борышын өтеген. Жаңақорған ауд. «Түгіскен» кеңшарында есепші, бас экономист (1976–84), Обл. а. ш. басқармасында тексеруші-есепші, бөлім бастығы (1984–90), обл. қаржы басқармасында бөлім бастығының орынбасары, бөлім бастығы, басқарма бастығының 1-орынбасары, обл. қазынашылық басқармасының бастығы (1990–2004), Қызылорда обл. әкімінің орынбасары (2004–08), обл. қаржы басқармасының бастығы (2008–10) қызметтерін атқарған. ҚР Парламенті Мәжілісінің 4-, 5-шақырылған депутаты (2010–16) болды. «Құрмет» орденімен (2014), бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров

ЫДЫРЫСОВ Серік Махмұтұлы (5.5.1958 ж. т., Қармақшы ауд. Алдашбай ахун а.) – айтыскер ақын. Ы.Қызылорда обл-ның құрметті қызметкері (1995), ҚР Мәдениет саласының үздігі (2018). Қызылорда пед. ин-тын (1979, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын Қармақшы ауд-ндағы мектептерде мұғалім болып бастаған (1979–92). Аталмыш ауд. мәдениет бөлімі халық театрының реж. әрі көркемдік жетекшісі (1992–96), Қызылорда пед.ин-тында оқытушы, аға оқытушы (1996–2021, қазіргі Қызылорда ун-ті) қызметтерін атқарды. 2023 жылдан Қызылорда ун-тінде аға оқытушы. Ә.Науаидың 550 жылдығына арналған халықар. ақындар айтысында 1-орынды иеленді (1989, Ташкент). Абайдың 150 жылдығына арналған респ. айтыстың лауреаты (1995), бірнеше респ., обл., ауд. айтыстардың бас жүлдегері. Халық ақындары Ә.Қалибекова, Қ.Әбілов, Ә. Беркенова, т.б. айтыстары «Абай» журналының «Мәңгі көктем» жинағында жарияланды. Белгілі айтыскерлер А.Әлтаев, М.Ниязов, А.Рахметов, О.Досбосыновтарға ұстаздық етті. Ы. 15 ғыл.-танымдық мақаланың авторы. «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2023) марапатталған. Қармақшы ауд-ның құрметті азаматы (2021).

Қ.Омаров



Ықсанов Мұстахым

ЫҚСАНОВ Мұстахым Біләлұлы (30.3.1926, Батыс Қазақстан обл. Жәнібек ауд. Бөрлі а. – 18.11.1991, Алматы қ.) – партия қайраткері. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген құрылысшысы (1961). Алматы т. ж. техникумын (1945, қазіргі Алматы т. ж. көлігі колледжі), Қазақ а. ш. ин-тын (1952, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қазақстан т. ж-ның Ақтоғай, Тентек ст-нда жол қызметі дистанциясында техник (1945–46), ЛКЖО Алматы қ. Фрунзе ауд. к-тінің 1-хатшысы (1952), Оңт. Қазақстан обл. (қазіргі Түркістан обл.) Ильичев ауд. «Жетісайқұрылыс» басқармасында прораб, өндірістік-техника бөлімінің бастығы, бас инж., басқарма бастығы (1952–58), Ильичев ауд-нда «Қазирголстепстрой» тресінің басқарушысы, (1958–61) Ильичев ауд. партия к-тінің 1-хатшысы (1961–63), Оңт. Қазақстан өлкелік су ш. басқармасының бастығы (1962–63), Қызылорда обл. к-тінің 1-хатшысы (1963–66), Қазақ КСР Мин. Кеңесі төрағасының орынбасары (1966–70), Жамбыл обл. к-тінің 1-хатшысы (1970–71), Қазақстан КП ОК хатшысы (1971–75), Орал обл. к-тінің 1-хатшысы (1975) қызметтерін атқарған. 6–9-сайланған Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің, 7-, 10-сайланған КСРО Жоғ. Кеңесінің депутаты. Ленин, үш мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы», Қазан революциясы орденлерімен, бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Қызылорда политех. колледжі Ы. есімімен аталады.

ЫРҒЫЗ АУДАНЫ – Ақтөбе обл-ның жергілікті әкімш.-аум. бірлігі. Арал ауд. солт-нде орналасқан. Жер аум. 41,5 мың км². Тұрғыны 14,9 мың адам (2021). Орт. – Ырғыз а. Аудан жеріндегі 18 елді мекен (Құтикөл, Жайсаңбай, Құмтоғай, Құрылыс, Нұра, Құйылыс, Ырғыз, т.б.) 7 ауылдық округке (Аманкөл, Жайсаңбай, Құмтоғай, Қызылжар, Нұра, Тәуіп, Ырғыз) біріктірілген. Ы. а. алғаш рет 1921 ж. 26 мамырда Ырғыз уезін өзгерту арқылы Ақтөбе губ-ның құрамында құрылды. 1922 ж. 15 тамызда Ы. а. қайтадан Ырғыз уезі болып өзгертілді. 1928 ж. Ақтөбе уезінің құрамында Ы. а. қайта құрылды. 1930 ж. Ырғыз обл. Қазақ АКСР-іне тікелей бағынып, 1932 ж. Ы. а. Ақтөбе обл-ның құрамына қайта енгізілді. 1963 ж. қаңтарда Ырғыз ауд. таратылып, 1964 ж. желтоқсанда қалпына келтірілді. Ауд. негізінен мал ш-мен айналысады. Ауд. аумағында Торғай, Ырғыз, Өлкейек өзендерінің төм. жағында және Арал маңының солт-нде бос сулы көп ойпаттар, сортаңдар мен тақырлар көптеп кездеседі. Жазықтың оңт. бөлігі Арал маңы ойпатындағы биіктіктер 80–150 м. аралығында құбылмалы болып келген. Мұндағы алқапты көлемді құмдар алып жатыр. Солардың ішіндегі ең ірілері Айырқызыл, Нарқызыл, Жаманқұм, Тәуіп болып Аралдың Қарақұмымен жалғасады. Бұл өлкені батыс Ырғыз өз., солт.-шығыс Торғай өз. орап өтеді. Ырғыз өз. басын Мұғалжар тауының жотасы – Өтеш үстіртінен алып 440 км оңт.-шығысына қарай ақса, Торғай өз. басын Ұлытаудан алып, 150 км солт.-батысқа қарай құлдилай, оңт.-батыстан шығысқа қарай ағады. Осы екі өзен екі жүз км-ден Ырғыз жерін басып өтіп, Тәуіп даласында тоғысып, әрі қарай бір арнамен Ырғыз-Торғай болып жұптаса Шалқар т-не (ел аузында Құрдым деп аталады) сарқылады. 136 үлкенді-кішілі салалар көктемде бар суын Ырғызға құйып, 31 мың км² алқапты суландырады. Бұл өлкеде Өлкейек, Телқара, Қарақай, Ащысай, Сарыөзек, Шоңқай, Талдысай аталатын ұзынды-қысқалы өзендер мен 30-дан астам аумақты көлдер бар. Бұлардың ішінде ұзын ағатындары: Өлкейек – Жантай, Толыбай өзендерінің қосылған сағасынан басталып, Нұра бойындағы Қызылкөлге құятын арасы 349 км-ге созылатын, су шығатын алқабы 3600 км² құрайтын сулы өз.; Қарақай – Басқұдық жерінен басталып, Күшіккөлге құятын ұз. 146 км-ге созылатын өз.; Телқара – ағысы 100 км-ге созылатын, Ырғыз жерінен басталып, Торғай өз-не құятын, 1400 км² су шығатын алқабы бар өзен.



Ысқақов Бақдәулет

ЫСҚАҚОВ Бақдәулет Құлыбекұлы (2.1.1957 ж. т., Қызылорда қ. әкімдігіне қарасты Бірқазан а.) – құрылысшы, меценат, ҚР-ның құрметті құрылысшысы (2008). Қызылорда обл. бойынша Құрылысшылар ассоциациясының мүшесі. Қызылорда политехникумын (1980, қазіргі Қызылорда агр.-тех. жоғары колледжі), Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс ин-тының Қызылорда бөлімшесін (қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. Еңбек жолын Қызылорда дистанциясы ПЧ-47 мекемесінде жолшы маманы болып бастады (1973–75). Әскерден кейін «Қызылордасельстрой-16» ПМК-1601 мекемесінде 4-разрядтағы монтаж-құрылысшы, құрылыс шебері (1980–87), бас инж. (1988–91) болған. «СПМК-03» мекемесінің бастығы (1991–93), «ШАҚ» құрылыс мекемесінің бастығы (1993–98) қызметтерін атқарды. 1998 жылдан «Интегрострой» ЖШС-ның директоры. «Ерен еңбегі үшін» (2014)

медалімен, «Құрмет» грамотасымен марапатталған. Қызылорда қ-ның құрметті азаматы (2017).

Ғ.Егеубаева



Ысқақов Дайрабай

ЫСҚАҚОВ Дайрабай (25.4.1947 ж. т., Өзбекстан, Ташкент обл. Газалкент қ.) – қаржы саласының ардагері, ҚР Салық жүйесінің 2-дәрежелі мемл. кеңесшісі (2002). Ы. КСРО Қаржы саласының үздігі (1989), ҚР Қаржы саласының үздігі (1991). Алматы халық ш. ин-тын (1970, қазіргі «Нархоз» ун-ті) бітірген. Қызылорда обл. қаржы бөлімінде аға экономист, бөлім бастығы (1970–77), Қазақ КСР Қаржы мин-нің Қызылорда обл. бойынша бақылау-ревизиялық басқармасының бас бақылаушы-ревизоры (1977–88) болған. Батыс Қазақстан обл. қаржы басқармасының басшысы (1988–91), Қызылорда обл. салық к-тінің төрағасы (1991–2002), Шығыс Қазақстан обл. салық к-тінің төрағасы (2002–03), ҚР Қаржы мин. салық к-тінің басқарма төрағасы (2004–07), Оңт. Қазақстан (қазіргі Түркістан обл.) обл. салық к-ті төрағасының орынбасары (2007–10), «Торғай Петролеум» АҚ бас директорының кеңесшісі (2011–19) қызметтерін атқарған. «Құрмет» орденімен марапатталған (2019). Қызылорда қ-ның, Шиелі ауд-ның құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Ысқақов Қуанышбек

ЫСҚАҚОВ Қуанышбек Досмайылұлы (15.3.1968 ж. т., Қызылорда қ.) – мемлекет қайраткері. Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері ин-тын (1993), Қызылорда политех. ин-тын (1998, қазіргі Қызылорда ун-ті), Қазақстандық инновац. және телекоммуникац. жүйелер ун-тін (2007) бітірген. Еңбек жолын 1985 ж. Қызылорда жиһаз ф-касында 1-разрядты станокшы болып бастаған. Әскери борышын (1986–88) өтеген. Обл. бойынша салық к-тінде маман, инспектор, сектор меңгерушісі, төраға орынбасары (1993–2003), Батыс Қазақстан обл. бойынша салық к-ті төрағасының орынбасары, төрағасы (2003–08) қызметтерін атқарған. Қызылорда обл. бойынша салық департаментінің бастығы, облыс әкімінің 1-орынбасары, обл. қаржы басқармасының бастығы (2008–12), Маңғыстау обл. салық департаментінің басшысы, Қызылорда қ. мемл. кірістер басқармасының басшысы, обл. қаржылық бақылау инспекциясының басшысы (2012–15), облыс әкімінің орынбасары (2015–19), әкімі (2019–20) қызметтерін атқарған. Бірнеше медальмен марапатталған.

Қ.Омаров



Ысқақов Ойшы

ЫСҚАҚОВ Ойшы (17.3.1932, Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті – 11.12.2023, Алматы қ.) – еңбек ардагері, Қазақ КСР-інің еңбек сің. а. ш. қызметкері (1974), Қызылорда обл-ның құрметті ардагері (2022). Қазақ а. ш. ин-тын (1954, Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қармақшы ауд-ның Ақжар МТС-нде бақылаушы инж.-механик, бас инж., Қызылорда обл. а. ш. басқармасының аға инж. (1954–59), Жаңақорған ауд. автокәсіпорнының бас инж. (1959–60), партия к-тінде нұсқаушы (1960–62), Шиелі өндіріс басқармасының бас инж. (1963) болған. Жалағаш ауд. «Казсельхозтехника» бірлестігінің (1963–71), Жалағаш ауд. а. ш. басқармасының бастығы (1971–85), Қызылорда қ-ндағы «Агропромтранс-2» автокөлік мекемесінің бастығы (1985–92) қызметтерін атқарған. Ы. «Құрмет белгісі» (1971), Еңбек Қызыл Ту (1973, 1976) ордендерімен, 17 медальмен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің, ҚР А. ш. мин. Құрмет грамотасымен, бірнеше төсбелгімен марапатталған. Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесі медальдарының иегері (1966, 1974, 1975, 1977). Қармақшы, Жалағаш аудандары кеңестерінің депутаты болып сайланған. Жалағаш (2007), Жаңақорған (2019) аудандарының, Қызылорда қ-ның (2019) құрметті азаматы.

Қ.Омаров



Ысқақов Сләмбек

ЫСҚАҚОВ Сләмбек (17.8.1930, Сырдария ауд. Қызылөзек а. – 7.8.1982, сонда) – күйші. Қызылорда пед. ин-тын (1948, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. 1947 ж. белгілі композитор, дирижер Н.Тілендиев басқарған Қазақстан орындаушыларымен бірге Мәскеу қ-нда өнер көрсеткен. 1974 ж. Ы-тың орындаушындағы күйлер респ. радио мен теледидарға жазылып алынған. Ы-тың «Паровоз», «Борыштымын», «Керек бізге бейбітшілік», «Тарту», «Күрішшілер биі», «Айналайын аналар», «Майданнан оралмағандарға», «Дутар сазы», «Түркімен сазы», «Мәңгі тірі», «Ой шақыру», «Қырық қыздың аңызына», т.б. төл туындылары халық арасына кеңінен таралған. 2000 ж. Америкада өткен дүниежүз. орындаушылар олимпиадасында Қазақстанның «Ұлытау» тобы Ы-тың «Күрішшілер биі» күйін «Адай» күйімен қатар орындап, Гран-при иегері атанды.

Г.Ысқақова



Ысқақов Тынысбек

ЫСҚАҚОВ Тынысбек (1944, Жаңақорған ауд. – 14.4.2012, сонда, Баспаққөл а.) – еңбек ардагері. Еңбек жолын 1958 ж. Түркістан ауд-на қарасты «Куйбышев» кеңшарында жұмысшы болып бастады. Түгіскен алқабы игерілген соң, 1972 жылдан Жаңақорған ауд-ндағы КОКП-ның 24-съезі атынд. кеңшарда (қазіргі Қаратөбе а., Баспакөл елді мекені) күрішші-механизатор болып еңбек етті. 1975–85 ж. күріштің әр гектарынан жыл сайын 72–79 ц-ден өнім алды. 1988 жылдан егіс бригадирі болып жұмыс істеді. Жергілікті органик. тыңайтқыштарды қолдану арқылы мол өнімге қол жеткізді. Обл. кеңестің, 1990 ж. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты болып сайланған. Ленин, Қазан революциясы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, Бүкілодақтық халық ш. жетістіктері көрмесінің медальдарымен марапатталған.



Ысқақова Жеңіс

ЫСҚАҚОВА Жеңіс Ермағанбетқызы (9.5.1966 ж. т., Сырдария ауд. Тереңөзек кенті) – қазақ эстрада әншісі (меццо-сопрано), Қазақстан-

ның еңбек сің. қайраткері (2006). Алматы қал-дағы Респ. эстрада-цирк өнері студиясының вокал бөлімін (1987, педагогы Қазақ КСР-інің халық арт. – Л.Кесоглу) бітірген. Кейін «Гүлдер» ансамблі (1987–96), Қазақ радиосы мен телевизиясының эстрад.-симф. оркестрі (1996–2000), Алматы обл. филармониясы (2000–02), ҚР Қорғаныс мин. Орт. ансамблінің эстрад.-симф. оркестрінің әншісі (2002–14), Қазақ ұлттық өнер ун-тінде кафедра меңгерушісі, «Бірінші Еуразия» каналында ток-шоу жүргізушісі, «Қазақконцерт» мемл.-концерттік ұйымының Алматы қ. бөлімшесінің әншісі, Қызылорда ун-тінің аға оқытушысы (2017–21) ретінде еңбек етті. 2021 жылдан Респ. эстрада-цирк өнері колледжінде ұстаз. Ы-ның әншілік репертуарынан қазақ композиторлары Ш.Қалдаяқов, Ж.Кенжекеев және ақын М.Шаханов, т.б. муз. шығармалар орын алды. 1987 ж. Юрмала қ-нда өткен 1-Бүкілодақтық эстрада әншілері байқауына қатысқан. 1988 ж. Мәскеу қ-нда өткен Бүкілодақтық «Жаңа есімдер» эстрада артистері байқауының лауреаты, 2003 ж. Мәскеу қ-нда өткен «Виват Виктория» халықар. әскери-патриоттық әндер байқауының бас жүлде иегері. Қазақстан Жастар одағы сыйл-ның лауреаты (1996). Сырдария ауд-ның құрметті азаматы (2019).

Қ.Омаров

ЫСҚАҚ Жанкелді (21.6.1958 ж. т., Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті) – кәсіпкер, меценат. Ы. ҚР Құрметті құрылысшысы (2012), ҚР Мұнай-газ саласының еңбек сіңірген қызметкері (2016). ЖГМҚИ Қызылорда филиалын (1985, қазіргі Қызылорда ун-ті), Қазақ құқықтану және халықар. қатынастар ин-тын (2004), Оңт. Қазақстан ун-тін (2010, 2013) бітірген. Әр жылдары Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауд-нда жұмысшы–құрылысшы, тас қалаушы, шебер, прораб, жобалау-құрылыс кооперативінің басшысы, ауд. агроөнеркәсіптік бірлестігі төрағасының орынбасары, обл. а. ш. басқармасының бас маманы, басшысы, «Гауһар» кәсіпорны директорының орынбасары, «OST» ЖШС-нің директоры қызметтерін атқарды (1975–2000). 2000 жылдан «Қызылорда аз тонналық мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-нің атқарушы директоры. Ы. обл. мәслихаттың 6–8-шақырылған депутаты болды (2016–23). «Құрмет» орденімен (2016), бірнеше медальмен, төсбелгілермен марапатталған. Жаңақорған ауд-ның құрметті азаматы (2021).

Ә.Жаппасбаев



Ысмағұлова Баян

ЫСМАҒҰЛОВА (Исмағұлова) Баян Хамзақызы (2.5.1952 ж. т., Шиелі ауд. Шиелі кенті) – филол. ғыл. докт. (2006), проф. (2009), Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі (1991). Шымкент пед. ин-тын (1973, қазіргі Оңт.Қазақстан пед.ун-ті) және КСРО Пед. ҒА жанындағы Орыс тілін ұлттық мектепте оқыту ғыл.-зерт. ин-тының аспирантурасын (1979) бітірген. Шымкент пед. ин-тында оқытушы (1970–80), Қазақ ұлттық қыздар пед. ун-тінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, ф-т деканының орынбасары, декан (1980–98) болған. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы жоғары білім беру ин-тында ғалым-хатшы (1998–99), ЮНЕСКО-ның бірлескен «БЭСТ» мектебінде мұғалім (1999–2005), Қазақ көлік және коммуникациялар академиясында (қазіргі Логистика және көлік академиясы) доцент, кафедра меңгерушісі (2005–10) қызметтерін атқарды. 2010 жылдан осы академияның проф. Ғыл.-зерт. жұмыстарының негізгі бағыты – тіл теориясы, қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы типологиясы және тілді оқыту әдістемесі. 150-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 4 монография, бірнеше оқулықтар мен оқу құралының авторы.

Қ.Омаров

І

ІЗТІЛЕУОВ Қасымтай (1908, қазіргі Қармақшы ауд. – 1989, сонда, Ақжар а.) – еңбек және соғыс ардагері, Соц. Еңб. Ері (11.1.1957).



Ізтілеуов Қасымтай

Еңбек жолын Қармақшы ауд-ндағы «Ақбел» ұжымшарында бастап, 1937 ж. Ақжар МТС-нда механизатор, кейін трактор бригадасының бригадирі болды. 1951 ж. еңбек үстінде екі аяғынан айырылып мүгедек болса да, механизатор мамандығына қайта оралды. Ленин (1957), 1-дәрежелі Отан соғысы (1985) ордендерімен, медальдармен, Қазақ КСР-інің Құрмет грамотасымен (1956) марапатталған.



Ізтілеуов Тұрмағамбет

ІЗТІЛЕУОВ Тұрмағамбет (9.7.1882, Қармақшы ауд. қазіргі Тұрмағамбет а. – 15.5.1939, сонда) – халық ақыны, аудармашы. Алғаш Алдашбай ахуннан сауат ашқан. Бұхара қ-нда әуелі «Мир араб» (1896–99), кейін «Көкілташ» медресесінде (1896–1905) оқыған. Араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген. «Көкілташ» медресесінде тәжік жазушысы Садриддин Айнимен достасып, қабырға газетін бірге шығарысқан. Өзі медреседе оқи жүріп Қарақалпақ елінде бала оқытқан. Осы тұста «Шәкірттерге», «Ұстаз ұсынысы», «Шөлмек» өлеңдерін жазған. 1905–25 ж. ауыл мектебінде мұғалім, 1936–37 ж. Қазақстан Халық ағарту комиссариатында ғыл. қызметкер болған. Тұңғыш мысал өлеңін («Қара қоңыз») 14 жасында, алғашқы дастанын («Мәрді диқан») 18 жасында шығарған. Нәзиралық дәстүрмен шығыстық сюжеттер негізінде оннан астам дастан («Данышпан қарт», «Тұтқын қыз», «Рауа бану», т.б.) жазған. І. шығармаларының негізгі тақырыбы білім-ғылымды («Балаларыма», «Ақыл тон аңдағанға тозбайтұғын», «Ұлдарыма», «Абайды оқығанда»), адамдық пен ізгілікті («Адамдық іс», «Жақсы мен жаман», «Қабанға қарсы ұмтылма ер дегенге», «Толымды жігіт», т.б.) насихаттау болды. Сөз өнерінің өміршеңдігін өнеге еткен өлеңдеріне «Назым», «Сөз берсем «жөндеймін» деп бұзасыңдар», «Әр елдің бар бұлбұлы», «Жоқ деме, маза өлеңде», «Жырыңды жаз жөрмелеп», т.б. жатады. Сондай-ақ, «Атаның әуелінде белінде едің», «Адам» атты діни-филос. жырлары мен бұрын баспа бетін көрмеген «Хазіреті Омардың хикаясы», «Пендесін Алла жеткерер», «Бұйрық» өлеңдерінде ол өзінің суреткерлік таланты мен дін ілімінің білгірі, терең психол. танымның иесі екендігін танытты. І. табиғат тақырыбында «Жыл келді», «Сыр бойы», т.б. өлеңдер жазды. Ол жазбаша айтыстың дамуына өзіндік үлесін қоса отырып, Сыр бойындағы жазба айтыс мектебін қалыптастырушылардың бірі болды. І-тің жазба айтыстарын діни айтыс («Тұрмағамбет пен Ермұраттың айтысы»), хат айтыс («Тұрмағамбет пен Жүрсіннің айтысы», «Тұрмағамбет пен Әбдікәрімнің айтысы»), жұмбақ айтыс («Тұрмағамбет пен Шәді төренің айтысы»), мысал айтыс

(«Көккұтан мен шымшық») деп жіктеуге болады. І. бастаған ақындар тобы халықтық игі үрдістердің бірі – топтық өнер жарысын қалыптастырды. «Алты ақынның өмір туралы айтысында» поэт. пікір жарысы филос. сұхбат түріне жалғасса, Шәді төремен жұмбақ айтысында адамның жас ерекшеліктері табиғаттың түрлі құбылыстарына, жан-жануарлардың қасиеттеріне теңестіріліп жасырылады. І. ақындарға аралық сөз айтып, бітістіруші би-шешеннің рөлін де атқарған. «Тұрмағамбеттің өзіне тән бір жаңа жанрды атауымыз керек. Ол – Тұрекеңнің өзге ақындардың айтыстарына айтқан аралық сөздері» дейді бұл туралы акад. М.Қаратаев. Омар мен Таубайдың Жүсібіне, Омар мен Нұрманға, Қаңлы Жүсіп пен Кете Жүсіпке, Кете Жүсіп пен Даңмұрынға арнаған аралық сөздері І. ақынның адамгершілік ұстанымын дәйектейді. І-тің «Құрбанғалиға», «Құлжан биге» атты сатиралық эпиграммасынан сарказм байқалады. Ақын 1936 ж. Ә.Фирдоусидің «Шаһнамасын» қазақ тіліне еркін аударма жасады (40 мың жол). Бұл шығарманы М.Әуезов, С.Сейфуллин, Т.Жүргенов, т.б. жоғары бағалаған. Туындының «Рүстем – Дастан» аталатын бөлімі 1961 ж., «Шаһнама. Рүстем – Дастан» деген атпен толықтырылған нұсқасы 2004 ж. жарық көрген. Өлеңдері «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Бес ғасыр жырлайды» (1985), «Қасиетті Қармақшым» (2003), «Ғасырлар толқыны» (2004) жинақтарына енген. Зерттеуші М.Байділдаев І-тің ел аузында жүрген жырларын, тапқырлық сөздерін жинастырып, «Назым» деген атпен 1972, 1982 жылдары жарыққа шығарды. Ө.Күмісбаев І-тің «Рүстем – Дастанын» жүйелі түрде қарастырып, парсы тіліндегі «Шаһнамамен» салыстыра зерделеді («Т. Изтлеуов и его Рустем – Дастан»). Ұ.Жаңбыршиева ғыл.-зерт. еңбегінде ақын шығармаларының жанрлық ерекшеліктеріне тоқталып, поэтик. сөз жүйесін саралады («Т. Ізтілеуовтің поэтикалық творчествосы»). Ақын қолжазбалары Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер ин-тының қолжазба және мәтінтану бөлімінде сақтаулы.

З.Әтеева, Е.Карбозов



Т. Ізтілеуов ескерткіші

ІЗТІЛЕУОВ ТҰРМАҒАМБЕТ ЕСКЕРТКІШІ – 1980 ж. орнатылған. Көрнекті ақын, аудармашы Т.Ізтілеуовке (1882–1939) Қармақшы ауд-ндағы Тұрмағамбет а-нда қойылған, сегіз бұрышты күмбезді құрылыс. Сегіз бұрыштың әр жағы үш қырлы етіп бедерленген. Төм. бөлікте екі жаққа ашылатын есікке арналған ойық дәстүрлі қазақ оюларымен өрнектелген. Жоғарғы жағы бағаналар арасындағы үшбұрышты аркалармен безендірілген. Бағаналардың алдыңғы беті мен аркалардың үшкір басы ромбик тәріздес. Дөңгелек күмбез қазақтың киіз үйін еске түсіреді. Күмбездің жоғарғы жағы геометр. тұлғалармен бейнеленіп, мозаикалық өрнекпен безендірілген. Сегіз қырлы ескерткіштің биікт. 4,8 м. Күмбездің биікт. 2 м. Бір бұрыштың ені 1,29 м.

А.Оразбақов



Ілиясов Ғұбайдолла

ІЛИЯСОВ Ғұбайдолла Отаруұлы (12.11.1914, Батыс Қазақстан обл. Жәнібек ауд. Бекжан а. – 22.10.2001, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, а. ш. ғыл. канд. Қазақ а. ш. ин-тын (1938. қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. БК(б)П мүшесі (1941). Қазақ КСР Мин. Кеңесі а.ш. тобының бастығы, Қазақ КСР Жеңіл өнеркәсіп министрінің 1-орынбасары (1950–52), Көкшетау обл. атқару к-ті төрағасының 1-орынбасары (1952–54), Ақмола обл. партия к-тінің 2-хатшысы (1954–55), Талдықорған обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1956–59), Қызылорда обл. партия к-тінің 1-хатшысы (1959–61), ҚазМУ-да оқытушы, аға оқытушы (1961–75, қазіргі ҚазҰУ) қызметтерін атқарған. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі 4-, 5-шақырылған депутаты. 2-дәрежелі Отан соғысы (2 мәрте), Қызыл жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен, Бүкілодақтық а. ш. көрмесінің алтын медалімен (1954, 1956) марапатталған.

Қ.Омаров



Ілиясов Нағи

ІЛИЯСОВ Нағи (6.10.1920, қазіргі Сырдария ауд. Қызыл коммуна а. – 6.5.1987, Алматы қ.) – Кеңес Одағының Батыры (24.3.1945). 1928–36 ж. Арыс және Ташкенттегі балалар үйінде тәрбиеленген. Орта Азия мемл. ун-тінде (1936–39, Ташкент), Алматыдағы жоғары партия мектебінде (1950–52) оқыған. 1939–41 ж. Ташкент маңындағы Жоғ. Шыршық ауд-нда мектепте мұғалім болды. 1941 ж. туған еліне оралып, №37 Жәдігер мектебінде неміс тілі мен тарих пәнінен сабақ берген. Осы жылы желтоқсан айында соғысқа аттанды. Ұрысқа алғаш Сталинград майданындағы 152-атқыштар бригадасында жеке артилл. дивизионының барлаушысы ретінде Халкута поселкесі маңында болды. Элиста, Ростов, Донбасс, Киев, Житомир қ-ларын азат етуге қатысқан. Венгрия астанасы Будапешті азат етуде көрсеткен ерлігі үшін І-қа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1945 ж. Мәскеуде Қызыл алаңда өткен Жеңіс парадына қатысты. 1946–50 ж. обл. партия, Қызылорда қ. к-ттерінде хатшы, Шымкент обл (қазіргі Түркістан обл.) Түлкібас ауд. партия к-тінің хатшысы, обл. партия к-тінің бөлім меңгерушісі (1952–56), қазіргі Сырдария ауд-ндағы «Қараөзек» кеңшарының директоры (1956–60), обл. мал дайындау бірлестігінде бас директор (1960–62), Жалағаш ауд. атқару к-ті төрағасының орынбасары (1962–66), Сырдария ауд. а. ш. мекемесі бастығының орынбасары, туған а-нда 1-күріш кеңшарын ашып, алғашқы директоры (1966–72), Сырдария ауд. «Комсомол» кеңшарында директор (1972–76), обл. еңбекке орналастыру және жұмыспен қамтамасыз ету мекемесінде басқарушы (1976–81) қызметтерін атқарған, Алматы қ-нда «Главриссовхозстрой» мекемесінде жұмыс істеген. Алматыда қайтыс болып, Қызылорда қ-ндағы орталық бейітке жерленген. Ленин, Еңбек Қызыл Ту (2 мәрте), 3-дәрежелі Даңқ, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көптеген медальмен марапатталған. Есімі Қызылорда қ-ндағы көшеге, мектепке және Сырдария ауданындағы өзі басқарған шаруашылыққа (1992) берілген. Мүсіні Арыс қ-нда, Қызылорда қ-нда, Тереңөзек кентінде қойылған.

Қ. Омаров



Ілиясов ауылы

ІЛИЯСОВ – Сырдария ауд-ндағы ауыл, өзімен аттас ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Тереңөзек кентінен оңт.-шығысқа қарай 30 км жерде, Мәдениет каналының бойында орналасқан. Жер аум. 17,5 мың га. Тұрғыны 2,3 мың адам (2023). Ауыл 1966–96 ж. Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауд-ның күріш өсіретін Қазақ КСР-іне 50 жыл атынд. кеңшардың орт. болып келген. Кеңшар негізінде «Абзал және К» ТС,

3 шаруа қожалығы, 14 жеке кәсіпкер жұмыс істейді. А. ш-ндағы жер аум. 13,1 мың га, 1 мектеп, 1 балабақша, 1 учаскелік емхана, мәдениет үйі, 1 кітапхана, спорт кешені, Айтбай мешіті, ауыз су жүйесі орталықтандырылған 2 скважина бар. Халықтың негізгі ш. – күріш өсіріп, өңдеу.



Іңкәрдария ауылы

ІҢКӘРДАРИЯ – Сырдария ауд-ндағы ауыл, ауылдық окр-нің орт. Аудан орт. – Тереңөзек кентінен оңт-ке қарай 55 км жерде орналасқан. Жер аум. 23,7 мың га. Тұрғыны 0,9 мың адам (2023). Негізі 1964 ж. қаланған. 1996 жылға дейін қаракөл қойын өсіретін өзімен аттас кеңшардың орт. болған. 1996 ж. шаруашылық бірнеше шаруа қожалықтарына бөлінді. Елді мекенде ауылдық мәдениет үйі, фельдшерлік-акушерлік пункт, «Қазпошта» байланыс бөлімшесі, орта мектеп, мектеп жанынан ашылған шағын балалар орт., малдәрігерлік пункт, дүкен жұмыс істейді. Ауылдық округте 11 кәсіпкерлік субъектісі бар. Тұрғындар мал ұстап, егін егумен айналысады. Қазіргі таңда елді мекенде қой, ешкі, жылқы, мүйізді ірі қара өсірілуде.

Қ.Омаров

Ю

ЮН Виктор Анатольевич (24.7.1956 ж. т., Жалағаш ауд. Бұқарбай батыр а.) – грек-рим күресінен ҚР-ның еңбек сің. жаттықтырушысы (2005), ҚР-ның құрметті спорт қызметкері (2014). Қызылорда пед. ин-тын (1978, қазіргі Қызылорда ун-ті) бітірген. 1978 жылдан Қызылорда обл. жоғары спорт шеберлігі мектебінің грек-рим күресінен жаттықтырушысы. Ю. шәкірттерінің қатарында ұлттық құрама команда мүшелері, Әлем чемпионаттарының жүлдегерлері, ҚР чемпионаттарының жеңімпаздары бар. 1 халықар. дәрежедегі спорт, 10-нан астам ҚР-ның спорт шеберін, 30-дан астам спорт шеберлігіне үміткер дайындаған. Бірнеше обл. салалық бағдарламалардың дайындалуына атсалысты.

Қ.Омаров

Я

ЯКСАРТ – Сырдария өзінің байырғы атауы. Алғаш Я. деп Сырдарияның қазіргі Ленинабад пен Ташкент аралығындағы орта бойы аталса, кейін ол өзеннің түгелдей атауына айналды. Птолемей, т.б. авторлар Я. атауы бұл аймақты мекендеген сақтардың Яксарт тайпасына байланысты шығуы мүмкін деп жорамалдаған. Я. көне түркі тілінде Иенгу-угуз (інжу өзен), иранша – Иахша-арта (шынайы інжу) аталған.

ЯҚҰТ әл-ХАМАУИ (1179–1229) – энциклопедист-ғалым. Сирияда, кейін Бағдатта өмір сүрген. Өмірінің біраз бөлігін саяхатта өткізген. Оның «Елдер тізімі» (Мужам әл-Бұлдан) атты геогр. сөздігінде шығыс және батыс елдерін мекендеген халықтардың этнологиясы, лингвистикасы, фольклоры мен әдебиеті, заттай және рухани мәдениеттері, сипаттамалық географиясы жөнінде қомақты мағлұматтар бар. Әсіресе, 13 ғ-дың бас кезіне дейінгі Түркістандағы көшпелі халықтардың өмірінен қызғылықты мәліметтер келтірілген. Оңт. Қазақстан, Сырдария алабының тарихи географиясы жайында ақпараттар берілген.





ЭНЦИКЛОПЕДИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР

а. – ауыл(ы)
абс. – абсолюттік
автомоб. – автомобиль(лі)
автоном. – автономиялық
агр. – аграрлық
ағылш. – ағылшынша
айн. – айналым
акад. – академик(гі)
акцион. – акционерлік
аналит. – аналитикалық
анатом. – анатомиялық
араб. – арабша
арифмет. – арифметикалық
арт. – артисі
артиллер. – артиллериялық
арх. – архитектор(ы)
архит. – архитектуралық
астрон. – астрономиялық
атмосф. – атмосфералық
атынд. – атындағы
ауд. – аудан(ы), аудандық
аум. – аумағы
а. ш. – ауыл шаруашылық(ғы)
әкімш. – әкімшілік(гі)
әкімш.-аум. – әкімшілік- аумақтық
әлеум. – әлеуметтік
б. б. – батыс бойлық
б. з. – біздің заманымыз(дың)
б. з. б. – біздің заманымыздан бұрын(ғы)
биікт. – биіктігі
ботан. – ботаникалық
бурж. – буржуазиялық
гв. – гвардия(лық)
ген. – генерал
генетик. – генетикалық
ген.-л. – генерал-лейтенант
ген.-м. – генерал-майор
ген.-полк. – генерал-полковник
геол.-минерал. – геология-минералогия
геом. – геометриялық
граммат. – грамматикалық
грек. – грекше
губ. – губерния (сы, лық)
гуманит. – гуманитарлық
ғ. – ғасыр
ғ. с. – ғаләйһис сәләм
ғ. ш. – ғасыр шамасы
ғыл. – ғылыми…
ғыл. докт. – …ғылымдарының докторы
ғыл.-зерт. – ғылыми-зерттеу…
ғыл. канд. – … ғылымдарының кандидаты
демокр. – демократиялық
дер. – деревня(сы)
диалект. –диалектикалық
диам. – диаметр(і)
драм. – драмалық
дүниежүз. – дүниежүзілік
егін ш. – егін шаруашылығы
еңбек сің. – еңбек сіңірген
еур. – еуропалық
жетекш. – жетекшісі
ж. – жылы, жылдары
жиын. – жиынтығы
жиіл. – жиілігі
жоғ. – жоғарғы
ж. ө. – жылы өлген
ж. т. – жылы туған
ж. ш. – жыл шамасы
ж. ш. ө. – жыл шамасында өлген
ж. ш. т. – жыл шамасында туған
жылд. – жылдамдығы
з-т – зауыт
индустр. – индустриялық (индустриалдық)
инж. – инженер(і), инженерлік
ин-т – институт
исп. – испанша
итал. – италиянша
капит. – капиталистік
кеңшар – кеңестік шаруашылық
комб. – комбинат(ы)
комп. – композитор(ы)
кооп. – кооперация; кооперативтік
корр. мүшесі – корреспондент мүшесі
коэфф. – коэффициент(і)
көл. – көлемі
көлд. – көлденеңі
к-т – комитет
қ. – қала(сы), қалалық
Қазақ АКСР – Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы
Қазақ КСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
қалың. – қалыңдығы
қатт. – қаттылығы
қуатт. – қуаттылығы
қыт. – қытайша
лаб. – лаборатория (сы, лық)
лат. – латынша
лингвист. – лингвистикалық
майл. – майлылығы
мал ш. – мал шаруашылығы
матем. – математикалық
мед. – медициналық
мемл. – мемлекеттік
Мемл. сыйл. лауреаты – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
менш. салм. – меншікті салмағы
мех. – механикалық
мин. – министрлік (гі)
минералд. – минералдылығы
Мин. Каб. – Министрлер Кабинеті
Мин. Кеңесі – Министрлер Кеңесі
млн – миллион
млрд – миллиард
молек. – молекулалық
моңғ. – моңғолша
мөлш. – мөлшері

муз. – музыка (сы, лық)
мульт. – мультипликациялық
мыс. – мысалы
нем. – немісше
обл. – облыс(ы), облыстық
о. е. – оңтүстік ендік
окр. – округ(і), округтік
оңт. – оңтүстік(гі)
оңт.-батыс – оңтүстік-батыс(ы)
оңт.-шығыс – оңтүстік-шығыс(ы)
орман ш. – орман шаруашылығы
орт. – орталық, орталығы
ө. – өлген
ө. ж. б. – өлген жылы белгісіз
өз. – өзен(і)
өнімд. – өнімділігі
парс. – парсыша
п. ә. коэфф. – пайдалы әсер коэффициенті
пед. – педагогикалық
полк. – полковник
проф. – профессор(ы)
рев. – революциялық
реж. – режиссер(і)
респ. – республикалық
с. – село(сы)
салм. – салмағы
сан.-эпидемиол. – санитарлық-эпидемиологиялық
с. ғ. с. – саллаллаһу ғаләйһи уа салләм
с.-д. – социал-демократ, социал-демократиялық
симф. – симфониялық
синтет. – синтетикалық
солт. – солтүстік(гі)
солт.-батыс – солтүстік-батыс(ы)
с. е. – солтүстік ендік
солт.-шығыс – солтүстік- шығыс(ы)
соц. – социалистік
ст. – станса(сы)
статист. – статистикалық
су ш. – су шаруашылығы
сыйымд. – сыйымдылығы
т. б. – тағы басқа
т. – теңіз(і)
т. – туған
тәул. – тәуліктік
темп-ра – температура
терб. жиіл. – тербеліс жиілігі
тереңд. – тереңдігі
терр. – территориялық
тех. – техникалық
т. ж. – темір жол(ы)
т. ж. б. – туған жылы белгісіз
т.-ө. ж. б. – туған-өлген жылы белгісіз
төм. – төменгі
т. с. с. – тағы сол сияқты
тұзд. – тұздылығы
тығызд. – тығыздығы
ун-т – университет
уч-ще – училище
ұжымшар – ұжымдық шаруашылық
ұз. – ұзындығы
фельдш. – фельдшерлік
феод. – феодалдық
физ. – физикалық
филос. – философиялық
ф-ка – фабрика
фонет. – фонетикалық
франц. – французша
ф. ст. – фунт стерлинг
ф-т – факультет
халықар. – халықаралық
халық ш. – халық шаруашылық(ғы)
хим. – химиялық
ш. б. – шығыс бойлық
шығарм. – шығармашылық
ылғалд. – ылғалдылығы
эвол. – эволюциялық
эквив. – эквивалентті
экон. – экономикалық
экспед. – экспедиция(сы)
энергет. – энергетикалық
эстет. – эстетикалық
эстрад. – эстрадалық
этн. – этникалық
ядр. – ядролық

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

АҚ – акционерлік қоғам(ы)
ААҚ – ашық акционерлік қоғам
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
АО – автономиялы облыс (ы)
АӨК – агроөнеркәсіптік кешен (і)
АТС – автоматтық телефон стансасы
АЭС – атом электр стансасы
БАӘ – Біріккен Араб Әмірлігі
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
БЖ – Байкал жүйесі
БК – Бірлескен кәсіпорын
БК(б)П – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы
БЛКЖО – Бүкілодақтық лениншіл коммунистік жастар одағы
БӨ – барлау, өндіру
БОАК – Бүкілресейлік орталық атқару комитеті
БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы
ВАСХНИЛ – Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы
ВТУЗ – Зауыт жанындағы жоғары техникалық училище
ҒА – Ғылым академиясы
ҒЗИ – ғылыми-зерттеу институты
ҒК – ғылым комитеті
ҒӨО – ғылыми-өндірістік орталығы
ДОСААФ – Армия, авиация және флотқа көмек көрсетудің ерікті қоғамы
ДДҰ – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЕХӘҚМ – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ЖАҚ – жабық акционерлік қоғам
ЖГМҚИ – Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институты
ЖЖС – Жердің жасанды серігі
ЖМК (ПМК) – жылжымалы механикаландырылған колонна
ЖОО – жоғары оқу орындары
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік (гі)
«Карлаг» – Қарағанды лагері (Қарағанды еңбекпен түзеу лагері)
КОКП – Кеңес Одағы Коммунистік партиясы
КРЭК – Қызылорда электр желілерін тарату компаниясы
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
Қазақ КСР – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
Қаз ККА – Қазақ көлік және коммуникация академиясы
ҚазМЗА – Қазақ мемлекеттік заң академиясы
ҚазМУ – Қазақ мемлекеттік университеті
Қазревком – Қазақ революциялық комитеті
ҚазПИ – Қазақ педагогикалық институты
ҚазҰМУ – Қазақ ұлттық медицина университеті
ҚазҰПУ – Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
ҚазҰТУ – Қазақ ұлттық техникалық университеті
ҚазҰУ – Қазақ ұлттық университеті
ҚАКСР – Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚАӨИИ – Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институты
КеАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам
ҚМДБ – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы
ҚММ (СМП) – құрылыс монтаждау мекемесі
ҚПИ – Қызылорда педагогикалық институты
ҚПТИ – Қызылорда политехникалық институты
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚРОМА – Қазақ Республикасының орталық мемлекеттік архиві
ҚР ҰҒА – Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы
ҚР ҰҒА ҒК – Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының ғылыми кітапханасы
ҚР ҰИА – Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы
ҚСЭ – Қазақ совет энциклопедиясы
ҚызГУ – Қызылорда гуманитарлық университеті
ФҚК (ФСБ) – Федералдық қауіпсіздік қызметі
ҚХР – Қытай Халық Республикасы
ЛКЖО – Лениншіл коммунистік жастар одағы
МАҚ – мемлекеттік ашық қоғам
МҚК – Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті
МСҮК – Мемлекеттік суды үнемдеу комитеті
МТС – машина-трактор стансасы
НАТО – Солтүстік Атлантика одағы ұйымы
НКВД – Ішкі істер халық комиссариаты
ОАК – Орталық атқару комитеті
ОГПУ – Біріккен мемлекеттік саяси басқарма
ОК – Орталық комитет
ОРС НОД – Жол бөлімі бастығының жұмысты қамтамасыз ету бөлімі
ОСОАВИАХИМ – Қорғаныс, авиация және химиялық құрылысқа көмек қоғамы
ӨК – өндірістік кооператив(і)
ПАА – Парламентаралық Ассамблея
ПБАМ – Арал теңізі бассейні елдеріне көмек көрсету жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы
ПҚКР – «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз»
ПҚОП – «ПетроҚазақстан Ойл Продакшн»
РК(б)П – Ресей коммунистік (большевиктік) партиясы
РКЖО – Ресей Коммунистік жастар одағы
РҚБ – Республикалық қоғамдық бірлестік
РҚММИ – Республикалық қазақ музыка мектеп-интернаты
РМК – Республикалық мемлекеттік кәсіпорын (ы)
РММ – Республикалық мемлекеттік мекеме (сі)
САРАТС – Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау жобасы
СЖҚБД (ОДСП) – салынып жатқан құрылыстардың біріккен дирекциясы
СМУ – құрылыс-монтаждау басқармасы
СОВДЕП – Жұмысшылар мен солдаттар кеңесі
СПМК – мамандандырылған жылжымалы механикаландырылған колонна
СПТУ – орта кәсіптік-техникалық училище
СЭБ – Экономикалық қауіпсіздік қызметі
СЭС – Санитарлық-эпидемиологиялық станса
ТАСИС (TACIS) – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына техникалық көмек
ТИИИМСХ – «Ташкент ирригация инженерлері және ауыл шаруашылығын механикаландыру институты» ұлттық зерттеу университеті
ТКЖО – Түркістан коммунистік жастар одағы
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ТОЗ – Жер өңдеу серіктестігі
ҰҚК – Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ФЗУ – фабрика-зауыттық училище
ХАК – Халық ағарту комиссариаты
ХӘКМ – Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ХКК – Халық Комиссарлар Кеңесі
ХСБО – Халықаралық суды бағалау орталығы
ХТДК – Халықаралық Тәуелсіз мемлекеттер достастығы комитеті
ХШЖК – Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі
ШҰАР – Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық районы
ІІМ – Ішкі істер министрлігі
ЭЕМ – Электрондық есептеу машинасы
ЮНЕСКО – БҰҰ жанындағы оқу-ағарту, ғылым және мәдениет жөніндегі халықаралық ұйым
ЮНИСЕФ – БҰҰ жанындағы балаларды қорғау жөніндегі халықаралық қор

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Айдосов А., Қалиев Ы., Кереев М. Қызылорда. – Қызылорда: Тұмар, 2005. – 296 б.
Алаштың Ақмешіті. – Алматы: ARNA-B, 2009. – 172 б.
Атамекен (Құраст.: М.Аяпұлы, Н.Қасымұлы). – Алматы, 1998. – 224 б.
Ахметов К., Кенжебаев М., Киреев М. Город на Сырдарье. –Алма-Ата, 1968. – 42 с.
Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың материалдары.
«Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік архиві» КММ материалдары.
Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана, 2013. – 432 б.
Боқанов С. Сыр өңіріндегі халық ағарту қызметі тарихы. – Қызылорда, 1993.
Википедия, Ашық энциклопедияның материалдары.
Генералы Казахстана. Энциклопедический справочник. – 2-е изд., доп. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 480 с.
Дайрабай Т. Сыр перзенттері. – Алматы, 2010. – 616 б. + 48 б. жапсырма.
Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). – Алматы: Рауан, 1995. – 237 б.
Дербісәлі Ә. Қазақстан мешіттері мен медреселері – рухани шамшырақтар (9–20 ғасырлар). – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2009.
Жеріңнің аты – Еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2006. – 808 б.
Казахский фольклор и литература в сборниках русских востоковедов-тюркологов до начала 20 в.
Нарративные источники / Составители П.Т.Ауесбаева, Ж.Ж.Шалгынбаев, Ж.С.Ракыш и др. – Алматы, 2022. – 744 с.
Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. Монография. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
Кенбаев Б., Комлев Ю. Развитие науки и техники в Казахстане. – Алматы: КазгосИНТИ, 2004. – 326 с.
Культура Казахстана. Энциклопедический справочник: А-Я. – Алматы: «Аруна Ltd», 2010. – 656 с.
Қазақстан ғалымдары. Энциклопедиялық анықтамалық. 1-том: А-К. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2012. – 616 б.
Қазақстан ғалымдары. Энциклопедиялық анықтамалық. 2-том: Қ-Я. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 616 б.
Қазақстандық Кеңес Одағының Батырлары: Энциклопедиялық жинақ. – Алматы: Өнер, 2010. – 320 б.
Қазақстан жазушылары. Анықтамалық. – Алматы: Әдебиет, 2019. – 600 б.
Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. А-Я. – 2-бас., толықт. – Алматы: «Аруна Ltd», 2010. – 768 б.
Қазақстан тарихы. Энциклопедия (1–3 томдар). – Алматы: Литера-М, 2019–2020.
Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 10 том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы». – 1998–2007.
Қазалы / Б.Кәрібозұлы, Ж.Сәдуақасұлы, Н.Мыңжасов, С.Тайман. – Астана: Фолиант, 2013. – 312 б.
«Қарағанды облысы мемлекеттік архиві» КММ материалдары.
Қармақшы / Б.Кәрібозұлы, Ж.Сыдықова, Ә.Тәжекеев. – Астана: Фолиант, 2018. – 328 б.
Картаева Т. Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеу (19 ғасырдың 2-жартысы – 20 ғасырдың басы). Екі томдық. – Алматы, 2014. – 325 б.
Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 1998.
Қият А. Ұлы Дала билеушілері: қазақ сұлтандарының тарихы мен тағдыры. – Алматы: Дәуір, 2022. – 336 б.
Қоңыратбаев Т. Ертедегі ескерткіштер. Сыр бойының ежелгі тарихы мен мәдениеті. – Алматы, 1996.
Құлназаров А. Қазақстан – спортшылар елі. Энциклопедиялық анықтамалық: А-Я. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2009. – 880 б.
Құм басқан өркениеттер: кітап-альбом / Құраст.: И.А. Аржанцева, Н.Ю. Вишневская, А.А. Тәжекеев. – Астана: «Жасыл орда» ЖШС, 2013. – 256 б.
«Қызылорда облысы мемлекеттік архиві» КММ «Қоғамдық-саяси тарихы архиві» филиалының материалдары.
«Қызылорда облысы мемлекеттік архиві» КММ материалдары.
Қызылорда облысының жер-су атаулары. – Қызылорда, 2011. – 192 б.
Қызылорда облысы тарихи-өлкетану музейінің материалдары.
«Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» КММ материалдары.
Литература Казахстана. Энциклопедический справочник: А-Я. – Алматы: «Аруна Ltd», 2010. – 528 с.
Материалы по истории государства и права Казахстана. – Алматы, 1994.
Омарбеков Т. 1929–1931 жылдардағы халық көтерілістері: зерттеу. – Алматы, 2018. – 480 б.
Ортаймаған қазаны – қасиетті Қазалы. – Алматы, 1998.
Развитие инженерного дела в Казахстане. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 536 с.
Сопыбеков А. Жаңақорған. Тарихнама. – Шымкент: Кітап, 2008. – 648 б.
Сыр – Алаштың анасы. – Алматы: «Тау-Қайнар» ЖШС, 2021. – 404 б.
Сыр бойының сакралды ескерткіштері: мифтер, аңыздар, хикаяттар. – Қызылорда: Тұмар, 2019 – 432 б.
Сырдария (Терең өзек) ауданы. Шежіре. – Алматы: Арыс, 2009. – 280 б.
Сыр журналистикасының тарихы (1–5 томдар). – Қызылорда: Тұмар, 2021.
«Сыр елі». Қызылорда облысы. Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 544 б.
Сыр мұражайының ғажайыптары (Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне 70 жыл / Құрас.: Өтебаева Г. – Алматы: Arna-b, 2009. – 118 б.
Сыр өңірі тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). – Алматы: Атамұра, 1998. – 286 б.
Ысқақұлы Д. Қазақ әдебиеттанушылары. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 496 б.

«СЫР ЕЛІ» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫН ӘЗІРЛЕУГЕ ҚАТЫСҚАН «ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ – ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОП МҮШЕЛЕРІ:

М.БӨРІБАЕВА – Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, филология ғылымдарының кандидаты (топ жетекшісі); Қ.ОМАРОВ – университеттің бас редакторы, география ғылымдарының кандидаты, профессор (жетекшінің орынбасары); С.ТАЙМАН – «Мұстафа Шоқай» ғылыми орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор; Ғ.ТҰЯҚБАЕВ – қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты; А.ӘБДІМОМЫНОВА – экономика және басқару кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты; О.АЙДАРОВ – биология, география және химия кафедрасының аға оқытушысы, география ғылымдарының кандидаты; Г.САТБАЕВА – ғылыми кітапхананың директоры; С.КҮЛМАНОВА – редакциялық-баспа бөлімі басшысының орынбасары.

«СЫР ЕЛІ» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ РЕДАКТОРЛАРЫ – «ҚАЗАҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ» ЖШС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ:

Қ. СҮЛЕЙМЕН (директор-бас редактор), Ғ.ЕГЕУБАЕВА, К.САРКЕНОВА, Қ.ОРЫНҒАЛИ, Г.АЛМАСБЕКОВА, Ә.КЕМЕЛБЕКОВА, А.САРСЕМБАЕВА

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ осы энциклопедияны даярлауға көмектескен ҚР Президенті архивінің, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда облыстарының мемлекеттік архивтері қызметкерлеріне, Т.Адисұлы, Ж.Ахетова, М.Әмзе, Н.Басығараев, Ж.Берденова, Қ.Жанұзақов, А.Жүнісов, Э.Жүсіпова, С.Көзейбаев, З.Қабылдинов, Ж.Құрамысова, Д.Құттықожаева, Н.Мыңжас, Ж.Нұржақыпова, Д.Омаров, С. Өмірзақов, т.б. азаматтарға алғыс айтады.

Баспаның бас редакторы: Титенев В.
Шығарушы редактор: Барабанова Т.
Компьютерлік дизайнер және беттеуші: Герцен И., Новиков Р.
Корректорлары: Әшірбаева А., Жунисбек М., Садуова Р.

Пішімі 60х84/8
Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 81
Таралымы 3000 дана.
Тапсырыс №91